


© 28 44

# Желқайық

3




ТҰРЫСБЕК  
СӘУКЕТАЕВ





# Желқайық



---

ТҰРЫСБЕК  
СӘУКЕТАЕВ

---

3

3/1-05

Анағарыс  
БАСПАСЫ

Алматы,  
2019

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің  
Тіл саясаты комитеті «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті  
жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау  
және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару  
және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

**Сәукетаев Т.**

**С 28 Желқайық. Роман/ Тұрысбек Сәукетаев. – Алматы:**  
**«Ан Арыс» баспасы, 2019. – 580 б.**

**ISBN 978-601-7828-97-4**

Жазушы Т.Сәукетаевтің соңғы уақытта заманымыздың соқталы кезеңдерін суреттейтін «Қилы тағдыр» атты романдар циклін жазып жүргені көзі қарақты оқушы қауымға жақсы таныс. «Желқайық» романы – сол цикльдің үшінші кітабы, иәки «Айқараңғысы», «Бұлағай» романдарының жалғасы.

«Желқайық» – көп салалы, күрделі роман. Азаттық қарсаңындағы қазақ қоғамының әлеуметтік халі, рухани болмысы психологиялық кең ауқымда көркемдік қуатпен барынша шынайы суреттелген. Шығармада жас ғалым Бахтияр-Зуһра, өмірін ғылымға арнаған фанатик Ахметов, бір кезде партия, заң органдарында қызмет етіп кейіннен ғылымға келген, қылмыс әлемімен астыртын жалғасқан жымысқы Аманбаев, тағдыры аянышты Мотя тәтей, «Сыған» т.б. бірнеше сюжеттік линия бар. Әр желі өмір құбылыстарының түрлі аспектілерін кең қамтып, өзеннің тарам-тарам саласындай бір арнада тоғысып отырады. Кейіпкерлердің қым-қиғаш тағдыры арқылы автор өмірдің небір шытырман қалтарыстарына терең барлау жасап, бүгінгі қайшылыққа толы болмысымыздың шынайы бейнесін айшықтауға талпынған.

Шығарманың тілі жүрдек, бояуы қанық, жазылу үлгісі автордың өзіне тән дара машығын айқындайды. Белгілі әдебиет сыншысы Р.Әбдіғұловтың сөзімен айтсақ: «Желқайық» – жаңа қазақ романистикасының бөлек сападағы айқын жақсы үлгісі...»

**ӘОЖ 821.512.122-3**  
**КБЖ 84 (5 қаз)-44**

**ISBN 978-601-7828-97-4**

**© Тұрысбек Сәукетаев, 2019**  
**© «Ан Арыс» баспасы, 2019**




**ҚИЛЫ ТАҒДЫР**

Романдар топтамасы

# **ЖЕЛҚАЙЫҚ**

Үшінші роман



*Жалғыз жалау жалтылдап  
Тұманды теңіз өрінде...*

*Лермонтов – Абай.*

**Бірінші тарау.**

## **МҰҢЛЫ МЕЙРАМ**

### **ҚЫСҚЫ ЖОЛДЫҢ ҮЗІГІ**

**А**лматының «Кіші станица» аталатын теріскей шығыс шеті толқын төсінде жыпырлай қалықтаған қайықтардай өркеш-өркеш өрлеп барып, тау бөктеріне тіреледі. Ән боп баяғыда-ақ асқақтап кеткен шырайлы астананың мұнда жылты да жоқ. Ығы-жығы иін тірескен жатаған тамдар жұпыны тірліктің қоңыр мұны әлдилегендей қалпақтары көзіне түсіп, тұнжырап тұрғаны. Өрік-шиесін сатып, бір жағын базарға сүйеп күнелткен жұртта, бір жақсысы, әйтеуір мәуесі төгілген жеміс ағашы мол. Жаз шықса сұрқай үй, сұрқабак тірлікті саясымен қалқалап, тұтаса жайқалған жасыл желек көз алдайды.

Бұлар тұратын аумақ сай қолтығына сұғына орналасқан. Өзекті жарып өтетін орта тұстағы үлкен көшемен ғана машина жүре алады. Оңды-солды тарамдалған басқа орамдардың «көше» деген құр аты ғана. Бұрма-бұрма тар соқпақ. Кейде, тіпті, қақпалардың астынан жылыстап аққан кір суы жол ортасында көлшіктеніп аттап өтуің қиын.

Сай аңғары түнге қарай күрт салқындап, қуалай соққан қоңыр самал сарайынды ашқанмен, күндіз бық, қапырық. Түксие төнген қия



өсткесйдің көленкесі ауса-ақ болды, күн шыжғырып, жолға төгілген кір суы, айналадағы шошқа мен тауық қиының ию-кию иісі ауаға көтеріліп, қолқа қабады.

Бахтияр мен Зухра пәтердің есігін құлыптап, артынып-тартынып сыртқа шыққанда, түске тармасқан күн сай табанын шыжғырып тұр еді. Коршінің шарбағына қонақтаған қызыл әтеш қапырыққа шыдай алмай желпінгені ме, қанатын үсті-үстіне қағып, күн астында қызыл жалын боп лап-лап етеді. Екеуі үй іргесіндегі соқпақпен айналып барып, желке тұстағы жотаға қарай беттеді.

Бүгін Зухраның туған күні болатын. Жиырма төртке толды. Елге ұқсап ресторанның төрінде шалықтауға, не өзім деген дос-жаранның басын қосып, пәтерде думандатса да болар еді-ау, оған, бірақ мына ит келсеілік ерік беріп отыр ма! Зухра жарты жылдан бері жұмыссыз. Ескі нуыруы иектеп қоймаған соң, біраз уақыт қиналмай үйде отыра тұрғанды пбзал көрген. Ал мұның айналдырған тоқсан сомы қай жыртыққа жамау. Бірақ кейде, тіпті өзін ұрып өлтірсе де обал жоқ-ау. Әліне қарамай есіріп кететінін қайтерсің. Ондайда «кедейдің етегіне бір уыс бидай салып берсең...» дейтін бейпіл ауыз мақал есіне түседі. Аяқ-қолын шырғаған түрмыс тауқыметінен сытылып шығайын деп қалай бұлқынса да, әйтеуір бір қырсық алдынан көлденендеп килігеді де тұрады.

Осы туған күннің қамын ойлап өткен сенбиде темір жол «тұйығына» барған. Бұл бір – өзі сияқты талай көгенкөздің тарыққанда тандайына галғажуболып жүрген берекелі мың болғыр жер. Білек сыбанғанға нәпақа лайын. Көз таныстардың біразы жүр екен, сегіз жігіт бірігіп, бір вагон цементті түсіруге кірісіп кетті. Кешкі салқынмен бастап еді, ертеңінде күн құрық бойы көтерілгенде бітті. Азаптарына қарай әжептәуір ақша алған. Тілдері тандайына жабысып, қаталап тұрған соң жан шақырайық деп суатқа құлаған сиырдай, жұптарын жазбастан жақын жердегі сыраhanaға барған. Сырадан кейін сылтау табылып, араққа көшкен. Гүлдесіп қанша отырғандары белгісіз, әйтеуір бір уақытта шайқалақтап үй жаққа баратын автобуска мінгені есінде.

Домаланған «пазиктің» іші иін тірескен адам. Қапырық. Жан-жағынан қыспалаған ыстық денелер шоқтай шарпып тынысын тарылтты. Кіре берістегі тіреу білікті әуіріммен ұстаған күйі иығымен бір қырындай жымдасқан денелердің жігін жара алға қарай енсерілген. Терезеден газ аралас лекіп соққан ыстық желдің өтіне танауын тосып жан шақырды. Қарсы алдында, әдетте кондуктор жайғасатын, шоңқайма орындықта қырын қарап, мұрыны қып-қызыл, дәу сары жігіт қалғып-шұлғып отыр. Сұйқылтым сары шашы салбырап көзіне түсіп кеткен. Бой-бойы шығып быршып, қожыр бетінің шұңқырында

жылт-жылт етіп тер тұнып тұр. Көз тоқтатып қарап еді, жүзі таныс. Вагон түсіргенде анда-санда ұшырасып қалатын. Көмір түсірді ме, ұн тиеді ме – сілесі қатып шаршаған-ау бейшара. Жуынбай киіне салған ба, қасапшының майсінді алжапқышындай, өнебойынан біртүрлі күлімсі иіс шығады. Терден бояуы ағады дей ме, қолына қаттап ұстаған орамалының ұшымен көзінің айналасын қайта-қайта сүрткіштеп бипазданып тұрған қасындағы кекселеу саржағал әйел кенет мырс етіп күліп жібергені. Қыстығып үсті-үстіне күлді. Ожырая қараған бұған қып-қызыл боп булыққан бетін бұрып, аузын тақай:

– Скажите этому, пусть ширинку застигнет! Мына кісіге ауын түймелесін деп айтыңызшы! – деді. Орыс біткенге өшіге қарайтын соңғы кезде жұққан сүйкімсіз ғадетімен: «Нечего на чужие ширинки зариться! Еркек біткеннің ауына көз сатпай жайыңызға тұрыңыз!» деп бір арс етуге оқталды да, әйел меңзеген тұсқа көзі түсіп, өзі де еріксіз күліп жіберді. Аңқиған ауынан саусақ ұшындай ұятты әлдене шошайып тұр. Түйенің жарты етіндей өңкиген денемен салыстырғанда бөрткендей-ақ бірдене. Ұят-сұяттан бұрын, «Алла байқұс-ай, мынау еркек емес, кемтар бірдеңе ғой!» деген аяныш көкірек түбінен жылт еткен.

– Ей, жігітім! – деді бұл иығынан түртіп. – Магазинің ашық қапты, ұры түседі.

– Не? – деді анау қып-қызыл көзін лап еткізіп ашып.

– Ауыңды жап!

– А-а! – Жігіт еңкейіп қарады да, жайбарақат қолын сілтеді. Түймелеуге асығар емес. Ырғатылып қалтасынан бөкісін алды. Содан соң ырғатылып әлгі ұятты пәлекетті ұялмай-ақ ұстап... ұстап қана қойса бір сәрі ғой... резинкадай созып тұрды да, дәл қыл түбінен шорт кесіп, терезеден лақтырып кеп жібергені. Жынды ма, нақұрыс па, мастықпен санасы тұманданып істеген есерлігі ме – айран-асыр аңтарылып қалған. Жанындағы жаңағы әйел:

– О, господи, какой ужас! – деп қорыққанынан шыңғырып жіберді. Ал анау болса, жан даусы шығып бақырудың, не есінен танып құлап түсудің орнына, тіпті айыл жияр емес:

– Не бойтесь, барышня, у меня еще таких три есть! Осындай тағы үшеу бар! – дейді езуі жайылып. Ауын түймелеп, ышқырын көтеріп қойды.

– Қызынды ұрайын, түнімен ет комбинатында істеп едім, – деді бұған қарап ақталғандай ырсиып. – Қан-жын тасып әбден сілем қатты. Әлгі әйелі түскір «жерікпін, желін жегім келеді» деп аузының суы құрып болмаған соң, күзетшіге көрсетпей шалбарымның ішіне тығып алып шығып едім. Ләйліп жүріп ұмытып кетіппін ғой!..



Дар етіп қарқылдай жөнелген күлкіден автобус селкілдеп келе жатты. Екі-үш аялдамадан соң әпенді жігіт түсіп қалған. Биязылық танынып сызылғанмен анталаған кәрі-құртаңнан бос орынға ешкім ұмтылмай қоймады. Ендеше өздерің біл деп бұл гүрс ете түскен. Шайқалақтап отырып ұйықтап кетіпті...

«Тұр, жігітім, ақырғы аялдамаға келдік» деп әлдекім иығынан жүлқылағанда бір-ақ оянған. Сыртқа шыққан соң қайдан келіп-қайдан қойғанын білмей есеңгіреп біраз тұрды. Кенет, әлдене сарт етіп есіне түскендей, апыл-ғұпыл шалбарының артқы қалтасын ақтарған — ақшасы жоқ! Өз көзіне өзі сенбей қалта біткенді түгел тінтілеп шықты — бәрі тақыр-таза. Төбесіне сұп-суық суды ақтара салғандай бірден есін жиып, көкірегі мұздап қоя берді. Ылғи бір осындай қырсыққа жолықтыра беретін тағдырына налырын, не шығасыға басшы боп өзінің арақ ішкен берекесіздігіне ыза боларын білмей, үйге барғанда Зухраның бетіне қайтып қарадым, деп, қыстығып қатты қорланды. Үстінен арақ пен тер иісі бұрқырап үйпе-түйпесі шыққан күйі шыжырған күннің астында сілейіп ұзақ тұрды...

Екі күн бұрын алған жалақысына белден басып Зухраға финдік қыстық етік алып берген. Фасоны келіскен әдемі, аяғына да құйып қойғандай дәл келе кетті. «Туған күніне сыйлығым болсын» деген. Қалған ақшаны пәтер қожасы қақшып алды. «Екі айдыкін қосып, кейіндеу берсек қайтеді?» деп жасқана мінгірлеп еді, «жоқ, ақша өзіме де керек!» деп басты бір-ақ шайқаған. Келесі айлыққа дейін қалай жетерлері белгісіз, екі саусағын танауына тығып тотиып отырғанда, той-томалақ не сәні.

Баяғыда, төртінші курста жүргенде бірге оқитын Сәлім деген біртоға аңқаулау жігіт, басқа факультеттегі Қатира деген қызға үйленген. Қаншасы рас, қаншасы қалжың екенін кім білсін, әйтеуір солар туралы жігіттер неше түрлі әңгімені құйқылжытатын. Өмірден көрген-түйгені бар тисқақты достары Сәлім үйленем деген қыңқыл шығарғанда: «Сен де кедей, ол да кедей. Құдайдан үмітің болса, бұлғақтап жүрген байлардың біріне бұғалық салмайсың ба? Оқу бітірген соң Алматыда қаласың, прописка, пәтер демейсің!» — деп жанашырлықпен ақыл қосса керек. Күйіп-жанған ғашық жүрек ақыл тындасын ба:

— «Сүйгенім тек — Қатира!

Қалғандары на хера!» — деп, қолды бір-ақ сілтепті ғой, сонда Сәлім сабазын. Екеуі пәтер жалдап тұрады. Күнкөрістері тек стипендия ғана. Арттан келер көмек жоқ. Бірі — жесір кемпірдің баласы, бірі — жетім. Кедейшілік не істеткізбейді. Содан екеуі «алар қатынды алдық, тиер байға тидік, енді көрпемізге қарай көсіліп, есеппен өмір сүрейік.

Мейрам-тойларда гүл-мүл деп шөп-шалаңға шашылмай, бір-бірімізге керекті нәрсені ғана сыйлайық» деп пәтуаласыпты-мыс дейді қулар, дәл бір соның бәрін кереуеттің астында жатып тыңдағандай төндіріп. Бір күні Сәлім сегізінші марттың қарсаңында келіншегінің кеуде тартқышы тозыңқырап қалғанын көріп:

– Осы сенің размерің қанша еді? – депті.

– Әлі күнге дейін соны білмейсің бе? Қырық сегіз!

Сәлім дүкенге барып жаймаға ары да қарайды, бері де қарайды. Қырық сегіз деген цифр жоқ. Тіпті төрт, бес дегеннің өзі шяпадай. Сонда қырық сегізі қандай болмақ? Әлде басқа бір кілттипаны бар ма? Басы әңкі-тәңкі боп тұрғанда, сатушы әйел:

– Жігітім, көп қарадыңыз ғой, не іздеп едіңіз? – дейді қасын керіп. Айналадағы қыз-келіншектер естіп қоя ма деп сасқалақтаған Сәлім:

– Лифчик керек еді... – дейді сыбырлағандай үні әрең шығып.

– Осының бәрі – лифчик, таңдағаныңызды алыңыз.

– Қырық сегізіншісі бар ма?

Сатушы бір мырс етіп алып:

– Бізде парашют сатылмайды! – депті. Соны айтқанда бұл да сықылықтап күлуші еді, енді сол таз кепешті өз басына киіп отыр. Күлкілі қылығын емес, жоқтықтан жасаған найласын айтады. Туған күн екенін ешкімге жария етпесе де, тосыннан үйге біреу сап ете қалса, қайтеміз деп үрейленіп, енді екеуінің тауға қарай қашып бара жатқан сиқы мынау.

Күнгейдің шөбі тырбық, сарғайып курай бастаған екен. Жаз жаңбырсыз болған соң тұқымы көбейген бе, бір қалыпты үнмен құлақ сауып шырылдаған ұп-ұсақ шегіртке аяқ басқан сайын бұрк-бұрк шашырайды. Сорабы көмескіленген көлбеу соқпақпен қиялай өрлеп, теріскейге қарай ойысқан сайын жер реңі жасаң тартып, қарсыдан сыздықтап салқын есті. Бахтияр артына бұрылып еді, Зухра арқан бойы кейін қалыпты. Жүрісі сылбыр. Аяғын ауырсынып эзер басатындай. Шаршап қалған шығар, қолындағы сөмкені алайын деп қасына барып еді, Зухраның түрін көріп шошып кетті. Аққұба өңінен қан қашып, бор жаққандай боп-боз. Маңдайының дәл ортасында мөлт-мөлт еткен бұршақтай жалғыз тамшы тер әне-міне домалай жөнелгелі тұр. Бұның назарынан ынғайсызданды ма, қабағын болар-болмас жиырып қалып еді, тамшы үзіліп, екі қастың арасындағы жіңішке сызатты қуалап, сырғанап жөнелді – жерге тамған жоқ, үрейлене жыпылықтаған мұның жанарына тамды мөлт етіп. Тамшы кіршіксіз мөлдір болғанмен күлім қаққан көк аспан күнгірт тартып жүре берді; кел-кел деп шаттана алақан жайған Алатаудың бөктері түксиіп алыстап барады.

– Не болды? Тағы да бүйірің бе?

– Иә, шәншіп тұрғаны...



Көкірек түбіндегі әлдебір ескі жаранын аузын тырнап алғандай, Бахтияр қабағы кілт шытынап, түйілген жұдырығын тістеледі. Қанша ұмытайын деп тепкілеп терең көмсе де, сол қара суреттің өстіп кіншсын тауып қалқып шыға келетін әдеті. Бұрқ еткен лағынет-ызасын кімге жаудыраын білмей булығып сәл тұрды да, даусын жуасытып:

– Жана неге айтпадың, үйден шықпай-ақ қоятын едік қой, – деді.

– Ауырған жоқ болатын... өрге қарай жүргендікі шығар. Қазір басылады, жүре бер, ақырын өзім жетем ғой... – Зухра өзін кінәлі сезінгендей жауандап, зорлана жымыған болды. Бахтияр қолтығындағы шиыршықтап қысқан түгі тықыр, қара шақпақ сары одеялды жазып, көк майсаның үстіне жайды да:

– Отыр, – деді Зухраға иек қағып. – Туған күні кісі ауыра ма екен, мен қазір мына Алатаудың қойнауын асыр сап билеп күлкіге толтырамыз ғой деп келе жатсам!.. – Жайма-шуақ әзілдеген боп, келіншегін қолынан жетелеп әкеліп одеялдың шетіне отырғызды да, өзі қасына жайғасты. Зухра біресе тізесін бауырына ала еңкейіп, біресе ескі алақанымен жер тірей тіктеліп, байыз таба алмай отырған соң, Бахтияр қолтығының астынан орай құшақтаған күйі еппен жантайтып, алдына жатқызды.

– Дененді жазып жата тұр, шаншуы тарқайды. – Зухра қарсыласпағанымен, екі тізесін қысып, етегін қымтанып, өз-өзінен қымсынып жатыр. Кескен ағаштай қоқиып, денесін сірестіріп алды. Ақыл мен көрікке біткен тіп-тік әдемі ақша маңдайда енді сәукелеге қалаған күміс шытырадай мөп-мөлдір ұсақ тер тұтаса бөрткен екен. Алақанын басып еді, мұздай қарыды. Қанша киналып жатса да мұның көңіліне кірбің түсірмейін дей ме, қашанғы жаны сірі көнбіс дағдысымен сүйегіне қарысып, сыр білдірер емес. Тек шарасы кең түп-тұнық қоңырқай көздерінің тұңғығына мұң тұнып жаудырай қарайды. Сәл ғана ілтифатының өзіне жүрегі елжірегендей мұның қолының сыртынан аялай сипап, алақанын басқан күйі бір уылжыған риза қалыппен кірпігін айқастырды.

Бахтияр қаздыып сол отырған күйі орнынан қыбыр еткен жоқ. Сәл тыныс алсын деді.

Бұл маңда жоқ жусанның иісі жеткендей. Жаз ортасы асса да, гүл шешек атқан көктем жұпарын желпігендей.

Зухраның қобыраған қалың шашына тұмсығын көміп, хош иісті құшырлана жұтпақшы еді, елжіреп, елбіреп еңкейе берді де дәл маңдай тұстан жіңішкелене ақсқан ақ шашты көріп, жүрегі шымыр етті. Сол бір қарлы даладағы бұралаң соқпақтың қылдырықтай үзігі қалың шаштың арасында тығылып қалыпты.

## ҚАР ҮСТІНДЕГІ КРЕСТ

– Зухра! А, Зухражан, құлыным-ау, қайдасың? – Қолпылдаған, ұзын сұр пальтоның белін қос құлаш кара мата белбеумен шиыршықтай буынып, ақ таяқ ұстап, әр қақпаның алдына бір барып, айқайлап жүрген қоңқақ мұрын кемпірдің қалтыраған даусына көппен бірге үрпиіп Бахтияр да шыққан далаға.

– Не болды, әже?

– Не болушы еді, қарағым. Немеремді іздеп жүрмін. Төртінші клас-та оқушы еді. Сабағы түсте бітті – әлі жоқ. Бірге оқитын балалардан сұрасам, ешқайсысы білмейді. Тек әлгі Еділбайдың қызы шеткі көшемен құдилап бара жатқанын көріпті. Онда не іздеп жүргенін кім білген? Соңғы кезде өзі біртүрлі боп барады. Ауылдың сыртына шығып, ши-шенгелдің арасында адасып кетпесе неғылсын. Қарағым, менің жыраққа көзім жетпейді. Мына төменгі көшенің аяғына дейін барып, төңіректі бір шолып қайтшы... Ой, Алла-ай, зарлатқаның аз ба еді! ..

Он алты жасар бозбала ауыл шетінен көлденең қырға қарай жырыла қашқан жалғыз аяқ ізді қуып келеді. Ашық далада ақ құйрықтанып ояна бастаған кешкі ызғырық қойны-қоншына сумандай енеді. Күпсік қарға сүйреле түскен қысқа адым, шұқанақ із ойпаң-төбешіктерді біресе өрлеп, біресе құдилап жеткізер емес. Жел нығыздап тастаған қырлауыттағы қатқақта пима галоштың қышыры тарыдай бөртіп анық көрінеді. Қалың шидің үкісі ғана қылтиған ойпаңда омбылап құлаған екен, етпеттеген ізі қарды құшақтап жатыр. Табан асты күтір-күтір ойылып, қонышына қар құйылған соң балағын керзі етіктің сыртынан алқымдата кигізіп қойды. Әжейдің соңғы кезде біртүрлі боп жүр дегеніне қарап, беті ауған жаққа қаңғып кеткен шығар деп ойлаған, әне табам-міне табам дәменің жетегімен қалай қарай қаңғалақтап келе жатқанын да аңғармапты. Жайпақ төбеге өрмелеп шыққаны сол, иек астынан құлағы қалқайған қалың бейіт қалқып шыға келгенде, жүрегі зырк етіп аңтарылып қалды. Кішкентай қыз айналма жолды жырақсынып, төте тартқан екен, сонда барып мына айдалаға мағынасыз қаңғудың себебін неге жорырын білмей сан сауалға күпті болған көңілі айқын жауап тапқандай болды.

Зухраның әкесі аудандық ауылшаруашылық басқармасында жетекші агроном, шешесі дәрігер болып істейтін. Екеуі де қадірлі, ғазиз жандар еді. Адамның өмірі қыл үстінде қылпылдап тұрған баянсыз нәрсе ғой, бүгін бар да, ертең жоқ. Осыдан біраз бұрын қалаға бара жатқанда өзеннің мұзы ойылып кетіп, бір автобус адам бір-ақ суға батып өлген. Соның ішінде ерлі-зайыпты екеуі бірге кетіп еді. Сөйтіп

ишлікпн тұрған шаңырақтың шамы жалп етіп сөніп, құлазыған жұртта күіірсеніп бірі – төртінші, бірі жетінші оқитын екі бүлдіршін қыз бен бәлі бүгілген кемпір ғана қалған.

Міне, із ирелендеп қалың моланы аралап кетіпті. Қызыл алма күн қарсы беттегі биік жалдың қыр арқасынан ары қарай домалап күткелі тұр. Қарауытқан көлеңке түксііп мойнын созып келеді. Ымырт қымтаған қалың бейіттен үілдеп әлдебір тылсым суық леп ескендей, бойы қалтырап кетсе де өзін күштеп алға аттады.

Қатар шөккен қос нардай өркештенген жас қабырдың шеткісінің бүйірінде қара крест шапталып қалыпты... астағфиралла, крест емес, қара пима, шолақ қара тон киген кішкентай қыз екі қолын екі жаққа керіп, қимылсыз жатыр. Басындағы шашақты боз түбіт қалпақ қармен астасып, қапелімде көзге көрінбейді. Екі қабірді кезек құшақтаса керек, екінші қабірдің бүйірінде етпеттеген дененің таңбасы ақ комбинизон боп ілулі тұр. Қызда қимыл жоқ. Тек қалпақ астынан дудырай шыққан шашының ұшы ғана желге желбірейді. Бахтияр жақындауға жүрегі дауаламай, құрық бойы жерден тамағын кенеп дыбыс берді.

– Зухра! – деді даусын көтеріп. Сонда ғана қара көлеңке бір бүйірге аунап түскен. Бахтияр жүгіріп барып қызды орнынан тұрғызып алды. Жалтыраған қара көзі шыныланып, тесірейе қадалғанмен мұны көріп тұрған жоқ. Көзіндегі ыстық жас, жүзіндегі қан-сөл, жылуды суық қабір сарқып сорып алғандай құр сұлба ғана менірейеді.

– Мұның қалай, Зухра? Әжең іздеп шарқ ұрып жүр ғой.

– Көкем мен апамды сағындым! – деді ішін тарта өксіп.

– Жүр, кетейік! – Бахтияр қызды қолынан жетелеп, дедектете жөнелді.

Таудың көлеңкесімен астасып қара-қожыр қарауытқан қалың бейіттен тезірек қара үзуге асық. Былқ-сылқ еткен бүлдіршін қыз аяғын ілбіп басып, жүрістері өнер емес.

Тау арасында кеш тез түседі. Лезде ымырт үйіріліп, көз байлана бастады. Жаны тықыршыған Бахтияр Зухраны бір де жетелеп, біресе көтеріп алады. Бірақ қалың тонның сыртынан құшақтау ыңғайсыз, әрі зілдей. Лезде қолы талып шаршап қалады.

– Тез жүр, – дейді жерге түсіріп жатып. – Далада қасқыр көп. Түнге қалсақ, жеп қояды!

– Жесе жей берсін.

– Неге?

– Тезірек көкем мен апамның жанына барамын.

– Қалай барасың, қасқырдың қарнында кетпейсің бе!

«А, солай екен-ау!» дегендей қыз сәл ойланып қалды да:

– Бәрібір қорықпаймын! – деді бей-жәй үнмен.

– Ал мен қорқамын. Мені де жей берсін бе?

– Жоқ, сізді жемесін!

– Ендеше, аяғыңды жылдам бас!..

Екі жаяу іңір қараңғысында бір жығылып, бір тұрып қалың қарды омбылап келеді.

«Зухра!.. Қайдасың, құлыным?!» Қарлыққан әлсіз дауыс аяз бұған шыңылтыр ауаны қалтыратып алыстан талықсып жетеді...

## ҚЫРДА АДАСҚАН ПАРИЖ ҚЫЗЫ

... – Туу, алақаның мұздай ғой, маңдайымды қарып барады!

– Сол бір қыста тоңған қолым әлі жылынған жоқ.

– Қайдағы қысты айтасың? – Басын көтеріп, шашын тарауға оқтала берген Зухра қызыл сапты тарақты сығымдап ұстаған күйі бакырайып бұның бетіне қараған.

– Жәй әншейін, қалжыңым ғой, – деді Бахтияр көңілдегі көмескі отты қайта қоздатуды хош көрмей. – Бар жылуымды саған беріп, бойыңды құрсаған суықты өзіме тартып алдым. Шалың бүйте берсе, шаман боп кететін шығар.

– Шамандығыңды кім білсін, алақаныңда бір қуат бар екені рас. Бүйірімнің шаншығаны басылып, жеңілденіп қалдым.

– Мені ең алғаш көрген сәтің есінде ме? – деді Бахтияр бәрібір ескі елестің сорабынан шыға алмай. «Оны неге сұрап тұрсың» дегендей таңырқаған Зухра сәл ойланып барып:

– Жоқ, – деді.

– Сонда сен мен туралы ойлағанда, ең әуелі нені есіңе аласың?.. Қыстың күні зираттан көтеріп әкелгенім есінде қалмапты.

– Айтайын ба?

– Айт.

Зухраның дір етіп қабағына мұңлы көлеңке ілінді. Көз алдынан алыста қалған күндердің елесі көшкендей тұнжырап, тарақтың сабымен одеялдың бетін сызғылай бастады:

– Сол жылы қыс қатты болды ғой. Бірақ бір үйдің бар шаруасының салмағы біздің әлсіз иығымызға түссе де қиналған жоқпыз. Әлде көңілімізді мүжіген қайғының азабымен жүріп қиындықты сезбедік пе? Бір жақсысы, апта үзбей сен келіп тұрдың. Қар күреп, отын жарып, қой-сиырдың біраз күнге жетерлік жем-шөбін ыңғайлап беретіңсіз. Сенің қандай қақаған аязда жалаң киініп жүретініне қайран қалатынымын. Тонбай ма дейін десем, саусақтарың домбығып, сорайған мұрының



түртін қалсаң, сынып кететін сүмбі мұздай көгістеніп тұратын. Бір күні әжем: «Мына күйінмен өкпеңе суық тиіп өлесің ғой!» деп көкемнің шиффоньерде ілулі тұрған қоңыр «макинтошын» әкеліп берді. Сенің шартыншақтағаныңа қарамай кигізген. Иығы кең, жеңі саусақ ұшына түскен ұзын. Бір-ақ сәтте үп-үлкен жігіт боп шыға келдің. Сол пальтоны қыс бойы үстіңнен тастаған жоқсың. Сен кіріп келгенде үй іші біртүрлі жарық тартып, жылынып кеткендей боп көрінетін маған...

– Түү, өзің пионер кезіңнен бұзылған екенсің ғой! – деді Бахтияр мүлшы әңгіменің иық басқан салмағынан серпілгісі келгендей жорта құақыланып. – Көзің жылтытып сонда-ақ маған көңілің ауған болды ғой!..

– Қойшы, қылжақ қылмай! – Бар ынта-шынтасын салып жүрек сырын ақтарып отырғанда қағытпамен қақпайлағанға Зухра қылт ете қылды. – Естігің келмесе айтпай-ақ қояйын онда!

– Жо-жок, қойдым, айта бер! – Бахтияр келіншегінің иығынан қысыра құшақтап баурына тартты.

– Жақсы көргенім рас, – деді Зухра сөзін сабақтап. – Аға деп жан шарттым. Әке-шешеден бірдей айрылып үңірейіп қалған көңілімді толтырмасаң да, бір бұрышына шуақ төгіп, жылытып тұрғандай болатынсың. Келе-келе сыртыңнан біржолата иемденіп алдым, «ағам, білдің жақын туысымыз!» дейтінмін достарыма марқайып. Әлдекімнен жөбір көрсем, не бірденеге қамықсам, саған барып шағынғым келетін. Жаз шығып, оқу аяқталған соң сен көрінбей кеттің. Бір апта күттім, екі апта күттім... Бұл ағаға не болды, ауырып қалды ма, бір жаққа кетті ме деп шыдай алмай бір күні үйіңе іздеп барғанмын. Көшенің басында гүрушы едіңдер ғой. Төбесін қара қағазбен жапқан, сылағы шұрықтесік, аласа қотыр там. Түс уақыты болатын. Күн шыжып тұр. Ашық тұрған қақпадан аулаға үңіліп едім, үйдің көлеңкесінде қырын қарап сен отыр екенсің. Қуанғаннан «аға!» деп дауыстап жібере жаздадым да, басың салбырап әлденеге мұңайған қалпыңды көрген соң тартынып қылдым. Қолыңда – жартылай желінген қара бөлке. Нанның үзімін су не шай екені белгісіз, қасындағы көк күрешкеге бір батырып алып, екі үртғың қомпандап қылғытасың. Алдындағы арық қара төбет қақпаға қарсы қарап жатса да, мені көрер емес, екі көзі сенде. Сен қара нанды қылғытып жұтқан сайын құлағы тікірейіп, құйрығын бір бұлаң еткізіп қояды. Анандайда қаңсып төңкеріліп жатқан алюмин тегештің үстінде қара шыбын құжынап шыр айналады. Мойның қылқия созылып, екі иығың қушыып шөгіп кеткендей. Шашың ұйысқан шаң-тозаң, шолақ жең көк жейденің оң жақ жауырын тұсы жалбырай жырттылып, ішінен етің ырсыып көрінеді. Бар жүдеушілік осынау ескі тамның қалқасына кеп саялағандай: қара нан, төңкерілген итаяқ, қылқиған мойын,

жыртық көйлек... көз алдымда шұбартып тұрып алды. Қасына барып: «Жүр, аға, біздің үйден шай ішіңіз» дегім келді; бұйраланып дудыраған шашындағы шаң топырақты қаққым келді; көйлегімнің жыртығын жамап берсем деп ойладым. Бірақ ішке кірудің орнына, кисайған қақпадан жылыстап шегіне бердім. Сен көріп қалмаса екен деп бұқпалап үйді айналып бардым да, алды-артыма қарамай қаша жөнелдім. Бір қарасам, көзімнен жас моншақтап келеді екен. Неге жыладым? Білмеймін. Әйтеуір, аға деп арқа тұтқан адамымның мойны қылқиып итаяқтың қасында қара нанға қақалып отырғанын көргенде, өзімді бұрынғыдан да бақытсыз, дәрменсіз, жетім сезіндім... Сен туралы ойлағанда ылғи да ең алдымен осы сурет келеді көз алдыма.

Зухра қай күні көргенін айтып отырғанын кім білсін. Ол сияқты бірінен бірі аумайтын сұрықсыз, жүдеу күндердің талайын өткізді ғой бастан.

— Е, ол менің ПМК-да алғаш істеп жүрген кезім шығар, — деді Бахтияр көңілсіз үнмен. — Каникулға шығысымен тас қалаушылар бригадасына көмекші боп орналасқанмын. Кірпіш тасимын, лай илеймін. Түс кезінде жұмысшылар асханаға кетеді. Мен шегіншектеп қалып қоямын. Бірге баруға ақша жоқ. Қалтамдағы жиырма тиынға нан аламын. Сол жерде жей салуға біреу көрсе мұның не деп айта ма деп ұялып, ерінбей-жалықпай үйге келетінмін. Қара нанды сумен қосып соғып алам да, үйден түстік ішіп тойып келген адамдай қайқайып жұмысқа барамын.

— Апам сонда шай қайнатып қоймай, не істейді?

— Апам... апамның сыры өзіне белгілі емес пе! — деді Бахтияр зілсіз езу тартып. — Үйде отырмайтын. Кішкене екі ұлды қырдағы қойшы інісінікіне жібергеннен кейін қолы біржолата босап, көше аралауға шығатын. Өзі күнде көріп жүрген шағын қалашықты бір айналып шықпай көңлі көншімейтін. Дүкендерге кіріп, әдемі заттарды қарайды, кинотеатр жарнамаларындағы актерлердің суреттерін тамашалайды. Күні бойғы шаруасы осы. Бірақ үйде отырса да, бітірері шамалы. Балаларға ананы істе, мынаны бұйт деп бұйырғаны болмаса, өзі қазан-аяққа жуымайды. Өзінен де ескі айнаның алдында отырып алып сыланады, сипанады, шашының ағын жұлады... Ол кісі «парижанка» емес пе!

— Елдің бәрі «Пәрижан, Пәрижан!» дегенге алғашқыда апамның аты екен деп ойлайтынмын. Сөйтсем, «парижанка» деген сөз екен ғой. Неге олай деп атаған?

— Ол — ұзақ әңгіме, — деді Бахтияр бірінен бірі көңілсіз өткен күндердің ескі сұрлеуіне түсіп кеткеніне өкініп. — Апам да біз сияқты

жас болған ғой. Жалындап жанып, сол отқа өмір бойы өртеніп өткен. Үйленеміз деп жүргенде сүйген жігіті соғысқа аттанып, майданнан оралмайды. Сезімтал жас қыз күйіктен қатты есеңгірейді... Шалықтаған қоңыл шіркін қай қияға құлаш ұрмайды, жігіт, арманға берілген сәттерде бір ескі журналдағы париждік аристократ бикештердің суретін көрсетіп: «мен сені дәл осындай ғып, жарқыратып қасымда ертін жүремін, саябақта қыдырамыз, ойын-сауық кештерінде вальске тербеліп билейміз...» дейді екен өз қиялына шын елігіп. Апам болса сол әдемі қиялмен ғұмыр кешті. Өмір бойы сол суреттерге ұқсауға тырысты. Қақ жара тараған қара шашын желкесіне дөңгелете түйіп, басына шекелетіп шляпа киген, манжет, жағасы ақ кестелі, қынама бел, кең стек көйлегі жер сүзген Париж қызы, Париж бикеші... париждік кемпір қиян шеттегі шағын қалашықтың шаң басқан көшесінде адасып жүретін. Жұрт оған одырайып қарайтын, езу тартып күлетін, бас шайқап мүсіркейтін... бірақ «арпа ішінде бір бидай» әпенді кемпірдің жан түкпіріне үңілген кім бар? Кім! — Бахтияр даусы дірілдеп, құмығып бырып тоқтады.

### ЖЕТІМ ВАЛЬС

Ашық күнде жарық түспей күңгірт тартып тұнжырап тұратын жүдеу үйдің ішінде көз тоқтатар жалғыз жылтырақ — маса тұмсық қара патефон. Оның өзі де ескі. Айтатын әні де ескі. Қаланың саябақ, кафелерінде, клуб, би алаңдарында битлз бен рок, джаз, эстрада... екі иығын жұлып жеп, алаңсыз шаттықпен асқақтата шырқап жатқанда, шеттегі жапырайтын жаман тамда атамзаманғы кәрі вальс жетім үнмен мұң шағып күңіренетін. Ескі тамда уақыт тоқтап қалған, сонау бір жылдардың өксікті мұңы қалықтап тұратын. Мейрам-мерекелерде, болмаса, көңіл-күйіне қарай, кез келген күні апасы патефон ойнататын. Ондайда барын киіп, шашын тарап, ерекше сәнденеді. Әбігерге түсіп үй ішін дайындағанын көрсен. Дәл бір, бір қора мейман келетін тәрізді. Төргі бөлмедегі темір кереуеттен бастап, ұсақ-түйек заттың бәрін ерінбей-жалықпай ауызғы үйге шығарады... Терезенің пердесін түріп, күн бұлыңғыр болса, шамлы жарқыратып жағып қояды. Ойнататыны жалғыз-ақ күйтабақ: бір жағы — «Амур толқындары», екінші беті — «Манжурия жоталарында». Үй ішіне ұйтқып сиқырлы сағыныш лап қояды. Алқынып, арбап жүрек шымшиды. Аққудың сұңқылы, толқынның дірілінде адасқан әлдебір асыл арман күлімсірей сәл мұнайып алыстан қол созып тұрғандай, апасының сол сәт жүзіне ерекше бір жылт ойнап шыға келетін. Екі көзі

18 11 2011

әнтек ұшқын атып, бөлменің бір бұрышынан, яғни өзі елестетіп тұрған кеңістіктен шыға келер әлдекімді дегбірсіздене күткендей, алыс түкпірге сүзіле қарайды. Үшбұрыштап иығына бос тастай салған жеңіл ақ түбіт шәлінің ұштарын шымши ұстап, білектерін айқастырған күйі көңілі ала құйын тыпыршып тұрғаны. Кенет екі бетінің ұшы лып қызарып, наздана сызылып алдындағы елеске оң тізесін сәл бүге реверанс жасайды да, қанатын жая ұмтылып, вальстің ырғағымен жеп-жеңіл қалықтай жөнеледі. Оң қолын әлдекімнің иығына артқандай өзінің көз деңгейіне көтеріп, сол қолын соза ырғалып, бөлме ортасында дөңгелеп жүргені. Көз жұмулы, басын бір қырын сәл шалқайтып, әлдебір үлбіреген назбен еркелей күлімсірейді. Дегбірді алып бір қуантып, бір мұнайтып алапат сезіммен жан дүниенді шайқаған құдыретті әуеннің құйынымен кең көйлегінің етегі шыркөбелек үйіріліп, алыста қалған сағынышты күндердің бұлыңғыр сағымына сіңіп барады... Қимылы әбжіл, жүзінің әжімі тарап, көзінде сиқырлы ұшқын оянған. Ендігі сәтте саябақтағы би алаңы ма, театрдың сәулетті залы ма, әйтеуір талшыбықтай майысқан бойжеткен бақыт құшағында тербеліп жүрер еді. Сәнді киінген сұлу бойжеткен. Бұл пәниде қасырет, зұлымдық бар деп ойламайтындай; алдағы күннен тек бақыт, тек қуаныш күтетін сияқты...

Күйтабақ екі беті кезек төңкеріліп он... он бес мәрте қайталап ойналатын шығар. Таңертең бастаса, түс болады, сәскеде бастаса, бесін ауады... Жаңағы жастық ажар, уылжыған шат көңіл... бәрі-бәрі үздігіп өксіп барып тоқтаған әуенмен бірге келмеске сіңіп жоғалғандай, стол басында жағын таянып, ақсары жүзін әжім торлап мұңға батқан кәртамыш әйел қалады.

\*\*\*

Зухра қаузап одан ары ештеңе сұраған жоқ. Қос тізесін құшақтаған күйі үнсіз отырып қалды.

– Осыны бұрын неге айтпадың? – деді біраздан соң мұңая тіл қатып.

– Керегі не? Сүйінші сұраймын ба, менің шешем осындай деп!

– Апама басқаша түсінікпен қарар едім. Әйтпесе ол кісінің жүріс-тұрысын ерсі көріп келдік қой.

– Ол кісі саған риза шығар. Көзі жұмылғанша алдынан көлдене өткен жоқсың.

– Бәрібір көңіліміз басқаша болар еді!.. Қандай ғажап! Сонда апам алғашқы сүйген жігітін өмір бойы ұмытпаған ба?

– Иә. Соны ойлап өмір бойы тұрмысқа шықпай өткен.

Қалай?! – Зухраның онсыз да үлкен көздері дөңгеленіп шараспаны шығып барады.

Солай! Біз Сталинград түбінде қаза тапқан совет солдаты Асхат Хайруллиннің соғыс бітіп, он бес-жиырма жыл өткеннен соң рухынан пайда болғанбыз. Яғни, Бахтияр Асхатович Хайруллин деген қазақ мына менмін!

Қойшы, қылжақтамай...

Жарайды, онда турасын айтайын. Біз – жетімбіз... жоқ, жетім, мын болмаса, әкесінің атын біледі; өлген әкенің бейіті болады... ал бізде онда жоқ...

Зухра «болды, тындамаймын» деген ишарамен күйеуінің аузын алақанымен басып, екінші қолымен мойнынан орай құшақтады да, жиптайтып бауырына қысты. Бахтияр қарсыласқан жоқ. Ет қызуымен сөздерін айтып салса да, ашуын кімнен аларын білмей қорынып, шыныланған жанарын жиектей шыпшыған жасты көрсеткісі келмеді. Тіп-тік, серпінді, тоқ анар көйлек астынан жылтуы шарпып бетін сипай жинасты. Құлақ түбінен өрекіп дүрс-дүрс соққан жүрек «бәрін түсінем, сабыр, сабыр» деп тұр. Зухра еңкейіп, бұның қобыраған шашына түмсығын көміп еді, төбесін шарпыған ыстық дем омыртқасын бойлай күлап, тұлабойын елжіретіп барады. Жандүниесін тас түйін ғып буып тұрған әлдебір құрсау босап кеткендей, бойын әлсіздік билеп, Зухраның бауырына тығыла түсті.

Кім мұны өстіп ыстық бауырына басты? Бала боп ана құшағының жылуын сезді ме? Бір-ақ сәтте қорғансыз сәбиге айналып кеткендей, көкірегін өксік буып, бар қасырет-мұңын айтып шағынғысы келді.

Балалық, шіркін, нұрлы мейрам ғой. Сағымдай қол бұлғап алыста қылған алаңсыз сол аяулы шағын ойлағанда кімнің жүрегі шым етіп шығынышпен сыздамайды дейсің. Бірақ Бахтияр балалық шағын сағынбайды да, есіне алғысы да келмейтін. Ымыртта от жағылмай қаңырып үрей ұялаған үй ішіндей не суық жаңбыр сіркіреп қарауытқан күзгі аспандай ылғи бір сұрқай елес. Іңгәлап дүниеге келді деген жай аты мына. Өлместің күнін кешті. Өмір сүрген жоқ. Ерік өзінде болса, Зухраға ұшырасқанға дейінгі өмірін кітаптың мағынасыз беттері сияқты қара қарындашпен белден бір-ақ тартып сыза салар еді-ау!..

Анасы жеті құрсақ көтеріпті. Бұл өзінен кейінгі екі бауырын ғана біледі, қалғандары өлі ме, тірі ме, тірі болса, қайда жүр – одан бейхабар. Сол аты-жөнін білмейтін, бет-жүзін көрмеген аға-әпкелері жайлы анасының жайма-шуақ бір сәтін тауып, сыр тартқанда:

– Е, құдай-ай, оларды туа салысымен балалар үйіне өткізіп тастағам! – деген ол, ескі етігімді күресінге лақтыра салдым дегендей

жайбарақат. — Адыра қалғыр, қойшы-қолаңның баласын шулатып асырап отырам ба! Өкімет өлтірмейді!

— Олар қойшы-қолаңның баласы болғанда, біз кімнің баласымыз? — деді бұл ызамен сыңар езулей мырс етіп.

— Сендер — өзімнің баламсыңдар!

— Мені де өткізіп жіберуің керек еді!

— Құдай сақтасын!

— Неге?

— Сен — Асхатымның аузынан түскендейсің, құйып қойған өзісің. Соғысқа аттандырып, жылап-еңіреп жүргенде суретке түсу ойда болмапты ғой. Менде ол бейшараның ең болмаса суреті де қалған жоқ. Саған қарасам, тура Асхаттың өзін көргендей боламын!..

— Ана екеуін де біреулерді еске алу үшін алып қалдың ба?

— Екеуі де әлжуаз, аурушаң боп туды ғой. Өліп қалады екен деп аядым.

— Ақыры тапқаннан кейін, не де болса онға жеткізіп, «Батыр Ана» атануың керек еді! — дейді бұл өзімен-өзі сөйлескендей сөзінің аяғын күбірлеп. Анасы үндеген жоқ. Бұның сөзін естімеді ме, әлде естімеген болды ма — ол арасы белгісіз.

Айтты-айтпады анасы марқұмның бұған деген ықыласы ерек еді-ау! Ессіз еркелетті. Бес-алтыға келгенше алпамсадай ғып мойнына мінгізіп жүретін. Жүгіріп кеп секіріп мініп алғанда, иығы қушиған апарық бейшара етпетінен түсетін. Өстіп жігіт болғанша арқалап жүрер ме еді, көтере алмай құлап қалатын болған соң қойған. Көтергені былай тұрсын, үшінші класс оқығанға дейін емгенін айтсаңшы. «Тайынша емізген сиыр құсап мынауың не өңкитіп, өзің ілмиіп тұрсың, не жаның қалады, бейшара-ау!» деп ерсі көрген көрші-қолаңға: «құданың құдыреті, сүтім суалмай қойды. Осы құлынымды көргенде көкірегім иіп, өзінен-өзі ағып кетеді!» дейтін.

Күнде мектептің алдындағы ұстахананың қалқасына кеп күтіп тұрады. Түйедей боп мұнда ес жоқ. Үзіліске қонырау соғылса бітті, танауы таңырайып жүгіреді. Жеткен бойда бассалып омырауға жармасыды. Дөңбектей баланың екпіні оңай ма, кейде тыраң етіп, шарбақтың түбіне құлап қалады. Оған да қарамайды, тұруға мұрса бермей ақ маманы сорып-сорып алғанда, маңдайынан тер бұрқ ете түсетін. Қашан еміп болғанша апасы жаулығының шетімен мұның бетін көлегейлеп тұрады. Кейін балалар көріп қойып: «Бұзау! Бұзау!» деп мазақтаған соң амалсыз қойған...

Университете оқып жүргенде, қысқы каникул кезінде студенттер еліне кетіп, бұл көбінесе жатақханада жалғыз қалатын. Ауылға барып-

кәйтуга қол қысқа. Одан да тиын-тебен табайын деп теміржол тұйығында, дүкендерде жүк түсіретін. Ауылға бармағалы жылға таяп, кейде одан да асып кеткен кезде, апасының бірер мәрте «шешен хал үстінде жатыр» деп суыт телеграмма соғып шақыртып алғаны бар. Екі көзі алақандай боп алып-ұшып жетсе, жымсия күліп, шай сораптап отырады. «Ауырып жатқаның қайда, сап-саусың ғой?» деген мұның ренішіне: «Е, адыра қалғыр, өстімесе, келетін түрін жоқ қой, сағынып кеттім емес пе!» дейді. Кейін «қайтыс болды» деп телеграмма алғанда да қашан көргенше сенінкіремей барған...

Өзінен кейінгі екі інісі екі құрлықтың адамы сияқты. Азат биік қабак, қонқақ мұрын қайыс қара да, Құмар – сабан шаш, көзі тұздай орыстың өзі. Екеуі қатар тұрғанда бірінің қаншалық қара, екіншісінің қаншалық ақ екендігі көзге ұрып тұрады. Құмармен білмейтін адам орысша сөйлесетін. Ондайда мектеп бетін тиіп-қашты көріп, қойлы ауылда өскен байқұс не дерін білмей көзі жыпылықтап, құлағының ұшына дейін қайнақ суға малып алған теңіз шаянындай ду қызарып шыға келетін. Осы інісін ойласа, кейде сонау бір бұлыңғыр сұрқай күздің суық демі өзегін қалтыратқандай болады.

## ТЕСІК ТЕРЕЗЕ

Мектепке әлі бармаған, бес-алты жастың шамасы шығар. Бұлыңғыр, еміс-еміс елес қана болмаса, ол күндердің көкіректен өшкені қашан. Бірақ сол бір сурет үрлеп басқан мәрдей ап-анық көз алдында. Апасы бөлімшенің қырманын күзететін болса керек. Әйтеуір шифер жапқан биік лапастың астында өркеш-өркеш жал боп қызыл бидай суық күнде қызыл шоқтай көз жылытып үйіліп жататыны есінде. Кешке қарай тоңған кезде жүгіріп кеп домбыққан қолыңды тығып жіберсең, іші қыж-қыж қайнаған рахат.

Кешкі апақ-сапақ мезгіл еді. Күн ызғырық. Түнере қайысқан күңгірт аспан жерге төніп, мұздай жаңбыр сіркірей бастаған. Күні бойы ауылдың балаларымен бірге өзен жағасында ойынның айын аспанға шығарып, үйге оралса, анандай жерде бір көк қасқа самосвал қаңтарулы тұр екен. Сыртқы есік жабық. Іштен іліп қойыпты. Өзі білетін әдіспен қисық ауыз есіктің саусақ сияр қиюынан шыбық жүгіртіп жіберіп, ілгекті сырт еткізіп көтерді де, сыбдырсыз басып үйге кірген. Арақ пен тер иісі араласқан ащы қоланса тұмсығына ұрды. Жарықтан кіргендікі ме, көз алдын қара перде тұтып, ештеңе көрер емес. Терезесін шаң қауып сығырайған жатаған тамның іші бұлыңғыр кешкі мезгілде үңірей-



іп, тұтаса қарауытқан соң, бірденеге соғылармын деп еріксіз іркілген. Сәлден кейін көзі үйреніп айнала ала көбең тартып, заттар айқындала бастады. Құртақандай Азат ескі манежімен ауызғы үйге шығып қалыпты. Аяғын жаңа тәй-тәй басып жүрген кезі. Бұған тіпті елең етіп қарар емес, екі көзі есігі ашық тұрған төргі бөлмеде. Жылай-жылай жаңа уанса керек, арасында өксіп-өксіп қояды. Бірақ әлденеге әбден елігіп алған. Ана жақта біреу қызық бірдене көрсетіп алдарқатып ойнатып тұрғандай, екі қолымен манеждің жақтауын ұстап желпілдегенін көрсен. Ішін тартып қуанып, секіріп-секіріп кетеді. Тіпті еліріп әбден мәз болғаны сонша, бір кезде аузындағы емізігін жұлып алып, лақтырып қалды. Сәбидің қылығын қызықтаймын деп аңғармаған екен, сонда барып құлағы тарс ашылғандай, үй ішін кенет арсы-күрсі ентіккен, ыңырысқан жабайы дауыс кернеп кетті. Ентелей ұмтылып есіктен үңілгені сол, екі көзі тас төбесіне шығып сілейді де қалды. Алпамсадай әлдекім апасын төрдегі сырмақтың үстіне алып-соғып, қылғындырып жатыр ма, астына басып алып, құнжындап жатыр. Апасы бейшара алысып, арпалысып әбден әлі құрыса керек, соңғы демі шығып барады-ау шамасы, аяқ-қолы ербендеп, ыңырысып, уһілеп, қырылдап... енді болмаса талықсып үзіліп кетердей. «Ой, жаным-ай, қайтем енді!!!» деп күңіренгенде, «өлді, өлтірді-ау апамды!» деп мұның зәре-иманы ұшқан. Жаны ышқынып, «Апа!» деп шынғырып еді, жүрегінің шырылы бері шықпай кеңірдегіне кептеліп, үнсіз керілген аузы қара нөл боп үңіреді. Төбесінің тазы қалайы тегештің түбіндей дөңгеленген мына жауыздың атылып барып желке шашынан жұлқа тартайын десе, бойынан жан кеткендей аяғы еркіне көнер емес. Апақ-сапақ жанталаста ұңғысы көкке қарап босағада ілулі тұрған қосауыздың қолына қалай іліккенін білмейді. Апыл-ғұпын көздемей шүріппені басып қалған. Бос ұстағандыкі ме, дүм қатты серпіп, топшыдан тепкенде, мылтық бір жаққа ұшып кетті, өзі шалқасынан түскен. Ес жиып орнынан тұрам дегенше әлдекім ала-көбең көлеңкемен араласып, үстінен аттай-маттай ата жөнелді. Қорқынышты ащы айғайдың тарғыл-тарғыл жаңғырығы өкіріп-бақырып сонынан еріп барады:

– А-А-А! О, Господи! Хана! Убили! Убили!.. В задницу попали!.. О, Құдайым! Құрыдым ғой! Өлтірді! Өлдім!.. Дәл құйрығыма тиді!.. Енді кайттім, күйдіріп ашытып барады. Ай-ей-е!

Апалақтап бұл да тұрды, үйелеген орнынан тыпырлап апасы да тұрды. «Уһ, тірі екен ғой апасы, аман екен ғой!»

Шашы жайылып ұйпа-тұйпасы шыққан күйі алакөлеңкеде қорқынышты елестей қарауытып жақындап келеді. «Құлыным менің, құтқарушым менің!» деп бассалып құшақтап бауырына басар деген.

Иуыны босап, бойын әлсіздік билеп көзі жасаурады. Бірақ өйте қойған жоқ. Таяй беріп:

– Сенсің бе?! – деді танымай тұрғандай. Сөйтті де жақтан тартып-тартып жіберді. – Тұз болмай, оқ болғанда қайтер едің! Өлтіретін едің ғой!

– Ол сізді өлтіріп тастай жаздады емес пе! – дейді бұл түкке түсінбей шыр-шыр етіп.

– Өлтірсін, өлтірсін! Онда сенің шаруаң қанша, қу шешек!

Басқа-көзге төпештеп жұдырық жауды да кетті. Ұрып жүр, тепкілеп жүр. Бұған да айызы қанбай қолына түскен затпен үсті-үстіне төпештейді. Шашынан шап беріп, қабырғаға басын түйіп-түйіп жібергенде, көзі қарауытып жүре берді. Жерге жығылып жатса да тепкінің астына алды. Аяушылығы жоқ бір соқыр өшпенділік. Әбден көтеріліп долданып алған. Бұл аз болғандай шелектегі суға басын батырып тұншықтырып-тұншықтырып алып соққанда, шыбын жаны шырқырап мұрынның ұшына келді. «Кет, қайыршы, жоғал көзіме көрінбей!» деді еттіге долырып. Содан соң үй ішін басына көтере өкіріп еденге құлай кетті. Жалбыраған ұзын қара шашы қараңғымен астаса бүкіл үйдің ішіне жайылып, өксіп, сыңсып жатыр.

Бұл сүйретіліп сыртқа шықты. Беті ауған жаққа қаңғалақтап келеді. Көкірегін өксік қысып, жылайын десе, түйіліп көзінен жас шығар емес. «Бар жазығым, ажалдан алып қалғаным ба?!» дейді тұншыға сыбырлап. Сүтке тиген итті де бүйтіп тепкілемейді ғой. Анасы былай жәбірлегенде, басқалар не істемейді, кімнен қайыр күтеді, кімге керегі бар?

Осынау азынаған аспан астында пана боп бауырына тартар тірі жан жоқ, жалғыз қалғандай жүрегіне жетімдік ұялады. Енді оған жалпақ даланың қай қуысына барса да бәрі бірдей. Өксік пен ызаға булығып, беті ауған жаққа жүре берді.

Қайда келді, қай уақыт болды – білмейді, бір қараса, қарауытып көлденең созылған қара жартас па десе, жал боп үйілген ұзын маяның түбінде тұр екен.

Үңірейген түн, жаңбыр үдей түскен, жел әредік ұйтқып өткенде, қалың тамшы сар-сар етіп жерді соғады. Маяның ығына келіп отырды. Арпаның сабаны екен топаны араласқан. Күрпілдек, жұмсақ. Маяның іргесін мал үнгіп, кеуектеп тастапты. Құрық созымда іргеге құйрығын тыға ықтап, жабағысымен тұсаулы бір бие тұр. Маңдайындағы дөп-дөңгелек төбелі қол фонарьдың алыстан өлеусіреген сәулесіндей бұлаңытып, бұған үрке бір қарады да, қайтадан сол күйі бүрісіп тұра берді.

Көкірегіне қара тас боп шөккен жәбір, өкпе ештеңеге дес берер емес. Мая түбінде мелшиген мүсін сияқты, қыбыр етпестен отыр. Жел

жақтан ішін тартып қасқыр ұлды, жалғыз емес, ұялы қасқыр, біріне бірі үн қосып, үздік-создық ұзақ ұлды. Қасқа бие құлағын қайшылап, оқыранып, бұны ес тұтты ма, шоқалақтай қарғып, жақындай түсті. Бұл селт еткен жоқ. Қасқыр жеп кетсе екен деді. Бірақ қасында қос бірдей жылқы тұрғанда мұны жей ме? Қуып алысқа айдап жіберсе ме екен? Әй, қасқыр таяп қалғанда өздері-ақ жанұшыртып безбей ме. Соларды қуып жүреді дейсің бе, бірден ауызды бұған салар. Сабанның үстінде резинка перчаткадай тырбиып жатқан екі алақаны мен қызыл асығынан үзілген күс-күс қос табанын көргенде, апасы жылар ма екен? Әрине, жылайды! Осыны елестеткенде, әжептәуір айызы қанып қалды...

Бірақ қасқырлар жуыр маңда келе қоятын емес. Әлгіндегіден кейін үндері де өшті.

Сорғалаған мұздай жаңбыр толастар емес. Қолтығынан, жауырынның жігінен сай-сай қуалап суық тамшы жосиды. Үстіндегі суға шылқыған жалаң жейде қоқиып, тиген жерін қаңылтырдай қариды. Тісі тісіне тимей сақылдап, өнебойы қалшылдап барады. «Мейлі, қасқыр жемесе, өстіп суыққа қатып өлейін!» дейді одан ары қасарысып. Мұндай суық жаңбырдың аяғы қарға ұласып, аязға ұрынады. Өстіп қалшып отырған күйі көк мұзға оранып сіресіп қалсын!

Қанша қарысқанмен қалжырап, ой-санасы бұлыңғыр тартып, тұңғиыққа батып барады...

Көзін ашса, ұядай жып-жылы бір жерде жатыр. Айнала қап-қараңғы. Бойы балқып, маужыраған күйі қайта қалғып кетті. Басы іскенше ұйықтапты. Керіліп-созылып кірпігін көтерсе, тағы да төңірегі қап-қараңғы. Бұл неғып атып бермейтін таң? Айналасын қарманып еді, сабанның ішінде жатыр екен.

Үңгірден еңбектей шығып, сыртқа басын қылтитқаны сол, көз алды жарқ етіп, күн шуағына бөккен ақсағым дүние кел-кел деп мейірлене құшағын жайды. Бірақ қуанышы ұзаққа барған жоқ. Маяның бүйірін тесіп, үсті-басы ақ топан боп қорбандап шығып келе жатқан бұдан үр-ікті ме, кенет қарқылдай шулаған қалың қарға дүр көтеріліп, қанаттары аспанда тұтаса жайылып, күннің көзін қара бұлттай тұтып алды. Аударылып-төңкеріліп, шырк үйірілген көлеңкенің астында ырсып ақ қанқа жатыр. Қабырғалары адыранадай иілген малдың кеуде сүйегі. Тостағандай төрт тұяқ төрт жерде қарауытады. Шаша жүні жирен екен. Түндегі маяның ығында енесімен бірге сабанды күрт-күрт шайнаған жирен жабағы! Қанды сойқанның ізін көріп жүрегін сүп-суық үрей биледі.

Түндегі не болса, ол болсын деген бейғамдықтың, батыллықтың жұрнағы да жоқ, аяқ-қолынан әл кетіп дірілдеп барады. Ұялы қасқыр

канды ауызын керіп осы мандағы бір қалқада жатқандай. Әне-міне биссалып, мұның да түте-түтесін шығаратын сияқты, жайрап жатқан жибағының сүйегіне қараған сайын көз алдынан небір қорқынышты елес көшеді.

Жаны қысылғанда есіне түскені – апасы, жарық дүниедегі ара-шапшысы, қорыққанда барып бауырына тығылар панасы – жалғыз сол екен. Айғайлайын десе, даусы шығар емес. «Апа!» деген жан шырылы кетіргенде кептеліп, шық басқан көк сояу шыбындықпен құйындай ұлтқып, көз ұшында бұлаңытқан ауылға қарай ағызып келеді...

Көз алдына ауылдағы көк бұқа елестеді. Күдіс мойын, әукесі сипақтаған, салкам кеуде, бүйірі қусырылып, бауырынан жарап жүргені. Табын ортасында талай рет сүзіскенін көрген. Сойқан. Алдыңғы екі аяғымен алма-кезек жер тарпып, топырақты бұрқырата гүжілдеп ұмтылғанда, қаһарына төтеп беру қиын. Дәті жетіп айқаса кеткендерді ой-шайға қаратпай мойнын бұрап омақастыра салады, зәресі ұшқан бейшаралар көзі адырайып, өкірген күйі басы ауған жаққа беже жөнелді. Көк бұқа, бір жақсысы, жеңілген жауын қумайды. Алға сұғына біткен қанжар мүйіздері жылтырап, кеудесі алшайып «кәне, тағы қайсың барсың» дегендей ожырая қарап тұрғаны. Қаны шапшып, қарадай шабынып, жолындағы ағаштың діні, үйдің бұрышына бір-бір сүйкеніп өтпесе, көңілі көншімейді, үйіп қойған отын, шөмелені мүйізімен шайқап бір-ақ төңкеріп кете береді. Құтырынып адамға да шабатын әлеті бар. Өстіп жүріп біреуді оқыс қылады, сойып тастайық деп ауыл адамдары талай оқталса да, «тұқымы асыл» деп қимаған.

Былтыр күздің дәл осындай бір күнінде көк бұқа далаға түнеп қалыпты. Түн ішінде ұялы қасқыр қоршаса керек. Ертеңінде екі-үш кісі арбамен шөп алуға барса, құйрығымен итере-итере маяның бүйіріне денесімен кіріп кеткен көк бұқаның басы ғана қылтияды дейді. Мүйізінің ұшы қан-жоса, екі жағында ауыздары ырсыып екі қасқыр өліп жатыр екен. Өнебойы қара сүмек тер, қалш-қалш етеді. Көк бұқа емес, ақ бұқа. Жүні аппақ. «Мынау басқа бұқа ғой!» дейді алғашқыда. Бірақ іле қанжардай жалаңдаған қос мүйізінен танып, «Ойбай, көк бұқаның өзі ғой!» дейді шошып. Сөйтсе, бір-ақ түннің ішінде жүні ағарып кетіпті. Кісілерді көре сала көзінен жас парлап тұра ұмтылыпты. Сүзгелі келе жатыр деп қорыққан жігіттер, аттың басын кері бұрып қаша жөнелген екен, мөңіреп сондарынан қалмай қойыпты. Дәл бір енесін жоқтаған жетім бұзау сияқты дейді. Содан бері көк бұқа адамды сүзем деп ұмтылғанды сап қойды. Ақ болса да жұрт оны бұрынғыдай көк бұқа деп атайды...

Міне, бұл да анталаған қорқыныштан құртақандай жүрегі араша іздеп анасына қарай шыр-шыр жан ұшыртып келеді.

...Содан кейін тұманды күңгірт күндер қайта басталды. Түксиіп, кара тас боп тұтасқан күзгі аспанның сызатынан суық тамшы толасыз сыздықтайды. Терезеден сыртқа қарап, ықтасында бүрсең қаққан малды, көзінің қиығынан жас сорғалап жылап тұрғандай жапырағынан тамшы аққан үйеңкіні көргенде, өнебойың түршігіп, карадай қалтырайсың. Сондай ызғарлы, сұрқай күндердің бірінде бұлардың үйіне жұлқынып аласұрған бір жуан орыс әйелі келіп айқай салсын. Шашы үйпе-түйпе, қысқа қоныш резинка етікті жалаң аяғына сұға салыпты, екі балтыры қып-қызыл. Қақпа алдында тепсініп, жер-дүниені басына көтергенде, құлазыған күзгі аспан одан сайын күңгірт тартып күңіреніп кетті. Абырой болғанда, кісі алатын қабаған көк овчарканың шынжыры ұзын еді, кес-кестеп, аспанға шапшып абалап бері жіберер емес. Анау-мынау адамға есесін жібере қоймайтын апасы, неге екені белгісіз, үйге тығылып шықпай қойды. Бұрышта ербеңдеген көлеңке сияқты. Бір отырады, бір тұрады. Бар қылған айбары – терезеге бетін шаптаған бұған «кет былай!» деп зекиді.

Көк овчарка шынжырын үзердей жұлқына атылып арсылдаса, ана әйел бір қолымен мықынын таянып, бір қолын аспанға сілтеп одан асыра айқайлайды. Абалай-абалай овчарканың да жағы талды, білем, айқайлай-айқайлай әйел де шаршаса керек, бір уақытта терезені таспен бір періп салдыр-гүлдір еткізді де жалт бұрылып қайқаңдап жүре берді...

Терезенің сынған көзіне апасы ескі киімді нығарлап тығып қойды. Терезесі сығырайып онсыз да кара көлеңке боп тұратын үй одан сайын күңгірт тартты. Ешкім әйнек салған жоқ. Тыққан шүберек бусанып, жиегіне қырау қатып, қыс бойы сынық терезеден аңқылдап суық үрлеп тұрды.

## АЛАТАУДЫҢ БИГІ

Қиялдың қызығына түсіп біраз отырып қалған екен. Әлгінде ғана отырғанның өзін де кісі бойы қырын құлаған көлеңкесі енді мүлдем шөкелеп, қысқара-қысқара бауырына тығыпты.

– Түү, күйіп кеттік қой!.. Басың қандай ауыр өзі, санымды үзіп жіберді ғой!.. – Ұйып қалған аяғын әзер жазып, Бахтияр орнынан созалаңдай тұрды. – Қалай, кішкентай тәуір болдың ба?

– Жаксы боп қалдым, – деді Зухра көйлегінің қыртысын түзеп жатып.

– Ендеше қозғалайық. – Зухраға жеңіл пакеттен басқа ештеңе қалдырмай, Бахтияр буыншақ-түйіншектің бәрін өзі көтеріп, алға түсті.

Сағым сусып жарыса толқыған көк бұйраттар сатылай жоғарылап, сонау қарлы шыңдармен ұласып жатыр. Үлбірей аймалаған самалдан бойың қунап, кел-кел деп қол бұлғаған әлдебір сиқырға арбалғандай көкірек кернеген балалық қуанышпен белестен-белеске асып, өрлей бергің келеді.

Алатау бүгін күліп оянған екен. Шың басын кіреукелеген бұлт не шаңытқан тұман жоқ. Сай-салада лықсып будақтай көтерілген қиланың қара күйе лас ауасы да онша биіктей алмапты. Ақ шыңдармен астасқан аспан аясы сүрткен әйнектей тұңғығыңда нұр ойнап мөлдіреп тұр. Осындайда мәңгілік мұзарттан лекіген қоңыр салқынды тоске алып, өрлей көтеріліп, тау-тас кезіп кетсең ғой шіркін. Қарағайдың шайыры аңқыған жұпарына мастанып, сынғырлаған бұлаққа бөтіңді шайсан!..

Бүгін Зухраны Алатаудың биігіне алып шығып, көз мейірі қанғанша айналаны тамашалатпақшы еді. Бірақ, міне үй іргесінен ұзамай жатып Зухраның ескі сырқаты сыр беріп, алып ұшқан көңіліне тұсау түсті.

Зухраны қинап, алысқа ұзағысы келген жоқ. Шатқалға сәл сұғына қиялай көтеріліп, айналадан, саялап еркін отырарлық орын байқастаған. Жатаған беткейді ой-дөңессіз сыпыра шалғын көмкерген. Әр тұста қазан аузындай дөңгеленіп шоқ-шоқ аласа бұталар шашырай өсіпті. Көңілі тұрақ таппай енді қалай қарай жүрерін білмей сырғақсып тұрғанда, сонандайда балтырын көк шалғынға малып ағараңдаған жалғыз қайың ілікті көзіне. Жапырағы жамырап жайылған бұтақтары көк шөппен астасып, таяқ бойы аксиган әппақ діңі болмаса, бір қарағанда байқала қоймайды екен.

Сәл бір қырындау дөңгеленіп түскен көлеңкені шатырдай төбелеріне тұтып, шалғын үстіне жайғасқан. Қайыңның дәл түбінде үшбұрыштап шәугімдей-шәугімдей үш қожыр тас қонжиыпты. Ортасында аузын бақадай ашқан «Скумбрия» қалбыры мен арақтың шөлмегі тырапай асып жатыр. Өткен жылдан қалған белгі болса керек, қайыңның діңіне «А.Г.Ф. 1988» деп сойдитып ойып қойыпты. Қотырланып біткен «Ф»-ның құйрығынан өзекшеленіп шырын шыпшып тұр. Пышақ ұшымен түртіп қалсаң, сыр етіп шапшып кетердей.

– Шырын ішкің келе ме? – деді Бахтияр. «Оны маған кім беріпті?» дегендей Зухра сұраулы жүзбен қарады. – Қазір қайыңды сауамын.

– Қайтіп?

– Мына шыпшып тұрған жерді тіліп, шүмек орнатсам, аз дегенде жарты литр шырын шығады. Талай қазақ ашаршылықта өстіп қайың сауып, шөптің тамырын жеп аман қалған.

– Қазір ашаршылық емес қой. Керегі жоқ, бұлдірме, обал болады. Өйтіп қайыңның қанын ішпеймін!

Зухра пакеттердің ішіндегі заттарды шығарып жайғастырып, өзімен-өзі күйбеңдеп жүр. Бұл көлеңкеге төселген шақпақ одеялдың үстінде шахматтың короліндей қаздыып сәл отырды, король болған ұнамай, жәй қара қазақ болып шалқалай кетіп керіліп-созылып біраз жатты, содан соң сырлы, көк шәугімді алып, су әкелуге сай табанында сарылдап жатқан бұлаққа беттеді. Қайтып келсе, Зухра қайын түбіндегі үш тасты былайлау шығарып, ошақ қалап, от жағып қойыпты. Бұлақтың мұздай суы мен түгінсіз маздаған жалын шарпысып, көк шәйнектің бүйірі лезде шып-шып тершіп шыға келді.

Қайыңның саясы, жайылған дастархан, маздаған ошақ... бәрі көңілге ыстық. Көк шалғында бырдай боп жусаған әппақ отар. Күн астында тілі салақтап сары майдай еріген сары төбет... Баяғыда нағашысымен ілесіп жайлауға көшкенде, белеңде дамылдап осылай отыратын.

Бірде Қыстаубай екеуі таң сәриден малды айдап жолға шыққан. Азық-түлік, қос тиелген арба сондарынан қуып жетуі керек еді. Түс болды – жоқ, кеш түсті – ізім-қайым. Сөйтсе, жол ортада арбаның дөңгелегі қирап қалып, нағашысы қайтадан ителген жердегі ұстаханаға шапқылап, күні бойы соның әлегімен жүріпті. Ертеңінде түске қарай бір-ақ жеткен. Алып шыққан азық жоқ, әбден қарындары ашты, ымырт жабыла бір ескі жұртқа отарды үйірген.

– Қарашығым-ай, өзегің талды-ау, – деді Қыстаубай өзі жетісіп тұрмаса да сыр білдірмей, мұның қамын ойлап. – Ана сұржағал ешкіні жығып берейін, емшегінен емсең қайтеді?

Бұл өйтіп ешкі емсе, лақ боп кетердей құбыжық көріп, басын шайқаған.

– Қап, ең болмаса ыдыс алып шықпағанымызды қарашы, сүт пісіріп ішетін!..

Қыстаубай не іздегенін кім білсін, бұта-шидың түбін түрткілеп, ескі жұртты шыр айналып жүр. Бір уақытта майысқан алюмин кәстрөл тауып әкелді. Түбі саусақ ұшындай тесік. Сәл ойланып тұрды да бұлаққа апарып жуды. Құммен, шөппен ысқылап еді, жалтырап шыға келді. Тесігіне ағаштан тығын қағып, айналасын қарағайдың шайырымен желімдеген. Су ақпайды. Бірақ отқа қоюға болмайды. Не істеу керек?

– Ә, таптым! – деді Қыстаубай қабағын серпіп. – Баяғының койшысы сияқты «қорықтық» жасаймыз!

Желіні тоқ-ау деген саулықтардың бұл басын ұстап, Қыстаубай сауып, кәстрөлді лезде толтырып алған. Қураған ақ сөңкені қалап от жақты. Қараңғыда қызыл жаулығы желп етіп ұшып тұрған жалын аспанға лапылдай шапшып, сәлден соң бәсең-бәсең төмендеп бірқалыпты



мидай бастаған. Үйілген қызыл шоқтың үстіне Қыстаубай жұдырықтай сәкі жұмыр тас салды. Тастар әуелі қарайды, бірте-бірте айналасын қанықтандыра бастаған жалынның көгілжім жіпшелері орады. Әбден шақырайып шырған сәтте Қыстаубай таяқшамен қысып алып, кәстрөлге тастап кеп жіберген. Бес метр боз кергендей көз алдын бу тұтты. Қорқ-қорқ етіп қылнаған сүттің лезде жартысы-ақ қалды. Қоп-кою, қатықтай дірілдеп тұр.

Міне, «қорықтық» дегеніміз осы! – деді Қыстаубай көңілдене алымып. – Ағаш ыдыс болса, тіпті бап болар еді.

Суыған соң екеуі кәстрөлді құлағынан көтеріп, шетінен кезектесе сораптады. Бұрын-соңды татып көрмеген дәмнің төресі. Ұлып тұрған асқазаның жұтқан сайын әкел-әкел деп құныға түседі. Құнарлы, тоқ не екен. Кәстрөлді орталап барып тоқтаған. Бойы бей-жай тартып, мидайынан тер бұрқ ете түсті. Сәлден кейін мойны былқылдап отырған жерінде қалай қылжия кеткенін білген жоқ...

Енді міне, көк түтін көз алдын желпіп өткен сайын, сол бір қорықтықтың дәмі аузына келгендей тамсанып қойды. Балалықтың дәмі!

Зухра да қос тізесін құшақтай иегін сүйеп, ошақтағы маздаған отқа телміріп қалған екен. Көк шәугім түбі күйелештеніп, тұмсық астынан әндете бастапты.

– Ойға батып кетіпсің ғой? – деді Бахтияр үнсіздікті бұзып.

– Ештеңе ойлағам жоқ, жәй отқа қарап отырмын. Қандай рахат! Отқа қарасаң, жүрегің жылынады.

– Көшпендінің ұрпағы деген осы. Қанша жерден цивилизацияның үлесі мен бүлдесіне орансақ та, бәрібір тауға қарап ұлимыз.

– Мәселе – көшпенділікте емес, жалпы адамның табиғаты солай. Әйтпесе, жеті атасынан бері бекзат ағылшын лордтары Лондонның қақ орғасындағы ақ сарайларында неге түтіндетіп, камин жағып отырады?

– Олар – қала өмірінен жалыққан кәрі халық. Біз болсақ, кеше ғана табиғат аясынан еңбектеп шығып, шаһар құшағына ендік емес пе.

– Өйткені бар романтика, бар поэзия – табиғатта. Адам қолымен жасалынған қандай кереметтің өзі бір тамсанарлық қана. Ал табиғат шексіз ғой!

Бахтияр оң қолымен орай қысып, келіншегін құшақтады, көленке астында тоназып құсеттенген жұп-жұмыр жалаңаш иықты аялай сипап өзіне тартты.

Үп етіп үлбірей өпкен самал Алатаудың бар жұпарын желпіп тұр. Зухра ақсары жүзі лып қызарып күйеуіне еркелей, елжірей қараған. Дүниенің бар жылуы, шапағаты осынау мөлдірей қараған қоңырқай

тұнжыр көздің тұнғыығында маздап тұрғандай, Бахтиярдың жүрегі дүрс-дүрс соғып, алқымына тығылды.

– Сен – менің поэзиям! Сен – менің романтикам! – деді тұншыға сыбырлап. Дүр сілкініп, жапырақтары қуана қол соққан қайыңның саясында шырын татыған ыстық еріндер тағатсыз інкәрлікпен шөліркей табысты. Сағынысқан қос ғашықтай құштарлық мұхитына шым батып, бір-бірімен мейірлене ұзақ аймаласты. Қып-қызыл шоққа құйрық басып бажылдаған көк шәугім қақпағы селкілдеп, шүмегінен су атқылап бұрқ-сарқ тасып жатыр...

Ес жиып, бас көтергенде төбелерінде бұлт көшіп бара жатқандай болды, бұлт емес, будақтаған түтін екен – ошақтағы от сөніп, жартылай жанған шаланың ұштары қара қошқылданып бықсып бу шегіп жатыр. Төгіле-төгіле шәугімдегі су сарқылуға таяпты.

– «Әңгіме бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізеді» деген осы! – деп күліп, үстін әппақ күл басқан шәугімді алып Бахтияр қайтадан суға кетті.

Шай қайнағанша Зухра дастархан жайды. Одеялдың шетіне тізерлей қонып, сырма ауыз қызыл сумканың ішінен қобыратып ыдыс-аяқ, тамақтарын шығара бастады. Ағылшын лордына түстік беретіндей, қос-қостан қасық-шанышқы, үлкенді-кішілі тарелка, кесе, фужер... және әрқайсысын қағазға ораған екен, судыраған ақ парақ қобырап жер-көкке сыймай кетті. Үп етіп жел ұйтқыса, үріккен құстай далпылдап ұша жөнелетіндей. Көк шақпақ дастарханның төріне жол да, жөн де менікі деп шахматтың короліндей боп талай жәрмеңкенің алтын-күміс алқасын таққан жылтыр мойын шампан казиды. Бір білем қазы, қақталған тауық, кәріс салатының екі-үш түрі, тұздалған саңырауқұлақ, минералды су, шырын... шағын дастархан аузы-мұрнынан шықты.

Кәрістің ашы салаты десе сілекейі шұбыратын әдеті. Бахтияр әрқайсысынан шым-шымдап шоқып аузыға көсіп жіберуге бір оқталды да, ағызып-тамызып дастарханның берекесін кетірмейін деп іркілді. Далада екеуара болса да, туған күннің дастарханы ғой – құрмет-ілтифат білдірмек ләзім. Ішінің құрты оянып жыбырлай бастағанмен өзінше сыр білдірмей сырбазданған болады. Жалаң аяғын жел қақтыра одеял шетінде бір қырын көсіліп жатыр. Қайыңның теңбіл көлеңкесі үстінде жыбыр-жыбыр қайнайды. Жолбарыс терісін жамылып дөң басында жантайған ертегінің баһадүрі дерсің. Екі көзі біресе көк көйлегінің етегі дөңгелене қонып, біресе тұрып, дастархан мен ошақ арасында лыпып жүрген Зухрада. Әлгіндегі татқан шырын дәм таңдайында уылжып әлі тұрғандай, келіншегіне қараған сайын мейірі қанып, жұтынып қояды. Көк көйлекті шертіп солқылдаған балғын

өле көктемде жапырағы дүр жайқалып, өзегінен шырыны шыпшып тоныксып ырғалып тұрған жас қайың секілді. Келісті, сұнғақ бітім. Баланына шашырап сәл сарғыш ұлпа өскен жұмыр балтыр, серпінді, көк мықын, аршын төс. Бәрінен бұрын шарасы мөлдіреп кең ашылған қонарқай, жұмсақ жанарын айтсаңшы! Тұңғиығында жып-жылы нұр ұшықындап әлдебір сиқырмен жаныңды елжіретіп тұрғаны. Жүрегін алуға бөлеп, арпалысқа түсірген осы көздердің құдыреті емес пе!

## ҮРКЕК ЕЛІК

Сонау бала кезінен кейін Зухрадан көз жазып қалған. Бұл әлгі кешкі мектепке ауысып, құрылыста істейтін жылы қыста Зухраның әжегі қайтыс болып, қос жетімді қаладағы интернатқа алып кетті дегенді естіген. Содан бері одан хабарсыз болатын. Кейін Алматыда ойламаған жерден ұшырасты. Ол кезде бұл университеттің соңғы курсында оқитын. Жігіттіктің хан базарында есіп-шалқыған күндері. Әйтеуір бұған оқуға түскен күннен бастап-ақ қыз-қырқын әуес болды, сылтау тауып өздері сүйкеніп тұрғаны. Татар шатыс ашаң жүз, еңселі тұлғасына қиыға ма, кім білсін, әйтпесе қалтасы жұқа, киімі жүдеу, асып бара жіткен өнері де жоқ. Әсіресе әкелері мансапты, байдың қыздары үйірсек. Курстарында Әмина деген бойжеткен болды. Алғашқы жылы жинақханада көрші тұрды. Көзілдірік таққан, бүйрек бет, жуан сары қызы. Ақкөңіл, қолы ашық. Кеш сайын шайға шақырады. «Ет дегенде бет бір ма» дегендей, көк өзек көген көздер кейде екі-үштен, кейде төрт-бесу боп үйіліп-төгіліп жетіп барады. Оған қыңқ дейтін Әмина жоқ. Қанша да жарқын, барын алдына тосып лыпыл қағады. Әминамен бірге Ыйбінүл дейтін бадырақ көз, күлекеш қара қыз тұратын. Бұлардан екі-үш жас үлкендігі бар. Балалар «курстың апашкасы» дейтін. Әминаға байқатпай көзін қысып: «Шіркін, біздің Әминаға жетер қыз бар ма екен. Өзін бір бауырыма әперіп, келін қып алмасам! Әй, келін, шайыңды дұрыстап құйшы!..» дейді құтыртып. Әмина жымыған күйі саусақ ұшымен сусыған көзілдірігін ортасынан бір көтеріп қойып, мұрнының үсті тершіп жылтыр шәуегімді еселей түседі.

Әмина әңгіме арасында әкесінің абырой-беделін, үй ішінің байлығы туралы мәліметтерді қисынын тауып қиыстырып жіберуге шебер. «Би-апашка, менің мына кофтамның матасын көрмейсіз бе, импорттың аты импорт қой, шіркін! Мұны былтыр папам Парижге көрмеге барғанда құндыз тонмен қосып әкеп берген. Тонды қыс түскенде кием ғой, сонда көресіз!..» «Ой, қолым-ай! – дейді шәуегімді

көтере беріп қайтадан орнына дүрс еткізіп. – Тұу, осы қолым кейде түк көтерткізбейді! – Қабағын шытып, қарын, білегін ауырсына сипалайды. – Жазда «семерканы» айдап келе жатқанымда қатты тормоз беріп қалып, сонда қайырып алғанмын!..»

Тындап отырсаң, әкесі аудандық парткомның бірінші хатшысы, сегіз бөлмелі үйлері, екі машинасы бар екен. Каникулға барғанда бір күн «Волга», бір күн «Жигули» айдайтын көрінеді.

Бір күні жетінші ноябрьдің қарсаңы ма, әлде Конституция күні ме – анық есінде жоқ, студсовет жатақхананың фойесінде музыка қойып, сауық кешін ұйымдастырған болатын. Қасынан айналшықтап шықпай қойған соң, Әминаны бір-екі мәрте биге шақырған. Соған емексіп қалды ма, «бикештер вальсі» болғанда, біреу алдын орап кететіндей, елден бұрын кеп мұны іліп әкетті. Ортадағы шаршы аланды дөңгеленіп екі-үш айналғаннан кейін алқынып:

– Басым айналып кетті ғой! – деді маңдайын мұның иығына сүйеп. – Жүрші, былай барайық. – Екеуі шетке шығып, шам жарығы көмескіленіп түскен дәліздің алакөбеңдеу бұрмасына барып тұрды.

– Сен... сен, сезімді неге ашық білдірмейсің?! – деді Әмина салған жерден шаужайдан алып.

– Ол не сезім? – деді бұл сасқанынан екі көзі жыпылықтап.

– Сен мені жақсы көресің бе?

Бұл не десін. Тығырыққа тірелген жері осы болды. Төбеден ұрғандай ғып шындықты қалай айтпақ? Қанша дегенмен, дастарханынан дәм татып жүрген адамы емес пе.

– Сен жақсы қызың ғой, Әмина! – деген көңіл жықпастықпен.

«Е, ендеше жақсы қызды неге жақсы көрмеске?» деп ойлады ма, Әмина әй-шай жоқ, екі білегін назданып мұның иығына арта салды. Бұл сұрқөжекке айналды. Жүрегі атқақтап дір-дір етіп тұр. Жұмық көз, таңырайған танау мен албырай ашылған жалпақ ерін ыстық дем бүркіп алқынып, жалындай шарпып төне берген...

Келесі сәтте тас жабысқан құшақтан бұлқынып шығып қалай ата жөнелгенін білген жоқ.

Сөйтсе, мұнымен жерлестігін арқаланған Би-апашка: «Менің бауырым ұялшақ, батылы жетпей жүр. Сені сүйеді. Маған сырын талай рет айтқан. Әй, келін, шай дайындап жіберші. Жылы-жұмсағынды әкел. Осы бастан қайынбикеңе жағына бер!» деп далақтаған аңқау бейшараны теспей сорады екен.

Бидің аяғына қарай Әмина мас болып теңселіп жүрді. Жылаған. Екі көзі қып-қызыл. Жалт-жұлт еткен жанарында бір өжет ұшқын бар. Әркімге бір соғылып, қалың елдің ішінен мұны іздейді. Бұл қашып, басқа бөлмеге тығылып қалған...

Ертеңінде Әмина бөлмесінен шыққан жоқ. Сабаққа да бармады. Кешке қарай фойенің бұрышында жоғары курста оқитын екі-үш жігіт-ті түнде кезектесіп көрген «қызықтарын» дарылдай күліп, бір-біріне мықтанышпен әңгімелеп тұрғанын құлағы шалып қалды...

Содан кейін де талай хикаяны бастан кешті. Француздар «әйелдің етегі қысқарған сайын өзі көрінбей қалады» дейді ғой. Бірақ етегі қанша қысқарса да көйлегі ғана көрінетін әйел заты болады екен. Үшінші курста бір қыз бұның соңынан мықтап түсті. Шашын қырық құбылтып тарап, киімнің неше түрін киіп, одан да түк шықпаған соң, мини юбкасының етегін қуығының басына дейін көтеріп, жуан санымен арбамақ боп әуреге түскені бар. Бірақ бұл оның сирағына да, шынына да назар аударған жоқ, тек көйлегінің етегі неге сонша қысқа деп таңырқап еді.

Кейін Эльвира дейтін қызбен танысты. Алматыда туып-өскен, жаңа қалыптасып келе жатқан социалистік қазақ аристократиясының тұқымы. Жүріс-тұрысының бәрі сыпайы, сырбаз, аңдап сөйлеп, орынмен күліп өзін маңғаз, тәкаппар ұстайды. Дене бітімі келіскен, өңі сұлу болмаса да сүйкімді, кісілікті бойжеткен болатын. Бірақ онымен қыдыру бұл үшін қиямет – кафеге, Москва не шетелдерден келіп жатқан атақты әнші, скрипачтардың концертіне, не болмаса операға баруың керек. Біреудің костюмін киіп, біреуден галстук сұрап әбігерге түседі. Обалы нешік, қайда барса да бұған салмақ салған емес. Концертке билетті өзі алып келеді, кафеге барса, есеп айырысарда әмияның бұған жылжытып, «мә, мынадан алып төлей бер» дейтін. Ең аяғы гүл алса да бұған тандатып алып, ақшасын өзі төлейтін. Бірақ соның бәрінде де мұның қорланып, қалай қара терге түскенін көрсен ғой!

Бір күні Эльвира көзі ерекше ұшқын шашып қуанып келді. Көрген бойда мұны тас құшақтап ернінен қадалып сүйіп-сүйіп алды. Бұрын мұндай әдеті жоқ қыздың мұнысына таңырқаса да:

– Өзің сағынып қалыпсың ғой! – деді бұл әзілдеп. Қыз тіл қатқан жоқ. Құшағын жазбаған күйі назданып басын мұның кеудесіне сүйеді. Иығына төгілген толқынды қалың жирен шашы күзгі бақта ұйтқыған желге желбірей төңкеріліп, мұның бетін көміп-көміп кетеді. Жінішкелеп жеткен нәзік хош иіс елітіп бойды арбағандай. Сәл үнсіздіктен кейін қыз:

– Маскара болды, просто ужас! – деді құшағын одан сайын қыса түсіп. – Анадағы екеуміз түскен суретті папам көріп қойды!

– Көре берсін. Көзім соқыр, мұрным пұшық па екен?

– Сонда да енді ыңғайсыз ғой!.. Сұраған соң, шынын айттым...

Между прочем, сен оған ұнадың. Бірақ...

– Не «бірақ?»

– Ренжімейсің бе?

– Айта бер.

– Киімі жұпыны екен деді.

– Феодал министрге айта бар! – деді бұл қатқыл үнмен, қыздың қолдарын иығынан ысырып. – Мен кейбіреулер сияқты салбыраған қарнын, жарбұған денесін қымбат костюммен бүркеп әзер адам боп жүрген жартыбай емеспін! Жалаңаш жүрсем де, жарты Алматы жапырылып алдыма құлайды.

– Жалаңаш жүретін өмір пляж емес қой. Екіншіден, сен өйтіп әкеме тіл тигізбе! Әкем менің әулие. Не тронь моего отца. Папа мой святой, по крайней мере, для меня!

– Папамыз болмаған соң, папаның қандай болатынын қайдан білейік?

– Болмағаны қалай? Жетімсің бе?

– Әкең болып, ол өліп жетім қалсаң – арман не? Мен – әкесіз туған шатамын. Так что, киімім ғана емес, жаратылысымның өзі де жұпыны, жағымсыз, жартыкеш!

– А, мамаң ше?

– Ол да оңып тұрған жоқ. Кіресілі-шығасылы есі бар, науқас адам...

Эльвира ары қазбалап сұраған жоқ. Бұған деген аяныш биледі ме көңілін, әлдебір сәулелі үмітінен айрылып, соған өкінгені ме – нендей сезім билегені белгісіз, үн-түнсіз сазарып отырып қалды.

Эльвира бір жігітке жар боларлық мінезге бай, ізгілікті, тәрбиелі жан еді. Бірақ мұның көңілі әрі-сәрі, самарқау болатын. Қыздың өліп-өшіп ынтыққанына тоқмейілсіп, сырдаң ұстайтын өзін. Тек кейде пенделік есепке беріліп, ертең оқуды бітіргеннен кейін Алматыда қалу, жұмысқа орналасу, прописка, пәтер азабы сияқты тірлік қамын ойлағанда, «үйлене салсам қайтеді» дейтін тәуекел қылаң беретін.

Эльвира жел ұйтқып, жапырақтар саудырап түсіп Алматы жабырқау тартқан бір күні үйіне шақырған. «Әке-шешем жоқ, өзіміз отырамыз, достарыммен таныстырамын» деді. Сол күні мұны не құдай атқанын кім білсін, баруын барса да қарадай кегежесі кері тартып, өзінен өзі қырсыққысы келді де тұрды. Әдеттегідей жолдастарының киімін сұрап киіп сәнденген де жоқ. Өзінің арзанқол, үтіктей-үтіктей балақ-жеңі жылтырай бастаған сұрғылт пенжак-шалбарын үстіне іле салған. «Оларға осы қалпым да жарап жатыр» деген бір менмендік көңілінің төрінде жатып алған көлденең сұлап. Есік алдында күтіп тұрған Эльвира мұны көріп шошып кетті. Жуа-жуа ширап тарылған ба, әлде бұл үш жылдың ішінде толысып өсті ме, сұрғылт костюм бір размер кіші еді, иығын қысып, балақ-жеңі шолтиып тұр.

Ең болмаса галстук неге такпағансың? – деді қыз көздері ашылып.

Совет Одағында Олжас екеуміз галстук такпаймыз! – деді бұл кезінде.

Олжас – Олжас! Ол дүниеде біреу-ақ.

Ал, мен – менмін. Кез келген адам дүниеде біреу-ақ! Немене, мені көрмеге қояйын деп пе едің! – Шалқайып шатақ іздей бастаған.

Жарайды, жарайды!.. – деді әңгіменің аяғы ушығып кете ме деп қорыққан қыз үйге қарай қақпақылдап.

«Достарым» дегені – екі қыз, екі жігіт екен. Бойжеткеннің көшпелілігі, томпақ бет, сарысы – құрбысы; көзі тікірейген, қайқы ерін, аққұбасы бөлесі болып шықты. Екеуі «дружить» ететін жігіттері болса керек. Бірі – ештеңеге онша селт ете қоймайтын салғырт жүзді, сонайған ұзын сары. Сұйқалтым қоңыр шашының ұшы құлағын қаба толқынданып өзіне бек жарасып тұр. Екіншісі – қалмақ бет, қара торы, май мұрын. Қиық көзінің құйрығында жылтырап әлдебір күлкі үшқын ойнайды. Түріне қарамай паң – бұған науадан су ішіп болып, танауы таңырайып тайынша бұқа қарады. Әлгінде бұл кіріп келгенде-ақ киім киісін қосынғаны ма, бас-аяғын шалған бойда май мұрынның етегі бір желп ете қалған. Қауырсыны қызыл-жасыл айқалған кербез тотықұстардың арасына ала қарға кіріп кеткендей үлгіге қарасты.

Үй ыстық әрі иығын қысып тынысын тарылтқан соң пенжагін шешіп, орындықтың арқалығына іліп еді, міне қызық, қыздарға ұнай бастағандай болды. Көйлегін шешсе, бағасы тіпті арта түсер ме еді, кім білсін. Екі қыз бұны енді шын бағалай бастағандай, жылтырап қараған сыйып екі жігіттің, әсіресе май мұрынның, астынан су шыққандай кінәсіз, екі көзі қызара түсті. Жүзінде әлденеге егескен бақастық бір. Сәл нәрседен мүлт кетіп сүрінгенін қапысыз аңдып отырғандай. Иықтына орай, бұл кеш бойы оны қуантып, айызын қандырумен болды.

Бекзат ортаның этикетінен мүлдем мақұрым екен. Тіпті тамақ шудің өзі – бір нәш, жатқан өнер. Кісі басы қос-қос крахмалданған айнақ орамал-салфетка – не алқымыңа тағып қоясың не алдыңа жаясың, екіншісі қол-ауыз сүртуге. Пышақ, шанышқы-қасықтың бәрі – күміс. Гырна сирақ рюмка-фужерлар хрусталь, тиіп қалсаң сыңғыр қаққан бір музыка. Ернеуіне алтын жалатқан бір түсті көкшіл тарелка-табақ... жайнаған тағамның қайсынан бастарын білмей дағдарып отыр.

Шіркін, жаудай түсіріп шетінен жапыратын ауылдың, не қара шбан студенттердің қарапайым дастарханы емес. Көз қиығымен бек-штардың қимылын бағып, солар не істесе, соны қайталап, барынша тырысқан. Сонда да мүлт кетіпті.

– Шанышқыны сол қолға, пышақты оң қолға ұстайды! – деді Эльвира аузын тақай елеусіз сыбырлап.

– Мен – солақаймын! – деп бұл ақталғаны, не шамданғаны екені белгісіз шарт етті.

Жан-жағынан сынап қараған көздердің сұғы жүрегіне инедей кадалып, іштен тынып шырығып отыр. Сызылып сыздамай-ақ, алдындағы бос фужерға ирек мойын «Золотое кольцо» шүпілдете құйып, тартып жіберген. Сәлден кейін маңдайы жіпсіп, бойын буған ыңғайсыз, именшек сезімді қоса жұтып жібергендей, жадырап сала берді. Джентельмендігі ұстап, елпілдеп қыздарға қызмет көрсетпек болған. Апельсин бе, грейфрут пе – анық ажырата алмайды, сырты бұжыр, ақшыл сары біреуін пышақпен үшке бөліп, ағызып-тамызып үш қыздың алдына қойған. Онымен де тоқтамай, ерін ұшымен сырбаздана ұрттап жарым-жартылай орталанған рюмқаларды еселемек болған. Ұзын мойын шотлан «Хеннесси» қыпша белінен сығымдай ұстап, жағалата құя бастады. Столдың екінші жағындағы рюмқаларға ыңғайлы болған соң, шөлмектің аузын қолының сыртына қарай төңкеріп құйып еді, томпақ бет сары қыздың көзі бақырайып, көзәйнектің шынысымен бірдей боп кетті.

– Бұлай құюға болмайды!

– Неге?

– Этикетка жатпайды!

– Себеп?

Осымен бәрі айтылды, бітті дегендей басын кекжитіп қыз тымпы-ып жауапсыз қалды.

– Бұл – бағзы Рим аристократиясы заманынан бері келе жатқан этикет! – деді май мұрын «соны білмеген хас наданға не айтуға болады» дегендей, оң жақ қасын маңғаздана секірітіп. Сірескен зіл салмақтан астындағы биік арқалы араби орындықтың сай-сүйегі сықырлап сынып кетуге дәс тұр. – Император сарайындағы сән-салтанат кезінде шарапты дұшпанның ыдысына қолдың сыртымен құйып, жүзктің көзіндегі улы білдіртпей тамызып жіберетін болған. Сондықтан бұл дұшпан пейіл танытатын ерсі қылық саналады.

– Менің қолымда жүзік жоқ қой! – деді бұл сасқанынан қызарқтап.

– Бола берсін, этикеттің аты этикет!

Өз дәрменсіздігіне күйінгендігі ме, әлде қалмақ беттің бағанадан бергі кісіміп кекірейгені қитығына тиіп шыдай алмай кетті ме, тағы да таңырайып балықтың желбезегіндей етегі желпілдей бастаған май мұрынды шап беріп ұстай алған. Басын жұлқылап туласа да, саусағы-



мен мыты қысып жібермеді. Неге екенін өзі де білмейді, бір қараса, еңкіші қолымен алдындағы жатқан пышақты ұстап алыпты. Оны көріп, не ойлағанын бір құдай білсін, қалмақ бет көзі алайып тырп ете алмай қалды. Танауы шеміршексіз болбыраған кесек ет пе, тартқан сайын еңкішің емшегіндей созыла түседі. Айналадағылар енді ес жиды ма:

Бұның не?, Бұл не қылғаның? – деп шу ете қалды.

Бұл – этикеттің бір түрі. Біздің ауылда «танау тартпак» деген осындай ойын бар. Жақсы көрген адамның мұрнын өстіп созады!.. – деп қолын жібере салған. – Жәй, қалжың ғой...

Май мұрын теңселіп барып орнына сылқ ете түсті. Мұрыны – мұрын емес, әтештің айдары. Осы күйінде «Ку-ка-ре-ку» деп айқайлап жіберсе, еш таң қалмас едің. Өңі боп-боз. Алдындағы қолына түскен аяқ табақтың бірімен жіберіп ұрар, не жұдырығын ала жүгірер деп сақ отырған. Бірақ ондай «тәртіпсіздік» танытар емес. Тек үсті-басының сыны бұзылғанға ғана қапаланатын сияқты. Галстугін түзеп, шашырап көңіне түскен кекілін қайта қайырды да, «осындай топасқа не айтар-сың!» деген жиіркенішті күжірейген желкесіне жапсырып, салдыр-гүлдір ваннаға кіріп кетті.

Ендігі «концерттің» қызығы жоқ еді, іле-шала шүпілдеген фужерді қылық еткізіп көмейіне бір-ақ төңкеріп, бұл да сыртқа беттеген.

Содан біраз күн Эльвираның қабағы кірбің тартып жүрді. Жігітім деп дәстердей ғып үйіне ертіп келгенде жерге қаратса, ренжімей күйтсін.

Жұп-жұқа еріндерінің жігі жіптей тартылып, кеш бойы тымпиын үнсіз отырған әлгі аққұба қыз көрген-білгенін сол буы бұрқыраған күйі, «япырай, ол бала қандай екен өзі?» деп елеңдеп отырған үлкендерге аудармай-төңкермей жеткізсе керек.

Бұл төменгі сатыдағы алғашқы емтихан көрінеді. Одан сүрінбесе, шинашканың алдына барады екен. Құдай атып, сыннан өтпей қалыпты. «Шата» демей, әкесі жоқ, шешесі көп ойдан науқасқа шалдыққан деп сыпайылағанның өзінен-ақ осқырынған папаша, сол сипатқа енді дастархан басындағы жөн-жосықтан мақұрым, арақ ішсе көтеріліп кететін, пышақ кезеп, біреудің тұмсығын кесіп ала жаздаған есіріктің бейнесі қосылғанда, ерін бауырына алып туласа керек.

«Шешесі анандай болса, әкесінің қандай екені белгісіз, бойында тұқым қуған шалық бірдене бар, әйтпесе бұлай істей ме?» деп диагноз қойған болар. Эльвираның өзі де ондай күдіктен құр алақан емес сияқты.

– Әдейі істедің ғой, иә? Солай деші! – дейді бұған жалынып.

– Әдейі істеген ештеңем жоқ. Шыным сол. Әр адамның өз мінезі бар емес пе. Бәріне ұнау міндет емес қой.

– Кейбір ерсі қылықтарды ерегесіп әдейі істедің ғой?

– Мен роль ойнағам жоқ. Түсінік-өремнің жеткен жері сол. Бәлкім, бәрі бойымыздағы тәрбиеміздің кемшіндігінен шығар. – Қақпайға ермей қия тартқан сайын қыздың көзі мөлтендеп мұңайып қалады.

Әрі-сәрі күймен арада талай уақыт өткен. Бір күні Эльвира екі көзі домбығып келді.

– Бірдеңе болды ма? – деді бұл көрген бойда тіксініп.

– Еще как? Болғанда қандай! – деді қыз толқығанда орысша сөйлейтін әдетімен. Мұның кеудесіне бетін басып өксіп-өксіп жіберді. – Все из-за меня! Папу жалко, а то бы с балкона выбросилась. Бәрі менің кесірім, папамды аяймын, әйтпесе балконнан секіріп өле салар едім!

– Соншалық түңілетіндей не жанына қысым түсті? – Бұл қыздың иығынан сілке ұстап, жүзіне үрейлене қарады.

– Папам инфаркт боп, ауруханада жатыр. Бәрі менің қырсығым деп айттым ғой.

– Сонша сен не істеп едің?

Қыз ішін тартып тұншыға өксіп-өксіп алды.

– Папам мені басқа біреуге тұрмысқа ұзатпақшы. Совминде істейтін жолдасының ұлына.

– Сен не дедің?

– Не деуші едім, сүйген жігітім бар дедім. Ол «сүйген-күйген деген өтпелі нәрсе. Біз де жас болғанбыз – білеміз. Лапылдаған сезім үйленгенше ғана, бәрі баянсыз – өтеді де кетеді. Болашағынды ойла, жақсы адамдармен жұрағат болғалы отырмыз» деді. Ты тоже хорош! Прикидывался дурачком. Өткен жолы өзінді дұрыс ұстағанда, бүйтіп тізеге салмас еді. Өзі солқылдап тұрған ағашты сүйкеніп құлаттың. «Жігітің анау ма, өз басын жөндеп алып жүре алмайтын дәлдүш. Өйтіп сүйекті сындырма!» деді. Келесі айдан қалдырмай құда түсіп, той жасамақшы. Папам мені бетімнен қағып көрмеген ғой. Әуелі ақыл ғып айтты. Содан соң өтініп-жалынды. Тіпті болмаған соң ашуланып қатты-қатты ұрысты. Мен бәрібір көнбей қойдым. Зорлап беретін болсаңдар, асылып өлем дедім. Папам үнсіз булығып отырды да, кенет көзі алайып бір қырындап диванға құлап түсті. Ешқашан жүрегі ауырмаған адам еді, инфаркт болыпты. Түнімен мамам жылап, бақырып айтпағанды айтты. «Әкеңнің түбіне жетіп тын енді! Жалғызым-жалғызым деп мойнына мінгізіп әлпештегенде, көрсеткен жақсылығың осы ма? Әке керек жоқ болса – жоғал, кімге шығасың – өз еркің!» деді.

– Әке-шешен нағыз феодалдың өзі ғой! – деді бұл кекесінмен. – ЦҚа мен Совминді ылғи Итбайлар жайлаған десеңші!

– Папама өйтіп тіл тигізбе!

– Ит деп тұрғаным жоқ – Итбай. Классик жазушымыздың сондай бір әйгілі персонажы бар.

– Жарайды, қалай кінәласаң да өзің білесің. Бірақ сен мені түсін. Осы тұрғанда құр сұлдерім тұр. Түнімен не істерімді білмей арпалыстым. Жылай-жылай көз жасым сарқылды... – Эльвира ары қарай сөзін айта алмай дауысы құмығып үнсіз қалды. Тұнжырап тұңғиық тартқан жанарының жиегіне шымырлап жас іркілді.

Айнала тым-тырыс. Ішін тартқан өлі үнсіздік. Аспаннан ақ жіп тартып үздіксіз саулаған ұлпа қардың сыбдыры ғана естіледі.

– Қалай бұлқынғанмен шарасызбын! – деді Эльвира сәлден кейін күрсініп. – Бір үйдің ұлы да, қызы да жалғыз менмін. Папамның мен дегенде шығарда жаны ғана бөлек.

– Жақсы көргені осы ма? Жылатып сүймеген адамыңа қалай қосақтамашы!

– Түсінігі солай ғой. Жақсылық жасап тұрмын, бақытты еттім деп ойлайды. Өмірі қыл үстінде тұрғанда қалай қарсы шығамын? Енді ренжісе, жүрегі шыдамайды. Одан да мен-ақ бақытсыз болайын. Менің өзімнен басқа кімге әлім келеді? Шалдым өзімді құрбанға! Тек папам риза болсын, папам аман болсын!.. Түсінші мені, түсінші!.. – Эльвира құлап бара жатқан адамдай мұны мойнынан тас құшақтай алып, ұзақ солқылдады. Ішін тартып өксіп-өксіп жібергенде, ыстық демі алқымын қарыды.

Мұның көңілі астан-кескен. Табан астындағы мызғымас қара жер доңбекшіп, көз алдындағы көк аспан теңселіп кеткендей. Осы сәтке дейін мен ықылас білдірсем, қыз қайда қашады деп мардымситын. Қыздың өзіне деген қалтықсыз сүйіспеншілігін сезген сайын оны өзіне кіріптар жандай көріп керігіп бітетін. «Өліп-өшіп тұрған түгім жоқ, маған бәрібір» деп ойлайтын, енді міне, қас қағымда ол түсінігі төңкеріліп түсті. Шынтуайтқа келгенде, кимайды екен, қадырын білмей келіпті. Созса – қолы, қуса – адымы жетпестей, міне, бірте-бірте алыстап барады; алыстаған сайын жүрегі елжіреп ыстық тартып барады. Көкірек түкпірі қалтырап, ащы өкінішке булықты.

Көше тобықтан қар. Таң атқаннан бері әлі толастамай шаңытып себезгілеп тұр. Иыққа құлаған күн түтеген аспанның тұңғиығынан ақ шелденіп, су астында қалған қалайы табақтай бұлаңытады. Екеуі Төлебаев гүлзарын бойлап, үнсіз келе жатыр. Жүрек сыздатқан кимастықты көздерімен ұқтырып, бір-біріне жаутаң-жаутаң қарасады.

Жайшылықта қолдарын арқасынан ұстап, маңғаз басып екі-үштен қауқылдасқан қария, қолтықтасқан қыз-жігіттен босамайтын гүлзар тым-тырыс. Ат жалданып қыркылған жол жиегіндегі бұталар-

дың қалқасындағы шалқайма орындықтар қаңырап бос тұр. Із түспеген үлпілдек ұнтақ қарды етіктің тұмсығымен көсіп күреп-көсіп күреп гүлзар бойымен екеуі үн қатпастан арлы-берлі ұзақ шиырлады. Бір кезде Эльвира мұның алақанын сығымдай қысып, бетіне тіктеле қарады:

— Бүгін сенің қабыңда болғым келеді. Үйге бармаймын! — деді тұнжыраған тұңғиық қара көздері біртүрлі өжет ұшқын атып.

— Онда біздің жатақханаға жүр.

— Жок, құрбымның үйіне барамыз. Кілтін алдым.

Екеуі гүлзарды құдилап барып, «Алатау» кинотеатрынан кино көрді. Италиян комедиясы екен, көңіл-күй қабыспаған соң ба, онша тұшынып береке таппады. Одан шыққанша көз байланған. Мотор ұстап, «Тауғұл» микроауданына тартты. Екінші қабаттағы бір бөлмелі іші жиһазбен жасанған ұядай пәтер екен. Ас бөлмесінің өзі атшаптырым.

Эльвираның құрбысы жоғарыда істейтін дөкейдің қызы көрінеді. Өткен жылы тұған күніне «подарить» қылыпты. «Өзге қазақ балашағасын шұбатып Алматыда бес-он жыл бойы көрінгеннің босағасында телмендеп жүргенде, бұлардың бесіктен белі шықпаған студент қыздарына дейін жеке пәтерлері бар. Тіпті асыл тұқымды иттеріне де арнап жеке бөлме ұстайды дейді. Судың басын өздері лайлап отырса, қалай кемелденген социализмді орнатып, елді теңдік, әділдікке жеткізбек?!»

Бұл әрине, қазіргі пәлсафасы. Ол сәтте ондай ойлауға шама қайда. Қызылсыраған қырандай көңілі алабұртып, сиқырлы түннің сыйын тағатсыздана күткен.

Коньяк қосып ыстық кофе ішкен соң Эльвира шамды сөндіріп, бұрыштағы торшерді жаққан. Бөлме іші қызғылтым жұмсақ нұрға шомды. Төсек тұсына тұтқан кілемде үрке қараған елік пен жолбарыстың суреті салынған екен. Қызыл жолбарыс жүні ұшқын атып түрегеп келе жатқандай. Қоңыр стенканың қуысындағы «Soni»-дің түймесін басып еді, Мерей Матьенің тұп-тұнық сиқырлы даусы сызыла шалқып, сыңғырлай жөнелді. Лыпыл қаққан қызыл нұр, толқыған үн бой шымырлатып, алып ұшқан көңілді одан сайын шалқыта түседі.

Ваннадан қызара бөртіп, албырап шыққан Эльвира ыстық құшағын жая мұның мойнына асыла кетті. Бусанған тәні шоқтай шарпиды, көзіндегі от одан да ыстық. Көкірегі бір көтеріліп, бір басылып, демінен жалын ата алқынып, жабыса түсті. Әдетте сүйісіп-аймаласып қанша өліп-өссе де әдептен арыға жібермей, кейде «шалбарының қалтасына бәкі салып алғансың ба, батып кетті!» деп бетіне бақырая қарайтын сәбидей аңғал да аңқау қызды қазір тану қиын.

Көз жұмулы, албырай ашылған еріндерін алқымына көміп алқына өпкенде, алпыс екі тамырың иігендей. Мұның омырауын ағы-

тін жүні ұйысқан кеудесін қос алақанын көме сықырлата сипап, бір қимылынан бір қимылы батылданып барады. Құлағының түбіне ыстық демін үрлеп:

Бүгін сенің еркіндемін, жаным! – деді.

Өкінбейсің бе?

Жоқ!..

Қабырғадағы жолбарыс орнынан қарғып тұрып, дүр сілкінді, қимыл жүні ұшқын атып сытырлап жанып кеткелі тұр. Бұл апыл-тұпыл үстіндегі лыпасын шешем дегенше, қыздың иығындағы түкті көкішіл халат та сусып жерге түскен. Көйлек астында көзден тасаланып қандай сұлулық бұғып жатыр десенші! Жарқ етіп жалаңаштанған ұлт денеге секундтай сәт аңтарыла арбалып қадалып қалған. Жұмыр шыққан бастап солқылдаған аш мықынға қарай құдилаған тіміскі көп әйтек жоталанған жуан сауырды бір сипап өтті. Тіп-тік талпынған толық анарының бүлдіргендей бөрткен ұштары алқынған сайын кеудесін түртіп-қашып шоқтай қарып барады.

Қарамашы бүйтіп... сүйші мені!.. – Шырын татыған еріндер шөпіркей табысып, құшақтары айқасып, апаш-құпаш аймаласқан күйі төске кеп құлаған. Жер дүние қызыл нұрға шомылып аударылып-төскеріліп барады.

Қызыл жолбарыс жүндері сытырлай жанып шырқ айналып жүр. Жипшырып, күйретіп түсердей. Аласұрып құйрығымен жер сабалайды. Үркек елік сонда да сескенер емес. Қайта оның бұл қайрат-қаһарының сықырдай арбалып сүйсіне түсе ме қалай! «Кәне, келші, сүйегімді сықырлата үгітіп таптап тасташы!» деп өжеттеніп тұрғандай. Көкіретін көрсоқыр қорқаулық кернеген қызыл жолбарыс өкіре шапшылы. Атылып кеп астына басқан қызыл жолбарыс – қызыл жалын шынылдап, лаулап әлсіз елікті шыңғырта шыжғыра жалмап жатты.

Мерей Матьенің тамылжыған тәтті үні жүрек суыра шалықтап шырқытай түсті. Ән кернеп, жалын шарпыған қып-қызыл әлем. Жан шылп-жан беріп арпалысқан осынау алмағайып сәтте ұят пердесі жыртылған қыздың бұлқына ышқынып, иығын қыршып алғаны ғана есінде.

Махаббат ойынына еліккен қос ғашық тойымсыз құштарлықпен аймаласып, қысқы таң қылаң бере әбден солықтап барып кірпіктері айқасқан.

Көзін ашса, шақырайған күн төбеге тармасып қалыпты. Жалғыз жағтыр. Қасындағы қыздың қашан тұрып кеткені белгісіз. Ақ кірлікті беліне оранып кереуетте малдастаған күйі айналасын байқақтап еді, үй ішінде де жоқ. Апалақтаған көзі кеше кеште өздері тамақ ішкен, күзір де тағамның түр-түрімен жасанып тұрған жылжымалы арба-

үстелдің үстіндегі бір парақ қағазға түсті. «Бахтияр! Қош бол, жаным! Енді мені іздеме, осылай еткен екеуміз үшін де дұрыс шығар. Сен менің жүрегімдегі мәңгілік мұнымсың. Сен ұмытсаң да, мен ешқашан ұмытпаймын. Эльвира. 13.02.1986ж.»

Жарқырап терезеден түскен күнді бұлт басты ма, айнала карауытып кетті. Жок, бұлдырап, бусанған бұның көзі екен. Сылқ етіп аяғының басына түскен кірлікке де қараған жоқ. Шұлғаудай шұбата сүйреп ваннаға кірген. Айнадан маңдайындағы қызыл гүлдің жапырағындай жабысқан помаданың дағын көрді. Эльвираның соңғы рет сүйген еріні! Сүртер-сүртпесін білмей алақанымен ұстаған күйі мұнайып тұрып қалды...

Содан Эльвираны жарты жылдай өткенде кездейсоқ көшеде көрді. Дүкеннің бұрышын айнала бергенде бетпе-бет ұшырасқаны. Қасында ұзын бойлы, аққұба жігіт бар, екеуі «эскимо» жеп, иық түйістіріп қатар келеді екен. Үстінде үлбіреген кең сарғыш шифон көйлек. Бетінің ұшында болар-болмас сепкіл шашырап, көз аясы үлкейе түскен. Бұрынғыдан жұмырланып, тұлабойында тәттілік ұйып, толықсып тұр.

Бұны көрген бойда қалт тоқтай қалды. Қолындағы «эскимо» жерге түсіп кетті. Эльвира әуелі таңырқай қарады. Кең ашылған мөлдір кара көз: «Шынымен бұл сенсің бе!» деді. Содан соң: «Сағындым ғой!» деді дір етіп. «Неге қинадың мені!» деді шарасы шымырлай жаска толып. Келесі сәтте Эльвира қанатын жая бұған қарай ұшып келе жатты. Алқымын шарпыған ыстық демде сағыныш пен қуаныш та, өксік пен өкініш те... – бәрі де бар еді.

Содан соң бұны оң қолымен орай белінен құшақтаған күйі жанындағы жігітке бұрылып:

– Бұл – Бахтияр! – деді.

«Досым, курстасым» т.б. деп тәптіштеген жоқ. Осымен бәрі айтылды дегендей.

Жігіттің есімі Артур екен. Көркіне көз тоярдай тұлғалы. Қою қастарының арасы жіңішкеріп қосылған, дөң қабақ, қыр мұрын. Қоңырқай көздері жылы. Бірақ мұның атын естігенде жанары тікеленіп түйіле қалды. Неге екені белсігіз, сол жерде мұның көңіліне бір кеңдік кірді. Алдындағы тұрған жігітке есесі кеткен бақталас деп қараған жоқ. Оның орнына аңадағы қалмақ бет сияқты, сиқына қарамай өз буына өзі піскен, менмен, жиіркенішті біреу тұрмағанына қуанды. Қадырын білмей қапияда айрылған аяулысының қор болмай, жігіттің маңғазына бұйырғанына шүкіршілік етіп тұр.

Эльвира екеуі еркін шүйіркелесе алған жоқ. Үшінші біреу қасқабағынды аңдып тесірейіп тұрса, аузына сөз түсе ме! Жай бір ескі таныстарша есен-саулық сұрасқан сырдаң әңгімеден арыға бармай, сәл

тұрған соң көңілдегі көп сырды қимай қарасқан көздермен жеткізіп, арқайсысы өз жолдарымен жүре берген.

Ертеңінде, қалай іздеп тапқаны белгісіз, кешкі апақ-сапақта Артур бұның бөлмесіне есікті жұлқа тартып кіріп келді. Бөлмеде жалғыз, сессияға дайындалып отырған. Үстел үстіндегі кобыраған киган-қағазды бір шетке ысырып, орындық ұсынып еді, Артур басын шайқады.

– Сенімен сөйлесейін деп келдім! – деді босағаға бір қырын сүйенген күйі даусына зіл сала.

– Хош, құлағым сенде!

– Мен бәрін де білемін!

– Онда, сөйлесудің не қажеті бар?

– Сен... сен Эльвираны бақытсыз еттің! – Жігіт лезде сабырдан шұрылып, беті түтігіп қалшылдап шыға келді.

– Қалайша, бәлкім сенің жаныңда бақытсыз сезінетін шығар? Менімен жүргенде, қабағына кірбің ілініп көрген емес!

– Заткнись! Оттама! – Бұрқ етіп қаны басына шапшыған жігіт ұмтыла беріп тоқтады. – Мен сені өлтіремін!..

Бахтияр бір қолы шалбарының қалтасында, екінші қолымен үстелдің үстіндегі нан кесетін ағаш сапты пышақты ұсынды:

– Мә!

Артур пышақты қағып жіберіп, жұдырығын сілтеп қалды. Бұл бұғып үлгірмегенде, дәл тұмсықтан тиер ме еді, қайтер еді. Бахтияр шегіншектеп қорғанып жүр. Қашқалақтаған сайын анау тас түйілген жұдырығын ыңғайлап тұра-тұра ұмтылады. Қимылы ебдегейсіз, тек көкіректегі ашу зор, әйтпесе бей-берекет сермелген жұдырықтың тиген жерін опырып-жапырып жатқаны шамалы. Бахтияр қарсы қимыл жасаған жоқ, соққыны қолымен қағып қалып не оңды-солды бұлтарып, денесіне дарытпай жүр. Бір-ақ періп жалпасынан түсіріп, жынын қағып алудың орайы талай рет келді. Әйткенмен, олай етуге батылы барар емес, біртүрлі қатыгездік боп көрінді. Көкірегін көрсоқыр қызғаныштың қызыл иті талаған бейшараның пұшайман халін түсінгендіктен бе, шудан гөрі аяныш басым көңілінде. Бұл тартыншақтаған сайын анау қарқындай түсті. Көзі қанталап, өнмендей ұмтылады:

– Оңбаған, жәдігөй! Эльвираны алдап қолға түсіргенсің, сондықтан сені ұмыта алмай жүр!..

«Оттапсың!» деді бұл ішінен мырс-мырс күліп.

– Әйтпесе, сенің қай жерің артық!

– Дұрыс айтасын, артық еш жерім жоқ, қайта кеммін. Сенікі сияқты докей папам жоқ, сен сияқты асыл костюм кимеймін. Сондықтан Эльвира мені сүйсе де, саған кетіп қалды.

– Сені сүймейді! – деді Артур шабына шок түскендей жер тепкілеп. – Сен просто алаяқсың! Оны алдағансың. Шампан ішкізіп отырып арақ қосып жібердің бе, не темекінің күлін септің бе – сендер сияқты жабайы колхозниктен бәрі шығады, көріп жүрміз ғой!

Әйелге ұқсап шапылдай бастағанына Бахтиярдың лап етіп ашуы қозды. Көзі әйнектеніп шатынап шыға келді. Артурдың мұнда келуінде, айбат шегіп жұдырық серпуінде жігіттік, мәрттік санап, намысшыл екен деп іштей құрмет тұтқан. Енді, міне, еркіне жіберген сайын ұсақтап, күйкіленіп барады.

– Әй! – деді тепсініп. – Қыз болмай шықты деп құн даулап тұрмысың? Көрпе астындағы қоқсығың кімге дәрі, не оттап тұрсын өзі?.. – Жиіркенішін жұдырығына түйіп, кіндік тұсынан ірей періп қалған. Артур шатқаяктанып барып жерге шарқ етіп, шалқасынан құлап түсті. Екпінімен сырғанап кереуеттің астына кеудесіне дейін кіріп кеткен. Екі бүктеліп, апта бойы шүберек тимеген еденнің қартоп егердей шаңын арлы-берлі арқасымен үйкеп біраз жатты да, созалаңдай орнынан тұрды. Соққы батты ма, болмаса қорлыққа булықты ма, теріс қараған күйі кереуеттің арқалығына басын сүйеп отыра кетті. Әлгіндегі әпкі жоқ, тым-тырыс. Түйіліп отырып-отырып:

– Кешір, – деді мүлдем жуас үнмен. Ақкөз ашу айығып, сабасына түскен сынайлы. Бұл жауап қатқан жоқ. Екі қолын айкастыра, кеудесі шеңбірек атып, жеңімпаздың тұрпатымен шекелей қарап, бөлме ортасында ескерткіш боп қалшыып тұр. Артур орнынан тұрар-тұрма-сын білмей қипалақтап, буалдырланған көздерін алып-қашып, түйіле, кинала күрсінді.

– Менің мұнда келуім де, саған шаптығып тиісуім де, дені сау адамның қылығы емес екенін білем. Бәрі де шарасыздың сандырағы. Бірақ кеудемді өртеген күйікке дәрменім жетпеді!.. Жүрші, арақ ішейік!

– Уақытым жоқ. Ертең емтихан.

– Мен – бақытсызбын! – деді Артур сәл үнсіздіктен кейін сыбырлағандай өшкін үнмен. Орнынан созалаңдай тұрды.

– Қалай? – «Ескерткішке» жан бітіп, қасын кербездене серпіді. – Сенде бәрі бар емес пе: министр әкен, су жана «Волга», жасанған пәтерің, сұлу әйелің...

– Менде бәрі де бар. Бірақ махаббат жоқ!

– Онда неге үйлендің?

– Мен оны сүйемін.

– Ал ол ше?

Артур мұнайып төмен қарады:

– Ол түсінде жастықты құшақтап, сенің атыңды атап жатады...

– Әкең бай, құдыретті ғой, енді оның жүрегін сатып әпер де.



Артур үндеген жоқ. Еңсесі түсіп мүлдем жасып қалды. Не істерін білмей шайқалақтап сәл тұрды да, сорайған ұзын көлеңкесін сүйретіп есікке қарай беттеді...

Эльвирадан айрылғанына мұның онша қабырғасы қайысқан жоқ. Әуелгі күндері көңілі алабұртып, қоңылтақсып жүрді де, тез ұмытып кетті. Тек анда-санда кимас күндердің сағынышты бір елесіндей күрсіне еске алып қоятын.

Сол жылы күзге салым бір ауылдасы үйленіп, тойына шақыртып. Қыздар институтының асханасы. Атшаптырым залдың антик стиліндегі шомбал бағандармен бөлінген төргі беті жасанған дастарқан. Жұрттың бір парасы кіреберіс тұстағы іргені қуалай қойылып орындықтарға жайғасып, қалғандары әр жерде шоғыр-шоғыр топталынып өзара қауқылдасуда. Біраз жерлестер жиналған екен. Көбі бейтаныс.

Бұлар үш-төрт жігіт бір бұрышта әрнені әңгіме ғып өздерінше мәз болысып тұрған. Алакөбең бейуақта біреу шам алып кіріп келе жатқандай, кенет есік жақ жап-жарық боп кетті, әлде бұған солай болып елестеді ме, жалт қарап еді, ақ көйлекті сүйрік денесі шамдай жарқырап бір қыз есіктен еніп келеді екен. Қолында көлденең ұстаған бір шок қызыл раушан. Кірген бойда айналасына жаутаңдай қарап сәл бөгеліп қалды да, той иелеріне қарай жүрді. Солқылдаған сұңғақ денесін сәнімен ырғап, бір ақ сағым қалықтап барады. Іштегі үлкенкішінің назары түгел соған ауған, әңгіме, күлкі пышақ кесті тыйылып, ғым-тырыс бола қалды.

Жоқ, бәлкім, жұрттың бәрі өйтіп қадалып қарамаған шығар; бәлкім, дуылдаған күлкі-әңгіме сол мамыржай қалыпы зал ішін керінен тұрған болар. Бірақ бұл түк естіп, түк көрмейді. Еститіні – тек ақ көйлектің сыбдыр-сыбдыр дыбысы ғана; көретіні – тек сағымдай толқыған сикырлы елес қана.

Гүл тапсырған соң көп аялдаған жоқ. Әлдекімдермен бас ізей сөлемдесіп, енді біреулермен шұрқырай табысып, бұлар тұрған қап-палға қарай ойысқан. Толқынды қоңырқай қалың шашын шалқайта қайырып, дөңгелек тарақпен бастырып қойыпты. Тіп-тік ақша миңдайдың етегін серпіле керілген қап-қара қою қас көмкеріп жағыр. Тостағандай қара көздері от шашып лыпыл қағады. Қыр мұрын, сопақ бет, мінсіз құйылған серпінді сұңғақ дене шырыны шыпшытып жас қайындай қуаты сыртына теуіп бұлықсып тұр. Шамның астына жақындаған бір сәтте байқады – тек үстіндегі көйлегі арзанқол матадан тігілген екен, фасоны ескі. Бірақ өзіне бек жарасып тұр. Мынандай денеге не кесе де жарасады ғой деді бұл ішінен тамсанып. Мұны қасындағы қырғи көздер де қалт жібермесе керек.

– Шіркін, үлде мен бүлдеге орап қойса, қалай құлпырып шыға келер еді! – деді сойдақ тіс Рахымбай кем дегенде Элизабет Тейлорды елестетіп.

– Ой, тәйірі, сен де айтады екенсің-ау. Көйлекті қуыршақ та киеді. – Үкі көз Мұрат түкірігін жұтынды. – Қызығы, мұндай денені жалаңаш көрген ғой... Қапшағайдың жағасында!

– Иә, бізден кейін небір әдемі балалар өсіп келеді! – деді тәпелтек Хайдар иегіне лезде күректтей сақал байлап. Аяғына ерте тұсау түсіп, бармағын шайнап жүрген Сәрсенбай қолын түңіле сілтеді:

– Мен үйленген күннің ертеңінде-ақ осы сұлу қыздар қаптап шыға келді!

– Бәсе, әйеліңнің «хронический» екіқабат болып жүретіні сол екен ғой!

– Енді қайтейін. Көшедегі қыздарға қызығып келесің де амал жоқ, жаман қатынға жарбиясың. Әкри, көзінді жұмып алып қиялдасан, бәрібір емес пе!

Бұл бейпіл әңгімеге араласқан жоқ. Күрсінді. Неге екені белгісіз, өзін біртүрлі бақытсыз сезінді. Әдетте қыз алдында айыл жимайтын кеудемсоқ өктемдегі, үсті-басына онша мән бермей не кисем де жарасады дейтін менмендігі... – бәрі ізім-қайым. Берекесі қашып жасып тұр. Жолдастарынан сұрап қатып киініп келмегеніне өкінді.

Кенет... иә, кенет қол жетпестей көрінген перизат бұларға қарай қалықтап келеді. Тіпті жақындап қалды. Қанатын жайып, жүзі жайнап туысын, кимас аяулысын сағына құшардай алып ұшып келеді. Мұншалық ілтифатқа бөленерліктей ондай бақытты бізге кім беріпті дегендей бұлар абыржып бір-біріне қарасқан. Сөйткенше болған жоқ, қыз ұмтылып келіп, мұның мойнына асылла кетті:

– Бахтияр аға!.. Құдайым-ау, сізді де көретін күн болады екен-ау! – Алаулаған ып-ыстық бетін бетіне басып, тас қып құшақтаған күйі бір дем үнсіз қалды. Қапелімде бұл сілейіп үндей қоймаған соң құшағын босатып, жиегі шіпілдеп жасқа толған аялы көзін төңкеріп ақсия күлді: – Танымай тұрсыз ба, аға? Мен Зухрамын ғой...

Зухра! Тіпті өз көзіне сенер емес. Сонау бір қысты күні моладан өзі арқалап әкелген бұйра шаш, екі беті бұлтиған, ақсары бүлдіршін міне, қараса, көз тойғысыз періштенің өзі болыпты. Көрмегелі қанша жыл? Иә, жеті жыл өтіпті-ау. Әжелері қайтыс боп, қаладағы интернатқа кеткелі көз жазып қалған. Мединституттың екінші курсында оқиды екен. Әпкесі кілем фабрикасында жұмысшы көрінеді. Артан келер көмек жоқ болған соң, ең болмаса біреуіміз оқиық деп өзі жұмысқа орналасыпты.

Тойдан кейін микроаудан жақтағы пәтеріне шығарып салған. Біт суытпай жиі кездесіп тұрды. Көшеде жылтыраған бет көрсе бітті, сыныптай сырғып ұшып-қонған сырдаң көңілі енді сап. Көзі ілінсе, түсінде көретіні – Зухра! Көзін ашса, ойлайтыны – Зухра! Осыған қолым жетсе, өмірде арманым жоқ дейтін ұзақ түнде алаулаған төсектің түсінде аунақшып жатып.

Әке де, шеше де жоқ, тұлдыр жетім, туыстық мейірге зарығып өскен Зухра болса, сонау бала кезден көңіліне жылы ұялап, қамқор болған ағасымен көп жылдан соң қайта табысқанына қатты қуанып өлі. Әуелгі кезде риясыз назбен қарындас боп еркелеп жүрді. Әкесіне деген ұлы сағыныш жүрегін кернегенде де өкісіп Бахтиярдың кеудесіне басын сүйейтін. Өстіп еркелеп жүріп, еліктеп жүріп осынау туыстық сезімнің алғашқы тұнық махаббатқа қалай ұласып кеткенін қызының өзі де білген жоқ.

«Үйленбекшімін» деп мән-жайды шет-пұшпақтап жеткізгенде, ағасы марқұм:

Пішту, әлгі мұзға кетіп өлетін Илиястың қызы ма? – деген шауын көкке шүйіріп. – Әке-шешесі жоқ тұлдыр жетім емес пе!

Мен де жетіммін.

– Сенің әкең – әписер!

– Офицер болмақ түгілі генерал болсын. Түр-түсін көрмеген ондай өкпенің құны бес тиын. Жетімге күлер жайым жоқ!

Кейін Зухраны көргенде, әуелі аңтарылып тұрып қалған, содан соң әжім торлаған ақсары жүзіне мейірім ұялап:

– Міне, дәл өзімнің балам! Өзімнің балам... – деп құшағын жая күбірлей ұмтылған. Қуанғаны ма, иә болмаса өстіп қалыңдық боп жир сүйе алмаған бақытсыздығын есіне алды ма, келінін босағанын түбінде қаңтарып, құшағынан босатпай ұзақ солқылдап еді.

## ҚҰЙЫН

– Қиялға батып кетіпсіз ғой, отағасы? – деді Зухра Бахтиярдың алқымын қияқтың ұшымен қытықтай ойнақыланып. – Не ойланып отырсың?

– Армандап отырмын...

– Нені?

– Шіркін, бес жүз сомым болса ғой!

– Оны қайтесің?

Бахтияр келіншегінің бас-аяғын көз қырымен сипай шолды. Үстінде ойық жаға, қысқа жең, көкшіл көйлек. Теңіз түстес көзге жылы

әсем матадан тігілген. Осыдан үш жыл, жоқ, үш жарым жыл бұрын сатып алып еді. Содан бері мейрам кезі не ұятты жерлерге барғанда өңі түзу деп қысы-жазы осыны үстінен тастаған емес, мықын, қолтық тұсы ырсиып, тігісі ақсиып тұр.

– Сені қуыршақтай ғып киіндіріп қояр едім! – деді келіншегінің үлде мен бүлдеге оранған бақытты жүзін көз алдына елестетіп. – Содан соң бүгін достарымызбен бірге ресторанда думандатар едік!

– Сол да арман болып па! – деді Зухра мырс етіп.

– Неге арман емес? Қол жетпеген нәрсенің бәрі – арман! Ал, сен не армандайсың?

– Мен ештеңе армандамаймын. Өйткені менде бәрі бар!

– Қалай?

– Солай. Мен үшін сен – бәрісің! – Зухра жүзі бал-бұл жанып күйеуінің мойнынан еркелей құшақтады.

Шәугімнің түбін қара кожалақ қып жалаған ошақтағы от жалыны шалықтап маздай түсті...

Кенет қарсыдағы белеңнің қыр арқасына әлдекім сопаң етіп шыға келді. Кешкі көлеңкедей сорайған ұзын. Біреуді іздегендей жан-жағына алақтап сәл тұрды да, сыздықтаған түтіннен бұларды көрді ме, серендеген көлеңкесін алдына салып бері қарай беттеді.

– Ой, мынау «Динозавр» ғой! – деді Бахтияр таңырқап. – Қаңғалақтап қайдан жүр?

– Иә, сол кісі! – деді Зухра. Іле күйеуін қостағанына қызарып кетті. – Қойшы, неге олай дейсің? Ағадан ұят емес пе.

– Соны да аға деп. Ағаға жарыған екенсің.

– Несі бар, аға сондай-ақ болсын.

– Шыбыққа тізген омыртқа сияқты түрін көрмейсің бе? Динозавр дегенде не дейсің?

– Болды, даңғырлама, естіп қояды! – деді Зухра сыбырлап. – Биназар ағама бәрібір ешкім жетпейді.

Биназар – университетте бірге істейтін досы. Молекулалық химия кафедрасында лаборант. Музейдегі қаңқа сияқты саудыраған арса-арса денесіне қарап әрі атына ұйқастырып құрдастары көбінесе Биназардың орнына «Динозавр» дейтін қалжындап.

Әдеттегідей жұтып алыпты. Екі көзі қып-қызыл. Келген бойда екеуін мойнынан қылғындыра құшақтап, сәлем орнына бетін алма-кезек беттеріне басып, сәл үнсіз тұрды да, мұрнын тартып, өксіп-өксіп жіберді. Жылауы да, күлуі де оңай Биназардың мұнысына Бахтияр көңіл аударған жоқ, арақ пен темекі аралас мұңкіген күлімсі ащы иістен жиіркеніп басын алып қашты.

– Сендердің түкпірге тығылып тойлап жатқандарын мынау, дүниеле не болып жатқанын білесіңдер ме? – деді Биназар келесі сәтте лауысын қатайтып.

– Не боп қалыпты, Совет үкіметі орнында ма, әйтеуір? – деді Бахтияр кекете жымыып. Биназар қолын сілтеді:

– Совет үкіметін қасқыр жеуші ме еді? Шал... Біздің шалды ийтсаңшы... – деді құмығып.

«Әкесі екі-үш жыл бұрын қайтыс болған. Шалы кім? Туыстарының бірінен жаманат хабар жетті ме екен?» деп өзінше бал ашқан Бахтияр:

– Ауыл жақтағы қариялардың бірінен жайсыз хабар келді ме? – деді.

– Ауылдағы алкаш шалдардың бірі емес, бәрі қырылып қалса да көңілім баяғыдай. Профессорды айтам... профессор Ахметовты машина қағып кетіпті!

– Не?! – Бахтияр шыңғырып жіберді. Бірақ аузы үнсіз керіліп, шыққан дыбысы кеңірдегіне кептеліп қалды. Сәлден кейін демін алып: – Тірі ме?! – деді.

– Реанимацияда жатыр. Дәрігер жігіттерді жинап, тез қан өткізіндер деді. Менің араққа айналып кеткен қаным жарар ма екен, бәрін берер едім! – деді Биназар көзін сығымдап. Бахтияр мең-зең, жанары ұстай қатып сілейіп тұрып қалды.

Аяқ астынан шалғын бетін дөңгелете үйіріп құйын ұйтқылы. Ошақтағы күл мен дастархан басындағы ыбырсыған қағазды аспинга көтеріп, айнала алай-түлей болды да кетті. Күн астында үнсіз мүлтіген балапан қайың дүр сілкініп, ұясына жылан тиген торғайдай шуылдап қоя берді.

## ҚАРА БАЛА

### ШІРІГЕН ВИНТИК

**Ж**ароковтағы қан құю станциясына Бахтияр ертелетіп-ақ жеткен. Сөйтсе, бұдан да бұрын қарақұрым халық жиналып қалыпты. Ахметов үшін қан тапсыратындар бөлек кезекте тұр екен. Бас-аяғы отыз-қырықтай адам. Аспирант, лаборант, ассистенттер, егде тартқан оқытушыларға дейін келіпті. Биназардың кешегі «машина қағып кетіпті» деген хабары жаңсақ боп шықты. Ымыртта үй маңындағы гүлзарда қыдырыстап жүргенде, әлдекім таяққа жығыпты. Қатты, ауыр затпен қарақұстан ұрған. Әйтеуір құдай ондап, операцияны қаладағы ең мықты нейрохирург жасаған екен. «Операция сәтті өтіпті» деп жұрт дәтке қуат қылып, қауқылдасып тұр. Бірақ әлі есін жинай қоймапты.

Темекісінің түтіні төбесінде бұрқ-бұрқ будақтап Биназар келді қасына. Кезектің алдымен кірген екен, «қаның жарамайды» деп алмай қойыпты.

– Қаным – қан емес, у боп кеткен бе, су боп кеткен бе, құдай білсін! – деді күйініп. – Қайран ұстазыма ең болмаса, ел жасаған жақсылықты жасай алмадым-ау!

Доцент Сапаров қозы қарын, маңайдан қара құсқа дейін сыпыра қасқа, басындағы жиектей қалған жалбыр шашын қап-қара ғып бояп алатын, көзі ойнақшыған әпенділеу кісі еді. Бүгін екі ұрты суалып, сүрепеті қашып кетіпті. Бұлардың қасына келіп:

– Қап, қиын болды-ау, обал болды-ау! – деп жүре сөйлеп, екеуін екі қанатына алып, қаусыра құшақтаған күйі шетке қарай қақпайлады.

Осында бір кәдік бар ма деп қорқамын! – деді даусын бәсеңдетіп.

Көшенің хулиганы да кісіге бас-көз жоқ соқтыға ма! Ақшаға, киімге қызықпай ма? Жалаң спорт костюмін киіп, кешкі серуенде жүрген шалда несі бар? Әй, қайдам!.. Өткендегісі анау...

Ол не? – Екеуінің даусы жарыса шықты.

Пәлі, естіген жоқ па едіңдер? Екі айдай бұрын кафедрада үлкен шу болды емес пе. Мүсілім Есқараевич көлемді қолжазбасын басына берген екен, машинистка үзіліске шыққанда, тартпасынан бір-еу ұрлап әкетіпті. Өзі де бейғам кісі ғой, иіскелеп, жалаңдап жүрген сұтанак көздерден аулақ басқа жерде бастыртпайтын ба!.. Көзім ірі тұрғанда ешкім сіңіріп кете алмайды дейтін өзін жұбатып. Енді күдай білсін. Мұқарама жеңгейдің әбден есі шығып жүрген шығар бейшара. Мен де құлаққағыс қылармын, сендер де айтып қойындар, Мүсілім Есқараевичтің қолжазбаларына мұқият болғаны абзал...

Нәр сызбай аш құрсақ келгендікі шығар, қан өткізгеннен кейін бойын әлсіздік билеп, басы айналды. Жақын жердегі кафеге кіріп, қаптын көбірек костырып екі стакан қою кофе ішті. Тамаққа бәрібір мұқы соғар емес. Жүрегінің басына топ байланып тұрып алды. Бойы желсал. Екі ара недәуір жер болса да жаяу жүріп, химфактың корпусына келді. Екінші қабаттағы стендте профессор Ахметовтың лекция оқып тұрған суреті бар еді. Соған қарап ұзақ тұрды. Жұмсақ, қоныр даусы құлағына келгендей. Дәліздің қалтарысынан не аудиторияның ашық тұрған есігінен жіңішке алтын сабақты көзілдірігі жалт етіп, маңғаз басып әне-міне шыға келердей. Көзі жасаурап, толқып біраз тұрды да аналитикалық химия кафедрасына барды. Ерсілі-қарсылы екі бөлменің бірі – кафедра меңгерушісінікі, екіншісі – мұғалімдер отыратын бөлме. Оқытушылардан ешкім жоқ екен. Кіреберісеті бөлмеде методист әйел жалғыз өзі отыр. Бахтияр кірер-кірместен меңгерушіге келді деп ойласа керек:

– Сәрсенов жоқ! – деді машинкадан басын көтермеген күйі.

– Оның маған да керегі жоқ! – деді бұл шытынап.

«Онда неменеге келдің» дегендей әйел көзәйнегінің үстінен сүзе бір қарап алды да, машинкасын ары қарай баса берді.

– Маған профессор Ахметов керек! – Бахтияр мұғалімдер бөлмесінің есігін шалқасынан ашты да, босағасын екі қолымен керіп тұра қалды. – Ол біздің бәрімізге керек! – Ми шұқыған машинканың үні ошті. Желкесіне қадалған көздердің «мына пәтшағар тағы да сылқып алған ба?» деп жыпылық қаққаны кәміл. – Міне, орны үнірейіп бос қалды! – деді бұл профессордың төрдегі столына қараған қалпы даусы дірілдеп. – Енді оның орнын ешкім де толтыра алмайды.

- Айналайын Бахтияр, саған не болды? – Әйел жасқана күбірледі.
- Жүрегім ауырып тұр, апай. Сіздің жүрегіңіз ауырмай ма?
- Неменеге ауырады екен? Мен сен сияқты арақ ішпеймін!
- Мені арақ ішті деп кім айтты?
- Ендеше неге дені сау адамның сөзін сөйлемейсің?
- Профессор Ахметов хал үстінде жатыр. Соған жүрегіңіз ауырмай ма?
- Е... – әйел абыржып қалды. – Иә, ол кісіге обал-ақ болды. Бірақ әкеміз өлгенде де өлген жоқпыз. Қайтеміз, тағдыр солай болса...
- Менің әкем жоқ. Сондықтан әкесі өлгеннің қандай екенін білмеймін. Бірақ профессордың мұндай күйге түскеніне жүрегім қан жылайды. Бар қырсық әлгі жоғалған қолжазбадан басталды-ау деймін!
- Ойбай, енді сен де тергеуге келдің бе? – деді әйел шоқ басқандай шар етіп. – Анасы кеп – бір, мынасы кеп – екі сұрап, әбден басыма пәле болды ғой. Ашық-шашық талай қағазымыз жататын, ешкім тимеуші еді. Біреу дәретханаға әкетті ме, қайдан білем. Шимайлаған бір жапырақ дәптер жоғалды деп, бәрі алтын-күмістен айрылғандай шулады ғой тегі! – Көкбақа тыриған әйел шеке тамыры шодырайып көгеріп-сазарып қалды.
- Ашуланбаныз, апай, – деді Бахтияр барынша сабырмен. – Мен, жай, былай басқанда не жайында екен, есіңізде қалмады ма дегенім ғой?
- Әйел іркіліп, ойланған жоқ:
- Не жайында екенін түсінетіндей болсам, осы жерде көзім биттеп машинка басып отырам ба? – деп арс ете түсті.
- Алдына барсаң – тістеп, артына барсаң – теуіп жолатар емес.
- Шіріген винтик! – деді Бахтияр аузына басқа сөз түспей булығып.
- Әй, не дейсің?
- Ұшып бара жатқан самолеттің винтигі шіріп үзілсе не болады? – деді Бахтияр аспанға иегін көтеріп. – Құлайды!
- Әйел төбеге – бір, жігітке екі қарап, ол қайдағы самолет, қайдағы винтик деп аң-таң боп тұрып қалған. Бахтияр жалт бұрылып жүре берді.
- Айнала күнгірт. Қабағын бұлт шалған аспан тұнжырап, еңсе басып салбырап тұр. Бахтияр кең аллеямен ілбіп басып келеді. Қайда бара жатқанын өзі де білмейді.
- Профессордың жаңағы жым-жырт қаңырап бос қалған бөлмесі көз алдынан кетер емес. Қоңырайған жалаңаш стол, арқалығы қанқайған орындық... үңірейіп жетімсіреген мәңгі толмас кеңістік. Аспан асты сол бөлменің бұрышындай құлазып бос қалған. Айналаның бәрі сұрқай, бұлыңғыр. Көкірегіне жетімдік ұялап, өксікке булықты.
- «Қайран Мүсекем-ай! – деді Бахтияр аһ ұрып. – Қай жауыз дәті барып қол көтерді екен саған!»



Профессор Ахметов жағы қушиған, денесінде қырым арам еті жоқ, сылынғыр қара кісі еді. Тұнжыраған қоңырқай қой көздерінің қирашығы шегедей қатып, адамға тік қарайтын, сырты суық. Салмақшыл, баяу сөйлейді. Сопайған көк шөлмек жүзінен елжіреп тұр ма, ренжіп тұр ма – жылт аңғару қиын. Әйтсе де кейін жанасып, жақындаса келе, осынау зіл қабақ кісінің көкірегіндегі қасырет шеккен жаралы жүректің ыстық лүпілін сезген. Сыр шашуға сараң болса да, орайы келгенде, шешіліп кететіні бар.

Міне, қазір де сонау күздегідей, күрпілдек қара дермантин креслоға көміле, қою кофені ұрттап қойып, әңгіме шертіп отырғандай. Мұңлы, қоңыр даусы күмбірлеп құлағына жеткен сайын, санасында басқа сурет іріліп, мынау аллея бойымен сапырылысқан халық, жапырақтары сыбдырлап тербелген қайыңдар, үйлердің төбесінен асқақтап қараған Алатау... – бәрі-бәрі мұнартып алыстап барады.

### АҚМОЙНАҚ ПЕН БАЛА

Алты жасар баланың үйден безіп жүргеніне аптадан асты. Үйі қабақтағы жайдақ төбе қоржын там, қора-қопсысы жапсарлас салынған ескі қыстау. Үй жанындағы көкшіл, қызғылт қожыр-қожыр қойтастар шөккен мүйісті айналып өзен ағады. Қазір суы гаяз – шұңғыма, қазан шұңқырларда иірімденгені болмаса, тастақты кең аңғарда жылтырай жайылып, жылға-жылғамен жылап ағады. Теск жазға салым қар суымен тасығанда сұрапыл, кенеріне сыймай жұлқынып, шапшып жатады. Мүйістің етегі тасқын орған сары керіш құлама жар. Баланың ендігі мекені – осы жарқабақтың жиегі. Бұрын жар бетіндегі тышқан мен жарқанат тесіп тастаған шұрқ-тесік ін мен ұяны қызықтайтын. Бәбісектің жұмыртқасын іздейтін. Одан қалды топырақты үңгіп үй жасап, әртүрлі сурет салып ойнайтын. Енді ештеңеге зауқы жоқ. Ертеден қара кешке дейін қойтастың ығында етпетінен түсіп жатады да қояды.

Өткен жылы Ақмойнақ қаншық күшігі өлгенде ай бойы жер бауырлап жатып алған. Қылдай боп бұратылса да итаяқтағы асқа қараған жоқ. Анда-санда өз-өзінен қаңқылдап, ішегін тартып ұлып-ұлып алғаны болмаса қыбырсыз, шегір көзінің құйылысында жүгерінің дәніндей қос тамшы домаланып сүлесоқ жатқаны. Бұл да қазір сол сияқты. Асқа да, ойынға да құлықсыз. Өзегі талғанда малта құртты талмағаны болмаса, нәр татпайды, қызыл аш боп әбден жарап алды. Ақмойнақ демекші, ес болып қасында жүруші еді, күн бұлттанып,

жотадан ызғырық ескенде, бүйірін жылытып жанында жататын. Екі-үш күннен бергі ол да ізім-қайым. Итаяғы қансып қалған соң, тышқан аулап қаңғып кетсе керек.

Желден – ық, күннен – сая, кісі бойы қызыл жартастың қалқасында біресе етпеттеп, біресе малдастаған бала күн ұзақ қыстаудың қыр желкесіндегі қасқа жолды қарауылдаумен болады. Сарылып атасын күтеді. Тесірейіп ұзақ қарағаннан кейде көзі шұбартып, жол бойындағы қарайған қойтас не селтиген түп ши жан біткендей қозғалып, өзі сенгісі кеп алып ұшып тұрған көңілге қырдан түсіп келе жатқан жүргіншідей елестеп кетеді. Ондайда жүрегі дүрс-дүрс соғып, орнынан қалай атып тұрғанын білмей қалады. Бірақ келесі сәтте құр елеске алданғанын сезіп, жабырқау көңілі одан сайын жасып, құлази түседі.

Бүгін міне, үміт отын өшіріп тағы да күн батып барады. Тау ішін сызды көлеңке жайлап, лезде көз байланды. Айналадағы тау-тас, бұта-қараған – зат атаулыны жалмап-жұтқан ымырт үрей шақырып үңірейіп тұр.

Бала сыртынан таяқпен тіреген ағаш есікті ойбайлата ашып, үйге енді. Босағада, тақтайсыз сыз еденде тұрған ағаш шелекті еңкейтіп божи бастаған бидай көжені шөлі қанғанша сімірді де, төргі бөлмедегі атасы екеуі жататын, екі басы оюлы, сырлы ағаш төсекке сылқ етіп киімшең құлай кетті. Күндегі әдеті осы. Қараңғыда келіп жатып, елең-алаңда ояна салысымен сыртқа зытады. Күндіз үйге жуымайды. Бұрыштағы адалбақанға ілінген аласа төбе, алты сай түлкі тымақ, сандық үстіндегі кара қыжыммен қапталған қалың Құран, сырлы тостаған... үй ішіндегі әрбір зат атасын еске салып, жаралы жүрегін одан сайын қан жылата түсетін. Сондықтан жарықта үйден қашып, жоқтан өзгеге көңіл алдарқатып, ұзақ күнді сыртта өткізуге тырысады.

## САНДЫҚ

Ес білгелі атасының бауырында өсіп келеді. Анасы есінде жоқ. Бет-жүзін білмейді. Тек қысты күні көп адамның топырлап үйге келгені еміс-еміс көз алдында. Өгіз жегілген қайқы бас шанаға кілемге оралған әлденені ұзынынан салды да, бір жақ шетіне көрпемен қымтап мұны отырғызып қойды. Басқа ешкім жайғасқан жоқ. Өгізді біреу жетелеп, екіншісі бишікпен жасқап, айдап отырды. Ұбап-шұбап оншақты кісі еріп келеді. Бөрік, тымақ киіп, ұзын шапандарының белін шүберек белбеумен ораған ылғи еркек, сақалды, сақалсыз. Шана қанатымен қар сызып, оңды-солды шайқалақтап ұзақ жүрді. Қиялай өрлеп, жел азынаған биік жотаның басына кеп бір-ақ тоқтады. Құлақтары едірей-

ген қалың бейіт. Шет жақта қазулы тұрған даяр үңгір бар екен. Кілемлі жазып, бас-аяғы түйілген ақ шүберектегі әлгі зілдей ұзын нәрсені алты жігіт екі жағынан қаумалай көтеріп, үңгірдің аузына түсірді. Екі кісі бергі жағынан шымылдық керіп, көлегейлеп тұрды. Сәлден соң біреу бұған топырақ уыстатып күрекке салғызды. Атасы да қол ұшымен ішін топырақ салды. Сол-ақ екен, жиектегі үйме топыраққа күрек жанатармағай кірш-кірш қадалып, шаң бұрқырай бастады. Шұңқырдың аузы лезде шөккен нардай жоталанып, бір шетіне әлдекім ұзын сыйпақ қадады. Содан соң сақалы үлкен бір кісі тізерлеп құран оқып еді, ішінде атасы бар, екі-үш-ақ адам қол жайды. Қалғандары арқасын желге беріп, анандайда үдірейіп тұрды. Өгіз шана кері бұрылып, қайтанып келген ізіне түсті. Ызғырық ескен қарлы далада қап-қара жалғыз төмек томпайып қала берді.

Бұл төмпешікке атасы екеуі бұдан кейін де талай рет келген. «Мұнда сенің анаң жатыр. Ұмытпа, құлыным! – дейді атасы шөп басып, шөккен қабырдың шетіне тізерлей қонып. – Алдымды кеспеген асылым еді. Ескаражан жалаға ұшырап, нақақ кеткен соң, ауруға шалдықты ғой. Ақыры соның күйігіне шыдамады».

Атасы мұны алдына отырғызып алып құран оқиды, даусын созып, қоңыр махаммен ұзақ оқиды. Кенет мұның төбесі шоқ қарығандай мси жөнеледі. Жалт қараса, атасының әппақ шоқша сақалының ұшынан тамып жатқан тамшы екен. Шашының арасынан жыбырлай жосып, бетін жуды. Ерніне тамып еді, ап-ашы екен. «Сорлы көкеннің сүйегі қайда қалғаны белгісіз. Ең болмаса, осындай бір уыс топырақ та бұйырмады-ау!»

Осыдан апта бұрын, көз байланған апақ-сапақ уақыт еді, атасы екеуі кешкі астарын алдарына ала бергені сол, есік сықырсыз ашылып, қара киімді екі адам кіріп келгені. Екеуінің үстінде де қара былғары пенжак, сұр галифе, құрым етік. Бірі төртпак, шыбын мұрт. Екіншісі күшық иық, ұзын сары. Шені үлкені сол болса керек, жамбасында былғары қап тапанша салбырайды. Қорқыныш шақырып түнерген қап-қара көлеңкелері жарты үйді жайлап, босаға түбінде қатарласып тұра қалған. Ашық қалған есіктен жер бауырлап жеткен сұп-суық сығды ауа көкірек қапты, пеш үстіндегі жетілік шам пілтесі қара күйселеніп шалқып барып қайта жанды. Атасы қолындағы кәсесін күсіріп алды, ыстық шай үстін күйдіргенін сезер емес. Қушық сары онебойы мұздай сықырлап алға аттады.

– Ахмет ишан сіз боласыз ба? Жиналыңыз!

Атасы екі-үш ұмтылып орнынан әзер тұрды. Сақалы селкілдеп, жүзі қуарып кетті. Мұны бауырына қысып, жіберер емес. Алақаны мұздай. Кеудесін көйлек сыртынан қарып барады.

– Тез! – деді ұзын сары зілденіп. – Бір қабат киіміңізді алыңыз да жүріңіз.

– Жазықсыздан-жазықсыз баламды атып едіңдер, енді маған ауыз салдыңдар ма? – Атасының даусы толқып, қыстығып шықты. – Тұқымымызды тұздай құртатындай не қарғысқа ұшырадық? Бұл үкіметке не қастандық істеп едік?

– Балаңызды атса – қылмысы болды. Совет үкіметі жазықсыз ешкімге зәбір көрсетпейді. Біз шетел агентурасымен жасырын жалғасқан жымысқы жаулардан ел ішін тазартып жатырмыз.

– Сондағы жауларың мен бе? Бекзат пен бағланның бәрінің басын жұтып, енді кебісін теріс киген шал-шауқанмен алыссандар, жауға жарыған екенсіңдер! – деді атасы сынар танаулай мырс етіп.

– Көп сөзді қайтесіз, ақсақал. Тез жиналыңыз! – Содан соң ұзын сары қабағы түксіп босаға жақтағы серігіне иек қақты. – Қонаққа келдің бе, неғып тұрсың? Тінт үйдің ішін! – Бұйрық күтіп қақиған шыбын мұрт сол-ақ екен, жұқаяқтың үстіндегі текшеленген жүкті алып соғып, көрпелерді бір-бірлеп сілкіп, жастықтарды мыжғылап, үй ішінің лезде қорс-қопасын шығарды.

– Мен ешқайда бармаймын! – деді атасы өзімен-өзі сөйлескендей өшкін үнмен. – Әйтеуір, атасындар ғой, одан да осы жерде атып кетіңдер! Жарылқаған советің осы ма? Малымызды алды, дінімізді алды. Енді жанымыз керек пе? Алыңдар!

– Дұрыс, сөзіңіз енді түзелді! – Ұзын сарының шүңіт қабақ астына тығылған кішкентай шегір көздері жылтылдап жайнап кетті. – Сөйлей түсіңіз. Осының өзі-ақ көмейімізді танытып тұр. Біз сізді жайдан-жай ата салмаймыз, ішіңіздегі қояңызды ақтартып барып бір-ақ атамыз!

– Менің ішімде иманнан басқа ештеңе жоқ.

– Өйтіп сүттен ақ, судан таза болмай-ақ қойыңыз. Білеміз!

– Нені білесіңдер?

Шегір көз бірден жауап қатпай, хұрым етігін сықырлата орнынан теңселіп, жұдырығына күрк-күрк жөтеліп алды. Содан соң қуқыл жүзі одан сайын сазарып, тіктеле қарады:

– Сіз Совет үкіметінің қас жауы, пантюркист – Мұстафа Шоқаевтың сілімтіктерімен сыбайлассыз!

– Астафиралла! – Атасы жағасын ұстады. – Шырағым-ау, жаланы да қисынын тауып жапсаңдаршы!

– Ешқандай жала емес. Алдыңғы күні түнделетіп келген екі кісі кім?

– Е, тәйір-ай! – деді атасы көңілі орнына түсіп. – Шілікті жақтан келе жатқан жолаушы екен. Түнелді де, таңертең ерте аттанып кетті.

Іргедегі ауылға бармай, неге бұл үйге келеді?

Оны қайдан білейін, қарағым? Құдайы қонақты қуатын кәпір емеспіз ғой!

Не әңгіме айтты?

Не айтсын, оны-мұны жөн сұрастық. Өзіміздің сары қожанын аңғарғандары екен. Қала жаққа жолаушылап бара жатқан көрінеді.

Өйтіп жалғармаңыз. Олар – Шоқаевтың ел аралап, үгіт-насихат таратып жүрген жансыздары. Қолға түсіп, қазір тергеуде отыр. Сізге не ұсырма берді?

Қарағым-ау, баланың сөзін сөйлейді екенсің. Осындай да сөз болма ма?

Жарайды, атүсті тәжікелеспей-ақ қояйық. Сайрайтын жерге барысыз, сонда көрерміз! – Ұзын сары жауап күтпестен іргедегі текемет, сырмақты аударып-төңкеріп қорбаңдап жүрген шыбын мұртқа қарап көшпін ежірейтті. – Бірдеңе таптың ба?

Ештеңе жоқ.

Андағы көз бе әлде жараның орны ма? Іздеген жерінің сиқын! Мына сандықты неге ақтармайсың?

Екеуі төсектің бас жағындағы жиегі жылтыр қаңылтырмен құрсуланып, беті мен қос жақтауы мүйізбен оюланған сырлы сандықты аныл-ғұпыл ақтаруға кірісті. Қақпақты салдыр еткізіп ашқанда бірден бұрқ етіп қалампырдың мұрын қытықтаған жұпар иісі үй ішін айтылап алды. Қарамаса да көріп тұр. Сандық ішіндегі қай заттың қалай қаттаулы жатқанына дейін көз алдында. Ең үстіндегі төбесі көк плюшпен қапталған пұшпақ бөрік, ойық жаға сырма шапан... ең астында қисық табан хұрым етік – қысқасы, түгелімен ер адамның сү жаңа бір қабат сырт киімі. Атасы: «Енді бір сәті түскенде, он кезек мата алып қою керек» деп отыратын.

Ұзын сары еңкейе үнілген күйі сәл үнсіз тұрды да, санасына әлдененің сәулесі түскендей осқырына мырс етті. Қара плюшпен тысталған қызыл Құранды алып былай қойды:

– Мынаны да «сол жаққа» барғанда оқымақсыз ба?! – Содан соң коқырайған фуражқасының төбесі сандықтың қақпағын сүйкеп, штырды қопарыстыра бастаған. Кенет бір қызыл кітапты жарқ еткізіп сұғырып алды. Бұрын бұл қалай байқамады екен. Сыртындағы әріптері алтынмен жазылған, жарқ-жүрк етеді.

– Оһо, вы оказывается, прогрессивный мулла! – деді ұзын сары орысшалап. – Сталин жолдастың шығармаларын оқимын деңіз! Көңсе, Ұлы көсемнің бұл қай еңбегі екен, қарап жіберейік! – Мұқабаны айқара ашқан бетте қалшыып тұрды да қалды. – Сұмдық-ай, сұмдық! – деді іле-шала күреңітіп. – «Яш Түркістан»!.. Шоқаевтың

Түркияда шығарып жатқан журналы ғой! Ұлы көсемнің кітабын жыртып, ішіне Совет үкіметінің қас жауының сандырағын салып қорлап!.. – Ашу, байбаламның сөзін айтқанмен, даусында бір іштей қуаныш бар. – Ал, қалай екен? – деді серігіне ежірейіп. – Бағана момын кісі, саясатпен ісі жоқ деп күмілжіп едің. Осыдан артық не керек? Іште де, тыста да анталаған жау десе сенбейсің. Міне, өстіп елеусіз, мүләйім болып жүреді. Смотри, ты у меня!.. Ерегескенде дәл өзіңе атқыздыртамын! Әйда, көне кісен сал, кеттік!

– Бармаймын! – деді атасы жұлқына қарсыласып. Ақ көйлек, ақ дамбалы көлбеңдей теңселгенмен оңайлықпен әл берер емес. – Бәрібір атамыз деп тұрсындар ғой, осында атып кетіндер!

– Не істейтінімізді сізден сұрамаймыз! Жүріңіз!

– Жок, өлігім өз босағамда қалсын! – Екеуі екі жақтап атасының қолын бұрап, кісендеп, сүйрелей бастаған. Апалас-төпелес арпалыс үстінде тіпті ұзын сары атасын желкеден нықыртып түйіп-түйіп жіберді. Бағанадан бері мең-зең боп меңірейіп тұрған баланың жаны ышқынды. Бұрқ-сарқ қайнаған көк жалын көкірек қуысын өрлей соғып, шыңғыра айқайлаған:

– Жіберіңдер атамды! Жібер! – Не істерін білмей дәрменсіз аласұрды. Апалақтап жүріп босағада, пеш аузында тұрған көсеуді алып, ұзын сарыны салып қалған, дәл қарақұстан көздеп еді, тая соғып жауырын ортасына сарт ете түсті. Ұзын сары қайқаң етіп жалт қарады да:

– Аһ, әкен!.. – деді. Жалма-жан жамбасында салбыраған тапаншаға қол салды. – Бөрінің бөлтiрiгi, үндемей кеп қанды аузын қадауын. Көрсетейін мен саған қол көтергенді! – Тапаншасын ұңғысын үңірейтіп суырып алғанда, бала орнынан қалай ата жөнелгенін білген жоқ. Жанұшыртып қараңғы түннің қойнына қойып кеткен.

– Сабыр етіңіз, жолдас лейтенант! – деді абыржып ентіккен дауыс. – Бала ғой!

– Бала емес, жау! Контра! Атып өлтірем!.. – Қып-қызыл от екі дүркін төбесінен доға сыза ысқырып өтті.

Беті ауған жаққа безіп келе жатқан бала қараңғыда әлденеге шалынып тонқалаң асқан күйі сай түбіне домалап бір-ақ түскен.

## ШЫБЫН МҰРТ

Сол күннен бергі тірлігі осы. Үй ішіндегі әр зат айқындалып көріне бастаса, атасымен бірге өткізген сол бір сағынышты күндерді еске салатындай жаны құлазып, таң атысымен сыртқа безеді, көз байланғанда әбден сілесі қатып төсекке келіп құлайды.

...Бала шырты ұйқыдан шошып ояны. Өңі екенін, түсі екенін айтыра алмай мең-зең. Қол фонарьдың дөңгелек жарығы бетін сипап өтті де, секеңдеп барып жалмауыздың маңдайындағы жалғыз көздей шықырайып бір қырын бұрышқа қадалды. Үй іші – түнек пен жарықтан айқасы, алабажақ, күнгірт. Көлеңкемен астаса зорайып енгезерген біреу төніп тұр, үнірейген жартас секілді. «Біттім, өлдім!» деген. Айқайлайын десе жүрегі аузына тығылып, дыбысы шығар емес.

Қорықпа, балақай! – деді қарауытқан көлеңке сыбырлап. – Мен өлген жамандық істемеймін. – Сонда барып ес жиып, көз тоқтатқан. Әнесүкүнгі шыбын мұртты шырамытты. Күләпарасын көзіне түсіре минақтатып, үстіне ұзын кара сулық киіп алыпты. Сол-ақ екен бала:

- Атам қайда? Атамды тауып бер! Атамды сағындым! – деді қос құлшырығын түйе селкілей өксіп.

- Жылама. Атаңа барғың келсе жүр! – Бала бірден көз жасын шың, қуанып кетті.

- Шын айтасың ба?

- Жылдам жинал! Басыңа, аяғыңа дұрыс нәрсе ки.

Екеуі сыртқа шықты. Айнала тас қараңғы. Әлдене сылдырлағанын карап еді, кара түннің қойнынан суырылып анандай жерден ат көрінді. Мойнын қаздай иіп, ауыздығын қарш-қарш шайнайды. Топ-солсы шықылдап сынсып жабылған есікті тұтқа түбінен аша ағашпен тірей жапты. Көңілі біртүрлі алабұртып айналсоқтап қалып еді, атқа мініп үлгірген шыбын мұрт көлденендей беріп, қолтығынан шың еткізіп іліп алды. Тықыршып тұрған ат ұзын жалы желп етіп ата жонелді.

Сай ішіндегі ұйысқан қою қараңғылық бірте-бірте сейіліп, камшылар қапталдағы кара таудың содифан шоқылары аспанның етегін кертіп айқындала бастады. Сәлден кейін шеңбірек атып қып-қызыл өңі туды. Құшақ жетпес қызыл шок жотаның басынан бері домалап түсердей теңселіп тұрды да, маздап аспанға көтеріле берді.

Жетіқарақшының құбылаға шаншылған шөміш сабын бетке алып үшк жортты. Қанатын жайып ерген көлеңке біресе оңға, біресе солға шығады. Әуелгіде бір кара жартас қосыла сырғып келе жатқандай өр еді, бірте-бірте кішірейіп ат бауырына кіріп кетті.

Қаракер белі мықты, жүрісті жылқы екен. Түні бойғы сүргін жортуылда сар желістен бір танған жоқ. Сом тұяқтары кара жерді дүрсілдете төпеп, екпіндей сілтегенде, құлақ түбінен жел гулейді. Ұзақ жолда бір-ақ рет бел суытты. Қаракердің ертоқымын алып, көкке пунатты. Сусын ішіп, жүрек жалғаған соң қайта ерге қонған. Содан мыққа қонған ай қалтырап, таң сыз бере бастағанда тізгін тартқан.

Таңғы ауа шыңылтыр, сыз. Жаңбыр жауып өткен бе, шық па, шөп басы су. Белуардан келер бидайыққа тиіп кетсең, тамшы шашырап, дене тітіркентеді.

– Ал, балақай, осыған риза бол! – деді шыбын мұрт иығына қолын салып. Бала бозамық тартқан құла түзге жалтақ-жалтақ қарап әуелі таңырқады, содан соң шошып кетті.

– Атам қайда? – деді көзі жыпылықтап.

– Атаң осы жақта, үкімет алыстағы қалаға жіберген. Тура жүре берсең, алдыңнан Антоновка деген орыстың ауылы шығады. Қала одан арыда ұзақ жер. Кіре тартқан не жолаушылаған біреулермен ілесіп кет. Интернат деген үйге апарып таста де. Сонда барсаң, атаңды табасың. Әкең мен атаңның атын білесің ғой?

– Білем.

– Ешқашан оны ұмытпа. – Шыбын мұрт қанжығаға бөктерген кенеп дорбаны шешіп алып, балаға ұстатты. – Мә, мынау – үнемдеп жесең, біразға жететін азық. Жент, құрт. Ит-құсқа жегізіп алмай, абай бол! Ал, бір құдайға аманатсың! – Басқа ештеңе деместен аттың айылын тартып, ер үстіне қонды да тебініп қалды. Сулығының етегі ат сауырын жаба жайылып лезде ұзай берді. Сәлден соң жым-жылас дөңесте домбыраның үзілген шегіндей иретіліп жіп-жінішке жалғызаяқ із ғана жатты.

Бала аңтарылып ұзақ тұрды. Жан-жағына қараған сайын тығырыққа тіреліп, көңілін үрей биледі. Ақыры мысы құрып, шыбын мұрт нұсқаған жаққа қарай аяқ басқан. Сағым көшіп дірілдеген ұшықиырсыз жазира. Өне жетем-міне жетем үмітпен көк толқын бұйраттардың бірінен соң бірін асты. Әлгі айтқан Антоновканың қарасы көрінер емес. Түс болды. Бесін ауды. Адасып басқа жаққа кеттім бе, ит-құсқа жем болатын болдым-ау, деп көз алдынан неше түрлі үрейлі елес көшіп, зәресі ұша бастаған.

Көлденең сұлаған қара жалдың қырқасына көтерілгенде, көсілген кең жазықта ақ шаңқан үйлер көзге шағылысып, қалың ауыл көрінді. Антоновка осы шығар. Бас-аяғы атшаптырым. «Орыстың ауылы осындай болғанда, қаласы қандай?» деп бала таңырқай қарады. Көз жетер жазық түгел текше-текше егіс. Қыр жақ беткейде шашырап қой-сиыры аралас мал жайылып жүр. Көрген сәтте нағашысының үйіне келгендей өрекіп қуанып кетіп еді, ауыл шетіне таяған сайын көңілі кобалжып іркіле берді.

Әлдебір жатырқаған суық сезім көкірегінен итергендей. Қос жиегіне терек, қарағаш, қайың аралас қалың дарақ бой түзеген түп-түзу ұзын көше. Зәулім қарағаштардың кей тұста бұтақтары ұшта-



сын, жол үстін күрегейлеп тұр. Үйлердің көбі жайпақ төбе, қамыс шыртырлы жатаған там. Бәрінің сырты әктелген, ақ шаңқан. Арасында қиылытыр шатырлы, терезелерінің ернеуі оюланған ағаш қақпақты еңселі үйлер де аз емес. Ондай үйлердің дарбазалары да сәндеп жасалынған, биік. Бірақ неге екені белгісіз, есік, терезе, шатырдағы сыр көше бастаған, тек кей жерде қызыл, көк, жасыл боп жұқанасы ғана жылтырайды. Бала қос қапталға кезек-кезек жалтақтап таңырқай қараған күйі көшенің екінші жақ шетіне шыққан.

Біраздан соң мөңіреп, маңырап өрістен қайтқан малдың қарасы көрінді. Әр тұстан таяқ, шыбық ұстаған ер-әйел, бала-шаға шыға бастады. Бәрі сап-сары. Бір-екеуінен «ағай, тәтей...» деп жөн сұрамақ болып еді, өздерінше бірдеңе деп бетіне бажырая қарады. Өзі құралны бір сары қыз тілін шығарып мазақ қылып кетті. Көзі күлімқаққан бұйра шаш. Мазақтағанына ренжіген жоқ. Қашан мал тұяғынан көтерілген қалың шаңға көміліп қарасы үзілгенше ізіне аңқайып қарап қалды. Енді кімнен жөн сұрарын білмей тұрғанда, арлы-берлі өтіп жатқандардың ішінен бір қара шал көзіне жылы ұшырады. Оңкей сары адамдардың арасындағы жалғыз өңі қоңырқайы. Арқасына көлденең салған таяқтың екі ұшына екі қолын артып, ілбіп басып келеді. Езуінде бұрқ-бұрқ еткен мүштек. Кеудесіне түскен қара сақалының ұшы мен ширатылған мұртының шалғысы сары жағал ыс.

– Атай! Атай!.. – деді бала жақындап келгенмен жүрексіне тіл қатып. Қария мүштегін аузынан алып, ожырая қарады.

– Сен кемнең баласы? – Қазақшаны сәл бұра сөйледі.

– Атамның баласымын.

Қария сары тістерін көрсете мырс етіп күлді.

– Аты кем?

– Ахмет.

– Ондай тамырды белмейді екем. Мұнда неғып жүрсің?

– Атамды іздеп келем. Қалаға қалай баруға болады?

– Қала көп. Анда да, анда да... – Қарт төрт құбылаға қолын кезек сілтеді. – Толып жатыр. Қайсы қаланы айтасың?

– Интернаты бар қала. Атамды үкімет сонда алып кеткен.

Шал басын шайқады. Сөзің бар болсын деген болу керек. Бықсыған мүштегінің күлін етігінің табанына қағып түсірді де, ләм деместен жүре берді.

Бала сол сілейген орнынан тапжылған жоқ. «Қалаға барам, атамды табам!» деп осы уақытқа дейін жанын жасытпай сүйреп келген әлсіз үміті үзіліп түскендей, көкірегі астаң-кестең боп абдырап тұр. Мынау төңкерілген көк аспан астында жанашыр жақын жоқ,

шырылдап жалғыз қалғанын сезген сайын өзегі қалтырап, өксікке булықты. Енді қайда бармақ? «Өйбу, жетімегім-ай, келе ғой!» дейтін кім бар? Мұндағы жұрттың сұрқы бөтен, суық. «Оу, балақай, кімсің, неғып жүрсің?» деп қайырылар сыңайы жоқ. Бұл да – бір, мынау тұрған қарағаш та – бір. Бірі қойын, бірі сиырын айдап, бұған көз қырын да салмастан жайбарақат қасынан өтіп жатыр.

Күн батты. Айналадағы жота-жартастың бауырынан өрген көлеңке жан-жақтан қамалап ентелеп келеді. Терезелері кешкі ымыртпен су қараңғы тартып, суық жылтыраған ауылға енуге жүрегі дауалар емес. «Қаңғып жүрген кімсің, аулақ!» деп тоң-торс сыртын салып тұрғандай. Ауыл шетін жиектеп өзен ағады екен. Әжептәуір ағысты. Кешкі апақ-сапақ толастаған сайын ағарыны айқындалып естіле бастады. Ілби басып солай қарай жүрді. Жаға опырылған сары керіш, жарлауыт. Соқпақты қуалап түйетайлы тұстан ғана түссесің. Кең арнаның ортасында ғана жылан жонданып ирелендеген жайдақ өзен тастан-тасқа соғыла көпіршіп, үңірейген ымыртты шуға толтырып тұр.

Бала суды көргенде өзінің қатты шөлдегенін білді. Етпеттей кетіп, қылғыта жұтты. Содан соң беті-қолын шайып, дорбасының аузын ашты. Жұмсақ жентті уыс толтыра сықпалап асап-асап жіберді. Дәмді. Құнығып барады. Ертеңгі күнді ойлап өзін эзер тоқтатқан. Қатқан тоқашты жартылай опырып, суға шылап соғып алды. Түні бойғы іші-бауырың солқылдап ат үстіндегі шабыстан, күні бойғы титындаған жүрістен тұла бойы салдырап әбден шаршаған екен. Құйрығы жер иіскеп, шәугімдей бір кара тасты ерттеп мінісімен аяқ-қолынан әл кетіп, өнебойы ыңырсидел-дел-сал болды да қалды. Бойкүйезденіп осылай бей-жай маужырап отыра берер ме еді, кенет алдындағы иірілген көлшіктің беті сатыр-сұтыр шалпылдай жөнелгені. Тіпті су бетіне шашырады. Тіксініп атып тұрған. Үңіліп қараса, қамшы сабындай сары бас жыланның аузында балықтың құйрығы жанұшырта тыпырлап жатыр. Бала шошып кетті. Дорбасын ала сала, жарқабаққа қалай секіріп шыққанын білген жоқ.

Жаңағы өзі қашқан ауылға қайта жақындады. Терезелерден өлеусірей жылтыраған жарық пен иттің үргенін, мал-жанның дабыр-дұбыр дыбысын ес көріп, шеткі үйден таяқ тастам жердегі бір сайлауытқа келіп жайғасты. Жапырылған көде. Жүп-жұмсақ мамық төсектей. Аш өзекке түскен ас маужыратып барады. Сілікпесі шығып талықсыған тән ештеңені ойлатар емес, кара иірімдей бір тұңғиық үйіріп әкете берді. Дорбасын құшақтаған күйі сылқ етіп жантая кеткен. Сол бойда қор ете түсті.

Содан күн төбеге көтерілгенде бір-ақ оянды. Лапылдаған ыстық өнебойын шығжырмағанда, езуінен сілекейі ағып әлі қанша жата-

рып құдай білсін. Күнсiген киiмi қол тигiзер емес. Түтiндеп, қазiр-ақ лап ете түсердей.

Мең-зең. Тер шыпшып албыраған айғыз-айғыз бетiн жеңiмен ашыра сүрттi де, кенет өз-өзiнен селк ете түстi. Айналасын сипалақтап, орнынан атып тұрды. Түндегi құшақтап жатқан дорбасы жоқ. Жатқан жерi беткей екен, ұйықтағанда еңiске қарай домалап кеттiм бе деп, алақтап жан-жағын шолды. Көзiне ештеңе iлiнер емес.

Әлгiнде бұл ербиiп орнынан көтерiлгенде, анандайдағы бұтаның түбiнен құлағы тiкiрейiп бiр керауыз саржағал ит те ұшып тұрған. Бүгiрiнде өлi жүнi түспеген, сүйектерi арса-арса, қарыны саландатпн буаз қаншық. Бұған жылмандай қарап, құйрығын бұлғандатып қояды. Iздеген дорбасы дал-дұлы шығып соның алдында жатыр. Не сүмдықтың болғанын ендi түсiнген бала шыңғырып жiберген. Бiрақ шыққан даусы көмейiне кептелiп булығып қалды. Көзi қанталап сары төбетке ұмтылған. Қолына iлiнген тас-кесектi боратып, iзiнен күйiп келедi. Күшiгiнен таяқтың дәмiн татып келе жатқан жырынды бұралқы тас-кесектi қалай атсаң да дарытар емес. Тимесе де қанқ етiн жалт бередi. Ұзап барады да, қайтер екен деп күтiп отырады, жақындай берсең, тұра зытады. Қуа-қуа әбден дiңкесi құрып, бала жерге сылқ етiп отыра кеттi.

Еңкiлдеп жылап жiбердi. Талай күннен бергi қордаланған қайғы-қасырет шығарға ендi жол тапқандай, жаралы жүрегi қыстығып, ұзақ соңқылдады. Қып-қызыл тiлiн сала құлаш саландатып анандайда саржағал отыр шоқайып.

Саржағал сол сәттен бастап бәрiбiр iзiнен қалмады. Бұл қайда бiрсе, сонда барып, төнiректеп қара үзбейдi. Ашуға булыққан бала оңтайға келсе, таспен ұрып-ақ жыққысы келедi, соны бiлiп ол да ойна таямайды. Бiраздан кейiн баланың ашуы тарқайын дедi, дұрысы көңiлiн үрей билеп, итке деген өшпендiлiгi адыра қалған. Баланың мойны салбыраған момақан қалпын көрiп саржағал да батылдана бiстады. Бiрте-бiрте екеуiнiң арасы там-тұмдап жақындай бердi. Кешке қарай ауыл шетiндегi дөңде иесiз бұралқы ит пен аштан бұратылған жетiм бала шоқайып қатар отырды.

Екi күннен кейiн бала аштан әбден бұрлықты. Басы зеңiп, аяғын орең басатын халге жеттi. Қалаға барсам, атамды iздесем дегендi ұмытты. Өткен-кеткендi ойлап қамығу, сағыну атымен жоқ. Есi-дертi тек талғажу табу. Айналасына жеуге жарарлық бiрдене бар ма деп қарайды. Басқа ештеңе ойламайды. Соңынан ерген сары қаншық та аялда-санда жоқ болып кетедi де, тышқан аулап тойып келе ме, бiраздан соң мұны қайда жүрсе де тауып алады.

Сыртты төніректегенмен, түк таба алмай торыққан баланы аштық қуалап бәрібір ауылға алып кірді. Енді мойыны қылқиып, көзі үңірейген алқам-салқам қара бала ашық тұрған үйлердің босағасында кір-қожалақ қолын созып мөлііп тұратын болды. Жұтап өзі жарымай отырған ел ме, әлде пейілі тар ма, жарты тілім қара нанды ұстататындар ілуде біреу ғана. Көбі есігінен сығалатпайды, «кет!» дейді итке жекіргендей. Мұнда ұялу, жасқану жоқ. Біреу жылы қабақ танытқандай болса, телмендеп қайта-қайта айналып келе береді. Қашан зекіп, желкесінен нұқып қуып шыққанша кетпей қояды.

Одан қалды үй алдындағы күресіндерді адақтайды. Бірақ одан да талшық табу қиын. Не көп – қарыны арқасына жабысқан бұралқы көп, алдынды орап, бәрін жалап-жұқтап кетеді. Андып тұрып, біреу жуынды-шайынды төккенде бассалмасаң, құр қалғаның. Итгермен таласып тұра ұмтылады. Қазанының қаспағы қалың үйдің шайындысы да қою. Кейде шала мүжілген сүйек, шошқаның құйқасы, туралған қияр-сәбіз кезігіп қалады. Иттен бұрын қағып алғанын апыл-ғұпыл қарбытады. Сол сәттегі мұның қуанышын көрсең, дүниеде мұндай бақытты, одан олжалы адам жоқ шығар. Аштықтан туған үрей ме, әлде жеген нәрсесінің кенеуі жоқ па, қарнын қанша нығарласа да әйтеуір арғы жағы қанағат таппай ұлиды да тұрады. Тек жесем екен, қарнымды тойғызсам екен дейді. Одан басқа ой-сезім, уайымға көкірегінде орын жоқ. Кей сәтте өзін қасындағы сары төбет сияқты сезініп кетеді. Айырмасы – екі аяғымен түрегеп жүргені ғана.

Көп өтпей ауылдың бүкіл иті танып алды. Оны көргенде үрмейді – ырылдайды. Мына пәле алдымыздағы сүйек-саяқты тағы да қағып кетер ме екен деп қызыл көзденеді.

Ақылын тапсаң, тығырықтан шығудың амалы көп екен. Бір күні ауыл сыртындағы жалғыз үйеңкінің түбінде саялап отыр еді, көзіне жап-жасыл ойпаңдағы арқандаулы тұрған қара ала қашар түсті. Екі бүйірі, басы – ақ, қалған жері – қара. Мойыны қылқиған арық болғанымен, бар құнарын сүтке жиса керек. Желіні бұтына сыймай шертіп тұр. Үлкен кісінің бармағындай тырсиған бозғылт емшектерді көргенде санасында бір ұшқын жарқ етіп, бала тамсанып-тамсанып жіберді. Бұрын бұл ой басына қалай келмеген десеңші. Ала құнажынды осы жерден күнде көреді. Бір шойнаңдаған ақсақ кемпір ылғи танертен жетектеп әкеліп жасаңға арқандап кетеді. Түске қарай келіп сауып алады да, өзенге апарып суғарып қайта арқандайды. Содан қас қарайғанша келмейтін.

Бала қашардың қасына барды. Ойпаң, көзден таса. Басын жерден көтеріп қарағаны болмаса, жасқанып үркектеген жоқ. Үлкендерден көрген әдетімен «әукім, әукім!» деп, арқаннан саумалай ұстап таяй

Беріп еді, қазақша ұқпай ма, не деп тұрсың дегендей үдірейіп көзін аяқсана жыпылықтатты. Мейірімді, жылы сөзді бәрібір сезіп тұр. Життырқайтын емес. Әуелі маңдайынан сипады. Құлақ түбін қасып, ошап әукесін тарай сипағанда сүйсініп, өзі мойнын созды. Әбден еті үйренген соң барып желінінен ұстады. Сыздаған емшекті сынар қолымен сауып, екінші уысына толған сүтті ұрттап еді, бал татқандай аршып ашып жіберді. Ішінің жыланы оянып, сабыры сарқылды. Ауыз толтырып, шіркін жұтып-жұтып жіберсем дейді. Уыстағы сүт ұрттағанша саусақ арасынан жырыла төгіліп, ішкеннен бетер беті-аузын баяптағаны көп. Құнығып, есі шыққан бала тізерлей кетіп не болса ол болсын деп емшекке ауыз салған.

Ала құнажын тырп еткен жоқ. Екі ұрты қомпандап, солпылдапта сорды. Әуелі тырсиған емшектен сүт там-тұмдап қана тамған. Сәлден кейін иіп, өз-өзінен сауылдай бастады. Дызылдап таңдайға атқылаған жып-жылы сүтті қылқылдатып жұтып жатыр. Қақалып-шашалып жатқанына қарар емес, мұрны шуылдап, қара терге түсіп, емшекке сүліктей жабысып қатты да қалды. Әбден жағы талғанда бір ақ тоқтаған.

Қарнын эзер көтеріп орнынан тұрды. Өмірінде мұндай тойып, мүлділ рахаттанбас. Анандай жерге барып ықылық атып біраз отырды. Шойыннан әл кетіп, маужырап шалғынға шалқалай кеткісі келді. Бірақ ошап зорлап орнынан тұрды.

Жайбаракат жайылуға кіріскен ала құнажынға бала елжірей қаралы. Осыншалық жақсылық жасаған жарылқаушысына ризашылығын қалай білдірсе екен? Қалбалақтап қайтадан қасына барды. Мойнының құшақтап, әукесін қасыды. Төмен сайлауытқа түсіп, көзіне әдемі боп көрінген шөптен жұлып бір құшағын алдына тосқан, құнажын басын алып қашып, ол сыйлығын қабыл алмады. Бала жақсылыққа жақсылық жасай алмағанына налып, мұнайып қалды.

Бала енді күресін тіміскілегеннен құтылды. Қарнын шеңбірек атқызып сүтке бір тойғаны бір күнге жетеді. Қарала қашар да үйретіліп алды, бұл жақындағанда, басын көтеріп, бұзауын көргендей мыңырана мекіреніп қояды. Бұтын алшайтып, құйрығын бір жағынан қисайта көтеріп күйіс қайырған күйі бұл қашан еміп болғанша тырп етпейді. Кейде тіпті өз-өзінен иіп, үрпіге еріні тиер-тиместен сүт ірдісктеп ағып қоя береді.

Сүтке тойған бұзаудай танауының ұшы жылтырап шөкелеген күйі орнынан тұруға асықпайды. Қайта осынау бақытты сәттен айрылғысы келмей осылай төртаяқтап, ала қашардың бұзауына айналып кетсем бе дейді.

Уайымсыз, дән риза бір хал. Көзі шырадай жанып, дүние көгілдір нұрға малынып жайнап тұр. Қарыны шермиген бала теңселе басып, үйенкінің түбіндегі үйреншікті орнына келіп қисая кетеді. Самал желпіген саяда балбырап отырып, қалай қалғып кеткенін білмей қалатын.

Көп ұзамай шойнаңдаған ақшұнақ кемпір мұның «бұзау» боп жүргенін біліп қойып, шыбығын шошандатып анандайдан айғай салған. Содан қайтып сиырға жолатқан жоқ. Шәуілдеген кішкентай қара кәнденін ертіп ап, өзі жайып жүреді.

Аштық қайта басталды. Сүмендеп күресінді андып, тамағынан өткенді талғажу қылады.

Сөйтіп жүргенде жыңғыл түбіндегі үлкен апанда саржағал күшіктеді. Алты күшік, көздері соқыр. Бірінің үстіне бірі мініп, тынымсыз шиқылдайды. Саржағал тамақ іздеп бір жаққа кеткенде жақындап көрген. Әйтпесе желке жүні тікірейіп, күрк-күрк ырылдап ұясына жуытпайды.

Бір күні иттің шабаландап қатты үргенінен шошып оянды. Дауысы етектегі өзен жақтан шығады. Баспалап барып, қойтастың қалқасынан сығалаған. Жағада сары шаш, сепкіл бет үш бала жүр.

Саржағал арсылдап тап-тап береді. Аналар тас лақтырып қуса да, қаңқ етіп сәл қашады да, қайтадан өршелене ұмтылады. Үш бала мәре-сәре. Жағадағы иірімде тырбаңдаған күшіктерді таяқпен желкеден басып, суға батырады. Бір уақта қалықтаған жансыз денелерді ағынның ортасына лақтырып жіберген.

Саржағал қаңқ-қаңқ қыңсылап ағынды қуалай жаға бойлап жүгіріп барады...

Содан кешке қарай бір-ақ оралды. Үсті-басы су-су. Емшегі салақтап, сүлк-сүлк етіп аласұрып жүр. Ана жерді – бір, мына жерді бір иіскелейді. Жүгіріп кеп апанды иіскеледі, одан бағана күшіктерін батырып өлтірген жағаға барды. Шонқая кетіп ұлыды. Қайтадан ұшып тұрды. Тыным таппай арлы-берлі безек қақты.

Ақыры апанға кеп, күшіктері жатқан орынды қорс-қорс иіскелеп, қаңқ-қаңқ қыңсылап, қайраны таусылғандай отыра қап ұлыды. Қақ төбеге қадалған аппақ айға қарап, ішін тартып ышқына ұзақ-ұзақ ұлыды. Көзінің қиығынан жас моншақтап жылап отыр. Иттің де жылайтынын сонда көрді. Дәл қара баланың өзі сияқты жылайды екен.

Бала саржағалды аяп кетті. Басынан, арқасынан сипады. Бір кезде мойынынан құшақтай ап, өзі де жылады. Қос жетім бір-біріне мұң шаққандай зырын төгіп, қосыла өксіді.

Саржағал қара түнді қаралы зарға толтырып, таң атқанша ұлыды.

Ертеңінде көзін жұмып, апан түбіндегі күшіктерінің иісіне тұм- сынын көміп үн-түнсіз жатты да қойды. Емшектері қызара сыздап, киініп кеткен. Үрпінің ұшынан бөргіп сүт шыпшып тұр. Аштан бұр- ыққан бала есірік буып сабырдан айрылды. Ашқарак ауыз тырси- ын ып-ыстық емшекке құныға қадалған. Ұрты комылдап сорып-со- рып жіберді. Саржағал денесін ыңырси созып, баланың бетінен алап-жалап алды...

Күн ыстық, жаңбырсыз. Бұл осында келгелі талай күн өтсе де, бір тамшы тамған жоқ. Аспан ақ шелденіп шақыраяды да тұрады. Алаңықтағы, жатаған бұйраттардың теріскейіндегі текше-текше тол- қынған егістік сарыжағал тарта бастады. Жота-жотаның басына шы- нып байкастап малдан қорып жүрген аттылы күзетшілер егін жақты алаптаған мұны бірде көреді, бірде көрмейді. Көрссе де үндемейді.

Бала мысық мұрттанып салбыраған сары масақты үгітіп, қауызын үрлеп, қалтасына арпа-бидайды толтырып алады. Алғашында ши- көсей жеп жүрді. Әлі қатаймаған дән сүт татиды. Сәлден соң аузын көбіктеніп, тез қайтып қаласың. Кейін сіреңке тауып алып, су жағасына от жағып, бидайын қалайы табақшаға қуыратын болды. Енді рахат! Ала қашарды еміп алады да, қуырылған дәнді анда-санда бір аузына атып қойып, үйенкінің саясында жатқаны. Қарын тоқ, уайым жоқ. Айтты-айтпады, бұл да бір бақытты күндер еді.

Бірақ «жұт – жеті ағайынды» деген рас шығар, көп өтпей тағы бір уайым қосылды. Еті кірлегеннен бе болмаса, сары төбетпен бүйір түйістіріп қатар жатам деп содан жұқты ма, үсті-басы биттеп кетті. Ақ қарасы аралас құжынап, киімінің сыртына шығып өріп жүргені. Шынын сипап не самайын қасып қалса, төгіліп түседі. Шешіп киініп-сілкіп алатын киім емес, дудыраған қалың шаш өзіне сор болды.

Шіркін, атасы болса ғой осындайда. Әуелі шашын ыстық сумен сипындап жуып, жібітіп алады. Содан соң жуан былғары белдіктің бір ұшын бұған ұстатып, ұстарасын жанып-жанып жібереді де «бисмилла-һи!» деп оң жақ төбесінен төмен қарай сипай сыпырады. Ұстараның сырылынан басқа ештеңе сезбейсің, домалап түсіп аяққан шашты ғана көресің. Жалаңаштанған құйқаң сұп-суық боп шымырлап сүйсіне түсесің.

Түн баласында енді көз ілу жоқ, өнебойы дуылдап жұлқынып шығады. Шыдай алмай киімдерін шешіп лақтырып жібереді де, шөп- тің үстіне арлы-берлі аунайды кеп. Салқын шөп денесінің ыстығын алып, қышуы басылып сәл саябыр тапқанымен, тыр-тыр қасына әбден қотыр болған үсті-басы шөгір-союға қайта тілініп удай аши бастай- лы. Оған да шыдар еді, түнгі суықтан дірдектеп тоңған соң амалсыз киінуге мәжбүр. Содан бір тұрып-бір жатып аласұрып таңды атырады.

Күндіз мына жыпырлаған қансорғыш жауызға аз да болса қарсы жасар айласы бар. Өзенді өрлеп барып, биік жарқабақты тасаланып тыржалаңаш шешінеді. Сасырдың үлпегі мен жусанды суға езіп, басын жуады. Көйлек-дамбалын жылтыр тастың үстіне жайып, тігістерін малтамен осып-осып жібергенде, жыбырлаған бит-сірке бырт-бырт жарылып, қанжоса боп шыға келеді. Киімі кепкенше қайраңдағы ыстық құм үстінде аунап жатып, бірер сағат мызғып та алады. «Әй, осы жолы тұқымы тұздай құрыған-ақ шығар» дейтін. Бірақ киімінің қай жерінен шығатыны белгісіз, жарты күн өтпей денесі қайта дуылдай бастайды.

Бір күні құдай айдады ма, дәл құмырсқаның илеуінің жанына отыра қалыпты. Жуан бас қызыл құмырсқа. Лезде қаптай жөнелді. Бұл тапжылған жоқ. Шақса екен деп отыр. Жалаңаш қос балтыры жоғары-төмен жосыған қызыл ағын. Бірі өрлеп келеді, бірі ағарған әлденені тістеп түсіп барады. Қойны қоншы жыбырлап, шашының арасына дейін кеулеп алды. Бірақ шақпайды. Әлде шаққаны білінбей ме? Денесінің дуылдағаны сап-сап басылғандай. Жыбырлатқан сайын жаны кіріп сүйсініп барады. Балбырап, маужырап отырып қалай қор ете түскенін білген жоқ.

Содан сілейіп бір күн, бір түн ұйықтапты. Оянса, денесінің қышуы басылған, бір мамыражай рахат хал. Бит-сіркеден құлан-таза құтылған. Сол күннен бастап сәл қышынса, илеудің қасына барып отыра қалатын әдет тапты.

Бірінен бірі аумайтын күндер осылай жылжып өте берді. Қабағын түйіп күз келді. Ұйтқып соққан суық жел, сылбыраған жаңбырдан көз ашпайсың. Жарқабақтың астын кеміктеп үнгіп алған. Су тимейді, желден ық. Астына көпсітіп шөп төселген. Сарыжағал екеуі бірінің бүйірін бірі жылытып сонда жатады.

Бір күні жер сабалап ұйтқып жауған қара жаңбырдың аяғы қарға ұласты. Айнала әппақ, үңірейген аспан ішін тартып демінен ызғар шашады. Аштықтан, бит-бүргеден амал тауып құтылып келген басы аязға не істерін білмей дымы құрыды. Үңгір қамсау болар емес.

Кенеп шәркейі жаз ортасында-ақ тозып, киюден қалған, жалаңаяқ. Үстінде де көйлек пен жадағай кеудешеден басқа ештеңе жоқ. Көгеріп, икемге келмей қоқиған аяқ-қолын қалай жылытарын білмей жанталасты. Шөптің астына тыққанмен қамсау боп жарытар емес. Саржағалдың шап-қолтығына апарса, өзі дірдек қаққан бейшара қаңқ-қаңқ етіп атып кетеді.

Үсіп өлетін болған соң көз көрімдегі қарауытқан маяға қарай жанұшыртып жалаңаяқ жүгірген. Арпаның сабаны екен. Бүйірін үнгіп кіріп кетті. Құрғақ, жып-жылы. Күн иісі сіңген сабанда сап-сары



бон күннің жылуы да сақталып қалғандай. Талай күннен бері бойы жылынып, қол-аяғын жазып ұйықтағаны осы шығар.

Енді сыртқа аттап шығудан қалды. Анда-санда үңгірден басын қылтитып айналасына қарайды. Кебін жамылған дала. Алыста түнші будақтаған ауыл жеткізбес арман сияқты. Күнгірт аспан қылау ұшқындап тұнғыық тартып тұр. Қарға қылғынған қалың ши үлпегі үкідей желбіреп дірдек қағады. Сәлден соң бойы тітіркеніп, інге кірген тышқандай үңгірге қайта зып берді.

Шаңтасқа бастырылған сабан жұп-жұмсақ, үлпілдеп тұр. Уыстап тұрған, буда-буда қопсып шығады. Өзі отырған жердің айналасын ауыз-ауыз ғып үңгіп, «үй» жасап алды. Іші пысқанда еңбектеп соның біріне кіріп, бірінен шығып ойнайтыны бар. Бірақ басы айналып, тез шаршап қалады. Сондықтан көбінесе саржағалмен көңілін алдарқатады, бүйірден түртіп, мұрнынан шертсең – бітті, зерігіп әсер жатқан сары төбет арсалаңдап өзі-ақ ойынның неше түрін бастап кетеді. Одан қалды, сыртқа құлақ түреді. Толассыз үілдеп, сыңсып, сызылған бір шексіз әуен. Қиялыңды шарықтатып әр қияға жетелейді. Біресе түнгі өзеннің сарылындай, енді бірде жылаған бала сияқты өксіп, жел ұйытқыған сайын мың құбылады.

Қопсыған, құрғақ сабан – өсекші, маяның бір шетіндегі сыбдыр еткен дыбыс сол сәтінде құлағыңа жетеді. Не көп – тышқан көп. Кейде жеке, кейде тобымен шикылдап сыр-сыр жүгіріп өтеді. Ондайда сары төбет ойынды тарс ұмытып, құлағы едірейіп, тұрған жерінде мелшиіп қатып қалады.

Анда-санда еркінсіп бірін-бірі қуалаған тышқандардың байқамай үңгірге топ етіп құлап түсетіндері де бар. Саржағал сол сәтінде итылады. Бірақ тышқан одан да жылдам, зып беріп сабанның арасына сіңіп жоғалады. Саржағал ал кеп қорс-қопасын шығарсын. Сабанды үңгіп белуарына дейін кіріп кетеді, құйрығы бұлғандап біраз гүрады да, тұншыға ма, тұмсығына топан еніп тынысы тарыла ма, басын суырып алып, пысқырып-түшкіріп әлекке түседі де қалады.

Осылай қанша уақыт өткені белгісіз. Соңғы кезде ешнәрсеге көңіл пударғанды қойды. Сүлесок. Қалтасындағы шикі бидайдың андасында бір түйірін талмап қойып, бүк түсіп жатқаны. Шөлдесе қардан сықпалап алып аузына салады. Санасы бұлыңғыр. Ертеңгі күні не болмақ? Өстіп қашанғы жата береді? Ондай уайым ойына кіріп-шығар емес. Ұйқы мен ояудың арасындағы мүлгіген бір хал.

Бірде, күн екені, түн екені беймәлім – үңгір іші қараңғы – дабыр-дұбыр дыбыс естілгендей болды. Бүйірін жылтып, бүк түсіп жатқан саржағал мұрын астынан мыңқ-мыңқ үріп, басын көтеріп алды.

Сыртта әлдекім сөйлеп, ат пысқырғандай ма, тұманға малтыққан санасы ештеңені парықтар емес. Саржағал сәлден соң ырылдап айбат шеге бастады. Бұған не болды дегенше болған жоқ, бүкіл мая солкылдап, үнгірдің бір шеті сырғып құлап бара жатты. Ит сол-ақ екен, қаңқ етіп ата жөнелген. Бұл да шошығаннан бар күшін жиып, жан-дәрмен ұшып тұрды. Сабан алуға келгендер екен. Аруақтай шыға келген мұны көріп, сақалды екі кісі айырларын тастай беріп тұра зытты. Жаман дауыспен бажылдап бақырып барады. «Шайтан!» «Албасты!» дегені шығар.

Артынан ешкім қумаған соң естерін жиды ма, анандайға барып, үдірейе қарады. Саусақ ұшымен маңдайын, екі иығын алма-кезек нұқып шоқынып алды. Содан соң қайтадан бері қарай жүрді. Мұны таныса керек, бастарын шайқап бір-біріне әлдене деп келеді. «Е, әлгі қайыршы бала екен ғой!» дейтіндей. Бұл басы айналып қар үстіне құлап түсті.

Көзін ашса, айнала түгел әппақ: төбе де, қабырға да. Үстіне төнген еңгезердей ер адамның киімі де әппақ. Үстінде ақ желбегей, басында ақ қалпақ, бет-аузына дейін ақ матамен тұмшалап алған. Көзілдірігінің томпайған қалың шынысынан көкшіл көзі бадырайып көрінеді. Қашан салып қойғаны белгісіз, қолтығынан саусақтай ғана жылтыраған жіңішке әйнекті алып, жарыққа тосып қарады да, басын шайқады. Әйнекті сілкіп-сілкіп қалтасына салып алды.

Өмірі көрмеген былқылдақ ақ төсектің үстінде жатыр. Рахат. Денесінің күсі кеткен, шашы алынған. Басын сипап еді, бұдыр-бұдыр, қайшымен қырқыпты. Еш жері ауырмайтын сияқты. Бірақ сәл басын көтерейін десе, жер-дүние аударылып шыр айналып кетеді. Өнебойы жылымшы тер. Бір жөтелсе, күркілдеп ұзақ уақыт тоқтай алмай булығады.

Есін жиғаннан кейінгі ендігі уайымы – «қашан жазылам?» емес, «жазылсам, мына жерден шығарып жібереді-ау, тағы да қаңғып таз қалпыма түсем-ау!» болды. Сондықтан өстіп ауырып ұзағырақ жата берсем екен деп тілейтін. Сол қулықпен дәрігердің көзінше қаттырақ ыңкылдап, тамағы онша жыбырламаса да күркілдеп, жөтелін соза түседі. Күніне бір уақыт білегіне, жамбасына ине салады, бірнеше рет көйлектің түймесіндей дөңгелек ақ түйіршік береді. Удай ащы.

Қанша қуланғанмен дәрігердің мойнындағы ана жылтыраған темір өтірігінді бәрібір біліп қояды екен. Бір күні әлгі темірді кеудесіне, арқасына, екі қолтығының астына кезек басып, ұзақ тындады. Темірдің ортасында кішкентай дөңгелек ойықшақ бар. Сол көзі болса керек. Денеңе тиіп кетсе болды, ішіндегінің бәрін көретін сияқты.

Бұл күшеніп қатты-қатты жөтеліп еді, өтірік деп құлағына түтікше арқылы сыбырлады ма, дәрігер бәрібір сенбей басын шайқады. Бұл қулығы білініп қалғанына ұялып қызарып кетті. Дәрігер иығынан қағып, бармағын шошайытты – «Сауықтың, сақайдың, балақай!» дегені болса керек.

Ертеңінде құлқын сәриден бір қауға сақал оятты. Киім әкеліпті. Ескі болса да таза. Табандалған қара пиманы киіп, ұзын тонға оранып, биік арка, қайқы бас кашауаға отырған.

Қайдан шыға келгені белгісіз, саржағал шап етіп үстіне асыла кетті. Әбден сағыныпты. Басынан сипап еркелеткен сайын қыңсылап, қолын жалап, бұрандап әлекке түсті.

Аяз буған қарлы дала. Жым-жырт, мылқау. Шана табанының бір қалыпты сырылы құлазыған көңілдің қоңыр мұңын мұрын асынан тоқтаусыз мінгірлеп келе жатқандай. Бір өрлеп, бір құдилап ирелендей қашқан жолдың ұштығы жеткізер емес. Саржағал бәрібір қалмай еріп келеді. Ұзаған сайын ауыл жаққа жалтақтай қарап, қардың үстіне отыра қалып, тұмсығын созып ұлып-ұлып алады да, қайтадан шананың соңынан бүлкектейді.

Тұс ауды. Күн батты. Көз байлана бір дөнеске көтерілгенде, жамырап қалың от көрінді. Жұлдыз жыпырлаған түнгі аспанның бір пұшпанандай лыпыл қағып көз арбайды. Жакындаған сайын мылқау қысқа гіл бітіп, әлдебір арылдап-гүрілдеген дыбыстар күшейе түсті. Кешкі анак-сапақта мұржаларынан түтін жарыса ұшып, терезелері жылтыраған қалың үйлерді қақ жарып келеді.

Қалаға кірген саржағалға сор болды. Алыстан арып-ашып келе жатқан тұқымдасымыз ғой деп аяушылық білдіру жоқ, түнге қарай шынжырдан босап, бостандық алған әр үйдің қайқы құйрық күтпандары қақпа тұсынан өте бергенде арс-арс етіп тап береді. Зәресі үшқан байқұс қаңқ-қаңқ қыңсылап шананың о жағына бір, бұ жағына бір тығылып әлек.

Көлденең көшенің қиылысынан салдыр-күлдір дарылдап көзі бақырайған «шайтан арба» шыға келді. Жанаса беріп «жол бер!» дегені ме, ышқына ысқырып еді, үстінен ақ бу түтіндеп, аяғын ілбіп басып келе жатқан күрең ат дәртені сықырлата тік шапшып, тізгін бермей ала қашып, шананы төнкеріп тастай жаздады. Атпен бірге осынау беймәлім бөтен дүниені жатырқап келе жатқан мұның да жүрегі атқақтап келеді.

Бұралаңдаған тар көшені ұзақ өрлеп, бір үлкен темір қақпалы аулаға кірген. Қос қабатты ұзын үйдің терезелері жағалай жарқырап жанып тұр. Іші толған бала. Гу-гу. Бәрі өзі құралпы. Бірдей киін-

ген. Қыз демей, ұл демей түгел тақыр бас. Сөйтсе, бұл қаладағы жетім балалар үйі екен...

Жылы үй, таза төсек. Тек тамағы ғана түлкі құрсақ. Тары ботқа болған күні бір жасап қаласың. Көбінесе сұйық көже. Сылдыр судан арпаның түйірін қасықпен қуып әзер ұстайсың. Бәрібір, бәрібір пейіштің төріне топ ете түскендей болған.

## ХАТ

Профессор мұң кіреукелеп сопиған сұп-суық жүзін бұрып әкетті. Екі қолын кеудесіне айкастырып, терезенің алдына барып тұрды. Жаңа ғана асфальтті сабалап жаңбыр құйып өткен еді. Жылап тұрып күліп жіберген сәбидің жанарындай аспан жарқырап шыға келгенмен, Алатаудың басында етегі салбыраған қожыр-қожыр кара бұлт күркіреп әлі үйіріліп жүр.

– Содан кейін ше? – деді әңгіменің қызығына елігіп алған Бахтияр тағатсызданып. Алдындағы суып қалған кофені ұрттағанмен дәм-татуын сезген жоқ.

– Содан кейін бе? Не болушы еді!.. – Профессор иығын қопан еткізді. – Жетімхананың кара нанымен оқып ер жеттік. «Айналайын Совет үкіметі болмаса, күніміз не болар еді? Талай жетімді асырап адам қылды ғой!» дедік жатсақ-тұрсақ рахметімізді жаудырып. Бірақ жетім қылған кім екенін ойладық па?! – Теріс караған күйі булығып сәл тұрды да: – Әй, Мұкарама! – деді есік жаққа дабыстап. – Сен бізді кофеге қаңтарып қоямысың?

– Тамақ дайын! – Ақтала шыққан абыржыңқы жіңішке дауысқа ілесе апалақтап Мұкарама апайдың өзі де кірді. Омырауы ойық, қоңыр шақпақ алжапқыш тартқан. Күйеуіне шәкірттей жалтандап карап, иығына көлденең асқан ақ бөрте ұзын сүлгінің бір ұшына қолын жүре сүртіп келеді. – Әңгімелерінді бұзбайын деп... әйтпесе бағана әзір болған. Осында жасайын ба, әлде ас бөлмеде ішесіңдер ме?

– Сонда жасай берсеңші!

– Бахтияр, сен кофенді ішпепсің ғой! Ағаң сөйтсеші. Қанша қақсаймын, болмайды, шай сияқты ішеді ғой. Давлиенисі жоғары, ештеңе ойламайды!.. – Сөйлей жүріп стол үстіндегі шыны-аяқ, темекінің тұқылы үйіліп жатқан күлсалғышты жиып әкетті.

Мұкарама апай – сарыкідір тартса да, сыны кетпеген аса өңді кісі. Қыр мұрын, сопақша қызыл шырайлы жүзіне мейірім ұялаған. Қашан көрсең жайнаңдаған кірбіңсіз аялы қоңырқай жанарында

◆ ишдүниесінің жылуды ұшқындап тұрады. Қонырқай жұмсақ түске боялған қалың шашының ұшын желкесіне дөңгелетіп түйіп алған. Түш бойындағы жалғыз міні – аяқтары толықтау. Тобық тұсы ◆ ишше екен. Тамыры кеңіген болар, оң балтырын эластикалық дөңгелекпен таңып алыпты. Аяғын сәл ауырсынып басқанмен еңсесі тік, ◆ ишпақы. Дөңгеленіп жүріп лезде дастархан жасады. Қолы ашық, берекелі. Екеуінің алдына үйме табақ ет әкелді. Қойдың етінің үстіне бөлек пісірілген сары мейіз жарты білем қазы салыныпты. Сарымсақпен бұрыш сіңген сүрінің иісі танау қытықтап, тәбет қоздырды.

– Қайның келген соң қолың ашылып, жылы-жұмсағыңды саныпсың ғой, кемпірім! – деді профессор қулана жымып. – Бахтияр, сен өстіп жиі келіп тұршы, әйтпесе майсыз қатық, су татыған тұшпарамұшпарамемен қақшитып қояды мынау!

– Кстати, саған қазыны көп жеуге болмайды! – деді апай басын шайқап. – Асқазаным деп домалап жатасың.

– Бала кезімде қазы-қартаны жоқ боп жей алмап едім, қартайғанда кемпірім аузыма қақпақ болды. «Ойбай, қымыз ішпе – давлением көтеріледі, қазы жеме – асқазаның ауырады». Менің ендігі Сталинім – осы кемпірім.

– Кемпір-кемпір дей бермеші! Мен – кемпір емеспін. Өзің шалсың. Әне, шашыңа қарашы, әппақ қудай!

– Шашымды ағартқан сенсің!

– Өйтіп жаланды жаппа! Маған үйленгенде солай болатынсың! «Жұрт қызым кәрі біреуге шығыпты деп ойлап қалатын болды-ау. Күйсеу бала, ең болмаса, той өткенше шашыңды бояп алсаңшы!» деп әниімнің қалжындағаны есінде ме?

– Иә, Өфеде сен жолықпағанда, шашың ақ деп ешкім тимес еді!

– Неге, базарың жүріп тұрған товар едің ғой. Орыстың қыздарынан таласып жүріп өзер тартып алғанбыз...

– Болды, болды! – деді профессор күліп. – Қонақтан ұялмайсың ба!

– Ұялатындай не айттым? Қайта сені мақтап отырған жоқпын ба... Бахтияр, алсаңшы. Бізге қарама. Ағана май жеуге болмайды. Қазыдан соғып-соғып ал. Арақ қоймады деп ренжіме. Біздің үйдің заңы сондай: өзіміз арақ ішпейміз, өз дастарханамызда ешкімге арақ бермейміз.

– Жо-жоқ, о не дегеніңіз! – деді Бахтияр ұрлығының үстінен күскендей қызарақтап. Ішінен «Шіркін, осындайда тартып жіберер жүз грамм болса ғой!» деп ындыны құрып-ақ отырған. – Астан үлкен дәм бар ма!

– Бахтияр, сен нешедесің?

– Жиырма сегіздемін.

– Біздің Ришаттан кіші екенсің... Құлыным-ай, сен сияқты боп жүргенде ғой!

– Болды, тәбетті бұзба! – деді профессор зілденіп. – Менің ондай балам жоқ!

– Сен неге олай дейсің, Мүсілім? – деді апай үні өшкін тартып. – Тағдыры солай болса қайтеміз!..

– Жетеді. Осы әйел дегеннің жағаласып сөйлегенін суқаным сүймейді! – Отағасы шын ренжи бастаған еді, апай:

– Қойдык, қойдык! – деп бірден бәсеңсіп, сөз аяғын жай-машуақтандырып жіберді. – Бізде ылғи осы – дискриминация. Как будь-то не в Советском Союзе живем, а какой-то островок феодализма!..

Бағанадан бері анандай жерде жап-жасыл көзін бір ашып-бір жұмып быр-быр етіп шоқайып отырған ақ мысық орнынан тұрып керіліп еді, ұзарып жарты метрге созылды. Доға сыза иілген құйрығының ұшы төбесіне сәл ғана тимей тұр. Жайлап басып келіп профессордың аяғына ары – бір, бері – бір сүйкеніп өтті де, босағаға барып бері қарап, жалынышты түрмен мияулаған.

– Туалеттің есігін ашып бер! – деді профессор әйеліне.

Астан кейін кабинетке профессор екеуі қайта келді.

– Саған бір қағаз көрсетейін. Әлгіндегі әңгіменің жалғасын содан ұғарсың. – Профессор Абайдың томының арасынан каттауын жазып, жиегі жемтірленіп, сарғыш тартқан қос парақ қағаз ұсынды. Тор көз дәптердің айқара қос бетіне ұзынынан сықап жазылған хат. Айбақ-сайбақ әріптер бірімен-бірі жанаспай шашылып жатыр. Үтір-нүкте жоқ. Кириллицаға алғаш көшкендегі ескі емлемен жазылған. «Т», «Ш», «Ж», «М»-ның бәрі бір ирек. Кей сөзін танымаса да жалпы мазмұнын нобайлап ежіктей бастады. Дәл бір қол алысып сәлемдесіп тұрған ауылдың ескі қазағы сияқты мал-жан, келін-кепшіктің амандығын шұбырта сұрай келіп:

«...Шырақ, сен мені танымайсың, бірақ мен сені сыртыңнан жақсы білем, – депті. – Мен көп жыл органда істеген адаммын. КГБ-ның отставкадағы капитанымын. Амал не, кезінде оқи алмай қалдык, әйтпесе шеніміз бұдан да жоғары болар еді. Көбінде оперативтік жұмыс атқарып, қауіп-қатердің аузында жүрдік. Қазіргідей емес, біздің кезімізде заман қиын болды ғой. Жас Совет үкіметін жау іштен де, сырттан да шалып жатты. Солармен шама келгенше алыстық-жұлыстық...»

Айта берсек, ұзақ хикая. Мен сені алғаш газет-журналға атын шығып, ауызға іліге бастаған сәтіңнен бері білемін. Әуелгіде «Япырау, шынымен сол бала ма?» деп таңырқағанмын. Зерттеп тексере келе, Ахмет ишанның немересі екеніңе әбден көзім жетті. Ол кезде сен тым

кешкентай едің. Әй, алты-жетіге еркін жетпеген шығарсың-ау. Бірақ алты-жөніңді ұмытпағаныңа қарағанда, көп нәрсе есінде қалған болар деп ойлаймын.

Әлгі түн ішінде келіп атаңды алып кеткен екі кісі есінде ме. Мен – соның мұрттысымын. Сол кездегі әскери басшыларға қатты сүйіктімін. Әсіресе Будённыйға ұксағым келетін. Бірақ жидіген мұртты құрғырды қанша майлап өсірсем де шалғысы ширатуға келмей, орталы әр жаққа тікелей сүрепетті кетіретін. Сондықтан маршал Ворошилов пен Ягодаға ұксап, танауымның астына ғана төрт бұрыштап шыбын мұрт қоятынмын. Енді есіңе түсті ме? Атаңды жұлқылап-сүйрей бастағанда, әлгі қасымдағы ұзын сары жігітті сен көсеумен арқасынан салып қалып едің ғой? Ол жалма-жан тапаншасына жабысқанда, сен қаша жөнелдің. Қолын қағып жібермегенде, мұрттай ұшуың ғажап емес еді. Ол қанқұмар адам болатын. Кісі атуды қоян алу құрлы көрмейді. Аңға шыққан адамдай еліріп, екі көзі қанталап кететін. «Арқам құрысып отырғанын қарашы, бүгін біреуді атамын-ау, сірә!» дейтін кейде қабағын кіржитіп. Ақыры жынданып, өзін-өзі атып өлтірді, бейшара.

Қожа-молланы қойдай шықпыртып, аластап жатқан заман болса да атаң елге қадірлі адам еді. Тиісейін десе сылтау жоқ, тиіспейін десе Бұхарадан оқыған ишан.

Сөйтіп жүргенде, Шоқаевтың екі жансызы ұсталып, ілік табыла кетті емес пе! Кімнің үйінде болдыңдар дегенде, Ахмет ишандікіне қондық депті. «Құдайы қонақпыз деген соң байқамай қондырған шығар», деп жамандыққа қимай, ұстағалы келе жатқанда бастығымның алдында сипақтағанмын. Қанша дегенмен көз көрген ауылдас адамбыз ғой. Әкем көз жұмарда дем салып, басында отырған. Құдай ұрып, сондықтан сопаң етіп «Яш Түркістан» шыға келгенде, төбемнен жай түскендей болдым. «Қалай екен, халық жауына бүйрегін бұрып еді!» деп ұзын сары өзіме бассалса қайтемін деп зәрем ұшып кетті.

Ақ-қарасын анықтайтын жоғарыдағылар ғой. Біз – орындаушы ғанамыз. Ол кезде ұзақ тергемейді. Бірер аптаның ар жақ-бер жағында үкім шығаратын. Кешке қарай үш тұтқынды қалашық сыртына алып шықтық. Екеуі – әлгі Шоқаевтың жансыздары. Үшіншісі – атаң. Жотаның етегіндегі сайлауыт. Бұрын да талай халық жауын әкеліп атқанбыз. Ұзын сары көбінесе ешкімге бермей, өзі ататын. Бұл жолы да екеуін жыраның жиегіне апарып тарс-тарс еткізді. «Дәл қарақұсынан тигіздім!» деп мақтанып келді. Сенің атаңды да өзі атсын деп тұрғанмын. «Кәне, чекист, Отанға деген адалдығыңды таныт. Отличись!» деп винтовканы қолыма ұстатқаны.

Атаңды машинадан түсіріп, алдыма салып айдап келемін. Жер киыршық тас. Қазуға қиын. Сондықтан өлікті жарқабақтың астына тастап, бетін топырақпен жаба салатынбыз. Жардың жанына тезірек апарып атсам деймін. Тас лақтырым жер жеткізсе, кәне.

Ишан қыбырлап аяғын басар емес. Әлде маған солай көрінді ме? Уақыт бір орында байланып тұрып қалғандай, қарға адым жер мәңгілік жеткізбес қашықтыққа айналып кетті. Әйтеуір жарқабақ жеткізіп болмады. «Бол, бас аяғыңды, халық жауы! Контра!» дедім айқайлап. «Екі қолыңды желкеңе ұста!» дедім даусымды одан ары асырып. Дауыс өзімдікі болғанмен, басқа біреу айқайлап тұрғандай. Шал қыңқ етер емес. Басын тік ұстап, кең ақ көйлегінің етегін жел кеулеп, әппақ сақалының ұшы қақ жарыла екі иығының үстінен қылт-қылт желбірей төгілген күйі баяу адымдап келеді.

– Әй, шырағым, қорықпа, – деді естілер-естілмес күбірлеп. Дауысы нық, орнықты. – Кісі атып жүргендерің бір бүгін емес қой, несіне абыржисың! Сен әлгі пәленшекенің баласы емессің бе? – деді әкемнің атын айтып. – Саспа. Сені кінәламаймын. Обалымыз мына заманға. Сен атпасаң, бәрібір басқа біреу атады. Тек бір тілегім бар, соны орындасаң, екі дүниеде ризамын. Артымда шырылдап жалғыз немерем қалып барады. Тұлдыр жетім. Бұл күнде кім-кімге қарасқандай. Оң-солын танымаған сәби. Азап шегіп аштан өледі ғой. Қиналмасын. Атып таста. Бұл хукіметке құл-құтан, қойшы ғана керек екен. Өйтіп қор болып тірі жүрмей-ақ қойсын. Осыны ақтық тілегім деп ұқ! Ал енді жүзімді құбылаға бұрдым. Лә-ил-ла-һа-илоллаһ. Мухаммәд расул Аллаһ!..

Одан сайын абыржып берекем қашты. Бойымдағы жайшылықтағы комсомолдық рух жоқ. Халық жауларына ымырасыз майдан ашқан қырағы чекист екенімді есіме алдым; энеукүнгі «Яш Түркістан» журналын көз алдыма елестеттім. Бірақ мына алдымда тұрған халық жауына деген пролетарлық өшпенділік жүрегімде бәрібір лап етіп тұтанар емес.

– Жап аузыңды, контра, совет үкіметінің қас дұшпаны! – дедім айқайлап. – Мен кедейдің қанын сорған бай-шонжарды, санасын дінмен улаған қожа-молланы жек көремін! Құдайына сенбеймін! – дедім ақырып. Бірақ айқайлаған дауысым өзіме естілер емес, ал ишанның сарнаған сыбыры құлағыма ап-анық жетіп тұр:

«Лә-илла-һа илоллаһ. Мухаммад расул Аллаһ...»

Қолым қалтырап барады, кезей ұстаған мылтығым енді болмаса жерге түсіп кетердей. Көзімді жұмып, шүріппені басып қалғанмын...



Көзімді ашсам, сол жақ жауырынның асты кесе аузындай қырып жайылып, ишан етпеттей құлап барады екен. Басынан ұшып түскен кара такия дөнгелеп барып жарқабақтан секіріп кетті...

Бастығым мақтады. Арқамнан қақты.

Жарайсың, мерген екенсің! – деді. – Дәл жүректен тигіздің. Әйтпесе кейбіреу шала тигізіп, анау қан-жынын шашып тұра қашып, оны қуып оқ шығындап әуреге түсесің. Не дегенмен, бұл бір атап өтерлік іс болды! – Бастық темір құтысының ағаш тығынын тоңқ еткізіп ашып, қырлы стаканға қылқылдата арақ құйды. Сипама стакан арақты кезек-кезек тартып-тартып жібердік. Бастық артық елпілдемейтін, ұстамды, сүйік адам еді. Жұдырығын иіскеп, бір ықылық етіп алды да:

Бала, біздің бұл еңбегімізді жоғарыдағылар ескерер! – деді жылдырап. – Пантюристердің аудан көлеміндегі үлкен бір ұясын шикандадық. Облысқа рапорт жазамын. Шеніміз өседі. Әйда, бала, шатаңда! – Екі иығымнан шеңгелдей ұстап сілкіп-сілкіп жібергенде, елбіыраған басым шалап құйылған торсықтай шайкалып, жер-дүние шырқөбелек айналып кетті...

Біз әрине, орындаушымыз, майдан шебіндегі солдат сияқты. Ал десе, атамыз ас десе асамыз. Біздікі тек бұйрықты орындау ғана. Сондықтан өзімді әлденеге кінәлімін деп есептемеймін. Чекистік ағымға адал қызмет еттім. Сол бір жылдары талай қиын тапсырманы орындадық қой. Бірақ дәл сенің атанды атқандағыдай қолым ешқашан қалтырап көрген емес. Не сиқыры барын кім білсін, соңғы аманаты көңілімнен кетпей қойғаны.

Үйге барған соң әлгіндегі арақ буыныма түсіп, қалғып кеткен екенмін:

«Әй, бала, түрегел! – деді көйлегінің кеудесі қанға боялған атаң қырсы алдымда шайқалақтап. – Айтқан аманатым қайда? Орында!»

Жүрегім атқақтап ұшып тұрдым. Түс-мүске сенетін мистик болмасам да, байыз таба алар емеспін. Атып тастау, әрине ақылға сыймайтын іс. Мұнда пана болар ешкім жоқ. Қаршадай бала қайтіп күн көрмек? Ертең қыс түскенде қаңғып аштан өлері хақ. Не істеу керек?

Ары ойлап-бері ойлап, «қала жаққа барса, интернат бар, панасыз қалғып жүрген балаларды приютқа алып жатыр дегенді естігем, үлкен жолға салып жіберсем, күн жаз, біреу-міреуге ілесіп жетер» деген оймен дорбаны азыққа толтырып, атқа қондым. Арғы қарайғы оқиға өзіңе аян.

Атаң кейін де бірнеше дүркін түсіме енді. Қырық екінші жылы көктемде органда істейтін кіші шенді қызметкерлерді ішінара алдыңғы шепке жіберу жөнінде бұйрық шығып, әскерге алынатын бол-

дым. Ертең кетем деген күні түнде түс көрдім. Биік құздың басынан құлағалы тұр едім, атаң қолымнан тартып ұстап қалғаны.

Ертеңінде ел-жұртпен қоштасып, комиссариатқа барсам, «сіз броньмен қалдыңыз, облыстан нұсқау келді» дейді. Ал менің орныма кеткен жігіт майданнан оралған жоқ... Бірді айтып, бірге кеттім бе? Бәрі атаңа қатысты болған соң айтып жатқаным ғой...

Шырақ, мен – қарт коммунистпін. Партияның жолынан қия басқан жерім жоқ. Осы күнге дейін чекист ретінде де, коммунист ретінде де бірде-бір сөгіс алып көрмеппін. Жалғыз мәрте жолдан тайғаным – сені құтқарғаным. «Мұным қалай? Жаудың тұқымына бүйрегімнің бұрылғаны несі?» деп чекистік арыма дақ түсіргеніме қиналып көпке дейін өкініп жүрдім.

Расында да неге бұлай істегеніме осы күнге дейін қайранмын. Қазір жас ұлғайды, өткен-кеткен еске түседі. Отанға бір кісідей еңбек сіңірдік қой. Отқа да, суға да түстік. Бірақ соның бәрінен көңіл сырғақ. Түсімде ылғи сол баяғыдай, қара ат мініп, қараңғы түнде сені алып қашып бара жатамын...

Шырақ, атадан қалған жалғыз тұяқсын ғой, өс, өркенде. Басқа не дейін. Мына қағазды оқып болған соң өртеп жіберерсің. 12 сентябрь, 1979 ж.»

Бұл осыдан бір жыл бұрынғы әңгіме еді. Әуелі шәкірті, кейіннен қол астындағы лаборанты боп істеген, жиыны тоғыз жыл шамалы уақыт ішінде профессордың өзімен жақын сырласындай көкірегін ашып, жадырай сөйлескені сол шығар. Жанары мөлтілдеп, қолын жайып қайыр сұраған қара бала көпке дейін көз алдынан кетпей жүрді. Профессор қалай масайрап күлсе де, қалай маңғазданып сөйлесе де, бәрібір сол қара бала ту сыртында мұңайып қарап тұрғандай.

Онымен соңғы рет өткен жұмада ғана ұшырасқан. Кафедрадағы методист әйел: «Ойбай, қайда жүрсің? Профессор Ахметов танертеңнен бері іздеп жатыр» деген соң алып-ұшып келіп еді, жылтыраған кең мандайы тас тиген әйнектей шытынап отыр екен. Сәлеміне жауап қатқан жоқ. Қарсы алдындағы орындықты иегімен нұсқады:

– Отыр. Қабылетті адамның дәл сендей талапсызын көрген емеспін! – деді бірден мүйізден басып тұқыртып. – Жарты жылдық есебіңді қарадым, бірде-бір публикацияң жоқ! Не істеп жүрсің сонда?

Кеше лабораторияны бекітіп алып, бірнеше жігіт арақ ішіп еді, сол құлағына жетті ме деп қуыстанып келген, әңгіменің түтіні басқа жақтан шалықтаған соң көңілі жайланып, Бахтияр батылдана жауап қатты:

– Ол публикацияның маған керегі не?

Мынаның есі дұрыс па өзі дегендей профессор көзәйнегі жарқ етпін шаншыла қарады:

- Өстіп өмір бойы лаборант боп өтпексің бе?

- Лаборант болатын да біреу керек емес пе! Отызға келгенше аспирантураға түсе алмай жүрмін. Ғылым мені қайтеді!

Аспирантураны алдына көлденең тартқан соң ба, профессордың аяғы басылып қалды. Төрт жыл талабынан түк шықпай тауып шығылғаны есіне түссе керек.

- Олай деме, – деді үні жуасып. – Үміт үзуге болмайды. Бутанның молекулалық қатары жөніндегі өткендегі тапсырманы не қылдың? Лабораториялық қорытындылар негізінде ғылыми тезистер жаса. Кафедраның методикалық жинағына қосып жіберейік. Күзге қарай Ашхабадта жас химик ғалымдардың региондық симпозиумы өтеді. Бұйыртыса, соған қатысуға қам жасауымыз керек осы бастан. – Профессор келер күннің жарқын үмітін көз алдына қалай тосқанмен Биштияр селт еткен жоқ.

- Оның бізге ауылы алыс қой! – деді нәумез үнмен. – Бізді Тилгарға темекі не сәбіз жинауға жібермесе, ол секілді жерге жуыта ма! Аспирантураға төрт жыл талпынып түсе алмаған соң, бәрінен күңілейін дедім, аға. Бәйгеге білік-білімнің түспейді екен, оған өзіңіз куә боп жүр емессіз бе!

- Бұл реттегі өкпең орынды. – Профессордың терісі тырысқан биік, жылтыр маңдайын лап етіп қан тепті. Төбесіндегі селтип жан-жаққа шашыраған шашының түбіне дейін қызарып кетті.

Қоғамдағы былық-шылықтың ғылымға кеңірдектеп кіргені өкінішті-ақ. Есірген бюрократтарға мәнсап-байлық аздық етіп, енді ғылыми атақты керек ете бастады. Олар қымбат галстук, сөлкебай сияқты ғылымды бойларына сәнге таққысы келеді. Сондықтан қазір ЦеКаның атшысынан райкомның хатшысына дейін қаптанған кандидат, қаптаған доктор. Одан қалды, қатын-баласы, ойнасына дейін тықпалайды. Бұл қалпымызбен қайда барамыз? Жоқ, бұлай кете беруге болмайды. Тосқауыл қою керек.

- Сонда не істемексіз?

- Сен боп, мен боп күресеміз, халтураға қарсы майдан ашамыз!

- Жанын баға алмай жүрген біз секілділердің күрес не теңі! Маған ғылымның да, атақтың да керегі жоқ. Қайтып күнелтем, пәтеракыны қалай төлеймін – менің қазіргі проблемам осы.

- Сенің не, үйің жоқ па еді? – Осы уақытқа дейін қалай білмегенмін дегендей профессор таңырқай қарады. – Келіннің пәтерінде тұрады ғой деп ойлағанмын.

– Келінізде пәтер түгілі жұмыс та жоқ.

– Неге?

– Ауырады.

– Емдету керек қой.

– Пропискасы жоқ, дәрігерлер қарамайды. Жеңіл-желпі жұмысқа орналасайын десе, Желтоқсанда Аланға барды деген қоңырауы бар. Ойлап отырсам, бізге Алматыда болашақ жоқ сияқты. Бәрін қойып, ауылға кетсем бе деп жүрмін...

– Сөзді қой! – деді профессор қатқыл үнмен шорт кесіп. – Мойнымыздағы әлгі тапсырмаларды тезірек орында. Симпозиумға ілігіп кетсең, алдыңнан жол ашылады дей бер. Ректорға барып, жатақханадан бөлме сұрап қылқылдауымызға да жақсы. Ең бастысы, ертең сені ешкім мынау кімнің сүйретіп жүргені деп көз аларта алмайды. Аспирантураға иегімізді қышытып қайтеміз. Сырттай кандидаттық минимум тапсыр да соискатель бол. Тақырыпты бекіттіріп алсақ бітті, өзім жетекшілік етем. Қорғау деген сендей жігітке сөз емес, бірер жылда-ақ дөңгелетіп тастайсың. – Профессор орындыққа шалқалап, терезеге қараған күйі сәл үнсіз отырды да, – Саған айта беруге болады, – деді көзәйнегінің томпақ шынысы ерекше бір шуақпен жылт етіп. – Жақында үлкен монография жазып біттім. Алғашқы төрт тарауын машинкаға беріп едім, жоғалтып алды, оқасы жоқ, черновик арқылы қалпына келтірем ғой. Жалпы, жаман болмас. Ғылыми орта бағалайтын шығар. Лабораториялық кейбір талдаулар қалды. Оны екеуіміз бірігіп жүргізерміз!.. – Орнынан тұрып келіп, мұны оң қолымен иығынан орай құшақтап, қысып-қысып қойды. – Держись, старина! Түптің түбінде жеңіс біздікі!

Сол күні көңіліндегі көрбілтеленіп өшуге айналған үміт оты қайта ұшқындап, профессордың алдынан қанаттанып қайтып еді.

## АЛТЫН КӨПІР

Осынау түксиген қырс қабақ кісіні бұл әуелгі кезде жек көріп жүрді. Ол кезде аналитикалық химиядан екінші курсқа дәріс оқитын. Жалғыз бұл ғана емес, студенттердің бәрінің ол десе төбе шаштары тік тұратын. Мейлінше қатал, қатып-семіп қалған тәртіптің адамы. Бетінің бір талшық нервісі бүлк етіп жымыю жоқ. Көз әйнегінің шынысы гестапоаның прожекторындай жалт-жұлт етіп, ұйықтап отырған не сыбырласып жатқан біреулер бар ма – пәле іздейді. Басқа мұғалімдердің лекциясы рахат: жартысы әзіл-қалжың, анекдот айтумен

өтеді. Бұныкі тек – сабақ, сабақ! Қырық бес минут бойы үзілссіз бір процесті атқаратын машина сияқты. Есіктен сөйлей кіріп, қоңырау соғылғанда сөйлеп шығып бара жатады.

Екеуінің қақтығысы алғашқы семинарда-ақ басталды. Бір жағынан қорқып, екіншіден жақсы көретін пәні болған соң мықтап-ақ дайындалып келген. Барлығына ойдағыдай жауап беріп, бір елеусіз нәрседен мүдіргені сол, «ең қарапайым, элементарный нәрсені білмейсің!» деп екіні шоңқайта салғаны. Әуелі бұл таңырқады, содан соң ашуланды – бар наразылығын қарс түйілген қабағымен білдіріп, есікті тарс еткізіп шыға жөнелген. Бір ерегессе, қанына қарысып қалатын әдеті. «Тұра тұр, шал, көрсетемін мен саған білмегенді!» деді тастүйін тістеніп.

Бірден кітапханаға тартты. Өткен тақырыптарға байланысты әдебиеттерді шетінен оқып, конспектілей бастады. Бір күнде, екі күнде түгесілетін емес. Бір кітаптан бір кітапқа ауысқан сайын өзінің қаншалықты білімсіздігін көріп шошып кетті. Әйтседе бір кітаптың соңғы парағын жапқанда сол кітаптың қалыңдығындай биікке көтерілгендей, көз алдындағы көкжиек бірте-бірте кеңейіп келеді.

Бұрынғыдай лекциядан кейін басы ауған жаққа қаңғитын сыбай-салтаң жүріс жоқ. Келесі семинарға қапысыз-ақ дайындалады. «Кәне, шал, осы жолы сынап көрші!» деп алақанына түкіріп-ақ барады. Бірақ профессор мін тауып мүдіртуге шебер. Осал тұсын аңдып отырып, омақастыра салады. Кешірім жоқ. Басқаларға, тіпті бұдан көп-көрнеу төмен болса да, бес қоятын жомарт қолы бұған келгенде тас сараң. Үштен асырмайды. Ұзағанда төрт. Неткен әділетсіз десеңші! Кісіні алалайтын қиянатшылдығына күйініп, ызадан жарылып кете жаздайтын...

Бір күні, ғажап болғанда, студенттердің қалалық ғылыми конференциясында факультет атынан баяндама жасайсын дегені төбеден түскендей. Жоғары курстағы лениндік стипендиат бар, өзінің үкілеп бес қоятын сүйіктілері қаншама, солардан аттап бұған құсы түскеніне таң-тамаша боп аузы аңқиып қалған.

– Мен «троичникпін» ғой? – деді сасқалақтап.

– Ештеңе етпейді, Эйнштейн де үшке оқыған!..

Сол сәттен бастап араларында жылы көңілдің көзге көрінбес әлдебір алтын зері тоқыла бастаған еді.

Жазған баяндамасын «О, міне, тамаша, логикалық жүйең мықты!..» деп мақтап-мақтап алып, қызыл ала шимай ғып түзеткен. Кейінгі университет газеті мен методикалық бюллетеньде шыққан мақалаларын да өзі бастан-аяқ редакциялады. Сөйлемді қалай құрып,

ойды қалай жүйелеудің жолын үйретті. Не керек, содан бері сүйреп келеді: университетті бітірген соң кафедраға ассистент қып алып қалды, одан кейін лаборант қып ауыстырды.

Ойлары бірден аспирантураға түсіп, бірер жылда кандидаттық қорғау еді. Бірақ оның қиямет-қайымы көп екен. Жөні кеп тұрса да, жолдама керек деген судағы балықтай құйрығын ұстатпайтын жақсы сылтау бар.

Алғашқы жылы ЦеКадағы бір дөкейдің еркесі алдын орады, келесі жылы министрдің алдындағы отыратын бір жесір келіншек кенеттен ғалым болғысы кеп қалып, дәметіп жүрген жалғыз орынды тұмсық астынан ол қағып кетті... ЦеКа мен министрлікте не көп – дөкей көп, солардың таныс-туыстары «ғалым» боп біткенше, бұған бұл ғасырда кезек тие қоймас. «Ау, ағайын, қайда бара жатырмыз, ғылымның обалын ойлайық!» деп шырылдап шыр-пыр боп жүрген жалғыз бейшара Профессор ғана. Бірақ оны кім тындасын. Ерке-тотайларды бір-екі рет құлатып жібергеннен кейін, оны тіпті қабылдау комиссиясына да жуытпайтын болған...

Сапырылысқан ойдың жетегіне еріп, қайда қаңғалақтап келе жатқанын өзі де білген жоқ. Бір қараса, профессордың үйінің қарсы алдына кеп тоқтапты.

Бес қабатты алқам-салқам сұрқай үйдің подъезі ызғар тартып үңірейіп тұр. Қайдан жүргені белгісіз, профессордың әлгі ерке ак мысығы қасында мияулайды. Үні жалынышты, жүні үрпиген. Екі аяғын шыр көбелек айналып, балағына ары – бір, бері – бір сүйкеніп алды да, анандайға барып «жүрмейсің бе!» дегендей қайырыла қарады. Бұл қозғалып еді, алдына түсіп бүлкектей жөнелді. Дыңылдаған бетон баспалдақпен өрмелеп ең жоғарғы қабатқа көтерілген. Бұл қонырауға қол созам дегенше, астафиралла, ақ мысық қарғып шығып, қабырғаға жабысып тұра қалды да, қара түймені табанымен бажылдата басып-басып жібергені.

Сырп-сырп сүйретіп басқан шәркейдің дыбысына ілесіп, Мұқарама апайдың қарлығыңқы даусы естілді іштен:

– О, жаным, келдің бе! Қазір-қазір... Күні бойы қайда жүрсің зым-зия жоғалып? Бейшара, сен де бірдеңені сезесің бе... Келе ғой, ақылдым!.. – Кісімен сөйлескендей күбірлеген күйі есікті ашты да, қарсы алдында серейіп тұрған мұны көріп селт етіп абыржып қалды. – А, Бахтияр, сенбісің, айналайын! Келе ғой... – деп, ішке қарай шегініп жол берді. Апайдың ұрты суалып, көзінің алды әжімденіп бір-ақ күнде қартайып жүдеп қалыпты. Екі иығы қушыып, бойы да шөгіп кеткендей ме?

– Бахтияр-ау, енді қайттім, сорладым ғой!.. – деп алжапқышының етегімен бетін басып, өксіп-өксіп жіберді.

– Қойыңыз, апай! – деді Бахтияр іші іріп тұрса да даусы қатқылданып. – Жаман ырым бастап жыламаңыз!

Апай тез басылды.

– Жо-жок, жыламаймын. Қойдым, айналайын! – деді мұрнын тартып, көзін сүртіп. – Өзінді көрген соң көңілім босап... кешір, қарағым, есіктен кірмей жатып зарымды айтып жатқаным. Жүр, төрлет.

Екеуі залға кірді. Бахтияр қапталдағы қоңыр диванның шетіне кеп жайғасты. Мұкарама апай қарсы орындыққа денесін тастай салғандай сылқ етіп отыра кетті. Ақ мысық бұлардан бұрын кеп төрге жайғасып алған екен, арқалығына көнетоз қара пенжак ілінген орындықтың үстінде мұрынын баурына тығып бүйректтей дөңгеленіп жатыр.

– Көрмейсің бе, әне бейшараның жатқан жерін! – деді апай көзі жасаурап. – Мүсілімнің отыратын жерінде жатыр. Бұл да сезеді ғой. Кешеден бері мияулап маза жоқ. Тамаққа да қарамайды. Есік тырналап тұрып алған соң, таңертең шығарып жіберіп едім, қаңғып-қаңғып содан жаңа өзінмен бірге кірді. Келе қойшы, Ханым! Ақылдым менің! – Апай мысықты алдына алып, бауырына басты. Басынан, арқасынан сипады. Жаңа есік сыртынан «жаным» дегендей сияқты боп естіліп еді, сөйтсе, аты Ханым екен. Расында да сұлу мысық. Тұлабойы аппак. Сиам тұқымы. Қозғалмай отыра қалса, ақ фарфордан құйылған мүсін бе дерсің. Екі көзінің айналасы дөңгеленген қап-қара. Бояп қойған секілді. Маңдайының ортасында саусақ ұшындай қара нокат бар. Ханым десең – Ханым!

Қапталдағы есігі жабық тұрған бөлмеде телевизорды қосып қойған ба, ертегі не мультфильм жүріп жатса керек, «Баю, баюшки баю, не ложись ты на краю...» деп бір жыламсыраған әйел даусы ұзын сонар сыңсиды. Мұның елендегенін сезіп, мынандай сәтте телевизор қарап отырғанына ыңғайсызданды ма, апай орнынан тұрып залдың есігін жауып қойды. Орнына кеп отырып, өз-өзінен иегі кемсендей бастады:

– Қайтейін, бір қайғыға бір қайғы жамалып...

– Сабыр етіңіз, апай. Операция сәтті өтіпті. Соны көңілге медет тұтайық...

– Иә, операция жақсы өтті. Бәрі ана Олжас айналайынның азаматтығы ғой! Алдыңғы күні жан қысылғанда, жолдастардың бірі сол кісіге хабарласқан екен, қаладағы ең мықты нейрохирургты қол-аяғын жерге тигізбей операция бөлмесіне алып келіпті. Жана

да, сен келер алдында, ахуал сұрап телефон соқты. Алла-ай, сондағы ұялғаным-ай! Былтырғы сайлауда қарсы дауыс беріп едім. Жұмыстағылар жік-жік боп қырылып қала жаздады емес пе!

– «Нет Пророка в своем отечестве» деген, апай. Ұлылардың бәрінің тағдыры солай.

– Иә, жақсымен жаудай алысатын әдетіміз емес пе. Олжас түгілі, ғылымнан басқа ештеңені білмейтін осы Мүсілімнің өзінің көрмеген құқайы бар ма. Пенде боп тірі жанға зәбір жасап көрген емес. Сонда да ел қарадай өш. Аналитикалық химиядан Қазақстанда докторлық қорғаған ең жас ғалым. Профессор болса да әлі күнге дейін кафедра меңгеруге қолы жеткен жоқ. Мұнда еленбесе де, Құдайға шүкір, жер-жерде қадырын білетіндер бар екен. Ленинградқа да, Свердловскіге де шақырған. Білгенімді бір қара көз бауырыма үйретсем, сол да пайда деп бармай қойды ғой! Өз дегені болмаса көнбейтін қыныр адам. Бәлкім, осы сор түртті ме екен!

– Біреулердің қастандығы емес пе бұл? – деді Бахтияр көңіліндегі бықсыған шаланы көсеп. – Ондай күдігіңіз жоқ па?

– Білмеймін, қарағым. Ондай болған күнде де жымын білдіре ме? Әйтеуір, әлгі қолжазбасы жоғалғанда қатты қапаланды ғой. Бірақ, «көзімнің тірісінде ешкім сіңіре алмайды» дейтін.

Көрші бөлмедегі телевизордың даусы біресе бәсең тартып сыбырлап, біресе айқын естіледі. Мультфильм бітіп, басқа кино басалды ма: «Малика, душа моя! – деді еміренген ана даусы. – Вот видишь, мы на самолете летим. Высоко, высоко над облаками. Теперь они не могут нас найти. Потому что мы спрятались за облаками. Боже мой, как хорошо, что мы снова вместе! Как я по тебе соскучилась! Ты чего молчишь, Малика? Не узнаешь маму? Ты что, плачешь? Тебя обидели пока меня здесь не была, да? По попе била эта... эта злая женщина? Я ей покажу как бить тебя!.. Мама, мама, открой! Оказывается Малику била эта зверюга! Я ей руки все ламаю! Открой, открой!..»

Кенет есікті әлдекім солқылдатып ұрғылай жөнелгенде, Бахтияр аң-таң боп отырып қалды. Мұкарама апай сүйретіле орнынан тұрды. Беті сопайып, түсі қашып кетті. Әлдебір ұрлығы ашылып қалғандай, бүгежектеп бұған қарай алар емес. Шәркейін сүйрете басып барып, алжапқышының қалтасындағы кілтпен сырт еткізіп есікті ашып еді, ұзын көк халаты делеңдеп, сыдифан, тақыр бас бір әйел іштен атып шықты. Әппақ борықтай әдемі келіншек. Тостағандай қап-қара көздерінен тарам-тарам аққан жасы жүзін жуып кеткен. Басына кішкентай ақ орамал тартып, ұзын қызыл көйлек кигізіп үлбіретіп қойған қуыршақ – қызды бауырына тас қып құшақтап алыпты.



– Мама, мама! – деді иегі кемсендеп. – Эта зверюга Малику била!..  
 – Сандалма! – деді Мұқарам арай ақырып. Ентелеген келіншек-ті көкірегінен итеріп кеп жіберіп еді, ана бейшара шатқаяктанып құлап қала жаздады. – Кәне, Салтанат, орнына бар. Әне, дәрігер кеп отыр! – Бұған қарап, рас деп айт дегендей, көзін қысты. – Ауруханаға алып кетеді. Тағы да укол соғады, сабайды!

Келіншек бірден жуасыды. Жас жуып жалт-жұлт еткен жанарында лып етіп үрей ұшқындады. Бұл отырған бөлмеге мойнын созып бір қарады да, дыбысын білдірместен ішке қарай сып берді. Қуыршағын құшақтаған күйі көлденең тұрған столдың қалқасына бүк түсіп отыра қалды.

– Дыбысын шықпасын, әйтпесе сыртта машина тұр, салып жіберем!

Арай есікті сарт еткізіп жауып, сыртынан кілттеп қойды. Адуын арынын есіктің ішіне қалдырып, бері қарай арай мүлдем басқа адам боп бұрылды – бет-аузы бір уыс боп бүрісіп, белі бүгілген кәрі кемпір. Аяғын тәлтіректеп әзер басады. Екі есіктің арасын екі ай аттайтындай. Сүйретіліп келіп әлгіндегі орнына сылқ ете түсті. Көкірегі бір басылып, бір көтеріліп, демі жетпей алқынып отыр.

– Көрген күнім осы, қарағым! – деді даусы қалтырап. – Аллаға аян нәрсені адамнан жасырып қайтейін. Әлпештеп өсірген екі баланың екеуі де көзге күйік болды. Мүсілім бейшараның: «Баяғыда НКВД-ның жан алғышына атамның ана немеремді атып таста деп аманат қылуы тегін емес. Сонда атып тастауы керек еді. Енді менің барым не, жоғым не – бәрібір!» деп басын тоқпақтайтын да жөні бар. Жалғыз ұл анау – елде жоқ өнер бастап есірткінің соңынан кетті. Өлітірісі белгісіз. Қыздың сикы – мынау, аяп, бір апта бұрын жындыханадан шығарып алып едім, енді міне, алысып-жұлысып отырғаным. Таңертең ауруханаға бардым да келдім. Үйге жеткенше зәрем ұшты. Газ жағам деп, бүкіл үйді жарып жіберіп жүре ме, қайдан білесің!..

Апайдың көз қиығынан үнсіз сырғыған жасты сүртіп қойып, айтқан әңгімесін естігенде, төбе шашың тік тұрады.

## ЖАНДЫ МЕНШІК

Салтанат Москвадағы әйгілі Плеханов атындағы финанс институтында оқыпты. Қыз баланы қолымыздан ұзатпайық, Алматының оқуы да тақиясына тар емес дегенде, «Москваның ауасының өзі – тәрбие, білім, Европаның иісі аңқып тұр, болашақтың күні Батыстан шығады» деп қолпаштаған әкесі екен. Мектепті алтын медальмен бітірген қызының келешегін ойласа керек.

Салтанат әке көңілінен шығып, онда да жақсы оқиды. Қызыл дипломға іліксе, ары қарай аспирантураның ауылы да алыс емес еді. Сөйтіп жүргенде, бір күні аяқ астынан Москвадан телефон соғылды.

– Апа, – дейді күмілжіп. – Тұрмысқа шықсам қалай қарайсындар?

– Қалай қарайтыны бар, мұның жақсы жаңалық қой!

– Сендер ренжитін шығарсындар!..

Анасы тіксініп шар ете түскен:

– Ойбай, не деп тұрсың? Орыс па?..

– Арап!

Мұны естігенде орысы айналайын боп қалды. Бірақ өз қолын өзі кесе ме, «Құдайым-ай, ең болмаса орысқа шықпады-ау!» деп тулағанмен кейін келе «Е, әйтеуір, мұсылман екен!» деп амалсыз көңілдерін алдарқатқан болды.

Елтең-селтеңді білмейтін, сабақтан басқаға мойын бұрмай тіке жүріп, тік өскен бойжеткен алғашқы асау сезімнің ырқына құлай беріліпті. «Балам, әуелі оқуынды бітіріп ал» деген ата-ананың өтінішіне де қараған жоқ. Көп өтпей тұрмысқа шыққан.

Күйеу бала мединститутта стажировкада жүрген йемендік жігіт екен. Бұрын Киевте оқыпты. Есімі – Әли-Фатих. Денесі сымға тартқандай тіп-тік, қыр мұрын, қияқ мұрт – көрер көзге сымбатты-ак. Жылға жетпей бөпелі болды. Атын Малика қойсақ кайтеді деп телефон соққан. «Е, жақсы есім екен, болсын» десті. Баланың баласы – немере-жиен тіпті ыстық екен. Енді Мұкарама апай қолы қалай қалт етсе болды, артынып-тартынып Москваға шапқылайды. Әуелгіде демалыс алып, қырқынан шыққанша жатып қайтқан. Одан кейін де бірнеше дүркін барды. Ширап, қарақұлақтанған сайын бір қылығынан бір қылығы тәтті бола түсті. «О, Жаратқан ием, немере сүйіп, міне, ата-әже атандық. Бұл күнге жеткізгеніңе тәуба!» деп шүкіршілік еткен.

Әли-Фатих оқуын тәмамдап, еліне қайтар кезде коштасу үшін үшеуі Алматыға келген. Ол кезде Малика жаңа тәй-тәй басып жүрген. Шашы сап-сары, тас бұйра. Екі көзі мөлдіреп жайнап тұр. Тәттілігі сондай, құшақтап ап екі бетінен сүйіп-сүйіп алғың келеді. «Бәрібір емшектен шығарып жіберіпсің, бізге тастап кет, бауырымызға басып алайық» деп еді, қызы түскір мұндай балажан болар ма, күмілжіп төмен қараған соң, ары қарай қыстамаған. Сол жолы баланы тастап кеткенде, бұл кепке ұшырамас па еді, кім білсін. Енді міне, «Малика! Малика!» деп жансыз қуыршақты құшақтап зарлап отыр.

Әли-Фатих мұнда бір бармағын бүгіп жүрген екен. Үйіне барғанда алдынан бір қора бала жүгіріп шығыпты. Сөйтсе, Салтанаттан басқа үш әйелі бар екен. Бір ауланың ішінде жеке-жеке үй. Күйеуі «Шейх

әулетіненбіз» деп мақтанғанға Европа мен Шығыс мәдениетінің үйлесім тапқан нәзік салтанатын көз алдына елестетіп келген келіншек мұндай опасыздықты күтпеп еді. Төбесінен жай түскендей жайрап қалды. Бір айға дейін ес жинай алған жоқ. Не істеп, не қойғанын білмей мәңгіріп жүрді.

Жылай-жылай бұған да көндігер ме еді, бірақ бірінен бірі асқан сорақылық күн сайын алдынан кес-кестей берді. Бұтқа көлбендеген ұзын дамбал, бет бүркеген пәрәнжа кию өз алдына, бірте-бірте кісі санатына қосылудан қалып барады. Көшеге шығу, елмен араласу жоқ. Күйеуі анда-санда европалық тәрбие алған зиялы екені есіне түскенде ғана үлде мен бұлдеге малындырып, сылаң қаққызып концертке, не мәртебелі бас қосуға ертіп барады. Оның өзі де «міне, менің шетелдік әйелімді көрдіңдер ме!» деген мақтан. Басқа уақыттағы өмірі ауланың ішімен тұйықталған. Дөңгелене қоршалған биік дуалдың сыртындағы дүние қараңғы, тұман. Мешіт мұнарасынан мәзіннің күңіреніп шыққан даусы мен машинаның гүрілінен басқа ештеңе естімейсің, ештеңе көрмейсің.

Бір күні күйеуіне:

– «Өстіп отыра берем бе? Алған білімім, қаншама жылғы оқуым босқа кетеді ғой. Бір жерге жұмысқа орналасайын», деп еді:

– «Сенің жұмысың – әйел болу, бала табу!» деді.

Төрт әйел аулаға шыға қалса, бастары жыланнның басындай қақшандап, пәрәнжа астынан көздері қанталап, жалт-жұлт қарасып, бір-біріне атарға оғы болмайды. Өздерін ғана емес, бір-бірінің балаларына да өлердей өш. Ойын баласы әлденеге таласып, шекісе қалғандай болса, сылтау табылып, іштерінде қызғаныштың қызыл төбеті ырылдаған бейбақтар бір-бірімен жұлыса түсуге даяр. Қарадай өштескен күндестері кейде Маликаға қастандық жасап жібере ме деп ойлағанда, Салтанаттың қорқыныштан азап ойы қаза тұратын.

Күйеуі көзін ежірейтсе, милиция шақыртып, түрмеге тыққызып жіберетін, әйелі өктем, өр көкірек, тендікке ғана емес үстемдікке жеткен, эмансипацияның гүлі барынша шешек атқан елдің еркетотай қызына мұның бәрі сорақы, жан шошытар жабайылық боп көрінді. Ақылға сап безбендеп, ақыры опа таппасын білген соң:

– Ажырасам, еліме қайтамын! – деген. Әли-Фатих сұрланып кетті. Әлде ашуланғаны, әлде абыржығаны. Мұрты жыбырлап сәл тұрды да мырс етіп сынар езулей күлді:

– Сен қайда тұрғаныңды білемісің? Мұнда келген із бар, шыққан із жоқ. Сен – енді менің меншігімісің. Сатам ба, өлтіріп тастаймын ба – өз еркім!

– Сен мені ана қатындарың сияқты көрме! Қателесесің. Мен – басқа елдің азаматымын. Артымда іздеушім, жоқтаушымы бар. Алдап, осы жасаған опасыздығың да жетеді. Іргеңде Совет елшілігі тұрғанын ұмытпа. Орта ғасырдағы Халифатта өмір сүріп отырған жоқсың, көзіңді ашып қара!

Әли-Фатихтың екі көзі екі тамшы қанға айналды:

– Өлтірем! – Екі қолын шеңгелдей созып төніп келеді.

– Өлтір! Буындыр! – Әйел селт етер емес, безірейіп тұр. Тамырлары шодырайып бүлк-бүлк соққан қылдырықтай мойынды қылғындырып бүріп түсердей, орып түсердей сұрапыл сұспен төнген қанды шеңгел сылқ құлады.

– Уй, кәпір! Қаншық!..

– Кісіні қорлағаннан артық кәпірлік бар ма! Нағыз кәпір сенсің! Деспот, идиот! Папамның ай сайын телефон соғып, халімді біліп тұратынын білесің ғой. Бір тал шашым түссінші, Совет елшілігін табанынан тік тұрғызып, шаңыңды аспанға шығартады! Так что, бұл мәселені жанжалдаспай ақылмен шешейік.

– Жарайды, – деді Әли-Фатих шапшаң келісіп. – Бүгіннен бастап сен менің әйелім емессің. Тіфу, талақ! – деп үш мәрте қайталап аспанға түкірді. – Бірақ заңды түрде басыңа бостандық алу үшін осы уақытқа дейін кеткен барлық шығынымды төлейсің!

– Ол не шығын?

Әли-Фатих өз бөлмесіне жылдам адымдап кіріп кетті де, жүгіре басып қайта шықты. Ескі қойын кітапшасын жүре парақтап келеді.

– Міне, – деп саусағының ұшын жалап алды да, қойын дәптердің беттерін сытырлатып аудара бастады. Әр бет бағаналап тізілген ұзын-шұбақ арапша жазу. Тұсында цифрлар. – Танысқан күннен бастап бүгінге дейін саған жұмсаған шығыным. Пәленбай мың доллар. Осыны төле де, басың ауған жаққа қайқая бер!

Салтанат әуелі күлді, қалжыны ғой деген; тіпті ұзағанда ашу үстінде ерегесіп істеген дәрменсіздікке сайыған. Бірақ қайтпасқа бекініп, арсызданып алған сұп-суық жүзін көргенде шошып кетті. Шынымен аянбасқа бел шешіпті. Құм санаған дүниекоңыз, сараңдықтың, ардан безген сұмпайы міскіндіктің неше түрлі мысалын білуші еді, бірақ ер адамның мұндай күйкі болатынын көріп тұрғаны осы. Танысқан күннен бастап қай күні киноға, ресторанға барғанын, қанша сомға моншақ, трусы... әпергенін көзінен тізіп хаттай беріпті.

– Қалай төлеймін? – деді көзі алақандай болып.

Саудаға көшкен Әли-Фатихтың арсыз бетінде қытық жоқ.

– Әкеңнен алдыр. Профессор ғой!

– Менің әкем – сен сияқты шейхтың ұрпағы емес. Ондай ақшасы жоқ.

– Ендеше мен көмектесейін.

– Қайтіп?

– Басқа еркектердің көңілін аулайсың. Бұл дегенің мұнда тамаша бизнес. Бай клиенттер тауып берем. Сен сияқты советтік сұлу мұндағылар үшін таңсық, экзотика. Базарың жақсы жүреді!

– Ей, хайуан! – деді Салтанат қалшылдап. – Не деп тұрсың?! Ит болсам да балаңның анасы емеспін бе! Қалай аузың барады!

– Моральді қой. Сен – менің әйелім емессің. Қалай табасың, шатағым жоқ. Ақшамды өндіріп алсам болды. Мен саған істің жөнін айтып тұрмын. Күн сайын ішкен-жегенің, жамбас ақың... бәрі қосылып, қарызың көбейе береді. Ойлан!..

Салтанат қанды қақпанға мықтап түскенін білді. Ет қызуымен асылып не үйдің төбесінен секіріп өлмекші болған, бірақ қызы мен ата-анасын ойлап, ол ниетінен тез қайтқан. Өзіне емес, өмірі солар үшін керек екен. Жаздым-жаңылдым деп аяғына жығылса ше? Иттен қадырсыз боп, одан сайын басынып, өмір бойы есіктегі күні болып өтпей ме!

Тығырыққа тірелді әбден. Айналасы құлама жар, шыныраудың шетінде тұрғандай қалтылдап, арғы жағаға алып шығар қылдырықтай жалғыз соқпақ бар – сол қорлық жолы. Мың ойлап, жүз толқып тәуекелге бекінген. Баяғыда малға сатылып, шалға қосақталған қазақтың мұңлық қызы жылай-жылай тағдырына мойынсұнып: «Құдай – салды, мен – көндім, ақшұнақ шал, бері жат!» депті ғой. Әйел сорлы қай қорлыққа төзбеген. Әлем-жәлемге қызығып тойымсыздықтан нәпсі жетегіне ергені емес. Жалғызымның болашағы үшін, басымның бостандығы үшін арам тәнімді итке тастадым деген.

Қарғыс атқыр сол күні қорлық таңбасы басылған қара бетін пәрәнжамен көлегейлеп сыртқа шыққанда, көкейінде әлсіз үміттің оты әлі өшпеген еді. Арқасы күжірейіп алдына түскен еркегі: «Аһ, ананды ұрайын, қаншық, қайтер екен десем, қарай гөр!» деп, қайрыла беріп қақ маңдайдан қайқайта алақан қырымен перер деген. Әли-Фатихта ондай жылт жоқ. Есегін кіре тартуға жетелеп апара жатқан саудагер сияқты. Қайта ондай жерде өзін қалай ұстау керек, қайтсе бағасы артатынын жайбарақат айтып көсемсіп келеді қара бет хайуан!..

Шаһардың шуылы аз шеткері тұсындағы шағын бір мұнтаздай үйге келді. Ауласы оңаша. Дуалы биік. Жарқыраған аппақ мәрмәр баспалдағын күнәһар пиғылыңнан тітіркеніп имене басасың. Енді осы жерде күніне екі-үш сағат «жұмыс» істеп қайтады. Әли-Фатих

өзі ертіп әкеп тұрады. Қымбат клиент тауып, жеңгетай болатын сол. Кассир де өзі. «Жұмыстың» тоқтаусыз жүріп, жемісті болуы – тікелей соның еңбегі. Келетіндердің дені мосқал. Әлде қарыны салбырап, желкелері күжірейіп етжеңді болған соң солай көріне ме? Қолдарында – тасбих, ауыздарында – сағыз. Кейде сырттан мәзіннің дауысы естілсе, қай жерде отырғандарымен шаруасы жоқ, жайнамаздарын жайып жіберіп тоңқандай кетеді.

Жалпы, еркек деген қызық халық қой. Жоқ нәрсеге таңсық, Мағрип әйелінің қызуқанды, қылымсыған назды қылығынан тоят алып жалыққандікі ме, мұның ешқандай құлықсыз, суық, сұлық қалпына өліп-өшетіндерін қайтерсің. Менсінбеді, көңілін таба алмадық деп намысқа шауып жаныға түседі. Әлде ризашылығы, әлде селт еткізіп сезімге бөлей алмаған айыбын жуып-шайғаны ма, сыбырлай жалап-жұқтап, ышқырына жасыл қағаз қыстырып жатқаны.

Бір-екі әуейі, тіпті, «ғашық» боп қалды. «Тек менікі болшы!» деп сыбырлап, табанын мандайына басып, башпайынан сүйеді. Ондайлар басқаларға кезек бермей қайта-қайта келген сайын, товары жақсы өткен саудагер сияқты, таксасын көтеріп, Әли-Фатих мұртынан жымияды.

Обалы нешік, әли-Фатих бұл жерде «мұсылмандық» жасады. Хақын жеген жоқ. Жылға таяу уақыт ішінде тапқан пұлын шырғасын шығармай шотқа қағып, бір тиынын асырып не кемітпестен өзіне тиесілісін алды да, қалғанын бұған қайырып берді. Енді басың азат деді.

Бірақ даудың үлкені балаға келгенде басталды. Әли-Фатихтың әке-шешесі Маликаны шырылдатып бауырынан тартып алып, мұны тіпті есігінен де сығалатпай қойды. «Балада шатағың болмасын, жоғал! – деді. – Ұрпағымызды қаңғытып жібере алмаймыз. Құдайды білмейтін бұзылған дінсіздердің арасына жіберіп, кәпір қылар жайымыз жоқ. Өзіміз бағып-қағамыз. Басың қақшандап ажырасам, азаттық керек дедің. Бала керек болса, байынның ақылын неге тындамайсың? Су ағып, жер жаралғалы одан қор болған әйел затын көрген жоқпыз!»

Жылап-еніреп елшілікке барған. Ондағылар «Бақытты шеттен іздеу қандай болады екен, саяси көрсоқырлық деген міне осы!» дегенді төтесінен айтпаса да тұспалдай аңғартып, біраз уағыз айтып алды да, жөн сөзге көшті. «Біз әрине, отандастарымыздың тағдырына бейтарап қарай алмаймыз, қолымыздан келгенше көмегіміз дайын, – десті. – Бірақ бұл елдің салтында ажырасу – жоққа тән құбылыс. Еркек некелескен әйелін тастамайды, көңілі қалағанын әйел үстіне ала береді. Тек шарифат жолын сақтап асырап-бағып, жұбайлық міндетін атқарып отыру – парыз. Яғни әйел мен бала ердің жанды меншігі

іспеттес. Бірақ баланың Совет Одағында туылғандығын, анасы шетел азаматы екендігін алға тартып, дипломатиялық каналдар арқылы әрекет етіп көреміз. Болмаса халықаралық сот пен қоғамдық ұйымдарға шағымдануға тура келеді. Алайда бұл ырың-жырын, машақаты көп, ұзаққа созылатын процесс. Сондықтан босқа жүйкеңізді тоздырмай, елге қайта бергеніңіз жөн. Біз істі өзіміз тындыруға тырысамыз».

Бір-екі мәрте Маликаны көруге барып, дарбазадан кіре алмай жылай-жылай әбден тауы шағылған соң, ақыры сұлдерін сүйретіп Алматыға оралған. Салтанаттың қайғысын көріп ата-ана, дос-жаранның қабырғасы қайысты. Ақыл қосып, сөз өтер, қол жетер жердің бәріне шағымданды, тіпті Біріккен Ұлттар Ұйымына дейін хат жазған. Сөйтіп, күнде ертеңмен үміттің әлсіз жібін қармалап жүргенде, бір күні Салтанат өзінен-өзі көтеріліп сөйлеп, Каблуковтағы психиатриялық ауруханадан бір-ақ шықты.

\*\*\*

Жапсарлас бөлме, диванды қозғады ма, столды дарылдатып тартты ма, көшіп жатқандай тарс-тұрс дыбысқа толып кетті. Әлдене дүңк етіп еденге құлады.

– Мына қызы түскір не істеп жатыр? Қиратты-ау бәрін! – Мүкарама апай тіксініп құлақ түргенмен орнынан қозғалған жоқ.

Тарсыл-гүрсілге Салтанаттың үні қосылды: «Малика, лапочка моя! Бөпешім менің! Басына бүйтіп ақ орамал тартып қояйын. Міне, араптың қызы боп шыға келдің. Жүр, бол тез! Ана екі қақпас ұйықтапты. Білдірмей шығып кетейік. Дуалдан секіре алмаймыз. Биік. Жүр, дарбазадан шығайық. Жабық екен, енді қайттік! Жоқ, мен сындырамын!» Есікті жұлқылап, солқылдата бастады. Мүкарама апай шыдай алмай орнынан ұшып тұрды. Есікті ашқан жоқ, бергі жағынан жұдырығымен салып-салып жіберді:

– Ей, Салтанат, тоқтат, өшір үніңді! Әйтпесе, әне дәрігер кеп отыр. Машинасына салып алып кетеді!

Салтанат тым-тырыс боп үнсіз қалды. Апай орнына қайта келіп отырды.

– Жаным ашып шығарып алып едім, басыма пәле болды. Күндіз-түні, міне тыныштық жоқ, арпалысып отырғаның. Бөлмесіндегі терезенің тұтқасына дейін алып тастадық, сонда да секіріп кете ме деп қорқамын. Не істеймін енді, білмеймін. Кешке дейін димедрол беретін емес. Осының кесірінен ағаңа да бара алмай отырмын.

– Қиналғанмен қайтесіз, апай, – деді Бахтияр қипақтай орнынан тұрып. – Ауруханаға өткізу керек. Әйтпесе мынандай жағдайда күндіз тыным, түнде ұйқы жоқ, әбден титықтайсыз ғой. Екі ортада өзіңіз ауырып қаласыз. Құдай бетін аулақ қылсын, кейде мұндай науқас аяқ астынан көтеріліп кетсе, шатақ болады. Бағынбай күш көрсетуі мүмкін. Жалғыз өзіңіз не істейсіз. Әрине, сізге қиын, апай, бірақ басқа амал не? Мен дәрігер шақыртсам, қалай қарайсыз?

Апай үнсіз басын изеді.

– Телефоны қандай?

– Андағы анықтаманың бірінші бетінде жазулы тұр.

Бахтияр телефон тұтқасын көтерді. Апай столды шынтақтаған күйі екі алақанымен бетін басып тұншыға өксіді:

– О, Аллаһ-ау, не жазып едік! Қай пиғылымыздан мұндай күйге ұшырадық!..



## ШАЙТАН ОТЫ

### СИНДИКАТ

«Квант» – өнеркәсіп министрлігінің бір кездегі жатақханасы еді. Орталықта болғанмен ауланың ішінде, қағаберіс орналасқан. Төрт қабатты, қоңырқай, кірпіш үй. Бір қанатына министрліктің үйсіз жүрген қызметкерлері, жолдамамен алынған жас мамандар жайғасқан. Қалған бөлігі, командировкаға келген жұқа қалта инженер, басқарма аппаратындағы жай қызметкерлер жатпаса, көбінекей қаңырап бос тұратын.

Бағын ашқан – марқұм Шықаң. Шынарбай Ашотович. Екі жыл бұрын министрлікке жас басшы келіп, ескіден орныққан қу мүйіз қызметкерлерді орнынан ырғай бастады. Әсіресе шал-шауқандарға қырғидай тиді: «маған қалғып-шұлғып отыратын пенсионерлердің керегі жоқ, ақсақалдар бізді де, өздерін де қинамай дем алсын!» деген.

Шықана алабөтен ондай нос көрсетпесе де, бірнеше дүркін алдына жеке шақырып, ісіндегі шалағайлықты көзіне шұқып, қуырып алған. Жоғарыдан қоңырау шалдырса да ығар емес.

Бір қисайса көнбейтін қыңыр неме екен. Бетін сыртқа салып, сылтау іздеп жүргенде, өзі құлайын деп тұрған жотаға қой жайғандай, оған «Көңілдесіне үй әперді. Бөтен әйелмен «Арасан», моншасына барады...» деген аморальдық мәселе қосылып, ақыры Шықаңды пенсияға шығарып тынған.

Бұл шетін «инцидент» Шықаңның жоғарыдағы мүйізі қарағайдай лауазымды інілерін қатты намыстандырды. «Ақ үйдегі» орысты арқаланып мына бозөкпе кірменің басынуын-ай! Төбене шүршіт ойнактаса да «АН-2»-ны жолатпа дейтіні осы екен ғой. Әйтеуір

аты қазаққа бола берсін дейтін кеңдік, көсемдік жоқ, заң-закон деп тістей қатып отырып алады. Не өзгеге жақсылық жасамайды, не өзіне қайыры жоқ. Бас-басына дүрдиген бірдеңе! Өлө, маңдайға басып жүрген ағамызды үкімет пен партияға сіңірген осыншама еңбегіне қарамай осырған сиырдай қылғанын қарашы! Бәлем, кешегі күніміз болса!..» деп тістерін шықырлатты.

Алды кең, көңілі шуақ Димекеннің мамыржай заманындағы өзіміздің балалар өсе берсін деп шарапатын тигізген бауырлары ғой. Енді міне, сол жақсылығы алдынан шығып жатыр. Пенсия жасынан асса да беті қызыл қыз-келіншек көрсе, көзі шырадай жанып, қутың қағатын көкелеріне бәрі жабылып, шүйгін өріс іздеді. Кітап палатасының директоры, Ескерткіштер қорғау қоғамының бастығын қалай көресіз деп еді, оған Шықаң ықыласты болмады. Кәсіподақ жүйесіндегі бірер биік арқалы орындыққа да ыңғай бермеді. «Япырай, бұл шалдың көңілін қалай таптық?» деп дағдарғанда, Шықаң өзі: «Әй, балалар, қиналмаңдар. Мен – шаршаған адаммын. Тыныштық керек. Дабыралы жұмысты қайтесіңдер, ана Арқарбаев та бір мейманхананы басқарып отыр ғой. Сондай бірдеңе болса жетеді!» деген.

Сонда барып көкелерінің емеурінін таныған. Бірақ Арқарбаев – Отан қорғаған қаһарман ғой, оны қалай аттан аударып тастамақсың? Сол тәрізді басқа жерде қонжиып-қонжиып отырғандар да осал емес. Ақылдаса келіп, ана бозөкпе министрге қайта құрық салған. Қысы-жазы қаңырап бос тұратын министрліктің жатақханасын неге Шықаңа алып бермеске? Дап-дайын мейманхана емес пе? Қаланың қақ ортасы. Іші-сыртын жөндеп жіберсе, жайнап шыға келмей ме. Одан кейін жыны басылмаған кәрі теке мейманхана қыла ма, гарем қыла ма – өзі білсін. Бұлардыкі – міндеттен құтылу.

Басы асау жас министр әуелгіде көнбей көп қарсыласты. Балашағасымен тұрып жатқан қызметкерлерімді қайда жіберемін деді. Әйткенмен, қайта-құрудың апақ-сапақ кезі ғой. Оның үстіне барлық мекемелерді өзін-өзі ақтайтын шаруашылық есептегі субъектіге айналдыру жөнінде заң шығып, қым-қуыт дүрлігіп жатқан. Соны сылтауратып, Шықаңа бола, «министрліктер мен ведомстволар қарамағындағы шаруашылық мақсатқа дұрыс пайдаланылмай, коммуналдық шығынды өтемейтін кейбір объектілерді қала балансына алу жөнінде» атқару комитетінің қаулысын шығартқан. Ревизиялық бақылау басқармасынан тексеру жібертіп, жатақхананың соңғы екі-үш жылдағы кіріс-шығысын шотқа қақтырды. Пайда түгілі коммуналдық қызмет, электр қуатының өзінен шығынға құлағынан батқан, қала бюджетін сүлікше сорған жатақхананың есеп-қисабын алдына

тастағанда, асау министр қылмойнынан құрыққа ілінгендей сылқ ете түсті. Бұдан былай мұндай шығынды өз есебімізден жабуға мүмкіншілігіміз жоқ деп ат-тонын ала қашқан. Сөйтіп, министрлікке шеттеу жерден шағын жатақхана беріп, төрт қабатты даңғыраған ғимараттың тізгінін Шықаңа ұстатқан. Қазына есебінен ақшаны үйіп-төгіп, іші-сыртын түбегейлі жөндеуден өткізді. Айналасын қоршап, шырша отырғызып, газон жасап, гүл егіп еді, көз қызығардай құлпырды да кетті.

«Көкең не айтса да – ләббай, жердегі құдайың – осы кісі. Бірақ бәрі үшін жауап беретін – сенсің» деп, аңға салатын тазыдай жалаңдаған бір қарасұр жігітті қасына қосып берген. Ықыласы түссе, Шықаңның өзі де істі дөңгелек иіретін адам, көмекшісі де жарғақ бұлағы жастыққа тимейтін жанып тұрған жігіт екен, оған жердің жыртығын жамаған атышулы Зу-зу – Ұлбану қосылып, аз уақыттың ішінде «Кванттын» аты дүрілдеп шыға келді.

Қарасуға қармақ салып, жағада есінеп отыратын уақыт өткен, қазір екі иықты жұлып жеген жанталастың заманы емес пе. Қарасұр жігіт жұмыстың майын езіп ішкен пәле екен. Өзіне де, өзгеге де тыныштық бермейді. Күнде жаңадан бірдеңе ойлап тауып жатқаны.

Әуелгі кезде аэропорт, теміржол вокзалдарына арнайы автобус шығарып, жаңадан ашылған «Квант» мейманханасында қонақтар үшін барлық жағдай жасалғанын, жамбасақы арзан, Медеу, Шымбұлақ сияқты қала төңірегіндегі көрікті жерлерді тегін аралайтынын, т.б. кереметтерін радио торабы арқылы хабарлап, әр клиент үшін жан салып бақты. Газеттерге жарнама беріп, туристік мекемелермен байланыс орнатты. Нәтиже жаман болған жоқ.

Бірақ бәрібір пайданың оңтайлы көзін тапқан Ұлбану болды. Күніне қырық қазанның құлағын тістеп, қырық иттің құйрығын түйістірген Зу-зуда не көп – тамыр-таныс көп һәм соның бәрі өз қағынан жеріп қағынып жүргендер. Қарасұр жігіттің одан сайын қанын ішіне тартып: «құримыз!» дегеніне қараған жоқ, Шықаңның беделін алға салып белден басты. Туыс, танысынан алған пропискасы Алматыдан тыс жердегі бес-алты паспорты бар. Бөлмелерді солардың атына жазады да, қаладағы мауыққан мұнлықтарды тоғытады.

Ит өлген жердегі саяжайға барып, сай арасындағы тал-теректің түбін сағалап, не әйелі бір жаққа кеткен достарының үйіне ұрланып кіріп, ұрланып шығып жүрген сорлы «ғашықтар» арқа-басы кеңіп қарқ болды да қалды. Жаюлы төсек, жайлы жағдай. Бір бөлмеде «сауда» жүрген күні төрт-бес жұпқа дейін ауысып тұрады. «Квантқа» ағыл-тегіл пайда, Зу-зудың да асығы алшысынан, айналасында-

ғы қолғабыс етіп жүргендерді де, ертең артық-ауыс сөз шықпау үшін риза қыла салуды да ол, әрине, ұмытпайды.

Бірте-бірте колхоз-совхоздың саба қарын басшылары да бір-екі рет дәм татқан соң, Алматыға келсе, желдеген киіктей танаулары делдиіп, осылай қарай тартатын болды. Айтты-айтпады, демократияның жылы лебі ескен замандағы еркін бизнестің алғашқы қарлығашы өстіп, «Квантка» ұя салып еді.

Жұмыс әбден жолға қойылып, арқа кеңіген кезде, амал не, Шықаң марқұм қызығын көре алмай кетті. Әйткенмен, Шықаң салған сара жолдың сорабын шөп басқан жоқ, қарасұр жігіт шылбыр ұшынан іліп әкетіп, жоғарыдағы қорған боп отырған көкелердің арқасында көштің басын бұрынғыдан да шүйгін беткейге бұрған.

Зухраның осында жұмыс істеп жүргеніне бір аптаға таяп қалды. Қара теңізге курортқа кеткен бір таныс келіншектің орнына уақытша кірген. Бір ай істей ме, жарты ай істей ме – белгісіз. Төсек-орын ауыстыратын кастелянша. Мұндағылардың бәрі тек өз адамдары екен. КГБ-ға орналасқаннан да қиын. Мұны әлгі тілеуінді бергір келіншек ант-су ішіп: «Көзі жоқ – соқыр, құлағы жоқ – керен, тілі жоқ – мылқау, жүретін аяғы, жұмыс істейтін қолы ғана бар» деп мақтауын асырып, сендіргеннен кейін ғана алған. «Кім келеді, кім кетеді, кім не істеп жатыр – шатағың болмасын. Алдындағы жұмысыңды ғана біл. Ши шықса, аузымдағы нанымнан қағыламын!» деп зар илеп қайта-қайта тапсырып еді.

Жеке отыратын бөлмесі бар. Кең, жарық. Сөрелерде рет-ретімен қатталған ақ кірлік. Төрт қабырға, төбе де әппак. Қайда қарасаң да тазалықтың лебі еседі. Ортада стол мен жұмсақ орындық. Кіреберіс босағада күрпілдек көк диван қойылған. Кезекшінің айтуы бойынша, босаған бөлмелердегі төсек-орынды жиыстырып, кірлігін ауыстырады. Ескі кірліктерді қапқа салып, хаттап қоймайсыңа өткізеді. Фойдегі, бөлмелердегі гүлдерге су құяды. Қапылып жатқан жұмысы жоқ. Жапырайған ескі лашықта жабырқап отырғаннан гөрі, қайта мұнда еңсесі көтеріліп, серігіп, тынығып қайтатын. Шіркін, тұрақты істейтін боп осы жерге тырнағы бір ілігіп кетсе, өмірі басқа жұмысты ойламас еді-ау!

Жаңа кезекшіні директор әлденеге шақырып, қарайлай тұр деп орнына мұны тастап кеткен. Стол үстіндегі календарды парактап, артқы бетіндегі мақал-мәтелді оқып отыр еді, қасына қырықтың жуан ортасындағы бір кісі келіп сәлемдесті. Таңертең келіп орналасқан. Оң жақ қанаттағы түпкі бөлмеде тұрады. Кеудесі шалқайған жуан қара. Үстіне ақ лампасты көкшіл спорт костюмін киіп алыпты тыртитып. Аздап қызулау болса керек, жінішкелеп коньяк иісі жетіп тұр.

– Телефон соғып алайыншы. Бөлмедегі телефонның бірденесі үзілген бе, үні шықпайды, – деді.

– Мінекиіңіз. – Зухра телефонды бұрып, столдың шетіне қарай жылжитты. Бірақ анау телефонға қол созған жоқ.

– Әуелі танысып қояйық, қарындас! – деп қолын бұған ұсынды. – Менің атым – Талап.

– Зухра.

Алақанын алдына тосып тұрып алған соң, қолын амалсыз беріп еді, оңайшылықпен босатар емес.

– Зухражан, жүдә, қандай әдемі жан едіңіз! Сіздей де перизат болады екен-ау! – Көзі ойнақшып, күлімдеген сайын жалпақ беттерінің ұшы шұңқырланып, қара иірімдей дөңгелене жайылып барады. – Сіз тек сүю үшін, біз сияқты пақырлар тамсанып қарап, жүрегі қан жылау үшін жаратылғансыз!

– Қойыңызшы, ағай! – Зухра қабағын шытып, тас жабысқан жылбысқы уыстан қолын әзер босатып алды.

– Зухражан, ренжіп қалдыңыз ба? Кешір, айналайын. Әйел затымен қалай сөйлесуді білмейтін икемсіз қопал адаммын түге. Бөлмеге жүрші. Ауылдан әкелген қазы-қарта бар, ауыз ти.

– Рахмет.

– Рахметіңді артынан айтарсың. Жүрші бөлмеге! – Аусарланып білегіне жабыса беріп еді, Зухра қолынан қағып жіберді:

– Жетеді, ағасы! Жөнді біліңіз! – Анау сонда да айыл жияр емес. Өнебойын көзімен ішіп-жеп, қиялға мас боп тұр.

– Онда ресторанға барайық, жұмыстан босаған соң. Ақша пішен. Сендей перизат үшін бәрі де құрбан. Төгем, шашам!

– Ол ақшаны бала-шағаңызға жұмсаңыз!

– Олардыкі өзіне жетеді. Маған сен сияқты жас сұлу керек! – Алқынып жақындай түсті. – Шіркін, үлде мен бүлдеге орап үлбіретіп қояр едім ғой!

– Сіз бұл сөзді айтатын адамыңызды білмей тұрсыз! – деді Зухра түсін суытып. – Басыңызды ауыртып қайтесіз. Міне, телефон, сөйлесіңіз де бөлмегізге барыңыз!

Дәу қара абыржып қалды. Қазы-қартасын айтты, ақшасын айтты, үлде мен бүлдеге ораймын деді. Бүлк етпеді. Кісі бойы қашалған Антрактиданың көк мұзы ғой мынауың. Жок, мұндай ықыласқа көк мұз да еріп еді. Мынау – мелшиген қара тас:

– Өлә-ә, мұндағы келіншектер сыпайы, көңіл қалдырмайды дегені қайда? – деді таң қалып. – Өзің, жүдә, асаусың ғой, күйеуге шықпаған кәрі қыз сияқты. Күйеу бала бар ма?

– Әрине, бар. Мінезі шатақ. Боксер, Қазақстанның чемпионы!

Анау сеніңкіремей алайып көзінің астымен қарады. Әйткенмен әлгіндей емес, бәсең.

– Осы біздің қарындастар қызық-ей, сөз ұқпайтын боп барады ғой, жүдә, қайтер екен деп қалжындасаң, әлдеқандай болады, өздерінше. Жарайды, қойдық, бұлданған адамға жалынар жайымыз жоқ!.. – Өкпелеген баладай ұрты бұртиып, күңкілдеп телефонға қол созды. Бірден мұны жек көріп кеткендей. Жаңа ғана құмарлықтың қызыл оты қылмың-қылмың ойнаған қысық көздерде суық өшпенділік оянды.

Төс қалтасынан алған бір жапырақ қағаздың бүктеуін жазды да алыстата ұстап, көзін сығырайтып ұзақ ежіктеді. Шығырдың ойығына сұқ саусағы сыймай шынашағының ұшымен айналдыра бастап еді, телефон жылтыр үстелдің бетінде арлы-берлі тайғанақтап, берекесін кетірді. Болмаған соң қарсыдағы орындыққа отырды да, телефонды тізесінің арасына қыстырып алды. Шығырды ары айналдырып, бері айналдырып бір уақытта:

– Але, – деді дауысы толқып. – Бұл Ұлбану ханым ба екен? Жақсымысыз. Мен – Талап деген бір қазақпын, ауылдан келген. Сіздің телефоныңызды Жәкең беріп еді... Иә, иә, сол кісі. Дос қой бірге оқыған... Жоқ, көрші совхоздамын... Жүдә, аузының суы құриды сізді айтқанда... Жағдайды білесіз ғой.. Таңертең келгенмін... Көңілсіз екен... Хе-хе-хе, енді қайтеміз, жыл – он екі айда алған бір бостандық емес пе!.. Ол не дегеніңіз, жөннен жығылмаймыз, енді ол жағын өзіңіз білесіз ғой... Он екіде бір гүлі дейсіз бе? Ойбай, обалдау ғой!.. – «Міне, бәлсініп едің, көрдің бе, біз ешкімге жалынбаймыз. Несібеден қағылған өзің!» дегендей Зухраға нос көрсетіп, саудагер көзбен маңғаздана бір қарап қойды. – Бізге бес-алты гүлі ашылған болса да жетеді. Тек пигурәсі былай... Дұрыс-дұрыс, дайындық тастай... Жақсы, күтем, екі жүз он жетінші... – Трубканы сарт еткізіп тұғырына қойды.

«Бұл да бір біткен іс болды» деген ризашылық бар алабұртқан жүзінде. Зухраға көзінің қиығын да салған жоқ. Орнынан маңғаздана тұрды. Аяғының асты ойылып кетердей салмақтанса да, қан күрең түкті жолкілемнен дыбысы білінбей, шайқала басып дәліздің түкпіріне қарай беттеді.

Түс қайта бір жалаңдаған қара әйел екінші қабатқа алқын-жұлқын көтерілді. Иығын қылдырықтай жіппен тартып байлаған қызыл сарафанның етегін жел кеулеп, табанының асты дүңк-дүңк етіп екпіндеп келеді. Бұты талтақ, аяқтарының ұшын ішке қарай басады екен. Кезекші келіншек – Дәмешті көре сала қып-қызыл ғып бояған жуан еріндерін шүршитіп, анандайдан емірене ұмтылды:

– Ой, жәнім менің, күнім сол, Дәмешка!

– О, Ұлбану ханым! – деп Дәмеш те ұшып тұрып, қарсы жүрген. Екеуі фойенің ортасында шұрқыраса табысып, шөп-шөп сүйісті. Зухра босқа отырғанша деп терезе жақтағы кісі бойы фикустың жапырағын су шүперекпен сүртіп жүрген, Дәмештің иығынан ұрлана жылтындай қараған көзге бас изеп амандасты. Екеуі фойенің бұрышына қарай барып, әлденені сыбырласып, сылқылдай күліп біраз тұрды. Содан соң стол басына келді.

– Мына сіңлімді танымадым ғой! – деді Зухра жаққа қарап.

– Бұл – Зухра деген сіңліңіз болады, – деді Дәмеш. – Уақытша Тамараның орнына істеп жүр. Ол қатын курортқа кеткен құтырып. Біз ғой омалып үйден шықпайтын, бай дейміз, бала дейміз. Олар қалай рахаттануды біледі... Әй, Зухра, бері келсеңші. Мына кісі – Ұлбану деген ханым. Танысып қой. Бұл тәтеңмен жақын болсаң, жаман болмайсың.

Дөңгеленген кіп-кішкентай тышқан көздері дамылсыз жүйткіп Ұлбану, товар таңдаған саудагердей, мұның бас-аяғын бір шолып шықты да:

– Дүр-е-ес, жақсы!.. – деді нені меңзегені бейләмім. Содан соң Дәмешке күлімсірей қарап, қасын қақты. – Жарайды, осында бір туысым кеп жатыр еді, кіріп шығайын... – Сөзінің аяғын айтып үлгіргенше, мөңкіген жуан бөксе дәліздің қалқасына сіңіп жоқ болды.

Зухра жоғарғы қабаттағы босаған бөлмедегі төсек-орынды жиыстыруға көтерілген. Жұмысын бітіріп, бір жарты сағаттай уақыттан кейін Дәмештің жанына оралғаны сол еді, қашан сыртқа шыққаны белгісіз, бетон баспалдақты тақ-тақ басып, Ұлбану тағы да апыл-ғұпыл көтеріліп келеді екен. Бұл жолы жалғыз емес. Қасында қысқа шашын бұйралап күреңге бояған, сұңғақ бойлы солқылдаған жас келіншек бар. Жарты бетін жауып үлкен, қара көзілдірік тағып алыпты. Етімен ет қып киген ақ кеудеше, көк джинсы юбка дене бітімінің бар сымбатын айқындап, мына жері мынандай деп айғайлап айтып тұр. Аршын төс, солқылдаған қыпша бел, жұмыр бөксе... Юбканың тілігінен тіп-тік серпінді сирақтары жуан санына дейін жалт-жұлт етіп, етегінен шайтанның оты үйірілгендей бұраландай басып кетіп барады. Кеудесі шалқақ. Өз қадырын білетін сылқымның жүрісі.

Әлгі келіншек апта бойы күн құрғатпай ертелі-кеш осында келіп жүрді. Енді Талап мырзаны тану қиын. Аяқ астынан қызметі өсіп, мансабын көтере алмай талтандап қалған бюрократ сияқты. «Міне, бізге қандай келіншек келіп жүр!» дегендей, Зухра жаққа көз қиығын да тастамайды. Тіпті, қарсы ұшырасып қалса, сәлемдесу де жоқ.

Бір күні астыңғы қабат у-шу болды да кетті. «Не боп қалды» деп Зухра мен Дәмеш төменге жүгіріп түскен. Бір шашы жалбыраған

сидам кара жігіт швейцар шалды дырылдатып сүйреп жүр екен. Қоқырайған фуражкасы шалқасынан түсіп есік алдында жатыр. Анау кірем дейді, шал жібергісі келмейді. Екі әйел шап беріп жармасса да әл берер емес. Мас. Көзі қанталап еліріп алыпты.

– Жіберіңдер! – деп жұлқынғанда, белінен тас құшақтап жатып алған шал пақырдың екі етегі қомданған құстың қанатындай далп-далп етеді. – Осында жана менің әйелім кіріп кетті. Өлтірем мен ол сайқалды! Өлтіремін! – Тістеніп, қаһарланып сөйлегенмен жігіт енді жұлқынған жоқ, өз-өзінен босап, көбелерін кір тұтқан қолдарымен бетін басып, кеңк-кеңк жылап жіберді. Шал тізерлеген орнынан тұрып, жігітті кеудесінен итерді:

– Бар, шық. Мас адамды кіргізуге хақым жоқ!

– Жалаптарды кіргізгенде, мені неге кіргізбейсің? – Жігіт қайтадан өршеленіп, жан-жағынан жабылған бұларды онды-солды жайпап ішке қарай ұмтылды. Шал шар етіп, тағы да белінен шап берді:

– Ойбай, мынау жақсылықты білмейтін неме екен. Милиция шақырыңдар! Милиция!

Зухра телефонға қарай жүгірді. Қапелімде номер есіне түспей:

– Нөл бір ме еді, нөл екі ме еді? – деді апалақтап.

– Ойбай, нөл екің не! – Дәмеш жүгіріп кеп тұтқаны жұлып алды. – Өзіміздің жігіттер бар емес пе!

У-шуды естіп біраз адам жиналып қалды. Оңай қызық табылып, дабырласып тұрғанда, бір топ милиционер сау етіп жетіп келді. «Кәне, кім, не бүлдірді?» дегендей, жалақтай қараған козы қарын екі сержант топ ортада теңселіп тұрған жігітті екі қолынан бұрай шап берді. Қисық аяқ, фуражкасын қабағына түсіре киіп, түкжие қараған кияқ мұрт лейтенант:

– Иә, азамат, жұртты дүрліктіріп не болды сізге? – деді сызданып. Жігіт, қолын қатты бұрап жіберді ме, есі кіріп жуаси тіл қатты:

– Әйелімді іздеп келіп едім, кіргізбейді.

– Ойбай-ау, қырып кете жаздады ғой! – Швейцар шал фуражкасының шаңын тізесіне сарт-сұрт қағып еңтігіп тұр. – Мас! Қалай кіргіземін?

– Азамат, мас боп тәртіп бұзғаныңыз қалай? Неге ішесіз?

– Менің орнымда болсаң, у ішер едің!

– Е, не боп қалды сонша? – Жігіт жауап бермес бұрын екі көзін қатты жұмып, басын шайқап-шайқап жіберді. Жасын көрсетуге ұялғаны шығар.

– Әйелімді үш күн бойы андыдым. Ылғи осында кіріп жоқ боп кетеді. Өткен айда да сөйткен.

– Қызық екенсіз, мұнда кіргенде тұрған не бар?



– Білем ғой оның не істеп жүргенін. Ана сумақай қара қатынға ерген адамның не істейтіні белгілі ғой. Бүкіл Алматыны былықтырған алаяқ.

– Доғарыңыз сөзді!

– Доғармаймын. Мені сүйрелегенше, ана найсап, салдақыны неге ұстамайсыңдар? Мыналардың бәрі біледі, көрсе де көрмеген болады. Ым-жымдары бір. Мені әдейі жібермей тұр!

– Сіз – массыз. Қоғамдық орнында тәртіп бұзып тұрсыз. Жүріңіз!

– Жоқ, бармаймын, жіберіндер! Мен ол екі қаншықты бәрібір өлтірмей қоймаймын! Итқорлықпен өлтіремін! Бұл жер – мейманхана емес, жынойнақ! Притон! Қылмыспен күресудің орнына, адал азаматтың жағасына жармасыңдар! Көздерінді ашып қараңдар! Бұл демократия заманы. Тура Колбин жолдастың өзіне шағымданамын!.. – Айғайлап, жұлқынған жігітті есікке қарай сүйрелей жөнелді...

У-шу басылып, орнына келіп уһ деп Зухраның отыра бергені сол еді, әлгі «гостролер» келіншек сып етіп кіріп келді. Тіпті аяқ дыбысын да естімей қалды, темір нәлілі биік өкшесімен тақылдатып еденді тесіп жібере жаздаушы еді, тықырын білдірмей қалай кіріп келгеніне қайран. Көзінен түспейтін қара көзілдірігі жоқ. Тостағандай мөлт-мөлт еткен жанары одан ары шарасынан шыға алайып, түсі қашып кетіпті:

– Осында отыра тұрайыншы, – деді де, жауап күтпестен қалтарыстағы диванның шетін солқ еткізіп отыра кетті. Апыл-ғұпыл сумкасын ақтара бастады. Қып-қызыл тырнақтары содифан ұзын саусақтары дірілдеп, қорабы жылтыраған «Қазақстан» суырып алды.

– Тартпай-ақ қойыңызшы! – деді Зухра ұялса да шыдай алмай. – Төсек-орынға иісі сіңіп қалады ғой...

– А-а, қойдым... – Келіншек тез келісе кетті. Қорапты қайтадан орнына салды. – Әбден қаным қайнап тұрғаны!

– Буфеттен шай алып келейін. Әлде кофе ішесіз бе?

– Керегі жоқ. Бір шөлмек арақ әкелші. Бар болса – «Экстра». – Әмиянынан он сом алып ұсынды. Зухра алар-алмасын білмей сасқалақтап қалды.

– Мұнда арақ ішуге болмайды ғой. Рұхсат етпейді... Оның үстіне еркек адам сияқты қалай арақ сұраймын, көріп тұрған елден ұят емес пе...

– Ойбай, мынау монастырь ғой! Темекі шекпе, арақ ішпе!.. Дәмеш Тұрсыновна! – деді ашық тұрған есіктен қол созымдағы кезекшіге дабыстап. – Мына қызметкерлеріңіз қалай өзі? Аспаннан түскен бе? – Әңгіменің бәрін естіп іргеде тымпиып отырған Дәмеш бөксесі қайқандап жетіп келді.

– Зухра жұмысқа жақында орналасқан, әлі білінкіремей жатыр ғой. Әкел ақшанды, мен алып келейін. Зухражан, Розамен танысып қой. Роза бұл жерде қалай еркелесе де еркі. Қорықпа, біреу бірдеңе десе, маған сілте. Өзім жауап беремін...

Роза отызға әлі еркін іліге қоймаса керек. Ажарлы. Әйтсе де көзінің асты дөңгелене көгістеніп, тура түскен мол жарықтан бет терісінің бояу жеп солғын тарта бастағаны көрініп тұр. Соны сезгендей, косметикасын алып, сыланып-сипана бастады. Қолы – істе, аузы – сөзде.

– Жаңа сендер келгенше фойедегі колоннаның тасасында тығылып тұрдым емес пе! – деді опаға батырылған тампонмен бетін майпоздай сипап. – Әлгі дөңкиген доңыз үсті-басымды жөндеуге мұрсат берді ме! Сужүрегін айтсаңшы. Шу шыққанда-ақ құты қашып, дірдектеп қоя берді. «Ойбай, құрыдым, партбилеттен айрылатын болдым!» деп жыламсырап, алды-артыма қаратпай итергендей болып қуып шықты. Ой, сорлы! Қорқатыны бар, бір жерін қысып үйінде жатпай ма!.. Казанова колхозного варианта! Осыдан кейін еркек итке қалай сенесің? – Роза қолындағы кішкентай дөңгеленген айнадан басын көтеріп, бері бұрылып еді, жанағыдан мүлдем бөлек, жайнап жасарған жүз жарқ етті.

Дәмеш әкелген «Экстрадан» бокалға құлағынан асыра құйды да, дем алмастан сыздықтатып бір-ақ сімірді. Су ішкен сияқты, ашырқанып тыжырынған жоқ. Қара нанды сәл иіскеп, орнына қойды. Стол үстіндегі басқа дәмге де қол созбады.

– Уһ, жаным-ай, бұл құрғырдың рахаты осы ғой! – Диванға шалқалай отырып, ұзын, әдемі сирақтарын бір-біріне айқастырды. Жүзі албырап, қап-қара бадана көздерінің тұңғиығында лыпылдап от ұшқындады.

– Абыр-сабыр басылғанша отыра тұрайын.

– Мейлі, – деді Зухра тығыны жабылған шөлмекті столдың қалқасына қарай ысырып.

– Бұл неғылған әйел деп таңырқап отырған шығарсың?

– Күйеуіңіз бар екен... Сонда қалай... – Зухра көңіліндегі түйткілді қалай жеткізерін білмей күмілжіп қызарып кетті. Роза жауап беруге асыққан жоқ. Темекі алып тұтатты. Ұрты ойыстанып құшырлана жұтқан түтіннің көк сақиналарын ерін ұшынан әуелете үрледі.

– Е-е, Зухра! – деді күрсініп. – Менің күнімді итке бермесін...

– Қара көздері томсара тұңғиықтанып, терезеден алысқа қарады. Жиегінде жас шымырлап, ұзын, қайқы кірпіктерін қағып қалса, мөлт етіп тамып кеткелі тұр.

– Тұрар екеуіміз бақытты едік. Бұлай боламыз деп кім ойлаған!..

## ПЕЙІШ ЖЕЛІ

Екеуі бір мектепте оқыды. Қатарлас класта. Бой түзеп, жігіт-желенге жылтырап қарай бастаған кездері. Басқа ауылдан көшіп келіп, тоғызыншы класта қосылған осынау тік иық, сұңғақ бойлы бозбалаға көктемгі жауһазындай қылтиып өсіп келе жатқан жас сұлудың талайының бірден-ақ назары ауып еді. Қастарының арасы қосылған, тұнжыр қабақ, шекесінен жарып тараған қалың шашының алды қобырай толқынданып маңдайын жауып тұрады. Сабаққа бұзып-жарып тұрған алғырлығы болмаса да, өнерпаз екен. Класаралық, мектепаралық спорт сайыстарында палуан да сол, желаяқ та сол. Әсіресе, волейбол ойнағанда лыпылдаған қимылын көрсен! Әуелеген допты серпіле көтеріліп соққанда, тосқауылда тұрған адамды шалқасынан түсіре жаздайтын.

Роза да талай жігіттен өлеңмен жазылған хат алып, ешқайсысын менсінбей жүрген кердең болатын. Бірақ Тұрарды қалай көрді, солай көңіліне алаң кірді. Әуелгіде екеуі анадайдан көздері күлімсіреп, бір-біріне жылы ұшырай қарап жүрді. Бірте-бірте жәй бас изескен сәлемнің аяғы жарасты әзілге, оны-мұны жөн сұрауға ауысып, аралары қалай жақындасып бара жатқанын өздері де сезбей қалған. Бірақ жігіт бұйығы, сөзге сараң. Жетекке ермесе, өз бетімен батыл қимыл жасауға жоқ. Сондықтан Роза көбінесе тізгінді өз қолына алатын. Клубтағы, бақ ішіндегі жазғы алаңда болатын сауық-думанда жігіттің шынтағынан ақырын түртіп, «жүр, билейікші!» деп ортаға өзі шақыратын. Алақандар аймаласа табысып, құшақтар айқасқан сол бір арайлы мезетте жүрек түбіндегі тіл жеткізе алмас сырды елжіреген жанарлар өзі-ақ айтып беруші еді-ау!

Мектеп бітірген жылы күзде аудан бойынша үлкен сабантой өтті. Көгі қайтпаған кең жазықта жұмыртқадай жыпырлаған киіз үйлер тігіліп, қазан көтерілді. Концерт тыңдап, палуандар сайысын, қадамен жүру, бағанға өрмелеу сияқты түрлі ойындарды тамашалап гүілдеген халық. Жеті совхоздың небір дәмегөй сәйгүліктері бақ сынасқан аламан бәйгеден кейін төбе басындағы жұрттың назары қызқуға ауған. Ақбақай атпен ойнақтап Тұрар шықты ортаға. Мойыны қаздай иілген жануар тізгінін сүзіп бір орында тыпыршып тұра алмай тұр. Тоқпақтай галстук тағып қылқынған тапалтақ қара жігіт рупорды аузына тақап саңқ-саңқ етеді:

– Міне, «Никитинканың» жігіті дайын. «Сергеевка», қыздарын қайда? Шығарындар, бол!

– Біздің жақтан жігіт шығуы керек еді ғой, бұл қалай? – деді «Сергеевканың» өкілі абдырап.

– Жеребеге солай түсті, әңгімені білмеймін. Болындар тез! Қыз жоқ болса, Басына орамал тартып өзің шық!

«Сергеевқалықтар» шынымен сасқалақтады. Қыз-келіншектердің бәрі аттап басар емес. Қолдарын сермеп бәрі ат-тондарын ала қашады.

– Адыра қалғыр, ешкім табылмаса мен шабайын! – Өне бойы іркілдеген сабадай аспаз әйел қорбандап ортаға шыға беріп еді, «сергеевқалықтардың» басшысы болып жүрген жігіт:

– Қойыңызшы апай, аттың белін үзесіз! – деді әзіл-шыны екені белгісіз тоңқ етіп. – Біздің совхоздан ат жалын тартып мінерлік бір қыз шықпағаны ма?! Не деген жасық еді!

Сол сөз қамшы болды ма, шығар-шықпасын білмей толқып тұрған Роза алға аттады:

– Мен шабамын!

– Е, бәсе! – Тынысы кеңіп ел шу ете қалды. – Әйтпесе совхозымызға намыс еді!

– Өмірзақтың тасқайнат қызы екен ғой. Ой, қасқырым-ай!

– Кішкентайынан мал арасында өскен бала емес пе, ат құлағында ойнайды!..

Розаның киімі ықшам, жинақы. Үстінде қызыл спорт костюмі. Бұрымын желкесіне дөңгелете түйіп, үкілі бөрік киді де, алдына көлденең тартқан қарагерге лып етіп мінді. Танауы делдиіп елірген ат ауыздықпен алысып байыз табар емес.

Роза төреші нұсқаған тұсқа кеп тұрды. Тұрар арқан бойы кейінде.

– Ал, дайындалындар. Старт! – деп төреші қолын сілтеп қалғанда, қос бүйірі, омырауы қара ойықтанып өз-өзінен терлеп аласұрған ат ор қояндай ата жөнелді. Тізгінді босатқан сайын аяғын көсіле тастап созыла түседі. Кең жазық дөңгелене ат бауырына кіріп ағызып келеді. Құлақ түбінен жел гуледі. Көз қиығын кейінге салып еді, жігіт ентелеп таяп қалыпты. Тізгінді босатып, қамшыны сауырға көміп-күміп жіберген. Жануар ышқынып құстай-ақ ұшты. Көмбедегі қызыл байрақ қол созымда желбіреді – сілте, жануарым, сілте! Бірақ жігіттің аты адым аштырар емес, ұшқыр екен. Омыраулай екпіндеп, тықсырып келеді. Гулеген желмен жарысып жота басындағы жұрттың айғайы жұлым-жұлым құлаққа ұрады:

– Жарайсың, «Никитинка»!

– «Сергеевка», аттың басын жібер, неге тартасың! Бас қамшыны! Қап!

Роза, неге екені белгісіз, тізгінді іркіп кібіртіктеп қалған. Қаны қызып еліріп алған жануар ауыздықты сүзіп бұлқынса да жібермеді.

Жігіт жанаса беріп, мойнынан орай құшақтаған. Әуелі бетінен сүйген, содан соң ерніне қадалды. Тегеурінді ыстық құшақ бұлқынса

да босатар емес. Ауылының намысын ойлап, шамырқанғанмен қыз тез жуасып қалды. Жігіттің ыстық демі оттай шарпып еркін билеп алған. Қадалған ерінге тіл ұшынан бал сыйлап жауап қатты.

Қуана табысқан қос жүректі әлдилей тербеп қос сәйгүлік кең даланы дүбірге толтырып, зымырап келеді.

Жыл – он екі айда бір болар қырдың ұлы думаны кеште ары қарай жалғасты. Палуаны жеңген, жүйрігі бәйгеден келген колхоз-совхоз қосымша сойыс жасап, көл-көсір дастархан жайып, дыр-дуды қыздыра түскен. Көз байлана қыз-жігіттер Бәйгетөбенің басына жиналды. Бір тұста алтыбақан тербеліп, енді бір жерде би биленіп, түрлі ойынның жәрмеңкесі қызып жатты. Қан қыздырып құйқылжыған аккордион, бірде бәсен, бірде асқақтап толқыған ән, әсем күлкі...

Жер бетіндегі осынау шаттыққа күлімдей қараған қара-көк түнгі аспанның тұңғиығынан сансыз күміс теңге сыңғырлай төгіліп келеді. Бәйгетөбенің етегі жыпырлаған от. Көше-көше боп тігілген үйлердің қасындағы маздаған алау қара түнді шұрк-шұрк тескілеп алыстан көз арбайды.

Бағана ат үстінде табысқан еріндердің шырын дәмі тандайынан кетпей тамсанған екі жас қайта ұшырасар оңтайлы сәтті тағатсыз-дана күтіп еді. Болып жатқан думан-тойға көңілдері сырғақ, топпен бірге билесе де, ойын ойнаса да алыстан бірін-бірі көздерімен іздеп, жаутаңдай қарасумен болды.

Міне, енді екеуі жұрттан елеусіз жырылып, оңаша шыққан. Еніске түсіп, етек-жеңі жайылған кең жазыққа қарай беттеді. Қара түннің шекесін жарып шыққан толық ай қараңғылықты серпе қуып, жарқырап тұр. Көз көрім айнала алтынның буындай көшіп дірілдеген әппақ нұр. Лекітіп орай ескен желемік бар. Жанға жайлы. Күндізгі аптаптан аңқасы кепкен даланың тынысын ашып, желпіп-желпіп өтеді.

Екеуі бір-бірімен наздана аймаласып, қолтықтасқан күйі шалқыған көденің көк теңізін кешіп келеді. Көз ұшында жолақтанып, өзен бойындағы тал-қайың қарауытады. Қабақ қағып күлімдеген аспан; ай нұры шалғын бетінде ұшқын атып, теңселген дала. Елітіп, арбап, бір сиқырлы елес кезіп жүр айналаны.

Қыз бен жігіт үнсіз. Ынтызарлары артып үздігіп, елжірей қарайды бір-біріне. Түйіскен бас, өбіскен ерін, мөлдірей шарпысқан көздері анық айтып тұр жан түкпіріндегі маздаған шаттықты.

– «Бүгін мына аспандағы жұлдыздар қандай жап-жарық?» – дейді қыз жүрегі лүпілдеп.

– «Онда сенің жанарыңның жарқылы тұр шашырап!» – дейді жігіттің аласұрған жүрегі.

– «Хош иісінен мас боп тұрмын – осы ма еді, самал желі пейіштің!»  
– «Самал емес – сенің демің, жұпар шашып жер әлемді желпіген!»  
– «Аспан астын бір сиқырлы үн тербеп тұрған секілді!»  
– «Ол үн сенің күлкіңнің сыңғырынан жаралған!»  
– «Дүниенің бұл ғажабын қалай көрмей келгенбіз?»  
– «Ғажайыптың бәрі-бәрі – сенің мына көзінде, албыраған ернің-де, алаулаған жүзінде!..»

Жігіт қызды жерден тік көтеріп алып, дөңгелете билей жөнелді. Жұлдызды аспан, ай нұры мамырлаған түнгі дала қосыла тербелді.

– Жібер, жығылып қаласың! Ауырмын ғой.

– Мысқалдай салмағың жоқ. Өмір бойы сені өстіп алақаныма сап өтемін!

– Шын ба?

– Шын!

Алаулаған ыстық еріндер қайтадан табысты.

– Мен сені алғашқы көрген сәтте-ақ ұнатқанмын! – деді қыз сыбырлай. – Соны сездің бе?

– Жоқ.

– Ой, топас, топас! – Ызалана жігітті арқасынан түйіп-түйіп жіберді. – Сонда қайда қарағансың? Көңілің басқа біреуде болған ғой, шамасы?

– Саған қарадым.

– Ендеше, неге көрмейсің көзімдегі лапылдаған жалынды?

– Сендей перизат менсінбес деп қаймықтым.

– Жасық екенсің ғой. Ұмтылсаң, жеткізбейтін арман бар ма?

Бүгін, міне, қуып едің – жеттің ғой!

– Сенің атың жүйрік еді, неге басын тежедің?

– Соны да сезбейсің бе?! – Жігіттің құшағынан бұлқынып шығып қыз жүгіре жөнелді. – Байқа, шабан жігітке жеткізбеймін!.. – Шоқ-шоқ бұтаның арасына сіңіп сыңғырлаған күлкіні қуып жігіт жүгіріп келеді.

Алыстаған сайын Бәйгетөбедегі той-думанның дабыры бәсеңдеп, өзеннің гүрілі айқындала түсті. Тау жақта жаңбыр жауған ба, өзен арнасы толық, арынды, кенерге сыймай шапшып жұлқына ағады.

Жағадағы мінбелеген, үсті жайпақ, үлкен қожыр жартасқа екеуі өрмелеп шықты. Айнала – ысылдап шапшыған толқын. Белуардан су кешкен қара жартас ағынға қарсы жүзген кеме тәрізді. Ай нұры желбіреген айдын беті екеуін тербетіп тұр. Су лебінен бойлары тоназып, бір-біріне одан сайын жабыса түсті.

– Шіркін, таң атпаса ғой... Осылай тұра бергім келеді!.. – деді қыз алысқа телміріп.

– Менің де.

– Қызык, ертең де түн осындай болар ма екен?!

– Әрине, ертең де, одан арғы күн де... Мәңгі бақи осылай болады!

Ай астында бір тән, бір жан боп табысқан қос ғашықтың жана-рында қуаныштың шымырлаған тамшысы мөлдіреп тұрды. Төменде асау ағын жартасты өршелене соғып, ақ көбігі аспанға шапшиды...

Сол жылы мектеп бітірісімен екеуі де институтқа түспек боп Алматыға барған. Жолдары болмады. Чемодандарын көтеріп, сол-бырайып ауылға оралды. Сәтін салғанда, клуб меңгерушісі декретке кете қалып, директордың машинасын айдайтын нағашы ағасының дүм-пуімен Роза сол орынға орналасқан. Дайындалып, келер жылы пединституттың сырттай оқытатын бөліміне емтихан тапсырып көрмекші. Тұрар совхозда тиіп-қашты жұмыс істеп, күзде әскерге алынды.

Күн бұлтты, желемік еді. Жапырақтар саудырап түсіп жатыр. Аудандық әскери комиссариаттың алды дыр-ду. Магнитофоннан музыка ойналып, бір-бір тақыр бас бозбаланы ортаға алып әртүста шок-шок дөңгеленген жұрт. Жаңа ғана шағын митинг болып, комиссар совет солдатты атанудың қандай мәртебе екеніне тоқталып, сәт сапар тілеген. Бір-екі соғыс ардагері естелік айтып, біраз іш пыстырып барып тоқтаған. Бірақ оны тыңдаған кісі шамалы. Тақыр бастардың көбінің көздері кілмиген, ұйқысы шала. Екі-үш күнгі думаннан естерін жия алмай, тәлтіректеп тұрғандары да бар.

Тұрар ауылдағы шығарып саламыз деген туыстардың ешқайсысын ерткен жоқ. Тек Роза ғана еріп келген. Екеуі, міне, қабығына талай адамның аты ойылып жазылған жуан терекке сүйеніп онаша тұр. Розаның екі көзі домбыққан. Жігіттің кеудесіне басын сүйеп өкси береді.

Сәлден кейін бір жас лейтенант ортаға шығып, жігіттерді автобуска отыруға бұйырды. Жұрт жапа-тармағай қоштасып жатыр. Құшақтары айқасып, сүйісіп, көздеріне жас алуда. Роза жігіттің мойнынан тас құшақтап еңіреп, өксіп жатып алды. Тұрар ыңғайсызданып, «болды, елден ұят» десе де көнер емес. Жігіттердің бәрі отырып болды.

Елдің көзі тек осыларда. Лейтенант келіп: «Қойыңыз, қарындас, автобус күтіп тұр!» деп қолынан тартқанда ғана құшағын жазған. Анандайдағы таныс келіншектердің бірі:

– Ойбай, мынау қайтеді. Ауғанстанға байымызды соғысқа жібергенде де бүйтіп сыңсымап едік! Немене, жылқышы қайнағаның қызы үндемей мынаған тиіп алған ба өзі?! – деді бетін шымшып. Екінші әйел оны шынтағымен түртіп мырс етті:

– Тегін адам бүйтіп жылаушы ма еді. «Пашпұрты» біткен ғой қасқаның. Әйтпесе не бопты!

Роза бейпіл сөзді естіп тұрса да құлағына ілген жоқ:

– Күтем өзінді, жаным! – деді ізінен шаң шұбап ұзай берген сары автобустың соңынан қолын бұлғап.

## ҚОЦУБАНЫҢ ПАТШАЛЫҒЫ

Тұрар Киев маңындағы әскери бөлімге келіп түсті. Ауданнан бірге шыққан жігіттерді қалаға келген соң жан-жаққа бөліп жіберген. Жүз таныстан ешкім жоқ. Поезда оншақты қазақ баласымен бірге келіп еді, станцияға түсіп, автобустарға бөлініп отырғанда, олардан да көз жазып қалды. Бүкіл ротада өңі қоңырқай әндіжандық Долқун деген өзбек жігіті екеуі ғана. Қалғаны орыс, украин, мордва...

Долқун ұзын бойлы, еңкіш, арық жігіт. Қоңырқай көздері жұмсақ, қыр мұрын, сұлу өнді. Сегізінші класс қана тәмамдаған. Диханмын дейді. Күріш, пияз еккен. Кетпен ұстаған қолдары жалпақ, сүйекті. Орысша онша жетік білмегендіктен бе, көп сөйлемейді, тұйық. Құлақсуға таласып, күндіз-түні дамыл көрмей дағдыландықтан болар, отырған жерінде мызғып кететін осалдығы бар. Сапқа тұрғанда елдің соңында қалып, ылғи кешігіп жүргені. Етігі қорпылдап, белбеуін жүре тағып далақтап келе жатады.

– Рядовой Курбанов, почему опоздываешь в строй? – дейді взвод командирі қатуланып.

– Сыпал.

– Как ты «сыпал»? – Аға сержанттың шегір көзінде шайтанның оты ұшқындайды.

– Очень просто! – дейді қалай түсіндірерін білмей апалақтаған аңғал бейшара. – Сам себя бросил на крауат и сыпал! – Бір деммен арқыраған дарақы айғыр күлкі ауаны дар айырады.

Алғашқы кезде көрмеген қорлықтары жоқ. Үстеріне солдат атанып киген жаңа формаларын сол түні-ақ «ледтер» үптеп сыпырып алған. Орнына шуаш сасыған ескі-құсқыларын лақтырды: еден жуып, картоп аршитын «молодойларға» жаңа киімнің қажеті не? Көкелерінің тері сінген ескісі – тәбәрік. Увольнениюе шығып, қыздармен қыдыратын, дембельге дайындалып жатқан «шалдар» сәнденуі керек қой! Сары уыз балапандар әрқайсысы әр жерде үрпиісіп ештеңе дей алған жоқ. Шақар мінез бір-екеуі бергісі келмей қарсыласып еді, жабыла тепкілеп, сұлатып тастады.



Аузы-мұрны қан боп еденнен сүйретіліп тұрған Тұрардың іші қазандай қайнайды. Жекпе-жек күш сынасқан әділ сайыс емес. Аяу білмес, тып-типыл таптап өтер дүлей тобыр. Қайрансыз бармақ шайнаған. «Ей, жігіттер, бас көтерейік, бірігіп қарсыласпасақ, басына береді» деп үгіттеп көріп еді, ешкім шықпады белсеніп. Жан-жақтан жиылған қырық темірдің қылауы бірін-бірі жатырқады ма, әлде шетінен жасқаншақ па, әрқайсысы пәледен аулақ деп, өз басын сауғалады.

Мүйізі жоқ, әр бұрышта монтиған қошақандарды қасқыр аясын ба, ойына келгенін істеді. Жандарынан өтіп бара жатсаң, «шалдардың» бірі құйрығыннан шарқ еткізіп теуіп қалады да:

– Как твоя жизнь? – дейді. Сен көзіннің оты жарқ етіп етпетіңнен түссең – ұшып түрегеліп, құламай қалсаң – тез тіктеніп:

– Жизнь моя хороша! – деп «честь» беруің керек.

Кешкі тексеруден кейін «шалдардың» күнделікті көңіл көтеруі басталады. Казарманың ортасына орындық қойып, үстіне сары ауыз балапандардың бірі шығады да:

– Господа офицеры! День прошел! – дейді салтанатты үнмен саңкылдап. «Офицер мырзалар»:

– Черт с ним! – дейді «өтсе өте берсін» дегендей хормен айқайлап.

– Господа офицеры! До дембеля осталось столько дней!

– Е-е... мать! – «Не деген бітпейтін уақыт» деген кейістікпен созыла жаңғырған дауыс казарманы кернейді.

Содан соң қысқа ғып кесілген ағаштың бір-бір кеспелтегін қолына ұстатады. Долқун сияқты мүскіндер кереуеттің астына етпеттеп жатып алып, поездың дөңгелегі тәрізді айналдырады. Екінші біреу төсектің торын солқылдатады. Үшіншісі жүріп келе жатқан поездың дыбысын салып, арсы-гүрсі аузынан ақ көбік ағып ол тұрады. Яғни, «дед едет на дембель» деген сөз. – Көке әскерді бітіріп үйге келе жатыр! Кереуеттің арқалығына аяғын асып қойып, бақайын жыбырлатып шалқасынан жатқан «дед» қашан балбырап ұйықтап кеткенше «поезд» тоқтамауға тиіс.

Қорлап, мазактаудың түрі көп. Күнде бір пәлені ойлап табады. Осының бәрін прапорщик, офицерлер білмейді емес, өтірік байқамағансиды. Өстіп қиындық көріп, пісіп, ширасын деген өздерінше моралі ме, ұқпайсын.

Тұрардың көбінесе бет-аузы көгеріп, ісіп жүреді. Ырыққа көнбей бұлғақтайтын бас асауы барларға басылар таңба осындай.

– Қатардағы Ережепов! Екі адым алға! – дейді офицер саптан шығарып. – Тағы да төбелестің бе?

– Мен төбелескенім жоқ, жолдас лейтенант!  
– Онда бет-аузыңа не болған?  
– Оны өзіңіз білесіз ғой! – дейді бұл теріс езулеп.  
– Менің білетінім – тыныш жүрген адамға ешкім тиіспейді. Неге басқалардың бет-аузы көгермейді!

– Олар қарсыласпайды!..  
– Доғар сөзді! Төбелесіп тәртіп бұзғаның үшін – кезектен тыс екі наряд! – дейді. Екі күн ел ұйықтап жатқанда қалғып-шұлғып асханада картоп аршып отырғаның.

Бұл жазаның жеңіл түрі ғой. Кейде гауптвахтыға бір-ақ тығады қаһарына іліксең.

Бар былыққа бас болып зар қақсатып жүрген – Коцуба деген хохол. Желкесі мен жауырыны тұтаса біткен дәу. Бойы екі метрдің ар жақ-бер жағында. Иегі салбырап алдына имие біткен, бітік көз. Саптың ең алдында дөнкііп тұрғанда май шылқып қатпарланған шүйдесін көріп-ақ қарадай айбынасың. Оның үстіне бокстен разряды бар. Адамның да, айуанның да кесек, зор тұлғалысы әдетте аңқау, кең мінезді, жуас болушы еді, табиғат бұған келгенде кателесіп кеткен секілді.

Мынандай дәу денеге тым аздық ететін шөкімдей миы ылғи бір жабайы, жексұрын қылықтарды ойлап табу үшін жаратылғандай. Біреуді ешқандай ақылға сыймас есерлікпен қорлап, мазақтап, соған кереметтей рахаттанғанын көргенде жаның түршігеді. «Шіркін, оңашада түрегелтіп қойып бауыздар ма еді жауызды!» дейтін Тұрар тісін шықырлатып.

Көп қиналған Долкун болды. Мінез-құлқы, іс-қылығымен «отырса – опақ, тұрса – сопақтың» өзі. Астың алдында да, артында да қолын жайып, аузын жыбырлатып, бетін сипайды. Оған айналадағылар қыран-топан. Дәл бір ауынан ұятты бірденесі салбырап тұрғандай жамырай дарылдап, бір жасап қалады. Түркіменстанда есек пен сәлде тартқан шал көріп өскен, Шығыс туралы «сауаты» бар Коцуба «мулла» деп ат қойып алды. Таяп кетсе, «марш отсюда, мулла!» деп құйрығынан бір-ақ тебеді.

– Онсыз да күлкі боп жүргенің аз емес. Қойсаңшы, осы қол жайып, бет сипағаныңды! – дейді Тұрар жанашырлықпен.

– Қалай?! – Долкун таң-тамаша боп бетіне қарайды. – Мұсылман емеспін бе!

– Үндемей-ақ ішіп жүрген басқалардың асы харам дейсің бе?

– Олар – кәпірлер. Діні, әдеті бөлек.

– Босқа күлкі болудың керегі не? Дұғанды ішіңнен-ақ айта бер.

– Күлетіндей мұның не ерсілігі бар? Жаман сөз айтып отырмын ба? Жексұрын қылық көрсетіп отырмын ба? Біреу мазақтайды екен деп дiнiм, әдет-ғұрпымнан қалай беземiн? Алланың атын айтпасам, iшкенiм қалай ас болады?

– Ой, қырт! – дейдi бұл күйiп-пiсiп. – Қор болып жүре бер ендеше естiп!..

Мұндағы тамақтың бәрі шошқаның етiнен жасалады. Сұйығы да, коюы да. Бұл әсiресе Долкунға қатты батты.

Алғашқы кезде Тұрар да алдына ыстық ас келсе, қарадай жиiркенiп, беттей алмайтын. Қант қосылған қара шайды сораптап, екi-үш жапырақ қара нанды қанағат қылып жүрдi. Аш күрсақ жүрiп күнiне пәленбай шақырым жүгiрiп, окоп қазып арпалыссаң, қалай жан шыдасын. Лезде сылынып, қайыстай боп қатып алды. Көзi қарауытады, асқазаны бүрiп, солқылдап запыран лоқсиды. Сонда да дес бермей бiразға дейiн шыдап баққан. Бiрақ бiрте-бiрте аштық өз дегенiн iстедi. Суп-борщты етiн алып тастап, сорпасына нан шылап соғып алатын болды. Ал Долкун сол қақшиған күйi сүйегiне қарысып илiккен жоқ. Таңертең де, түсте де, кеште де сораптағаны – қара шай, қаужағаны – қара нан. Көзi алайып, арса-арса боп әбден жүдедi. Автомат асынып, сумка арқалап ұзақ шақырымға жүгiргенде, саптың соңында аяғын әрең сүйреп iлбiп келе жатады. Кейде басы айналып құлап қалады.

Бiр күнi кiмге соқтығарын бiлмей есiрген Коцуба кешкi тамақ кезiнде Долкунға кеп килiктi:

– Ей, мулла, неге ыздиып тамақ iшпей отырсың?

– Шай iштiм, жетедi.

– Мына рагуды неге жемейсiң? Қарашы, қандай тамаша боп пiскен!

– Мұсылмандар доңыздың етiн жемейдi!

– Кiм айтты шошқаның етi деп? Қойдың құйрығы ғой! – Картоптың үстiндегi былбыраған шошқа майының бiр кесегiн шымшып ұстап аспақтата көтердi де, басын шалқайтып, арандай ашылған аузына тастап кеп жiберген, жұтқыншағы бүлк етiп қылғи салды. – М-м-м, қандай дәмдi! – Долкун жиiркенiп терiс қарады.

– Егер мен сыйласам жейсiң бе?

Долкун басын шайқады:

– Жоқ.

– Мен ренжимiн!

– Мәйлi.

Сол арада есiрiк Коцуба аяқ астынан «есек» мiнгендi хош көрiп қалды:

– Ендеше менi казармаға дейiн көтерiп апар! Әйтпесе...

Долкун сөзге келместен төрт аяқтап қара есекке айналды – арқасын тосып, еңкейіп алдына тұра қалған. Қылқиған мойны алға созылып, қос тізесіне қолын тіреп тұр. Қара дәу әдейі бар салмағын сала секіріп мінгенде, үстіне бір машина көмір төге салғандай, етпетінен түсіп, тыпырлап астында қалды. Коцуба мықынын таянды:

– Міне, мулла, көрдің бе, күшің жоқ. Сені жемдемесе болмайды. Әйтпесе, мені көтеріп жүре алмайсың! – Сол жерде жығып салып, аузына шошқаның майын тыққан. Жұрт спектакль көріп қарқ болды. Долкун ал кеп құссын. Ішек-қарны қотарылып өліп қала жаздады. Бет-аузын сабындап ысқылап, қайта-қайта локсиды.

Ертеңінде түймеш-түймеш боп қолдырап, ерніне ұшық қаптап кетті. Беті көнектей боп ісіп, көзі көрінбей қалды. Қызуы көтеріліп, орнынан тұра алмай, санитарлық бөлімге зембилмен көтеріп апарған. Сол жерде екі апта жатып шықты.

Өстіп, Долкун үшін азапты күндер өтіп жатты. Қыс өтіп, көктем туды. Бір күні Долкун Коцубамен бірге түнгі күзетке кеткен. Жауыз неме, не қорлық көрсеткенін кім білсін, еркекке артылатын арсыздығы бар деуші еді, сондай бірдене істеді ме, Долкун өзін-өзі атып өлтіріпті. Автоматты жүрегіне тіреп тұрып атса керек, арқа тұсын оқ кәсенің аузындай ғып опырып кетіпті.

Офицерлер абыр-сабыр болды. Коцуба түк болмағандай жайбаракат. Әскери прокуратурадан кісілер келіп, оңаша жауап алған, сонда да былқ етер емес.

Долкунның үйіне жедел түрде хабар берген. Ертеңінде кеште-тіп екі кісі жетіп келді. Бастарында мың адамның арасында оқшаула-нып: «Мен өзбекпін, өзге емеспін» деп тұратын төрт қырлы ала допы. Әкесі мен үлкен ағасы екен. Әкесі – ақсақалы кеудесіне түскен, қоңқақ мұрын, қабақты, биік маңдай, сұсты қария. Үстіне жырық етек, қоңыр сырма шапан киіп, белін ақ мата белбеумен шиырлап буып алыпты. Мәсі мен галош. Ағасының денесі еңкіш, жүзі мома-қан. Үстінде қолқылдаған ескілеу қара костюм. Иығына қоржын ас-қан. Қолдары ұзын, салбыратып сұлық тұрғанда тізесіне жетер-жет-пес. Кетпен шаба-шаба созылып кеткен сияқты. Алақаны жалпақ, сіңірлі. Екеуінің де күнге тотығып, жел қаққан жүздері қоңырқай. Көздері қызарып, домбығып кетіпті. «Ой, жаным балам!..» деп қария қақпадан өкіріп кірді.

Қазармаға кіріп, Долкунның жатқан орынын көріп, жастығын, киімін иіскеп, солқылдап жатып алды.

Командирлер солдаттарға «Долкунның туысына рұхсатсыз жа-кындамайсындар, артық-ауыс ештеңе айтушы болмандар!» деп ес-кертіп қойған. Жырақ кишлақтан келген дихандар орысша сөздің

бірін ұқса, бірін түсінбей қиындық туған соң, офицерлер Тұрарды амалсыз қастарына қосып берген. Әуелі политрук былай шығарып алып: «Бірдеңе деп бықсытушы болма. Автоматын тазалап отырғанда, байқамай атылып кетіпті деп айт!» деп, сұқ саусағын безеп қатаң ескерткен.

Үшеуін штабтағы жеке бір бөлмеге әкеп орналастырды. Ала қоржынның бір басы мәйітті ораймыз деп алып келген ахиреттік ақ мата екен. Екінші басы – азық-ауқат. Кішкентай кленка-дастарқанға өрік-мейіз, тандыр нан, інжір, бадамды үйіп тастады. «Алың, алың» деп бұған итермелеп қояды. Өздері сырлы күрешкеге құйылған көк шайды сораптағаннан басқа нәр татқан жоқ. Қария көз жасына ие бола алар емес. Екі күннен бері көкірегінде лықсыған ашы өксікке онашада ерік бергендей. Белбеуінің ұшымен бетін басып үнсіз егіледі. Намаз оқыса да жылайды, еденге төселген матрацтың үстінде малдастап тәспих тартса да жылайды. «Ой, жан балам, бізді шынымен тастап кеткенің бе?! О, Құдайым, оны алғанша мені неге алмадың!..» деп басын тоқпақтағанда, көзінің жасы сақалының ұшынан сырт-сырт тамады.

Бір саябырлағанда:

– Елуден асқанда көрген кенжем еді. Ең болмаса, медет болар артында тұяқ қалмады-ау! – деді күрсініп. – Былтыр, әйтеуір мектепте оқып жүрген жоқсың, үйленіп ал дедім құдайдың зарын қылып. Көнді ме, үндемей отырып алған жоқ па төмен қарап. Шешесі шала қырғыз, соған тартқан ба, қисайып алатын әдеті. Жарайды, әскерге барып келсін дегем ішімнен. Әттең-ай, соным бекер болған екен. Інімнің қызын алып беруім керек еді!.. – Басын теңселе шайқап, таңдайын қақты; ұртының ойығына көлеңке ұялап томсарған күйі ұзақ үнсіз отырды. Көзі жұмулы. Шалқақ кеудесі тік шаншылып, қыбырсыз қалды. Қалғып кетті ме дейін десең, тәспихтың тасын баржиган жуан саусақтар жаңылыссыз термелеп отыр. Бір уақытта қып-қызыл көзін лап еткізіп ашып алды:

– Әй, білмеймін! – деді допысын желкесіне қарай ысырып. Жарқыраған кең маңдайын алақанымен арлы-берлі ысқылап азкем кідірді. – Бір гәп бар сияқты. Әлгілердің орысшасын онша түсінбесек те, мінгірлеген түрлері жаман. Көздері жыпылықтап тура қарай алмады ғой, жүдә... Жаным, мұсылман баласы екенсің. Өлер бала өлді, ең болмаса, енді анық-қанығын білейік. Қалай болғанын айтшы, балам?

– Қалай болғанын әлгінде офицерлер айтты ғой, – деді бұл тайсақтап. Күмілжіген сайын күдігі күшейіп қария қадала түсті.

– Әй, балам-ай, сен де бізден жасырып тұрсың. Рас десең, мына нанды ұсташы! – Қария дастарқандағы нанның үзімін ұсынды. Тұрардың маңдайынан суық тер бұрқ ете түсті.

– Әкей, бізге көрген-білгеніміздің бәрін айта беруге болмайды. Әскерде жүрміз ғой...

– Маған айт. Мың жерден құпия болса да, шындықты білуге хақым бар шығар. Міне, нан ұстап тұрмын ғой, естіген сөзім осы жерде қалады. Өлген адам бәрібір тірілмейді, ешқандай ың-шың шықпайды. Жасқанба, көне айта ғой!..

Тұрар болған уақиғаны айтып беруге амалсыз мәжбүр болған.

Қария малдасын шашып жіберіп, шарт жүгінді. Қос тізесін шеңгелдей ұстап, әппақ қаба сақалы жарықты сүзе иегін көтеріп, кегжиген күйі бір нүктеге қадалып, қыбырсыз қатты да қалды. Жүзіндегі қап-қара боп шөккен қасыреттің көлеңкесі жым-жылас. Лезде қатайып, сұс жинап сұрланып алған. Жиегі қанталап, домбыққан қоңырқай көздері шүңіт тартып шыныланып барады.

– О, Аллаһ, кешір! – деді көкке қарап, алақанын жайып. – Босқа налып, көз жасымды төгіппін. Қанымнан жаралып, қағанағымды жарып шықса да, өшірдім жүрегімнен, атын ұмыттым мәңгіге! Осы сәттен бастап ол мүскін менің балам емес!

Қолын түсіріп, сәл үнсіз қалды. Іші лаулап өртеніп жатқандай, екі иығы көтеріліп-басылып дем ала алмай алқынып отыр.

– Ой, Аллам-ай! – деді біраздан соң аузынан жалын ата. – Қолында қару тұрып өзін-өзі өлтіргені не сұмдық! Әуелі көкірегіңді таптаған қорлаушыны жайратып салып, содан кейін өлгің келсе, өзінді өлтірмейсің бе?! Жастығыңды неге ала жатпадың! Қор жаратылған ез, ынжық сүйекті сындырды-ау! Ақ өліммен өлді деп қабырғамыз сөгіліп, еңіреп жетсек. Артында ұлардай шулап қалған ата-ана, аға-бауырды неге ойламады? Неге бізді аямады? Ауырып-сырқап не тосын келген ажалдан мерт болса, тағдырдың ісіне жылай-жылай көнер едік. Мына қорлық танбасы көкіректен өшер ме! Өз жанын өзі алған күнәһардың маған керегі жоқ. Харам өлікке туған жердің топырағын былғап қайтеміз.

– Дада, бұл қалай болады?.. – Бағанадан бері қос тізесін құшақтаған күйі басы салбырап бұрыш жақта үнсіз отырған баласы жүрегіне мінгірледі.

– Сөзді қой! – деді қария өктем үнмен. – Тұр, жинал! Бауырым деп қимай отырсың ба? Бүкіл елді күңіретіп қай бетімізбен апарамыз? Өзіне өзі қол салған мұндай мүскінге жаназа шығарылмайды, құран оқылмайды, тіпті ортақ зираттан қабір де бұйырмайды,

бөлек көміледі. Көрген сайын көзге күйік болғанша осында қалсын. Шіріген бір жұмыртқа, қайтеміз!..

Қария қаздыып отырған орнынан екі ұмтылып әрең тұрды. Тізесінің сары суы бар ма, әлде ұйып қалды ма, тамға сүйеніп, екі аяғын алма-кезек бүгіп-жазып буындарын сытырлатты. Шапанын киіп, белбеуін шиырлап буынды.

Таң ағарып ата бастаған. Терезенің шынысы зыңылдап, көшедегі арлы-берлі өткен машинаның дыбысы естіледі. Таяғын беліне көлденең салып, қария алға түсті. Баласы қоржынын мойнына асып, соңынан ерді. Қалбаңдаған қос көлеңке бірте-бірте таңғы алакеуімге сіңіп алыстай берді...

## КЕК

Осы сәттен бастап Тұрардың көкірегінде дүр сілкініп, басқа бір алам оянғандай болды. Қияпаты бөлек қайсар, өжет. Жан дүниесі мүлдем өзгеріп сала бергендей. Ештеденен тайсалмас катал бір бекемдік орнаған бойына. Үйден тамақ турауға деп алып шыққан мүйіз сапты қайқы жүз қысқа пышағы сумканың түбінде жататын, соны керзі еттіктің қоншына салып алды. Екі күн бойы Коцубаның оңаша шығар оңтайлы сәтін аңдумен болды. Екеуінің көздері бірер мәрте түйісіп те қалған. Коцубада бұрынғыдай айбын жоқ. Әлденеден үрейленетіндей, секемшіл, сак. Мұның кек боп түйіліп, өңменінен өте қадалған отты, ызалы жанарына тік қарай алмай тайсақтай береді.

Бүгін, міне, сәті түскендей. Кешқұрым еді. Коцуба жалғыз өзі жардай боп казарма сыртындағы дәретханаға қарай беттеді. Белбеуін жүре ағытып, емпеңдей басып барады. Бұл ізінен ілесе шығып, білдірмей баспалап келеді. Үйдің қалқасынан сығалап тұрды да, анау дәретханаға кіріп кеткен соң аяғының ұшымен мысықша жүгіре басып жеткен.

Айналасын жайпап жеп ықылық атқан ашқарақ, обыр неме бес кез бөз айырғандай, жо-жок, бөзің не, «автоматының» бір обоймасын бір-ақ тоқтаусыз дарылдатып, сығырайған шамның жарығында көзі жасаурап, қызарып рахаттанып отыр екен. Бұл тұруға мұрса бермей екпіндеп кірген бойда шарт еткізіп иектің астынан тепкен. Басы кегең етіп, дәретке отыратын жердің қуысына құйрығы кептеліп шоңқиып қалды. Есін жиғызбай үсті-үстіне тепкіледі. Арқасын қабырғаға тіреп қойып, шаптың арасына тіземен соққанда, өкіріп отыра кетті. Дема ала алмай тұншығып талықсып барып, қайта көзін кілките ашты.

- За что, сука? Жазығым не? – деді қырылдап.
- За то, что убил Долкуна! Долкунды өлтіргенің үшін!
- Бля буду, я не убивал! Ит боп кетейін, мен өлтірген жоқпын!
- Ты довел его! Бәрібір түбіне жеткен сенсің!
- Я просто шутил. Жәй қалжындадым.
- Я тоже сейчас с тобой пошучу! Мен де сенімен қазір қалжындасамын!

Тағы да тепті. Асқазан тұсынан жұдырықпен ірей соққанда аузынан қан лақ ете қалды. Сонда да қаймығар емес. Аяй гөр деп жалынып, жалбарынар түрі жоқ.

- Ну ты, сука! – деді тұруға ұмтылып.
- Ты знаешь, кто такой я? Сен менің кім екенімді білесің бе?
- Ты – кир-гиз! – деді жиіркене ысылдап.
- Я – казах! Мен – казакпын! Ты наверно, знаешь, как наши братья – туркмены режут барана! Біздің түркмен бауырларымыздың қойды қалай бауыздайтынын білетін шығарсың? Я тебя сейчас стоящего зарежу! Мен сені қазір түрегелтіп қойып бауыздаймын!
- Тұрар қоншындағы пышағын суырып алып, кенірдегіне тіреді.
- Тебе хана! Біткен жерің осы!

Сонда ғана жүрегіне қорқыныш ұялағандай іркілдеген май денесі пілдің сауырындай селкілдеп қоя берді:

- Толян, – деді қабақ астына тығылған шошқа көздері шыр айналып. – Не убивай! Өлтірмеші!
- Нет, у нас око – за око, кровь – за кровь! Не успокоюсь, пока не спущу твою черную кровь! Жок, біздің дәстүріміз бойынша қанға – қан, жанға – жан! Сенің арам қаныңды ағызбай көңілім көншімейді! – Пышақтың қырымен иегін кегжите көтерді. Жанынан түңіліп, дәрмені кеткен Коцуба өксіп жылап жіберді; бырқ етіп маңқасы мен көз жасы қатар ақты.

- Пожалей, ради Бога. Аяй гөрші, Құдай үшін.
- У тебя Бога нет! Сенде Құдай жоқ!
- Почему? Я же крест ношу! Неге олай дейсің, мен крест тағып жүрмін ғой!

– Пошел со своим крестом! Ну-ка, повернись! Кресің құрсын! Кәне, бұрыл! – Басын тамға тіреп, желкесінен басып тұрып, – снймай штаны! Шеш шалбарыңды! – деді.

- Зачем? Неге?
- Надо! Сөзді қой!
- Что будешь делать? Не істейсің?
- Буду делать то, что ты сделал с Долкуном! Долкунға істегеніңді істеймін!



Осымен жаным қала ма деп қуанып кетті ме, Коцуба саталақ-саталақ сасыған шалбарын түсіре бастады. Тұрар пышақтың ұшынан екі елідей шегіндіре бармағын тіреп, ағараңдаған май құйрыққа сұғып кеп алды. Коцуба:

– Ма-а-ма! – деп баж ете түсті.

– И твою маму!.. Чем рожать такого гада как ты, лучше бы ей сделать аборт!.. Өйткен маманды қоса!.. Сендей хайуанды туғанша аборт жасатып тастауы керек еді! – Қан атқақтаған құйрықтан тағы бір былшита тепті де, Тұрар жалт бұрылып жүре берді.

Беті-қолын жуып, казармаға келді. «Көкелерге» қарсыласып андасанда таяқ жеп жүретін еті тірілеу қазақстандық екі орыс жігіті бар болатын. Соларды былай шығарып алып:

– «Дедтер» бүгін бізге тиісуі мүмкін. Теперь мне все пофиг. Енді ештеденен аянбаймын. Мына пышақпен кез келгенін сойып саламын. Сендер маған көмектесулерің керек. Әйтпесе сендерді де қоса бауыздаймын! – деген. Екі жігіт сөзге келген жоқ. Өздері де іштей булығып әбден ашынып жүр екен.

– Бүйтіп қор боп жүргенше – өлгеніміз артық. Төбелесеміз! – деді.

Тұрар төсегіне киімшең құлай кетті. Пышағын жастығының астына тығып сақ жатыр. Екі көз, екі құлағы казарманың бір шетіндегі «көкелер» жақта. Көңілінде қорқыныш жоқ, бір тастүйін қатыгез бекемдік бар. Қазір Коцуба келіп, құзғындарын көтеріп, қиқулап лап қойса, жауыздың өзімен қоса көзіне түскеннің талайын пышаққа жығары кәміл еді. Екі жігіт те білектерін орамалмен таңып алып, төбелеске дайын жатыр.

Бір уақытта Коцуба келді шайқалақтап. Ешкімге бұрылып сөйлескен жоқ. Кескен теректей гүрс етіп төсегіне құлай кетті.

– Фу, сасып кетті ғой! Боққа аунаған ба, немеңе? – деді әлдекім күңкілдеп.

– Заткнись! – деді Коцуба ызалана ысылдап.

Ары қарай сөзді бықсытқан ешкім болмады. Жым-жырт. Шам сөнді. Қараңғы казарма қорылдап, ыңырысып, тісін шықырлатып қалың ұйқыға басты. Тұрар бәрібір бейғам жата алмады. Тырс еткен дыбысқа елендеп, таң атқанша көз ілген жоқ.

Ертеңінде бет-аузы үрлеген шардай ісіп, шойнаңдап аяғын әзер басқан Коцубаны көргенде «молодойлардың» талайының айызы қанып, көздері ұшқын атты. Сап алдында командир бажырайып Коцубаға ұзақ қарады.

– Что с тобой? Не болды саған?

– Да, так себе, товарищ лейтенант... Жәй, әншейін, жолдас лейтенант! – деп қипыжықтап ештеңе айтпай қойды.

Лейтенанттың сапты сүзе шолған қырағы көзі Тұрарға кадалды. Хром етігінің қоныштары жылтырап, сықырлата нәшпен, салмақтана басып қарсы алдына тоқтады.

– Ну и Чингисханчик! – деді ызғарлы демін бетіне үрлей.

– Да, я – Чингисханчик! – деді Тұрар да өршелене кеудесін көтеріп.

– Жаль, что я всего лишь Чингисханчик!

Лейтенант әдемі көкшіл көздерінен көкпеңбек у бүркіп тесірейе караған күйі сәл үнсіз тұрды. Содан соң ұштары түйіскен қалың қастарын серпе оқыс жадырап:

– Между прочем, ты молодец! Қалай дегенмен, жігіт екенсің! – деді мұны иығынан қағып.

Сөйтіп Коцубаның «патшалығы» құлаған. Енді оның қожайынымен қосылып «молодойларды» қан қақсатқан сілімтіктері жалт беріп мұны жағаттады. «Ләббай, тақсыр, не бұйырасың? Кімнің тұмсығын бұзайық, кімді қорлайық?» дегендей, жалаңдап жаутандай караған. Бұл: «маған құл керек жоқ!» деп ондайлардың бір-екеуін құйрыққа бір-ақ тепкен.

## ҚҰСТАР ҚАНДАЙ БАҚЫТТЫ

Әскери бөлім шағын қалашық шетіне орналасқан. Түтіні будақтап, гудогы боздап, арсы-гүрсі алқынып күндіз-түні тыным таппайтын еңбекқор қала. Айналаның өңі қашқан жауынды күзде келіп, одан қыс түсіп, қақалған қалың қар мен кірпі жонданған жатаған орманды жоталардан басқа көңіл селт еткізер ештеңе көрмейтін. Сөйтсе бұл жердің сиқыры жазға қарай басталады екен. Ақ тонын серпіп, аяқ-қолын көсілген кең алқап бір-ақ күнде дүр көгеріп құлпырып шыға келді.

Сағым буып тұнжыраған көк толқын жоталардың қырқасында сыңғырлай күліп, көк көйлегінің етегі дөңгеленіп бала көктем билеп жүр. Іргені көмкере өскен қалың қайыңның арасынан көкек шақырады. Тамылжыған ерке де мұңлы үн, жырақтағы туған жердің дауысы естілгендей, жүрек сыздатады. «Біздің жақта да көктем шықты-ау!» – дейді Тұрар теріскейінде селдіреп шоқ-шоқ караған, жыңғыл өскен тастақты қыр, жусанды ұшы-қиырсыз жазық даланы елестетіп.

Беткейде бытырай жайылған ақ-қаралы қой-ешкі. Маңыраған козы-лақ... Жұпыны ғана көрініс. Бірақ көңіліне ыстық. Ауыл сыр-

тындағы дөңесте, өздері талай отырған үлкен қара тастың жанында көйлегінің етегі желге желбіреп Роза мұны ойлап мұңға батып тұр ма екен? Қолында бір уыс жауһазын, жұпарын құшырлана иіскеп, әлдебір сағынышты әнді сызылта ма?.. Көз алдынан қилы-килы елес көшкенде, ұшарға қанаты жоқ. «Шіркін, құстар қандай бақытты еді!» – дейді аспанда сыңсып жебедей созылған тырнаның тізбегіне күрсіне қарап.

Розадан аптаның басында – бір, аяғында бір хат алады. Мұңлы, сағынышты, жүрек алауына оранған ыстық хаттар. Шалқыған сезім оқушы дәптерінің төрт кейде алты бетіне сыймай асып-төгіліп жатады. Осыншама сөзді қиыстырып қалай табатынына қайран. Бір хаты бір хатына ұқсамайды. Бірінен бірі өткен ерке наз, лапыл, жалын.

Соңғы хатында: «...кеше көшеде Төкенмен жолықтым... – депті. – Әлгі сендермен волейбол ойнайтын тракторист ше? Қылжақбас, қояншық қой. Әйелі босанып роддомда жатыр екен. Қызулау ма, Тұрар сені маған табыстап кеткен, тек маған ғана бетіннен сүйгізесің деп жармаспасы бар ма жарыместің. Сені сұрады. Украинада жүр деп едім, ойбай мен де Украинада служить еткенмін. Херсонда. Байқа, шалыннан айрылып қалып жүрме. Хохлушкалар пәле болады. Он төрт, он беске келмей қылтындап, кешке жақын частінің алдын торуылдайды. Ерте пісетін шайтан ғой. Олардың Конституциясының өзінде он алты жастан бастап некелесуге рұқсат етілген. Еркек аз, содан соң солдаттарға өздері келіп сүйкенеді. Көздері жайнаған, тығыншақтай әдемі болады. Әй, екі-үш балам сол жақта қалған шығар!.. деп қарадай жыныма тимесі бар ма. Оның қылжақтап сандырақтай беретінін білем ғой, бірақ сонда да көңілім бір түрлі болып қалды... Әй, Тұрар, байқа! Осыдан бірдене сезсем, мен саған жоқпын. Тура жүрегіме пышақ салам да, өле салам!..»

– Ой, ақымағым! – деді жүрегі елжіреп. – Сенен басқа қыздың бетіне қарасам, екі көзім ағып түссін.

Алла нәсіп етсе, демалыс алып, елге баруға әлі жарты жылдай уақыт бар. Сүйіктісімен қауышар қуанышты, ыстық сәтті ойлағанда, әр сағат айдай, әр күн жылдай созылып бітіп берер емес.

Бір күні таң сәріде әскери дабыл қағылды. Мұндай дабыл талай рет болған. Күндіз де, түнде де. Әбден үйренген. Күн жексенбі еді. Әдетте, мейрам, демалыс күндері кезекші офицер болмаса, қалған офицерлер дем алатын. Бүгін бәрі топырлап осында жүр. Түстері абыржулы. Соған қарағанда, сынаққа жоғары жақтан бір дөкей келіп қатысатын болса керек, не шынымен төтенше бірдене болған ба? Бүкіл полк табанынан тік тұрды.

Бұйрық: N1 дайындық. Бұл – ядролық не химиялық шабуылдан қорғану деген сөз. Әркімнің денесіне шақтап әскери комплекті берді – резина етік, резина шалбар-плащ, противогаз. «Противогаздерінде жыртық-тесік не басқалай бір ақау болмасын, мұқият тексеріңдер» – деп ескертті. Басқа ләм-мим жоқ.

Взвод-взводомен жабық машинаға отырып жолға шыққан. Басаяғы шақырымнан артыққа созылған ұзын керуен арылдап-гүрілдеп орман арасындағы ирелендеген тас жолмен зымырап келеді. Екі сағаттай жүріп бір қаланың шетіне тоқтады. Орманға көмілген әппак үйлер. Қала сыртындағы тарам-тарам жолдардың бәрінде құжынаған машина. Жұрт қотарыла көшіп жатқандай. Жүк артқан машина, лықа толған автобустар мен жеңіл машиналар іркес-тіркес шұбап, әлдеқайда жосып барады.

Осы жерге келгенде ғана полк командирі сапқа тұрғызып қойып, әңгіменің шет-жағасын ғана шым-шымдап шығарды: «Осы маңда үлкен өрт шықты. Соны сөндіруге барамыз» деді.

Резина киімдерін кигіздіріп, қайтадан машинаға отырғызды. Тек противогаз ғана киген жоқ. Бәріне құтыға толтырып арақ берді. «Міндетті түрде ішіндер. Бірақ мас боп қалмандар!» – деді. Бұл неғылған жомарттық деп таңырқасқан. Іш деген соң, іркілсін бе, бір-біріне жымындаса қарап, құтыларын соғыстырып, қылқ-қылқ жұтуға кіріскен. Лезде өңдеріне жылт жүгіріп, бағанағыдай емес үндері жарқын-жарқын шығып, қауқылдасып келеді.

Аспан ашық болса да айнала бұлыңғыр, жанбыр жауып, күн ысыған соң жерден көтерілген бу ма – белгісіз, көз жетер маң белдеуленіп діріл қағады. Тұрар өз-өзінен жүрегі қалтырап жайсыз күйге түсіп отыр. Денесі бір ысып, бір суыды. Тынысы жиілеп, тандайы құрғап жұтына береді. Құтының аузын еңкейтіп, бір ұрттам-жарты ұрттаммен-ақ біраз еңсеріп тастаса да осы әсерден бәрібір арыла алар емес. Алға жылжыған сайын жалқақ мұнар көлкілдеп қоюлана түсті.

Жарты сағаттай тоқтаусыз зымыраған машина биік бетон дуалдың қалқасына келіп тоқтады. Секіріп-секіріп жерге түскен. Резина киім киіп қорбандаған қара нөпір. Қимылдары қарбалас. Бетон дуалдың қиюындағы қуыстан қатар үзбей жүгіре басып кіріп, сонандайдағы екінші бір қуыстан жүгіре басып шығып жатыр. Бұлар жерге түскен бойда командир:

– Противогаз киіңдер! – деп бұйырды. – Тірі қалғыларың келсе, дуалдың ығына қайтып келгенше шешпендер. Кәне, мына саптың соңына ілесіңдер. Алдарыңдағы адам не істесе, соны істендер. Жолда аялдап, бөгелуші болмандар!

Құмырсакадай жыбыр-жыбыр қуысқа құйылып жатқан қалың тізбектің соңына ілесіп, бүлкестей жүгіре жөнелген.

Дуалдың ішіне кіре бергенде, лап еткен әлдебір толқын кеуделей соғып өтті. Анандайда бу ма, түтін бе бұрқыраған әппак бұлт аспанмен астасып тұр. Аттаған сайын аяғы ауырлай түсті. Көзге көрінбес қуатты әлдебір ыстық ағын мың-миллион тескілеп денесінен сүзіліп өтіп жатқандай.

Бұлт дегені әйдік қазан шұңқырдың аузына кептелген ақ түтін екен. Аждаһаның деміндей ыстығы анандайдан шарпиды. Үстіндегі резинка киімі балқып кетердей тиген жерін қарып күйдіріп барады. Алдындағылар жүгіріп жеткен бойда үюлі тұрған құмнан бір күректі көсіп алып, қазан шұңқырға лақтыра салады да, күректі тастай беріп жүгіре жөнеледі. Бұл да сөйтті. Алдындағы жігіттен қалмай өкшелеп келеді. Дуалдың қалқасына жетісімен противогазын сыпырған. Дайын тұрған машина бұлар тобымен топырлап мінген бойда зымырап ала жөнелді.

Қотанның аумағынан сәл-ақ ауқымды жерді айналып өткенге әбден сілесі қатыпты. Противогаз кигеннен тынысы тарылды ма, әлде жалаңдаған өрттің ыстығы өкпені қапты ма, әйтпесе тым қапылып жанталасқандарына қарағанда басқа бір пәле бар ма, әйтеуір бәрі қалжырап дел-сал есеңгіреп қалған. Әсіресе Коцубаның халі мүшкіл. Машинаға өздігінен ұмтылып міне алмаған соң, қолынан тартып, бөксесінен көтеріп, қаумалап жүріп әзер шығарған. Тіктеніп отыруға шамасы келмей, жерге құлай кетті. Бағана: «Противогаз басыма сыймайды, алқымын жыртып кеңейтіп қойдым!» деп кутындауы жаман еді, асылы, содан кәдік болды ма екен, біраздан кейін «ішім күйіп өртеніп барады!» деп, гимнастеркасының өңірін жұлқылап айырып, шыбын жанын қоярға жер таппай арлы-берлі аунап аласұрды. Сәлден кейін аузы-мұрнынан қан сигектеп, көзі алайып талықсып кетті. Оған қарап жанашырлық танытуға бұларда дәрмен жоқ. Әрқайсысы өз жанымен қайғы. Бірі лақылдата лоқсып, енді бірі аяқ-қолын сұлық тастап, басын шалқайтып алқына дем алады.

Тұрар да дел-сал. Жүрегі айнып, дүркін-дүркін лоқсығанмен, кеңірдегіне кептелген бір түйін бері қарай шығар емес. Тынысы жиілеп, аузынан шыққан демі жалындай шарпиды. Бойы зіл. Аяқ-қолы шашылып, орындықтың арқалығына мойынын асып шалқалап жатыр. Ой-санасы тұманға малтыққан, ұйқылы-оюу бір хал. Сыңар танаудан жылыстап аққан қан тырс-тырс гимнастеркасының иығына тамды.

Сүйгенінен хат күтіп Розаның екі көзі төрт болғалы қашан. Бір ай, екі ай... бес ай өтті. Міне, алтыншы ай Тұрардан хабар-ошар жоқ. Иығына сумка асып, велосипедке мініп қиқандаған пошташы Қырықбай осылай қарай бұрылса, Розаның жүрегі атқактап кеудесіне сыймай кетеді. Қырықбай үмітпен қалтырай созылған қолына газет не журнал ұстатады. Тұрардан тағы да хат жоқ. Осы алты ай ішінде ой соқты боп Роза әбден жүдеп бітті. Жанды көлеңке сияқты. Аяқ-қолы қимылдап бірдеңе істеп жүр деген аты ғана, не тындырып, не қойғанын өзі де білмейді.

Кешке қарай клубтың есігін ашып, билет жыртып елді ішке енгізеді. Көз таныс ауылдастары емес бөтен біреулер өтіп жатқандай бәріне бей-жай қарайды. Дос-жарандардың әзіл-қалжыны – жауапсыз, сәлеміне – салқын бас изеу. Олар мұның ішінде не боп жатқанын қайдан білсін. «Пішту, мынау жаман қара құлыптың кілтін ұстағанға әлдеқандай боп шыртиып қалыпты ғой!» деп оскырынып теріс айналады. Елмен бірге қараңғы залда отырып экранға қарайды. Бірақ ештеңені көріп жатқан жоқ. Көңілі басқа жақта. Көзінен үнсіз сорғалаған жасты өзі де сезбей қалады.

Розаның көкірегін кемірген бір ғана күдік еді. Тұрардан хат-хабар пышақ кесті тиылғанға оны қылмындаған хохлушканың біріне қолды болды деп ойлады. Баяғыда жынды Төкеннің қалжындап айтқан сөзі көкейінен шықпай тұрып алған. Әскери өмірде неше түрлі жағдай болады: дүниенің аумалы-төкпелі кезеңі, Ауғанстандағы соғысқа жіберді ме, әлде басқалай тосын бірдеңеге ұшырап қалды ма деген күмәнді көңіліне қонсы қондырғысы келмеді. Қызғаныштың қызыл шоғы көкірегін қарып, күйіп-өртенді.

Шыдай алмай не сыбыс бар екен деп, Тұрардың інісі – Токтардан сыр тартып көрген. Көптен бері хабарсыз кеткенге үй іші де аландап отыр екен. Тек жақында ғана бір хат келіпті. Жарты-ақ бет. Аман-саумын, аландамай-ақ қойындар деген аузы-мұрыны жоқ екі-үш ауыз сөзден басқа тұшымды ештеңе жоқ. Оның өзін де орысша жазған. Жазуы өзінікі емес, әйел адамның жазуы дейді. Осыны естігенде, көңіліндегі күдігі одан сайын беки түсті: «Ана сайқал хохлушкасына жаздыртып отыр ғой», – деп қызғаныштан жарылып өле жаздады.

Жаман атқа ұшырап сотталып кетті не қатты науқастанып жатыр деген хабар келсе, дәл бүйтіп қиналмас еді. «Опасыз, азғын, мен сені жек көремін!» – деді талай ұйқысыз азапты түндерде көз

жасына малшынған жастықты құшақтап. Бірақ опасыздың жексұрын бейнесін елестетіп қанша жерден намысын жанып ширыққанмен, бәрібір жек көруге құдіреті жетпеді. Қайта ұмытайын деген сайын ыстық тартып, ынтызары арта түсті.

«Шынымен айрылғаным ба?» – деп ойлағанда, қызғаныштын лаулаған алауы жалп етіп сөніп, жүрегін қорқыныш биледі. Қорланып, намыстану жоқ. «Мейлі жүрсін, қыдырсын. Етегіне намаз оқып жүрген қай еркек бар. Тек ана сайқалдың арбауында біржолата қалып қоймай, өзіме қайтып оралса екен!» – деп жатса-тұрса Жаратқанға жалбарынумен болды.

Күн суық. Өңменнен өткен қара жел азынап тұр. Ықтасыны жоқ сыпыра жалтаң жазықта шыр айналып ұйтқып соғады. Қияғы қуқыл тарта бастаған қалың ши үкілі басын біресе оңға, біресе солға иіп, теңіздей толқып, ышқынған желмен қосыла сынсыды.

Роза көз ұшында бұлдырап көрінген қыстауға қарай келе жатқан. Ауылдан алты-жеті шақырым. Күзгі қарбалас басталып, совхоздың бір қолын екі ете алмай жанталасып жатқан кезі. Жылда осы мезгілде қойма, кітапхана, клубты уақытша жауып, контордағы қара жұмысшы, кішігірім қызметтегі қыз-келіншектерді жиып алып, бірін – қырманға, бірін қыстауға қуатын әдеті. Розаны Тораңғыдағы қыстаудың қора-қопсысын жөндейтін бригадаға қосқан. Бүгін бірінші күн. Ешкіммен бірге барамыз деп келіспеген.

Ауыл сыртына шығып, біреу көрінбей ме деп жалтақ-жалтақ қарайлап келеді. Қолында үлкен көк шүберек сумка. Түстік тамағын, жұмыс киімін орап салып алған. Сәлден соң арылдап-гүрілдеп сары «К-700» қуып жетті. Қояншық Төкеннің тракторы. Өзі қандай болса, тракторының жүрісі де сондай. Анандайдан клаксонын қаңқылдатып, газды үсті-үстіне басып, бұл шеттеп жол берсе де таптап кетердей бастырмалатып келіп тоқтады. Шаң мен шұбатылған қара түтін будақтай көтеріліп, жарты аспанды жайлап алды.

– Қайда бет алдың, сұлуым? – деді кабинадан басын шығарып ыржиып.

– Тораңғыға.

– Тұрсынхан қырттың қыстауына ма? Мен Аққұдыққа шөп маялауға бара жатырмын. Жүр, отыр! – Кабинаның екінші есігін ашып, қолын созды.

– Аққұдықтың жолы бөлек қой?

– Отырсайшы. Сен үшін жердің түбіне болса да барам ғой!

Аспақтаған табалдырыққа аяғы жетпей, созылған қолдан еріксіз ұстаған. Лып еткізіп іліп алды. Кабинаның іші ұядай. Өзі мыл-

жың, берекесіз болғанмен айналасы тап-тұйнақтай. Әйнекке екі-үш киноактрисаның реңді суретін жапсырып қойыпты. Маңдай тұсқа «Победителю Соцсоревнования» деп жазылған үшбұрышты қызыл байрақша ілінген.

– Осы сені көрсем болды, әйеліммен ажырасқым кеп тұрады! – деді Төкен рычагты жұлқи қосып. Оның мінезіне Розаның әбден еті өліп кеткен. Қандай сөз айтса да, ешқандай көңіліне алмайды. Қалжыңына қалжыңмен жауап беретін қашаннан әдеті.

– Онда неге үйлендің? – деді ойнақыланып.

– Сені көрмей қалдым ғой!

– Көргенмен де сендей шалды қайтемін!

– Байқа, «старый конь борозды не портит!» – деді Төкен жаман орысшасымен. Роза екі бетінің ұшы шұңқырлана күлді.

– Конь мне не нужен. Тем более старый!

– Қап, сені ме! – Төкен қызарқтап төбесіндегі шошайған маймай кортузын желкесіне қарай ысырды. – Тракторды осы жерде тоқтатып жіберіп, шалдың қалай болатынын көрсетейін бе өзіңе! – Мықынынан ұстағалы қолын соза беріп еді, қыз қағып жіберді.

– Болды-ей!

Шектен шығып бара жатқанын біліп Төкен тосылып қалды. Ұрты компылдап темекі тұтатты. Түгінді ерін ұшынан жартылай ашық терезеге қарай үрлеп жіберді де:

– Тұрардан хабар бар ма? – деді адам сияқты салмақтанып.

– Хабар жоқ!

– Қалай?

– Алты ай болды хабар-ошарсыз!.. – Көңіліндегі кілкіген көк запыранның аузынан қалай шығып кеткенін білген жоқ. Әйтпесе сыр бөлісіп шағынатындай бұл кімі еді.

Төкен әуелете ысқырып жіберді:

– Е, айттым ғой саған баяғыда! – деді әдеттегі есерсоқ қалпына қайта түсіп. – Бір хохлушканың қармағына мықтап тұрып ілінген ғой. Енді сені қайтсін!

– Жап аузыңды, оңбаған! – деді Роза айғайлап. Екі жұдырығы түйіліп секілдеп кетті. – Сенің шатағың қанша! Тоқтат тракторды, әйтпесе есікті ашам да, қарғып кетем...

Қыз есікке жармасқанда саскалақтап амалсыз тоқтаған. Роза жерге бір-ақ қарғыды. Топырақты бұрқ еткізіп етпетінен түсті. Үстінің шаңын да қақпастан, сумкасын иығына асқан күйі жылдам басып алыстай берді. Толқыған қалың шиді белуардан кешіп, жота басындағы қыстауға қарай жолсызбен төте тартып барады. Төкен ештеңеге түсінбей антарылып тұрды да, тракторын дарылдатып кері бұрылды...



Арада оншақты күн өтті. Қыстаудың жыртық-тесігін жамап бітірген. Үш әйел бел жазбастан екі үйлі жан тұратын қос ауызды үйдің іші-сыртын сылап, ақтады. Суықта дірдектеп лай ұстаған онай ма, қолы-бастары жарылып, қара-қожалақ болып шыға келді.

Аспан асты гүлеген жел. Азынап жағы сембейді. Томсарып түсі кашқан сұрқай дала көңіл құлазытады.

Кенет түксиген сыз қабақ аспанның жабығынан жарқ етіп күн сығалағандай, біреудің сиыры бұзауласа да жаңалық көріп жадырап қалатын аядай ауылды бір жақсылық хабар елең еткізді.

Роза екі келіншекпен бірге күн еңкейе қыстау жақтан қайтып келе жатыр еді. Басында інісінің ескі құлақшыны, үстінде сырма күпәйке. Бүйірден соққан жел бет қаратар емес. Жөнімен жүзін қалқалап, бір қырындап аяғын баяу басады.

Келіншектерден бөлініп, дүкеннің қасынан өте бергенде Несібелі дейтін, күйеуінің аталас жақындығы бар, даңғырлақ жеңгесі домаланып қарсы алдынан ұшыраса кетті. Ені мен ұзыны бірдей. Жұрт «домалай» дейтін. Етегін жел кеулеп жүріп келе жатқаны, домалап келе жатқаны белгісіз. Қоңыр түбіт шөліні тұмшаланып, иек астынан байлап алыпты. Көзі ғана жылтырайды.

– Көтек, еркек екен десем, сен екенсің ғой! – деді, бұл үндемей өте берейін деп еді, жеңінен шап беріп: – Танымай қалдым ғой.

– Сенің-ақ көзіңе еркек елестей береді екен! – деді Роза қағытып. – Ағама айтып, жон терінді сыпыртып алайын ба осы!

– Ағаң жас кезінде сыпыратын терісін сыпырған. Енді аузы арақ сасыған жаман шалды басындыра алмаймыз!.. Қойшы, шалы құрсын, айтайын деген сөзімді ұмыттырып жібердің ғой... Қыз-ау, үстіңе не киіп алғансың, қойшыға ұқсап, жігітін келіп жатқанда мына жүрісің не алба-жұлба?

– Қай жігіт? – деді Роза сасқалақтап.

– Қай жігіті несі, көп пе еді оларын? Тұрар келді, Тұрар!

Роза тізесі дірілдеп, жерге отыра кетті, қайта ұшып тұрды. Дірдек қағып тоңып тұрған денесі бірден ысып, от шарпығандай өртеніп барады. Құлақшынын басынан жұлып алды, күпәйкесінің түймелерін ағытып, өңірін ашып тастады. Жүрегі дүрсілдеп кеудесіне сияр емес. Өң мен түстің арасында есеңгіреп тұрғандай. Қолын сермеп, аузы дамылсыз жалпылдаған Несібелінің не деп жатқанын естіп тұрған жоқ. Шап беріп бетінен сүйіп алды да, күпәйкесінің етегі далақтап желге қарсы жүгіре жөнелді.

«Ой, қу қыз-ай!» деп Несібелі соңынан күлімдей қарап, басын шайқады.

Бір қараса, ауылдың екінші шетіндегі Тұрардың үйіне таяп қалыпты. «Ойбай, мұным не!» деп сасқалақтап кері бұрылған.

Үйге келген соң апасы сөз арасында: «Тұрар әскерден біржолата босапты. Науқас көрінеді», деп күйзеліп еді, тіптен қуанып кетті. Осы күнге дейін неғып хабар-ошарсыз жоғалып кеткенінің себебі енді белгілі болғандай, күдік-қызғаныштың бықсыған оты бірақ сәтте жалп етіп өшіп, жүрегін елжіреген ыстық сезім кернеді. «Жеттің бе, жаным! Ауырмақ түгілі еңбектеп қалсаң да өзімдікісің!» деді емірене күбірлеп.

Жүрегі лүпілдеп, үй ішіне сияр емес. «Тоңып келдің ғой, балам» деп апасының жасаған дастарханына да байыздап отыра алмады. Бір шыны шайды шала-шарпы ішіп, тұрып кетті. Сағат бойы өз бөлмесіндегі шарайнаның алдынан шықпады. Ана көйлегін кесе де ұнамайды, мына көйлегін кесе де көңіліне жақпайды. Тіпті айнадағы өзі де ұнамай тұр: Беті тотығып, көздері үңірейіп жүдеген. Қолдары жарылған. Косметичкасын алып, дереу бет-ауыздағы кемістіктерге қарсы күресу науқанына кірісіп кетті. Сүйіктісінің алдына жарқырап-жайнап баруы керек қой!

Тұрар үйге кіруге бата алмай көше жақта байқақтап жүр ме деп екі терезеге кезек-кезек барып қарайды – жоқ! Бүктелген хатты уысына жұмарлай қысып алақ-жұлақ еткен бір бала, не қабағын ойната құпия жымиып құрбыларының бірі әне-міне кіріп келетіндей есікке жалтақтайды – кенеріне жөргеп киіз шегелеген қоңыр есік мелшиген қалпы.

«Менің ұшарға қанатым жоқ боп отырғаным мынау. Ол неге келмейді? Сағынбағаны ма? Ұмытқаны ма?!» Бұрқ-сарқ қайнаған көк жалын көкірегін өрлей шалқып теңселтіп өткен. Бірақ келесі сәтте Тұрардың науқас екенін есіне алып, қайтадан сабасына түсті.

Ымырт жабыла сыртқа шықты. Аяғын сәнімен басып, айналасын хош иіске толтырып, іңір қараңғылығында бір сиқырлы елестей қалқып келеді.

Темір шатыр көзіне түсіп түксиген жатаған үйдің барлық терезесінен ақ шаршыланып жарық сыздықтайты. Маңдайшадағы дөңгеленген қалпақты шам да жанып тұр. Биік тал шарбақпен қоршалған аула іші қараңдаған адамдар. Есік бір ашылып, бір жабылады. Туыс-жұрағат, көрші-қолаң болса керек сәлемдесіп кіріп-шығып жатқан.

Роза үйге кіріп баруға ұялып, анандайдан байқақтап біраз жүрді. Абырой болғанда, көп күттірмей Тұрардың кіші інісі шелек ұстап қақпа алдына шыққаны. Көрші үйдің құдығына қарай бара жатыр.

Роза жылдам басып келіп алдын кес-кестеді. Ешкім жоқ болса да құлағына сыбырлап: «Тұрарға мен күтіп тұр деп айт» деді.

Есіктің аңқайған аузынан әр түрлі елестегі Тұрарды күтіп тұрған: бірі таяқ ұстап шойнаңдап басады; бірі қолын дәкемен орап мойнына асып алған... Сәлден кейін төбесімен жарықты сүзіп, есіктен сары-ала киімді солдат шығып келе жатты. Қол-аяғы бүтін, бойы тік. Қайта бұрынғыдан да толысып, семіріп алған сияқты.

«Мынау сап-сау ғой!» деді ішінен ойындағысындай болмағанына өкініп. Жүрісі маңғаз... Жоқ, Құдайдың зорлығымен келе жатқандай құлықсыз, сылбыр. Дарбазаға жетіп болмады. Сыртқа шығып, қараңғыға көзі үйренбей состиып сәл тұрды да, жан-жағына жалтақтай қарады.

– Мен мұндамын, Тұрар! – деді Роза бұтақтары сыдиған кәрі үйсінкінің түбінен қол бұлғап.

Қанатын жайып тұра ұмтылар деген. Жоқ, сол кегжиген қалпы, ырғалып, аяғын санап басады. Роза шыдай алмай қарсы ұшты. Бір алапат күш еріксіз көтеріп ала жөнелгендей. Сыбырлай өксіп, мойнынан тас құшақтай алды:

– Жаным!.. Жеттің бе!.. Көрдім-ау ақыры өзінді!.. Сағындым ғой... Қатты сағындым!.. – Талай күннен бері көкірегінде шер боп шоккен ұлы сағыныш аузынан үзік-үзік сөз болып ағытылып жатыр; көзінен ыстық жас боп төгіліп жатыр.

Арасында: – Неге хат жазбадың? Өлтірдің ғой мені!.. – деп жұдырығымен кеудесіне түйіп-түйіп жібереді. Бетінен, көзінен, алқымынан... еріні жеткен жерден шөпілдетіп сүйіп жатыр.

Ал жігіттің бойы салқын. Өліп-өшкен обыр, ыстық сүйіске ерін ұшынан сараң жауап қатады. Қыздың от боп жанған солқылдақ денесін бауырына қысып, шашынан сипап сұлық тұр. Дөңкіген сыртына қарап тон пішкенмен, құрт жеген ағаштай жігіттің іші ксеук екенін қайдан білсін қыз бейшара!

## ҚОС КӨЛЕҢКЕ

Тұрар анадағы өртті сөндіруге қатысқаннан кейін Москва маңындағы арнаулы әскери госпитальда алты ай бойы емделген болатын. Алғашқы кезде талай күн ес-түссіз жатты. Сол күні машина ішінде мұрнынан қан дірдектеп құлап түскеннен кейін не болып, не қойғанынан бейхабар.

Көзін ашқанда госпитальда жатқанын бір-ақ білді. Көп жігіт мұнда жете алмай қалыпты. Коцуба сорлы вертолёттің ішінде айғайлап

аласұрып жатып жан тәсілім етіпті. Мұнда жеткендердің де талайы баудай түсті. Жартысынан көбі кеткен шығар. Сөйтсе, бұларды қазір бүкіл дүние төбе шашы тік тұрып шулап жатқан ана Чернобыльдегі алапаттың қып-қызыл өңешіне апарып тоғытқан екен ғой. От сөндірді деген аты ғана, апырып-жапырғандары шамалы. Бар болғаны бір күрек құмды лаулаған шұңқырға қарай шаша салып тұра қашқан жоқ па! Сонда бір күрек құм лақтыру үшін көпе-көрнеу ажалға айдағандары ма?

Әуелі бір Алла, екінші медицинаның құдыретімен беті бері караған. Небір оқымысты профессорлар күндіз-түні қасында болды. Алты айдың ішінде қанын әлденеше рет ауыстырды. Қанмен бірге бүкіл мінез-құлық, болмысы да ауысқандай. Сыртқы пішін-тұрпаты бұрынғы болғанмен, жан-дүниесі мүлдем бөтен біреу. Ештеңеге селт етпейтін сезімсіз, салғырт.

– Неге сүймейсің? Мені сағынбадың ба? – дейді қыз өксігіне тұншығып.

– Сағындым, – дейді жігіт ерін ұшымен наумез ғана.

– Өтірік! Әскерде басқа қыздармен жүріп, мені мүлдем ұмытқан-сың ғой!

– Жок, ондай сөзді айтпа! – Ант-су ішіп ақталар деген.

Мойындауға бергісіз жауапқа қыз одан бетер булықты. Жігіт илікпей тартыншақтаған сайын өрттей құшағымен жабысып өліп-өше түседі. Бірақ лаулаған қызыл от қалай шарпыса да, мелшиген кара тасты балқыта алар емес.

Екеуі күн сайын кездеседі, кеште, жұмыстан кейін. Жігіт онша ынталы болмаса да Роза жалынып, жалбарынып ерікке қоймайды. Киноға барады. Оңаша өзен бойын аралап, не ауылдың ортасындағы бұтақтары сидіған жым-жырт бақ ішінде қыдырады.

Қиялшыл көңілі асып-тасыған қыз күзгі тұңғиық аспанға қарап, жыпырлаған жұлдыз бен қияктанып туған айды тамашалап небір сәулелі арманға беріледі. Жігіт жерге қарап үнсіз келе жатады. Қыздың алып ұшқан жүрегі жер-көкке сияр емес. Желмен жарысқысы келеді, сызылтып ән салсам дейді, жігітті бүйірінен түртіп ойнап, әзілмен шымшып «ку, кәне!» дегендей сыңғырлаған күлкисі сиқырлы түннің қойнына сіңіп жүгіре жөнеледі. Саудыраған жапырақты сапыра аспанға шашып, сақылдай күледі, дөңгеленіп билейді. Айналып келіп еркелеп, жігіттің мойнына асыла кетеді. Жігіт мұның бәріне селқос. Елігіп елпектемейді. Көңіл жыкпастықпен жетекке ерген сыпайылық қана.

– Бұның қалай? Не болды саған?.. – дейді шарасы таусылған қыз жаудырай қарап.

- Түсінсеңші, Роза, мен науқаспын ғой!
- Аяқ-қолың бүтін. Ақыл-есің дұрыс... Қай жерің науқас? Одан да көңілімде бір пәле бар десеңші!
- Түсінбей тұрсың... Мен Чернобыльде болдым ғой...
- Онда тұрған не бар? Чернобыльде жарты күн болдым деп жайрап қалғаның қызық! Жарты ғасыр бойы атом бомбасын атып жатқан мына Семейде жұрт аман-есен өсіп-өніп жатыр ғой?
- Е-е, не дейін саған?.. Осы тұрғанда мен тірі өлікпін...
- Ауырсаң өзім емдеп аламын, өлік болсаң, тірілтіп аламын. Мен сені сүйемін ғой, жаным! Махаббаттың шипа болмайтын дерті жоқ. Өзім жазып аламын. Жарты тал шашыңды да ешкімге бермеймін. Қандай болсаң да өзімдікісің...

Ақылға ерік бермей өректіген қыз жүрегі жігіттің «емделейін, күте тұрайық» деп тартыншақтағанына қаратқан жоқ. Ақыры екеуі қыс ортасы ауа үйленген.

Ертеңінде жас келін жар төсегінен мұнайып түрегелді; жас күйеу бетін теріске салып, қорланып түрегелді.

Арада үш жыл өтті. Арпалысқа толы азапты күндер мен түндер. Тұрардың қаралмаған дәрігері, көрінбеген балгері жоқ. Ақсарыбас шалып, әулиенің басына түнеді... Бірақ ешқандай ем шипа болмады.

Лүпілдеп өректіген жүректің бұрынғы алауы сөнген. Қызыл-жасыл жарқырап жанды сиқырлаған сәулелі елестердің бәрі өшіп, қатыгез тірліктің жабырқау, сұрқай суреті ғана қалды көз алдарында. Қуыс үйде қатар тұрып, қатар жатқанымен қызықтары жоқ. Жүректерді жалғастырған мың күрмеулі сырдың жібі үзілген. Не істесе де, не деп сөйлесе де бір-бірі үшін еш әсерсіз. Әйтеуір қарайып қатар жүрген қос көлеңке. Ештеңеге селт етіп серпілмейді. Сонда да бір-бірінен безінуден аулақ.

Роза жаны ышқынып қалай қиналғанмен жігітті қимайды. Кеудесін өкініштің дерті кеміріп, тәуекелге бел буайын деген сәттерде, босағадағы жаман тымағына қараған Аязби сияқты, кешегі сенсіз күнім жоқ деп лапылдап жанған шақтарын есіне алып, өзін сапсап сабырға шақыратын. Ғаріп жігіттің обалын ойлайды. Қатыгездік танытса, біржолата күйреп, өшетіндей көрінеді, кеудеден итеріп кет деуге аяйды оны. Не де болса күйікті өзі көтеруге бекінген. Жар төсегінің жылуы болмаса да, туыс, досқа деген кимастық сияқты бір сезім саялап еді көңілінде.

Бірақ уақыт өте келе гүл жарып, түйін салсам деп көктемгі дүр құлпырған миуа ағашындай, шырыны сыртына төгіліп солқылдаған жас табиғат алдында бәрібір дәрменсіздік танытты. Жар құшағын

аңсаған тұмса келіншек түн баласы тыншу таппайды. Алты айрығынан тер тамшылатып, есін тандырып жаншып, үгіп тастайтын еркектің қуатты тегеуірінін іздеп аласұрады. Көрпені серпіп тастап, біресе кайыстай созылып, біресе жыландай иіріліп шиыршық атады төсек үстінде. Білегін тістелеп сыңсиды; жастыққа тұншығып ағыл-тегіл егіледі. Тұрар болса лапылдап өртенген дененің жанында теріс қараған күйі өнебойы мұздап, тісі-тісіне тимей сақылдап үнсіз бүрісіп жатады, не тұрып кетіп, аузында темекісі жылт-жылт етіп бұрышта бүрісіп отырғаны.

Соңғы кезде келіншектің түнгі азабы тіпті асқынып кетті. Жігітті мойнынан қылғындыра құшақтап, көз жұмулы, жалаңаш тәнін үйкей жабысып, ширатылып ұзақ әуреленеді де, тұлабойы қалшылдап, шиыршық атқан күйі, өліктей қимылсыз жатқан жігітті көкіректен серпіле теуіп, анандай жерге бір-ақ ұшырады. Содан жастықты құшағына қысып ары аунайды, бері аунайды. Тасқындаған асау қан қақпандай қауып, белін сірестіріп, қираландап тұра алмай қалады.

Ондайда Тұрар үйреншікті әдетімен суға салынған бөртпе сүлгіні шиыршықтап алып, сегізкөзден шылпылдата соққылайды. Жарты сағат, кейде бір сағат. Сонда барып «ой, жаным-ай!» деп төсек үстінде етпеттей керіледі. Кей түндері кір жуатын дәу легендегі мұздай суға түсіп, алаулаған тәнінің солығын басатын, болмаса көл жағасынан орып әкелген жас құрақтың үстінде баурын төсеп ыңырсып таң атқанша аунақшып жатқаны. Ондайда қара шашы иығына төгілген, аш мықыны үзіле азап шеге ышқынып ыңырсыған үр жалаңаш әппақ тәнге қарап тұрып Тұрар өзін дүниеде жоқ қаніпезер қарақшыдай сезініп кетеді. «Мұным не қиянат? Өзімді де қинап, бұл не сор? Бар, басың азат. Екеумізде де кінә жоқ. Тағдыр өстіп қойса қайтеміз!» Жүрегінің басына тамған уды, бірақ тіл ұшында талмауға дәрмені жеткен жоқ. Көкірегін өрт жалап үнсіз булықты.

Келесі бір осындай азапты сәтте көк құрақтың үстінде шиыршық атып арпалысқан келіншекке қарауға дәті шыдамай теріс айналып, ыңырсып өксіген дыбысын естігенде, төбе құйқасы шымырлап, құлағын басқан күйі сыртқа шыға жөнелген. Содан қайтып оралған жоқ. Роза да оны іздеп көп қиналмады. Келсе де, кетсе де мейлі деген бей-жәй хал. Үй ішіндегі көз үйреніп қалған бір ескі мүлігінен айрылғандай ғана шым-шым сезіммен көңілі қоңылтақсып жүрді.

## ТЕКЕ

Сөйтіп жүргенде бір күні қояншық Төкен алдынан қарсы ұшыраса кетті. Жұрт аяғы саябыр. Қос жиегін қаз-қатар кәрі үйеңкі күрегей-леген кең көшенің қалтарысы. Әдеттегідей шала қызу, әдеттегідей бейпіл ауыз. Айналып өтіп кетпек еді:

– Әй, келіншек! – деді жолын кескестеп. – Қайда қашып барасың? Кісі жейтін қасқыр емеспіз ғой, тоқтасаңшы.

– Иә, тоқтадық? Фу, ентелемей ары тұршы!..

– Арақ ішкен кісіден жиіркенсең, ана күйеуіңнен неге жиіркенбейсің? Он күн болған шығар, моншаның жанындағы алкаштармен бірге төрт аяқтап мас боп жүр ғой. Кстати, қаладан келген құрылысшылардың жатақханасында түнеп жүрген көрінеді. Байқа, жас қыздардан қағынған! – деді қасын қағып сыбырлай. «Пішту, қыз оның не теңі!» дегісі келді ызаланып. Бірақ Роза үндеген жоқ. Жәй мырс етті.

– Неменеге күлесің? Өзің тіпті қызғанбайсың ғой? Әлде сенімдісің бе?

– Әрине, сенімдімін! – Арандатқан сөзінен түк шықпағаннан кейін ары қарай не айтарын білмей Төкен тосылып қалған. Ыржалақтап, көзі ойнақтап бетіне қарады. Розаның да қалып бара жатқан жұмысы жоқ еді, кетуге асықпады.

– Әх, Роза-ай, жақсы келіншексің ғой! – деді Төкен біраздан соң кәдімгідей күрсініп. – Созсақ қолымыз жетпейтін жұлдызсың ғой, кайтейік!

Көрген сайын мың қайталап мезі ғып біткен мылжыны. Бірақ, неге екені белгісіз, бұл жолы құлағына жағып тұр. Естігісі келіп еліге түсті.

– ...Сенің де қадырынды білмейтін еркек бар ма екен! Шіркін, бетіме қарап бір жымисаң, арақ ішпей-ақ жүз күн мас боп жүрер едім!

Арақ, темекімен араласып тердің ащы иісі мұңкиді. Кеңсірік жарардай өткір. Күйекке түскен текеден осындай иіс шығатын. Жиіркеніп, мұрнын алып қашқан жоқ. Қайта, осы иістен тылсым бір еркектік қуат, қажыр сезіліп тұрғандай көңілінің әлсіз пернесі лың еткен. Сол арада Төкен:

– Қыз кезінде қолымыз жетпеп еді, енді келіншек болғанда, ең болмаса алқымыңнан бір иіскетші! – деп аусарланып құшақтай алғаны.

– Қой деймін, ұят емес пе. Ел көрсе не дейді! – Роза бұлқынған болып еді, келісімге бергісіз қарсылықты сезген әккі жігіт одан сайын батылданып, алқымына тікенек мұртын қадай шөп еткізіп сүйіп алды. Еркіндік тиген тіміскі алақан мықынынан қысып, одан төмен

сырғып барып дірілдеген бөкседен бір сипап өткенде, төбе құйқасы шымырлап, жұлынынан тоқ ұрғандай келіншек бойын билей алмай қалды. Түн баласы төсегінде дөңбекшітетін азаптың қызыл өрті лап етіп қайта тұтанды жүрек түкпірінен. Екі көзі жасаурап жігітке караған. Елжіреп, емініп, енді болмаса мойнына асыла кетпесе не қылсын. «Сабыр, сабыр!» деді өзін эзер іркіп. Ұяттың әлсіз үндеуімен жерден табанын әрең көтеріп, ілбіп басып алыстай берді.

Төкен абдырап тұрып қалды. Талай ұрғашының уызын қақтаған әккі сығыр келіншектің көзіндегі жәдігөй ұшқынды қалт жібермей қағып алған. Бірақ бейпіл ауыз дағдысымен құр қалжындап далбасалағаны болмаса, ұзын дәмеге тізгін бермес тәкаппар сұлудың бұлай оп-оңай ықылас танытқанына сенер-сенбесін білмей анырып тұр.

«Құдайым-ау, шынымен бе?..» деді таңырқап. Маңдайынан бүрк еткен суық терді май-май кепкісін жұлып алып, астарымен сүртті де, қайтадан желкесіне қондыра салды. Қолы дірілдеп, сабырсызданып темекі тұтатқан. Денесі бір ысып, бір суыды. Қуаныш пен күдік итжығыс. Баяғыда да көңілі өстіп өректіп, ақырында опық жегені бар. Тағы да соның аяғын құшып жүрмесіне кім кепіл?..

Ол кезде үйленгендеріне бірер жыл ғана болған, енесі марқұм да тірі еді. Жаз ортасы. Бір күні арбалары қоңыраулаған цыған таборы ауыл шетіндегі ойпаңға жағалай шатыр тігіп қона қалды. Түнде алаулаған оттың айналасында гитарамен ән салып, би билеп, бүкіл бір сайды кикүға толтырып, таңатқанша думандатып жатқаны. Қан қыздырып құтырынған ән, жұлқынған би. Күндіз ауылға қаптап кетеді. Ылғи өрімдей қыз-келіншек. Түбіт шәлі, жылтыраған арзанқол сақина-білезік сатады. Сақиналарды екі-үштен саусақтарына тізіп тағып алады. Кейбіреулерінің бал ашам деп қолыңа жабыса кететіні бар.

Бұл дүкеннен темекі алып шығып келе жатыр еді, белі бұраңдаған бір жап-жас келіншек жеңінен ұстай алды:

– Молодой человек, позолоти ручку, погадаю! Алақанымды майлап жіберші, жігітім, бал ашып берейін!

Қараторының келістісі, көзі жайнап, мөлдіреп тұр. Екі сөзге келместен алақанына бір сом салып, алдына тосты. Келіншек ақшаны жып еткізіп өңіріне, омырауының арасына тығып жіберді де, алақанын ұстап сөйлей бастады. Не айтқанын естіп тұрған жоқ. Бұл келіншектің сұлу жүзін, жұмыр мойнын, солқылдаған денесін құмарта бір шолып өтті де, құданың құдыреті, сол жерде ғашық болды да қалды. Еш өтірігі жоқ. Шын ғашық боп тұр. Көйлектің кең киығынан жартылай жалаңаштанып көрінген тіп-тік анарлардың әп-



пақ құйылысына қадалған көзі тұманданып-тұманданып кетеді. Бір көтеріліп-бір басылып алқына дөмпіген оң жақ омырауының үстінде бидайдай кара меңі бар екен. Сол тұстан шөп еткізіп сүйіп алғысы келіп тұмсығы созыла әлденеше шүйіліп барып-шүйіліп барып қайтты.

– ...Сен бір қызға ғашық екенсің, – деді келіншек бұл есін жиған бір сәтте. – Қосыласың ба, жоқ па – көрінбей тұр, қолымды майлап жіберші!

– Менің сүйгенім қасымда тұр. Ол – мына өзіңсің! – деді бұл алқынып. – Мә, үш сом берейін, бір сүйгізші!

Келіншек қарсыласқан жоқ, қылмындап сүйкене түсті. Қап-кара тұңғыық жанары құдықтай тереңіне тартып барады. Бір ғажап сиқырлы күш бар. Қараған сайын: «Байқа, Төкен, байқа, батып кетпе!» деп өзін тежегенмен бәрібір сабырға ырық берер емес. Сүйгізгенге дәндеп қалған бұл дереу саудаға көшті.

– Бес сом берем, кешке оңаша кездесейікші?

– Жоқ.

– Он сом!

– Жоқ.

– Жиырма!

– Жоқ.

– Отыз!

– Жоқ.

– Қырық!

– Жоқ.

– Жоқ болса, менің де одан басқа ақшам жоқ. Түсінсеңші, жарты айлық қой! – Келіншек жағдайды түсінер емес. Міз бақпады. Амал жоқ, «аукционға» ары қарай қатысуға мәжбүр. – Жарайды, қарыз алармын. Үстіне он қостым.

Келіншек жымың етті:

– Қашан? – Бұл тастөбедегі шыжғырған күнге сығырая қарап сәл ойланып тұрды да:

– Бесте. Анау ескі қораға кел! – деді ауыл шетіндегі қираған қойманың орнындағы бетон қалқайманы нұсқап. Келіншек сырға, сиқырға толы кара көзін төңкере бір тастап, былқ-сылқ басып бұрылып жүре берді.

Енді бес болып берсеші. Сағаттың тілі бір орнында байланып қалғандай. Тоқтап қалды ма деп көзіне сенбей әйнегі шытынаған, кір-қожалақ ескі «Искрасын» қайта-қайта құлағына тосады. Уақыт өткізу үшін көлге барып шомылды. Қайтып келіп сақалын алды. Ұстара тіліп кетті деп, безеуінен аққан қанды сылтауратып, әйелінің

әтірін алқымына, екі қолтығына бұркыратып сеуіп алды. Айтары жоқ, дайындық мықты. Үйден қалай шығып кетуін білмей тұр еді, оның да ебі табылды. Шаңырақ мүйіз қоңыр сиыр желіндеп тұрған соң бошалап кетіп, далада бұзаулап қала ма деп өріске жібермей жүрген. Күн қайтты ғой, кешкі салқынмен оттатып келейін деп соны қорадан жетелеп алып шыққан. «Ойпыр-ай, мынау адам боп қалыпты ғой аяқ астынан!» дегендей енесі таңырқай қарап қояды. Ескі сырма куртқасын сиырдың сауырына кигізе салған. «Оны қайтпексің?» деп шаңқ ете қалған әйеліне «сыз өтпей ме, астыма салып отырам» деп ожырая қараған.

Сиырды жоңышқалықтың шетіндегі электр бағанына арқандап қойды. Қалқайманың іші ыбырсып жатыр. Құстың саңғырығы, күннен саялаған малдың қиы. Қурай жұлып әкеліп, сыпырып тазалаған болды. Үлпілдек көк майсаны құшақ-құшақ жұлып әкеліп күпсітіп еденге төседі. Үстіне куртқасын жайды. Төсек дайын! Қайта-қайта сағатына қарайды. Екі көзі есікте. «Япырай, келер ме екен?!»

Тағатсызданғаны болмаса, көп зарықтырған жоқ. Қай жақтан келіп қалғаны белгісіз, басқан ізі білінбей лып етіп кіріп келді сағымдай. Қызыл кеудеше, қызыл юбка. Қып-қызыл жалын босаға түбінде лапылдап тұр. Қасын сүрмелеп, бетіне ұпа жағыпты. Ерні қып-қызыл. Бағанағыдан да жайнап кетіпті. Бұл есі шығып апақтап құшақтаған күйі жерден көтеріп алды. Құшырлана бетінен сүйіп, алқымынан аймалап, ес жиғызбай төсекке алып соқпақ болған. Келіншек кеудесінен итеріп:

– Сабыр, сабыр, жігітім. Қазір өзім... – деді.

Қынаға боялған қызыл шашын лап еткізіп, иығына жайып жіберді де, асықпай қызыл юбканың сырмасын ағыта бастады. Бұл апыл-ғұпыл жейдесін жерге атып ұрды. Қызыл юбканың астынан қара юбка шықты. Ол төмен түсе бергенде, бұл майкасын шешті. Қара юбканың астынан көк юбка шықты. Бұл шалбарға қол салды. Көк юбканың астынан ақ юбка шықты. Келіншек майысып, белін созып сырмаға қолын салғанда «әй, юбқасы құрғыр осымен біткен-ақ шығар» деп, арғы жағынан жарқ ете түсер сикырлы суретті көз алдына елестетіп апыл-ғұпыл тәніндегі соңғы лыпа – балағы тізесіне түсер қара трусидің ышқырына жабысқан. Бірақ шешіп үлгірген жоқ, сонысы қандай абырой болды десенші, дәл сол уақытта сау етіп төрт еркек кіріп келгені. Мұрттары сосискадай-сосикадай салбыраған, түстері суық төрт цыған. Қолдарында – жүзі қайқайған бір-бір селебе-пышақ. Төртеуі пышағын кезеп, төрт жағынан төніп келеді.

– Не істеп жатырсың? – деді бір қарлығыңқы дауыс күндей күркіреп.

Сол арада аяр қаншық өтірік еңіреп отыра кетті:

– Мынау мені зорламақ болды. Қорқытып шешіндірді. Өлтіріндер!

– Аһ, кәззап! – Төрт пышақтың сұп-суық үшкір жүзінің бірі – алқымына, бірі – арқасына, бірі – қарынына, бірі бүйіріне қадалды. Бұл «Апа!» деп шыңғырып жібермек еді, аузынан үн шықпады, көзінен жас шықпады. Бар істегені – кинодағы қолға түскен фашист сияқты, ербиіп екі қолын көтерген. Бойында жан жоқ, мақта таққан қуыршақтай буыны былқ-сылқ. Ышқыры қуығының басына ілінген қолқылдақ трусии құрғыр дірілдеп-қалшылдағанда, сыпырылып ендігі аяғына түсті ме, кім білсін. Сәлден кейін есін жиып:

– Аяй гөріндер! – деген жыламсырап.

– Біз цыған қызын қорлағанды қой сияқты қорқыратып бір-ақ бауыздаймыз! Ешқандай аяушылық жоқ!

– Барымды берейін. Тек жанымды қия гөр!

Бүйірге қадалған пышақтың ұшын тартып алды. Бұйра бас цыған жерде жатқан шалбар-пенжактің қалтасын түгел тінтіп елу сомды алып шықты.

– Бары осы ма?

– Иә.

– Бұл аз!

– Ендеше ана арқандаулы тұрған сиырымды алыңдар. Бұзаулағалы тұр. Екі сиыр деген сөз. Өзі сүтті. Денесі де үлкен. Түйедей.

Төртеуі бір-біріне қарады:

– Жарайды, бір жолға кешірдік. – Жердегі шашылып жатқан киімдерді сыпырып-сиырып шыға жөнелген.

Бұл ілгегі үзілген ескі пальтодай жерге жалп ете түсті. Есі ауып кеткен. Қанша жатқаны белгісіз, басын көтерсе, айнала жым-жылас, сиыр да, цыған да жоқ. Тек қорқыныш қалған көңілде! «Ойбай, бұл жатысым не жатыс? Қазір тағы да шайтандай сап ете түссе қайтем?» Ұшып тұрып, ауылға қарай жүгіре жөнелді. Артына қарай-қарай зытып келеді.

Абырой болғанда, бұтында лыпасы бар, әйтеуір. Екі кештің арасында жын қаққандай жалаңаш жүгіріп бара жатқан бұл қай пері деп, ел үдірейе қараған. Таныған кейбіреулер «е, мына алқаш адам болып, спортпен айналысайын деген екен ғой!» деп таңырқасты. Жарты ауылдың иті абалап, қызық іздеген баласы сонынан ерді.

Екі көзі төбесіне шығып, төбе шашы тік тұрып, апалақтап кіріп келгенде, үй ішіндегілер үрпиісіп, зәресі ұшып кетті:

– Ойбай, мына албастыға не болған? – деп жаман қатыны баж ете түсті: – Киімнің қайда? Ішіп-ішіп, далаға тастап кеттің бе, алқаш?

– Қайдағы ішкен. Киім дейді ғой, жанымды әзер әкеп тұрсам!

– Не боп қалды?

– Жоңышқалықтың шетінде сиыр жайып отыр едім, қайдан шыға келгенін білмеймін, бір топ цыған, әй, оншақты бар-ау деймін, тосыннан тап бергені. Ұрып-соғып, тепкілеп, аузым мен көзімді таңып, қолымды қайырып, байлап тастады. Киімімді түгел сыпырып алды. Бәрінің қолында жалаңдаған пышақ. Сәл қарсыласам, өлтірер еді!

– Астафиралла! – деді енесі жағасын ұстап.

– Сиырды да әкетті ме? – деді әйелі түсі бұзылып.

– Иә.

– Ойбай, не дейді. Аузымыз енді аққа тие ме деп отырғанда сорладық десенші! Жоқ, поштаға барып, ауданнан милиция шақыртам!

Мұның иманы ұшты:

– Ей, милицияң не? – Есікке қарай жұлқынған әйелдің алдын кес-кестеді. – Бүкіл елге жариялап, күлкі болғың келе ме? Цығанның ұрысын ұстаған милицияны қашан көрдің? Ендігі сиырдың өзі түгілі, ізін де жоқ қып жіберген шығар!

– Ойбай-ай, ойбай, енді қайттім! – Әйел босағаның түбіне отыра кетті еңіреп. – Сиырым сиыр емес түйе еді-ау. Ішіндегі бұзауын айтсаңшы. Бір сауғанда бір шелек сүт шығатын... Сиырды әкеткенше сені неге әкетпеді!

– Тәйт, сұңқылдама бейуақта жаман ырым шығарып! – деп енесі зекіп тастады. – Сиыры садақа! Азаматымның басы аман қалғанына тәуба!

Енесі марқұм кісінің асылы еді-ау! Ертеңінде жеті шелпек пісіріп, көрші-қолаңға садақа берген...

Енді міне, сол оқиға есіне түскенде «бұл әйел затының көзіне сенуге болмайды» деп, бір жағынан секемденіп те тұр. Бірақ аласұрған асау жүрек ерікке көнер емес. Айнала қызыл-жасыл құбылған сиқырлы сәулеге оранып, құлпырып шыға келгендей, көкірегін лепірген қуаныш кернеді.

«Япырай, дүниенің мұндай әдемі екенін осы уақытқа дейін қалай сезбей келген?» Бәрі-бәрі ғажап. Тек осынау әдеміліктің сиқын бұзып тұрған өзі ғана сияқты: үсті лас, киімі алқам-салқам. Шуақтағы қырын түскен көлеңкесіне қарап, шартиған қарынын тартып, еңсесін тіктеді. Кепкісінің шаңын тізесіне бұрқ еткізіп бір қағып, қайтадан басына түзеп киді. Кеудесі шалқак, жүрісі маңғаз. Қарсы ұшырасқан кейбіреулер жалтақ-жалтақ қарайды. «Мына алқашты кара-ей, бүгін адам боп қалыпты ғой!» дейтіндей.

Өз үйін жаңа көргендей айналасына жатырқай қарады. Бәрі сұрқай, күнгірт. Быжынаған қара шыбын. Бұрыштарды сілбі тұтқан. Қыстыгүні түгін қайтқан пештің аузы қара-қожалақ. Арқалығы майысып, балық қарынданған аласа үйдің ішіндегі жабырқау, жадау көрініс көкке шапшыған көңілін жан-жақтан қыспақтап тұншықтырып тұр. Ең кішісі жаңа ғана тәй-тәй басқан, жалаңбұт, мұрындары жылтындаған, бір-бірінен қалқыңқы төрт бала әдеттегідей папалап аяғына оратыла кетіп еді, «мазамды алмай барындаршы!» деп итеріп тастаған. Күй талғамай өз беттерімен өсіп келе жатқан сәбилер «папаға бүгін не болған?» дегендей үдірейіп, сәл тұрды да, бірін-бірі қуып жөндеріне кетті.

Папа үйдегінің бәрінен жиіркеніп тұр бүгін. Азап тірлік ащы тілін шығарған шайпау әйелімен іштей егеске түсті. Бүгін аты да, заты да ұнамай қалыпты. «Жаман иттің атын Бөрібасар қояды» деп, Бибінұрдан садаға кет! – деді кіжініп. – Сенің атың Түймегүл, Өріккүл болу керек. Саған сол дұрыс!.. Шашын қарашы дода-дода, тарақ тимегеніне он жыл болған шығар. Аяғы шидей, тобығынан майысқан. Қабағы тыржиып өмір бойы ашылмайды!» Гүл-гүл жайнаған Розамен қатар қойып еді, мүлдем нөл болып қалды. Сүргіден шыққан тақтайдай, алды-артында көз тоқтайтындай, не уыс толатындай ештеңе жоқ. Әне, стол үстінде изендеп, қамыр жайып жатыр. Күшіктеген аш қаншықтай смшегі салаң-салаң етеді. Құдай-ау, қай жеріне қызығып күйіп-жанды скен десеңші! Шайтаны түскір шатастырып, көз алдына қара перде тұтқан шығар. Осы үшін парктегі би кешінде қырғын айқасқа түсіп, Мәметқұлдың басын жарды емес пе. Ойбай-ау, сондағы кергігенін айтсаңшы! Болмаған соң «К-700»-ге түн ішінде басып, алып қашқан жоқ па еді... Жантайып жүріп өзі сондай залым. Анда-санда мұның көзінде жылт етіп оянған отты бірден байқай қояды. Ондайда жартылығын алдына қойып, тамағын дәмдеп, жылмандап, шамды ерте сөндіріп, көзіндегі отты лезде қағып алады. Бүгін де, міне «азаматым бір пәледен аман қалды» деп кеспенің қамырын жайып, жанталасып жатыр. Қабағы ашылып, жадырай қалыпты. Дәмесінің зорын қарай гөр! Тағы да қағып алмақ қой. «Қылмандама! Бәрібір отымды бермеймін. Мә, саған енді от!» деп қалтасының ішінен қолын шығарды...

## ӨКСІК

Жарты ай бойы төрт аяқтап ішкен Тұрар бүгін ес жиып еді. Жуынып, қырынып, үстін ретке келтірген. Бірақ көңілі үңірейіп құлазып тұр. «Енді не істеу керек? Розамен осы кош айтысқаны кош айтысқан ба? Алдағы күні не болмақ?» Торығып, жатақхананың сығырайған сынық көз, кір-қожалақ терезесінен аспанға қарады. Тұтасқан бұлт. Қабағы салбырап, түнере күркіреді. Терезені шертіп қос тамшы тамды да, көзден аққан жастай, кір тұтқан әйнек бетін айғыздап, төмен қарай сырғанай жөнелді. Кенет жел ұйтқыды. Ышқынған дауыл. Терезе алдындағы жалғыз балапан қайыңның жапырағы тыпырлап, онды-солды теңселіп, жайылған бұтағымен жер сабалады.

Тұрар не істерін білмеді. Алды күнгірт, тұман. Шырқ иірілген тұңғиыққа шым батып бара жатқандай, қармалайтын тал жоқ. Тар бөлменің есік пен төрін адымдап, арлы-берлі кезді. Шыдай алмай сыртқа шықты.

Кеш батқанша аядай ауылды он рет шыр айналған шығар. Жан-дүниесі аласұрып, жер-көкке сияр емес. Бұдан ішіп жүрген кезі жақсы екен, жаны азынап мұндай күйдің бірін де бастан кешпейтін.

Әлдебір бір соқыр түйсіктің жетелеуімен түн қараңғысын жамылып, үй жағына келген. Сыбдырсыз басып аулаға енді. Есік аузындағы Ақтөс шынжырын салдырлата абалап атып тұрды да, мұны танып қыңсылап, құйрығын бұлғаңдатты. «Ием-ау, қайда жоғалып кеттің?» дейтіндей. Еркелетіп басынан сипады. Қисайған қақпа, ит мойынындағы шынжырдың сылдыры, кір жайғыш жіпте ілулі тұрған Розаның іш киімі... бәрі көңіліне ыстық. «Кел, келсеңші» деп тұрғандай. Көзіне жас шымырлап, жүрегі лүпілдеп есікке қарай ұмтылғысы келді де өзін әзер тежеді.

Ас бөлменің шамы жанып тұр. Жайлап басып, тұтаса жабылған көкшіл перденің қиығынан ішке сығалаған. Жұлынынан ток ұрғандай тұла бойы жансызданып, сілейді де қалды

Роза мен бір еркек столдың екі шетінде бір-біріне қарама-қарсы карап отыр. Еркек болғанда, басқа емес, Розаның өзі «қояншық, алқаш!» деп қарадай жиіркенетін атышулы Төкен. Шалбарының ауына дөңгеленіп қара шыбын үймелеп, талдың түбінде жататын сасық теке!

Орталарында қазмойын шөлмек. Екеуінің алдында екі қырлы стакан. Кәдімгі бөтелкелес алқаштар сияқты. Шымшып ұстаған саусақтарының арасында бір-бір «Прима» түгіндеп, әлденендей қызу әңгімеге кіріскен.

Көзі қарауытып, жығылып қала жаздап сәл тұрды да шегініп кетті. Сыртқа шығып, есік алдындағы үйеңкінің түбіне барып тұр-

ды. Теңселіп құлап қалмау үшін бұтағынан ұстап алды. Екі көзі терезеде. Дүние мелшиген тас-қараңғы. Перденің қиығынан сыздықтаған жіңішке жарық ақ алмастай қара түннің шекесін акситып как айырып тұр.

«Құдайым-ау, ең болмаса, адам сияқты басқа біреу болса ғой!» делді шарасы таусылғаннан көкірегі ыңырси қорланып. «Енді не істемек, кіріп барып ойран салса қайтеді? Сасыған сүмелекті желкеден алып бір-ақ атса есіктен!.. Бірақ өйтуге қандай хақысы бар!

Тоқта, сабыр-сабыр. Бәлкім мына жұғымы жоқ, есерсоқ, арсыз... тағы мындаған жамандықты бойына жапсырған маскүнем доңыз тәлтіректеп келе жатып жай кіре салған шығар. Әйтпесе оны кім шақырады? Ит те болса көзкөрген. Үйге келген соң қалай кет десін. Қуыс үйден құр ауыз шықпасын дегені ғой. Бәсе, бәсе, дәл солай! Біраздан соң өзі-ақ кетер. Егер қикандаса, Роза анау-мынау еркекті дөңгелек айналдырар қасқыр емес пе, арқасына октаумен бір салып, өзі-ақ айдап шығады!..»

Өзін зорлап сендірген осынау мардымсыз үмітті малданып қанша тұрғаны белгісіз. Дыбысты баға-баға құлағы шыңылдады, тесірейе-тесірейе көзі қарауытты. Бір уақытта... иә, сәт... перде артындағы көленкелер қозғала бастады. Кенет... шам сөнді. Сол шаммен бірге жігіттің ең соңғы әлсіз үміті жалп етіп өшті. Шыныраудың шетіндегі қармалаған талы тамырымен опырылды.

Түншыға өксіп қалбақтаған көлеңке түн қойнына сіңіп алыстай берді...

Ауылдың шығыс жақ беті – шалқыған айдын. Көктемде жердүниеге сыймай жұлқынып, тасып, жаз ортасына жетпей арнасы қаңсып қалатын өзеннің қос бүйіріндегі екі қырдың қысаңын бөгеп, совхоз су қоймасын жасаған. Қазір үйрек-қазы ұшып-қонып, сазаны шоршыған шалқар көл. Балықтың неше түрі өседі. Қысы-жазы тонналап «репрежатормен» қалаға жөнелтеді. Жағалау белуардан шалғын, ылғалдың деміне бөккен жайылма қолаттар көк шүйгін. Бір кезде қыс болса шанасын сүйреп шөп іздеп, ел адақтап кететін совхоз қазір мұртын аспанға шаншиды.

Міне, айдын күрсініп, дөңбекшіп жатыр. Алыстан байғыз шақырады ішін тартқандай өксіп. Бұлт шарпыған жұлдызсыз аспан астында көл одан сайын тұңғиық тартып, үнірейе түскен. Сылп-сылп таңдай қағып, кенерге сыймай ыңырсып шалқып жатыр. Анандайда қатарласып сүзгі тартқан екі қайықтың сұлбасы еміс-еміс көзге шалынады.

Тұрар жағаға келді. Оқ тиіп қанатын сүйреткен құстай теңселіп жеткен. Шолақ жең жейдесінің етегін ышқырланып, белбеуін

катты тартты да, сипалақтап жүріп қойнына қозы басындай тас салып алды. Іркілместен шалпылдатып суды кеше жөнелді. Екі көзі жұмулы. Іштей тас түйініп, қайтпас тәуекелге бекінген. Өмір оған осы сәт жағадағы малта тастай еш ойланбай-ақ суға лақтыра салатын мәнсіз, құнсыз нәрсе еді. Бойлаған сайын күзгі судың дөңгеленген құрсауы денесін мұздай қарып, жоғарылай түсті. Міне, кеудесінен асты. Алқымға келді, иекке жетті... Серпіле көтеріліп, екі-үш қадам құлаштай жүзіп барды да, аяқ-қолын қимылсыз сылқ тастай салған. Су киім, қойнындағы тас қимылсыз денені тұңғыққа қарай тарта жөнелді...

Сыбдырсыз ескен қос қайық ентелеп таяп қалды.

## СЕН ҚУАНШЫ

Тұрар көзін ашқанда, үстінен төніп тұрған Розаны көрді. Айнала әппак. Қабырғалар да, есік-терезелердегі перде де, Розаның иығына бос жамылған халатына дейін әппак. Бұл не? Қайда жатыр? Жан-жағына таңырқай қараған. Кенет қараңғы үйде сіріңке шаққандай, көкірек түкпірінен жарқ етіп кешегі түннің жәдігөй елесі оянғанда, азап өмірге қайта оралғанына өкініп, қыстыға өксіп жіберді. Үн шығармай іштей булықты. «Құдай-ау, бұл не жазан? Құтқарып қалған қай жауыз екен! Ең аяғы, өлуге де ерік бермегендері ме!»

– Бекер, бекер! – деді күбірлеп. Мелшиіп төбеге тесірейген көк шыны көздің қиығынан қос тамшы сырғып барады. – Мен өлуім керек еді...

Роза үндеген жоқ. Ештеңе естімегендей бедірейіп тұра берді...

Ауруханада бір апта жатып емделді. Содан соң Роза үйге алып келген. Екеуі үнсіз ұғысқандай болды. Қазбалап өткенге оралған жоқ. Әрқайсысы өзінікін жөн, дұрыс санағанымен, бірін-бірі кінәламады. Бәрін тағдырдың жазуына сайды. Кешегінің жақсысын да, жаманын да еске алудан қашқақтап, тек бүгінмен ғана өмір сүрді. Күнделікті тірліктің қарабайыр күйбеңінен қызық жасап, сонымен өздерін алдарқатуға тырысатын.

Осы күндер ішінде Роза күрт өзгерген. Мінезі байсал, жайдары. Сәл нәрсеге шытынап күйгелектенетін әдетінен ада. Көңіліне бір мамыржай кеңдік кірген. Аяқ-қолы да жұмырланып, толыса түскендей ме қалай! Біраздан соң мұрынының үсті нокталанып, көзінің алдына тарыдай шашырап сепкіл пайда бола бастаған.

Сол түні табиғат алдында дәрменсіздік танытып, жаны қаламаған жат адаммен жанасқан жалғыз-ақ сәтте бойына бала бітіп еді.



Бұрын Тұрар түн баласы жамбасы төсекке тисе зәрепез болып, кашан тезірек таң атар екен деп асығатын. Қасындағы жар құшағын аңсап, аласұрып арпалысқа түскен жас келіншектің жан азабын көруден қорынып, аза бойы қаза болатын. Енді сол, түнгі тамұқтан құтылғандай.

Розаның ұйқысы тыныш. Ақ төсекте керіліп толықсып жатқаны. Ыстық демі құлақ түбін шарпып, жұп-жұмсақ ақ білегін жігіттің кеудесіне асып алады. Бір көрпенің астында жатып лапылдап табыспағанмен, байырғы достардай көңіл шуағына бөккен осынау жайбарақат халге екеуі де риза.

Күндерден күндер өткенде, құрсақтағы балаға жан бітіп, қозғала бастады. Шырыны сыртына теуіп тырсиған тоқ анармен деңгейлес томпайған құрсағын анда-санда бұлк еткізіп, түртіп-түртіп қалады. Сондай сәттегі жас ананың бақытты жүзін көрсен! Өмірдегі бақыт, қуаныш атаулыдан жұрдай тоналған жетім көңіл жылт еткен жарыққа елегізитіні кашаннан белгілі емес пе. Қасыреттен қансырап қалжыраған жүрек кез келген нәрседен далбасалап өзіне алданыш іздейді ғой. Тұрар жүзі нұрланған Розаға қарап ішінен: «Мен бақытты сте алмадым, бақытты болғың келсе, несі айып? Мен үшін тақсырет шеккенің аз ба еді, қуаншы. Сен қуансаң болды. Екеумізге бір бақыт жетеді!» дейді шынайы мейірленіп.

Жас ананың жадыраған қабағынан үй ішіне бір нұрлы береке дарып, сол шуаққа екеуінің жаны жылынғандай еді.

Жаратылысы жаладан демесең, өзі жан салғандай құрсақтағы нәрестеге бірте-бірте жүрегі иіп, ықыласы ауды. Ендігі жерде Роза аналық бақытын малданып байыз тапса, қызығы ортақ араларындағы дәнекер осы емес пе! Төңкерілген жұп-жұмыр құрсақты аялай сипайды. Соны сезгендей бала оқыс қозғалып, алақан астын түртіп-түртіп өтеді.

- Қой, тентек болма, маманың ішін ауыртасың! – дейді елжіреп.
- Сен оны... кейін жек көрмейсің бе? – дейді Роза жасқана тіл қатып.
- Неге?
- Қалай дегенмен...
- Оның кінәсі жоқ.
- Мен кінәлімін ғой!

– Бәріне тағдыр кінәлі... Аты-заты белгісіз бөтенді де асырап алып, бауырын жылытады емес пе. Оның жанында бұл өзегінді жарып шыққан перзентің ғой. Маған неге жат болсын!..

Келіншек жігітті мойнынан тас құшақтап, ыстық жасын төге өксіп-өксіп жібереді.

Ондайда: «Ей, сорлы, несіне мәз боласың? – дейді бір тентек дауыс көкірек түбінен тепсініп. – Тапа-талтүсте көзіңе шөп салып, алқаштың астынан шыққан салдақының қасында жайбарақат жатқаның аздай, енді арамнан жаралған ішіндегі шатаны балам деп елжіремексің бе? Еркектік намысың қайда?!» «Жоқ, жоқ, тоқта! – дейді екінші бір сабырлы үн шаужайына жабысып. – Мөңкитіндей сонша кім едің? Өлейін деп өле алмадың. Енді төзесің, шыдайсың бәріне. Жар болу, әке болу бақытынан тағдыр айырған соң не шара? Жоқтан бар жасап, енді осылай өзінді алдарқатып, басқаның қуанышымен өмір сүруге мәжбүрсің!..»

## ЫЗҒАР

Тағдыр бірақ бұл күнді де көпсінген екен. Енді көресіні есірік Төкеннен көрді. Өзі бұрынғыдай емес, барын киіп мұнтаздай боп жүретін болыпты. Бірақ онысы ұзаққа бармайды. Ары кетсе түске дейін ғана, содан соң таз қалпына қайта түседі.

Бір қорлағаны аз болғандай, тағы да басынғанын қайтерсің! Жауырды жаба тоқығанмен, қарғыс таңбасы басылған шаңырақтың қасыреті аз күннің ішінде жалпақ жұртқа жария болды. Әңгімені бықсытып жүрген Төкеннің өзі. Ішіп алғанда: «Өтірік айтсам, өліп кетейін. Қыз екен. Үш жыл еркектің қасында жатты дегенге кім сенеді. Өзім бетін аштым!» деп, сол түнгі жігітшілігін әр жерде айтып мақтанатын көрінеді.

Келе-келе қисаландап қақпа алдынан шықпай қоятын әдет тапты, тіпті: «Роза, шығып кетші бері. Бір-ақ ауыз сөзім бар айтатын! – дейді өзеуреп. – Қалайша ұмыттың бәрін. Мен, міне өрт боп жанып жүрмін...» Ондайда Роза түпкі бөлмеге кіріп, есікті тарс жауып үн-түңсіз отырып алады. Тұрардың лап етіп қаны басына шабады. Дірілдеп-қалшылдап үй ішіне сыймай кетеді. Атып шығып сасыған текені итше тепкілегісі келеді. Қайтып аттап баспастай ғып аузын қан жалатса ғой! Бірақ Розадан біртүрлі қаймығады. Сұмырайдың шыбын жанын көзіне көрсетіп жатқанда шырылдап кеп ара түсіп, не шыдай алмай бірдене деп қалатындай. Сондай секеммен амалсыз дымы құриды.

Төкен айналсоқтап ары жүреді-бері жүреді. Әйтеуір бір уақытта: «Ей, Роза, түсінбейсің ғой, түсінбейсің!» деп өз-өзінен күбірлеп, басы салбырап кетіп бара жатады.

Бір күні қызыл іңірде ит абалағанға қараса, қақпадан Төкеннің әйелі – Бибінуір кіріп келеді екен. Өрт сөндіргендей етегі делендеп, алқын-жұлқын. Қолында таяқ. Шынжырын салдырлатып шапшыған

гобетті қаңқ еткізіп, бастан бір перді. Екпіні қатты. Бір тықырды сезіп, Тұрар есіктің ілгегін сала қойған. Сонысы мұндай абырой болар ма. Есікті солқылдатып жұлқып-жұлқып қалды. Веранданың жұқа, қамыс қабырғасы сықырлап, сылағы түсе жаздады.

– Ей, қаншық, аш! – деді ызғарлы тарғыл дауыс құлақ қыршып.

– Кеш түспей неғып иманың ұшып есігіңді жауып алғансың? Артың қуыс болған соң, қорқасың ба? Арсыз бетіңді көріп түкіргім келеді! Аш деймін, аш! – Есікті қолындағы таяғымен салып-салып жіберді.

Тұрар мен Розада ләм-мим дыбыс жоқ. Бүгежектеп бір-біріне қарай алар емес. Роза екі қолын кеудесіне айқастырған күйі қарауытқан терезеден сыртқа қарап, мелшиіп тұр. Тұрар шыдай алмай түпкі бөлмеге кіріп, есігін жауып алды. Құлағын басты. Шаптыққан дауыс бәрібір қуып жетіп миын шабақтады:

– ...Ана ойнасыңды алып кет. Үш айдан бері айға қарап ұлып, әбден қанымды ішті. Сүйгеніме кетем, соның жолында өлем деп күнде басыма әңгіртаяқ ойнатады. «Менің Розочкамның тырнағына да татымайтын жаман салпы етек қатынсың, жылда күшіктеп, аяғымды матап тастадың! Әйтпесе, баяғыда-ақ кетер едім бұл үйден! Енді бәрібір кетемін. Сенің ана маңқасы аққан балаларыңды жек көремін» дейді, мен бір оларды күлге аунап тапқандай. Қара суымызды қайғысыз інуші едік, шырқымызды бұздың ғой, шұбар жылан! Арағын ішіп қана томпыып жүретін момақаным еді, азғырған сенсің! Ылығын басқа азбан таппадың ба, жүзі қара қаншық! Сасыған алқаштың қай жеріне қызықтың? Сүттей ұйыған шаңырағымды шайқалттың! Шырылдаған ана төрт баланың көз жасы сенің мойнында. Екі дүниеде екі қолым ендігі жерде сенің жағанда кетеді... Кәне, шықшы бері шашыңды бір талдап жұлайын. Ә, бәлем, көрінуге бетің шыдамай ма? Мә, саған, жалап, салдақы!..

Ас бөлменің терезесі салдыр-гүлдір ете түсті. Ит абалады.

– ...Енді құтырып көрші, бәлем, жын-шайтан ұялаған мына ойнасхананды өрт салып, күлін көкке бір-ақ ұшырайын!..

Жұлқынған долы дауыстың жаңғырығы алыстай берді. Қараңғы бөлмеге үңірейген терезеден күзгі кештің ызғарлы демі лап қойды.

Осы айғайдан кейін бұл жердің енді пана болмасын екеуі де сезді. Қайыршының уысындағы қара бақырдай болмашы бақытын қорғаймын деп бейшара жүрек шырыл қақты.

Екі-үш күннің ішінде апыр-топыр жұмыстан шығып, үйлерін совхозға өткізген. Қара суық азынаған күздің бір күнінде буыншақ-түйіншектерін арқалаған қос мүскін ел көзінен тасаланып, іңір қараңғылығына сіңіп бара жатты.

Әуелі аудан басын сағалаған. Она да көп тұрақтай алмай, ақыры Алматыдан бір-ақ шыққан. Арман қуып келгенге де, азаптан қашып бас сауғалағанға да жатырқамай кең құшағын айқара жайған жомарт шаһар ғой Алматы жарықтық. Шет микроауданнан бір бөлмелі пәтер жалдап тұрды.

Көп өтпей сәби келді дүниеге. Сүйінші сұрардай қай бетіміз бар деп қуыстанып, ел жаққа хабар бермеген. Қайдан құлақтанғаны белгісіз, бала қырқынан шығар-шықпаста, ауылдан артынып-тартынып Тұрардың шешесі жеткен. Есіктен ұрса кірді бұлқан-талқан. Бұлардың сәлеміне қолын бір-ақ сілтеп, көзінің жасын төгіп-төгіп алды:

– Өй, көргенсіздер, өлгенде көрген тұңғыш немерем дүниеге келгенде, ұрлық қылғандай үндемей жатып алғандарын қарашы-ей! Ақ түйенің қарны жарылды деп сүйінші сұрамайтын ба! Тілдей тілгірамды кимадыңдар ма, о несі-ай!.. Кәне, менің кішкентай құлыным қайда! Құдайымның бере салған қарашығы қайда екен!!! – Етегіне сүрініп-кабынған бейшара кемпір бір жылап, бір күледі: – Ой, күшік! Бақырайып қарайды ғой, әжеңді таныдың ба? Мына жаман кемпір қайдан келді деп тұрсың ба? Тіфә-тіфә, жаман бала екен! Түріңнен айналайын сол, аумаған атасы ғой, танауы тәмпиіп аузынан түсіп қалғандай. Ол бейшараның да ұшарға қанаты жоқ, малға қарайтын ешкім болмаған соң амалсыз қалды. Әлгі құрғыр Сүлеймен екеуі жүз грамдатып гөләйт соғып кетпесе жақсы... «Алла-тағала мұратыма жеткізіп, міне, немере сүйгізді. Бұл күшіктің атын Мұрат қоям» деді. Ей, күшік, сенің атың – Мұрат! Мұрат! Мұрат! – деп құлағына кезек-кезек үш рет айқайлады. – Қап, мыналардың күйдіргені-ай! Кісі деген ешкі лақтаса да қуанбай ма! Тұра тұр, бәлем, емшектен шығып, кішкене қарақұлақтансын, содан соң құлыншағымды сендердің маңдарына да жуытпаспын!.. Әжесінің кішкентай күні сол!.. Көзінің нұры сол! – Апасы өліп-өшіп еміренген сайын Тұрардың іші ит жыртқан терідей іріп, теріс қарайды...

Мұрат қазір үш жаста. Қуанышы қойнына сыймай далақтаған бейшара кемпір сол жолы жарты ай жатып қайтқан. Жаманат жерде жата ма, ауылға барған соң жымысқы өсек құлағына тисе керек. Қатты күйініштен паралич соғып құлап түскен. Сол жақ қол-аяғы сіресіп, үш күннен соң ес жимаған күйі көз жұмған. Тірі болғанда танауы таңырайған қара бала осы күнде әжесінің етегіне оратылып ауылда жүрер ме еді, кім білсін.

Айтты-айтпады, Алматы жарықтық рахат екен. Қатты түшкіріп қойсаң да, жел басқа жерінен шықты деп іліп әкетіп, өсектің отын гу еткізетін ауыл емес, сенде ешкімнің шатағы жоқ. Ұлан-асыр еркіндік. Мас боп арықтың жиегінде құлап жатасың ба, қызбен құшақтасып тұрасың ба, әлем-жәлем киініп аласың ба – өзің білесің. Ешкім

ешкімге қарамайды, ешкім ештеңеге мән бермейді. Мынау оғаш, ерсі екен деп одыраймайды. Тіпті, есікпе-есік қарсы тұрған көршіңді де танымайсың, жыбырлап жүрген көлеңке сияқты сен үшін. Айналаң толған халық. Бірақ ешкім жоқ. Сен жалғызсың. Айдалада өзің ғана тұрғандайсың. Не қылам десең де еркін. Кейде осындай қысылып-қымсынатын ештеңе жоқ, нокта-жүгенсіз еркіндіктен де адам азып-тозғандай тәрізді.

## ӨТІМДІ ТОВАР

Тұрар ауылда жүргенде де араққа ары кет емес болатын. Бірақ ондағылардың бәрі таныс, «ойбай, пәленшенің баласы сөйтіп жүр» дегеннен қаймығып, салынып ішуден аяқ тартатын. «Өзі жылауық бала еді, ит қапқан соң не сорым» демекші, қалаға келіп, еркіндікке күмп ете қалған соң аттың басын қоя берген. Әуелгіде радиацияға см болады екен деп, өзін алдарқатты. Оған көкірек түбінде қара тас боп шөккен қасырет-күйігі қосылды. «Кім үшін өмір сүремін, ең болмаса, арақтың рахатын көріп өлейін» деді. Бірте-бірте бойын арақ жеңіп, қол-аяғы селкілдеп, таң атпай сырахананың алдында тұратын қаланың кәнігі алқашына айналған.

Жеңіл-желпі болмаса, қатты қайырым жұмысқа денсаулығы жарамайды. Кеңседе отырып, қызмет атқаруға мамандығы жоқ. Күзетші, кондуктор... боп істеген жерлерінде бір ай-жарты айдан арыға тұрақтамайды – маскүнемді кім керек қылсын, Чернобыль апаты түгіл одан арғыға қатыссаң да аулақ деп қуып шығады. Алатын азын-аулақ пенсиясы арақтан аспайды. Ай сайын пәтер қожасы ол қылқылдайды.

Роза үй сыпырушы болса да бірдеңе істейін десе, қолында бала бар. Бала бақшаға орналастыруға прописка жоқ. Алды-артың түмшаланған тұйық. Қара нанға қақтығып, күйзеліс басталған.

Келіншектің көңілі Тұрардан қатты қалды. Араларын жалғастырып тұрған, онсызда арқауы бос нәзік жіп үзіліп кеткендей. Осы уақытқа дейін оны аяп, мүсіркеп келген. Жүрегі жаралы бейшараны жалғыз тастамай, қиын кезде сүйеу болайыншы дейтін. Осы тірлігіне тәуба қылудың орнына енді аз қадырынан айрылып, сүйкімін біржолата кетірген соң, «маскүнем әтекті қай дертіме дәру қылам, жоғалсыншы ары!» деп қолды бір-ақ сілтеген ашынып.

Өстіп күйініп, қиналып жүргенде атышулы Ұлбану тап бола кетті. Театр институтында оқитын ылпың-жылпың бір жерлес құр-

бысына барған, сол жерде танысты. Әңгімеден әңгіме шығып, қиналып жүргенін шет-жағалап айтып еді, шаштары бигудиге көнбей тікірейген, керсең бөксе тәтейдің тышқан көздері жылтындап қоя берді. Мал таңдаған саудагердей бас-аяғын бір шолып:

– Мен жұмысқа алам! – деді.

– Пропискам да, мамандығым да жоқ... – деген Роза күмілжіп.

– Маған прописканың да, дипломның да керегі жоқ. Жақсы қызметкер боларың көрініп тұр.

– Ол не жұмыс?

– Не жұмыс екенін мына Дариғадан сұрап аларсың. Профессордың айлығын алсаң жетпей ме! – деді көзін ойнатып.

Талай-талай дөкеймен жең ұшынан жалғасқан Ұлбанудың жасырын «синдикаты» бұл күнде өрге басып тұр еді. Жариялылық заманының рухына сай істі жандандырып, жанаша жолға қойған. Ұлбану «қызметкерлерін» бет-әлпеті, дене бітіміне қарап сорт-сортқа бөледі екен. Абырой жапқан лыпасымен ғана әртүрлі позада суретке түсіріп алған.

Ақыры бұл «өтімді товар» болып шықты – не керек, аз уақыттың ішінде жар төсегінің қызығын көрмей құсамен өткен жылдардың қапысын еселеп қайырған. Ең бастысы – пайданың қып-қызыл көзі екен. Алтын жылға. Ұлбану клиенттерді алдын ала қақтап-сауып алса да, шай-пайлық деп ышқырға қыстыратынының өзіне ықылық атасын. Жарты жылға жетпей шыр жиып, орталыққа жақын маңнан екі бөлмелі пәтер жалдады, киімдерін бүтіндеді. Бұрын қатқан қара нанды қытырлатса, енді ақ нанға қара уылдырық жағып жейтін болды.

Бала – бақшада, күйеусымағын атаукеренді ішіп тезірек өл деп, араққа басын малып қойды. Ішетін арағы, жататын орыны бар, одан артық не керек оған? Көзін алақанымен қалқалап, ештеңені көрмеген боп арағын ішіп жүре берудің орнына, міне енді ізінен аңдып, лаң салуын қарамайсың ба!..

## БАҚЫТ ІЗДЕП ЖҮРГЕМ ЖОҚ

– Мен бақытсызбын! – деді Роза қабағының асты көлеңкеленіп. – Менде бәрі де бар, тек бақыт жоқ.

Не жиіркенерін, не жанашырын білмей арақ пен темекінің иісіне тұншығып отырған Зухра жүрексіне тіл қатты:

– Бақытты мұндай жерден іздемейді ғой...

– Былжырамашы! – Розаның әдемі қара көзінің тұңғиығынан қанжар жүзіндей өткір сәуле жарқ етті: – Мен бақыт іздеп жүрген жоқпын. Өйткені бақыт жоқ.

– Неге? Күйеуіңізді сүйдіңіз емес пе?

– Бақытсыздығым – сол сүйгендігімде. Мен Тұрарды әуелгіде сүйдім. Содан соң аядым. Енді жек көремін!

– Сүйген адам жек көре ме екен?

– Е, оны басына түскен ғана біледі... Көзбен аймаласып, демімізге мас болған, ай нұрына шомылып, қиял кешкен әдемі күндердің қуанышы үшін бір-бірімізге рахмет айтып қоштаса алмадық қой. Өйткен күнде бұлай қадырымыз кетпес еді... – Роза столдың қалқасындағы ашылған шөлмекті алып, бокалға жартылай құйды да, сол түрегеліп тұрған күйі сыздықтатып, дем алмастан ұзақ сімірді. Ашырқанған жоқ. Жүзіндегі қайғының көлеңкесін қоса жұтып жібергендей қабағын серпіп, кілт жадырап, темекі тұтатты. Зухра пердені ысырып, кең, жарма терезені айқара ашты. Лап берген кешкі қоңыр салқын ауамен ілесіп, бөлмеге Алатаудың акбас шындары маңғаз қалқып кіріп келе жатты.

Жұмыс аяғы таяп қалған.

– Бүгін осында қона салғаныңыз дұрыс шығар, – деді Зухра. Бағана жұртты дүрліктіріп, жанжал шығарған ұзын қара жігіттің ашулы жүзі көз алдына елестеп, Розаға жаны ашыған.

– Неге?

– Күйеуіңіз үйге кіргізбейді ғой... Әрі ашу үстінде қалай деп бола ма!..

– Пішту, ол әтек әуелі бір жеріне қарап алсын! – деді Роза ерініп шығарып. – Есік тырналатып, мияулатып қоярмын. Күн жылы, арықтың ішінде жатса да өлмейді!..

Айнаға қарап ерінін бояп, бетіне қайта ұпа жағып, сәнін түзеді. Бауы қайыс таспамен өрілген әдемі қоңыр сумкасын иыққа асып, қоштасқан сынаймен бұған үнсіз саусақ ұшын елбіретті де, есікке қарай беттеді. Басы шалқақ, жүрісі маңғаз, қоңыр юбканың қиығынан жүп-жұмыр, ұзын сирақтары жалт-жұлт көз арбап ұзай берді!..

Роза айтқан әңгіменің әсерінен Зухра көпке дейін арыла алмады. Дүниеде мұндай да қасырет болады екен-ау деп жаны қатты түршіккен. Тал бойында шым-шытырық қайшылық тоғысқан осынау құрбысын ақтарын да, кінәларын да білмей дағдарды.

## ӨМІРДЕГІ ҚАЗАҚТАР

Кешке қарай сай іші бық. Тар көшені жиектеп жылымшыланып ағып жатқан жуынды-шайынды судың иіс-қоңысы ауаға көтеріліп, өкпе қабады.

Үйге келсе Бахтияр есік-терезені ашып тастап, еденде етпеттеп ұйықтап жатыр екен. Ауладағы жалғыз алманың саясында сырадан босаған екі шөлмек тырапай асып жатыр. Түбірге қағылған төртбұрыш тақтайшаның үстінде шахмат қобдишасы шұбартады. Көшенің қарсы бетіндегі Федя ағай екеуі әдеттегідей шахмат ойнаса керек.

Федя ағай қызық. Кейде айтқан әңгімесін құлағы шалып қалады. Сөздері баланың сөзі сияқты.

– «Сенің әйелің қазақ емес!» – дейді Бахтиярға.

– «Неге?»

– «Сұлу!»

– «Сұлу болса, қазақ болмай ма екен?»

– «Кинода, телевизорда көрсететін қазақтарға ұқсамайды».

– «Олар – экрандағы қазақтар, біз – өмірдегі қазақтармыз».

– «Кешір, кейде қазақтар туралы киноны көргенде, балаларымыз «мультфильмнің геройлары» деп өшіріп тастайды. А твоя жена просто прелесть!

– «Ренжімеймін. Халқым туралы ойыңызды бүкпей айтқаныңызға рахмет. Ал әйелімді мақтағаныңызға тіпті мерейім өсіп қалды!»

Федя ағай кетісімен бұл шыдай алмай күйеуіне шүйлігеді.

– «Қазақты мазақ қып кеткен жоқ па! Шамданудың орнына рахметің не?»

– «Жаманыңды жаман деп айтқанға ол кінәлі емес қой. Неге жаманмын деп, өзің намыстан. Бізді айдай әлемге өстіп маймыл сияқты ғып көрсетіп жүрген өнердің айналасындағы ана топас алаяқтарға өкпеле. Ана Үнді киноларына қарашы, қыз-жігіттер бірінен-бірі өтеді, көзің қызығады. Бірақ үнділердің бәрі ондай емес қой. Жоқшылықтан азып-тозған Азиядағы қайыршы ел. Беттерін әжім торлап, тісі ақсқан қара қайыс біреулер. Ал киносына қарасаң, неткен сұлу, неткен әнші-биші халық дейсің. Жақсылыққа ұмтылған Үндінің жарқын жүзін, арманшыл жүрегін көрсетуге тырысады.

Ал біз әйбәтіміз мынау деп қоксығымызды көрсетеміз. Баяғыда Сәтбаев Америкаға барғанда орта бойлы Мұқанды – Әуезовтің өзін тапалсың деп алмай, Кәрім Мынбаев, Төлеген Тәжібаев сияқты еңгезердей төрт-бес сымбатты жігітті ертіп барыпты. Кең маңдай, көркем жүзінен нұр шалқыған Қанекеннің өзінен бастап, бірінен-



бірі өткен тұлғалы қазақтарды көріп сүйсінген американдықтар: «Сіздерді азиат дегенге нанбай тұрмыз. Сіздің халқыңыздың бәрі осындай ірі ме?» деп сұрайды. Сәтбаев: «Біз қазақтың орта бойлысы ғанамыз!» дейді. Сонда қазақты көрмек түгілі атын шала естіген американдықтар: «Бұл не деген зор халық!» деп қайран қалыпты.

Сыбырсыз басып, ыдыс-аяқты дыбысын шығармай ас қамына кірісті. Көңіліне біртүрлі тоқшылық орнаған. Осынау қоңырқай тірлігінің өзіне дән риза. Жайшылықта әр бұрышынан жүдеушілік сығалаған күнгірт, тар лашық та бүгін береке ұялаған құтхана сияқты. Қай жағына қараса да болып-толып, «міне, бәрі де бар ғой, осыдан артық не керек?» деп тұрғандай.

Ыңылдап ән салғысы келді. Бірақ Бахтияр оянып кетер деп тартынды.

Біраздан соң сыра сасыған Бахосын амалсыз тербеп оятқан. Әйтпесе ас суып қалады ғой. Қайта ысытса дәмі кетеді. Бахтияр ұйқылы-оюу шайқалақтап сыртқа шықты. Зухра иығына түкті орамал асып, босағадағы шәугімді алып соңынан ерді...

Астан кейін «Рекордтың» антеннасын терезенің сыртындағы шегеге іліп қойып, «Цыгандардың» кезекті сериясын көруте отырған. Төбедегі жалаңаш лампаны шыр айналған ұсақ көк шіркейлер қанаты күйіп, үстелдің үстіндегі кленкаға тырс-тырс құлап мазаны кетірген соң, шамды сөндіріп, кереуеттің бас жағындағы сары абажурлы түнгі шырақты жақты.

Көз аймалаған жұмсақ нұр кеуледі айналаны. Терезеден тыныс ашып қоңыр самал желпіп тұр. Жапырайған тар лашықтары пейіш бағының бір мүйісіне айналып кеткендей. Розаның бүгінгі әңгімесі қайта-қайта есіне түсіп, есіне түскен сайын жүрегі тітіренген Зухра:

– Біз қандай бақытты едік, Бахо! – деді өзімен-өзі сөйлескендей күйеуінің мойнына асылып.

– Бұдан да бақытты болуға болады! – Бахтияр қаңыраған жүдеу бөлмеге қарап іштей мырс етті.

– Жок, қажет емес. Тек құдайым осыны көпсінбесінші!

– Ой, ақымағым! – Бахтияр келіншегін белінен орай құшақтап өзіне тартты.

## МҰЗДА ЖЕЛІНДЕП, ТАСТА ТУҒАН

### СҰРАП АЛҒАН АУРУ

**Р**ишат үйге анда-санда бір соғады. Онда да ақша біткенде, жан қысылғанда. Әкесі ауруханаға түскеннен бері табалдырық аттап тұрғаны осы. Қоңырау үсті-үстіне қағылған соң, Мүкәрама апай көзектен сығалаған, арғы жақтан Ришатты көріп, есікті ашар-ашпасын білмей аңтарылып тұрып қалды бір сәт.

Екі ай бойы із-түзсіз жоғалып кеткен ұлының келгеніне қуанғаны ма, әлде мына пәле қайдан кеп қалды деп шошынғаны ма – өзі де білмейді. Қоңырау ұзақ безілдеді, ол аздай есікті солқылдатып теуіп-теуіп жіберді. Оған да міз бакпай тұр еді, құлыптың тесігіне кілт салып бұрай бастаған соң, амалсыз ашқан.

Ришаттың өзінен бұрын кір сасыған күлімсі иісі кірді мүңк етіп. Тарақ тимеген қоңырқай бұйра шашы ұйпа-тұйпа дудырап, иығына түскен. Саусағының көбесі, буындары қаражағал кір. Көк көйлегінің жағасы, жеңінің аузы шырыштанып жылтырап тұр. Сопақ беті одан сайын қушиып, екі ұрты ішіне кіріп кеткен. Тұңғыық тартып тұратын әдемі қоңырқай көздеріндегі бұрынғы ұшқын жоқ. Жиектері қанталап, адамға тура қарай алмай алақ-жұлақ етеді. Осының бәрін ғазиз ана бір шолғанда көз айнасына түсіріп, «қор болған құлыным-ай!» деп еріксіз иегі кемсендеген.

Ришат аман-сәлем жоқ, босағадағы аяқ-киім салатын аласа сөреге қаудыраған салмақсыз денесін сылқ еткізіп тастай салды. Екі қолын

кеудесіне айқастыра қысып, шілденің ыстығында аяз қарып бара жатқандай, қалш-қалш етеді. Жүрегін аяныш билеп, елжіреген ана көзінің жасын бір сығып алды да:

– Құлыным-ау, әкең бір ай болды, ауруханада жатыр! – деді шағынып. Ришат «әй, қойшы» дегендей қолын бір сілтеді. Мүкәрама апай жас кілкіген көкшіл көздері әйнектей қатып, бақырая қарады.

– Әй, әкең әл үстінде жатыр! Адам болуы неғайбыл! – деді жетесіне жетіп, селт етер деген үмітпен.

– Мен – Құдай емеспін. Мен де өлгелі отырмын!

– Тіфу, Құдайдан безген! Саған ауыз ауыртып сөйлеп тұрған мен ақымақ! Әке де, шеше де керек болмаса, неменеге келдің бұл үйге сүйретіліп? Жоғал!

– Маманя, басты қатырмашы. Қууға хақың жоқ, бұл үйде мен де пропискадамын... – Орнынан созаландай тұрып, жүре сөйлеп төргі бөлмеге еніп кеткен шешесінің соңынан ерді.

– Не керек? – Сыралғы ана сезіктене қарады. Содан соң ішкі толқынысын білдіргісі келмей, жорта жаймашуақтанып: – Бар, ваннаға түсіп ал, мен шай әзірлей берейін, – деді.

– Маған ақша бер. Осы уақытқа дейін достарым асырап келді. Енді олар да тақыр-таза. Өлейін деп тұрмын!

– Тілеп алған ауруын, маған неғыл дейсің! Ылғи ауру бағып отырсам, қайдағы ақша? Бізге әлі айлық берген жоқ, әкеңнің жатысы анау...

– Бос сөзді қой! Әмиянды әкел, ревизия жасаймын.

Мүкәрама апай жұлқына басып барды да, серванттың қалқасындағы қайқыбас румын орындығының арқалығында ілулі тұрған сумкасынан қара былғары әмиянын алып, Ришатқа қарай әуелетіп лақтырып жіберді:

– Мә, кара! Жұмырына жүк болса, соны ал да жоғал!

Ришаттың өлеусіреген көзі жарқ ете қалды. Қара доға сызып калықтап келе жатқан «бақыт құсын» жерге түсірмей қағып алған. Қолы дірілдеп, жалма-жан әмиянның сырмасын ашты. Екі бес сомдық, екі үш сомдық, төрт-бес сары құлақ. Әмиянды төңкеріп күміс, жез бақырларды сылдыратып алақанына төкті. Ришаттың қабағы қайтадан тұнжырады:

– Мынау ақша ма екен? Сен қу татар, өйтіп айлаңды асырам деп ойлама! Шығар жасырған ақшанды. Білем ғой сырынды сенің! Бол, әкел! – Жан-жағын жалтақтай бір шолып, серванттың үстінде тұрған қыл мойын хрусталь құмыраны жұлып алды: – Әйтпесе жерге бір періп, быт-шытын шығарам! Кәне, сатып ал! Үшке дейін санаймын: бір... екі... екі жарым... Бол... Жарайды, жарты

бағасына. Кәне, тездет, уақыт жоқ, сыртта достарым күтіп тұр. Жарайды, тіпті оның жартысына да келістім. Болсаңшы! Бір... екі... тастаймын, міне!...

Мүкәрама апай селт еткен жоқ. Уфаға соңғы рет барғанда сінлісі сыйлаған құмыра болатын. Таза хрусталь. Пішіні де, өрнегі де өте нәзік, айрықша. Келген әйелдер қызыға қарайтын. Бұрын дүние десе үстіне түсуші еді. Сервант ішіне сәндеп тізген қымбат аяқтабақ, хрусталь рюмка, вазалардың әрқайсысына нерв талшықтарының бір ұшы жалғанып тұрғандай, біреу оларды қозғап, қолына ұстап аударып-төңкеріп қараса, жаны шығып кете жаздайтын. Шешесінің сол сырына қанық ұлы да міне, осал тұстан ұстамақ болып тұр. Бірақ шалы хал үстінде жатқаннан бері өз басымен қайғы боп жүрген Мүкәрама апайға дүниенің құны көк тиын еді.

– Шак, сындыр! – деді бояусыз селсоқ үнмен, қасындағы орындыққа сылқ етіп отыра кетіп. – Қирамаған бұл үйде не қалды?

Ришат құмыраны иығымен деңгейлестіре ұстап тұрды да, тастап жіберетіндей қолын оқыс төмен түсіріп, қайтадан көтеріп алды. Шешесіне бұл ойыны еш әсер етпеген соң, құмыраны амалсыз орнына қойды. Қисаландап шешесінің қасына барды.

– Жарайды, ақша жоқ болса, алтындарың көп қой, содан бер!

– Сандалмашы! Қайдағы алтын? Ештеңе де жоқ.

– Өтірік айтасың! Мынау не? – деді саусағындағы неке сақинасын иегімен нұсқап.

Мүкәрама апай ышқынып орнынан ұшып тұрды.

– Кет, имансыз! Жоғал!

Ришаттың көзі қылиланып кетті. Ештеңеден тайынбас қатыгез жүз. Шап беріп шешесін қапсыра құшақтай алды. Бұлқынып, айғайлағанына қарамай диванға етпетінен алып соқты. Сол қолын арқасына қарай шалт қайырып қалғанда, буындары бытыр етіп, апайдың жан даусы шықты. Ришат ештеңеге қараған жоқ, бірден сақинаға жармасты. Баржиып ісінген саусақтан шығар емес. Түкіріп, сулап жіберді де, арлы-берлі бұрап суырып алды. Көзі жайнап қуанып кетті. Сақинаны қалтасына сүңгітіп, алды-артына қарамай есікке ұмтылды.

Әр жерден бір тиіп дүрсілдеген аяқ дыбысы бетон баспалдақты жаңғыртып ұзап барады.

Мүкәрама апай қайрылған қолын эзер жазып, орнынан аунап түсті. Басын көтерген жоқ. Бүкіл денесі селкілдеп, қыстыға өксіді.

## «ОЧКАРИК»

Ришат сегізінші класты тәмамдағанша мінсіз шәкірт атанды. Сабаққа үздік, мінезі биязы, тәртіпті, бос уақытта кітаптан бас алмайтын. Тұрып та оқиды, жатып та оқиды. Дүние жимай, кітап жинаған әкесінің бай кітапханасы бар еді, аз жылда классикалық әдебиетті түгел тауысты. Алтыншы кластан бастап көзілдірік тақты. Дос-жолдастары «очкарик» деп атайтын. Оған шамданбайды. Тәмпіш танауының ұшына көзәйнегі мінбелеген қушық иық, сары бала қабағы кіржиіп олардың төбесінен аса, әлдеқайда жыраққа қарайтын. Жарты жыл сайын көзілдірік ауыстырып, шынысы қалыңдай түсті.

Дәрігерлер кітап оқып, телевизор қарауды азайтпаса, көзден айрылады деп қорқытқан соң, әке-шеше сасайын деді.

Басқалар балаларына кітап ұстата алмай жүрсе, бұлар оқуды қалай қойғызарын білмей әлекке түсті. Талай мысал айтып қорқытты, өтінді, жалынды. Ер бала деген үй күшік болмауы керек, спортпен айналыс, биге бар, қыдыр деді. Екеуі құлағының түбінен күн сайын ызындай берген соң, бала амалсыз ырыққа көнген. Бірақ кітап оқуды қалай тоқтатты, солай басы бұлғақтай бастады.

Бірінші рет бала боп ойнағысы келіп далаға шыққан. Тәмпіш сары аспаннан түскендей аңтарылып тұрып қалды. Ғажайыптың бәрі кітапта емес, аула мен көшеде екен. Көзәйнегінің шынысы қанша қалың болса да, шын өмірді көрмей келіпті ғой. Кітаптан бас алмай үйде омалып отырғанда, тірліктің қым-қуыт қызығы мұны айналып өте беріпті.

Таңсық дүниенің ауасын сары бала құныға жұтты. Турникке тартылып шырқөбелек айналған балалардың ойнына қызығып кетіп, бұл да асылып еді, бөксесін көтере алмай күлкі болды. Баскетбол ойнағандарға қосылып, одан да беті қайтты. Өзін қор санап жасып қалды. Көңіліне жалғыздық енді. Ешкімге жақындай алмай состиып, анандайдан көзі мөлііп тұрғаны. Бірге ойнап, қызық-шыжықты бөлісер дос іздеді.

Сөйтіп жүргенде оңаша үйірілген бір топ балаға көзі түскен өзгелерден саяқ. Доп, турникке жуымайды. Көбіне үйдің ығында, талдың тасасында ошарылып отырғандары. Соларға жағаттап келіп еді, тілеуінді бергірлер, шетке қақпады. Қайта, кел деп бірден бауырларына тартқан. Міне, менің достарым осы деп ойлады. Олардың қасында өзін адам сияқты сезінді. Жалынып, жалтақтаған қорлық сезімінен құтылып, еңсе тіктеп, ажарлана түскен. Бірақ бір жаманы – шеттерінен темекі тартады екен. Бұған да ұсынды. Жек көрсе де, бас тарту-

ға батылы бармады – жана тапқан достарына жағыну керек қой – олар өтінсе, у ішуге де әзір.

Әуелгіде қақалып-шашалып өліп қала жаздап еді, мазақ қып күлген жоқ, не бір майталмандар бар екен, түтінді қалай сорып, ауыз-мұрнынан қалай шығарудың әдісін көрсетіп, бірден жаңылыспас сара жолға салып жіберген. Кейде бір жомарт ағайлар келіп, тегін темекі сыйлап кетеді. Олары тіптен жұпар. Тартқан сайын құныға түсесің. Көңілің шалқып, көз алдында небір сәулелі елестер оянып, аспанда қалықтап жүргендей боласың. Енді тек сол «тәтті» темекіні тартқысы келеді. Соған ансары ауады да тұрады.

Бірте-бірте әлгі жомарт ағайлар тас сараң болып алды. Бұрынғыдай емес пұлдап, тегін бермейді. Және удай қымбат. Амал жоқ сатып алуға мәжбүр.

«Мектепке керек, пәленше деген досымның туған күні, киноға барамын...» деп мың түрлі сылтауды қиыстырып, шешесінің қалтасын сауады. Ақшаны көрсе, қолы жүгіріп кетуге дайын. Шешесінің көзі бірден түсе қоймайтын қалтарыстағы құнды сувенир, алтын-күміс әлеміштерді қағып кетіп, сатып та жүрді.

Көзі қызарып, мең-зең меңірейіп жүретін сары баланың сырын алғаш сезген класс жетекші апай болды. Байбалам салып дабыра қылған жоқ. Сезігін сыбырлап қана айтып еді, бейшара ата-ана төбелерінен жай түскендей жайрап қалды. Жалынды-жалпайды, әкесі – қатал кісі, өлтіріп тұрып ұрды. «Өзім таптым, өзім өлтірем, тауықтың басын шапқандай, жаңғырыққа қойып, басыңды балтамен бір-ақ шабам?» деді.

Алты ай бойы таныс дәрігерге жасырып емдетті. Қарғы бау таққан ит сияқты. Мектепке жетелеп апарады, жетелеп әкеледі. Басқа уақытта үйде камақта.

Орталық зират жақтағы бір балгерге апарып қаратты. Көзі алайған, сұсты кара кемпір тамырын ұстап, басы дуаланған деді. Он күн оқыды. Күн сайын үш кило ұн, үш кило күріш, бір литр бал апаруың керек. Бөлме ортасына тізерлетіп қойып, адыраспанмен басын айналдыра екі-үш рет аластайды. Көкшіл, ащы түтін кеулеп, бөлме іші бұлдырап кетеді. Зікір салып үшкіріп, қолындағы сабаумен алашаны салып-салып жіберіп: «Жоғал, жын-пері!» деп ақырып қалғанда, еріксіз селк ете түсесің.

Оныншы күні дұға оқып болғаннан кейін тегештегі жылы суға екі қасық бал, жұмыртқаның ағын қосып араластырды да, бұған кеңсірік жыбырлататын ащы бірдеңені иіскетті. Түшкіріп қалғанда, мұрнының алдына тегешті тоса қойған. Тегештегі қоймалжың суды шайқап-шайқап жіберіп еді, ішінен ұзындығы жарты қарысқа таяу,

жінішке қара құрт ирең ете қалды. Балгер: «Түсті, түсті! – деді ала көзін аударып-төңкеріп. – Міне, көрдіндер ме? Бойын буған дуа қара құрт боп түсті. Енді сауығып кетеді».

Ғаламатты көзімен көріп отырған анасы жағасын ұстап, басын шайқады. Кемпірдің қолынан тас қып ұстай алып, үсті-үстіне сүйіп, алғысын жаудырып жатыр. Қара құртты көргенде, бұның да өзегі қалтырап, түршігіп кетті. Дүр сілкініп, қалың ұйқыдан ояңғандай бойы біртүрлі жеңілейіп сала берді.

Кейін «Вечерняя Алма-Ата» газеті орталық зираттың маңында пәленше деген кемпір бар. Көзбояушы, алаяқ. Аңқау елді міне, дұға оқып емдедім, басыңнан қара құрт түсті деп алдайды. Онысы әйелдердің кәдімгі шаш қыстыратын резинкасы. Соны ширатып білдірмей суға салып жібергенде, құрт сияқты ирелендейді. Сак болындар, алданып қалмандар алаяққа» деп жазды. Бірақ қалай болғанда да, сол кемпірдің ем-домынан кейін сары баланың беті бері қарап, тәуір болған еді.

Арада біраз уақыт өтті. Ата-ананың көңілі жайлана бастаған. Бұл да тәубаға келіп, енді тура жолдан қия баспасқа шын ниетімен бекінген.

Бір күні... жаңбыр себезгілеген, апақ-сапақ ымырт болатын. Талдың тасасынан екі жігіт шыға келіп, шап бергені. Бірін шырамытты. Әлгі тегін шылым сыйлайтын «ашық кол» ағайлардың бірі. Айғайлауға шамасын келтірместен тік көтеріп әкеп, машинаға тықты да жіберді. Қолын арқасына қайырып байлап, көзін шүберекпен танып тастады. Содан бір апта ма, он күн бе, қараңғы подвалда жатты.

Жұдырық әзер сияр тесіктен болар-болмас жарық сыздықтайды. Ортада бір үстел, бір орындық. Тамақ, сусын ылғи да дайын. Іргедегі тактада мақтасы түйіршік-түйіршік шодырайған ескі матрац төселген. Жастықтың іші сабан ба, шөп пе – сықыр-сықыр етеді. Бірінші күні табанның қуысындағы күре тамырдан бақыртып отырып ине салған. Келесі күні қолтықтың астына шаншыды. Ине сұққанда ауырғанмен, одан кейін рахат. Бар дүниені ұмытасын. Денен жеп-жеңіл қауырсындай боп, шарпысқан қызыл нұрдың арасында қалықтап жүргенің.

Бар азап иненің уыты қайтқанда басталады. Сүйек-сүйегің үгітіліп, басың лықылдағанда, көзің ұясынан айналып ағып түсерлей. Жан әне шықты-міне шықты сәтте есік салдыр етіп ашылып, шприц ұстаған әлдекімнің созалаңдап кіріп келе жатқанын көргенде, құтқарушы періште қалықтап келе жатқандай қуанасын.

Қармаққа тырп етпестей ілінген соң «жарылқаушылары» мұны үйінің маңына әкеп тастады. «Дәрі қажет болғанда пәлен жерге, пәлен сом алып кел» деді...

Содан бергі көрген күні осы. Ұзағанда күн ара, болмаса күн сайын ине шаншымаса тұра алмайды.

Бұрын Лиза құтқарып келіп еді. Өз дозасынан жырымдап бөлісетін. Қалай дегенмен бір кезде «дружить» еткен қызы ғой. Жаны ашиды. Мұның дірілдеп-қалшылдаған түрін көргенде аяп кетіп, өзіне салып жатқан шприцті түбіне дейін бітірмей жұлып алып, қолына ұстатады.

Лиза политехты екінші курстан тастап, біржола бұлардың тобына қосылған. Дене бітімі келіскен, кербез, сұлу. Қазір емес, әрине, бұрын. Екеуі бір-бірін шын жақсы көрді, сенікі-менікісі жоқ бәрі ортақ бауырмал ортада жүрсе де, көңілдерін ешкіммен бөліспейтін. Лиза қалай инеге отырды, солай кім-көрінгеннің қолында кетті. Енді қайтсін! «Яманың» құдайы Эдик деген мұртты сұмырай «товардың» бағасын күн сайын аспандата берсе не істемек. Ақшасы жоқ бұл бейбақтарды мүлдем құлға айналдырған.

Әуелгіде Лиза моншада, қымбат мейманханаларда қызмет көрсетті. Бай клиенттердің қалтасын қақтап сауып, қалай ықылық атса да, Эдик жауыздың сондағы пұлдап беретіні – жалғыз-ақ доза. Бұлар соған да мәз, дән риза. Сөйтіп жүргенде Лиза сифилис жұқтырып, өлім аузынан қалды, түрін көрсең аяйсың, тырбиған көкбақа. Эдик мұндай «қызмет» барысындағы ауруға бюллетень бермейді, аяушылық жасамайды. Бар істеген жақсылығы – «категориясын» төмендетіп, басқа «жұмыс» ұсынды. Енді подвалдарда «группенсекспен» айналысады. Клиенттері – маскүнем студенттер, сырахананы сағалаған жұмысшы, кедей-кепшік.

Құдай қак төбеден ұрғанда, Лиза бір аптадан бері тұмауратып жатып қалған. Қызуы жоғарылап, басын көтере алмайды. «Сүйек-сүйегім сынып өліп барамын. Ақша табуға шамам жоқ, қарызға бір доза берші!» деп қалай жалбарынса да, Эдик міз бақпады. «Еңбек етпеген – ішіп-жемейді!» – деді мазақтай мәтелдеп. – Сенікі жатып істейтін жұмыс. Еш қиындығы жоқ, жалқауланба!»

Өзімен қоса Лизаны да ойлайды амалсыз. Міне, енді ол подвалдың қараңғы түкпірінде жанын қоярға жер таппай зар қақсап арпалысып жатыр.

Әнеукүнгі алтын сақинаны стоматология кабинетіндегі жалаңдаған грекке жарты бағасына әзер өткізсе де, біраз күн талғажу еткен. Одан кейін де шешесін бақыртып талай жылтырақтың басына сұй құйған. Енді барғанмен алатын да, жөні түзу зат та жоқ. Мұның сатқанынан қалғанын ана залым кемпір тамыр-таныстарыныкіне тық-қыштап, көзін құртты гәмiл.

Өне бойын безгек буды. Көз алды тұманданып барады. Бұлшық еттері үзіліп, жіліншіктерін құрт кеміріп жатқандай. Дереву доза қабыл-



дамаса, кризис басталмақ. Не істеу керек? Көршілердің бірінің үйіне түссе ме? Ол ойынан айынып, жеңілдеу жолға көшті. Қалтасындағы бәкісін алды. Бүктеуін жазбай уысына қысып ұстады. Арканың аузындағы қалың дарақ көлегейлеген қалтарысқа барып тұрды. Арлы-берлі өткен жалғыз-жарым әйел болса, алқымына пышақ тіреп қорқытып сумкасын, не алқа-жүзігін тартып алып тұра зытпақ.

Сөйтіп тұрғанда, бір дембелше, қара жігіт қасына келіп, үйіріле кетті. Бұтында – қалталарының аузы жез сырмалы «Левис» джинсы. Жарты бетін жалпақ, қара көзілдірік жапқан. Қабаққа дейінгі «территорияны» қисая конжиып сары жалпақ солдат понамасы жаулап алған. Түр жоқ. Жұмбақ. Көзілдірік ершігінің астынан бауырсақтай боп мұрынның ұшы ғана домаланады.

– Сәлем! Мен сені танимын, – деді қарсы алдында талтайып тұра қалып. Саусағының ұшында күн сәулесін кескілеп шеңбер сыза күміс шынжыр шыр айналады.

– Мен сені танымаймын! – деді Ришат тырсиып.

– Оқа емес... – Бейтаныс мұның жүзіне мәнді көз тастап, сәл үнсіз кадалды. – Ақша тапқың келе ме?

– Не? – Ришат шалыс естідім бе деп сенбей тұр.

– Ақша тапқың келе ме деймін? – деді анау даусын нықтап. Ришат қуанып кетті. Жүрегі атқақтап аузына тығылды. «Надо же! Міне, көрмейсің бе, шынымен жолым болғыш-ақ. Қиналған сәтте ылғи өстіп сәті түсе кетеді. У меня же ангел хранитель. Жебеуші періштем бар. Мен расында тегін адам емес шығармын!»

– Әлбетте! – деді бұл ентелеп.

– Жүр. – Бейтаныс айналасына барлай көз тастап, ауланың түкпіріне қарай аяндады. Екеуі темір гараждың қалқасындағы бұтағы салбырап, үйдей жерді күрегейлеген үлкен үйеңкінің саясына барды. Жан қалтасынан ақша алды. Бір буда, бес сомдық! Белдемше қағаздың бір шетін жыртып, санамастан шынашақ қырындайын шымшып суырып алды да, бұған ұстатты: – Мынау авансқа. Қалғанын жұмыс біткен соң аласың. – Ришат қуанғаны қуанғанмен енді сасайын деді. «Мұнша ақшаны тегін ұстата сала ма? Бір қатерге итерейін деп тұр-ау!» Тірсегі дірілдеп, шошып кетті:

– Ол не жұмыс?

Бейтаныс алыстан орағытты.

– Әкең әл үстінде жатыр емес пе. Енді оның беті бері қарауы екі-талай шығар?

– Ол шал өледі! – деді Ришат оны қойшы дегендей қолын сілтеп.

– Енді сол кісінің кейбір қағаздары керек боп тұр.

– Не қағаз? Кітап па? Сирек кездесетін құнды кітаптары көп, сұрағанда ешкімге бермейтін. Қайсысы керек, айт! Бәрін әкеліп берем.

– Балбес! Кітап емес. Қолмен жазылған, машинкаға басылған қағаздары керек. Соларды әкеп берсең болды.

Ришаттың қуанғаннан маңдайынан тер бұрқ ете түсті. Иығынан таудай жүк түскендей уһ деді. «Тифу, язви, соны да сөз деп! Өлгелі жатқан шалға енді ол макулатураның не керегі бар? Қажет болса, бір қап қылып бір-ақ әкеп береді!»

– Как раз біраздан соң кемпір шалына кетеді. Күнде барып көрмесе, тұра алмайды. Такая любовь у них... О'кей деп есепте!

– Жарайды. Кеш бата осы маңнан күтем...

## АҒАШАЯҚ

### УЫЗ ДӘМІ

**Б**ұл тұйыққа машинаның келуі некен-саяк. Төрт-бес орам төмендегі ұлы көшенің шуылы жар астында тұншығып аққан өзеннің сарынындай құлаққа еміс-еміс талып жететін. Кенет сай қолтығына үйездеген кешкі тыныштықты дар айырып, әлдебір машинаның гүрілдегені естілді.

Үй іші қапырық, сыртта үймелеген жабысқақ қара шыбын. Есік алдындағы қалқаймада Зухра шыжыған табаға балық қуырып, күйіп-пісіп жатқан. Анда-санда бір тататын жеңсік астың берекелі иісі тәбет шақырып, танау қытықтайды. Қолындағы үйенкінің бұтағымен жалаң арқасын бір қағып, тегештегі ұнға аунатылған сазанды бір желпіп, шыбынға қарсы шайкас ашып, ошақ қасында жүрелеген Бахтияр, неге екені белгісіз, айдаладағы қойшы қыстауында отырғандай, машинаның дыбысына өз-өзінен елегізе қалғаны. Өрге қарай күшене ышқынады. «Түтін шығар түтігі тесілген не жүгі ауыр». Дарылдаған дауысы жер-дүниені басына көтеріп, жақындай түсті.

Бұлардан жоғары бес-алты-ақ үй, олардың ешқайсысында мұндай арқыраған арғымақ жоқ. «Қайда барады екен?» дегенше болмай, ізінен көш-құлаш шаң мен түтіннің шудасын сүйреткен қырық жылғы қотыр, сарыжағал «Москвич» арсы-гүрсі еңтігіп, дәл бұлардың жаман лашығының алдына тоқтай қалсын. Шудасы желпілдеп ентелей қуған сары шаң сары машинаны бір-ақ көміп, үстіне міне түсті.

Бахтияр орнынан созалаңдай тұрып, кір жаятын жіпте көлденең асылған жейдесін алды да, жүре киіп, есікке қарай беттеген. Шаң

сейіліп, машинаның үңірейген бүйірінен өңкиген біреу үш аяқтап шығып келеді. Жок, үшеу емес, бір аяқ, екі таяқ. Машинаның арғы жағынан омырауынан қиылып Биназар соран ете қалып еді, оған көңіл аударған жоқ. Екі көзі тақырлап қырғызған дөп-дөңгелек аққұйқа төбесімен сүзгілеп, өзіне қарай ентелеген мына бейтаныс кісіде. Қайнаған ыстықта етегін салбыратып қара костюм киіп алған. Шалбардың бір балағын ышқырға қыстырып қойыпты. Жақын-жуықтың ішінде кім бар еді шолақ аяқ? Қапелімде ешкім есіне түсер емес. Қолтығындағы қос балдақ қосыла ойбайлап, бес қадам аттағанға алқынып қалды ма, іркіліп иегін көтеріп еді, кішігірім кастрюльдің қақпағындай дөңгеленген жалпақ бет бар құпиясын әйгілеп, жарқ ете түсті. Екі ездiң үстiнде жиди бiткен жирен мұрттың ұшы тiкiрейедi, танауының астын таңқайтып қырып тастаған. Жайылған беттiң бiр қагпарында кiшкентай көкшiл көздiң қос нүктесi жылтырайды.

– Өй, шiрiк неме, танымадың ба, немеңеге үдiрейiп тұрсың?!

Мәссаған безгелдек, мынау нағашы ағасы ғой, Шәуәли көкесi!

– Көке! – Қанатын жая ұмтылған.

Көкесiнiң өзiнен бұрын мұңк етiп, қойлы ауылдың көңiрсiк иiсi құшақтай алды. Жағымсыз, күлiмсi иiс.

– Амансың ба, жарығым! – Көкесiнiң ыстық демi маңдайын қарыды. Дауысы дiрiлдеп, танауын қорс еткiзiп бiр тартып қойды. Жаңа таныған сәтте еңгезердей көкесiнiң мұншалық шөгiп кеткенiне қайран қалған. Ендi, мiне, жалғыз аяғын тiреп, тiктелiп едi, бойы өзiмен жетеқабыл. Сөйтсе балдақтары қысқа екен, аласа бiреудiкiн алса керек. Жүрген кезде бүкшиiп жатып қалады.

Күлiмсi иiс көкесiнiң үстiнен шыға ма десе, адресi басқа жақта сияқты. Екi шетiн жiппен танып, ортасына ұстайтындай ағаш өткiзген кенеп қапты Биназар қиралаңдай көтерiп әкеп, жерге дүңк еткiзiп тастай салып едi, борсыған еттiң иiсi ауланы алып кеттi.

– Мiне, нағашыңды алып келдiм, – дедi Биназар ентiгiп. – Мен болмасам далада қонатын түрi бар. Бас корпустың алдында қаптың аузын ашып қойып, шыбын қағып отыр.

– Ендi қайтейiн! – дедi көкесi қызараңдап. – Күн ыстық, иiсi шығып барады!..

– «Бахтияр Хайруллиндi бiлесiң бе, айналайын?» дейдi ары өткенге бiр, берi өткенге екi жалтақтап.

– Бұл шiрiктi адам танымайды екен ғой, КазГУ-де дәрiс бередi деп әлдеқандай боп жүрсек! Жаман қойшы мына бiздiң өзiмiздi ауыл түгiл, ауданның тең жартысы таниды. Таңертеннен кешке дейiн жүрдiм емес пе Алматыны шарлап... Қап, тұншығып бұзылып кеттi-ау деймiн. Аузын ашыңдаршы!

Биназар қаптың аузын шешіп, ішіндегісін көк шөптің үстіне төңкерген. Су ақпасын деп целофанға ораған екен, ішіндегі қан сіңген ақ шүперекті жазып қалып еді, қайдан кіргені белгісіз, құжынаған көк шыбын, ирелендеген ақ бас құрт! Шыбындар ұша алмай, быртыып әзер-әзер қозғалады.

– Әттеген-ай! – деді көкесі қолтығындағы қос балдақ қосыла сықырлап. – Обал болғанын қарашы. Еркек дөнен қой еді, құйрығына құшақ жетпейтін. Құйрығына тіреп арбашық байлап қоюшы едік, әйтпесе шоңқиып отырып қалатын. Ит-құсқа жегізбей бағып-қаққан есіл еңбегім-ай босқа кеткен! Бәрінен бұрын итарқасы – қияннан арқалап әкелген азабымды айтсаңшы!

Бахтияр көмір қорадан күрек әкеліп, ауланың іргесінен шұңқыр қазып, етті қап-мабымен көміп тастады. Жан-жақтан андыздап жеткен көк шыбын мен ара, олжамызды қайда жібердің дегендей, шырқ үйіріліп ұшып жүр.

– Ой, көке-ай! – деді Бахтияр томпайған қой моласының басына күрегін кірш қадап. – Бұзылып кеткен соң сүйреп жүрмей тастай салмадың ба?

– Қайтып тастаймын, құрқол келем бе? – Көкесі қалтасынан жұмарланған көкшіл орамал алып, шұбар бетінің шұңқырынан тұманың көзіндей жосыған терді жапыра сүртті. – Келіннен ұят қой. Бізге көрсетпей ұрланып үйленген өзің.

– Көрімдігінен өстіп құтылмақ екенсің ғой!

– Жоға!.. Бүйтіп бұзылады деп кім ойлаған. Кемпірім екеуіміз күні бойы шыбын жолатпай түтінге ыстап, түнімен жел қақтырып мейіздей қып-ақ алып шығып едім. Самолетпен де айналмай екі сағатта дік ете түскем. Үйінді таба алмай қор болдым емес пе. Жүрерде әлгі Азаты түскірден адресінді сұрасам, «қайда тұратынын білмеймін, ҚазГУ деген бір жерде істейді дейді ғой» деп мінгірлейді май мұрын неме. Алла сақтасын, Алматың қалай өсіп кеткен етек-жеңі жайылып. Баяғыда соғыстан кейін гөспитлде жатқанымда біздің Құмаштың аумағындай-ақ еді. Кісіні табу деген тоннан бит іздегеннен қиын екен!

– Ақталмай-ақ қой. Жарайды, қырық серкешіннің бірінен құтылдың деп есептейік! – Бахтияр қалжыңмен қағытып қонағын үйге бастады.

Жайрандай алдынан шығып, сәлемдескен Зухраны ақсақал мол құшағына бір-ақ көміп, бетінен сүйді.

– Амансың ба, айналайын! Бақытты бол. Мына жаман амандасуға мұрсат берді ме. Қақпадан кірмей жатып піркурордай тергеп, қара терге түсірді ғой тегі...

Мейман сырт киімін шешіп, беті-қолын салқын сумен жуып жайғасқанша, Бахтияр мен Биназар төменгі көшедегі жасырын арақ сататын түрік кемпірінен бір жартылық пен тыриған екі тауық сатып әкелген.

Шәуәли балдақтарын кереуеттің арқалығына сүйеп, төрге тасталған құс жастықты шынтақтай жантая кетіп еді, қуықтай бөлменің жартысы толды да қалды. Үй ішінде кереует, үстел, екі орындық, кішкентай тоңазытқыштан басқа мүлік жоқ, соның өзіне аузы-мұрнынан шығып тұр. Енді екі адам кірсе, айналып жүре алмайды.

Іргенің сылағы көтеріліп, базданып көк иісі шығады. Балық қарынданып майысқан төбеге фанер қағып, баттастырып көкпен сырлаған екен, аласа үйдің тынысы одан ары тарыла түскендей. Әр бұрыштан іріп, тозып тұрған жүдеулік сығалайды. Барлай шолып сүреңсіз суретті көз аясына көшірген қария «құдайым-ау, әнге қосып тамсанатын Алматыда да осындай үй болады екен-ау!» деп күрсінді. «Көзін ашқаннан көргені жоқшылық еді байқұстың. Сол қырсық әлі қыр соңынан қалмай келеді екен-ау! Әйтпесе алтын басы кімнен кем? Ел оқымаған оқуды оқыды; атының өзінен кісі айбынатын КазГУ-де мұғалім. Сондағы көріп отырған күні мынау болған соң не жорық!»

Көңілсіз ойдан қоңырайып жасып қалды. Осында келерде: «Біздің ана қаратаяқ оқымысты жиеннің пәтері әлгі телевизордан көрсететін көк тіреген үйлердің бірінде шығар. Жалтыраған көп есіктің қайсысынан кіріп, қайсысынан шығарымды білмей адасармын әлі!» деп сән-салтанатын елестетуге қиялы жетпей пұшайман болғанын айтсаңшы.

Бөлме төрт адамға тарлық еткен соң, столды есік алдына шығарып, дастархан жайған. Тау жақтан тыныс ашып, салқын леп сыздықтайды. Торғындай үлбіреп ымырт үйіріліп келеді. Мүлгіп, мұнартқан аспан тұңғиықтанып барады. Төңірек тым-тырыс. Тек үйге ентелеген балапан теректің жапырағы сыбдыр-сыбдыр қайнап, тыпырлап жатыр. Өрістен қайтқан малдың мөңіреп, маныраған үні, ошақтың ширатыла шалқыған түтіні жоқ демесең, құдды бір кең жайылып өзінің ауылында отырғандай. Көйлегінің алқымын ағытып, орындықтың арқалығына шалқалай түсті.

Дастархан жұпыны болса да жылы қабак көңіл байытып, емен-жарқын қауқылдасып, күрең шайды сораптай тартады. Тырна сирак көк рюмка күлмнің қағып аузына екі-үш рет барып-қайтқаннан кейін, өнебойы балбырап, ағыл-тегіл терлесін. Қос самай мен жалпақ беттің әр сайынан жарыса жосыған терге ие бола алса кәне. Зухра лып етіп барып әкеп берген шашақты, құлаш кере ақ бөртпе сүлгі лезде сығып алардай болды.

Хал-жағдай сұрасып отырып сөз арасында:

– Мына үй өзіндікі ме, әлде майлап тұрсыңдар ма? – деген.

– Е, көке-ау, мұндай үйім болса, арманым бар ма? – деді Бахтияр мұңайып.

– Сендей азаматтар үйсіз-күйсіз жүргенде, сонда мына Алматыдағы қаптаған үйде кімдер тұрады?

– Онда тұратындардың көкесі сен сияқты қой бақпайды!

– Ой, жаман жиен-ай, айналып келіп бізді кінәлайсың, құлағыңды ұрайын, сол шуылдақты қайбір жетіскеннен бақты ғой дейсің!

– Қария күрсінді. Қабағы кіреукеленіп, кішкентай шегір көздері ойнектей қатып әлдебір алыс нүктеге қарады.

Ел сияқты «е, қой бақса несі бар екен? Еті тәтті болғанда, өзі жаман боп па! Қолынан келген адам бағады!» деп қызыл кеңірдектеген жоқ. Қор болған өміріне өкініп отыр.

Бахтияр ыңғайсызданып қалды. Өмірге деген өкпе-ызасының кейде өстіп орынсыз жерде азу акситатыны бар. «Қой бақтың деп көзге шұқығаны қай сасқаны. Жесір шешенің етегіне сүйретілген аш-жалаңаш жылдары сол малдың ағымен адам болғаны қайда. Өзегі талған сәтте қозымен таласып емген жып-жылы уыздың дәмін ұмытқаны ма?»

## ЖАЙЛАУ

Ол кезде қойлы ауылға бару бұл үшін мейрам еді. Көкесінің үйі десе, көз алдына күлге көміп пісіретін дөңгелек-дөңгелек күлше тоқаш, бауырдай дірілдеген қойдың қатығы елестейтін. Арқа сүйегі арсиған, шартық қарын, мұқыр көк сиыр мөшке болатын. Желіні бұтына сыймайды. Сағила тәтесі таң атпай көк мөшкені сауғанда, бір-бір қалайы күрешкесін ұстап, қаз-қатар тұра қалған бір қора балаға ағаш шөмішпен көсіп алып сүт құйып береді. Жол-жөнекей скі төбеттің итаяғын толтырады. Содан қалғанын апарып қазанға қайнататын. Шық басқан көк шөпті жалаңаяқ кешкен қара табандар күрешкелерін бастарына төңкере-төңкере салып, жылтыр көрпенің астына қайтадан қойып кететін у-шу боп.

Қыс бойы осы суретті сағына күтеді. Қара нан аузына бірде тигіп, бірде тимей жүрегі сазғанда, бұрқыраған жылы саумалдың дәмі тандайына үйіріліп, түкірігін жұтатын.

Шіркін, жайлау – сикырлы бір әлем ғой! Суреті көзден, қызығы көңілден кетер ме. Жаз шықса болды, мал екеш малға дейін басын жерге салмай, Сарытаудан соққан желге танауын тосып, елегізіп

тұрғаны. Көштен бұрын жайлауға қашқан кейбір қу мүйіз сиырларды малшы байқұс сабылып іздеп, жол ортадан қайырып әкелетін. Аспаннан тырна көшеді сұңқылдап тізбек-тізбек. Мұның да көкірегінен бір сағыныш оянып, көз ұшында сағым буып мұнартқан Сарытаудың өркеш-өркеш сілеміне мұндана қарайды. Каникулы құрғыр болып берсеші мұндайда.

Көкесі былтыр каникулға жеткізбей жайлауға алып кеткен. Биыл да сөйтсе ғой. Бірақ мысыққа күнде-күнде ол неғылған той дейсің. Екі көзі ақ борды шымшып ұстап, біресе тақтаға әлденені жазып, біресе бұларға қарап, сабырлы жүзбен бір қалыпты баяу сөйлеген мұғалімде болғанымен, көңілі шалғыны жапырылған Сарытаудың бауырында.

Сөйтп елегізіп отырған күндердің бірінде дәлізде келі түйгендей дүңк-дүңк басқан әлдекімнің аяқ дыбысы естілді. Мұның құлағы елең ете қалды. Жүрегі дүрсілдеп аузына тығылды. Нағашысының жүрісі! Басқа кім дейсің? Бұл ауылда ағаш аяқпен жүретін одан өзге ешкім жоқ. Бір аяғы қара санынан шолақ. Санының тұқылына қайыңнан шауып, ағаш аяқ киіп алады. Жеңіл болсын деп, ортасын қызған темірмен үнгіп, қуыстап қояды, сонда да салмақты. Келісап сияқты. Жүргенде дүңк-дүңк етіп, жерді солқылдатады.

Қуанып кеткенмен бір жағынан іші қылпылдап та тұр. Бұл білетін көкесі болса, қоңырау соғылғанша дәлізде күте тұруды білмейді, не есік қағып, мұғалімді шақырып алып, бұйымтайын оңаша айту жоқ, далада жүргендей даңғырлап, класқа кіріп келетін шығар. Өне, айтты ғой! Жарма есіктің бір қанаты сықырлап шалқасынан ашылды да, әуелі ағашаяқ дүңк етіп табалдырықтан аттады, содан соң ырсылдап-гүрсілдеп кәсекке кептеліп еңгезердей дене ішке әзер кірді...

Мұғалім не үлкен адам келгенде, ізет көрсететін әдеттерімен бір кісідей бәрі орындарынан ұшып тұрған. Мұндай құрметті күтпеген қария үдірейе қарап, іле жалпақ сары беті ризашылықпен елжірей жайылып:

– Бар болыңдар, қарақтарым! – деді. Ғимран ағай құрақ ұшып сәлемдесіп, орындығын ұсынды. Бірақ көкесі аласа орындыққа отырмады. Столдың шетіне сау жамбасын артып, сүйеніп тұрды. Хал-ахуал сұрасып қауқылдасып болған соң, жылтыраған дөп-дөңгелек иегімен мұның тұқырайған төбесін нұсқады.

– Мына жаманды әкетейін деп келдім.

– Директордың рұқсаты керек қой.

– О, балаға бардым. Қарсы емеспін, өзіңмен сөйлес деді. Жағдайын білесің ғой, жүдеп жүрген бала. Бір-екі ай ең болмаса ақ ішіп, оңалып келсін. Әрі бізге сеп. Мал айдағанда ер қара боп, бір шетінде



жүреді. Әйтпесе біріміз – ақсақ, біріміз – соқыр, қайбір жетісіп тұрмыз. Абалаған екі ит пен осы шуылдаған төрт-бес бала әйтеуір бір қора қойға жайлауға жеткенше ие боп баратын.

– Жарайды, барсын, ақсақал. Каникул да таяу қалды ғой.

– Сабағы қалай өзінің?

– Сабағы – бес! Оразбаева Күләш, Ғабдуллин Темірхан үшеуі – класымыздың мақтанышы!

Көкесі столды сықырлата бұған қарай еңсеріліп, ежірейе қарады. «Ой, Алла, сен де жақсы оқисың ба-ей?» деп тұрғандай. Біраздан кейін барып:

– Ой, шірік! – деді жалпақ беті одан ары жайылып. Бар мақтағаны осы. Басқа сөз жоқ.

– Озат оқыған соң жіберіп отырмын, – дейді мұғалім одан сайын бағасын асырып. – Басқа біреу болса, босатпас едім. Ал, жақсы, бара ғой, Бахтияр. Жолың болсын! – Ғимран ағай тұқырайған мұның бұйра шашын сапыра сипап, арқасынан қақты. Бұл сумкасын ала салып, көкесінен бұрын далаға ата жөнелді. Қуанып кетті ме, жоқ болмаса, көкесінің қылығынан қысылып, тезірек шығып кетуге асыққаны ма, неге бұлай жүргенін өзі де білмейді. Жол-жөнекей турникке асыла кетіп, екі-үш рет шыр айналып түсті. Содан соң қақпа алдында қаңтарулы тұрған арбаның жанына барды. Арбаның астындағы көлеңкеде мәсі галоштың ұлтарағындай қып-қызыл тілінен сілекейі ағып, екі бүйірін соққан Ұшар атып тұрып, аяғына оратыла кетті. Қынсылап, секіріп бетін жалап-жалап алды.

Сағынысқан екі дос аймаласып болғанша көкесі де жетті ағаш аяғы ән салып. Арбаға мінгені қызық. Сау жамбасымен ридуанға артылып, серпіле аунай кетеді. Содан арбаның үстінде ұзынынан түсіп үйелеп біраз жатып, өзер дегенде орнынан тіктеледі. Қарны шартиып дәртеге әрең сиятын шабан торыны қыстауға баратын кара жолға салып қойып, газеттің қиындысына асықпай нәшпен махорка орайды. Жуандығы шынашақтай, бір ұшын ширатып, ұзақ баптайды. Иығынан лақ-лақ шалқып төгілген көкшіл түтін тұнық ауада тұтаса созылып, капрон орамалдай қалықтайды. Көк түтін қоюлана көтерілген бір тұста тамағын қырнады:

– Жаңа мұғалімнің сені жақсы оқиды деді ме? – Жауап күтпестен, – Дұрыс! – деді. – Оқы! Жерде қалмайсың.

Бұл ешкім ақыл айтпаса да жақсы оқиды. Тәртіп жағынан аздап ақсайтыны бар, бірақ сабаққа келгенде жанын салады. Өз талабы солай ма, әлде жақсы оқысам, былтырғыдай, көкем сұрап келгенде биыл да мұғалім ерте жібереді деп ойлай ма екен?

Жайлауға көшкенше әлі оншақты күн уақыт бар. Қойды қыркып, тоғыту керек. Оның өзі – кезек, талас-тартыс. Жайлауға асыққан қойшылар Аққұдықтың маңында ентелеп кеп үйіліп-төгіліп отырғаны. Бірі кезегім өтіп кете ме деп қорықса, енді бірі кезексіз сыналанып кіріп кетем бе деп дәмеленеді. Ылғи да жанжал. Бір-бірімен қамшыласып, бас жарылып, іс насырға шауып бара жатқанда, ара түскен ағайын екі жақты да араққа жығынды қылып, қырықтық басы бір жырғап қалады.

Жердің оты қашқан. Совхоздың отыз табын қойының тұяғы қойсын ба. Ит сүйреткен тулақтай айналаның шаңы аспанға шығады. Мал тоқтамайды. Әрі көлге жақын. Сай-сай шалшықты өзектердің масасы бүйідей, ызындап келіп тұмсығын тығып алғанда, қайқаң ете түсесің. Қырықтықты төңіректеген сол бір екі-үш күн естен кетпес азап.

«Ертең – кезек» деген күні көкесі қыста туған сырбаздың жарты етін асып, оған төрт-бес шөлмегін қосып, қырықтықшыларға кетеді қисайып. Одан қалпағы көзіне түсіп, ыңылдап ән айтып көңілденіп қайтқан соң, кешке қарай отарды көл жағасындағы түбекке иіртеді. Дымданып, жүн ауыр тарту үшін қойшы біткеннің істейтін көп қулығының бірі. Кейбіреулер қырқар алдында қойды бірер сағат қораға қамап алады. Қара сүмек боп терлеген қойдың жүні жабағыдай ұйысып, шайырлана түседі. Былтыр Торанғыдағы ағайынды екі жігіт жылдағы әдетімен қойларын тас қораға қамап қойып, өздері аздап қызу болса керек, ұйықтап қалыпты. Оянса тұншығып өлген бір отар қой аяқтары аспаннан келіп домалап жатыр дейді. Бүкіл ел шулап, газетке жазып, екеуі ақыры сотталып тынған бес-бес жылды арқалап.

Түбек бық. Жылтыраған қара суда діріл жоқ. Маса буып, жаныңды қоярға жер таппайсың. Қойлар тыпырлап, пысқырып тыным таппай шырық үйіріледі. Шыдай алмай маңырап, қырға қарай өріп тоқтамайды. Қайыру бермей лап қойған дүлейлерді басқа-көзге төпеп сен жүресің жанталасқа түсіп.

Түн салқын тарта көл оянады. Қара су қара жыландай ирелеңдеп, толқындар жағаны ұрады. Аңқылдап бір самал жел еседі дейсің. Маса басылып, жер-дүниеге балбыраған тыныштық орнайды. Жанына сая таппай тыпырлаған қойлар енді тұмсықтарын желге тосып, суға қарай ентелейді. Бырт-бырт күйсеп, бырдай боп жусай бастайды.

Көкесі тағы да бір өнер ойлап тауыпты. Ерте тұрып бәрі қойлардың үстіне құм шашады. Уыстап, күректеп. Кастрюлдің қақпағы, қаңылтыр, фанердің сынығы... Бәрі іске қосылады. Шала ұйқы, не істеп, не қойып жүргендерін білмей бастары бұлғақтаған балалар сәлден соң

серпіліп, ойынға қызыққандай елігіп кетеді. Әппақ шаң аспанды тұтып, тұманның арасында жүргендейсің. Жел жаққа шығып, үсті-басын қаққыштап, құлықсыз қимылдайтын – көмекші шопан Қыстаубай.

– Кербезденбей шашсаншы! – дейді үркіп қашқан қойдың алдын қайырмақтап тұрған көкесі. – Ақша алған сайын аз деп жылайсың емес пе. Ақша деген осы. Биыл бұйырса, кемпіріне жібек дамбал кигізесің!

– Сенің-ақ шығармайтының жоқ! – Қыстаубай күңкілдеп, қолындағы шәуімінің қақпағымен құм шашқан болады. – Есі-дертің тек үкімет бейшараны алдау, әйтеуір!

– Үкіметтің мені жегені аз емес. Бала-шағамды асырамасам, құлағынды ұрайын бұл шуылдақты әкемнің малы деп бағып жүрмін бе!

Қырықтық басы қайнаған қызық. Құлазыған құба түзде мүлгіп-қалғып келе жатып, театрға кіріп кеткендейсің. Абыр-сабыр қимылдап, дабырласқан жұрт. Әр жер-әр жерден электр қайшылар ақ толқын боп ақтарылған жүнге тұмсығын көміп, тұншыға дырылдайды.

Қарулы, ыспор жігіттер қойдың аяғын бумамайды, белуардан тақымға қысып тұрып, онды-солды көсіп, ұйысқан жүнді шашауын шығармай тон шешкендей дөңгелетіп, лезде сыпырып тастайды. Мұндай екі иығын жеп жұлқынған шеберлерге қойды сирағынан сүйреп әкеп, үлгіріп тұрсаң болғаны.

Қырықтық уақытында жұмыс қолы жетіспей, совхоз басшылары жалынып-жалпайып ілікке жарар кәрі-құртаңға дейін осында жабады. Қырқылған жүнді есепшіге апарып өткізіп, қойдың аяғын буса да сеп. Солардың бірі – Сейфул – Мүлік, Сейпош аға. Ол кісі ауылдағы бүкіл ит пен баланың атын жатқа біледі. Бала біткенмен сәлемдесіп, ит көрсе, «ой, пәленше күшігім?» деп еркелетіп жатады. Сондықтан оған ешқандай ит үрмейді.

Мұны көре сала қалбалақтап, екі қолын ала жүгірді.

– Ассалаумағалейкум, Бахтияр! Қалайсың-ей! – Қушық, ұзын денесі иіліп, қайтсем сенімен теңесем дегендей, кішірейіп тұр. Бұтында галифе, көнетоз көк кепкісін шекелетіп киген. Қылтанақсыз, сопақша шұбар бетінде үлкендіктің жылты да жоқ. Қартайып кеткен бала сияқты. Кішкентай қоныр көздері күлімдеп, ыржалақ-ыржалақ етеді.

– Жақсы, – деді бұл сасқалақтап.

– Ал менің халім нашар.

– Неге?..

Быттыр жайлауда киіз үйде мас боп жатып түн ортасында: «мынау үйдің терезесі неге төбесінде?» деп тырқылдап күлген болатын. Екі иығы селкілдеп тағы да сондағыдай күліп алды:

– Бас сынып тұр. Көкеңнің қоржынында бірдеңе бар шығар. Жігіттер бас жазғысы келеді деп айтшы. Бірақ мен айтты деме! – Ойнақтаған көзін өзіміне қысып, иегін қақты. Бұл жүгіріп барып, көкесіне сәлемді жеткізген. «Қайсысы қаталап тұрған?» деп көзін алайтқанда өтірік айта алмады.

– Әй, Сейпош! – деді көкесі жақындап барып сыбырлағандай бәсең үнмен. – Құлқының құрып, өліп барасың ба! Ой, имансыз патшаһар!

Сейпош мойнын ішке тығып, көзінің астымен «опасыз» дегендей бұған бір қарап қойды:

– Мен жай... көптің тілегін жеткізгенім ғой...

– Сөзің құрысын! Ана «Тақыр» кеткен соң арақты төбеңе құямын! Оған дейін жүнді топыраққа аунатып-аунатып алып, өткізе бер!

– Е, ол жағын тастай қылам ғой!..

«Тақыр» деп отырғаны – ферма бастығы Фариолла ағай. Қанын ішіне жұтқан кара сұр, көк көз кісі. Күн сайын қырына ма, басында, бет-аузында бір тал қылтанақ жоқ, жып-жылтыр. Соған қарап жұрт «Тақыр» атап кеткен.

Әне ақ шляпасы оқшырайып қамыс лапастың астында қырықтық қайрайтын жігітке қолын сілтеп, әлдене айтып тұр. Ол кісі дауыс көтерген емес, жәй ғана көз қиығын тастап қойса болды, жұрт аяғының ұшымен басады. Одан ықпайтын тек жынды Қадыр ғана. Көрген жерде қағытып, болмаса өжектеп ұрсыса кетеді.

*– Өзі сары, көзі көк –  
Адамның хас сұңқары.  
Өзі қара, көзі көк –  
Барып тұрған сұмпайы! –*

дейді кейде қарадай тиісіп.

– Сені шешен осы мұздың үстінде туған-ау деймін. Судан шыққан көлбақадай көгеріп-сазарасың да тұрасың ылғи. Бір ауық адам сияқты арақ ішіп неге жадырамайсың! – Завферма жауаптасып опа таспасын біледі. Үндеместен кері айналып кете барады.

Қанша жерден қатал, кірпияз боп көрінгенмен ферма бастығы туралы пыш-пыш қаңқу сөз де жоқ емес. Жынды Қадыр:

– Бұл Тақырдың үндемей жүріп жүрісі жорға! – дейді тырқылдай күліп. – Осы фермадағы қойшылардың балаларының тең жартысы соған тартқан.

– Тантымашы! – дейді ондайда өзінің де нағашы-жиен біраз туысы қойшы боп істейтін Сейпош аға жақтырмай. – Әйел екіқабат

көзінде кімнің бетіне қарап күлсе, бала соған ұқсай береді дейді емес не атам қазақ.

– Оттапсың! Осы ауылда маған қарап күлмейтін қатын жоқ, буазы да, қысыры да күледі. Неге маған бір бала ұқсамайды!

– Қойшы-ей, ол сияқты таз боп жүрген баланы көргемін жоқ әзірге.

– Таз болмаса да көзіне қарасаң танисың біразын.

Жынды Қадыр – зуылдап сөйлеп тұрған заржақтың өзі, бейпіл ауыз. Оң қолының «ортан терек», «шылдыр шүмек» – екі саусағы жоқ, әйел, не бастық көрсе, солай қарай жұдырығының үңірейген қуысынан басбармағын шығарып, түк білмегенсіп жайбарақат тұра береді. Күліп бірдене десең, пәлеге қалғаның. Кейде ақбурыл шашының жартысы алынып, жартысы алынбай алабажақ боп жүретіні бар. Шаш алдырып отырып, бес-он минутке шыдай алмай ұрсысып, жанжалдасып тұрып кетеді екен. Әйелі де, баласы да бар дейді. Бірақ қазір қайда екені белгісіз.

Жынды Қадырдың ешқайда тұрақтап басы сыйған емес. Ала матрацын арқалап, қысы-жазы әр қойшыны бір сағалап жүргені. Жақында совхоз директоры жайлауға мал айдасып бар деп депутат-шонан Нағиманың отарына жіберген екен, қазір әне қой қайырып ба жылдаған үні жел жақтан үзік-үзік құлаққа ұрады. Депутаттың отары қырқуға бұлардан кейінгі кезекте. Пысықай біреу сұғынып араға еніп кетпесін деп тақауға айналсоқтатып иірген қой тұяқкешті тақырда қайыру берер емес. Қойдың жетпіс жеті ата-бабасы, құлақ-мұрынын сыпыра сыбаған ащы кіжіл бишікпен бірге ауаны осып-осып өтеді.

Бір уақытта жынды Қадыр астындағы аты шоқырақтап қырықтық басына келді. Жете бере бәріне де бір сәлем дегендей, ақырып айқай салды:

– Әй, қашан бітесіндер, мына салпаңқұлақ иттің малы тоқтамай олтіретін болды ғой!

Арбаның қасына келіп, ер-тоқымнан сырғып түсті. Үстінде қаудырлаған сұр брезент сулық. Күнқағары қарс айырылған ескі солдат фуражқасын желкесіне қаратып, теріс киіп алған. Жырақтан карағанда, арқасымен шегіншектеп жүрген адам сияқты. Арсасы шыққан арық торы аттың бір көзін шел басқан, бір аяғы ақсақ. Ер-тоқымын алып, арбаның үстіне төңкере салып еді, тер аралас шірінді иіс айналаны алып кетті. Арқасы ошақтай екен. Жауырына шыбын қонған сайын шоқтығынан сауырына дейін қыржың-қыржың дір-дір етеді жануардың.

– Әй, бері кел, – деп анандайда селтиіп тұрған мұны қасына шақырып алды. – Арбаның үстіне шық! – Шықты.

– Мына жауырға шаптыр, ісігі қайтады! – Мұның екі көзі алақандай боп кетті. «Мына кісі не деп тұр!» Арбадан бір-ақ қарғып зыта жөнелген.

– Ей, әкең... зәріңді аяйсың ба! – Қаһарлы кіжілмен қосыла соңынан қуған жұдырықтай тас бәрібір жете алған жоқ, жерге топ ете түскен дыбысын желкесімен естіді.

Жынды Қадыр енді лапастың астында «мына пәтуасыз не бүлдірер екен» деп іштей қипақтаса да сыр білдірмей маңғазданып тұрған Фариолла ағайға ауыз салды.

– Әй, таз, кел бері! Берген атыңның сиқы мынау. Кәне, өзің шаптыр арқасына!

– Ой, Қақа-ай, бала боп кетесің-ау кейде! – деді Фариолла пәленің алдын алған ыңғайымен кілт жаймашуақтана кеңк-кеңк етіп.

– Күлетін дәненесі жоқ. Ошақтай жараға басқа не істеймін. Әйтпесе мына атыңды да, малыңды да өзің ал, мен тастаймын да осы қазір жүре беремін. Маған сот жоқ. Сары билетім бар.

– Болды, болды, қара аспанды жаудырмай. Одан да құлқыным құрып тұр десеңші!

Жауар бұлттай түнеріп, дауылдатқан жынды Қадыр кенет жадырап күліп жіберді:

– Ой, ит-ай. Білмейтінің жердің астында-ау, әйтпесе таз боласың ба!

– Кәне, іркілмей бір ауыз өлең шығар – бес сом берем!

– Ей, оправ, оправ!

*Бергенің маған соқыр ат.  
Арқасы жауыр қотыр ат!  
Түске дейін шоқырақ,  
Түстен кейін көкке ұлып,  
Ызамен ішін кептіріп,  
Қадыр байғұс отырад!  
Сұрағанды бермеген,  
Жылағанды көрмеген  
Көзіңе құйылсын топырақ!*

– Мынауың қарғыс қой, дұрыс өлең айт!

*– Мақта десең, мақтайын, ақ патшам-ай!  
Ішкенің – қымбат коньяк, жегенің – май.  
Береріңді нұлдамай тезірек бер,  
Сөзімді доғарайын көп қақсамай!*

Фариолла жымия басын бір шайқап, омырау қалтасына қолын салған. Анандайда жақындауға батпай сопақ беті кәкпірдей шұрк тесік шұбартып селтиіп тұрған Сейфул-Мүлікке қарай жынды Қадыр қолын бұлғады:

*– Бері кел, неғып тұрсың, Сейфул-Мүлік!  
Қалтаңда көк тиын жоқ сен бір жүлік.  
Оправ қолы ашылып бес сом берді,  
Ішейік аз да болса ойнап-күліп!..*

Жынды Қадыр тағы не өнер шығарады деп қорықты ма, Фариолла көп тұрған жоқ, бір айналып соғам деп, атқа мініп, ауылға қарай кетіп қалды. Елдің аңдығаны да осы еді. Көкесі көң-қоқырдан оңаша, үйеңкінің саясына газет жайып, жел ұшырмасын деп төрт бұрышына тас бастырды да, үйме табақ қып ет турады. Стакан, шыныларды қаз-қатар тізіп қойып, шіпілдетіп арақ құйды. Босаған шөлмектерді шөптің арасына қарай әуелетіп лақтырып жіберді де:

– Кәне, жабыл, көгенкөз! – деді дабыстап.

Біраздан соң көңілденген жұрт жұмысқа құлшына кірісті. Қимыл шиірақ. Сақылдаған қайшының үні бір-бірімен жарысқа түскендей тоқтаусыз зыңылдайды...

Күн түске тармаса қойды қырқып бітірген. Ұйыған белдерін жазып, тәтті ыңырсыған қырықтықшылар көкесін ортаға алып, қауқылдасып жатыр: «Бүгінгіміз рекорд болды. Шәкеңнің көңілі ақ, беретіні де «ақ», қолы жеңіл ғой, елдің бәрі осындай болса ше!»

Өредегі жана жайған сықпа құрттай жұнтиған қойларды айдап апарып, анандайдағы шарбаққа қамады. Шарбақтың бір жақ ауызы – тоғытпа. Жиырма-отыз қадамға созылған бетон тоғанның беті көкшілденіп, кәралин аңқиды. Қос кемері сырғауылмен қоршалған. Бәрі жабылып, жан-жақтан қаумалай үйіріп айдағанмен қой жарықтық суға өздігінен аттап баспай шегіншектеп тұрып алады. Көкесі:

– Тарт, тарт алға! – деп бишігін ауаға үйіріп, шарт-шарт еткізіп тартып қалып еді, тамағында қос «түйме» салбыраған, қанжар мүйіз көк серке басы қақшандап қойларды киіп-жара алға шықты.

– Тарт, кемелек келгір, тарт! – Төніп келіп төбесіне үйірілген бишік ауаны шарт еткізіп осып өткенде, құйрығы шыпжың-шыпжың тыпырлаған көк серке «кеттім, қош бол» дегендей жалынышты үнмен маңырап алып, суға бір-ақ қарғыды.

Жан-жақтан қаумалай айғайлап, таяқ-шыбықтары шошаңдаған жұрттан жасқанған қойлар сол-ақ екен қаптың аузынан төгілген

канттай саулап секіре бастады. Енді жүгіріп жиекке барып тұра-тұра қалған балалар қолдарындағы таяқ-ашамен қалықтап келе жатқан қойларды желкеден басып, сүңгітіп-сүңгітіп жібереді. Әппақ болып құйылып, қоңыр таспадай суырылып шығып жатыр. Ең соңында қарғысынан жетелеп әкеліп, екі жігіт екі итті қаңқ еткізіп суға итеріп жіберді. Пысқырып, сілкініп, у-шу маңыраған қойлар бытырай жайылып ұзап барады.

Түргіншектеп қалып қойған Қыстаубай елдің көзін ала бере «әкри, үсті-басым қышынып жүргені!» деп тыр жалаңаш шешініп, бетон ернеуден ұстап тұрып кеңірдегіне дейін ол да бір сүңгіп алды.

Ақсақ-тоқсақ аз, төл ширақ болса, төрт-бес қонып төр жайлауға ілігесің. Тек жолай ауылдарды басып, Топтеректің тұсындағы көпірден өткенше киын. Жолдың екі жағы тақасқан егін, одан қалды қаулаған ши-бұта, бытқыл. Оған бір кірген малды табу маядан ине іздегенмен бірдей.

Қызыл табан ғып асфальтпен айдайсың. Тасырқап, зәрезеппен болған бейшаралар жалданған жолдың жиегіне қарай қашып, біресе оңға, біресе солға төңкеріліп әлек. Оның үстіне арлы-берлі толассыз ағылған машиналар да зықынды шығарады.

Көпірден өтіп, Қараөзекті өрлей қырға ілінген соң, азаптан құтыласың: жер кең, маса жоқ, жонның үсті қағу. Тұяққа жаншылған кара жалбыз бен ерменнің иісі аңқып көкірек ашады. Пар ат жеккен арбамен көкесі алда кара үзбей ілбіп отырады. Құмалақ тастап, жарап алған малдың жүрісі ширақ. Сиырлар мен көк серке бастаған кумүйіз қой-ешкілер жайлаудың иісін сезіп, басын жерге салмастан арбаның сонынан емпеңдей саулайды.

Бір қалыпты сытырлай жылжыған тұяқ дыбысы брезент шатырдың үстіне баяу сіркіреген жанбыр сияқты. Қыр-жотаның бөктерін қуалап құла «өзен» бұралаңдай сырғиды.

Кешкі қоналқыға су жағалатып ашыққа иірген мал бірден дөңгеленіп жусай қалады. Содан таңертең дабыстап, құрықпен жасқап өргізгенше тырп етіп қозғалмайды. Ұзақ түнде ит-құстан басқа алаң жоқ. Қотанның бір шетіне арбаны қаңтарып, сиырларды байлайды. Екінші шетіне екі керегені айқастырып итарқа қос тігеді. Екі төбет екі жақта шынжырлаулы, аттар арқандалған. Қостың аузындағы тас ошақта қараңғымен тайталасып от маздайды. Шоқтың табында шымырлап, бабымен піскен қойдың қою сүтін ып-ыссы көмеш нанмен қосып соғып алғаннан кейін, дүние біртүрлі нұрланып сала береді.

Өз жылы деміне оранып мүлгіген жұп-жұмсақ іңір. Суып үлгірмеген шалғын мен бұталардан күннің әлі жұпары аңқып тұрған-



дай. Қарауытқан қос шоқы шегініп, көзден ұзап бара ма, қалай? Жаңа ғана төбелерінде геологтардың мосысы талтайып, қол созымда тұрған секілді еді. Бірте-бірте айнала тұңғыық тартып үңірейіп, түнерген түнге толды. Шалғын арасында жаңа қауыз жара бастаған сарғалдақтай, аспанның көк етін жыртып, әр тұстан жұлдыз оянды. Алтын кірпіктері дірілдеп күлім қағады. Түн қоюланған сайын ошақтағы оттың алауы созыла түседі. Маздап жанған аршанын ұшқыны бырт-бырт шашырап, қызыл шегірткедей ыршиды. Іргедегі төбенің басынан тақасып келіп қонған қостың оты жылтырайды. Одан ары тағы бір от. Аспанда самсаған жұлдыз... Лып-лып жыпылықтап жарық пен көлеңке тайталасқан түн қойнында бір сиқырлы елес кезіп жүргендей.

Бауырлары қостың ішінде тырайып-тырайып, тырапай асып ұйықтап қалған, мұның ұйқысы келмейді. Көкесі мен Қыстаубай оттың басында киіз төсеп, бірі ер-тоқым жастанып, бірі ескі күпәйкені төрт бүктеп шынтақтаған күйі жантайып жатыр. Екеуі қойды кезек күзетеді. Бірақ жаңа жұртта сақтық ойлап, бір-біріне ес болайық дей ме, екеуі де түн ортасы ауғанша ұйықтамайды. Таусылмайтын әңгіме. Өткен-кеткенді сапырып, екі құрдас бірін-бірі түртпектеп ауыздары жабылса көне.

Қыстаубай – беті ескі етіктің қонышындай шабдар-шабдар, құс кеуде, бәкене кісі. Не кесе де иығынан түсіп салбырап тұрады. Елпіндеген сабырсыз. Көкесі кейде: «Апырай, сақалың ағарғанда ұшып-қонып тұрсың, шешең байқұс отқа-суға түсірмей қалай өсірді скен?!» деп қағытады. «Екі аяғымыз болған соң ұшып-қонбағанда қайтеміз!» деп ол да тістелеп есесін жібермейді...

Қыстаубай анда-санда қотанның шетіне барып шырылдаған дауысын соза «Айт, айт-ей!» деп айғайлайды да, қосауызын күмп-күмп еткізіп, аспанға атады. Шынжырларын салдырлатып, атып тұрған төбеттер қосыла абалайды. Жакын маңда баспалап жүрген ит-құс болса, құйрығын бұтына қысып, ендігі алты қырды бір-ақ асты деген сөз. Дүр етіп үріккен қойлардың жап-жасыл боп жанған көздері қаранғыны осып-осып өтеді. Қыстаубай мылтығының аузы оқ-дәрі сасып, қайтадан орнына келіп жантаяды. Бірі – мылтықты оқтап, бірі – түтіндеген шаланы қағыстырып, үзілген әңгімені ары қарай жалғастырады. Мұның көзі ұйқыға кеткенше екі құлағы тікірейіп үлкендердің күнгір-күнгір сол әңгімесінде.

Мына бүгінгі қонып отырған Алабие асуы Қыстаубайдың аталары Қалқаманның ескі қонысы екен. Бір кезде ағылшындар алтын қазған. Жота-жотаның бауырында әлі күнге дейін ұралардың орыны үңірейіп жатыр. Жер қазуға қазақтан жұмысшы жалдап, біраз кедей-кепшік

шыр жинап қалады. Кейін апалас-төпелес заман басталып, тәп-тәуір өркендеп келе жатқан кәсіпшіліктің күлі көкке ұшады: ағылшындар еліне қашады, жеркепеде мұртын сылап, қойшы-қоланға «біз – рабошиміз!» деп оскырынған қазақтар сүмірейіп қара қостарына қайтып оралады. Бірақ Алабиенің қатпары алтын деген даңқы қалады. Кейін де осы дақпыртпен бірдеңе табылып қала ма деп, кеннің орынын тіміскілеген дәмегөйлер көп болады.

Сондайлардың бірі қозының бауырындай алтын тауып алыпты-мыс. Қып-қызыл боп дірілдеп жатыр екен дейді. Есі шыққан бай-құс сол жерде жүрегі жарылып өліп кетіпті. Әйтеуір Алабие десе алтын елестеп, арлы-берлі өткендердің әлдебір үмітпен айналасына көз сүзбейтіні кем де кем.

Қалқаманның Шерубай деген бір шалы ертеректе жабылған кенді жағалап жалғыз үй отырады. Шерубай ыңыршағы шыққан кедей екен. Бір күні үйіне диуана түнеп: «төбеннен от көрдім, бақ қонайын деп тұр» дейді. Сол-ақ екен Шерубайдан маза кетеді. «Япырай, қартайғанда Жаратқан ием шынымен жарылқайын деді ме, сірә, алтын тауып алатын шығармын!» деп топшылайды. Енді екі көзін жерден алмайды. Суырдың інінің аузын, ескі кепенің орынын шолақ күрегімен түрткілеп, қара кешке дейін күйбеңдеп жүргені. Жылтыраған нәрсенің бәрі алтын боп елестеп, алтын ауыруына шалдыға бастайды.

«Қара күз. Айлы түн. Шерубайдың қатыны түзге шығып, жыңғылдың түбіне отыра бергенде, о, ғажап, үйіліп жатқан алтын көреді. Төңкерілген мыс тегенедей қызара буланып, ай сәулесімен құбыла жалт-жұлт етеді. Ышқырын байлауға да шамасы келмей, киіз үйдің есігін мойнына іле апалақтап кіріп келеді:

– Ойбай! Ойбай! – дейді басқа сөзге тілі келмей тұтығып. Төрде киімшен жантайып жатқан Шерубай жақтырмай басын көтереді:

– Не болды, ит қуды ма? Жарқыратпай жапсаңшы етегіңді!

– Шал-ау, алтын көрдім, алтын! Жүр! – Екеуі жарыса шығады есіктен.

– Кәне, кәне! – деп сабырсызданған Шерубай оза шауып, кемпірінің о жағынан бір, бұ жағынан бір орағытады. Сиырдың жапасына тайып жығылып қолын, бет-аузын былғап алады.

– О, Құдайым, олжа, олжа! – деп одан сайын қуанып кетеді.

Жыңғылдың түбіне келсе, расында да алтын! Тұтасқан сом емес, қаудырлаған қабыршық, желге қозғалып, саудыр-саудыр етеді.

– Қабыршық алтын екен! – дейді Шерубай. – Өткенде осы жыңғылдың түбінен кара-шұбар жылан көргем. Соның інінен шыққан ғой. Алтынның бір киесі – жылан дейтін бұрынғылар. Жер астында алтынды қорып, буына бауырын жылытып жатады екен!

Екеуі екі жақтап жүріп, үйдегі қуыс ыдыстың бәрін толтырады. Қобыраған қабыршық алтын бітер емес. Шерубайдың көзі ошақтағы қазанға түседі. Қара сиырдың екі күнгі сүті шымырлап ошақтың қабында тұрған.

– Төк мына сүтті! – дейді Шерубай.

– Ойбай, төккені несі? – дейді кемпірі ыршып түсіп. – Қаймағын көрмейсің бе, үстіне лақ ойнақтаса, ойылмайды! Ең болмаса, бірденеге қалқып алайыншы!

– Алтын тұрғанда, сүтің не оттап тұрған! Өй, түбі жарымаған өкпенің аузы!.. – деп Шерубай қазанды ыстық күлдің үстіне бұрқ еткізіп, төңкере салады...

Сөйтіп алтын толтырған ыдыстарды есіктен төрге дейін тізіп қояды самсатып. Бірақ Шерубайдың көңілі сонда да байыз табар емес. Қан тамызбаса, алтын көшіп кетеді деп, анандайда жайбарақат күйіс қайырып жатқан жалғыз қара сиырдың құлағын кесіп алады. Жалғыз құлақтың қаны самсаған ыдыстың қайсысына тамызуға жетсін! Екіншісін кесейін кесе, сиыр бейшара өкіріп маңына жуытса кәне. Әйтеуір абыр-сабырмен жүргенде таң атады. Қалғып-шұлығып отырып танертең жарықта қараса, алтын дегені өліп жатқан жарқырауық қоңыз екен...»

– Пай-пай-ай! – дейді нағашысы даусын құбылта созып. – Атаңның сол шелектеп жиған алтынынан жұрнақ қалған шығар. Аузыңды опырайтпай Степановқа тіс салдыртып алсаңшы!

– Әй, Жәрке, сенің де мақтанатын түгің жоқ, аузымды қышытпа! – дейді Қыстаубай дәлелі мықты адамдай шіреніп.

– Е, несі бар, бабаларым – батыр, мақтансам мен мақтанайын Көкжал Барактың өзі Жәркенің ер Танашынан бата алмап па еді! !

– Батырлығы сол екен ғой!.. – Қыстаубай бірденені білетін адамдай мырс-мырс күліп алды. Оттың алауы лып-лып жанған сілеусін көзінде қуақы ұшқын ойнап, милықтата киген кір-кір қара тақиясын желкесіне қарай ысырып қойды. – Бес орыстан қорқып, жарты Жәрке шетел асып кеткен жоқ па!

– Ой, сен де оттайды екенсің! – Мүдіретін жері осы болса керек, көкесі өңірін қаққыштап, қызарақтап қалды.

Қыстаубайдың кекетіп отырған Жәркесі – көкесінің руы. Көп өспеген, аз ата. Шетінен кесек бітімді. Апыл-ғұпыл бірденені бүлдіріп тастап, артынан өкініп бармақ шайнап жататын албырт та аңғал.

«Ақ пен қызылдың бірі қашып, бірі қуып, сендей соғысқан аласапыран кезең екен. Қара қазаққа орыстың ағы не, қызылы не – бәрібір орыс. Ауылдың үстінен өткен әскер: «Ақты қолдайсыңдар ма?» десе, «Иә, ақты қолдаймыз» дейді Жәркелер. Сөйтсе, ол қызыл

боп шығып, қан-жоса ғып кетеді. Екінші отряд келіп: «Қызылды жақтайсындар ма?» дейді. «Иә, қызылды жақтаймыз» дейді. Ол ақ боп шығып, Жәркені тағы жусатып салады. Ел әбден ығыр болады...

Есірген қаракшылар оқ шығындамау үшін ауыл адамдарын кейде үштен-төрттен қатар тізіп қойып, жалғыз-ақ оқпен жайрата салады екен. Бірде төртінші боп тұрған Терлікбай деген кісі мылтық тарс еткенде, елмен бірге өтірік өлген боп құлай кетеді. Жендеттер шалажансар қалмасын деп өліктерді мылтықтың найзасымен шаншыққылайды. Терлікбайды сегіз жерден шаншиды. Сонда да сыр бермей өлген боп жата береді. (Бертінде Терлікбай қарияны Бахтияр да көрген. Шыжыған ыстықта басына малақай, аяғына пима киіп, таяғына етпеттеп көшеде ілбіп әрең жүретін).

Бір жолы сондай отрядтың бірі қонаға кеп, басқа істеген лаңы аздай, арақ ішіп алған соң қыз-келіншектерге қол сала бастайды. Ашынған Жәркенің жігіттері: «Алқымына пышак тигенде, қой екеш қой да тұяқ серпеді емес пе, бүйтіп жер басып жүргеніміз құрысын!» деп, бір қапылыста бассалып, он екі орысты бауыздайды да, киізге орап, ішіне тас салып, мұздың ойығына батырып жібереді. Аттарын сойып, киім-кешек, ер-тұрмандарын өртеп, ізін жоқ қылады жым-жылас. Істерін істеп алса да, осының ақыры не болар екен деп, қауіп ойлап артынан қорқа бастайды. Көп өтпей «отряд шығыпты, жоғалған адамдарын іздеп жүр» деген сыбыс естіледі. Одан сайын жүректегі суылдап, үрей билейді, бала-шаға, қатын-қалаштың аузынан байқаусызда бірдене шығып кете ме дегенде зәре жоқ. Сөйтіп, қуыс үрей жүргенде бір күні ақ-қызылы белгісіз бір топ әскер сау ете қалады.

Қойын сойып, қолын қусырып Жәркелер жаны қалмай қал-балақтайды. Меймандар тонбасын деп отты өртеп тұрып жағады. Жатқаннан кейін орыстар ыстықтап: «Ох, жарко, жарко!» дейді.

Құлақ түріп сақ жатқан үй иесі шошып кетіп, жүгіріп ауылдың бас көтерерлеріне барады. «Ойбай, құрыдық! Анау орыстар: «ах, Жәрке! Жәрке!» деп жатыр» дейді. Жәркелердің зәресі ұшады. «Жәрке, Жәрке десе, біліп қойғаны ғой, онда шипамыз бітті емес пе!» деп шуласады Жәркелер.

Бақырмасын деп түйелердің аузын буып, қолға ілінген керектісін ғана артып, бүкіл ауыл тік көтеріліп үдере көшіп, тау-таудың ішіне сіңіп жоғалады. Сол қашқаннан мол қашып, шекара асып кетеді.

Таңертең тұрған орыстар, «апам да аң-таң, өзім де аң-таң» дегендей, жым-жылас, есік-терезесі аңғал-саңғал ашық жатқан үйлерді көріп, бұл ауылдың адамдары қайда кеткен деп қайран қалады аузы аңкиып».

Онайшылықпен жеңсік беретін кісі көкесі ме.

– Менің аталарым тау-тасқа қашса, самсаған орысты өлтіріп қашты. Сенің атаң сияқты тебінгісінен қорқып қашқан жоқ! – дейді бағы бір пәленің басын қылтитып.

«Тағы да сол ақ пен қызылдың сапырылысқан кезі болса керек. Жаз ортасы. Шыжыған ыстық. Қалқаманның бір шалы жоқ іздеп келе жатса, анандайдан бір топ салт атты шыға келеді. Шошайған мылтықтары бар ма, қалай, дұрыстап қарап та үлгірген жоқ, әскер лесе, орыс десе, әбден запы боп қалған бейшара атын борбайлап қаша жөнеледі. Аналар бастырмалатып қуып келе жатқандай. Артқа бұрылуға мұрса қайда, атты үсті-үстіне қамшылап, тақым басқан сайын тасырлатып таяп қалғандай. Өне жетті, міне жеттімен зәре жоқ, гарс еткізіп қак желкеден атып түсірмесе не қылсын!

Түсте қашқаннан кешке дейін қашады. Қуғыншы не қуып жетпейді, не қалып қоймайды. Сонау Ақшиден, кемі отыз-қырық шақырымдағы Ойранға жеткенде, қара сүмек боп болдырған ат төбеден ұрғандай қалт тоқтайды. Ат тоқтасымен арттағы қуғыншының да дүбірі басылады. Қайрылып қараса, ешкім жоқ. Сөйтсе, тебінгісі тарсылдаған сайын біреу қуып келе жатыр деп қаша беріпті ғой. Бірақ оны өзі сезбейді. «Алла сақтасын, қара жердің қаттылығынан, сары аттың мықтылығынан әзер қашып құтылдым ғой!» депті аңғал жарықтық!»

– Сен өйтіп Жүніс атамды күлкі қылма! – деді Қыстаубай құйрығы түгіндеген шаланы оттың ортасына қарай итеріп. – Ол кісі әулие болған.

– Е, Қалқаманда әулие көп қой!

– Күлме, шын айтам.

«Ертеректе екі кісі бір құлынға таласып, ақыры келісе алмай атақты Садық бидің алдына жүгінуге барыпты. Дау қуып келген екі кседейдің екі биесі бір үйірде жайылады екен. Бірі – еркек, бірі ұрғашы құлын табады. Құлындар ене талғамай екі биені кезек-кезек тел сміп жүреді. Оған иелері мән бермейді. Кейін еркек құлын жорға боп шығып, дүние шіркін көздің құрты емес пе, ишай деспеген көршілер бет жыртысып, қызыл кеңірдек болысады. Бірі құлынды менікі десе, екіншісі жоқ, менікі, менің биемді еміп жүр деп бетбактырмайды. Екі жақтың уәжін тыңдаған би ата «бұған сен қазылық айт» деп, өзі шәкірт кып оң тізесінде ұстап жүрген Жүніске жүктейді дауды.

Жүніс сол кезде мұрты жана тебіндеген бозбала екен. Екі биені көзінше саудырады да екі ыдысқа бірдей ғып құйып, таразыға тартады. Таразының басы басқан жақтағы сүттің иесіне қарап:

– Құлын сенікі. Ұл туған әйелдің, еркек төл тапқан малдың сүті ауыр болады, – деп билік айтыпты.»

– Сен, Жәрке, босқа күпілдеме! – деді аталарының аруағын арқаланған Қыстаубай. – Батырмын, батырмын деп қуыс кеудең-

ді жұдырығыңмен құр дүңкілдетесің. Батыр болса, Жәркенің сегіз қарақшысы Қалқаманның жалғыз жаман кемпірінен қорқып қаша ма?

«Мынау тағы не бықсытқалы отыр?» дегендей Шәуәли сұраулы жүзбен сезіктене көз тастады.

«Ертеректе жалғыз үй Қалқаман қыстауда онаша отырыпты. Бас көтерер азамат, келін-кепшіктің бірі кіре тартып базарға, бірі көрші ауылға қыдырып кетіп, үй күзетіп жұдырықтай кемпір жалғыз қалады. Алакөленке ымырт. Ит үргенге терезеден сығалап қараса, Жәркенің сегіз ұрысы үйге қарай баспалап келе жатыр екен. Есікті дереу бекітіп, бос тұрған темір шелек, легенді босағаның түбіне төңкереді де қолына оқтау алып тұра қалады. Ұрылар әбден жақындап, есік сыртында тықыр естілгенде, даусын көтере созып:

– Әй, келін, сорпаң әбден бабында екен. Сапырып-сапырып Сарыбайға құй. Толтырып-толтырып төрде отырған төртеуге құй. Есіктегі екеуді де ұмытпа. Өзің де іш, маған да құй. Ұры – сегіз, біз – тоғыз, ал ұрыларды атайық! – деп оқтаумен шелек-легенді даңғырлатып қаға жөнелгенде, Жәркенің сужүрек ұрылары «Ойбай, мыналарда орыстың мылтығы бар екен!» деп тұра зытыпты.»

Көкесі есе жіберсін бе, өршеленіп Қалқаманның атам заманғысын қазбалайды.

«Ағайынды Қалқаман-Сүйіндік – момақан, аңқау ел. Баяғыда Қалқаманның бір аңғал шалы күндіз ай көрінгенге таң қалып, шошып кетіп айғай салыпты:

*– Қуандық-Сүйіндік!  
Бір төбеге жиылдық!  
Тал түсте ай көрген  
Қалқаманға бір сұмдық!  
Барың ақсарбас ата!  
Жоғың қозы – лақ сой,  
Оған да жүреді бата! –*

депті елді жиып.»

– Әй, Қалқаман, не көрсен де аңқаулықтан көресің ғой! – деді Шәуәли мұртын сипап.

– Е, не бопты?

– Баяғыда бір ауылың бір-ақ қырылып қалғанын білесің бе?

– Ашаршылықта ма? Бір емес талай ауыл жусаған шығар.

– Ашаршылық болса, бір жөн ғой, боқ басында қырылды емес пе?

– Қойшы-ей! – Қыстаубай алақан сыртымен аузын жауып, ұзақ есінеді. – Қайдағыны көйітпеші!

– Не қайдағы! Күйіктамдағы қырғынды айтам. Өзің де естіген шығарсың? Қаптаған ана көп бейіт содан қалған дейді ғой.

Қыстаубай қарадай үркіп, жан-жағына қарап алды. Сыбырлағандай тұншыға күбірледі:

– Құрысын, айтпа оны. Қызылдарға қарсы шығыпты ғой сор түртіп. Ат бермей қойған дей ме. Әйтеуір, әкеміз марқұм тығылып барып құран оқитын кейде...

– Атаңның басы, ат бермеуге арты қайсы Қалқаманның... Үлкендер айтатын. Біз ес білмейтін кез. Машинаның қазақ жеріне жаңа келіп жатқан таңсық уақыты. Қазақтар «шайтан арба», «көңке» дейді екен. Бір күні қызыл отряд Қалқаманның ауылының тұсына келгенде машиналары бұзылып тоқтап қалады. «Ойбай, ана шайтан арбаны кара! Жүріндер, көрейік!» деп дарылдаған бір ауыл аңқау Қалқаман тайлы-таяғы қалмай жүгіреді. Біреуі – атқа, түйесі бары түйеге міне сап қиқулап лап қояды. Шошып кеткен қызыл командир: «Мынау бунт – бүлік, жабайы киргиздар шабуыл жасады, атындар!» – деп пулемётпен жусатып салдырады. Сол жерде бала-шағасы бар, үш жүз Қалқаман қырылыпты!

– Солай ма еді? Әкеннің аузы... Бұлардың істемегені жоқ екен ғой! – деп Қыстаубай қолындағы көсеумен сөне бастаған қоламтаны салып қалып еді, күл аралас қызыл ұшқын лап етіп ауаға көтерілді...

Күрке аузында қалтыраған жұлдыздар жыпылықтай бастайды, жоқ, жыпылықтаған мұның кірпіктері. Оттың алауы жанарында бір жанып, бір өшіп, бағанадан бері көкірек түбін тәтті күлкімен қытықтаған дауыстар көз ұшына сіңіп бара жатқан қоңыраулы керуендей күмбір-күмбір алыстай береді...

Қос құрдастың бірін-бірі орай шалып қағытқан мұндай әңгімелері ертең де, одан арғы күні де айтылады, төр жайлауға жеткенше бітпейді.

Сол жазда бұлардың Қыстаубайды бір ажалдан алып қалғаны бар. Күн ыссы еді. Түс ауса да аптап қайтпаған. Сай қолтығындағы кең аңғар бық. Оқыра тиген сиырлар құйрығын шаншып ап жанын қоярға жер таппай, оңды-солды жосиды. Кейбірі тіпті көзі алайын күркеге кіріп кете жаздайды. Сәл қағу болса өріп тоқтамайтын қой жарықтық талдың саясы, сай-жыраның кеуегінде шоқ-шоқ боп үйездеп қозғалар емес.

Қыстаубай жана ғана кір-кожалақ шұлғауын керзі етіктің үстіне жайып қойып, бәшайларын жыбырлатқан шыбынды да сезбестен, аузы апандай аңқиып, күркенің көлеңкесінде қорылға басып жатқан. Ауаны боздата тартып, «уф» деп үрлеп қалғанда, езуінде тікірейген мұрттың ұшы желп ете түседі. Бұл шұлғаудың шуашынан қашып, жел жақты ала көлеңкенің екінші шетінде бишік саптап отырған. Кенет

Қыстаубайдың қорылы қалт тиылғанға жалт қарап еді, дәл аузында пышақтың ұшындай қап-қара бірдеңе шаншылып тұр. Бұл не деп, ұшып тұрып жақындаса, ирелендеп кіріп бара жатқан жыланның құйрығы! Зәресі зәр түбіне жетті. Айғайлайын десе дыбысы шығар емес.

Жүгіріп барып күрке ішінде ұйықтап жатқан көкесін жұлқылай жөнелген. Қыстаубайда ес-түс жоқ. Шалқалаған күйі аузы-басы қисайып, бір көзі бетінде, бір көзі шекесіне шығып алайып кетіпті!

Аяғы әндетіп, апалақтап сыртқа шыққан көкесі әдетіне басып, бірдеңе айтуға оқтала берді де, құрдасының түрін көріп, тілін тістей алды. Дереву арбаның көленкесінде шыбындап тұрған тор атты ерттеді де, мұны мінгізіп:

– Анау қаракшыны екі айналып кел! – деді көз ұшындағы геологтар мосысын нұсқап. – Тоқтамай шап! Бас қамшыны аямай!

Бұл атқа міне салып құйындай ұшты. Жайшылықта желістен артыққа барсаң, «жын қақты ма!» деп көзін алайтатын көкесі өзі «шап!» деп тұрған соң аясын ба! Көңіліне қиқулаған желік кіріп, қамшыны сауырға үсті-үстіне көме түсті. Құлағының түбінен жел тірілді. Сол екпінмен қаракшыны бір айналып шыққан. Бірақ шыжыған ыстықта тоқ ат ұзаққа шыдасын ба, екінші айналымда барлығып қалды. Желістің ар жақ-бер жағында тапырақтап келеді. Құлағының ұшына дейін қара сүмек.

Қостың жанына келіп жерге түскенде, торы ат – қара ат еді. Екі бүйірін көріктей қағып, ілгерінді-кейінді кетіп, бауырынан тер шүмектеді. Қос түбінде шалқасынан сұлаған Қыстаубай арсы-күрсі.

– Ішім мұздап барады! – деді дауысын үзіп-үзіп көзі алайып.

Көкесі темір қасық, темір күрешке ұстап дайын тұр екен, дереву терді қырып ыдысқа құя бастады. Күрешке шіпілдей толған кезде Қыстаубайды орнынан тұрғызып:

– Мә, іш, – деді. – Тірі қалғың келсе түгел іш.

Жан шіркіннің тәттісін-ай, зәмзәм ішкендей қылқылдата сімірді дейсің. Басы қалтақтап тәлтіректеген Қыстаубайды көкесі сүйемелдеп, күрке айналасында арлы-берлі жүргізді. Ағаш аяқпен шойнаңдап шаршап қалса, қостағы балалар кезек-кезек сүйемелдейді. Қыстаубайды әйтеуір тоқтатқан жоқ. Бір сағаттың ар жақ-бер жағындай уақыт өткенде Қыстаубай шыдай алмай локсып, жерге етпеттей кетті. Асқазаны қотарылып, езілген жылан іртік-іртік ақтарылып жатыр. Қарадай терге түскен көкесі маңдайын жеңімен сүртіп, тастың үстіне отыра кетті:

– Енді өлмейсің, қалғаны құйрығыңнан шығады! – деді қалтасынан махорка орайтын қағазын алып. – Тірі қалғанына ақсар-



біс атайтын болдың. Әй, сен сығыр, бірақ ертең тәубанды ұмытып кетесің бе, кім білсін.

Қыстаубай әлсіреп қалған денесін көтере алмай шөптің үстінде ныптактап жатыр. Езуінен сілекейі шұбатылып, кетік тісін ырсыта күлген болды.

Сол жылы жайлауда жылан қаптап кетті. Үлкендер биыл қыс қиғты болады десті. Жыландар түлеген кезде қысылып қырлы штың қуысынан өтеді екен. Құлаш-құлаш боп саудыраған қабықтары аяққа оратылады. Әйелдердің ескі капрон колготкасы сияқты. Кейде жалпақ тастардың үстінде сабаудай боп қақталып жатқан жыландарды көресің.

Әр Мұсаға — бір перғауын демекші, табиғат шебер кез-келген іршілік иесінің жан алғышын қоса жаратады ғой. Сол жазда кірпі де көбейді. Тықырсыз өрмелеп шығып, тас үстінде жатқан жыланды күйрегінен шап беріп тістеп, инесін тікірейткен күйі домаланып жата қалады. Жылан бұлқынып, екі-үш рет денесімен қайрылып соққаннан кейін мылжа-мылжасы шығып, сылқ ете түседі. Содан соң кірпі шалажансар ирелендеген жыланды саумалап тартқан арқандай, асықпай қылғыта береді.

Нағашысының ортаншы қызы — Сандуғаш жүрек жұтқан тасқайнат болатын. Жыланның кірпіден кейінгі жауы — сол. Жылан көрсе, екі көзі жайнап кетеді. Аша таяқпен желкесінен баса қояды да, тілін суырып ала ма, тісін қағып тастай ма — білмейсің. Білегіне орап, мойнына асып ойнап жүргені. Оны көрген бұлар зәре-имандары ұшып, сай-сайға тырым-тырақай кашатын.

Қыстаубайдың осы уақиғасынан кейін үрейленіп, ескі жұртта отыра алмады. Қоныс аударып, күркені қырқа үстіндегі жалпақ алаңқайға тіккен. Қылтанақсыз ақ шандақ. Судан жырақ, жел соқса ығы жоқ жалтаң болғанмен қауіпсіз. Сонда да жүректері дауаламай, күркенің іргесіне дөңгелете жылқының тезегін шашып, оның сыртынан қыларқанмен қоршап қояды. Жатқанда жылқының тері сіңген тоқым-ішпекті айналаға төсеп тастайды...

## ӘТЕШ

Шайдан соң Биназар «ерте-жарықта елімді табайын» деп кетіп қалған. Шәуәли ақсақал «қараңғыда қайда барасың, қона салсаңшы» деп қиылып еді, «мына байдың құжырасына сіз сыйсаңыз да шүкір!» деп ыржиған. Зухра ыдыс-аяқты жиыстырып болып, төсек салуға ішке кіріп кеткен. Сырттағы стол басында екеуі отыр. Тау жақтан

аңқылдаған желге ақсақал көйлегінің өңірін ашып, «Ой, рахат-ай!» деп қояды.

– Қыстаубай әкей аман-есен бе? – деді Бахтияр столды шын-тақтаған күйі темекінің түтінін әуелетіп. Күлкі жүгіріп өтті ме, әлде шамды шыр айналған шайтан көбелектің көлеңкесі ме – Шәуәлидің жалпақ беті жыбыр еткендей болды.

– Е, аман емегенде, оны қасқыр жейді деп пе едің! Ол ағанды қазір көрсең танымайсың. Аяғында мәсі, басында өзбектің ала допысы. Қолында таспих. – Ауылдың шаң көшесінде оншақты қой-ешкісін айдап бара жатқан Қыстаубайды осы қалпында елестетіп Бахтияр ішінен мырс етті. – Өкірген молла!

– Қалай, арақ ішуші еді ғой?

– Ішсе, бұрын ішкен шығар. Шошқаның салысын да жейтін. Адамның өзгеріп, тәубаға келгенінің өзі қайыр емес пе. «Хулқу-алла-а-һу!» деп мақамдатып дауысын созғанда, Қызжібектен әрмен сыңсиды. Өлім-жітімге шақыртқанда, «Волга», «Жигули» болмаса, «Москвичіне» отырмайды.

– Сонда ол кісі құранды қай уақта үйреніп жүр? – деді Бахтияр өмірі ас қайырып, бетін сипап көрмеген адамның аяқ астынан молла боп кеткеніне сенер-сенбесін білмей таңырқап.

– Не дегенмен атасы қажы емес пе. Бұрыннан төбесі тесік болу керек. Баяғыда совхоз берген көк күпәйкені басына бүркеп ап, босаға жақта күбірлеп жатушы еді. Сонда мына пәтшағар түсінде мал санап жатыр ма деп күлетінмін... Жай, замандас болған соң қалжындағаным ғой, – деді Шәуәли дауысы байсал тартып. – Ауылымыздан молла табылып, жақсы болды. Әйтпесе ит өлген жерден молла іздеп сабылушы едік. Ақырғы кезде тіпті жаназа оқуға кісі таппай, магнитофон қойып қоюға көштік емес пе. Жаны қысылып ахиреттік сапарға аттанғалы жатқан адамның басында тілін кәлимаға келтіретін біреудің болмағаны қандай қиын! Қыстаубай байқұстың моллалығы терең болмағанымен, тілі сынған, қирахаты түзу. Аз білсе де, Хақ жолына адал, кейбір дүмше сияқты, «соқыр тауыққа бәрі бидай ғой» деп, бетін сипап, бергенді қалтасына тоғыта бермейді. «Моллеке, ниет дұрыс болса болды ғой. Хатим бағыштап жіберіңіз» деп түйіншек тықпаласа, «қой, Алла сақтасын, қиямет күнінде күнә арқалар жайым жоқ, обал болады!» деп азар да безер болады.

– Бәрінен бұрын ол кісінің баяғыда жылан жұтып қойып тірі қалғанына таң қаламын! – деді Бахтияр ескіні еске түсіріп басын шайқай.

– Қасиетіңнен айналайын жылқы жарықтықтың тұрған бойы әптек қой. Мың бір дертке шипасы бар. Сол жолы жылқының терін

шпегенде, аған баяғыда сүйегі қурап, кара жердің астында құрт-күмырсқамен сырласып жатар еді. Жылкы жануардың тағы бір құдыретін айтайын. Әлгі біздің үйдің жоғары жағындағы қыли көз Нұрғалиды білесің ғой?

– Ол кісі қайтыс болды емес пе?

– Қайдағы қайтыс болған! Өзінен он жеті жас кіші кемпірін жалмап алып қакшаңдап жүр.

– Қалай?! Төртінші курста оқып жүргенде баласы екеуін Алматыда көргенмін. Саудырап қу сүйегі қалыпты, жаман ауыру болса керек. Токқа ұстап, химияға саламыз деген екен, денемді күйдірмеймін, Құдайдың бір бұйыртқаны болар деп көнбей қайтыпты. «Ұзай қоймас, үйге алып барам», деген баласы мұңайып.

– Бәріміз де түрін көріп біттіге санағанбыз. Бірақ Алла-тағаланың рахымы шексіз екен ғой! Бір күні Құдай айдап Сапа деген кісінің келе қалғаны. Көзі алайған сұсты шал. Бұрыннан тәуіптігі бар екен. Науқасқа қарап, «баяғыда осындай дертті бір адамның емдегенін көріп едім. Солай жасап көрсек қайтеді» дейді. Нұрғалидің баласы рұхсат еді. Мейман тер сінді ескі қамшы таптыртып алады да, ұшын спиртке шылап сәл жұмсартады. Содан соң науқастың кеңірегіне қамшының өрімін шым-шымдап кіргізіп, тірелген тұста қатты итеріп қалады да сағасына дейін бойлатып, ысып-ысып жібереді. Науқас сол жерде лақылдатып жарты леген кара қан құсады. Есін жиғанда бір шыныдай спирт ішкізіп, ұйықтатып тастайды. Сол жатқаннан бір тәулік тырп етпей ұйықтайды. Мейман: «ендігісі Аллаға аманат. Құшәла қосып қымыз бере беріндер» деп кетіп қалады. Қазір құлан таза шапқылап жүр. Жездеміз ғой, «кемпір әперейік» десек, «кемпірің не, аяқ лауға жасырақ бірдеңе тауып бер» деп қутың-қутың қағады.

Шәуәли аяғына протез жасатқалы келіпті. Зухрадан қымсынып, сәкке арқасын бере бір қырын отырып, тізеден жоғары кесілген оң аяғының тұқылын шолтаң еткізіп алдына өңгерді. Дәкені аямай-ақ ораған екен, құлаш-құлаш тарқатып, білегіне қайта орайды. Тұқылдың ұшы қып-қызыл, жып-жылтыр. Жас баланың енбегіндей орта тұсы талаурап бүлк-бүлк етеді. Алақанымен уқалап, ауырсына қабағын кіржитті:

– Соңғы кезде құрғыр сыр беріп жүр. Бұрын қайың-қарағайдан шауып алып, келісаптай ғып сүйреп жүре беруші едім. Енді ашып, солқылдап ауыратынды шығарды. Шүберекпен қанша орасам да ағаш кеспек қажап тастайтын болды, не пәле көрінгенін білмеймін!

– Қартайғанда не сән керек, өстіп жүре бермейсіз бе? – деді Бахтияр сзу тартып.

– Өзім де сөйтеіні деп ойлағам. Бірақ мына балдағы түскір үйренбегендікі ме қолтықты қызыл ала қан ғып шыдатпайды. Етім ауыр ғой. – Қызылшақа тұқылды сипалап: – Уһ, жаным-ай, – деді қабағын кіржитіп. – Күн бұзылайын деп тұр ма жарықтық, сырқырап тұрғаны.

– Қыздыратын дәрі бірдене жақпайсыз ба? – деді Бахтияр өбектеп. – Қазір үйде не бар екенін қарайын.

– Ештененің керегі жоқ, әуре болма. Үйреніскен ескі дос қой. Біраздан соң басылар... Осы Алматыда протез жасайтын завод бар дейді ғой. Биыл көктемде Құмашқа барғанда, өзім сияқты бір ақсақ орыстың ағашаяғын көріп қатты қызыққаным. Қуыршақтың аяғы сияқты, жеп-жеңіл, пластмассадан жасалған. Адамның таппайтын өнері жоқ қой, ішіне бұранда сап қойған ба, тізесі кәдімгідей бүгіледі. Бәтіңке кигізіп қойсаң, дәл аяғың секілді. Алматыға кеп жасатыпты. Өшірет көп дейді. Тек соғыс мүгедектерін кезексіз жібереді екен.

– Сізге жақсы болды ғой!

– Е, біздің кілтпанымыз көп қой, шырақ!.. Жарайды бірденесі болар, бәрі де тамағы тесік пәндә емес пе!..

Әңгімемен түннің бір уағына дейін отырған. Жерге жатқызғанды ұят көріп, мейманға төсекті кереуетке салған. Жиналмалы столдың сирақтарын алып, қабырғаға сүйеді, тоңазытқышты босағаға қарай жылжытты, екі орындық пен тағы біраз бөлек-салақты сенекке шығарды. Аядай төрді босатып, өздері сонда жайғасқан.

Көкесі басы жастыққа тиісімен қор ете түсті. Шала бауыздалған малдай қорқырап, үйді басына көтерді. Дәл іргеден дүрілдеп «КамАЗ» өтіп бара жатқандай, бұлар көпке дейін ұйықтай алмады. Қашан көзі ілініп кеткенін білген жоқ, бір уақытта «ку-ка-ре-ку!» деп шақырған дауыстан Бахтияр басын көтеріп алған. Ашық тұрған терезеден көршінің әтеші кіріп кетті ме деп ойлап еді, сөйтсе көкесі екен. Көйлегі ағарандап кереуеттің басына сүйеніп отыр.

– Не болды, көке, әтеш боп кеттің бе? – деді Бахтияр не күлерін, не кейірін білмей. Шәуәлі жауап берген жоқ, тағы да әтеш боп шақырды.

Қонақасыға тауық асып бердің деп қағытқаны ма қияңқы шалдың, әлде келген шаруасын ойлап тықыршып, таң атты, бұл не жатыс деген ишарасы ма екен?

– Асықпа, көке! – деді Бахтияр есіней керіліп. – Өріп кетеді дейтін малың жоқ. Мұндағы мекемелердің есігі сағат тоғызсыз ашылмайды.

Шайдан кейін көкесін таксиге отырғызып, әуелі университетке барған. Оқу мерзімі емес, жұмыс толас. Кіріп-шығып жатқан адам некен-саяқ. Айқара ашық тұрған есік-терезелерден жел гулеп, сырдың иісі кеңсірік тіледі. Лаборатория жақ қанатты сырлап, сылап жатқан студенттерге бас-көз боп жүрген. Деканатқа барып, рұхсат сұрап

шықты. Кірмей есік алдында қалған Шәуәли көкесі мойынын созып, маңдайшадағы ескерткіш-тақтаны оқып тұр екен.

– Е, Киров бейшара өлер алдында осында келіп кеткен екен ғой!

леді дауысы қоңырланып. – Талайдың басын жұтқан отыз алтыншы жылдан бері тұрған үй де мұны! Қайран Сәкеннің табаны талай тиді-ау осы жерге. Мен Алматыны алғаш көргенде СіКәң да, Үкіметің де осы үйде болатын. Айналасы ашық. Ол кезде Алматыда бұдан зәулім, бұдан сәулетті үй жоқ еді, енді қатардағы көп жаман үйдің бірі ғана скен. Шіркін, заман қалай өзгереді десеңші! Мына қарсыдағы патша сарайда бұрын Қонаев отырған дедің бе? Мен көргенде айналасы іт шаптырым ағаш қоршау еді. Атты кісі көрінбейтін биік тақтай. Соғыста тұтқынға түскен жапондар үй салып жатыр дейтін. Пай-пай, қандай керемет қып соққан десеңші!

### АРҒЫН МЕН АРМЯН

Протез заводын тез тауып алды. Бір орамның жартысын алып жатқан ұзын шұбақ төрт қабатты ғимарат. Қабырғалары қалың көк шыны. Станоктардың арылдап-гүрілдеген дыбысынан бүкіл үй селкілеп тұрғандай, мүгедек жандар мұнша көп деп кім ойлаған. Бүтін бір завод соларға «қол-аяқ» жасап үлгіре алмай жатыр. Кезек деген қырғын. Отан соғысы мүгедектерінің жеке кезегі бар екен, оның өзін де бір айдың ар жақ-бер жағында күту керек дейді. Көкесінің көзі алақандай болды. Быршыған жалпақ бетін жаялықтай орамалмен сүрткіштей береді.

Дес бергенде, үлкен бастық қазақ екен, одан кейінгі де қазақ, одан кейінгі де қазақ... Есіктері жағалай тұрған бір ауыл бастықтың бәрі қазақ! Шәуәлидің көңілі көтеріліп қалды. Құласаң нардан құла деп, бірден ең дөкейдің есігін тартқан – жабық. Одан кейінгісін тартқан – жабық. Одан кейінгісін тартқанда, сықырсыз ашылып, төрден шөмеле шаш әйел адам көрінді. Ақсұр өнді, қасының арасы жиырылған, тоң қабақ. Арқа тұсына Лениннің басы салынған қызыл қыжым байрақ ілініпті. Сәлеміне орысша жауап берді. Келген бұйымтайын айта бастап еді, тағы орысша тіл қатты.

– Ей, шырақ! – деді бөлме ортасында қос балдаққа етпеттей сүйенген Шәуәли. – Ти кәрейка што-ли? Пошему по-қазақски не гавәриш?

Анау орнынан ұшып түрегеле жаздады. Сұп-сұр жүзі лап қызарып:

– Қайдағы корейанка! Қазақпын! Қазақ болғанда анау-мынау жәй қазақ емес, арғынмын, арғынның ішінде қаржас, одан пәленше, түгенше... – деп тап-таза қазақ боп сайрай жөнелді.

– Ендеше неге қазақша сөйлемейсің?

– Бәрі бір емес пе! Шаруаңызды айтыңыз!

Бастықты қазақ қып алған соң, Шәуәли еркінсіп, столдың қасындағы дерментин креслоға күрп етіп отыра кетті:

– Шырағым, мен алыстан келдім. Қиналып келіп тұрмын... – деп арыз-арманын айта келе сөз аяғын ағайынгершілікке бұрған. – Қарағым, бір қазақтың баласымыз. Осындайда қол ұшын беріспесек, ағайыншылығымыз қайсы. Кезек деген құрғырды ай бойы күту керек екен. Жата беруге жағдайым жоқ қой. Бірдене ғып көмектесіп жібер, шырағым!..

– Ақсақал, не деп тұрсыз? – деді әйел түсін салып. – Қазақ причем бұл жерде! Заң бар емес пе! Тәртіп бәрімізге ортақ. Біреудің алдын ораймын дейсіз, ол да өзіңіз сияқты адам ғой! Бұдыте добры, ретімен кезекке тұрыңыз. Апта күтесіз бе, ай күтесіз бе, ол өз шаруаңыз. Мен ештеңе істей алмаймын! – Екі алақанын екі жаққа жайып, иығын қақты.

Шәуәли дәлізге ет жемесе де сорпа ішкендей боп шыққан. Өзі тершең кісі, ақ-қарасы белгісіз көлдей орамалымен бетін, мойынын сүртіп әлек.

– Бүйтіп арғын болғаны бар болсын!

– Көке, не дегенмен тазалық, әділдік жақсы ғой.

– Бұл әділдік емес, мұның аты – қайырымсыздық. Біраз жыл бұрын біздің елдің бір қаратаяғы Оңтүстікке барып исполком бастығы болады. Ол жақтың дәстүрі басқа, кең қолтық қазақ арасы ғой. Меймандос. Алаштың азаматы елімізге келді деп қызметтестері қонаққа шақырса, анау үдірейіп бармайтын көрінеді. Жағымпазданып жатыр, артында есебі бар деп ойлайды. Пенде болған соң біреулер қыңқылдап шаруа айтса, «әне, менің туған інім құрылыста қатардағы прораб, төрт жыл болды бала-шағасымен жатақханада тұрады. Соған мен осы күнге дейін не қызметке орналасуына, не үй алуына көмектескен емеспін. И көмектеспеймін де. Өз еңбегімен жетсін!» деп мақтанады. «Алла, туғанына қайыры жоқ бұл кімге жақсылық жасамақ!» деп аналар жағасын ұстайды. Сөйтіп жүргенде Москвадан бір дөкей келіп, қызметінен бір кінәрат тапса керек, жиналыста қатты шүйлігеді, ана бейшараның жүрегі нашар екен, талмасы ұстап, сол жерде жүріп кетіпті. Қатынбаласынан басқа қара жамылған ешкім жоқ. Қызметтегілер құтылғанына қуанады. Елдегі жақын-жұрағаттың да қабырғасы қайысқаны шамалы. «Е, өлсе – барсын! Төбесімен көк тіреп тұрғанда не жақсылық көріп едік!» дейді. Ал Жамбылдағы дәл сондай бір бастықты соттап еді, не болды? Ішіп қойды, жеп қойды деп газет біткен шуласа да, айналайын ел түп көтерілген жоқ па! Беделді ақсақалдар Москваға дейін барып

арызданып, ақыры босатып алды. Мейлі, ішсін, жесін. Бірақ өзін де, өзгені де жарылқады емес пе! Біреуге болсын деп жақсылық жасаса – сол әділдік қой! Осының орнында Шымкент не Қызылорданың қазағы болса, бұлай меселім қайтпас еді! Не жылы сөзімен риза қылып, не бармақ бастысын алса да, ісін тындырып берері кәміл. Кісіге жақсылық та жасамайтын, жамандық та жасамайтын әрі-сәрі бейбақ. Еккен орады, берген аладыны білмей ме екен! Осындайлар өздерінше ақ-адалмын деп шіренеді-ау. Өйткен адалдығы кімге дәрі! Ақпын, газамын дегенде, елдің бәрі адал боп тұрса екен-ау!

– Бәрібір біреу өзінен бастауы керек қой.

Көкесі жақтырмай ожырая қарады. Бірақ үндеген жоқ.

Ұзын дәліздің қос қапталы қатар тізілген есік: Бухгалтерия, өндіріс бөлімі, цех бастығы... Мына есікті ашса да – орыс, ана есікті ашса да орыс. Қазақтың түрі мынау, бұлардан не қайыр. «Япырай, енді қайттік?!» деді қария аңтарылып. Балдағы сықырлап, әр тепкішекке бір тоқтап, үшінші қабаттан түсе бастап еді, жоғары өрлеп келе жатқан бір орта жастағы, домаланған қара кісі жанынан өте бере бұған бас изеп амандасқандай болды. «Иман жүзді неткен жақсы адам!» деп қалды Шәуәли іші жылып.

Көйлегінің өңірінен кеуде жүні тікірейген, ат жақты, қонқак мұрын, армян-ау, сірә. Үстінде тізесіне түскен былғары фартук. Кір-кожалақ май. Осындағы цехтың бірінде істейтін болу керек. Бұлар ілініп-салынып бірінші қабатқа түскенде, әлгі кісі қайтадан қуып жетті. Тағы да күлімдей қарады. Қабақ астына тығылған қара көздері мейірін төгіп тұр. Жүрісін баяулатып, жөн сұрап тілдескісі келетін адамдай қарайлай берген.

– Слушай, брат! – деді Шәуәли бұрылып, – ты тута работаешь?

– Да, ақсақал.

– Што работаешь?

– Ой, ағай, я маленький человек, совсем маленький. Вот такой! – Етік бойындай жерге алақанын еңкейе созды. – Гвозди забиваю, шью... точаю... А что вы хотели?

Шәуәли шолтырайған аяғының тұқылын көзімен нұсқады:

– Мне нужна нога. Бог дал, шалабек забрал. Памаги, брат! Я тебе баран дам, хойт живой, хойт мортвий.

Құс тұмсық кісінің тереңге тығылған қара көздері лап ете түсті – қиядан түлкі шалған қыран сияқты. Жұтынып-жұтынып қойып, бірдеңе айтқысы келгендей, қипақтап Бахтиярға қарай берген.

– Это мой балашка! – деді Шәуәли. – Учитель КазГУ. Студенты ушит.

– А-а! – деді анау көңілі жайланып. – Только никому! – Сұқ сау-сағын тік ұстап, ерніне басты. – Идем-те.

Подвалға түсті. Мұнда да қаз-қатар бөлмелер. Ұзын дәліз ала-көбен. Әр жерде ызындап, кейбірі жыпылықтап тұрған неон түтікшелерден әлсіз бозамық жарық себезгілейді. Дәліздің бүйірі әппак боп ойылып есіктер алма-кезек ашылған сайын әлденені кесіп-қырнаған станоктардың дауысы дар-дар ете қалады. Мотор майы, желім, каучуктың ию-кию араласқан көңірсік иісі кеңсірік ашытады. Мұндағылардың бәрі – құс тұмсық, бұйра бас, тақыр бас жылтыр қаралар. Өз тілдерінде даңғырлап сөйлеп, дарылдай күліседі.

Тұйықтағы темір есікке маңдай тірей тоқтаған, жолбасшы бұларды сыртта қалдырып қойды да, өзі сып етіп ішке кіріп кетті. Обалы нешік, кіруінен шығуы тез болды.

– Извини, дорогой, начальнику лишний свидетель ни к чему. На улице подожди-ка, а? – деді Бахтиярға өтінген үнмен оң қолын кеудесіне басып.

Бахтияр аулаға шығып, үлкен үйеңкінің саясындағы арқалықты, ұзын ағаш орындыққа барып отырды. Ауада желпіген самал бар. Жапырақтың жердегі ала шұбар көленкесі жыбырлап қайнап жатыр. Айналасына еріне қарап, шалқалай есінеді. Әлденеше темекі тұтатты. Арасында қалғып та алды. Бір сағаттай күткен шығар.

Бір уақытта бүйірдегі үңірейген есіктен көкесі шығып келе жатты өңкиіп. Бойы бұрынғыдан биіктеп кеткендей, еңсесі тік. Қолтығында балдақ жоқ, кібіртіктеп жасқана басып келеді. Бахтияр орнынан лып көтеріліп, қарсы жүрді. Көкесі екі езуі екі құлағына жетіп, маз-мәйрам. Беті быршып терлеп, көздері күлмің-күлмің етеді. Қуанып, өректіп тұр.

– Өз қазағымнан көрмеген жақсылықты айдаладағы армяннан көрдім-ау! – деді жанары жасаурап. – Міне, қарашы, өз аяғым сияқты! – Оң жақ балағын көтерді. Пима голаш секілді алқымдата кара резина галош кигізілген сұрғылт пластмасса аяқ. – Жеп-жеңіл, тізесі де бүгіледі!

– Құтты болсын, көке! – деді Бахтияр да қуанып. – Осы аяғыңызбен нық басып, талай жолды тоздырыңыз!

– Айтқаның келсін!.. Әй, не дегенмен, армяндарың адам екен ғой! – деді көкесі ризашылық сезімінен әлі де арыла алмай. – Арғыныңның сиқы әлгі ме. Қоқырайып, «заң-маң» деп кергіп еді, мыналар жарты-ақ сағатта бәрін жасап бере салған жоқ па, ың-шыңын шығармай. Бір заводтың тұтқасын ұстап шіренген қазақ етікке шеге қағатын армян құрлы болмады ғой!

Бахтияр мырс етіп күлді:

– Армян екені рас болса, қалтаңызды қағып алған шығар?



– Ой, тәйірі! – деді көкесі қолын сілтеп. – Қасқыр да тартып кетер тышқақ тоқты емес пе! Бала-шағасының қызығын көрсін, айналайын... Бәрінен жыным келетінін айтсаңшы! Әлгі қатын «шығарып үлгіре алмай жатырмыз, кезекке тұрыңыз, ай күтесіз бе, жыл күтесіз бе - білмеймін!» деп жоқтан басқа сөз айтпай аузын құр шөппен сүртіп, дүниені тарылтып еді, ана қоймада протез дегенің үйіліп жатыр, жарты Қазақстанға жетердей! Сөйте тұрып, жоқ дейтіндерін қайтерсің!

– Олар білмейтін шығар?

– Білмесе несіне бастық боп қоқырайып отыр!.. Ой, Алла, не деген надандық десенші! – деді содан соң басын шайқап. – Баяғыдан бері неге өстіп салдырып алмадым? Өмір бойы келісаптай ғып дөңбек сүйретіп келіппін ғой! Міне, қарашы, қандай жеп-жеңіл. Құндағы жұмсақ, еш жерінді ауыртпайды... Пай-пай, каздиып үйге кіріп барғанда, кемпірім танымай қалатын болды-ау!

Екеуі жакын жердегі дүкенге кірді. Көкесі таңдап жүріп, шетелдік бәтенке сатып алды. Сықырлаған қоңыр бәтенкені киіп еді, қатып шыға келді. Жүргенде сәл жасқана басып, сылтығаны болмаса, бойы серейіп, сымдай тартылып тұр. Тек қадала қараған көзге ғана екі балағы екі түрлі. Бұрын қайырып, белге қыстырып жүретін оң балақ күн жеп оңа бастаған екінші балақтан гөрі сәл қоңырқай...

Күні бойы көкесі өзін-өзі қызықтап, тамсанумен болды. Қуанғаннан көзі жасаурап, ағаш аяғына қайта-қайта қараған сайын, Бахтияр да еріксіз өз аяғына қарап қояды. «Он екі мүшеннің саулығынан артық бақыт жоқ екенін сезінбеу қандай күпіршілік!» деп, тәубаға келген ішінен.

## СЕГІЗ ПЕРІШТЕ

Тауық жесе, тағы да әтеш боп шақыра ма деп қорқып, Зухра көк базардан үйткен бас әкеліп, мол ғып ет асқан екен. Екі-үш рюмканы төңкеріп тастап, қызара бөрткен мейман басты мүжіп отырып:

– Қойларың семіз, жемге көп ұстағансындар-ау, құйқасы жұқа екен! – деп қуланып қойды.

Даланың өзінде бой-бойы шығып терлеп, араққа қызып алған Шәуәли үйге кіргісі жоқ. «Алла-ай, мына құрқылтайдың ұясында ауа жоқ қой, қалай өкпелерің шыдайды? Тынысым тарылып, түнде ұйықтай алмадым!» деген соң, Бахтияр екеуіне сырттағы сәкіге төсек салған.

Төбелеріне төрт бұрышына жіп тағып одеял керіп қойды. Қанатын баяу желпіп тау жақтан самал есіп тұр. Айсыз маужыраған түн. Шұңғы-

ма көк аспанның тұңғиығында шымырлап қайнап, сансыз жұлдыз жыпылықтайды.

Шәуәли ағаш аяғын қайда қоярын білмей әлекке түсті. Оң жағына бір, сол жағына бір қояды. Басына жастанбақ боп бір оқталды да, оны жаман ырымға жорыды. «Өлгенде көрген аяғымды түнде ит алып кетіп жүрмесін! Аулаларың алаң-ашық екен» деп уайым жеген соң, Бахтияр мырс-мырс күліп, аяғын үйге кіргізіп қойған.

Көкесі бұл ес білгелі осылай шолақ аяқ. Бүкіл ауылдағы жалғыз ақсақ. Бала кезінде тайыншадан құлап мертігіп, не шөп машинасына түсіп майып болған емес. Отан соғысында, Могилев түбіндегі шайқаста айырылған. Аяғы өз алдында, денесінде сау тамтық жоқ. Сегіз жерден оқ тиген. Жанды жерінен тимеген соң аман қалған. «Ажалдан сегіз періште қақты, жарық дүниеге келмекші сегіз перзентім аман алып қалды! – дейді көкесі. – Әйтпесе, жалғыз-ақ оқ жарты елі тая тисе, шипам бітіп тұр емес пе!»

Бір қызығы, оқ тескен ескі шекпендей майданнан шұрқ-тесік денесін сүйретіп келсе де, ел сияқты төсінде самсаған орден-медалі жоқ. Бертінде Жеңістің жиырма бес-отыз жылдығына, Лениннің жүз жылдығына алған бір-екі сөлкебейі ғана бар. Ал он екі мүшесі бүтін, денесіне бір де оқ тимеген, тіпті соғыстың соңғы жылы ғана майданға іліккен кісілердің кеудесі орден-медальдан көрінбей жүретіні қалай?

Мұның оқушы кезінде Жеңіс күніне арналған кездесулерде, шақырмай ма әлде өзі қашқақтай ма, оның маңқайып төрде отырғанын бір көрген емес. Ылғи да елеусіз, үнемі төменшік. Соның сырын осы күнге дейін ұқпай-ақ келеді.

Шеккен қасыретін еске алғысы келмей ме, әлде кемтарлығымды несіне мақтан қыламын деп қорлана ма екен? Есесіне кездесуден қалмайтын Әлижан фронтовик, ұшын ғана оқ кертіп кеткен сұқ саусағын шошайтып: «Міне, біз майданда қолымыздан айрылдык, сендердің бақыттарың үшін қан төктік!» деп ежірендегенде, қарсы отырған баланың көзін шұқып ала жаздайтын.

– Көке, осы Сіздің майданда болғаныңыз рас па? – деді Бахтияр, бір жағын қалжынға бұрса да, көңіліндегі түйткілдің шетін шығарып.

– Ол не сөз? – Көйлегінің омырауын ашып тастап, екі қолын жастана шалқасынан жатқан Шәуәли ожыра қарады. – Соғысқа бармасам, мына аяқты қайда жоғалтты деп едің?

– Бала кезіңізде тайыншадан жығылдыңыз ба, қайдан білейік!

– Ой, шірік, сөзің бар болсын! – деді Шәуәли кеңк-кеңк күліп. – Тайыншаға мінітіндей кедей-кепшіктің баласы болғанымыз жоқ, Құдайға шүкір.

– Ендеше соғыста жарты денеңізді беріп келіп, бір орден алмағаныңыз қалай? Әлде барған бетте бір оқ атуға жарамай окоп түбінде бірден жайрап қалдыңыз ба?

– Япырай, жаман жиен, сен мені тықсыра бастадың-ау! – деді Шәуәли орнынан қозғалақтап. – Фашистке оқ та аттық, жекпегін де көрдік. Жылтыраған бармақтай темірін қимаса, менің кінәм емес!.. Е, шырақ, сүтке тиген күшіктей шетқакпаймен өмір шіркін өтті ғой өксіп. Әйтпесе қой бағып, қотан күзетеміз деп ойлап па едік!..

Дөңгелене тұңғыық тартқан көздерін жұлдыз жарығы шаңытқан бозғылт аспанға қадап, бір дем үнсіз қалды.

### ҚАРА БҰҚА – ҚЫЗЫЛ БҰҚА

Шәуәли әлі күнге дейін кейде түсінен өксіп оянады. Ондайда түсіне шұркыраған қаракөктің үйірі кіреді. Пай-пай, шіркін, жорғасына шапқан ат жете алмайтын өңшең сәйгүлік. Мүсін қандай: апай төс, қаз мойын, қашан көрсең бауырынан жарап ойнақтап тұрғаны. Кекілінен бастап құйрықтың ұшына дейін ұзын арқа көмірмен сызғандай қаражоллақ та, өзге жері тұтасқан шымқай көк. Бір кезде тарпаңның соңғы үйірі осы Сарытаудың қойнауында жүрген деседі. Тұрқы биік, қажырлы, құйрық-жалы, жонарқасы қаражоллақ, үйретуге көнбейтін тағы. Қол жылқысы жақындап кетсе қарсы шауып, шайнап тастайды екен. Тек кейде, өрістері қатарласып қалғанда тарпаңның айғыры күйлеп жүрген биелерді бөліп әкетіп, үйіріне қосып алатын болған. Ондайда жылқышылар аңдып жүріп, бие құлындаған сәтте жан-жақтан мылтық атып, үйірді үркітіп, аяқтанбаған құлынды қолға түсіріп алады екен. Мына қаракөк сондай құлыннан тараған тұқым болса керек.

Сейітқұлдың қаракөгінің даңқы дуанға ғана емес, бүкіл уәлаятка мәшһүр еді. Берісі – Семей, арысы – Омбыдан байлар келіп, алтынға бағалап, пароходпен әкететін. Әкесі қаракөктің екі үйірінен артық мал ұстамайтын. Сондықтан сырт көзге бай, бағлан деген дабырасы жоқ.

Сарытаудың теріскей бөктеріндегі жалпақ қара саз ата қонысы болатын. Азын-аулақ жылқының жаз – жайылымы, қысқы тебіні сол. Қасиетінен айналайын, жердің киелісі еді-ау! Қалың қой жайылып, тақырлап кетсе де, кешке тастаған құрығың таңертең көрінбей қалатын. Отты, шүйгін. Астында қайнаған арасан бар-ау тегі, сүйек қарыған сары аязда не жауған қар жатпайды, не мұз қатпайды, буланып, көгі тебіндеп, қап-қара боп жатқаны.

Жас баланың еңбегіндей былқылдаған саз. Бірақ ойылып, сорып әкететіндей ұйық емес. Басқан жерің теңселіп, толқынның үстінде келе жатқандай боласың. Жемін де, тұзын да сонда төгіп, қысы-жазы қайырмақтап қаракөктің үйірін саздан шығармай бағатын. Табаны жерге тигеннен шайқалақтап сазда өскен құлын жорға болмай қайтсін. Шетінен су жорға еді.

Жиырма сегіздегі кәмпескеде әкесі Сейітқұл алдындағы малының қарасы аз болса да, қорадан табылған бір қобди алтыны үшін ірі байдың қалпағын киіп, итжеккенге айдалған. Сол жақта жүріп, сүзектен қайтыс болды. Шәуәли ол кезде он екіде еді. Күйіс кетіп, күн көріс қиындаған соң екі бала мен шешесін Зайсандағы нағашысы көшіріп алған.

Көл жағалап кәсіп қылған ел екен. Әр үйде бір-бір ау, бір-бір қол қайық. Толқынмен алысып, қалт-құлт етіп, ертелі-кеш көл бетінде тентіреген халық. Ол кездегі өнердің үлкені – жан баққан ғой. Ауға түскен балықты күнделікті талшық етіп, артылғанын қаладан келетін саудагерлерге сатып, ұн-шайын айыратын.

Қырдағы қалың ел алдындағы малынан айрылып жұтап, жан-жаққа босқан ашаршылықта, Құдайға шүкір, қара шал жоқтықтың не екенін білгізген жоқ. Қайта аты ағайын талай босқынға пана болды. Қазан толы балықтың қара сорпасын қылдай бөліп ішіп, қалың адам қоржын тамның ішінде айқасып жататын.

Нағашысы жоққа жасымайтын, барға тасымайтын, салдырлаған ашық мінез, аңқаулау адам еді марқұм. Қалың ерін, орақ тұмсық, алқымына қақала біткен қауға сақал. Өмір бойы бүкшііп ау тартқандыкі ме, қолдары ұзын, мойнын ішіне алып сәл еңкейіп жүретін. Әлі күнге дейін ел аузында жүрген қызық қылықтары жеткілікті.

Ертеректе қазақтар баласы шетпе боп, не қой аурумен ауырғанда сынапты өлтіріп, сүтпен ішкізіп емдеген ғой. Қысты күні бірнеше балықшы мұз үстінде лоңқа қазып, сүзгі айналдырып жүреді. Көк қорапты күймемен қоңыраулатып өтіп бара жатқан орыс саудагерін қол бұлғап шақырады. Бір балықшының баласы шетпе боп ауырып жатыр екен.

– Аман – здрасти, сынап бар ма? – дейді.

Ары түсіндіреді, бері түсіндіреді – саудагер ұқпайды. Балықшылар енді қайттік дегендей, бір-біріне қарап антарылады. Жайбасар нағашысы асықпай мұртының мұзын қағып, балпаңдап жеткенше біраз уақыт өтеді.

– Үрпийіп неғып тұрсындар, жабылмайсындар ма!

– Сынап алайық десек, ұғындыра алмай тұрмыз!

– Е, тәйірі, сол да сөз боп па. Ей, тамыр, төдә-сөдә жылпылдық ес? – дейді екі алақанын онды-солды төңкеріп. Саудагер бірден гүсіне кетеді.

– Вот это что ли? – деп сынапты алып көрсетеді.

Сонда балықшылар:

– Пай-пай, біздің Мергенбай орыстың тілін ғана емес, көмейін де біледі-ау! – деп тамсанады. – Жылпылдағын қойшы, бар гәп «төдә-сөдә» боп тұр ғой!

Сөйтіп, балықшы ауыл көпке дейін сынаптың орысшасы «төдә-сөдә» екен деп жүріпті.

Орысша демекші, Мергенбайдың тағы бір қызығы бар. Ыңыршағы шығып кедейленіп, көл жағалаған балықшы жатақтардың арасына көшіп келген кезі болса керек. Балық аулауға суға батып кетем деп қалт-құлт еткен қайықтан қорқып, пристаньда жүк тасиды. Жұмысшының дені орыс. Ешкіммен дұрыстап араласа алмай іштей жасып, «әттен, тіл білмегеннің қорлығы-ай, орысша білмесең, кісі емес екенсің, гүра тұр бәлем, осыдан балаларымның бәрін орысша оқытқызбасам ба!» деп кіжінеді. Ол кезде тұңғыш ұлы – Хамза төрт-бес шамасында скен. Жарты күн көшеге шығып, балалармен ойнаған Хамза танауы делдіе үйге жүгіріп келіп әкесіне: «Ей, әптияумайт!» депті. Жұмысқан шаршап келіп қаракөлеңке жеркепенің бір бұрышында бүк түсіп жатқан Мергенбай:

–«Алла, мына бала орысша сөйлеп тұр ғой! Орысша сөйлеген нузыннан айналайын!» деп ұшып тұрып, баласын сүйіп-сүйіп алыпты. Қолпаштағанға есірген ерке бала мықынын таянып:

– «Башол!» дейді.

– «Ойбай, мына бала тіпті орысша судай ағып тұр ғой! Тіфа, тіфа, тіл-көзден сақта! – дейді не қуанарын, не қорқарын білмей сасқалақтап. – Апырай, бізге өзі тіл-көз үйір еді, сақтай гөр, Аллам, сақтай гөр! Қатын-ай, қазаныңды көтер, біздің Хамзажан зерек болайын деп тұр скен. Сыртқа бір шыққанда екі ауыз орысша үйреніп келді. Бес күнде орысшаның түбін түсірер әлі. Тышқан мұрынын қанатып, ырым жасайық. Үлкендердің батасын алайық!»

Жер ошақта от маздап, қазанның буына лезде ел жиналады. «Әтияумайтты» естіген «төбесі тесік» біреулер:

– «Ағасы-ау, бұл жаман сөз ғой, боқтау сөз!» деп күледі. Оған айыл жияр Мергенбай емес.

– «Боқтау болса да орыстың сөзі. Орысша үйренді деген осы, енді қор болмайды!» деп, соярға тышқақ лағы болмаса да, бір қазан сазан асып көрші-көлемге той жасапты.

Қара шалдың бауырында қарны бірде аш, бірде тоқ болғанымен мейіріне мелдектей жүріп ер жеткен. Орталау мектепті бітіріп, қалада екі жылдық мұғалімдер семинариясында оқыды. Елге келіп, мұғалім болды. Ол да бір дәурен еді-ау. Алғы күннен тек жақсылық күтіп, алып-ұшқан албырт көңіл. Сөйтіп жүргенде отыз жетінің қара дауылы ұйтқыды. Сұрапылдың шет-жағасы мұны да шарпыды. Шет-жағасы емес-ау, тұп-тура қара құйынның өзі шырқ үйіріп шыныраудың түбіне бір-ақ атқан.

Бөтен жер, байдың баласы деп түбін қазып көзге шұқыған ешкім жоқ. Жап-жақсы жұмыс істеп жүр еді. Қарадан-қарап шайтан шастырды.

Қуанышбай, Садыр дейтін екі жолдасы бар болатын. Екеуі де мұғалім. Садыр пәле іздеп, біреуге соқтығып жүретін содырлау жігіт еді. Сол кезде мектеп директоры боп басқа жақтан Қабылбай деген жігіт келе қалсын. Сұйқылтым, сарғыш шашын артына жылмитып тараған, тікен көз, суық қабақ. Елдің көбі өзін ә дегеннен жақтырмады. Бұл да, өз басына ештеңе істемесе де, шытынаған қара сұр жүзінен қарадай іш жиятын. Ал Садыр, «балалардың көзінше шылым тартпаңыз, дұрыс киініп жүріңіз» деген сияқты бір-екі ескерту жасағаннан кейін, мүйізін төсеп, онымен жауласып алды.

Бір күні Қуанышбай екеуін Садыр онашалап:

– «Сайдың тасындай Жәркенің үш жігіті отырып, айдаладан қаңғып келген жалғыз Сүйіндікке кеудемізді бастырып қоямыз ба? – деді күпілдеп. – Одан қай жеріміз кем? Үшеуіміздің біріміз неге директор болмаймыз? Құрту керек оны?»

– «Қайтіп?» – деді бұлар көздері бакырайып. «Со да сөз боп па?» дегендей Садыр сынар танаулап мырс етті.

Ол – күн сайын бір саяси ұран көтеріп, апта сайын бір науқан басталып жатқан алашапқын кезең ғой. Үкілеп жүрген марқасқа-бағланның бәрі «империализмнің құйыршықтары» боп шығып, тобымен топырлап ұсталып жатыр. Айнала анталаған жау, қой терісін жамылған қанды ауыз қасқыр. Ол сенің досың, туысың боп жүруі мүмкін. Қалың бұқараның қырағылығы, саяси белсенділігі қажет. Жауды әшкерелемегеннің өзі – жау. Дос қайсы, дұшпан қайсы – есеңгіреп, сендей соғылысып, жалпақ елді жаппай үрей жайлаған. Бірақ қазекен айыл жиған жоқ.

Жайшылықта бірінің астына бірі су жүгіртіп отыратын алакөз ағайын өш алудың тамаша ойынына білек сыбанып кірісіп кетті. Бұрын ашық майданға шығып қамшыласып, бас жарылып, көз шығып жатса, енді есеп айырысудың жолы оп-оңай. Талқанға өкпелесіп

қалса да «ә, бәлем, сені ме!» деп сыртынан домалақ арызды ытқыта салса – бітіп жатыр.

Ысқақ пен Жәми талай жылдан бері ірге ажыратпаған көрші еді. Аяқ-табағы аралас, сыйлас. Жұттан кейін колхоз түтін басы бір-бір ірі кара таратқанда, ұрғашы мал жетпей бұлардың еншісіне екі пайынша бұқа тиген. Піштіріп жібермек болып еді, ауылдың ортақ пабынына бұқа керек болған соң, тұқымы асыл деп жұрт тиіскізбеген.

Ысқақтың бұқасы кара, Жәмидікі қызыл. Екеуінің де мойыны күдіс, қанжар мүйіз, сүзеген. Анандайдан өкіріп, жер тарпып айқасады да жатады. Алғашқыда бірін-бірі дендеп ала алмай жүрді. Біресе бірі, біресе екіншісі жеңіп, итжығыс түсетін.

Кешке қарай мал қайтқанда жиналған жұрттың қызығы – екі бұқаның сүзіскенін тамашалау. Елдің көтермелеген қолпаш сөзі Ысқақ пен Жәми екеуінің әжептәуір бүйірін қыздырады. Дәл бір өздері ортаға шығып, күш сынасып жүргендей болады. Бірақ кеудесі салақтап, бауыры сымдай тартылған кара бұқа бірте-бірте бел алып, басымдық таныта бастаған. Шымның бетін түрен тартқандай тұяқтарымен тілгілеп біраз шайқасқаннан кейін бәрібір қызыл бұқаның пізесін бүктіріп, іреп қуып тастайды. Ышқына өкіріп, анда-санда тұра қалып, тұяғымен бұрқыратып жерді тарпып-тарпып жіберіп, пабынға қарай талтаң-талтаң басып бара жатқанын көрсең!

Қызыл бұқа жақындай алмай анандайда состиып тұрғаны. Ысқақ желпініп айналасына масайрай қарайды. Ондайда Жәми кәдімгідей аңшысы қуырылып қызараңдап қалатын. Сөйтіп екі бұқа сүзіскен сайын екі көршінің арасында әлдебір бәсеке, егес пайда болғандай еді. Бір күні бұқалар тағы сүзісті. Кара бұқа бірден күш алып, қызыл бұқаның төрт аяғын көк шөп бетімен тайғаната сырғытып итере жонелді. Артқы жақ су орған арық болатын. Сәл шегінсе құлар еді. Сол кезде шыдай алмаған Жәми орнынан елеурей ұшып тұрды:

– Атаңа нәлет, мына қарасан қайтеді-ей, өлтіре ме? – деп жүгіріп барды да кара бұқаны қолындағы шыбықпен тартып-тартып жіберді. Қорғалақтай берген жануарды көзіне қан толған қызыл бұқа кара саннан қаусата сүзіп омақастырған.

Сол-ақ екен Ысқақ атылып келіп, көршісінің алқымынан ала түсті:

– Мұның не, найсап!

Жұрт төбелеске жібермей ажыратып алған. Екеуі итжеместі жеп, ауыздарына келгенін айтысты. Сол күннен бастап екеуінің көкірегіне жаулықтың сұр жыланы сумандап кірген. Енді екеуінің бір-бірінің атарға оғы жоқ. Көрген жерде желкелерін беріп, теріс қарасады.

Сөйтіп жүргенде «қанды басың бері тарт» деп отыз жетінші жыл келді. Издегенге – сұраған, бірінің жағасынан бірі ұстаған күйі елден бұрын екеуі кетті...

Сол жылдары қырағылық танытып, сексен сигнал түсірген рекордменді де біледі. «Өттең, сол заман қайтып келсе ғой, талай сүмекті көзінен тізіп айдарар едім!» дейтін қызылкөз пәтшаһар...

Сөйтіп, үшеуі арыз жазуға кіріскен. Отыз сегізінші жылдың ақыры еді. Сәкен Сейфуллин тұтқындалып, «Сейфуллиншинаны» әшкерлеудің қызыл науқаны жүріп жатқан кез. Масқара! «Совет үкіметін өз қолымен орнатқан революционер ақын, революционың қызыл сұңқары» деп әспеттеген Сейфуллин дұшпан екен! Қазақстанды бөліп әкетіп, Жапонияға қоспақшы боп жүрген империализнің тыңшысы боп шықты. Әсем ән, сұлу жырымен даңқы аспандаған жігіттің перизаты Сәкенге ол кезде кім еліктемеді?

Қабылбай шалғысының ұшын жоғары шиырып Сәкенше мұрт қоятын. Столының үстінде Сәкеннің кітаптары жататын. Садыр соны тілге тиек еткенде, бұл:

– «Мұрт-сұрт дегеніміз томпақ болмай ма? Сәкеннің кітабын бәріміз де оқыдық емес пе?» деп қарсылық білдірген. Садыр:

– «Жауды жеңу үшін қандай әдіс қолдансаң да ешқандай айыбы жоқ деп Сталин жолдастың өзі айтқан. Сен не, Сталиннің өзіне қарсысың ба?» деп ежірейгенде, амалсыз көзі жыпылықтап төмен қараған.

Ақыры қырық шимайлап, үндеместің мекемесіне арыз жазған: «Біз – мектептің қарапайым мұғалімдеріміз. Іштен де, тыстан да жау анталаған қазіргідей қиын заманда барлық совет азаматы секілді бізді де Отанымыздың тағдыры қатты алаңдатады. Сондықтан барынша қырағылық танытып, арамыздағы жасырынып жүрген жауларды әшкерелесу – әрқайсымыздың қасиетті борышымыз.

Былтыр жазда біздің мектепке Қабылбай Амантаев деген жігіт директор боп келді. Басқа ауданның азаматы. Басқа жақтыкі болған соң оның ата-тегі кім, бай-шонжар, қожа-молланың тұқымы ма, анығын білмейміз. Білетініміз – жақында халық жауы боп тұтқындалған ауатком төрағасының жерлесі, соның қағып кеткен қара шегесі. Олай дейтініміз, былтыр қыста Амантаев бір күні тісін шұқып тұр екен, біз: «шіркін, директор болған жақсы ғой, ет жейді!» деп қалжындап едік, ол: «Жылқы жарықтықтың еті жемесең, түсіне кіреді, жесең тісіне кіреді деген осы. Ауатком төрағасы соғымға ту бие сойған екен, соның шекесіне шақырып!..» деді. Міне, осының өзі-ақ оның халық жауымен табақтас, жемтіктес, ым-жымы бір екенін білдірмей ме? Аманжолов әу бастан-ақ өзінің жат пиғылын танытып келеді. Халық жауы Сәкен Сейфуллинге ұқсатып мұрт қояды. Советтік мейрамдарда сары уайым-



п салынып, оның «Тау ішінде» деген әнін айтады ылғи. Биыл Бірінші майға арналған концертте Бекетова деген үшінші сынып оқушысына Сейфуллиннің «Аққудың айрылуы» деген шірік, жылауық шығармасын оқытқызды. Бекетованың әкесі Бекет емес, Боқкөт деген бай, айтуға үят деп өзгертіп алған. Жасы он алтыда, күйеуден қайтқан келіншек. Алып қашқан жігітін кедей деп, әкесі ажыратып алған. Бұрынғы бай күні, болмаса ажырасқан байы есіне түсті ме, пәтшағар сахнада айтып тұрған сөзінің әсеріне беріліп жылап жіберіп, оған тыңдаған ел қосылып маскара болған. Бұл аз десеңіз, Аманжоловтың Сейфуллинмен тікелей байланысы бар екенін де көзімізбен көрдік. Жексенбі сайын ылғи жоқ боп кететін. Не істейді деп аңдысақ, бұл қырқаның астындағы өзенге барады екен. Арғы жағынан ақ боз атпен ойнақтатып Сейфуллин келеді. Екеуі ұзақ сөйлеседі. Не деп сөйлесетінін білмедік. Міне, осындай халық жауының құйыршығы, жат элемент қашанғы арамызда гайрандап жүре бермек?..» Осы тақылеттес қос бет шатпаққа үш жерден сойдақтатып қол қойып, НКВД-нің аудандық бөлімшесіне жонелткен. Екінші күні Қабылбай жұмысқа шыққан жоқ. Мектептегілер үрпиісіп, бір-бірімен сыбырласады: Түнде, ел жатқанда «үндемес» алып кетіпті. Бұлардың қалпағы алшысынан. Аяқтарын талтаң-талтаң басады. Апта өтті, ай өтті. Осы кеткені кеткен шығар. Осы ой көңілге бекіген сайын «директор қайсымыз боламыз?» деп, іштей енді бір-біріне алакөздене бастаған.

### ҮШ ТОТЫ

Бір күні үшеуін аудан орталығына шақырды. Бұрын НКВД-ның бетін көрген кім бар. Хұрым етік, хұрым бешпент киіп, беліне салпандатып тапанша таққан ылғи бір суық жүзді, сұрқай қабақ. Көк қақпалы, терезелері торланған енселі үйдің табалдырығын аттаған сәтте, басқаларды кім білсін, Шәуәлидің жүрегі зырқ ете түсті. Тар дәліздің екі жағы қаз-қатар қаптама есік. Әлде бір жерден шыңғырған дауыс шығады. Үшеуі үрейленіп, еріксіз бір-біріне қарасқан.

Есік аузындағы білегіне қызыл шүберек таққан кезекші қағаздарына қарап, шеткі бөлмеге ертіп әкелді. Төрде мойны қылқиған бір еркек отыр. Столдың үсті текше-текше қағаз. Аузындағы будақтаған темекінің түтінінен бұлдырап, бет-жүзі анық көрінбейді. Бұлар іргедегі жайдақ тақтай орындыққа жайғасты. Кірген бетте босағадан озбай сымдай тартылып тұра қалған кезекшіге иек қақты:

– Аманжоловты алып кел!

Бұларды куәға шақыртыпты. «Мұндай шатпырақты есі дұрыс адам жазуы мүмкін емес. Олар жазды дегенге сенбеймін. Беттестіріндер!» деп айыпкер қылмысын мойындамай, қасарысып отырған көрінеді.

«Е, несі бар, бетіне-ақ айтамыз!» деді бұлар іштей бекініп. Ауыз жиғанша болмай, айдауыл Қабылбайды алып келді. Бұрынғы Қабылбай емес. Екі иығы салбырап, сүмірейіп қалыпты. Тесірейген өлі көзбен бұларды немқұрайлы шолып өтті. Бірақ өзіне түрме жаққан ба, екі беті шарық табақтай боп семіріп алыпты. Көздері сығырайып әрең көрінеді. Жо-жок, көлкілдеген ісік екен. Шәуәли дәті шыдамай бүгежектеп, аяғының астына қарады.

– Ал сөйлендер! – деді тергеуші түтіндеген темекісінің тұқылын бұтының арасынан жерге тастай салды да табанымен үйкелеп. – Арызда жазылған мәліметтерді растайсыңдар ма, жоқ па – көзбе-көз айтыңдар!

Үш тоты сайрай жөнелді. Шағымда жазғандарын жаттап алған, сөзбе-сөз қайталап жатыр. Ақырғы сөйлеген Шәуәли еді. Ұялғаны ма, қорыққаны ма – қара терге түсіп, күмілжіп:

– ...Арызымызда ешқандай жалғандық жоқ... Жапонның шпионы Сейфуллин ақбоз атпен өзеннің арғы жағына келеді, бұл бергі жағына барады. Екеуі ұзақ сөйлеседі... – дей бергенде, бағанадан бері жүзі сұп-сұр боп терезеге қарап мелшиіп тұрған Қабылбай қарқылдап күліп жібергені. Токтамай ұзақ күлді.

Бұл кәміл жынданып кетті деп ойлады. Әйтпесе ажалдың табалдырығында тұрған адам күле ме? «Беті-аузындағы көлкілдеген ісік тегін емес, ұрып-соққанда басына зақым келген-ау шамасы!» Қабылбай қалай оқыс күлсе, солай тез тиылып, жүзіне сұс жиып алды. Бітііп әрең ашылған көзінің қиығынан қанжар жүзіндей бір өткір ұшқын жарқ етті.

– Иә, бәрі рас! – деді шынылтыр қатқыл үнмен. – Мына жігіттер шындықты айтып тұр. Сейфуллин ақбоз атпен апта сайын Жапонияға барып қайтып келе жатқанда ылғи осы жаққа соғатын. Екеуміз өзеннің жағасында кездесіп тұрдық.

Тергеушінің қағаз бетімен қайқандай жортқан қаламы сәл қаңтарылып:

– Не туралы сөйлестіңдер? – деді.

– Қазақстанды бөліп әкетіп, Жапонияға қоспақ болдық. Саяси ұйым құрдық.

– Саяси ұйым? Міне, керемет! – Тергеуші ұшатын қарғадай екі иығын қомдап, құнжындап кетті. – Құрамында қанша адам бар және кімдер?

– Осы тұрған төртеуіміз. Мына үш жігіттің әрқайсысы он-оннан мүше тартуға уәде берген.

– Оһо-о, нағыз диверсиялық ұя деген осы! Айдауыл, кезекшілерді шақыр, мыналарды тұтқындасын!

Бұлар төбелерінен жай түскендей жайрап қалды. Ес-түс жоқ, өз құлақтарына өздері сенер емес. Орындарынан ұшып тұрып еді, аяқтары киіз байпаққа айналғандай қиралаңдап, қайтадан орындыққа отыра кетті. Сол арада бір топ жігіт кіріп келіп, қолдарын артқа қайырып, кісендеп тастады.

Қапелімде ештеңені ұқпай есеңгіреп қалды ма, әлде сұмдықтың сүрқия елесі санасына жетіп үлгірмеді ме, Шәуәли сыртқа сыр білдірген жоқ. Сырты дүрдиген дүр көрінгенмен Садырдың іші кеуек екен. Араларындағы осалы сол боп шықты. Қолына кісен салғанда:

– Өтірік! Жала! – деп өкіріп, еденге құлап түсті.

Төртеуін төрт жаққа қамады. Қайтып кездескен жоқ. Сот үкімі шығып, этаппен айдарда достарын аула ішінде соңғы рет көрген. Әбден жүдепті. Аяқтарын әрең басады. Әсіресе Садыр мүлдем шөгіп, жүнжіп кетіпті. Машинаға демеп эзер шығарды. Ауызда тіс жоқ, қабағы жарылған. Бет-аузы көлкілдеген ісік. Шәуәлидің өзінің де оңып тұрғаны шамалы. Бұл бейшаралар да сол өткелектен өткен ғой.

Жеке қамаған түні-ақ тергеу басталған. «Диверсиялық ұйымға ғартпақ болған он кісінді айт. Аттары кім? Он дұшпанды әшкерелесең, он жылыңды кемітеміз. Әйтпесе атыласың!» «Құрысын, – деді бұл шегтей түйіліп. – Осы бокқа батқаным да жетеді. Қиянатпен тағы да жазықсыз біреуді шырылдатқанша, атса атылып-ақ кетейін!» Ұрды, тепкіледі... бәріне де шыдайды екенсің. Ең сұмдығы – «Айт кәне, әйтпесе аузыңды басып, артына ән салдырамыз!» деп, малақайынды бетіне жауып жіберіп, зіңгіттей екі жігіт үстіңе міне түсіп тұншықтырғанда, шыбын жаның шырқырайды-ау! Ышқынғанда алды-артыңнан кетіп, талып қаласың! Есіңді жиғызып алып, тағы тергейді. Тағы тұншықтырады. Бәрібір бетінен қайтпай қасарысып тұрып алған. Тезірек өлсем екен деген.

Ақыры соттады. Атқан жоқ. Сейфуллиннің құйыршығын әшкерелеуде саналылық танытты деп жеңілдік жасап, жиырма жылға кескен.

## ТІРЛІГЕН ӨЛІК

Бет жалаған қызыл шұнақ аяз. Отарбамен күн жүрді, түн жүрді. Аптаға таяды. Ұзаған сайын қар қалындап, қарауытқан ұшы-қиырсыз орманның қойнына сұғына берді. Бір уақытта жалтаң далаға шықты. Жер де, аспан да ақшағырмақ. Күні қайсы, түні қайсы айырып болғысыз. Тұмшалаған бұлыңғыр тұман. Үлкендердің «Итжеккен», «Тескен тауы» осы екен.

Жүктерін бұғы, ит жеккен шаналарға артып, жаяу-жалпы ұбап-шұбап тағы да ұзақ жүрді. Ілесе алмай әбден діңкелеп, құлай кететіндер қаншама. Шана үстінде тонға оранған айдауылдар меніреу даланы қаңк еткізіп, оларды сол жерде-ақ ата салады.

Өлдім-талдым дегенде үлкен бір тау аңғарына жеткен. Дөңгеленген қазан шұңқыр. Айналасын арса-арса тау жоталары қоршаған. Тұманмен араласқан кара түтін аңғардың аузы-мұрнынан шыға көлкіп лықып тұр. Тұтқындар лагері осында екен. Шыр айналдыра арасы бес кадамнан қос қатар тікенек сым тартылған. Ортасында бос жіберілген апайтөс, шұнақ құлақ, қабаған иттер жүреді. Бұрыш-бұрыштағы биік мұнарада қарулы күзет.

Тауды үнгіп кен қазды. Аяғында сылдырлаған шынжыр, желкенде абалаған ит. Айдап әкеліп, сатымен терең зынданға түсіреді. Жердің асты бір қала. Топ-топ боп қуыстарды аралап кетесін. Төбені әр жерден тесіп, мұржа орнатқан. Гуілдетіп іштегі ауаны сорып тұр. Сонда да өкпең қысылып, улы газдан бас айналады. Өлеусіреген май шамның жарығында қабырғалардағы қорғасын түйіршіктері жылтырайды. Күніне әр бригада пәленше текше метр жер қазуы керек. Кеуек жүлгеге тап болсаң – жақсы, ал сірескен көк тас кездесе – сорың. Бірі – аузын шүберекпен таңып алып, мелшиген құж қабырғаға қайланы құлаштап қарш-қарш сілтейді. Екіншісі – құлаған жынысты қоларбаға салып, не зембілмен екеулеп үнгір аузындағы алаңға үйеді. Жұмыс аяғында әр бригаданың үйіндісі өлшенеді – норма орындамасаң, бүкіл бригадаға жаза. Ашынып, сіңіріне ілінген жандар кімді аяғандай. Ондай кезде еріксіз өз араларындағы ауру-сырқау, әлсіздерге деген өшпенділік қоздайды. Өлсе тезірек өмірем қапса екен, нормамыз азаятын деп іштей мысық тілеу боп жүреді.

Ауыр еңбек, аяз бен аштық, түрлі індет онсыз да шетінен жалмап жатыр. Күнделікті ерітіп ішетін қар суындағы тұз бен йодтың жетіспеуінен талайлар қарақұлық боп ауырып, тістері саудырап түсіп қалды. Құдай ондағанда, темір істікке жарылып өлген бір итті күзетшілердің рахымы түсіп рұхсат етуімен асып жеп, бұлардың бригадасы өзiрге аман жүр.

Күн сайын бес-он өлікті аяғынан сүйреп, казармадан шығарады. Апарып шпал сияқты сөре-сөре айқастырып үйіп қояды. Тайганың қарға-құзғыны, қасқыр-қарсағы үшін қан базар болды. Тұмсықтысы шоқып жеп, тістісі опырып жеп қарық. Одан қалған жұлма-жұлма өлікті әр бригада жұмыстан кейін кезектесіп, комбинаттың пешіне апарып жағады. Тамаша отын. Майы ағып дүрілдеп жанады. Төрт кісі төрт жағынан ырғап тұрып пештің қып-қызыл өнешіне атып жібересің. От шарпып, сіңірі тартыла бастағанда, өлік бет-аузы ырсиып ұшып тұрғандай болады. Әуелгіде бұл тіріліп кеткен екен деп зәресі ұшып қаша жөнелген.

Өлікті отқа лақтырғанда, әуелі сақал-шашы лап ете түседі. Үйтілген құйқаның иісі мұңқ етіп танауға ұрады. Сондайда бұл арсыз нәпсіні қойсаңшы, басқаларды қайдам, өзегі талып аштан бұратылған Шәуәлидің есіне баяғы берекелі елдің булы қазанында былбырап нисетін бас-сирақ түсіп, еріксіз сілекейін жұтатыны бар.

Бір күні Шәуәлидің бригадасы өлік жағуға барды. Қараңғы түн, шатынаған аяз. Сөреленіп жиналған екі үйінді өлікті өртеулері керек. Қызара маздаған пеш аузынан біраз аумақ қалтырап жарық боп тұр. От алдында қорбандаған адамдардың көлеңкесі сырғауылдай серең-серең етеді. Қызыл шоктың көмейіне кезекті мәйіт топ ете түсіп, кара түтін кері шалқығанда, айналадағы дөңгеленген жарық қанатын қағып-қағып қалады. Аяздан бүрсендеп бәрі отқа қарай үймелейді. Шығжырылған майдың қоңырсық иісі қолқа атады. Бірақ оған қарап жатқан бұлар жоқ, есі-дерттері – тек жылыну. Бір ыстық, бір суықтан ылғалданып, мақта күпәйкеден жіпшеленіп бу ширатылады ауаға. Алдың шымырлап ысып рахаттанғаныңмен, арқаң мұздай, көк аяз одан сайын қауып сірестіре түседі. Амалсыз теріс айналып, сыртыңды отқа бересің.

Өліктерді сүйреп әкеп, оттың қасына жақындатып қойған. Жалын бәсеңдей бергенде ұзын темір көсеумен арлы-берлі көсеп, пештің көмейіне екі-үшеуін қосарлап лақтырады. Бір-бір мәйітке құйрық басып, шайдың самасынан ораған добалдай темекілерін бұрқырата тартып отырған. Суық қармаған денелері шымырлай маужырап, ара-арасында қалғып-қалғып кетеді. Кенет астындағы өлік бүлк етіп қозғалғандай болды. Тоң боп қатқан дене оттың қызуынан жіпсіген шығар деп, тайғанақтаған құйрығын көтеріп, қайтадан жайғасқан. Жоқ, құйрығының асты дүмпіп, тағы да қозғалғандай болды. Оған сенер-сенбесін білмей отырғанда әлсіз ыңырсыды. Ап-анық дыбыс. Бұл зәресі ұшып есеңгіреп қалды. Тұрайын десе, аяқ-қолында жан жоқ; айғайлайын десе үні шықпайды. Сөйтіп, ес-түссіз меңірейіп отырғанда, жігіттер отты көсеп, өліктерді пешке лақтыра бастады. Ұйықтап отыр десе

керек, мұны итеріп жіберіп, астындағы мәйітті төрт кісі төрт жағынан көтере берген. Бұл мақау адамдай аузы қисандап, қолы ербендеп орнынан ұмтылам дегенше, аналар бір-ақ ырғап, лаулаған жалынға атты да жіберді. Шар еткен ащы шыңғырық қара түнді қақ айырды. От басындағылар үрейленіп, бір-біріне қараған.

– Қап, тірі екен ғой! – деді шүңіт көз қара кісі.

– Бәрібір адам болмайды, – деді қауға сақал. – Бүгін болмаса, ертең өледі. Қайта жанын қинамай баратын жеріне тезірек барғаны жақсы!..

Осы бір жан түршіктірер елес көпке дейін мұның көз алдынан кетпей жүрді. Оттың арасынан ұшып тұрып, үсті-басы лаулаған әлдекім бұған қарсы ұмтылып келе жатқандай, талай рет түсінен шошып оянған.

## АЙҚАС

Шықпа, жаным, шықпамен екі жыл өтті. Үшінші жыл орталағанда «Германия елімізге соғыс ашыпты» деген хабар дүңк ете түсті. Лагердегілер елендеп қалғанмен онша дүрліккен жоқ. Бұдан бұрын финдер де шабуыл жасаған. Бірақ одан не шықты, аз уақыттың ішінде орыстар үні өшіре салған жоқ па. Бұларды да сөйтеді деп ойлаған.

Дүние тарихында орысты соғысып жеңген кім бар? Швед, француз, түрік, жапон, мына шабуыл жасап отырған немістің өзінің де тұмсығы талай рет тасқа тиген. Көзілдірікті оқымыстылардың оңаша күбір-сыбырынан шала-шарпы ұққаны осылай. Әйтсе де немістердің бұл жолғы қарқыны алапат көрінеді. Шекара бойындағы әскери самолёттер бір түннің ішінде түгелге жуық жойылған: аэродромдардан ұша алмай бомбаның астында қалыпты. Батыс Украина, Батыс Беларусь... бүкіл батыс шекара жау қолында. Совет әскері бір қаладан соң бір қаланы тастап, кескілескен ұрыспен шегініп келеді. Үрей билеген жұрт мал-жанын тастап, беті ауған жаққа безуде. Керчь, Севастополь, Одесса... алынды. Ленинград қоршауда. Жау Москваға таяп қалды... Осындай хабар дүңк-дүңк жеткен сайын бұлар қуана түседі. Сыртқа білдірмейді әлбетте. Жүрек түбінде бір әлсіз үміт жылтырайтын.

Әйткенмен екі-үш айдан соң немістердің екпіні бәсең тартқандай. Қызыл Армия табан тіреп соғысып, жауға тойтарыс беріп, кейбір тұста шабуылға шыға бастады. Тұтқындардың қабағы қайтадан салбырады. «Е, жарты жаһанды жайлаған империяға алақандай Германия не істеуші еді. Кәнденнің пілге үргеніндей емес пе!» десті күңкілдеп. Әйтсе де лагерь басшыларында бір тықыр таянғандық бар. Жас офицер-

лер мен солдаттар кетіп жатыр. Күзетшілердің саны азайып, ересек, егде тартқандар қалды. Бұрынғыдай емес, тәртіп бәсең. Үлкен жау шыққан соң кіші жау – бұлар ойыншық боп қалған сияқты.

Тұтқын арасында сыбыр-күбір көп: Сталиннің жаны мұрынының ұшында, әр халыққа өз аруақ, құдайларына сыйынындар деп рұхсат беріпті. Ескіде ел қорғаған баһадүр-батырлардың ерлігін газет-радио арқылы насихаттап, бұқараның рухын оятып жатқан көрінеді. Майданға кісі жетіспегендіктен, тегі кедей, білместікпен қылмысқа ұрынған кейбір тұтқындарды алдыңғы шепке алу жөнінде жарлық бар десті...

Осы үмітті малданып, лагерьдегілер ал дүрліксін. Жапа-тармағай Бас қолбасшы Сталин жолдастың өзіне арыз жазды майданға сұранып. Өтініш-арыз жазудың не бір шебері бар. Шәуәли де бұршақ көжесі мен қара нанын алдына тосып, бір еврей шалына өтініш жаздыртып алған. «Түбім кедей, жұмысшы-шаруа табынан шыққанмын. Совет үкіметі теңдік әперіп, бақытқа жеткізіп еді, бірақ надандықтың салдарынан халық жауларының арбауына түсіп, шалыс бастым. Қылмысыма қарай Совет үкіметі әділ жазасын берді. Лагерьде болған үш жыл ішінде кінәмді толық мойындадым. Еңбекпен тәрбиеленіп, саяси сауатым ашылды. Неміс фашистерінің опасыздық шабуылы менің де жүрегімді қайнатып, өшпендігілімді оятты. Сондықтан майдан даласында жаумен шайқасып, Отан алдындағы кінәмді канмен жуғым келеді», – деді.

Ай аралатпай жауап келді. Тілектері орындалған алғашқы жүз елу адамның ішіне Шәуәли де ілініпті. Жан-жағынан ит арсылдап тікен сымның арасынан соңғы рет өтіп бара жатқанда, ғайыптың күшімен аждаһаның аузынан шығып бара жатқандай сезінген...

Читада екі күн дамылдады. Қабағы салбыраған қара түтін қала скен. Топ-топ боп сап түзеп сапырылысқан әскер. Поездар аузы-мұрнынан шығып, эшалон-эшалон ағылып жатыр. Сонда да азаймайды. Бұларды келген бетте төрт-бестен бөліп, әскерге алынғандардың арасына қосып жіберді. Әуелде өздерін жеке апарып, қасапқа бір-ақ салар деп ойлаған. Бұлары сенім білдіргендігі ме, болмаса басқа себебі бар ма, кім білсін. Мейлі, қалай болғанда да жақсылық. Елмен бірге киім берді, үстіртін болса да мылтық ату, окоп қазу, тағы басқа әскери машықтарды үйреткен. Үшінші күні елең-алаңда майданға аттанды.

Жүк таситын бітеу вагонның іші иін тірескен адам. Аяқ созар орын жоқ, оны-мұны салған кенеп қапшығынды астыңа қойып отырғаныңның өзіне тәуба дейсің. Қапырық, борсыған сасық иіс қолқа қабады. Кіші дәретті ашық тұрған есіктен түрегеп тұрып шаптырасың. Ал ұлы дәреттің орыны – едендегі шелек аузындай тесік. Өзіңнің де барар

жерің сол болса да, оған қонжыған адамға әкенді өлтіргендей қарап, амалсыз теріс айналасың. Қамау тері алынбаған бұла, еркін өмірден келген жас жігіттер қатты қиналды. Есіктің көзіне, сығырайған терезенің саңылауына таласып өліп қала жаздайды. Шәуәли мұндай азаптың талай көкесін көрген. Миземейді. Еркіндікке шықтым деген сезімге әлі мас. Арқасын қабырғаға сүйеп қойып, қылжиып ұйықтай береді.

Бірнеше күн жүргеннен кейін, білетіндер Москва бір бүйір қалды, Украинаға кетіп барамыз десті. Поездың жүрісі кібіртік. Сағаттап, кейде күн бойы тұрады. Жолды жау самолеттері бомбылап кеткен. Рельсті жөндегенше қаңтарылып тұрғаны. Бір жақсысы, кейде командирлер жерге түсуге рұхсат етеді. Ондайда азаптан әбден бұрлыққан бейшаралар ештеңеге қарамастан жусаған қойдай жерге жатажата кетеді.

Түнде поезд шам жақпай жүреді. Бұларға да сіреңке шағуға, темекі шегуге рұхсат жоқ.

Ойдым-ойдым орман, толқыған дөңесті дала. Қара күз болса да жер реңі қайтпаған шымқай көк. Жолдың екі жағында селолар ұшырасады анда-санда. Бәрі бір ыңғай, қамыс шатырлы, жарбиған жүдеу тамдар. Қыбырлаған тірі жан жоқ, жым-жырт.

Бір күні түске қарай дарылдаған алапат дауыс аспан астын кернеді де кетті. «Жау самолеті!» деді әлдекім айқайлап. Бір бүйірден сұқсұр сияқты ентелеп келеді. Бір топ. Эскадрилия. Бауырынан қап-қара «жұмыртқасын» сорғалата төгіп өте шықты. Ана жерде де – гүрс-гүрс, мына жерде де – гүрс-гүрс. Қара түтін, қызыл жалын. Дүние лезде астаң-кестең болды да кетті. Вагонның шайқалақтап, бір бүйірлей аунап бара жатқаны есінде...

Көзін ашса, сыз топырақтың үстінде етпеттеп жатыр екен. Жау бомбасы эшелонды дәл бел ортадан опырыпты. Бірнеше вагон өртеніп, түтіні аспанға шығып жатыр. Жолдың бойы тас-талқан, әр тұста рельстер иіліп, қайқайып көкке қарап қалған.

– Кәне, тірілерің түрегеліндер! – деді бір қарлығыңқы дауыс айқайлап. Галифе киген ұзын сирақ офицер екен. Жалаңбас. Айналасына жалтақ-жалтақ қарап үрпиіп тұр.

Есін жиғандар, қорқып-бұғып жатқандар әр тұстан үдірейіп тұра бастады. Теңселе басып, офицердің қасына жақындады. Жусап қырылып қалды ма десе, көбі тірі екен, жан-жақтан шұбатылып келіп жатыр.

– Жаралыларға көмектесіндер, – деді офицер бұйырып. – Жарақаттарын танындар!

Әр жерде шашылып сұлап жатқандардың талайы тіл тартпай кетіпті. Етпеттеп жатқан өлікті аударып қалсаң, үрей тұнған жансыз көз-



лер шыныдай ақшырайып, аспанға қарайды. Шәуәли жаны тітіркеніп, кәпір болса да, ішінен білген дұғасын күбірлеп, бірнеше мәйіттің көзін жапты.

Жаралылар да жеткілікті. Бірінің басы жарылған, бірінің қолы, бірінің аяғы сынған. Зар илеп шыңғырған, ыңырсыған дауыстар. Койлектерін жыртып, көзге көрініп тұрған жарақаттарын танды. Араларында жаңағы ұзын сирақтан басқа да біраз офицер бар екен, ес жиған жұртты топ-топқа бөліп, басқарып жүр. Жаралыларды алып жүру үшін талдан сырық кесіп, ортасын шілікпен тоқып, зембіл жасай бастаған. Кенет бағанағы сұрапыл дарыл қайта жаңғырықты. Қырканың қалқасынан жау самолёттері зу-зу етіп шыға келді. Қос қанатты, шырылдап ұшқан көк шегіртке сияқты.

«Орманға қаш!» деді офицерлер бірінен соң бірі айқайлап. Қалын тобыр тырым-тырақай ірдегі ну жынысқа қарай жүгірді. Жау самолёті жаңағыдай бомба тастаған жоқ. Лек-легімен төніп келіп, оқ бүркіп өтті. Шәуәлидің алды-артындағылар әр тұстан баудай түсіп құлап жатыр, шыңғырып жатыр. Орманның ішіне іліккенде «уһ» күтылдық-ау деген.

Үні ұзаған самолёттер күркіреп қайта айналды. Ағаштың басын шала жер бауырлай ұшқан күйі төбелерінен ажал жаудырып дардар өте шығады. Оралып соғып, оралып соғып, қуып жүріп атады. «Шіркін-ай, шиті мылтығы болса, қарғадай жалп еткізер еді-ау!» Шәуәли тістеніп, таякпен түртіп қалардай жерде кетіп бара жатқан самолётке қарады.

– Твою мать!.. – деді қасындағы еменнің діңіне арқасымен жабысып тұра қалған бір орыс жігіті боқтап. – Мы живые котлеты. Разве эта война! Где же ружье, где!

Самолёттер сүт пісірімдей үйіріліп ұшып кетпей қойды. Бұлар өлгені өліп, қалғаны бытырай қашып, меніреу орманға сіңіп жоғалған.

Самолёттің үні әбден өшкен соң, бір-біріне дабыстап белгі беріп, алаңқайға жиналған. Қатарлары біраз сиреп қалыпты. Есенгіреп, бойларын үрей билеген. Өлгендер мен жаралыларға көп қарайлауға мұрсалары болған жоқ. Күн еңкейіп барады, ала-көлеңке орман ішінде қай бұтаның түбін сығалап жүреді. Қолға іліккен жаралыларды асығыс жасалған зембілдерге салып, кезек-кезек көтеріп, ілбіп келеді. Темір жол сорабын анандайдан нысанаға алып, орманлы бойлай ілгері жылжыды. Кейде ашыққа шығады. Көп ұзамай қайта тоғайға енеді. Ұштасып кете беретін ойдым-ойдым орман. Қараңғы түскенше жүрді.

Түнге қарай жаңбыр сіркіреді. Бұлар жақта қар түсетін мезгіл. Мұнда қара жауын. Мұздай тамшы сүйегіңнен өтеді. Құдай оңдап,

алдарынан су жырған бір терең жыра жолықты. Жарқабақты үнгіп, таң сібірлегенше сонда паналап шықты...

Тағы да үш күн қаңғыды салпақтап. Бағыт белгісіз. Темір жол бір елді мекенге апарар, сол жерден жөн сұрармыз деген үміт. Бірақ елді мекен бар, ел жоқ. Күйреп, өртенген үйлер. Әр жерде бір сорайған күйелеш мұржалар суық желдің өтінде жоқтау айтып азынап тұр.

Дәрі-дәрмек һәм ем білетін ешкім болмай жаралылардың көбі жол- жөнекей қиналып жан тәсілім етті. Азаптары азайғанға қуанбаса, бұлар қайғырған жоқ.

Бір жерге келгенде жаңа жүріп өткен жаудың қанды ізін көріп жандары түршікті. Бұған дейін оларды дәл мұндай жауыз, дәл мұндай қатыгез деп ойламаған еді. Үлкен қыстақты бір үй қалдырмай өртеп, қиратқан. Әр тұста сақал-шашы желге желбіреп сұлап жатқан өліктер. Ісіп-кеуіп кеткен. Бәрі кемпір-шал, әйелдер мен балалар. Қыз-келіншек, әйелдердің тіз киімі жоқ, етектері ашық-шашық, киімдері жыртылған. Зорлап, атып тастаған. Ес білмейтін екі-үш бала жалаңаш жатқан шешелерінің жанында отыр ербиіп. Жылауға шамасы жоқ, маңқасы ағып, ыңылдап, сора-сора ақ жем болған жансыз емшекті солпылдатады. Талай сұмдықты бастан кешіп, жүрегі сірі боп кеткен Шәуәлидің мына сәбилерді көргенде, көзіне еріксіз шымырлап жас үйірді. Мейірімсіз дұшпанның шын жабайы бет-жүзін көріп тұрғандай. Осы уақытқа дейін, шыны керек, кейде «бұл Советтен не қайыр көрдім? Әкемді атып – жетім етті; бай едім – құл қылды; бағлан басымды қор етті. Орайы келсе, тұтқынға түсіп, неміске сатылып кетейін» деген бір пиғыл көкірек қатпарында бұғып жататын. Енді жүрегінде өшпенділік оянды. Кекпен түйіліп көзі қанталады. Дәл қазір мылтық кезеген қаһарлы жау қарсы алдында тұрса, жалаң қолымен-ақ селт етпестен арыстанша атылар еді.

Көзі үңірейген сәбилер емшектегі қанды да сорып бітірген сияқты. Түк шықпаған соң ыңырсып, басын көтеріп алады да, қайтадан амалсыз аузына салады. Солдаттар балаларды жерден көтеріп алды. Жатырқау, қорқу жоқ. Есі-дергі тек тамақ. Бергендерін апыл-ғұпыл ауыздарына тығып жалмап жатыр. Мұздай денесі қалтырап, бауырына тығыла түседі.

Бұлар өліктерді бес-алтыдан үйіп, күл-қоқыс, шым кесектің сынығымен беттерін жапқан болды. Содан соң қыстақ сыртындағы тоғай ішіне кіріп дамылдады.

Елдің азын-аулақ тайынша-торпақ, сиыры осы маңда жайылып жүр екен. Мал екеш мал да адамның айуандығынан зәрезеп болса керек. Бұларды көргеннен үркіп тұра қашты. Азықтары тақұл-тұқыл.

Қатқан нанды түйірлеп талмап бітіруге айналған. Қазақтар сияқты смес, бұл жақтың адамдары сиырды бұзауға емізбейді екен. Бұл қалай деп сұраса, әуелде солай үйретілген, бұзау салса, өкіріп, сүзіп жарып тастайды дейді.

Екі-үш сауын сиырдың желіні шелиіп бұтына сыймай тұр. Бұзалары қасында жүрсе де ембеген. Бұлар қуып еді, талтандап қаша алған жоқ. Шәуәли мұқыр көк сиырды шап беріп, мүйізінен ұстай алған. Есік пен төрдей керілген мама сиыр. Жасқанып үркектегенмен бұл «әукім, әукім» деп еміреніп, құлағының түбінен сипаған соң ес көрді ме, көзінің шарасы мөлтілдеп, азан-қазан мөңіреп-мөңіреп жіберді. Желіні сыздап, әбден қиналыпты жануар. Емшегіне қол тиген бойда иіп, сүт тамшылай жөнелді. Солдаттар кезек-кезек тосады күрешкесін. Бітер емес. Қолы талғанша әбден қақтап сауған.

Қызылсырап ашыққан жігіттер осы сиырды сояйық десті. Шәуәли аяп-ақ тұр. Бірақ қайтеді, «сенде жазық, менде азық жоқ» деп амалсыз жұбатқан көңілін. Қолының күсі кетпеген шаруа байқұс алыста қалған мал-жанын, бейбіт тұрмысын сағына ма, елжіреп бірі сауырынан сипап, бірі әукесін қасиды.

Қаумалаған жігіттер арқан-жіпсіз қалай жығамыз деп кібіртік-теген. Кенет бір дембелше шұбар орыс көзін жұмып, күйіс қайырып тұрған сиырды шәугімдей таспен қақ маңдайдан періп кеп жібергені. «Алла, көпір-ай!» деп Шәуәли жаны түршігіп теріс қараған. Көк сиыр көзі алайып, жерге күрс ете түсті. Аяғы сереңдеп тыпырлаған бейшараның үстіне жапатармағай құзғындай қона кеткен. Әлдекім пышақты кірш қадап, тамақты орып кеп жібергенде, қызыл қан дірдектеп аспанға тік шапшыды...

Алаңқайға әр жерден ошақ қазып, от жақты. Қыстақтан ыдыс әкеп асып, төстігін қақтап жеп бір қауяндап қалған.

Енді қалай қарай жүрерлерін білмей дағдарысты. Жат өлке. Жөн білер ешкім жоқ. Жаудың ешқандай қарсылықсыз бейбіт қыстақтарды қанжоса ғып таптап өте шыққаны көрініп тұр. Демек, бұл тұста қызыл әскер болмаған деген сөз. Осы бағытпен тарта берсе, жау жайлаған өңірге сүңги еніп, «қапқа» түсулері әбден ықтимал. Қарусыз аждаһаның аузына кіріп барғанда не істемек?

Қара көк аспан ашық болғанмен түн қараңғы, айсыз. Анда-санда аққан жұлдыз қараңғы үйде сіреңке шакқандай жарқ ете түседі. Өлі қыстақта ішін тартып, бір-біріне қосылып, ұзақ-ұзақ иттер ұлиды. Сонау көз жетпес жырақта дөңгелене қарауытқан аспанның оңтүстік жақ етегі найзағай ойнағандай жарқ-жұрқ етеді. Қарашадағы қайдағы найзағай? Өрт пе, бытырлап ұшқан оқ па? Әйтеуір бір мазасыз тірліктен белгі бергендей.

Ертеңінде сол отты бетке алып, оңтүстікке қарай ойысқан. Орман іші сыз. Бұлталақтап қашқан жалғыз аяқ тар соқпақпен үздік-создық шұбап келеді. Түс ауа ашық далаға шықты. Сарғыш тартқан жалпақ жон. Бөктерлей созылған күре жолдың ұшы-қиыры жеткізіп берер емес. Бір дөннен асқанда шұбырған кара нөпір көшке жолықты. Үдере қашқан босқындар екен. Жылаған бала, сыңсыған әйел. Жүре алмайтын ауру-сырқау, бала-шаға өгіз, сиыр жеккен арбаларға отырыпты. Қалғандары түйіншектерін арқалап, жаяу-жалпы шұбырып келеді. Қаптап шыға келген бұларды қорған көріп, шұрқырап мұңдарын шағып жатыр. Таяқ ұстап, көш бастаған қаба сақал шал:

– Үш күннен бері қашып келеміз! – деді, – Жауды Харьковтен бері асырмаймыз. Үрейленбеңдер. Қызыл Армияның тылдан көмектесіндер деуші еді, қайдан, Қызыл Армияның өзі қашып келе жатыр. Бізден ары отыз шақырым жердегі Виятич жау қолында қалды. Қыз-қатынын зорлап, еркегін қырып тастапты дейді. Жауға қор болғанша орманда қаңғып өлейік деп міне, қашып келеміз!..

Жолдан тауып алған жетім балалар мен жаралыларды босқындардың арбасына салып, өздері ілгері жылжыды. Үнсіз ұзай берген бұлардың соңынан қарап, өз қайғысына тұншыққан бейшара әйелдер:

– Айналайындар-ай, қаруларын жоқ, қасапқа түсесіндер ғой! – деп одан ары дауыс салды.

Екі күннен кейін майданға ілікті. Жарқ-жұрқ ысқырып ұшқан оқ-снарядтан аспан күркіреді. Шегіне ұрыс салып келе жатқан Қызыл Армия бөлімі екен. Әбден қалжырап, қансыраған бір батальондай ғана әскер. Жеңіл-желпі оқ тигендер де жараларын танып алып, айқасып жүр. Ұзыннан-ұзақ қазылған траншея бойымен қанат жая жау жолын тосқауылдауда. Бет-аузы қоқ боп түтігіп, аяғын сылттып басқан капитан бұлардың келгеніне қуанудың орнына:

– Пушечное мясо кому нужно? Где ружье, где?! – деп боқтап айқай салды.

Ұрыстың ілкі толас тапқан сәті екен. Бұларға әр тұстан танкіге бөгет болатындай ор қазуды тапсырды.

– Беретін қаруым жоқ, әзірге жер қазындар, оқ тиіп өлген жауынгерлердің мылтығын аласындар! – деді сұсты капитан.

Бекінген жерлері – кең аңғардың аузы, тар қысаң. Екі жақ құлама беткей. Өркеш-өркеш тау қоршаған айналада басқа жүрер жол жоқ. Күші басым болғанмен жау құлаш жазып соғыса алмайды, бұлар келгенге дейін бірнеше дүркін бетін қайтарса керек. Әр тұста бірлі-екілі танк түтіндеп жатыр. Темір каскасы төңкеріліп, өліктер қараяды.

Біраздан соң немістер шабуылға шықты. Қаптаған темір қалпақ. Араларын он-жиырма қадамнан тастап, лек-лек жылжып келеді.

Бойларын тік ұстап, еркін адымдайды. Сескену жоқ. Кезей ұстаған автоматтан оңды-солды оқ боратып, төне түсті.

Шәуәлидің жаумен бетпе-бет келіп, соғыстың сұрапыл жүзін көріп тұрғаны осы. Қазір бәрін жусатып, таптап өте шығардай. Шәуәлидің зәресі ұшып кетті. Қол-аяғынан жан кетіп, жүрегі аузына нығылды. «Ойбай-ау, келіп қалды ғой, неге атпайды мыналар!» дейді жаны ышқынып. Траншеямен бұқпантайлап, арлы-берлі жүгірген командирлер саңқ-саңқ айғайлайды:

– Бұйрықсыз атпаңдар! Әбден жақындасын!

Мұнда мылтық та жоқ ататын. Жаңа «танкі шабуылдай қалса, ордан өте бергенде астынан ұрып жарасын» деп керосин құйылған бес-алты шөлмек берген. Бар қаруы осы. Самсаған темір қалпақ пиян қалды. Бұлтартпас ажал қанды шеңгелін созып, төніп келе жатқандай. Кенет мұның қасындағы иығы қушиған жап-жас орыс биласы тұра қашқысы келді ме, «Мама!» деп ұшып тұрғанда, маңайдан ниген оқ шалқасынан түсірді. Бұл жаны түршігіп аяудың орнына, қару тиетін болды деп қуанғандай, дереу қол пулеметке жармасқан. Сол сәтте капитанның «Ат!» деген бұйрығы да саңқ ете түсті. Жан-жақтан пулемет сақылдап қоя берді. Бұл да атып жатыр. Көздеген жоқ. Басын бұғып алып, шүріппені үсті-үстіне басады. Бір қараса, қарағайдай қаптаған жаудың алды жапырылып түсіпті. Құрық тастамға жақындатып алып, көздеп атқан соң қойсын ба, жусатып жіберіпті. Қағары сиреп, әр тұста серең-серең етіп құлап жатыр.

Алдындағы жайраған немісті көріп, үрейдің бұлты сейілгендей, Шәуәли енді жүрек тоқтатайын деді. Бей-берекет шүріппені баса бермей, көздеп атуға кірісті. Өңмендей ұмтылған бір немісті мұрттай ұшырды; екіншісін тағы құлатты... Бірте-бірте еті үйреніп, үрейді мүлдем ұмытты.

Қансонардың қызығына түскен аншыдай, атқан сайын елігіп, енді мұны бір қанқұмарлық билеп алды. Алдыңғы лек селдіреп, түтелге жуық қырылған. Тірі қалғандары етпеттей кетіп, өліктерді қалқаланып, атысып жатыр. Екінші лек алдыңғыдай өңмендеген жоқ. Жата-жата кетіп, еңбектей жылжиды. Әлгіндегідей емес, майдан глас. Екі жақ та андысуға көшті. Бұлар – траншеяда, жау – ашықта, бас көтергенін көздеп тұрып, қағып түсіреді. Немістер көздемей-ақ нобайлап, оңды-солды оқты боратуда. Бұларда оқ санаулы. Андысу ұзаққа созылды. Жау кезекті бір лап қойғанда, тағы да қыркай жусатып, серпіп тастаған.

Алмакезек атыса-атыса бұлардың бір уақытта оғы таусылды. Траншея ішін сыпсыңдаған суық үрей кезді: жау енді шабуылдаса,

не істемек? Ажал төніп келіп, суық демін бетке үрлеп тұрғандай. Шәуәли қара қошқыл бұлт үйірілген күзгі аспанға, траншея ернеуінен төбелері емшектеніп көрінген тау сілеміне қарады. Қайран дүние қандай ыстық, қандай қымбат! Іштей бәрімен қоштасып тұрғандай.

Сұсты капитан траншеяны бойлап, үрейленген жұртты сабырға шақырып жүр:

— Жігіттер, босансымайық, — деді даусы шырығып. — Мына мерт болған жолдастарымыздан еш жеріміз артық емес. Өлсек — өлеміз! Ажалды еркек сияқты тік тұрып қарсы алайық! Жау әбден жақындасын, жалаң қол айқасқа шығамыз. Басқа амал жоқ!

Жан, шіркін, тәті ғой! Өкіріп жерге құлай кеткендер де бар. Кіші командирлер жағалай жүріп, спирт құйды. Қалайы күрешкенің құлағына дейін. Шәуәли дем алмастан бір-ақ сіміріп салды да, мұсылмандығы аяқ астынан есіне түсіп: «Атакерем арақ болды-ау, кәпір болып өлгенім бе?» деді, өлетініне емес, осынысына өкінгендей. Өнешті өртеп, тамыр-тамырды қуалай жөнелген ыстық толқын қалтыраған жүрек, қалжыраған тәнге қуат боп құйылғандай. Бойды бұған үрей лезде ғайып боп дүр сілкінді. Көкірек түбінен күркіреп ашулы арыстан ояңған. Әлгіндегі «өлген жерім осы ма, енді қайттім?» деген жылауық, бұралқы сезім жоқ, ажалға келсең кел деп шаптығып тұр. Көзі қанталап жауға өшіге қарайды.

Етпеттеген немістер құмырсқадай өріп келеді. Бұлар атыспағанға не ойлағаны бар дей ме, сақтана-сақтана жылжиды. Жаудың алды траншеяға тас лақтырым төніп қалды.

— Ал, бауырларым, балаларым! — деді капитан дірілсіз, сабырлы үнмен. — Не өлім, не өмір, тәуекел ететін сәт туды. Қазір жауды алдарқатып, бағынған боп алдарынан шығамыз. Араларыңды алшақ ұстап, тек менің бұйрығым бойынша әрекет етіндер! — Сөйтті де ақ көйлегінің етегін қақ айырып, жұлып алды. Күректің сабына байлап жоғары көтерді. Бораған оқ сап тиылып, сәл үнсіздіктен кейін біреу шала орысшалап айғай салды:

— Шық бері!

Капитан ақ ту көтеріп, траншеядан шықты:

— Мен — Совет Армиясының капитанымын. Бір батальон солдатиммен сіздерге берілгім келеді!..

Жаңағы неміс жанындағы әлдекімдермен сөйлесіп алды да:

— Ендеше қаруларыңды тастап, бері шығындар! — деді. Капитанның белгі беруімен барлығы қолын көтеріп, траншеядан шықты. Шашырап, үздік-создық жылжып келеді. Немістер де автоматтарын кезеген күйі, орындарынан самсай түрегелген. Бұлар қолдарын көтеріп, жақындап келеді. Аралары үш-төрт қадам қалғанда капитан:

– Алға! Ура! – деп айғай салды да, алдындағы темір қалпақтыға бір-ақ атылып, үстіне қона кетті. Бұлар да лап қойған. Уралаған дауыс күндей күркіреп, аспанды жаңғыртты. Мұндай көзсіздікті күтпеген немістер сәл антарылып барып тез ес жиды. Авмотаттары қайтадан сақылдай жөнелді. Бірақ қас-қағымда-ақ талайларын бір-бір орыс астына басып үлгірген еді. Шәуәли де алғашқы абыр-сабырда қарғып барып, бір немістің үстіне қона түскен, алып соғып, автоматын тартып алды. Бұл атам дегенше, жан дәрмен ұшып тұрған немісті өлдікештің оғы жалпасынан түсірді. Шәуәли жерге етпеттей кетіп, өлікті тасаланып, шүріппені басқан. Автомат сақылдап қоя берді. Серпіле шегінген жаудың әр тұсы ойыла опырылып жатыр.

Екі жақтан да автоматтың жағы сембей ұзақ атысты. Немістер бұратып, төгіп атады. Бұлар да аянған жоқ. Оқтары бітсе, анандайда өліп жатқан жаудың автоматы бар. Жалаңқол тарпа бас салған мына дүлейлер ештеден тайынбас дей ме, жүректері шайлығып қалған немістер алыстан аңдысканы болмаса, қайтып беттей алмады.

Қас қарая жылыстап, өз позициясына қарай шегінген. Бұлар бой тіктеп орнынан көтерілгенде, талайлар тұрмай қалды. Әр жерде біреу ғана селтиеді. Жайраған өлік. Төрт жүзге жуық солдаттың тірісі сүлу шықты-ақ қана. Оның өзінің біразы жаралы. Қайсар капитан да оққа ұшыпты. Әкесі өлген баладай көңілдеріне жетімдік ұялаған.

Кіші командирлердің бірі тізгінді қолға алды. Немістің автоматымен мұздай қаруланғанмен, ендігі айқастың босқа қырылу екенін түсініп, түн қараңғылығын жамылып, шегінуге мәжбүр болды. Гүнімен суыт жүрді. Таң ата орман ішінде біреу сағат мызғып алды да, қайта жылжыды.

Күн тұман, ызғар. Әрі аш. Суықта сілікпелерін сүйретіп әзер келеді. Орман шетінен бір хутор ұшырасты. Жау бомбалаған. Тірі адам жоқ. Қоқ боп күйіп, жайрап жатыр. Жем жейтін қорасының орнын айналсоқтап төрт-бес тауық-үйрек жүр екен. Дереве ұстап алып, бастарын шауып, жүндерін жұлып, шала-шарпы қақтап жеп, жан шақырған.

Бірде ну жынысқа сіңіп, бірде дөңге өрмелеп ирелендей қашқан қоян бұлтақ сүрлеуді ұзақ шарлап, ақыры үлкен тас жолға шығып еді. Түс ауа соңдарынан гүріл қуып жетті. Самолёт пе деп шошынып, аспанға қараған. Жоқ, арылдап-дарылдап қыр астынан шығалды. Қауіп ойлап, жол жиегіндегі қалың бұтаның түбіне жата-жата қалған. Әне-міне дегенше, мойнақтың үстіне танауы таңырайып көк машина шыға келді. Біреу емес, іркес-тіркес бір көш болып күлди-лап келеді. Анадайдан-ақ көздеріне оттай басылған. Қызыл Армия-

ның машинасы. Ашық қораптың ішінде адам деген тігінен қаланып, сіресіп тұр. Кейбір машинаға зеңбірек тіркелген. Қуанғаннан апалақтап тұра ұмтылған. Қолдарын бұлғап айғайлап келеді:

— Токтандар! Өз адамдарыңыз, ала кетіндер!

Бірақ аналар тоқтар емес, қастарынан зу-зу өтіп жатыр. Астына түсердей болған соң кейінгі екі-үш машина амалсыз іркілген.

— Болындар, сыйғанша шығындар, тез-тез, — деді үстіндегілер дігірлеп. — Жау өкшелеп келеді, таяп қалды!..

Бұлар лап қойды. Бір-біріне қарар емес, басып-жаншып, итерісіп, машинаға шыққаны шығып, сыймағаны қораптың ернеуіне жанталаса жабысып жатыр.

Шәуәли жапа-тармағай үймелеген жұрттың қай жерінен сыналап кірерін білмей ана машинаға бір, мына машинаға бір жүгірген алақтап. Бұл сиқымен қалып қоятын түрі бар. Қасынан өте берген соңғы машинаның артқы ернеуіне бірнеше адаммен жағаласа жармаса кетті. Үстінде ине шаншар орын жоқ, асылған күйі саландап келеді. Етігінің тұмсығымен әлденені тіреп, денесін демеген болады, бірақ ағып келе жатқан машина ойлы-қырлы жермен секендегенде тайып кетеді.

Екі қолы талып шыдатар емес. Мойынын созып, иегімен ернеуге асылады. Сәл де болса демеу. Бірақ ол да ұзаққа бармайды. Қасындағы екі жігіт көп шыдай алған жоқ, бірінен кейін бірі қинала өкіріп құлап түсті. Бұл да бірер мәрте жаны қысылғанда қолын жібере салмақ боп оқталған. Бірақ қанына қарысып, шыдап бақты. Қиналғаннан қара тер шүмек боп ақты. Бірте-бірте бойынан жан кетіп, бет-аузы көгістеніп, қатты да қалды. Ештеңені сезбейді. Ессіз, меніреу бір хал...

Жарты сағат па, бір сағат жүрді ме, әлде одан да көп пе — белгісіз. Әйтеуір бір жерге келіп тоқтағанда, қораптың ернеуіне тас боп қатып қалған қолдарын әлдекімдердің эзер жазып, жерге түсіргенін біледі. Табанынан тұра алмайды. Дүңк етіп құлап түсті. Тамыр-тарамысы сіресіп, денесі домаланған жансыз заттай. Жігіттер кезек-кезек уқалап аяқ-қолын эзер жазған. Жарты ай бойы дел-сал боп, есін жия алмай жүрді.

Жан-жақтан қашып-пысып жиналған бір полктей әскер тылға сұғына шегініп, Климчук дейтін шағын қаланың іргесіне бекінген. Климчук — тоғыз жолдың торабы, стратегиялық нүкте болса керек. Әскерді төгіп тастады. Қару да жеткілікті. Тамақ мол, киім жылы. Бұрынғыдай емес, адам боп қалды. Дайындыққа қарағанда, жойқын шайқас болатын түрі бар. Күндіз-түні кезектесіп танкіге қарсы қатар-қатар ор, траншея қазады.



Жау расында да қатты шүйлікті. Қар түспей қалаға бекініп алайық деп ойлады ма, үсті-үстіне шабуылдаумен болды. Бірақ қаруы сай қызыл әскерге тап келмей, жолындағыны жайпап өте шығып, есірген фашистер қалай өршеленсе де, тұмсығы тасқа тиіп, алғаш рет жасып еді.

## МҰХАМЕДШЕ

Күн күрт суып, қар басып салды. Сақылдаған аяз. Немістің соры қыс екен. Бұрынғы арын жоқ, шабуылдары бәсең. Қайта бұлар арақидік белсенділік танытып қояды. Ақ киініп, қар үстімен еңбектеп барып, күзетшілерін ұрлап әкетіп, танкілерін қиратып кетіп жүрді. Екі жақ та қорғанысқа көшіп, бірін-бірі аңдып, ұзақ уақыт арбасты. Сол екі арада Москва түбіндегі ұлы жеңістің дүмпуі бүкіл майдан шебін дүр сілкіндірді. Бұл шын мәнінде соғыстың бірінші кезеңінің аяқталуы еді. Бүкіл Европаны табанына таптаған Герман әскеріне жетеп берер күш жоқ деген дақпырттың күлі көкке ұшты. Қансырап жеңілумен, шегінумен келе жатқан қызыл әскердің рухы оянып, өкшелеген жауға көкжалдай қайырыла беріп қарсы атылған. Бұлар да сол лептің буымен шабуылға шықты. Үш күн шайқасып, жауды жиырма шақырымдай тықсырып сепріп тастаған. Одан ары сұғынуға командирлер «қапқа түсеміз» деп рұхсат бермеді.

Бір жеңіп, бірде шегініп, итжығыс түсумен арада бір жылдай уақыт өтті. Шәуәлидің соғысқа әбден еті өліп, пысып алды. Өлем-ау деп қорқып-жасқану жоқ. Кісі атқан аң атқанмен бірдей. Көп өлтірген сайын елігіп, құныға түседі. Талай қырғыннан періште қағып, аман келеді. Полктен – батальон, батальоннан взвод қалып, жұлымы шыққан шөкімдей топ қолдан қолға өтіп, қаншама рет қайта жасақталды.

Осы уақыт ішінде талай қанды көйлек жолдастан айрылып, талай боздақпен табысты. Соңғы рет полк қайта жасақталғанда, бұлардың ротасына бір қазақ, бір татар жігіті тап болған. Басқалары түгелдей орыс, украин...

Емін-еркін шүйіркелесетін адам табылып қуанып қалған. Байжан деген қазақ Ташкент маңынан келіпті. Бір көзі қылилау, қарға бойлы, қарашұбар. Быдықтап жылдам сөйлейді, орысшасын да, қазақшасын да ұғу қиын. Қазандық жігіттің аты Мұхамедше екен. Арықша, сидам, қоңыр көздері тұнжыраған, сұлу өнді. Отырған жерінде будақтатып махорканы үзбей тартатын әдеті. Қарлығаштың қанатындай қиылған қою, қара қастарының шалғысына дейін сарғайып

кеткен. Тұйықтау. Қарашығы шегедей қатып, өз-өзінен әлдебір ойға батып, көбінесе үнсіз отырады.

Байжан комсомол белсендісі болыпты. Соғысқа сұранып келдім дейді. Ол да көп әңгімеге жоқ. Қолы қалт етсе, басын бүркеніп алып, ұйқыға кіріседі.

Шәуәлидің бастан кешкенін шет-жағалап естіген соң, Мұхамедше де ашылайын деді. Оның да көкірегі тұңғыық шер екен. Бірте-бірте екеуі тіл табысып, тонның ішкі бауындай жақындасып кетті.

Мұхамедшенің әкесі татар тарихын жазған ғұлама көрінеді. Отыз жетінші жылы атылыпты. Мұхамедшені Москваның тарих-архив институтында оқып жүргенде, халық жауының баласы деп, үшінші курстан шығарып жіберіпті. Ойлары оғаш, тосын бірденелерді айтып, қыңыр сөйлейді. Кейде естіп отырып, Шәуәлидің қарадай жаны қасым болады.

– Көп ентелей берме! – дейді Мұхамедше тұнжыраған жанары суық ұшқындап. Сыбырлап сөйлейді. – Жаныңды сап қайтесің? Аман қалуды ойла. Басымызды оққа тосатындай бұл үкіметтің не жақсылығы өтіп еді екеумізге?

– Қалай дегенмен Отанымыз ғой!

– Отаның емес, отарысың! Жер түбіндегі Украина даласы қайдағы сенің отаның? Біздің Отанымыз – Ұзу яғни Днепр мен Алтай арасы! Түптеп келгенде, бұл соғыстың бізге еш қатысы жоқ. Орыс пен неміс қырқысты екен деп біз неге қасапқа түсуіміз керек? Мына мысық мұрт жауыз орыстың отары аздай, қанды шеңгелін созып, екі жылдың ішінде Батыс Украина, Батыс Белоруссия, Батыс Молдавия, Балтық жағалауын түгелдей басып алды. Гитлер жарты Европаны танкісімен таптап өтті. Енді кеп, сол олжаларын аз көріп, қанды азуларын бір-бірінің алқымына салып жатыр. Бірі өліп, бірі қалсын. Бізге бәрібір. Неміс жеңіп кетсе, қайта бізге жақсы болуы мүмкін!..

– Астағпиралла! – деп жағасын ұстап, Шәуәли жан-жағына қарайды. – Олай деме! – Шәуәли көрінбейтін әлдекімнің алдында ақталғандай әлсіз қарсыласқан болады. – Революция бізді патшаның отаршылдығынан құтқарды емес пе?

– Кім айтты құтқарды деп? – Мұхамедше қанын ішіне тартып, сұрланып кетті. – Азат, еркін елдің ұғланы болсаң, осы жерде жүрер ме едің? Біз – құлмыз! Революция Империяны құлатқан жоқ, құтқарып қалды. Іріп-шіріген отарлық жүйенің күні санаулы еді. Бір жақтан дүниежүзілік соғыс қилігіп, екінші жақтан іштегі ұлт аймақтарын азаттық қозғалысының от-жалыны шарпып, жан алқымға келген сәтте, орыстың қырағы шовинист саясаткерлері уыстан сусып бара

жатқан тізгінді қағып ала қойды. Империя үшін ұлт азаттық қозғалысы өліммен тең болатын. Тарих көші осы лекпен жылжи берсе, Империя ыдырап, Россия өзінің Алтын Орда заманындағы шегінде қалар еді. Осыны сезе қойған большевиктер Империяның мүддесі үшін патша тағын да, буржуазияны да құрбандыққа шалып, дереу таптық ұран көтерді. Ғасырлар бойы қанап, қанымызды сорып келген байлар мен феодалдар, соларға қарсы күресеміз деді. Сөйтіп, ұлт-азаттық ұраны таптық ұранға алмастырылды. Болашақты болжайтын зиялылар шеттетіліп, қара тобырға дем берген соң, әр ұлт-милләт екіге жарылып: бай, кедей боп бір-бірімен айқасты да кетті. Ақыры дегеніне жетіп, бұрынғыдан да зор, бұрынғыдан да жойқын большевиктік-орыс Империясы орнықты. Аз ұлттардың азаттық идеясы адыра қалды – тап жауын әшкерелеу деген желеумен жылда қуғын, жылда сүргін: халықтың басы шабылды, жүрегі жұлынды. Тек аяқ-қолы ғана жан тапсыра алмай тыпырлап жатыр!..

Бояуды тым қоюлатып жібергенде, Шәуәли шыдай алмай кетеді:

– Қара аспанды төндіре бермеші! Жамандаудың да жөні бар ғой!

– Шындықты айту – жамандау емес.

– Жақсылығына да көз жұмбайық. Татар туғанды білмеймін, қазақтың революциядан ұтқаны көп. Біз сияқты жекелеген адамдар тағдырдың тәлкегіне ұшырап, жапа шектік дегенмен, жалпақ жұрттың көрген игілігі қаншама – жаппай сауат ашуда; отырықшылыққа бет бұрды. Қалай десек те, Ресеймен жақындасқаннан бері мәдениетке үйренгенімізді жоққа шығаруға болмас!

– Пәлі, саған большевиктердің үгіті әбден өтіп кеткен екен! Халқыңның бағы тайған кезіне куә боп отырған соң, аузыңды қу шөппен сүртесің ғой. Тарихтың әліппесінен сәл хабарың болса, бұлай демес едің. Түріктердің тасқа қашалған тарихы, жүздеген шаһар, сиқырлы медицина, шалқыған поэзия, металл қорытудың жоғарғы технологиясы, Отырардағы кітапхана, жарты жаһанды жаулаған соғыс өнері... осының бәрі мәдениет емес пе! Татар мен қазақтың түп тегі – баба Түрік кешегі Алтын Орда заманында қандай еді? Ақ найзасының ұшын айға тіреп, ұлы Қағанатты билеп-төстеді. Бір шеті көлге қонған аққудай көк майса сахара төсіне ақ ордасын тіксе, бір шеті күмбезі күмбірлеген шаһарда салтанат құрды. Малшысы ен даланы төрт түлікке толтырды, диханы арық, қарз қазып, шөлге су шығарып, егін салды, күнгейдің жазирасы мәуесі төгілген абат баққа айналды. Саудагері Мысырдан Шың – Машинға қоңыраулатып керуен тартты. Ал ол кезде орыс қандай еді! Табанына тақтай байлап, орманда жүрген жартылай жабайы болатын. Тұтастығы жоқ, князь-князь боп, әрқайсысы әр

жаққа тартқан быт-шыт халық еді. Желкесінен швед басып, бүйірінен Литваның көк сүнгісі қадалып, тынысын тарылта бастады. Жиһангер Батуға қанша жерден топырақ шашсақ та, Европаны апаттай жайлап келе жатқан Тевтон ордені мен крест жорығынан Русьті аман алып қалған соның шапағаты. Әйтпесе, орыс дінінен де, тілінен де айрылар еді. Бату, әрине, қарсыласқанды аямады, қаусатып, таптады, бірақ шер-кеуіне тиіскен жоқ, әдет-ғұрпын қорламады. Алым-салықпен ғана шектелді. Бір-бірінің егінін, қаласын өртеп, кіресін тонап қырық пышақ қырқысқан князьдар енді әділет іздеп, Бату Сарайға ағылды. Ордаға ел ішінің тыныштығы керек. Алым-салықты мол жинап, қазынаны толықтыру үшін әр өлкенің берекесі бұзылмай байып, өркендегені абзал. Сондықтан бүлікшіл князьдарды қатаң жазалап, тәртіп орнатты. Искер, беделді жуан тұқымнан билеуші қойды. Сөйтіп, сан ғасыр сансыраған орыс жерінде тыныштық орнаған.

Осы күні тарихшылар езуі көпіріп «Бату мұншама қаламызды қиратты» деп жүргендері, ұзаған да бес-жеті мың адам мекендеген деревнялар ғана. Оның өзін бір-бірімен жауласқан князьдар Батудан бұрын да, кейін де талай рет өртеген. Одан қалды, орыс даласын індеттей жайпаған ушкуйник – орман-өзен қарақшылары – ауық-ауық тып-типыл тонап, өртеп кетіп отыратын.

Деревнялар бей-берекет салынатын. Көшелері ретсіз, іркес-тіркес, бөренеден киюластырған лашықтар. Жылы болсын деп қабырғаның арасына мүк салады. Қаптаған қандала, бит-бүргеден жаныңды қоярға жер таппайсың. Орыс үйінде ол кезде пеш болмайтын. От ортаға жағылады. Түтін төбедегі тесіктен жартылай шығып, үй іші көк тұман боп тұрғаны. Қабырғалар қара күйе, сақал-шаштары ысталып, көздерінен жас ағып, күрк-күрк жөтеледі. Боярдың да, қара шаруа – смердтің де көрген күні осы. Русьте қатын-баласымен қырылып арақ ішу – ежелден қалыптасқан дәстүр ғой. Орысты 988 жылы өзенге тоғытып алғаш рет шоқындырған ұлы князь Владимир Креститель өз халқының осы осал жерін ескеріп, христиан дінін таңдаған. Әуелі нұр шапағатты Исламға көңілі ауып, бірақ ойлана келе «мұсылмандықтың талап-тәртібі өте қатаң екен. Арақ – біздің атамыздың асы. Русьтегі көңіл көтерудің бірден-бір жолы – ішу, онсыз өмір сүре алмаймыз» деп, ол ниетінен бас тартқан ғой. Сол арақтан сорлы орыс не көрмеді. Кейде мас боп сұлап жатқанда оқыстан бір үйден өрт шыкса, бүкіл селение от құшағына оранып, қоксыған күлі ғана қалатын.

Рас, басқыншылық соғыстың қорлық-қиянаты аз емес. Бірақ маңғол шапқыншылығынан кейін, түріктермен жақындасу нәтижесінде орыстар көп нәрсені үйренді. Бұған дейін орыстар кірпіш дегенді білмеген, үйлеріне пеш салмаған...

Шәуәли мырс етіп, басын шайқады:

– Айтқаныңның бәрі дұрыс-ақ болсын. Дәл осының томпақтау!

– Томпақ түгі де жоқ! – дейді Мұхамедше өзеуреп. – «Түріктер надан, жабайы, біз, славяндар, ежелден өркендегенбіз, айналамызға білім-өнеге нұрын шашып келеміз» деген шеркеу жылнамалары мен тарихи шатпақтарға сенгің келе ме? Жалпы басқыншысын кім мақтаушы еді? Жылнама, тарих деген қашан да жеке адамның көзқарасы, сынаржақ баға. Оның үстіне ең көне деген Киев, Суздаль, Тверь т.б. шеркеу жылнамалары Рюрик әулетінен шыққан тақ мұрагерлерінің ыңғайына қарай талай рет қайта көшіріліп жазылғаны мәлім. Сондықтан мәдениет тарихын тілден іздеу керек. Мәселен «пеш» деген – түрік сөзі. Пиш, пыш, пысыру, жылыту деген мағынаны береді. Ал, кірпіш сөзі – кір, лай, балшықты пісіру, яғни лайды күйдіруден шыққан. Бұл дегеніміз, қала мәдениетінің ең негізгі екі атрибуты емес пе. Ағаш қалалары бір өрттен қалмай жұтап қалатын орыстар енді түркілерге еліктеп, үйлерінің қабырғасын кірпішпен өріп, пеш салуды үйренді. Орыс жұртының басын біріктірген ұлы астана Москваның өзінде кірпіш үйлер Дмитрий Донскойдың тұсында ғана салына бастады. 1365 жылы кезекті сұрапыл өрттен күлі ғана қалған қаланы ақылды князь кірпішпен салуға кірісті. Сарайдан, Хорезмнен, Византиядан, Европадан шеберлер шақырып, екі жылдың ішінде Кремль қамалын салып бітірді. Сол тұстан бастап Русь астанасы ақшаңқан – белокаменная Москва атанды. Ал ол кезде Алтын Орданың Бату Сарайы мен Берке Сарайы, Ақ Орданың Сығанағы мен Сайрамы қандай еді. Атты кісі түсіп, жаяу кісі жатып қарағандай, салтанатына көз тоймайтын. Берке Сарайда Римдегідей су құбырына дейін бар болатын!..

«Түрік, түрік!» деп қанша жерден асқақтатқанмен, бұл сөз Шәуәлидің құлағына бәрібір кірмейді.

– Сөйткен мәдениет қайда? Бүгін біз кімбіз, орыс кім?

– Е, бауырым, дүние кезек деген осы! – Мұхамедше көзі тұманданып, мұңая алыс бір нүктеге қадалады. – Төмендегілер төбеге шығады, төбедегілер төменге түседі деген бұрынғы данышпандар. Амал не, бабаларымыз басындағы шалқыған бақытын көтере алмады ғой. Әйтпесе ұлы қаһан қылышын қанға бояп құрып берген Қағанат қайда? Әскери аристократия ғана маңғол текті демесең, Жошы ұлысы шынтуайтында түрік мемлекеті еді. Ана-сай мен Қобан арасында бытырап жүрген түрік тайпалары Күлтегін заманынан кейін алғаш рет қыл шашақты көк байрақтың астына бас біріктірген болатын. Жарты дүниені қанатының астына басып шалқып, тасып еді-ау!

Ақыры іріп-шіріген қырық сідік азғын хандар алтын тақтың түбіне жетіп тынды. Екі ғасыр дүниені тітірентіп ат жалында ереуілмен өткен

жауынгер рух жылы үй, жұмсақ төсекте қалғып кеткендей, бойкүйез тартты. Кешегі баһадүр хан тұқымы байлыққа мастанып, нәпсінің қызығына түсті. Ұлы ханнан бастап ұлыс ханына дейін он-бестен катын алды. Олардан туған отыз-қырық бала жер-көкке сыйсын ба! Оғлан, бек, мырзаның бас-басына жеке билеп-төстейтін бір-бір ұлыс, бір-бір хандық керек болды. Тұтас Қағанат бөлшектеліп, ұсақтала берді. Балықтың басы бір болғанмен қабырғасы жік. Бір қап, бір саптан шықса да әр ұлыстың ханы өз қамын ғана ойлайтын. Енді жау жақыннан табылып, бірге туған бауырлар бірімен-бірі итше ырылдасты. Алтын тәж киген бастар допша домалады. Қансыраған Алтын Орда қаусаған өлі денеге айналып бара жатты.

Ұлы ханның аяғын құшуға қолдары жетпей, табанының таңбасы түскен қыш қалыпты таласа-тармаса сүйіп, адалдығын танытатын орыс князьдары енді Орданың берекесі қашқан тірлігін көрген соң мойындары былқылдап, өрт, жұт... болды деген қырық сылтаумен жылдық алым-салықтарын төлемей, сырғаксуға көшкен.

Хорезм ту сыртын беріп, өз бетінше ақша шығара бастады. Ақ Орданы бөліп алған Мүбәрак қожа қыңырайып, Сарыарқаға барып жатып алды. Сөйтіп, Алтын Орда тігісінен қақырай айрылған.

Өзбек хан өліп, таққа отырған Жәнібек тіптен азғындады. Өзінің Тайдула деген тоқал шешесіне үйленіп, ерке-сұлу тоташқа тақ тізгінін беріп қойды. Тайдула кейіннен шоқынып, православие дініне еніп, өзі іріп тұрған Орданың іргесін одан ары шайқалтты. Калугадан өзіне сарай салдырып, еркінсіген Русьті талай рет ханның қаһарынан құтқарып қалды.

Тайдуланың тұсы орыс жерінің арқа-басы кеңіп, еркін тыныстаған бір заманы еді. Шеркеу жылнамашылары Тайдуланың есімін сүйіспеншілікпен атап, жасаған көп жақсылығы үшін Русьтің оған қарыздар екенін жасырмай жазады. Ұлы ханшаға еліктеген Орда мырзаларының өз алдына сарай салып, деревня еншіленіп, орыс жеріне орын тебуі осы тұста айрықша белең алды. Ал тақ айналасы толассыз тартыс еді.

Бірін-бірі аңдыған опасыз азғындар. Жәнібектің он бес ұлы алтын таққа көз алартумен болды. Парсының Муһин ад-дин Натанзи деген тарихшысы Жәнібек туралы біраз дерек қалдырған. Оның айтуынша, ұлы хан соңғы рет жорыққа шығып, өзара қырқысқан Хулагу әулеттерінен Әзербайжанды тартып алады да билеуші етіп үлкен ұғлы Бердібекті отырғызады. Өзі ат басын бұрып, Берке Сарайға қайтып келе жатқанда, жолда Дербент шаһарында қатты ауырады. Әне-міне үзіліп кете ме деп қорыққан нөкерлері шұғыл түрде Бердібекке хабар

жеткізеді. Бердібек қалың қолмен Берке Сарайға кіргенде, Жәнібек құлан-таза сауығып кетеді. Ұлы тақтан үміттеніп келген Бердібек қатты қапаланады, сол жерде әскер басыларымен ымыраласады да, әкесін өлтіріп жібереді. Онымен де қоймай, таққа таласады-ау деген өзінің он екі бауырын қоса бауыздайды. Бірақ толарсақтан қан кешіп таққа қонған Бердібектің де күні ұзаққа барған жоқ. Бір жарым жылдан кейін өзінің он үшінші бауыры Құлынның қолынан қаза тапты. Бес айдан соң оны Жәнібектің соңғы ұлы Наурыз өлтіріп таққа отырды. Бір жылға жетпей Ақ Орда ханы Қыдыр Наурызды өлтіріп, Сарайды басып алады да, Жәнібектің бүкіл тұқым-тұяғын, Тайдула қатынымен қоса қырып салды. Қыдырдан кейін де тақ айналасындағы қыркыс толастаған жоқ.

Сарайды сатқындық жайлады. Бұрын ондық, жүздікте бір адам сатқындық жасап не қорқақтық танытса, бәрінің басы кесілетін. Ар-намыс, мәрттік бәрінен асқақ тұтылатын. Енді сол ұғымдар табанға тапталып, ұл әкесін, құл қожасын сатып жүре беретін болды. Алтын-күміс, байлық басты құндылыққа айналған соң, тақ айналасындағы ойынға уәзірлер мен әскер басылары белсене араласты. Кім көп төлесе, солай қарай төңкеріле салатын. Нәтижесінде кездейсоқ алаяқ, топастар да алтын таққа отырып жатты. Соның бірі – Әзиз Қожа ханның жесірі Төлебек ханым еді. Ел басқаруға икемі де, тәжірибесі де жоқ, билікқұмар, зұлым әйел болатын. Оның тұсында өзі іріп-шіріп тұрған алтын тақ одан ары шайқала түсті. Бірақ ол да ұзақ отырған жоқ, сыртынан тісін басып жүрген туған қайнысы – Айбек хан көп өтпей шағын қолмен Сарайды басып алады. Кезінде әмеңгерлік жолмен алам деп сөз салғанда, көнбей бұлғақтаған жас ханшаны әуелі үш күн жеке қамап құмарын қандырады. Содан соң мысықтармен бірге тірідей қапқа салып, тас байлап Еділдің тұңғиығына батырып жібереді. Қысқасы, Жәнібектен соң жиырма үш жылдың ішінде жиырма тоғыз хан ажал құшқан. Бұл тарихта аты қалғандары ғана. Ал бірер күн не бір апта ғана таққа отырып мерт болғандықтан, жылнамашы қаламына ілікпей қалғандар қаншама. Сөйтіп Алтын Орданың күні еңкейді. Ал бұл кезде Орыс тарихындағы жаңа дәуірдің таңы арайлап атып келе жатқан.

Орда хандары қол астындағы елді іштен ірітіп, бір-біріне үрит соқтаған аяр саясат ұстаған жоқ. Батудан қалған үрдіс бойынша, қайта олардың байып, көркеюіне ықпал жасады. Кіші қазан толық болса, үлкен қазан ортаймайды деген әліп-би есепке жүгінетін.

Ұлы қағанаттың ғұзырына қарап, князь-князь боп өзара қыркысудан тиылған орыс елі тез ес жиды. Сарайдағы тақ иелері майысқақ, жағымпаздарға емес, ел тыныштығын ойлайтын іскер,

ақылды князьдарға арқа сүйеді. Өз камын күйттеген арандатушы, бүлікшілерді тыып, ауыздықтап отырды. Осындай жақсыны қолдау нәтижесінде, Донской, Серпухов, Тверской сияқты ұлы князьдар тарих сахнасына шықты. Ел қуат жиып, өнер-білім, мәдениеті өсті. Табиғатынан азат ойлы, еңбекқор, дарынды халық ендігі жерде өзгенің шылауына көңісі келмеді.

Ордадағы хан сарайы бұл уақытта қанды қасап ланның ұясына айналған. Бір-бірінің алқымын шайнап арпалысқан азғын тобыр. Түсте тақта отырған ханның басы кеште жерде домалап жатты. Бір кіндіктен тараған тақ мұрагерлерінің қайсысының шашбауын көтерерін білмей жақсы-жайсаңның шакшадай басы шарадай болды. Біріне ынғай берсең, екіншісі ертең төбене қылыш ойнатады. Шанырағы шайқалған Берке Сарайдан опа таппасын сезген бек, мырзалар бас сауғалап бірі Ақ Ордаға, бірі Хорезмге, енді біреулері біртұтас ел боп ұйыса бастаған орыс жеріне қарай ығысты.

Москва, Рязань, Тверь, Нижегородтың алысты болжайтын ақылды князьдері түрік мырзаларын қошаметпен қарсы алды. Шен қадап, шекпен жапты. Қорасына мал салып, қол астына малай бөлді. Қыз алып, қыз беріп, ешқандай жатырқаусыз аз жылдың ішінде мидай араласып кетті.

– Бәсе! – деді Шәуәли бір жұмбақтың шешуін енді тапқандай. – Қазақтың аты сияқты Муратов, Булатов, Тюлькин, Қаратаев, Шарапов деген орыстың фамилиялары неге көп десем, содан екен ғой!

– Солардың бәрі – Алтын Орда заманында орысқа сіңіп кеткен түрік нәсілі. Сол мырзалардың бәрі шетінен әскери іске жетік, білімдар жан болатын. Қара көбейткен көптің бірі боп көлеңкеде қалмай, әскери, мемлекеттік іске белсене араласып, талай түрік мырзасы қажыр-дарынымен жарқырап көрінді. Империяға сіңірген айрықша қызметі үшін мәртебелі патша әулетімен теңестіріліп, аты орыс тарихында таңбаланған бабаларымыз қаншама! Юсуповтар, Токтамышевтар, Құтұшевтар, Құдашевтар, Сабуровтар, Урусовтар, Дәулеткелдиевтер сияқты қырықтан астам князьдар әулеті қаулап өсті. Бұлар – түпкі атасының аты-жөнін жоғалтпай иемденіп қалғандар. Ал шоқынып, христиан атына көшкендерде есеп жоқ. Орыс аристократиясының сүбелі бөлігін құраған Уваровтар, Иртищевтар, Орлов – Давыдовтар, Матюшковтар, Ростопчиндер, Вердеревскийлер, Ермоловтар, Арсеньевтер, Щербачевтар, Юзефовичтер, Зубовтар, Муромцевтар тәрізді толып жатқан графтар кешегі Алтын Орданың мырзалары болатын. Рязаньдік бояр атанып, князь Олег Ивановичпен бірге Дмитрий Донскойдың талай шабуылын тойтарған ержүрек Салих – Әмір



мырзаның (шоқынған аты – Иван Мирославич) бір ғана өзінің кіндігінен Анраксиндер, Вердеревскийлер, Базаровтар, Шишкиндер, Ханыковтар, Крюковтар, Дувановтар, Ратаевтар, Кончеевтер, Пороватыйлер сияқты графтар әулеті тараған. Міне, көріп отырсың, орыстың игі-жақсы дегенінің түбін қаза бастасаң, көбі өз бабамыз боп шыға келеді. Ол кезде Алтын Орда, Ақ Ордадағы иісі түрік яғни қазіргі қазақ, башқұрт, ноғай түгел татар атанған ғой. Орыс ішіне келіп сіңе бастаған ордалықтардың бәрін татар мырзалары деген. «Орыстың бетін тырнасаң, арғы жағынан татар шығады» деген мақал міне, осы заманнан қалған.

Бойына жаңа қан құйылып, Шығыс пен Батыстың мәдениетін қомағайлана сімірген Русь екі енені тел емген арда құлындай тез жетілді. Күн санап қуаттана берді. Оның үстіне орыс діндер ел еді, бір ғана православие дінін тұтынды. Алтын Орда заманында қағажусыз көркейіп, зор беделге ие болған шеркеу орыс қоғамын біріктіруші ұлы күшке айналады. Ал екі ғасыр дүниені дүбірлеткен жауынгер Орда ит үстінде қалғып кетті. Қанатының астына басқан балапаннан қос басты қорқау самұрық өсіп келе жатқанын сезген жоқ. Ең бастысы, бағынышты елдерін былай қойғанда, ұлы Орданың түп тірегі түріктерді тұтастыратын ортақ дін болмады. Өзбек хан енгізген ислам діні мемлекеттік идеология дәрежесіне көтеріле алмады. Ұлы Халифаттың солтүстік дарбазасы – Дербентке жетінші ғасырда-ақ жеткен хақ дін – шапағатты исламның Кавказ тауларынан бері қарай асуы күрт баяулады.

Керуендермен ілесіп Орта Азияның, Еділ бойының шаһарларына бірге-бірте қанат жайғанымен, мешіті жоқ Ұлы даладағы көшіп-қонған жалпақ елге пәрменді ықпал ете алмады. Нәтижесінде отырықшы түрік пен көшпенді түріктің арасында жік түсті. Шаһарлы, отырықшы елге дінмен бірге жаңа мәдениет келді, басқаша дүние таным орнықты. Ал далалықтар бұрынғы дәстүрлі мәдениет аясында қалып қойды. Оған дарынсыз, азғын хандардың тақ айналасындағы толассыз қанды қырғыны қосылды. Айналаға қарауға шамалары келмей бірін-бірі бауыздаумен болды. Іштен іріп, бір кезде Жошы мен Бату басын құраған біртұтас түрік милләті енді ұлт-ұлысқа бөлініп, тоз-тоз бытырады. Көк Орда, Қазан хандығы, Қырым хандығы, Өзбек хандығы боп әрқайсысы ірге ажыратып, жеке ту тікті. Сөйтіп, Алтын Орда заманындағы дәстүрлі татар атауын Қазан, Қырым хандығына біріккен түркілер иемденіп қалды. Ал Еділден шығысқа қарай ойысып, Ертіске дейінгі кең сахараны ен жайлаған Алтын Орданың көшпенді татарлары кейін келе қазақ атанып кетті.

Бойына қуат жиып, жерден бауырын көтерген Жаңа Руссия жас қабыландай жан-жағына көз аларта бастады. Әуелі қанды шеңгелін Қазанға созған, ол жұмырына жұқ болмай, іле-шала Қырымды тарпа

бассалып, жұмарлап астына басты. Бір қолын оңға созса, екінші қолын солға созды. Шөкімдей-ақ жасақпен Ермак Ертісті өрлеп барып, Сібірдегі Көшім ханды талқандады... Сөйтіп жеті басты аждаһа жолындағының бәрін жайпап жұтып, Шығысқа қарай жылжып келе жатты...

Айтты-айтпады не керек, ғасырға жетпес уақыт ішінде айдыны асқан түрік жұрты алтын басы иіліп, кешегі өзінің қара табан құлына қалай құл болғанын білмей қалды.

Мұхамедшенің сәл онаша қалса, айтатын әңгімесінің ұлы сарыны осы. Мың қайталаудан жалықпайды. Екі көзі жайнап, басқа бір дүниеде жүргендей толқып, шалықтап кетеді. Бірақ естір құлақ бітеу болған соң не шара. Жартасқа соққан айғайдай құр жаңғырық. Шәуәлиге мұның бәрі ертегі сияқты естіледі. Әдемі қиыстырылған әл-хисса, ертегі. Құлаққа тәтті. Көшке мінген жорға тайдың мойнындағы қоңыраудың сынғырындай ести бергісі келеді. Бірақ иланбайды, түбінде түйірдей бір ақиқат бар-ау деп ешенбейді. Сенейін деген күннің өзінде де кешегі өзі еңбектеп шыққан қазақтың құрым күркесі, жеркепесі мен орыстың күмбезі көкке таласқан шеркеулі шаһарының сән-салтанаты көз алдына қатар елестеп тұрып алады. Енді ертегі демей көр. «Бар болса соның бәрі қазір қайда?!» Кейде тіпті өз айтқанын дәлелдеуге тырысып әжектеген Мұхамедшеге қарап, осының есінде бір шалық бар ма деп күдіктеніп те қалатын...

Мұның бәрі – онашада Шәуәлиге ғана айтылатын әңгімелер.

Мұхамедше Байжанға онша іш бермейтін. Байжанның ауылда комсомол жетекшісі болдым, әйттім, бүйттім деп күмпілдейтінін ұнатпай ма, ылғи кекетіп, іліп-шалып отырады. «Иә-ә, комсомолым!» деп бастайды ылғи оған айтар сөзінің бисмилласын.

– Комсомолдың несі жаман екен?! – дейді Байжан шап беріп шатақ іздеп.

– Жаман деген кім бар? – Байжан ештеңе дей алмай сазарып қалады.

Ауыр шайқас болар алдында, шабуылға шығар сәтте көбінесе күрешкені орталап, таза ақ арақ береді. «Наркомовский» дейді. Көзің шырадай жанып, еліріп шыға келесің.

Байжан дыз етіп тез қызады. «Отан үшін!» «Сталин үшін!» деп окоптан атып-атып шығады. Етегінен тартып, әзер ұстайсың.

– Саған арақтың жартысын ғана беру керек! – дейді Мұхамедше күліп.

– Неге?

– Размерің келмейді. Кісінің жартысындай-ақ қанасың.

– Ой, әкеңнің... контра, атып тастайын ба осы! Сенің не деп оттайтыныңды білмейді дейсің бе?!!

– Қой, қалжыңды көтермейсің бе? – деп шыр-пыры шығып Шәуәли араға түседі ондайда.

Бір күні Байжан тағы да «Отан үшін!» деп еліріп ұшып тұрғанда оқ тигені. Баж етіп траншеяның түбіне құлап түсті. Құдай ондағанда, оқ майқұйрыққа қадалыпты. Сүйегі аман. Жаны мұндай тәтті болар ма, «өлдім, өлдім!» дейді етпеттеген күйі қалшылдап. Жанай кірген қозының құмалағындай қорғасынды Шәуәли бәкімен тіліп жіберіп суырып алған. Қанын жуып, арақпен тазалағанда жан дауысы шықты. Мұхамедшенің сонда да қалжыңы қалмайды.

– Әй, комсомолым, вәтән, вәтән дегенше күтәніңді ойламадың ба! дейді сылқ-сылқ күліп. – Вәтәнсіз қалғаннан күтәнсіз қалған жаман!

– Әй, әкенді... Өлгелі жатқанда қорлауын қарашы! – Байжан ызаға булығып үнсіз солқылдайды. Жарасы жеңіл. Екі-үш күннен кейін талтандап қайта қосылған қатарға.

Күзгі уақыт болатын. Жалаңдаған қара суық. Бір қар, бір жаңбыр. Күн көзін көрмейсін. Түйілген қара бұлт төбеңнен төнеді де тұрады. Соңғы кезде СМЕРШ-тің қияқ мұрт, сыз қабақ офицері жиі келгіштеп кеткен. Бір күні Мұхамедшені әй-шәй жоқ штабқа ала жөнелген. Қырық-жарық заттарыңды ала жүр деді. Соны естігенде Шәуәлидің жүрегі мұздап қоя берді. Мұхамедше сыр берген жоқ. Тек кетіп бара жатқанда сәл аялдап, қош дегендей қимастықпен мұңая қарады. Қайран Мұхамедшені ақырғы көргені осы болды.

Байжан екеуі дүрдеараз. Іштей бір арбасу бар. Шәуәлиді өзінше ықтырып алмақ. Сенің де қояң белгілі дегендей, кейде көзі қылланып қарап қояды. Мұхамедшенің түбіне кім жеткенін сұм жүрегі сонда сезген. Басын күрткемен бүркеп ап, өтірік ұйықтаған боп жатып бәрін тыңдап, ішке тоқи берген екен ғой залым неме! Шәуәлидің жаны түршікті. Сұмырай, сатқын деп тұмсығын бұзатын емес. Сыр берсең басына пәле. Көкірегіне кек түйіп қатты ширықты. Аяулы Мұхамедшенің обалын ойлаған сайын қаны басына шабады, ызадан қалшылдап кетеді, жо-жоқ, ол ғана емес, өз басының қауіпін күйттеген бір күдік күн сайын бел алып келе жатқандай ма, осы екі сезімнің қайсысы басым – білмейді.

Қыстың аязды күні еді. Бұлар бастарына дейін ақ бүркеніп, тұсау бойы омбы қарды кеуделей жарып, еңбектеп келеді. Жау бекінісіне таяған сайын оқ қарша борады. Бас көтертпейді. Қарыстап, сүйемдеп жылжиды. Оқ ысқыра жөнелгенде бұғып, қарға көміле қимылсыз қалады.

Май құйрықты қорғасын оқ анадағы бір сүйкеп өткеннен кейін Байжанның әпігі басылған. «Наркомовскийді» екі еселеп жұтса да,

«Отан үшінді» айтпайды. Сақ. Жаңа сол жақ қапталында қатарласа еңбектеп келе жатқан. Шегініп, кейіндеп қалыпты. Арқан бойына жетер-жетпес. Ойланған жоқ. Көзбен мөлшерлеп алды да, көздеместен автоматтың ұңғысын қолтық астынан кері кезеп, шүріппені басып қалды. Алға қарай серпіле жылжып, қылтиған түбіршекті сағалап, кейінге көз қиығын салғанда, қимылсыз қалған ақ кебіннің төбе тұсынан атқақтаған қан будақтап жатты.

## ЖАРАЛЫ ТУ

Екі жылдың ішінде Шәуәлимен бірге соғысқа кіргендердің тірі жүргендері бірен-саран. Қынадай қырылды, жараланып жарамсыз боп елге қайтты. Ауысып жатқан адамдар. Бүгінгі көргенің ертең жоқ. Әр шайқасқа кірген сайын ойсырап, азайған адамдардың орыны майданға жаңа алынғандармен толығып отырады. Әйтеуір Шәуәли өзінің осы күнге дейін қол-аяғы бүтін, аман жүргеніне таң. Жасқанып бұқпантайлаған емес, қызбаланған орынсыз батылдықтан да аулақ. Қалай дегенмен періште қағып жүр.

Совет әскері бел алып, қарсы шабуылға шыға бастаған кез. Бірақ жау тегеуріні өте мықты. Табаны тиген жерге тістей қатып бекініп алған. Жартыңды қырып барып, жарты қадам шегінеді.

Шілденің ыстығында стратегиялық мәні зор бір биіктікті алу керек болды. Созылған түйетайлы жота. Қыр арқасына жағалата окоп қазып, жау бекініп алған. Қатар-қатар қойылған пулемёттер бас көтерсең, баудай түсіреді. Төрт рет шабуылға шығып таулары шағылды. Сақылдаған пулемёттер жақындағандарын жусатып салды. Бұлардың батальоны гвардиялық батальон еді. «Полктың туына сендер ие боласындар» деді. Тудан айрылсаң, полк тарайды деген сөз.

Күн еңкейе «наркомовскийді» екі еселеп басып алып, қайта шабуылға шықты. Әр жерде бір түп бүрген өскен жалаң беткей. Қарауылға ілігер жерге жетсең болды, төбедегі неміс оқты қарша боратады. Бірақ арақ басына шауып еліріп алған совет әскері оған қарасын ба! Әлі есін жоғалтпаған шала масы еңбектеп, әбден масайғандары атып тұрып уралап ұмтылады. Баудай түсіп жатыр. Бәрібір тоқтамайды. Бірі құласа, екіншісі ұшып тұрады.

Шәуәли алға сұғынған жоқ. Өліктерді қалқаланып, сақтықпен жылжиды. Туды төбесіне ұстап еңбектеген жігіттер бірінен соң бірі сұлап жатыр. Желбіреген байрақ жырым-жырым – жау соны көздеп атады.

Құлаған туды Шәуәлиден бес-алты қадам жердегі бір жігіт іліп алған. Көп өтпей оған да оқ тиді. Ізіндегілер жуымайды, пәлесінен аулақ дегендей айналып өтіп кетеді. Шәуәли еңбектеп барып, өлген солдаттың үстінде қанға боялып жатқан туды өзіне тартып алды да, сабынан жұлып, гимнастеркасының ішінен беліне байлап алды.

Немістер жақындай бергенді оқпен жайпап жусатып салады. Жан-жағындағы етпеттеп жатқандардың көбі қимылсыз. Қатарлары обден селдіреген. Соны сезген жау біржолата таптап тастаймыз деді ме, бір кезде лап қойып шабуылға шықты. Бөгет бұзған қара тасқын жота басынан лақ ете түскендей, түйіліп қаптап келеді.

Ұрандаған айғай, ысқырған оқ, аспан асты тозаққа айналды да кетті. Бұлар зәре-имандары ұшып, қаша жөнелген. Шәуәли жанын шүберекке түйіп, бұқпантайлап зытып келеді. Төбесінен оқ зу-зу ұшады. Айналасындағылар ілгерінді-кейінді құлап жатыр.

Өлдім-талдым деп жарты шақырымдай жердегі қалың орманға ілінгенде қуғын тиылған. Осы састырғанымыз да жетер деді ме, немістер ары қарай ентелемей кері қайтты.

Тоз-тозы шыққан бұлар әр тұстан үрпиіп бас қосқан. Полктың жартысына жуығы қырылыпты. Екі иінінен дем алып, түтеп бір жақтан жеткен полковник келе дүрсе қоя берді. Жер-жебірлеріне жетіп, балағаттап алды да, құтысын жүн басқан аузына бір-ақ төңкерді. Жас баланың жұдырығындай шодырайған жұтқыншағы жоғары-төмен жүгіріп, қылқ-кылқ ұзақ жұтты.

– Су жүрек сорлылар, неге қашасындар! Осы қазір бір-бірлеп атып тастайын ба?! – деді шапыраштанған шағыр көздері шарасынан шыға шатынап. – Жоғарғы жақ бұл Биіктікті жиырма төрт сағат ішінде алуды бұйырып отыр. Бір қадам шегінуге рұхсат жоқ! Кәне, Сталин үшін алға!..

Қайта шабуылға шықты. Бұл жолы жігіттер арыстанша алысты. Өлген-тірілгеніне қараған жоқ. Арақтың буы мен кек араласқан соң неден тайынсын. Бірінің өлігін бірі таптап, өршелене ұмтылды. Сәті түсіп, қыр басына іліккендері кеудесімен дзодтың аузын жауып жатыр.

Мұндай көзсіз дүлейлікті күтпеген жау мықтап абыржыса керек. Тас бекінген окоптың ернеуіне ажалдың тырнағы іліккенін көргенде, бойларын үрей билеп, бей-берекет қаша жөнелген. Ақыры күн сңкейе Биіктікті алды. Аспан астын күркірете уралап жауынгерлер жота басына шыққан. Мәре-сәре. Біреуі:

- Ту қайда, ту? – деп айғайлады. Жұрт бір-біріне қарады.
- Жоқ!
- Жаудың қолына түсті.
- Айрылдық!
- Қап, енді қайттік!

Қуаныштың аптығы су сепкендей басыла бастаған кезде, елдің ең соңынан жеткен жайбасар Шәуәли қашанғы асықпайтын әдетімен беліндегі оралған туды жайымен суырып алған. Қыр басы қайтадан қуанышты «урамен» жаңғырықты. Бес-алты жігіт дереу Шәуәлиді көтеріп алып, ырғап-ырғап аспанға атты. Шәуәлидің қолындағы оқ тескен жаралы ту кешкі шапақпен алаулап лап-лап етеді. Әлгіндегі қаһарлы полковниктің қатулы жүзі майдай еріп мейірімге айналды. Құшағына айқара қысып, арқасынан қақты:

– Молодчина! – Жарайсың! Нағыз батыр екенсің! Ризамын саған! Отан сенің бұл ерлігіңді ұмытпайды!

Ертеңінде дзодтың аузын денесімен жауып мерт болған төрт жігіт пен Шәуәлиді «Қызыл жұлдыз» орденімен наградтау жөнінде ұсыныс жазып, дивизия штабына жіберген. Бірақ ол қағаздың қай жерге барғанда жолы кесілгенін кім білсін. Шәуәлидің өмір тарихындағы «кәкәйді» қырағы көздер сезіп қалып, жылы жауып қоя салды ма, сол күйі із-түзсіз су аяғы құрдым.

### **ЗЫМЫРАН ДЕГЕН БІР ҚҰС БАР...**

Биіктікті алғаннан кейін жедел түрде арттарынан тың күш кеп қосылған. Жау тегеурінге шыдамады. Табаны көк мұзда тайғанақтағандай жөңкіле шегінумен келеді. Өкшелей қуып бір үлкен өзеннің жағасына әкеп тықсырғанда жанталаса қарсыласқан.

Сұрапыл шайқас екі күнге созылды. Қып-қызыл тозақ. Бұлар бел ала бастаған бір сәтте жау авиациясы төтеннен киліксің. «Зымыран деген бір құс бар, жұмыртқасы темірден» дегеннің дәл өзі. Төбеңнен зуылдай ұшып, темір «жұмыртқасын» төгіп-төгіп өтеді. Шәуәли бомбалағыш ұшақтың дауысы жақындай бергенде, бұғып жата қалған. Астындағы қара жер кенет асаудың сауырындай тулап, өзінің аспанға қалықтап бара жатқанын біледі. Одан арғысы белгісіз...

Көзін ашқанда жер-дүние әлі теңселіп тұр екен. Айналадағы орман-тау тербеліп, бұлтсыз шақырайған аспан аударылып-төңкерілген айнадай ойнақшып-ойнақшып кетеді. Жоқ, теңселген өзі екен. Біреу сүйреп келеді. Брезент плащқа салып ап дырылдата сүйрелеген медсестра екен. Белуардан топыраққа көміліп жатқан жерінен қазып алыпты. Әуелгіде бетін топырақпен жауып кетейін деп ойлайды. Тамырын ұстаса, жаны бар боп шығады.

Шәуәли өлі мен тірінің арасында. Сәл көзін ашады да, қайтадан есенгіреп кетеді. Бүкіл денесінде жан жоқ. Бұлқынып арпалысып жатқан кайран жүрек қана.

Медсестра – шынашақтай орыс қызы. Бет-аузын жас пен тер ағытпаған кір-қожалақ. Әбден шаршап, әлі құрыған. Өрге келгенде алға қалып, жамбастап сүйрейді.

– Дяденька, какой ты тяжелый! Ағатай-ай, қандай ауыр едің! – дейді өксіп. Қозғаған сайын Шәуәлидің шыбын жаны шырқырайды.

– Ты, сука, не трожь меня! Қаншық неме, қозғама мені! – дейді ыңырси балағаттап. Қыз қайта-қайта тоқтап, құтысын ашып, бұнын аузына спирт тамызады.

– Дяденька, выпей хоть глоточку! Ағатай, ең болмаса, бір тамшы жүтшы!..

Оның себеі шамалы. Іші өрт боп жанып бара жатқандай. Кеудесін айнайын десе, қолдары қимылдамайды. Жаны сая таппай аласұрды. Өмірдің осы сәт көк тиынға да қерегі жоқ еді. Қайта, қайтсем тезірек күтылам осы азаптан деп жанталасты. «Ей, Алла, неге мені сонша қинайсың, алшы менің жанымды!» дейді ішінен жалбарынып. Есін жиган сәтінде.

– Где мой автомат? Автоматым қайда? – деді былдырлап.

– Зачем тебе? Оны қайтесің?

– Убей меня, сестра, умоляю, пожалей меня. Атып тасташы! Жалбарынам, аяшы мені. Сестренка, прошу тебя. Қарындасым, өтінемін сенен! – Шын жалынып өксіген, көзінен жас шықты ма білмейді.

– Дяденька, милый, потерпи еще чуть-чуть, вот уже добрались. Ағатай, айналайын, шыдашы, міне-міне таяп қалдық!..

Жалынғаннан түк шықпасын білген соң Шәуәли ышқына кырылдады:

– Стреляй же, сука, стреляй, шо ты медлишь, не мучи меня! – Ат дедім ғой, қаншық, ат, неғып тұрсың! Неге қинайсың сонша!.. Қаншық, неғып тұрсың, ат дедім ғой, ат! – Көз алды бұлдырап, қап-қара түңғиыққа құлап бара жатты.

Қанша уақыт өткені белгісіз. Көзін ашса айналасы аппақ. Үйдің ішінде, арқалығы қаңқайған темір кереуеттің үстінде жатыр. Төбе де, қабырға да аппақ. Арлы-берлі жүрген ер-әйелдер түгел ақ киген. Ауыр жаралыларды самолётпен тылдағы госпитальға әкеліпті. Бүкіл денесі дәкемен шандулы. Кең залдың іші төрт қатар тізілген кереует. Әр тұстан ыңырсып, шыңғырып қиналған дауыстар естіледі. Көзін ашқанын көріп қуанғаны ма, қорыққаны ма, бір егде медсестра бақырайып сәл тұрды да, босаға жақтағы стол басында әлдене жазып тұқшыып отырған көзілдірікті еркекке қарай асығыс тыпындай жөнелді. Дәрігер қолдары ұзын, еңкіш денелі, қартаң кісі екен. Жайбарақат басып жанына келді де:

– Ну, как, солдат, очнулся? Слава Богу! Қалай, солдат, есінді жидың ба? Құдайға тәуба! – деді көзілдіріктің томпайған қалың шынысынан жып-жылы нұр шашырап. Шәуәлидің сөйлеуге халі жоқ. Сәл ыржиып жымиған болды. Соның өзіне төбесіне тебен шаншығандай солқылдады.

– В рубашке родился. Держись, браток! Су ішкілігің бар екен! Қайраттан! – Дәрігер оны-мұны жерін қарап, медсестраға әлденелерді тапсырды да кетіп қалды. Неге «қайраттан» дегенінің сыры көп өтпей белгілі болды. Әбден ес жиып, денесін қимылдатуға жарағандай кезде байқаса, оң жақ сирағы жамбастан төмен біртүрлі жансыз сияқты. Сипалап еді – шоп-шолак. Тізеден жоғары, тоқпан жіліктің жарты қарыстай ұшынан бастап жоқ. Жаны ышқынып шыңғырып жіберген:

– Аяғым қайда? Аяғым!!!

Дәрігер жүгіріп келіп кеудесінен басты:

– Сабыр ет, бауырым! Тыныштал!

– Аяғымды неге кестіңдер? Неге?

– Тірі қалғаныңа тәуба де!

– Бүйтіп тірі қалғаны құрсын, өлгенім артық еді!

– Олай деме. Жаман болсаң да аман болғанға не жетсін. Протез салып алған соң, өз аяғыңнан кем болмайды. Талай тойда билейсің әлі! – Дәрігердің жорта ойнақы демеуі Шәуәлидің құлағына кіріп-шығып жатқан жоқ. Бакырып, жұлқынып тоқтамай қойған соң: – Әй, жігітім, өзің еркек емес екенсің ғой! – деді дәрігер катулана зекіп. – Неменеге қатын құсап бажылдай бересің? Жараланған жалғыз сенбісің? Қарашы, міне айналана. Сенен де күні төмендер қаншама! Екі аяқ, екі қолы жоқтар да жатыр ғой, әне, самауырдай боп. Солардан әулиесің бе? Соғыс кімді аясын. Жаныңды олжа көр, бауырым!

– Жоқ, өлем, өлем!

– Өлсең өле бер! Сен өлді деп дүние қараң қалмас! – Дәрігер қолын бір сілтеді де, халатының екі етегі екі жаққа жайылып, жұлқына басып ұзай берді.

Шәуәли арпалысып, өксіп жатып біраздан соң тыншыған. Содан бір күн, бір түн бойы нәр татпастан, тіл қатпастан төбеге қарап мелшиген күйі сазарып жатты да қойды...



## ҚҰМАЛАҚШЫ

Шәуәлидің анасы Күләнда елудің жуан ішіндегі қайратты адам еді. Шашы аппақ қудай, жұқалтым, қоңырқай өнді. Балпаң-балпаң басатын мол пішілген бәйбішенің қазір қырып алар қызыл еті жоқ, жынғыл таяқтай қатып алған. Жұмыр басы не көрмеді? Заманның сұрапыл дауылы шаңырағын ортасына түсіріп, отының күлін көкке ұшырды. Күйеуінің жат жерде айдауда жүріп өлгенін естіп, жалғыз ұлдан ірідей айырылып, жылай-жылай көз жасы сарқылғаны қашан, өлмеген соң ілініп жүре береді екенсің. Аяқ-қолында қыбырлаған құр жаны бар демесең көкірегі өшкен. Ештеңеге селт етпейтін меңіреу, селқос. «Осы мен кімге керекпін, неге өлмеймін!» дейтін кейде кейіп. Сөйтіп жүргенде, кебінге орамаса да, күдер үзіп жоққа санаған баласынан аяқ астынан хат келсін! «Сталин кешірім жасап, майданға алындым!» депті. Ел «баламыз соғысқа кетті» деп жыласа, бұның «балам соғысқа кетті» деп қуанғаны-ай сондағы! Сол сәттен бастап үміт шырағы қайтадан жанған жылтырап.

Соғыс басталғаннан бері тірліктің бар ауыртпалығы бала-шаға, көрі-құртаңның иығына түсті. Күләнда да майлық-сулық боп колхоз шаруасының бір шетінде жүр. Пішен шауып мая салды; қырман басында бидай ұшырды. Белі шойырылып қой қорада қи ойғандағы азабын айтсаңшы. Былтыр күзден бері арбакеш. Көл жағасындағы кеме тоқтайтын порттан өгіз арбамен солярка тасиды. Колхоз бен аралық елу шақырымнан асып жығылады. Өгізді парлап жегіп, Алтын деген пысық, жас келіншек екеуі екі арбамен кіре тартады. Әр арбаға екі жүз литрлік темір бөшкеден төртеу тиейсің. Келерде жеңіл келгеніңмен қайтарда жүріс өнбейді. Жүк ауыр әрі жол қайқаң. Бір-бірімен мінгесіп-ұштасқан жатаған қырларды бауырлай өрлеп отырасың. Жауын-шашынға ұрынсаң сорың.

Соғыс қалжыраған елдің қаймағын қайта-қайта сыпырып алып жатыр ғой. Ер азаматпен бірге колхоздың жегуге жарар жылқысына дейін майданға алып бітірді. Қой күзететін ит екеш ит те қалған жоқ. Үдейі үйретіп, беліне гранат байлап, жау танкісінің астына жіберетін көрінеді. Ит-құс қазір колхоздың азын-аулақ қой-ешкісіне тапа-тал түсте шауып, басынып алды. Ендігі плугқа жегетінің де, арба-шанаға жегетінің де өгіз ғана. Қысы-жазы мойынтұрықтан босамайтын бейшара жануарларда қай бір күй болсын.

Бұлардың өгіздері ыңыршағы айналған арық. Әбден қалжыраған. Әсіресе Бүйректің қайқаңына келгенде соры қайнайды-ау. Ондайда қыр басына екі арбаны кезектесіп шығарады.

Күлөнда бишік үйіріп, ақырып, демеп өгіздерді айдайды. Алтын қайратты, мықшындап арбаның артынан итереді. Әбден машықтанған. Арбаның үстіне алақандай-алақандай тас салып алады да, әупіріммен сәл жылжи қалса, қайта шегініп кетпесін деп дөңгелектің астына төсей қояды. Сөйтіп қарыстап, сүйемдеп жылжып, өлдім-талдым деп қырқаның шоқтығына ілігеді-ау, әйтеуір. Жер су болса, шоңқайып отырғаның. Өгіздер тайғанақтап жүре алмайды. Амалсыз арбаны қаңтарып қойып, жолдың дегдуін күтесін. Кейде иен далада бірер күн ерулеп қалатын кездері де болады.

Бүгін колхоздың ауласына түс ауа жеткен. Бөшкелерді қоймаға өткізіп, арбаны сол жерге қаңтарды да, өгіздерді отқа жіберді. Ертең алақөбеңнен тағы да жолға шығулары керек.

Күлөнда үйге келсе, шоланның алдындағы дөнбекте өңкиіп Әмір-кожа отыр екен. Анандайдан көріп іркіліп қалды. «Япырай, мына кісіге не шай берем?..» деді уайымдап. Оның үстіне сілесі қатып өзер тұр, шай-суанын іше сала жата кетсем деп ойлаған.

– Қиналма, шырақ, – деді Әмір-кожа ойын оқығандай аман-сәлемнен соң. – Мына Хамзаға шашымды алдырайын деп келіп едім, үйінде жоқ екен.

Хамза – Күлөнданың ағасы, үйлері жапсарлас. Есіктің аузындағы шандып байлаған кендірді шешіп:

– Үйге жүріңіз, – деген.

– Кіре бер. Салқында кішкене отыра тұрайын.

Бірнеше күн есік-терезесі ашылмаған үйдің іші қауыс, тактайсыз жер еден дымқыл тартып, көк иістеніп тұр. Терезенің пердесін ашқаны сол, үйездеген кара шыбын быж етіп көтерілді.

Сырттағы ошаққа от жағып, шай қойды да, тездетіп үй ішін жинастырды. Жайшылықта өзі көбіне ақ су іше салатын. Кейде аузының дәмін алу үшін құрғақ пияздың қабығын қосып, қызарғанды дәтке қуат қылатын.

Баяғыда бір шешелері «былтырғы алған «шетмушке» шайдан қалғаны міне «өсмушка» ғана, бұл үйге не шақ келеді» деп кейіпті ғой. Сол айтқандай, қыста колхоз еңбек күнге деп берген жарты тақта тас шайдың кесе түбіндегі тұқылын шүберекке орап жасырып қоятын. Соны көрпенің арасынан алып, жүзі шидей боп желінген ескі пышпақпен шетінен қос шымшымдай үгітті. Анау-мынау кісіге қимайтын-ақ дүниесі, бірақ ойындағыны оқып қоятын мына қызыл көз пәле: «Пай-пай, кешегі жорға мініп, жүйрік жетектеген көпестің бәйбішесі деп кім айтады. Шөкімдей шайынды аяп отырсың ба? Көк көрпенің арасындағы түйіншегіңді шығарсаңшы!» десе, тірідей жерге кіргені емес пе!

Әмір-қожадан шынымен сескенеді. Арқасы бар аруақты адам. Жұрт Қара бақсы дейді. Бірақ зікір салып, бақсылық құрған емес. Көңілі түскенге ғана құмалақ ашатыны бар. Жас кезінде ақ қардың үстінде жалаң аяқ жүргенін талай көрген. Қазір де қысты күні қымтанып жылы киінбейді. Сартылдаған сары аязда көйлек сыртынан жалаң іле салған жұқа сырманың өңірінен, хұдауанда, буы бүрқырап келе жатады.

Атасы Әли-қожа аруақты қобызшы болыпты. Қобызын бәйгеге қосқанда, жүз аттың алдында келген деседі. Жаңа үкімет Әмір-қожаны да қырына алған. Қожаның тұқымы, бақсы, көзбояушы деп бірнеше дүркін абақтыға қамайды. Бірақ қалай құлыптаса да, есікті ашып шығып кете беріпті. Ақырғы рет ұстағанда, милиция бастығы ақырып боқтаса керек. Әмір-қожа үндемейді. Бетіне тесірейе қарап, ішінен күбірлеп дұға оқыған екен, әлгінің сол жерде аузы қисайып қалыпты. Содан қайтып Әмір-қожаға милиция жолаған емес.

Мосыдағы шәугім ызылдай бастағанда, леген, құман апарып мейманның қолына су құйған. Әмір-қожа дөнбекте отырған күйі сңкейіп, жеңін шынтағына дейін түрініп, дәрет алғандай баптанып беті-қолын ұзақ жуынды. Кеңірлегіне қақала біткен ақшулан қаба сақалын саумалай сығып алды да, беліндегі шиыршықтаған қара сөтен белбеуін ағытып, бір шетімен бет-аузын сүртінді.

Дастарханға барын қойды. Қуырылған бидай, тарының кебегі, андасанда шұқып жеп жүрек жалғап жүрген бүйеннің құрышындағы қасық басындай сары майын да төңкеріп тәленкеге салды.

Әмір-қожа қара шайды терлеп-тепшіп ұзақ сораптады, асқа сұғынған жоқ. Дастархан жиналған соң:

– Әй, қыз, қиналып жүрсің, ә? – деді дауысын соза, іргеге шегініп.

– Құмалақ ашып берейін, таза шүберек жайшы.

Бұл кісі көңілі түскен адамға ғана құмалақ ашатын. Қуанғаннан дегбірі қашып кетті. Шалының Бұхарадан әкелген жайнамазын шаң жуытпай орап, таза жерге тығып қоятын. Бетіне мешіттің суреті орнектеліп, алтын зермен аят жазылған кілемшені алдына жайды. Әмір-қожа жайнамазды жерден көтеріп, бетіне басып, теңселіп біраз отырды:

– Қасиетіннен айналайын Меккенің иісі шығады! – Содан соң қайтадан жерге жайды да, үстіне құмалағын шашып жіберді.

– Балаң жатыр, – деді бытырай түскен құмалақтарға қадалып.

Күлөнда шошып, демін ішіне тартып отырып қалды.

– Қорықпа, тірі. Бірақ қазір шалқасынан жатыр.

Күлөнда қуанарын не қорқарын білмей дал. Әйтеуір тірі дегені ләтке қуат. Құмалақшы жайнамаздан назарын көтеріп, бұған тіктелді.

Түксиген биік қабақ қара сұр жүзі сұс жинап, меңірейіп алған. Мөлт-мөлт еткен тостағандай қара көзінің тұңғиығынан лыпылдап бір от ояныпты. Бұған қадалғанмен басқа бір әлемді, басқа бір елесті көріп тұрғандай.

– Балаң екі ай жеті күннен соң келеді. Осы айтқаным есінде болсын, – деп қайтадан құмалаққа бұрылды. – Екі қолтығынан екі жолдасы сүйеп әкеледі. Күн бұлынғыр, жаңбыр себезгілеп тұрады екен. Не ер азамат емес, не бала емес біреу жалғыз ізді, екі аяқты көлікпен келіп сенен сүйінші сұрайды. Мына сырлы сандығыңның алдыңғы оң жақ бұрышынан күрән атласқа оралған ақша алып бересің.

Күләнда бағанадан бері жақсы лепеске ешеніп ұйып-ақ отыр еді, дәл осы жерге келгенде мырс етіп жібере жаздады. «Ой-бу, бейшарай, бұдан да аруақ қаша бастаған екен!» деп ойлады іштей. Қайдағы ақша! Ақша түгілі ақшаның атын естімегелі қай заман! Жыл-он екі ай еңбек күніне сары дәптерге айбақтатып таяқша ғана жазады. Колхозға көмір баржа арқылы қаппен келетін. Қатаң түрде есеппен қабылдап алып, есеппен өткізесің. Кейде еңбек күнге сондай кенеп қаптың бір-екеуі тиіп, көйлек қып кисең үлкен олжа.

– Күлме! – деді Әмір-қожа ойын оқығандай сабырлы үнмен. – Осы айтқаным келмесе, енді қайтып құмалақ ұстамаймын! – Мәре-сәре үлкен той болады. Ірі қарадан кіші, бірақ мүйізі бар мал соясың!

Күләнда құмалақшының сөзінен біржолата күдер үзді. «Мал түгілі ақсақ тауығы жоқ, несін соймақ. Алжасқан байқұс қисынсыз сандырақтай береді екен-ау!»

– Мен сол күні той үстіне келемін. Күт! – Әмір-қожа құмалағын шытына түйіп қалтасына салды да, созаландай орнынан тұрды. Ұзын денесі ирелендеп есіктен шығып бара жатып: – Қайыр, хош! – деді.

Күләнда құмалақшының қисынсыз сәуегейлігіне бәрібір иланған жоқ. Бірақ, неге екені белгісіз, әлдебір жақсылыққа емексіп, күндерді іштей санап жүрді.

Дәл екі ай, жеті күн дегенде, расында да күз бойы тамшы тамбай ақшырайған аспан таң атқаннан бұлынғыр тартып, ауық-ауық сіркіреп тұрды. Күләнда бүгін үйде еді. Парға жеккен өгіздің бірі ақсап жүре алмай ит әуремен таң ата әзер жеткен. Құмалақшының баяғы айтқаны есіне түсіп, онша сенбесе де жүрегі біртүрлі өрекіп байыз таба алса, кәне!

Сілесі қатып шаршап келсе де төсекке жантайғанмен көзі ілінбеді. Үй ішінің оны-мұны бірденесін істейін десе, оған да құлқы жоқ. Қайта-қайта елеңдеп тысқа шығады. Қарсы беткейден құлайтын қасқа жолға қарайды, қабағын калқалап ұзақ үңіледі. Жылан құйрықтанып

көкжиекке сіңген жолдың ұшына көзі жетпей бұлдырап-бұлдырап кетеді. Түс болды. Бесін ауды.

Әмір-қожадан аруақ қашып, құмалағы өтірік сөйлейтініне көзі енді анық жеткен. Көңілі жабырқап қатты құлазыды. Төсектің үстінде жастықты құшақтап ұйқылы-ояу сүлесок жатқан. Кенет:

– Күләнда апа! – деген әлдекімнің дауысы шықты. Жүрегі дүрс-дүрс соғып, орнынан ұшып тұрған. Апалақтап сыртқа ұмтылды. Түреннің құлағын ұстап жігіт боп қалған он төрт-он бестердегі әлгі Нұрғалидің ұлы екен. Осы ауылдағы жалғыз велосипедке мініп алыпты. Көлеңкеде үстіне киіз жауып, мәпелеп ұстайтын ана шотауат сығыр мұны қалай қиып берді екен десеңші!

– Апа, сүйінші, сүйінші! – деді беті тілім-тілім жарылған сары жағал бала сойдақ тісі ақсиып. – Шәуәли ағам келе жатыр! Жаңа ғана Қайыңдыға кетіп бара жатқан біреулер ат арбамен бригадаға әкеп тастады. Велосипедке міне сап, осылай қарай ұштым. Сүйіншімді беріңіз, сүйіншімді!

Күләнда тізесі дірілдеп отыра кетті. Қайтадан ұшып тұрды. Жүгіріп үйге кірді. Қолына ештеңе түспей шыр айналып жүр. Не берсе екен? Айтпақшы, аяқ астынан құдай жарылқап, жақында колхоз сыйлық ақша берген. Ұлтарактай екі жасыл қағаз. Күйеуі айдауда өліп, ағасы қолына көшіріп алғаннан бері екі үйдің қазан-ошағы бір. Тапқан-таянғанын жеңгесінің қолына әкеп беретін. Не нәрсені болса да сол кісінің ақылымен істейтін. Сол әдетімен сый ақшасын әкеп беріп еді, Хамза ағасы: «Өзіне керек болады, бір жерге сақтап қой» деп, көзі жайнап қолын соза берген жеңгесіне алғызбай қойған.

Жеңгесі – қырық жылғы қикым-сиқымды бүктеп, дорбаға тыға беретін ұқыпты, пысық кісі. «Мә, мынаған орап қой» деп бет орамалдай күрең атластың қикымын берген. Сол есіне түсті де, сандықты ашып, күрең түйіншекті тұтас күйінде балаға ұстата салды.

Жүгіріп қайта далаға шықты. Өгіз арбаның алды-артында ұбап-шұбап анандайда бір қора адам келеді. Күләнда шыдай алмай жүгіре жөнелген. Таяй бергенде арбадан Шәуәли түсті. Екі қолтығындағы балдағы сықырлап, қарсы ұмтылды.

Аналы-балалы екеуі құшақтары жазылмай үнсіз ұзақ кемсендеді.

Күләнда бір жылап, бір күледі. Көзінен ыстық жасы тоқтар емес.

Аядай ауыл лезде құлақтанып, көрші-қолаң ағылып келіп жатыр. От жағып, қазанға қара суын құйып, ошақ басында шырқөбелек жүгірген Күләнда «япырай, мына жұртқа үйдегі бір уыс бидайым бір түйірден де жетпейді ғой» деп абыржи бастаған. Сөйтіп тұрғанда, ауыл шетіндегі Сәрсенбай шал сауып отырған жалғыз қара ешкісін бақыртып мойнына көтеріп алып келді. «Шәуәлижан келгенде

соймаған малды қашан соямыз? Өшкен жанып, өлген тірілді деген осы емес пе!» деп сол жерде бата жасап, бауыздауға кірісті. Не керек, айналайын ағайын тік көтеріп әкеткен. Әркім үйінде барын әкеп, лезде дастархан жасап тастады. Арақ та табылды. Мәре-сәре кәдімгі той. Астауға етті түсіре берген кезде, Қара бақсы сап етіп жетіп келгені. Үлкен қара көздері мейірім төгіп, босағадан бері озбай жымып тұр:

– Уа, жамиғат, орта толсын!

Күлөңда қолындағы астауын жерге қоя сала:

– Ағатай-ай, шын әулие екенсіз! – деп құшақтай алды...

## ТӘУБА

Қара бақсының сәуегейлігіне кейін Шәуәлидің өзі де куә болған. Ұмытпаса, елу төртінші жылдың жазы. Бұл поштада көшір болатын. Ауданмен екі араға хат-хабар, газет таситын. Бастығы – Таисия Ивановна деген жуан сары қатын. Мұрыны қайқайып аспанға ілініп қалған бір кербез, көкірек. Байы колхоздың парторгі, өзі поштаның бастығы болған соң кімді менсінсін. Кісінің сәлемін алуының өзі садақа бергендей. Әсіресе орысша жөнді білмейтін шала сауат қазақтар бланка толтыра алмай қиналып, не бірдеңені түсінбей қайта-қайта сұраса, тасырандап, ызбарланып, «құдайым-ай, қандай сорлы, жабайы еді!» дегендей жек көрінішпен қарайтын.

Ол кезде колхоздың ақшасы, кассада сейф болмағандықтан, поштада сақталатын. Әдетте көп ақша ұстамайды. Айлықты әкелген бойда елге таратып беруге тырысатын. Бір жолы айлық ақшаны ауданнан кеш бата әкелген соң, таңертең берерміз деп сейфке салып қойған. Ертеңінде келсе, сейф ашық-шашық. Сыртқы есіктің құлпы орнында, терезе аман. Он бес мың сомды жым-жылас үптеп кетіпті. Таисия Ивановнада ес-түс жоқ. Екі көзі бұлаудай қып-қызыл. Ауданнан милиция шақыртып, итпен іздеттірді. Ешқандай нәтиже жоқ. Заң қатты. Ақшаны бір айдың ішінде орнына саласың, әйтпесе сегіз жылды мойнына киіп, түрмеге кетесің деді. Жаны мұрнының ұшына келіп сасқалақтаған Таиса Ивановна:

– Саша, сендердің әлгі шамандарың бар еді ғой, ясновидец, көріпкел, соған барып бал аштырып көрейікші? – деді иегі кемседеп. Күйеуі де сүмірейіп басын шұлғыды. Құдай, дін, әсіресе мұсылман десе жыландай жиырылатын қаһарлы парторгта жайшылықтағы сұс жоқ.

Әмір-қожа басқа колхозда тұратын. Екі ара отыз шақырымның үстінде. Тарантасқа атты парлап жегіп, Таисия Ивановна екеуі жол-

ға шыққан. Сұлыға бөккен тоқ жарау қос қара-көк аяқты құлаштап тастап, сар желді де отырды.

Бұлардың жолға шыққанын Әмір-қожа бірден сезеді. Соңғы бір айдан бері ауыру мендеп төсек тартып жатқан еді. Кемпіріне:

– Шәуәли келе жатыр. Жүрісі суыт. Көп отырмайды. Шайынды кой, қазаныңды көтер, – дейді.

– Жанды алмай қоя тұршы. От алып жүрмеген шығар. Келген сон да үлгіреміз ғой!

– Мына найсап не дейді! Асығыс келе жатыр, сенің тамағың қашан піседі деп қарап отырмайды. Бол деймін, бол! – Жанындағы таяғын алып, жайбасар кемпірдің бүйірінен қайта-қайта нұқып, тұрмасына қоймайды. Тізесінің сары суы бар кемпір ақсандап, аһылап-уһілеп тысқа шығады. Кісі келе қоярына онша сеніңкіремей, әрі ұнның арасына салған жалғыз қазысын қиыңқырамай, от жағып, қазанға су құяды да қайта үйге кіреді. Босағадан аттай бергенде көзі ежірейген шал:

– Әт-тәңа нәлет! – деп таяғын жіберіп қалады. Кемпір:

– Ойбай! – деп отыра кетеді. – Не болды!!

– Қонақтан аяған қазынды итке бересің бе? Сал тез!

Шәуәлилер келгенде сүрі қазының иісі күндік жерден мұрын жарып, шай қайнап дайын тұр екен.

– О, апа, қонақ келетінін білгендей әзір отырсың ғой тіпті.

– Е, білмегенде, шалы құрғыр, «Шәуәли келе жатыр, тамағыңды ас!» деп жаналқымнан алған жоқ па! Жемеген таяғымды да жеп алдым. Алла, білегім-ай, сындырып жібере жаздады ғой. Көзіме тимей қалғанын айтсаңшы!..

Шәуәли Таисия Ивановнаны сыртқа тастап, өзі «Ассалау-мағаликумін» әндете созып, ішке кірді. Қария жүдеп қалған екен. Ұрты суалып, малдас құрып, арқасына жастық қойып, тамға сүйеніп отыр. Нұрлы қара көздерінің жиегі кілегейленіп шүңірейіп кетіпті.

– Жаман неме, қайбір менің көңілімді сұрап келдім дейсің! – деді алқымына кептелген ақшулан қауға сақалын саумалай бір сипап алып. – Ана сырттағы сары қатынды шақыр. Соның шаруасымен келдің емес пе!

Таисия Ивановна емтихан тапсыруға келген шәкірт қыздай саусақтарын сытырлата қысқылап, дірілдеп-қалшылдап әзер кірді. Амандасып, «аташка» деп жалпылдап жатыр. Әмір-қожа құмалақты ақ шаршы матаның үстіне шашып жіберді де салған жерден:

– Жоғың табылмайды. Бос әурешілік! – деді. Таисия Ивановна кескен теректей шарқ етіп шалқасынан түсті. Басын жерге ұрып, өкіріп қоя берді.

– Жылама! – деді Әмір-қожа дауысын қатайтып. – Сотталмай-сың, ойламаған адамдар көмектеседі.

Таисия Ивановна жылауын тиып, басын көтерді.

– Рас айтасың ба, аташка?!!

– Бұл – тәубаға түссін деп саған Құдайдың жіберген зауалы. Көзіңнің шелі өскен, тым өркөкірек екенсің... Ұры алыстан келген жоқ, жақын араласып жүрген өз туыстарыңның бірі. Одан еш күмәнданбайсың, тек он бес жылдан кейін бір-ақ білесің!..

Таисия Ивановна расында да сотталған жоқ. Шәуәли бас болып, екі-үш сөзі өтер жігіт үйді-үйді аралап, ағайынға қолқа салып, жылу жиған. «Жақсы-жаман болсын, ауылымыздың адамы, шиеттей балаларын шырылдатып түрмеге жібереміз бе, ел емеспіз бе!» деген.

Айналайын ағайын сөзге келген жоқ. Айлық алатын күні Шәуәли қағаз-қарындаш алып, қассаның алдында тұрды. Жалақысы отыз жеті сом болатын. Өзі бірінші боп сол ақшасын түгел ортадағы қағаз қорапқа тастады. Әркім өз шама-шарқынша қосып жатыр. Сырт айналған ешкім жоқ. Сондағы Таисия Ивановнаның босағада тұрып алып, көзінен ыстық жасы сорғалап, сыртқа шыққан әр адамның қолын сүйіп, шоқынып, солқылдағанын көрсен!

Сол ыстық жас көкірегіндегі бүкіл кірін жуып кеткендей. Сол күннен бастап одан ақжарқын, біреуге бірдеңе қажет десе жалбырақтап елден бұрын шабатын одан қайырымды адам болған емес.

Ұры ақыры табылмады. Айтса айтқандай, МТС-те механик боп істейтін етжакын араласып жүрген өзінің немере інісі он бес жылдан соң Херсонға көшіп кетіп, екі этажды үй, «Волга» сатып алғанын естігенде, Таисия Ивановна санын бір-ақ соққан...

## БІР ЖҮРЕК

Үркер иыққа көтеріліпті. Қара-көк аспан тұңғық тартып, биіктеп кеткен. Қадау-қадау шашылған жұлдыздар әлсіз шаңытып, қалтырап тұр. Айнала түксініп, қараңғылық қоюлана түскен. Жаңағы бір әзірде тікенектеніп, сай қолтығынан ызғырық лекітіп еді, аула ішіндегі ағаштардың жапырағы тыпырлап, өрік-алманың топ-топ түскені естілген. Енді сап. Таң алдындағы тыныштыққа бөгіп, ұлы шаһар ұйықтап жатыр.

Бахтияр жастықтан басын көтеріп, тағы да темекі тұтатты. Ұйқысы келер емес.

– Түү, шылымды көп шегеді екенсің, түге! – деді көрпені иегіне дейін тартып, қымтана түскен Шәуәли жақтырмай.



– Қазір жай жиілетіп отырғаным ғой. Әйтпесе екі күнде бір пәшке ғана.

– Бұл құрғырға көп әуестене берме. Өкпенді ыстағаннан басқа не она бар!

– Мына әңгімеңізден кейін қалай темекі тартпайсың? Бүкіл қаным ойнап кетті ғой. Жүз грамнан тартып жіберсек те артық болмас еді.

– Қой, құрысын, түн ортасында ыдыс-аяқ сылдырлатып жүрген келіннен ұят емес пе! Мына ақсақ қақпас алқаш екен демей ме!

– Ой, көке-ау, осы уақытқа дейін қалай білмей келгенмін? Көрмегеніңіз жоқ екен ғой!

– Алланың бергеніне шүкір! Бұл күнге жеткен де бар, жетпеген де бар.

Бахтияр басын шайқап, кекете мырс етті:

– Өмір бойы шеккенің азап, көргенің қорлық! Соған да ризасың ба?

– Е, шырағым, жақсы-жаман болсын, бұл менің өмірім ғой. Басқа өмірді маған кім береді? Пешенеге жазылғанды көрдік, заман солай болды, көппен көрген ұлы той. Өзіміз де сау сиырдың боғы смеспіз. Тек жүрсек, тоқ жүрер ме едік! Бірақ бәрі, көрінді өкіргір, Сталиннің лаңы ғой!

– Сталиннің заманын бір біз ғана емес, мына қасымыздағы өзбек пен тәжік те басынан кешті емес пе. Неге олар бірін-бірі ұстап берген жоқ, неге бірін-бірі аттыртып, айдатып жіберген жоқ?

– Олар Құдайдан қорықты.

– Біз ше? Құдайдан қорықпайтын «батырмыз» ба?

– Ондай «батырлығымыз» бар. Жүрегінде иман, Алланың шапағаты ұялаған адам қиянатқа бармайды, әрқашан обал, сауапты ойлайды. Ал, біздің бос жатқан көкірегімізге Ленин мен Сталин кіріп алды. Ойлап отырсаң, қазақтың күллі соры Құдайсыздығынан екен ғой. Дінсіз адам ештеңеге сенбейді, ештеңеден именбейді, сата да салады, ата да салады.

– Дұрыс айтасыз. Мына алақандай Ауғанстанға қараңызшы. Иман-сенімнің күшін солардан көруге болады. Мешеу, қайыршы ел. Тілі, тегі бөлек қырық жамау жұрт. Бірақ дін-ислам деп соққан жүрегі бір. Міне, сол «жабайы» елді мұздай қаруланған совет әскері он жыл соғысып жеңе алмай, ақыры кері қайтты. Өйткені, олар жерімізді шуралы – кәпірлерге тапталпаймыз деп басын өлімге тігіп, қазауатқа шықты.

– Баяғыда, майданда, жүргенде Мұхамедше бейшара бұл секілді әңгіменің талайын айтатын. Надан көңілмен соның бірі де құлаққа конды ма. Көкірегі сайрап, бәрін біліп тұр екен ғой. «Орысты тұтастырып держава қылған шеркеу – дейтін. – Ал Атын Орда әскері күші жағынан әлдеқайда құдыретті болса да тұтынатын

ортақ діні болмағандықтан іштен іріп, ыдырап көп өтпей кешегі өзі билеп-төстеген елдердің табанына түсті!»

– Расында діннің біріктіруші ұлы құдыретіне жете мән бермейміз! – деді Бахтияр алақандарын желкесіне аяқастырған күйі жастыққа шалқалап. – Дініне берік қай халық біз сияқты азып-тозды? Оларда ана тілімізді ұмыттық, мәдениетіміз тоқырады деген проблема атымен жоқ.

– Е, шырағым, ойлай берсең, уайым көп қой, қайсыбірін айтарсың. Осыған да шүкірлік. Әйтпесе өстіп араларыңда жүрем деп ойладың ба? Күпірлік болса да айтайын, немістің соғыс ашқаны жақсы болды ғой. Әйтпеген күнде сүйегім қарға-құзғынға жем болып, «итжеккеннің» қай бұтасының түбінде қаларын кім білсін. Шыбын жаным шықпаған соң майданнан жарты тәнімді болса да сүйретіп тірі келдім. Хұдауанда, сегіз жерден жарақаттанып едім, сол нышан болды ма, сегіз перзент сүйдім!

Жас кезінде көкесі туралы ел ішіндегі қаңқу сөзді талай рет құлағы шалған. Сол есіне түсіп, Бахтияр мырс-мырс күлді:

– Нағашы, денеңізде тағы бірер сызат жоқ па еді?

Шәуәли ештеңе түсінбей сұраулы жүзбен Бахтиярға қарады.

– Сегізнен басқа тағы да сыртта жүрген бірер балаңыз бар ма дегенім ғой!

– Тек! Қайдағыны айтпа! – деді Шәуәли орнынан қозғалақтап. – Ел деген оттай береді емес пе.

– Жәй, танымайтын нағашы бауырларымыз болса, біле жүрейік дегенім де.

– Қой деймін тантымай! Сөзіміздің аяғы бәдіктеніп барады. Болды, ұйықтайық енді. – Әңгіме осымен тәмам дегендей теріс қарап аунап түсті. Тырп етпей қаншама жатқанымен, бірақ кірпігі көпке дейін аяқасқан жоқ. Өткен күннің еміс-еміс елесі көкірек түбінен қалқып шығып, көз алдында тұрып алды...

## СОЛ БІР СУРЕТ

Бір есептен, бұл ит тірілікке өкпесі де жоқ. Жалғыз аяқпен шойнандап жүріп-ақ талай екі аяқтының алдына түсті ғой.

Майданнан оралған соң екі-үш ай үйде жатып емделіп, әл жинап, қайыңнан өзі шауып жасаған ағашаяқпен жүріп үйренді. Алғашқыда аяғының тұқылы қолдырап, қажалып үйрене алмай көп мехнат көрді. Зілдей болған соң өзегін шоқпен үңгіп кеуктеп еді,

әжептәуір жеңілдеді. Бірте-бірте машықтанып, таяқты демеу үшін ғана ұстайтын болды.

Қысқа қарай мектепте мұғалім болсам деген дәмемен аудандық оқу бөліміне барған. Ондағылар «халық жауы» деген қалпақ киіп атынан шошып, ат-тонын ала қашты. Қатты қайырым жұмысқа жарамсыз.

Әскери комиссариаттың араласуымен колхоздың сауын фермасына бригадир боп орналасқан. Тіптен жақсы болды. Жоқ-жітік заманда қарын тойғызғаннан артық қуаныш бар ма?

Мал төлдеп жатқан мезгіл. Ішкені – уыз, одан қалды, сиыр сауып жатқан әйелдердің шелегіне темір күрешкесін матырып алып, жылы сүтті тартып жібереді. Аз күнде шұбар беті шарық табақтай боп қызарып шыға келді.

Бұл – арпа ішінде бір бидай. Айналадағының бәрі әйел. Таң атқаннан қара кешке дейін тыным жоқ. Сиырға шөп салып, суғарып, сауғаннан бастап толарсақтан шылпылдатып су кешіп жүріп малдың астын тазалайды. Сәл арқасы босап, қораның алдындағы сабанда күн шуақтап отыра қалса болды, көкірегі шерге толы өңкей жетім мен жесір бірі бастап, қалғандары жамырай қостап, мұңлы, зарлы бір әнді сызылта жөнеледі:

*Ақ отауға келінжан енер ме екен-ай,  
Ақ бесікке бөнесін бөлер ме екен-ай!  
Ай-ай бөнем!  
Алыстағы жан көкең келер ме екен-ай!..*

Шәуәли ондайда жақындауға бата алмайды. Сүйек сырқыратқан зарлы сағынышты үнсіз тындап, мына бейбақтардың аға-бауыры, әкесі-жары түгелдей майданда жүргенде, өзінің жалғыз аяғымен болса да, тірі келгеніне ұялғандай біртүрлі ыңғайсыз күйге түсетін.

Күн жылып, жер көктесімен ауылдан алты-жеті шақырым жердегі жонның етегіне көшіп барды. Жаздайғы қоныстары сол. Көп ұзамайды. Бір сайдың оты қаша бастаса, екіншісіне жұртты ауыстырып салады. Ұзыннан-ұзақ иретіле созылған жалпақ жонның теріскейі ірені тозбай жаз бойы жап-жасыл боп жатады. Жылға-жылға қақалып өскен қалың бытқыл. Жылтырап аққан бұлақтар сай табанында бас құрап, әжептәуір арынды өзенге айналады. Өзеннің иініндегі жазық тепсенге бұлар қаз-қатар қос тіккен. Екі-үш әйелге бір қос.

Шәуәлидің құрым күркесі ең шетте. Оқшау. Бұзау қамайтын сырғауыл қоршауды иіс-қоңыс болмасын деп алыстау салды. Әйелдер

бұзауды бір бөлек, сиырды бір бөлек кезектесіп жаяды. Сауылған сүтті танертең-кешкілік арбамен апарып, колхоздың май заводына өткізіп тұрады. Қыстағыдай емес, жұмыс жеңіл. Күнмен бірге жадырап, арқабастары кеңіп қалды. Күркелерінің қалқасында бір-бірінің басын сығып, шашын тарап, күбірлесіп отырғаны.

Шәуәли колхоз орталығына көп бармайды. Айлық есеп, сауыншылардың еңбеккүні толтырылған табельді сүт тасушылардан беріп жіберетін. Алда-жалда басқармаға шақыртып жатыр десе, жүрегі зырк ете түседі. Әйелдердің біріне майданнан «қара қағаз» келіп, соны естірт деп айта ма деп зәресі ұшатын. Колхоз бастығының темір жәшігінен бірнеше «қара қағазды» көрген. Екі жылдан бері жатыр дейді кейбірі. Үмітін малданып жүрген бейшараларды аяп, хабарлауға ешкімнің батылы бармапты. Кейін бір ыңғайы келгенде көрерміз дейді.

Бір қызығы, бұл ауылда пошташы жоқ. «Қара қағаз» апарып беруден қорқады. «Тау қопар десең де мейлі, бірақ пошта тасығанды айта көрме!» деп зыр-зыр қашады екен. Сондықтан ауданнан келген хат-қағаз, газет бастықтың алдында үйіліп жататын.

Жаз ортасы болды. Жаңбырсыз шілденің ыстығы басталды. Бірақ жонның бауырайы қоңыр салқын, рахат. Көк шалғын мен мың сан гүлдің жұпары аңқып, көкіректі мас қылады. Мейір төгіп елжіреген табиғаттың ұлы думаны жүректегі мұң-налары бір сәтке болса да ұмыттырып, еріксіз еліктіріп әкеткендей. Жаудыраған көздерде бұрынғыдай емес, жадыраған жұмсақ ұшқын байқалады. Кешке қарай лып-лып жанған оттың айналасында отырып алып, қыз-келіншектер көпке дейін ұйықтамайды. Ән салады қараңғы түнді тербетіп. Сызылған сағынышты әуенмен бірге ойнақы, сырлы ән, сыңғырлаған күлкілер де естіліп қалады.

Шәуәли әйелдердің мұңлы, сырлы әнімен бірге күрсініп, бірге толқып күркесінде жатады. Құрақ төсегінде шалқалаған күйі темекісін бұрқыратып, туырлықтың тесігінен жыпылықтаған жұлдызға қарайды.

Әйелдердің ішінде бұған батып сөйлейтін Жұмабике жеңгесі ғана. Күйеуі алыстан қосылатын аты аталас болған соң, қайным деп ойнай береді. Соғыстың алғашқы жылы-ақ күйеуін жалмап алған. Күлуі де, жылауы да тез, салдырлаған ашық мінез. «Жылағанмен өлген күйеу тірілмейді» деп бір өксіп алып, қайта жарқ етіп күліп жүре береді. Сол Жұмабике кейде бұған айғай салады:

— Ей, төрем, апанға үйелеген кәрі аю сияқты күркеңде тығылып отыра бересің бе? — дейді дауысы ойнақыланып. — Бері келсеңші, ең болмаса, еркектің иісін иіскеп отырайық. Піскен алмадай мы-

на толықсып тұрған қыз-келіншектерге қарасаңшы. Солардың бірін білегінен ұстамайсың ба! Әйтпесе, әмеңгермін деп өзім барып, қойнына жатып алатынмын!.. Пай-пай, шіркін, бұрынғының жігіттері-ай! Киіз үйдің есігін танып қойса, іргесін көтеріп, кіріп кетуші еді-ау!..

Шәуәли барар-бармасын білмей, не үндеуге жарамай, қарадай терлеп, бар болғаны темекісін үсті-үстіне будақтата береді.

Бір күні өзен жағалап келе жатып, оқыстан қалың шіліктің қалқасындағы иірімде шомылып жатқан әйелдердің үстінен түскені. Төрт келіншек. Лыпасыз, бірі үсті-басын сабындап жағада тұр; екіншісі отырып-тұрып иегіне дейін суға көміліп-көміліп алды да, атып шықты. Тісі ақсып дірдек қағады. Енді бірі... жалпақ тастың үстінде етпеттеген күйі теріс қарап, екі аяғын айқара созып күнге қыздырынып жатыр...

Шәуәли табаны қара жерге шапталып қалғандай тырп ете алса ше! Қозғалса болды дыбысын естіп, әйелдер шыңғырып қоя беретіндей. Әдейі аңдып келіп сығалап жүр деп ойлай ма деп, қарадай бетінің оты шығып өліп барады. Әрі мынандай ашық-шашық әйелі түскірді кім көрген. Қаны бірден басына шауып, жүрегі дүрсілдеп кетті. Асау аттай тулап кеудесіне сияр емес. Құдай-ау, неткен сиқыр, неткен гажап! Дүниенің басқа ешбір құдырет, сұлулығы еркек жазғанның жүрегін дәл былай арбамайтын шығар. Қарайын десе ұялып, қарамайын десе ындыны құрып, қашан әйелдер киініп ұзап кеткенше, шілік арасында есенгіреп тұрды да қойды.

Сол күннен бастап Шәуәлидің жанынан тыныштық кетті. Түн баласы ұйқы жоқ. Көкірек түкпірінен бір обыр нәпсі оянып, көзін ашса да, жұмса да көретіні – сол бір сурет. Күйіп-жанып, шөп төсектің үстінде сая таппай дөңбекшиді. Беті ашылып жар қызығын көрмеген бұла жүрек асау сезімнің тұңғиығына шым батып, ессіз орекпиді. Құрып кеткір сол пәлені неғып көріп едім, деп өкінеді кейде қыстыққан сондай сәттерде.

Бригадирдің бойындағы өзгерісті әйелдер де сезгендей. Мұны көргенде бойларын тіктеп, үсті-бастарын түзеп, әбігер боп қалады. Мұнда бұрынғыдай қаймығу жоқ. Жанарында құмарлықтың оты тұтанып, әрқайсысына ішіп-жеп, телміре қарайды. Бірі жүзі лып қызарып, тайсақтап теріс айналып кетеді, бірі қабағын ойнатып, жымыып сүзіле мөлдірейді.

Бір күні сондай қас қағысып, көзбен арбасып жүрген келіншектің бірін, түн қараңғысында басына шапан бүркеніп түзге шыққан жерінде, қапысын тауып білегінен шап берген. Құшағына қысып-қысып жіберіп, еңіске қарай жетелеп еді, келісімге бергісіз қарсыласқан болды...

Әйелдерден жасырып қалатын сыр болушы ма еді. Аз күнде-ақ ұрлығы әшкере болған. Көзге шыққан сүйелдей болып, жексұрын атанатын шығармын деп қипақтап жүрсе, міне қызық, бұл бір жау түсірген батырдай, қызыға, сүйсіне қарайтындарын қайтерсің! Қол жетпейтін қадырлы біреу болды да қалды.

– Е, еркек екенсің ғой! – деді Жұмабике жеңгесі сылқ-сылқ күліп. – Немістің оғы аяғыңмен қоса тағы бірдеңенді жұлып кетті ме деп жүрсек!..

Сөйтіп бір-ақ сәтте беделі өсіп шыға келген. «Шіркін, осыған қолым жетер ме!» деп қаншама жас жесір табиғат алдында дәрменсіздік танытып, төсегінде аунақшығанын кім білсін. Кейде тіпті көзін сүзіп, қағаберісте өздері сүйкенетінді шығарды кейбір өжет, құшағы күйіп-жанып өректіген ақ сайтандар. Қысқасы, ыстық қанға аузын бір малып дәнiккен бөлтірік қотан жаққа қарап күнде ұлитын. Енді бірде Жұмабике жеңгесі:

– Ей, опасыз, табындағы қызыл бұқадай қырып барасың ғой түге! – деген желкесінен бір түйіп қалып. – Кейінгі келінге де бірдеңе қалдырсаңшы!..

Күздігүні шешесі бас-аяғы жоқ:

– Үйленесің! – деді. – Ағзам молланың қызы Айшаны әперем. Әке-шешесі келісіп отыр.

– Ана қисық аяқ сары қыз ба?..

Шешесі ожырая қарады:

– Омай, шіркін, шаңырақтағы еттің сасығы-ай, тарғыл мысық? Өзің екі аяғыңды тең басып жетісіп тұрсың ба? Оның аяғы қисық болғанымен, жүрісі түзу!..

Дені сау ер-азаматтың бәрі майданда, елдегі шал-шауқан, ақсақ-тоқсақтың құтырып тұрған заманы ғой. «Ақсақ иттің дәмесі әу дем жерде» демекші, мұның да дәмесі зор болатын. Күңкілдеп көріп еді, шешесі тиып тастады:

– Беттің қызылын шайға езіп ішесің бе? Кісілігін ойла. Атан қазақ «қатын алма, қайын ал» деп білмесе, айта ма? Айша – көз алдымда өскен ибалы бала, текті жерден шыққан. Анам деп сыйласаң, тілімді аласың, әйтпесе батамды бермеймін!

Қайда барады, амалсыз көнген. Апасы марқұм расында да кісі таниды екен. Айша мінезі жайлы, жақсы адам болып жолықты. Үстінен түйе аттап кетсе де қыңқ демес сабырлы. Баласын тауып, қазанын қайнатқаннан басқада шаруасы жоқ. Ферманың бейпіл ауыз қатындары:

– Ей, сары қатын, байыңды бауырыңа басып алып, жалғыз өзің қызығын көре бермексің бе, бізге де жіберіп тұрсаңшы, біз де қызығын көрейік! – десе:

– Е, көріп жүрсіндер емес пе, көре беріндер! – дейтін ыржиып.

Бертін, балалар есейген соң жыны басылып, молла болды емес пе. Әйтпесе ағаш аяғы сықырлап, талай жортуылдады ғой. Арақты да басып ішетін кезі. Ферма басындағы жесір келіншектердің қасында апталап жатып алатын кезі болады. Ондайда Айша байқұс, бір жерде өліп қалды ма деп қорқып, іздеп жүріп тауып алатын. Босағада жатқан ағаш аяғын алып беріп:

– Шәке, болсаңыз енді үйге қайтайық! – дейтін. Басқа артық сөз жоқ. Бар айтатын назы – осы құрғырды көп ішіп кеттің ғой. Өліп қалсаң қайтесің! Күйеуіне сөйлемейтіні – сөз білмейтіндігінен емес, сыйлағаны, көргенділігі. Әйтпесе, орынды жерде сөздің түбін түсіреді.

Мұның Мырзабек деген құрдасы бар. Соны көрсе, екеуі қаржасады да жатады. Мырзабек – өспей қалған бала сияқты, қолтоқпақтай-ақ гым кішкентай неме. Бойының тапалдығынан соғысқа да алынбаған. Ел қашса, бұл соғысқа алындар деп бірнеше рет военкоматқа барады. «Кәнден ит қартайса да күшік» демекші, көптің арасында жылтындап ентелеген бұның ересек жігіт екенін қайдан білсін, комиссариаттағылар:

– Әй, балақай, саған не жоқ, аяққа оратылмай үйіңе қайт! – десе, Мырзабек те шақар ғой:

– Ей, ағай, қайдағы бала! Менің қатыным бар! – дейді.

Военком да қаражаяу болмаса керек, мырс етіпті де:

– Шырағым, майданға барғанда келінге керек жеріңмен соғыспайсың ғой. Мылтық көтере алмайсың, ауылыңа қайт! – депті.

Сол Мырзабек үйге келсе болды, бүйірінен түртіп, қыдындап тисе кіреді.

– Ой, қояншық, құры! – деп Айша әуелі шыңғырып, бір секіріп түседі. – Еркек болмай адыра қал, аулақ жүр, аулақ!.. Еркек болсаң, басқалар сияқты соғысқа бармайсың ба?

– Мені әдейі тұқымға алып қалды! – дейді Мырзабек қылмындап.

– Тұқымға жарыған екен. Сені де шешен бала таптым деп қалжа жеді-ау. Кісі емес, кісінің жартысы емессің бе!

– Қайдағы жарты? Жарты кісі – мына сенің байың! Аяғы – шолақ, қолы – молақ. Біздің аяқ-қолымыз, басқа мүшеміз, Құдайға шүкір, орнында.

– Байымнан садаға кет. Байымның бір бұтының өзі – сендей екеу! Баяғы заман болса, самайыңнан битің ағып, тезек теріп, қозы бағып жүрер едің. Соғыс ашқан мына Гитлерге рахмет айт. Ер-азаматтың бәрі майданға кетіп кісі санатына қосылып жүрсің ғой. Әйтпесе, саған қатын қайда. Әй, саған тиіп жүрген Сараның да көзі соқыр шығар!

– Омай шікін, ондай жаман қатын мендей бай тапқанына тәуба десін! Бізге қолың жетпеген соң, ақсақ-тоқсаққа тиіп отырған жоқсың ба!

– Адыра қал, саған тигенше, байсыз өтпеймін бе!..

Екеуінің айтысы бітіп бермейді.

Сара – еркек пошымды, дәу қара әйел. Мырзабек оның жартысындай ғана. Екеуі – ауылдағы жалғыз дүкеннің атам заманнан бергі басы бүгін иесі. Мырзабек – аға сатушы, әйелі – көмекші, еден сыпырушы, жүкші, күзетші...

Мырзабектің бойы жаймаға жетпейді, табанының астына тақтай орындық қойып, көзілдірік киіп, шот қағып тұрады. Сара – әкел дегенін әкеліп, апар дегенін апарып, лыпыл қағып жүгіріп жүреді. Кейде Мырзабек өзі қаптағы ұн-күрішті қозғаймын деп үстіне құлатып алып: «Ойбай, қатын, өлдім!» деп айғайлап, қаптың астында тыпырлап жататыны бар.

Мырзабек арақ ішсе – дыз етпе, тез қызады. Өзі шынашақтай болғанымен кеудесі зор. Әркімге бір соқтығып, пәле іздеп отырады. Ешқашан жиын-тойдың соңына дейін отырған емес. Бейпіл ауызданып шырк бұза бастағанда, Сара барады да, ұн-түнсіз қолтығына қысып, ала жөнеледі. Анау қол-аяғы тыпырлап, боктап-балағаттап аспанды басына көтеріп бара жатады.

Мырзабектің сау кезінде де мінезі шатақ. Екі күннің бірінде қолына шыбық алып, әйелін үйді айналдыра қуып жүргені. Ондайда Сара қарсыласпайды. Таяқ жеп, кәдімгідей сұңқылдап жылап отырады. Міне, мені байым сабап жатыр дейтіндей. Осыны көрген кейбір жесірлер: «Байың болып, ол сабаса арман не. Шіркін, арқанды қайқаң еткізіп салып қалатын сегіз өрім қамшыны да сағынады екенсің ғой!» деп жыламсырайтын...

Иә, ол да бір дәурен еді-ау! Бұл тірлікте азапты да көрді, қызықтың да бір кісідей дәмін татып келе жатыр. Ағаш аяқпен қисандап жүріп-ақ талай күлім көздің жанына жантайды ғой. Соның қайсыбірі есте қалды дейсің.

Рас, азамат боп қалған кей балалар қарсы алдынан ұшырасқанда, хұдауанда, айнадан өзін көргендей селк ете түсетіні бар. Бірақ онда не тұр, қазақ «бала бір қонған қонаққа да ұқсай береді» демей ме!

Атышулы Шәуәли атанған соң, ағайынның анық-қанығын білмесе де, сырт долбармен жаба беретін жаласы көп. Мына тантық жиеннің өзінше қағытып, сол қаңқуды көңірсітіп отырғанын көрмейсің бе!..



Ертеңінде күн сенбі еді. Қол бос. Көкесі кешкі самолётке билет алып қойған. Оған дейін қыдыртайын деген оймен Бахтияр:

– Жүріңіз, көке, мен сізге Медеуді көрсетейін, – деген.

– Онда не бар?

– Не болушы еді? Таудың арасы, шатқал, айнала шырша-қарағай.

– Сөзіңе болайын. Тау көрмеді деп пе едің! Қысы-жазы аюмен бірге Алтайдың арасында жүргемін жоқ па? Шырша-қарағай дейді ғой. Одан да маған дүкен аралатқыз. Бала-шағаға құр қол бармайын. Өзбектің өрік-мейізіне апар. Мына аяқты, құдай бұйыртып, жумаймын ба! Бір ай болмаса да, бір апта тойлаймыз ғой.

Екеуі жарты Алматыны шарлап, үлкен қара сөмкенің қарынын кампайтқанша бой-бойлары шықты. Күн қапырық. Асфальттің миы шығып, иіс-қоныс араласқан ыстық ауа бет шарпиды.

«Шіркін-ай, осындайда тартып жіберер салқын сыра болса ғой» деп, еріндерін жалап құрағытқанмен, мәдениетті астана ондайды орталыққа жуыта ма! Домалақ сары бөшкенің жанындағы ұзын шұбақ кезекте сарылып тұрып бір-бір саптаяқ мұздай квас ішіп, жандарын шақырған.

Шағын гүлзардың саясындағы орындыққа келіп отырды. Фонтанның шаңытқан бұрқағында кемпірқосақ ойнайды. Әредік салқын леп ұлп етіп желпіп, ұп-ұсақ тамшы бетіңе бүркіп өтеді. Рахат!

– Уһ, тұншығып өліп қала жаздадым ғой! – деді Шәуәлі көйлегінің омырауын ағытып. Кеудесіндегі бұйраланған аппақ жүнді сықырлата бір сипап қойды. – Мына Алматың бізге қол емес екен. Айналаңа қарасаң, серейген сұп-сұр үйден басқа ештеңені көрмейсің. Көзің де қамауда, кеуденді керіп тыныс та ала алмайсың. Өзімнің кең далама не жетсін!

– Жаңа «қазақ өз астанасында азшылық екен ғой!» деп таң қалдыңыз емес пе. Неге олай?

– Бәсе, неге?

– Өйткені, қазақтың бәрі сіз сияқты ойлайды.

– Ой, Құдай-ай, Алматы бізді қайтсін. Әуелі оқыған-тоқыған мына сендерді жарылқап алсын да. Шамасы, бұл Алматыға қазақ керегі жоқ болу керек. Керек болса, сендерді өстіп көрінгеннің босағасында жаутаңдатып қоя ма? Қаптаған осыншама үйден аз ғана қазаққа үй тимейтіні қалай?

– Жоғарыдағы көкелеріміз, ең болмаса, сіз сияқты ойласа, олай болмас еді.

– Сонда олар не ойлайды?

– Ештеңе де. Жалпы, совет халқы ештеңе ойламауы керек. Бәрі үшін ойлайтын кемеңгер Партия бар, ол ешқашан қателеспейді, сол ғана тура жолға бастайды. Басқалары қой бағып, егін салып, трактор айдағанды ғана білсін. Отыз жетінші жылы «Бұл қалай?» деген зиялылар, Сексен алтыда «Бұл қате!» деген жастар не болды?

– Е, қарағым, өмір болған соң ондай-ондай болмай тұра ма? Ойындағының бәрі орындала берсе, ол да қызық емес. Құс қос қанаты болмаса, жалғыз қанатымен ұша ала ма? Қуаныш пен өкініш те сол қос қанат сияқты. Бір қалықтап, бір құдилап өмір көшіне ілесесің. Әр нәрсенің жылт еткен жақсылығын көріп, қуана білген адам ғана бақытты.

Бахтияр шұбар шалдың бетіне күлімсірей қарап, басын шайқады:

– Осынша азап, қорлық көрсеңіз де өмірге ризасыз ба?

– Неге риза емеспін? Тәуба, тәуба! Сен жоғарыға қарап, төменде тұрғандай сезінесің, мен төменге қарап, жоғарыда тұрғандай сезінемін. Менің сендей кезімде құс қана ұшатын қазақтың аспанында міне, самолёт ұшып жүр. Қазақ бұрын болған-толған дегенде, балалардың ана кітабындағы бес-алты ескі моланың сүгіретінен басқа не бар еді? Енді міне, аңылжыған тып-типыл далада көз жауын алатын қаншама шаһар орнады. Өскенің, өркендегенің осы емес пе!

«Е, көке, жоқтан бар жасап, қуана білген жақсы ғой, – деді Бахтияр ішінен. – Әйтсе де қорлық пен қиянатқа үнсіз төзіп, қашанғы жауырды жаба тоқып жүре бермек!» Кеудесіндегі кілкіген қыжылды ақтарып, қой соңында салпақтаумен өмірі өткен шалмен айтысқаннан бірақ не пәтуа.

Зухраның әзірлеп қойған асын ішіп болысымен, жол қамына кіріскен. Қоштасарда көкесі Зухраны қайта-қайта бетінен сүйіп, көзіне жас алды. Көкшіл жанарының шарасы шіпілдеп тұр. Екеуін екі қолымен иығынан қапсыра құшақтады:

– Бақыттысындар, жандарым! Жассындар, жарасып тұрсындар. Құдайым тек осыны көпсінбесін. Көре білсеңдер, құдыретін сезе білсеңдер, осының бәрі – сендердікі! – деді көк аспан мен Алатаудың шындарын қолымен орай нұсқап.

Бахтияр көкесін аэропортқа шығарып салды. Дәл уағында келген екен. Шартық қарын кара сөмке зілдей. Аялдамадан вокзалға кіргенше қайқаң қаққызды.

– Өлген орыс жатқандай, қандай ауыр! Қалай көтеріп жүресіз?

– Керекті тастың ауырлығы жоқ. Әлгі коньяктар ғой зілдей ғып тұрған. Бөтелкесі әдемі деп алдық емес пе, Италияныкі ме еді, неме-

не еді? Ондайды ауыл байқұс көре ме. Бөтелкесіне портвейн құйып қойсаң да дастарханға сән ғой!..

Арлы-берлі лақтырғанда ішіндегісі сынады деп, сөмкені жүк өткізетін жерге тапсырмап еді, тексерушілер шөлмекті көріп, қиғылық салсын. Көкесінің шұбар бетінің әр шұңқырынан бір-бір қасық тер шыпшып, жауандап бұған қарады. «Орышам жетпей тұр, бірдеңе лесенші» дегендей. Бахтияр картузын шекелетіп киген капитанға ақсақалдың Отан соғысының мүгедегі екенін, баласының тойына бара жатқанын қиыстырып соғып, әзер көндірген.

Ауладағы биік тордың бер жағында қол бұлғап қала берді. Жүз кадамдай жердегі самолётке кезекші әйел жолаушыларды жаяу жетелей жөнелген... Абажадай сөмкені иығына асып алып, көкесі де кетіп барады. Шойнандай басып елден қалар емес. Бел ортада, қаптаған бастың арасынан қызыл тақиясы қылт-қылт етеді.

Кешкі шапаққа шомылған ақ лайнер қанаты жайылып, қазандай жорғалаған күйі алаңның тұйығына барды да, ұзын жолға бұрылып, өкіріп-бақырып біраз тұрды. Содан соң құлыперең зырқырай жүгірді де, жерден созыла көтерілді. Қанатымен күн сәулесін аударып-төңкеріп, лоға сыза қайқайып қалықтай берді. Сәлден кейін шуда жіп сабақтаған тебендей артында аппақ жолақ шұбатылып, көз ұшына сіңіп жоғалды.

Бахтияр аспанға қарап біраз тұрды. Құлақ тұндырып, іле тағы бір самолёт ұшты. Жер-дүниені басына көтеріп әне бір самолёт қонғалы жақындап келеді. «Темір құстар!» Сапырылысып өкіріп-бақырған жиырмасыншы ғасырдың сұрқай аспаны!

Бахтияр көзін жұмып, құлағын басты. Бозторғайдың таңғы әніне тербелген балалық шақтың мөлдір аспанын сағынып тұр...

Үйге келіп еді, Зухра мұрынын ұшы тершіп, абыржи қарсы алды.

– Көкеден ыңғайсыз болды! – деді салған бойда.

– Неге?

– Ақшасын ұмытып кетіпті!

– Қалай?

– Дастарханды жиыстырып жүргенде, кленканың астынан тауып алдым. Міне, жүз сом. Поштамен салып жіберейік.

Бахтияр мырс етіп басын шайқады. «Әй, көке-ай, – деді ішінен слжіреп. – Қашан болса да аузындағы жарты жарманы жарып беріп жүресің-ау!»

– Ол шал қырық серкешімді әлі түгел өтеп болған жоқ. Қалтаңа салып ал, – деді Зухраға күлімсіреп.

## ЖЫЛЫМ

### ӘДЕМІ КЕЛІНШЕК

**С**интездік приборлардың босағанын пайдаланып, лабораторияда анализ жасап жатқан. Маңдайшадағы қызыл шамның жанып тұрғанына қарамай әлдекімнің есікті жұлқа ашып, алқын-жұлқын кіріп келгені. Жақтырмай жалт қараса – кафедрадағы аға методист Күләш. Аман жоқ, сәлем жоқ:

– Ағай, ағай, жүріңіз. Аманбаев шақырып жатыр! – деді аптығып. Өзі сыпайы, мұнымен шамалас болса да ағай дейді. Аманбаевтың атын естігенде іші қылп ете қалды. Істеп отырған жұмысының маңыздылығы есінен шығып, үрейге ұқсас әрі-сәрі бір сезім көңілін ұйытқытып өтті.

– Анализ жасап отырмын ғой? – деді абдырап.

– Қайтесіз оны, тастаңыз. Тез жетсін деді!

Аманбаев жетсін дегесін жан қала ма. Есікті апыл-ғұпыл кілттей сап, томпиған қозы қарын бөксесі бұлт-бұлт еткен қыздың соңынан екі өкшесі екі жаққа жапырайған қолкылдақ ескі бәтеңкесі күрп-күрп етіп емпеңдеп келеді. Сөйтіп келе жатып екі көзі келіншектің жүріс-тұрысында.

Күләш – бидай өңді, әдеміше келіншек. Орта бойлы, толықша. Сәл қысықтау кара көзі жылт-жылт ұшқын шашып күлімдеп тұрады. Қашанда көңілді, ақ жарқын. Мұңайып, жасып жүргенін көрмейсің. Күйеуге шықпаған. Бірақ төрт жасар бір қызы бар. Сүп-сүйкімді. Анда-санда құлдыраңдатып кафедраға ертіп келеді. Шашындағы ақ бантигі ақ көбелектей елбіреп, дәлізде жүгіріп жүреді. Әке көрмеген

сәби ер адамға үйірсек, еркелеп жабыса кетеді. Жаудыраған жанарында бір айықпас сағыныш бар.

Күләштің білмейтін заң-законы жоқ. Жалғызбасты анамын деп, екі жыл бойы ЦэКа-ны арызбен бомбалап, биыл «Дария» жақтан бір бөлмелі үй алған. «Е, бейшара қиналып жүр еді, жақсы болды!» деді тілекші көпшілік. Ал талай жыл пәтердің зарын тартып, өшін кімнен аларын білмей ашынған бейбақтар мен моралист тақуалар: «Байсыз бала тапқан қатындарды әспеттеп үй беретін осы үкіметте ми жоқ!» десті күнкілдеп.

Күләш бүгін балағын қайырып джинсы киіп алыпты. Жуан саны әзер сыйып тырсыып тұр. Шырадай жанған сұғанақ көз, келіншектің солқылдаған денесін ту сыртынан еркін тінткілеп келеді. Тұрқынан төрі сирағы сәл қысқалау екен. Бірақ биік өкше туфлиден онша байқалар емес. Қадалған көзді сезгендей ішін тартып, кербездене мықынын сәнімен ырғайды. «Ливаистың» орындыққа тиетін жері үйкеле-үйкеле бояуы онып, көлденең түскен сегіздіктей дөңгелене игарандайды. Шалбарды шертіп томпиған қос бөксе тепе-теңдік таба алмай тербелген таразының табағындай баяу ырғалып көз арбайды.

– Пай-пай, біздің Күләштің жүрісі-ай, би ғой, шіркін, би! – деген бүл ойнақыланып.

– Қойыңызшы! – деп келіншек жерді бір теуіп, аяғын тыпырлағып тұра қалды. Жүзі лап қызарып, бұртиып, ұрысқан болды. – Жүрмеймін. Түсіңіз алға!

– Не боп қалды? Бар жазығым мақтағаным ба?

– Бүйтіп мақтамай қалыңыз! Осы еркектерде ұят жоқ?

– Ұят болса, еркек бола ма?

– Тез болыңыз. Аманбаев күтіп отыр! – Шегіншектен тұрып алған соң амалсыз алға түскен.

Аманбаевтың атын естісімен ойын-қалжыңның басына су құйылып, көңіліне қайтадан қобалжу кірді. Бір пәле шығарып, осы күніне зар қылып жүрмесін? Қорғаштайтын Ахметовтың түрі анау. Өзінің куә болған жері жоқ, бірақ пыш-пыш жаяу өсекке сенсең, Ахметовпен екеуінің жұлдызы онша жараспайтын көрінеді. Ғылымдағы зор беделінен айбынып, сырттай сыйлаған болады екен. Енді оның беті бері қарамасын білген соң, қанатының астына алып жүрген азын-аулақ шәкірттеріне ауыз салмақ па? Әлде ішіп жүреді деп, біреу сыртынан сыбырлады ма екен. Құдай сақтап, бүгін қылғытып алмағаны қандай абырой болды десеңші!

Аманбаев – жалпы химия кафедрасының меңгерушісі. Кандидат болса да – профессор. Докторлар толып жүрсе де – меңгеруші. Осының

өзі-ақ білгенге тегін кісі емесін сездіріп, мысы баса түседі. Қарадай айбынасын. Докторлар профессор бола алмай жүргенде, бұл қалай болды деп таңырқап бас шайқаудың орнына, қайта сол кереғарлықта сиқырлы күш бардай, бір күнгірт, жұмбақ сезімге арбалып, көрген жерде именіп тұрғаның. Ол аз десен, ғылыми кеңестің мүшесі. Құдайдан үміті болмаса да, ғылыми атактан дәмесі барлардың оның алдында тізесі дірлдемейтіні кем де кем.

Неге шақыртты екен? Таныс-білістіктері шамалы. Тіпті бұның аты-жөнін білетініне күмәні бар. Меңгеруші боп келгеніне жарты жылдан асқан жоқ. Көрген жерде қоғадай жапырылып жалпақтап жататын көп ассистент пен лаборанттың қайсы бірі есінде қалсын.

Бұрын қайда істегені белгісіз. Біреулер: «Орталық Комитеттің ғылыми секторында нұсқаушы болған көрінеді» деп, ауыз толтырып компылдаса, енді біреулер: «Ойбай-ау, бұл әлгі анау... үндеместің кісісі екен. Талай жыл шетелде болыпты...» деп, үрейлене сыбырлайды. Кім де болса, мықтының өзі.

## **ЖАРТЫ АДАМ, ТОЛЫҚ ДОН ЖУАН**

Бұрынғы меңгеруші Бәкір деген қыркылжың шал болатын. Соғысқа қатысқан майдангер, мүгедек. Бір қол, бір аяғы, тісі – бәрі протез, бір көзі әйнек. Сөйтіп жүріп қыз-қырқынның соры. Сыртынан жұрт: «Жарты кісі, толық Дон Жуан» дейтін мысқылдап. Тарамысына тартылған, қапсағай, кең иықты. Сұйқылтым көк бурыл шашын шалқайта жылмитып тарап, мұнтаздай боп жүреді. Сау аяғымен алға аттайды да, протез аяғын сілке көтеріп қатарына қояды. Содан соң тағы да сау аяғын алға созады. Сөйтіп екі жағына кезек теңселіп ілбіп басып келе жатқаны. Сол түріне қарамай, не сиқыры барын кім білсін, әйелдердің арасындағы беделі сұмдық. Әжептәуір сарықарын болған апайлардың өзі оны көрсе: «Бәкір Бекенич!» деп сырғалары дірілдеп, көздерін төңкеріп қылымси қалады. Бірақ Бекенич ондай кәрі-құртанға бейғам. Ақ балтыры жарқ-жұрқ етіп сыландаған жас сұлуды көргенде ғана жалғыз көзі жайнап кетеді.

Бекенич қарсы ұшырасқан әйел затына, көрсе қызар тыз етпелер сияқты ішіп-жеп сұқтанбайды. Қандай перизат болса да селт етпейді. Тас мүсін сияқты суық, салғырт. Көрмеген, байқамаған сынаймен қасынан өткізіп жібереді де, протез аяғын дүңк еткізіп алға тастап, еңкейе беріп, жарқ-жұрқ еткен жұмыр балтыр, билеген мықынды фотоаппараттай көз айнасына сарт түсіріп ала қояды. Содан соң сол

суретке емін-еркін тамсанады, қиялданады, тәтті сезімге беріліп күрсінеді. Барлау жасап, әртүрлі жоспар құрады. Сабағы нашар болса, Құдайдың бергені. Емтихан кезінде қырына алып, илеуге көнетіндердің төбесіне су құйып тынады.

Бір күні Бекенич екеуі университеттің дәлізінде қатар келе жатқан. Үзіліс кезі. Арлы-берлі сапырылысқан адам. Кенет асығыс басып қастарынан өте берген бір қыз Бекеничті иығымен қағып кеткені. Шашы иығын жапқан, ұзын сирақ бойжеткен. Бекенич шаткыяктанып құлап қала жаздады. Бұл қолтығынан сүйеп үлгірмегенде, кираландап қисая кетері сөзсіз. Шыны көзі шатынап, сау көзі қанталап жалт бұрылып:

– Әт-тәнді!.. – дей берді де, кенет дауысы майдай еріп, – әй, мынаның пигурасы нешеуа ғой! – дегені. Бұл мырс етіп күліп жіберген... Бекенич, әне сондай, сұлу қыздарды ешқашан жек көре алмайды.

Бекеничтің жігітшілігін елдің бәрі біледі. Бірақ ісіне тыңғылықты, әрі соғыс мүгедегі. Сондықтан ешкімнің тісі батпайды. Бір-екі мәрте «партия мүшесінің тәртібі» сөз болғанда, арамызда бір ерке жүре берсін дегендей ушықтырмай жылы жауып қоя салған. Міне, өстіп, бір жағы елдің мүгедек деп мүсіркегені мен кең пейілін арқаланған Бекенич анау-мынауға айыл жия қоймайтын. Тым еркін. Бірақ мысыққа күнде ғой бола берсін бе, ақыры бір күні шойнаңдап жүріп шоқ басты. Тырп ете алмастай қанды қақпанға мықтап тұрып түскен. Майданда төккен қаны да, пиджагының қос өңірін толтырып сыңғырлаған солкөбейі де абыройына арашашы бола алмады. Ұятты нәрседен бет моншағы үзілген, періштеден де таза коммунистер тіпті «мұндайларға арамызда орын жоқ, партбилетін столға қойсын!» деп айғайлаған.

Сырттан оқитындардың қыстық не жаздық сессиясы – Бекеничтің қансонары. Бір ай бойы шалықтайды. Бірі – мектепте мұғалім, бірі жұмысшы... шала оқу, жауған көз бейшараларды кімдер басынбайды дейсің. Бір Бекенич емес, емтихан алушылардың көбі үшін олар – майшелпек, сауын сиыр. Екі ортада жалаңдап старосталар жүреді.

Алкашын бір күн ресторанға апарады, ертеңінде басын жазады. Әбден мас боп балпылдап отырып, столдың астына жатып қалғанда таксиге көтеріп салып, үйіне апарады да, есікке сүйеп, қоңырауын басып тұра қашады. Іле әлдене жерге дүрс ете қалады. «Тағы да атауыңды ішіп келгенсің бе? Жат осылай сұлап! Өл!..» Әйелдің бажылдап зекіген дауысы қашқындардың аяқ дыбысымен қосыла үңірейген подъезді жаңғыртады.

Жемсауы салбырағандарға он-жиырма сомнан қатаң түрде тізім бойынша староста арқылы жылу жинап беріп құтыласың. Ал

сұраншақтар ақша дәметпесе де, көкейіндегілерін жінішкелеп жеткізеді. Сөз арасында елеусіз ғана қылып: «Шіркін, Арқаның қазысы-ай!» Немесе «Қара уылдырық тандайымызға тимегелі қай заман!..» деп бір қояды да, «дайындығың мүлдем нашар ғой, түнімен оқып, ертең үйге келіп тапсыр» дейді. Ондай емеурінді түсінбегендерге, ең болмаса үйінің есік-терезесін жуғызып, алаша-кілемін қақтырып алады.

Бұларға қарағанда Бекеничтің жарасы жеңіл. Арақ ішпейді, ақшаны көрсе ат-тонын ала қашады. Ол жағынан кіршіксіз таза. Алдын ала бабын тауып, көңілдендіріп қойсаң – бітті, емтихан кезінде анекдотын айтып, күлдіріп отырып үш пен төртін қинамай қойып бере салатын.

Биыл жаңа сайланған староста, құдай атып, ондай дайындықты ескермеді. Бекенич бірінші күні емтиханға кіргендерді шетінен қауасатты. Қаһарына мініп, түтігіп алған. Беті қатты. «Мектеп программасын білмейді, қалай университетке түсіп оқып жүр бұлар!» деп басы қалтылдап зіркілдегенде, зәре-иманың ұшады. Есік алдында топырлаған студенттер: «Сен кір, сен кір!» деп бірін-бірі итермелегенмен ішке енуге ешқайсысының жүрегі дауалар емес. Көздері алақандай. Айналып келіп бәрі старостаны алқымға алды: «Бұрынғымыз жақсы еді, сені бекер сайлаған екенбіз. Бәрі сенің шалағайлығың» десті.

Староста бейшара жаны мұрнының ұшына келіп Бекеничке жүргізген. Аға деді, көке деді. Бекеничтің беті бері қарағандай болған. Осы шал не қиратар дейсің деп, өзі үшін һәм жаутаңдаған көгенкөз достары үшін ақсарбас боп шалынуға екі-үш келіншек кетары емес еді, бірақ Бекенич деген эстет, сырбаз емес пе, ешқайсысына көңілі толмады. Бірін апарып еді, аяғы қисық деді, екіншісін арық, үшіншісінің мұрны пұшық деп қомсынды.

«Япыр-ай, енді қайттік, мына шалдың көңілінен шығатындай курста бір қыз табылмағаны ма, құрыдық қой!» деп қатты сасқалақтаған. Сөйтіп тұрғанда, құдай ондап, бір толықша, сары келіншекке Бекеничтің құсы түскені. Бірақ, қас қылғандай, ол бір көленкесінен үріккен асаудың өзі екен, ақпын, адалмын деп тулап, көкке секіріп көнсе, қане!

Сөздің майын тамызатын небір пәлелер бар емес пе, жалмаңдаған келіншектер ортаға алып: «Көзі соқыр, өзі ақсақ, қолы шолақ жартыбай шалда не қауқар бар дейсін. Жай көкірек қой, көңілін тауып алдай салсаң болды. Искелеп, сипалағанға-ақ мәз болар. Әттең, өзімізді менсінбей қор қылды ғой, әйтпесе жалғыз көзін ақитып төбесіне бір-ақ шығарар едік!..» деп бір жағы қалжың, бір жағын өтініш қып, ақыры буынын босатқандай болған.

Сол күні аспиранттар жатақханасындағы арнайы дайындалған түкпірдегі бөлмеде сары келіншек көп ішті. Бойындағы ұятты



өлтіру үшін, түтеген боранда он екі шақырым жерден «К-700»-бен станция басына әкеліп, поезд ұзап кеткенше перронда қол бұлғап қоңырайып қалған ақ некелі жарын, жаудырай қараған жалғыз ұлының жанарын ұмыту үшін мас болғанша ішті. Сары келіншектің бүйрек беті мыстай қызарып алаулаған сайын Бекеничтің тынысы шырпылып, алқына түсті.

Мөлдіреген күрең коньяк, бес жұлдызды, ындыны құрып отырса да тартынып, «Сарыағашпен» шектеліп отыр. Есесіне, келіншектің алдындағы шұңғыма көкшіл рюмканы жиі-жиі еселеп әбігер... Бір уақытта балбыраған келіншек теңселе басып барып, іргедегі күрпілдек ливан-керуетке қисайған. Ызалы, күйікті: саған керегі осы ғой легендей, үстіндегі кеудеше мен юбканы шешіп орындықтың үстіне малаана лақтырып жіберді. Жалаң іш киіммен, жартылай жалаңаш денесі жарқ етіп, көрпенің астына сүңгіп кетті ақ шабақтай сып етіп.

Шал қанатын желпіп, орнынан ұшып тұрған, жүрегі алқынып аузына тығылды. «Иә, сәт!» деді көз алдынан небір сәулелі елес көшіп. Осындайда ұятқа қалмас үшін сақтанып қалтасына салып жүретін қымбат дәрінің екі түйірін қатарынан тілінің астына тастап жіберді. Терезесі тұмшаланған бөлме іші алакеуім. Апыл-ғұпыл шешініп болған соң, шыны көзін алып стакандағы тұзды суға салды. Салдыраған тісін алып, столдың үстіне қойып еді, опырайған аузы сарт жабылғанда, құс мұрнының ұшы иегіне тиді. Сол қолындағы протезді шешті. Оң аяғының протезін ағытып, дүңк еткізіп жерге тастай салды.

Жалғыз қолымен кереуеттің арқалығынан ұстап, жалғыз аяғымен шайқалақтап, «я, бисмиллаһ» деп алға секіріп қалған. Сол кезде келіншек көзін ашып алды. Үстіне төніп келе жатқан арбақ-сарбақ роботты, жок, бір көзі соқыр үңірейген, аузы опырайған, бір қолы молақ, бір аяғы шолақ аңғал-саңғал аруақты көргенде, мастығы бірден тарқап, зәре-иманы ұшып кетті. Қорқынышын жеңуге жаңағы ішкен бір шөлмек коньяктің де шамасы жетпеді. Шыңғырып ұшып тұрған бойы кереуеттен бір-ақ қарғыған. Есіктегі кілтті бұрап ашып, сыртқа ата жөнелді.

Кешкі апақ-сапақ мезгіл. Ұзын дәлізді басына көтеріп бақырып келеді. Қос қанаттағы жыпырлаған есіктер жарыса ашылып, сығалаған бастар не боп қалды деп үдірейе қарасты. Жалаңаяқ, жалаң бас, іш көйлегі ағараңдап шыңғырып келе жатқан әйелді көргенде, есік көзіндегі күзетші кемпірдің зәресі ұшып кетті. Біреу өлтіргелі соңынан қуып келеді екен деп сасқалақтап дереу милицияға телефондаған.

Лезде бүкіл жатақхана дүрлігіп, дәліздің іші араның ұясындай гүлдеп кетті. Милиция келді, біреу емес, бір топ. Болған жайтты

куәлердің көзінше хаттап, екі күнәһарды бетімен жер сипатып машинаға салып алып кеткен. Университет басшылары өз абыройларын ойлап, ара түспек болып еді, есірген кәрі азбанға тісін басып жүргендер жоғарыға сыбырлап үлгірген. Ақыры іс насырға шауып, аупартком бюросынан бір-ақ шықты...

Қазір Бекеничті химия зерттеу институтында істейді деп естиді.

## БҰЙДАЛЫ ТАЙЛАҚ

Бекенич ышқырынан қағынып қалпақтай ұшқан соң, орнына «мен болам, мен болам» деп өңкей қошқар сарт-сұрт үритсоқ сүзісіп жатқанда, Аманбаев бәрінің аузын аңқитып, төбеден топ ете түскен. Бұл кім еді деп ішінен күнкілдесе күнкілдеген шығар, бірақ сыр білдіріп, көз алайтқан ешкім жоқ. Бәрі, мысық көрген тышқандай, жым болған. «Бәрібір тізгін маған тимес еді, пәленшеге бұйырғанша, қайта осы дұрыс болды» дейтіндей күндестіктің жегіқұрты кеудесін кемірген бейбақтар өзін-өзі алдарқатып.

Өздерінен атағы да, өресі де төмен адамға бағынышты болып жүргеніне намыстану былай тұрсын, келе-келе бірінің сыртынан бірі жамандап, оған жағыну үшін әлекке түсті. Мүйізі қарағайдай марқасқалардың өзін ашса – алақаны, жұмса – жұдырығында дірілдеткен адам анау-мынауы көзге ілсін бе. Жер-жаһанның бар ауыртпалығы бір басына түскендей, қашан көрсең сұйық қабағы түксиіп, сыздап отырғаны. Басқан жері ойылардай жүрісі пан. Шағын денесі шалқайып, қалың еттің қатпарына жасырынған кілмік көзі сені көрмейді, басыңнан аса әлдебір биік нүктеге қарап бара жатқаны. «Ассалаумағалейкум» деп көрген сәтте құлдырандай ұмтылсаң, қарыз беретіндей қиналып, құлшына созған қос алақаныңның қуысына қолының ұшын ғана немқұрайлы тыға салады.

Бүгін бірақ ғадетінде жоқ өнер көрсетті Аманбаев. Әдеттегі менмен, қаталдықтың масқасын бүгін асығып жүріп үйде ұмытып кеткендей, шертиген шағын иықтың үстінде домаланып мүлде бөтен басбейне тұр. Қиығынан жылылық ұшқындаған жұмсақ жанар, бейкүнә жымыспен жайылған езу... Қысқасы, айдынды Аманбаев жоқ. Алды жылы, ақжарқын аға! Сілкілей қысқан жұмсақ уыстан босай берген қолын шап беріп одан да жұмсақ, одан да жылы қос алақан білезігіне дейін қылғыта салды.

– Ассалаумағалейкум, Бәке!

Жаңа жүрегі сан сауалға күпті боп асып-сасып кіргенде, оң жақтағы ұзын шұбақ орындықтардың төргі шетіндегі жарбиған көлеңкені көзі

шалғанмен назар тоқтатпаған. Танауының тесігі дәл көзінің түбінде таңырайған бітеу қара. Тісі ғана ақсияды. Әдетте мұндай пошымдылар кскірейген паң не шырт етпе ызакор келетін. Мынада ондай нышан жоқ, елпек қакқан біреу. Әлгінде бұл құлдыраңдап барып Аманбаевтың қолын қалай қысса, ол да мұның қолын дәл сондай мейір, ықыласпен құшырлана қысып жатыр. Май жаққандай жылтыраған түйме көздерінің жиегіне жас кілкіп мейірлене қарайды. «Япыр-ау, сонша сжірейтіндей бұл кім? Танымайтын туыстардың бірі ме екен?» деп ойлап қалған. Шешесі марқұм, аракідік есі кіргенде, мұның бір ісі жақса, бір ісі жақпай: «Адыра қалғыр, талай тапқан ұл-қызымды бағалмаймын деп детдомға өткізіп жіберіп едім. Қауғабас неме, сенің орнына, ең болмаса шай қайнатып беретін бір қызымды алып қалмаған екенмін!..» деп көзін сығымдап отыратын. Әлде сол «талайлардың» бірі ме екен іздеп келген? Жо-жок, ол жобаға келмейді. Әке бөлек болғанмен, бір құрсақтан шықты. Ең болмаса, бір жерінде жылт еткен үксастық болу керек қой. Мынау қырық қайнаса, сорпасы қосылмайтын сорты бөлектен. Сонда бұл кім?

– Бұл жігіт Қосымхан деген інішек болады, – деді Аманбаев күрпілдек креслоға бұл күмп етіп отыра бергенде. Қосымхан «иә, мен солмын ғой» дегендей езуін ырситып, орнынан бір қопаң етіп қойды. Аманбаев қолындағы ұшын көкке қарата ұстаған қызыл қарындаштың түбімен столдың бетін бір тық еткізіп, тамағын қырнады.

Ауылдан келіп отыр. Университет бітірген соң, басқалар сияқты тамыр-танысты сағалап астанаға қалуға тырыспай, елге барып жұмыс істеген. Қайнаған өмірдің ортасынан келіп отыр. Әрине, мәдени ортадан жырақ, үнемі қарбалас жұмыспен жүрген адамның қарайып қалатыны рас. Әйткенмен талабы таудай көрінеді, ғылым жолын кусам дейді. Несі бар, «талапты ерге нұр жауар» демей ме, еңбек адамы шыныққан шымыр қолдарымен ғылымның ауыр жүгін бір шетінен көтерісіп жатса, бізге де абырой. Сіз боп, біз боп бір бұлақтың көзін ашайық, бауырым. Бұған қалай қарайсың?

Қалай қарасын. Аманбаев қалай қараса, солай қарайды. Мұндай кісінің жұмсағанына жарағанның өзі бір қырға шыққанмен бірдей, сідеше алдыңа көлденең тастаған шылбырдың ұшын еш ойланбастан шап бермек ләзім.

– Сіз не бұйырсаңыз да «Ләббай!» деуге әзірміз ғой, аға! – деді не істеу керектігінен мүлде бейхабар болса да құнжындай елпілдеп. Көзін жұмып, қандай қамытқа да басын сұғуға даяр тұр. Осы жалғыз ауыз жауабына ішпей-жемей-ақ тоғайған Аманбаев бұған мейірлене қарады, кішкентай көздерінің айналасына күн кірпік әжім үйіріліп, үшқындай қалыпты.

– Рахмет, айналайын. Ендеше бүйімтайын Қосымхан жата-жас-тана айта жатар өзіне. Шамаң келгенше қолқабысыңды аямассың деп сенем. Ал жақсы! Қазір ғылыми кеңестің мәжілісі бар еді. – Сөз осымен тәмам дегендей ұшып тұрып, қолын берді. Жүзіндегі жаңағы жайдары жымыс жым-жылас. Жанары сұс жиып, әдеттегі қалпындай қайтадан тікенектеніп алыпты.

Қолындағы арзанын қымбатқа өткізсем деп жаныққан саудагер күлкі ме, неге жылдам сөнді? Әлде «қайдағы жаман немеге ісім түскендей болмайын, елпілдей берсем, езуі жайылып еркінсіп кетер» деп қатуланғаны ма? Көңілі су сепкендей басылды. Орнынан асығыс көтеріліп, хайыр-хошын мұрын астынан мінгірлеп, есікке қарай беттей бергенде, сонынан тыпың-тыпың ерген Қосымханға:

– Сен зым-зия жоғалып кетпей, екі-үш күнде бір төбенді көрсетіп тұр! – деді өзіміне дауысын көтеріп. Онысы бұған «міне, Қосымханның маған кім екенін байқадың ғой, Құдайдан үмітін болса, енді оның айтқанын орындамай көр!» деген дөнайбат сияқты боп естілді.

«Ғылым жолын қумақ дейді, қуса қусын. Бірақ өз қотырын өзі қасуға жарамай жүрген жаланаяқ бұған не күні түсіп тұр екен? Ақ тауды айырып, Қара тауды қайырып тұрған профессордың еншіге берген тайлақтай мынаны әй-шайы жоқ бұған жетелете салғаны қалай, ғалым қылам десе де, залым қылам десе де өз қолында емес пе?»

Бір қараса, жетелеген «тайлағы» алдына түсіп алыпты тайрандап. «Жо-жоқ, кешіріңіз. Мені сізге емес, сізді маған жетелетіп жіберді!» дейтіндей, кекірейген менмен кейіппен шайқак-шайқак етеді. Бұл қоңыр көйлектің кір жағасын шерте тырсиған күдіс желкеге тесірейген қалпы көкейіндегі қандауырша қадалған жалғыз сауалға жауап таба алмай дал. «Япыр-ау бұлардыкі не жұмбақ?» деп келеді.

Ләм-мимсіз бірі еңкейе, бірі шалқая басып сыртқа шыққан. Қабырғасы кере құлаш көк тастан қаланған ғимараттың аңғал-саңғал дәліздері өз-өзінен ызғар тартып қоңыр салқын ескенмен, дала күйіп тұр екен. Табалдырықтан аттай бере-ақ асфальт үстінен көтерілген күлімсі, ыстық ауа тандырдың табындай бет шарпыды. Кере тартқан гармонның көрігіндей текше-текше құдилап алдында қызыл гранит баспалдақ жатыр.

Қосымхан құлдырандап төмен түсуге асыққан жоқ. Бұтының арасын саялаған тәпелтек көлеңкесін таптай талтайып тұра қалды да, бір қолымен мықынын таянып, екіншісімен күн салып, көкке қарады. Баланың уылған таңдайындай аспан ала таңдақ іріп кетіпті.

– Тү-у, жанып кеттік қой! – деді өртеніп бара жатқандай жалма-жан пиджагының өңірін кері серпіп. – Кішкене шөл басып, жан шақырсақ кайтеді?

Сауал салғанмен бұдан жауап күткен жоқ, бұрылып қарамастан, нәлі қаққан өкшесі тық-тық шертіп, тас балпалдақпен төмен қарай құлдырандай жөнелді.

«Мынауың шпион шығар. Айлап-жылдап мұның мінез-құлқын, іші-сыртын жездей қақтап зерттегендей, қолқ ете түсер осал тұсын қалай дөп басып біліп алған!» Асылы, шешесі марқұм мұны көтергенде, арақ-шарапқа жерік болса керек, әйтеуір жынды судың атын естісе, жемдорба көрген аттай оқыранып тұратын бір жыны бар.

«Шөл басайық» дегенде, көз алдына көкмойнақ шөлмек пен көпіршіген күрешке елестеп, түкірігін жұтынды. Алдағы күтіп тұрған әдемі елестің ләззатынан өзге ой-сезімнен көңілі ада-күде. Бұжыр бет, сұрғылт университет үйін орағытып өтіп, алты қабат зәулім мейманхана ғимаратының қолтығын саялаған «Гүлдер» деп аталатын шағын ғана, жүрекке ыстық кафеге қарай бұрылғанда, жөн білетін қандай жампоз өзі деп, Қосымханға сүйіп алардай сүйсіне көз тастаған.

Жаңа танысы шынында да ер көңілді, жомарттың өзі боп шықты. Күнгірттеу бұрыштағы онаша үстелдің үстін жайнатып тастады. Сен іш-мен іш, аста-төк бір дүние. Әуелі «таныстық» үшін, содан кейін «денсаулық» үшін деп екі-үш рюмканы аш қарынға едел-жедел тастап жіберген соң күнгірт залдың ішін бір көгілжім сиқырлы сәуле кезгендей көз алды жарқырап сала берді. Су тиген пілтедей жылт етіп сөніп, жылт етіп сөніп өрбімей отырған өнімсіз әңгіме ортақ арна тауып, әрі-беріде-ақ екеуі ескі достарша шүйіркелесіп кеткен. Тыңдар құлақ бұныкі де, көбіне сөз тізгінін ұстап отырған Қосымхан. Бұдыр-бедерсіз, қар басқан жым-жырт жазық далада мимырт жылжыған өгіз шананың сырылындай толқыны жоқ қарлығынқы қатқыл үнмен жанынды қажап, бір сөйлесе, міңгірлеп тоқтауы қиын екен.

## ЕРТЕГІ

— Бәкесі-ау! — деді Қосымхан орындыққа шалқалаған күйі таңқы танауының түймедей-түймедей дөңгеленген тесігінен көк түгінді бұрғылай шиырып. Содан соң қабак астына көленке ұялап, мұнлы жүзбен томсара бір күрсініп алды. — Сенен несін жасырайын, мен — Желтоқсанда зардап шеккен қазақтың бірімін ғой!

Коньяк пен сыранның буынан басы салбырап, арасында қалғып кетіп, қалғып кетіп дел-сал отырған Бахтияр кілкіген көзін жарқ еткізіп ашып алды.

— Солай ма еді? Бағанадан бері осыныңды айтпайсың ба! Кәне, қолыңды әкелші алып қояйын! — Орнынан ұшып тұрып, Қосымхан-

ның жасқана созған қолын қос алақанымен құшырлана қысып, маңдайына басты. – Мұздай қаруланған әскерге тас-таяқ ұстап қарсы шыққан мұндай қайсар қолдар қандай құрметке болса да лайықты!

– Қойшы, Бәке. Сонша қиратып тастаған түгім жоқ, жәй қара көбейтіп қатарда жүрдік демесек...

– Өйтіп сыпайыланбай-ақ қой. Сол күні Алаңға табаны тиген адамның бәрі қаһарман. Бәрі де төбеге тұтып ардақтауға лайық. Әттең, өзім Минскіде командировкада жүріп білмей қалдым ғой. Екі күн «Алматыда тұман, ұшуға ауа райы қолайсыз» деп аэропортта қантарып қойды емес пе... Е, бауырым, біраз өткелекті көрдім де. Оқудан қалай шығарып жібермеді?

Жалғыз-ақ сәтте абыройы асқақтап шыға келгенге марқайған Қосымхан қабағын кіржитіп салмақтана түсті.

– Оқуды айтасың, қалай сотталмай қалдың десеңші! – Қосымхан толқыған, күйінген қалыппен алдындағы шүпілдеген рюмканы қағып тастады да, жұдырығын иіскеп тұқырайған күйі бір дем үнсіз отырып қалды. – Көрген қорлығымызды ешкімнің басына бермесін! – деді сәлден кейін басын шайқап. – Талай күн сүйреді ғой. Әйтеуір қара шалдың біраз пұлын шығындап аман қалдық. Осында заң жағында істейтін қолы ұзын бір тума бар еді, сол ағай ара түсті, айтпегенде қазір бұл жерде отыру қайда!

– Сонда Алаңда ұстап алды ма? – деді Бахтияр көз алдындағы қаһарманға қызыға қарап.

– Жок. Суретке түсіріп алған екен ғой. Кейін сол арқылы ұстады... Сол екі күнде өлгіміз жоқ, одан басқаның бәрін көрдік. Сақылдаған аязда малмандай ғып сумен атқылады, үстіміз сықырлап көксауыт мұз боп қатып қалды. Сонда да кеткеміз жоқ. Итке талатты, дубинкамен басқа-көзге төпештеп, тепкіледі. Біз де қолымызға түскен тас-таяқпен ұрып, қарсыласып бақтық. Біресе қуамыз, біресе қашамыз. Шарт та шұрт айкасып кеткен бір сәтте қарсымдағы солдат сапер күрегін сілтеп қалды, білегімді көлденең тосып үлгірмегенімде маңдайымды қақ айырар еді. Міне, тонымның жеңін қырқып, білегімді ырситып орып түсті! – деп бала кезінде ит қапқан айтыртықты көрсетіп еді, Бахтияр «ой, ерім-ай!» деп құшақтай алуға шақ қалды.

Қосымханның көппен бірге Алаңға барғаны да, кейін жаппай қудалау кезінде қара тізімге ілініп, теперіш көре жаздағаны да рас. Бірақ ешқандай зәбір шеккен жоқ. КГБ-ның сыз қабақ қызметкерінің алдын көргенде-ақ жылан арбаған торғайдай шырылдап қоя берген. Азғырындыға еріп жаздым-жаңылдым деді; не айтсаңыздар да орындаймын, тек оқудан шығарта көрменіздер деді жалбарынып. Желтоқсан

уақиғасының ең үлкен қылмыскерін қолға түсірсе де, кінәсін мойындама алмай діңкелеген тергеушінің іздегені осы еді. Сөйтіп, Аланда бірте болған бөлмелесі Әзиз-Сұлтанға сатқындық жасауға мәжбүр болды. Дайын сценарий бойынша, болмағанды болды деп, жалған куәлік беріп, өз басын арашалап қалған. Ол жағына қазір аяқ баспайды. Қатып-семіп қалған қызыл коммунистер болмаса, Желтоқсан уақиғасына қатысушы жастарға иісі қазақтың дені іш тартатынын бұрыннан білетін. Заманның беті бері қарап, кешегі зардап шеккендерді ақтау жөнінде арашашылар табылып, олардың істері дәріптеле бастаған кезде, мұның да әні өзгеріп шыға келген. Жапа көрдім деп ресми орындарға шағынуға беті болмағанмен, сырын білмейтін жерде күпілдеуге қиыстырып өзі туралы тәп-тәуір ертегі шығарып алған. Сол ертегісін, міне, тағы да көйітіп, шалабурыл Бахтиярды әбден елжіретіп алды да:

– Тәп-тәуір оқып-ақ едім, кафедрада қалуға көкелеріммен келісің, почва дайындап та қойғанмын. Арғы жағында аспирантура қалнакпен қағып алатындай жерде емес пе. Амал не, Аланға барғанның кесірінен барлық жоспар быт-шыт болды. Әйтпесе қазір... – деп оқпесі түсе күрсініп, әңгіменің басын бір қайырып тастады.

## ЕКІ ЛИМОН

Университетті бітірген соң Қосымхан екі айдай айналсоқтап Алматыда жүрді. Аудандық комсомол комитеті жағында кішігірім қызметтің құлағы қылтиғандай болған. Бәрінің орайы келіп-ақ тұр еді. Қағаздарын өткізіп, әне-міне деп отырғанда, Желтоқсанда Аланға барған «кәкәйі» алдынан шығып дымын құртты. Амалсыз елге қайтқан. Бірақ мұнда да төрі мен мөрін сайлап кел-кел деп тұрған кім бар дейсің.

Аудан басындағы азын-аулақ лабораторияны жағаттап еді, химикке зәру боп отырған ешкімді көрмеді. Мектепті менсінбеді. Қалтасында КазГУ-дың табақтай дипломы тұрғанда, ЖенПИ, облыстық ПИ, училище бітірген қатын-қалашпен бірге шуылдақтармен алысып, машын ағартпақ па. Ең болмаса, директордың орны болса екен-ау.

Нан-шайын базардан айырып үйренген түстіктің ылпың-жылпың көзі ашық баласы көп ойланған жоқ. Жанбырдан кейінгі саңырау-құлақтай жапа-тармағай ашылып жатқан көп кооперативтің біріне коиды да кетті.

Сауда-саттыққа, жалпы адам бойындағы көп жыл бойы булығып келген жігер-құлшынысқа кең жол ашқан жаңа заманның алғашқы қарлығаштары еркін шарықтады. Бұл қалай деп аңтарылған жай басар

жұрт ес жиям дегенше, бұлар ыстық қауып талай нәрсені қарпып үлгірген. Ықыластанса, адамның үйренбейтін нәрсесі жоқ қой, тіпті сауда-саттықты нағыз өзінің қолы ма деп қалды; аз-ақ күнде одан салсаң-бұдан өтіп, майға салған пышақтай лыпып шыға келген.

Ауылдағы ашық ауыз қазақтың су тегінге тоқты-торпағын топырлатып алып, қол созымдағы Ташкенттің базарына тоғытты; ол жақтан машина-машина тиелген миуа-жемісті тұз шабақты талшық қып шиқылдап отырған Сібірге жөнелтті. Бұрқ етіп көзі ашылған бұлақтай, сол-ақ екен, шаруасы дөңгеленіп жүре берген.

Шыр бітіп, шырайы түзелген соң дос көбейді; тамыр-таныс молайды. Бірін-бірі жел жағынан иіскеп тауып, жең ұшынан жалғасып ылдым-жылдым лезде ішек-қарындары араласып кетті. Терістік пен түстікке тамырын бірдей жайып, пайда қайсы, қауіп қайдан – қан базардағы таразының тербелісін қалт жібермей бағып отырады. Әрине, бәрі асфальтпен заулаған ақаусыз машинадай бірден лыпып кеткен жоқ.

Мал таппақ оңай ма? Екі рет ажал аузынан қалды. Біріншісінде, Иркутскінің «қара базарында» өз аузынан қағынғаны. Екі КамАЗ-бен кияр-помидор апарған. Сібірде жеміс-жидектің бағасы аспанға ұшып тұрған көктемнің кезі. Қанын жерге тигізбей қағып алады. Жаймаға өзін қойып сатсаң, пайда тіптен шаш-етектен. Бірақ бөтен жер, қауіп-қатерді ойламасаң болмайды, әрі күндіз шіркей, түнде масасы көз аштырмай буып тұрады. Үйренбеген адамға одан өткен азап жоқ. Сондықтан көтеріп алушыларға өткізе саласың да, бірер күн моншада Сібірдің бұлықсыған сұлуларына денесін уқалатып, солық басып, аялдамай ауылға қайтатын.

Сол жолы көз таныс «оптовиктері» орнында болмай шықты. Оған бола опынған жоқ. Алушы онсыз да ат көпір. Машинаны базарға кіргізген бойда былғары куртқа киген мығым денелі, тақырбас екі жігіт аяқтарына оратыла кетті. Ауыздарында – сағыз, шайнаң-шайнаң етеді. Бірі – жәшіктегі помидорды қопарыстырып қарап: «ничего, товар с видом. – Товары жаман емес екен», – деді екіншісіне. Екіншісі мықынын таянып бұған:

– Қаншаға өткізесің? – деді екі «КамАЗ»-ды иегімен орай нұсқап. Бұл да басқан жері ойылардай талтайып тұр. Алушының алдында елпектемей бағанды асырып салмақтана білген жөн.

– Два «лимона», ни больше, ни меньше. – Артық-кемі жоқ, екі «лимон!» – деді сол кездегі сауда тіліне жаңа кіре бастаған жаргонмен сауаттылығын танытып. Анау екеуі бір-біріне қабақ астынан үнсіз қарасып, бас изесті.

– Біз келістік, – деді қабағы салбыраған бұқа көздісі. – Кейін айнып қалмасаң болды!



– Қазақ екі сөйлемейді. Айтқан сөзім – қаққан шеге!  
 – Тогда давай, по рукам! – Үшеуі қол алысты. – Біз келгенше жүкті түсіре беріндер.

Жүк түсіруге сол жерде базар төңіректен күнелтіп жүрген шала-бурыл сегіз орыстың жігітін жалдаған. Бір жәшік қиярдың сыртында, «әрқайсына бір-бір шөлмек берем» деп Шымкенттен ала келген арзанқол «самопал» арақты көрсетіп еді, көздері шырадай жанып, құлшына кірісті.

Сүт пісірімдей уақытта алушылар қайтып оралды. Жаңағы екеуі ғана емес, бір топ адам. Қанша салмақтанайын десе де, ақшаның буы қоя ма, құйрық басып жәшіктің шетінде отыр еді, ұшып тұрып құлдырандай алдарынан шықты. Қолдарында кейс не чемодан көрінбейді, бұл қалай дегенше болған жоқ, әлгіндегі бұқа көз:

– Товар дайын ба? – деді.

– Дайын.

– Шіріген, бүлінгені жоқ қой?

– О не дегенің? Не первый раз замужем! – Тауып айттым дегендей, бұл өзінше маңғазданып қойды.

– Жарайды, сендік, тексермей-ақ қояйық. Мә! – Бұқа көз қалтасынан алып, сап-сары екі лимон ұсынды. Бұл алар-алмасын білмей бақырайып бетіне қараған:

– Бұл не?

– Лимон. Товарыңның ақысы.

– Қалай?

– Солай. Екі лимонға сатам дедің емес пе! Міне, екі «лимон».

Бұл жаны ышқынып шыңғырып жіберді:

– Екі лимон емес, екі миллион!

– Басты қатырма. Тіліңнен тартқан ешкім жоқ. Лимон дедің, лимоның міне. А то, косоглазая харья, тебя шась как свиною зарежем! – Ажалдың демін бүркіп, алқымына – бір, екі бүйіріне екі пышак тірелгенде шыбыны шыркырап мұрнының ұшына келді. Шын қысылғанда, дүние-байлықтың құны көк тиын екен, өлген жерім осы деп, көзі қарауытып жүре берді...

Есін жиса, көзінен жасы сорғалап, ащы лимонды қабығымен қоса шайнап отыр екен. Екі шофер екі жағынан көтеріп тұрғыза алмай әлек:

– Жаның – олжа! Ақша деген қолдың кірі, талай миллионды табасың әлі! – дейді жұбатып. – Тұр, Қосеке, елден ұят қой. Бір сағат бақырдың батпаққа аунап. Бұтыңа жіберіп қойыпсың. Жүр, ана дәретхананың қалқасына барып жуынып, киіміңді ауыстыр...

## ТАЙГА

Енді Иркутскіні желкемнің шұңқыры көрсін деп артына топырақ шашып кетіп еді, бірақ ақша құрғыр көздің құрты емес пе, кең ашылған өңеш Ташкент пен Шымкент арасындағы шұқыма сауданы қайдан місе тұтсын, көп өтпей тәубасын тасқа бастырып дәндеген жеріне тағы келген.

Азабына орай, саудасы дүрілдеп жақсы жүріп кетті. Өткендегідей қайтып ешкім мазалаған жоқ. Ойсыратқан шығынның орны еселеп толып, тасы өрге домалай бастаған. «Қасқыр да тоқ, кой да аман» бір маркайған мамыражай көңілмен күндер өтіп жатыр еді. Ойламаған жерден тағы да қақпанға түсті. Өткендегі мұның жанында баланың ойыны екен. Бұл мәрте қалада емес, қайтып келе жатқанда, орман ішіндегі жолдан тосты.

Иркутскіден бері қарай шыққандағы ұзын тас жолдың бойы тұтасқан орман. Жал боп жарылған тіп-тік қалың қарағайдың ортасынан өтесін. Меңіреу сұспен қос жиектен ентелей төніп, қорқыныш шақырып қарауытып тұрады. Ну жыныстың ішінде қанша адамның сүйегі құрт-құмырсқаға жем болып шашылып жатқанын бір Құдай ғана біледі. Қашан ашық далаға шыққанша жүрегің суылдап бітесін.

Жолдың екі жақ ауызын Сева, Вася деген екі қаракшының тобы тосқауылдайды. Мұздай қаруланған. Осы жүз шақырымға созылған меңіреудің құдайы солар. Ары өткенді де, бері өткенді де құр жібермей сауады. Алысам, айтысам деу құр әурешілік, сұрағанын беріп қана құтыласың. Тіпті милицияның өзі де ақша бермесе де, «честь» беріп өтеді.

Құдай ұрғанда, Вася сол күні «таксаны» имансыз аспандатып жіберіпті. Бұрынғыдан төрт-бес есе жоғары. Сөйтсе, оның туған күні екен. Бұрын екі қожайынның біріне «салығынды» төлесен, тайганың коридорында еркін зымырай беретінсің. Севаның не Васяның айбақта-тып қол қойған тілдей «пропускасын» көрсетсең бітті, Шыңғысханның «пайзысындай» ешқандай тоқтау жоқ.

Бүгін ол намаздарынан жаңылыпты. Севаның жол аузында жазып берген қағазын көрсетіп еді, құж шүйде, тарғыл сары ортасынан қак айырып лақтыра салды. Васяның туған күніне орай, «таксаны» көтеру жөнінде бүгін бұйрық болыпты. Вася Байкалда дүрілдетіп, пароходтың үстінде той жасайды екен. Соған лайықты тарту-таралғы керек қой. Шығынның орнын осылай толтырмаса басқа не амал бар.

— Кәне, сал! — деді тарғыл сары алақанын тосып. «Салықтың» мөлшерін айтқанда, бұл шок басқандай шар ете түсті:

– Бар-жоғы міне, осы! – Қос буда қызыл құлақты ұсына берген.  
 – Убери свою подачку! Кімге садақа беріп тұрсың, әкет! – деп дәу сары қолын қағып жіберді.

– Бұл жолы саудамыз жүрмей шоңқиып қалдық, товарымыздың жартысынан астамы шіріп кетті.

– Өтірік айтасың!

– Міне, жаным, міне иманым. Жолға жететін азын-аулақ тиыннан басқа түгіміз жоқ. Мойныма қарыз, келесі жолы өтеймін! – Дәу сары қабақ астынан сүзе бір қарап алды да, қасындағыларға иек қақты:

– Шешіндір!

Ауыздарынан арақ сасып жалаңдаған жігіттер шофер екеуін сол жерде желкелен бір-бір қойып, тұт жаналаш шешіндірді. Қабат-қабат киімнің қалтасынан шыққан буда-буда ақшаны ортаға үйіп қойды.

– Иә, қалай екен? – деді дәу сары тесірейе мырс етіп. – Сенде жан да, иман да жоқ. За вранье все твои деньги подлежат конфискации. Өтірік айтқаның үшін бүкіл ақшаң тәркіленеді! Қане, машинадағы тыққан ақшаны түгел шығар!

– Бары осы. Болса бұйырмасын! – деді Қосымхан тісі-тісіне тимей сақылдап.

– Бол! – Ақырған қаһарлы дауыс меңіреу тайганы қаңқ еткізіп қақ айырды. Қосымхан бәрібір міз бақпады. Сары жендет жақ еті шақпақтана ойнап, қасындағы автомат кезенген жігітке иек қақты. Автомат төрт рет шаңқ еткенде, төрт дөңгелек пысылдай боздап, алып КамАЗ шөккен түйедей тұмсығымен жер тірей жалп ете қалды.

– Әуелі машинаңның күлін көкке ұшырамын. Содан соң жаныңды жаһаннамға жөнелтемін. Қане, тірі қалғың келсе ойлан. Үшке дейін санаймын! – Жігіттердің бірі май шүберекті таяққа орап тұтатты да, бензин баққа қарай жақындатты. – Бір... екі... екі жарым...

Безірейгенмен қауіп шындап таяғанда шыдай алмады Қосымхан.

– Токта! – деді ышқынып. – Қазір тауып берем. – Мұнысы ең болмаса, машина аман қалса екен деген үміт еді. Жалаңаш күйі жүгіріп барып, кабинаны ашты. Орындықтың арқалығындағы фонерді сөгіп жіберіп, ішінен буда-буда сом-долларларды жерге лақтыра бастады. Лақтырған сайын көзінен бұршақ-бұршақ жас сорғалайды. Дәу сары ақшаға да, қорсылдаған бұған да қараған жоқ. Қарағай санаған адамдай көкке қарап, талтайып тұр.

– Та-ақ, сен бір емес, екі рет алдадың. Васектің туған күніне басыңды кесіп апарып сыйласам ба екен? Атсам – оқ шығын, бауыздайын десем, арам қанына қолым былғанады ғой. Қай ағашқа асып қойсам скен, құзғын көзіңді ойып жейтін!

Сол жерде Қосымхан өкіріп құлай кетті:

– Аяушылық етші... Шыбын жанымды қия гөр, братан! – Еңкілдеп-өксіп, құйрығы жарқ-жұрқ тоңқандаған күйі еңбектеп барып дәу сарының аяғын құшақтай алды. Дәу сары жиіркеніп бір теуіп еді, басы қайырылып шалқасынан түсті. Тұра салып қорсылдап тағы ұмтылды, тағы құшақтады аяқтан. Дәу сары және тепті. Қақ кіндіктің түбінен қақыратып тепті. Бұл жолы Қосымхан жайрап қалған. Аяқ-колы төрт жаққа шашылып қимылсыз жатыр.

Осының бәрін көріп есенгіреп тұрған шофер: «Өлді-ау байқұс!» деген біттіге санап. Жо-ок, итжанды екен. Сәлден кейін қақ айрылып таңырайған жалпақ бөксе әуелі дір етіп, содан соң жайлап көтеріле берді. Бойын тіктеген жоқ. Сүйретіліп тізесіне қонды да қайтадан дәу сарыға қарай еңбектей жөнелді. Бұл жолғы жалбарынышы жаңағыдан да аянышты, еңіреген дауысы жаңағыдан да қатты:

– Қасық қанымды қия көрші!.. Өмір бойы құлың боп, итаяқтан су ішіп өтейін. Қанша пұл сұрасаң да кейін тауып берем. Тек тірі қалдыршы!.. – Маңқасы жерге сорғалап, құшқалы, құшақтағалы ұмтыла беріп еді, анау аяғын тартып алып, шегініп кетті.

Шофер жігіт Қосымханды жынданды деп ойлады. Қазір тағы да тебер, бұл жолы біржолата өлер деген. Жоқ, дәу сары мұның өлермендігінен қорқа бастағандай сасқалақтап қашқақтап жүр. Қосымхан қоймай, алай қашса – алай, бұлай қашса, бұлай тоңқандап қуып жүр. Аяғына колы бір жетсе тас құшақтап сүйіп, жалбарынып жатып алатындай құлашын жайып, тап-тап береді.

Дәу сары мына пәлені қайттім дегендей, алақтап жан-жағына қараған. Автомат кезенген жендеттің бірі ыржалақтап дереу құйрықтың үңірейген ортасына ұңғыны таяп көздей бастап еді, колын көтеріп, басын шайқады. Жендет түсінбей бетіне қараған.

– Байландар! – деді.

Сол жерде қолдарын артына қайырып, екеуін екі қарағайдың түбіне шөкелетіп, арқанмен таңып тастады.

«Қазір атады!» деп ойлаған. Дүние дөңгеленіп шыр айналып барады. Бар үміттен айрылып, көзін жұмды. «Қорғасын оқ қазір денесінің қай жеріне кірш етіп қадалар екен? Қинамай бірден жүрекке тисе ғой!..» Ары күтті, бері күтті. Азапты ақтық секундтар сағыздай созылып бітіп берсе, қане.

Көзін ашса, міне қызық, әлгілер емпеңдей басып ұзап барады. Сонда да қауіптенді – қайырыла беріп автоматпен осып өтпесіне кім кепіл? Жоқ, жолдың арғы бетіндегі «Тойотаға» мінді де тайып тұрды.

Сол сәттегі мұның қуанғаны-ай. Арқанға байланып айдалада қалса да жаны тірі. Бума-бума миллиондарды ұстағанда да дәл бұлай

жүрегі лүпілдемеген. Дүниеде дәу сарыдай мейірімді, одан өткен қайырымды жан баласы жоқ боп көрінді. Оған деген шексіз алғысын бейнелерлік сөз таба алмай тосылды. Бар болғаны: «Рахмет, рахмет, бауырым. Кісі екенсің. Басқа біреу болса, атып кетер еді ғой!» деп күбірлей берді ішінен.

Жүрегі бордай езіліп, енді қуаныштан көз жасына ие бола алмай қалды.

Қауіп сейіліп, естерін жиған соң барып, өздерінің пұшайман халін сезген. Айдала. Орман іші. Екеуден екеу екі ағаштың түбінде ойбайлап отыр. Бұлқынған сайын кендір арқан жалаңаш денені есіп қиып барады. Шешілер не үзілер емес. Айналада құтқарар тірі пенде жоқ. Қарағай арасынан бұлаңытқан күре жолдың бойымен анда-санда бір зу етіп өте шығатын машинадағылар айғайлағандарын қайдан естісін. Кездейсоқ тоқтаған біреу байқап қалмаса, қайран жоқ.

Қайтадан ажалдың қара бұлты төбелеріне үйіріліп, үрей буды. Бұлқына-бұлқына кендір арқан қиып, қарағайдың қабығына қажалып, денелері шиедей болды. Сәл қимылдаса, дуылдап ашып, жаныңды көзіңе көрсетеді. Сонда да, қарап отырып өлетін емес, екеуі жан үшыртып, қолынан келген амалын істеп әлек. Шофер жігіт, аузы жететін болған соң, иығынан орай шалған арқанды тісімен шайнап жұлқылай бастаған. Бір уақытта:

– Қап, әкеңнің аузын ... – деп бақырып боқтап жіберді. Бір уыс темірді қанмен қоса түкіріп тастады. – Протез тістерім сынып қалды, енді немен шайнадым?..

Қосымхан бағанадан бері серігіне қарайлап үміттеніп отырып еді, мынаны көргенде тіпті түңіліп кетті. Енді бар үміт өзінде қалғандай, жаны ышқынып арпалысқа түсті. Артқа қайырылған алақандарымен қарағайды сипалап, шодырайған қабықтың қырына білегіндегі арқанды шірей керіп, үйкеуге кірісті. Білезігі қажалып қанағанға да қараған жоқ. Бірақ еңбегі зая кетті. Үйкелегенге қабық шыдамай сәлден кейін үгітіліп сынып қалды. Енді не істемек? Сорлатқанда арқанды иығынан төмен айқастырып байлапты. Мойнын қалай исе де, аузы жетер емес.

Салақтаған жуан қарынның осы жерде бір пайдасы тиді. Бағанадан бері қысылғанда алды-артынан жіберіп, Тайганың құрт-құмырсақасына сыйтабақ дайындап отырған. Ішін тартып еді, арқан әжептәуір босады. Денесін арлы-берлі ырғай төмен сырғып, қос шынтағымен шыжымдай тартып, өлдім-талдым дегенде арқанды ауыз жететіндей жерге жеткізіп алған. Серігінің жаңағы өкінішті тәжірибесі бар, арқанды бірден азуға басқан жоқ. Әуелі сілекейіне шылап жіпсітіп

алды. Содан соң талшықтап тартып, тісімен қырқа бастады. Өнер емес. Сәлден кейін еріндері қолдырап қажалып, судай қанады. Сонда да тоқтаған жоқ.

Күн батты. Қанатын сыбдырсыз қағып қараңғы ымырт лезде айналаны тұмшалады. Сызды ауа ызғар тартып, сүйек қариды. Суықтан қол-аяғы қоқайып жансызданып қалды. Бұған да әйтіп-бүйтіп шыдар еді-ау. Азаптың үлкені маса-шіркей болды. Ымырт үйірілісімен одан сайын буып, құтырынып алды. Әсіресе шіркей жауыз екен, одан құтқарар амал жоқ. Аузыңды ашсаң, қақаласың. Шашыңның арасын тұтып, мұрын-құлағыңның тесігіне кептеліп, жабысқан жерін тесіп, үнгіп жатқандай, шыдай алмай кейде бақырып жылап жібересің. Бұрын Сібірдің бандиттері бірін-бірі жазалағанда, ағашқа байлап өлтіреді дейтін. Тыр жалаңаш шешіндіріп, үстіне бал жағып, ағашқа таңып тастайды екен. Шіркей үймелеп жеп, бірер күнде адамның саудырап құр қаңқасы ғана қалатын көрінеді. Көріңде өкіргір, әлгі жауыз сары да бұларды сөйтіп өлтірмек болған ба? Мына түрімен таң атқанша бар қанын шіркей сорып бітіретін шығар. «Неткен сорлы, неткен ақымақпын! – деп сыбырлай өксіген Қосымхан басын қарағайдың діңіне соғып-соғып жіберді. – Қу дүниені осынша қуып не сорым десенші. Не жетпеді маған? Киімім жыртық, қарыным аш па еді? Бір аяқ ас, бір қабат киімнен артықтың не қажеті бар? Ел сияқты барды қанағат қып тып-тыныш алдымдағы кәсібімді істеп жүргенде, қазір жылы үй, жұмсақ төсекте жатпас па едім кішкентай сары тентегімнің кекілін иіскеп. Жарғақ құлағым жастыққа тимей жанымды жұлып жедім. Біреуді алладым, біреуден алдандым. Алыстым-жұлыстым. Жаным азды, тәнім тозды. Сөйтіп жүріп жүз сомым – мың, мыңым – миллион болды. Сондағы шыққан ұшпағым осы ма? Өл енді өстіп шіркейге жем болып!.. Әттең, осыдан аман-есен құтылсам ғой, тіфу деп бетіне түкірер едім-ау, боқ дүние сенің! Опасыз, әзәзіл! Қызыл түлкідей алдымнан қалай бұландасаң да қызықпаспын саған. Бар байлығымды жетім-жесірге таратып беремін. Өзім мешітке барып намазға жығылмасам көр де тұр. Жаздым-жаңылдым, жар бола гөр, Аллаһ, күнәһар пендене!..»

Қараңғылық қоюланып түн басты орман ішін. Соқыр, мылқау. Жылт еткен елес жоқ. Қай жағына қарасаң да үңірейген бітеу, қара түнек. Бір уақытта қасқыр ұлды. Даусы жақын жерден шықты. Ап-айқын. Мүлгіген қалың қарағай гүлдей жаңғырығып күніреніп кетті. Бұлардың иісін сезіп, ұяластарын шақырғаны ма, «келіндер, бауырлар, аузымыз жылы қанға тиіп бір тоятын болдық» деп, баспалап келе жатқандай ұлыған үні бірте-бірте жақындай түсті. Серігін кім білсін, Қосымхан бұдан қорыққан жоқ. Елең етер халде емес еді. Азаптан есенгіреген марғау сана «мейлі, бүйтіп қиналғанша, тезірек кеп жеп кетсе екен»

лейтіндей бейғам. Сонда да серігіне: «Сес болсын, айғайлап отыр» деген. Өзінің аузы бос емес. Сілекей мен қан сінді арқанды тісімен талшықтап үзіп қажалай берді.

Шофёр жігіт қасқырға айбар қылып, әрі біреу-міреу естір ме деген дәлбаса дәмемен айғайлай бастады орманды жаңғыртып. Әуелгіде ширақ еді, бірте-бірте айғайдың арасы сиреп әлсірей берді. Ең соңында бойын суық қармап әбден сілесі қатқан бейшара аузын ашқанда дыбыс шықпай, айқайдың орнына тістің сақылдағаны ғана естілді.

Айналадағы қара күйе түннің сақалына ақ жүгіріп таң атып келе ме, бір уақытта кендір арқанның соңғы талшығы қырт етіп үзілген. Қуанған жоқ. Бір дем сұлық отырып қалды. Өлі көңіл, мәңгірген сана ештеңеге селт етер емес. Осылай істеу керек деген әлдебір соқыр түйсікпен сірескен денесін әзер қозғап әлденеше ұмтылып барып орнынан көтерілген. Тәлтіректеп жүріп серігінің қолын шешті. Айғайлай-айғайлай жағы қарысып әбден сілесі қатқан бейшара арқаннан босатқанда денесін билей алмай сылқ етіп тұмсығымен жер сүзе құлап түсті тонқалаң асып. Қолынан тартып әуіріммен тұрғызып алған. Екеуі тістері тістеріне тимей қалшылдап тұр. Маса мен шіркейдің азабы одан да өткен. Үсті-бастары қанға тойып, быртиып, быжынаған маса-шіркейден көрінбейді. Тұла бойы түк-түк түрегеп тұрған маймыл сияқты. Жалма-жан сабаланып еді, тиген жері бырт-бырт сытырлай езіліп, екі алақаны қызыл жоса қан болды. Қол тиген сайын одан бетер дуылдап шыдатпаған соң, жерге жата кетіп қарағайдың қылқанды мүгінің үстіне арлы-берлі аунаған. Онысы азаптан құтқарып жарытпады. Маса-шіркейдің мың-миллионын өлтіргенімен сол сәтінде мың-миллионы денеге қайта жабысады. Аш, қорқау пәлелер бұрынғыдан да сойқан. Құтылатын амал таба алмай дағдарып тұр.

Ауылдағылар қой құрттағанда шыбын қонбасын деп, не жауыр болған аттың арқасына ісік қайтару үшін керосин жағып жататын. Кенет сол есіне түсті. Екеуі жүгіріп барып, канистрдегі соляркадан уыс толтыра құйып-құйып алып, үсті-бастарына шылқытып жаққан. Сол-ақ екен маса-шіркейдің үйірілген қара бұлты сейілді. Денеге қонғандарының өлгені өліп, тірілері домалап түсіп жатыр. Сылаған сайын солярка шым-шымдап сіңіп, тұла бойың шымырлап сүйсіне түссін.

Айнала бұлаңытып айқындала бастағанда иненің жасуындай жылтиған көздің ырымын қанша жыртып ашса да екеуі бірін-бірі тани алған жоқ. Жел толтырып, тұрғызып қойған кісі бойындай бір-бір резинка қапшық еді. Дененің дуылы сәл бәсеңсіп ес жиған соң, кешегі шешкен жерде жатқан киімдерін тауып киді. Шық қонып, ылғал тартқан жейде-дамбал сығып алғандай. Қалшылдаған тәнді одан ары қалтыратып, қаңылтырдай қариды.

Машина төрт дөңгелегі жапырайып жол жиегінде шөгіп жатыр. Қосалқы бір дөңгелек, бір камерадан басқа ештеңе жоқ. Болған күнде де алты дөңгелекті ағытып, покрышканы алып-салуға әл қайда. Өне бойлары сіресіп, күп боп іскен аяқ-қолдары икемге келер емес.

Жол бойында тұрып қол көтеріп, арлы-берлі өткеннен көмек сұраудан басқа амал қалмады. Құдай ондап, көп күткен жоқ. Жүк тиеп, ауыр ыңыранып, жолдың екінші жағында келе жатқан тіркемелі КамАЗ ысылдап-пысылдап жандарына жете бере тоқтады. Үш чешен жігіті екен. Мән-жайды ұғысқан соң, ызалана бастарын шайқады.

– Әттең, бізге жолықпайды-ау! – деді қушық иықты арықшасы шағыр көздерінің жиегі лап қызарып. – Васясымен қоса қарағайдың басына жұмыртқасынан асып қояр едік. Ол иттер күштіден ғана қорқады. Неге қару алып жүрмейсіңдер?

– Екеуміз оларға не істей аламыз! – деді Қосымхан мінгірлеп.

– Екеуін атасыңдар!

– Өзімізді өлтіріп тастайды ғой!

– Әне, олар өстіп қорқатындарыңды біліп басынады!

Машиналарын жол жиегіне қаңтарып қойды да, үшеуі дереу іске кірісті. Дөңгелектерді ағытып, оқ тескен камераларды желімдеді. Шай қайнатым уақыт ішінде бәрін тастай кылып, бұларды жолға шығарып салған.

Қосымхан көпке дейін есін жия алмай мәңгіріп келе жатты. Кешеден бергі азабы көрген бір қорқынышты түс сияқты. Есіне түскен сайын жаны түршігеді. Мына жылы кабина, жұмсақ орындықтың үстінде шайқалақтап келе жатқаны өңі ме, түсі ме – сенер-сенбесін білмей дал.

Еңсе басып қарауытқан қалың орманның арасынан суырылып бір уақытта кең жазыққа шықты. Жарқ етіп жарық дүниенің есігі ашылғандай айнала жарқырап сала берген.

Бұл жадырай алмады. Сева мен Васяның қанды құрығынан құтылып, қауіптің ауылы алыстаған сайын көңілін басқа бір уайымның бұлты басты. Тереңнен лықсыған өкініш, ыза ақылға жеңсік берер емес. Көрген жәбір, шеккен шығын еске түскенде, көкірегі удай ашып, көз жасына ие бола алмай қалды. Тағы да мұрнын қорс-қорс тартып еңкілдеп жылап жіберген. Аузы опырайып темекі тартып рульде отырған жігіт ожырая қарады:

– Байы сабаған жаман қатын сияқты сыңси береді екенсің! Жаныңды олжа көріп қуанбайсың ба қайта?

– Бүйтіп тірі қалғаны құрысын!

– Не болды?



– Қалтамызда көк тиын жоқ, қазір солярка біткен соң айдалада қаламыз ғой тағы да.

– Ол жағына алаң болма. Ақша жетеді.

– Қайдағы ақша?

– Кешегі өзін жолға деп берген бес мың сом бар емес пе, ылғи елу сомдық.

– Қа-қалай?! – Қосымханның жас жуған түймедей көздері шақырайып шарасынан шығып барады. – Тұттай жалаңаш шешіндірлі емес пе, аналар қалтаңнан алмап па, әлде кабинеттің бір жеріне жасырып па едің?

– Жоқ.

– Сонда қалай?

Шофёр қипыжықтап ыржың етті:

– Бір пәленің болатынын білдім де... байқатпай құйрығыма тығып алғанмын...

Қосымхан қалшиып сәл тұрып қалды да, қуанып аркадан қағудың орнына шоферді иықтан түйіп-түйіп жіберді:

– Ол ақылынды маған неге айтпадың? Арық тоқтының құйрығындай сенің шөмейген құйрығына бес мың сыйғанда, менікіне он мың сияр еді ғой! – деп өкінішпен одан ары солқылдады...

Иә, бұл ку дүниенің ізінен түлкі қаққан тазыдай сүлкілдеп-ақ түсті ғой. Не көрмеді? Шынырауды жағалап талай мәрте өліммен де бетпе-бет түйісті. Сонда да жүрегі шайлыққан жоқ. Жаны қысылғанда енді сауданы желкемнің шұңқыры көрсін дейді де, қауіптен құтылған сәтте қайтадан тәубасын ұмытады. Бірақ азабы да ақталды. Аш көз саудагер сияқты бір тиыны шашау шықса, дірілдеп-қалшылдап, тек қалтасына нығарлай бергенге мәз болмай, ақылмен безбендеп, керекті жерінде тартынбай оңды-солды шайқады. Ел ішпегенді ішті, ел кимегенді киді. Астында қос машина. Ышқырына көк қағаз қыстырсаң, үлбіреген небір һүрдің қызы сенікі. Егер ақшаң болмаса, ондай неризаттар белі бұрандап тар төсекте табысып, тәнінді өртемек түгілі түсіңе де кірер ме еді? Дүниенің жалғыз билеушісі ақша деген құдырет скеніне сонда көзі жеткен. Досты қас қылатын да, қасты дос қылатын да – ақша. Арды да, махаббатты да... – бәрін сатып алуға болады. Тек ақшаң болсын, ақшаң!

Бәрін жайпап болып енді, міне ғылымға ауыз салмақшы. Құдай қаласа, біраз жылда профес... жо-жок, ол тым томпақтау ғой, доцент болса да жетеді. Өзі көрген, армандаған, шіркін-ай, осындай болсам деп қиялында елестеткен әне бір бекзатқа ұқсап, лактелген жып-жылтыр сарғыш кафедраға бір шынтақтап сүйенген күйі, алдындағы қағазға анда-санда бір қарап қойып, ажарлы жүзбен аңқылдап, есіп бір

тұрса. Анқия ашылған ауыздар, сүйсіне қараған көздер. Жыпырлаған аудитория іші тым-тырыс. Қағаз бетімен қазандай жорғалаған қаламның сықыры ғана естіледі. Анда-санда алтын жалатқан жіңішке сабақты көзілдіріктің астынан сүзіле қарап, төрт қатталған әппақ бет орамалмен жіпсіген маңдайын бипаздана сүртіп... тоқта-тоқта, әлгі қиялындағы бекзат мұның өзіне ұқсап бара ма қалай... иә, сол екеуі бір бейнеге түйісіп, аудиторияны бір шолып шығады. Алдыңғы қатардың орта тұсында қобыраған қолаң шашы иығына төгіліп, қағазға шұқшиып отырған жұмыр мойын, имек қас ақ-сары қызға жанары сәл аялдайды да, лекциясын ары қарай жалғастырып кетеді. Сәлден кейін қонырау соғылады. Жас профес... «қой, қой, Қосеке, шалықтама!» Басын қалай шайқаса да жайнаған сурет көз алдында тұрып алады. Құдай аузына сала берді-ау, тіфә, тіфә... әзірге жас доцент құрметке толы самсаған жанардың сұғын бұзып-жара маңғаз басып кетіп бара жатады...

Пай-пай, тәтті қиялға берілгенде Қосымхан таң атқанша көз ілмейтін. Енді міне, Аманбаевтың жүрегіне жол тапқаннан бері сол сәулелі үміттің ауылы жақындап қалғандай. Әуелгіде «ойбай, Аманбаев деген бір қызыл көз пәле, қатал, принципшіл» дегенге жуи алмай зәресі ұшқан. Осындағы адам қылған ағасына амалсыз тағы барып еді, мырс етіп күлді: «Баяғыда бейпіл ауыз бір шешеміз, Құтым деген болыстың әйелі: «Елді Құтым билейді, Құтымды менің бұтым билейді» депті ғой. Соған ұқсас, Аманбаев елге бапандай болғанмен әйелінің алдында жылан арбаған торғайдай. Сол үйдегі қара шұбар жеңгеннің тілін тап» деген. Бұл тапты. Өңеше кең пәле екен, жілік майын қорқылдатып біраз бітеу сорды ғой.

### «ЖЕМЕЙТІН АДАМ – ЖЕРДІҢ АСТЫНДА»

– Қалай да ғалым болам! – деді Қосымхан өзіне-өзі сенген нық дауыспен.

– Қалай боласың?

– Ақша деген пішен. Қалай шашсам да жетеді.

Әжептәуір шала бұрыл боп, былқ-сылқ болты босап отырған Бахтияр селк етіп бойын тіктеп алды. Ақша, ақша! Жүз болмаса да, қырық рет айтты манадан бері. Сөзінің бисмилләсы да – ақша, аллаһу ақбары да – ақша. Сол сәт мына пәтшағардың басын шайқаса, ішінен теңге сыңғырлайтындай боп көрініп кетті. Столдың ернеуіне екі алақанын тірей шалқалап, Қосымханға иек қаққан:

– Басыңды шайқашы! – Анау түсініңкіремей көзі жыпылықтап:

– Не дейсіз, Бәке? – деді.

– Басыңды шайқа деймін! – деді дауысы қатулана.

– Е, сіз не десеніз де, ләббай! – Қосымхан ыржалақтап басын оңды-солды сілікті. Тұспалы дұрыс шықпағанға қайран қалғандай Бахтияр шұңдайын шықылықтатып:

– Сылдырламайды! – деді.

Көзінің құйрығынан күлкі қашқан Қосымхан қутың-қутың.

– Ой, Бәке-ай, сылдырлайтындай басымыздың іші әзірге су бола қойған жоқ.

– Су емес, теңге сылдырлай ма дегенім ғой.

– Е, теңге қалтаны сіліксе – сыңғырлайды. Сыңғырлайтын – келдейін қалтасы, біздікі сықырлайды, міне! – деп пиджағының томпиған төсін қағып-қағып қойды.

– Ғалым болу үшін бұл аз, – деді Бахтияр жұмбақтап. Анау тура түсінді ме, әлде қушыкештенгені ме:

– Бұл аз болса, міне, тағы бар, – деп, қойны-қоншынан буда-буда қызылала-көкала қағаздарды шығара бастады. Жинақ кассасын тонағандай қалта біткен қақалған ақша. Бахтияр бір сәт таңырқай қарап отырып қалды да, сол жұмбақ күйімен «бұл емес» дегендей басын шайқады.

– Енді не керек? – деді Қосымхан көп буманы құтты мекеніне қайтадан апыл-ғұпыл тықпалап жатып.

– Білім-парасат, еңбек керек!

– Е, білім бар ғой, – деді Қосымхан желкесін қасып. – Құдайға шүкір, университет бітірдік! – «Әй, қайдам» дегендей Бахтияр бетіне ніктеле қарап еді, көзі жыпылықтап ыржалаң қақты: – Енді, шетте жүріп қарайып қалғанымыз рас. Тырысып, талаптанамыз ғой. Қалқайып шидымызда Асекең екеуіңіз жүрсеніздер, жерде қалмаспыз. Тек сіздер аман болыңыздаршы! Қане, сол үшін! – деп, түтіні басқа жаққа шалықтаған жағымсыз әнгімеден қашқандай, мөлтілдеген күрең лағыл рюмкаға асығыс қол созды.

Асекесі – Аманбаев баяғы. Айтпақшы, төбесі көк тіреген айдынды профессордың неғып бұл сығырға алабөтен құсы түсіп өбектей қалды? Ұлық басын кішік қып сонша неге жайылып – жастық, иіліп төсек! Жақыны ма? Жақынына тартса, әуелі баласына жасамай ма жақсылықты? Былтыр қабылдау комиссиясының председателі боп тұрғанда кенже ұлы химиядан екі алып ұшып түскен. Сонда тандай қалпаған бір адам жоқ. «Алла-ай, өзінің туған баласына көмектеспеді, Асекең бұрмасы жоқ, қандай принципшіл тура адам еді» дескен. Кейбіреулер қолпаштап: «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ. Балаға обал болар. Қолымызда тұр ғой, білдірмей тігісін жатқызып жіберейік», деген екен, «Жоқ, баламның қымбат екені рас, бірақ әділдік

одан да қымбат!» деп Аристотельше қолын бір-ақ сілтепті. Сөйткен Асекең бүгін қалайша намазынан жаңылып отыр? Сонда бұл оның кімі болды? Жақыны ма, әлде күні түсер жоғарыдағы бір дөкейдін бірдеңесі ме?

Шілбиген рюмканың аяғын аспаннан келтірген соң, апыл-ғұпыл бір жапырақ арпа нанды мұрнына басып, сәл отырды да:

— Аманбаев кімің еді? Туысың ба? — деді тамыр баспақ раймен. Қосымхан оң қабағын секірте серпіп, өзін ұғып ал деген кісіше жұмбақ жымыды:

— Туыстан да жақын!

Ұғып көр енді. Аяғына отырғызар емес. Сыр бүгіп сақтанған түрі. Е, мейлі, туысы бола ма, басқасы бола ма, одан келіп-кетер пайда не бұған.

Сөйтіп, Аманбаевтың: алақанын күректің сабы ойған еңбек адамы деп есіркеп-мүсіркеп ертіп жіберген адамы қып-қызыл коммерсант болып шықты. Байлықтан кекірігі азған соң ғалым болмақ. Тұнықты лайлап, тиыннан теңге сауып дүниені сапырлыстырған саудагердің қолы қай бір таза. Дәретсіз мұсылманның мешітке кіргеніндей, енді сол кір көкірек, былғанған ниетпен ғылымның қасиетті табалдырығын аттамақшы.

— Аспирантураға түспекшімін, — деді, шофёрлық курсқа документ тапсырам дегендей жайбарақат. — Шет тілі мен научкомға кісі таптым. Тек спецтен қиындау соғып тұрғаны. Асекең сыртыңыздан қатты сыйлап бағалайды екен. Білімі мол, қолдан келген көмегін аямайтын сенімді жігіт деп сізбен таныстырып отыр. Оқып жүргенде біршама білетін сияқты едім, мұқыл қарайып қалыппын. Емтиханға дейін бірер ай химиядан дайындауға көмектессеңіз. Өз бетіммен түртіншектеп көріп едім, жыпырлаған формула мен реакциялық тендеулерді көргенде, джунглиге кіріп кеткен чукчадай болдым...

Осы сөзді естігенде, бағанадан бергі ішкен-жегенін лақ еткізіп құсып тастағысы келді. Аты-жөні жоқ мына жігі-жапар ықылас, ағыл-тегіл сый-сияпатты бәсе «бұл не деген батпан құйрық» деп отыр еді-ау. Бәрі де екі есеп, бір қисап екен ғой. Қызылқұрт қадап қызықтырған улы қармағын терең қылғыттырып алып, жіп ұшынан жайлап тарта бермек өзінше... Токта-токта! Көлеңкеге тон пішіп, несіне шала бүлініп отыр? Шекесі шытынайтындай не айтты? Жауын-жауынның арасымен өтіп кетейін — аспирантураға түсу үшін орныма емтихан тапсыр деген жоқ қой. Бар уәжі: дайындыққа көмектес. Оның аты — білмегенін біліп, кемін толтырып бақ сынап көру емес пе. Оған несіне апшысы қуырылады. Бәйгеге жүз ат шабады, озып келетін — біреу. Сол көп дәмегөйдің бірі де. Сен сауыншысың, сен саудагерсің, саған ғылым-

ның есігі жабық деуге кімнің хақысы бар. Талпынсын, талаптансын. Сағат-минутын санап, мұрнына су жетпей жүрген жоқ. Көп болса, күніне бірер сағат көмектесер. Қайта қол қусырып, аста-төк шашылып қошамет көрсеткеніне рахмет. Әйтпесе, жарты құдайың – Аманбаев иек қақты – бітті, енді менің есегімсің, кәне, еңкей, деп мойнына қарғып мініп алса қайтер еді. Өзі не дегенмен көргенді, сырбаз жігіт екен. Тышқақ лақтың өтінішін құнан қойдың сыйына сатып алып отыр.

Ойы осы жерге тірелгенде жанарындағы жаңағы тентек ұшқын сөніп, қай жағынан шығып қалар екем деп қылпылдап қарсы алдындағы жаутаңдаған Қосымханға мүлдем бейбіт, бауырмал көзқараспен назар тіктеді. Анау да қабақ танығыш тазыдай қырағы пәле екен:

– Екі аяғымыз тең болсын, Бәке! – деп, ырк-ырк күлген күйі қаз мойын «Қазақстанның» екіншісінің тақиясын тісімен жұлып алды да, рюмкаға еңкейте берді.

Содан қанша ішті, не айтып, не қойды – білмейді. Бір қараса, Қосымханның мойнына асылып ап: «Алматы – арман қала...» деп көшпені басына көтере барқырап келеді екен. Бір ашылып, бір жұмылып шапыраштанған көзіне түстіктен түнере төнген Найзақараның ұшар басындағы батар күннің шұғыласы үйген шоқтай лап-лап шалынды.

Ертеңінде жуынып-шайынып, ыстық шай ішіп жан шақырған соң жұмысқа бармақ боп киіне бастаған. Пиджагының оң жақ қалтасына тас салып қойғандай зіл тартады. Бұл не деп қараса – ақша! Бір бума он сомдық! Қолын қып-қызыл шоқ қарып алғандай, дүрс еткізіп столдың үстіне тастай салды. «Бұл пәле қайдан жүр? Сонда...» Ар жағын ойлауға дәті бармай сілейіп тұрып қалған.

Ләм-мим деп тіс жармағанмен, Зухраның да қабағы қатулы еді. Гүні бойы кеттім-бардым лоқсыған бұған леген тосып, құсығын жуумен шала ұйқы боп әбден қалжыраған. Ақша шіркіннің беті ыстық қой, бумасы бұзылмаған қызылқұлақты көргенде, жарқ етіп үй ішіне шам жанғандай, қуқыл тартқан жүзіне лыпып нұр жүгірген. Іле айрандай іріп, әлем-тәпірігі шыққан бұның бетіне қарап шошып кетті: біреуді тонап келді деп ойласа керек.

«Иә, тонаған емей немене. Масқара-ай, неғып қара басты екен. Кешегі Қосымханның мақтанып, қойны-қоншынан бұрқыратып шығарған көп бумасының бірі. Қалтасына қалай түсіп кетті екен? Шайтан шатастырды деген осы. Әй, ит ішкір арақ-ай!.. Тез барып кешірім сұрап, қайтарып беру керек...»

Жүре киініп, асығыс сыртқа беттеді.

Алып-ұшып университетке жеткені сол, абырой болғанда, Қосымхан жолыға кеткені алдынан.

– Ойбай, бауырым, кешір! – деді аман жоқ-сәлем жоқ қапсыра құшақтай алып.

– Не боп қалды, Бәке? – Қосымхан бетіне үрке қарады.

– Мал құлағы саңырау. Екеуімізден басқа ешкім естімесін бұл сұмдықты! – Бір тиындық көзі үш тиындық боп бакырайған Қосымханды дәліздің тұйығындағы қалтарысқа қарай қақпайлай берді. – Ит болдым. Мына... Мына сенің ақшанды қалай алып кеткенімді білмеймін. Кешір. Кеше өлесі мас болыппын... – деп, қолы дірілдеп апыл-ғұпыл қалтасынан буманы ала берген. Сол-ақ екен, Қосымхан болты босап кеткендей денесі былқ-сылқ етіп ал кеп күлсін. Көзінен жас аққанша сылқылдады. Сөйтсе, таксиге мінгізерде: «Замандасқа кигізген көйлегім» деп, өзі қалтасына салып жіберіпті.

– Ой, Бәке-ай, қазақшылықтан жүдә қалыпсыздар ғой. Жемейтін адам жердің астында. Сөз деп соны да! – деп кәдімгідей ренжиді. Бұл азарда-безер боп қалтасына буманы тықпалап әлек. Анау:

– Ой, тәйір-ай, сіз алмаған-ақ, мен бермеген-ақ болайын сол құрғырды. Көңілі жақын адамдардың арасында боталы түйе жүре береді емес пе! – деп ырыққа қойса кәнеки.

«Жемейтін адам жердің астында!» Осы бір сөз желімше жабысып көкейінде тұрып алғаны. Қосымханның жан дүниесі лақ етіп ақтарылып, ақ қағаздың бетіне осынау жалғыз жол сөйлем болып жазылып түскен тәрізді, бір әрпін ала да алмайсың, қоса да алмайсың.

«Пәлсафасының сиқын! – деді аялдамаға қарай мең-зең теңселе басып келе жатып. – Тамағы тесік пенде болған соң жеуге тиіссің; қылғыта бер, қымқыра бер. Тек ебін тауып, қиюын келістіре білу керек дегені ғой. Бұның аты шексіз қиянат, жүгенсіз тұрпайылық емес пе: аңқауды алда; бейғамды ұрла; әлсізді қорқыт. Сонда адамға тән нең қалады бойыңда? Азу тісін сақылдатып әлжуазына тап беретін жыртықштан айырмаң қайсы? Бар артықшылығың түрегеп жүргенің бе? Иә, қиянаттың моральға айналуы деген осы...»

Қалтасын сыртынан басып қойды. Жілігінің майы жіңішкеріп жарты жылда өзгеріс табатын табысы. Зухраның пальтосы тозған, өзінің бәтеңкесінің жамауы анау, пәтер қожасы отын-судың ақысын төлендер деп күнде ол қыңқылдайды. Айтты-айтпады, әкел-әкел деп үңірейген көп жыртық- тесіктің біразы бітелетін болды. Бірақ көңілі тоғайған жоқ. Пиджагының оң жақ қалтасы зіл боп басып тұр. Батпан кара тас етегінен тартып еңсесін еркін көтертпейтін тәрізді. Ағтаған сайын қаңғалақтап, күре жолдан тайдырып, бір қырын қияс бұрып бара жатқандай.

## КӨККЕ ӨРЛЕГЕН АҚ ШЫРАҚ

АЯН

**З**ухра «Квантта» бір айға жуық жұмыс істеген кезінде әжептәуір еңсесі көтеріліп серігіп қалып еді. Таза, жеңіл жұмыс, қызығы қазандай қайнаған көңілді орта. Үйге келсе, қашан таң атып, «Квантқа» жеткенше асығатын. Күн сайын ыстық тартып, әбден бауыр басып алған. «Шіркін-ай, осы мекеменің бір жеріне тырнағым ілігіп қалып қойсам, арманым болмас еді-ау!» дейтін.

Бір күні өзін орнына тастап кеткен әйел – Тамара Семеновна бұрандай басып кіріп келгенде, селк етіп, сәлемдесуге де мұршасы келмей абдырап қалған. Шолақ сары шашын төбесіне түйіп, үстіне жылтыр, кара көзілдірігін қадап, бір қолымен босағаға сүйенген сылқым келіншек ақсия күлген күйі есіктің шаршысында портреттей ілініп тұр. Міне, қандай әдемі күйгенмін, қараңдаршы деп, қысқа етек, ойық жең ақ көйлекті әдейі кигендей, ашық жерінен Қара теңіз күнінің жұмсақ сәулесі қызара алаулайды.

– Міне, келіп қалдық!

Зухраның жылағысы келді. Төрт қабырға төрт тарапқа шегініп, айналадағы күллі зат: сөредегі текше-текше қатталған әппақ кірлік, іргедегі қоңыр диван, өзі отыратын орындық, үстел... бәрі-бәрі біз снді сенікі емеспіз, бөтенбіз деп көз алдынан жырақтап барады. Қызыл-жасыл бояудың бәрі өшіп, дүние күнгірт тартты. Қара теңіздің жылуы мен ауасының жұпарын бойына сіңіріп, көмейінен қуаныш, күлкі атқақтаған бақытты Тамара Семеновна жүдеп тұрған мұнын

күйзелісін сезер емес әрине. Аңқылдап келіп бір қолымен иығынан орай құшақтады:

– Рахмет! Жұмысты кінәратсыз жақсы атқарыпсың. Ендігі жылы сәті түсіп Қара теңізге тағы барсам, орныма өзінді тағы тастап кетемін.

Содан бері Зухра бос. Күні бойы үйде жалғыз өзі. Қазақ баяғыда отырықшы ел атанса да бұлар әлі көшпенді. Айына бір қоныс ауыстырады. Жақында мұсылман зираты жақтағы бір дөңнің астына көшіп келген. Алдында тақтаймен далдалап, ішіне қырық жамау фонер шегелеген қуықтай дәлізі бар шағын бөлме. Нағыз құрқылтайдың ұясы. Еңкейіп кіріп, еңкейіп шығасың. Бұрын тауық қора болған ба, шошқа қамады ма кім білсін. Жотаның етегін ойып, жоғарғы жағына кірпіш өріп, қалқайта салған жер кепе. Іргесі суланып, көк сасып тұрады. Тамыздың ыстығында киініп отырмасаң, бойың тоназып жөтеле бастайсың. Үйездеген алакөлеңке үнірейіп еңсе басады. Бір күн де болса өзіміз тұратын құжыра ғой деп, келген бетте-ақ дүңгіршектің ішін ақтап, есік-терезесін сырлап алған. Енді ыдыс-аяқты тазалап, еденді сыпырып-сүрткеннен басқа ермегі жоқ. Көбінесе орындық алып шығып, есік алдындағы кәрі өріктің саясында отырады. Бар өнері – шұлық тоқу. Оның өзін де жақында үйренді. Соңғы он күнде күйеуіне бір шұлық, өзіне қонышын ұзын ғып бір шұлық тоқыды. Шабандығынан емес, әдейі асықпайды. Бітіре берген кезде, бір жерінен мін тапқан болып қайта тарқатып, қайта бастайды. Әдейі өстіп сылтауратып өзін-өзі алдайды. Енді қайтсін. Қайда асығады? Мұны бітіргенде ары қарай не істейді? Оны-мұны қысыр әңгімемен болса да уақыт өткізесетін адам жоқ. Бейтаныс көрші-қоланның күйттеген өз тірліктері бар. Бұл қанша емексіп сөйлескісі келгенмен, аман-здрәстиден арыға бармайды. Әбден зерігіп құса болды.

Бахтияр ерте кетіп, кеш келеді. Соңғы кездері тіпті қонуға бір-ақ келетін боп жүр. Көбінесе мас. Үн-түнсіз шайқалақтап келіп, төсекке гүрс етіп құлай кетеді. Ондайда Зухраның жүдеу көңілі одан сайын жабырқайды. Ұйқысы шәйідей ашылып, бұлаңытқан төбеге қыбырсыз қадалып жатқаны. Күйеуіне шаң жуытпайды. Мүсіркеп, жаны ашиды. Ішпегенде қайтсін дейді. Етегіне тістей қатып кері тартқан бір қырсық өмірі адымын ашқызған емес. Оған келгенде оңай нәрсе қиындап, қиын – құрдым боп қурап қалады. Әйтпесе алтын басы кімнен кем? Маңдайы жарқырап университетті қызыл дипломға бітірді. Әйгілі Ахметовтың өзі жата-жабысып кафедраға алып қалды. Бірақ аспирантураның ауылы әлі көрінер емес. Бір жылы пәленшекеннің баласы түседі, келесі жылы тағы бір көкенің інісі түседі, үшінші жылы түгеншекенің секретаршасы түседі. Бұған келгенде қырық сылтау – бәрі бітіп, бәрі



кұрып қалады. Осының бәрін ер азамат ойламайды дейсің бе. Қалай күйзелмесін. Арқа сүйеп, үміт артқан Ахметовтың жағдайы мынау. Өлі мен тірінің арасында арпалысып жатыр. Енді беті бері қарай ма, жоқ па неғайбыл. «Мүсілім аға аман болса, жерде қалмаспын. Соискагель болып жүріп-ақ қорғармын. Тұрмысымыз да түзелер, ректорға бст-беделін салып жатақханадан бөлме әперер...» деген ұзын шұбақ үміті сәулелі түстей көзінен бұлбұл ұшты. Бірақ мұның бәрі пенделік күйкі тірліктің гөйгөйі ғой. Күн жаманы өтеді, жоқ табылар, аз молытар. Бәрінен бұрын көкірек түкпірін кеміріп жатқан сарытап қасыретті ийтсаңшы!

Бір-біріне білдірмей жауырды жаба тоқығанмен екеуі де іштей мүжіледі, үйленгендеріне үш жылдан асты, әлі үйлерінен інгә шыққан жоқ. Уақыт озған сайын көңілдегі үрей мен уайым ұлғайып барды. Білікті деген біраз дәрігерді адақтап шықты. «Жатырға қатты соққы тиіп зақымданған. Жассың ғой, бірте-бірте жазылып кетуі мүмкін. Әзірге пәлен дәріні ішіңіз, түген дәрімен шәйіңіз» деп дәтке қуат емексітіп шығарып салғанымен, ешқайсысынан шипа болмады. Бақсы-балгерге де қаралды. Бірі бетіне су бүркіп ұшықтап, «бойынды бұған жын бар екен» деп зікір салып айғайлап, арқасын белбеумен оскылап, көкала қойдай қылған. Екіншісі дуалап, жасап берген ішірткіні інем деп уланып өліп те қала жаздады.

Аллаһқа жалбарынып, аруақтан пәрмен сұрап, Райымбек атаға да тәу етті. Ерлі-зайыпты екеуі зират басына шырақ жағып, жеті күн күнеген. Ортасы жалданған шағын төмпешіктің айналасынан кісі арылмайды. Ауырған-сырқаған, тағдырдан соққы жеп, қасырет шеккен бейбақтар. Қабыр басына бір кезде шаншыған сайғақ тамыр жайып, мәуе болған. Бұтағында желбіреген ақ шүберек жапырақтың санынан көп. Анда-санда жүдеу өнді, ғарип-кембағалдар келіп, білген дұғасын оқып, бетін сипап, шетіне ақша түйілген шүберектерді бұтақтан шешіп әкетеді. Соларды көріп Зухра: «қасиетіңнен айналайын, әулие ата, аруағыңмен қаншама жоқ-жітік, мүсәпірді асырап жатырсың!» дейді ішінен күбірлеп.

Зират айналасындағы әр тұстан қара түнді тескілеп жылт-жылт жанған шырақтар әр жүректегі әлсіз қалтыраған үміт секілді... Жетінші түнегенде түс көрді. Қараңғы түн. Бахтияр екеуі айдалада адасып жүр екен дейді. Жалаңаяқ, жалаңбас. Қосақталып белдерінен кендір жіпке байланып алыпты. Жүрістері өнбейді, бірі жығылса, екіншісі қоса құлайды. Шешіп тастап неге еркін жүрмейміз деп екеуі де ойлайды. Бірақ екеуі де шешкісі келмейді. Кенет мұның қолындағы шырақтың жарығы шалықтай өрлеп, аспан мен жердің арасында ақ жолдай

іліп тұра қалған. Сәлден кейін сол жолмен басына ақ сәлде тартып, аппақ боп киінген ақ сақалды бір адам аспаннан баспалай түсіп келе жатты. Қол созымдайға келіп тоқтады. Аяғы жерге тимей аспанда қалықтап тұр. Қолында жүзі жалт-жұлт ойнаған қайқы қылыш. Еңкейе беріп сілтеп қалып еді, бұлардың беліндегі қосақтаған кендір жіп шорт қиылды. Қылышты серпе жоғары көтеріп алды да, екі алақанына көлденең салып, қол созым биікте қалыктатып ұстап тұрды. «Кәне, секір, қолың жеткеніне сыйға тартам» дейтіндей. Екеуі жарыса ұмтылды. Бұл Бахтиярдан қалысар емес. Жанын салып өршелене секіреді. Бірақ қолы жете бергенде, қария қылышты жоғары көтеріп әкетеді. Бұл ыза болады, «бұныңыз қалай?» – дейді, жалбарынады, ақыры қанша ұмтылса да қария қылышты бұған бермей, Бахтиярға ұстатты. Содан соң кері бұрылып, ақ желбегейінің етегі шұбатылған күйі келген ізімен жоғары өрлеп, көк аспанның тұңғиығына сіңіп жоғалды...

Зухра селк етіп оянып кетті. Көзін ашса, айнала бозамықта-нып, таң сібірлеп келеді екен. Жүрек түбі сыздап жабырқай күрсінді. Аруақ аян берді ғой, қуанайын десе, қуана алар емес. Бахтияр оянған соң түсін айтып еді, ол біраз үнсіз отырып барып:

– Құдай қаласа, ұлды болады екенбіз! – деді.

– Екеумізді қосақтап байлаған арқан неге үзілді?

– Ой, ақымақ, соны да түсінбейсің бе? Ол – адымымызды аштырмай жүрген ауыртпашылық, тұрмыс тауқыметі емес пе. Содан құтылатын шығармыз!

Зухра күйеуінің жоруына сенгісі келсе де, әлдебір түйткілден көңілі қобалжып көпке дейін алабұртып жүрді. Әйтсе де өз күдігінің тереңіне балақ түріп бойлауға жүрексінді.

## **КІШКЕНТАЙ АДАМНЫҢ ҮЛКЕН БАҚЫТЫ**

Зухраның жұмыс іздеп қаланы шарлағанына бір аптадан асты. Мамандығы жоқ, денсаулығы жоқ, ең бастысы – пропискасы жоқ. Онсыз еш жер есігінен сығалатпайды. Барар Балқан тауың – еден, дәретхана жуу, науқастың астын тазалау, балалардың горшоғын тасу. Ондайға өзінің құлқы болмады. Шынтуайтында кәсіп таңдап жүрген жоқ. Ауырлығынан қашып, не лас деп жиіркенгені емес, бас сұғар лашық береміз десе, қай-қайсысына көз жұмып қойып кетуге мақұл.

Бахтиярдың жұмысынан қайыр шамалы. Ректормен сөйлесіп, жатақханадан бөлме алып береді деп жүрген Ахметов аяқ астынан

мұндай күйге ұшырады. Енді қол ұшын берер кім бар дейсін. СМУ-ларға сылақшы, бояқшы боп кірсең, бірден мә деп ұстата қоймаса да, түптің түбінде үй алатындай мүмкіндік бар көрінеді. Бірақ қатты қайырымға денсаулығы құрғыр жарай ма. Атышулы АХБК, тігін фабрикалары жалғызбасты, бойдақ болсаң ғана, жатақханадан орын береді екен.

Сұрастыра жүріп, «еден сыпырушы болсаң да бір шетіне іліксең, жатақхана береді, үйдің кезегіне қояды» деген дақпыртпен Алматы Ауырмашина жасау заводына келген. Ауласына кірудің өзі машақат. Ысік аузындағы күзетші жігіт кадр бөліміне телефон соғып, олар келсін деген соң ғана кіргізген. Жарқыраған ұзын, кең дәліздегі арлы-берлі жүрген қызметкерлер де, төмендегі цехтардан кіріп-шығып жатқан жұмысшылар да – түгел орыс, орыс сияқтылар. Тек аулада қоқыс салынған арбаны сүйреп бара жатқан бір қазақты ғана көзі шалды. «О, сорлы қазағым-ай!» деді ішінен күрсініп.

Кадр бөлімінде мұртының шалғысы едірейген сары шал мұны тақтай қоршаудың бер жағында жарты сағаттай қаңтарып қойды. Оны-мұны сылтауратып жүріп алды. Қолындағы шыны-аяқтағы кофе ме, шай ма, бір ұрттап қойып телефонмен сөйлесті. Бұрышта машинка басып отырған жас келіншектің жанына барып біраз әзілдесті. Құлағына еңкейіп бірдеңе деді де, екеуі далада жүргендей дарылдап күлді. Содан соң барып бұл есіне түскендей, қасына келген. Паспортын қарап:

– Прописқан жоқ! – деді.

– Маған аула, еден сыпырушы болса да жарайды.

Сары шал көзілдірігінің үстінен тесіле бір қарады да, көзін тайдырып әкетті. Шарасыз күйін түсініп, жаны ашыды ма, көзілдірігінің томпайған шынысын бір жылы ұшқын сипап өтті. Алдындағы көп телефонның біреуінің құлағын бұрап, әлдекіммен сөйлесті:

– Зоя Федоровна, жетіншідегі әлгі желіндеп жүрген келіншегің қайда? Қашан декретке шығып кетуші еді? Айдың аяғында? Жарайды! – Тұтқаны тұғырға қойды да, бұған екі ақ парақ ұсынды. – Арыз, өмірбаяныңды жаз. Бір аптадан соң жетінші цехта еден жуушының орны босайды.

Зухра қуанып кетті. Қолы дірілдеп, қағаз бетіне әріптер айбақ-сайбақ түсіп жатыр. «Қап, надан біреу деп ойлап қалатын болды-ау!» дейді ішінен кипақтап. Шал арызына көз жүгіртіп қана өтті, өмірбаянына шұқшия қадалды:

– Та-ак, мединституттың екінші курсынан шықтым де. Өзің кеттің бе, әлде шығарып жіберді ме – неге анықтап жазбайсың?

Зухраның жүрегі мұздап қоя берді. Демі бітіп, сөйлеуге шамасы келмей тұрып қалды. Сәлден кейін барып:

– Шығарып жіберді, – деді бұлтаруға дәті жетпей.

– Не үшін?

– Сексен алтыда Алаңға барғанмын...

– Ах, декабристкамын де! – Шалдың көзі көк тікенденіп шошына қарады. Қолындағы паракты екі бүктеп ортасынан бір-ақ айырды да, коқыс салғыш себетке лақтырды. – Сендейлерге жұмыс істемек түгілі, Алматыда тұруға болмайды! Бара бер!

Зухра сұлдерін сүйретіп сыртқа шықты. Буыны құрып, аялдамадағы жайдақ орындықтың шетіне отыра кетті. Көкірегі бос, ой-сезімнен ада. Ештеңені көрмейді, ештеңені естімейді. Арылдап-гүрілдеп кеп анда-санда тоқтаған автобустың бір есігінен ел ағып-тамып түсіп жатыр, екінші есігінен таласып-тармасып мініп жатыр. Бірдебіріне селт етпейді. Меңірейіп ұзақ отырды...

Бір уақытта орнынан тұрды. Сарылтып барып келетін сары домалақ «пазиктің» келе жатқанын көрсе де күткен жоқ. Келесі аялдамаға дейін жаяу бармақ. Бір орамды түгел алып жатқан заводтың дуалын бойлап жүріп келеді. Аттылы кісінің қолы жетер-жетпес ұзын шұбақ бетон қабырға. Тістей қаланып, әппақ қып сыланған. Әр жерінде орындықтай-орындықтай қызыл әріппен ұрандар жазылыпты. Ашық тұрған темір дарбазаның тұсынан өте бергенде аула ішінде қол арбамен коқыс тасып жүрген әлгіндегі қара торы қазақты тағы көрді. Еріксіз күрсінді. Неткен бақытты адам еді деп сыртынан ұзақ қарады. Келесі аялдамаға тоқтаған жоқ, жүре бергісі келді.

Саябақты кесіп өтіп, бір шағын көшеге бұрылып еді, сәл жүрген соң кенет көзінің алдын көк тұман кептеді. Жо-жок, тұман емес, үйіріліп ұшып көк тіреген шаң тротуардың қос жиегіне лыкси соғылып жылжып келеді. Қарсы ұшырасқан жұрт қашып, көшенің қарсы бетіне өтіп кетіп жатыр. Бірі ызалана басын шайқайды, бірі: «сыпыратын уақытты тапқан екен!» дейді күңкілдеп. Бұл анандай жерде жолдан бұрылар-бұрылмасын білмей сілейіп тұрып қалған. Қырық құбылған жел ұйтқып өткенде, кері шалқыған шаңның арасынан сүзіліп әуелі онды-солды сілтенген ұзын ши сыпыртқының ұшы, содан соң әлдекімнің тұқшиған төбесі көрінді. Анандайда тұрған мұны көріп басын көтерді. Жас жігіт екен. Үстінде көк халат, басына күн қағарын желкесіне қаратып теріс киген қара картуз. Халатының өңірін ашып, астарымен бетін бір сүйкеп өтіп еді, шаң мен тер езіліп, қара жолақ боп шыға келді. Сыпырғыштың сабын иығына сүйеп, қалтасынан «Беломор» алып тұтатты. Салпиған қалың ерін, май мұрын. Аузын ашып дем алады

ен, екі қасқа тісінің орны опырайып тұр. Жер бауырлап жайылған аң бұта басына ілініп, шөпке қонақтап, айналаға жыбырлай сіңіп оғалды. Көк түтіннің арасынан иегін бұрып, өте берсеңізші дегендей ишара танытты. Неге екені белгісіз, осы жігіт көзіне жылы ұшылды. Ашық қабақ, қарапайым, жайдары қалпы біртүрлі өзіне тартып, оңілге сенім ұялатқандай. «Осы сияқты жұмысқа неге бармаймын? Ұрап білейінші» деген бір ой көкірек түбінен жылт еткен.

Сыралғы ескі танысындай қымсынбай қасына келіп сәлемдесті. Құмыс іздеп жүргенін айтты. Жігіт Зухраның бас-аяғына қарап абырсып қалды. Темекісін дереу жерге тастап, табанымен езгіледі. Қалындап тұр ма дегендей сеніңкіремей жалтақ-жалтақ қарай береді. Өлден кейін екеуі жөн сұрасып, шүйіркелесіп кетті.

Жігіт ҚазГУ-дың биофагінде сырттай төртінші курсында оқитын болып шықты. Осы манайдағы үй басқармасында аула сыпырушы екен. Жұмыс істегеніне жеті айдай болыпты. Екі баласы бар, әйелі – бастауыш класта мұғалім. Пәтердің тауқыметін тартып, көп тентірген екен. Жақында мекеме қарамағындағы үйден уақытша тұруға бір бөлме алып көздері ашылыпты. Суы, дәретханасы іште, рахат.

Үй басқармасы – ауыс-түйісі көп, бай мекеме. Подвал, техникалық қабаттар, пайдалану мерзімі өткен ескі камыс үйлер тікелей соның қарамағында. Жұмыс лас, шаң-тозан, иіс-қоңыс жұтасын, денсаулыққа зиянды. Азған-тозған алкаш, шала есті біреулер болмаса, дені дұрыс алам жоламайды. Жиіркенеді, арланады. Некен-саяқ өстіп тұрмыстан гарыққан біреулердің келуі мүмкін. Сондықтан жоқ-жітік, кіріптар нақырларды пәтерімен қызықтырады. Сонымен тұсайды. Босаған ескі, газы, суы жоқ, от жағатын үйлерден кезексіз пәтер береді. Бірақ шарт – бес жыл жұмыс істеуің керек. Әйтпесе тартып алады.

– Кезегім әне-міне таяп тұр. Құда қаласа, екі бөлме алам. Үш бөлме алуға да болар еді, оған бастықтың алақанын майлауға қол қысқа. Әй, осыған да қанағат! – Қара жігіт езуі жайыла опырайып күлді.

«Е, күлмегенде! Бұл жадырап шаттанбағанда, кім шаттанады!» Кіп-кішкентай, елеусіз адамның осынау үлкен бақытына Зухра іштей қызыға қарады.

– Біздің басқармада әзірге бос орын жоқ, – деді анау бұл қошта-сып кетуге ыңғайлана бергенде. – Бірақ қалада ондай мекеме көп қой. Табылады.

Зухра бүгін де әдеттегідей ерте тұрды. Бахтиярды шайын беріп, жұмысына шығарып салған соң, көп күтпей өзі де аялдамаға қарай аяндаған. Апта бойы жұмыс іздеп тентіреп жүргенін Бахтиярға айтқан жоқ. Білсе, құптамасы анық. Өткенде жұмысқа шықсам қалай болады дегенде, жаныңды қинап қайтесің деп қабақ бермеген. Бірақ қашанғы төрт қабырғаны күзетіп отыра бермек? Қарап отырып адамның екі қолы алдына сыймайды екен. Бітіп бермес жаза сияқты. Оның үстіне мына түрлерімен өмірі баспанасыз өтері айдан анық. Тырбынып тірлік етулері керек қой. Кешегі сұлдыңғыр кара жігіт көңіліндегі үміт отын үрлеп, түнімен алабұртып ұйықтай алмай шыққан.

Соңғы кезде Бахтияр мас боп келген сайын, қалтасы томпайып әжептәуір ақша әкелетін болып жүр. Карта ойнап жүр ме деп қорқады. Аанада күдіктеніп сұрап еді, «саған ақша әкеп берсек те жақпаймыз ба, еркектің өз тірлігі бар емес пе!» деп ішін ашпай дүңк еткен. Өйтіп тапқан пұлы бар болсын. Одан да осы қоңторғай тірлігі артық.

Домаланған сары «пазик» шаһардың бел ортасына жетпесе де біраз сұғынып барып тоқтағанда, Зухра жерге түскен. Айнала қаңқайған-қаңқайған тас үйлер. Шатыры қалың желек арасынан қылт-қылт етіп әзер көрінген жадау лашықтарды кеуделеп тау баурайына қарай тықсырып келеді. Әр тұста жарым-жартылай бой көтерген үйлердің төбесіне алып қран қармақ салып тұр. Өкіріп жер тістелеген экскаватор. Жүз жылдық емен шайқалақтап, ыңырсид өксіп құлап барады. Сәлден соң оның орнынан бұрқ етіп көтерілген кара шаң атом бомбасының саңырауқұлағындай дөңгеленіп аспанға ілінді.

Сұрай-сұрай үй басқармасын тапты. Айналасы көк сырлы, қасқыр азу штакетникпен қоршалған, бір қабатты қызғылт үй. Тар дәліздегі ерсілі-қарсылы есіктерден бірі кіріп, бірі шығып жатқан халық. Бастықтың алдында үш-төрт адам бар екен, кезекке тұрды.

Қара дермантин есіктің арғы жағынан айғайласқан дауыстар естіледі. Әйел дауысы ащы, қатты-қатты шығады. Еркектің үні андасанда бір естілгенмен зілді. Кезете тұрғандар тықыршып, бір-біріне қарап күрсініп қояды. Әр қайсысы: «Бастықтың бүгін қабағы қатулы екен, қазір мен де өстіп бажылдаймын ба?» деп іштей уайым жейтіндей. Көнетоздау қаракөл елтірі тон киген бір кемпір басы қақшандап айналасына жалтақ-жалтақ бұрылып:

– Всегда так. Ылғиде осы. Бұл жерде айғай-шусыз ештеңе бітпейді! – деп бір қойды. Қоштаушысы табылса, сайрай жөнелейін деп тұр.

Бір уақытта есік серпіле ашылып, шашын төбесіне үйген, тығын-шақтай келіншек іштен жұлқына басып шықты. Екі беті қып-қызыл өрт, екі көзі — көкпенбек қос тамшы у, әне-міне тамып кететіндей.

— Не люди, одно было! Адам емес, хайуан өңкей! Шарашкина контора. Хотя до ЦэКа доберусь, это так не оставлю. Одну несчастную трубу и ту три месяца не могут починить! Жарты қарыс құбырдың өзін жөндете алмай табанымнан таусылғанымға үш ай болды!.. — Сарт жабылған сыртқы есік ашулы дауыстың тілін қырқып түсті. Іштен тағы да айғай-шу естілді. Қызыл кеңірдек ұрыс. Одан кейін кірген әйел тіпті жылап шықты.

Іште кірген адамның бәрімен арпылдасатын тоң қабақ топас біреу отырғандай Зухраның зәресі ұшты. Қайыр күтпей, кетуге ыңғайланып толқып бір тұрды да, шапанымды шешіп алмас деп тәуекел етті. Имене басып ішке кірген. Төргі бұрыштағы көлденең қойылған ұзын, сары столдың үстіне еңкейген әлдекім төбесінің дөңгеленген тазымен сүзе қарсы алды. Басын көтерген жоқ. Қалың есеп-қисап журналын парақтап шұқшиып отыр. Сәлеміне жауап қатпастан:

— Иә, айта беріңіз! — деді сыздаған ренішті үнмен. — Не бүлінді, не қирады? Опять мировой потоп што ли? Топан су қаптады ма? — Әр сөйлемнің аяғына леп белгісін қойғандай, оң қолында тұмсығын көкке қаратып ұстаған шарикті қаламның түбімен үстелдің бетін тық-тық ұрып қояды. — Құбыр жарылды ма? Көршілер су ағызып жіберді ме? Не шағым айтасыз?

Зухра не дерін білмей сасқалақтап қалды.

— Мен... мен... — деді толқығаннан жүрегі аузына тығылып.

— Иә, сіз!

— Мен... Жұмыс іздеп келіп едім...

Бастық алдындағы қағаздан сонда ғана басын көтерді. Бүйрек бет, кара сұр, сілеусін көз кісі екен. Қырықты алқымдаған. Шекесінен төбесіне дейін айқасқа жылтыр. Есесіне қалған шашы қалың. Самай тұсы ұйысып сақиналанып тұр. Арқалығы қанқайған ағаш орындыққа шалқалай беріп, қайта тіктелді. Қарадай мысы басылып, бағанадан бергі қылығына қысылғандай біртүрлі абыржулы. Зухраның бетіне қараған сайын көзі жыпылықтап, төбесінің жылтыры лап-лап қызарады.

— Нендей жұмыс?.. Бізде сізге лайықты жұмыс жоқ қой? — деді кінәлі үнмен именшектеп. — Инженер, бухгалтер, паспортистка... бәрінің орнында адамдар бар.

— Маған ондай орынның керегі жоқ. Аула сыпырушы болсам жетеді.

Бастық әуелі бақырайып бетіне қарады. Содан кейін аузын ашты. Сол аңқайған күйі түкке түсінбей телміріп біраз отырды.

– Не деп тұрсың, қарындасым-ау! – деді ышқынып. – Аула сыпырушың не айтып тұрған? Саған киноға түсу керек қой!

– Киноға түсетін өз адамдары бар шығар, бізді қайтсін. Маған жан сақтау керек, ағасы!

Келіншектің бүкпесі жоқ жаудыраған шыншыл жанарын көріп бастық тосылып қалды. Соншалықты бір қол жетпес нәрсені өтініп тұрғандай жалбарынышты.

– Япырай-ә! – деді жігіт астындағы орындығын серпе орнынан тұрып. Отырғанда кең иықты, сом денесі тік шаншылып зор боп көрінетін еді, түрегелгенде содан онша биіктеп жарытпады. Төртпақ, қысқа аяқ екен. – Соншалық неден тарықтың, қарындасым? Отыршы, сөйлесейік, – деді көлденең қойылған столдың жанындағы орындықты нұсқап. Өзі қайтадан орнына отырды. – Бәлкім, басқалай бір реті болар?

– Жо-жоқ, басқа ештеңе де керек емес! – деді Зухра азарда-безер боп. – Сыпырғыш ұстасам жетеді. Соны қисаңыз, ат мінгізіп, түйе жетелеткендей көрер едім...

Екеуі біраз сөйлесіп шүйіркелескеннен кейін, бастық Зухраға арыз жаздырған. Қол қоймас бұрын бұрылып, желке тұсындағы қабырғаны жұдырығымен түйіп-түйіп жіберді. Қамыс қабырға сылағы түсердей солқ-солқ етті. Арғы жақтан «қазір-қазір» деген жіңішке дауыс естілді де, ауыз жиғанша болмай шашын дөңгелетіп қырыққан дөңгелек бет, түйме көз қара келіншек домалаңдай кіріп келді. Босағадан бері озбай қалшиып тұрып қалған келіншекке қарап бастық:

– Қай бригадада кісі жетіспеуші еді? – деді.

– Бір мен үште.

– Үшіншіге не бопты? Өткен айда ғана екі кісі алдық емес пе?

– Екеуі бір ішсе, тоқтамайтын алкаш екен. Бір апта бойы жоқ. Қырық сегіздің тұрғындары айғайлап, телефонға маза бермейді. Мусор провод сасып кетті дейді.

– Басқа бригаданы жауып, тез тазалатындар. Ол үйде әлгі қызыл-көз депутат тұрады емес пе. Ана екі алкашты қуу керек, рапорт жазсын де, ана кім еді әлгі?..

– Жексенбай.

– Иә, соған айт... Аулашыларға үстеме жарты ставка қоюға бола ма?

– Резервтің есебінен болады.

– Жарайды, бара бер.

Бұрыштама соқты да, Зухраны қарсы бөлмеге елпілдеп өзі ертіп барды. Қабылдау күтіп, тықыршып тұрған әйелдердің бірі: «Жолдас бастық, кашанғы күтеміз?» деп еді, «мен не, ойнап жүрмін бе?» деп



ажырая қарады. «Алдына барғанның бәрімен айғайласып ұрысушы еді, неғып аяқ астынан молла бола қалды? Мынаның тіпті алдына түсіп жүгіріп жүр ғой!» деп таңырқасып тұр.

Тәрде бір жас келіншек машинка тықылдатып отыр екен. Танауы саңырайған, жағы шығыңқы, қиық көзін баттастырып қарамен бояп алыпты, корейнкаға ұқсайды. Бірақ сирағы түп-түзу, ұзын, мүсінді.

– Дүйсенкүл, мына бұйрықты тез басып жібер! – деді бастық қалбалақтап. Дүйсенкүл Зухраны көрген бойда бырысып-тырысты да қалды. Жаман көзімен бас-аяғын бір шолып өтті. Бастық ұсынған паракты қолынан жұлып алып, үстелдің үстіне төңкеріп тастай салды. Алдындағы кактустың құмырасының түбіне сүйеп қойған төрт бұрыш қолайнаға қарап, қобыраған шашын түзеп алды да, машинкасын баса берді.

– Мынаны қазір бас деп тұрмын ғой!

– Күйіп бара жатқан жоқ шығар. Ничего, потерпит!

Бастық именшек, батып сөйлей алмай тұр. Бұған қарап ақталғандай ыржалақтап күлген болды:

– Біздің Дүйсенкүлдің кейде осындай аздап асаулығы бар.

– Кімнің тілін алам? Бухгалтер анау, жаналқымнан алып жатқан, бол-бол, тоқсандық отчетті бас деп! Енді кеп мына жақтан бірденені тықпалайды! Графикті жол ортадан суырып тастайын ба, өртеніп бара жатқан ештеңе жоқ шығар, мына бетті аяғына дейін басып тастайын...

Дүйсенкүл бұрқылдап сөйлеп біткенше бастықтың шекесімен қоса жылтыраған төбесі әлденеше лап-лап қызарып басылды.

– Жарайды, кісілер күтіп қалды. Басқан соң әкеп берерсің. Сіз осы жерде отыра тұрыңыз...

Бастық бұған тура қарай алмай, иегін ғана изеп кабинетіне кіріп кетті. Зухра босаға жақтағы жайдақ орындыққа келіп тықырсыз тізе бүкті. Бүкіл денесі салмақсызданып, орындықтың үстіне құстың жалғыз тал қауырсыны қалықтап келіп қонғандай. Именіп отыр. Қарадай апшысы қуырылып, ытырынған мына қиық көз пәле бірдеңе деп арс ететіндей қаймығады. Бастықтың жанағы жаутандаған бейшара қалпын көз алдына елестетіп аяп кетті. Бұл неге соншама өктем. Шайпау, бетпақ біреу ме? Бірақ неге басындырады? Машинисткаға әлі келмей ме? Әлде машинка басып отырғанмен дәрежесі шамалас қызметкер ме? Болмаса өзінің үстінен қарайтын бір әйдіктің әйелі не қарындасы ма екен? Қалай дегенмен ерсі-ақ.

Сақылдаған машинканың үні өшті. Дүйсенкүл басылып біткен бетті қаретқадан суырып алып, жаңа қағаз салды. Столдың үстінде

төңкеріліп жатқан бұйрықты аударып, кара сызғышты үстіне қойып оқи бастады. Алғашқы жолдарға көзі түскен бойда «ой, құдай-ай, пішту!» дегендей ернін тыржитып, Зухраға көзінің астымен бір қарап қойды. Машина көңілдене сарт-сұрт тақылдай жөнелді де, кенет кілт жорғасынан жаңылды.

— Үм, уборщицаға 0,5 қосымша ставка дейді резервтің есебінен? Бұл қай жомарттығы? Кімнің шікірәсы екен соншама ол? — деді өз-өзінен бұрк-бұрк күңкілдеп. Жарты бетті қинала-қинала басып болған соң, тар, көк минидің етегінен кара санына дейін жарқыраған жұп-жұмыр ұзын сирақтарын «міне, біздікі қандай әдемі!» дегендей Зухраға әдейі көрсете көстендей басып бастықтың кабинетіне кіріп кеткен. Бір уақытта қайта шықты көгеріп-сазарып, ізінен ере шыққан бастықтың да көзі қылиланып кетіпті. Төмен қараған күйі төрт бүктелген орамалын алып, бетін, мойнын сүрткіштей береді.

— Жүріңіз, — деп мінгір етті де алға түсті. Үйді айналып, жапсарлас салынған кішкентай дүңгіршекке келді. Құрал-сайман сақталатын қойма екен. Көк сырлы қаңылтырмен қапталған есік іштен жабық. Жұлқып-жұлқып қалып еді, ешкім дыбыс бермеді.

— Сан Саныч! — деді бастық айғайлап.

— Чего? — деді әлдекім алыстан жақтырмай үн қатып. — У меня обед.

— Аш, мен — Садықов!

Аяғын сырт-сырт басып келіп, қоңқайған қызыл мұрын шал ұрты бұлт-бұлт шайнаңдап есік ашты. Ашыған қапустаның иісі мұңк етіп танауға ұрды. Кеңсірік тіледі. Күрек, сыпырғыш, тырма, киім-кешек рет-ретімен жиналған. Түкпірде ескі диван, арқалы орындық. Газет төселген столдың үстінде шалдың ыдыс-аяк, оны-мұны ауқаты ыбырсиды.

— Не, бекініп ап бас жазып жатырсың ба?

— Қайдағы бас жазған? Жұмыс уақтында татып алмаймын.

— Айтасың-ау! Шөлмекті мына керзі етіктердің қайсысының коншына тығып жібердің, айтшы?

— Қойыңызшы, жолдас бастық! Бикештің алдында жер қылдыңыз-ау, тіпті! Мұрыным қызарғанға шын алкаш деп ойлап қалады ғой!

— Жарайды, қысылмай-ақ қой... Бұл кісі бізге келген адам.

Сан Саныч тіксініп, Зухраның бетіне қарады.

— Қойманы тексеруге келді ме?

Садықов жауап берген жоқ.

— Қазір бір айналып келеді. Оған дейін жаңа халат, жаңа қолғап, күрек-сыпырғыштарыңды дайындап қой.

Одан соң көшенің арғы бетіндегі бес қабатты үйге ертіп апарды. Бетон баспалдақпен төменге түсті. Кең подвал. Үй сықылды. Тек

кішкене шаршы терезелері жоғарыда сығыраяды. Даладағы қуырып тұрған аптаптан кіргенде салқын, рахат сияқты көрініп еді, сәлден кейін тынысы тарылып, терши бастады. Дымқыл. Қауыс. Темекі, кір-қоңыс, арақтың иісі қым-қуыт араласқан қапырық ауа көз ашытып, қолқа қабады. Төбеде айқыш-ұйқыш стекловатамен қапталған жуанды-жіңішкелі құбырлар. Сарылдап, шұрылдап аққан судың дыбысы естіледі. Бұлар кірген бөлік кәдімгідей қыш кірпішпен қоршалып, темір есік салынған. Ат шаптырым кең зал. Оң қапталда тізілген алты-жеті киім шкаф. Бір бұрыштағы қалқада әжетхана, душ. Ортадағы ұзын столды айналдыра орындық қойылған. Бұлар бөлме ортасына таяй бергенде, сол жақ іргедегі белі кеткен көк диван ойбай салды. Сәлден кейін темекінің көк тұманын жарып әлдекімнің үдірейген басы сығалады. Шынысы томпақ, қалың көзілдірікті, ұрты ойылған, жүдеу өнді шал. Көзілдірігінің сабағын желкесін айналдыра резинкамен байлап қойыпты. Садықов алақанын оңды-солды ырғап бет алдындағы көк түтінді қуып әлек. Сасқалақтаған шал езуіндегі бұрқыраған «Беломорын» жерге тастай салып, табанымен езгілей бастады. Сәлемдескеннен кейін бастық екеуін таныстырды.

– Мына кісі – Миша ағай. Бригадир. Жұмыс орынын осы болады. Мән-жайды өзі түсіндіріп айтар.

– Жұмыс көп, қайратты, жас адамның келгені бізге жақсы! – деді Миша ағай қалбалақтап.

Мен осымен қарзымнан құтылдым дегендей, бастық кетуге ыңғайланды.

– Ал, қарындасым, іске сәт! – деп қолын ұсынды. Алақаны томпиған жұмсақ, жып-жылы. – Әзірге шыдап істей тұр. Кейінгісін ретіне қарай көрерміз. – Қолын жібермей ұзағырақ ұстап қалды. Алақанының ортасы бүлк-бүлк солқылдайды. Елжірей қарап, жып-жылы жанарымен өне бойын бір сипап өтті. Зухра дән риза еді.

– Рахмет, сізге! – деді басқа не дерін білмей. Ренжітіп алмайын дегендей, имене, еппен ғана қолын тартып алды.

Іш қапырық. Бастықтың ізін ала баспалдақпен өрлеп сыртқа шықты. Ыстық болса да сарайы ашылып, кең тыныстады. Жігіт бас изеп, ұзай берді. Шолақ жең көк көйлектің арқасы терден тегештің аузындай қарауытып, шайқала басып барады.

«Азамат екен! – деді Зухра соңынан қарап тұрып. – Айдаладағы біреу деген жоқ, елпектеп өзі жүгіріп бар жұмысын тындырып берді. Жағдайын түсініп, қазақтың бір баласына қиналып жүрген көмектесейін дегені ғой. Әйтпесе кімі бұл? Осындай ағалардан айналып кетпейсің бе! Бұлар болмаса мына дүние не болар еді? Тас бауыр, қатыгездіктен жаның құлазымас па!» Зухра жанары мөлтілдеп, әуе

айналған аптапта айналасына сап-салқын сая төгіп, көше жиегінде желегі желбіреп тұрған алып бәйтерекке мейірлене қарады.

Біраздан соң аула сыпырушылар үздік-создық келе бастады. Кейбірі шайқалақтап әзер жүреді. Шалақызу. Екі сөздің бірі – боқауыз. Бригадада үш еркек, бес әйел екен. Дені жасамыс. Әйелдердің біреуі ғана Зухра құралпы. Өңі арақтан тозған, қазір де көзі қылиланып тұр. Миша ағай мұны таныстырып еді, бәрі үдірейе қарады. Мына ақсауақ бұл жерде не іздейді дейтіндей.

– Нехай, пусть как все вкальвают! – деп бұрқ етті езуінде «Приманын» тұқылы бұрқыраған бір әйел. – Көреміз әлі!

– Үй әперу үшін өздерінің қайдағы біреулерін тықпалайды. Білеміз ғой қулықтарын! – деді екіншісі шаптығып. – Мойнымызға асып қояды. Бұлардыкі жұмыс істеді деген аты ғана.

– Әй, қатындар, сендердікі не байбалам, көрмей-білмей жатып? Доғарыңдар! – Ағытылып келе жатқан сөздің алдын Миша ағай тыйып тастады.

– Рас-ау! – деп іштеріндегі аласа бойлы кемпір әңгіменің басын бейбіт мәмілеге қарай бұрды. Екі ұртынан сойдиып екі тісі ғана ақсияды. – Көп сөз не керек. Одан да жуғызбаймыз ба?

– Тетя Мотя тауып айтты. Прописаться надо! – Екі еркек екі жақтан қосанжарлана іліп әкетті. – Надо же. Не зря нос чесался.

– С твоим носом, разведчиком быть!

Кемпір бұл жердің тәртібі осындай дегендей, жорғалап алға түсіп, жол көрсетіп жатыр:

– Прописканы бірінші айлық алғанда жасайды. Қазір тышқан мұрнын қанатпаса болмайды!

Зухра кемпірді жан тартып, жақсы көріп қалды. Қарадай өшігіп, жан-жақтан дүрсе қоя берген қызыл көз пәлелерден арашалап алғандай болды емес пе. Бұл өстіп дарылдап жол ортадан киіп кетпегенде, аналар әлі талай сөз айтып, түтіп жер еді ғой.

Тетя Мотя алдына алақанын тосты. Зухраның құлағының ұшына дейін ду қызарған. Бір топ адамға қалай жеткізем деп қысылып тұр.

– Ақшам аз еді...

– Бары да жетеді.

Зухра әмиянындағы тиын-тебенін түгел су құятындай ортасы шұңғылданған кір-қожалақ алақанға төкті.

– Автобуска тиының бар ма? – Жауап күтпестен он бес тиынды қайтарып берді.

Осындайға жүгіретін іштеріндегі қолды-аяқтысы өзі сияқты, кемпір ешкімге қайсың барасың деген жоқ. Қолындағы тиындарды жүре санап, дүкен жаққа қарай емпеңдей жөнелді. Жүрісі әбжіл, аяғы

аяғына жұқпайды. Бұлар подвалға түсті қаздай шұбап. Столдың үстіне тұз, пияз, нанның қалдығын қойып, стакандарды жуып дайындалам дегенше кемпір келіп те қойды артынып-тартынып.

Екі ұзын мойын «Талас», төрт сыра. Сап түзеп үстелдің үстіне тұра қалғанда жағалай отырғандар ентелеп, астарындағы ескі орындықтың сай-сүйегін сықырлатып құнжың қақты. Бірақ ешкім шөлмекке қол созған жоқ. Мал иесі өзі бәрін билеп-төстесе керек. Тетя Мотя сойдифан үстіңгі екі тістің бірімен «Таластың» темір қалпағын ортасынан қарш тесіп жұлып алды. Екіншісін де сөйтті. Сыраны ашу әдісі тіпті өзгеше екен. Қақпақтың түбінен уысын тірей ұстап тұрды да, екінші жұдырығымен төбесінен түйіп қалып еді, қалпақ тоңқ етіп ұшып кетті. Келесісіне қол соза беріп еді, еркектердің бірі:

– Подожди! – деді ыржалақтап. – Ну-ка, покажи нам еще номер! Кәне, бізге тағы бір қызық көрсетші!

Тетя Мотя бәлсінген жоқ. Шөлмектің аузын көзінің ойығына тіреп тұрды да қабағын қысып тартып қалған. Шөлмектің аузынан ақ көбік лақ етті. Көзінің ойығында темір қақпақ дөңгеленіп, міне, мен қандаймын дегендей кемпір айналасына масайрай қарады. Содан соң сегіз стаканға «Таласты» жағалатып құйған. Бір тамшы артық-кемі жоқ, кылдай боп бөлінді.

– Ну, тетя Мотя, у тебя глаз – алмаз! – деді еркектердің бірі басын шайқап. Миша ағайдан бастап жағалата тілек айтты. «Ортамызға хош келдің. Жұмысымыз лас. Бірақ қолымыз кірлесе де жанымыз кірле месін. Тілеген мақсатыңа жет...» десті. Көп сөз жоқ, тақұл-тұқыл.

Жаңағы шаптыққан екі әйелдің де жүзі жайдары, сөзі жылы. Бірі тіпті:

– Сінлім, жаңа ренжіп қалдың ба, кешірші. Ашынған соң айтып жатқанымыз ғой, сенің кінәң жоқ! – деп бетінен сүйіп алды.

Зухра стаканды соғыстырды да жерге қойды. Ерін тигізген жоқ. Шампан, коньяктан бір рюмка-жарты рюмка отырыстарда тататыны болғанмен, сыра, портвейнді алкаштардың ішімдігі деп ойлайтын. Мыналар бір ауыз тигенімді көрсе, мойныма мініп алып, күнде ішкізеді ғой деп қорыққан. Қазір аузыма құйғандай болады-ау деген. Қызық қылғанда, ешкім қыстамады.

– Еще лучше, нам больше достанется. Тіптен жақсы, бізге көп калады, – деп Мотя стаканды өзінің алдына қарай жылжытып қойды да, екінші шөлмекті жағалатып құюға кірісті...

Болмашыға байып, шалқып-тасыған көңіл. Ешбір алаңы, уайымы жоқ. Осынау пәни тірлікке бек риза қалыппен жадырай күліп, жамырай сөйлейді. Осыларға қарап отырсаң, өмір деген еш қиындығы жоқ қарапайым нәрсе сияқты. Осылай да күліп-ойнап

жүре беруге болады екен ғой деп ойлайсың. Гуїлдесіп біраз отырды. Арасында дөрекі, бейпіл сөз де кетіп жатыр, бірақ зілсіз, ойнақы. Бұйралана ұшқан қою, көк түтіннің арасынан мұнсыз, бақытты жүздер бұлаңғатады. Өздері шала бурыл тәлтіректеген бейшаралар қылжиып калар деп ойлап еді, қайта ширай түскендей. Бір уақытта «ал, іске кірісейік!» деп бәрі бір кісідей түп көтеріліп орындарынан тұрды. Зухра коймадан киім-кешегін әкеліп, шкафаға салды да, жұмысқа ертен шықпақ боп үйіне қайтты.

### **ЖОҚ... ЖОҚ... БӘРІ ЖОҚ**

Бахтияр бүгін де кеш келді. Зухра тамағын дәмдеп пісіріп көп күтті. Бүгінгі жаңалығын бөлісуге асық. Қуанышы қойнына сияр емес. Бір шөлмек коньяғын да дайындап қойған. Анада Шәуәлі көкесі келгенде алып, ішілмеген соң, жасырып жүрген.

Сарылып ұзақ тосты. Шыдай алмай сыртқа бір шығып, бір кірді. Жолдастарымен жүр ме, әлде жүк түсірем деп вокзал басына кетті ме?

Ақыры жуыр маңда келер болмаған соң, жалғыз өзі шошайып отырып тамақ ішкен болды. Бахтияр келсе дайын тұрсын деп дастарханды жинамай, үстін орамалмен жауып қойды. Стол шамын жағып төменге, көзіне жарық түспейтін етіп қалқаға қойды да, төсекке келіп жатты. Таңертең ерте тұруы керек. Бірінші күні жұмыстан кешігіп қалса, ұят қой.

Біраздан соң Бахтияр келді. Кілтімен сыбдырсыз ашып, ішке кірді. Мас емес, жүрісі нық. Жіңішкелеп қана коньяқтың иісі жетті. Тұрып, тамақ жылытпақ еді, керегі жоқ деді. Босағада тұрған шелектен бір шөміш суық суды көсіп алып, демалмастан сіміріп салды да, шешініп қасына келіп жатты. Шам сөнді.

Ай сәулесі перде сыртынан ақ шаршыланып сыздықтап тұр. Бахтияр жатқан бойда құшағына көміп, жабыса түсті. Тізесі, иығы мұздай екен, тиген жерін қарып барады. Таңертең ғана сақалын алып жатқан сияқты еді, иегі шөткіленіп, алқымын тырналады.

— Қойшы, тыныш жатшы, — деді Зухра басын алып қашып. — Таңертең ерте тұруым керек.

— Қайда барасың?

— Бахтияр, саған айтар жаңалығым бар.

— Қандай?

— Қуанышты жаңалық!..

Бахтиярдың жүрегі өрекіп аузына тығылды. «О, Жаратқан хак тағалам, шынымен тілегімізді бергенің бе! — деді алай-түлей лап қойған қуаныштан есі шыға іштей күбірлеп. — Жақында ғана басына барып түнеген едік, қасиетіңнен айналайын Райымбек атамның аруағы жібеген екен ғой!»

Бір алақанымен келіншегінің ұшы түймедей боп дөнгеленген тіптік, тоқ анарын аймалап, екіншісімен торғындай үлбіріп томпиған құрсағын аялай сипады.

— Жұмысқа орналастым! — деді Зухра еркелей күйеуінің баурына тығыла түсіп. Бахтиярдың көңілі су сепкендей басылды. Бір демнен кейін барып сүлесок, өшкін үнмен тіл қатты.

— Ол не жұмыс?

— Үй басқармасында аула сыпырушы.

Бахтияр «есің дұрыс па! — деп ақырып жіберуге шақ қалды. — Жұмысының түрін!» Бірақ тілін тістеп, іштен тынды.

— А-а! — деді үнсіз тымырайғанды ыңғайсыз көріп. Біткен іске басқа не дейді.

— Сенімен ақылдаспай істегеніме ренжімейсің бе?

— Жоқ... Бірақ біртүрлі ғой!

— Несі біртүрлі? Білімім жоқ, пропискам жоқ, денсаулығым жоқ... жоқ, жоқ... бәрі жоқ! Басқа не істеймін? Қашанғы өстіп көрінгеннің босағасында телміріп жүреміз? Тірлік қылу керек қой. Сенің жұмысыңнан бұл ғасырда пәтер тимейтін шығар.

— Лас... былай тоздырып жібереді ғой дегенім де...

— Әжем марқұм: «Кедейдің кербезінен сақта!» дейтін. Немізге жетісіп кербезденеміз? Лас болып қолға жұғып қалмайды. Ел істеп жүрген жұмыс қой, солардан қай жерім артық?.. Бако! — деді Зухра ып-ыстық білегімен күйеуін мойнынан құшақтап. — Аула сыпырушыларға кезексіз баспана беретін көрінеді. Сол үшін бардым ғой. Әуелі уақытша служебный бөлме береді екен. Содан соң ыңғайына қарай, босаған үйлерден пәтер береді дейді. Бірақ пәтер басыбайлы өзінде қалу үшін тағы да бес жыл сонда жұмыс істеуің керек. Бес жыл деген тәйірі, тірі адамға сөз бе...

«Періштем! — деді Бахтияр ішінен кеңірдегіне өксік кептеліп. — Қор болдың ғой! Қор қылдым ғой! — деді көкірегі ыңырсып. — Жөргегімнен көргенім жоқшылық еді, әлі сол қырсық қыр соңымнан қалар емес. Еңсе жаздырмайды. Өзі бақытсыз жан кімді бақытты етпек? Сорлаттым ғой, жаным, сені де. Бүйтіп ер жігіт боп жер басып жүргенім құрысын!» Бахтияр жанарына жас шымырлап, үнсіз булықты. Келіншегінің иығына маңдайын сүйеп қыбырсыз жатыр. Ал Зухра өз қиялына мас.

— Бако, деймін, білесің бе, — дейді Зухра көз алдынан сәулелі елес көшіп. — Сонда бір бастық ағай бар екен, мұндай адамның асылын көрсем ше. Жаны қалмай жалбырақтап тұрған біреу. Бірақ тым кішіпейіл, қарапайым болғаннан ба, машинисткасына дейін басынады екен. Екі ауыз бұйрықты бастыра алмай қара терге түсті ғой. Өзін аяп кеттім. Тірі жанға жамандығы жоғы көрініп тұр. Қолынан келген көмегін аямас. Ол маған: «жұмысыңды жақсы істе, баспана жағын ретіне қарай көреміз» деді. Құдай бұйыртса, көп өтпей өз үйіміз болады. Бір бөлме болса да жетер еді... жоқ, сен ғылыммен айналысасың емес пе, справка алсаң, бәлкім екі бөлме тиіп қалуы да ықтимал. Онда бір бөлме сенің жұмыс істейтін кабинетің болады. Оған тек сенің жазу-сызуыңа керекті заттар ғана қойылады. Стол, орындық, кітап сөресі...

Бакосы бірақ бұл сөздің бірін де естіп жатқан жоқ. Мұрны пысылдап біраздан соң ұйықтап кетті.

Зухра көкірегің қуаныш кернеп алабұртты. Өз қиялына өзі елігіп көпке дейін ұйықтай алған жоқ. Талықсып барып кірпігі ілінгенде де сәулелі елес түс болып ары қарай жалғасқан.

Үй алған екен дейді. Бір бөлме. Кең. Төбесі биік. Сталин заманында салынған. Шамның түбі дөңгелене оюланып, төбе кенересінің бұрыш-бұрышына өрнек қашалған. Бір профессордың жесірінен қалған пәтер дейді. Әйтеуір қарапайым пендеге бұйыра қоятындай үй емес. Бұларға қалай тиіп жүренін кім білсін. Е, ана бастық ағайдың шарапаты екен ғой. Бәсе, бәсе. Шіркін, өмірде осындай асыл азаматтар бар-ау!..

Еден тайып жығылардай жып-жылтыр, жаңа сырланған. Жалтыраған сарғыш эмаль. Үй іші сөйлесең жаңғырығып күмбір-күмбір етеді. Бахтияр ванна жақта әлдене істеп күйбеңдеп жүр екен дейді. Бұл терезеге перде ілмек боп жатыр. Бір-біріне қарсы жүзген қос аққудың суреті бар жарма шілтер. Орындыққа шығып, өкшесін қалай көтерсе де созған қолы ілгекке жетер емес. Бүйтіп әуреленгенше жерге түсіп, табанымның астына тағы бірдеңе неге салмаймын деп ойлайды. Бірақ олай етуге еріне ме қалай. Саусағының ұшы тиер-тимес болғанға бала сияқты алданады. Әне жетем, міне жетеммен қара тері шықты. Созыла-созыла қолы қарысып, бүйірі шаншыды. Япыр-ау, мұнысы не азап, биіктеу бірденеге неге шықпайды?..

Кенет сағаттың шар еткен ашы даусынан көзін ашып алды. Жаңағы биік төбе, қос аққу қалықтаған ақ шілтер... көз нұрын суырған әсем көрініс қайда? Мынау ақ шелденіп сығырайған терезе, еңсе басқан аласа, тар қуыс не нәрсе? Екеуінің қайсы өңі, қайсы түс екенін ажырата алмай аңтарылып ұзақ жатты.



## ХАНЫМ

### АУАДАҒЫ АҚ ДОҒА

**О**рам бойы созылған төрт қабатты, ұзын бел, сұрғылт үйдің бұжыр бет бетон қабырғасына ақ мысықтың шапшып өрмелеймін деп әуреге түскеніне бір сағаттан асқан шығар. Анда-санда жанай өтіп жатқан некен-саяқ жүргіншінің бірі байқаса, бірі байқамайды. Көзі түскені таңырқай қарайды. «Жаз ортасында мауыққан пәле ме, әлде құтырған ауру мысық па?» дейді ішінен. Қауға бас, омыртқасы сыртынан санап алғандай ырсиған ақ мысық өршелене ұмтылады жоғарыға. Тұяғы тиген жеріне тас тістесіп, төрт табаны төрт жаққа тарбиып жатып алады жабысып. Әуелі алдыңғы аяқтарының бірінің тұяқтарын бірденеге іліктіріп, содан соң екіншісін созып артқы аяқтарымен демей лықсып, шым-шымдап жылжиды. Бірақ бұл азабынан ештеңе өнер емес. Қабырға тайғак, жалама. Сәл өрлеп барады да құлап түседі.

Ақ мысық қайтпайды. Тағы да өрмелейді, тағы да құлайды. Осы әуресін жүз қайталаған шығар. Әбден дымы құрыды. Әппақ жүні терден қоңырқай тартты. Қос бүйірін соғып, арқа сүйегі арсыып құйрығымен жерде шоқиып отыр. Сонда да екі көзі қабырға жақта. Қайтсем екен деп ойланып отырғандай. Кенет басына бір ақылды ой келді ме, орнынан ұшып тұрды. Қабырғаға жақындап барды да, төрт аяғын түйістіре белі бүгіліп серпіліп қалғанда, алдыңғы екі аяғымен бірінші қабаттағы терезенің ернеуіне ілінген. Тырмысып үстіне шықты. Шоқайып сәл отырды да, жоғары қарай өрмелей бастаған. Ойы екінші қабаттағы терезенің ернеуіне ілігу еді, бірақ сол бойда

табаны сырғанап бір-ақ ұшты төмен қарай. Табанымен дік етіп қонған ақ мысық аялдамастан тағы өрмеледі, тағы құлады. Біресе сәл жоғарыдан, біресе сәл төменнен құлайды. Әр құлаған сайын тұяқтары бетонның бетін ақситып сойып түседі. Ізінен шаң борап, ұшқын шашырайды. Біраздан соң қабырға қызыл шимақ қан болды.

Бір жолы үшінші қабатқа дейін өрлеп барған. Діттеген жеріне жетіп-ақ қалып еді. Иә, сәт. Енді екі-үш созылса... Әне бір қаңылтырдың қырнауына тырнағы ілінсе... Қап! Тұяқтары тұрақ таппай сырғанап жөнелді. Төрт табаны төрт жаққа тарбиған күйі бетонның бетін тұяқтарымен ақсита орып, от шашып ағып келеді. Бажылдаған ащы үні ауаны жаңғыртып жерге жалп ете қалған. Табанымен тік түссе де оңбай құлады. Қабырғаның беті айғыз-айғыз ақсия шаңытады.

Ақ мысық ауырсына қозғалды. Шойнандай бір-екі аттады да мияулап жерге шоқайып отыра кетті. Алдыңғы оң аяғын жерге тигізбей көтеріп алды. Бір тұяғы терісіне ғана ілініп салбырап тұр. Ұшынан қан тамшылайды. Арасында мияулап қойып, аяғын жалай бастады. Тілі тиіп кетті ме, ауырсынып аяғын оқыс серпіп қалғанда ілініп тұрған тұяқ үзіліп түсті. Сонда ғана жаны жай тапқандай мияулағанын қойды. Бірақ аяғын жалауды тоқтатқан жоқ. Біраздан соң қан тыйылды. Тілін созып, екі езуіндегі жұққан қанды кезек-кезек жалады.

Ақ мысық оң аяғын көтерген күйі сол орнында тапжылмай ұзақ отырды. Көзі жұмулы. Жүні күдірейіп қалғып кеткендей. Біраздан соң көзін ашып алды. Айналасына қарады. Кенет көзі жарқ етіп орнынан ұшып тұрды.

«Мәссаған, бағанадан бері қалай көрмегенмін» дегендей, үйдің іргесінде өсіп тұрған, бұтағы тарам-тарам зәулім терекке қарады. Құлағы тікірейіп, құйрығын бұлғап-бұлғап қойды. Шапшып барып бұтаққа асылды да, жұмсақ көк қабыққа тұяғын кірш-кірш қадап, дінді бойлай оп-оңай өрмелей жөнелді. Бұтақтан-бұтаққа секіріп, лезде ағаштың басына шыққан.

Сұрғылт үймен төбе тірестірген зәулім терек жапырағы сыбдырлап баяу ырғалады. Ақ мысық үйге қарай иіле төнген жуан бұтақты бойлап келіп, серпіле қарғыған. Ауада ақ доға сыза сорғалаған күйі төртінші қабаттағы терезенің ернеуіне дік етіп қонды.

Профессор Ахметовтың өлі мен тірінің арасында жатқанына екі айдан асты. Операция сәтті өткенмен, әлі есін жиған жоқ, комада жатыр. Дәрігерлер: «Бәрі организмнің күресу қабылетіне байланысты. Кез келген сәтте оналып кетуі мүмкін» деп көңіл демеген болады. Бірақ күн озған сайын үміт жібі жіңішкеріп келеді. Бір айдай реанимацияда жатқаннан кейін жеке палатаға шығарған. Көгіс тартқан бет-жүзінде ешқандай тіршілік нышаны жоқ. Қыбырсыз, сұлық. Көгерген еріндерінің жігі жіптей тартылып, тас жұмық. Тыныс алу үшін бұғананың түйсіндегі өнештің шұңқырынан тесіп, түтікше тығып қойған. Мұрнында да қос түтікше, доғаланып ұзын мөлдір шлангы арқылы оттегі балонына жалғанған. Медсестра дүркін-дүркін келіп, балонды режимге қойып тексеріп тұрады. Қорегі – күніне үш мезгіл система арқылы білегіндегі құретамырға салынатын дәрі-дәрмек, витамин.

Кейде Бахтияр қасында отырып «осы кісі о дүниеге аттанып кеткен жоқ па өзі?» деп қауіптенеді. Саусақтарын, маңдайын ұстайды. Мұп-мұздай. Тамырының соғысы білінбейді. Ондайда сасқалақтап, медсестраның стол үстінде жатқан кішкентай дөңгелек қолайнасын алады да, өнештегі түтікшенің аузына такайды. Айнаның беті буалдырланғанын көргенде барып, көңілі тыншитын.

Палатаға шығарғаннан бергі туыс-туғандардың кезекпе-кезек келіп күзетіп отыруларына рұхсат еткен. Мүкәрама апай екі айдың ішінде әбден титықтап бітті. Кешегі сыны бұзылмай сынғырлап тұрған ажарлы, кербез бәйбішенің елесі де жоқ. Көрген кісі аяғандай. Жаутандап, жасып, мүлдем мүсәпір болып қалған. Таныс-білістен біреу хал-жағдай сұрай қалса, өз-өзінен босап мұңын шағып жылай береді. Енді қайтсін. Ерінің сұлап жатқаны мынау, ұл мен қыздың қасыреті анау, анталаған қырсық жан-жағынан талап жатқанда шүйкедей кемпірдің не жаны қалсын.

Ришадтың анадағы үйге келіп лаң салған қорлығынан кейін жүрегін талмасы ұстап, жүйкесі қозып жарты ай ауруханада жатып шыққан. Енді түнде жалғыз үйде жатудан қорқады. Есі ауысқан бәңгі неме ақша бермедің деп өлтіріп кетпесіне кім кепіл. Көрген сайын Бахтиярға жалынады: «Айналайын, келін екеуің келіп осында тұрындаршы. Сыймай бара жатқан ештеңеміз жоқ. Ес боласындар. Қажет болса, пропискаға тұрғызайын» дейді.

Оны естіген кейбір имансыз қулар алақанын ысқылап, жанығып кетеді: «Несіне тартынасың? Орайы келіп тұрғанда қармап қал. Шалдың түрі анау, кемпір де шайқалақтап қанша жүрер дейсің. Про-

писақаға отырғызам деп тұрғанда отырып ал. Кемпір мен шал олай-бұлай боп кетсе, үйді басып қаласың. Москва, Ленинградтарда пысықайлардың не істейтінін білесің ғой? Үйі бар жесірлерге үйленеді де, біраздан соң ажырасып, үйді сот арқылы бөлісіп алады. Жаны қысылған адам не істемейді? Қаңғып әлі қанша жүрерінді құдай білсін. Мұндай мүмкіндік қолға түсе бермейді. Так что, бала... қамшы бас!»

Алла сақтасын, қайтып мысық тілеу болмақшы! Мұндайды істемек түгілі ойлаудың өзінен төбе шашы тік тұратын Бахтиярдың. Бұлар үркіп жоламаған соң, Мүкәрама апай жоғары қабатта тұратын жалғызбасты бір кемпірді әке-көкелеп үйіне қондырып жүр. Шала қазақ, шала орыс. Жүні жалбыраған сары кәндені бар. Қолынан түспейді. Тамақ ішсе де алдына алып отырады. Қолындағы нанды өзі бір тістеп, итіне бір тістетеді. Бұрын ішімдікке онша кет ары емес еді, енді Мүкәрама апай жалынышты болғаннан бері құдайы тіптен жарылқады. Кешке қарай стол үстінде бір стакан ақ арақ не бір жарты қызыл тұру міндет. Әйтпесе бұлданып қонбай қояды. Қызара бөртіп алады да залдағы диванда кәнденін құшақтаған күйі таң атқанша тырп етпей қорылға басады. Демі сасық, үсті лас. Үйдің іші есіктен төрге дейін шашылған иттің қылы. Бір сұрткен жерін он сұртіп, тықақтаған кірпияз кісі осының бәріне көнуге мәжбүр. Танертең есіктен шығарып салып тұрып:

– Полина, кешке келуді ұмытпа! – дейді жалынышты үнмен.

Полина:

– Посмотрим! Көрерміз! – дейді қайрылып қарамастан. Кейде үндемейді. Естімегенсіп тоң-торыс кете береді.

Мүкәрама апай күн құрғатпай күйеуіне келіп тұрады. Кейде таңертең, кейде түстен кейін. Науқасқа ештеңе керек емес. Дәрі де, тамақ та. Сонда да күніне бір көріп кетпей көңілі көншімейді. Бала сияқты. Көрген бойда еңіреп қоя береді. Орындыққа отыра кетіп, дауысы қатты шығып кетпеуі үшін аузын орамалмен басып алады. Тұншығып ұзақ өксиді.

– Асқар тауым-ау! – дейді сыбырлай. – Бәрі сенің арқаң екен ғой. Міне, бір-ақ күнде мүсәпір болдым.

Медсестра, дәрігерлер жұбата алмай әуре.

– Жыламаңыз, апай. Бұл жерде жылауға болмайды.

– Құдай жылатып қойса, жыламай қайтемін.

– Сабыр етіңіз. Жылай берсеңіз, бұдан кейін кіруге рұхсат етпей қоямыз...

Өстіп келгенінен бұрын жұртты әбігерге түсіріп, жылап-жылап үйіне қайтатын.

Профессордың қасында отырып кезекпе-кезек күзетіп жүрген үш-төрт шәкірті ғана. Соқа басынан басқа ешкімі жоқ. Жетімханада өскен. Апайдың төркіні жырақта. Басынды сүйейтін ет жақын осындайда керек-ақ екен. Ал профессор Ахметовта туыс түгілі, шын шырылдап жаны ашыр дос та жоқ еді. Ылпың-жылпың тірлікке икемсіз, бойын тік ұстап өткен адам. Есі-дерті тек ғылым. Таланттыларға жол ашам деп, әділет үшін алысты-жұлысты. Дүниеде екінші бірі талантты, таза бола бере ме һәм кім өзін талантсызбын, таза емеспін дей қояды. Нәтижесінде көп адамға жек көрінішті болды, қызыл көз пәле атанды. Осы кепке ұшырағанына «сол керек өзіне, шоқ-шоқ!» деп айызы қанып жүргендер қаншама. Тілекшілері – ғылымдағы беделін, талантын құрмет тұтушылар. Оның өзі де сырттай білетіндер, снбегімен танысып, тәнті болғандар.

Жеке палатаға шығарған соң алғашқы екі-үш күнде көңіл сұрай келушілерде толас болмады. Күрсінді, күйзелді. Кейбірі теріс қарап көзін сығымдап алды. Бірте-бірте кісі аяғы саябырлады. Енді төбе көрсететіндер некен-саяк. Сол аздың бірі – Аманбаев. Рас-өтірігін кім білсін, оны профессор Ахметовтың суқаны сүймейді дестін жұрт. Бірақ, Аманбаев кісі екен. Пендешілікпен көңіліне дық сақтаған жоқ. Күнара болмаса да, апта құрғатпайды. Келген сайын камығып, дәрігерлерден «беті қарайтындай үміт бар ма?» деп қайта-қайта сұрайтын, мардымды жауап ала алмай басын қатты-қатты шайқайтын түңіліп.

Бір күні аурухана іші дүрлігіп кетті: «Олжас келді! Олжас келе жатыр!» Жұрт абыр-сабыр. Жайнаған көздер, алабұртқан жүздер. «Христос жерге түсті!» дегендей бір асқак салтанатты, қуанышты абыржушылық. Бахтиярдың да жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Аңыздай асқак тұлғалы Ақынды әр көрудің өзі бір мереке еді. Кенет ат шаптырым дәліздің арғы басынан бір топ адам көрінді. Ең алдында – Олжас, сымдай тартылған сымбатты, зор тұлғасы бәрінен биік. Ақжелекті иығына бос жамыла салған. Соңында бір көш ақ халатты, ақ қалпақты. Кеудесін тік ұстаған күйі аяғын сәнімен жайлап басып жақындап келеді. Ауада сиқырлы бір сәуле кезеді. Күнгірт дәліз жарқырап кеңіп кеткендей. Жоқ, дәліз ғана емес, бүкіл дүние шүпілдеп нұрға толып тұр. Әппақ ниет, асыл жүрек айналаға шапағат шашып келе жатыр.

Палатада Бахтиярмен бірге Мүкәрама апай бар еді. Олжас келе жатыр дегенде, сабыры қашып қатты абыржыған. Жүзінен нұры шалқып Ақын кіріп келгенде апай бір бұрышта орындыққа үймелеп тұра алмай қалды. Ақын ешқайда мойын бұрған жоқ. Төрдегі төсекте шалқалап сұлық жатқан профессордың қасына барды. Қы-

ран канат қастарының ортасы түйісе тұнжырап бір сәт үнсіз қалды. Содан соң томаға көздерін жарқ еткізіп айналасын бір шолып өтті. Бахтиярға өзі қол беріп амандасты. Мүкәрама апайды үймелеген жерінен тұрғызып алып, құшақтап кеудесіне басты.

– Сабыр қылыңыз, апай. Қайтеміз, адамның жауыздығына Алладан шапағат-рахым сұрағаннан басқа не амалымыз бар!

Өзі боркемік апай одан сайын езілді. Ақынның қолын жібермей қайта-қайта сүйіп:

– Жаным, бауырым! – деді өксіп. – Мен сенің алдында кінәлімін.

– Неге?

– Өткен жылы сайлауда мен саған дауыс берген жоқ едім!

– Міне, енді дауыс бердіңіз! – деді Ақын жымия күліп. Көп аялдаған жоқ. Апайды беркіндіріп, көңілін демеп біраз сөйлесті де, қош айтысып шығып кетті.

Бахтияр терезеден сыртқа қарады. Толқып, шалқып қарады. Көзіне сыйған Алатау асқақтап жер-көкке сияр емес. Ол да көңіліндей асып-тасып, биіктеп кетіпті. Емшегін бұлт емген әппақ шыңдар күн нұрына шомылып көз арбайды. Көз алдында – Алатау, көңілінде – Олжас. Кең дүниенің кенерін толтырып Биіктік пен Ұлылық қана асқақтап тұрғандай осы бір сәт.

– Ақымақ басым-ай! – деді Мүкәрама апай шекесін жұдырығымен ұрғылап. – Жана тура қарай алмай жүзім күйді ғой!

– Онда тұрған не бар, апай? Дауыс бересіз бе, жоқ па өз еркіңіз емес пе.

– Қарсы дауыс беруге маған кім ерік беріпті? Ерегесетіндей, егесетіндей ол маған не істеді? Не жамандық жасады? Бәрінен бұрын қайдағы бір қатардағы жұмысшыға бола алтын басын қорлағанымды айтсаңшы! «Ойбай-ау, бұл басқа емес, Олжас қой!» деп неге ойламадым?

– Расында да қисынсыздау нәрсе екен.

– Қисынсыздық емес, бұның аты – Қиянат.

– Не себепті дауыс бермедіңіз?

– Ана жұмысшыны аядым. Сол өтіп кетсе екен дедім.

– Міне, көрдіңіз бе, сіз күйзелетіндей дәнене жоқ, – деді Бахтияр жұбатуға ілік тапқандай. – Ана жігітті аяғансыз. Бұл – Олжасты жек көргендік емес.

– Жо-жоқ, бәрібір қиянат. Нәрсізді қолпаштап, асқақты аласартуға неге құштармыз?

Өткен жылғы сайлау Бахтиярдың да есінде. Бұрын талай сайлауды көрген. Бұл оның бәріне де ұқсамайды. Ол кезде бір округте бір-ақ адам сайлауға түсетін. Жоғарының нұсқауымен еңбек ұйымдары ұсынады-

мыс кандидатты. Көбінесе еңбек озаты деген даңқыртпен қойшы-колаң, тракторист, сауыншы, шошқашы сайланатын, жұрт бір кісідей дауыс береді, әлбетте қашанғыдай жүз проценттік көрсеткіш. Жалпы, жоғарғы совет деген витринадағы маникенге кигізіп қойған қалпак сияқты жай бояма бос орган еді. Сырт көзге «біз, міне, демократиялық елміз, бізде жоғарғы билік халықтың қолында, мемлекетті қалың бұхара өз өкілдері арқылы басқарады» деу үшін ғана қажетті жалған демократияның жабайы қондырғысы болатын. Бітіретін ештеңелері жоқ. Бар шаруалары – жылына екі-үш рет Москваға саяхаттап қайту. Дүкен аралайды, Мәдени-демалыс жоспары бойынша, Құдайдың зорлығымен сурет галлерейасына, операға барады. Кейбірі шетелге шығады. Бөлек дүние. Нағыз ұжымақ. Синтетикалық паластың өзін кәсіподақтың тізімі арқылы кезекпен әзер алатын, үнді шайын бірде көрсе, бірде көрмей, зәруліктен әбден запы шеккен кешегі күрішші, шошқашылар жайнаған жайманы көргенде көздері тұнып кетеді. Бірақ қалтадағы валюта шектеулі. Ондай-мұндай тірлік қылауға қасындағылардан сескенеді. Қайсысы КГБ-ның көз-құлағы екенін кім білсін. Ең аяғы мейманханадағы қос-қосынан қойылатын жұпар сабын, бірақ рет пайдаланылатын түкті орамал, үлбіреген дәрет қағазы... – бәрі таңсық. Пайдалан-пайдаланба – күн сайын жанартып тұрады. Соларды үнемдеп сумкаларына тоғыта береді. Қайтып келген соң, сұраған жұртқа «капитализм құрысын, бізге жету қайда!» деп бетін тыржитады. Бірақ өзі күн сайын түсінде сол жақта дүкен аралап жүреді. Мейманханасында дәрет қағазы мен сабын ұрлап сумкасына салып жатады.

Айналайын халық көреген ғой. Бұлар туралы неше түрлі анекдот шығарып ала қоятын. Бір күні Орта Азиядан барған бір депутат съездер Сарайында үзіліс кезінде көппен бірге газет оқып отырып: «Япырау, бұл Маскуаның адамдары төбесімен жүретін болған ба?» дейді таңырқап. Сөйтсе газетті тоңқайтып теріс ұстап отырыпты сабазын.

Тағы бірде бір депутат «залда шпион отыр» деп президиумға сигнал түсіреді. КГБ аяғынан тік тұрады. Ары іздейді, бері іздейді – таба алмайды. Ақыры жазуы арқылы сигнал түсірушінің өзін тауып алып, шпионды көрсетуін өтінеді. Ол шетте отырған көзілдірікті біреуді көрсетеді. «Оның шпион екенін қайдан білдіңіз?» деп сұрайды. Сонда депутат: «Елдің бәрі ұйықтап отырғанда, жалғыз осы ғана ұйықтаған жоқ. Өне бойы тұқыжындап қағазға бірдеңе жазумен болды, сау сиырдың боғы сөйте ме?» депті.

Ұйықтау демекші, бір әйел Кремльге келіп, Брежневтің қабылдауын өтінеді. Есіктегілерге: «Леонид Ильич екеуіміз бірге ұйықтағанбыз» дейді. Аналар шошып кетіп, дереу бөгетсіз Бас хатшыға кіргізеді.

Әйел бұйымтайын айтып болғаннан кейін, талай сұлудың уызын сарқыған Брекең ары ойланып-бері ойланып: «Кешіріңіз, есіме түсіре алмай отырғаным. Екеуіміз қай жерде ұйықтап едік?» дейді. Сонда әйел: «Леонид Ильич, Жоғарғы Советтің өткендегі сессиясында Сіз президиумда ұйықтап отырдыңыз, мен залда ұйықтап отырдым» депті.

Халық бүкіл қоғамның ұйқыда екенін, қорыл Кремльдің өзінен басталатынын осылай қағытпа мысқылмен күлкі қылатын. Өмір қызықсыз, бір сарынды. Ойда еркіндік жоқ. Бәрі алдын ала жоспарланған. Бір із, бір сызық. Ауыздағы сөзің де, жүретін ізің де белгіленіп қойылған. Ауданның жиналысында да, Кремльдегі съезде де жазып бергенді оқып бересің. Одан ауытқуға болмайды. Сондықтан бір ілініп кетсең, депутат болу да, қайраткер болу да оңай. Бірде Брежнев Маргарет Тэтчерді қабылдарда оқитын қағазын шатастырып алып: «Хош келдіңіз, құрметті Ганди Ханым!» дейді. Қасындағы көмекшісі күбір етеді: «Тэтчер Ханым деңіз!» Сонда Брежнев: «Тэтчер екенін өзім де көріп тұрмын, мұнда Ганди деп жазылған ғой!» дейді ашуланып.

Дүние сапырылысқан сөз. Миыңды көк су қылатын бос мылжың. Дуалға қарасаң да, үйлердің маңдайшасына үңілсең де, троллейбусың бүйіріне қадалсаң да орындықтай-орындықтай қызыл жазудан көзің шұбартады: «Партия жоспары – халық жоспары!», «Бәрі совет адамының игілігі үшін!..» газетті ашып қалсаң, радионы қосып қалсаң, телевизорды басып қалсаң – балпылдап тұрған Брекең жарықтық. Сағаттар бойы тікелей трансляция жасап қоятынын қайтерсің. Не айтар екен деп телевизорға кейде қарап қалсаң, президиумдағылар баяндамада шатағы жоқ, Суловтан бастап сыпсындап өзара сөйлесіп отырады. Залдағылардың бастары салбыраған, жаппай ұйқы. Кейде, қалай дегенмен кеудесінде советтік патриотизмнің ұшқыны бар емес пе, «осындайларды неге көрсетеді екен, әт-тәнә нәлет еврейлер арам ғой, кино мен телевидениенің айналасын түгел жаулап алып, мә, міне, көр деп әдейі былқытырып отыр!» деп әжептәуір шекесі қызарып апшып қалатын. Кейін безбенге салса, евекендер қайта данышпан екен. «Көсемдерін тыңдамаса, қалаулыларың қалғып отырса, сонда бұл сөзді кім тыңдайды? Осы мылжыңның кімге керегі бар? Міне, көріп ал, оян, халқым!» дегені екен ғой.

Ал, бұл жолғы сайлаудың сипаты мүлде бөлек. Горбачев заманында тұншыққан қоғамның тынысын ашып, демократия лебі есіп еді. Енді жоғарғы Советке ұйқы соғарлар емес, озық ойлы жауынгерлер келе бастады. Тұңғыш рет сайлаудың балама жүйесі енгізілді. Бәсеке қызды. Олжас құрылысшымен бірге сайлауға түскен болатын.

Ақынның асқақ даңқына баяғыдан іші күйетін жаулары тобықтан бір қағатын жер осы деп, бірін-бірі ұялы қасқырдай ық жағы-



нан иіскеп тауып жаныға іске кірісті. Оны мұқатып, жасыту үшін ешқандай айла-тәсілден жиіркенген жоқ. Әуелі таптық патриотизмнің шоғына шырпы тастап, жұмысшы мен интеллигенция арасына жік салып қойды. Содан соң топ, пәлен жақ, түген жақ, ру дейтін қазақ арасында үзілмей келе жатқан індеттің сасық иісін мұңкітті. Солардың мыңдаған комбинациясы ойналды.

Бірде жексенбі күні түстен кейін бұлардың үйіне екі жігіт келді. Екеуі де қазақ, жап-жас балалар. Көздері жылт-жылт еткен, еті тірі, ширақ екендері көрініп тұр. Құрылысшы – кандидаттың үгітшілері боп шықты.

– Пәленшеевке дауыс беріңіздер. Туыс-таныстарыңызға да айтыңыздар! – деді салған бойда. – Ол депутат болса, сіз бен біз мұндай лашықта тұрмаймыз. Алматыдағы баспанасыз жүргендерді бес жылдың ішінде тұрғын үймен қамтамасыз етуді өзінің басты депутаттық міндеті ғып қойып отыр!

– Ой, шіркін-ай, нағыз жарылқаушы десеңші! – Бахтияр еріксіз мырс еткен. – Палочка-выручалочка!

– Шын айтамыз, еш қалжыңы жоқ. Әйтпесе ана ақын не бітіреді, құр сөзден басқа!

– Ал мен сол Ақынға дауыс бергім келеді.

– Ойбай, бермеңіз! – деп екеуі бірдей шар ете түсті.

– Неге?

– Ол жаман адам. Қазақты жек көреді!

– Қалай?

– Қатыны – орыс. Өлеңдерін орыс тілінде жазады. Жаны, рухы қазақ емес. Қаны болса, Желтоқсанда қайда қалды? «Олжас! Олжас! Баста өзің бізді!» деп қалың колонна Жазушылар одағының алдына барып айғайлап тұрғанда неге шықпай қойды?

– Болмаса қайдан шығады? Ол күні ол үйінде қамақта отырды емес пе?

– Өзіңіз қай жақтансыз? – деді өжектеген сары сұрақпен жауап беріп.

– Пәлен жақтанмын! – деді бұл әдейі із тастап.

– Oh-ho! – деді екеуі қосыла оқыранып. – Жерлес екенбіз ғой. Мақтап тұрған Олжасыңызды біздің Пәленше, Түгенше деген ағаларымыз иттің етінен жек көретінін білесіз бе?

– Кітап оқи аласыңдар ма?

– Орта мектепті бітірдік қой! – Сөзуар сары қуақылана жымиды.

– Ендеше әуелі сол Пәленше, Түгеншелеріңнің шатпағын оқыңдар, содан соң Олжасты оқыңдар. Кімнің кім екенін ар жақтарыңда

жылт болса, сонда білесіндер. Ал қазір қыртпай қайқайындар! – деп есікті тұмсықтарының түбінен тарс еткізіп жаба салған. Бұдан беті қайтқанмен, екі түйсіксіздің көршілерді жағалап, талайдың тұнығын лайлағаны кәміл. Бахтияр кешке қарай салқындап сыртқа шыққан. Ежелден орыстар қоныстанған ескі көшені жаңағылар ұшықтап кетіпті.

Әр дарбазаның алдындағы ағаш орындықтарда, іргеде сұлаған дөңбекте болпиган семіз-семіз кемпірлер төрт-бестен шоғырланып отыр әдеттегідей. Бір әңгіме он... жүз мәрте қайталанып жауыр болған, қолдарындағы шұлық-шілтер бірде ол, бірде бұл жері ұнамай қалып қырық рет тарқатылып қайта тоқылған шығар. Алда-жалда көлденең өтіп бара жатқан біреу жөн сұрай қалса, бәрі жамырай сөйлеп, жібермей жарты сағат түсіндіретін. Бүгін күндегідей емес, серпіліс бар. Құнжындап әлденені қызу әңгімелеп отыр. Бұл жандарына келіп, сәлемдесіп:

– Иә, кімге дауыс беретін болдыңыздар? – деп суыртпақтап сыр тартпақ болған.

– Да ну, Поэта! Ақыны құрысын! – десті шу етіп. – Ұлтшыл-шовинист екен ғой! Орыстарды жек көреді дейді. «АЗиЯ» деген кітап жазып, сотталып кете жаздаған көрінеді. Әлгі сексен алтыншы жылғы бүлікті ұйымдастырған да осы екен. Қай бетімен депутат болам деп жүр. Дауыс бермек түгілі, көзімізге көрінсінші, мордасына түкірер едік!..

Бұл «олай емес» деп өзінше дәлелдеп шыж-быж болып еді, тас боп қата қалған жүректер бәрібір жібір емес.

Ақыры қалың жабы жабылып жүріп сол жолы Ақынды құлатып тынған. Мүкәрама апай сол көптің бірі болғанына енді, міне, өкініп отыр.

## ТҮНГІ КӨЛЕҢКЕ

Соңғы кезде профессордың түнде келіп қасында күзетіп жүрген Биназар екеуімен тағы бірер жігіт қана. Қолдарының босауына қарай кезектесіп отырады. Басқалардыкі – күндіз бет көрсетіп, көңіл сұрап қайту. Оның өзі де бірен-саран.

Бүгінгі кезек Бахтиярдыкі еді. Түстен кейін жұмысы жоқ болған соң ертерек келген. Бесін ауған шақ. Мүкәрама апай жылап-сықтап жаңа ғана кеткен. Әбден қалжырап қорғансыз боп қалған. Бала сияқты. Көрінген нәрсені уайым қыла береді. Әлгі қасына келіп түнде қонып жүретін кемпірдің итінен үйге бүрге қаптап кетіпті. «Әлгі

Полинаға соны айтып едім, ашуланып қалды. Кеште келмей қойса қайттім?» деп жылайды.

Медсестра науқастың білегіндегі системаны алып, бөлмеден шығып кетті. Осымен оның жұмысы тәмам. Укол соқпайды, дәрі ішкізбейді. Тек анда-санда кіріп жай-күйін біліп қояды.

Бахтияр енді бұрыштағы жылтыр сары үстелді жалғыз өзі жайлады. Ұзақты түн кірпік ілмей қақшиып отырмайды, әрине. Шеттегі кереуетке жатып ұйықтайды. Тек сақ жатуы керек. Анда-санда тұрып науқасты қарап қояды. Сонда да жалғыз кісіге уақыт өтпейді. Іші пысады. Ермек болсын деп үйіп-төгіп әкелген газеттерін стол үстіне қобыратып жайып қойып оқуға кіріскен.

Кенет терезе жақ тарс ете түсті. Біреу сырттан тас лақтырды ма деп қалған. Жок, салмақты, жұмсақ нәрсенің дыбысы. Іле терезенің ернеуінде жыбырлап қозғалған әлдененің көлеңкесі қарауытты. «Е, кептер шығар» деген. Қайта газетке үңілем дегенше, жарма терезенің сәл ғана саңлауланып тұрған жартысы сықырлай ашылып, үрпиген мысықтың басы көрінді. Жүні кірлеген ақ мысық. Созылып кіріп келе жатыр.

Бахтияр сескеніп орнынан қалай ұшып тұрғанын білмей қалды. Қолымен жасқап, дабыстап қумақшы еді, бірақ мысық мұның баржоғын елең қылар емес. Емін-еркін. Кірген бойда іркілместен жерге секіріп түсті. Алдыңғы оң аяғын көтерген күйі құйрығына қонып, тік шаншылып отыр. Екі көзінің айналасы дөңгеленген қап-қара. Сонда барып таныды. Ханым! Профессордың ерке мысығы.

Бахтияр қасына келіп жүрелеп, басынан, арқасынан сипады. «Ақылдым менің!» — деді елжіреп. Ханым, басын мұның тізесіне сүйеп, көзін жұмып өксігендей шағына мияулады. Бейшара әбден жүдеген. Үсті кір, қабырғасы арса-арса. Аяқтары жара. Қайсы күні Мүкәрама апай: «Ес болатын Ханым да жок, құрыды. Қаңыраған қу моладан мысық екеш мысыққа дейтін безіп кетті!» деген кейіп.

Сәлден кейін Ханым үш аяғымен ақсаңдай басып, науқас жатқан кереуеттің қасына барды да, қарғып үстіне шықты. Иесінің бетіне қарап жылаған баладай, сағынғаны ма, халін сезіп жаны ауырғаны ма, ішін тартып мияулай жөнелді. Бахтияр шошып кетті. Естіп, сырттан біреу кірсе, «қарағаныңыз осы ма, мынау не сұмдық!» деп ұрыса ма деп қорықты. Абырой болғанда өксік ұзаққа созылған жок. Ханым шарасына жас кілкіген жасыл көзін жұмып, профессордың жанына жата кетті. Науқастың бүйіріне тұмсығын тығып қимылсыз жатыр. Бір демнен соң серпіліп орнынан тұрды. Ақырын басып профессордың кеудесіне шықты. Дәл кіндігінің үстіне келіп қайтадан дөңгеленіп жатты. Қимылсыз. Быр-быр етіп ұйықтап кеткендей.

Осыдан екі айдан астам уақыт бұрын профессор капияда қарақшының қолынан жығылған сәтте Ханым жан түршіктіре бажылдай мияулап үй ішінде арлы-берлі теңселіп жүріп алып еді. Құйрығымен жер сабалап, шырқ айналып тыным таппаған. Әлдеқайдан талып иесінің ыңырсыған, қиналған дауысы жететіндей құлағына. Профессор отыратын орындыққа секіріп бір шығады, секіріп қайта түседі. Қарадай тіксініп, көңілі алай-түлей алабұртқан Мүкәрама апай: «Мына кәпірдің дауысы неткен жаман еді. Жап аузыңды!» деп қолына түскен шәркей, диванның үстіндегі жастықшамен бір-екі рет атып ұрған. Сонда да мияулағанын қоймады. Мүкәрама апай қайда барса, ыңырсып сонда барады. Бұл жалт қараса, ол да кері бұрылып, жүр дегендей кіреберіске қарай беттейді. Есікке барып тырналап тұрып алады.

Әр нәрсеге мұқият, ықтиятты Мүкәрама апай режимге үйренген тәртіпті мысығының мына тосын қылығына аң-таң. «Мына құрғырға не болды, жаңа ғана даладан келіп еді ғой? Мауығып, бір подружка тауып алды ма?» Мазаны алып болмай қойған соң, ақыры есікті ашып шығарып жіберген.

Ақ мысық иіскелеп иесінің ізін қуа кісі аяғы саябыр, қос жиегін қалың жапырақты үйенкі күрегейлеген, қалтарыс-бұралаңы көп жіңішке көшені ұзақ шарлады. Кейде бүлкілдей желіп, кейде антарылып тұрып қалады. Ондайда иіскелеп жүріп іздің сорабын тауып алады да, қайтадан бүлкекке басады.

Бір жерде, басын тегістеп қырыққан бұтаның қуысындағы арқалы орындықта иесі отырыпты. Бұл да сол жерді айналсоқтап біраз тоқтады. Су жайылған дымқыл топырақта бәтеңкенің ізі ырсып жатыр. Ирек-ирек қышырына дейін ап-анық. Иесінің ізі. Жаңа ғана тұрып кеткендей. Ақ мысық ары қарай бүлкектей жөнелді. Бұрылыстан өтті. Үлкен алаңқайға шықты. Жиектегі самсай тізілген қарағайлардың саясына қаз-қатар орындықтар қойылған. Көбі сынық. Тақтайлары жұлынған. Темір қаңқалары ғана арсып тұр. Иесінің ізі бір жуан қарағайдың түбіне келіп тоқтады. Ары қарай ешқайда жүрмеген. Сонда оның өзі қайда? Ақ мысық аң-таң. Әр жерге қан тамшылапты. Иесі қарағайдың түбінде етпеттеп жатқан сияқты. Ешкім елестете алмас суретті бұл көріп тұр. Топырақтың үстіндегі анау қос дөңгелек көзәйнектің ізі, одан сәл төменгі сүйір шұқанаққа мұрын тиген...

Айнала ию-кию бөтен иіс. Ақ мысық шырқ айналып із кесті, иіс тартты. Иесі көкке ұшқаны, жерге кіргені белгісіз. Амалсыз кері қайтқан. Қараңғыда зарлап, мияулап келе жатқан мысық-

қа жолай ұшырасқандар тіксіне қарады. Бірі жекіріп тепсінсе, екіншісі тас лақтырады. Бірақ ақ мысық оған құлақ асып жатқан жоқ. Қараңғы түнді өксікке толтырып зарлай берді.

Ақ мысық бірінші күні иесін келіп қалар деген дәмемен елендей күтті. Сырттан сәл тықыр шықса, құлағы едірейіп ұшып тұрады. Иесінің аяқ дыбысы емес. Көзі жасаурап, мұнайған күйі орнына қайтадан бүктүсіп жатады. Екінші күні тықыршыды. Үйге сыймай шиыршық атты.

Екі күннен бері кемпір де үйде отырмайтын болды. Бұрын сыртқа көп шықпайтын. Енді таңертең кеткеннен кеште бір-ақ оралады. Түрі өзгерген, бойы кішірейген. Аянышты. Қисаландай келіп, асүйдегі жайдақ орындыққа отыра кетеді. Әлдебір жаққа қадалып қимылсыз қалшияды да қалады. Көздері әйнек сияқты, жып-жылтыр. Иегінің ұшына жиналған тамшы созыла мөлт етіп жерге тамады. Толассыз тырсыл. Едендегі су қазанның аузындай дөнгеленіп жайылып барады. Аракідік кемпір ішін тартып өксіп-өксіп алады. Ол жыласа, бұл қосыла мияулайды. «Жап аузыңды!» дейді кемпір зекіп. Тегешке сүт құйып, шайқап-төге дік еткізіп алдына қойды. Ақ мысық оған бұрылып карамайды да.

Ақ мысық кемпірді онша ұната қоймайды. Сүт құятын, тәтті-тәтті тамақ беретін сол. Бірақ бәрібір иесіне теңгермейді. Шіркін, иесіне жетер кім бар! Кеште телевизор карағанда алдына алып, басынан, арқасынан сипап отыратын. Түнде қойнына алып жатады. Қалай еркелесе де мейлің. Шектеусіз еркіндік. Кейде шай ішкенде шоқиып иығына шығып алушы еді.

Ал кемпірге оның бірін де істей алмайсың. Сәл көңіліне жақпай қалсаң, қағып жібереді. Бұлжымайтын тәртіп: берген тамақты күнделікті бір орында ішуің керек; сыртқа белгіленген уақытта шығасың. Саусағын безесе — бірденеден мүлт кеткенің. Дәретке отырғызуды үйретем деп әжетханаға желкесінен сүйреп қаншама қинады десеңші. Дөнгеленген ол тақтайы түскірдің беті шыныдай жып-жылтыр, тырнағы тайғанап тоқтамайды әрі аяғы алшыып әзер жетеді. Тәлтіректеп тұрып кейде теріс шаптырып жіберсе, сыпырғышпен баж еткізіп бір салады. Бірақ қазір кемпірді аяйды. Мұның иесін ол да іздейтіндей.

Үшінші күні шыдай алмады. Тым-тырыс үйде қамалып жата берсе, көкірегі құсадан қақ айрылардай. Есік ашылған бір әредікте сып етіп сыртқа шыққан сытылып. Мұнайып айналасына қарады. Бәрі күндегідей, бәрі орнында. Бірақ күллі дүние бос, қанырап тұр. Өйткені іздегені жоқ. Иесінің соңғы жүріп өткен ізін қуалап тағы да өткендегі жерге келді. Сау орындықтың арқалығына құйрығымен қонақтап екі жігіт отыр. Қолдарында бір-бір шөлмек, анда-санда түбін көкке бір

жарқ еткізіп, сораптап қояды. Бұжыр, жуан дінді қарағайдың түбіне барды. Иесінің ізі де, иісі де жоқ. Қан тамшылары қураған жапырақтай топырақ үстінде қарайып-қарайып қабыршықтанып жатыр. Аспан асты тілсіз меңіреу – иесінің дыбысы жоқ; дүние бар жұпарынан айрылған, өйткені иесінің иісі сезілмейді.

Айналасын шолып, антарылып біраз тұрды да шулы, үлкен көшеге шықты. Арылдаған машина, ерсілі-қарсылы сапырылысқан халық. Сол көптің арасында иесі де жүргендей. Өне кездесем, міне көрем дәмемен басы ауған жаққа қаңғалақтап жүре берді. Көз ұшында қараңдаған біреу сол сияқты. Дәл өзі. Жүрегі кеудесіне сыймай қуанып, құйғытқан күйі жетіп барса – ол емес... Әбден сілесі қатып, шарасыз түңілістен көкірегі ыңырысып қараңғы түскенде үйге бір-ақ оралған.

Сол күннен бастап ақ мысықтың иесін іздеуі басталды. Әзірге еш нәтиже жоқ. Құр тентіреу. Әбден торыққан, үміт үзіле бастаған. Бір күні, міне ғажап, сырттан кірген кемпірмен бірге иесінің иісі ілесіп келді. Босағадағы біріне-бірін сұғып қойған сүйретпе былғары шәркейден не төргі үйдегі орындықтың арқалығына кигізулі тұрған қоңыр пиджактан емес, түп-тура кемпірдің үстінен, киімінен шығады. Түрлі дәрінің ашқылтым иісімен ию-кию араласып танауына жіңішкелеп жетіп тұр.

Ақ мысықтың көзі шырадай жанды, жүрегі лүпілдеп, аузына тығылды. Иесі жоғалмапты! Бар екен. Және жырақта емес. Кемпірді бір-ақ сәтте кереметтей жақсы көріп, жоқ, иесіндей көріп еркелемекші болған. Диванға барып сылқ етіп отыра кеткен кемпірдің тізесіне секіріп шыға беріп еді, «кетші ары!» деп итеріп жіберді. Ақ мысық бірақ бәрібір айналсоқтап қасынан кетпей қойды.

Ертеңінде андып тұрып, кемпір есікті аша бергенде, сыртқа атып шыққан. Кемпірдің ізін баспалап еріп келеді. Жүрегінің дүрсілі құлағын жарып барады. Қазір иесін көреді! Ол да мұны сағынған шығар? Құшақтап бауырына басады, басынан, арқасынан жып-жылы алақанмен сипайды баяғыдай. Сан күнгі сансыратқан сағынышын бұл да мияумен жеткізіп шағынады-ау. Бірақ екі жағына кезек теңселіп, жыбырлай аяндаған кемпір ұзаққа барған жоқ. Үлкен жолдың жиегіне келіп тоқтады. Бір қолын беліне көлденең салып, екінші қолын көтеріп, жанай өтіп жатқан машиналарға бұлғайды.

Бір домаланған көк машина жете бере шиқ етіп тоқтаған. Ашық терезеге бетін тақап әлдене деп сөйледі де, есікті ашып ішке отырды. Көк машина ышқынып-ышқынып алып, ата жөнелді. Ұшып барады. Бұл әуелгіде не болғанын білмей антарылып қалған. Іле ес жиып жандәрмен соңынан қуды. Жол жиегімен жанамалай құйғытып келеді. Бір-екі рет көк машинадан көз жазбаймын деп екпіні-

мен ағашқа соғылып, омақаса аунап-аунап түсті, көлденең көшеден өтерде машинаның табанына түсіп те қала жаздады. Оған қараған жоқ. Бірақ желдей ұйтқыған машина шаңына ілестірсін бе. Шамалыдан кейін қара үзіп, көз ұшына сіңіп жоқ болды.

Ертеңінде де сол. Одан арғы күні де осы далбаса. Апта өтті. Ай ауысты. Дегенмен, бұл азабы текке кеткен жоқ. Күн сайын машинаға отырып ап белгісіз жаққа зымырайтын кемпірді көз жазғанша қуып жүріп, бірте-бірте иесіне жақындай түскен.

Күндердің күнінде ауадағы мидай араласқан мың-миллион дыбыс, иіс арқылы, адамзатқа түсініксіз ғажайып түйсікпен ақыры иесін іздеп тапты.

Бір орам бойы созылып жатқан ұзын, төрт қабатты, бұжыр бет бетон үйге жақындаған сайын иесінің қиналған әлсіз дауысы құлағына айқын жеткендей. Иісі де анық сезілді. Бірінші қабаттағы терезелер түгел темір тормен қоршалған. Есіктен басқа ішке кірер санлау жоқ. Кіре алмай көп қорғалақтады. Итергенде әзер ашылатын серіппелі есік сарт етіп тістесіп қалады. Ебін тауып біреумен ілесіп кірмесен қауіп. Бірақ бұл жердің адамдары тоң қабақ, қатыгез екен. Жақындап кетсең тепсініп теуіп жіберуден тайынбайды. «Мынау неғылған нәле, жоғал!» деп анандайдан жекіреді.

Есік аузындағы имиген қара кемпір олардан өткен. Таяғын сайлап, қарасын көргеннен-ақ ақырады. Бір рет ішке кірген біреудің аяғының арасынан сып етіп өтіп кеткен. Қара кемпір байқамай қалды. Үшінші қабатқа дейін жеткен. Бірақ амал не, есіл еңбегі еш болды. Еден жуып жүрген біреу көріп қалып, ойбай аттан салып, бәрі сол жерде дүр көтеріліп, «мынаның түрі жаман екен, ауру таратып жүрмесін!» деп жан-жақтан қаумалай айқайлап қуып шыққан.

Тағы бірде қайқандаған дәу қараның соңынан сағалап еніп кеткен еді, топас, жауыздың өзі екен. Балағым былғанады деді ме, жанаса бергенде аш бүйірден қаусата тепкені. Доптай әуелеп барып, құрық бойы жердегі төбесі қырқылған жал бұтаның арғы жағына барып топ ете түскен. Кеуде сүйегі үгітіліп кеткен шығар. Баж еткен ащы дауысы ғана құлағында. Басқа еш нәрсе есінде жоқ.

Көзін ашса, аузы-мұрнынан қан кетіп шөптің үстінде жатыр екен. Кеудесінде шықпаған жаны ғана. Таңдайы кеуіп, іші өртеніп барады. Бауырын көтере алар емес. Жансыз жарты денесін сүйретіп анандайдағы арықтың жағасына әзер жеткен қираландап. Сол жердегі бұтаның түбінде жарасын жалап қанша жатқанын өзі де білмейді. Мүмкін апта болар, бәлкі ай өтті? Табанына нық тұрып, бұрынғы қалпына келгені кешелі-бүгін ғана. Енді есік жаққа жақындауға жүрегі дауаламайды. Сөйтіп басқа амал іздеген.

## ТЫЛСЫМ

Бахтияр сол таңырқаған күйі әлі отыр. Ақ мысықтың қалай тауып келгеніне қайран.

Ұйықтап кеткендей тұмсығын бауырына тығып қимылсыз дөңгеленіп жатқан мысық бір уақытта орнынан тұрды. Әлденеге мазасыз. Науқастың екі жағына кезек шығып, иіскелеп біраз жүрді де, қайтадан етпеттеп жата кетті. Бұл жолы науқастың үстіне шыққан жоқ, сол жақ бүйіріне сүйкене жатты. Содан соң жансыз созылып сұлық жатқан қолдың шынашағын жалай бастады. Білезік түбінен тырнақ ұшына қарай қуалай созып жалайды. Бір қалыпты, тоқтаусыз ырғақпен.

Бахтияр тағы қайтер екен деп біраз қарап отырды да, сол қимылдан өзге ештеңе көрмеген соң, алдындағы газетке үңілген. Бесін еді, кеш батты, іңір ауды. Бахтияр газет оқып отырып та, диванға жантайып жатып та ауық-ауық науқас жаққа көз салып қояды. Ақ мысық сол бір қимылынан жаңылар емес. Тек анда-санда ғана дамылдап, басын сүйеп үш-төрт минуттей қалғып алады да, қайтадан жалауға кіріседі.

Түн ортасынан ауа бір оянып қарап еді, мысық енді науқастың екінші қапталына ауысып, оң қолын жалап жатыр екен...

Таң атты. Күндегіден бір түрлі арайлы. Алатаудың арса-арса биігінен ақ тасқын жарық жырыла төгіліп, арғы беттен күн өрмелеп келеді. Қанатын сыбдырсыз қаққан әппақ сәуле бөлме ішіне лап қойды.

Мысық науқастың сол жақ бүйіріне қайтадан қоныс аударыпты. Бірақ қыбырсыз. Әбден сілесі қатып шаршаса керек, бүрісіп, бір уыс болып ұйықтап жатыр.

Бахтияр профессордың оң қолын ұстап көріп еді, жып-жылы. Бұрын тырнақтары көгістеніп, тастай боп жататын. Содан соң сол қолын ұстады. Ол да жылы. Кенет шынашағының ұшы дір ете түскендей болды. Көзіне сенбеді. Қайтадан қарады. Тесіліп ұзақ тұрды. Бір уақытта, о, тәуба, расында да қозғалды. Буыны бүгіліп, кәдімгідей секеңдеп жыбыр-жыбыр ете қалды. Бахтиярдың есі шығып кетті. Алақтап айналасына қарады. Қуанышын бөлісер адам іздеп, есікке қарай ұмтылған. Бірақ одан бұрын қаздандай басып ішке медсестра енді. Әппақ төсектің үстіндегі жүні үрпиген кір-қожалақ мысықты көрген қыз:

– Мынау!.. – деп қабағын қайшылай бергенде, Бахтияр сұқ саусағын ерніне көлденең төсеп, басын шайқады. Содан соң қызды білегінен жетелеп, кереуеттің жанына апарды.



– Міне! – деді әлсіз жыбыр-жыбыр еткен шынашақты көрсетіп.

– Өлө! – Қыздың дауысы шыңғырғандай ерсілеу шығып кетті.

– Мына кісіге жан кіріпті ғой. Біз енді мал болмайды деп жүрсек. Ой, Алла, сонда қалай бұл, бүкіл профессордан мына кір-қожалақ мысық құдіретті болғаны ма?

– Солай шығар, – деді Бахтияр езуінен жымыиып.

– Қой, дәрігерге хабарлайын. – Қыз жылдамдата басып шығып кеткен. Жарты сағаттай шамасында дәрігер де келді алқын-жұлқын, бір топ нөкерімен. Ішінде кеңесші профессоры бар. Әуелі көздеріне сенер-сенбесін білмей бастарын шайқасып біраз тұрды. Содан соң мән-жайды бұдан сұраған.

– Бұл – медицина тарихында, сирек те болса, ұшырасып тұратын құбылыс, – деді ақ қалпағы қоқырайған аласа бойлы профессор көзәйнегін қолына алып сүрткіштеген күйі. – Ана бір жылдары орталық газеттерде осындай уақиға туралы жазған болатын. Мексикада жол апатына ұшыраған біреуді жарты жыл комада жатқанда мысығы жалап жазыпты.

– Иә, иә! – деді екінші бір ақ қалпақ шұлғып. – Жан-жануарлардың бойында ғылымға жұмбақ, біз білмейтін тылсым сырлар қаншама...

Түстен кейін бір айналып сокса, Мүкәрама апай мысыққа тегешіне құйып сүт беріп, арқасынан сипап отыр екен. Бір жылап, бір күледі.

– Шалым жазылса, Ханымға алтыннан ескерткіш қоямын!

Науқаста әлі ешқандай өзгеріс жоқ. Сол сұлық жатқан қалпы. Шынашағы ғана анда-санда қыбыр етіп қояды. Көк шыныланған жүзі сәл жұмсарып, қан жүгіргендей екен.

Сол күннен бастап шым-шымдап науқастың беті бері қарай бастағандай болды. Ақ мысық жалауын тоқтатқан жоқ. Саусак, бәшбайдың әрқайсысын бір-бірлеп ұзақ жалайды. Аяқ-қолға сәл-пәл жан кірген соң, алқымдағы күре тамырдың үстін, құлақтың түбі мен ұшын алма-кезек жалауға көшті.

Кейде науқастың кіндігінің үстіне дөңгеленіп жатады. Сілекейі, жылуы арқылы бойындағы бар қуатын иесіне беріп жатса керек, ақ мысық аз уақыттың ішінде арса-арсасы шығып қатты арықтады. Бауыры шидей боп тартылып, жүргенде салдыраған сүйектері сықыр-сықыр етіп бара жатқандай болады. Алдындағы тамақ аста-төк. Опырып жейді. Сонда да шыр жиып оңалып жатқан жоқ.

Тамыздың күні тас төбеге шығып шақырайып жер-дүниені қыздыра бастаған кезде, терезенің сыртқы ернеуіндегі балқымаса да тиген жерін қарып түсердей жанып тұрған жалпақ қаңылтырдың үс-

тіне ақ мысық құлаштай боп созылып жатады. Сағаттар бойы тырп етпейді. Пісіп қалған шығар деп ойлайсың. Бірақ бырылдап кереметтей рахаттанып жатқаны. Күндегі әдеті осы. Бір уақытта орнынан тұрады керіліп, есінеп. Әлгіндегі ілмиген, жүдеу мысық емес, дүр сілкінген сергек, айбарлы. Жүндері тікірейіп денесінен әлдебір қуат шашып тұрғандай. Арқасынан сипасаң, алақаныңды ток ұрғандай болады сытырлап.

## ЖЕНДЕТТІҢ МАХАББАТЫ

### АДАМҒА НЕ КЕРЕК

**З**ухра жана жұмысқа әуелгіде үйрене алмай қатты қиналды. Ауырлығы өз алдына. Жанға батқаны – иіс-қоныс, ластығы. Әркімнің өзіне белгіленіп берілген аумағы бар. Күніне пәленбай шаршы метр жерді тазалауың керек. Ауланың іші, жол жиегі, арық бойы дегендей. Шаң-тозаң демесең оған онша жан қиналмайды. Сыпырып, жинап, үйіндіні фонер қорапшасы бар кішкентай қоларбамен апарып күресінге төгеді. Бәрінен азабы – қатар тұрған бес-алты үйдің қоқсығы төгілетін биік бетон қоршаудың ішін тазалау. Бүгін жинастырсаң, ертең тағы тау боп үйіліп қалады.

Шөлмек, тағы басқа бірденелер іздеп тіміскілеген алкаштар таң атпай келіп контейнерлерді төңкеріп, қорс-қопа шашып кетеді. Жақындамақ түгілі, қараудың өзі жиіркенішті борсыған шіріндіні сағаттар бойы қопарыстырып, айыр-күрекпен бұрқыратып машинаға лақтырған соң не жан шыдасын. Зухраның жүрегі айнып, лоқсып өліп қала жаздайды. Басқалардың қаперіне кіріп-шықса кәне. Машинаға тезірек тиіп, сыпырып-сыырып бітірейік деудің орнына, қоқсықты қопарыстырып, ілікке жарар бірдеңе іздеп түртіншектеп жүріп алады. Көбінесе шөлмек іздейді. Бұл жерде әмір жүргізетін – тетя Мотя. Үйіндіні жаймалап арасын қарамай лақтыра бастасаң, шырылдап күрек-айырдың астына түсе жаздайды:

– Байқап лақтырындар, бөтелке кетіп қалмасын! – дейді шырпыры шығып. Қаз-қатар төңкеріліп жатқан контейнерлерге ба-

сын тағып, әрқайсысын бір сүзіп шықпайынша көңілі көншімейді. Шөлмек аз болған күні осы мандағы тіміскі алкаштарды ит терісін басына қаптап қарғайды:

– Проклятые алкашы, нас опередили. Алдымызды орап кетіпті! – дейді кейіп.

Қалай болғанда да еңбектері зая кетпейді. Он-он бес шөлмек жиналады. Кейде одан да көп. Машинаны жөнелтіп, бетон қалқайманың айналасын жиыстырып болған соң, «уһ» деп, иіс-қоныстан жырақтау барып үлкен үйеңкінің саясына жайғасады. Қолғап, кеудешелерін жастанып, шөптің үстіне жантая кетіседі.

Тыным таппайтын тетя Мотя ғана. Езуінде «Прима» түтіндеп, бір көзін сығырайта қысып, шөлмектерді арықтағы сумен жууға кіріседі. Содан соң екі өкшесі екі жаққа қисайған қолпылдақ бәтеңкесін күрп-күрп басып дүкенге қарай беттейді.

Ауыр барып, жеңіл қайтқанмен тетя Мотяның жүрісі салмақты. Өз қадырын білетін адамның маңғаз аяқ басысы. Қабағы сәл кіржиіңкіреп, кертпіш танауының етегі сәл делдиіңкіреп кеткен. Езуіндегі «Приманың» түтіні бұрқ-бұрқ ауаны бұрғылап, бұрынғыдан да қоюлана ұшады.

Мотя бұлардың жанына келмейді, орағытып барып, екінші бір дарактың дөңгеленген саясына газет жайып, дастархан жасайды. Бәрінің көзінің бір қиығы осы жақта. Бірақ үндемейді. Шақырмайынша жақындамайды. Үнсіз қалыптасқан тәртіп солай.

Мотя бәкісін стаканның түбіне жанып-жанып алып, ерекше бір нәшпен бөлкені тілшелеп, колбасаны қалыңдығын бірдей ғып дөңгелете турады. Қырлы стакандардың ішін қағазбен сүртіп, кейде екі, кейде үш қаздиган қызыл-күрең шөлмекті қылдай ғып бөліп құяды. Мотяның өнеріне тәнті болмасқа амалың жоқ. Бір тамшы артық-ауыс жібермейді. Стакандарды әйнектің үстіне қатар қойсаң да ішіндегі шараптың беті бір ыдысқа құйылғандай бірдей болып тұрады. Мотя бұл жерде пролетарлық теңдік принципін қатаң ұстанады. Зухра шарап ішпейтін болғандықтан тиісті бағасына балмұздақ не вафли, кәмпит алып келеді. Дастархан жасап болғаннан кейін:

– Ну-ка налетай, орава! Кәне, жабыл, кедей! – дейді маңғазданып. Шараптың сылдыр-сылдыр құйылған сиқырлы үні құлаққа жеткен сәттен сілекейлері шұбырып әзер отырған көгенкөздердің күткені де осы. Үздік-создық түрегеліп, газет-дастархан басына дөңгелене жайғасады.

Әзіл-қалжыңмен шұрқырасып, береке дарытқан көңіл шуағы лып-лып маздайды. Бар мақтау, бар ықыласқа Мотя ие: «Жасай бер,

Мотя!», «Тетя Мотяның денсаулығы үшін!..» Осы бір сәтте Мотядан бақытты адам жоқ. Еленді, ескерілді, сәл де болса айналасындағылардың ықыласына бөленді. Түссіз, бозғылт жанарының жиегінде жас шымырлап масайрап отырады.

Жүз грамнан кейін бәрі де жадырайды. Иіс-қоңыс жайлаған лас өмір шегініп, бір сәулелі елес қана қалғандай. Адамға осыдан артық не керек! Байып, марқайған көңілмен қауқылдасып саяда отырғаны.

## РЕФЛЕКС

Зухра бұл жұмысқа да үйрене бастады бірте-бірте. Иіс-қоныстан қорғанатын әдіс тапты. Дәкеден маска киіп алады тұмшаланып. Ыстықта тынысын тарылтса да шыдайды. Көзіне түсіріп басына жеңіл капрон орамал тартады. Қолында биялай. Бұл түріне қарап басқалар «Барышня» деп күліп жүрді алғашында. Маска ары-беріде-ақ қап-қара болып шыға келеді. Баттасқан майлы күйе. Осының бәрі ішіме барса не болам деп зәресі ұшады. Жыл-он екі ай жұтып жүрген мына сорлылардың не жаны жүр деп қайран қалады.

Мотя сабан шаш, көккөзді. Бірақ қолы, бет-аузы, ашық жері түгел кайыс қара. Қоқыстың майлы тозаңы терісіне әбден сіңіп кеткен.

Күнде өстіп түс уақытында бір мезгіл жүз грамдатып тамақ жібітіп алатындары болмаса, бригадада салынып ішіп, ләйліп жүретіндер жоқтың қасы. Бір Зоя деген жас келіншектің ғана мойыны бостау еді. Жұмыс аяғына қарай подвалдың екінші жағындағы сантехниктердің бөлмесіне кіріп кететін. Сантехниктер бригадасы – бес-алты еркек. Дырдуы көп. Нешетүрлі пәлені істейді деп тұрғындар қарғап-сілеп жүргені: құбыр жарылды, кран атылып кетті деп қырық сылтаумен біресе ыстық суды, біресе суық суды жауып тастап, елді зар илетеді, және жұмыс аяғына қарай, не сенбі, жексенбінің қарсаңында жабады. «Жұмыстан тыс уақыт, ақы төлемесендер жөндемейміз» деп елші жіберіп, әр пәтерден жылу жинайды. Күнде думан.

Бір күні түнде шала бұралған краннан ыстық су атылып, мас боп жатқан Зоя мен бір еркек пісіп қалыпты. Еркек сол жерде өлген. Зоя қазір өлі мен тірінің арасында ауруханада арпалысып жатыр.

Бұлардың бригадасы ішімдік жағынан басқаларға қарағанда иман таразы. Бұл келген соң бір ай өтер-өтпесте бригадаға сыйақы берді. «Бұрын өмірі бұлай сыйлық алып көрген жоқ едік, Барышня ажолтай болды» деп қуанысты. Зухра да алды. «Келмей жатып ол қатынға неге премиальный бересің?» деп Дүйсенкүл конторда бастыққа

шаптығыпты. Бастық: «Онда сенің шатағың болмасын!» деген екен, анау қолындағы сызғышын жіберіп қалыпты. Қаншалық рас-өтірігін кім білсін, әйтеуір «солай болыпты, естідік» деп айтып келді.

Бастықтың расында да бұған деген көңілі ерек. Әуелгідегі ықыласынан айныған жоқ. Көрген жерде «айналайын, қарындасым!» деп қалбалақтап тұрады. Бұл да ішпей-жемей көңіліне риза. «Шіркін-ай, ағалардың бәрі осындай болса ше!» деп елжірейді ішінен. Бір-екі мәрте тіпті түстік ішейік деп кафеге де шақырған. Бірақ жұпыны киімімен қалай бармақ, көңілін қимаса да бас тартқан.

Жақсының көңілін жарым ғып жасытып қоятын тағдырдың әдеті ғой. Бұл кісі де бақытсыз екен жұбайлық өмірде. Әйелі меңіреу. Кісінің бетіне қарап, өз-өзінен күліп отыра беретін көрінеді. Қыз кезінде байқалмаған, бірте-бірте өршіпті. Тастайын десе, он төрт жасар қызы бар, соны аяйды, әрі тәуір жерде қызмет істейтін дөкей қайынатасының дүмпуінен қаймығады. Бір үйдегі ер де, әйел де өзі. Кейде шалбарының қыры қисық түсіп, не көйлегінің өңірі қыртыстанып, қанша сырбазданғанмен, қиюы кеткен тірліктің қайткенде де бір жерінен шиы шығып тұратын.

Бұл жердегі Зухраға ең үйірсек – Мотя кемпір. Қолы қалт босаса, үйіріліп қасынан шықпайды. Жұмысқа жылдам, шалымды. Өз аумағын тез тазалап тастайды да, бұған келіп көмектеседі. Езуінен темекі үзілмейді. Көк түтінді аузы-мұрнынан бірдей боздатып қойып, оны мұны әңгіме айтқан болады. Басқалардай емес, мұның сыйлап биязы мінез танытқанына көңілі түсті ме, әйтеуір жан тартып жақындасып кетті.

Кемпірдің қылықтары қызық, қолының суықтығы да бар. Көлденең жатқан нәрсені қағып кетеді. Керегі бар-жоқ-ау, қасымда жүрген кісінікі-ау, ұят болар демейді. Тіпті түкке татымайтын көр-жерге дейін жымқырып жіберіп, тыққыштап жатады. Алдым, ұрладым дегенге мәз. Сүйекке сінді әдет, дағды. Жастайынан көрген қорлық, жоқшылықтың басып берген қарғыс таңбасы, содан қалған рефлекс. Бір-екі рет, тіпті мұның да ақшасын ұрлап, сол ақшаға өзіне балмұздақ, кәмпит әкеп берген. Өзі содан түйір пайда көрсе кәне, татқан да жоқ. Бірақ ұрлады. Өйтпесе тұра алмайды. Ауырады. Қалай қолы біреудің қалтасына жүгіріп кететінін өзі де білмей қалады.

## КІШКЕНЕ АДАМ

Алғашқы кезде Зухра «Мотя» дегенге үйрене алмай жүрді. Шешесіндей кісіні тұлымы желбіреген кішкентай қыз сияқты қалай атамақ. Аузы бармайды. Менсінбей мазақ қылу ғой. Аула сыпырсын, арақ ішсін, қалай дегенмен бәрібір үлкен кісі емес пе. Өзінен «әкеңіздің аты қалай еді?» деп сұрап еді, «оны қайтесің? Мотя дей бер!» деді қолын сілтеп.

– «Ыңғайсыз ғой?»

– «Маған сол да жарайды: Мотядан басқалай атауға үйренбегенмін!»

– «Кішкене баланың аты сияқты емес пе?»

– «Кішкене бала болмасам да, кішкене адаммын. Сол жетеді.»

– «Жарайды, паспорттағы ат-жөніңізді айтсаңызшы?»

– «Ну, какая ты культурная баба!» У меня нет отца – подлеца!» деді түсі бұзылып.

– «Қалай?» – Зухра аңтарылып бетіне қарады.

– «Солай. Шешем байқұс аузына түскен біреудің атын жаздыра салыпты. Оның атын естігім келмейді!»

Ары қарай қазбаламады. Мына түрімен бәрібір жалына қол тигізер емес.

Бір күні түнімен сіркіреген жаңбыр таңға ұласып, сырттағы жұмыстың онша берекесі болмады. Бар бітіргендері – көп қабатты қаңқайған жалғыз үйдің астындағы контейнерлерді машина келіп қалған соң, амалсыз жабыла барып тиіп қайтқан. Соның өзіне суға малып алғандай болды. Күннің қабағы ашылар емес. Сорғалап тұрып алды. Жұрт та жабырқаңқы. Шөлмек жиналмаған соң, әдеттегі жүз грамм да жоқ. Қысыр әңгімемен біраз құрағытып тұрып әйелдердің көбі үйлеріне қайтты. Еркектер подвалдың төбесіне көк түтін тіреп домино ойнауға кіріскен. Зухра да кетпекші болып еді, Мотя:

– Қайда асығасың, менімен бірге отыра тұршы, – деді. – Бүгін мына жаңбырды көрмейсің бе қырсығып, үйге барғанмен не істеймін, жалғыз өзім жер-көкке сыймаймын құлазып.

Екеуі бұрыштағы әдетте өздері шай ішетін столдың қасына келіп отырды. Төбедегі ызындаған ақ түтікшеден неон жарығы үй-ездеген қараңғылық пен түтіннен қорғалақтап өлеусірей себезгілеп тұр. Айнала бұлыңғыр, Мотя термос пен түстікке деп әкелген оны-мұнысын столдың үстіне қойды.

Күндіз-түні төпелеген жаңбырдан дала сыз, подвал іші аңырайып ызғар тартып тұр. Құлақты шыны-аяққа құйылған қара шайдан бу сыздықтайды жыбырлап.

– Осындай жаңбырлы күні жылағым келеді. Бала күннен әдетім, – деді Мотя әжімдерінің қатпары қалыңдап. Ыстық шай алақанын күйдірмей ме, шыныны қос қолдай уыстап, анда-санда бір ұрттап қойып отыр. Бірінші рет байқады, көбесі, буындарына сызаттанып кір сіңген қолдары шарғы бойлы еркектің өзіне шоқпардай көрінетіндей жуан екен. Саусағының ұшы қасық бастанған жалпақ, буындары шор. Мотя Зухраға ештеңе ойламайтын қамсыз-уайымсыз адам сияқты боп көрінетін, енді аяқ астынан бұлай томсарып мұңая қалғанына таңырқап отыр.

– Осындайда көңіліме жетімдік кіреді. Айналам тып-тыйпыл жалғыздығым есіме түседі! – деді Мотя қолы қалтылдап. Шайқалақтап шай төгіле бастаған соң, уысындағы шыныны столдың үстіне қойды. Су болған қолдарын қолтығына сүрте салды. – Өз ойыммен оңаша қалудан қорқамын. Ештеңе ойлағым келмейді. Ол үшін жұмыс істеп шаршауым керек, не мас болуым керек. Мынандай күні не істейсің? Қалай шаршайсың? Шаршамаған адамның мас болуы да қиын. Таң атып болмайды, ұйқы келмейді. Ал былай күндері айналамда сендер барсыңдар. Дыр-ду. Тынымсыз жұмыс. Кеште сүрініп-жығылып төсекке құлайсың. Күннің қалай өтіп жатқанын білмейсің. Рахат!..

– Балаларыңыз жоқ па? – деді Зухра сұрауын сұраса да ыңғайсызданып. Мотя жиегі суланған бозғылт көздері тұңғиықтана жалт етіп, кекесінмен мырс етті:

– Я всего один раз рожала, и то выкидыш был. Өмірімде бір-ақ рет пұшпағым қанаған, оның өзі де түсік болатын. Ой, какая я дура, дура! Зачем это делала! Ой, қандай ақымақ едім десеңші. Неге олай еттім! Он тоғыздағы кезім. Тың өлкесінде элеваторда істейтінмін. Бойым саптама етіктен сәл ғана биік. Рахит боп ауырғам. Ана сүтіне жарымағам, тойып тамақ ішіп көрмегем. Қайдан бой болсын. Сүйегім ұсақ. Тұрқым он екі-он үштердегі пионердің о жақ-бұ жағы болатын. Жатақханадағы қыз-қырқынға қора-қора еркектер келетін. Ішіс, төбелес. Ол кезде араққа ауыздана қоймағанмын. Ел дыр-дуға көшкенде, бос бөлменің біріне барып ұйықтайтынмын. Бір күні ұйықтап жатқанымда бір маскүнем хайуан бөлмеге кіріп келіп, үстіме қона түскені. Шыңғырып тыпырлағаныма қарамастан ұрып-соғып, ойына келгенін істеді. Көз алдым қара түнек. Қайтып түзелместей, тұра алмастай күйреп қалдым. Өлгім келді. Бұл жақта тоқтау сулар көп. Мойныма тас байлап, иірімге секірмек те болдым. Асылсам ба дедім. Бірақ жан шіркін тәтті екен. Дел-сал мәңгіріп жүріп, бойыма бала біткенін кеш білдім. Жанұшыртып дәрігерге барсам, уақыты өтіп кеткен, басымыз екеу емес, деп маңы-



на жуытар емес. Қатындар: «Туып ал, алдыртам деп өлесің, не бедеу боп қаласың. Асырай алмасаң, жетімханаға өткізіп жібересің, үкімет өлтірмейді» деді. Құрысын, қайдағы туған. Төбе шашым тік тұрды. Бойыма біткен сәттен бастап баланы жек көрдім. Әлгі хайуанға деген өшпенділігім түгелдей соған ауды. Ақыры бір құшынас кемпір екі табаным мен құрсағыма кірпіш қыздырып басты, қызған тастың бұлауына отырғызды, неше түрлі ішірткі беріп, тас жабысып қалған жаны сірі пәлені өзгертіп. Қан кетіп, бір апта ес-түссіз жатып өзгеріп қалған. Қазір өкінем. Иттен жаралса да, туып алғанымда ғой, бұлай құбас боп жүрмес едім. Шешем де мені жек көретін. Бірақ мен оны жек көрдім бе? – Мотяның тұнжырап тұңғыық тартқан жанарына жас кілкіді.

### ҚУРАҒАН ЖАПЫРАҚ

Қарлы дала, қырау басқан, торлы терезенің шынысына бетін жапсырып сыртқа үнілген кішкентай қыз елестеді. Көзі үңірейген, жүдеу өнді, тақыр бас бүлдіршін. Шелденген ақ қырауды демімен үрлеп тесіп, сол жерден далаға сығалайды. Мамасы соңғы рет бес-алты әйелмен бірге осы жақтан келген. Соңдарында ит жетелеп, мылтық кезеген бір еркек бар. Қайтқанда да осы жаққа қарай кеткен. Ол кезде жер қара еді. Жел ұйтқып, әйелдер бір қырындап, бастарын бұғып, бүрсең қағып бара жатты. Қазір жер-дүние тұтасқан аппақ қар. Қалай үнілсең де көз ұшында қарайған ештеңе көрінбейді. Қыз бәрі-бір терезенің алдынан кетпейді. Беті әйнекке шапталып тұра береді. Аппақ боп таңырая дөңгеленген мұрнының ұшы кейде жансызданып, шыныға жабысып қалатын.

– Тұрма терезенің алдында қақшиып. Ауырасың! – Бір көзі ақшиған, бір көзі сығырайған ұрысқақ арық кемпір құйрығынан бір тартып, қолынан жұлқа сүйрейді. – Отыр, ана балалармен бірге. Бала деген ойнамайтын ба!

Қыз кең бөлменің ортасында шуылдаған көп баланың бір шетіне келіп селтиіп тұрады. Екі-үштен бөлініп алып, әрнені ермек қып ойнаған балалар. Бірі күліп, бірі жылап дыр-ду. Қыз оларға араласпайды. Есі-дерті басқа жақта. Көзі жаудырап қаққан қазықтай қалшыып тұрады да қояды.

Ұрысқақ кемпір бүкендеп сыртқа шығып кетсе болды, үйреншікті орнына қайта барады. Тілінің ұшымен жалап тескен қыраудың ойығы көзіне сол баяғы суретті тосады. Жым-жырт үңірейген

өлі дала. Кейде сол қарлы даланы ақ киіз сияқты әлдекім пұшпағынан ұстап сілкіп қалғандай болады. Қардың беті ирелендеп толқи жөнеледі. Сыпыра жазықта желдің көтерілуі де, басылуы да тез. Үйіріліп соғады оңды-солды ұйтқып. Аспан асты түтеп, ауада сансыз ақ көбелек аударылып-төңкеріліп шырқ үйіріліп жүргендей. Сәлден соң бәрі қайтадан жым-жылас.

Көз ұшындағы жотаның қырқасынан кеміктеніп қып-қызыл күннің жартысы сығалайды. Қар үстінен көтерілген көкшіл бу айналаны қаусыра қымтап қоюланып келеді. Тағы да бір күн батты. Қыздың көкірегін өксік буды. Кеңірдегінде түйіліп жұтындырмай тұрып алды. Күндегі әдеті осы.

Бір күні қыз танертең орнынан тұра алмай қалды. Өнебойы өрт. Ерні кеберсіп, қайта-қайта су сұрайды. Іші күйіп жанып бара жатқандай. Көзін сәл ашса, айнала шыр айналып төңкеріліп бара жатқандай болады. Санасы бұлынғыр, әлдебір тұңғиыққа малтығып шыға алар емес. Мағынасыз бірденелерді былдырлап талықысып кетеді.

Биік, құлама жардың жиегінде тұр екен дейді. Төменде өкіріп, жұлқынып аққан қара тасқын. Шегініп кетейін десе, адымы ашылмайды. Табаны жерге жабысып қалғандай, жүрегін үрей буып, бойынан әл кетіп барады. Өне-міне құлардай теңселіп тұр. Құдай-ау, былай қарай неге аттап кетпейді. Не болды бұған? Кенет табанының асты опырылып, төмен қарай сырғанап жөнелді. Жанталаса қарманған аяқ-қолы тиянақ таппай зымырап келеді. Біттім, өлдім деген. Сол сәт, құданың құдыретімен, киімі әлденеге ілініп солқ етіп тоқтай қалғаны. Басы төмен қарай салбырап асылып тұр. Қол созымда бұрқсарқ қайнап аласұрған асау өзен. Жартасқа шапшыған толқынның мұздай тамшысы бетіне шашырайды. Жаны ышқынып шыңғырып жіберген. Бірақ даусы шығар емес... Көзін ашса, суық қабақ сұр кемпір маңдайына сулы орамал басып отыр екен.

— Қиналдың-ау, бейшара! — деді күйзеліп. — Тілімді алмайсың. Қанша рет қақсадым терезенің алдында тұрма деп!..

Кеберсіп қабыршықтанған ерні талмаған сайын құраған жапырақтай сыбдырлайды. Кемпір стаканға құйып қара шай әкелді. Ысқылтым. Бір қолымен стаканды аузына тосып, екінші қолымен арқасынан сүйеп отырып шайды түбіне дейін ішкізді. Сәл тынысы кеңіп, саябыр тапқандай, қайтадан көзі ілініп кеткен.

Көз ұшында әлдебір сұлба қылаңытады. Аң не адам екені белгісіз, әлде теңселіп тұрған бір түп бұта ма? Кейде ұйтқып өткен ақ түтек борасын жым-жылас жұтып қояды. Көлкіген ақсағымды жарып шығып, бірте-бірте айқындала берді. Адам... қалың қарды омбылап бір

жығылып, бір тұрады. Қолында таяқ, шолақ сырмасының белін кендір арқанның үзігімен буып алған. Басында мильқтата киген малақай. Мынау мамасы ғой! Дәл өзі! Өткенде де осылай киініп келген. Мұның қуаныштан жүрегі тулап кеудесіне сыяр емес. Терезеден бір-ақ қарғыған. Міне, ғажап, әйнектің сынғаны неге естілмейді, темір тордан қалай өтті – білмейді. Жалаң аяқ, жалаң бас қардың үстінде жүгіріп келеді. Қуаныштан жүрегі аузына тығылып мамалап айқайлап келеді. Көп жүгірді. Әбден өкпесі өшті. Сонда да аралары жақындар емес. Сөйтсе мамасы кері бұрылып қашып барады. Бұл ұмтылған сайын жырақтай түседі. Қуа-қуа демі бітті. Қара сүмекке шомылып, омақаса құлаған, ұшып тұрып қайта жүгірді. «Мама, мама, тоқта!» деді жаны шырқырап.

Өз даусынан өзі шошып оянған. Көзін ашса, тағы да сұр кемпір отыр сұқсып қасында. Енді бет-аузын орамалмен сүртіп құрғата алмай әлек.

– Тү-уй, бейшара, қара сүмекке түстің ғой. Жақсы терледің. Енді тәуір боласың!

Бұл қайсысы өңі, қайсысы түсі – ажырата алмай дал.

– Мамам, мамам қайда? – деді иегі кемсендеп.

– Жылама! – Кемпір басынан сипады. – Мамаң келеді. Өткендегідей кәмпит әкеп береді...

## ӨТКЕН КҮН, ӨШКЕН ҮМІТ

Қарсыдан соққан жел анау-мынау кісіні ұшырғандай, қиыршық қарды үйіріп әкеп бұрқ еткізіп бетіңе соққанда, алға аттауға шамаң келмей шайқалақтап тұрып қаласың. Қайта көп адамның ізімен қопсып көтерілгені болмаса, айнала сіреу қар, жаңа жауған ұлпа мұндай боранда түтеп көз аштырмас еді. Ұшы-қиыры жоқ жазықта сансыз ақ құйрық жылан ысқырып ирелеңдеп жосып жүргендей. Алға аттап басуыңның өзі қиын осындай қияметте мықшындап шана сүйреткен соң не сорың.

Елизавета Николаевна тас жолдың етегін бойлай шұбаған жаяу керуеннің ең соңында келеді. Шана тартып үздік-создық жылжыған екі жүздей әйел. Арқасында мылтығы шошайып, ит жетелеген аттылы үш еркек керуеннің бас-аяғын шолып, мал айдағандай айқайлап, боқтап, бол-болдың астына алады. Жүрісі шабандап, тәлтіректей бастағандарды шауып барып, басқа-көзге қарамай бишікпен тартып жібереді. Қашан өздері бес-он минут тыныс алуға мұрсат бермейінше тоқтауға хақың жоқ.

Қорабына үйме ғып қиыршық тас салынған қайқы бас қолшана зілдей. Алға басқан аяғыңды кері кетіріп кеудеден итерген боран мынау. Оның үстіне, соңынан жүргеннің бір зияны – алдыңғылардан жел ұшырып түсірген не ой-шұқырдан секендегенде төгілген құм-қиыршық шананың табанын тырнап, жүрісті одан сайын ауырлатады. Елизавета Николаевна әбден қиналды. Көзіне ащы тер құйылды. Кендір шылбырды иыққа салып мықшындай тартқанда екі бүктеліп қалады. Екі иығы қиылып удай ашиды. Арқан үйкей-үйкей мақтасы қашқан күпәйкенің иығы не қамсау болсын, шыдай алмай арқанның астына қолғабын бүктеп салып алады. Бәрібір батады. Әлі құрып тірсегі дірілдеді. Табаны тайып жалп-жалп құлайды жерге.

Лектен арқан бойы кейіндеп қалған екен. Мұндайда не болатыны белгілі, жанұшыртып, бар күшін салып ышқына тартқан шананы. Алға озып кеткен айдауыл бұл топқа жетем дегенше болмай, тебініп келіп, атын омыраулата бишікпен бастан тартып кеп жіберді:

– Ыбылжымай бас аяғыңды, сілімтік!

Жұп-жұмыр жіңішке таспа иретіле шарт етіп, бетінің ұшын ұстарадай тіліп түсті. Қар үстіне қызыл қан сау ете қалды. Әйел қанды сүзе омақаса құлаған. Үстіне қамшы жауды да кетті. Әйтеуір жандәрмен екі қолын айқастыра тас бүркеніп басына дарытпай жатыр.

– Түрегел, қаншық! Бол, бол тез! Саған қарайлап жыбырлап жүреміз бе! Күн батқанша әлі екі рет қатынауларың керек!

Әйел жанұшырта орнынан тұрды. Шылбырдың ұшын қолына орап, иықпен жұлқа тартқан. Қауқарсыз дене қаңбақтай жеп-жеңіл, табаны тайғанап қайта-қайта құлайды. Бишік ысылдап қай жеріме сарт ете қалады дегенде зәре жоқ. Табанының қырын қарға қадап, күшене жұлқып-жұлқып қалғанда, шана сықырлап орнынан әзер қозғалды.

Айдауыл бишікпен орай арқасынан бір тартты да, текіректен алға қарай жорта жөнелді.

– Сволочь, зверь. Айуан! – деді әйел естілер-естілмес күбірлеп. Оң жақ беті дуылдап күйіп тұр. Әлі қан тамшылап келеді. Қарды уыстап іліп алып бетіне басып еді, лезде қып-қызыл болды. Жосыған тамшы ерніне тамды. Тұз татиды. Араны ашылып, аш өзегін өрт жалағандай сабырдан айрылды. Қызыл жентекті қарбыта асап қалай қылғыта салғанын білген жоқ.

Бұл жерді тұрғылықты қазақтар «Қыз емшек» деп атайды екен. Десе дегендей. Далиған кең жазықтың төсінде үп-үшкір екі жота тікірейіп тұратын. Қазір «емшек» жоқ. «Қыз» дала «кемпір» болды. Бір жотаның орны жермен жексен. Екіншісін де бұлар үнгіп, кеміктеп бітіруге айналды.

Елдің айтуынша, геологтар осы маңнан аса бай кен орнын тауыпты. Кенішті комбинатқа тасу үшін отыз-қырық шақырым жердегі темір жолдың бір тармағын осылай қарай тарту керек екен. Бір жылдан асты, бұлар жотадан алған қиыршық тасты қос қанатқа кісі бойындай ғып жаймалап жол табанын жетелеп созып келеді.

Қиыршықты жазда қол арба, қыста шанамен тасиды. Құмырсқаның тірлігі сияқты өнбейтін азап. Әйтеуір тоқтаусыз тырбындай берген. Екі қанатта да бұларға қарсы жол салып келе жатқан бригада бар. Бірақ әзірге олардың қарасы көріне қояр емес. Жолдың ұшы ұзарған сайын жұмыс тіптен өнімсіз. Қазір міне, төрт-бес шақырым жерге қиыршық тасиды титықтап.

Сондай қиыршық даланың кез келген жерінде бар. Қос қапталды күрей көтеріп жол табанын биіктетуге әбден болады ғой. Жо-жок, өйткізбейді. Қиыршықты ит өлген жерден өліп-талып тасуың керек. Соған қарағанда, жолды тезірек салып бітірсек деп жүрген жоқ. Мақсаттары қалай да тыным бермей бұларды қинап бұрлықтыру сияқты.

Әбден қас қарая, шәйідей ашылып шақырайған аспанның тұңғығынан селдіреп жұлдыздар шашырай бастағанда лагерге қайтты. Көз көрімде қатар-қатар тізілген қалың шам жыпылықтайды. Әйгілі «АЛЖИР»-дің бір бөлімшесі осы.

Аттылы айдауылдар алдына салып айдап келеді. Айқайлап, боқтап, ара-арасында бишіктерін аспанға үйіріп шарт еткізеді. «Бол, бол, жүріңдер!» дейді аттарын омыраулатып. Үш-үштен сап түзеп сүйретілген бұлар амалсыз бұлкектеп жүгірген болады. Сәлден кейін сырп-сырп аяңға көшеді қайтадан. Күні бойы сүркілдеп әбден титықтаған, әрі өзегі талып аштан бұратылған бейшаралар аяқтарын сүйретіп өзер басады. Кейбірі жүріп келе жатып қалғып кетеді.

Боран басылғанмен, аспан асты азынап суық қатайды. Қызыл шұнақ аяз жалаңдап тиген жерін темірдей қариды. Қарш-қарш басқан аяқтарының сықыры ауаны жаңғыртып лагерге де жетті-ау! Қақпа аузында бір-бірлеп санап саңқылдаған күзетшінің даусына айнала қоршалған төрт қабат тікенек сымның арасында арлы-берлі жүгіріп абалаған овчаркалардың арсылы қосылып азан-қазан.

Шым барактың табалдырығын аттағанда борсыған қапуста жеп іші кепкен адамның кекірігіндей, күлімсі шірінді иіс мұңк етіп мұрынға ұрды. Қысы-жазы үйездеген үйреншікті иіс. Таза ауадан кіргенде ғана өстіп сәл тыржынғаны болмаса, мұндайға еті өліп кеткені қашан.

Әр жерде бір бозамдықтанған шамның жарығы еркін жетпей үңірейген казарма іші сыз тартып азынап тұр. Түкпірдегі көмейі жылт-жылт еткен сылама құдық пештің жылуы өзінен аспайды. Бірақ екі

жүз адамның демі қойсын ба, әрі-беріде-ақ қайнап кетеді. Аяз сынған жылымық күндері шүберек тығып қойған төбедегі булықтарды ашып тастамасаң, тұншығасың тіпті.

Үстіндегі киімін шешпестен төсегіне жантая кеткен. Бұрлыққан тәні шымырлап, талықсып маужырай бастаған еді, кезекші босағадағы қоңырауды қаңғырлатып үсті-үстіне қақты, орындарынан апыр-топыр тұрып, сап түзеп асханаға қарай беттеген.

Тамақтары бір уақыт кейде бұршақ, кейде капуста көже, бірде сұлы, бірде арпа ботқа. Екі тілім кебек нан. Екі күнде бір жарты шақпақ қант. Итке құятын жуындыдай кенеуі жоқ шөп-шалам күні бойы сары аязда дірдек қағып жұмыс істеген адамның жұмырына жүк болсын ба. Әйтеуір өлместің күні. Аузының кара суын жұтып, бұратылып аш жүреді. Үш уақыт темір тегеш, темір қасық сақыр-сұқыр жарыса салдырлай жөнелгенде, іштегі жыландары әкел-әкел деп тістерін шықырлатып жатқандай болады.

Бүгінгі кешкі мәзір сұлы ботқа, бұршақ көже екен. Бұған тиісті үлестің жартысын ғана берді, яғни бір шөміш көже, бір қасық ботқа. Айдауылдың айтуы бойынша, қолданылған жаза.

– Бүгін жалқаулық танытқаның, біздің елімізде «еңбек етпеген – ішіп-жемейді» – деді тамақ үлестіретін бақылаушы шытынаған шыны дауыспен.

Көже деген аты ғана. Дәм-татусыз сылдыр су. Бірақ соның өзі бал татиды. Көлкілдеген жылымшы судың ішіндегі төрт-бес түйір бітеу бұршақты қасықпен қуып жүріп эзер ілесін. Таңдайына басып, бырт-бырт жарып, талмап, аузының дәмін алғандай болды. Темір табақшаның бір шетіндегі шөкімдей ботқаны жалғыз-ақ асаған. Тұшынып бірдеңе жегендей болған жоқ. Асқазаны ұлып тұр. Арғы жағынан бір обыр құрт оянып сорып жатқандай, араны одан сайын ашылып кетті. Қорлық пен аштық қалай сыр бермей қасарысам десе де, бәрібір сағын сындырғандай, қос тілім кара нанды көз жасына шылап жеп, үнсіз булықты.

Екі күнде бір беретін жарты шақпақ қанттың жартысын аузынан жырып қызына жинап жүретін. Екі айда, кейде үш айда бір жолығуға рұхсат етеді. Сол кезде алып барады. Шытқа түйіп, желетінің ішкі қалтасына салып қояды. Желетін түнде де шешпейді. Басқа жерге тығуға қорқады. Көз ілестірмей қағып кетеді. Дененің жылуы мен терден еріп, бір-біріне жабысып қалған екен, шыдай алмай, елдің көзін ала беріп, бір түйірін сындырып алып аузына салған. Соны ұзақ талмады. Аш өзегін солқылдатқан обыр құрт сәл де болса тынышталғандай болды.

Қыз демекші, бүгін кішкентай Мотя күні бойы ойынан шықпай қойды. Әлдебір елес боп көз алдында тұрып алды. Ол несі екен? Сағынып жүр ме? Біресе шидиген әлсіз қолдарымен тас құшақтап мойнына асылғандай болады, біресе сәл қиықтау көкшіл жанары жасқа толып жаутандап тұрғандай. Әйтеуір алма-кезек көшкен сан қилы елес. Сағынса, сағынып жүрген шығар. Көрмегелі үш айдан асты. Рұхсат сұрап бастықтарға бірнеше рет арыз жазған. Әрнені сылтауратып қол қоймады. Жұмысты нашар істейсің, айдауылдар арыз айтты деді. Бір жағынан өзінің де өліп-өшіп тұрғаны шамалы. Іштен шыққан соң жәй қимай, аяушылықпен ғана еске алады.

Бойы жылынғаннан соң ба, бағанағы бишік тиген беті дуылдап солқылдап барады. Сабан толтырылған сықырлауық жастықтың астынан сүйек сапты дөңгелек қолайнасын алды. Қарсы алдында бір беті қисайған тірі аруақ қарап тұр. Маңдай тісі кетілген, көзі үңірейіп қабағының астына кіріп кеткен. Бит басып, қышып шыдатпаған соң шашын қырғызып тастап еді, бір елідей боп тікірейіп өсіп қалыпты. Өлі көз, мөрі өшіп ескірген ажар. Отыз екі жаста деп кім айтады?

Осыдан жеті жыл бұрынғы қобыраған сары шашы иығын жапқан, аққу мойын, жұмыр иек, ақ жүзі аршыған жұмыртқадай кербез, тәкаппар келіншек қайда? Содан бері жеті-ақ жыл өтті дегенге кім сенеді, жо-жок, жеті жылда да бұлай тозбайды, жетпіс жыл, жеті жүз жыл өткендей. Екі ортадағы өзгерген өмір айтса сенгісіз. Өткен күн, өшкен үміт әлдебір естіген ертегі сияқты. Айнаны орнына қайта қойды. Алдына сыймай баржиган, буындары шор-шор, бүкірейген қолдарына қарап меңірейіп отырып қалды.

## АҚШАҢҚАН МОСКВА

Елизавета Москвада туғанмен Парижде өсіп бойжетті. Москвадан алты жасында кеткен. Сонда да туған қаласының елесі еміс-еміс көз алдында. Үлкен Басмановтағы қосқабатты қызыл үй. Есік-терезе, дарбазаның ернеуі, шатырдың кенеріне дейін ою салынып әшекейленген. Табанына жымын білдірмей қиюластырып жалпақ шақпақ тас төселген түп-түзу көше. Тарантас сүйреп, желе-жорытқан аттардың тағасы тақ-тақ етіп, ымыртта жарқ-жұрқ от шашып бара жатады. Ағтаған сайын жайма-дүкен. Томпиған әппақ тоқаш, неше түрлі кәмпит, тәтті дәмнің хош иісі мұрын қытықтайды. Бір уақытта іргедегі алтын кресі күнге шағылысқан көк күмбезді шіркеу қоңыраулатып даңғыр-дұңғыр күніреніп қоя береді. Сол-ақ екен, жан-жақтағы шіркеулер

іліп әкетеді. Бір-бірімен ұласа жаңғырығып күмбірлеген сиқырлы, тылсым дауыстан Москва аспаны тербеліп тұрады.

Әкесі сұлу өнді, мейірімді адам еді. Жымып күлгенде ернін жиектей қырыққан жіңішке сары мұртының астынан аппақ тістері маржандай тізіліп жарқ ете қалатын. Денесі сидам. Иығында шашақты алтын пагоны жарқырап, ақ френч, ақ галифасын кигенде сурет сияқты. Жалғыз-ақ міні, қаттырақ жүрсе, хром етігі сықыр-сықыр етіп, оң аяғын сәл сылттып басатын.

Граф Николай Дуванов сонау Алтын Орданың іргесі іріп-тоза бастаған тұста Ұлы князь Дмитрий Донскойдың дәрегейіне жүгініп, шоқынған жуан тұқым татардың ұрпағы еді. Он-он бес атадан бері тақ түбінен табылып, патшаға адал қызмет етіп келе жатқан әулет. Қылышының жүзі қанға суғарылған шетінен жаужүрек, мәрт. Бесінші жылғы Цусами шайқасында жиырма екі жасар граф Николай айрықша ерлік көрсетіп, қызыл ленталы әулие Георгийді мойнына таққан болатын. Сол соғыста шашасына оқ тиіп тарамсын қиып кеткен. Кейін жазылғанда оң аяғы сәл қысқалау боп бітті. Кемістігін білдірмеу үшін өкшесінің астына киіз қаттап салып қоятын.

Үйге екі-үш күнде бір соғады. Қабағы кіртііп шаршап келеді. Жуынып-шайынып болған соң, мұны мойнына көтеріп, екінші қабатқа шығады. Үлкен залдың бұрышындағы қара пианиноның жанына әкеп, жерге түсіреді.

– Кәне, қызым, ойнай қойшы. Тыңдап көрейін.

Бұл тәрбиеші үйреткен фугалар мен полонезді бірінен соң бірін мақтанышпен ойнай бастайды. Әкесі креслода «дұрыс, жақсы, жақсы» деп бас шұлғып отырып, кейде ақырына қарай қор етіп ұйықтап кетеді.

Жексенбіні қаза жібермей шіркеуге баратын үй ішімен. Ақ мәрмәр төселген жіңішке жолды жүрегің дірілдеп әзер басасың. Күмбірлеген қоңырау, алыстан күніреніп жеткен тұңғық сарындай хор... көз тұтқындап, көңіл арбаған ғажайып салтанат. Алтын тамшыдай күмбезді шыр айналып ұшқан қалың кептер қанаттарын аударып-төңкеріп жоғары-төмен қалықтағанда, көк аспан көк жапырақтанып жерге түсіп келе жатқандай. Бұл жердің кептері адамға әсте үйірсек. Нанның үзімін ұстап қолыңды созсаң – қанаттары сытырлап, құрқ-құрқ етіп келіп алақанына қонады.

Анасы – аса діндар адам. Қарсы алдындағы креске керілген Исаның суретіне қарап, қолындағы балауыз шырақ жанып біткенше, көзінен жасы бұршақтап сыбырлап мінәжат қылатын. Бұл «не болды» дегендей мамасының бетіне таңырқай қарайды. Бірақ өзінің де көз жасы сорғалап тұрғанын сезбейтін.



Парижде жүргенде, әсіресе, Москваның қысын қатты аңсайтын. Балалық шақтың қайталанбас тәтті, сағынышты елесі. Парижде қарды аспанда ғана көресің. Жоғарыдан сансыз әппақ жіпше созыла саулап келе жатады да, жерге тамшы боп түседі. Биік үйлердің шатырын сәл қырбақ жапқан болады, оның ғұмыры да көзді ашып-жұмғанша ғана. Басқан ізің шылп-шылп су. Бусанған дымқыл ызғардан бойың тоңазып, жаның жабырқау тартады.

Қайран Москваның қысы-ай десеңші! Аспан мен жердің арасы тұтасқан алай-түлей боран. Көңіліңді бір елеуреген сезім билеп, өз-өзіңнен алып ұшасың. Ит екеш итке дейін арлы-берлі жүгіріп, есі шығып арсаландап кетеді. Дүниені бір құдыретті жұмбақ қуаныштың құйыны кезіп жүргендей. Ертеңінде аспан шәйідей ашылады. Есік алды кісі бойы сипама қар. Аулашылар ерінбей-жалықпай жалжал қып үйіп, сәл отырып нығыздалғаннан кейін үңгіп аққала салады. Кәдімгі үйлер, есік-терезесі бар. Біріне кіріп, бірінен шығасың. Ауланың бір шетінде басына шелек киіп, сәбіз мұрыны қып-қызыл боп үшкірейіп, қолына сыпырғыш ұстаған қар шал тұрады. Ол – аулашы Гордей атай. Әсіресе Рождество мен Крещение – шоқыну мейрамы кезіндегі салтанат думанды айтсаңшы. Бүкіл қала қотарылып Москва өзенінің жағасына барғандай. Мұздың үсті, қос жағалау күртік қардан соғылған көше-көше аққала. Ұшы-қиыры жоқ.

Қар қаланың іші қайнаған қызық. Жылтыраған ойыншық, тәтті тағамдар сатып қатар-қатар тізілген жаймалар. Рождество шыршасы да сонда. Дөңгелене билеп, ән салып шалықтаған жұрт. Бір тұста балалайка мен гармонь үні құтырына ұйтқиды. Екінші бір шетте бірінен-бірі айнымайтын қап-қара шалғы мұртты цыган жігіттері гитара мен скрипканы мың құбылтып сұңқылдата тартады. Қара көздері оттай жайнаған цыган қыздары иықтарын дірілдетіп, бүрме-бүрме шұбатылған көйлектерінің кең етегін онды-солды аспандата серпіп ышқына селкілдегенде, қаны ойнап ентелеген жастар еріксіз би құйынына ілесіп кететін.

Балалар үшін қуаныштың үлкені – сырғанақ. Тіпті оған үлкендер де құштар. Әр тұста қарды тау-тау ғып үйіп, үстіне су құйып жасаған сырғанақтар белес-белес боп кем дегенде жарты шақырымға созылады. Ағаш шанамен, кейбірі тақтайға отырып іркес-тіркес ұлап-шулап жапырыла сырғанаған халық. Біресе ылдифа құлдилап ағып, біресе аспанға зымырай көтеріліп, жүрегінді кернеген шаттықтан шыңғыра айқайлап ұшып келе жатасын.

Шоқыну мейрамында думан бұдан да қыза түседі. Қалыңдығы құлашқа жуық мұзды әр жерден ойып суат жасайды. Оны поп

қасиетті сумен аластап тазартады. Содан соң еркектер топ-тобымен суатқа тоғытылып шоқынады. Судан шығып сілкінгенде, үстеріндегі қабыршық мұз сынғыр етіп салдырап түседі.

Бір уақытта «патша келе жатыр!» деген сыбыс шығады. Дыр-думан басылып, айнала тым-тырыс тына қалады. Аяз бұған тұнық ауаны жырақтан талып жеткен қоңыраудың үні қытықтайды. Сыңғыр-сыңғыр. Сәт сайын айқындалып, жақындап келеді. Шұбалған көш. Әуелі мойындары қаздай иілген қара арғымақ мініп, әппақ боп киінген үш офицер шоқырақтай желіп қастарынан өте береді. Ізін ала үш акбоз арғымақты парлап жеккен күйме келеді қоңыраулатып. Ауыздыкпен алысқан арғымақтардың танауынан шелек-шелек бу атқылайды. «Патша! Патша!» дейді айналадағылар сыбырлап. Үстіне құндыз тон киген мұртты кісі ашық күйменің ернеуінен белуарына дейін көрініп, көзін төңкеріп, жан-жағын шола қарайды. Анда-санда қолын көтеріп бас изеген ишара танытады. Жолдың қос жиегінде бас киімдерін шешіп ентелеген жұрт: «Слава нашему Государю!» деп үздік-создық шашырай айқайлап, шоқынып, тағзым етіп жатқаны. Қар қаланы қақ жарып ұзап бара жатқан патша керуенінің сыңғыры құлақ қытықтап көпке дейін естіліп тұрады.

Сол бір ертегідей шуақты салтанатты өмірдің шырқы бір-ак күнде бұзылды. Москваға алба-жұлба қара киімді адамдар қаптап кетті. Өндері жүдеу, суық қабак. Жайдары, ақшанқан Москва күңгірт тартып, жүдеп сала берді. Шеркеу қоңырауларының күмбірі де бұрынғыдай емес, әлдебір жан түршіктірер тылсымнан хабар бергендей күңіреніп, мұңлы шығады.

Әлгі адамдардың киімдері ғана емес, қылықтары да лас екен. Әдеп жоқ. Қалай болса солай қақырып-түкіреді, көрінген жерге жалп ете кетіп дәрет сындырады. Қағаздай қардың үсті, аппақ дуалдардың етегі ит сарығандай саржағал, саталақ. Аз уақыттың ішінде Москва коқысқа, иіс-қоңысқа толды. Топ-тобымен мас болып, боктап, айқай салып жүреді. «Жойылсын буржуйлар!» деп қарадан-қарап терезеге тас лақтырады. Кейде есікті бұзып кіріп, тонап кетеді.

Қаланы үрей буды. Бұлар көшеге шығудан қалды. Есік-терезені жауып алып, үйде отырады. «Бүлік шықты! Бүкіл елде кедейлер көтеріліп жатыр!» дейді үлкендер өзара сыбырласып. Енді әкесін анда-санда бір көретін болды. Онда да түнде келіп, түнде кетеді. Екі ұрты суалып жүдеген, қабағы қатулы. Сөйтіп жүргенде «патша тақтан құлады!» деген хабар дүңк ете түскен. Үлкендер қатты абыржыды. Әлгі алба-жұлба жабайы адамдар көшеде тіптен көбейіп кетті, бұрынғыдан ары елеуреді.

Бір күні түн ортасында үйге бір қауға сақал бөтен адам кіріп келді. Басында жапырайған құлақшын, үстінде көшірлер киетін көнетоз шолақ тон. Әлгі сырттағы келімсектердің бірі екен деп қалған. Сөйтсе әкесі! Көзі шүңірейіп кеткен. Аяғын бұрынғыдан да қатты сылтып басады. Шешесі екеуі түкпірдегі бөлмеге кіріп онаша біраз күбірлескен. Шешесі екі бетін басып орындыққа отыра кетті. Қыстыға өксіген дыбысы шықты. Сәлден соң орнынан тұрды. Жылап жүріп асығыс киім-кешек, оны-мұны заттарды жиыстырып чемодандарға сала бастады. Әне-міне дегенше-ақ жиналып болды. Әке-шешесі екі-скіден чемодан ұстады. Бұрыштарына жылтыр жез қаптаған, белдікті былғары чемодан. Мұның мойнына да томпайтып кішкентай шүберек сумка асып қойған. Әкесі сыртқа беттемес бұрын әуелі бұрыштағы иконаның алдына барып шоқынды, содан соң есіктің босағасына маңдайын сүйеп сәл тұрды да, чемодандарын көтеріп, баспалдақпен төмен қарай шойнаңдай жөнелді. Шешесі жылаған соң, түкке түсінбесе де қорқып, бұл да кемсеңдеген.

Еңірегеннің көкесін Гордей көрсетті. Сыртқы есіктің аузында әкесінің аяғын құшып етпеттей кетті. Қауын жоталанған қып-қызыл төбесі шамға шағылысып жылт-жылт етеді. Дөңгелене жалбыраған эппақ шашы жерге түсіп еңкілдеп жатыр.

– Батюшка, Вы меня кому оставляете? Как быть мне? Экетай, мені кімге тастап барасыз? Күнім не болады?

– Вставай! Түрегел! – деді әкесі зілсіз бұйырып. – Не время расплакаться. Жылап-сықтайтын уақыт емес. Вот ключ. И дом твой. Міне, кілт, үй де сенікі.

Гордей ерні дірілдеп, созалаңдай орнынан түрегелді. Сақалынан су ағып тұр.

– На кой чорт мне дом, когда вас в нем нету! Сіздер болмасаңыздар бұл үй маған шайтаным керек пе!

– Возвратимся ли – Богу только ведомо. Будь хозяином. Қайтып ораламыз ба, жоқ па – Құдайға ғана аян. Өзің ие бол. Нынче ты богат. Не только дом, вся страна ваша. Енді сен байсың, үй ғана емес, бүкіл ел сендердікі. Ты моему батюшке и мне верно служил. Благодарю тебя. Сен менің әкеме де, өзіме де адал қызмет еттің. Рахмет! Ну-с, бывай, старина! – деп шалдың арқасынан қаққан.

– Батюшка... Ваше благородие... – деді Гордей сыңсып.

Қалқада тұрған күймеге асығыс мініп жүріп кетті. Қоңырайып калып бара жатқан үйдің қарасы үзілгенше қап-қара түн бүйірі солқылдап өксіп тұрды.

## ҚҰСА

Поезбен күн жүрді, түн жүрді. Жүруінен тұруы көп. Одан күймеге отырды. Бір апта дегенде шиырлап теңіз жағасына ілікті. Москвада қыс еді, мұнда жаз. Айнала жап-жасыл. Буырқанған толқын. Қырым екен!

Мұнда келген соң әкесі сакалын алып, қайта әскери киім киді. Үйлері бұрынғыдай болмаса да өмірлері бұрынғы қалыпқа түскендігі еді. Бірақ көп өтпей тағы да дүрбелең басталды. Жасыл желекті жапырып, үйлердің шатырын ұшырып қара дауыл ұйтқыды сұрапыл. Аспанда аударылып-төңкеріліп түйдек-түйдек көшкен қара бұлт. Елдің көңілі одан да астаң-кестен. «Врангель опасыздық жасап шетелге қашып кетті! Қырым Республикасы құлады!..» деген сыпсың ауыздан-ауызға көшіп, жел ұшырған жапырақтай ауаны шарлады. Буыншақ-түйіншегін көтеріп сапырылысқан жұрт қала шетіндегі айлаққа қарай жөнкілді. Өкірген толқын. Боздаған кемелер. Жағадағы оңды-солды теңселген халықта қисап жоқ. Айқай-шу, жылаған бала. Таласып-тармасып жүріп түн ортасы ауа бұлар да бір кемеге ілікті-ау әйтеуір.

Кейін білді, әуелі Грекияға барыпты. Афиныға. Онда да көп аялдамай, екі-үш ай ес жиған соң Парижге келген. Сонда біржолата тұрақтады. О, Пағи! Сән салтанаты қандай десеңші! Москва жолда қалады. Дүниенің бар кереметі осында жиналған ба дерсің! Ежелден талай нәсіл бас қосқан, сан алуан тағдырды алтын бесігінде тербеткен ұлы шаһар бұларды жатырқаған жоқ, бірден ыстық құшағына алды. Тіпті бөтен жерге келдік дейтін емес. Айналасының бәрі орыс. Сөйтсе, бұлар қоныстанған аумақ «орыс кварталы» аталады екен.

Бұрыннан тұрақтап қалған көпестер, ақсүйектер, патша құлаған соң ауып келген байлар мен офицерлер. Тағдырлас, отандас. Бәрінің мұң-зары бір. Туыс сияқты. Ұйтқысы мықты. Қашан көрсең шұрқырасып табысып, мейрам-тойда думандатып жатады. Келесі жылы бұл мектепке барды. Арнаулы қыздар гимназиясына. Бос уақытында музыка, би үйренді. Бейғам, бақытты өмір. Бүлдіршін қыз ұлы елдің бар жұпар, бар кәусарын бойына сіңіріп, күнге таласқан жас шыбықтай жайқалып өсе берді.

Әкесінің бірақ бұл жақта да қабағы ашылмады. Көп ашылып ешкіммен сөйлеспейді. Тұйық. Тұнжырап әлдебір ой құшағында жүргені. Аузынан мүштек түспейді. Мұртының шалғысы, тіпті оң жақ қасының ұшына дейін сарғайып кетті. Парижде шығатын орысша газеттерді оқып отырып кейде жадырап қалады. «Эсэр партиясының мүшесі Каплан деген әйел Ульяновты атып, ауыр жаралаған...» «Волга бойын ашаршылық жайлауда...» Ондайда көздері ұшқын атып, тікелей мұртының шалғысына дейін жымиып тұрғандай болады.

Алғашқы жылдары Советтер ұзаққа бармай құлайды деп қатты үміттенді. Антантаның тегеурініне шыдамайды, іштен бүлік шығады, ақ гвардияшылар қозғалысы кең өріс алады... деп ұзын дәмені малданған. Бірақ үміт жібі бірте-бірте жіңішкере берді.

Енді әкесі араққа әуестене бастады. Ұзақты күн бөлмесін бекітіп алып шықпайды. Бұл білдіртпей барып кілт салатын тесіктен сығалайтын. Алдына шөлмек пен стакан қойып, жалбыраған шашы бетін жауып, басы салбырап отырғаны. Кейде жолдастарымен бас қоса қалғанда: «Мен – монархиспін! Патша тағынсыз Россияны көз алдыма слестете алмаймын! Социалист – большевик деген қарғыс атқыр сөзді естігеннен жүрегім айнады! Құскым келеді!» деп столды жұдырықтап айқай салатыны бар.

Бір күні есік алдында: «Большевиктердің арам қанына суғарылмай қында шіритін болды-ау!» деп қайқы қылышын жарқ еткізіп қиғаштай сілтеп қалып еді, қос елі алюминий құбырды қамыстай қиып түсірді. Өмірінің ақырғы кезінде араққа қатты салынып еді. Апталап үйден шықпайтын. Түкпірдегі бөлмеге кіріп алып, кешке дейін патефон қоятын. Орыс әндері, романстары. «Дубинушка», «В даль по Питерской», «Колокольчик»... Он... жиырма рет тындайтын шығар. Күнле сол. Жүрек сыздатқан сағыныш. Орыстың кең даласы, тұнжыраған көк орманының құшағында қалықтап жүргендейсін.

Ақыры әкесі бұл он сегізге толған жылы құсадан атылып өлді. Маузерді самайына тіреп бір-ақ басыпты. Күздің жауын сылбыраған ызғарлы күні еді. Ұзақ уақыт музыка ойналмай тым-тырыс бола қалғанға шешесі екеуі әлденеге сезіктенгендей ақырын басып бөлмеге кірген. Былғары креслоның үстінде қолы салбырап қанға бөгіп жатыр! Мамасы сылқ етіп жерге құлай кетті. Бұл бақырып далаға қашқан...

Әкесінің өлімін бүкіл орыс кварталы аза тұтты. Оркестрмен шеру етіп апарып, Сен-Женевьев де Буа зиратына жерледі. Патша армиясының алтын иықты офицерлері құрметті қарауылға тұрып, зират басында, мәйіт көміліп болған соң ауаны тітірентіп залппен қырық жеті рет оқ атты.

Лиза әкесінің басына жиі барып тұратын. Мейрам құрғатпайды. Кейде мамасымен бірге келеді. Көбінесе жалғыз өзі. Сыңсыған бақтың іші. Қатар-қатар тізілген қалың қабір. Бір тақылеттес. Қабірдің беті жалпақ кара мәрмәрмен қапталған, бастарында кісі бойы кара мәрмәр тақта. Православье кресі ойылып, аты-жөндері жазылған. Қашан келсең де қабірстан көшелерінен кісі айрылмайды. Тұнжыраған мұңлы жүздер. Кара жамылып, қабірді құшақтап өксіген кейбіреулерді кейде кара тақтадан ажырата алмай қаласын.

## КҮН ДЕ БАСҚА, АЙ ДА БАСҚА

Лиза бірнеше рет келгенде әкесінің қабіріне әлдекімнің гүл қойып кеткенін көрді. Кейде қос тал қалампыр гүлі, кейде қос раушан. Бұл кім болды екен деп ойлаған.

Бір күні жексенбіде келсе, әлгі бейтаныс тағы да гүл қойып кетіпті. Айқасқан қос тал қызыл рушан. Жаңа қойғаны көрініп тұр. Ыстығы бет шарпыған қара тастың үстіндегі гүлдің жапырағы солғын тартпаған, сол қалпы. Кенет қарсы беттегі қабірлердің арасынан шығып біреу бері қарай аяндады. Жақындап келеді. Еңсесін тік ұстаған, ұзын бойлы, сымбатты жігіт. Сәлемдескен соң сәл бөгеліп:

– Ғафу етіңіз, – деді жұмсақ үнмен. – Сіз бұл кісінің кімі боласыз?

– Қызымын. – Бейтаныс жігіт шарасы кең қоңырқай көзін жарк еткізіп бетіне тесіле қарады да назарын тез тайдырып әкетті.

– Қайғыңызға ортақпын! – деді басын иіп.

– Өзіңіз кім боласыз?

– Николай Андреевич – менің жауынгер командирім. Қанды көйлек досым десем де болады. Ижевскідегі қызылдармен ақырғы шайқаста сол кісінің қол астында соғысқанмын. Еһ, патша әскерін граф Дуванов сияқты ержүрек, ақылды офицерлер басқарса, Россия бүйтіп құл-құтанның талауында қалмас еді. Дарынсыз, сатқын генералдар бәрінің түбіне жетті!..

Жігіт ақсары жүзі лап қызарып, екпіндей барып тоқтады. Шығарға жол таппай көкірегінде булыққан қыжыл мен өкінішті әзер тежеді.

Бейтаныстың аты-жөні Алексей Константинович Крюков екен. Штабс-капитан. Жасы отыз алтыда. Шалқайта қайырған толқынды сарғыш шашының әр жеріне шашырап ақ түсе бастапты. Кеш үйленген екен, әйелі жарты жыл бұрын баладан қайтыс болыпты.

– Зиратты аралап жүріп, Николай Андреевичтің қабірін көргенде көңілім қатты бұзылды, – деді. – Сондай бекзат дүниеден озды дегенге қалай сенерсің. Ұлы Россияны көркейту үшін жаратылған жан емес пе еді. «Мен осы жердің тамырын тереңнен тартқан бір тал шыбығымын. Тек осы топырақтың нәрімен ғана көктеп, бүр жарамын» дейтін. Енді міне, ұлан-ғайыр Отанның бір пұшпағынан бір уыс топырақ бұйырмай қиыр шетте жатқаны мынау!..

Осы таныстықтан кейін екеуі жиі ұшырасып тұрды. Әкесіне деген осыншалық риясыз құрметке, достық ықыласқа қыздың жүрегі елжіреген. Көңілі жасып жетімсіреп жүргенде қолтығынан демер камқор аға, жанашыр жақын табылғандай қуанған.

Ағалы-қарындастай жарасып, киноға барады. Қыдырады. Бірте-бірте жұптасқан алақан, жасаурап жалт қарасқан жанарлар жүрек түбіндегі әлдебір жұмбақ сезімді түртіп оятқан. Сол-ақ екен, асау құйын екеуін ес жиғызбай үйіріп ала жөнелсін. Ақыры жылға жетпей үйленді. Шексіз бақытты еді. Күн де бұрынғыша батады; Ай да баяғыша туады. Бірақ Күн де, Ай да басқаша. Бүкіл әлем басқаша. Көгілдір нұрға оранып, бір ерке сылқым мінезбен қас қағып, күлімдеп, «кел, биле, шаттан» деп тұрғандай. Алып-ұшып шарқ ұрған көңіл. Қанат байлап қалықтап жүргендейсін.

Осынау бақытты шақтарын ойласа Париждің баққа оранған думанды көшелері, әйгілі Лувр, Суфло, Пантеондар, «Гранд – Опера», Елисей Алаңқайындағы ұлпа көгал үстінде жып-жылы жауынға шомылып екеуінің жалаңаяқ жүгірген сәттері... гауһар тастың қырындай жарқ-жүрк етіп көз алдына алма-кезек елестейді. Эйфел мұнарасының ұшар басында шалықтаған Штраус вальстері өле-өлгенше құлағыңнан кетер ме!

Сол күні екеуі, түнгі Париждің оттары жанарларында дөңгелеп, құмарлары қанғанша билеп еді-ау! Дүниеде мұнан бақытты адам жоқ еді. Ал Алексей қалай жарқырап күлсе де, қоңырқай көзінің тұңғығынан әлдебір мұнның бұлты сейілмейтін. Жалындаған жар құшағында жатса да көңілі жарым, күрсінуді жиі. Кейде түн ортасында оянып кеткенде, алақандарын айқастыра желкесіне жастанып, әлдебір ой құшағында төбеге қарап телміріп жатқанын көретін.

Келе-келе елді, ұмыт бола бастаған ескі күнді жиі еске алатын болды. Екі сөзінің бірі – Отан, қайран Русь. «Енді Россияны көретін күн бар ма екен!» дейді мұңға батып. Сөйтіп жүргенде Сталиннің шеттегі отандастарға арнаған үндеуі шықты. «Сіздер қайда жүрсеңіздер де, Россияның ұл-қыздарысыздар. Біз сіздерді ешқашан жатсынып, кеудеден итермейміз. Тап шайқасы барысында сіздердің түсінбестікпен шалыс басқан қадамдарыңызды Отан кешіреді. Күн санап қарышты қадаммен өркендеп келе жатқан жаңа тұрпатты социалистік халық шаруашылығына қазір білікті мамандар аса қажет. Россия сіздердің қажыр-қайрат, білім-парасаттарыңызға мұқтаж...» деді.

Орыс кварталы дүр сілкінді. Жүректерінде үміт оты оянғандай. Жүздері жайнап, кездесе қалған жерде қызу әңгіме қылды. Күмән келтірушілер де жоқ емес. «Байқау керек, Мысық мұрттың кезекті айласы ма, кім білсін. Қолы жетпей қалған жауларын өстіп қақпанға түсіргісі келетін шығар бәлкім?» десті. Бірақ көптің көңілі жақсы үміттен дәмелі еді.

Алексей елден ерек қуанды. Жанарының жиегінде жас шымырлап күлімдегенін көрсен! Елдің күдік-күмөніне құлақ асқан жоқ,

бар жан-тәнімен жақсылыққа сенгісі келді. Тіпті сенімнен де солай болса екен тілегі басым еді. Мұны жерден тік көтеріп алған күйі бөлме ортасында шыркөбелек айналып:

– Жаным, Лизочка, шынымен бұл күнге де жеткеніміз бе? – дейді.  
– Қандай бақыт! Отанымызға ораламыз. Құлдар билеп-төстейді екен деп арланбаймын. Орыстың сыңсыған ақ қайыңын көріп жүрсем де арманым жоқ!

Бұл да қосыла еліксін. Көкірек түбінен бала күннің елестері оянып, сағыныш биледі. Москваның әппақ қысын аңсады. Өзен жағасындағы аққала, белес-белес сырғанақ, әндетіп ұзап бара жатқан тройка... бәрі-бәрі сикырдай арбап көз алдында тұрып алды.

### МҰЖЫҚ ҚАЛА

Сөйтіп, отыз төртінші жылы Москваға оралды. Жүректері қуаныштан алып-ұшып, аңсап жеткен. Қарлы қыс сұр қабақ, сұсты жүзбен қарсы алды. Тымырсық аяз. Қырау қылаулап, айналаны сызды тұман тұмшалап тұр. Бұрынғы ақшаңқан Москва жоқ. Аспаны бұлыңғыр, өзі қара-қожалақ, қарына дейін кір. Терезелеріндегі темір мұржадан түтін будақтаған үйлер жол жиегінде басы салбырап, махоркасын будақтатып отырған олпы-солпы мұжық сияқты. Дәл осы крещен аязы кезінде көше-көшені бойлай қоңыраулатып, әндетіп өтіп жататын тройка қайда, тройка? Жағадағы думандаған аққала қайда? Жарыса күмбірлейтін шеркеу қоңыраулары неге үнсіз? Аспан мылқау.

Көкірек түбінде аялап әкелген балалық шақтың қызыл-жасыл сағынышты суретіне абайсызда қара сия тамып кеткендей, дүние күңгірт тартып сала берді. Алтын иық, ақ жаға асылтекті тәкаппар Москва алтын тақтан түсіп, мұжық қалаға, қара табан жұмысшы қалаға айналыпты. Көше-көшені қайшыласқан жүдеу өнді, жұпыны, қоңырқай киімді адамдардың легі бұрғылайды. Түтінге қақалып салбыраған күйелеш аспанды завод-фабриктің гудогі, боздаған поездар анда-санда бір қаңқ еткізіп тілгілеп өтеді.

Төрт күн бойы бұларды қала ортасындағы қызыл үйден шығарған жоқ. Дарбазасының аузында күзет. Биік дуалдың ішінде жүресің. Не түрме, не мейманхана емес. Бірақ асханасы да, жатын жайлары да ішінде. Әлдебір адамдар келіп қайта-қайта тергеу жүргізді. Екеуінен жеке-жеке сұрақ алды. Үрім бұтағынан ештеңе қалдырмай бүкіл өмір-тарихын жаздыртты. Париждегі тамыр-таныстарына дейін көзінен тізіп шықты. Әйтеуір қарадай тұтқынға түскен адамның кебін киген.



Мына түрлерімен түрмеге тығып жібермесін деп секем алып та қалған. Бірақ бесінші күні қолдарына жолдама ұстатты. Москва маңындағы Серпухов қаласына барасындар, сонда жұмысқа орналастырады деді.

Бостанға шығысымен екеуі қаланы араламастан бірден Үлкен Басмановтағы баяғы өзінің туған үйіне тартты. Әр бұрышы, әр өрнегі жүрек түбіне өшпестей боп бедерленген қызыл үй. Бір көруге ынтық. Ұзақ іздеді. Байырғы тұрғындар болмаса, көп адам ондай көшені білмейді екен. Сұрай-сұрай ақыры тапты. Туған көшесінің еміс-еміс сұлбасы көзіне оттай басылды. Талай рет табаны тиген, талай рет пәуескімен қоңыраулатып өткен ұзын жол. Бірақ көңілдегі суреттің кейбір елесін таба алмай аңтарылып тұр.

Көп нәрсені өзгерген. Біраз жайларды бөлкім өзі де ұмытқан, дүдәмал бөлсін. Бірақ көшенің өзен жақ бетіндегі дөңесте күмбезі күнге шағылысып жарқырап тұратын еңселі шеркеуді қалай ұмытсын. Жалтақтап қалай қараса да күмбез көзіне шалынбады. Жатаған үйлердің қалқасынан қаңқайып-қаңқайып қираған қабырғалардың төбесі көрінеді.

Өз үйін жазбай таныды. Есік алдына келісімен тізесі дірілдеп толқып, ары қарай аттай алмай тұрып қалды. Кеңсірігі ашып, көмейін өксік буды. Көзі жұмулы. Үйдің бұрышынан сол бір алаңсыз бүлдіршін күндері әне-міне құлдырандап шыға келетіндей. Көз алдындағы ию-қию сапырылысқан елестің арасынан ақ френч, галифе киіп, шашақты алтын пагоны жарқыраған әкесі мұртының шалғысы ширатылып ақсия күледі. Мамасы да жап-жас, кең етек көйлегі жер сызып, белі үзіліп айна алдында сәнденіп тұрғандай. Анандай жерде қорбаңдай басып Гордей келе жатыр. Терісі қоңыр теңбіл тазы күшік еркелеп, аяғына оратылды. Жоғарыдан баяу қалықтап пианино үні естіледі. Соль – си – до – ре – ля – фа – соль...

Ып-ыстық қос тамшы бетін сызғылап жосып барады. Жанарын жарқ еткізіп ашып алды да мүлдем жат, жабырқау көрініске қарап, тосылып тұрып қалды. Бөтен бір үйге келіп тұрғандай. Ашылған сайын төбесіндегі қызыл қораз қоңыраулатып шақыратын, оюлы емен дарбаза жоқ, аула алаң-ашық. Үй әбден тозған, кәдімгі деревняларға барғанда көретін мұжықтың қотыр тамы. Қабырғалардың ойдым-ойдым сылағы түсіп, есік-терезенің сыры көшкен. Әр терезенің көзінен темір мұржа сораяды. Шатырдың бір қанаты өртеніп, қайта жапқан сияқты. Төбеге көлденең салынған сырғауылдың дөңгелек ұштары күйелештеніп аңғал-саңғал дөдегеден көрініп тұр.

Ернеуін киізбен қырсаулаған тактай есік сықырлай ашылды да, бұрқ еткен ақ будың арасынан әлдекімнің қорбаңдаған сұлбасы суырылып шығып келе жатты. Шашы кобыраған, етженді, сарықарын

әйел. Өкшесі мыжылған еркектің сандалын жалаңаяқ сұға салыпты. Үстінде сырма күпәйке. Мойынын ішіне тығып, жағасын қаусырына ұстап, бері жақындады. Бұлардың сәлеміне жауап қатқан жоқ. Состиып екеуіне алма-кезек таңырқай қарады:

– Сіздерге кім керек еді?

– Біз Гордей атайды іздеп келдік, – деді Елизавета.

– Ол кім? – деді әйел сұйық, сарғыш қастарының арасындағы жалғыз тікше сызық тереңдеп. – Ондай адамды білмейміз.

– Қалай? Осында бұрын тұрған. Үйге иелік еткен кісі.

– А-а! – Әйел есінегендей аузын қисайта керді. – Этот сумасшедший что ли... прохвостень буржуев? Да он давно пропал. А, әлгі жарымес пе, буржуйлардың құйыршығы? Көзі құрығаны қашан оның!..

– Қайда кетті? – деді Елизавета әйелге қарай жақындап.

– Қайда кетуші еді, алып кетті. Атып тастаған шығар!

– Неге?

– Я же говорю, он сумасшедший... Есі дұрыс болса, өмір бойы қанын сорып келген қанаушысына шаң жуытпай шырылдай ма? «Менің қожайыным – мейірімді, әділетті адам. Еңбегімді жеген жоқ, қиянат көрсеткен емес. Үлкен адам деп қадірлеп, құрметтеді» дейді. Оттаған екен, құрметтесе малай ғып қорасын сыпыртқызып қоя ма? Біз алғашқы келгенде, кіргізбей қалай байбалам салғанын көрсеңіздер ғой! Фабрика комитетінің секретарына балта ала жүгірді: Жоғал, қарақшысыңдар дейді; қожайыным маған табыстап кеткен. Дүниемүлкін бүлдіруге жол бермеймін дейді. Вот, ақымақ! Буржуйдың үйі қаңырап бос тұрғанда, біз, сегіз семья, қаңғырып далада жүруіміз керек екен-ау! Қақпасты сол жерде сақалынан сүйреп алып кеткен. Так что, ваш Гордей давно пропал. Демек, Гордейіңіздің көзі баяғыда құрыған! – Әйел тағы не сұрайсыңдар дегендей екпіндей сөйлеп тоқтады.

– Кешіріңіз! – деді Елизавета күйзеле күрсініп. Күйеуінің қолтығынан ұстап, келген ізімен кері бұрылды. – Қош болыңыз!

Елизавета туған үйін көргеніне өкінді. Бекер келіппін деп ойлады. Балалық шақтың сәулелі елестерін іздеген. Бірі де жоқ. Өшкен, өлген күндердің моласындай, міне, қотыр там қарауытып қалып барады.

Көше шетіндегі алаңқайда бір топ бала ұшырасты. Ұл, қызы аралас. Алды он бір-он екі, арты жеті-сегіз шамасында. Қар үстінде алысып-жұлысып ойнап жүр екен, бұларды көріп тоқтай қалды. Қолдары домбыққан, беттері қып-қызыл, еңтігіп екі иіндерінен дем алады. Құлақшыны қисайып көзіне түскен бір кішкентай қыз қып-қызыл болған жұдырығын кезекпе-кезек аузына тықпа-лап, демімен үрлеп жылыта алмай дірдек қағады. Бәрінің екі көзі

бұларда. Анандайдан көргеннен тесіліп қарағаннан, қастарынан өтіп кеткенше көз алған жоқ. Үстеріндегі бұрын өздері көрмеген әдемі, сәнді киімдеріне қарап таңырқасты. Бұл неғылған бөтен адамдар деп жатырқап тұр. Қызықтап сондарынан еріп келеді. Үнсіз. Бір уақытта іштеріндегі ересектеу біреуі:

– Буржуй! – деді есірік дауыспен. – Бей буржуй!

Сол-ақ екен жентек қар жан-жақтан жауды да кетті. Екеуі слемегенсіп жүре берді – айбат шегіп ерегестірсең, есіріп кететінін біледі. «Буржуй! Буржуй! Бур-жуй!» үздік-создық бытыраған айғайдың аяғы ырғақты хорға ұласты. Көбі не айтқанын түсініп жатқан жоқ. Зілсіз, баланың ойыны. Айқайлап, қар лақтырып көшенің аяғына дейін еріп келді де, бұл ойыннан жалыққан соң қалып қойған.

Елизавета мен Алексей Москваның аяз бұған көшесінде жат, бөтен адамдай біртүрлі өгей сезіммен айналасына жалтақ-жалтақ қарап келе жатты...

## АЛБАСТЫ АУЛАҒАН

Серпуховка келген соң Алексей атқыштар мектебіне орналасты. Оқытушы-инструктор. Офицерлер жатақханасынан бір бөлме берді. Лиза – курсанттар клубында музыкант. Жаңа өмір, жат ортаға тез бейімделіп, сіңісіп кетті. Екеуі де сыйлы. Жаңа достар тапты. Аздың өзін бөлісіп, дыр-ду болып жататын. Тұрмыс жұпыны болса да, көңіл асқақ, алдан тек жақсылық күтіп, жарық сәулеге ұмтылған ол да бір естен кетпес әдемі күндер еді-ау!

Сөйтіп жүргенде, отыз алтыншы жылы Ленинградта Киров атылып, ел ішінде бір дүрбелең басталды да кетті. Жоғары шенді әскерилер бірінен-соң бірі ұсталып жатты. Сөйтсе, олар шетінен «диверсант», «Англияның шпионы», «Империализмнің құйыршығы, іште бұғып жүрген халық жауы»... екен.

Ел ішін сонау албасты аулаған инквизиция заманының елесі кезді. Оқыған, көзі ашық, ілікке жарарлардың бәрі «сатқын» болып шықты. Газетті ашып қалсаң да, радионы тындасаң да ұсталып, әшкереленіп жатқан шетелдің тыңшылары. Айнала анталаған жау. Жұрт бір-біріне сенуден қалды. Дос-жаран, көрші-қошналар «осы іште бұғып жүрген жансыз емес пе екен, пәлесі жұғып кетер» деп бір-біріне күдікпен қарайтын болды. Қара түнекте адасқан ел сендей сапырылысты, қалай қарманып жол табарын білмей тығырыққа тірелді. Қайтсек аман қаламыз деген далбаса.

Қанды шелек отыз жетіде «жауды әшкерелемегеннің өзі – жау» деген ұран көтерілгенде, көп көкіректің түбінен пендешіліктің қара көлеңкесі қалықтап шыққан. Досты дос, көршіні көрші сатты. Алдымды орап кетпесін деп жаппай бәсеке басталды. Бір шөкім тұзға өкпелеген көршің «пәленшекеңде күдігім бар, шетелдің шпионы-ау деймін» деп домалақ арызды сүйкей салса – бітті, құрдымға кеттім дей бер.

Көп өтпей қара заман қанды аузын бұлардың айналасына да сала бастады. Күнде түн ортасында төрт қабатты жатақхананың біресе ана тұсынан, біресе мына тұсынан зарлап жылаған дауыс естіледі. Кейде балалар қосыла шырылдайды. «Келді, әкетті!» дейді екеуі бір-біріне сыбырлап. Есік ашып сығалаудан қорқады. Таң атқанша көздері бакырайып қалш-қалш етіп отырғаны.

Алғашқы уақытта тұтқындалғандардың бәрі бірдей жау емес шығар, ақ-қарасын анықтап, жазықсыздарын босатар деп дәмеленген. Бірақ қайтқан бірі жоқ. Бәрі атылып жатыр, жиырма бес жылға сотталып жатыр. Соған қарап ел ішін шынымен жау қаптап кеткен екен ғой деп ойлайтын әуелгіде.

Алексей ойсоқты боп қатты жүдеді. Менірейген сұлық. Ұрты суалып, көздері шүңіт тартып үңірейіп кеткен. Ұзын шекпен киіп, имііп шығып бара жатқанда, сыртынан қарап аяйсың. Үйге келсе, көкшіл жанары шыныланып, төбеге тесірейіп жатқаны. Аузынан темекі үзілмейді. Бірінен кейін бірін тұтатады. Будақ-будақ ұшқан қарақошқыл түтін басындағы сапырылысқан көңілсіз ойлардай, өлеусіреген шамның жарығын тұтып, бөлме ішін одан сайын күңгірттендіріп жібереді. Жаны қоса шырылдаған бұл:

– Бізге тиіспейді. Кінәміз жоқ қой! – дейді күйеуін жұбатқан болып.

– Ана ұсталып жатқандардың кінәсі бар ма екен?!!

– Кінәсі болмаса тұтқындай ма?

– Бұл – зұлмат. Ақыл-ой жетпейтін катаклизм! – Күйеуі ұрты ойылып, көк түтінді үсті-үстіне будақтатады. – Мені қойшы, неге де болса бел буып келген адаммын, – дейді томсырая қарап. – Бәрін де күткенмін, бірақ адам баласының ақыл-санасы мұндай жауыздыққа дейін құлдырайды деп ойлаған жоқ едім!.. Бәрінен бұрын сенің обалыңа қалдым ғой. Соған өкінемін!..

Февральда қыс әбден қаһарына мінді. Ұстарадай қылпылдаған сары аяз ашық жерінді тіліп түседі. Көзің ғана жылтырап, бет-аузыңды тұмшалап жүргенің. Жол табанындағы тапталған мұздақ қар көтеріліп, басқан ізің тоңқ-тоңқ етеді, өзегіне мұз қатқан көк теректің бұтақтары өз салмағын көтере алмай өзінен-өзі морт сынып жатыр.

Түн ортасы еді. Бөлме іші алакеуім. Қалашық сыртында ойдым-ойдым жайылма көлшіктер бар болатын. Түнгі аяз қысып мұз сатыр-күтір айрылғанда, мылтық атылғандай терезенің шынысы зың-зың сыңғырлайды.

Бұлардың бөлмесі төртінші қабатта. Өлі тыныштықта тырс еткен дыбыс күндік жерден құлағына жетеді. Кенет сыртқы есік ашылып-жабылғандай болды. Әлдекімдердің аяқ дыбысы айқындалып, баспалдақпен тақ-тұқ өрмелеп келеді. «Солар ғой, сол! Кімге келе жатыр скен?» Екеуінің жүрегі қараңғыда дүрсілдей соқты. Жарыса атқақтағанда, ана келе жатқандардың дыбысын кейде естіртпей тастайды.

Аяқ дыбысы енді айқын естілді. Сарт-сұрт қатарласа басқан әскери адамдардың жүрісі. Үңірейген кең дәліз дүңгірлеп, жаңғырығып жақындап келеді. Бұлғары куртқаларының сүйкелген сықырына дейін ап-анық.

– Келді! – деп Алексей орнынан ұшып тұрды. Мұнда да ес-түс жоқ. Бірдеңе дейін десе үні шықпайды. Екі-үш ұмтылып қабырғаға қол созып, шам жаққан. Алексейдің жүзі бор жаққандай.

– Бәрі бітті! – деді жан-жағына алақтап. Сөйткенше болған жоқ, есік тақылдай жөнелді.

– Аш! – деді іле әмірлі дауыс.

– Ашпа! – деді Алексей сыбырлап. Бұл қайсысын тыңдарын білмей екі ортада алақтап тұрып қалған. Сол арада Алексей аязды ауаны ақ тасқындай лақ еткізіп, жарма терезені айқара ашып үлгірген. Бұл «Тоқта!» деп ұмтылам дегенше, ернеуге атып шығып, төменге қарай бір-ақ қарғыды. Бұл шыңғырып, тұрған жерінде құлап түскен.

Есікті теуіп сындырып сырттан екі еркек кіріп келді. Қос мауезердің үңірейген ұңғысы шыр айналып жан-жақты тінткіледі.

– Күйеуің қайда?

– Қайда Крюков?

Еденде аһ ұрып арпалысып жатқан мұның тіл қатуға шамасы жоқ. Жел кеулеп бөлменің жартысын жауып шалықтаған ала пердені көріп, екеуі мән-жайды бірден аңғарған. Терезеден жарыса үңілді де:

– Кетті! Қашты халық жауы! – деп есікке қарай тапырақтап жүгіре жөнелді. Іздерін ала бұл да шыққан сыртқа жанұшырып.

Алексей қатқак жолдың үстіне құлапты етпеттеп. Денесі жиыр-ылып-созылып, қорқырап жатыр. Аузы-мұрнынан дірдектеген ыстық қанның буы бұрқырап, қар бетіне дөңгелене жайылып барады.

Жендеттің бірі мауезерін кезеп еді, екіншісі қолын көтерді:

– Оқ шығындап қайтесің, шипасы бітті. Халық жауына ит өлімі! Қиналып өлсін.

Бұл өкіріп күйеуінің үстіне құлай кеткен. Басын құшақтап жұлынып жатыр:

– Алешенька, жаным, өлмеші! Өлмеші!..

Ышқынып, өксіп... есенгіреп қанша жатқаны белгісіз. Көзін ашса, төңірек ап-анық. Алексейдің денесі сіресіп қатып қалыпты. Жансыз. Жұлынып шалқасынан аударып еді, дөңбектей дүрс ете түсті. Мұрыны бір жағына жапырайған, көзінің ұясына құйылған қан қатып қалған. Қып-қызыл шор боп шодырайып тұр. Бұл жаны ышқынып шыңғырып жіберді:

– Люди, помогите-е! – деді құлашын кеңістікке жая жалбарынып. – Халқым-ау, көмектесші! Енді қайттім? Не істеймін!..

Төрт қабатты сұрғылт үй селт еткен жоқ. Мелшиген қалпы. Тек әйнектей шытынаған таңғы ауа күңірене жаңғырықты. Тұрып-тұрып ешкімнен қайран болмаған соң, өзі іске кіріскен. Үйге апармақ. Кительдің жағасынан қос қолдай ұстап, жұлақ тартты. Серейген дене эзер қозғалды. Табаны тайып қайта-қайта жалпасынан түседі. Тұра салып тағы жабысады. Ақ қырбақ жолдың бетіне иретілген қызыл жоса із салып, сүйреп келеді. Есіктің алдына жетті. Зінгіттей денені үйге қалай көтеріп кіргізбек? Жүгіріп ішке кірді. Жылап-еңіреп әр есікті бір қақты. О, Жаратқан ием, мұндай да сұмдық болады екен-ау! Ешкім ашпайды. Дәлізде ары-бері өткендер тұқырайып теріс айналады. Осылардан қайыр болады деп, күйеуі, әкесі тұтқындалып қаралы болып отырғандарға барса, «ә, қалай екен, кеше біз күңіренгенде қайсың төбе көрсетіп едіңдер! Құрысын, тағы бір пәлеге ұрынар жайымыз жоқ!» дегендей томсырайып олар да есігін жауып алады.

Жанұшыртып өз мекемесіне барды, Алексейдің жұмыс орнына барды. Естіген сәтте бәрі сұмдық-ай деп бастарын шайқайды да, ізінше естеріне бірдеңе түскендей жүздері қуарып шыға келеді. Бір ауыз жылы сөз айтып жұбатуға жарағаны жоқ. Біреу көріп қойды ма дегендей жан-жағына жалтақтай қарап, жылыстай береді. Бастықтарға барып еді: «Халық жауының семьясына көмектесіп өле алмай жүргеміз жоқ. Басымыз екеу емес!» деп ат-тонын ала қашты.

Пенденің мұншалық сорлылығын енді көріп тұр. Жайшылықтағы дос-жолдастың бірі жоқ. Мейлі, басын сүйеп, қолтығынан демеуге қорықсын, именсін, ең болмаса аянышын көзімен болса да білдіруге болады ғой. Енді қасыреттен емес, мынау менірейген тас бітеу жүректерден, мелшиген қатыгездіктен жаны түршікті. Бағанадан бері езіліп егілсе, айналасынан қорғаныш іздеген, есіркейтін дос-жаран бар, солар қолтығынан демер деп, дәметкен. Енді ол сенім өлді, ол үміт кесілді. Мынау қасырет жайлаған қатыгез әлемде сен

жалғызсың. Тұңғыықтан өзінді өзің ғана алып шығасың. Басқа ешкім жоқ. Адамның егілуі қасында қайғысына ортақтасар, қосыла қамығар жан ашыр болғанда ғана екен ғой.

Көз жасы кілт тыйылып, айқын сана қайта оянды. Көкірегіне бекемдік орнаған. Етек-жеңі жинақы, жүрісі ширақ. Мәйітті тезірек зиратқа апарып көмейін деп асығып келеді. Есіктің алдына жеткенде, бір топ қарға өліктің үстінде үймелеп құнжындап жатыр екен. Бұл дабыстап, қолын сермеп жасқағанда, қанаттары жалпылдап әзер ұшты. Бет-аузын ақжем ғып шоқып, екі көзін үңірейтіп тастапты. Қасыретті, қорқынышты болса да селт еткен жоқ. Ширығып, қатайып алды. Үйден жырық етек офицер шекпенін әкеліп бетіне жапты. Кір жаятын ұзын ширатпа жіпті төрт қабаттап мәйіттің қолтығынан орай айқастырып байлады да, ұшын иығына салып сүйрете жөнелді.

Зират екі-үш шақырым шетте. Қалашық іргесіндегі жотада қарауытады. Бұраландаған көше бойымен сүйреп келеді. Жолдың екі жағында қиқы-жиқы тізілген аласа бөрене үйлер. Аула ішінде оны-мұны істеп күйбеңдеп жүргендер жәй салғырт қарап қана қояды. Небір сұмдықты көре-көре еттері өліп кеткендей. Ештеңеге таңырқап селт етпейді. Қол ұшын берердей бір христиан табылса, құлағындағы алтын сырғасын шешіп бермек еді, бірақ ондай қабақ танытқандай ешкім ұшыраса қоймады. Бәрі мәйіттің үстіндегі жаға-жеңі жарқыраған шекпенді көріп, бәрі түсінікті дегендей анандайдан одырая қарайды.

Қоқиып қатқан дене таптаурын тақтақ жолдың бетімен жеңіл сырғиды. Бұраландаған ұзын көшені қуалап отырып, қалашық шетіне шыққан. Ары қарай із түспеген. Жолдың тек сорабы бар. Зиратқа бару үшін жотаны қиялай өрлеуің керек. Беті қатқан күпсік қар салмағын көтере алмай күрт-күрт ойылады. Тізеден омбылап әзер алға аттайды. Қардың бетін түрендей тіліп, орып келе жатқан мәйіт зілдей. Қарыстап жылжиды. Тік қайқанда жол жиегіндегі бұталардан ұстап, жамбастай жатып алып тартады. Өлдім-талдым дегенде қыр басына шықты-ау...

Қабырғасы қамыспен қоршалған қалқаймада құрал-сайман бар екен. Зираттың бір шетінен қос құлаштай жердің қарын аршыды. Жер көк сіреу тоң. Қайла-сүймен батпайды. Қаттырақ ұрсаң, сүйменнің ұшынан от шашырап, бүкіл төбе дүңкілдейді. Басқа лажы жоқ. Ет қызумен сүйменді көтере сілтейді. Бірақ еңбегі еш. Қалай құлаштап ұрса да, сүйменнің ұшы тасқа тигендей қолын кері серпеді. Сонда да қайтқан жоқ. Үсті-үстіне ұрғылап жатыр. Сәлден кейін әдістеніп бір жерді шұңқырлап алды да, айналасын кеуектеп үңги берді. Бәрібір өнер емес. Сағат бойы тынымсыз жанталасқанда қазғаны қазан аузындай шұңқыр ғана. Тереңдігі қарыстан аспас. Су сіңді қара топырақ

кісі бойы тоң ба құдай білсін. Сүймен мен қайланы кезек-құлаштап екі қолы әбден салықты. Алақанының еті есіліп жалбырап қалды. Өне бойы қара сүмек, әл жок. Тауы шағылып беттей алар емес. Мұнысы бос әурешілік екенін түсінді. Қалың ғып қарға көміп кетуге бір оқталды да, ит жеп қояды ғой деп қауіптеніп, не істесем екен деген шарасыздық-пен айналаны байкастаған.

Жотаның етек жағына қарай жаңбыр мен қар суы орған жылғаны көрді. Бір жағы кісі бойы жарқабақ. Топырағы жалаңаштанып көрініп тұр. Ықтасында су тимеген, құрғақ. Сүйменмен нұқып еді, үгітіліп тұр. Қуанып кетті. Дереву күрек-қайласын әкеліп, етектегі қарды аршып қаза бастаған. Көк шеге тоннан кейін оңай боп көрінгенмен бұл да онша өне қоймады. Сары беріш.

Іргені кеуектеп, кісі сиярдай үңгір қазам дегенше көлеңке ұзарып, кеш түсті. Мәйітті жоғарыдан сүйреп әкелді. Көлденең қойып, домалатып үңгірге нығарлап әзер кіргізді. Әлі де терендетіп үңгісе, жақсы-ақ болар еді, бірақ оған көзбайланып барады. Бергі жағын үйінді топырақпен жапты. Жұқалау болды. Жел үрлеп не топырақ отырып ашылып қалуы мүмкін. «Жер жібігенде дұрыстап қабір қазып қайта көмермін, болмаса кейін келіп топырағын қалындап жабармын» деп өзін-өзі алдарқатқан.

Зират басынан қараңғы түскенде қайтты. Қасыретін күні бойғы азап, арпалыс жұтып қойғандай. Өң мен түстің арасындағы бір меңіреу халде. Осының бәрі бұған қатыссыз басқа біреудің басында болып жатқандай, яки бір алыстан жеткен сарын, елес сияқты әсерсіз. Ештеңеге селт етпейді. Тек аяғына бағынып алға жылжығанды ғана біледі. Қия беткейде тайғанап етпетінен сүрініп еді, етекке бір-ақ түсті сырғанап. Басына дейін көміліп, қойны-қонышына қар құйылды. Бет-аузын қабыршық қар сырып, удай ашытқанын, мойнынан төмен қарай мұздай қарып жосыған тамшылар... ешқайсысын елең қылған жок. Созаландай орнынан тұрды. Үңірейген қараңғы түн, қарлы дала. Ой-сезімнен ада өлі көкірегін сүйреп ілбіп келеді.

## ҚЫЛБҰРАУ

Бір аптадан кейін тұзақ өз мойнына түскен. Түн ортасында энеукүңгілер ме, солар сияқты былғары куртқалары сықырлаған екеу келіп, әй-шайға қаратпай ала жөнелді. Түрме. Күнде тергеу. Тергеушісі қара торы, бадана көз, қыр мұрын келісті жігіт. Қобыраған қоңыр шашын шекесінен жарып тараған. Бірақ тергеп, жауып алған сайын сүйкімі кетіп, жексұрын болып бара жатты. Қарсы алдындағы төрт



сирағы еденге болтпен шегенделген тақтай орындыққа отырғызып қойып, қайдағы жоқ ақылға қонбайтын бірденелерді сандырақтайды.

– Күйеуің – халық жауы, сондықтан сені жауапқа тартып отырмыз! – деді бетіне тікірейе қарап.

– Жала! – деді бұл ышқына орнынан ұшып тұрып. – Менің күйеуім ешқандай жау емес.

– Отыр! – деді анау зілденіп. Оң жақ қабағының үстіндегі дөңгеленген ай тыртық қанталап шыға келді. – Онда неге терезеден секіріп өлді? Осының өзі-ақ оның ішіне арамдық бүккен қылмыскер екендігін дәлелдейді емес пе? Неге қашады? Таза болса, ақ-қарасын анықтап қоя берер едік қой!

– Қолдарыңа түскеннің қайсысын қоя бердіңдер? Бәрі жау ма?

– Қоя бермесек – себебінің болғаны. Біз кінәсіз адамды білмей тұтқындамаймыз. Аһа, сен совет заңы мен совет чекистерінің адалдығына күмән келтіреді екенсің ғой! Дұ-р-р-ыс! Сайрай түс, сайра!

– Менің не жазығым бар? – деді бұл абдырап.

– Сенің жазығың – міне осы! Бұл – бір. Екіншіден, сен – халық жауының әйелісің, патша офицерінің қызысың. Соның өзі – қылмыс. Үшіншіден, шетелден ішімізге кірген жансызсың! – Әуелгіде біреудің дәлелсіз сандырағын айтып тұрғандай үні сенімсіздеу естіліп еді, енді, міне рөлге әбден кіріп алды. Өз сөзінің қисынына бек сеніп, тамаша ойнап тұр. Бұл лажсыздан ызалана күлген.

– Мен мұндай сандыраққа жауап бермеймін!

– Жауап бергенде қандай! Өзің-ақ сайрайсың әлі! – деді тыртық кабақ түтігіп. Лиза күлкісін тыйып, тергеушіге тіктеле қарады.

– Біз Сталиннің Үндеуімен Отанымызға оралдық.

– Сталин жолдас бәрін біледі һәм ешнәрседен қаталаспайды! – Тергеуші мәнді көз тастап, орындығына шалқалады. – Үндеу түсінбестікпен шалыс басқан, түпкі ниеті адал отандастарға арналған. Бірақ соны пайдаланып арамызға еніп кеткен жымысқы жаулар қаншама мына сендер сияқты!

– Менің жау екеніме қандай дәлелдерің бар? – дейді бұл ышқынып.

– Оны өзің білесің! – дейді тергеуші бәрін көріп-біліп отырған адамдай нығарланып.

– Жок, дәлелдендер!

– Не дәлелдейтіні бар? Күйеуің екеуің Францияның шпионысындар. Империализмнің диверсиялық ұйымында қызмет етесіңдер. Кәне, қандай тапсырмамен келдің? Кімдермен байланысың бар, жасырмай түгел айт. Қырсықпай тезірек мойындасаң, жазаң жеңілдейді...

Тергеушінің осы сияқты шатпырағын естіген сайын бұл ышқынып, ыршып-ыршып түседі. Екеуі ұзақ тәжікелесті. Ақыры дірілдеп-калшылдап ашуға булыққан тергеуші айдауылды шақырып:

– Әкет мынаны! Үш күн нәр татырмасын! – деген.

Аштыққа төзді, ал шөл қысқанда жаныңды қоярға жер таппайды екенсің. Тілі аузына сыймай алқынып эзер дем алады. Іші шоқтай жанып өртеп барады. Есіктегі алақандай тесікті ұрғылап: «Су! Су!» дейді қырылдап. Онысына үн қатып жатқан ешкім жоқ.

Аласұрып үстіндегі киімін жұлқылап лақтыра бастады. Күйіп-жанған бауырын мұздай тас еденге төсеп етпеттей құлады. Сол жатқан күйі талықсып кеткен. Қанша жатқаны белгісіз. Бір уақытта есін жиған. Ішін жалаған өрттің беті қайтыпты. Ой-санасы айқын. Бірақ ештеңеге зауқы жоқ. Тамақ та, су да ішкісі келмейді. Дел-сал. Түрегеп жүрейін десе басы зеңіп құлап қалатындай. Меңірейіп отыра береді. Осылай отырған күйі нәр татпай аштан өлейін деп іштей тастүйін бекінген.

Төртінші күні әдеттегідей уағында ас әкелді. Бұл тырп еткен жоқ. Кезекші: «Іш тамағыңды!» деп бірнеше рет ақырған. Одан ештеңе шықпаған соң, өз обалың өзіңе деп, тесіктің аузындағы суып қалған тамақты қайта алып кеткен. Түстікті де, кешкі асты да сөйтті. Бірақ жендеттер өлуге мұрсат бермеді. Жайдан-жай өле салам дегеніңе келіспейді екен. Әбден қинап титықтатып барып түбіне жетпесе айыздары қанбайтын сияқты. Түн қараңғысында екі еркек камераға кіріп:

– Іш мынаны! – деді алдына қалайы кружка су қойып. Бұл ерінін жымқырып, басын шайқаған. Екеуі сол арада алып соқты: бірі жағынан қысып ұстап тұрды да, екіншісі клизмамен суды сорып алып, кеңсірігіне бойлата тығып бүріккенде шашалып, аузын қалай ашқанын білген жоқ. Сол-ақ екен, клизма ұстаған азуының арасына пышақты көлденең тірей қойды. Енді кеңірдекке лық-лық құйылған суды жұтпасқа не амал.

Сөйтіп, не істесе де мейлі дейтін меңіреу халге жеткізіп соттаған. Жиырма бес жылға кесті. Француз агентурасының жансызы, халық жауының әйелі деді. Әйтеуір жақпаған күйелері жоқ.

## ҚОҢЫР

Халық жауларының әйелдерін бөлек ұстайтын лагерь бар екен. Әр станцияда сағаттап тоқтайтын шабан поезбен ілбіп, жарты ай дегенде қазақ даласына жеткен. Ұшы-қиыры жоқ, көз жалықтырып, көңіл жабықтыратын бұдырсыз кеңістікті көріп тұрғаны осы. Есік ашып, вагоннан түсе бергенде-ақ, әппақ сақал-шашы жалбырап сақ-сақ күлген құбыжық шамандай, құтырған боран қойны-қоншын қарға толтырып құшақтай алды. Алақұйын. Жермен көк тұтасқан ақ түтек. Орыстың сабырлы, тымырсық аязды қысы емес. Өкірген жынды боран.

Мылтығы шошайған аттылы айдауылдардың бірі алға түсті. Қалың жаяу бүрсең қағып шана жолдың сорабымен қатарласа шұбырды. Аттың енпендеген аяңына ілесу қиын. Қос бүйірден ентелеп, болболдың астына алып ақырған айдауылдар сәл шегіншектеп шеттей берсең, қамшымен бір-ақ тартып жалпаңнан түсіреді. Өлдім-талдым дегенде түн ортасы ауа қарлы боранның қараңғы пердесін сөгіп қалың жарық көрінген. Айдап әкеліп, жан-жағын қабат-қабат сым қоршап, ит абалаған ұзын бараққа қамады.

Түрме деген еріксіздердің еңбегімен қазаны бұрқ-сарқ қайнап бұрқырап жатқан ұлан-ғайыр шаруашылық екен. Бір тарапта кен қазып, жол төсеп жатса, екіншілері егін салып, мал өсіретін көрінеді. Саласала өндіріс. Бұлардың барағындағылар мал бағатын болып шықты.

Ертеңінде екі-үштен бригадаларға бөліп жіберген. Елизаветаның бригадасындағылардың көбі қазақ әйелдері. Қоңырқай жүз, тәмпіш мұрын, қиықша қара көз. Бір қарағанда бәрі бірдей сияқты. Айыру қиын. Бірте-бірте көз үйренген соң барып ажырата бастаған.

Алакөбеңнен тұрып екі-үш шақырым жердегі сиыр қораға келді. Қабырғасы бұжыр-бұжыр тастан қаланған, қамыс төбе ұзын там. Жарма есіктің маңдайшасы сауыс-сауыс емшек мұз, ағараңдап бу шегіп тұр. Сақылдаған аяздан бүрсең қағып келгенде, пейішке кіріп кеткендей болды.

Қи сасыған ащы иіс кеңсірік тіліп, көзді ашытқанмен жып-жылы, жанға жайлы. Бұлаңытқан қараңғыда сиырлардың көздері жап-жасыл боп жанып, тұмсықтары жылтырайды. Есік ашылып-жабылған сайын кісі қарасын көріп, қарнымыз ашты дегені ме, әр тұстан үздік-создық мөңірейді. Екі жақ іргеге қатарластыра байлаған сиырлардың астына көлбеулетіп тақтай төселген. Аяқ басар жердің бәрі көлкіген су, ми батпақ. Қорқ етіп толарсақтан сорып әкетеді. Резинка етік кигендер қораны тазалауға қалды.

Елизавета бір топ әйелмен бірге шөп әкелуге шықты. Қанаты жайылған ат-шананы жабыла жаяу сүйреп, жарты шақырым жердегі маяға келді. Мая дегендері қардан көрінбейді. Түнімен ұйытқыған боран жан-жағын үрлеп нығарлап, жып-жылмағай сипап кетіпті. Биік жалдың ық жағына келіп, іргесін аршымын дегенше бой-бойлары шықты. Күзгі жаңбыр өткен су сіңді үстіңгі қабаты шынтақ бойы сіреу мұз. Не айыр, не күрек батпайды. Тек темір шотпен суырып астын үнгісін. Өндімейді. Мұның қолындағы темір шот бойлатып тықса, тартуға әл бермей тістесіп тұрып алады, не шолтаң етіп шалдың сақалындай бір уыс шөпті ғана жұлып шығады.

Бұрыннан істеп келе жатқандар әбден әдістеніп алған. Ыспор. Айыр салса да, шот салса да, тістескен шөпті құшақ-құшақ қылып копарып шығарады. Әйелдің бірі айырды, шотты қалай ұстау керек екенін көрсетті. Айырды алқымына таяй ұстап, шөптің жігіне салып жұлқа тартып еді, оп-оңай копарылды. Босаған шөпті шанаға тию де бір өнер екен. Қаттау-қаттауымен жаймалап, төрт бұрышын шығара тең қылып салуың керек. Сонда бір апарсаң да мол ғып апарасың, әрі жолда ауып әуре болмайсың.

Атты кісінің созған қолы әзер жететіндей болған кезде ортасын сырғауылмен бастырып, жан-жағын тарақтады. Әуелгіде Елизавета таудай үйіндіні қалай апарамыз деп таң қалған. Қатар-қатар байланған кендір шылбырды төрт әйел иығына салып: «бір, екі, үш» деп жұлки тартып, арт жақтан екі әйел айырмен демей итергенде шана орнынан сықырлай қозғалды. Осылай бес рет қатынағанша қас қарайған.

Қазақ әйелдері тарамысына ілініп, шидііп тұрғанмен шаршамайтын ит жанды екен. Шымыр, қайсар. Жұмыстың денін жапырып істеген солар. Бірақ сонда да мен көп істедім деп есептесу жоқ. Бойында жаның бар ма, қимылдасаңшы-ей деп жекімейді, ішінен ойлайтын шығар, әйтеуір сыртына сыр білдірмейді. Қолға алған істің басын қайырғанша тыным таппай қимылдай береді. Ара-арасында өз тілдерінде бірдеңе деп күлісіп алады. Осындай тозақта жүріп қай жерлерінен күлкі шығатынына таң.

Осынау қоңырқай жүзді қайсар, қайырымды жандарға қарап отырып, ғасырлар қойнауында ұмытылған бір кездегі менің әжелерім де осылардай болды ма екен деп ойлайды. Көкірек түкпірінде әкесінің мейірімді қоңыр үні жаңғырады...

## АТПЕН ШАУЫП ЖАЯУҒА ЖЕТЕ АЛМАҒАН

Залдағы шашақты парсы кілемінің қақ ортасында салбырап күміс сапты қайқы қылыш ілулі тұратын. Қынаптан жарқ еткізіп суырғанда, жүзі көз қарықтырады. Көкшіл нұр аударылып-төңкеріліп діріл қағады. Алқымында арапша жазу бар.

«Бұл — Алтын Орда заманынан бері келе жатқан бабаларымның көзі, — дейтін әкесі сүйсіне қарап. — Осы қылышпен Русьті ел қылдық. Осы қылышпен бес ғасыр бойы алтын тақты қорғадық!»

Әкесінің Парижде әбден күйзеліп шала бұрыл масайып алғанда айтатын көп әңгімесі еміс-еміс құлағында. Мұқабасы кара шегірен қалың кітаптың сарғайған беттерін парақтап отырып: «1381 жылы Берке Сарайдағы кезекті тақ төңкерісінен кейін Добан баһадүр бір топ нөкерімен Москваның ұлы князі Дмитрий Донскойдың ғұзырына келіп бас иді, — дейді-дүр. — Ол менің түпкі бабам болатын. Тақ айналасындағы ықпалды жуан тұқым. Бұл кезде Алтын Орданан бақ тайып, өзара қырқыстан әбден қансырап қалжыраған еді. Бойына қуат жиып ширығып, айбарланып келе жатқан жас арыстанға қарап, бабам енді күн Батыстан шығады деп ойлайды.

Шынында да ұлы князь қасты дос ете білетін дана адам еді. Бабамның алтын басын ардақ тұтып тақ жанында ұстайды. Қол астына әскер береді. Қылыш ұстап туған Орданың баһадүр оғланымен өнер жарыстырар, иық теңестірер мұнда ешкім болмайды. Мерейі асқақтап жорықтарда ұлы князьдің туын көтереді. Қайда салса да орып түсер алмас қылышы болды. Орыс жерінің біріккісі келмей, бұра тартып бұлқынған талай князьдарының асау басын иілтіп, тізесін бүктіреді. Куликовада Мамаймен кидаласып, қисапсыз жауға қайсарлықпен төтеп берген де Добан баһадүрдің жасағы болатын, дейді-дүр. Осы қайқы қылыштың арқасында Россия бас құрап ел болды. Екі басты самұрық қанатын қос құрылыққа кең сермеп империя атанды. Бес жүз жыл алтын тақты қорғап мәртебесін асқақтаттық. Енді қалай сол алмас қылышымды тасқа шабамын!» дейтін қос жұдырығын көкке көтеріп.

— «Мәңгілік ештеңе жоқ емес пе! — дейді бұл әкесімен ой таластырып. — Империяның құлауы — тарихи заңдылық».

— «Жоқ, — дейді әкесі мең-зең салбыраған басын ауыр шайқап. — Монархияның құлауы еш ақылға сыймайды. Ол — тақ айналасындағы дарынсыз аз ғана адамның қателігі!»

— «Онда әлгі сіз айтқан Алтын Орда неге күйреді?»

— «Ол — болашағы жоқ номад — көшпенділердің империясы болатын. Шыңғыс ханның мың-сан қосыны өмір бойы ат үстінен

түскен жоқ. Қарапайым құрылысшының күс-күс қолынан туған ғимаратқа олар ат үстінде тұрып таң қалды. Өздері басқаларды таң қалдырардай ештеңе жасамады. Басқалардың егіп шығарған миуасын жеді; басқалардың тоқып шығарған торқасын киді. Тек тартып алатын тұтынушы ғана болды. Сөйтіп, қарапайым тіршіліктің жарысында атпен шауып жаяуға жете алмады... Өз қолымен өзін қанағаттандырар ештеңе жаратпаған халық әлі жетсе озбырлықпен өмір сүреді, не өзгенің шылауына түсіп жоқ болып кетеді. Шын мәнінде Шыңғыс хан ордасының жеңісі – жеңіліс еді. Өйткені, қол астындағы бағынышты халықтардыкінен асып түсерлік өнер-ғылым, мәдениет жасай алмады, сөйтіп, оларға өздері рухани кіріптарлыққа түсті.»

Тағдыр табыстырған жаңа таныстарының жел қақты қоңырқай жүздеріне Елизавета барлай қарады. Бірі – жалпақ қас, шықшытты, таңқы танау, екіншісі пісте мұрын, сүйрік иек, жалт-жұлт еткен ба дана көз, үшіншісі – дүрдік ерін, жирен шаш... Бірақ әрқайсысының өз сүйкімділігі бар. Мейірбан, жұмсақ жанарларынан жылу төгіліп тұрады. «Егер тағдырдың жазуы басқаша болып, мен де түзде туып-өссем, осылардың қайсысына ұқсаған болар едім!» деп ойлайды.

## ЕКІ СТАЛИН

Бір күні кеште барактың іші абыр-сабыр дүрлікті де кетті. Білетіндер түрменің бастығы келе жатқан көрінеді десті. Кезекшілер арлы-берлі зыр қағып жүр. «Беттерінді жақсылап жуындар, шаштарыңды тарап, үстерінді ретке келтіріңдер» дейді зекіп. Әр жерде өлеусіреп тұратын шамдарды ауыстырып, үлкен лампа салды. Іш жап-жарық, жайнап кетті.

Елизавета осында келгелі қабырғадағы кітап бетіндегі айнаға бірінші рет көз тоқтатып қарады. Сапыра тараған мойынға түсер сары бұйра шашы жарыққа шағылысып лап-лап етеді. Шаш біркелкі көмкерген тік маңдайы ерекше жарқырайды. Мұң кіреукелеп тұңғыық тартқан көкшіл көзі тұнжырап, ақ сары сұлу жүзіне одан сайын ажар қосып тұр. Арқа тұсында қол жуып жатқан моңғол бет екі әйелдің бірі:

– Е, тағы да әлгі Жырық шығар! – деді сыбырлай екіншісін шынтағымен түртіп. – Белгілі ғой... Екеуміз сәнденбей-ақ қойсақ та болады. Мына Марусялар бар ғой...

Бұларды барактың ортасына қарсы қаратып, екі қатарға тұрғызды. Кезекші офицер саптың ол шетіне – бір, бұл шетіне бір шығып, әркімге бір ескерту жасап байыз табар емес.

Көп күттірген жоқ, бүйірдегі сыртқы есік ашылып, бір қысқа, екі ұзын үш әскери кіріп келді. Тапал — алда, төбесі соңындағы қатарласа ерген екеудің иегіне жетер-жетпес. Кіре берістен күтіп алған кезекші офицер алақанының ұшын шекесіне тіреп, сымдай тартылып тұра қалып:

— Жолдас майор!.. — деп рапорт бере бастап еді, анау енжар қолын сілтеді:

— Отставить!

Кезекші кілт шегініп жол берді. Тапал саптың орта тұсына келіп тоқтады:

— Араларында аспаздар бар ма? — деді жан-жағын барлай. — Кім тамақты жақсы пісіреді? Ортаға шықсын. — Үні сүйкімсіз, мұрнынан маңқылдап шығады. Жақындап келгенде байқады, қоянжырық екен. Сарғыш мұрты жалбыраған қалың болғанымен, сөйлегенде екі айырылып көрініп тұр. Ешкім шыға қоймаған соң, екі қолын арқасына айқастыра, айналасын барлай шолып алға аттады. Маңғаз басып сапты бойлап келеді. Әр тұсқа бір тоқтап, әлдекімге қарай иегін көтереді. Бастығының қабағын баққан екі ұзынтұра сол-ақ екен әлгіні саусак ұшымен іліп-тартып ортаға шақырады.

Қоянжырық мұның жанына жете бере кілт тоқтады. Сан алуан жүзді самарқау шолып сырғып келе жатқан сүлесок жанары лып етіп жанды. Сығырайған көкшіл көзі қанаты дірілдеген көк шыбындай жыпылық қағып бет-аузын тінткілеп тесіп барады. Танауы делдиіп карадай ентікті. Демінен жалбыраған мұрты желп-желп еткенде, ернінің жырығы ырсиып көрінеді. Бастық бұл жолы иек көтеріп көмекшілеріне белгі берген жоқ. Әдетінен жаңылып, мұны өзі білегінен тартып ортаға шығарды.

Таңдап алынған алты келіншекті екі-екіден үш шанаға бөліп отырғызды. Парлап жегілген тоқжарау семіз аттар ұзақ жолда сар желістен жаңылған жоқ. Таңата екі-үш қана көшеден тұратын шағын қалашыққа келді. Кен шығатын орын болса керек. Көз көрім айналада төбешік-төбешік үйінділер қараяды. Шеттегі биік дуалға ат басын тіреген.

Қос қанатында қос қызыл «жұлдыз» шапталған темір қақпа дыбыссыз ашылып ішке енді. Бір қапталда «п» әрпіне ұқсатып салынған екі қабатты үлкен үй. Маңдайшасына «Лагерь басқармасы» деп жазылыпты. Анандайда ұзыннан-ұзақ созылған екі барақ тұр. Бұларды барақтың бір қанатындағы жеке бір бөлмеге әкеліп қамады. Жылы. Төсек-орын жөндем.

Ұйықтап тұрғаннан кейін моншаға түсіргізіп, жаңадан киім берді. Мұндай хошеметке аң-таң. Пейіштің төріне топ ете түскендей.

Төрт әйелді кеңсе үйін тазалап, аула сыпыруға бөлді. Түрме қызметкерлері тамақтанатын шағын асхана бар екен, Елизавета мен жанындағы әйел екеуін сонда жіберді. Ерте тұрып от жағады, су тасиды, ыдыс жуып, еденді тазалайды. Жылы жер, тамақ ток. Рахат. Оңашада шыттың шетіне түйіп төс қалтасына тығып жүрген кресін алып, мандайына басып, сүйіп, Жаратқанға мың алғысын айтып сыбырлайды.

Үш күннен кейін төбесінен жай түскендей болды. Түнеукүнгі ұзынтұра жігіттің бірі келіп:

– Жүр, бастық тергеуге шақырып жатыр! – деді.

«Құдай-ай, тағы басыма не пәле төнді?» деп зәресі ұшып кетті. Бірақ жігіт қабағын түйіп қатуланып айтқанмен, жанары біртүрлі жылы, күлімдеген қуақы ұшқын жылтырайды. Дел-сал үреймен тізесі дірілдеп, сонынан еріп келеді; әлдебір бұралаң-бұралаң баспалдақтармен өрмелеп келеді. Алакөлеңке түкпірдегі былғарымен қапталған ауыр кара есік сықырлай ашылды. Одан соң қос қабат жылтыр емен есік ашылды. Жігіт ішке кіргізді де, өзі табалдырықтан аттамай сыртта қалып қойды.

Бұл абдырап босаға түбінде қалшыып тұрып қалған. О, ғажап, үш қадам жерде Сталин отыр! Бір емес, екі Сталин. Бірі – ұзын, жылтыр столды шынтақтап, оң қолына мундштук ұстап отыр. Екіншісі – оның желкесінен аса қарайды. Екеуінің үстінде де сұр китель. Тар мандайға мінбелеген қалың шаштарын тікірейтіп шалқайта тараған. Танау астында қопсыған қалың мұрт.

Стол басындағы Сталин орнынан тұрды. Жайлап басып, қолындағы мундштуғы түгіндеген күйі, күлімсірей қарап бұған жақындап келеді. Тек күлімдегенде портрет бұзылды. Үстіңгі ерні ырсыып, қоянжырық өз қалпына түсті.

Шегенің басындай боп дөңгеленген көкшіл қарашығында қос шырақ тұтаныпты. Үшкілденіп маздап тұр. «Тергейді» дегенге тағы да не пәле ойлап табар екен деп, шынымен зәресі ұшып келген, жырықтың мына жабысқақ көзін көрген соң, ол үрейдің ауылы аулақ кеткенмен, көңіліне басқа бір суық қорқыныш кірді.

Қоянжырық амандасып, «өтінем» деп соншалық нәзік джентельмендікпен столдың бергі бетіндегі арқалы орындықты нұсқады. Өзі айналып барып, орнына жайғасты.

– Жеке ісіңмен танысып шықтым. Соттың үкімі әлбетте, әділетті. Әйткенмен, қиын-ақ, аяймын! – деп бір тоқтады.

– Мен сізден ештеңе де өтінбеймін! – Елизавета тұнжыраған жанарын төңкеріп, тік қарады. – Тағдыр осылай болса, не шара. Кесімді мерзімді ел қатарлы өтеймін.



– Әлбетте, әлбетте! – Қоянжырық сөніп қалған мундштугын қайта тамызып, ұрты шұңғылдана құшырлана сорды. Түтінді бір дем ішінде ұстап, танауынан боздата жіберді. – Менікі жай жанашырлық қой. Өткенде көргенде, неге екенін білмеймін, өзіңе бірден ықыласым ауды. Аяп кеттім. Сәл де болса жеңіл ғой деп осында алып келдім. Басқа қолдан не келеді?

– Рахмет!

Жырықтың қабағы жылы, сөзі сыпайы. Әйелдік сұңғылалықпен көкейіндегісін сезіп тұрса да, топас пролетар салдафонынан мұндай ілтипат күтпеген.

«Неге өздерінің қорқытып күшке салатын қорқау әдетіне баспай тұр? Күш тұрғанда бұл мәймөнкесі не? Әлде жүрегінің түбінде шынымен кісіліктің жылт еткен ұшқыны бар ма?» деп емексіп қалған. Іле ол ойынан айныды. «Жо-жок, бұлар жымия да біледі, жылы сөйлей де біледі, – деп ойлады әлдебір құл суретші ұлы махаббатпен салған төрдегі сүйкімді Сталинге қарап. – Осы сүйкімді жымиысымен-ақ миллиондардың басын жұтқан жоқ па!» Жырықтың жүзінде де сол бейкүнә, періште жымиыс. Төбесіндегі портреттен көшіріп ала қойыпты.

Сол екі ортада қоянжырық қоңырау шалып, есіктен сығалаған әлгіндегі жігітке иек қаққан. Жігіт көп аялдамай беті үлбіреген ақ орамалмен жабылған күміс подносты қалықтатып әкеліп столдың үстіне қойды да, шығып кетті. Ернеуіне алтын жалатқан құлақты қос көкшіл фарфор шыныда күрең кофенің буы бұрқырайды. Қосарына екі рюмка ерткен ұзын мойын коньяк. Бірнеше түрлі кәмпит, печенье.

Қоянжырықтың бұл меймандостығына одан сайын таң қалған. Іш-же, деп жіг-жапар. Амалсыз шыныға қол созған. Қалай қыстаса да коньякқа беттемеді. Есесіне бастық едел-жедел құйып, өзі екі-үш рет тартып жіберді. Сыздықтатып жұтпайды, ернінің жырығынан ағып кетеді дей ме, рюмканы аузына көмейлете лақ еткізіп төңкере салады. Жұқалтым сарғыш жүзі лезде лап қызарды.

– Таныс болайық: менің аты-жөнім – Федор Алексеевич Седов.

Елизавета да есімін айтып, алдында қаңтарылған алақанға амалсыз қолын ұсынған. Уысы тершіп, бүлк-бүлк етеді. Ұзақ ұстап, қымсына тартқанда өзгер босатты.

– Мен өте қатал адам едім, – деді Седов дауысы қоңырланып. – Бірақ сені көргеннен бері маған бірдеңе болды. Көңілімде бір аяушылық оялды. Былай қарағанда, бұл ақылға сия ма? Жоқ. Өйткені сен – буржуйсың, мен – пролетармын. Сен – тұтқынсың, мен – қызыл чекиспін. Бірақ адамдардың арасында одан да биік өлшем бар сияқты.

Мен сені жақсы көріп тұрмын. Сондықтан ырқыңнан тыс әрекетке барғым келмейді. Әйтпесе, осындағылардың кез келгенінің тағдыры менің қолымда екенін білесің ғой?

– Білемін.

– Ендеше, менің көңілімді түсінші!.. – Алқынып, жанарындағы көкшіл жалын шалқып-шалқып кетті.

Орнынан тұрып, столды айналып қасына келді. Еңкейіп, ту сыртынан құшақтай бергенде, бұл шиыршық атып ұшып тұрған. Мойнына оратыла кеткен жабысқақ қолды серпе қағып сілкіп тастады.

Әйел ширығып тұр. Көзі жайнап ентелеген еркекке жиіркене қарады, «енді осындайлардың қорлауы қалып еді. Қор болғанша өлгенім артық. Көп болса, атып тастар. Қайта сөйтсе жақсы болар еді, мына тозақтан тезірек құтылатын. Тіс-тырнағымен жабысып қимайтындай не қалды бұл өмірде?» деп іштей тастүйін бекініп, өжеттеніп алды.

– Сіз мені бүйтіп басынбаңыз. Мен – тұтқын болғаныммен әлі адаммын!

– Жақсы көру – басынғандық па екен? – деді анау таңырқап. – Түсінбедің!..

– Жақсы көресіз бе, жоқ па – онда менің шатағым жоқ. Ондай әңгімені басқа адамға айтыңыз!

Седов сазарып тұрып қалды.

– Жарайды, бара бер, – деді шарасыз өшкін үнмен.

Қоянжырық бәрібір соңынан қалмады. Күнде әлгі көмекшісі арқылы шақыртып алады. Айтатыны сол бір әңгіменің айналасы. Ғашық болып қалған. «Ықыласыңмен еркіме берілсең, қолымнан келгеннің бәрін істеймін. Мерзімің біткенше осындай жеңіл жұмыста жүресің...» дейді.

Алқынған дем, жалындап жасаураған көз. Бұл – мелшиген көк тас. Селт етпейді. Екеуінің осылай арбасуы айға жуық созылды.

## ЖАРТЫКЕШ

Федька Седов кішкентайынан өмірге есесі кетіп булығып өсті. Ес білгеннен өзін басқалардан кем санады. Мүсіркеп не менсінбей жиіркене қараған көздерден жасып, қорынумен болды. Тең құрбыларымен жадырап күліп, жайрандап қатар жүре алмады. Жас жүрегі лүпілдеп қаншама қызға ғашық болды десеңші. Сырттай әрине. Жақындауға дәрмен қайда! Ал алда-жалда кейбіріне батылы жетіп көңіл білдірсе, мынаның дәмесін қара дегендей шамданып, жәбірленіп

қалатын. Ондайда қор қылып жаратқан құдайына қарғыс жаудырып, оңашада ыстық жасын төгіп-төгіп алатын. «О, әділетсіз Құдай, ернім жырық, бойым мынау тыртыған, ең болмаса өнер неге бермедің? Не жазып едім саған!» дейтін өксіп.

Бірте-бірте Құдайға ғана емес, бүкіл әлемге кектенді. Өзінен артықтың бәріне өшіге қарады. Өзінің бақытсыздығына солар кінәлідей көзі қанталады. «Шіркін, осылардың күлін көкке ұшыратындай құдыретім болар ма еді!» дейтін тісін шықырлата қиялдап. Кенет, дүние астаң-кестең төңкеріліп, Құдай бермеген ол құдыретті большевиктер қолына ұстата салғаны.

Көзін тырнап ашқаннан өкшесін бастырып өгіз жетелеп, одан түрэннің құлағына жармасып өмірі өтіп келе жатқан мұжық Федька Седовты аяқ астынан бақ көтерді. Бір-ақ күнде винтовка асынып, ат мініп қызыл әскер боп шыға келді. Ой, содан соң салды-ау ойранды! Бір кезде бақайын басып кеткендерден бастап әйелі сұлу еркекке дейін көзінен тізді. Кулак, буржуйсың деп соқтықты. Небір апайтөс мықтыны, небір қияқ мұрт серіні қарақұсына винтовка тіреп қойып еңіреткенде, не ауыздан теуіп қара қанын ағызғанда қалай қыбы қанды десенші! Айналасындағы әлі келетіндерді басып-жаншып қорлаған сайын жаны кірді.

Федька Седов тап жауларымен аяусыз күресіп, революция ісіне шын берілгендігімен тез арада көзге түсіп, зор беделге ие болды. Федьканың «нысана атып оқ шығындағанша, буржуй атып үйренейік!» деген қанатты сөзі кезінде қызыл әскер арасында аңыз болып тарап кеткен.

Айтты-айтпады, Федька Седов армансыз өмір сүріп келеді. Түлкіге түскен қырандай, талай сұлуды бұлқыntyп астында илектеді. Қолында қаруы, үстінде шекпені болмаса олар пысқырып қарар ма еді? Бәрі сүйікті совет үкіметінің арқасы ғой. Құдай қор қылып жаратса да қатарға қосты.

Бірақ қанша теңелдім дегенмен бір жылбысқы жартыкеш сезім көңілінде сұлап жатып алды. Аш белінен құшақтап, асау құлындай тулатып талай сұлудың тәнінен тояттады. Әйткенмен, солардың жанарынан шымырлаған ащы жас пен жиіркеніштен басқа не көрді? Бәрібір сорлысың деп тұрғандай емес пе үнсіз кемсеңдеп.

Федька Седов жігіт болғысы келеді. Мені де біреу сүйсе екен деді. Илікпегенді күшпен көндіретін зорлықшыл болудан жалықты. Жалындап жар құшқан қарапайым пенденің бақытын аңсады. Бір нәзік перизат жүзіне мейірлене қарап, назданып қарсы алдына тұрса ғой шіркін!

Өстіп өзіне көңілі толмай қоңылтаксып жүргенде Елизавета жолықты. Көрген бойда өзінің қаһарлы қызыл чекист екенін ұмытып, бойын бір осалдық биледі. Жүрегі лүпілдеп аузына тығылды.

Баяғыда бала кезінде алғаш рет Настяға ғашық болғанда, дәл осындай күйге түскен. Эх, Настя! Самайы бұйраланып тұратын сары шашты, көкшіл жанары жып-жылы, момақан қыз еді. Белі солқылдап, ырғалған сайын білектей жалғыз бұрымы арлы-берлі шайқалып, әсем басып бара жатқанын көрсең ғой. Ол да он алтыда, бұл да он алтыда. Қызға жақындап бара алмайды. Анандайдан қарасын көргенге мәз. Қашан үйіне кіріп кеткенше байқатпай соңынан еріп отыратын. Бір күні бар батылдығын бойына жиып, аңдып тұрып бұрыштан бұрыла бергенде қарсы алдынан шықты.

– Настя! – деді жолын кес-кестеп.

– Не?

– Мен сені... Мен сені сүйемін! – деген дауысы дірілдеп.

– Немене? – Қыз мойнын созып жақындай түсті. Шарасынан шадырайып шыға келген көкшіл көзі көк мұзға айналды. Құлашын жаза жағынан бір тартты да, жалт бұрылып жүгіре жөнелді. Қорлықтан қыстығып өксіп барады.

Жігіт басымен таяқ жегені емес, бәрінен бұрын оның қорлағаны, жиіркенішпен қарағаны жанына қатты батты. Міне, енді сондағы тас суыған жүрек қайта елжіреп ес жиғызар емес.

Елизаветаны өзіне ынтыққан небір ерке-назды кейіпте елестетіп, құшып-аймаласам деп армандайды. Сонда мылтықпен атып алмаған, жүйрікпен қуып жете алмаған асыл мұратына жетердей.

Бірақ келіншектің рай берер түрі жоқ. Ай бойы, міне, әбден діңкелетіп бітірді. Қорғансыз тұтқын болса да өр, асқақ. Мұны менсінбейді. Бұл болса, ол үшін не істемеді? Таңның атысы, күннің батысы дірдек қағып далада жүретін ауыр жұмыстан суырып алып, асханаға орналастырды. Жылы үй, тамағы ток. Тұтқын үшін пейіш емес пе. Басқа біреу болса өзі-ақ мойнына асылар еді. Ал ол міз бақпайды. «Маған жаныңыз ашымай-ақ қойсын. Сізге жалынған ешкім жоқ, керек болса қайтарып жіберіңіз!» дейді безірейіп. Әбден титығына жетті. Бірақ ашулана алмайды. Жылы сөз, ер жігітке тән жақсы қасиеттерімен жүрегін жаулауға тырысты. Ырсиған ерніне, шынашақтай тұрқына карап мұрнын шүйіреді ғой өзінше. Талай халық жауының жанын шырқыратып жаһаннамға жіберген сайыпқыран чекист екенін қайдан білсін! Куликова даласында Мамайдың сарбазын қылышпен тураған орыс баһадүрлері де дұшпанның қанын дәл мұндай төкпеген шығар!

Қоянжырық сол күні мықтап дайындалды. Жарты сағат бойы сипақтап айна алдынан шыққан жоқ. Өкшесінің астына бірнеше

қабаттап қағаз бүктеп салды. Салбырай бастаған қарнын тартып, белбеуін бір тесік қысып байлап, еңсе тіктеп еді, бойы әжептәуір зорайғандай болды. Сол жақ омырауындағы «Қызыл жұлдыз» орденін түкіріп, жеңімен ысқылап-ысқылап жібергенде, жылтырап шыға келді. Қалың, жирен мұртын ернінің жырығын жаба сылай тарады. Қыр мұрын, биік қабақ. Осы қалпында ешкіммен кем емес. Қасын керіп, риза кейіппен айнадағы өзіне көз қысып қойды.

Қырлы стаканға орталап спирт құйып, үстіне суық судан үстемелеп тартып жіберген. Ыстық толқын тамыр-тамырына қуалай жайылып, көзі шырадай жанды.

Қоян жырық қырық екіге келсе де сұр бойдақ. Осындағы жа-тақхананың бір бөлмесінде тұратын. Бүгін тұтқын келіншекті әдеттегідей кабинетіне емес, жататын бөлмесіне шақыртты. Өзінше стол жасап дайындалып отырған. Жалаң бас. Түрменің солбырайған сырма күпәйкесін киіп босағадан аттаған тұтқын келіншекке жұтына қарады. Тозақ тірлік қанша тоздырса да, сүйкімді сұлулықтың сыны бәрібір кетпеген. Тәкаппар басын тік ұстап, мұң торлап тұңғиық тартқан көкшіл жанары мөлт-мөлт етіп бөлме ішіндегі әлдебір нүктеге тұнжырай қадалып бір қырын тұр.

«Аһ, шайтанның қатыны! — деді қоянжырық ішінен тамсанып. — Азып-тозғанда мынандай, күтініп, сәнденсе қандай болар еді? Қалай дегенмен бұл буржуйлардың сүйегі асыл ғой!»

— Сен ғажапсың... Перизатсың!.. — Қоянжырық дауысы дірілдеп жақындай түсті.

— Мен тұтқынмын, — деді келіншек сол мелшиген сұп-суық қалпы.

— Мен сені жақсы көремін!

— Мені жақсы көруге болмайды.

— Неге?

— Қызыл чекистің халық жауын жақсы көруіне болмайды.

— Жо-жоқ, мен сені бәрібір жақсы көремін. Сені ұшыратқаннан бері ес-түсімнен айрылғандай күйге түстім. Сендей перизаттын халық жауы болуы мүмкін емес. Сен жай қателескен адамсың. Совет үкіметінің кешірімі мол. Ісінді қайта қаратамыз. Бергі жақтағылар тізеге салып жіберген ғой. Тура Сталин жолдастың өзіне жазамыз. Бар беделімді саламын. Менің кім екенімді білесің бе? — деді еңсеріле, кеудесіндегі «Қызыл жұлдызды» көзіне тақап. — Мұны кім көрінгенге бермейді. Еңбегімізді бағалаған соң беріп отыр. Жалғыз өзім отыз күнде жеті мың екі жүз он алты халық жауын атқанмын!

— Не-е-е?! — Ештеңеге селт етпес өлі көкірекпен мелшиіп тұрған келіншек қоянжырықтың бетіне бірінші рет шошына қарап шегініп кетті.

Қоянжырық айыл жияр емес, сол асқан ерлігі көз алдына қайта елестегендей елігіп, жанары шоқша жанып шабыттанып тұр. Құдды бір қансонардағы олжасын әңгімелеген қызба аңшы сияқты.

– Москваның маңында «Бутаковка» деген жер бар. Айналасын қалың қайың қоршаған кең аңғар. Сол жерде төрт мерген бір ай бойы халық жауларын аттық. Машина-машина ғып әкеп тұрады. Жарға теріс қаратып қойып, төртеуіміз төрт жерде тарсылдатып атамыз. Мылтықтың дыбысында күні бойы тыным жоқ. Өлгендерді аяғынан сүйреп апарып қайтадан машинаға тиейді. Қайда апарып көметіндерін білмеймін. Кейде күніне үш жүзге дейін атқан кездерім болды. Айдауылдар әкеп үлгіре алмайды. Әкелгенін әкелген бойда қара құстан тарс еткізем. Жеті мыңның ішінде екі оқ жұмсағандарым жиырма-отыз ғана шығар. Қасымдағылар шала жаралап, жанұшырып қаша жөнелген тұтқынды қуып жүріп атып, айғай-шу болып жатқаны. Менде ондай болған жоқ. Көздемей-ақ жалпасынан түсіремін. Бір тұтқынға – бір оқ. Ой, сондай қиын жұмыс болды! Ай бойы ату. Төртеуіміз жиырма бір мың халық жауын атыппыз. Соның жеті мыңнан астамы менікі. Қатты шаршадым. Жұмыс біткен соң он күн тырп етпей ұйықтадым. Тамақ ішем де ұйықтаймын. Анау үш жігіттің нервсі нашар екен. Екеуі көп ұзамай атылып өлді, біреуі жынданып кетті. Отан алдындағы еңбегімді партия мен үкіметіміз ескерусіз қалдырған жоқ, міне, орден берді. Екі-ақ кластық білімім болса да сенім артып, түрмеге бастық қып қойды. – Қарыны қысылып тынысы тарылып бара жатқан соң белбеуін босатып байлады да, «міне, біз осылаймыз» дегендей келіншекке ырсия қарады. Елизаветаның көзі шарасынан шығып барады. Шегіне-шегіне арқасымен қабырғаға шапталып тұр. Қан-сөлсіз аппақ боп бозарған беті қабырғадан айырғысыз.

– Ирод! Малғұн! – деді тұла бойы қалшылдап. – Осыдан кейін қалай адам болып жер басып жүрсің! Сұрқия жендет!..

Қоянжырық аң-таң. Қайқайған тікірейген ақ кірпіктері жыпылық қакты. Сайыпқыран ерлігін мақтан қылып тұрса, мынаныкі не сандырақ?

– Жендетің не айтып тұрған! – деді ежірейіп. – Жауды атқан адам жендет пе? Сонда дұшпанды қырған кешегі революция сарбаздары, азамат соғысының қаһармандары түгелдей жендет болғаны ма?

– Салыстыратын адамды тапқан екенсің! Олар жақсы-жаман болсын, қолында қаруы бар қарсыласымен айкасты. Ал сен қол-аяғы кісендеулі қорғансыз жандарды қырдың емес пе, сұрқия!

Қоянжырық әйел алдындағы беделі бұлай күйрейді деп ойламаған. Әнеукүннен бері жылы сөзі, қамқор көңілімен кісіліктің биігі-

не шығып келе жатқандай еді. Енді, міне, сол биіктен бір-ақ домалап, тоңқалаң асты. Қадыр-қасиеті бір басына жетерлік жігіт ретінде сұлудың жүрегін жауласам деген сәулелі үміті жалп етіп өшкенде, көкірегі удай ашыды.

«Шынымен айрылғаным ба? Жо-жоқ, бәрібір құтылмайсың!»  
Өзімшіл жүректен жауыздық қайта бас көтерді. Көзінен көкпеңбек у төгіп өшіге қарады. Осы уақытқа дейін өбектеп қандай ақымақ болған. Өзінше ғашық боп үлбірегенін айтсаңшы. Әдеттегі жендет қалпына түскен қоянжырық қисық табан хұрым етігі сықырлай талтаң-талтаң басып, тұтқынға қарай жақындады. Еңсе теңестіру үшін қарынын тартып, мыкынын таяна иегін көтерген. Келіншек кекесінмен мырс етті:

– Өкшенді қалай көтерсең де бойың ұзармайды. Бәрібір кісіліктің биігіне жете алмайсың!

– Жақсылықты білмейтін бақытсыз сорлы! – деді қоянжырық тістеніп.

– Сорлы болсам да сенен бақыттымын!

– Қалай?

– Құдай мені адам қылып жаратты. Сен сияқты хайуан емеспін!

Соқтығуға сылтау іздеп шабынып тұрған жендет сол-ақ екен бар ызасын жұдырығына түйіп, әйелді асқазан астынан ірей соққан. Қауқарсыз тұтқын екі бүктетіліп жер сүзе ұшып түсті. Дүние шырқобелек айналып көзінің нұрын суырып, бір тұңғиық кара түнекке шым батып бара жатты...

Қанша уақыт өткені белгісіз. Көзін ашса... мұрты салбырап, еріні ырсиған құбыжық хайуан кара тастай кеудесін жаншып арсыкүрсі ентігіп, емпендеп жатыр. Жанұшыра шыңғырған. Тыпырлап, тырналап жанталаса арпалысты. Серпіле ышқынып, енді болмаса кеудесінен бір теуіп үстінен аударып тастар еді, кенет қос бүйіріне үсті-үстіне төпей тиген соққыдан тынысы бітіп тағы да көзінің алды қарауытып жүре берді...

Жендет осы тояттағанмен тоқтаған жоқ. Зорлықшыл ісін арсыздықпен жалғастыра берді. Күнара, кейде екі-үш күн аралатып көңілі соққан уақытында дедектетіп алып келеді. Әр жолы ұлы арпалыс. Жанды жерінен ұрып, талдырып барып дегеніне жетпесе, бұл өздігінен көнген емес.

Арсыз жендет жансыз серейген өлі денені умаждағанға мәз болатын.

## «ШҰБАР ЖЫЛАН»

Бұл тағдырдың әділетсіздігіне не шара. Көп өтпей жүкті болғанын сезді. Ақ некелі күйеуімен алты жыл жар төсегінде жалындай табысып, құдайдан сұрағанда бермеген баланың зорлықпен жанасқан һарамнан бойына біткенін айтсаңшы. Тағдырдың басқан лағынет таңбасындай жиіркенішті сезімнен жан дүниесі түршікті. Қалай құтыларын білмей жанталасты.

Бұл жаңалықты естігенде, қоянжырықтың түсі қашып, көзі жыпылықтап кетті. Сазарып сәл тұрды да, бейғам тұрған мұны кенет кіндіктен бір періп ұшырып түсірді. Тұруға мүрсасын келтірмей тепкілей жөнелді.

— Аһ, шалава, салдақы... графиничкалардың сырын білеміз, шетінен ышқыры бос келеді. Ана сиыр қорада жүргенде жергілікті киргиздармен ылығып қойғансың ғой. Жалаңды бүйтіп маған жаппа! — дейді ысылдай өз өтірігіне өзін сендіргісі келіп. Дәлдеп іштен тебеді. Хұрым етіктің тұмсығы сарт-сұрт тиген сайын бір уыс боп дөңгеленген денесі жалаңаш, жылтыр еденнің бетімен шырайнала сырғанап, кең бөлменің ана бұрышына — бір, мына бұрышына бір соғылады.

Шыбын жаны шырқыраса да дыбыс шығарған жоқ. Мейлі, тепкілей түссін деген. Не өлейін, не мына пәледен құтылайын деп тістей қарысып алды... Қоянжырық ырсылдап, әбден сілесі қатып барып тоқтаған.

Елизавета аузынан да, астынан да қан кетіп талықсып қалды. «Халық жауының қатынынан сұрақ алдым, алып кетіндер!» деп қоянжырық айдауыл шақыртқан. Екі жігіт екі жағынан сүйреп түн қараңғысында казармаға апарып тастады.

Ертеңінде күні бойы тұра алмай жатты. Сорлатқанда ішіндегі пәле бәрібір түспеді. Қоянжырық енді бір айналып айласын тауып өлтіріп жіберер деп ойлаған. Не істесе де өз қолында. Күн сайын түрмеде ауру, аштық, азаптан талай адам өліп жатады. Соның бірінің есебіне жатқыза салар. Бірақ қоянжырық өйтпеді. Бір күні тағы да «сұрақ алуға» шақыртқан. Барса қасында төрт еркек отыр. Бөлме іші көк түтін. Бәрі мас. Мекеменің белді-белді қызметкерлері. Олар да сұлу графиня арлыберлі өткенде көздерін сүзетін. Тек бастықтан айбынып батпайтын. Мұны отыра тұр деп түкпірдегі бөлмеге кіргізіп жіберді. Тактай есік сыртынан бейпіл сөз, даңғаза күлкі естіліп тұрды.

Қоянжырық ертеңгі күнін ойлап алдын ала айла жасап жатыр еді. Түбі осылардан бір күңкіл шығады-ау дегендерді қармаққа түсірудің камына кіріскен. Естерінен тандыра спиртті ішкізіп-ішкізіп, сұлу



келіншекке айдап салды. Көздері қарауытып еліріп алған мас еркектер қарасын ба, түпкі бөлмеге кезек-кезек кіріп қорғансыз бейбақты шырқыратып жатты. Қоян жырық бергі жақта: «Ал, енді осыдан кейін кынқ етіп көріндерші!» деп мұртын сипап, мырс-мырс күлді.

Содан қайтып қоянжырық мұны мазалаған жоқ. Көрінбеді де. Келіншектің қоянжырыққа деген бар өшпенділігі енді өз құрсағына байланған түйіршіктей тіршілік иесіне ауды. Алғы күн атар танда ақтық демі біткенше талайсыз тағдырын сәт сайын есіне сап қинап-қорлар қарғыс таңбасындай жан-тәнімен жиіркене жек көрді. Қайтсем бұдан құтылам деп арпалысумен болды. Тісқакты әйелдердің ақылымен кірпіш қыздырып табанына, ішіне басты. Қызған тасқа су шашып, бұлауға да отырды. Әлдебір шөптен жасалған ішірткі ішем деп бір рет өліп те қала жаздады. Бірақ құрсағына тас жабысқан пәле түсер емес.

Мынау бір тажал шығар деп шошыған. Ақыры жеті айға жетер-жетпесте шала туды. Тырбиған көк бақа. Қарауға қорқасың. Сонда та тірі қалды. Христиандық ізгілікпен Құдайдан қорқып омырауын берсе де аналық сезімі ояңған жоқ. Сәбидің не күнәсі бар деп, әр жолы өзін зорлап емізеді.

Тіркеуде бұған осы да жарайды деп, ойланбастан атын Мотя дей салған. Үш айдан соң емшектен шығарды. Мотя жетімханада шырылдап қала берді. Мұны қайтадан лагерьге айдаған. «Іштен шыққан шұбар жылан» болса да селт еткен сезім жоқ. Еш қатыссыз айдаладағы бөтен біреудей. Жаны да ашымайды, сағынбайды да. Тек өте діндар, христиандық дәстүрде тәрбиеленгендіктен Құдайдан қорқып анда-санда парыз өтеген сияқты, рұхсат еткенде жолығып тұрады. Аузынан жырып үнемдеген қант, кәмпиті болса апарып береді. Оның өзі де жай бір қайыршыға садақа ұстатқандай. Ешқандай бауырына басып еркелету, емірену жоқ.

Қатты үрлесен құлап қалардай қалтақтаған шиаяқ, шартық қарын, қауғабас сәби ес білмесе де, көрген бойда әлдебір түйсікпен бұған жаудырай қарайды. Берген тәттісіне алданбай қолын жая ұмтылады. Көтер дегені. Еріксіз көтереді. Мойнынан тас құшақтап, басын иығына салып жабысып алады. Кішкентай жүрегі дүрс-дүрс соғып күрсінеді. Келіншек сонда да жібімейді. Біраздан соң есік жақта тұрған айдауыл қайтуға бұйрық береді. Сондағы сәбидің құшағын босатпай жылағанын көрсең! Шырқыраған дауысы ұлыған боранмен ілесе өксіп қара үзіп кеткенше естіліп тұрады.

## МӨЛДІР ТАМШЫ

Найзағай жарқ-жұрқ еткен түнгі аспандай, Мотяның тұңғыық тартқан кара-көк жанарында сапырылысқан ойдың ұшқыны ойнайды.

– Біздің өмір осы, – деді езуіндегі өше бастаған «Астраны» ұрты ойыла сорып. Қос танауынан жарыса будақтаған көк түтін сызды ауада бауыр жаза алмай ширатылып шырқ үйіріледі. Тынысы тарылса да Зухра шыдап отыр. – Кеудеңнен жаның шықпаған соң жыбырлап жүре береді екенсің. Әйтпесе не көрмедім? Бала болдым ба? Жок! Жастықтың қызығын көрдім бе? Жок! Не бар менде? Қасырет-азаптан басқа ештеңе де жок!..

Жартылай ішілген стакандағы кара шай әлдеқашан суып қалған. Зухра шәугімді тоққа қосып қайнатты да шайды қайта демдеді. Сөмкесінен бір уыс кәмпит алып алдына қойды. Осынау мүжіліп, жүрегі егіліп отырған пұшайман жанының көңілін қалай демерін білмей өбек қақты.

– Мотя тәтей, бір жартылық алып келсем қайтеді? – деді басқа не жақсылық жасарын білмей сасқалақтап. Мотя басын шайқады.

– Кей қасыретті арақ та жеңе алмайды.

– Аңаңызбен кейін табыстыңыз ба? – деді Зухра орнына жайғасып отырған соң, үзілген әңгімені ары қарай сабақтап. Мотя үнсіз қолын бір сілтеп, қайтадан темекі тұтатты. Әжімді жүзі қатпарланып, будак-будак ұшқан түтіннің арасынан жыбыр-жыбыр қарауытады.

– Көрістік, сөйлестік, бірақ тіл табыса алған жоқпыз, – деді көлкіген түтіннің арғы жағынан құмыққан дауыс. – Бір-бірімізбен арамыз жақындаспай жат адам боп өттік.

– Түрмеден аман-есен шыққан екен ғой әйтеуір!

– Иә. Сталин өлген соң көп адамға кешірім жасап, босатты емес пе. Бірақ Москвада тұруға рұхсат еткен жоқ. Тамбовқа қоныс тепті. Сондағы тігін фабрикасында жұмыс істеді. Мен ол кезде ФЗО-да оқитынмын. Анда-санда келіп тұрдым. Жаман-жақсы болсын, ішімнен шықты-ау деген сезім жоқ. Жат, өгей көңілмен суық қабылдайтын. Сопақша ақ сары жүзін әжім торлағанмен бәрібір сыны кетпеген. Еңсесін тік ұстап, асықпай аяғын сәнімен басады. Бір-бірімізге кереғармыз. Түр-түсіміз, мінез-құлқымыз мүлдем ұқсамайды. Түйін боп құрсағына байланғаннан жек көргендіктен болар, мені өзінің ештеңесін қоспай туған. Келмейін десем де бір белгісіз күш бәрібір сүйреп алып келеді. Мейір, жылылықты аңсайтынмын. Үп-үлкен естияр қыз болсам да бауырына басымды тығып еркелегім келіп тұрады. Кейде шыдай алмай арсалаңдап құшақтай алсам, ол қолымды қағып итеріп жібереді, не селт етпей сұлық тұра береді. Күйіп кетемін. Қорланамын.

- «Неге мені жек көресің? Жазығым не менің?» – деймін.
- «Сен – құлсың. Тексізден жаратылғаның!» – дейді акбурыл тәкаппар басын әуелете көтеріп.
- «Қай жерім құл? Кімнен кеммін?»
- «Сенің жан дүниен, жаратылысың құл!» – дейді ширығып.
- «Өзің сияқты асылтекті ханзада біреу туып алмадың ба? Мені неге таптың?» – деймін мен де ерегесіп.
- «Табайын деп тапқам жоқ.»
- «Ендеше туғанда тұншықтырып өлтіріп тастамадың ба?»
- «Мен Құдайдың ісіне қол сұғатын антихрист емеспін. Христианмын.»
- «Сенің қай жерің христиан? – деймін кекете мырс етіп. – Христиан болсаң, ішіңнен шыққан баланнан безесің бе?»
- «Бұл – менің қасыретім. Тағдыр адамның еркіне көне ме? – дейді сәл тосылыққырап. – Сенің, әрине, кінәң жоқ. Бірақ өзімді жеңе алмаймын.»

Үнсіз сілейген күйі біраз тұрды да әуелеген әдемі иегін төмен түсіріп, бері еңсерілді. Көк шыны жанарынан бір жылы ұшқын шашырағандай. О, ғажап! Алақаны қалтырап маған қарай қалықтап келеді. Иығыма қонды. Жапырақтай жеп-жеңіл. Бүкіл жұлын-жүйкем дір ете қалды. Лаулаған от жібіте алмас көкірегімдегі сіреуленген көк қырау мұз еріп барады ағыл-тегіл. Шап беріп ұстай алдым жып-жылы мейірім шашқан алақанды. Бетіме бастым. Шөпілдетіп сүйіп жатырмын:

– «Анашым! Жан анам... Өзіңдей кім бар маған бұл дүниеде?..» – деймін сыбырлап, өксіп. Егіліп, езіліп барамын.

– «Жетеді, болды, болды!» – дейді бір сәттік әлсіздіктен тез бойын жиғандай дауысы шыңылтырланып. Қолын тас жабысқан уысымнан зорлағандай ғып тартып алды. Жанарындағы жылы ұшқын сөніп, қайтадан қатал, суық қалпына түсті. Өмірінде көңілі жібіп арқамнан сипағаны осы шығар. Ес білгелі одан басқа жылы қабақ танытып елжірегенін көрген емеспін. Балам ғой деп аяп, қанша жерден жақсы көргісі келсе де, өзі айтқандай, өз жүрегін жеңе алмады. Кеуденен кері итере берген соң, бетің қайтып суынады екенсің. Өксіп жүріп ержеттік. Жастықтың өз қызық-шыжығы бар, сонымен алдандық. Келе ғой деп тұрмаған адамға қашанғы жалбырақтайсың. Ол іздемейді, мен де баруды сирексіттім. Сөйтіп жүрген кезде Тың игеруге барамыз деген дүрмек шықты. Жұртпен ілесіп мен де аттандым.

– Анаңызды сол бойы көрген жоқсыз ба?

Мотя басын шайқады.

– Жоқ.

– Ешқандай хабарын да білмейсіз бе? – деді Зухра көзі бақырайып.

– Бір рет іздеп барғанмын. Алпысыншы жылдардың аяғында-ау деймін. Иә, сол уақыт шамасында. Бұрынғы тұрған жатақханасында жоқ боп шықты. Сұрастырып көрсем, екі-үш жыл бұрын қайтыс болыпты. Біреулер көксау боп ауруханада ұзақ жатты деді. Біреулер жындыханаға түсіп, сонда өлді деді. Қайда көмілгенін іздестіргенім жоқ. Қаптаған бейіттің қай жерінен табасың. Әрі оның қажеті не?

– Неге олай дейсіз? Анаңыз емес пе!

– Анам екені рас. Бірақ балам деп есептемеген адамды мен неге анам деймін? Мейірімнен ғана мейірім, жақсылықтан ғана жақсылық туады. Осы өмірімде бір адамға жақсылық істеп көрген жоқпын. Өйткені, өзім бір адамнан жақсылық көрген емеспін. Көргенім ылғи қорлық пен қиянат. Сондықтан кез келген адамға жамандық жасай салу маған түк емес. Өзіме тырнақтай қастығы болмаса да бәрібір. Мәселен, сенің екі рет ақшанды ұрлап алдым.

– Жарайды, қойыңызшы, ештеңе етпейді, – деді Зухра қызарақтап. – Бір білместік болған шығар.

– Жок, әдейі ұрладым, – деді Мотя дауысын нықтап. Столдың үстіндегі темекінің күлін жеңімен сыпырып, жерге түсірді. – Сол ақшаға өзіне балмұздақ әпердім емес пе. Басқаларға шарап алдым. Міне, көрдің ғой, өзіме пайдасы болмаса да ұрлаймын. Қағып кеткім кеп тұрады. Қанға сіңген ғадет, ауру. Осы ұрлық үшін төрт жыл түрмеге де отырып шыққанмын. Бала кезімде. Жоқшылық мені ұры қылды. Жоқшылық мені кісі кейпінен айырып қор қылды. Жалғыз басыма қазір табысым артығымен жетеді құнттап жұмсасам. Бірақ тартатыным сонда да «Беломор» мен «Астра», «Прима». Басқаны шексем, аузымның дәмі келмейді. Таза, өңі түзу киім кисем, иығымнан түсіп қалатындай өне бойым қышынып мазасыз күйге түсемін. Күніне бір рет қоқыс қопарыстырмасам, көңілім көншімейді. Асылы, менің түрегеп жүргенім бекер. Төрт аяқтап жүруім керек. Мына қоқысты тіміскілеген бұралқы иттен қай жерім артық? Бәлкім, олар өздерінше бақытты шығар? Ал менде бақыт жоқ. Ондай сезімді білмеймін. Құдай аламын десе, шын айтам, мына өмірімді ойланбай-ақ бере салар едім... – Мотяның буындары шорланған қолдары дірілдеп кетті. Шымшып ұстаған темекінің ұшындағы жіпше түтін арапша жазудай ауаны шимайлап жатыр. Жүрегі жылаған бейбақтың күйін түсініп Зухра қалай жанашырлық танытарын білмей абдырап қалған.

– Мотя апай, олай деменіз, таусыла бермеңізші! – деп, оң қолымен иығынан орай тартып құшақтап еді, Мотя сылқ етіп бауырына құлай кетті. Кеудесіне бетін басып өксіп-өксіп жіберді. Дәл бір анасына

шағынған кішкентай бала сияқты. Өнебойы солқылдап ұзақ өксіді. Ащы жас пен ыстық демі омырауын шылқытып қарып барады. Қамырық көңіл мұңлыққа қамсау болғанына жарағанына өзінше марқайып, құшағын жазбай отыра берді.

Тыста Алматы аспаны қосыла жылап тұр. Жоғарыдағы жыртиған терезенің шынысын ақ шыбық жаңбыр оскылап-оскылап өтеді. Ағаштардың басын иіп, ұйтқып үйіріле соққан жел. Подвал іші күнгірт. Қос қапталға қос-қостан қойылған неон түтікшенің біреуі ғана өлеусірей сыздықтайды. Анда-санда терезе жарқ еткенде бұрыш-бұрыштан көлеңкелер тіріліп, аспанның бір шеті салдыр-гүлдір қирап түскендей болады. Солқылдап, өксіп Мотя бір уақытта басын көтерді. Бетіне түсіп жалбыраған шолақ шашын алақанымен серпіп артқа қайырды. Көзінің шарасы шүпілдеген жас.

– Спасибо, дорогуша. В жизни никто меня не обнимал. Өмірімде мені ешкім құшақтап көрген емес. – Иегі кемсеңдеп, көзінен жасы қайтадан бұршақ-бұршақ домалай жөнелді. Қызара домбыққан бетін тарамдай сызып иек ұшында сәл мөлтілдеп тұрады да, созыла жерге тамады. Толастар емес. Мөп-мөлдір ыстық жас. Азғындап-тозғындап тіршіліктің қоқысын белуардан кешіп жүрсе де, осынау тамшылар көкірегінің әлдебір кір шалмаған терең қатпарынан шымырлап шығып жатқандай.

Солығын баса алмай ұзақ өксіді. Бір уақытта қос алақанын тізесімен қысып, басы салбырап үнсіз қалды. Анда-санда мұрнын тартып қояды.

– Кешір, – деді иегін көтеріп. Жүзіндегі жаңағы құбылған көлеңке жоқ. Байсалды сабырлылықтың шуағы жайлапты. – Қайдағы өткен-кеткенді айтып басынды қатырдым-ау.

– О не дегеніңіз... Қайта көп сырға қанықтым, – деді Зухра елпектеп. – Сізге деген құрметім арта түсті.

Мотя үндеген жоқ. Созаландай орнынан тұрды. Қолжуғышқа барып шайынды да, бетін халатының етегімен сүрте салды. Жаңбыр шайып алажаздайғы кірінен арылған терезенің шынысы мөлдіреп тұр.

Столдың үстін жинастырды да, екеуі сыртқа шықты. Құбылмалы Алматы өзінің үлбіреген қыз кейпін қайта тапқан. Көк желегі күнмен құбыла ойнап, шытыра басқан көк торғындай құлпыра түскен. Жаңа ғана сатырлап нәсерлетіп өткен қара бұлт етегі сорғалап қала шетінен ұзап барады.

Екеуі аялдамаға келді. Автобустары бір. Мотя жолай үшінші аялдамада түсіп қалатын. Ел жұмыстан қайтатын кешкі апақ-сапақ әлі бола қоймаса да кісі қарасы әжептәуір.

Мотя үйреншікті әдетіне басып тыныш тұра алмады. Келген бойда қоқыссалғышқа үнілді, арықтың ішін көзімен бір адақтап шықты. Төңкеріліп жатқан бір картон қорапты аударып астын қарады. Анандайда желке шашы иығына түскен, төбесі жылтыр, кейіпсіз қара жігіт орталанған сыраның шөлмегін сораптап қойып жол жиегінде жүрелеп отыр екен. Екі көзі енді соған қадалды. Шетке қарай шығып ыңғайланып, шөлмек қашан босар екен деп аңдып тұр.

Сол екі арада автобус келді. Тау жаққа анда-санда бір жүретін домалақ сары «Пазикке» ел лап қойды. Зухра да ұмтылды. «Мотя апай, жүріңіз» деп еді, анау басын шайқады. Қара таздың аузындағы шаншылған шөлмекке қадалған күйі селтиіп қала берді.

## ЖЕЗҚАРМАҚ

### ТҰЛЫП

**А**лғашында, көп болса, бірер сағат уақытым кетер деп еді, қайдан? Лабораториядағы өз зерттеуі жайына қалды. Ұзақты күннің тең жартысы Қосымханның шылауында. Онымен жарты күн түгілі, жарты сағат отырғанның өзінде мендуана жегендей боласың. Ғылымнан қол үзіп, қарайып қалғаны өз алдына, қазір айтсаң, қазір ұмытатын ақпақұлақ зердесіздігін айтсаңшы, түк ұқтыра алмай дымың құрып күйгелектегенде, жыпылықтаған ойсыз жанарына қарап отырып: «мынаның миына дейін бұлшық ет боп кеткен шығар!» деп ойлайсың. Оның зердесіне бірдене шегелеуден гөрі, көк тасқа қашаумен жазу жазған әлдеқайда оңай. Бір формуланы мың қайталап түсіндіре алмай ит әуреге түседі. Амалы құрып күйіп-піседі. Құм толтырған осы тұлыпты сүйреп жүрген Аманбаев не деген имансыз доңыз еді деп кіжінеді. Сөйтіп, төрт-бес сағат жақ жаппай сарнап шаршағанына жүйкесін жұлмалаған ыза қосылып, үйге сілікпесін сүйреп қайтатын.

Бір күні шыдай алмай екі қолын төбесіне қойып, азарда-безер боп Аманбаевтың өзіне барған. Мына пәледен құтқара гөр деп басына араша іздемек ойы.

— Аға-еке-ау, мынауыңыз тас бітеудің өзі екен ғой! — деді бұл жыларман боп. — Түк білмейді. Ең аяғы Менделеев таблицасынан хабары жоқ!

— Ничего, — Аманбаев оң жақ қасын қарғытып, қарындаштын түбімен столдың бетін тық еткізді. — Аюға да би үйретуге болады!

– Ол тек аюша ғана билей алады ғой... – деп суырылып келе жатыр еді, Аманбаев көзі шыныланып:

– Үйренбейтін адам жоқ, үйретушісі келіссін! – деп шарт сынды. Айттым – бітті, кестім – үзілді дауыс.

Қарсы уәж айта алмай тауы шағылып шыққан. Бірақ мойындағы міндет жүгі жеңілдегендей. Алдынан өттім. Кейін бірдеңе десе, анада ескерттім емес пе деп айтуға жақсы. Білгенін битін салып оқытады, үйретеді. Ұқпаса, өз обалы өзіне, басының қақпағын ашып құйып бермейді ғой.

Бір тәуірі, ертең мынау сүметіліп емтиханда дым білмей тұрса, Аманбаевқа не бетімді айтам деп жанын шүберекке түймейтін болды енді бұрынғыдай.

Формула, ережеге келгенде мың салсаң, бір баспайтын топас, иіс алмас Қосымханның қабақтағыны қалт жібермей қағып алатын бір сиқыры бар. Ғажап психолог. Ренжіп отырсың ба, не ойлап отырсың – сыр білдірмей жайма-шуақтандырып қалай бүркемелесең де сезіп қояды.

Көзі – көз емес, рентген. Бұл: «о, көк ми! Инфаркт қылатын шығарсың, сен есек мені!» деп ішінен күйіп-пісіп, өзегі қалтырай бастаса болды, Қосымхан алдындағы кітап-дәптерін сарт жауып, орнынан ұшып тұрады:

– Құрысын, – дейді ыржалақ қағып. – Көзіміз шұбартып кетті ғой. Оқу-оқу деп өлеміз бе. Түссек – түстік, түспесек – қойдық, бір жөні болар. Жүріңіз, Бәке, жүрек жалғап алайық... – Жүре сөйлеп, ай-шайға қаратпай құлдырандап алға түседі.

Күн ыстық. Аңқа кеуіп тұр. Қолқа сап қолынан жетелегенде тартыншақтап не жыны. Сәлден кейін екеуі, суатқа құлаған сиырдай, емпеңдей басып, көз таныс кафеге қарай бет түзейді.

Келе-келе дөңгігіп, қабақ шытуды жиілететінді шығарды бұл. Тамағы жыбырлап, ар жағынан жыланы ояна бастаса болды, сәл нәрседен сылтау тауып, кілт етіп кіржие қалады. Ондайда әдетінен жаңылатын Қосымхан жоқ, «атты қамшымен айдама, жеммен айда» деп үйренген қу емес пе, өстіген сайын бұның аяқ-қолын шандып, шырғалап кіріптар қыла түсетіндей, тіптен құнжындап, қуанып кетеді. Ләм-мим деместен көзі жылт-жылт күлмен қаға үйреншікті сара жолмен жетелей жөнеледі табаныңа жер иіскетпей.

Биылғы жаздың өкпе қапқан қапырық ыстығынан ба, жоқ, әлде көбігі қырғыз қалпақтай дөңгеленген саптыаяқ-саптыаяқ сыра шіркінге емін-еркін мұртын батырып бауыр басып қалғандыкі ме, әйтеуір, тілі таңдайына жабысып, қарадай қаталап тұратын ауру тапқан.



Құрағытып сыраhana жаққа мойын созудан бұл да ұялмады, «ләббай» деуден Қосымхан да жалықпады. Не керек, бірер айда бетінің қырыс-тырыс әжімі жазылып, жылтырап, бұғағы шығып әжептәуір шыр жиып алған.

Айналайын бұл үкіметте не көп, мейрам көп қой: Бірінші май, Сегізінші март, Баспасөз күні, Балықшылар күні, Энергетиктер күні... Қосымхан бірде-бірін құр жіберген емес. «Мынау құрдастың пальтосы», «Мына бір, аз-мұз дүние сұлу замандасымыздың құлағына сырға...» деп бірденені тықпалап жатқаны.

Сый-сияпатқа еті үйреніп кеткені соншалық, ондай күндері көнетоз қоңыр пенжагының қалтасы бұлтиып, өңірі бір жағына қарай қисайып тұрмаса, аяғын түзу баса алмай қисаландап қалатын халге жеткен еді бұл жазған.

Бірнеше бөшке сыраның басына су құйып, жазды да өткізді. Ұғар құлақ болса, айтар ауызда жазық жоқ: өз білгенін үйретіп-ақ бақты.

Салақ әйел сыққан кірдей, қара бұлттың етегінен жанбыр сілбіреген күздің тұнжыр қабақ күні еді. Қосымхан емтихан тапсыруға кеткен әулие-әнбиелерге сыйынып.

«Е, қайдағы оқу бұған. Егер осы түссе, аспирантурада не қадыр қалады. Кім көрінген баса-көктеп кіре беретін атқора емес қой» деп, ішінен бір мырс етіп, экраны жыпылықтаған, қырылдақ «Рекордты» қосып қойып, кереуеттің үстінде шалқадан түсіп жатқан.

Бір уақытта есікті айқара ашып, Қосымхан кіріп келді. Беті – бет емес, тұман арасынан жарқырап шыға келген күн. Ұшқын атып жайнап тұр.

– Әкел бесті, Бәке! – деп мұның абыржып ұсына берген алақанына алақанын сарт ұрды. – Төрт алдым. Төрт! Бүгін шайқамағанда қашан шайқаймыз. Кеттік, Бәке! «Алматы» ма, «Алатау» ма – қайсысының болмасын төрі – сенікі!

Бұл таң-тамаша. «Япырау, – дейді ішінен. – Төрт алатындай мына сығыр қалай аяқ астынан жорға шықты? Орта мектептің формула-есебін ежіктеп әзер шығарушы еді ғой!» Сыйынған ата-баба аруағының қаншалық жебегенін кім білсін, ал Аманбаевтың әлеуетті қолымен екі қолтығынан бірдей демегенін сезді, әрине. «Күштінің арты диірмен тартады» деген осы. Несіне таң қалады. Бұл түспегенмен, ол орынға бәрібір бұдан да өткен бір жылпостың жауын-жауынның арасымен жорғалап жол табатыны кәміл. Одан да, ит те болса, дәм-тұзын бірге бөліскен бұның тырнақ іліктіргені абзал емес пе. Іле, «ала жаздайғы енбегім далаға кетпей, Аманбаевтың алдында жүзім жарқын болатын болды» деп бір қуанса, «уһ, құтылдым ба, пәледен, ат басындай алтын берсе де жоламасын енді бұған!» деп екі қуанған.

## ЖАЙМАШУАК

Қалай бұлқынғанмен Қосымханның жезқармағынан бәрібір құтылар түрі жоқ. Аспирантураның сырттай оқитын бөліміне қабылданып, көңілі жайланған соң, «Асекең келіп-кетсін деп жатыр» деп, бір күні Аманбаевқа ертіп барған.

Асекең, бүгін оң аяғымен тұрған ба, тым көңілді екен, жарқырай күліп, жылы шыраймен қарсы алды: бұларға табалдырықтан аттараттамастан орнынан ұшып тұрып, алдындағы көшқұлаш сұлаған жылтыр, күрең, ұзын столды айналып келіп, қолын қысып қауқылдап жатыр. Есен-саулық сұрасып, былқылдақ креслоларға күрп-күрп жайғасқан соң, жаңа ашылған «Marlboro»-ны түбінен шертіп, бір талын езуіне қыстырды да, тарта отырындар деген ишарамен қызыл жолақ қорапшаны шиырып алдарына тастады. Бұл:

– Рахмет, шекпеуші едім, – деп басын шайқаған.

– Әне, біздің бауырлар ұсынғаныңды алмайды. Ал, біз болсақ, баяғыда ағаларымыздан сұрап ала алмаушы едік, – деп кең-кең күліп, сырт етіп жанған шақпақтың үшкүл жалынына темекісінің ұшын тосты. Ұрты қомпылдай құшырлана жұтып, аз-кем кідірген бойы көк түтінді қос танауынан боздата шығарды да, қайтадан жымиды. – Темекі десе есіме түсе береді. Ілгеріде Нәби деген бір ағамыз болған. Алды кең, дастарханы мол. Бірақ болмашыға тарылып тырыса қалатын қызық әдеті бар еді марқұмның. Сол мінезіне қарай, сыртынан әрқилы алып-қашты әңгіме еститінбіз. Қаншасы рас, қайсысы қоспа – кім біліпті. Екеуміз бір елденбіз. Анда-санда ұшырасқанда амандасқаным болмаса, мені жыға танымайды, әрі қазір көргенін қазір ұмытып қалатын әскере жаңғалақ еді. Бір күні опера театрының алдында қарсы жолыға кеттік. «Ассалаумағалейкум!» дедім қос қолымды соза қалбалақтап. «Ой, бала, амансың ба, дені-қарның сау ма. Жағдайың қалай?» Шұбырта жөнелгеніне қарап, танып тұр екен деп қалғам. «Шүкір», дедім бас изеп. Сөйтсем, нобайлап ұрып тұрса керек, іле: «Келін күйлі-қуатты ма?» дегені. «Мен әлі үйленген жоқпын ғой, аға!» дей беріп едім, «Пәлі, қызық екенсің өзің. Келін деп шешенді айтып тұрмын. Мен сенің әкеңнен үлкен болсам, шешен маған келін болмағанда кім болады?» деп ұрысып тастағаны. Анамның қайтыс болғанына үш жылдан асып кеткен. Мырс етіп күліп жібергелі тұрсам да, ұялтқым келмей: «Жақсы!» дей салдым. Онымен де қоймай: «Иә, қашан келдің?» деді, дәу де болса, ауыл жақтан кешелі-бүгін келген қусың-ау деген долбармен. «Ой, аға, баяғыдан бері осында тұрам» деп едім, айыл жиса кәне: «Жоқ, осы жерге қашан келдің деп тұрмын. Мына театрдың алдына?» деп тағы да жалт

бұрылып ұстатпай кетті... Сөйтіп, ол мені алдаған боп, мен аңғармаған боп, қос жиектегі тал-қайыңның көленкесін саялаған салқын аллеяда оны-мұны шүйіркелесіп біраз қыдырыстадық. «Ас – байдан, ауыру – Құдайдан» деп, өзгенің қалтасын өз қалтандай көретін студенттік арсыздау кезіміз ғой. Сәлден кейін: «Шылымыңыз бар ма, аға?» дедім сұраншақтанып. Ағам жақтырмай қалды, қабағын қайшылап бетіме бір қарады да, киналынқырап қалтасына қолын салды. Аузы ашылған «Қазбек» алып шықты. Жарым-жартылай болмаса да, бір бүйірі тоқ көрінген. Бірақ анау: «Қап, біреу-ақ қалыпты. Соңғы темекіні біреуге беруге болмайды!» деп, қамыс сирақ темекіні езуіне қыстырды да, қорапты уысымен жұмарлап анандайға лақтырып жіберді. Жаңа көзімнің алдағаны ма? Сеніңкіремей тұрмын. Өтірік айтасыз деп тексеретін емес. Не істеу керек? Көңілімді түсініксіз бір әуестік билеп, сол арада қулыққа көштім. Ол кездегі «Қазбектің» қорапшасы қандай еді? Анау-мынау ойыншыққа бергісіз. «Ой, жақсы болды ғой, ағамның баласына апарып берейінші!» деп қорапшаны еңкейіп ала бергенім сол, ана кісі: «Немене, сенің ағанның баласы бала бопты да, менің балам бақа ма екен? Әкел бері!» деп қолымнан жұлып алғаны... Иә, айта берсе, ондай Қожанасырлығы көп еді ғой марқұмның!.. – деп Асекең кең-кең күліп, темекі ұшында бозарған күлді жез балықтың аузына қақты. Тындап отырған бұл екеуі де мәз. Әсіресе Қосымхан креслоның арқалығына желкесін асып-ап, дарақылана лақ-лақ күлсін:

– Сонда қораптың ішінде темекі бар болғаны ғой? – деді көзінің жасын сүртіп жатып.

– Әрине, солай болса керек.

– Тырнақтай нәрсеге сонша неге тарылады екен, құдауанда!

– Е, неге дерің бар ма. Әр ұрпақтың бойына уақыт өз танбасын қалдырады. Жастайынан аш-жалаңаштықтың тақсыретін шеккен адамның әйтеуір бір жерінен жылтып сол жоқшылықтың ізі бәрібір көрініп тұрады емес пе. Жоқтықтан, не сарандықтан тарылмайды. Неге олай еткенін өзі де аңғармайды. Еріктен тыс әдет ол, мінез, инстинкт. Әйтпесе, көзімізбен көрдік қой, Нәби ағаның дастарханы кімнен кем еді, пейілі қандай кең еді! – Аманбаев темекінің түтінін ерін ұшынан әуелете үрлеп жіберді де, бұған қарай еңсерілді. Өткен жолғыдай тықыршып отырған жоқ. Қимылы тым маңғаз Асекеңнің. Екеуін аузына қаратып қойып, әңгіме соғудан басқа жұмысы жоқтай, асығатын емес. Қоңыр папка құшақтаған бір шартық қарын доцент төбесінің тазын жапқан бес тал шашын сипап есіктен жасқана сығалап еді, «Бос емеспін, тұра тұр» дегендей, қолын катулана сермеді.

Бас бармағының ұшына иегін сүйеген күйі, көгістенген жып-жылтыр әжімсіз маңдайының тұсында темекісі түтіндеп сәл ойланып отырды да:

– Сөйтіп, Қосекең аспирант боп шыға келді, – деді дауысын соза әндетіп. – Бақ шапты ма, бап шапты ма – әйтеуір орайы оңынан келген іс болды. Әйтсе де, арамызда бөтен ешкім жоқ қой, құдайшылығын айтайықшы. Бұл жерде еңбек – сенікі, бауырым!

– Ой, аға, қайдағы еңбек... – Мақтағаны буынына түсіп балқытып бара жатса да, ыңғайсызданған болып бұл мінгір етті.

– Олай деме. Барды – бар, жоқты – жоқ деп айту – парыз. Жарғақ құлағың жастыққа тимей жаз бойы оқыттың, үйреттің...

– Біздікі жәй тілекші болған ғой, әйтпесе әркімнің өзінің талабы мен еңбегі емес пе алып шығатын екі жақтап.

– Қосекең құр талабымен аспирантураның есігі түгілі тесігінен де сығалай алмас еді!

– Әлбетте, әлбетте! Бәрі сіздердің шарапаттарыңыз. – Күрпілдек креслода үйелеген Қосымхан құйрығымен от сөндіргендей орнынан қопаң-қопаң қозғалды. Аманбаев «осыны ұқсаң болды» дегендей маңғаздана бір жалт қарап, қайтадан бұған назар тіктеді.

– Бір ауыз өтінішімді жерге тастамай көп еңбектендің, айналайын. Рахмет. Үлкен абырой болды бәрімізге... – Сөзін шыр еткен телефон бөліп жіберді – О, Мәке, саламатсыз ба... – Телефонның арғы басындағы Мәкесінің аузына кіріп кетердей ентелей түсті.

«Шын сөзі ме, мазағы ма әлде? Қосымханның білімімен түспегені бесенеден белгілі емес пе, оны неменеге қазбалай береді? Басқаны алдаса да, бұны алдай ала ма? «Еңбек – сенікі!» Қайдағы еңбек. Түсірген өзі. Қара құрықтатып қандай айламен қылкөпірден лып еткізіп өткізіп жібергені бір Алла мен өзіне ғана аян. Сөйте тұрып, мұның астына қабат-қабат көпшік тастағаны несі. Аузың қайсы десе, мұрнын көрсететін дүмшені алажаздай арпалысып аздап бас білдіріп жетекке еретіндей еткені рас. Сонысына рахмет айту үшін шақырғаны ма? Жоқ әлде... туатын саулықтай ыңыранып сөзін тым майпоздауы жаман, мақтап-мақтап құлақ түбінен қасып отырып, тағы бір камытты мойнына іле салмақ па?»

Жартылай ашық терезеден салбыраған күзгі аспан сығалайды. Нәсерлетейін деп тұр-ау, шамасы, тау жақтан шудасы желп-желп етіп шабынған қара бура – бұлт мойнын соза ентелеп түйдек-түйдек жөңкіп келеді. Қым-қуыт аласапыран. Әредік қара шымылдықтың тігісі аксия сөгілгенде, көлденең сұлаған төрт қабат сұр үйдің қалқасынан Найзақараның төбесі қылт-қылт етіп бір көрініп қала-

ды. Көз алдында қыбырлаған тірі пенде жоқ, тек екінші қабаттағы балконда омыртқасын санап алғандай ырсиған бір шал белуарына дейін жалаңаштанып алып, тыпың-тыпың бүлкілдеп жүгіріп жүр. Арасында тұра қалып, шілтиген қолдарын мықынына кезек таянып, оңды-солды қисалаңдайды-ай келіп. Терезе алдындағы бәйтеректің басына бір топ торғай дүр етіп кеп қонып еді, бауыры жалт-жұлт етіп жапырақтар саулап төгіле бастады. Ауаны бұрғылай құлдыраған бір сап-сары жапырақ терезенің саңылауынан қалықтап кеп едендегі жасыл кілемге қонды...

Аманбаев қызыл трубкуны тұғырына қойды. Қалтасынан төрт бүктелген қоңыр орамалын алып, жіпсіген маңдайын сүртті. Кішкентай шегір көздері күлмін-күлмін. Мәкесі айтқан әлдебір жақсы лепестің әсеріне арбалып айыға алмай отырғаны кәміл. Сөніп қалған темекінің ұшындағы күлді қағып, қайта тұтатты. Осы мен не айтып отыр едім дегендей, сәл ойланып қалды да, бас-аяғы жоқ:

– Дүре-ес! – деді көк түтінді сыңар ездуден сыздықтата үрлеп. – Жүздің жүзін білгенше, бірдің атын біл деп, таныс-біліс боп жатырмыз, бауырым. Ғұмыр болса, әлі талай дәмдес-тұздас болармыз. Ауыл қай жақтан?

– Өзіңіздің жерлесіңіз, аға! – деді бұл ауыз ашқанша алдын орап Қосымхан.

– Солай ма еді! – Аманбаевтың бояу-бедерсіз самарқау дауысы бір түрлі ажарланып шықты. Орнынан қопандап емінгендей ме, қалай? «Мынау қазір ұшып тұрып құшақтай алмаса неғылсын!»

Ел аузында жүрген күлкілі бір әңгіме ойына оралып мырс ете түсе жаздағаны сол арада.

Рушылдық, жершілдік қатаң сынға алынып жатқан кез болса керек. Мекеме бастығына бір жас жігіт келеді жұмыс сұрап. Басекен ру десе бүйрегі бүлкілдеп кететін сасық мүскін екен. Жігіт Ауғанстанда соғысқан, институтты қызыл дипломмен бітірген. Алмайын десе, сылтау жоқ, алайын десе, оның есебін таба алмай бастық қипақ қағады. Сипақтатып ананы сұрайды, мынаны сұрайды – шылбыр ұшын алыстан тастап қалай орағытса да, жігіттің жетекке ерер түрі жоқ. Тақа болмаған соң: «Сегізінші класты қай жерден бітіріп едің?» дейді. Жігіт: пәлен жерден дегенде, басекен: «Бауыре-ем!» деп бас салған екен дейді.

Абырой болғанда, Аманбаев өйтіп елжіреген жоқ. Әйтсе де:

– Е, інім екенсің ғой! – деді елпелектеп. Іле «осы мен не деп кеттім» деп өз-өзінен шошынғандай, ат басын ірке қойды. Жан жоқ болса да, жан-жағына жалтақтай қарап: – Жай сөздің ретіне қарай

айтып жатқаным да! – деді көзге көрінбейтін әлдекімнің алдында есеп бергендей ақтала сөйлеп. – Әйтпесе менде елдес-жерлес деген ұғым жоқ. Руымның да, ұлтымның да аты – әділдік. Кімде-кім социализм ісіне берілген, адал болса, сол – менің бауырым. Мен үшін Қызылқұмда туған Қосымхан да бір, Ертістің жағасында өсіп-өнген сен де бір – тек ниеттерің түзу, жүректерің таза болса болды.

– Е, аға, қай ауылда тусақ та, бір қазақтың баласы емеспіз бе! – деді Қосымхан кеуделеніп.

– Совет адамымыз де! – Аманбаев шегір көзімен бұрғылай қарады.

– Аспирант жолдас, ондай тар ұғымнан арылуға тиіссіз.

– Қазақ екенімізді жасырамыз ба, түге?

– Әлемдік масштабта ойлау керек, бауырым. Ұлт деген бара-бара жойылады. Қазірдің өзінде Отанымыздағы күллі ұлттар мен ұлыстардың тұтастығын, бірлігін білдіретін «совет халқы» деген қасиетті ұғым калыптасты.

– Ол секілдіні қайдан білейік. Біз – саясатшы емес, химикпіз ғой! – Қосымхан білмейтінінің өзін мақтан көргендей маңғаздана шалқайды. «Атанның басы химиксің! – деді бұл ішінен күйіп-пісіп. – Химик сендей болса, химик емес кісі қандай болмақ!»

– Кеше ғана «Ғылыми коммунизмнен» емтихан тапсырған аспиранттың сөзін кара. Мал құлағы саңырау, бұл сөзінді мына Бахтияр екеуімізден басқа ешкім естімесін! – Аманбаев кекесінмен мырс етіп, Қосымханға алая бір қарады да, шағын денесін шалт бұрып бұған қарай еңсерілді. – Бірді айтып, бірге кеттік қой, – деді қабағын серпіп. – Сөйтіп жерлес болдық де. Зереннің қай жеріненсің?

– Қарашіліктенмін.

– Болғанмын ол жақта да. Аюлының сілеміндегі «Қалмақ қырған» деген шатқалды білесің бе?

– Білем.

– «Қалмақ қырған» деген аттан кісі шошиды. Осы заманда сондай ат бола ма екен? «Достық шыңы», не «Айыртау» деп өзгерту керек деп жігіттерге ескертіп кетіп ем, әлі солай атай ма?

– Иә. Елдімекен емес, таудың аты ғой талай тарихқа куә болған.

Аманбаев жақтырмаған кейіппен оң жақ қасының ұшы сынып, үнсіз түйіліп, сәл отырды да, қайтадан өңін жылытты. – Сол өркеш шыңның қолтығында бір көл бар екен, жүзіктің көзіндегі ғана мөлтілдеген. «Сағымды» көл деуші ме еді, қалай еді?

– Жоқ, «Сабындыкөл».

– Иә, «Сабындыкөл». Кенері әппақ боп көпіршіп жатады. Көз аясына сыйып кеткендей шап-шағын, бас-аяғы бірер шақырымнан

аспас. Теріскейі қоға-шілігі аралас өскен қалың қопа да, түстік беті сыпыра жалаңаш. Табаныңды қытықтап сусыған ақ қайран құм, жып-жылы су. Несін айтасың, жанның рахаты енді. Ұмытпасам, жетпіс бірінші жыл ғой деймін? Иә, қайдан ұмытайын, жетпіс бірінші жылы сол жерде бір аптадай дем алғаным бар. Құдауанда, құс атып, қайықпен жүзіп, қармақ салдық дейсің бе – қаншама қызық, сый-құрмет көрсек те, соның бәрі көмескі тартып, тек сол бір уақиға ғана есте қалыпты. Қазіргідей көз алдымда! – Аманбаев ернін жымқырып, басын шайқап, өз-өзінен селкілдей күлді де, – Күлмегенде қайтейін. Өлген адам болса да күлер! – деді жөн-жосықсыз сықыллықтағанына ақталғандай көзінің қиығын сүртіп. – Нұрахметов Садық дегенді естуің бар ма?

– Жок, білмейді екем.

– Жұрт Күжбан дейді екен. Күжбан десе, Күжбан!

– Шойнақ Күжбан ба?

– Ақсақ боп қалып па еді ол жазған? Иә, қайта тірі жүргеніне тәуба де.

– Ақсақ болғанмен, бір аяғын балдаққа артып ап, зымырағанда аттылығы жол бермейді.

– Не істеп жүр өзі?

– Аудан басындағы универмагты түнде күзетеді, күндіз сол маңға келген-кеткендерді торуылдап арақ ішеді.

– Ой, бейшара, сондай күнге жетті де. Бір кезде бір совхоздың бірдей мал дәрігері еді күркіреп тұрған. Ұшынайын десе оп-оңай скен ғой. Сол күні қаңғалақтап қайдан сап ете қалғанын білмеймін... Шатырды жығып, қайтамыз деген күні, қастарында облыстан келген скі-үш өкіл бар, аудан басшылары «дастархан әзірлеп қойдық» деп, қоярда-қоймай қырқаның тасасында отырған бір қойшының үйіне алып барды. Аудан бойынша бетке ұстап, үкілеп отырған озат шопан екен. Бірінші хатшы сөз арасында: «бұйыртса, биыл геройлық әперейік деп отырмыз» деп еді, жылан көз жылтыр қара «әне, біз қандаймыз» дегендей, кеудесі одан сайын шеңбірек атып далиып қалды. Көгалға тігілген алты қанат ақбоз үй. Кешелі-бүгін жұрт ауыстырса керек, айналаның шалғыны жапырыла қоймаған. Табан астың былқылдаған құрақ көрпе. Керегені жағалай кілем тұтқан. Ірге жақта кісі басы теңкиген бір-бір құс жастық.

Кірпік астынан күлімсірей қарайтын сүп-сүйкімді кертөмпақ келіншек аяғының ұшымен лыпыл қағады: төрге көлдей дастархан жайылып, үстіне қып-қызыл боп піскен ыстық бауырсақ төгілді; иісі анандайдан танау жарып, шара толы қымыз келді. Жерошақта тайқазанның буы бұрқырайды. Шайдан кейін сыртқа шығып, аяқ

жаздық. Талдың саясына кілем төсеп, преферанс соқтық. Қанша қымыз ішілді, қанша шөлмек босады – есеп жоқ.

Түс ауды. Үстінде құйқасы ырсиған бас бар, үйме астау етті алдыға ала бергеніміз сол еді, қарсы беттегі қырқадан қылт етіп бір қызыл «Москвич» шыға келді, абалап қарсы жүгірген үрпек жүн, шолақ құйрық көк төбетпен жарысып кеп есік алдына тоқтады.

«Ой, мынау Күжбан ғой! Бұл қасқаның жүрмейтін жері жоқ!» десті үй ішіндегілер гүлдесіп.

Күжбан десе – Күжбан, үйге тіреу болғандай, бұғағы салбыраған, бұқа көз, дөй кара сәлемін соза айтып есіктен екі бүктеліп кіре берген. Сол-ақ екен, босағаның түбінде құлақ жеп, сирақ мүжіп, өзімен-өзі боп отырған үш-төрттердегі бадырақ көз, кара бала, бүйі шағып алғандай баж ете түскені. Қолындағысын тастай беріп, ет турап отырған әкесіне қарай ұмтылды.

– Не болды, құлыным? – деді тізесіне жабысқан баланың тұқырайған тап-тақыр төбесінен иіскеп. – Ағадан кісі қорқа ма екен?

– Ол – жәмән аға!

– Тек, олай деме!

– Кет деп қуып жібер!

– Қой деймін, ұят болады. Жақсы бала сөй дей ме екен?

– Әйтпесе, тағы да апамның аяғын көтереді!..

Коньяк пен қымызды қосып сіміріп елеуреп алған жұртта ес бар ма, қыран-топан.

– Ақсақ-тоқсақ тоқты-горымды емдеп жүрме десек, бұл сығырдың ондай да өнері бар ма еді! – деп бір дарақы дауыс қыздырмалатып одан сайын дарылдай түсті. Үй иесінің түрінен адам шошырлық. Өзі кара жігіт одан ары қоқ боп кетті. Көзі шарасынан шыға дөңгеленіп, мелшиген күйі мең-зең отырып қалған. Іле табақ шетіндегі кайқы жүз, жез мойнақ пышақты шап беріп, орнынан ұшып тұрды.

– Ай, әкеңнің аузын!.. – Қырылдай ақырып тұра ұмтылған. Дию кара лезде көжекке айналды: табалдырықтың көзінен жалт еткен бәткенің жалпақ табанын ғана көріп қалдым.

Не болып, не қойғаны санамызға жетпегендей сәл аңтарылып қалдық та, дүр көтеріліп дүркірей далаға ұмтылдық, бірі қуып, бірі қашқан екеудің артынан жамырай жүгірдік.

Дәу кара ә дегенде қарқынды сияқты еді, шошынып әл-қуаты кетіп қалды ма, аралары сәт сайын қысқарып барады. Өкшелеген қуғыншы құтқарар емес. Құлаш созымға іліккені сол, қолындағы кайқы сапысын жарқ еткізіп сілтеп-ақ жібергені. Ұмар-жұмар екеуі де омақаса құлады жерге. Пышақты қайыра сермеуге бір-ақ үлгірткен



жоқ, жүгіріп жеткен жігіттер қолынан бұрап жұлып алған. Абырой болғанда, әйтеуір, жанды жерге тимей, тая соққан екен: май құйрықтан қылтаға дейін ырситып тіліп түсіпті, қан дірдектеп шапшып жатыр. Дереву сымын сыпырып жіберіп, жігіттердің бірі үстіндегі майка-жейдесімен қабат-қабат орап шандып тастады. Дәуінде өң-түс жоқ, сілтіге малып алған сүйектей боп-боз. Көзі бақырайып, ерні дір-дір етеді. Тірі жатқанына сенбейтіндей:

– Мен өлген жоқпын ба? – дейді жыламсырап.

– Өлген жоқсың! – деді әлгіндегі дарылдақ шұбар бет жігіт мырс етіп. – Шонданайың аман қапты – өлмейсің!

– Өлтіремін, иттің баласы!.. Қаныңды ішем!.. – деп бір қора жігітке әл бермей тап-тап берген қойшыны әзер дегенде сүйрелеп үй жаққа алып кеткен.

Құжбанды дереу ауруханаға жөнелттік. Жаны қалып, жабулы қазан жабулы күйі қалды ғой. Әйтпегенде кеселі бәрімізді шарпитын еді. Қазір балдақпен жүреді дедің бе? Өткір пышақ оңай ма, қылтасын қиып жіберген ғой.

– Не де болса, жігіт екен! – деді Бахтияр орнынан қозғалақтап.

– Қайсысы?

– Қойшыны айтам.

Аманбаев оң жақ қасын оқыс серпіп, кірпік астынан сүзіле суық жымыды.

– Ақымақ десеңші. Көзбен көріп, қолмен ұстағандай, былдырлаған баланың бір ауыз шатпағына быж-тыж болып. Кеудесіне қадайын деп тұрған Алтын жұлдыздан қағылды.

– Намысы жоқ өлік кеудеге жұлдыз қадап не сән?

– Намыс дейді?.. Намыс Алтын жұлдыз бола ма? – «Шырағым-ау, осыны да түсінбейсің бе?» дегендей Аманбаевтың дауысы аса таңырқаулы шықты. «Болды, бек түсіністік бір-бірімізді!» Бахтияр үнсіз жымыған күйі көзін алып қашып төбеге қарады. Аманбаев та қабақ танып, өнбес әңгімеге арам тер болғысы келмеді ме: – Сөйтіп, ауылыңда сондай бір қызық болған! – деді іле ат басын бері бұрып. – «Тағы да апамның аяғын көтереді» демекші, менің алдыма келген сайын «тағы қандай бұйымтайын мойныма артқалы отыр» деп зәредеп болатын шығарсың? Міндет артудың өзі сенім ғой. Жас кезімізде үлкен ағалар кішігірім қызмет тапсырса, кәдеге жарадық деп кәдімгідей дәреже көретінбіз. Ер мойнында қыл шылбыр шірімейді, айналайын. Адамның күні адаммен екенін білесің ғой. Мына Қосымханды тағы да қанжығана байлап берейін деп отырмын. Жақсылық қылсаң – бүтін қыл. Жетелеп жүріп аспирантураға түсірдің. Енді ғылыми бағыт алуына көмектес, қанаттаса жүріп бір қараға жеткіз.

Көпірме мақтау буынына түсіп кетті ме, бұл дереу басын үсті-үстіне шұлғып жіберді:

– Көмектесеміз, аға, көмектесеміз!

Айтты-айтпады, сол сәт Ас-ағасына ықыласы құлап-ақ қалып еді. «Япырау, көлеңкеге тон пішіп жүріппіз ғой. Аманбаев – бюрократ, кіді... пәлен-түген дегеннің бәрі сандырақ. Әйтпесе, өзім деген адамға міне, бүгінгі сөзі қандай, пендешілік мінезі қандай. Іс басындағы кісі көрінгенге жалпақ шешей боп жалпылдай берсе, бүкпе-қалтарысы жоқ жайдақ болса – не қадыр, не абырой оған. Демек, Асекеңнің сырты ғана мұз. Ал ішіне үңілсең – жылуы жұлын-жүйкенді шымырлатып, маужырата маздап тұрған пеш».

Осы сезімнің буымен көпке дейін өзін алдарқатып жүрді. «Жыланның аяғын көрген жырынды неме арқамнан сипап алдаусыратып отырып тағы да бір тар ноктасын басыма кигізіп жіберген жоқ па?» деп күдіктенудің өзін күнә санаған.

«Бұйырған жоқ, жасы үлкен аға әрі бір кафедраның шылбыр-тізгінін уысында ұстаған профессор басымен өтінгенде, бұлданып бес күндік арам терімді кимағаным азаматтыққа сын емес пе» дейтін.

Оның үстіне, көп өтпей Аманбаев мұны аға лаборант қылып қойды. Анау-мынау ғылым кандидаттарының қолы қалт-құлт етіп әзер жететін жұмыс. Күнкіл-сүнкілге қарамай белден бір-ақ басқан. Осыдан кейін бұл бейшарада жан қалсын ба – жақсылыққа жақсылықпен жауап беру ләзім.

## ТӘТТИ ШЕЛПЕК

Қосымханның жұмысын жарты жылда біраз жерге дөңгелетіп тастады. Оның ақ халат киіп, қалқайып жүрген аты болмаса, тақырып бойынша тәжірибе жасайтын да, нәтижесін ғылыми негіздеп жазатын да мұның өзі. Екеуінің диссертация тақырыбы ортақ: органикалық элементтердің молекулалық қатарын анықтау. Тек тәжірибелік объектілері бөлек: бірінікі – бутанның синтезделуі де, екіншісінікі – этанның синтезделуі. Әдетте жұрт: менің атым тұра тұрсын, өзгенікі жүре тұрсын демей ме, ал мұныкі – керісінше. Өз шаруасын қантарып қойып, Қосымханның жұмысына битін салып кірісіп кетті. Жетекшісі де бір қаққанда қаныңды, соққанда сөлінді шығаратын тықақтап қалған қытымыр пәле екен. Графикке салып қойды да, пәленше уақытта мынандай істі бітіресің деп, қос өкпеден тепкілеп қуды да отырды.

Қосекең байқұс екі көзі алақтап бұған жетеді баяғы: «Ойбай, Бәке, енді қайттім, өзің бірдене қылмасаң – құрыған жерім осы. Мы-

на анализдің формуласын жазып берші... ана есепті шығара салшы». Сөйтіп берші, бүйтіп бершімен-ақ біраз істің басы қайырылып қалған.

Толқын айдап ашық теңізге шығандап кеткен ескексіз қайықтағы қалт-құлт еткен шарасыз жолаушы сияқты, кара-құрым формула-теңдеулерден миы зеңіп малтыққан сәтте Қосымханның басын тоқпақтайтыны бар:

– Құдайдың алжастырғаны осы ғой. Химияда нем бар еді? – дейді ернін тістелеп. – Ежелден суқаным сүймейтін. Жетінші класта ғой деймін, әу деп бетін ашқанда-ақ:

«Алгебра, химия, қонбайды менің миыма.

Жамал апай енгенде, отыра қалам жымия»

деп өлең шығарғанмын. Жек көретін әйелге абайсызда үйленіп қалып, қорлықпен күн кешкен пұшайман еркектей, ендігі ит тірлігім мынау. Жерлес болмай кеткір ана пұшық сары емес пе: «Ойбай, химия факультетінде бала аз екен, әрі сонда сенімді кісілерім бар» деп, әкемнің қалтасын қақшып ап, су түбіне сүнгітіп жіберген. Тарих, әдебиет сияқты қырту-шыртуға барғанда, мазгамды майыстырмай баяғыда-ақ қорғап алар ем.

– Қойыңыз, Қосеке. Онда да: «алма піс, аузыма түс» жоқ шығар. Шет-жағасын көріп жүрміз ғой.

– Мүйізі қарағайдай жазушылардың өзі айтып жүрген жоқ па: «он повесть оқысаң, бір повесть жазуға болады» деп. Мен өйтіп шөкімдей миымды шаршатып қайтем. Тақырыбыма маңайлайтын екі кітаптан қан-жынын араластырып көшіріп алам да, ақысын берсем боқысын шығармай ма, екі иығын жұлып жеп жүрген бір жалаңаяққа еркін көсілдіріп орысшаға аудартар ем. Майын тамыздырып қайтадан қазақшаға қотартам. Одан – орысшаға, одан – қазақшаға... Сосын оны танып көрсін. Алғашқы иесіне танысың ба деп танауына иіскетсең, «не деген тәтті шелпек!» деп сілекейін жұтар... – дейтін екі көзінді тас төбене шығарып.

Өстіп өзі айтқандай, аннан-мыннан қағып-соғып көшіріп ала ма, кейде: «мақала жазып ем, қарап берші» дейтін қолқасы тағы бар. Бір ойы мен екінші ойы атысып-шабысқан үзім-жұлым қисынсыз шатпақтың қиюын келтірем деп, қаламын сықырлатып түн жарымына дейін мұның мұрыны пысылдап отырғаны. Үш-төрт мәрте екеуінің атынан ғылыми журналдарға мақала да жазып берді. Жаман итті күшігім-күшігім десең, бірденесін көрсететіннің кері ме, соңғы жазған мақаладан тіпті мұның фамилиясын да алып тастап, өз атымен жариялапты. Бұл кейістік білдіріп, өзінше тулап, ат құйрығын кеспек болып еді, Қосымхан:

– Ойбай, Бәке, кешір. Менің титтей де кінәм жоқ! – деп аяғына жығылып жатып алсын. – Баспаханада тергенде фамилияңыз түсіп қалыпты. Ой, өзім де сыбағасын бердім-ау редакциядағылардың. Ит терісін бастарына қаптадым. Міне – иманым, міне – жаным, бір сөзім өтірік болса, мынаған тура асылып өлейін! – деп қазір буынып қалатындай шұбарала галстугін жұлқыған соң, райынан қайтып, Көктөбедегі көлдей дастарханның төрінде татуласып тарқасқан.

Таксилетіп үйіне дейін жеткізіп салды. Дарбазадан сүйеп енгізе беріп, Қосымхан әлденені оң қалтасына тықпалап жатты; зіп-зілдей, комақты. Шала бурыл ғана болса да ес-түсін білмейтіндей шайқалақтап, қалтасына қожалық еткен жомарт қолды байқамағансыды.

## БҰРАЛАҢ

### БӘЙТЕРЕК

**К**үн жұма еді. Қаладағы азын-аулақ көрі-құрған мұсылман үмметінің түскі намазға баратын уақыты таяп қалған. Жақтау терезесіне ақ перде тұтылған сылаң ақ «Волга» құлдилаған кең көшемен құйғытып келеді. Қырықты еркін еңсеріп қалған қапсағай бойлы, арықша, қарасұр кісі артқы орындыққа қанатын жая шалқалап отыр. Шықшытты, орақ мұрын. Екі ұрты суалып, түксиген қабағында әлдебір суық көлеңке қатып қалған. Жүзі шаршаңқы. Үш бұрыштанып шала жұмылған көздерін анда-санда бір жарк еткізіп ашып, айналасын самарқау шолып қояды.

Кейінде ентелемей, араға елу-алпыс қадам тастап дәл сондай тағы бір «Волга» келеді. Ішінде шофёрімен үш жігіт. Үшеуі де бірінен-бірі өткен, күдіс мойын, аяқ-қолы сіңірлі, сыптығырдай. Ширығып атылғалы тұрған жас жолбарыстай бітімдерінде бір әбжіл айбар бар.

Екі машинаның екеуі де светофорды ұрып келе жатқан жоқ. Қызыл жарыққа қарамайды, көлденең өтіп бара жатқан машина болмаса болды, екпінін тежемей зулап өте шығады. Бір қиылыста қалпағы қоқырайып, асай-мүсейін сайлап ГАИ-дің сержанты тұр екен. Атасының алдында сызылған бұрынғының биязы келіндеріндей, машина біткен іркіліп тоқтай-тоқтай қалған. Екі «Волга» жосылтқан күйі ағып өтті. Сержант бар ашу-ызасын бетіне жиып, жанталаса ала таяғын шошайта, ысқырығын аузына апара берді де, нөмірді көріп, не сиқыры барын кім білсін, екі қолын екі жанына сылқ түсіріп, тік тартылып тұра қалды.

Ақ «Волгалар» көк базарды жанай өтіп, кісі ығы-жығы сапырылысқан тар көшемен ағызған күйі Орталық мешіттің жанына келіп бірақ тоқтаған.

Орталық мешіт дейді-ау, дәл бір күмбезі күнге шағылысып оншақты мешіт сап түзеп тұрғандай. Төңкеріске дейін, Алматының бүгінмен салыстырғанда қыстақтай-ақ кезінде он екі мешіт болыпты. Мынау соның көзге қораш, ең кішісі екен. Басқаларын қиратқан, қызыл әскердің ат қорасына айналдырған. «Орталық» деп ауыз толтырып әлдеқандай қылғаныңмен іргесі жерге кіріп, қабырғасы шытынап жарылған, жалғыз қабатты жапырайған үйді көріп көңілің құлазиды қарадай. Исламның ұлы шаһардан орын таппай саялаған алақандай жалғыз ұясын таптап өтердей қабат-қабат зәулім, сұр үйлер жан-жақтан ентелеп тұр.

Қарасұр кісі машинадан шықты керіліп-созылып. Қара көзілдірік киіп, қолына жылтыр имек сапты таяқ ұстады. Маңғаз басып мешітке беттеген. Дарбазаның ішінде қатар түзеп оншақты тіленші тұр. Бәрі мұны танып алған, мырзалығын білетіндей, көздерінен үміт оты жылт-жылт жанып, бірінен-бірі асыра тіленіп, зарлап қоя берді. Жамырай созылған қолдардың ешқайсысын қаққан жоқ. Алдына бес, соңына үш сомнан ұстатты. Бәрі риза. Бас шұлғып, алғыс жаудырып жатыр.

Бір топ кәрі-құрған үздік-создық мешіттің ашық тұрған орталық есігіне қарай ойысып барады екен, оларға ілескен жоқ. Бұрышты айналып, қапталдағы есікке кірді. Ата-баба, аруаққа құран оқытып, пітір-садақа беретін орын. Басына сәлде орап төрде отырған мұртсыз қауға сақал чешен жігіті орнынан тұрып, оң қолын кеудесіне апарып сәлемдесіп, отырыңыз деп орындықты нұсқады. Іле-шала тағы екі әйел кірді. Бастарына ақ жаулық тартқан. Мұның қасына келіп жайғасты. Молла:

– Қасиетті жұма күнгі тілектеріңізді Алла қабыл қылсын! – деді басын изеп. Содан соң көзін жұмып, қолдарын алдына айқастырып, күмбірлеген қою қоңыр дауысын созып аят бастаған. Ұзақ оқыды. Қол жайып, бет сипағаннан кейін бұл орнынан тұрып, аузы пломбылаулы көк темір сандықтың тесігіне ақшасын бүктеп салды да, хош айтысып сыртқа шықты.

Қақпа алдында құрметпен бас иіп жалпақ қаққан қайыршыларды жарып өтіп, машинаға қарай беттеді. Иығынан әлдеқандай ауыр жүк түскендей жеңілдеп қалды. Бойы қунақ. Құдай бәрін болмаса да, бір күнәсін кешіргендей.

Осы күпті ойдың көңіліне қонақтағаны сол, көз алдынан бірінен-бірі өткен сұмдық елестер көшті. Құлағы жанғырып, шынғырған,

күңіренген айғайға толды да кетті. Шашы жалбыраған әйел: «сен жауыз, осымен күнәм кешілді деп тұрсың ба? Күніне мешітке мың рет келсең де, күнәң жеңілдемейді, құзғын! Қарғыс атсын сені!» дейді қос жұдырығын аспанға қарай сермеп. Кісілік кейіпінен айрылып, қараңғы жертеде ажалмен арпалысып, аяқ-қолы сереңдеп жатқан бір бейбақ: «Обалым сенде!» дейді сыбырлап...

Қарасұр еркек мырс етті. Жылан құйрық суық күлкі ирең етіп, сыңар езулей жүзіне шапталып қалды. Көз алдындағы елес пен құлағындағы дыбысқа күлгені ме? Әлде өзін мысқылдап тұр ма – белгісіз.

Қарасұр еркекті таныс-білістің көбі сыртынан «Сыған» деп атайды. Бетпе-бет келгенде олай деуге дәт қайда, «Барон» деп майысады. Екеуі де лақап аты. Бірі – бұрынғы, екіншісі – кейінгі. Шыр етіп жерге түскенде құран ашып, азан шақырып қойған аты Базарғұл еді. Ол ұмытылғалы қай заман. Алда-жалда ескі көз таныстың бірі «Базарғұл» деп дабыстай қалса, онысы кім еді деп ойланып барып мойнын бұрар еді.

Балалығын ойласа, күрең қабақ ылғи бір жоқ-жітік, жүдеу тіршілік есіне түседі. Бүйірі шығып ас ішіп көрген емес. Төрт сирағы айқастырылып еденге шегеленген кикы-жикы ұзын үстелдің басынан кекіріп, қарнын сипап түрегелген күні бар ма? Таңертең де, түсте де, кеште де, ертең де, бүрсігүні де... бірер шақпақ қантпен сораптағандары шай. Қара бөлкенің өзі тақ-тұқ. Анда-санда күріш ботқа не бұқтырылған картоп аузына тисе – ұлы той.

Әкесі алқаш болатын. Аузы құрғамайды. Күнде кешке қарай, не түн ортасында айқайлап, боқтап, есікті теуіп ашып кіріп келгенде, әбден зәредеп болып қалған төрт қарындасы мұны паналап, бесеуі үрпиісіп, бұрышқа тығылатын. Құдай ондаған күні көп шу шығармай босаға жақтағы торы салбыраған темір кереуетке киімшең шарқ етіп құлай кетеді. Қор ете түскен күйі таң атқанша тырп етпейді.

Көбінесе айқай-шу, төбелес. Кейде шешесіне соқтығады. Арақ тап дейді, не көршіден қарызға самогон әкел дейді. Шешесі әбден ығыр болған. Маңдайының әжімі қырық қатпар. Өмірі қабағы ашылған емес. Сәл нәрсеге шарт ете қалады. Бұларды да жөнді-жөнсіз, быкпырт тигендей қылатын. Тілі ашы.

– Мә, саған арақ! – дейді қолын шығарып. – Тағы да сідігінді ішіп келдің бе? Атауыңды ішкір, арақ ішкенше у ішіп ката қалмайды екенсің... Құдай-ай, сенен құтылар күн бар ма екен!..

Әкесі орысша, қазақша боктықтың небір дүриясын боратады:

– Әкең... шешең... орыстың астынан шыққан сен қаншық қара бет боп отырғаныңда, жеңгелерің мені жетім, момын деп араққа жығып,

койныма салмап па еді... Мен дорақ, ынжық, міне... арақ ішпегенде не істеймін... әкел, әкел, әйтпесе өлтіремін!..

– Жап аузыңды, хайуан!.. Орыс дейді... Оған менің кінәм жоқ... Атауынды ішсең, жөндеп іш, мені босқа күйдірме!..

Үй іші апыр-топыр. Оқтау, орындық... қолға түскен нәрсенің бәрі аспанға ұшады. Сынған терезе, қираған ыдыс. Екеуі ұстаса кетеді. Біресе әкесі, біресе шешесі жығады.

Ол кезде Базарғұл үшінші класта оқитын. Жел азынаған кара күз. Екі кештің арасы. Қазандағы кара су қайнап болар емес. Үй іші көк тұман. Пеш аузына нығарлаған су сінді қи бықсып, түтіні кері шалқиды. Көзді жеп ашытып бара жатқан соң амалсыз есікті ашасың, сырттағы суық жалаңдап лап қояды. Ауыздарына кара су тимей шикылдаған бес бала кереуетке аяқтарын карама-қарсы айкастырып, көрпе астында бұйығып жатқан.

Бір уақытта әкелері келді қисалаңдап. Тағы да шу, тағы да төбелес. Бұл жолғы әкесінің қимылы әбжіл. Бір уақытта шешесін шалып құлатып, қылғындыра бастады. Мұның жаны ышқынды. Шарылдап барып бар екпінімен әкесін итеріп қалған:

– Тиме мамама! Кет үйден!

Мас, шитиген денеде не қауқар болсын, қаңғалақтап барып қабырғаға соғылды да, арқасымен сырғыған күйі бұты алшайып еденге отыра кетті. Не болғанын білмей антарылып сәл отырды да, ұшып тұрып, тұра ұмтылды. Бұл қаймыққан жоқ, безеріп тұр.

– А, анадңы... иттің баласы, әкене қол көтерейін дедің бе? Бүйткенше өзім-ақ өлтірейін! – Жеткен бойда тұмсықтан құлаштай ұрған. Шалқалап құлай жаздап бойын тіктеді.

Мұрнынан қан сау ете түсті. Көйлегінің өңірін жуып кетті. Алақанымен мұрнын сүртті, дірдектеген қан тиылар емес. Қан-жоса болған кіп-кішкентай жұдырығын түйіп булығып тұр: «Қаныңды ішем сенің! Үйден қуып шығам. Осыдан сәл өсейінші, әлім жететіндей болайыншы, бәлем!» деді ішінен.

Қанды көріп шешесі өкіріп қоя берді. Жылап, ойбайлауға сылтау табылып тіпті жақсы болды. Тізерлеп жерге етпетінен құлай кетті. Етегі түріліп, жыртқық дамбалынан құйрығы жарқырап жатыр. Маңдайын еденге соғып-соғып жіберіп өкіре өксіді:

– Сорым қалың не деген бейбақ едім. Ендігі көрсетпегенің осы ма? Өлтір бәрімізді, іш қанымызды! О, Құдай, неге алмайсың бұл жауызды! – деді екі қолын көкке жайып. – Көзім ашылар күн бар ма екен? Қорлап бітті, өлтірді ғой әбден. Құтқаршы мені бұл пәледен. Осыны жер жұтқан күні садақа берер едім құтылғаным! Бір түйір жас шыкса, екі көзім ағып түссін!..



Әкесі үнсіз, басылып қалды. Артық кеткенін сезгендей. Столға қос шынтақтап, басы салбырап отырған күйі бұлар тынышталып, шай-суанын ішіп, жатқанша орнынан тапжылған жоқ.

Шын жылап жалбарынған екен. Көп өтпей Құдай шешесінің тілеуін берді. Сол жылы қыста әкесі мас боп трактор айдап келе жатып жардан құлап өлді. Бұл үлкендердің сөзінің қайсысы рас, қайсысы өтірік екенін білу қиын ғой. Сондағы шешесінің зарлағанын көрсең:

– Арысым-ау, асқар тауым-ау, бізді кімге тастап кеттің? Артында шуылдап қалғанымыз ба?

*Жел жағымның панасы-ау.  
Бес баламның әкесі-ау!  
Дүниеге енді келмейді,  
Адамның сендей баласы-ау! –*

деп боздағанда жиылған жұрттың сай-сүйегі сырқырады. Шыдай алмай мұның да көзінен жас ыршып кеткен. «Е, әкем сондай екен ғой, әттеген-ай» деп өкінгені емес, шын қайғырып егілген анасын аяғаннан еріксіз жылаған.

Бір қызығы, аула ішіндегі мәуелеген жалғыз бәйтерек сол жылы жазда көктемей өз-өзінен солып, қурап қалды. Бұтақтары тырбиып, қабығы сыдырылып ақсүйектей саңғырап тұр. Түбі шіріп, бірде күн шатырлап, дауыл соққанда қопарылып түсіп, қораны басып қала жаздаған.

Бұл есін еміс-еміс білетін кезде әкесі екен кішкентай шыбық еді. Мұнымен жарыса өскен. Алты-жеті жылда көкпен таласқан зәулім бәйтерек болды. Ұйысқан қалың жапырақтары самалға сыбдыр қағып тербеліп тұрғаны. Жаздың шыжыған ыстығында бес бала саясынан шықпайтын. Үй орнындай дөңгеленген қою көлеңке, жібек желпігендей сыздықтаған қоңыр салқыннан рахатқа бөгесің. Бір шетте күйіс қайырып қара ешкі жатады, екінші шетте бауырын салқынға төсеп ұзынынан созылып маубас сары күшік ұйқыны соғады. Столды шығарып түскі-кешкі шайларын да сонда ішетін. Ар жағына ел қонып, тершіген дененді жел қағып салқында маужырап отырған қандай рахат.

Сол жылы жаз ерегескендей айрықша ыссы болды. Үйге кірсең, қара шыбын быжынаған қапырық. Сыртта шыжғырған күн. Қайда тығыларыңды білмейсің. Сондайда төбесіне сая төгіп тұратын жылдағы бәйтеректі іздейді. Шіріген түбірге көзі түскенде еріксіз мұнайып, көңілі қоңылтақсып қалатын.

Маскүнем әкеден құтылғанмен көздері ашылып, тұрмыстары түзеліп кете қойған жоқ, қайта одан сайын жүдеу тартқандай. Әкенің арақтан қалған тиін-тебені тиіп-қашты нәпақа еді, енді ол да жоқ. Шешесі клубтың еденін жуып, ауласын сыпырады. Алатыны – садақаға бергендей бірдеңе. Отын-су керек, өсіп келе жатқан бес балаға бірдей киім-кешек қажет. Біріне тартсаң, біріне жетпейді. Кейде анасы теріс қарап, көз жасын үнсіз сығымдап отыратын. Ондайда мұның өзегі қалтырап кетеді. «Жылаамашы, мама! – дейді ішінен, үнсіз түйіліп. – Мен өсейін. Бай боламыз, таршылық көрмейсің!»

## ҚАЙЫҢНЫҢ БЕЗИ

Жоқшылықтан ашынған бала басқаларда неге бар, бізде неге жоқ деп бірте-бірте қызыл көзденіп, айналасына өшпенділікпен қарай бастады. Оңай жатқанды қағып кететін, әлі жеткеннен тартып алатын әдет таптты. Сөйтіп, қиюы қашқан тағдырдың бұралаң жолы басталды.

Аш құрсақ төрт қарындасын қарық қылып, көршінің тауығының жұмыртқасын жеп отырған жерінде шешесі талай рет үстінен түсіп: «Бүйткенше аштан өлсеңші, жетпегірі!» деп таяққа жыққанда да ұрлығын қоймаған.

Бір бастап дәнiккен әдетiн тастай алмады. Жан бағудың жаңа, оңай тәсiлi табылғандай. Жалғыз шешесi емес, талай адамнан таяқ жедi. Итжанды едi. Аузы-мұрнын қан қылып тепкiлеп тастап кетсе де, шарбақтың түбiнде жатып-жатып сүйретiлiп түрегелетiн. Таяқ жеген сайын етi өлiп, қатая түстi. Үрей- қорқынышты бiлмейтiн өжет, қайсар боп өсiп келе жатты. Қайыңның безiндей денесi шымыр, қуатты һәм басқалардан артық, үстем болсам деген ой жанына тыныштық бермейтiн.

Қораның түкпiрiнде құм салып асып қойған кенеп қапты қолына шүберек орап ап ертелi-кеш түйгiштейтiн де жататын. Тоғызыншы класта жүргенде-ақ бүкiл ауылды уысында ұстады тыпыр еткiзбей. Ендi ұрлыққа қолын былғамайды. Бұл – басшы, көп – қосшы. Қасқабағын баққан бiр топ шайқасы бар: шетiнен сен тұр, мен атайын. Жылы мен жұмсақтың бәрi де осылардiкi. Ауылдың үлкен-кiшiсi түгел айбынады. Учасковыйға дейiн бұлармен дос, әмпәй. Өйтпесiне амалы қайсы. Бiр-екi рет қоқандағанда, қараңғыда ұстап алып өлiмшi қылып тепкiлеп, аузына арақ құйып кеткен. Алда-жалда жоғарыға шағынып, әдiлет iздегендердiң шөбi өргенедi, малы ұрланады, кiсiсi таяққа жығылады. Содан соң шағын ауыл «кәне, достар, тату-тәттi өмiр сүрейiкшi!» деп өзi-ақ ерiксiз қол созған.

Аз уақытта Базарғұлдың данқы бүкіл ауданға жайылды. Орыс деревняларында, станция басында тұратын азын-аулақ қазақтардың есе-тендік тиіп, көздері ашылды. Сәл жәбір көрсе, Базарғұлға «ойбай өлдік, қорлап жатыр!» деп танауы делдиіп шабарман жететін. Ондайда аялдау жоқ, қос-қостан мотоциклге мінгесіп дереу жорыққа аттанды. Иттеріне дейін шулатып, қайтып үндерін шығармастай қылып, қан қақсатып кететін.

Бірақ бұл дәурен ұзаққа созылған жоқ. Мектеп бітірісімен, жел айдаған қаңбақтай, әркім өз тағдырының жетегінде кетті. Бірі әскерге, бірі оқуға аттанды. Бұл да ұлы дүрмекке ілесіп, есек дәмемен Алматыға келген. Агрофакқа документ тапсырып еді, бірінші емтиханнан ұшып түсті. Ауылға қайтатын емес, жатақханасы бар болған соң, СМУ-ға орналасқан. Айлығы жақсы, тәп-тәуір жұмыс істеп жүрген. Аяқ астынан ұшынғаны.

Бір күні Орталық парктегі би алаңында қырғын төбелес болды. Мас еді, қалай кірісіп кеткенін білгені жоқ. Сирена ұлып, милиция қаптады да кетті. Алаңды тас қоршап құрсаудай қысып, төбелерінен мылтық атып, таякпен басқа-көзге төпелеп, ары-беріде-ақ жындарын қағып алған. Топырлатып шетінен темір қорапты машинаға тыққан. Талайы жараланып, бір адам мерт болыпты. Ішіне пышақ тыққан. Кейін тексере келгенде, пышақтың сабында мұның саусағының ізі бар боп шықты. «Бұл жала, кісіге пышақ жұмсайғындай қарақшы емеспін. Ұрсам тек жұдырықпен ұрамын» деп, қалай шырылдаса да кінәсіз екенін дәлелдей алған жоқ.

## АҚ ОРАМАЛ

Әуелі атамыз деді, одан он екі жылға түсіргенде, бостандыққа шыққандай қуанған. Он екі жылды мойнына іліп, тайгадан бір-ақ шыққан.

Бір темір есіктен кейін бір темір есік. Салдыр-күлдір ашылады, салдыр-күлдір жабылады. Тағы бір есіктің алдына келгенде, айдауыл қолындағы кісенді ағытып, ішке енгізді. Ту сыртынан темір есік сарт етіп жабылды. Суық та жат, белгісіз өмірдің босағасында тұр. Темекі мен тер, шуаш араласқан қолаңса, шірінді иіс мұңк етіп танау тілді. Ұзын бөлменің түкпірі көк түтінмен бұлдырап әзер шалынады. Қатар-қатар қойылған үш қабат нар. Лықыған адам. Антарылып сәл тұрып алға аттаған. Құлдырандаған екі жігіт жүгіріп шығып, табан астына ақ орамал төсей қойды. Бұл іркіліп қалды. Мұның тегін емес екенін сезіп, тез бойын жиып алды. Қалай істесе де жақпайтыны белгілі.

– Рахмет, жігіттер! – деді даусын ойнақыландырып. – Аяғым таза, бірақ сонда да сүртейін. Еденді жарқыратып жуып қойыпсыңдар.

Орамал қап-қара болғанша табанын үйкеп асықпай сүртті. Жалқак сары шар ете түсті:

– Ей, мұның не, шакал. Бұл бет сүртетін орамал емес пе?

– Сенің мына қырық күн жуылмаған бетіңнен менің табаным таза. Жиіркенбей-ақ қой.

– Не-е? Герой нашелся! – Екеуі екі жақтан өңмендеп келе жатыр. Базарғұл шегіне беріп екі қолын көтерді:

– Қойыңдар, жігіттер! Қонақты осылай қарсы ала ма екен?

– Былай қарсы алады! – Екеуі жұдырығын қатар сілтеп қалғанда, бұғып үлгірген. Екпіндерімен барып екеуі бірін-бірі беттен былш еткізді.

– Ештеңе етпейді! – деді Базарғұл қасын қағып. – Тәп-тәуір боксер болатын түрлерің бар.

– Ей, кто там наших обижают? – Бөлменің түкпіріндегі нардан төрт жігіт жерге секіріп-секіріп түсті. Төртеуі де тақыр бас, сом денелі. Талтандап теңселе басады. Зәресін ұшыра түсейік дегендей әдейі асықпайды.

Базарғұл лып еңкейіп, кірпіш табан етігінің ұлтанын желімдеп жаққан жігінен айырып жіберіп, шолақ сап қылдырықтай қандауыр суырып алды. Алматы СИЗО-сындағы ұстазы мықты болатын. Соның ақылымен салып алған. Екі жүзді, қылпып тұр. Скальпельден жонып шағындап арнайы жасаған. Қандауырдың қылтиған жүзін жарқ-жұрқ еткізіп оң қолын жоғары сермеді:

– Менің статьям – екі жүз елу бір. Кісі өлтірген адаммын. Мына пышақты көрдіңдер ме? Өлсем қолымда кетеді. Кәне, өлгілерің келгендерің жақындаңдар! Я – сын кровопица – степняка. В три года меня учили как зарезать барана. В пять лет сам зарезал жеребенка. А таких поганых как вы, мне раз плюнуть! Қане, қайсың батырсың, кел!

Күркіреп төніп келе жатқан төрт арыстан қалт тоқтады. Не істейміз дегендей бірі-біріне қарасты. Бұл нық басып алға аттап еді, төртеуі мысық боп бөкселері бұлғандап шегіне берді.

Жаңағы бір әзірде өзегі қалтырап әрі-сәрі күй кешкен. Енді бұның буыны бекіді. Қорлыққа көнгенше жастығымды ала жатайын деген қатал сұспен қатайып алды. Қимылы еркін, батыл. Уысына қысқан тебен инеден сәл ғана жалпақ қылдырықтай алмас көкірегіне көзсіз дүлейлік ұялатқандай. Қане, тағы қайсысың барсың дегендей, айналасына айдындана қарайды.

Іштеріндегі серкелерінің беті қайтқан соң, басқалары жым. Асықпай басып төр жаққа келді.

– Қонаққа сайлаған орындарын қайсы? – деді ойнақыланып.

– Бізде қонақ ана жақта жатады! – деді түкпірдегі төменгі нарда отырған бір қасқабас босаға жақты иегімен нұсқап.

– Ол жерге сен барасың! Қонақ төрде жатады. Бізде дәстүр солай.

– Не-е? – Қасқабас қоқиланып орнынан тұра берген, Базарғұл тебітіп жетіп барып, іштен бір тепкенде, екі бүктеліп еденге шарқ етті. Бүктеліп-созылып, ыңырысып біраз жатты да, сүйретіле түрегелген. Базарғұл:

– Қане, қоқысыңды жи да, зыт! – деген. Анау сөзге келген жоқ.

Базарғұл осы орынды қолай көрді. Мыналар қапысын тауып тарпа бассалғандай болса, қорғануға ыңғайлы. Арқасын қабырғаға тіресе, алдынан келгендерді көріп алады ғой.

Күндіз төтенше ештеңе бола қойған жоқ. Айбынып қалған. Ешкім батылы барып, соқтыға алмады. Түнде бәрібір қауіп ойлап, сақ жатты. Бір көзі жұмық, бір көзі ояу. Қандауыры қолында. Ара-арасында қалғып кетіп, қалғып кетіп селк етіп оянады.

Таң алдындағы әбден талықситын кез. Кенет әлдебір тықыр естілгендей болды. Бағанағы төртеу, көлеңкедей қалбандап аяғының ұшымен басып келеді. Біреуінің қолында жазып ұстаған одеял. Бетіне жауып жіберіп бассалмақ. Бұл қыбырсыз күйі, сыр берген жоқ. Ұйықтаған болып, естірте қорылдады. Өңмендеп төніп келгенде ұшып тұрды, естерін жиғызбай біреуін шаптан теуіп шалқасынан түсірді, екіншісін иек астынан баспен қаққан. Қалған екеуі тапырақтап каша жөнеліп еді, біреуін қуып жетіп, көк желкеден ұрып құлатты. Төртіншісіне қара саннан қандауыр ұрған. Шошқадай шынғырды. Жанұшырып нардың астына кіріп кетті. Құлап жатқан үшеуін тұрмастай қылып тағы бір-бір рет тепкілеп сілейтіп салды.

Апыр-топыр айғай-шудан камерадағылар дүрліге оянды. Шошынып, үрпиісе қарады. Ешкім ара түсіп, көмекке жүгірген жоқ. Әбден теперіш көріп зәредеп болған бейбақтар қайта «шоқ-шоқ, сауап болды» деп отырғандай.

Базарғұл орнына келіп жатты. Аналар біраздан кейін үздік-создық сүйретіліп жерден тұрды. Қираландай басып бұлынғыр түкпірге қарай беттеді. Базарғұл бәрібір көз ілген жоқ. Келген сәттен бастап әлдекім осының бәрін бақылап, ту сыртынан зілдене қарап тұрғандай.

Ертеңінде камера деп аталатын кішкентай мемлекеттің қожасы – пахан шақырған кешке қарай. Бір кездегі есіктің орнында, как төрде күмбезденген қуыс бар екен, тақуаның құжырасы сияқты. Қабырғаға үлкен ағаш крест ілінген. Бұрыштағы тумбочканың үстінде Михаил әулиенің бейнесі. Шашы дудыраған келісті еркек жайпак сафаның шетінде аяғын салбыратып отыр. Табан астына түкті кілемше төселген. Қапсағай, мығым денелі. Қабақ астына тығылып шегедей қадалған шегір көзі сұсты. Иегін қауып дөңгеленген қызыл мыстай қаба сақалына шашырап ақ жүгіріпті. Тік жаға қара вельвет көйлектің өңірі ашық. Кеудесіне шіркеудің суреті салыныпты. Жеті күмбезді, үстіне дөңгелетіп: «Не забуду мать родную!» деп жазылған.

Базарғұл таяй бергенде көлденең тұрған перденің бұрышынан кеңсірігі жапырайған, тәпелтек сары шыға келді жылмаң қағып. Қолына сыпырғышты балалайка сияқты ғып көлденең ұстап алған. Жеткен бойда бұған ұсынды:

– Ну-ка, сырай чо-нибудь для пахана. – Паханның көңілін көтеріп бірдеңе ойнап жіберші.

Бұл алған жоқ, бірақ сасқалақтап қалды. Сәл іркіліп барып:

– Сначала ты настрой! – Әуелі өзің құлақ күйін келтіріп бер! – деді қолынан итеріп. Жылмақай сары абдырап қожайынына қарады. Пахан зыт дегендей бір жақ қасының ұшын самарқау серпіді. Анау көзі қылиланып тайып тұрды.

Пахан отыр дегендей алдындағы жайдақ орындықты иегімен нұсқады. Қол ұсынды. Тарамысы білеу-білеу адырайған сом білек. Бығырайған бүкіс, қысқа саусақтар әлдебір қаһарлы құбыжықтың қанды шеңгелі сияқты. Сығымдай ұстап, уысын жазбай сілкілеп біраз тұрды. Бұл да осал емес. Талай тасырды тәубасына келтірген шой жұдырық. Оның қарымы темір болса, мұныкі – тас. Бір-бірінің тегеурінін танып барып жымдасқан уыстар жазылған. Паханның тереңге тығылған көзінің тұңғығынан бір жылы ұшқын жылт еткендей болды.

Екеуі біраз сөйлесті. Бәрін біліп отыр: қайдан келді, не үшін сотталды – түгел алақанында.

– Кешеден бері бакыладым. Алғашқы сынақтан өттің! Енді мына жерге жатасың, – деді оң қапталдағы нардың төменгі қабатын қолымен көрсетіп. – Қазір төсек-орыныңды салып береді. Бұл жерде бұрын менің көмекшім жатқан. Бір айдан бері бос тұр. Сенімді ақтамағаны үшін қатын қылып жібердік. Сен менің оң қолым боласың. Бұл жердің өз тәртіп-ережесі бар. Жата-жастана өзім үйретем. Тек менің айтқанымды ғана істейсің! – «Ұқтың ба?» дегендей тесіле қараған. Базарғұл:

– Күп! – деді.

– Ендеше бүгіннен бастап атың – Сыған болады. Түрің ұқсайды екен!

Базарғұл құптағандай жымыып қойды. Пахан тамағын кенеп жөткірінгендей болып еді, әлгіндегі жылмақай сары танауы жапырайып жетіп келді. Пахан үндеген жоқ. Столдың үстіндегі қарыстан ұзындау, бір ұшына темір қаптаған таяқшаны алып, қабырғаны екі рет тықтық ұрды. Арғы жақтағылар да жауап қатты. Содан соң таяқтың екі ұшымен алма-кезек тықылдатып «сөйлесе» бастаған. Не ұғып тұрғанын құдай білсін, жылмақай сары сәңірейген танауының етегі желпжелп етіп күліп жібергелі әзер тұр. Көзі ойнақшып-ойнақшып кетеді. Пахан «сөйлесіп» болып, сарыға қарады.

– Мен бүгін шаршап отырмын. Ерте жатамын. «Петухтардың» бірін шақырдым, әлгі кербезді. Кешкі тоғызда келеді. Мына Сығанға қызмет көрсетсін. Ендігі қожайының осы деп айт.

– Жарайды. – Тәпелтек сары бұған жымия бір қарап, жылыстай берді.

Пахан айтқан орынға келіп жайғасқан. Дәл бір Алматының мейманханасындағы төсектей. Кең, жайпақ тактаның үстіне жұмсақ матрац төселген. Ақшаңқаң кірлік. Құс жастық.

Сағат тоғызда тапал сары әлгі қызмет көрсетеді деген кісісін ертіп келді. Ол не қызмет екенін түсінген жоқ. Бірдеңеге көмектесер, жәрдемші болар деп ойлаған. Сақал-мұртын жылмитып қырған, орта бойлы, дембелше еркек. Есі ауысқан неме ме, көзін, аузын бояп алыпты. Қылымсып қарайды. Жүрісі де ерсі. Бөксесін томпайтып, мықынын ырғап басады. Тапал сары бас-аяғы жоқ:

– Міне, мынау сенікі! – деп жанына отырғызды да, тайып тұрды.

– Менің атым – Моша! – деді жіптей ғып жұлған имек қасын керіп. Дауысы жіңішке, жасанды, шіңкілдеп шығады. Үлбіреп көзін төңкереді. Жақындап иығын сүйеп, еркелей ме қалай? Бұл тіксініп шегініп кеткен. Ештеңе ұқпай аң-таң.

– Өзің орманнан ұстап әкелген аю сияқтысың ғой. Ештеңе білмейсің!

– Не білуім керек?

– Келген мейманды күтпей ме екен?

– Қайдағы мейман? Маған қызмет қылуға келген жоқсың ба?

– Е, қыламыз ғой. Әуелі дайындық керек емес пе?

– Қандай дайындық?

Моша былқ-сылқ еткен ыстық білегін мойнына тастай салған. Бұл не істерін білмей сасқалақтады. Қолын сол бойда сілкіп тастады. Мас

па деп ойлап иіс тартып еді, әтір мен далаптың иісінен басқа ештеңе білінбейді. Моша керіліп, белін бұрандатып ыңырана түсті.

– Өзің еркек болып көрмегенсің бе, немене? Бері жақындасаңшы. Енді былай... – Сумандаған қолы ышқырына сүнгіп кеткенде, Базарғұл тұлабойы түршігіп атып тұрған. Сонда барып «қызметтің» сырын түйсінді. Жиіркеніштен не істерін білмей булығып қалш-қалш етті:

– Жоғал! – деп бұлғандаған құйрығынан және бір тепті.

– Нахал!.. Хам!.. – деді Моша анадайға барып есін жиып, үсті-басын какқыштап жатып. – Бывает же такая грубость! Боже мой, какое не уважение! Какое унижение!..

Бұрын «түрмеде голубой, педераст дегендер болады екен. Милиция, сот, прокуратура қызметкерлерін, әйел зорлап түскендерді не іште жүріп ментке қызмет ететін сатқындарды түрмедегілер өз бетімен жазалап, көттақы, қатын ғып жібереді» дегенді шет-пұшпақтап еститін. Енді міне, соны өз көзімен көріп тұр.

Кейін білсе, Моша әйелінің еріп келген өгей қызымен әуейі болып сотталған мүскін екен. Қазір зонаның сыйлыларына ғана қызмет көрсететін кербез «тоқал» көрінеді. Былайғылардың қолы жетпейді. Осындай бағалы «товардан» бас тартқанына басқалар айран-асыр.

## ШЫМЫЛДЫҚ

«Үш күннен кейін тозаққа да үйренеді» дейді ғой. Бұл жер әмсе тозақ емес екен, әрине, бұл үшін. Ал кейбіреуге тозақтан да ары болуы мүмкін.

Аз уақыттың ішінде түрменің өміріне көндігіп кетті. Бірден пахан алқап өз саясын алған соң, көп қиындық көрген жоқ. Азғындық пен тозғындықтың шыңырауына шым батқан бейбақтарға қарап өзінің осы күніне шүкіршілік етеді. Жуан жұдырығының арқасында бұзып-жарып шыққан жоқ па. Әйтпесе қаншама сорлы қор болып жүр. Сыртқа шықса, сіңірі созылып, бәрі үшін жұмыс істейтіндер де солар; ішке кірсе, таяқ жеп, еріккендердің ермегі болатыны да солар.

Әнеукүнгі коқырандаған төртеуді бақайынан билетіп қызметке жегіп қойды. Бірі пахан екеуінің носкиін жуады. Бірі шай қайнатады.

Бостандығың шектеулі дегені болмаса, мұнда да қайнаған тірлік. Ауыс-күйіс. Қарбалас дүниенің шығыршығы шыр айналып жатады. Көзінен жасы кеппей қор болып осында құлдырандап жүргендердің бірі – біреудің жалғызы, біреудің сағына күткен аяулысы. Жүрегі езілген қайран ата-ана, ғазиз жар, олардан несін аясын. Ағылып келіп



жатқан сәлем-сауқат. Пәленшеге келді деген аты ғана. Шынтуайтында, бәрінің қожасы – пахан. Кімге не береді, қалай үлестіреді – өзі біледі.

Пахан алқаған аз ғана топтың айы оңынан. Тағамның тәттісі, киімнің жылысы – солардыкі. Ақша да, наша да осында. Қан базар, қызған сауда. Есірткіні голубойлар килограмдап құйрығына тығып кіргізеді. Есіктегі күзетшіден төрдегі төреге дейін бәрінің ым-жымы бір. Пахан қолдарын майлап отырған соң мұндайға бір көзін қысып қарайды, әлбетте.

Қанша жерден қарын тоқ, уайым жоқ дегенмен, бостандыққа не жетсін. Бір ырғақты сұрқай тірлік. Қолдан жасаған қызықтың буы ет пен терінің арасындағы желіктей ғана, тез жалықтырады. Бәрібір еркін күндерінді ойлап құлазисың.

Мерзімнің үштен бірін өтегенде, тәртібі жақсы деген желеумен жалпы режимге көшірген. Пахан тілдей хат жазып берді. Зонаның қожайыны жылы шыраймен қарсы алды. Соның шарапаты ма, әлде кездейсоқтық па, жарты айдан соң азық-түлік қоймасына жүк тасушы ғып жіберді. Келімді-кетімді машина көбейген күні қара терге түседі. Кейде саябыр. Кешке казармаға қойны-қоншын темекі, қант-шайға толтырып қайтады. Братва қарық.

Қойма бастығы – отызды орталап қалған толықша хохолушка. Жуан бөксе, тұнжыраған жасыл көз. Алғашқыда қатал көрінген. Сөзге сараң. Ананы әкел, мынаны апар деп бұйырғаннан артық әңгімеге бармайды. Тек әредік көздері оқыс түйісіп қалғанда, әжімсіз, ақ торғын жүзінен әлдебір жылы ұшқын жүгіріп өткендей болады. Кейде иықтары жанасып кетсе, денелерін тоқ ұрғандай бір-біріне жалт қарасатыны бар. Ондай күні келіншектің қолы ашық. Темекі, шайды уыстап қалтасына салып береді.

Бір күні: «құм шекер салынған қаптарды санаймыз және су тигені бар ма екен, тексерейік» деді. Темір шатырмен дөңгелетіп жабылған биік төбелі қойманың бір шетін теңкиген кенеп қаптар түгел алып жатыр. Текше-текше сатыланып, биіктеп кете береді. Әр саты екі қатардан қаланған.

Базарғұл келіншекті әр текшеге қолынан тартып шығарады. Зілдей. Аяғын жоғары созған сайын юбкасының етегі қара санына дейін ысырылып, екі-үш ұмтылып әрең көтеріледі. Әлде ұялғаннан, әлде зорланып күш салғаннан жүзіне қан теуіп қып-қызыл боп кетеді. Баспалдақтап шығып, төбеге таяп қалған. Кенет, келіншекті қолынан тартам дегенде салмағына шыдамай аяғы тайып омақаса құлағаны. Екеуі апаш-құпаш айқасып төмен қарай домалай жөнелді. Едендегі тақтай сәкінің үстіне барып бір-ақ тоқтады.

Келіншектің астында үйелеп қалды. Жалпайып жатып алыпты. Тұра қоятын емес. Бір жерін ауырсынып, қозғала алмай жатыр ма деп ойлаған. Жалма-жан бұлқынып үстінен аударып тастап, ұшып тұрған.

Келіншек те созалаңдап орнынан көтерілді. Екі бетінің ұшы албыраған алау. Көкірегі бір көтеріліп, бір басылып алқынып тұр. Жазыл көздері маздаған шырақ, тесіле қарайды. Әлдене дегісі келетіндей. Бұл сипалақтап абыржып қалды. Ештеңеге түсінген жоқ. Әйел жанарының жалынымен шарпып бас-аяғын өжеттене тінтіклеген сайын берекесі қашты. Не кетерін, не осылай тұра берерін білмейді.

Әрі-сәрі қанша арбасқандары белгісіз, бір уақытта келіншектің жанарындағы лапылдаған от жалп етіп сөнді. Жүзі суынып, көздері көк мұзға айналып бара жатты. Сілкіне жалт бұрылып жүре берді.

Сол күні келіншек мұны иттей ғып жұмысқа салды. Тыныштық берген жоқ бір сәт те. Мынаны анда, ананы мұнда тасы дейді. Керегі жоқ нәрсені істеткізеді. Дем алдырмаудың амалы. Дұп-дұрыс текшелеулі тұрған қап-қап күріштің қалауын бұздырып, басқа бір жаққа апарып үйгізді. Оның орнына ат шаптырым қойманың екінші бір түкпіріндегі макарон жәшіктерін төбеге тіретіп отырып, сатылап жиғызды. Әй, жалғыз өзі кешке дейін он машинаның жүгін тасыған шығар. Қан сорпасы шықты. Қараңғы түсе күндегі қойны-қоншына толтыратын олжаның бірі де жоқ, сілікпесін сүйреп қазармаға әрең жеткен.

Сыз қабақ салқындық жарты айдай созылды. Бірақ бір күні келіншек аяқ астынан майдай еріді. Түс әлеті еді. «Шай ішейік» деп, қойманың түкпіріндегі бөлмесіне шақырды. Столдың үстін жайнатып тастады: ет, балық консервілері, тұздалған кияр, аузын газетпен тығындаған армян коньягі, аздап қана ішілген. Қырлы стакандарға орталап құйып, тартып-тартып жібергеннен кейін дүние басқа реңге боялып, бөлме ішінде қызыл-жасыл сәулелі елестер көшіп жүргендей болды.

Коньяктің қан-күрең бояуы бұрқ етіп келіншектің бетіне шапты. Көздері жарқ-жұрқ ойнап күлімдей береді. Мұның да бойын еркіндік биледі. Маңдайы тершіп балбырап отыр. Екеуі өткен-кеткендерін айтып, араларына көңілдің әлдебір нәзік алтын жіпшелері тартылғандай, емін-жарқын шүйіркелесуге көшкен.

Жалғыз басты екен. Күйеуі маскүнем болған соң ажырасып кетіпті. Сегіз жасар қызы Кишеневтағы шешесінің қолында көрінеді. Өзі зонаның іргесіндегі қалашықта жалғыз тұрады екен. Сібірдің айлығы жақсы, біраз қор жиған соң, оңтүстікке тартып кетем дейді. Бір уақытта келіншек:

– Тү-у, ыссылап кеттім ғой! – деп орнынан лып етіп тұрды. – Халатымды киіп алайын. Теріс қарап отыр, жарай ма?

Бұл басын изеді. Бөлменің төр жағындағы сым керіп, шығырға іліп қойған жарма шымылдықты екі жағынан сырғыта тартып жапты. Бұл отырған бөлікке алакөбең көленке үйездеді.

– Қараушы болма! – деді келіншек сұқ саусағын безеп. Көзінде бір сиқырлы сайтан күлкі ойнақшып, шымылдықтың жабығынан кіріп бара жатты. Шымылдык жұп-жұқа үлбіреген, ашық түсті мата. Көзден көлегейлеп, қалқа болары шамалы. Бұл қараңғы жақта, келіншек терезеден құйылған ақ тасқын жарықтың өтінде. Шымылдыққа шапталған сұлба экрандағы кадр сияқты ап-айқын.

Бұл қайбір мәдениетті, көргенді адам. Келіншектің бұйрығы жайында қалды. Екі көзі шымылдықта. Әйел шешіне бастады. Үр жаланастанды. Қайта киінуге асығар емес. Қырын қарап, екі қолын котеріп, басын шалқайта, саусақтарымен шашын ұзақ тарақтады. Төңкерілген кәседей тоқ емшектері тік-тік, үрпі шошайып дір-дір етеді. Солқылдаған қылдырық бел, жуан сан. Сәлден соң теріс бұрылды. Төңкерілген бөксесі жыртылып-айрылып еңкейген күйі жерден бірдеңе іздеп жатыр. Базарғұлдың жүрегі тулап аузына тығылды. Көзі қылиланып, есі шығып кетті. Ақыл-сабырға жеңсік бермес бойынан алапат бір тағылық ояңған.

Қалай орнынан ұшып тұрғанын білген жоқ. Тынысы бітіп алқынып барады. Бір дүлей арсыздық қол-аяғын жерге тигізбей дедектетіп сүйрей жөнелген. Шымылдықты жабығынан қақ жарып кіріп барды да, тұлабойы тулап, күйіп-жанған әппақ келіншекті аш белінен шап беріп үстіне қона кеткен...

Кең даланың бір түкпірінде қуаты бойына сыймай арқыраған кара айғыр мен құла байтал бір-бірімен оқырана табысты. Құла байтал айғырды емексітіп көп әуреледі. Бұлталақтап біресе оң жағына, біресе сол жағына шығады. Жалымен алқымын сүйкеп өтеді арлы-берлі. Назданып, еркелегені. Қашқалақтаған сайын айғыр оқыранып ұмтыла түседі. Ойын ұзап бара жатқанға айғыр ызаланды. Мойнын төмен соза, құлағын жымқыра ұмтылып еді, мысынан сескенген құла байтал қалт тұра қалып, денесі дір-дір етіп жерге сарып-сарып жіберді. Қара айғыр шоқтығынан шайнап тұқыртып тұрып, үстіне бір-ақ қарғыған. Салмақтап сілкіп-сілкіп қалғанда тегеурініне шыдамай құла байтал тұмсығымен жер сүзе омақасты...

Содан жеті жыл бойы екеуі әуейі болды. Наташа ажарына мінезі сайп сүйкімді әйел еді. Бір-біріне әбден бауыр басып кетті. Бұл мерзімін соңғы сағатына дейін өтеп, бостандыққа шыққанда, Наташаның зона сыртындағы үйінде екеуі армансыз мауықтарын басып бір апта жатқан. Кетерінде мойнына асылып, сынсып әзер босатқан. Қайтып

кел, осы жерде жұмыс істейсің, бірге тұрамыз, не болмаса хат жазып хабарыңды бер, жердің түбінде болсаң да іздеп барамын деген. Бұл да қимап еді. Қайтып ораламын, бақытты, қызықты сәттерді әлі талай жалғастырамыз деп ойлаған. Бірақ өмірдің асау толқыны бұл ұмтылған жағаға жеткізбей, қақпайлап өз ағысымен шыр дөңгелек үйіріп алып кетті.

## САНИТАР

Еркіндікке шыққанмен, бәрібір өз еркі өзінде емес. Зонадан шығарда пахан «Братваға қызмет етесің, он екі жыл бауырларың асырап бақты, ендігі кезек сенікі» деген. Соның тапсыруымен Ставропольдегі Баронға келді. Батасын алмақ.

Саусағының арасындағы татуировканы көрсеткен. Жүдеу өнді, қаба сақалы кеудесін жауып, мүгедек арбасында мүлгіп отырған сыз қабақ, сары шал алакөзін жарқ етіп ашып, басын изеді. Стол үстіндегі жез қоңырауды қағып еді, желкесі күжірейген қара жігіт кіріп келді.

– Мейман демалсын. Күтіндер! – деді. Сол-ақ екен, қол-аяғы жерге тиген жоқ. Шыт-жаңа ғып киіндірді, саунаға апарды. Жатқан жері – люкс. Күн сайын бірінен-бірі өткен бұраңбел бикештер келіп көңілін көтереді.

Екі аптадан соң жылтыр қара туфли, қара костюм, ақ көйлек киіп сылаң қағып кіріп келе жатқан сұңғақ бойлы жігітке Барон қабақ астынан қарап жымыып қойды. Екеуі оңашада кофені қайта-қайта демдеп ішіп, ұзақ әңгімелескен. Алматыға баратын болды, ондағы топ әлсіз екен, соны басқарып жұмысын жандандырмақ.

Тәрде отырған алакөз шал астындағы арбасын дөңгелетіп есікке дейін барды да шығырды шыр айналдыра кері бұрылып, бұған төніп келіп тоқтады.

– Бүгіннен бастап бауырластар әулетінің мүшесі болдың. Оның ережелерін бұлжытпай орындауға ант етесің бе? – деді кірпік қақпай бетіне қадалып. Бұл орнынан ұшып тұрды. Екі қолын жанына ұстап, сымша тартылып тұра қалды:

– Ант етемін!

Барон столдың бір шетінде тұрған, бетінде кресі ырсиған қалың, қоңыр кітапқа көз қиығымен қарап қойды.

– Жарайды, саған Библияны ұстатпай-ақ қояйын. Оным зорлық болар, өйткені сен христиан емессің ғой.

– Дәл солай.

– Еркектік сөзіңе сенейін. Ендеше әулеттің тәртіп-міндетін ұғып ал: бұдан былайғы жерде сенде ата-ана, туыс-туған деген болмайды, олар үшін жоқ адамсың, өлгенсің... Ескі таныстармен байланысыңды біржолата тый. Ендігі туысың да, танысың да тек Братва. Некелеспейсің, бала сүймейсің. Әлбетте, ойна, күл, сайранда!..

Сөйтіп Алматыға бөтен ат, басқа паспортпен келген. Алғашқыда көп киналды. Тәжірибесі аз, бөтен орта, аңыз бағып, аңдап баспасан киын. Қырық пышақ қырқысқан ұсақ топтардың басын құрап, үлкен күшке айналдырғанша екі жылдай уақыт өтті. Есесіне жұдырықтай жұмылған тас-түйін топ құрды. Әрқайсысы өз ісіне әбден жетілген, шетінен жырынды, айлакер, әккі. Қалтаға түсер ұсақ ұрыдан бастап қару асынған қандықол қарақшыға дейін бар. Жеке-жеке топ, тарам-тарам тамыр жайып, аз уақытта ұлы шаһардың тұлабойын буып алды. Сот, милиция, тағы басқа қажетті мекемелердің көбімен жең ұшынан жалғасып жатыр.

Ашкөз, қорқақ, сатқындар қайда да бар емес пе. Буда-буда қызыл қағаз салынған чемоданның қақпағын бір жарқ еткізіп ашып, жаба салсаң, көбінің көзі өзі-ақ күлімдеп қоя береді. Оған көнбейтін басы асауларды жуасытудың жолы оңай. Өзін, не баласы мен әйелінің бірінің зәресін алсаң бітті, сылқ ете түседі. Содан соң мұрнын тескен тайлақты бұйдасынан тартып, қалаған жағына жетелей бер.

Кейде телевизорды қосқанда мінбеден тершіген маңдайын ормалымен майпоздай сүртіп қойып: «Біз, тәртіп сақшылары, әлемдегі ең гуманды, ең әділ советтік заңның әр әрпін бұлжытпай орындай отырып, қоғам өміріндегі кез келген келеңсіз құбылысқа қарсы ымырасыз майдан ашып келеміз!..» деп, алақанынан жем жеп жүрген кейбір үйретінді сұрқылтайлардың бұғағы салбырап сұңқылдап тұрғанын көргенде мырс-мырс күлетін. Сайрай түс, сандуғашым, дейтін.

Мұның бандасы қатыгездігімен, айласы асқан жырындылығымен аты шықты. Қылмыс әлемінде беделді топтың біріне айналды. Сығанның адамдары десе, төбе шаштары тік тұратын. Есің болса, сұрағанын беріп құтыл. Қарсыласқанды қансыратып қиратып кетеді.

Есірткіні де құлағынан сүйреп Алматыға әкелген – Сыған. Таңсық көріп, түтінін сорып, иіскеп дәмін алған ұлы шаһар енді құныға аңсап, тықыршып Сығанның қолына жаутандайтын болды.

Құмартушы көп, жастар арасына тұмаудай тарады, тіпті мектеп оқушыларына дейін шарпыған. Шудың сорасы, Заравшаннан тамтұмдап жететін көк нәр мардымсыз, аңқасы кеуіп, өкпесін қағып әкел-әкел деп анталаған мындаған қолдың қайсысына жетсін. Бәсін қалай аспандатсаң да қаны жерге тамбайды. Сөйтіп жүргенде

Ауған соғысы басталып, ыспор ағайындармен тез тіл табысты. Апта сайын ұшақпен келіп жататын мырыш табыттар талай шанырақты күңіреніп қасырет әкелсе, солардың кейбірі бұларға көл-көсір байлық әкелетін. Ана жақтағылар белгі соғып, бос табытқа героин, апиын толтырып жіберетін, болмаса мәйіттің ішек-қарынның орнына салып, тігіп тастайтын. Ондай «сәлемдемені» талай рет түнделетіп көр қазып алғандары бар.

Айтты-айтпады бұл бір дәурен еді-ау. Бұрынғыдай лаң салып, атыс- шабысқа бармай, тыныш саудамен-ақ кеңірдектен мелдектеген. Бірақ мысыққа күнде той емес, сол екі ортада заман өзгеріп, Горбачевтың «Қайта құруы» басталды. Ауызға ерік берілген соң, анау Сахаров деген қисық бастан бастап көк езу депутаттар Горбачев байқұсты тықсырып: «Ауған соғысы – совет одағының бетіне басылған қара таңба. Балаларымызды мағынасыз қанды қасапқа салып жатырмыз. Тез арада соғыс токтатылсын!» деп ұрандаумен болды.

Ақыры совет әскері Ауған жерінен әкетілді. Темір табыттар тыйылды. Миллиондаған айналымдарға үйреніп, жемсаулары кеңіп қалған бұларға қиын соқты. Істері тоқырап қатты күйзелді. Қарақшылық, ұрлық-қарлық анандай ағыл-тегіл табыстың ширегін толтыруға жарай ма.

Базарғұл апталап, айлап ойланды. Не істеу керек? Бір түйір меңдуана үшін жанын беруге әзір мыңдаған клиенттен қалай айрылмақ? Тығырықтан шығар не жол бар?..

Алтын кілтті қолына ұстататын әлденені соқыр түйсікпен сезетіндей. Оп-оңай, күнделікті көріп жүрген қарапайым-ақ нәрсе сияқты. Бірақ ол не? Басы қатты. Ойлай-ойлай ақыры тапты. Сібірдің ну орманында жазды күні өлген мал мен анды маса-шіркей талап екі-үш күнде етін жеп қояды екен. Саңғырлаған қу қаңқа ғана қалады. Масаның уы сіңген сүйекті тайганың балгерлері безгек, сүзекті емдейтін дәрі ретінде қолданатын көрінеді. Әуелі осы ойына оралды. Содан кейін ертеде қазақтардың ауруы меңдеп әлсіреген, қартайған адамдарға ермен, қызылмия жеген қойдың сүйегін қайнатып, сорпасын беретіні есіне түсті. Демек, ішкен су, жеген тамақтың нәрі сүйекке сіңіп жиналады деген сөз. Ендеше сүйекті неге пайдаланбасқа?

Осы ой көкейіне қонақтасымен, бір итті екі ай бойы есірткі беріп арнайы бақты. Күніне бірнеше рет укол соғып, тамағына да қосты. Кейін сойған соң сүйегін кептіріп ұнтақ жасаған. Лабораторияға тексергенде ұнтақтың құрамында отыз процент есірткі бар боп шықты. Олай болса, бес, он жыл бойы есірткі қолданып жүргендер, біраз уақыт дозасын күшейтіп инеге ұстасан, дайын тұрған сапалы шикізаттың өзі емес пе!

Базарғұл екі алақанын ысқылап, жаңа іске жаныға кірісіп кетті. Жүрегі шіміркенген жоқ. Қайта игілікті іс жасап жатқандай сезінетін. Қасқыр киіктің табынға ере алмайтын ақсақ-тоқсақ әлсізін, індет тарататын ауруын жейді емес пе. Мұның ісі де сол сияқты. «Мен – санитармын, адамзат қауымын қоқыстан тазартамын, – дейтін өз көңілін алдарқатып. – Болашағы жоқ, азып-тозған сілімтіктерден не пайда? Тезірек кететін жеріне кеткені жөн».

## ЕСКІ ТАМ

Базарғұл сонау он жеті жасында кеткеннен ауылға қайтып ат ізін салмап еді. Тек жақында ғана барды. Онда да жасырын. Бейшара анасы қайта-қайта түсіне кіріп мазалай берген соң, көн боп қатқан сезімсіз көңілін бір әлсіздік билеп, түсініксіз аңсармен амалсыз жолға шыққан.

Баяғыда Баронға берген анты бойынша, Алматыға келісімен, туыс-туған, таныс-білістерінің арасына өзін өлді деп лақап таратқан. Содан бері бұл олар үшін жоқ, о дүниелік адам. Әйткенмен анасы, қарындастары таршылық көрген жоқ. Бұл өз адамдары арқылы оларға үнемі ақша жіберіп тұрды. «Біз Базарғұл марқұмның достары едік. Көз жұмарында артымдағы туыстарыма қарайласып тұрындар деп өсиет етіп еді. Өмір бойы енді шама-шарқымыз келгенше осылай көмектесіп тұрамыз» дейді. Байқұс анасының сондағы аңырап-зарлағанын көрсең! «О, Құдайым, бұл боқ дүниені мен не қыламын! – деп ұсынған ақшаны алмай шашып жібереді екен. – Төбемнен төмен алтын құйса да, құлынымның қара тырнағына татыр ма! Бүйтіп зарлатып қойғанша мені неге алмайсың, неге жалғызымның алдында кетпедім? Көзі жоқ соқыр, аяғы жоқ ақсақ болса да бір көрсетпедің ғой көзіме. Не жатқан жері де жоқ, сүйегі қайда қалғаны белгісіз. Ең болмаса, топырағын көрсем, көңілім суыр ма еді! Жо-жоқ, сенбеймін, бір жерде жүрген сияқты, бір күні келіп қалатын сияқты. Бұлай сорлататындай не жазығым бар еді, Жасаған ием-ау!»

Әр жолы осы. Жіберген кісілері қабақтары түсіп жабырқап келетін.

Естуінше, төрт қарындасының да бағы ашылмапты. Оқи алмай, ерте тұрмысқа шығып, балабасты боп отырып қалған. Күйеулері бірінен-бірі өткен. Бірі – ез, екіншісі – жалқау, үшіншісі – алқаш, төртіншісі – мүгедек. Бұл жіберген ақшаны алғанда олар да жылайтын көрінеді. Риза болғаннан. «Айналайын, ағамыздың өзі болмаса да аруағы асырап жатыр. Ол болмағанда қайтер едік!» деп көздерін сығымдайды екен.

Базарғұл қасына екі жігіт ертіп, ескі «уазикпен» жолға шыққан. Анасы дөң басындағы сол баяғы үйде отыр екен. Алқа-салқа тозған. Іргесі жауын шайып, жел жеп кеміктеніп құлағалы тұр. Лапас астында аузы күйелеш сол ескі жерошак, сылағы түскен камыс қора, бұтақтары тарбия жайылған кәрі үйеңкі... Бәрі көзіне оттай басылды. Бала күннің сағынышты елестері ауланың әр тұсынан мөлдірей қарап, мұнайып тұрғандай.

Обалы нешік, совхоз басшылары: жаңа салынған үйдің біріне көшіп алыңыз деген екен, апасы көнбепті. «Кәрі саулықтың жасындай жасым қалды, жаңа үйге кіргеннен жасарып кетпеспін. Жақсы-жаманды күндерім өткен, үйреншікті үйім ғой. Балаларымның иісі сіңген, әр бұрышына қолдары тиген, дауыстарын естіп тұрғандай болам. Енді қанша жүрер дейсің. Жаман шалым екеуіміз балшығын жалаңаяқ илеп, өз қолымызбен соғып едік, олай-бұлай боп кетсем, осы үйдің босағасынан шығайын!» депті.

Анасы әбден қартайыпты. Еңселі денесі мына ескі тамдай мүжіліп шөгіп кетіпті. Сарысу ұстаған тізесі сықырлап, аяғын әрең басады ілбіп. Бір көзін шел қаптаған, ақшырайып тұр. Екінші көзі де нашар, алақанымен қабағын қалқалап, бұл не нәрсе дегендей сығырайып ұзақ қарайды. «Базарғұлдың досымыз» деген соң қалбалақтап кетті.

– Әй, Алма, шай қойып жібер, қалқам! – деді.

Он екі-он үштер шамасындағы, арқасына түскен жалғыз бұрымының ұшына ақ бантик таққан үшкір тұмсық, сүйкімді сары қыз лып етіп босаға жақтағы месқарын жез самаурынға жабысты. Оттығына кигізген ескі керзі етікті алып, су құйды да, нәп-нәзік белі бүгіле еңкендей көтеріп сыртқа шығып кетті. Кіші қарындасының ортаншы қызы екен. Әжесінің қолғанаты. Тамағын пісіріп, кірін жуып, ес болып қасында жүр.

Бұл танымасын деп сақтанып, басына сары парик киіп, көзіне жарты бетін жапқан қара көзілдірік тағып алған. Үндемейді. Андасанда достарының сөзін құптаған боп бас изеп қана қояды.

– Екеуіңді шырамыттым, қарақтарым, – деді апасы жайғасып отырғаннан кейін. – Мына баланы танымадым ғой?

– Бұл да Базарғұлдың досы.

– Е, айналайын-ай, ат-көлік аман жүрсің бе?.. Сөйлемейді ғой, ұқпай ма?

– Иә.

– Орыс па?

– Иә.

– Орыс болса да жақсы бала екен. Аман-іздрәсти, айналайын. Қарош, қарош...



Базарғұл күлкісін салбыраған сақал-мұртына көміп әзер отыр.

Жігіттер газетке ораған бір буда ақша ұсынды. Кемпір кері итерді:

– Керегі жоқ, айналайын. Соқа басыма не жетпей жатыр?

– Жок, апа, болмайды, алыңыз!

– Мұны қайтем? Қант-шайым бар, көйлегім бүтін, өлсем, ахиретім дайын. Әкеліп жатырсындар, әкеліп жатсындар... керегі не мұның? Өне, бір сандық болмаса да жартысы толды.

– Қызықсыз, апа, ақша керегі жоқ дегенді сізден естідік. Артықтығы жоқ, тұра берсін. Базарғұлдың алдында берген сертіміз бар, бұл – біздің парызымыз. Алмасаңыз ренжиміз.

– Әй, қарақтарым-ай, өздеріңнің де бала-шағаларың бар емес пе, солардың аузынан жырып обал ғой...

Кірі баттасқан ескі алашаның үстінде арлы-берлі бірнеше рейс жасап барып тоқтаған буманы кемпір ақыры құлықсыз алып, қасындағы сандықтың үстіне қойды.

Дастархан жасалынды. Тақ-тұқ, жұтаң. Қара шай, қант, қатып қалған бөлке нан, сары май. Баяғы бала кездегі жоқ-жітік дастарханды еске түсіреді. Ол кезде жоқ болды, қазір ше? Таршылықтан зардап шегіп запы болып қалған алақан бәрібір ашылмайды екен ғой.

Апасы жалғыз көзін сығырайтып дастарханға қарап біраз отырды да:

– Ойбу, ұмытып кетіппін ғой! – деп орнынан төрт аяқтап әрен көтерілді. Темір кереуеттің үстіне текшелеп жинаған көрпелердің қатпарын сипалап жүріп бір шөлмек «Экстра» суырып алды да, дастарханның шетіне қойды. – Адыра қалғыр, Карбашов ит басына төгілген арақты да құртып қойды емес пе. Емге таба алмайсың. Тіземе жағам ба деп сақтап жүр едім...

– Рахмет, апа, біз ішпейміз...

– Жок, қуыс үйден тышқан мұрнын қанатпай шыққандарың ұят болар. Осы күнгінің қойы да, марқасы да осы емес пе!..

Шайдан кейін де оны-мұныны сөз қылып біраз отырған. Апасы сандыққа арқасын сүйеп, басы салбырап бір сәт қалғып кеткендей. Кенет өзімен-өзі сөйлескендей күбірлей бастады:

– Ой, Алла, Базарымның иісі қайдан шығады? Сол, дәл сол иіс. Танауымды жарып барады ғой, тіпті. Жо-жок, өлді дегенге сенбеймін, бір жерде тірі жүрген сияқты құлыным. Мені ойлап отыр ма, әлде келіп қалар ма екен? Омырауым неге шымырлап барады?..

Базарғұлдың талай жылдан бері қара тас боп қатып қалған жүрегі ерік бермей оқыс бұлқына жөнелсін. Кеңсірігі ашыды.

Ары қарай отыра беру қауіпті еді. Достарын тізеден нұқып, үнсіз орнынан тұрған.

Сарыжағал тартқан жым-жырт жазық дала машинаның бауырына дөңгелене кіріп, қалып барады. Бұлтты аспанның етегі салбырап, төніректі тұмшалап алған. Күңгірт тартып тымырсықтанып тұр.

Базарғұл артқы орындыққа шалқалаған күйі сұлық түсіп жатты да қойды. Ойқыл-тойқыл жонда «уазиктің» ресоры солқылдап, түйгіштеген сайын денесі зат толтырған қаптай арлы-берлі аунақшиды. Көзі жұмулы. Иегі кекжиіп, қарасұр жүзі сұс жинап қатып қалған.

Өз-өзінен бор кеміктеніп, бойын бір әлсіздік биледі. Бұған дейін бетпе-бет келмеген жат, күйрек сезім. Көкірегін тастүйін ұстап тұрған болат серіппе босап кеткендей. «Осым не тірлік? – деді іштей қыстығып. – Ең аяғы туған анамның көзіне көрінуге де жарамаймын. Бүйтіп тірі жүргеннен шынында да өлгенім артық емес пе! Міне, елуге аяқ басты. Әлі күнге дейін сопиған соқа басы. Бауыры жылып бала сүйген жоқ. Жар құшағын білмейді, қызығын да, қызуын да сезген емес. Бір күндік сайқалдармен әуейіленіп жынын басқанға мәз. Олардың қылығы да, ләззаты да төлеген ақының өтеуі ғана, мөлшерлі, сатулы. Ойлап отырса, өмірі – өмір емес, жиіркенішті бірдене. Ылғи бір қорқынышты құбыжық елестердің тізбегі. Атты, тонады, зорлады, зар жылатты. Міне, енді ақырында өзі жылады, бәрінен тоналып құр қалған, бәрінен қор болған өзі болып шықты. Осы өмірінде не бітірді? Артына қараса, түк жоқ, тақыр-таза. Торғайдай тамағы мен иығына ілер бір қабат киімді көше сыпырса да табар еді ғой!»

Сол күннен бастап түн баласында ұйқыдан қалды. Көзі ілініп кетсе болды, қорқынышты түс енеді хәм ылғи да бір түс.

Баяғыда бала кезінде тындаған ертектегі жезтырнақ екен дейді. Әр қолында он саусақ, тырнақтары сап-сары, біздеі үшкір. Бүкіл денесін жүн басқан, жыланбасты, ұшатын құбыжық. Қап-қара тұңғиықтан суырылып шығады да, саусақтарын жыбырлата созып, айыр тілін жылт-жылт сумандатып қалықтап келіп үстіне қона кетеді. Алқымына жабысады. Бұлқынған сайын буындырып қыса түседі. Содан жан өне шықты, міне шықты арпалысып жатып оянады. Өне бойы қалшылдап қара терге малшынған. Жүрегін үрей билеп, жанын қоярға жер таппай аласұрады. Қайтып ұйқы жоқ. Кірпігі айқасып кетсе болды, тағы да сол сурет. Ұйқы мен ояудың арасында талықсып, есеңгіреп отырып:

– Жазығым не, бүйтіп қинайтындай? – дейді Жаратқанға жалынышпен.

– Жазығың не екенін білмейсің бе? – дейді әлгі құбыжық қайтадан көз алдында тіріліп, кекете мырс еткендей.

– Сен өзі кімсің?

– Мен – сенің жаналғышыңмын. Әзірейілмін. Қаншама адамды зарлатып, қиянат жасап келесің. Мен солардың көз жасы мен қарғысынан жаратылғанмын.

– Ендеше неге жанымды алмайсың? Өлтіре сал, тезірек.

– Жо-жоқ, дәмең зор екен. Өле салу сен үшін үлкен рахат қой. Мен сені қинап, көресінді көрсетіп барып өлтіремін. Шыбын жаныңды шырқыратамын. Қасырет шеккеннің не екенін көр.

Қорқынышты үкім күмбірлеп алыстан құлағына шалына ма, әлде ми қатпарында сапырылысқан сансыз күдіктің жаңғырығы ма – белгісіз. Дел-сал сандырақ хал. Мұны Жаратушы Хақ жіберген нышандай, басына келген зауалдай түйсінді. Бұрынғы сауық-сайран, бейғам, рахат сезімнен ада. Көкірегін үрей кеулеп, бәрінен баз кешті. Сөйтіп, жаны қысылғанда Құдай аузына түскен. Таң атып бермес қараңғы түндерде түсінен шошып оянып, қара сүмекке түсіп қалш-қалш етіп отырғанда білетін дұғасын тынымсыз сыбырлап Жаратқаннан медет сұрайды. Құдайдың кешпейтін күнәсі жоқ дейді. Әй, қайдам, мұныкін кеше қояр ма екен? Қылмысты жасап-жасап алып, кешір дегенге кеше салса, Жаратқандыкі неткен кең пейілділік. Көңілінің бір түкпірінде бәрібір дүдәмәл күмән тұрады. Бірақ сонда да Хақ та-галаға жалбарынғанын тоқтатпайды. Жұма құрғатпай мешітке барады. Ғаріптерге риза қылып молынан садақа береді. Міне, өстіп аз-ақ күнде ізгі мұсылман боп шыға келген.

## ФИЛОСОФИЯ

Сыған сәнге ұстаған имек бас, жылтыр таяғымен былқылдаған асфальтті үнсіз нұқып, баптана басып жолдан өтті. Жайлап сырғып келіп жанына тоқтай қалған ақ сылаң «Волганын» бүйірі үңірейе ашылған. Сыған кекжиген басын иместен әуелі аяғын салып кабинаға бір қырындай снді. Сарт жабылған есікпен ышқынған газдың дыбысы қатар шығып, машина орнынан ата жөнелді. Сыған тұнжырап отыр. Салбыраған мұртының шалғыларын алма-кезек ширатады. Мұсылмандық бір парызымды өтедім дейтіндей емес, қайта осының бәрі мүттәйім саудагерлік сияқты. Әлгіндегі қақпа алдындағы қайыршылардың жамырай айтқан алғыс-батасын сана түкпіріндегі әлдекімдердің сарнап қарғап-сілеген дауысы басып кететіндей. Ешнәрсе жақпайды, бар нәрсе мәнсіз. Үңірейген көкірегін немен толтырарын білмей пұшайман. Қарадай шытынап ширығып отыр.

Қарсыдан төгілген күн нұрына сүңгіп, қос ақ «Волга» кең проспектімен іркес-іркес жүйткіп келеді. Жүру тәртібін сақтап мөлшер-

лі жылдамдықпен қозғалған машиналар қос қапталда қылт-қылт етіп қалып жатыр. Кабинаның терезесінен үрейлене, кіжіне қараған жүздер. «Мыналардың есі дұрыс па-ей өзі» дейтіндей. Клаксонды боздата басып светафордан өте шығады. Іркіліс жоқ. Кенет келесі бір қиылыстан жарыққа қарамай өте бергенде, ГАИ-дің машинасы тұр екен, фуражжасы қоқырайған бір жаман старшина алатаяғын шошайтып, шырылдата ысқырып, жер-дүниені басына көтерсін. Бұлар пысқырсын ба, тізгін тартпай сол күйі зымырай берген.

Старшина сүмендеп сондарынан қалса кәне. Машинаға міне салып іздерінен қуды. Кімдердің светафордан тоқтамай өтетінін білмей ме? Топас сорлы. Жаңа тұрған біреу болса керек иіс алмас. Ана хайуан ескертпеген ғой шамасы. Сиренасын азан-қазан ұлытып өңмендеп келеді. Біраз егестен кейін бұлар жүрістерін баяулатты. Жақындап келсін деген. Онсыз да сіркесі су көтермей отырған Сығанның қаны басына шапшыды. Бірақ орындыққа шалқалаған күйі тырп еткен жоқ. Анау жанаса бере мегафонмен саңқылдап жолды кес-кестеді:

– 77-77 нөмірлі ақ «Волга», бұйырамын, оңға қарай ығысып, жедел түрде тоқтаңыз!

Рульдегі шойқара көзі қанталап Сығанға қарады:

– Қағып жіберейін бе?

Сыған басын болар-болмас шайқады:

– Тоқта! – Содан соң кабинадағы радио телефонның құлағын асығыс бұрап-бұрап жіберді де, тұтқаны құлағына тосты. – Әй, шошқа, сен жемді не үшін жеп жүрсін? – деді зіркілдеп. – Ана бок қарнынды қорс еткізіп бір-ақ жарам! Шенің не еді сенің, полковник пе? Пагоныңды жұлып алып, көтіңнен бір-ақ тебем сенің. Ана алдындағы аяғы көктен келген қара таздың кебін кигің келе ме?.. Жазығым не, айтып өлтір дейсің бе? Не болушы еді, мына бір шешенді ұрайын... көргенсіз, надан машинамызды тоқтатып жолымыздан қалдырды. Менің машинамы танымаса, андағы жерде сен неғып отырсың ербиіп? Сендер-ақ жүйкені тоздырып бітірдіңдер. Мә, өзің сөйлес! – Екі иығынан демалып, тебітіп жетіп келген старшинаға тұтқаны ұстата салған. Тұтқаны кергіп, селқос құлағына апарған старшина арғы жақтағы дауысты ести сала селк етіп, бойын тіктеп алды. Жылтыраған түйме көздері алайып шекесіне шығып барады.

– Тыңдап тұрмын, жо-жолдас полковник! – деді тұтығып – фамилиям ба? Қа-қалай еді?.. Қы – Қырғызбаев... Жетінші постыдамын... – Телефонды тыңдаған күйі беті айран-ботқа мың құбылып біраз тұрды да: – Құп болады, жолдас полковник! – деп тұтқаны тұғырына қондырды. Есеңгіреп қалғандай көнтек еріндері бір-біріне жуыспай дір-дір етеді: – Ағалар, кешіріңіздер! – деді дауысы құмығып. – Білмей қалыппын.

Сыған жүзі сұрланып теріс қарады. Шойқара өңмендей басып қасына келген:

- Ей, малғұн, мына нөмірге неге қарамайсың?
- Ешкім айтқан жоқ.
- Айтудың керегі не? Өзің білуің керек.
- Мұндайды қайдан білейін.

– Ендеше біліміңді жетілдір! – Шойқара шынтағымен бауыр тұсынан түйіп қалған. Старшина екі бүктеліп, етпетінен түсті. Аузынан қанды көбік лақ ете түсті.

Сыған көзін жұмып, кірлік арасынан осының бәріне селқос қарап отыр. «Өз қолыммен істеп жатқан жоқпын ғой, мейлі. Басқаға тоқтау салу міндетім емес» деді өзін алдарқатып. Тақуа боп, тәубаға келгеннен бергі табан тіреген философиясы.

Ақ «Волга» ышқына арылдап, артқы дөңгелектері асфальттің бетімен түтін шығара шыр айналып, орнынан ата жөнелді.

## ҒҰННЫҢ СОҒҒЫ ТҰЯҒЫ ҺӘМ ЧЕРКЕС БИ

### ҚАСҚАЛДАҚТЫҢ ҚАНЫ

**Ү**шінші курс студенттерінің практикалық сабағын өткізіп болған соң, лабораторияны бекітіп, кетейін деп жатқан. Қолынан кілті түсіп кетіп, алғалы еңкейе бергені сол еді:

– Мәс-саған, мына кара шаңырақтың кенжесі «жол қарап» жатыр ғой білгендей-ақ. Міне, келдік-келдік. Тұр «зеңбірегінді» кеземей! – деп дарылдаған дауыс тар дәлізді басына көтерді. Аңырып, еңсе тіктеуге шамасы келмей еңкейген күйі бұтының арасынан алақ-жұлақ қараған. Шолақ дәліздің қаға берісінде қалшыып қос көлеңке тұр ұзынды-қысқалы. – Мынау төрт аяқтап жүретін болған ба, немене? Қағбана тағзым етіп болсаң, тұр енді! – деді әлгі дауыс тағы да бос бөшкедей даңғырлап.

Басын көтеріп жалт қараса – Биназар! Атының ұқсастығынан ба, әлде шыбыққа тізілген омыртқадай сылдыраған қу сүйек, ұзын денесінен бе, әйтеуір оны көрген жерде Биназар емес, динозавр деген сөз еріксіз тіл ұшына оратыла кететін. Сол әдетімен:

– О, Динозавр! – деді құшақтамаса да құлашын жая хош көңіл танытып. – Қай музейден «тіріліп» кеп тұрсын!

– Ой, қасқа-ай, мен өстіп анда-санда «тіріліп» кеп тұрмасам, күнің не болар еді? – деді Динозавр жүз ғасыр өткен кәрі сүйектей темекі ыстаған сойдақ тістерін түбіне дейін көрсете ыржиып. – Енді музейде тұратын адам міне, мына Қосекен! – Биназар кара көлеңкеде ақсифан тісі мен көйлегінің өңірі ғана сыналанып ағарып тұрған

Қосымханға қарай иек қақты. – Тарихта есімі қалатын данышпан! Қолын алып қой.

– Оу, не боп қалды? – деді әңгіменің түтінін тани алмаған бұл қолын берер-бермесін білмей. – Айтып өлтірсеңдерші?

– Не болушы еді? Қосекең бүгін ғылыми кеңестен өтті.

– О, ерлепсің ғой, бауырым. Құтты болсын!.. Ақ түйенің қарыны жарылды деп бірден сүйінші сұраудың орнына, қайдағы көр-жерді көйітіп, әй, Динозавр, сен де!.. – Бұл апалақтаған күйі, «кәне, қашан құттықтайсың?» дегендей, орнында тапжылмай сіресе қалған төртпак Қосымханды қапсыра құшақтап, арқасынан қақты. Шала үрленген резинка қапшық сияқты денесі былқ-сылқ. Тапырақтап құшақтауын құшақтағанмен іле сүйкімсіз әлденені ұстай алғандай жиырылып, қолын жалма-жан тартып ала қойды. Бірақ онысын білдірген жоқ. – Ал, не тұрыс? Ішке кіріңдер! – деген тұтқаны жұлқи тартып. Айқара ашылған есіктен лақ етіп жылтыр паркетке төгілген шаршы жарықтың жиегіне аяғын малып тұрған екеу тапжылар емес.

– Жоқ, – деді Биназар жарықтан көзін қалқалағандай қолын жоғары көтеріп. – Пейіліне тойдық, семірдік. Сенің құтханаңда құтылардың бос тұрмайтынын білеміз. Тәжірибеге берген спирттен қағып-соғып қымқырғаныңа су қосып лаждасаң да құр ауыз жібермейсің ғой. Бірақ бүгін ондайға ауыз былғап қайтеміз. Қосекең күнде мырза бола берер деймісің. Жүр, әйда, есігіңді жап!

Сөзіңді біреу сөйлеп берсе, аузың қышып бара ма – Қосекеңде ләм жоқ. «Әне, біз солаймыз, біліп қойды» сездіре, сүзеген бұқадай қабақ астынан сүзе қарады да, желкесі күдістеніп, сыздап, ырғатыла басып шығар есікке беттеді. Жазған құлда шаршау бар ма, Динозавр арбиған денесіне үйлеспейтін ұшқалақтықпен бет-аузын ойнақшытып қутыңдап, бұл кежегесінен кері тартса да өзін-өзі зорға камшылап – екеуі іркес-тіркес соңынан ерген.

Сыртта жылтыр сұр «Жигули» күтіп тұр екен, бұлар баспалдақтан түсер-түспестен сырғып кеп, алдарына көлденеңдей берді.

Көк түтін қолқасын атып, көзін ашытып барады. Өлгенде көрген бір той дегендей, орындыққа шалқалай сұлап бұрқыратып отырған Динозавр баяғы. Бардочоктың үстіндегі қорабы жаңа ашылған сары құйрық «Медеудін» арасын үзбей екіншісін тұтатты осымен. «Кеңсірігін құрт жеп бара жатқандай боздатуын пәтшағардың. Темекі басқаныкі болғанмен, денсаулық өзімдікі ғой деп неге ойламайды екен!»

Терезенің әйнегін жартылай түсіріп еді, ішке лап қойған екпінді, шымыр самал бет-аузын аймалап, бірден тынысын кеңітті. Бұралаң-бұрмасы аз кең көшеге шыққан машина бауырын еркін жазып

көсілтіп келеді. Жол жиегіндегі сидиған дарақтар қылт-қылт қамшы сілтеп қалып жатыр.

Көзі алдыңғы орындықта сүйей салған бір қап ұндай қимылсыз қаздиып отырған Қосымханға түсті. Бұғы мойын, қушық бас. Басы бас емес, мойынның жалғасы сияқты. Желкесіне жиди біткен күлгін шаштың әр талы сояу-сояу тікірейіп тұр. Жылт-жылт термен тұтаса бөрткен майлы құйқаны көруі мұң, танауын әлдебір күлімсі иіс ұрғандай, басын шалт көтеріп, шегініп отырды. Үстінде ақ көйлек, мөлт кара костюм, қылғындыра таққан жіңішке жылан құйрық, жылтыр галстук. Ректордан бастап кіші ғылыми қызметкерге дейін, инкубатордан шыққандай, қысы-жазы сықиып үстерінен тастамайтын униформа. Бұның да енді сол санатқа қосылдым, ғалым болдым деген түрі ме. Тұлпардың терісін жамылғанға тұлпар боп кетем дей ме екен көк есек! Ақ көйлек киіп шырғиған сенің не тенің, әуелі мойныңның кірін кетіріп алмайсың ба. Әне, жағасын қарашы, жиегі күйемен сызғандай әдіптеліп тұрған. Құдай біледі, таңертең ғана крахмалданып, үтіктен шыққан ақ көйлек қой. Тфу, осы ит жылына қанша рет суға түседі екен...

Тоқта, тоқта танауыңды өйтіп тыржитпа. Бахтияр екенің рас болса, қазір-ақ екі-үш рюмканы төңкерген соң сол мойыннан қапсыра құшақтарсың; «ой, Қосекем, ерім-ай!» деп арқасынан қағасың. Міне, ең жиіркенішті осы! Жиіркенгіш болсаң, өзіңнен жиіркен әуелі.

Әне-міне дегенше қала сыртына да іліккен екен, сылаң қаққан сұр «Жигули» сынаптай сырғып кеп, күре жолдың қалтарысындағы шоколад түстес әдемі үйдің алдына тоқтады. Кәдімгі атышулы «Ақ қайың» рестораны. Сырттай естігені болмаса, көріп тұрғаны осы.

Қоянжон жотаның етегін кертіп қана жайғасқан қуыршақтай қоңыр үй, есік-терезе, шатырдың кенересіне дейін оюланған. Айнала ақ қармен астасқан ақ балтыр қайың, етегі дөңгеленген жасыл шырша. Ағаш арасынан жайылған елік-бұғының тас мүсіні қылаңытады. Бейне ертегілер еліндегі қалашыққа келіп тұрғандайсың.

Қосымхан: «Ішкендерге көз сағып босқа гастрит боласың. Кете бер, қайтар кезде телефондармын» деп шофер жігітті арқадан қақты да, қайқандап алға түсті.

Тілше-тілше жылтыр тақташалардан қиып жасаған жарма есіктің сықырсыз сырғи ашылғаны мұң, арғы жағынан үздіге, сиқырлана сыбырлап Алла Пугачева «Миллион, миллион ал қызыл раушанмен» қарсы алды. Көз қуантып көгілжім нұрға бөккен кең зал. Төбедегі дөңгеленген шаңырақтай шамдалдың асты шақырайған жарық та, алыстаған сайын көк торғын қабырғаға жұтылып күңгірттене береді екен. Ірге жақта отырғандардың кіреукеленіп сұлбасы ғана



бұлаңытады. Тағам мен шарап, әтірдің хош иісіне тұншыққан ауада магнитофоннан төгілген әнмен араласып назды күлкі, рюмка сыңғыры ию-кию қалықтап жүр.

Отырғандардың көбі көз таныс болса керек, былқылдаған көкала кілем бойымен кең залды қақ жарып төр жақтағы шеткі үстелге жеткенше сәлем ишаратымен оң қапталдан да, сол қапталдан да бастар изеліп, қолдар елбірей көтеріліп жатты. Ілтифат иесі Қосымхан болғанмен, бәріне жалпақтап әлекке түскен – Биназар. «Құтты орынға» қонғанша тізген сүйектей арбиған денесін иіп-бүгіп, бас шұлғып әбден шаршап бітті.

Қайыңның діні сияқтандырып сырланған, шеңберіне құлаш жетпес жуан бетон тіреудің қалтарысындағы онаша үстелге кеп жайғасқан. Дыр-дудан окшау, терезенің алды. Келгендердің бірден көз құрты түсетін-ақ орын, тек слюда тактайшадағы бадырайған «по заказу» деген қызыл жазу ғана қызғыштай қорып тұр екен. Көк жолақ дастарханның үстіне көз қарықтырар әппақ орамал конус сияқты үшкілдене оралып үш жерге қойылыпты – көк мұхитта қалықтаған айсберг тәрізді.

Құйрығы орындықты иіскер-иіскеместен Қосымхан қыл мойын графинді қылғындыра ұстап, күрең сусынды стаканға қылқылқ шүпілдете құйды да, демалмастан бір-ақ тартты. «Ой, жан-ай!» деді галстугін босатып. Содан кейін желке тұсындағы қызыл перде тұтылған есікке бір қырын бұрылып саусағын сытырлата белгі берген. Іле қызыл шымылдық қақ жарылып, қияқ мұртты, қараторы әдемі жігіт жылмаңдап шыға келді. Жете бере, құшақтай алатындай құлашын керіп тұра қалды да:

– О, хан! – деді алтын аптаған отыз тісін түгел көрсетіп. Сәлем ишарасымен бұларға да басын изеді. Хал-жағдай сұрасқан соң:

– Мына жігіттер – менің ең жақын достарым, – деді Қосымхан иегін көтеріп.

– О, хан, сіздің досыңыз көп қой!

– Жок, бұлардың орны бөлек.

– Алдыңғы күні келген меймандар сияқты ма?

– Одан да мәртебелі.

– Ұқтым-ұқтым! – Ибәлі жігіт сыртын бермей, иілген қалпы аяқ ұшынан жорғалай шегініп, шымылдық артына сүнгіп кетті.

Түрлі тағаммен жайнап шыға келген дастарханның шетіне ең соңында қылмойын қос графин жайғасты. Ток бүйірі ортадан елі жоғары күрең белдеуленіп тұр. Түсі қоюлауын мойнынан ұстап Қосымхан:

– Мынау «Наполеон» деген «көкеміз» болады, – деді. – Француз коньягі. Ал, мынау – ежелгі дос, армян ағайынның дәмі.

Биназар еміне түсіп, ернін жалап-жалап қойды:

– Япыр-ай, бес минутсыз кандидаттың арқасында түсімізге кірмеген француздың да дәмін тататын болдық қой. Ең болмаса түрін көрейін, бөтелкесімен неге әкелмеді?

– Өйтуге болмайды, – деді Қосымхан, бағасын арттырғаны ма, әлде шыны сол ма, қабағын қайшылап. – Қасқалдақтың қанындай қасықтап тамызып таныстарына ғана тығып беріп отырған дүние. Мына анталаған көгөнкөздер көріп қойса, пәле емес пе, бізге неге әкелмейсің, тоқалдан туыппыз ба деп төбесінен құй қазсын.

– А, сондай кілтипаны бар де!

– Ежелгі жау – атыспаққа жақсы. Армяндікінен бастаймыз ба, қалай? – деді Қосымхан әңгімеге араласпай сұлық отырған Бахтиярға бұрылып.

– Палуанға оңы да бір, солы да бір. Қай бетіне қарағаннан бастай бер.

– Жоқ! – деді Биназар алақан қырымен ауаны көлбей кескілеп. – «Наполеон» тұрғанда, армян-сармянмен ауыз былғап қайтеміз. Құй мықтыңнан!

Қосымхан иегін бір сипап, қулана жымыды:

– Онда армян коньягімен рюмканы шайып, «Наполеонды» ішейік.

Биназар тағы шар ете түсті:

– Тек, оның астамшылық болады. Есіл дүниені рәсуа қып. Біздің жаман аузымызға не тазалық керек?.. Құя бер!

«Наполеонның» аты айбынды болғанмен, заты жуас екен. От қапқандай өзегінді өртеп түсетін орыстың ащы суындай емес, сәл шым еткізгенмен ашуы тіл ұшынан арыға аспайды. Тандайға жағымды, жұп-жұмсақ. Жанға жайлы ыстық бір толқын шымырлай жайылып, жүйке-жүйкенді балқытып бара жатқандай ма қалай?

Құлқын құрғырды қойсайшы. Құлдың жүрегіне барар жол асқазанын басып өтеді дейтін сөз рас екен ғой. Әйтпесе жаңа ғана Қосымханның күллі тірлігінен түңіліп, жерге түкірген жиіркенішті сезімі қайда, сайқал қатындай табан астында жалт бергені ме?

Түлкі құрсақ екі бейшара көз арбап, танау қытықтаған ток дастарханның буына елітіп отырып, жел сөзді оңды-солды қалай боратқанын білген жоқ. Биназар екеуі бірінен-бірі асырып мақтасын Қосекенді. Одан өткен мәрт, одан өткен жомарт жоқ; болашақта талай асуды алар алғыр ойлы ғалым да сол, үлкен-кішіге бірдей жұғымды асыл азамат та сол... «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады. Қосекең расында хас жүйрік екен. Біз сияқты пақырлар қаншама жыл алақағаз кеміріп тырбандаса да, төбе көрсетпеген кандидаттықты,

күдай қаласа, міне, бір жарым жылда-ақ қалпақпен қағып алайын деп отыр. Талант пен талап ұштасқанда, міне осындай болмақ!..» деп, ақ киізге салып, біраз аспанға лақтырып-лақтырып алған.

Биназарды қайдам, бір ғажабы, Бахтияр осының бәрін шын көңілімен айтты, «тіфу, тіфу, атасына нәлет, неткен екіжүзді пасықтық сілі!» деп өзінен-өзі жиіренген жоқ.

Көл-көсір мақтау буынына түсіп, шынымен-ақ сондай екенмін деп ойлады ма, кеңсірігіне кергі біткен танауы одан ары таңырайған Қосымхан отырған жері ойылып кетердей сыздап, сызылды да қалды; орындыққа шалқалаған күйі мойнын бұрмастан, оң қолын маңғаздана жоғары көтеріп, саусағын сытырлатқан. Қызыл шымылдықты мойнына іле әлгіндегі қияқ мұртты жылмақай даяшы «ләббай, тақсыр» деп жетіп келді. Құлағына әлдене деп сыбырлап еді, анау басын үсті-үстіне шұлғи шегініп, шымылдық артына сүңгіп кетті де, аялдамастан екі қолымен екі қазмойын графинді қылғындыра ұстап қайта шықты.

### **ЖЫН МІНІП, ШАЙТАН ҚАМШЫЛАП**

Жау түсіргендей асығып бір емес екі шөлмектің аяғын аспаннан келтіріп жіберді әне-міне дегенше. Жарты жаһанды жаулап алған «Наполеонға» төтеп беру қайда. Алғаш сыр берген – Қосекең. Семіз жылқының шабына жабысқан каракенедей бет-аузы быртыып күреңітіп барады. Оған қарағанда қырып алар қызылы жоқ, қақпыш Биназар мен Бахтиярдың жағдайы көш ілгері – чемпион болмаса да бұл майданның талай додасын бастан өткерген жырындылар ғой.

Екі бетінің арасына кіріп кеткен май мұрнын алақанымен укалап-укалап жіберіп Қосымхан еңіретте есінеп тастады.

– Бәрін қойып, жігіттер, өлең айтайықшы! – деді орындығын сықырлата қозғалақтап. – «Қайдасың, қалқамды».

– «Қалқам» көп қой, – деді Биназар сыңар езуінде сыздықтаған көк түтіннің арғы жағынан қуақы көзі жылтың етіп. – Осы күнде ән біткеннің бәрі – «Қалқам», «Еркем», «Сәулешім»... Қайсының жоғалтқан «қалқасы»? Хасанғалиевтікі ме?

– «Түйенің танығаны – жапырақ!» – Қосекең ренжіп қалды. – Хасанғалиевтен басқа ән шығаратын адам жоқ-ау деймін сендер үшін! Қойлыбай Көпбаев деген композиторды естімеп пе едіңдер? Өте талантты жас. Соның жақында шығарған әні. Өлеңі – менікі!

– Е, анау болды ғой!.. – Биназар нені меңзегені белгісіз, жұмбақ дауыспен қасын серпіп, стол бетін шерткіледі. Оған мән берген Қосымхан жоқ, май танауының етегі делдиіп, кішкентай көздерін ежірейтіп, «мына ән емес пе» дегендей, ыңылдай жөнелді:

– Ля-ля-ля, ля-ля-ля... – Өз ыңылына өзі балқып, отырған орнында арлы-берлі шайқалақтаған күйі дауысын көтере созды:

– Қайдасың, қалқам?

Іздедім сені.

Сарғайған күзгі бақтардан...

Бахтияр көзін жұмып, орындығына шалқалады. «Итіңнің тәп-тәуір дауысы бар, қоңыр-барқын. Әннің әуезі де құлаққа жағымды. Композитор байқұс мына өлеңсымақ бәлдір-батпаққа қалай қиды екен? Әлде сөз қадырын, әлде өз қадырын білмейтін біреу ме? «Ұялмаған – өлеңшінің» қойыртпағы. Миллион мәрте қайталанған жауыр сөз, жылымшы тіркес. Қазір-қазір... «Бақтардан» кейін «Ақ таңнан», «Шақтардан» кетеді шұбырып.»

Жыны қозып, жүрек айныр шатпақты естімес үшін екі құлағын тас бітеп алмақшы еді, Құдай оңдап, ондай күйге жеткізбеді – сол сәт желке тұсынан суық қармап қарлыққан тарғыл дауыс түбі түскен шелектей даңғырлап қоя бергені:

*– Мұндамын, қалқам! Іздеме мені  
Қураған күңгірт бақтардан.  
Ізде сен әсем залдардан  
Күлкісін күміс ақтарған;  
Рюмкалар сыңғырлап,  
Күн астында тіл қатқан;  
Сиқырлы саз, бал шарап  
Жүректерді жыратқан...*

– Бастырмалатып төгіп-төгіп жіберді.

Жалт қараса, желке тұсынан үнірейе төніп балбал тас тұр, жо-жоқ, мың жылдық ұйқысынан жаңа оянып, мына тосын да бейтаныс дүниеге таңырқай қараған ежелгі жауынгер ғұнның ұрпағы: шодырайған шықшыт шетінде, қалың етті ұстара ұшымен сәл ғана шетіп қойғандай, көздің мезіреті жылтырайды. Сұйық, шолақ қастың бірі жоғары, бірі төмен. Жиегі қайрылған дүрдүк еріннің етегіне жиди біткен бес-алты жирен қыл «мұрт деген көкең біз боламыз» деп, әр талы әр жаққа қарап едірейеді...

Табиғат шебердің осынау қайталанбас туындысына тұғыр болған жалпақ, бұжыр бет сүйіп алардай сүйіспеншілікпен бар мейірімін төге

жыбырлай жайылып төніп келеді: «осы отырған үшеуіңнің қайсынды бұрын құшақтасам екен, а?» дейтіндей.

Ғұн болмақ түгілі жын болса да Қосымхан тайсалатын емес, екі қолын көкке көтере, ыржия күліп, орнынан ұшып тұрды:

– О-о, Әбішкен! Ассалаумағалейкум!

– Уағалейкумассалам!

– Хал-жағдайыңыз нешік?

– Сәлем бердің – болды. Жағдай сұрап нең бар? Егер басым ауырып тұр десем, қайтер едің?

– Сол да сөз боп па, ауырып тұрса – жазамыз. Теуіп-теуіп, ойылмаған жерге отыра қалыңыз, қанеки.

– Пай-пай, Қосекен біздің қашан көрсең де сарқырап аққан бұлақ қой. Тұнығына бас қой да сіміре бер! – Бұжыр бет салдырлаған күйі жағалай қол беріп, бөксесімен қаға-маға қорбандап барып, стол шетіндегі бос тұрған орындыққа бір қап денесін сылқ еткізіп тастай салды.

– Мына жігіт – Әбекең, Әбішкен Қайыров деген замандас болады, – деді Қосымхан екі досын таныстырған соң қонақ жаққа иек қағып. – Қазақтың қазіргі мықты ақындарының бірі.

– Қой, таста! – деп анау ыршып түсті. – Ондай күпір сөзді қайтесің?

– Несі күпір? «Дауылдай» дастанның авторын мықты демей, кімді мықты дейміз.

– Бәрібір лауреат емеспіз, сен сияқты.

– Мен өзімді осалмын деп отырған жоқпын ғой! – Қосекен шалқалап леки күліп алды да, қонағын құрғақ сөзбен қаңтармай, рюмкеге шүпілдете шарап құйып, алдына қарай ысырды. – Қане, Әбеке, тартып жібер.

Әбекең тартынған жоқ, өте бір жауапты іс атқаратындай, бетіне сұс жинап:

– Ал, жігіттер, аман болайықшы-ау! – деп добалдай саусақтарымен шымшып ұстаған құртақандай рюмканы аузына төңкере салды да, «не іштім өзі?» дегендей көзі жыпылықтап, бетін тыржитты: – Жыпжылымшы бірдене ғой, дәм-татуы жоқ?

– Ойбай-ау, бұл «Наполеон» ғой! – деді Қосымхан шар етіп.

– Е-е, солай ма? Біздің жаман ауызға оны қор қылғанша, басқа бірдене жоқ па, қышқылдау?

– Міне, армян коньягін құйайын!

– Жоқ, «итгің ішіне сары май жақпайды». Үйреніскен өзіміздің кисық мойыннан бір жүз грамм болса...

Қосымхан екі сөзге келген жоқ, саусағын сытырлатып, даяшыға көкмойнақ шөлмек алғызды. Әй-шайға қарамай апыл-ғұпыл сипама

кәсені тартып жіберіп еді, бұжыр беттің әр шұңқырынан бармақтай-бармақтай тер боталап шыға келді.

– Уһ! – деді жаны бір шексіз рахатқа бөккендей ыңырысып. – Қосекем-ау, сенсің ғой жалғыз менің жанымды түсінетін. Басқа кім бар, кім?

– Не боп қалды сонша күңіреніп. Құрдас аман ба өзі, әйтеуір?

– Аман. Жау алушы ма еді ол зәнталақты! Айра-жайра боп отырған шығар жері кеңіп!

– Жері кеңігені қалай? – деді Қосымхан тақымдап. – «Жилплощадынды» өзгертіп жіберіп пе едің?

Анау бейтаныс екеуіне айтсам ба, айтпасам ба деген екіұшты оймен ыңғайсыздана бір қарап алды да, қинала-қинала мұңын шаға бастады. Айтып отырса, оның әйелінен өткен бетпақ, қайырымсыз, топас жер бетінде жоқ. Адам жанын түсінбейтін көрбілте.

– Қатын – жау! – деп жерді теуіп-теуіп қалғанда, үстел үстіндегі шыны-аяқ «оның рас-рас» дегендей, сылдырлап, секіріп-секіріп кетті.

Ақын жаны бірде – көл, бірде – шөл емес пе, анда-санда бір «еркелегенін» көтере алмайды екен. Сәби көңілі шалқып, кенеріне сыймай асып-тасып келгенде, екі рет «дебошир» деп, милицияға жетектетіп жіберіпті. Қаламақы әкелгенде, сөмке асынып, дүкеннен томпаңдап картоп-сәбіз тасығанда ғана жақсы. Оларға ештеңе ойламайтын, қарны тойса – болды, мұрны пысылдап арбасын өңкендеп өрге тарта беретін көңтері қара өгіз керек.

Келеден шыққан соңғы бір күні шайқалақтап, ән салып келгенінде босағаның аузында қос мықынын таянып тұрып алып: «Шашымыздың осы ағарғаны да жетер. Қане, бөстегінді көтер де қайқай!» деп қара чемоданын қолына ұстатыпты. Содан бері бір жазушының дачасында жатады екен. Әрі күзетші.

– Іргеде ғана. Шөлдегенде осылай қарай құлдилай салам, – деп сөз арасында осы күніне бір жағынан бек ризашылығын да білдіріп қойды.

Құйғанын суытпай сол бойда қағып сап, өзі жын мініп, шайтан камшылап келген кісі, дауысы іріленіп, көтеріліп бара жатқан соң, ши шығармасын деп іш жиы ма, кезекті рюмкасын сарқып тастап, бері қарай сырғыта бергенде, Қосымхан:

– Әбеке, қалай, тағы құяйын ба? – деп қипақтап еді, пәлеге қалғаны. Жұлып алғандай табан астында:

– *Менің атым – Әбішкен.  
Ай астында шалқалап,*

*Жақсы-жайсаң қолқалап,  
Тағы құйса, тағы ішкем! –*

деп тіл ұшына үйіріле кеткен шумақты аһ деген демдей сыртқа атып жіберді де, көзін ежірейтіп бүре тиіссін:

– Сен не, сұрап беретін болғанбысың? Бұрын тағы құйайын ба демей, тағы іш деуші ең. Әнін өзгеріпті. Әрине, есегің судан өтті, енді не кыласың бізді?..

– Жаздық-жаңылдық, Әбекесі! Арақты аяп отырғам жоқ, сізді аяп отырмын...

– Бұрын неге аямадың? Кетпен шабатын – біз, «Жұлдыз» тағатын – сіз! Ха-ха-ха, қандай керемет, а?.. Тарт аяғыңды. Тормоз емес менің аяғым, Қанша басқаныңмен тоқтамаймын!..

– То-о! – Қосымхан шок басқандай ыршып тұрды. Ызаланғаны ма, абдырағаны ма – белгісіз, жүзі қуарып шыға келді. – Әңгімеде береке қалмады. Жүріндер, таза ауаға шығып, іші-сыртымызды жел қақтырып келейік.

– Менің ішім таза! – Ғұнның қыңыр ұрпағы қос шынтақтап столдың шетінде жатып алды. Қайтадан жалп етіп отыра кетудің ретін таппай кипақтаған Қосымхан алара бір қарап алды да, сыртын беріп есікке қарай емпендей жөнелді.

«Мен, міне, маспын, сенің оттағаныңның бірін де санам саралап жатқан жоқ» дегені ме, өтірік-шыны белгісіз, шайқалақтап барады. «Асын ішіп отырған адамымызды жалғыз жібергеніміз қалай болады, бір жерде жығылып қап жүрер» деді ме, Биназар елп етіп артынан ере кетті. Жете бере сұрамшақ қолын алға созған, Қосымхан бұрылмастан иығынан асырып «Қазақстан» қорабын ұсынды.

## АҚ ҚҰС

Зал ішін гитараның майда-қоңыр сұңқылы тербеп тұр. Қайран «Чинито!» Сиқырлы саусақ астынан бұлықсып шыққан құдыретті саз жүректі шабақтап, әлдебір тәтті мұңға жетелегендей. Ай астын ұйтқыған көгілжім сәуле кезіп жүр.

Түйе құстың жұмыртқасындай сом, жұмыр иегін алақанына тіреген күйі Әбішкен сұсын сала шақшиып, қарсысындағы Бахтиярға қадалды. Мас адамның алақұйын сезім шарпысқан жындысүрей көзі емес, тұнық, ой ұялаған байсалды жанар. Қараңғыда маздап жанған шырақ тіліндей қос қарашығы ұшқын атып лыпыл қағады.

– Oh, майшабақ, майшабақ! – Жалғыз-ақ шайнап жұта салғысы келгендей тамсанып айтты. – Мына ысқаяқтың жезқармағына қайдан ілігіп жүрсің?

«Бұл сығырдың кісінің ішіндегісін көретін сиқырлы дүрбісі бар ма?» Әлдеқандай боп дүрдіп отырғанда құнын бес-ақ тиын ғып абыройын төккендей, абдырап қалды Бахтияр. Рас, сондай едім, деп бас шұлғитын емес:

– Өңгіменіздің түтіні теріс шалқып барады, Әбеке! – деді арықтығын білдірмей сыртқа жүнін күдірейтіп. – Біз – дос-жар адамдармыз. Бір жерде жұмыс істейміз.

– Дос деген қасиетті сөздің қадірін түсіріп қайтесің бұл жерде. Кенеп дорбаға тыққан бізіннің ұшы шошайып тұр ғой, бауырым. Ондай кісіде дос болмайды, керек адам ғана болады.

Арғы жағы былқылдап тұрған соң Бахтияр өжектеген жоқ.

– Көңіліңіз бір атым насыбайдан қалған соң, солай дейтін боларсыз, – деді келісімге бергісіз қарсылық айтқан болып. – Әйтпесе, Қосекенді ондайға қимаймыз.

– Бір күн дәмін татқанға – қырық күн сәлем деген, дұрыс қой қимағаның. Меніңше, ана ұзынтұра екеуің де мықты жігіттің сортынансындар.

– Оны қайдан білдіңіз?

– Қосымхан тегін адамға құрық салмайды. Мына мен де – мықтымын! – деп тоқпақтай жұдырығымен кеудесін дүрс еткізді. – Мұрнағы жылы алажаздай соның жетегінде жүрдім. Обалы нешік, ішім-жемге келгенде шашып-төгіп тастайтын мырза. Бір вагон болмаса да бір цистерна арақ-шараптың басына су құйған шығармын. Бір қолымда – қалам, бір қолымда – стакан. Өлең деп әкеп берген төрт дәптер шатпақты белінен бір сызып, бастан-аяқ қайта жазып шықтым. Өзіме деп жазғанда да кейде бүйтіп төгілмейсін, сәтімен ылғи жақсы өлең туды. Ана «Аққу – әуен» дейтін кітабын көріп пе ең? Сондағы өленнің бәрі менікі. Кооператив арқылы кірпіштей ғып шығарып алды. Онымен қоймай лауреат атанғанын қайтесің. Таудай таланттардың түсіне кірмей жүрген сыйлықты қалпақпен қақты да алды. Республикалық Жастар одағының сыйлығы!

Бахтиярдың әдеби кітап оқуға әуелден құлқы шамалы болатын. Детектив, секс туралы бірдеңелерді іші пысканда ермек қылушы еді, маңдайына жыпылықтаған жаман телевизор біткелі оны да жылы жауып қойды. Ал поэзияның бетін ашып көрген емес. Қосымханның баяғыда бір жерден жеті қоян тапқандай арсалаңдап кеп екі кештің арасында тоқпақтай кітапты қолына тықпалағаны есінде. «Аққу – әуен» деп отырғаны сол шамасы.



Маржан ба, арзан ба – кім саралапты. Өзі өлең болса, жазған кісі Қосымхан болса, оқып азабының аты, баяғыда-ақ пешке тамыздық боп кеткен шығар. Лауреат дейді. Мән бермеген нәрсенің есте тұрмайтын әдеті. Естіген-естімегені есінде жоқ, бәлкім жаздайғы талай-ғалай дыр-ду отырыстардың бірінде «жуып» та жіберулері ғажап емес.

Жалпы, бұл Қосымханның «жетістіктеріне» еш таң қалмайды, президент болды десе де «әй, бұл қалай?» демес; өйткені қазіргі өмірдің логикасы солай. Әспеттеп аспанға көтеріп табынып жүрген талант, өнерің аязды күні есік тырналаған аш күшіктей далада қалды. Ендігі құлдық ұрып табынар құдайыңның аты да, заты да – Ақша, тамырыңаныс. Ал ақша кімде? Қосекендерде! Пұлың болса, жіліктің майлы басын ұстаған жақсы мен жайсаңның бәрі сенің құлын. Демек, айтқаның болды, атқаның тиді. Қоғам сырқат, жұлынына құрт түскен. Оның қанды ірің, сасық деміне құжынаған қара шыбын мен құрт-құмырсқа семірді; тазалықпен тыныстаған тіршіліктің өкпесі қысылып аласұруда. Тек мына бұжыр беттің өмірдің лайын белортадан кешіп жүрсе де, әділетсіздікті жаңа көріп, жаңа білгендей, бір алаяқ өсіп кетті, өрлеп кетті деп қарадай бүлінгеніне қайран. Бұл «осы сөзді қайтеміз, ағасыны» білдіріп, алақан сыртымен аузын басып, қайта-қайта есінесе де, көзін бұдан асыра бір нүктеге қадап ап, көрінбейтін әлдекіммен сөйлескендей, ішіндегі қоясын ақтарып әлек.

– Сыйлықты кім әпергені белгілі! – деді жақ еті бүлкілдеп. – Бекжан Қамбаров. Топырағы торқа болғыр, айрықша талант еді ғой. Ақындығы қандай, әншілігі қандай! Амал не, түз қыранындай енді бабына келіп, көк аспанға қанатын кең жазып самғар шағында сұм ажалдың сұр жebesі қыршынынан қиып түсті. Бәрі мына иттің кесірі!

– Қалай? – деді Бахтияр селқос санасы селк еткендей серпіліп.

– Е, бауырым, «жаманнан – кесепат» деп тегін айтқан ба. Осымен жанасты да жар басынан мұрттай ұшты емес пе. Тағдыр шіркін не нәрсенің де қиюын келтіреді ғой. Ойламаған жерден биыл Бекжан Сыйлық комиссиясының жауапты хатшысы болды. Мына бітеу қара скеуінің ағайынды қоңыр қаздай жұптары жазылмай бірге жүргендерін көріп, «япырай, бұл да қиянатқа қия тартар ма екен?» деп іш жиып қалып едім. Ақыры, айтқаным айдай келді. «Қазаншының еркі өзінде, қайдан құлақ шығарса» боп тұрғанда, қисынын келтіру қиын ба, обалсауапқа қараған жоқ, талай жайсаңның сермеген қолы жетпей көзінен бұл-бұл ұшқан сыйлықты «мә, қоңқай» деп Қосымханға ұстата салды. Басы-қасында болғандар айтады ғой, комиссияның соңғы мәжілісі күнгі ары тарт та, бері тарт айтыста Қосымханның кітабының әр бетін парақтап «міне, нағыз поэзия осы емес пе!», «неткен келісім, неткен тапқырлық!..» деп еміреніп, елжіреп отырып алыпты марқұм.

«Бәсе!» деді Бахтияр ішінен атакты ақынды жерлейтін күнгі бір сәт көз алдына елестеп. Сол күні бүкіл Алматы күңіреніп кетіп еді-ау. Табытты шығарар кезде есіктің алдында төрт қыз қатар тұра қалып:

*«Сәбиің қалды-ау талпынбай,  
Әндерің қалды-ау айтылмай!..»*

деп қосыла зарлап жоқтағанда, көзіне жас алмаған пенде болмаған шығар. Табыттың бір шетіне жабысқан Қосымхан тіпті пора-пора. Парлаған жас жалпақ бетін жуып кеткен. «Көңілі не деген бос еді байқұстың!» деп іші біртүрлі жылып, жақсы көріп қалған. Сөйтсе крокодилдің көз жасы екен ғой. Жерге бір түкіріп алды да, бүйтпесең Қосымхан болармысың дегендей басын шайқаған. Бір бүйрегінде диірменге су құйған Бекжанға да реніші бар.

— Біздің талантты деген азаматтарымыздың көбінің принципсіз, жалтақ болатыны неліктен? — деді өзімен-өзі сөйлескендей дауысы құмыға күбірлеп. — Көксеген ұлы арман үшін басын бәйгеге тігіп күресу жоқ; күйкі тірліктің көлеңкесінде ұсақ-түйек пайданы күйттеп кетеді.

— Өйткені сіздің таланттарыңыз шетінен сіңірі шыққан кедей! — деді Әбішкен сұқ саусағын безеп. — Қырық жамау көрпесі басына тартса, аяғына жетпейді.

— Өзін ұлы мақсатқа арнаған адамға кедейліктің не кедергісі бар? Қайыршылықтың аз-ақ алдында жүріп өлмес мұра қалдырған данышпандар қаншама арғы-бергі тарихта? Гоя, Ван Гог, Акутагава, Достоевский... Қабілет-қажырын пенделік жолға сарп етсе, олардан асқан бай болмас еді. Бірақ творчество үшін баз кешіп, бәрінен безді. Біздің ағайында неге сондай ерлік жоқ, неге биік идеал жолында өзін құрбан ете алмайды?

— Құрбандыққа бару үшін алтын басың азат болу керек; ерікбилік басы бүтін өзінде болу шарт. То есть он должен полностью принадлежать самому себе! Ал, сенің талантың кім? Тесік өкпе құл: семьяның құлы; бала-шағаның құлы; ағайын-туғанның құлы! Аяқ-қолын матаған патриархалды-феодалдық моральдің шырмауын үзбек боп сәл бұлқынса — бітті, қоғам оны өз денесіндегі арам етгей сылып алып, күресінге лақтырады. «Алкаш», «Дәруіш», «Шіріген жұмыртқа»... атанып көшеде қаңғып қалғаны. Ал, Европаның азат ауасымен тыныстап бұла өскен Ван Гог, Гоялардың жөні мүлдем бөлек. Олардың етегіне оратылған үйір-үйір бала, бірі кетсе, келесісі келіп жатқан қоракора қонағы жоқ. Салт бас, сабау қамшы. «Япырай, қалай боп қалар екен» деп артына жалтақтап қарайлайтын ешкімі жоқ. Қарақан басын қандай іс, қандай мақсат жолына бәйгеге тіксе де билігі өз қолында...

Сор тұрткенде, әр ненің қисыны келіп, бір-біріне ілгішек бола кететін әдеті ғой. Бекжан марқұмның аяқ астынан баласы үйленбекші болады. Тұңғышының тойын атағына лайықты ғып өткізбесе – елден ұят. Жаны қысылып жүргенде, Құдай оңдап, Сыйлық комиссиясының жауапты хатшысы бола қалады, одан Қосымханға жолығады. Алтын көрсе, періште жолдан таймай қайтсын. Белден басып сыйлықты Қосымханға алды да берді. Сыйлықтың тағдыры шешілген күні түстен кейін той қамымен Балқаш жаққа кетіп бара жатқанда автомобиль апатына ұшырап, өзі де мерт болды.

– Қасында Қосымхан болып па?

– Жоқ, өз машинасымен бара жатқан. Жанында інісі отырыпты.

– Е-е, онда Қосымханның қатысы қанша? – деді Бахтияр бұжыр беттің бір сөзімен бір сөзінің арасына көпір қоя алмай аңтарылып.

- Өз ажалымен өлген ғой!

– Тікелей қатыспаса да, ажалға себепші болған сол. Харам іске араласпаса, осындай күйге тап болар ма еді. Өнердің киесі ұрды оны!

– Басқаларды неге ұрмайды? Екі жеңін түріп тастап, қолын шынтағына дейін қиянаттың былық-шылығына тығып жүргендер қаншама?

– Олар талант емес, халтурщик, жолбикелер. Өнердің тәніне жабысқан қан сорғыш таскене. Ал Бекжан біртуар боздағым еді ғой. Алла тағала сөз құдыреті мен саз құдыретін ана сүтімен көкірегіне дарытқан аруақты ақын, жез тандай әнші. Бойына бақсылық, балгерлік қасиет қонған адамдар, дұрыстап ұстанбаса, бір жері кеміс боп, не жынданып – әйтеуір бір кеселге ұшырап жатпай ма? Өнердің киесі одан да зор. Пендешілікке сәл мойын бұрып, жүрегіне иненің жасуындай қылау түсіріп еді, ақ қанатты періште құз басынан қақты да жіберді...

Қапшағайдан аса бергенде қарсы беттегі мойнақтың желкесінен тоқымдай ғана қара бұлт ойнап шыға келіпті; батар күнді көлегейлеп, айнала бір сәт қап-қараңғы боп кетеді. Әлдебір қоңырқай әуеннің әлдиінде жайбарақат ыңылдап келе жатқан Бекжан кенет селт етіп: «Ойпыр-ай, бұл не ғажап! – дейді қарсы алдына тесірейген екі көзі тастай қатып. – Бұлттан шығып сорғалап келе жатқан мына құсты қарашы. Өзі қандай аппақ!» Інісі мына кісі не көріп келеді деп аңтаң. Құс түгілі жорғалаған тышқан жоқ айналада. Сөйткенше болмай Бекжан: «Қап, мына ақ құсты-ай, терезеге соғылар ма екен, зымырап кеп қалды-ау!» деп көз алдын қолымен жасқай әбігерленіп, рульді бұрып қалғанда, ағып келе жатқан машина жол кенерінен бір-ақ ұшады. Рульге кеудесінен қысылған Бекжан сол жерде тіл тартпай кетеді де, інісі аман қалады. Есік ашылғанда құм үстіне құлап, денесіне тырнақтай да сызат түспепті...

## ДИОГЕННИҢ «БӨШКЕСІ»

– Бәреке-елді! – Саңқ еткен дауыстан жалт қараса, мысық табандап қашан жетіп келгені белгісіз, желке тұстарында алақанын жайып ыржиып Қосымхан тұр. – Әңгімелерің енді жарасыпты ғой, батырлар! – Кеудесін шалқақ тастап, барынша емен-жарқын боп жайдары-сығанмен екеуінің бет-жүзін кезек тіміскілеп, сынапша сырғыған жылтақай қысық көздерінің қиығында «мына пәтуасыз ішкіше неме мен туралы бірдеңені бықсытып қойған жоқ па!» деген күдік те бар сияқты.

Анандайдан, төменге түсер баспалдақтың күнгірт шаршысынан сүзіліп Биназардың сұлбасы көрінді, қара маятник боп теңселген дөп-дөңгелек төбесімен жоғарыдан саулаған самала жарықты сүзіп келеді.

Әбішкен серейген аяғын столдың астына созып жіберді де, екі қолын кеудесіне айқастырып, орындыққа шалқалады. Ұрты бүлкілдеп, төбеге қадалған күйі:

– Бекжан марқұмды періште ақ қанатына салып, о дүниеге алып кетті! – деді қан-сөлсіз өлі дауыспен.

Қосымхан жалт қарады, жүзіндегі масайраған бейғам жымыстың бояуын біреу сулы шүберекпен сүртіп алғандай бозарып сала берді де, іле бойын жиып, түк түсінбеген монтаны кейіппен:

– О, жақсы түс көріпсің ғой! – деді мүлдем басқа жаққа қарап мөңіреп. – Өзі де жігіттің төресі еді, жаны жаннатта сая тапқан екен марқұмның.

Лап етіп маздап кетпеген соң шала бықсыған әңгіменің шоғын одан ары ешкім үрлеген жоқ.

«Бүйтіп отыра берсе, мыналардың көзінше бірдеңе деп былжырап, абыройымды айрандай төгуі ықтимал. Бұл иттен өстіп тезірек құтыл-маса болмайды» деген айлады ма, Қосымхан сәлден кейін мас адамның ығыр қылатын езбе сөзімен оспақтап Әбішкенді сүзгілей бастады:

– Мен кіммін осы, айтшы мыналарға? – деді көзі қанталай тесірейіп. Арақ басына шығып еліре бастағандай екі жағына кезек теңселіп, стол үстіндегі салфетканы быртық саусақтарымен мытып-мытып қояды.

– Сен бе? Сен – Қосымхан Жарасбаевсың, – деді Әбішкен қисық сұраққа қияс жауап беріп.

– Қосымхан Жарасбаев екенімді мұқым Қазақстанда он бес мың адам біледі, кем дегенде!

– Неге он бес мың?

– «Аққу – әуенім» он бес мың тиражбен шыққан жоқ па! Сонда мен кіммін?

– Ойбай, ұқпай отыр екенбіз ғой. Ақынсың! – деді Әбішкен кешірім өтінгендей, жорта басын иіп.

– Қандай ақынмын, мықтымын ба?

– Кім өзін осалмын дейді, мәселе өзгенің бағалауында ғой.

– Сен өзін мойындайсың ба? – Қосымхан: «жаңа шығып кеткенде мен туралы бірдене деген болса, сенбе, бұның сөзі не, өзі не – міне, тыңдап ал» дегендей Бахтиярға қарап қойды. Бахтияр: «арғы жағында тұбасы болса, бір бұлқынып қалар» деген осы тұста, бірақ Әбішкен анда-санда аузына тиер нәсібінен қағылғысы келмеді ме, иесіне еркелеген күшіктей төрт аяғын аспанға қаратып, ығына жығылып, «ләббай, тақсыр» деп жата кетті.

– Мойындаймын! – деді сәл іркіліп барып.

Қосымхан бөтелкенің түбіндегі екі елідей арақты шыныға сарқып күйіп, қолына ұстатты:

– Мойындайтыныңның белгісі болсын, мә, мынаны ішіп таста!

Әбішкен алдындағы асына шыбын түсіп кеткендей, бетін тыржытып аз-кем тұрды да, көзін тарс жұмып, қолындағы кесені аузына төңкере салды. Қайтып отырмастан қолын сілтеді:

– Ал, жігіттер, кеттім. Осы ішкенімді сіңіріп алсам да бойыма құт.

– Анандай жерге тәлтіректеп барды да жалт бұрылып, Қосымханға қарай саусағын безеді:

– «Все-таки Она вертится!» – Соны айтып қайырылмастан кете барды.

– Мынау не деп кетті-ей? – Қосымхан ашуланарын, не ашуланбасын білмей, жалтақтап жан-жағына қарады.

– Ол Галилео Галилейдің сөзі ғой, – деді Бахтияр мырс етіп. Қосымхан «оның кім еді?» дегендей бетіне бажырая бір қарап алып:

– Оның не деп көкіп еді? – деді.

– Галилей тұңғыш рет Жердің Күнді айналатынын дәлелдеген астроном ғой. Діни догмаға кереғар бұл пікірге католик шіркеуі өршелене қарсы шығады. Ақыры ортағасырлық инквизиция соты ғалымды дар алдында тізерлетіп қойып: «Пікіріңнен қайт, жер қозғалмайды, Күн айналады деп айт, әйтпесе жаныңды жаһаннамға жібереміз!» дейді. Жан тәтті, Галилей пікірімнен қайттым дейді де, тұра бергенде: «Бәрібір Жер айналады!» депті.

– Өй, әкеңнің аузын!.. – деді санасына енді сәуле түскен Қосымхан анадайдағы есік алдында теңселіп шығып бара жатқан сұлбаға көзінің сұржебесін қадап. – Нешастный алқаш!

Жер болдым-ау деп айыл жияр Қосекең жоқ бірақ, бар болғаны – анау өзінің иттігін көрсетті, менің нем кетті дейтіндей. Тек құрақ ұшып барын алдына тосқанда «міне, саған рахметім» деп бетіне бір қақырып кете барған арсыздығына қаны қараятын сияқты.

Шындықтың шыжғырып басқан қара таңбасы көн боп кеткен көрбілте көкірекке пышақ ұшындай батар емес. Қор жаратылған бейшараның жанған бағын көре алмай іші күйіп қызғанғаны деп қабылдап отыр. Өзіне шаң жуытса кәне, істеп жүрген ісінің дұрыстығына титтей де күмән келтірер емес. Ары-беріден соң, тіпті есектің титыңымен тұлпардың бәйгесін алып жүрген салымдылығына тәуба деудің орнына, тағдырына нала айтуға көшсін.

– Маңдайымның соры бес елі ғой! – деді басын жұдырығымен бір қойып, – осынша мүмкіндігіммен әлі жаман кандидат бола алмай жүрмін.

«Осынша қабылетіммен демегеніне де шүкір!» Бахтияр не дерін білмей үнсіз басын шайқады. Бағанадан бері қалғып-шұлғып отырған Биназар кенет қақшаң етіп басын көтеріп алды да, оқжыланша ыс ете түсті:

– Саған мәуесінен татқызып, өрісін таптатқызып жүрген ғылымның маңдайының соры бес елі!

Қосымхан жалт қарады. Тышқан көзі ұясынан шыға бақырайып, дәл пальтоның түймесіндей болды.

– Оу, Бекесі-ау, құлағымыз шалыс естіп отыр ма?

– Не естісең – сол! – Бекесі тас-түйін, қабақ берер емес. Қақпай әзіл ме десе, шынға шабар түрі бар. «Кел, айтысам, атысам» деп шот маңдайы шытынап безеріп тұр. «Сыйға – сый, сыраға – бал» дәметкен дастархан иесі қылт етіп өкпелеп қалды:

– Адал асымды ішім отырып, ақ көңіліме түкіргенің бе сонда?

– Мен өзімнен жиіркеніп отырмын!

– Неге?

– Бағанадан бері өтірік сөйледім, өтірік күлдім.

– Кетші-ей, өтірікті бір бүгін айтып отырғандай, – деді Бахтияр әңгімені ары қарай ушықтырғысы келмей араға килігіп. – Одан да сыртқа шығып, құсып келсең – сол пайдалы.

Бірақ Биназардың безер беті бәрібір бері қарар емес.

– Асқазандағы артық ас құссаң кетер, көкіректегі зіл-нала қайтсең кетер.

– Өйдөйт деген, Асанқайғы! – деді Бахтияр мырс етіп, – Иегіңді сипашы, белуарыңа түскен ақ сақал өсіп шыға келген жоқ па!

– Қойшы-ей, бәрін қылжаққа бұра бермей. Сақалымыз болмаса да сақалдының сөзін сөйлейтін жасқа келдік емес пе. Қашанғы бала сияқты ыржалақтай береміз.

– Бұл жігіттің түтіні белгілі болды! – деді Қосымхан қабағы салбырап.

– Дос екен десем, қас екен. Кандидат боп кетеді деп қызғанып отыр!

– Қателесесің! – Биназар арбиған түйетабан алақанын сылқ еткіші, Қосымханның иығына салды. – Сенен қызғанғаным қызыл итке жем болсын дейтін нағыз досың – менмін.

– Онда неге аяқ астынан апшын қуырыла қалды?

– Менікі «таз өшін тырнадан аладының» кері ғой. Сенің көкендей бұсқаға деп сақтаған сары қақырығымды саған бүркіп жібердім абайсызда. Кешір! Бассалып сені кінәлау қисынсыздау бұл жерде. «Өгіз су ішсе, бұзау мұз жалайды» Сен тірсегі дірілдеп енді-енді қаз тұрған қасқа бұзаусың олардың жанында.

«Қасқа бұзау» бірақ, «бұзау бұқа болмас па» деп мөңіреген жоқ бұл ретте. Өз сыры өзіне мәлім Қосымхан мына нойыс неме арғы-бергі қоқысымды қопарып бетіме басар ма екен деп қылпылдап отырған, қауіп бұлты төбесінен жалт беріп бұлай ауған соң, жәбірленген, ренжіген адамның сынайымен екі ұртын томпайта әрі сыздап, әрі жорта кішірейіп, бәсен үнмен басыла жауап қатты:

– Әрине, біз зиялы қауымға жол ортадан қосылған қара жаяу біреуміз. Сендермен парасат-білім салыстырып, иық теңестіру қайда? Менікі сәті түсе ме деген ниет қой. Талаптанып бақ сынасақ, несі айып?

– Сенің болғаныңды-толғаныңды қызғанбаймын. Ертең кандидат та, одан зорғы да боласың. Мен сондаймын деп кеуденді дүңк-дүңк ұрып күпініп, өзінді-өзің алдайсың. Бірақ одан ғылымға сабақты жіп пайда бар ма келіп-кетер?

– Қорғап жатқандардың қайсысы ғылымға түйе-түйе қазына әкеліп жатыр? Жарайды, артық болмай-ақ қояйын, бірақ кандидатпын деп желкесі күжірейіп жүргендердің қайсысы менен асып тұр?

– Міне, мәселе осында! – Биназар астындағы орындығымен бірге копаң етіп серпіліп ентелей түсті. Сілеусін көзі шоқтанып лыпыл қағады.

– Жігіттер, түгін шығып барады, өрттің басына су құяйық! – деп Бахтияр әзілге шаптырып, рюмкаларды толтыра бастаған.

– Атауыңды ары тартшы! – деп Биназар сілкіп тастады, бұл көргелі бірінші рет «ақанның» бетін қақты, шүйілген жағынан бет бұрар емес. – Қасыретіміз де осында! – деді қарсы отырған Қосымханның көзін шұқып алардай сұқ саусағын кезеп. – Қазір бізде не көп – кандидат көп, доктор көп, бірақ Ғалым жоқ, нағыз Ғұлама жоқ, демек Ғылымның өзі жоқ!

– Неге жоқ? – Қосымхан аса бір танданыспен оның бетіне қарады бажырайып. – Ғалым болмаса, қалай кандидат-доктор болады?

Биназар сыңар танаулай мырс етті:

– Бір молла абзый құрбанға шалуға тоқты жетелеп келе жатыпты. Тоқты тыртысып жүрмей қойса керек. Ары сүйреп-бері сүйреп

әбден сілесі қатқан молла: «Өй, доңыз!» деп мандайына бір салмақ боп октала береді де бетіне қарап: «Ұқшайсың, ұқшайсың, ләкин айтарға болми» деп басын шайқапты. Сол құсап «айтарға болми». Саған бұл сұрақты қойғаннан гөрі мөңіреген бек жарасар еді. Қалай, қалай дейсің, қалай қорғайтының өзіңе белгілі емес пе. Екінші бірі солай қорғайды. Демек, біздегі ғылымды төңіректегендердің көбі тек кандидат, доктор ғана — ғалым еместер. Ғылымда жаналық ашушылар, соньдан жол салғандар ғана ғалым. Ал аналар сауатты, белгілі дәрежеде білімді меңгерген мамандық иелері ғана.

— Қой, өйтіп сүмірейтпе! — деді Қосымхан қызарақтап; ертең барып қосылар үйірінің намысына тиіп жатса қалай қызарақтамасын.

— Күлге аунатқаныңа мен де жетермін. Көпке топырақ шашып қайтесің!

«Қай жеңгенің — менікі» деп отыра бергеннен жалықты ма, Бахтияр:

— Сен кандидат, доктор көп деп қынжыласың. Көбейгені жақсы емес пе, — деді Қосымханның түйесінің ауған жүгін демеген боп. — Сан сапаға көшеді дейтін философиялық категорияны білмеуші ме едің?

— Ол пәлсапа бұл жерде жүрмейді. Бір стакан суға бір стакан су құйса не болады? Екі стакан су болады — май болмайды.

— Лай суға тұнық су құйса, тазармай ма.

— Таза су лайланады! — Динозаврың аспандап отыр, автоматша сақылдап, бір айтқанды — бір, екі айтқанды — екі қағып сап ауыз аштырар емес. Бахтияр екі қолын көтеріп ойыннан шыға бергенде, шылбыр ұшын Қосымхан іліп әкетті:

— Ауызды қу шөппен сүртесің. Бәрі бірдей кеше, алааяқ болса — Қазақстанның ғылымы осынша өркендеп, өрге басар ма еді?

— Қазақстанда ғылымның бары да рас, өркендеп отырғаны да рас. Бірақ оны жасаушылар кім?

— Кім болушы еді, қазақстандық ғалымдар.

— Дұрыс айтасың — қазақстандық ғалымдар. Бірақ қазақ ғалымдары деп айта аласың ба?

— Неге айта алмаймын. Тамаша ғалымдарымыз қаншама. Социалистік Еңбек Ері, Лениндік, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанған әйгілі ағаларымызды қайда қоясың?

— Атақ-абыроймен ғылым жасалынбайды. Әсіресе тоқыраудың мырза аспанынан жауған жылтыр темірдің буына семірмей-ақ кой. Орден таққан костюмін әзер көтеріп жүрген сол ағаларыңның көпшілігі еврей-орыстардың арасында «жергілікті ұлт өкілі болсын» деген дақпыртпен коллективтік жұмыстарға мінгесіп-тіркесіп лауреат атанғандар; не бір жерден кен көзі ашылып, болмаса ірі өндіріс объектісі іске қосылғанда ебін тауып, қосақ арасына ілініп кеткен-



лер. Атағы дардай боп сырты күжірейгенмен іштері кеуек. Жаңалық деп малданып жүргендері өнертапқыштық дәрежесіндегі бірденелер, әйтпесе қайсысы аналитикалық-теориялық тұрғыдан ғылымға жаңалық енгізіпті? Кибернетика, электроника, кванттық, ядролық физика, микробиология, химия сияқты ғылымның жетекші саласынан әлемдік деңгейдегі ұлттық мақтанышымыз бар ма? Әйгілі академик Атабаевтың өзі де теоретик емес, практик қана. Оны Иоффе, Капица, Амбарцумян, Ландау, Патон тағы басқалармен бір қатарға қоя алмайсың. Ең бастысы, әлі күнге дейін ғылыми ұлттық мектебіміз жоқ. Қазақстан магниткасы, Қазақстан миллиарды, космодром, полигон, нәленше алып комбинат... деп аузымыз көпіріп, кеудемізді дүрс-дүрс ұрғанда, жер солқылдайды. Бірақ сәл ой көзін жүгіртіп қарасаң, жерінді тоздырып, елінді аздырғаннан басқа сол «ғаламаттардың» қайсысы халқыңның шекесін шеруен арттырып жатыр. Біздің жерімізде деп мақтанғанымыз болмаса, әйгілі Медеу мұз айданында елінің даңқын асқақтатып өнер көрсеткен бір қазақ болды ма? Сол сияқты бүкіл Қазақстан да басқалардың рекорд жасайтын, сынақ жасайтын алаңы ғана. Алысқа бармай-ақ, Қазақстанның қазіргі заманғы «паспорты» болып есептелетін «Байқоңырды» алып қарашы, ғарышқа ұшпақ түгілі, осы күнге дейін бір алаштың тұқымы ең болмаса аула сыпырушы боп космодромның қақпасынан сығалап көрді ме екен! Мұның аты не? Мұны аты – құл деген сөз!

Қосымхан «мендей кісі құл бола ма» дегендей маңғаздана шалқалап, ақ көйлектің өнірін шертіп шарадай төңкерілген қарынын сипалай бастаған.

– Сипалама өйтіп боқ қарныңды! – деді екі көзі қанталап әбден слеуреп алған Биназар ентелей түсіп. – Сен де, мен де – бәріміз де құлмыз; тамағы тоқ, көйлегі көк, галстук тағып жылтыраған құлдармыз!

Қосекен, әлбетте, біз сондаймыз деп мойындаған жоқ. Машина мініп, мына өзі сияқты жалғанды жалпағынан басып жүрген адам қалай құл болмақ. Осы күнге дейінгі санасына сіңген тарихи түсінікпен мүлде қабыспайды. Динозаврдың, әйтсе де ғылымның бір-бір алтын діңгегі тұтқан ағаларын қурайдай жапырып қаусатқаны жанына жағып отыр. Оларды кішірейтіп, неғұрлым қораш етіп төмендеткен сайын өзіне жан дүниесімен жақындай түсетін тәрізді: олар төбесімен көк тіреп жүргенде мұның неге сондай болам деуге хақысы жоқ!

– Дұрыс, – деді Қосымхан масайраған дауыспен езуі жайылып. – Құлға мен сияқты кандидат-сандидат жарай бермей ме, неге тұлған тұтып тыпырлағаныңды түсінбедім. Екіншіден, сөзіңнің ләміне бақсақ, ілікке алғысыз жалғыз мен ғанамын ба десем, мүйізі қарағайдай боп

«мен кереметпін» деп кекірейіп жүргендердің ішінде жілігі татитын біреуі жоқ екен. Сонда қалай, ғасырға жуық уақытта бір жарқын талант тумайтындай құрсағынан құнар кеткен дарынсыз халық болғанымыз ба?

Биназар бірден жауап қатуға шамасы келмей басын шайқады – ұрт толтыра қауып жұтқан темекінің түтінін лақ еткізбей ерін ұшынан ауаға сыздықтата үрлеп сәл-пәл кідірген.

– Жок, – деді сонан соң иығын қомдай ұмсынып. – Талантты халық біздей-ақ болсын. Ұлы империяға қойын құрттап, айранын ұрттап құнжындаған қарашобыр қойшы ғана керек болды. Көк ми қылам, көк су қылам деп торала берген сүт бетін қалқып ап төкті де отырды. Бір ғасырдың ішінде не зобаланды бастан кешпедің. Қаншама бағланың мен марқасқан қасап машинасының қанды қылышына туралды. Бірақ құнарымыз кетіп, соншалық азып-тозғанның өзінде, жартасты жарып шыққан шынардай дүниені жалт қаратып, қазақ аспанынан Әуезов, Олжас сияқты жұлдыздар жарқырап туған жоқ па. Шіркін, солардай даңқты физик, химиктеріміз болса ғой!

– Неге жоқ?

– Бәсе, неге жоқ? Ана қауашағыңның ішіндегі «бұлшық етті» қозғашы!

– Ол құрғыр қозғалатын болса, сенен «неге» деп сұрамас едім ғой. – Қосымхан тауып айттым деген кісіше ырқ-ырқ етіп күлді. Ол ырсиғанмен Биназар күлген жоқ, қайта өңі қуқылданып сұс жия түсті.

– Біз отармыз ғой. Бар гәп сонда! – деді дауысы қорғасынданып. – Қанша жерден бауырмыз, тәуірміз деп жақауратқанмен ел болып ірге түйістіргеннен бері Ресей – метрополия да, сен – отарсың. Ақ патшасы да, қызыл патшасы да кеудеңнен тізе айырған жоқ. Қайта ақ патшаның әрекеті ашық еді, атыңды атап, түсіңді түстеп: сен «бұратанасың», ұлы империяның құлақкесті құлысың дейтін өңменіңнен итеріп өгейсігіп. Сондықтан жауынды ашық танып, кектенетінсің, бұғаудан құтылмаққа бұлқынатынсың. Ал қызыл патша ше? Жылы-жылы сөйлеп, жұмсақ алақанмен арқаңнан сипап жыландай арбады. «Халықтар бауырластығы, теңдік, патриотизм, коммунистік ұлы идеал» тағы-тағы жалған деклорациялармен есірткі ішкізгендей шала мас кып, тірідей тарамысыңды суырды.

– «Бояушы» екенің рас, қыза-қыза сақалыңды да бояп жібердің! – деді орындықтың арқалығына қолын асып бір қырын отырған Бахтияр бері қарай еңсеріліп. Әңгімені құлақ ұшымен ғана тындап, көбінекей зал ішінің дыр-дуына елеңдеп отырса да бүйірі қызып кетсе керек. – Ойыңның ұлы сорабы дұрыс, әйткенмен Ресей осы күнге дейін метрополия боп келді, біз отармыз дегенің томпақтау. Бәріміз

де коммунистік жүйенің езгісінде болдық. Тоталитаризм дінге, ұлтқа бөліп, ешкімнің алабөтен сойылын соққан жоқ, партиялық элитаға ғана қызмет етті.

– Оттапсың! – деді Биназар қанталаған қып-қызыл көзі лап етіп. – Патшалық тәртіп те, коммунистік құрылыс та ұлы орыс империясына қызмет етті. Октябрь революциясының өзі де, түптеп келгенде, монархия іріп-шіріп тізгіннен айрылар халге жеткен соң, шет аймақтардағы әлеуметтік сілкіністердің дүмпуінен қорқып, ұлы империяның шаңырағын шайқалтпау үшін шовинистер жасаған тарихи авантюра. Әйтпесе «әр ұлт өзін-өзі билеуге ерікті» деп жалпақ әлемге жар салып аң, жеме-жемге келгенде бостандыққа бұлқынған бұрынғы «бұратаналарды» неге қанды шенгелінен босатпады? Құлаған монархияның қан сасыған көне жұртына қызыл тастан шегендеп қайтадан құлдық камалын салды... Сен партиялық элита дейсің. Элитаң кім? Түгелге жуық орыстар, қалғаны орыс үшін орыстан бетер жанын салатын қолшоқпар сатқындар. Отты қай ақымақ қолымен ұстайды, көсеумен гүртеді. Кремль де шет аймақтарды тіл алғыш жергілікті «көсемдер» арқылы билеп-төстеді. Солардың қайсысы халықтың жоғын жоқтап, мұнын мұндады. Дінің мен тілің жойылып, мектебің жабылып, ел-жерің азып-тозып жатқанда тұяқ серпуге жараған біреуі болды ма? Жоқ. Қыңқ етіп көрсінші, кеудесіндегі самсаған сөлкебейін сыңғыр еткізіп, кресло қажаған заслуженный бөксесінен бір-ақ тепсін; «ұлттық тар шенбердегі көзқарасы» үшін сол бойда пенсияға айдап, не Африканың бір еліне «үш әріптің» қарауындағы қуыршақ елші ғып жіберсін. Күллі тарихымызға күл шашып, Ханымыз – қарақшы, сұлтанымыз – сұмырай; тау-тастың арасында мал соңынан өрім-өрім боп сүметіліп жүрген, хайуаннан аты бөлек жабайылар едік, бақытқа орай, ұлы орыс көкеміз жолығып, жарқын болашаққа қолымыздан тәй-тәй жетелеп келеді» деп Қағбамыз – Кремльге қарап, «таз құдайға» күніне қырық шоқынұмен келеміз. Өтірік пе осыным? – Растатып мөр бастырып алмақ болғандай Биназар столдың ернеуінен қос қолдай ұстап, серіктерінің бетіне қыдырта қараған бір дем. Бахтияр тағы да әзілге шаптырды:

– «Түйені соқыр десе, Құнанбайға тиеді» деп, Құдайдың өзіне тиесең де, тазына тиіспеші, жарқыным!

– Әлі де организмдегі «коммунистік иммунитет» қарсылық жасап жатыр ма? – деп Биназар сойдыған сары тістерін көрсете бір ыржың етті де, қайтадан түсін суытып ала қойды. – Қорықпа, естіген құлақта жазық жоқ, айтқан ауыз – менікі ғой.

Бахтияр қипақтап қалды.

– Жоға, қуыстанып отырған ешкім жоқ. Сөзге бола сүйрелейтін заман кетті емес пе.

– Онда неге арқаң аяз батып отыр? «Таз құдайыңа» табынбағанда Мұхаммед пайғамбардың хадисін басыңа жастанып жүр ме едің? Өзіңдікінің бәріне тас аттың: діні де, тілі де құрысын дедің. «Бақытқа жеткізген» ұлы жұртпен теңесем деп алды-артыңды ұмытып далақтадың кеп. Теңестің. Арақ ішіп дарақыланудан, «әкесін арбаға байлап сабайтын» қара жүрек қатыгездіктен теңелдің. Ал ғылым-білім, парасат-білігіңмен теңестің бе? Жоқ! «Социалистік Отанның» бірің – ұлы, бірің – құлы болдың.

– Терезе теңестіре алмасак, кінә өзімізден де. Талант ілуде бір туатын сирек құбылыс қой. – Бахтияр, мұным қалай дегендей, иегін оң бармағына асып жымия қарады.

– Таланттан кенде болсақ, дүниені дүр сілкінткен небір ақын-жазушы, әнші-әртістер шығар ма еді ортамыздан суырылып?

– Дұрыс-ақ, талантқа тосқауыл болса, олар қалай шықты?

– Ғылым мен өнердің тағдыры екі бөлек. Тоталитарлық қоғам өнерді өзінің жыртқыштық бет-бейнесін сылап-сипап жылтыратып көрсететін парфюмерия ретінде пайдаланды. Белгілі дәрежеде оны қолдап, қолпаштады. Бұрынғы мешеу ұлттар мәдениеті социализм тұсында, міне, қандай көркейіп, гүлдеп жатыр деп даңғара қағу үшін солай еткен тиімді еді. Ал ғылым – қоғамның қозғаушы һәм айқындаушы күші. Кімнің техникалық күш-қуаты үстем – сол әлемнің әміршісі. Қажет болса, жалғыз-ақ тажал окпен дүниенің кез келген нүктесін астын-үстіне келтіріп жайрата салады. Демек, ондай құдырет сенімді қолда болу керек. Саған сене ме? «Күшік асырап ит еттім – балтырымды қанатты. Біреуге мылтық үйреттім – ол мерген боп мені атты!» – Құдай сақтасын. Кешегі бабасы Едіге мен Тоқтамыс Мәскеудің тас көшесінде ат ойнатқан, Кене ханы жалаң қылышпен зеңбірекке қарсы шапқан көзсіз көкжалдың ұрпағына ондай қаруды мә, көкешім, деп қалай ұстата салсын. Алысқа бармай-ақ, еліңнің бет-бейнесін айқындар астанам деп жүрген Алматыдағы Конев атындағы Жоғары әскери училищені алып қарашы. Жақында «Вечерняя Алма-Ата» газетінен сол шекара училищесі туралы бір әскери сарапшының мақаласын оқып отырып төбе шашым тік тұрды. Мына бүгінгі тоқсаныншы жылға дейін сонда оқып жүрген орыс еместердің үлес салмағы 1,5-ақ процент екен. Қазақ, өзбек, түркімен тағы басқалардың санын сол мөлшерден асырмауға жоғары жақтан қатаң бақылау жасап отырған. Бұл өміріміздегі қалыпты құбылыс боп кеткен мыңдаған мысалдың бірі ғана. Осыған қарап-ақ өзіңнің кім екеніңді парықтай бер. Жат, өгей сенің көзіңді ашып, көкірегінді оятып қайтсін. Оқимын-тоқимын дегенінді тереңге сүңгітіп, тұңғығынан маржан сүздіртпеді; саған осы да жетеді деп, көбіктен

көсіп-көсіп қауашағынды нығарлады да, көк қатырманы мұрнына иіскете салды. Болдым-толдым деп сен мәзсің; күн өткен түйедей өстіп мәңгіріп жүре бер деп ол мәз. Осыншама талантты, алғыр халықтан осы күнге дейін неге әлем таныған не бір физик, не бір химик шыққан жоқ? Өйткені сендей «бұратананы» стратегиялық ғылымға жолатпады, небір ғажайыптардың тылсымына үңілетін үздік лабораториялардың есігі түгілі, тесігінен сығалай алмадың. Басынан лайланған су тұна ма? Әуелгіде дүниенің тұтқасын езілген тапқа ұстатамыз, тек кедей-кепшікті оқытамыз, солардың талантын ашамыз деп ұрандады. Кеудесінде жылты бар жан жарлы болушы ма еді? Текті тұқымнан шыққан зейінді жастарды «байсың», «кулаксың» деп ГЭПЭУ өңменнен итеріп үмітін кесті де отырды. Екіншіден, Москва, Ленинградтан жас республиканың ғылыми базасын құрысуға келген оқымыстылардың да ұлт кадрларын даярлауға ынталы болғандары шамалы. «Осылардан не шығар дейсің» деп мұрын шүйіріп, аспандап қарағаны өз алдына, жаны ашымастың басы ауыра ма, сүзгіден өтіп сілікпесі шыққан селкеу таланттың өзін танып, таңдап алуға құлықты болған жоқ. Қайта, түптің-түбінде бір жерден жарып шығады-ау дегендерді шетке қақты. Кафедралар мен аспирантураға мінез-құлықтарымен жаққан, көңілдерін тапқан қоңыртөбел қабылеттілерді қалдырды. Құнарлы топыраққа түскен дән өркен жаймай тұра ма, тез қаулады. «Ұлттық кадр» деген маркамен өтімді тауар сияқты қолдан-қолға тимей лауазым баспалдағына жылдам көтерілді. Сөйтіп, аз жылда-ақ ғылыми чиновниктер гвардиясы өсіп шыға келді. Бірте-бірте ғылымның тағдыры солардың қолына көшті. Ғылыми мекемелерді, институттарды, кафедраларды, лабораторияларды басқарды. Шеттерінен доцент, профессор, академик. Оқудың түбіне жетіп болдық, толдық, енді бізге өзгені оқыту ғана қалды деп есептеді. Олар үшін өздерінің жеке басының абырой-мәртебесінен жоғары ештеңе жоқ. Әлдекімдердің көлеңкесінде қалып қоюдан зәре-имандары ұшып қорықты. Сондықтан айналасын тып-тыйпыл қылып, ылғи ергежейлі «таланттардың» ортасында коқырайып жалғыз көрінгенді ұнатты. Жіңішкелеп қанға сіңген осы дерт, ұрпақ ауысса да тұқым қуалап әлі үзілмей келеді. Ғылымның тағдырын ғалым еместер шешуде. Ғылыми иерархияның әр сатысынан коррупция мен протекцияның жайнап тұрған шок-шок гүлін көресің. Алысқа бармай-ақ өзіміздің Аманбаевты алайықшы. Шын мәнісінде ғалым ба? Жоқ. Сонда да бақандай бір кафедраның қос тізгінін қолында ұстап отыр. Көп жыл жоғары жақта жауапты қызмет атқарған адам. Белгілі бір себеппен орнынан тайдыру керек болған соң, ит жылы химия факультетін бітірген, кандидаттық атағы бар деп, әй-шай демеі әкелді де конжита салды. Қарап отырсаң, ғылым мен мәдениет партиялық

номенклатураның айыпты боп қалғандарын жіберетін «ссылка» – «ит жеккен» тәрізді...

– Бәкесі, – деді өтінгендей бір үнмен Қосымхан дастархан шетін тырналап тұқырайған күйі. – Асекеннің құлағын шулатып қайтеміз. Су ішкен құдыққа түкіргім келмейді, тым құрыса, менің көзімше жамандамай-ақ қойшы.

– Шындықты айту – жамандау емес! – деп сілкіп тастады Биназар. – Пәленің басы да, аяғы да осы деп, бөле-жара ши басына шаншып отырғам жоқ, қаулаған көптің бірі ретінде ауызға алдым Асекеңізді.

Жарайды, әңгімемізді «әлхиссаға» бұрайық. Сонымен, Асекендер – ғылымның аяғындағы тұсау, адымын аштырмай тұқыртады да отырады. Олар талант деген құдыретті мойындамайды. Барлық адам туғаннан тең, кез келгенді тәрбиелеу арқылы ғалым да, композитор да, суретші де қылуға болады деп ойлайды. Сондықтан да олар кісі таңдағанда қабылетінді есепке алмайды, өзіне басқа бір қасиеттермен ұнағандарды не үлкен бастықтардың иегімен нұсқағандарын жинайды айналасына. Әлгі бізбен бірге оқыған Ережепов есінде ме? – деді Бахтиярға қарап.

– Иә, оған не бопты? – деді анау ұйқыдан ояңғандай селк етіп.

– Не болушы еді, еріні тілім-тілім, Бетпақтың даласында жүрген шығар кесірткі санап. Бейшара, қандай талант еді! Басы сартылдап тұрған машина болатын. Аспирантураға үш орын боп тұрғанда соны алмады ғой. Обалы нешік, профессор Мұхитжанов дызақтап біраз жүгіріп еді, «КПСС тарихынан» үші бар екен деп, Аманбаев сияқтылар маңайлатпай қойыпты.

– Әй, өзі де тым жібі бос ынжық еді ғой, мұрыны ерніне, еріні иегіне сәлем беріп тұрған! – деп Бахтияр, соны қойшы дегендей қолын сілтеді.

– Ішімдегіні тап деп тымпыып жүре беруге бола ма? Алысатын жерде – алысып, жұлысатын жерде – жұлысып, кішкене тырмысу керек қой.

– Таланттың бәрі күрескер, жұлымыр болса, мұрнынан есек құрт ыршыған суаяқ жылпостардың талайы аузындағы нанынан, астындағы тағынан айрылар еді. Бірақ табиғат шебер біреуге бәрін үйіп-төге салмай, күштіні – аңғал, әлсізді қу қылып, әркімге әр түрлі қасиетті лайықтап үлестірген ғой. Талант өз қиялындағы сәулелі әлемнің орбитасында шарықтаумен жүреді үнемі. Сондықтан ол құйтұрқысы мол күнделікті қарбалас тұрмыстың «әліпбиіне» шорқақ, бұйығы, қорғансыз, кей мінезі әпенді, аңғал. Өз мақсатына ғана фанатик, басқаға қырсыз. Әйтпесе Архимед өзін өлтіргелі келе жатқан жендетке: «Сәл кідіре тұр, есебімді аяқтап алайын» дер ме еді? Яғни, олар Диогеннің «бөшкесінің» ішінде өмір сүреді. «Алмас қылыш қын түбінде шірімес»

деген шартты түсінік. Құнарсыз топыраққа түскен дән көктей ме? Үкілеп бәйгеге қосар сәйгүлікті сырпылдатып қой соңына салып қойса, келе-келе жерден басын көтермес шобыртқыға айналады. Дарын да сол секілді, дер кезінде танып, мәпелемесең, өз-өзінен мұқалып, құрып кетеді. Ғылым – әдебиет емес, өз бетіңмен оқып-үйреніп-ақ бір караға ілесіп кете беретін. Заманалар бойы мый алыптары тұрғызған асқар шынға мың құлап, мың тұрып, тізе-тырнағынды талқандап өрмелеп шыққанда ғана өз биігің мұнар арасынан бұлдырап көрінбек. Ол үшін теориялық терең білім, үздік құралдармен жабдықталған лаборатория қажет. Шіркін, көзін ашсан, бұрқ ете қалар қаншама талант тұншықты. Мен сондаймын деп өздері талпынған жоқ, қырық бұралаң кедергіден өтудің жолы мен жөнін білмеді. Сен керексің, талантсың деп, обалды ойлап қамқорлық жасаған басқалар болмады. Бөстегін арқалап ауылға келгенде де шекесі шылқығаны шамалы. Балшықтан адам жасай алмай басын тоқпақтап отырған районо бастығы өлген әкесі тірілгендей қуанды. Қолын қысты, арқадан қақты. Іздегенге – сұраған: өзі момын, өзі тіл алғыш. «Басың жас, салт бас, сабау қамшысын» деп, ит байласа тоқтамас, қияндағы мектептерге қуды. Оларда намыс бар, жанашыр жүрек, мейірім бар. Тек қулық жоқ. Құлықсызға табылар қырық сылтауды айтып, тұра қашпады: өмір бойы осында жасап келе жатқандардан қай жерім кем, олар төзген тозақтан мен неге қорқам деп намысқа тырысты; өз бауырларыма менің жаным ашымаса, кімнің жаны ашиды деп жүрегін аяушылық сезімі шабақтады. Сөйте-сөйте өзі де шөл даланың шаңы қонып, күніне тотығып, қиялы тұсалған жабырқау ойлы жабыға айналды. Үйлі-баранды болды. Тұрмыстың мұрнын тескен тайлағы болып, шөп шапты, отын тасыды. Кейбірі қарабайыр тірліктің зілмауыр салмағынан бұлқынып шыға алмаған соң іштей булығып ішіп кетті. Екіншілері ісі мен ойы, айтқан сөзі ортасынан оқшау болған соң оғаш көрініп, анекдоттың геройына айналып, көрінгенге көзтүрткі, мазақ болып жүр...

– Дұр-рес! – деді Қосымхан даусын созып. Көзінің қиығынан бір қуақы ұшқын жылт етіп, жотасы мөңкіп күліп алды. – Айтқан сөзің – басылған мөр, бір қатесі жоқ. Сынап та тастадың, мінеп те тастадың – бәрі рас. Бірақ басқаның жыртысын жыртқанша неге өзінді қамшыламайсың? Өзгені демей-ақ қояйын, мені он орап алар қабылетің бар, неге қорғап алмайсың? Дәл сенің жолыңда сұлап жатып алған асу берместей кедергі жоқ қой?

Дастархан шетінде шынтақтап жағын таянған Биназар оскыр-ынған аттай оқыс серпіліп, арбиған аяқ-қолмен үстелді аударып тастай жаздады. Жаңа ғана шабытпен ұшқын атқан қоңырқай, аялы жанар нұрын ішіне тартып, ақшиып барады.

– Итке темір не керек? – деді бір демнен соң қылғына қырылдап. Әлдекімнің алқымынан бүргісі келгендей көгістене түйілген буылтық-буылтық сүйекті жұдырық стол бетін түйгіштей дір-дір етті. – Сирағым сырқырамай, бүйрек-бауырым шаншымай, қиналып-қысылмай өткізген әр күн – мен үшін үлкен олжа. Мен бір-ақ күнмен өмір сүремін. Атар таңнан дәм бұйырар-бұйырмасына көзім жетпейді. Өмірдің әр минутына, қиналыссыз өткізген қас-қағым сәтіне шексіз қуанып, шүкіршілік еткен адамда қандай асқақ қиял, үлкен мақсат болмақ? Әрі асырай алмай бара жатқан бала-шағам жоқ, кім үшін тыраштанам?

– Елің үшін! – деді Қосымхан дауысын құбылта ойнақыланып. Бұл сөз шатақ іздеп шабынып тұрғанда шаптан түрткендей, Биназар одан ары көтеріліп кетті.

– Елім мен үшін не істепті? – деді шап етіп. Сорайған ұзын мойнының әр тамыры бүлк-бүлк шодырайып ісініп шыға келді. – Не рахат, не жақсылық көрсетті? Атақты Оразгелді қажының әулетінен кім қалды? Еркек кіндіктіден жалғыз мен ғана. Тамырың үзіліп, қасиетті шаңырағың шаңға аунағаны осы емей немене? Жетпіс екі жастағы бабамды сақалын қырқып, «теріс идеяның насихатшысы, панисламист-пантюркист» деп, ақ қар-көк мұзда дедектетіп жалаңаш-жалпы «итжеккенге» айдады. Сүйегі қай бұтаның түбінде қалғаны бір Аллаға ғана аян. Әкемді атом жалмады; «бөрінің бөлтірігі... халық жауының баласы» деп көзге шұқып, не жас уақытында, не ұлғайғанда рахат көрмей күллі ғұмырын қой соңында салпақтаумен өткізген бейбақ қан рагінен кетті. Солқылдап тұрған шағында екі ағам асылып өлді. Жалғыз қарындасым ес білгеннен бері жындыханада жатыр. Бір әулеттің ендігі түтінін өшірмей шаңырағын ұстайды деген менің түрім мынау: бір күн – ауыру, бір күн – сау, қалқайып, қаңқа сүйреп жүрген тірі өлік! Бұл – бір біздің әулеттің ғана емес, сол өңірде жасайтын екінің бірінің басындағы зауал. Абыралы деген жерді естіп пе ендер? – деді әңгіменің түтіні аяқ астынан былай шалқығанға үнсіз аңтарылған қасындағы екеуге алма-кезек шүйіліп. Бахтияр меңіреу адамдай селт еткен жоқ. Қосымхан көзі жыпылықтап, басын изеді.

– Білсеңдер сол – менің өсіп-өнген отаным. Ондағылардың бәрі ауыру, бәрі алқаш. Шетінен қирап ішеді. Менің әкем де ішті, шешем де ішті. Радиацияға қарсы бірден-бір ем деген соң ішті. Арақ – менің әкемнің асы, анамның сүті. Шашы жайылып, тырапай асқан «Русская водканың» жанында қылжиып жатқан анамның омырауынан ақ сүт емес, шаранам кеппей шырылдап у сордым, қасырет пен дерт жұттым. Бұл ит ішкірді ішейік деп ішкен жоқпыз, ем, дауа деп іштік. Бәлкім, осы күнге дейін жер басып қыбырлап жүргенім соның арқасы шығар.



Жасасын менің құтқарушым – «Русская водкам!» Кане, құй толтырып!  
 - Алдындағы тырна сирақ рюмканы алақан сыртымен Қосымханға қарай итерді. Қатар жүрсе де сырын білмейтін досының мына сөзінен кейін көңілі астаң-кестең боп отырған Қосымхан қапелімде слп ете қоймады. Сенер-сенбесін білмей көзі бақырайған Бахтияр:

– Бәке, осыны доғарсақ қайтеді, – дей беріп еді, Биназар «жапшы аузыңды!» дегендей қолын бір сілтеп:

– Құй! – деді «айттым – бітті, кестім – үзілді!» дауыспен зілденіп. Қосымхан қыл мойын графинге еріксіз қол созды. Шүпілдеген рюмканың ши аяғын тыраң еткізіп Биназар аспанға бір-ақ көтерді. Қыл еткізіп су жұтқандай, ашырқанған жоқ. Ортадағы аузы ашылған «Қазақстанның» түбінен шертіп, бір тал сары құйрықты суырып алды да, танауының астына көлденең қыстырып құшырлана иіскеді. Босаңсып кілмие берген көзіне кенет қайтадан уыт жиып, екеуіне тінте қарап:

– Мені қаншада деп ойлайсындар? – деді танауы қусырыла.

Бахтияр оның жүзіне тұңғыш рет зер сала қарады. Құрдаспыз деген ұғыммен аңғармапты ғой, әйтпесе қандай кәрі! Қатпар-қатпар әжім торлаған, қылтанақсыз кемпір бет. Еті қашып кеміктенген құс тұмсықтың жотасына дейін әжім. Тек өз жасына лайық ажарын сақтап қалған толқынды қоңырқай шашы ғана. Үңілген сайын қартайып бара жатқандай, сұрықсыз суретке қарағысы келмей көзін бұрып әкеткен.

– Жиырма сегізде емессің бе! – деді сол арада Қосымхан кіндігін өзі кескендей саңқ етіп.

– Ол – менің паспорттағы жасым. Шын жасымды білгілерің келсе, міне, бері қараңдар! – Биназар шашын шеңгелдей ұстап жұлып алғанда, сопаң етіп шыға келген доп-домалақ жылтыр бас шамға шағылысып, айналаны жарық қып жібергендей болды. Таңырқап үлгіргенше болған жоқ, келесі сәтте тісін таңдайымен қоса саудыратып суырып үстелдің үстіне қойды. Ауызы опырылып, имек тұмсығының ұшы иегіне тиер-тимес. Екі ұртынан сойдыып екі тісі шығып тұр.

«Мынаның бар мүшесі алмалы-салмалы ма. Енді құлағы не көзінің бірін жұлып алатын шығар!» Тұла бойы түршігіп Бахтияр көзін жұма қойған. Қосымхан орындыққа шапталып, тіл-ауызсыз сілейіп ол қалды.

Аңырайып-саңырайған құбыжық сөйлеп отыр. Дауысы мүлде жат, бөтен, көмейінен тұншыға ысылдап шығады:

– Міне, менің нағыз жасым! Қаусаған шалмын, отыздағы шалмын! Жо-жок, шалдан садаға. Мен – адамның ұрпағы емес, атомның ұрпағымын! Қараңдар, міне! Ха-ха-ха-ха! – Кекесін күлкінің ақыры кеңк-кеңк жылауға ұласар, жұдырығын тістелеп күңіренер деп күткен

Қосымхан мен Бахтияр не істерін білмей бір сәт қыбырсыз қатып қалған. Бірақ Биназар өйтіп әлсіздік танытқан жоқ. Күлкісін кілт тыйып, бұлардың ойын ұғып қойғандай: – Білем, білем, қазір еңіреп, есімізді шығарады деп отырсындар ғой? – деді өң-бояусыз өлі дауыспен. – Жо-жок, атомның баласы ондай әлсіз емес, көз жасын сығымдап ешкімге шағынбайды. Өйткені қорланып азап шегу, жаны ышқынып қиналу – оның пешенесіне жазылған тағдыры!..

Сөйлей отырып тісін салды, асықпай шашын киді. Сонан соң түк болмағандай маңқиып, кеудесіне қолын айқастырып орындыққа шалқалады. «Жарты денесін» үстел үстіне шашып тастап өкіріп-бақырса, мас шошқаны қойдыра алмай елдің алдында масқара боламыз-ау, мұқыл деп, ине ұшында жаны дызақтаған Қосымхан «спектакльдің» бұлай бейбіт аяқталғанына уһ деп маңдайындағы шыпшыған суық терді алақан сыртымен сүртті. Ал, Бахтияр, «мынау тағы не пәле шығарар екен» дегендей күдіктене қарап қояды оған.

## ҚЫЗЫЛ ЖАЛЫН

Бұл кезде ресторандағы дыр-ду әбден қызып еді. Бағанадан бергі жандүниені тұтқындаған қым-қуыт сезімнің тұзағынан босай бергендері сол, асау қанды, құйқылжыған музыка мен қиқулаған шат күлкі форточкадан кірген құйындай ұйтқып көкірекке лап қойды – бес метр жерде сыр-сипаты мүлде бөлек, жарқылы көз арбап жалындаған сиқырлы әлем тұр қолын бұлғап. Биік өкше, жылтыр туфли киген аласа бойлы әнші жігіт Газмановтың даусын айнытпай салады екен, әлде фонограммамен «айтып» тұр ма сабазын:

– «Мои мысли, мои скакуны...» – деп соңғы аккордты шырылдай шырқап, бәрінді құшақтадым дегендей екі қолын жая тағзым еткендей, тулаған денелердің толқынына көмілген би алаңы теңселіп барып тына қалды. Бірі ысқырып, бірі қолдарын төбесіне көтере шапалақтап, ризашылықтарын білдіріп жатыр.

Жұрт жан-жакқа жырыла шашылып орындарына беттеді. Қуаныш, думанды әркім жырымдап өзімен бірге бөліп-бөліп әкетіп бара жатқандай, би алаңы лезде томсырайып жетімсірей қалды.

Оркестранттар да тым-тырыс, бір-бірімен сөйлесіп, бас изесіп, зал ішіне құрағыта қарайды.

Ауада жастықтың сиқырлы күлкісі қалықтап жүр.

Сәлден кейін бұларға қарама-қарсы түкпірден әлдекім кең залды кесіп өтіп, сахнаға қарай беттеді. Қалың, кара бұйра шашын шалқайта

гараған, сұлу өңді кавказдық сидам жігіт. Сыптықтай денесіне бек жарасымды ши жолақ, жылтырақ қара костюм киген. Шашы қара, костюм қара. Жең ұшынан екі елі шығып тұрған әппақ манжеты көз қарықтыра, сырбаз басып, ионика ойнаушы қауға сақалдың қасына барды. Басын иіп, әлдене деді. Аналар жамырай бас шұлғыды. Жігіт қалтасынан ақша суырып берді де, орнына қарай аяндады. Сол-ақ екен, шаңын қағып, сыбызғысын сұңқылдатаып оркестр құйқылжи жөнелді. Жігіттер өз-өзінен желпініп, қас-қабақтарын ойнақшытып әсем саздың сикырына беріліп кеткендей.

Черкес биі. Тепсінген екпінді, өжет әуен. Тастан-тасқа секіріп ойнақшыған асау толқын бірде буырқана аспанға шапшып, біресе сылқ құлап, ерке, сылқым мінезбен сынғырлай сылқ-сылқ күледі. Қанынды шапшытып, елеурете тұңғиығына тартқан бір тылсым.

Құдыретті әуеннің от-жалыны шарпыған аспан астын кенет «Ай-йа!» деп ышқына шыққан жігерлі айқай жаңғырта тіліп өтті де, іле күңгірт залдың түкпірінен әлгіндегі жігіт етек-жеңі жайылып құйындай ұйтқып шыға келді. Ізінен лапылдап қып-қызыл жалын ілесіп келеді. Жо-жоқ, жалын емес, қызыл көйлегінің етегі дөңгеленіп, мыс қызыл шашы толқи лаулап, тұла бойы жұлқына билеген қыз. Жоғары көтерген оң қолының ұшында кішкене ақ орамал қалықтайды – қып-қызыл отқа қанаты шарпылған ақ құс шырылдап ұшып барады.

Арғымақтың мойнындай иілген қолдарын кезек серпіп, аяқ ұшымен термелей жорғалаған қара киімді жігіт пен қызыл жалын – қыз билеген күйі кең залды қақ жарып өтіп, сахнаға шықты. Ізін ала залдағылар дүр көтеріліп, үздік-создық би алаңына лап қойды. Жұртта, ошақ басында қалған үйінді тезектей қадау-қадау әр тұста шоқиып отырып қалған мастардан басқасы сыпырыла жөнкілді соларға қарай.

Бахтиярдың екі көзі қызда. Арбалып қалған: мүсін қандай! Қиымы қандай! Аш мықынға қарай үзіліп барып қайта толқи төгілген шымқызыл көйлектің етегі құйын үйіріп дөңгелегенде, қиығынан серпінді жұп-жұмыр аяқтары жуан санға дейін жарқ-жұрқ етеді. Талпынған тоқ анардың тәттілік тұнған ақ уыз құйылысына «көр мынаны» дегендей сына жаға сұғына еніпті.

Әйел затына бір сәттік ермек деп қарайтын тоғышар, азбан пығылмен, аяқтан бастап жоғары қарай тінтілей жөнелген Бахтиярдың сұғанақ жанары өрмелеп барып, шарасы шып-шып нұрға толған қарақат көз, мінсіз ажарға жолыққанда жүрегі атқақтап аузына тығылды. «Міне, перизат!» деді ішінен күбірлеп. Иығына түскен толқынды қызғылт шашы жайыла желбіреп ұршықша үйірілген қыз – лапылдап жанған қызыл жалын.

Сахна шетінде, жартылай шенбер құра ұмар-жұмар ентелеген көпшілікте ес жоқ: алақандарын әуен ырғағымен сартылдата ұрып, ара-арасында «Ас-са!» деп қызына айқайлап қояды. Жайшылықта кикү сап, келсін-келмесін би майданына қойып кететін желікпе, өжет жұрт біртүрлі іркіліп, тосылып қалған. Дәл мынандай билей алмайтын болған соң жүректері дауаламады ма, әлде мына екеуінің өнеріне шын тәнті боп, тамашалағысы келді ме, әйтеуір ілкіде ешкім белсеніп ортаға шыға қоймады.

Би десе Бахтиярдың арқасы қозатын әдеті. Кішкентайынан мектеп сахнасында билеп бетінің қытығы әбден өлген, ешқашан жүрексініп, тартыншақтап көрген емес. Осы жасына дейін ауыл мен Алматының талай би алаңын тоздырды. Шейк, твис, чарлистон, брэйк, рэптерің бұдан қалған, қайсысына салсаң да майға тиген пышақтай еркін есіп жүре береді. Арам етсіз сып-сидам сұңғақ денесі би үшін жаратылғандай. Қандай бір күрделі биді бір көргеннен қағып алатын сиқыры бар, қиналмайды, еркін қалықтайды. Әуен мен қимылды қиыстырып, нәзік бір үйлесіммен қиялында дамытып, асқақтатып әкететін. «Паһ, шіркін, бимен-ақ біраз жерге баратын жігітсің ғой, бекер құнттамай жүрсің!» дейтін қошаметшілері өнеріне сүйсініп...

Міне, қазір де табаны қызып, шабыс тілеген сәйгүліктей ереуілдеп, өз-өзінен тықыршып тұр. Сиқырлы саздың дірілі әр клеткасына дейін жайылып, жұлын-жүйкесін жаулап алған. Құз басында арғымағы аспанға шаншыла шапшыған қаһарлы черкес! Аһ ұрып етектегі буырқанған асау өзенге ентелейді, жартастан құлап көпіршіген ақ толқын ғашық жарының ақ көйлегі ме екен? Әттен, дүние, қапы қалды ғой! Бұл қуып жетем дегенше, қарақшыларға қолды болған қайран ғашығы қорлыққа шыдамай, терең құздан секіріп өлді. Әне, қара бурканың етегі ат сауырын жапқан қату өнді қаһарлы жігіт бір төбенің шаңын бір төбеге қосып құйғытып барады. Көкірегі алау-жалау. Өршелене шапқан ат тұяғының дүбірі мен өрекліген асау жүректің айқайы аспан астын тербетіп тұр.

Көкірегін дүбірлеткен тентек толқын ерікке қояр емес, Бахтияр бір-ақ аттап шеттегі столдан пышақтың бірін алды да, аузына көлденең тістеп, ышқына айқайлаған күйі ортаға ойнақтап шыға келді.

Көзінен ұшқын шашқан өр мінез, өжет черкес шиыршық атып, құйындай ұйтқып жүр, айналасы жанып, жалындап жатқандай. Бір сәт мынау жерден шықты ма, көктен түсті ме дегендей, таңырқап тым-тырыс тына қалған қошаметші жұрт қайта дуылдай дабылдата қол соға бастады. Шапалақ үні бұрынғыдан да қуатты, тасқынды. «Ас-салаған» көтерме айғай да өршелене түсті.

Бір қараса, қыз да бұның ауанына төңкерілгендей. Жанарынан шуақ төге, би тілімен наздана тіл қатып, жанында шырк үйіріліп жүр.

«Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба. Бас камшыны, сал барыңды, Бахтияр!» Дауыл қанат әуен жүрегін жапырақтай үйіріп, әлдебір көгілдір асқақ әлемге қалықтата жөнелген.

Өрекіп, қызынып алған оркестранттар көптің ықыласын қимай, би сазын бел ортадан тағы бір қайталап тоқтағанда барып, топ етіп өкшесі жерге тигендей есін жиды. Қаумалаған қауым ысқырып жатыр ма, «браволопа» айқайлап жатыр ма – назар аударған жоқ. Екі көзі қызда. Жорғалай басып келіп, реверанс жасаған. Ол да оң тізесін бүге, қолын кеудесіне апарып, тағзым етті. Жаудырай қараған аялы жанарында біртүрлі жылы шуақ бар, «жарайсың, ризамын» деп тұрғандай.

Ентігін баса алмай алқына дем алған бұйра бас жігіт қасына келді. Төрт бүктелген аппақ орамалмен тер шыпшыған маңдайын асығыс бір сүйкеп, қайта қалтасына салды да, бұны екі иығынан шеңгелдей қысып, сілкіп-сілкіп жіберді:

– Молодец, Бато! Тебе не здесь быть, а на Кавказе жить!

Желпініп алған жұрт тарқар емес, әсем әуен, құйқылжыған биден көңілге тоят іздейтіндей. Біреулер «Ломбадаға» заказ берді; одан соң мәңгі жас, мәңгі сұлу вальс кетті шалықтап. Бірінен-бірі асып, ынтықтырып, тұңғиығына тартқан сиқырлы, сырлы әлем.

Сол билердің бәрінде болмаса да, көпшілігінде Бахтияр жанын жалындатқан әлгіндегі қызбен биледі. Сұғанақтанып сыйын кетірген жоқ, барынша әдепті, биязы қалыппен бас иесіндей көрінген жігіттен әуелі рұхсат сұрап барып бірер мәрте қызды биге шақырған, артынша билейік деп қыздың өзі бірер мәрте ықылас танытты.

Әр билеген сайын бір-біріне жүрек лүпілімен жақындай түскендей. Жүз жылда жетпес көңіл арасындағы алыс жолды жалғыз-ақ сәтте аттап өткендей, екеуі бір-біріне соншалық еркін, соншалық назды. Бір-біріне қадала қарап, шаттана күліп би құшағында толықси дөңгелейді. Тілмен айтып жеткізгісіз көп сырды жымдасқан аялы алақандары мен жалт-жұлт шарпысқан ыстық жанарлар ұқтырып жатыр.

Бахтияр жөн сұрасқаннан басқа қадалып ештегені қазбаламады. Бет-пішініне қарап татар ма, әлде орыс шатыс па деп дүдәмел боп тұрған, қыз: «менің есімім – Соня» деп мүлтіксіз қазақша тіл қатқанда, осыншалық мінсіз перизаттың өз қандасы, қарындасы болғанға мерейі тасып қуанып кетті. «Шіркін, қазақта да небір сұлу бар-ау!» деді елжіреп. Атын неге Соня дейді? Сәрсенкүл, Сапаркүл, Сәкішхан, Сәтішбикенің бірі болған соң ұялып, осылай атайтын шығар. Қайран қазекем-ай. Керемет ақын, сері, эстет халықтың балаға ат қоюға келгенде тілі қотырланып, қиялы күрмеліп неге сонша қарабайырланып кетеді екен.

Тенселе басып орнына келді. Шаттықтан шала мас денесін сылқ еткізіп орындыққа тастай салды.

– Ғажап! Нағыз періште ғой, ә, періште! – деді тұманытқан көзін қасындағы екеуге алма-кезек қадап.

Қосымхан, айтарым жоқ дегендей, үнсіз, езуі ырсиып бас бармағын шошайтты. Қызды шырамытқандай. Бірақ арақтың буы басына шаба бастағандікі ме, қашан, қайдан көргенін қапелімде есіне түсіре алмады.

– Несі ғажап? – Биназар күл беттеніп, жалғыз өзі бір бұрышты қап-қараңғы ғып түнеріп отыр. – Ондай «періштені» интернационалдық бөкесінен бір-ақ теппейсің бе!

Биназар бүкіл денесімен жалт бұрылып, соншалық бір жек көрінішпен қарады. Көзінен көкпеңбек у бүркіп тұр. «Мынаның көзі де алмалы-салмалы шығар. Әйнек не иттікі. Әйтпесе көзі сау еркектің мынандай сұлуға тамсанып тәнті болмауы мүмкін бе? Ол үшін саңылаусыз, тас бітеу шөрке болуың керек қой!» Бахтияр ызасын бейнелерлік сөз аузына түспей булығып қалған.

Биназардың менсінбей, әлдеқандай боп дүрдиген құр сырты екен. Келесі сәтте ішін күйдірген өрт кеулей кеміріп жеп гүрс етіп «құлап» түсті – орындық үстінде беті қисайып қинала бүріскен бейшара бір бейне қалды.

– Сұлуларды жек көремін! Өлердей жек көремін! – деді әлдебір есуас, жабайы дауыспен ышқына қырылдап. – Жалпы әйел затына қаным қас!..

Көгере түйілген жұдырығын тістелеп, жүзін ала қашып, орындықтың арқалығына асылып жатып алды. Қанша көрсетпеймін дегенмен бүлкілдей жөнелген қос жауырын бәрін әйгілеп сатып тұр.

Бахтияр айран-асыр, селк етіп бойын тіктеп алды. Бір жезтырнақ өткір сезім көкірегін осып өтті. Жаңағы қабарған ашу-ыза жым-жылас, оның орнын жан тырнаған бір түрлі аяушылық жайлады. «О, бақытсыз сорлы. Өлексе сүйреткен ит тірлікте не мән, не сән. Неге арақтан бас алмайды, неге күңіренеді десем, көкірек кемірген осындай қасыретің бар екен ғой!..» Шарасыз жапақтап Қосымханға қарап еді, бес гектар бетіне мәз-мәйрам күлкі жайылып өз-өзінен жырғап отыр. Басын үсті-үстіне шұлғып қойып:

– Таудан-тастан қайтпаған қайран жүрек,

Қызды көрсе, жылайды зар еңіреп... – деп соза әндетіп, апыл-ғұпыл қойын дәптерін алып, сүйкектете бастаған. Желкесінен батыра нұқып қалды, «жап аузыңды!» деген ишарамен сұқ саусағын безеді. Анау айылын жияр емес.

– Что поделаешь – шабыт! – деп, мақтанышпен бір ыржаң етті де, қайтадан қағазға шұқшиды.

«Өй, саңылаусыз тұлып!» Ішінен кіжініп теріс айналған. Есіне осы пәруайсыз айта беретін бір әңгіме түсті. Айтқан сайын жер тепкілеп күлетін, бұл да мәз болатын.

Қосымханның Жоғарғы партия мектебінде оқитын бір көңіл-лес қызы бар екен. Көп жыл облыстық комсомол комитетінде хатшы боп істеген. Енді ЦЭКа-ға, не министрліктің жайлы орындықтарының біріне қарғу үшін білім жетілдіріп жатқан қайраткер.

Биыл Жаңа жыл қарсаңында гүл, шампандарын құшақтап Биназар скеуі соған қонаққа барады. Іздегенге – сұраған, бөлмесіне құрбысы келіп, мейрамды бірге өткізбек боп отыр екен. Ол да бұрынғы комсомол жетекшісі; қайраткерліктен жалыққан; «ертеңгі күнім не болады, қолда барда қорғап алайын» деп, сырттай аспирантурада оқып жүрген көрінеді. Жүз грамнан кейін жүз жылдан бергі таныстай боп кетті. Шарап ішілді, би биленді. Түн ортасынан ауып, тауық шақырғанда екі-екіден ыңғайланып, бөлме-бөлмеге тарай бастаған. Қосымхан есіктен шығып бара жатып, қызара бөртеп, креслода маужырап отырған Биназарды иегімен нұсқай аспирант қызға: «Әйелді көрсе, үркетін жыны бар. Тұмса. Бетін ашып, сауабын ал!» дейді сыбырлап. Қыз сиқырлана көзін қысады: «Саспа, оқытамыз, үйретеміз. Сасай болған текедей тәлтіректесп шығады ертең!» «Хош, бұл да бір біткен іс болды» деп Қосымхан өз жөніне кеткен.

Ертеңінде ырғалып-жырғалып, ақ тотысын қолтықтап, күн түске тармасса да, түнімен сансыраған ана екеу әлі ояна қоймаған шығар деген оймен қорқасоқтап бөлмеге келген. Кірсе – қыз жалғыз, қабағы қатулы. «Анауың еркек пе, өзі немене! – дейді салған жерден дүрсе қоя беріп, – шалбарын да шешкен жоқ. Түні бойы шымшып, тістелеп өне бойымды көкала қойдай, көк торғайдай қылды. Мені бір мазохистка деп ойлайды ғой деймін! Қыңсылап жылай береді. Какоий-то шизанутый!»

Қосымханнан естіген осы әңгімені еске алып талай күлген өз-өзінен. Бірақ оның артында мұндай қасырет жатқанын кім ойлапты. Бахтияр не істерін білмей тыпыршып қалды. Теріс қарап солқылдаған Биназардың жаурынына алақаны қалт-құлт етіп әлденеше рет барып-қайтты. Жұбатса ма екен? Не деп айтпақ?

Қосымханның екі езуі құлағында. Орындығы сықырлап отыра алар емес.

– Екі куплетті төгіп тастадық лезде! Тамаша шықты. Оқып жіберейін...

Бахтияр үстелдің астынан аяғына теуіп қалды. Анау түкке түсінбей аузы аңқайып, бетіне қараған. Бахтияр көзімен Биназарды нұсқап, басын шайқады. Ештеңенің байыбына бармаса да «Бөкең бірденені

біледі» деген сынаймен өлең оқымақ райынан қайтып, қолындағы қақ ортасынан ашылған қара блокнотын самарқау жауып, қалтасына сүңгітті де, апыл-ғұпыл рюмкаға қол созды:

– Ішіп жіберейікші, дүние күйіп кетсе де. Оу, Бәкесі, басыңды көтер! Биназар қозғалған жоқ.

– Бәкең артық сілтеп жіберді-ау деймін. Мазаламай-ақ қой. Біраз дем алсын. Мас боп қалды. Кел, өзіміз ішіп қояйық. – Бахтияр рюмкасын қағыстырды.

– Бұрын алысқа шабушы еді, бұнысы қалай? – деп Қосымхан аздап күдік білдіріп еді, Бахтияр ырық бермей өз дегенін шегелей түсті:

– Араластырып ішем деп оңбай қалды. «Армяның» мен «Наполеоның» қосылса, пәле екен ғой, менің де басымды дыңылдатып отыр. Екеуміз сияқты сақтанған жоқ, аңқау байқұс әп дегеннен тартып-тартып жіберді емес пе.

«Иә, мен сөйттім. Міне, маспын, түк естімеймін, түк білмеймін» дегендей Биназар тым-тырыс. Ара-арасында мұрнын тартып, қор етіп қояды. Бұл рөлдің оған бек ұнап отырғанын түсінді Бахтияр. Суға кетіп бара жатып тал қармаған түрі байқұстың. Енді қайтсін. Ұйтқыған дауыл сәл саябырлап, сабасына түсті. Іле не бүлдірдім деген ойдан шошып кетті. Жаны ышқынып отырып жүрегінің түбіне тепкілеп терең көмген қасыретін, қорлық-құпиясын жарқ еткізіп екеуіне жария ғып алды. Ертең ол дақпырт жалпақ елге тарайды сыпсындап. Мүсіркеп, мысқылдап жылт-жылт қараған әр көз бір-бір оқ емес пе көкірегіне қадалған. Қаулағалы, лаулағалы тұрған өсектің тілі қайтсе қырқылады? Ол үшін бір ғана жол – мас болу керек; былқ-сылқ етіп осылай жатып алған жөн. Сонда әлгіндегі айтылған сөз, ашылған сыр, төгілген жас – бәрі-бәрі мас адамның сандырағы болып шықпақ...

Досының ойын оқып Бахтияр елеусіз езу тартып қойды. Бірі алдадым деп, бірі алданған боп – екі жақ та бір-біріне сыр алдыртар емес.

Сол арада даяшы жігіт күміс табақшаның қақ ортасында таққа отырған княздай қаздифан грузин коньягын саусақ ұшында қалықтатып әкеліп алдарына қойды. Жаңағы бір кавказдық бишінің арнайы жіберген сыйы. Міне, жігіт. Нағыз джентельмен! Бахтияр ұшып тұрып, қос саусағын ерніне апара ұшпа сүйіс жасап, сәлем жолдады. Қыз бен жігіт те отырған қалпы қатарласа қол бұлғады. Шіркін, Қосекең жігіттің сырбазы ғой. Не нәрсенің болса да жөнін біліп, қиюын келтіріп лыпып тұрғаны. Табан астында тапқырлық танытты:

– Қой, құрғақ қасық ауыз жыртады. Жаман грузиннің алдында жолдан жығыламыз ба, қасындағы қарындастан ұят қой! – деп сол бойда армян коньягының жетегіне шампаннан қосақ ертіп, даяшыны



қайта шаптырған. Бахтияр апыл-ғұпыл аты мен жұмыс телефонын жазып, блокноттың тілдей бетін төрт бүктеп, табақ шетіне қыстырып жіберді. «Қалай да хабарласады» деген біртүрлі берік сенім орнады көкірегіне сол сәт. Алып ұшқан белгісіз қуаныштан жүрегі өрекіп аузына тығылды.

Біраздан кейін қыз бен жігіт орындарынан тұрып, қоштасқан ишарамен бұларға бастарын изеп, есікке қарай беттеді. Қыз алда, қызыл көйлекті солқылдаған сұлу денесін сәнімен ырғап, сыртынан қадалған сандаған көзді шоқша қарып ұзап барады.

«Әне, баққаныңды, аялағаныңды әкетті ғой, әкетті!» деп атойлаған жәдігөй сезім сумандап бүйірінен түрткілегенмен қызғанышқа тізгін берген жоқ. Сабырлы, салқын. Қара шашты, қара киімді жігіт – соңында қалбақтаған көлеңке, басқа ештеңе емес; жүрегін жалындатқан шапағат-нұрға қылау түсіруге құдыреті жетпейтін дәрменсіз, елеусіз бірдене. Бұл тек қазір табиғат шебер мінсіз мүсіндеген сұлулыққа ессіз арбалып, табынумен отыр, тірліктегі басқа ұғым-түсінікте ешқандай мән-мағына жоқ. Тіпті қандай күнәсі болса да, осынау газиз көркі үшін оған бәрін кешіруге пейіл.

Іле бұлар да орындарынан тұрды. Жартылай шын мас, жартылай өтірік мас, былқ-сылқ Биназарды екеуі екі қолтығынан сүйемелдеп сыртқа шыққан.

Бүгін Ай да бөлек, Әлем де бөлек. Үнсіз саулаған жып-жылы, жұп-жұмсақ көгілжім нұр аспан астын кеулеп алған. Әппақ қарды сықырлатып билей бергің келеді өз-өзіңнен.

## КҮН ШЫҚҚАНДА АЙ КӨРІНБЕС

### ТОҚЫЛДАУЫҚТЫҢ ТӘУБАСЫ

**А**спанды шатынатып күн күркіреді ме, әлде биік құздан шапши жөнкіген тасқын ба, арқырап-сарқыраған, әйтеуір жан түршіктірер ащы дауыстан Бахтияр ұшып тұрды апалақтап. Үрейдің оты лыпып, алақ-жұлақ қыдырыстаған көздері үй ішіндегі үйреншікті заттарға жолықты: бұрыштағы күрең сырлы, аузы-мұрнынан шыққан кітап сөресі, есігі қабысқан «Саратов» тоңазытқышы, бұрыштағы қол жуғыш... бәрі-бәрі дін аманбыз, мырза, деп «бас шұлғып» тұр. Дауыл да, тасқын да жоқ. Бірақ әлгі шарылдаған дауыс құлақ жарып барады. Бұл не? Сонда барып, жастығының қасына төңкерілген жез легеннің үстінде дүниені басына көтеріп безек қаққан жұдырықтай көк сағатты көрді. «Ой, Құдай-ай!» деп, төбесіндегі түймені бір нұқып, жағын қарыстыра салды да, сылқ етіп ұйпалақталған көрпенің үстіне қайтадан құлай кетті. Бірақ көп жата алған жоқ. Шүйдесіне шойын құйып қойғандай лықылдап, көз алды шыркөбелек айнала бастады. Жатқан орны опырылып, әлдебір шыңыраудың ернеуінен төмен қарай домалап бара жатқандай, еріксіз басын көтеріп алды. Бұлдырап, аударылып-төңкерілген дүние шайқалақтап, өз қалпын таба бастағанмен, іші-бауыры қалтырап, безгек бұғандай қолды-аяққа тұрғызар емес. Асқазанын қотара лықсыған запыран кеңірдегіне кептелгендей.

Апыл-ғұпыл аударып жез легенге еңкейіп еді, күшеніп құр лоқсығаны болмаса, құса алмады. Қаңсыған ащы кекірік кеңсірік жарды. «Осы керек саған, іш атауынды! — деді көзінен ытып кеткен жасты

жұдырық сыртымен сүртіп жатып өз-өзінен кіжініп. — Әкеңнің көз құны қалғандай қылғытып едің ағын да, қызылын да араластырып. Отыр енді қақпанға түскен қасқырдай қыңсылап!»

Көрпе үстінде тізерлеген күйі шекесін қаусыра ұстап, сығымдай қысты. Сәл саябыр тапқанмен артынша қайтадан лықылдап әдепкі әніне басты. Қос самайы көл бақаның алқымындай бұлк-бұлк етіп, калай мытыса да саусақ ұшын бұлқына шерткілейді.

Тәлтіректеп орнынан тұрды. Жолдағы стол, шкаф, орындықтардың бұрышы «мә, ал сыбағанды» дегендей бір-бір түйгіштеп, шайқалақтаған қалпы тоңазытқышқа қарай беттеді.

Көк мойнақ шөлмекті мойнынан қылғындыра ұстап, апыл-ғұпыл қағаз тығынды тісімен жұлып алған бойы аузынан қылғыта салуға октала берді де, «құрысын, алкаш емеспін ғой» деп өзінше сырбазданып сабыр сақтаған. Столдың үстіне қойды. Бүйірі мұздай, күйіп-жанған алақанына майдай жағып барады.

Түбіндегі арақ үш елідей ғана. Дастархан шетіндегі төңкерілген шай кәсені алып, қылқылдата құйып еді, сызығынан шүпілдей толды. «Қазір жұмысқа барам, иісі мұңкіп тұрады ғой» деп ойлаған да жоқ. Демін ішіне тартып, жұтынып «ескі доспен» өбісер қуанышты сәтке қапысыз дайындалып, кәсені ұстай беріп еді, қолы құрғыр қалтылдап ерікке көнсе қане — шайқалақтап арақты төгіп алды. Мына түрімен ауызға жетем дегенше талай несібе «аут» болып, жартысы да қалмас.

Кәсені жедел орнына қойып, саусақтың жігінен жылғалана тамған тамшыны тілімен жалап, тамсана жұтынды. Қолын сілкіп-сілкіп жіберіп, қайта созды — тағы да сол: безгек буғандай дір-дір етеді. Жүйкесі қозып ызаланған сайын, дірілі тіпті үдей түсті. «Қап, аристократ болған не теңі еді, аузынан-ақ қылғыта салмай. Енді не істесе екен?»

Бір әдіс сап ете қалды есіне. Қайдан көріп еді? Е, театрдан көрген екен ғой. Зухра екеуі жана қосылып, ыстық-суығы басылмай тұрған кезде ойын-сауық, дыр-думанды құр жібермейтін. Қай спектакль екені есінде жоқ. (Спектакльдің аты түгілі, театрдың қай жерде екенін ұмытқалы қашан!) Әйтеуір Москвадан келген театрдың қойылымы болатын. Лебедев пе, бір актер таңертен басы қаңғып, аяқ-қолы қалтырап тұрған мына өзі сияқты бір бейбақтың қазіргідей халін керемет шебер бейнелейтін. «Неге солай етпеске?»

Алақ-жұлақ етіп айналасына қаранды. Орындық арқалығына асылған ақ сүлгі қысқа. Көзі босағадағы шегеге шиыршықтап ілінген кір жайғыш жіпке түсті. Дерев барып алды да, жазып жіберіп, бір ұшын сол қолының білезігіне байлады, желкесінен орай асырып, екінші ұшын оң қолына орады. Сол қолымен кәсені ұстап, жіптің ұшын шымшым демей тартып, жоғарылатып әкеп аузына бір-ақ төңкерді.

Бөлкенің шетінен апыл-ғұпыл уыс толтыра үзіп алған нанды мұрнына басып, бір дем қимылсыз қалды. Мұздай арақ ішек-қарнын салдыр-ғүлдір аралап барады.

Удың басын у алады деген осы. Бұрқ етіп маңдайының дәл ортасына шоқпардай тер шодырайып шыға келді. Денесі темір құрсаудан босағандай уһ деп қалай ыңырысып жібергенін білген жоқ. Көкірегі дуылдай ысып, жан шымырлатар жып-жылы толқын шайып өткендей, сүлеленген көзіне нұр жүгіріп жадырай бастады.

Енді осы ит ішкірді аузына татып алса ма! Бірақ... бұл уәдені өзіне қанша рет берді. Бәрібір тоқылдауықтың тәубасы. Өстіп қиналған сәтінде ант ішеді де, артынша-ақ ұмытып кетеді. Әйткенмен соңына салынып, іздеп жүріп қылғытатын көкшулан, күркіреуік кең өнештің сортынан емес. Тіпті, сол құрғырға алабөтен зауқы да жоқ. Жақпайды. Жарты стакан ішсе, жарты күн ауырып отырғаны өстіп.

Бұл ішейін демейді, сол әзәзілі түскір мөлтілдеп, сиқырдай арбап өзі бұның ебін тауып шылауына жабыса кететіндей, ылғи да отырыс, той-томалақтың орайы келеді де тұрады алдынан. Достарың кеу-кеулеп, тіпті қыз-келіншектерге дейін қамшы салдырмай қағып салып қылмың-қылмың қағып отырғанда, жақпаушы еді деп қайтып қылымсисың. Мәселен, кеше. О-о, ондай сәтте у болса да тартып жібермейсің бе!

Жылт еткен елестен салғырт санасы дүр сілкініп ояғандай, Бахтиярдың екі көзі жайнап шыға келді. Шаттық пен салтанат тұнған зәулім зал. Құйындай ұйтқыған асау әуеннің толқыны тұла бойында тулап, қызыл көйлекті нәзік денесі лапылдап лаулаған алтын шашты періште. Белуарына дейін жерге батып, көк сасыған, күнгірт жертөленің қай бұрышына қараса да осы сиқырлы сурет көз алдынан кетер емес. Кең етектің қиығынан сазанның бауырындай жалт-жұлт ойнаған серпінді, жұмыр балтырлар, жартылай ашық, талпынған қос анардың тәттілік тұнған ақ уыз құйылысы «кел, кел!» деп, қолынан тартып, жүрек уылжытқан жұмбақ әлемнің төріне қарай жетелей жөнелді.

## ҚЫЗЫЛ ИТ

«Соня, Соня! Хабарласар ма екен?!» Жүрегі алқынып өз-өзінен аласұрды. Қуаныш па, үркек үрей ме – өрекіп, өртеп-күйдірген бір хал. Тұла бойы қызынып, дуылдап барады.

Ұйқыдан тұра сала дәліздегі үлкен легенге екі шелек мұздай су құйып, шайынатын әдеті еді, терезенің қиығынан түнде жауған қардың әппақ жотасын көріп, ол ойынан айныды. Сір өкшесі жа-

пырылған ескі бәтіңкені аяғына іліп, бұтындағы екі елі лыпамен сыртқа шықты.

Күн ашық болғанмен ауа шыңылтыр, ызғар, мың-сан ине шым еткізіп, денесін сұққылады. Аула ортасында екі қолын басынан асыра айқастырып, буын-буынын күтірлетіп, онды-солды рахаттана керіліп-созылды. Сонан соң күректтей алақанымен кезек көсіп алып, бетінен бастап денесінің ашық жерін қармен ысқылауға кірісті. Уысуыс мамық қарды сықырлатып үйкелеген сайын жаны кіріп, аузынан ақ бу ата аһылап-уһілеп арсы-күрсі. Күйіп-жанған тәннің ыстығын, керенау-кеселін сылып төмен қарай саулаған тамшылар қар бетіне қара шеңбер сызып, екі аяқтың басына «тұсау» салды. Лезде қып-қызыл боп алаулап шыға келген денесінен бу көтеріліп, түтіндеп тұр.

Өз тұлғасына өзі сұқтана қарады. Аш мықын, керме иық. Кеуде мен иықтың бұлшық еті тұтаса шаппақтанып, қозғалған сайын бұлт-бұлт ойнайды. Сом білегінің тамыр-тарамысы тері сыртынан санап алғандай, білем-білем тырсия шертіп тұр. Ұйпа-тұйпа жүн қаптаған сіңірлі бура саны анау. Нағыз атлеттің бітімі. Арнайы туризммен айналысқан емес. Қаршадайынан ұстағаны айыр-күрек, одан кейінгі студенттердің құрылыс отряды, жексенбі құрғатпай темір жолға барып, ертеден қара кешке дейін вагон-вагон жүк түсіру... Қара жұмысқа әбден пісіп, тас сіңір боп қалған. Соңғы уақытта Қосымханға ергеннен бері ғой болты босаңсып ақ саусақ боп жүргені.

Иығын сілкіп, орнынан секіріп-секіріп алды. Бойы жеп-жеңіл, қунақ, еденге ұрған допша серпіліп тұр. Желке тұсынан әлдекім сұқтана қарап тұрғандай сезінді. Жалт бұрылып еді, қарсыдағы терезеден біреу әйнекке жабысқан бетін жұлып алып, жалма-жан шегініп кетті.

Таныс жүз. Көршінің он үш-он төрттердегі қызы. Аты Тая ма, Аня ма – соның бірі. Көрген жерде жымып амандасатын. Қала халқы бұзылған. Бармақтай баласына дейін, міне, көрдің бе! Ауылда ғой, бүйтіп телмірмек түгілі, оның жасындағы қыз баланың көз қиығын салуға да жүзі шыдамас еді... Токта, токта, ауылда болсаң сен де бүйтіп тапа-тал түсте талтайып тұрар ма едің? Қаладағыларда ұят болмай-ақ қойсын, ал сенің ауылдан әкелген ұятың қайда? Шағын ауланы шаршылай бөліп ентелеген үйлердің терезесі анталаған көздердей өз-өзінен ыңғайсызданып, үйге қарай асығыс адымдады.

Сырттағы таза, кәусар ауадан өкпесі сыңғырлап кірген бұған үй ішіндегі үйездеген күлімсі, сыз иіс бірден білінді. Мұрнын тыржитып, босағадан озбай жиіркене қарады.

Қиялы кешегі көгілдір, кең залда. Ұшынған би, көз арбаған перизат. Әуелеген асқақ көңілі осынау сұрықсыз, жабырқау төрт қабырғаның

коршауына сияр емес. Өз үйі өзіне біртүрлі жат бүгін. Кем-кетігін жаңа көріп тұрғандай: бәрі қораш, бәрі сонша жан азынатар жабайы. Терезе жақтағы қабырғаның етегі көгістеніп шыпшыған су; ортадағы өлеусірей жанған абажадай тік мойын пеш өзін-өзі эзер жылытып тұр. Бір кездегі қойма ма, тауық қора ма – Құдай білсін. Мына пешті балапандарды жылы жерде ұстау үшін салған болу керек, кісі тұратын болса, бес не жеті құдық қып қабырғаға жапсарлап өрмей ме?

Отау иесі түгілі, елге тұтқа болатын жасқа келді, отызға тақады. Оқыды, тоқыды, Құдай қаласа, біраз жылда ғылым кандидаты да болар. Бірақ әлі күнге дейін «өз үйім – өлең төсегім» деп еркін көсіліп жатар күркедей болса да басында құжырасы жоқ бұл неткен ит өмір! Үйленгеннен бергі төрт жыл ішінде кімнің босағасынан сығалаған жоқ. Біреудің қабағын бағып жаутаң қаққан мүсәпір, кіріп-тарлық, «қай қылығым жақпай қалар екен, қашан қуып шығар екен!» деп қылпылдап жүргенін.

Шаңырақ көтерген жылы бұл университеттің соңғы курсында, Зухра мединституттың бірінші курсында оқитын. Әу, бисмилла деп микроауданнан пәтер жалдады. Даңғарадай үш бөлмелі үйдің ең кішкентай бөлмесі. Стипендияларын қылдай бөліп, қырық сом төлеуге келіскен. Студентке ауырлау, әлбетте. Уақасы жоқ, қолы боста вокзалға не қастарындағы азық-түлік дүкеніне барып жүк түсіреді.

Үй иесі – кемпір мен шал. Жақында ғана ауылдан көшіп келген. Бұрын мұнда кенже ұлдары тұрыпты. Дөкей. Қалалық атқару комитетінің бөлім бастығы. Бір қыз, бір итімен жаңа салынған төрт бөлмелі үйге көшіпті де, мына пәтерді әке-шешесіне қалдырыпты.

Шал – қырыс қабақ, қыртыған біреу. Қабаған иттің қасында тұрғандай, үнемі секемденіп, жайсыз сезініп отырғанын. Жетпісті желкелеп қалса да сақал-мұртын жылмитып қырып тастайды. Есесіне шаш қойған, төбесінде шөткідей тікірейіп тұрады. Жалғыз медаль тағылған қоңыр пенжағын үй ішінде де иығынан тастамайды. Оң аяғының басын ішіне қаратып, бұрап басады. Шойнақ. Соғыста жаракаттанды ма десе, бірер жыл бұрын арбадан құлап, сындырып алыпты. Кемпірі өзінен недәуір кіші. Басы қақшаңдап, екі иығын қомдап, ертеден кешке дейін тыным таппай шойнаң қағып жүргені. Қаншырдай қатқан қарасұр. Шал шегір көз, шикіл сары. Кемпір сол жағына қарай қисаландап басады. Шал оң жағына қарай қисаландап басады. Екеуі қатар жүргенде иықтары бірде түйісіп, бірде денелері екі жаққа сылқ қисайып, қайшының тіліндей «ашылып-жабылып» келе жатады.

Құданың құдыреті, бітім-бейнесі бөлек-бөлек екі адамның бір-біріне соншалық ұқсастығын көріп тұрғаны осы. Үш жылдан кейін

ит те иесіне ұқсап кетеді дейтін рас шығар. Тоңқ-тоңқ етіп сөйлегені, көздерін алайтып қарағанына дейін ұқсас. Бірінің аузынан бірі түскендей. Әсіресе, сарандыққа, қытымырлыққа келгенде бірін-бірі толықтырып, тіптен жымдасып кетеді.

Берген бөлмесінде құйрық басар не орындық, не стол жоқ. Қаңқиған төрт қабырға ғана. Алғаш енгенде босаға жақта аркалы екі қоңыр орындық тұр еді, бірін шал алып шығып кетті, екіншісін кемпір көтеріп алып кетті. Астына тізіп тақтай салған екі кісілік темір төсекті бұзып, қабырғаға сүйеп қойды. «Бәрі бір керек болады, сатып алыңдар!» деді шал. «Былай бермейміз, далада жатқан дүние жоқ. Алпамсадай екі кісі ойнақтаған соң, торы созылып, несі қалады дейсің!» деді кемпір.

Жаланапш ленолиумның үстіне газет жайып, жалғыз матрацтарын төсеніп жатып жүрді. Қызықты хабар не кино көрейін деп телевизорға жақындасаң – шалдың қабағы қырық қатпар: «басымыз айналып кетті ғой, түгі! Кішкене дабырлаған дыбыстан даблением ойнап шыға келеді. Осы жын-ойнақтың несіне әуессіңдер!» деп өшіртіп тастайды. Кешкі сағат тоғыздан кейін сабақ қарау, кітап оқу, оны-мұны істеу деген тіптен қиямет. «Түн ортасына дейін шамды жарқыратып қойып не істейді осылар! Жаңа үйленген адамдар жата қалмайтын ба. Сбеттің көзіме түсіп ұйықтатпай жатқанын карашы, өшіріңдер!» Кемпір күңкілдеп келіп, есікті сыртынан салып қалады.

Зухра бейшара – кемпір-шалдың қара табан күні. Күн сайын еден жуып, қоқыстарын шығарады. Демалыс күні үш бөлмені қағып-сілкіп, сүртіп-тазалаумен өтеді. Сонда да жақпайсың. Ең аяғы әжетханаға кірсең де, «сауыны» бірге кеп: «арқан есіп отырсың ба, шықсаңшы енді!» деп шал таяғымен тоқылдатып тұрғаны.

Пұлын бер; жұмысын істе, бірақ өз бетіңмен тырп етіп қозғалма. Жат десе – жат, тұр десе – тұр. Нағыз түрме. Неге осынша қатыгез, қазымыр? Бауыры жылып бала сүймеген қубастарда келген-кеткенді жақтырмай тұйықталып, өз-өзінен тарылып отыратын осындай бір қытымыр, қатты мінез болушы еді. Бірақ олардың ұл-қызы анау, ұбырып-шұбырған. Әлде өмірі ештеңе көрмеген, жарымаған біреулер ме? Тыңдап отырсаң, шал өмір бойы аттан түспеген: бригадир болған, бөлімше басқарған. Соның арқасында ұл-қызын оқытып, осы дәрежеге жеткізген. Ауылдың көзімен қарасаң, болған-толған, берекелі шаңырақтың бірі. Басқалар тіпті, басы өскен, төрт құбыласы тең, неткен бақытты жандар деп сыртынан қызыға қарар еді. Өйткені ауылдағылар бірін-бірі дәл мұндағыдай жақыннан көрмейді, көңіл қатпарындағы қилы суретке көз салмайды – сырттай тамсанады, сырттай құстаналайды. Мұндағыдай топ-топ боп

жатақханаға жатпайды, пәтерші ұстамайды. Тәрбиесі, түсінігі әртүрлі, бір-біріне сын көзбен қарайтын жат, бөтен адамдар иық түйістіріп бір шаңырақ астында тоқайласпайды. Әркім өз бала-шағасымен жеке-жеке. «Қол сынса – жең ішінде, бас жарылса – бөрік ішінде», сыртқа сыр шашпайды. Әке мен баланың, келін мен ененің арасында не керіс, не егес боп жатыр – оны ешкім білмейді. Ал егер айына-жылына бір қонақ келгенде (оның өзі туыс-таныс) қой сойып, көрші-қоланды қоса шақырса, «пай-пай, қолы ашық, неткен жомарт» деп таңдай қағысады; тойда мас болып, келінге көрімдік сұраған әйелге жүз сом ұстата салса: «жігіт деп әне, пәленшені айт!» деп бес жыл аңыз қылып жүреді. Бәлкім біз халқымыздың қадыр-қасиетін мақтап-марапаттағанда сырына терең үңілмей, көлеңкеге тон пішіп жүрген шығармыз көбіректе?

Әйтеуір сол екі айдағы көрген қорлығынан кейін өзі шаң жуытпай қорғаштап, аялап келген: «қазақ – кең, қайырымды, мейірімді» деген ұғымды белінен бір-ақ сызған. Аракідік сол күндер еске түссе, «Құдайым, қазақтың қарауы мен қытымырынан сақтасын!» дейді көкірегі қалтырап.

Одан соң төсек-орнын арқалап, қос чемоданды қолдарына ұстап, Орталық зираттың іргесіндегі «Шанхайға» көшіп барған. «Шанхай» десе – Шанхай. Інге кіріп, іннен шыққандай, белуарына дейін жерге батып кеткен атам заманғы алқам-салқам лашықтар. Көшесі, жолы қайсы – білмейсің, құмырсқа көш бірдеңе. Бір-біріне мінгескен қора-қопсы шым-шытырық ұбап-шұбап кете береді. Жосып жүрген үйір-үйір бала. Жадау өңді, жүдеу киімді. Бірі – ши борбай, қарны қампиған рахит; бірі – көзі қылланып ыржалақтай беретін, аузынан сілекейі шұбырған меңіреу, алқаштың тұқымы. Шетінен дімкәс, ауыру. Қағаберіс-қалтарыстың бәрі үйінді-төгінді. Борсыған иіс-қоңыс қолқаны суырады. Күндіз қара шыбыннан жаныңа тыныштық жоқ, кешке қарай түтеген маса төбеңде қолшатыр боп дөңгеленеді. Қайдағы қағылған-соғылған ұры-қары, кісі кейпінен кеткен маскүнем, қатыгез тағдыр әбден жаншып, илектеп тастаған бейшараларды іздесең, осынан табасың.

«Алматы – арман қала!» Бұл жерде тұрғанда ондай сөз аузыңа түспейді. Өт жұтқандай таңдайың кермек татиды. Алда-жалда өмірдің мәні, адамдық бақыт туралы сәулелі, қанатты сезім көкейіңе қонақтай қалса, тісіңнің арасына тас түскендей түкіріп тастағың келеді. Жан құлазытқан жабайы, жабырқау көрініс. Өнге айналған ару, әсем астана тәніндегі тыртықты жасырып сылаң қаққан сұлу қыз секілді.

Бейбақтар жайлаған қайыршы кварталдың бір шеті Ташкент көшесіне тіреледі. Күндіз-түні толассыз кісі ағылған ұлы даңғыл. Шетелдік меймандар, делегациялар өтеді. Сұғанақ сыншы көз аз ба,



байқап қалса: «уай, гүлденген республика астанасының сиқы мынау ма!» дері сөзсіз. Әрине, қымтап көрсетпеу керек. Көшенің тау жақ жиегі ұзыннан-ұзақ қаңқиған биік бетон дуалмен қоршап тасталған. «Коммунистік сенбілік», мейрамдар сайын әппақ шағаладай ғып бояп тұрады. Ортасы лапылдап жанған орындықтай-орындықтай қызыл әріп: «Біздің мақсатымыз – коммунизм!», «Бәрі де адам үшін, бәрі де адамның игілігі үшін!» Ха-ха. Қандай күлкілі! Неткен мазақ! Масайраған арсыз жазуды көрген сайын тісің шықырлайды. Әйтсе де мұнтаздай тазалықтың ғұмыры қысқа – екі-үш күн өтпей әппақ дуалдың беті шимайға толып шыға келеді. Қара май, күйемен баттитып салынған тәртіпсіз суреттер, «х»-дан басталатын орыстың ата сөзі; «Бұл өмірде бақыт жоқ!» , «Тамұқ та бұдан тәуір шығар!» деп «шыңғырып» тұрған кара әріптер. Бетон қабырға құдды бір дуалдың арғы жағындағылар мен бергі жағындағылардың саяси айтыс тақтасы тәрізді.

Бұлар кірген үй айналадағы жапырайған жертөлениң көбінен еңселі: іргетасы биік, қаңылтыр шатырлы, терезесі түгел қақпақты, жақтауы оюланған. Кезінде ұсынықты қолдан шыққан тәп-тәуір дүние екені көрініп тұр. Тек күтім көрмей кетеуі кетіп тозған. Даңғарадай бір бөлме, ауызда тақтайдан жасалған веранда бар. Ең жақсысы – кірер есігің онаша, қас-қабакқа қарап, қысылып-қымтырылмайсың. Сырты ақ қаңылтырмен қапталған үлкен пеш қақ төрде. Жарты шелек көмір салсаң, жарты күн қыз-қыз қайнап, ыстық құшағына басып жылытып тұрады. Бөлме – бұрынғы ауызғы үй. Ортадағы есікті шегелеп, сыртынан картон қаққан. Төргі бөлмені қожайын бүйірінен тесіп, есік шығарып алған. Екі есік ашылып-жабылған сайын ортадағы картон күмп-күмп етіп, плитадан түтін қайтып, сәл қолайсыздық тудырады.

Алғаш келгенде тышқан саситын. Киіміне дейін күлімсі иістеніп елден ұят. Бұрынғы тұрғандар салақ біреулер ме, әлде ескі үй болған соң әбден қордаланып алған ба, түн болса – бітті, еденнің асты ұлы дүбір. Шикылдап ән салып ызғып жүргені. Шамды жағып қалсаң, құлағы қалқайған пәлелер қуыс-қуысқа жып беріп жоғалады. Тесік біткенге у дәрі де септі, әйнектің ұнтағын салып та бітеді – бәрібір, түнімен тықырлатып басқа жерден тесіп алады. Болмаған соң, көршінің бір быртиған семіз тарғыл мысығын екі-үш күнге «прокатқа» әкеп жіберген. Қазы жемейтін қазақ сияқты, тышқанға тәбеті шаппайтын бір кернау екен. «Жанды нәрсенің барлығы өмір сүруге тиісті. Тышқан мен мысық бір-біріне дос, бауыр һәм жолдас» дейтін нағыз гуманист. Ас бермесен, мияулап мазанды алады, тойса, «қайырлы түн» деп, аяқ жағыңа кіріп ап, пырылдап ұйқы соғады. Екі-үш күн байқап түк шықпаған соң, «төркініне» апарып тастаған.

Аңдыған жау алмай қоймайды дейтін рас екен. Ойлап-ойлап ақыл тапты ақырында. Шампанның шөлмегіне жарты уыстай тары не жарма салып, қырық-елу градус көлбеулікпен аузын кірпішке сүйеп, жатарда бұрыш-бұрышқа төрт-бесеуін қойып қояды. Таңертен қарасаң, әр шөлмекте екі-үштен төрт аяғын көтерген «тұтқын». Дәнді жеп тауысқан соң, қайта шығайын десе, көлбеу, жылтыр әйнектен тайғанақтап, тырбына-тырбына сілесі қатып шала жансар боп не төрт аяғы көктен келіп өліп жатқаны. Осы әдіспен жарты айдың ішінде тұқымын тұздай құртқан.

Енді бұл дүңгіршек – бұлар үшін хан сарайы. Жылы, таза. Өздері – би, өздері – қожа. Одан артық не керек. Қожайындары – Петрович бір мың болғыр адам. Боғын боталы түйеге пұлдап, ақша-ақша деп қылқылдап тұратын саудагердің сортынан емес. Анда-санда есік алдындағы орындықта қол-аяғы қалтылдап, мыж-тыж боп есеңгіреп отырғанда бір «борматуха» ұстатып қойсаң, соның өзін пәтер пұлға есептеп, бір тиыныңды артық алмайды. Қандай мас боп қаңғалақтап жүрсе де, не ертеңінде басы сынып өлейін деп тұрса да сұрамшақтанып үйге кірмейді. Арлы алкаш.

Кемпірі осыдан бір жыл бұрын қайтыс болған. Мас болған сәтінде аракілік қабырғадағы сұйық шашын дөңгелетіп төбесіне түйген, жанары мұңлы, жасамыс әйелдің суретіне қарап, мырс-мырс жылап алады: «Мені неге тастап кеттің, Глаша. Жалғыз қалдым ғой. Кіммен сырласам, кіммен мұңдасам? Бейшара, көп жәбірлеуші едім. Таяқтан көзің ашылған жоқ. Ай-яй-яй! Сені төпештеген мына арсыз қолым станокқа түсіп неге қырқылып қалмады екен? Тісінді де сындырдым, ішіне теуіп, талай рет түсік те тастадың. Бірақ басқа қатындар сияқты, милицияға жүгіріп барып бірде-бір рет қаматқан жоқсың. Қандай абзал әйел едің. Әлде, менің осы иттігіме өкпелеп ерте кетіп қалдың ба? Әуелі мені жіберуің керек еді ол жаққа. Содан соң өзің ұйқың тыныш, көңілің жайлы, бейқам тірлік кешер едің біраз жыл. Көз жұмар сәтінде: «Арағыңды азайт, адам бол!» деп өсиет айтып ең. Бірақ менің адам болғанымның кімге керегі бар? Бұрынғыдан да көп ішем қазір. Құлазыған үйге кіргім келмейді. «Глаша! Глаша!» деп айқайлағаныммен бәрібір сен тіл қатпайсың!.. Шынымен мені тастап кеткенің бе, Глаша!.. Глаша...» Сөзінің аяғы сыбырға айналып, жалбыраған ұзын, ақ шашы жайыла, басын столға сүйеп, өксіп жатып ұйықтап кететін.

Петровичтің екі ұлы бар екен. Үлкені Қапшағай жақтағы «ЛТП-да» емделіп жатқан көрінеді. Петрович оны балам деп есептемейді. «Адам емес, құрыған, шошқа» деп, жерге түкіріп отырады есіне алғанда. Ал кенжесіне деген ықыласы алабөтен: «Оһ, менің Темам қандай

башкавитый еді! — дейтін таңдайын тақылдатып. — Үш жасында алдына ас қойсаң, таңертеңге қалды ма, жоқ па деп біліп ап барып жейтін. Сол уақыттың өзінде ертеңін ойлайтын. Әттең, оқымай қойды ғой. Сегізінші класты шулатып жүріп әрең бітірді. Әйтпегенде экономист не цех бастығы болар ма еді осы күнде. Кішкене күнінде іздеп жүріп мені сыраханадан тауып алатын. «Мамам күтіп отыр, жүр!» дейді жеңімнен жұлқылап. Көнбесең — шатақ. Алдымдағы стаканды төгіп не жерге бір періп сындырып тастап, талай таяқ жеген. Сонда да тастамайды. Көзінің жасын жеңімен сүртіп-сүртіп қойып, кіп-кішкентай қолдарымен білегіме тас жабысып, мені жетелеп келе жатады. Шіркін, бала мен ит кішкентай кезінде қандай тәтті, қандай сүйкімді. Сол әдемі қалпында мәңгі қалса ғой. Бірақ Темам әлі күнге дейін баты, баты деп, әлі келгенше сыйлауға тырысады. Өмірінде бір-ақ рет қана мені ұрды. Онша қатты емес, жарты минуттай ғана талып жатып, тұрып кеттім. Кінә өзімнен, әрине. Басы ауырып тұрған адамның жағдайын түсінем ғой. Ышқырыма тықпай сол үш сомды бірден бере салуым керек еді...»

Артем төрт жыл ілгері бір «подружкасын» ертіп, Воркутаға кетіпті. Көп ақша тауып, үй, машина алмақ, Қырым не Одессаға барып тұрмақ. Сол кеткеннен мол кеткен. Хабар-ошар жоқ. Шешесі өлгенде шақыртайын десе, қайда телеграмма берерін білмепті.

«Менің Темам ақшаны күреп тауып жатыр! — дейді әкесі қиялдап. — Бір күні жарқ етіп жетіп келеді әлі, көресің. Ана чемодан да ақша, мына чемодан да ақша! Ех, шаңын шығарып бір қайнатамыз ғой. Гармонист Матвей келеді алдымен, осы көшедегі бүкіл қатынды шақырам думанға! — Сол күнгі болатын тамашаны елестеткендей, бетінің қатпар-қатпар әжімі жазыла күлімсіреген күйі ойға батып, бір сәт үнсіз қалады. Сәлден кейін әр талы сабаудай-сабаудай сабалақ қасы тікірейіп, қайтадан көзін жұмады. — Осы мен көп ұзамай өліп қалам-ау деймін. Бірақ ешқандай ауыруым жоқ. Құдай алам десе оған қарай ма, қисыны көп қой. Көзім ілінсе болды, қаптаған қызыл ит талап, қолымды — қол, бұтымды — бұт қып жұлып жеп жатады. Қорқам. Жаман айтпай, жақсы жоқ, өсиет жазып, дүние-мүлікті заңдастырып қойдым. Бәрін Темаға қалдырам, үйді де, кассадағы ақшаны да. Ана шошқаға, тфу, мынау да жоқ! — «балалы үйрек» пен «ортан теректің» арасынан сумаң етіп қайқайып шыға келген басбармақтың тілім-тілім кірсінді басына былш еткізіп бір түкіреді. — Сабақты жіп ұстатпаймын. Ол — азғын, біткен адам. Хайуан болмаса, жарайды, мені ұрсын-ақ, шешесіне қол көтерер ме еді? Глашаның түбіне жеткен — сол. Соның күйігінен өлді. Мен өлсем, Тема өз қолымен жерлейді. Шешесінің жанына қояды. Глаша кеуіміз қатар жатамыз. О дүниеде рухымыз қайта табысады. «Аруақты

еске алу күні» келіп, басымызға гүл қояды. Қабірдің айналасын тазалап, крест пен қоршауды сырлайды. Мүмкін, немерелерімізді алып келеді. «Міне, мына жатқан Петр Петрович – сендердің аталарың. Ал мынау – әжелерің, Глафира Семеновна. Менің аяулы ата-анам. Топырақтарың торқа болсын! Перзенттік парызымды өтей алмасам, кешіріңдер!» дейді басын иіп...» Өз қиялымен жасап алған аяулы, мұңлы көрініске өзі елігіп, көзін сығымдап алады.

Петрович – мойнын ішіне алып, иміп жүретін ұзын бойлы, арық кісі. Қашан көрсең езуінде будақтаған мүштік, шөміштей жуан. Құйрығы ширатыла серпіліп жарты бетін жапқан шағала қанат әдемі ақшулан мұртының оң шалғысы мен оң жақ қасы алабөтен сап-сары. Түтіннен жасқана-жасқана ғадет боп кетсе керек, оң көзін үнемі сығырайта қысып, сол көзімен тесірейе қарайды. Бірақ сұсы жоқ, жұмсақ. Жалғыздықтан құлазып, құса болған бейшара, кісіге сондай үйірсек. Ұшыраса қалсаң, шалғайыңа жабысып жібермейді. Сөйлескісі, сырласқысы келеді. Ауа райы, Спитақтағы жер сілкінісі т.б. көр-жерді тәтпіштеп нәшін келтіріп ұзақ сөйлейді. Кетуге ыңғайлана берсең, «жүр, бірдене ішейік» дейді. Онысы: қасымда сырымды бөлісетін біреу болса екен, көбірек отыра тұрса екен деген далбаса. Таңы атып, күні батпайтын жалғыздықтан қалай қашып құтыларын білмей пұшайман күй кешкен бір мұңлы қария.

Смоленскіде туып, Ставропольде өскен, комсомол достарымен бірге өзі сұранып он жеті жасында майданға барған. Оққағары бар екен, денесіне сызат та түспей, аман-есен соғыстан оралған соң, Читадан бастап Сібірдің біраз қаласын шарлайды. Істемеген кәсібі жоқ. Терістіктің арқыраған асау өзенінде сал айдаушы да, шахтер да, болат балқытушы да болады. Ақыры табан тіреген жері – осы Алматы. Оңтүстік, қысы жылы, миуасы мол деп келген. Пенсияға шыққанға дейін «Ауырмашина жасау заводында» токарь болып істепті. Бүкіл қалада бір өзі, туыс-туғаннан ешкім жоқ, бас ауырып, балтыр сыздаса, аузына кім су тамызарын құдай білсін. Ағасы мен екі қарындасы тірі ме, өлі ме, әке-шешесінің сүйегі қайда жатыр – мүлдем бейхабар. «Ұямызды қарғыс атқыр соғыс талқандады ғой!» дейді темекісін бұрқ-бұрқ сорып. Майданнан оралғанда туған үйінің орнында сорайып тұрған мұржаны ғана көріпті.

Пенсияға шыкса да екі қолды алға бос салып, қарап отырған ол жоқ. Құрылыс комбинатында күзетші болып істейді. Жайшылықта төрт аяқтап жүретін Петровичті жұмысқа баратын күні танымай қаласың. Сақалын қырынған, үсті-басы мұнтаздай. Басында қоқырайған кең етек, қара шляпа. Көнетоздау болса да тап-таза, өңірінде қызыл ала

планкалар жарқыраған қара пенжагын киіп, сыптықтай боп алады. Қолына азық-түлік салған бүйірлі қара сумкасын ұстайды. Он жасқа жасарып кеткен, бойы тіп-тік, жүрісі ширақ. Қақпадан шығып бара жатып, бұны көрсе, шляпасын көтеріп: «Салют, Боря!» дейді ойнақыланып.

Ертеңінде тағы да танымай қаласың. Қалпағы қисайған, пенжағының екі шалғайы екі жаққа кеткен, қолындағы қара сөмке оңды-солды теңселіп, алқам-салқам біреу кіріп келе жатады. Бір күн күзетіп, екі күн дем алады. Шіркін, керісінше, екі күн күзетіп, бір күн дем алса ғой!

Ол дем алған күні бұларға демалыс жоқ. Қызыл інірден абырсабыр: катыны бар, еркегі бар, қайдағы бір сүрепеті келіспеген біреулер қаптайды. Дыр-ду. Дауысымыз естілмесін деген оймен телевизорды барынша бақыртып қояды. Арадағы шегелеп қойған екі елі ағаш есік қайбір қамсау, тышқанның тықырына дейін естіліп тұрады. Қазақ шалының үйінде телевизор тыңдай алмай пұшайман болып еді, енді мұнда телевизордан қашып құтыла алмай иті шықты. Қашан программа бітіп, шыңылдап барып сөнгенше жағы сембейді. Қыза келе телевизордың айқайына өздерінің у-шуы қосылады, бірте-бірте оны басып кетеді. Дарылдаған күлкі, боқтық, арасында шаңшұң айқайласып, шекісіп те қалады. Арлы-берлі дырылдата сүйреген стол-орындықтың тарсылы. Одан қалды, барылдаған ән: «Ой, мороз, мороз...» кейде тіпті, бір үйір жылқы айдап өткендей, еденді солқылдатып би де басталып кетеді.

Ортадағы есікті жасқана қағып: «Потише можно, а?» деп мияулаған боласың. Сәл саябырсыды да, мас адамда не пәтуа бар, кішкенеден соң қайтадан гүлдейді. Одан ары батылдануға жүрек дауаламайды. Мың жерден алқаш болса да, ол – үй қожасы, сен – босағасын сағалаған кіріптарсың. Мінез көрсетіп, қиқандашы – әйда, ұнамаса ұнайтын жерді тауып ал деп бөксеңнен бір-ақ тепсін. Ұйқың – ұйқы емес, күлкің – күлкі емес. Түнімен тас арқалағандай. Таңертең дел-сал боп тұрасың.

Петрович есік алдында шашы жалбырап, қара төбетін құшақтап отырады. Төбеттің екі көзі қақпа жақта, босағаның жықпылынан кезек-кезек жылтындап бір қара кәнден «болсаңшы, жігіт!» деп тықырши күтіп тұрғанда қалай шыдасын, мойнын тас қып қысқан құшақтан босанғысы келіп жұлқынып қояды. Тілі салақтап қыңсылайды. Тіл ұшынан шұбырған сілекей иесінің дөңгеленген тап-тақыр төбесіне тырс-тырс тамады. Иттің аты – Малыш, Бөбек. Бірақ бөбектіктен баяғыда кеткен, қақсал, кәрі. Сол жақ артқы аяғы молақ, сабалақ жүнді, дәу дүрегей. Онда мынау бөтен деген ұғым жоқ. Жан баласына үрмейді

жақ ашып. Күні бойы қаңғып көшеде жүреді. Қорқақ. Қасындағы жұдырықтай кәнденнің бірі айбат шегіп арс етсе, не өтіп бара жатқан біреу «тәйт!» деп қалса, дүниені азан-қазан басына көтеріп қаңқылдап, үйге қарай тұра зытады. Сөйтіп жүріп өзі «Дон Жуан». Күнде бір кәнден қаншық алдыңғы екі аяғы ғана жерге тиіп, бауырында ілініп тұрғаны «махаббат» биін билеп.

Бірте-бірте Петровичтің түнгі «концертіне» құлақтары үйреніп кетті. Не істеп жатса да мән бермейді. Ең бастысы, басқан іздерін аңдып, қылқылдап ығыр қылатын ешкім жоқ. Өздерімен өздері. Көңіл тыныш, бір бейғам тіршілік кеше бастаған. Бірақ, Құдай ол кеңшілікті де көпсініпті.

Тамыздың ортасы болатын. Аптап. Көптен тырс етіп тамшы тамбай жер-дүние қурап, қансып тұр. Жол жиегіндегі дарақтар шаң басқан жапырағы салбырап үнсіз мүлгиді. Қара майы шығып былқылдаған асфальттің ыстығы бет шарпиды. Өкпенді қысқан қапырық.

Еркін деген ауылдасы үшінші курста оқып жүріп министрдің қызына үйленіп еді. Оң көзі қылилау, көзілдірік тағатын, тізесі шодырайған, қисық аяқ біреу. Жігіт сырт бітіміне көз тоятын келісті. Оңды-солды шайқап талай кербез сылқымның төбесіне су құйып еді, алғашқы кезде тосын көріп, «таңдаған тазға жолығады деген осы» деп іштей мүсіркеген де.

Оқу бітірісімен аспирантураға түсті, екі жылға жетер-жетпесте ың-шыңсыз қорғап алды. Бөлек шығып, жеке пәтерге енді. Астындағы сылаңдаған ақ «Волга» анау. Аз уақытта-ақ шаруасы дөңгеленіп шыға келді. Соған қарап кейде, «қатын алма, қайын ал» деп қазекен біліп айтқан-ау деп қалатын.

Сол Еркін бір күні аяқ астынан ұшыраса кетті. Сағынған бауырдай құшақтай алды. Болып-толса да баяғы аңқылдаған, ақкөңіл қалпы. «Тауда шалдың дачасы бар. Алдағы демалыста сонда барып, аунап-қунап қайтайық! – деді лыпылдап. – Бір жағынан жеміс-жидегін жинап береміз. «Биыл варенье қайната алмайтын шығармын, өрікті жинайтын ешкім жоқ. Бәрі жерге түсіп шіритін болды» деп күнде қақсап мазғамды майыстырып бітті кемпірі түскір...»

Қаңсыған қаладан қашып құтыла алмай жүргенде қайдан бәл-сінсін. Қуана-қуана келіскен. Жұма күні түстен кейін машинасымен келіп, Зухра екеуін алып кеткен.

Екі түнеп, жексенбінің кешінде алма-өрігін арқалап, ырғалып-жырғалып пәтерлеріне келсе – тып-тыйпыл. Қара күйе, күл-қокырдың шетінде қара төбет ұлып отыр көкке қарап. Түк қалмай өртеніп кеткен. Күйелеш-күйелеш төрт қабырға ғана қаңқаяды. Ауладағы алма ағаштарына дейін жанып, көсеудің ұшындай түбірі ғана қылтияды.

Көрші-қоланның айтысына қарағанда, Петрович кезекті «концерттен» кейін темекі шегіп жатып ұйықтап кетсе керек. Үймен қоса, өзі де өртеніп кетіпті. Айналадағы ел ұйқысынан оянып сөндірем дегенше, үйдің төбесі ортасына бір-ақ түсіпті. Мәйітті іздеген милиционер мен дәрігерлер балқып, шиыршықталып қалған темір кереуеттің үстінен бір уыс күл ғана тауыпты.

Бұл пендешілікті қойсайшы. Әркімнің өз көйлегі өз денесіне жақын деген осындайдан шыққан-ау, тегі. Петровичка деген аяушылықтан гөрі, жанып кеткен төсек-орындарын көбірек уайымдаған. «Енді қайда бардық, киім-кешекті қалай сатып аламыз?» деп, қысқа жіп күрмеуге келмейтін тірліктерін ойлап, бастары қатқан.

## ҚҰДАЛАР

Одан кейін де талай босағадан сығалады. Ақыры кеп бас сауғалағаны — осы дүңгіршек. Өткен күзден бері тұрып жатыр. Шаһардың шалғай шеті, транспорт нашар жүреді, қатынау қиын. Тек пәтер ақысы арзан, әрі шығар есігі бөлек болған соң қызыққан. Орталықтан, ыстық-суық суы ішінде болсын деп таңдап, талтандайтын күй қайда? Лаборант пен аула сыпырушының айлығы қай жыртығына жаммау, басына тартсаң, аяғына жетпейді. Жоғарғы білімді қызметкермін дегендегі тірлігі осы. Неткен қайыршылық. Жұмыстан қолың қалт босаса дүкенге барып жүк түсіріп, не бөтелке жинап өткізіп, сүмең қағып жүргенің. Адам сияқты, айына-жылына бір дос-жарандарыңды қонаққа да шақыра алмайсың. Бір шөлмек арақ пен бір бөлке нанды ортаға қойып айра-жайра отыра беретін бұрынғы қара сирақ студент емес олар. Бап керек, қазақтың көл-көсір дастарханы керек. Андасанда ел жақтан келген ағайын-таныстарды көшеден көріп қалғанда, үйге жүр дей алмай жерге кіресің қарадай. Ол байқұс сенің үйдегі тоназытқыштың ішінде не бар, не жоғын ойлап қалтырап тұрғаныңды қайдан білсін, сырғақсығаныңды сезіп, «қарақазан қарау екен» не «қара таяқ неме мені менсінбей тұр» деп тон пішеді. Бүйте берсе, ешкіммен араласпай, кісіліктен кететін шығар; бірге қуанып, бірге жыласатын дос қалмай, бақсының моласындай айдалада соқа басы сопайып жалғыз қалатын болар түптің-түбінде.

Үй иесі — екі бүктелген, дүр қара, жуан кемпір. Етегінің алдыңғы жағы жерге тиіп, артқы жағы қылтасын қаққан кең қоңыр көйлегі кашан көрсең үстінен түспейді. Таяп кетсең, бір күлімсі ескі иіс танауыңа жінішкелеп жетіп тұрғаны. Екі қолын арқасына айкастырып,

ақырын-ақырын қақырынып, ақырын-ақырын ыңырсып, «мен, міне, ілініп-салынған кәрімін» деп тұрғанмен жүрісі жеп-жеңіл, едел-жедел. Көзінше оны Зухра Айша апа дейді. Ал сыртынан «әлгі Мыстан ба» деп тыжырынып отырғаны. Қай қылығы жақпай қалғанын кім білсін. Мұрыны иегіне тиердей имиген ұзын, ұртынан сойдып жалғыз тісі шығып тұрады. Құлды мультфильмдегі мың жасаған Мыстан кемпірдің сіндісі. Бәлкім соған қарап айтатын шығар. Әйтпесе өз басы әзірге оншалық жамандығын көрген жоқ.

Үйі хан сарайына бергісіз. Кішкентай дөңнің етегін кертіп салынған. Екі қабатты. Әрқайсысында даңғарадай төрт-төрт бөлмеден. Астында гараж, қабырғасы малта таспен өрілген жертөле, монша. Анауынау кісінің қолынан келетін тірлік емес. «Шалым «Сікада» шопыр боп жүргенде, бір-ақ жазда салып еді осы үйді! – дейтін шүйіркелесе қалған бір сәтінде Айша апа күрсініп. Сол бір келмеске кеткен арманды шағы еске түскендей нұры қашқан томпақ, шегір көзін алысқа қадап, езуіндегі түгіндеген «Беломорды» сыздықтата ұзақ сорады. – Ұжмақ деген сол заман екен ғой. Бір дөкейді алып, жақын маңдағы колхоз-совхозды аралап қайтса болды, мына падбал аузы-мұрнынан шығып толады да қалады. Жеңді білектей құлаш-құлаш қазы, қанар-қанар өрік-мейіз, піләгімен бал... Сақтайтын жер жоқ деп бастығы осында қояды. Аты оныкі болғанмен, заты біздікі. Шіркін, несін айтасың, не ішем, не кием деген жоқ еді-ау. Енді, міне, бәрі де адыра қалды. Байқұс о дүниелік екенін білді ме, өтерінен үш күн бұрын жастықтан басын көтеріп: «Баладан қайыр бола қоймас, өз күніңді өзін көр! – деп еді қолымнан ұстап. – Қу жалғыз деп еркелетіп бетінен қақпай өсіріп едік, қатыгез болатын түрі бар... Ғұмырыңа жетерлік дүние жинадым. Соған ие бол!..» Қайдағы ие болған, ақыры ит пен құсқа жем болды ғой! – Шалы есіне түсіп, көңілі босады ма, әлде желге ұшқан қайран дүниенің күйігі ме, Айша апа жуыла-жуыла өңі қашқан ала жаулығының ұшымен көзін басып, басын ұзақ шайқайтын. – Қатын билеген нәсілсіз доңыз! Қайдағы бір ит жейтін көпірлерге күң қылып қойды. Үйге шөп өсірген деген пәлені кім көрген, қыс бойы солардың отын жағып, күлін тасып, арқа етім – арша, борбай етім – борша, сүйретіліп өлетін болдым. Не келіп жатқан соқыр тиын пайда жоқ, сегіз тонна көмір кетеді. Қып-қызыл шығын. Басыма пәле қылмай осы қу моланы сатып-ақ жіберіп, отын-суы ішінде кішілеу үй алайын десем, ана ит көнбейді қыңырайып. «Бұл – әкемнің үйі. Мен де мұрагермін. Келісіміміз сата алмайсың!» деп күшейгенін көрсең! «Әкем» дейді. Әкесінің бейіті қай жерде екенін біле ме екен!..»

Баласының аты – Бек. (Азан шақырып қойған аты Тоқтарбек екен. Алдындағы балалары тумай жатып шетіней берген соң, осы



баламыз тоқтар ма екен деп әдейі ырымдап қойыпты. Бірақ қаланың серісі ондай тым қазақы, ескі атты мойындамаса керек. Есейген соң «Бек» деп өзгертіп алыпты.) Иықты келген, сол жақ қасының ұшында бұршақтай меңі бар, сұйық, сарғыш шашының алды бұйраланып, коқырайып тұратын аққұба жігіт. Жымқырылған жұп-жұқа еріндерінің жігі жіптей тартылып үн-түнсіз тұнжырап жүргені. Амандасқанда да аузын ашпайды, басын изей салады. Ылғи да әлденеге абыржулы. Қасынан өтіп бара жатқан сені байқамайды. Жиди біткен жирен мұртының шалғысын шиырып, әлдебір ой, мазасыз сезім құшағында аула ішіндегі алаңқайда арлы-берлі теңселіп жүреді де қояды.

Әйелі – корей қызы. Танауының тесігінен миы көрініп, езуі жарты бетіне керіліп, анырайып-саңырайған біреу. Көзі қайсы, бояуы қайсы – білмейсің. Салыңқы бөксесі салбырап, қылтасын қағады. Көз тоқтатар бір жері жоқ. Еркек шіркіннің көзі кейде көз емес, без боп кетеді ғой. Сонысына қарамай қара таңқайың паң, тәкаппар. Кердең-кердең басқанда аяғының асты ойылып кете жаздайды. Отын қора жақтан кемпір жарты шелек көмірді екі аттап, бір тоқтап, шайқалақтап әзер көтеріп келе жатса, ол мықынын таянып көкке қарап тұрады. Ондай келінді қай ене жақтырсын, көрген жерде жыландай жиырылады. Екі ұлдары бар тетелес: Лева, Слава. Қазақша: аузын қайсы десең, шешелерінікі сияқты пұшырайған мұрнын көрсетеді. Кішкентай Ким Ир Сендер. Оларды да кемпірдің еміреніп бауырына тартқанын көрген емес. Олар түгілі өз баласын да жек көреді. «Кәпірге ниеті әбден ауған. Иттің етін де жейтін шығар ол ант атқан неме!» деп кіжініп отырады кейде.

Ұлы мен келінінің «Орбита» микроауданында үш бөлмелі үйі бар, анда-санда бір соғып кетеді. Есесіне, басқа бір еркектер бұл үйден шықпайды. Келінінің туыс-туғандары болса керек. Жасы қайсы, үлкені қайсы – айырғысыз. Жылтыр бет, жылтың көз, домалақ-домалақ біреулер. Ескі көк «Волганың» құйрығын есіктің аузына тіреп қойып, қағаз қорапшалардың бірін түсіріп, бірін тиеп әбігер болады да жатады. Тыным жоқ. Жыбыр-жыбыр. «Бұл не?» деп ойлайтын. Кейін, бір күні Айша апаға көмектесіп, отынын көтерісіп, ішке кіргенде аузын ашып тұрып қалған. Еденге тұтас целлофан жайып, үстіне қатар-қатар ұзын ағаш астаулар қойылған. Бір бөлмеде топырақ жарып жаңа қылтиғанынан бастап түбі қатайып, ақ сирақтанғанына дейін саты-саты боп әркелкі өсіп тұрған пияз. Екіншісінде иісі танау жарған көк майса жусай жайқалады. Келесісінде сілекейің шұбырады – шыбықшаларға сүйей байланған сабақтарда самсай өскен помидор! Жұдырықтай жұп-жұмыр, қып-қызыл. Қыстың ортасында түсінде ғана көретін албы-

рап піскен помидор, міне қол созымда тұр, үзіп ал да қарбыт. Таңдайыңа қышқылтым шырын үйірілгендей түкірігінді жұтасың. Одан арғы бөлмеде жапырақ арасынан қозы мүйізденіп салбырап-салбырап тұрған бүртүк бет қиярлар. Құлды бір шілденің ыстығында толықсып тұрған бақшаны аралап жүргендейсің. Бір сәт сыртта қаңтар тісін сақылдатып тұрғанына сенгің келмейді. Аяз әлеміштеген терезелер қыстың суреті салынған полотнолар тәрізді. Килсаған жеміс. Қазір базарға апарсаң қаны жерге тамбайды. Бір кило помидорға жарты тоқтының бәсін береді. «Әрине, бұлар байымағанда, кім байиды. Қос-костан үй де соларда, машина да соларда!..»

Қазақи қызғаныштың тұяқ кешті сорабына түсіп ап бүлкектей жөнелген жүйрік ойын шаужайлап басқа сорапқа бұрды.

«Бұған қызғанбау керек, қызығу керек! — деді көз алдындағы көк-жасыл дүниеге тамсана қарап. — Неткен ғажап! Неге біз осылай еңбектенбейміз? Талпынсақ, біреу қолымыздан қаға ма? Жарайды, ұлы империяның қожасы боп отырған орыспен иық теңестірмей-ақ қоялық, бірақ қуғын-сүргінмен араңа кеп паналаған аттөбеліндей корейден құқығың кем бе еді?! Солар сияқты жарғақ құлағың жастыққа тимей жанталасып тер төксең, сен де астананың ортасын ойып үй алар едің, сыландатып машина мінер едің.

Біздікі — алма піс, аузыма түс. Бар нәрсеге еңбексіз ие бола салғымыз келеді. Ен байлықтың ортасында ештеңені ұқсата алмай жұтап, қурап отырып, жылт еткен біреуді көрсек: «анау неге ондай!» деп көзіміз қанталап кетеді. Алла тағала тек өзгелердің мінін көрсін, өзінен басқалардың жамандығын айтсын деп бізге көз бен сөз ғана берген. Іске жоқпыз. Сөйтіп отырып, «өз ел, өз жерімізде қайыршымыз, келімсектен күніміз төмен, ең кедей халық — бізбіз!» деп еңірегінде етегіміз жасқа толады. Неге олай? Оны ойлағымыз келмейді. Біз еңбек ете білмейміз және оны кемшілік деп мойындамаймыз. Маңдай терін бес сылып күндіз-түні тыным таппай тырбынған шаруақор біреуді көрсек: «боқ дүниені көріне бірге алып кете ме екен, жердің жыртығын жамардай жалмандаған Қарынбай, боқ домалатқан қоңыз!» деп күстаналап, ши басына шанши қоямыз. Табан ет, маңдай терімен тапқанын сатып, сауда жасап тұрған адам біз үшін — алдамшы, алааяқ. Қысқасы, өзімізден жақсы ешкім жоқ. Кертартпа жалқаулық, қырсыздықты мың жерден ақтау тауып, өзімізге мораль ғып алғамыз. Басқалар істеп жатқан тірлікті: «құрысын, ата-бабамыз істеп көрмеген нәрсені қайтеміз, ол біздің қолдан келмейді» деп кергіміз. Ең қызығы, қолымыздан келмегенін мақтан қыламыз, оны бір ірілік, дарқандық санаймыз. Демімізге құрт қайнатып, далиып жүріп көп нәрседен құр қалғанымызды түсінетін күн жеткен жоқ па. Қашан етек-жеңімізді жинар екенбіз!»

Жүрегі өреки соғып, қаны басына шапты. Мынау толықсып, жайқалған жап-жасыл дүниенің ортасында қара киіммен сорайған өзін қурап өспей қалған ағаштың түбіріндей сезінді. «Айтқаныңның бәрі дұрыс. Құлдық! – деп әлдекім құлағына сыбырлағандай болды. – Басқаларды сынап-мінегенше неге өзіңнен бастамайсың? Халық деген – сен!» «Жоқ, бауырым, – деді бұл ішінен мырс етіп. – Біз ойлаймыз, түсінеміз, бірақ істемейміз. Әйтпесе, қазақ боламыз ба!»

Жаздың жұпар иісін қақ жарып өтіп, қайтадан қысқа кірді – тік тақтай баспалдақтың «кәрі сүйегін» сықырлатып, бірінші қабатқа түсті. Оң қапталдағы ерсілі-қарсылы қоржын бөлмелер аузы-мұрнынан шыққан жиһаз-мүкәммал. Бірінде шиыршықтап тікесінен қойылған кілем-паластар, бір-біріне беттестіріле иін тірестірілген абажадай-абажадай қанкүрең емен шкафтар, көкке қарап серейген стол-орындықтың сирақтары төбеге тіреледі. Екінші бөлмедегі текшеленген бума-бума тең-жәшіктердің ортасын ойып, төрт құлақты, сыры көшкен ескі ағаш кереует орналасыпты. Айша апаның еншісіне тиген «территория» осы ғана. Қалған бөлік корей құдаларының қыстық плантациясына айналыпты. Екі қабатты кең сарайдың «патшасы» боп сыртқа күжірейіп көрінетін кемпір, шын мәнінде, от жағып, есік күзететін күң ғана екен.

Бүкіл үйде жалғыз өзі. Қыбырлаған басқа тірі жан, тісті бақа жоқ. Қараңғы түнде қалай қорықпай жататынына таң қаласын. Пиғылы бұзық көлденең көзге ілікпей жүр ғой, әйтпесе бүкшиген шынашақтай кемпірдің бары не, жоғы не, аузын бақадай аштырып, бір-ақ түнде үптеп кетпес пе еді.

Бұрын керауыз сары кәндені болыпты. «Тәп-тәуір ес еді, – дейді Айша апа күрсініп. – Көрпенің астында томпайып табанымды қыз-қыз қайнатып жататын. Оның көзі құрығаннан бері аяғы түскір жылыруды қойды, түнімен сырқырап шығады. Өзі сондай қабаған, сак. Бөтен кісі болсын, тауық болсын, шабалаңдап ұмтылғанда, «жат!» деп ақырмасан – кәдік, тура барып сасық күзенші тамағына жармасатын. Бір күні мына шөп өсіріп жүргендердің әнебір көртышқанның мұрты сияқты езуінде екі тал қыл едірейген дембелшесі бар ғой, ит сойды ма екен, әлде иттің етін жеп келді ме – білмеймін, сол неме ымыртқа қарай үйге кіріп келіп еді, қабаған кәнденім үні шықпай, өз-өзінен құты қашып, төсек астына зып бергені. Анау төрге озғанда қыңсылай қаңқылдап шала жабылған есіктен далаға бір-ақ атылды. Сол кеткеннен бұл жаққа қайтып қарасын көрсеткен жоқ. Туа шөккірдің тауып берген туысы ғой. Ит екеш итке дейін безіп кеткен кісімен қалай жуысып, қалай туысамын. Діні бөлек, тілі де, түрі де жат. Әлі күнге төріне шығып, шыны шетін

тістеген емеспін. Сескенемін. «Болары болды, бояуы сінді, пешенеге жазғаны осы шығар, көндігейін» десем де көкірегім илікпейді. Іштей бір арбасқан, жауласқан жандармыз. Енді міне, қартайғанда қолымды жылы суға малып, рахат көрсетеді деп, арқалап жүріп жеткізген ку жалғыз өз үйіме өзімді күн ғып, босаға күзеттіріп қойды!»

Бір қап тезек жаққандай бөлме іші қақалған түтін. Айша апа саусағының арасында қызыл көзін бір ашып-бір жұмып өлеусіреген сигареттің тұқылын керзі етіктің табанына басып өшірді де, босағадағы қоқыссалғыш темір шелекке қарай шертіп жіберді. Үн-түнсіз қалды түнеріп. Түтін қалқалаған қатпар-қатпар қарасұр жүзі үстінен көк тұман көшкен кәрі жартағас тәрізді осы бір сәтте. Көлденең көк атты деп жатырқамай, түйіліп отырып біраз мұңын шаққан.

«Токтарбекті бұлар жадылап алған. Дұғалап тастаған! – деді айтып отырғаны титтей де күдік келтіруге болмайтын шүбәсіз шындықтай, ысылдай сыбырлап. – Бұлардың оқуы күшті дейді ғой. Өздері ғана білетін бір шөп бар дейді, соны сиқырлап, тамаққа салып жіберсе, бітті – жадыланып қалады екенсің. Ана пұшық қара сөйткен ғой, ол қатыннан бәрі шығады. Әйтпесе, сорлы неме мұрнын тескен тайлақтай қалай жетектесе, солай еріп, елпек қағар ма еді? Әбден басы айналып, мәңгіріп қалған. Дені дұрыс болса, қырыққа келген еркек алды-артын ойламай ма? «Жал-құйрықсыз жалғызсын. Жылап аққан бұлақтың аяғы құрдымға сіңіп жоғалды деген осы. Бір әулеттің түтінін өшіретін болдың. Ата-бабаның аруағы атады сені, қайт райдан. Бір кезде қазақтың болып-толған зиялы жігіттері қараңғы, надан деп ауылдың қыздарын менсінбей, шаһардағы татар тоташтарына үйленіп еді. Құдайға шүкір, қазіргі қазақ қыздарының оқуы кімнен төмен, сымбаты кімнен кем? Солардың бірін көрмей не қара басты сені? Әлі де кеш емес, таста мынауынды. Көп болса «элементін» төлерсің. Қазақ болмаса да, мұсылманның бір қызын ал! Тіпті, өзім іздеп тауып берейін!» десем, «Заткнись, шатпа – дейді көзі шадырайып. – Саған жаман болғанмен өзіме алтын. Құдай осы қара пұшығымнан жарылқасын!» О, сорлы, шірік. Айттым ғой, мұның миын су ғып жіберген деп. Мүлдем сиқырлап тастаған. – Сонан соң айтсам ба, айтпасам ба дегендей сәл іркіліп барып Айша апа айналасын күдіктене бір шолып шықты да, құпиялай сыбырлады. – Осы немеге наша тартқызып жүргеннен сау емес-ау деймін. Көзі алақ-жұлақ етіп кісіні корқытады. Арақ ішті ме дейін десен, иісі шықпайды. Әйтеуір сау сиырдың боғы емес. Аналардан бәрін күтуге болады. Есептері белгілі олардың. Аздырып-тоздырып көзін құртып, не түрмеге сап, мен өлген соң мына үй-жайды басып қалмақ!..»

Шүйкедей кемпір зарласа зарлағандай. Оның бар-жоғымен сана-сып жатқан ешкім жоқ. Сыпырып әкеп босағаға үйіп қойған ескі-

күскы коқыс сиякты, бүгін-ертең шығарып тастайтын. Жаман-жақсы болсын, осы үйдің қалқайып отырған иесі ғой деп рұхсат сұрап, не бір ауыз ақыл қосып кеңеспей баса-көктегендеріне қорланады бәрінен бұрын.

Бір күні Тоқтарбектің қайынжұрты шегірткедей қаптап кеп, әйшай жоқ, үй-ішінің апалас-төпелесін шығарады: біреулері жүктерді бір жаққа үйіп, екіншілері, босаған бөлмелерге қаз-қатар топырақ салынған ағаш астаулар қойып, көкөніс көшеттерін отырғыза бастайды. Тіл-ауыздан айрылып есеңгіреп отырған кемпірдің жанына таяққа сүйенген кәрі құдасы келіп: «Таңырқаманыз бұған, бәйбіше! — дейді иегіндегі бес тал ұп-ұзын ақ қылды тарамдап тұрып. — Адам баласы мүмкіндігі болғанша бар нәрсенің игілігін көруге тиіс. Үйіңіз қаңырап босқа тұрғаннан не пайда? Жылуы текке кетіп жатыр. Теплица құрып, от жағып босқа әуреленгенше дайын үйді неге пайдаланбасқа? Балалар көкөніс егіп, базардың шырқап тұрған кезінде қарманып қалсын. Еденге целлофан төсеп тастаймыз, су өтпейді. Үйге ешқандай зиян жоқ, қайта өсімдіктен оттегі бөлініп ауа тазарады. Денсаулыққа үлкен пайда.»

Жан беру онай ма, есін енді жиған кемпір, істің түзелмеске бет алғанын білген соң, дұшпаннан түк тартсаң да пайда деген оймен: «Менің үлесім сонда таза ауа ғана ма, әлде басқа беретіндерің бар ма?» дейді саудаласып. Елден бұрын өз баласы ыс ете қалады: «Шөлкиіңе жасырғаның да жетеді жүз жасағаныңа. Екі жүз жасайтын болсаң көрерміз тағы да!» Оған қосылып домаланған көп жылтыр қараның бірі қағытқан сынаймен: «Ой, зачем тебе, бабуля, денюшки? Тебе уже давно пора помирать!» деп сылқ-сылқ күлсін сол жерде.

Тоқтарбектің үлкен қайынағасының тұңғыш ұлы үйленбек, соған үй әперулері керек. Ең кенже балдызы келесі жылы, амандық болса, университет бітіреді, қуанышты күні машинаның кілтін ұстатпаса — несі ағайын! Сондарынан ерген жеткіншек жастарды бүкіл туыс боп демеп, аяғынан тік тұрғызып жіберу — міндет. Ары қарайғы тірлік өздеріне байланысты. Сол үшін екен бәрінің битін сап, қызылтау боп жүргендері. Қыстай көкөніс егіп қызығын көреді. Жазды күні не көп — пәтер іздеуші көп. Дені — оқу іздеп ауылдан келген абитуриент. «Жетім бұрышқа» барсаң, бір-бір сары кемпірді ортаға алып, дөңгелене үйірілген кілең қарадомалақтар. Солардың бір қорасын ертіп келеді де, әрбір бөлмеге бес-алтыдан тоғытады. Күн жылы, бала — момын, көп баптың керегі жоқ. Темір кереует пен ағаш нардың үстіне матрац пен жамылғы болса — жетеді. Аузы-мұрнынан шығып гүлдеген жатақхана дерсің.

Айша апаның қанша жерден сырына қанықпын дегенмен әлі күнге дейін мұның біле алмай жүрген бір құпиясы бар. Бұл сұрамайды, ол айтпайды, екеуі де елеусіз нәрсе сияқты мән бермеген түр танытады. Сонау қара күзден жерге тоң жүгіріп, қар бір жауғанға дейін, күн сайын болмаса да күн ара бұны қасына шақырып алып, қолына күрек ұстататын. «Мына жерді қазшы, балам!» дейді әлдебір төмпешікті етігінің тұмсығымен нұқып. Бұл алақанға түкіріп, жүзі жалаңдаған үшкір күректі аяғымен бар салмағын сала жерге қарш қадаса, шар ете қалады: «Ақырын, балам, абайлап қаз!» Нұсқаған тұсты қазан аузындай дөңгелетіп үнгіген сайын ішіне түсердей кірпігін қақпай қадалып, демін ішіне тартып, ентелей түседі. Жан-жағын кеуектей шұңқыр түбіндегі бос топырақты арлы-берлі қағыстырғанмен, киыршық тас, қурай мен ағаштың қыркылған тамырынан басқа күрек ұшына ілігер ештеңе жоқ. Кемпір күрсініп басын шайқайды: «Япырай, шынымен қара басқаны ма?..» Жыңғыл таяғын беліне көлденең салып, екі ұшына қолын қарынан артып бүкірейген күйі әр тұсты аяғымен бір шұқып, кең ауланың ішінде теңселіп жүреді де қояды. Біраздан соң қайта шақырады: «Балам, мына жерді қазып көрші!» Тағы да ештеңе жоқ. Сөйтіп қар жауғанша үйдің маңын тышқан қорықша қырық-шұңқыр ғып бітірді. Дуалдың іргесі, алмалардың түбі мен отын қораның айналасында қопарылмаған жер жоқ. Не жоғалтты, не іздейді – жұмбақ. Қазір де кей күні таяғын арқасына көлденең салып, әлденені есіне түсіре алмаған кісіше ойға батып, аула ортасында қалшыып тұрғаны.

### ҚУ ЖАЛҒЫЗ

Көңілінде көшкен сұрықсыз сурет жанын жабырқатып, «қайран өмір, мәнсіз, мағынасыз өстіп өте бересің-ау!» деп, Бахтияр терең бір күрсінді. Ұрты ырсиған ескі бәтінкенің ішінде башмайлары баржиып малта құрттай жылп-жылп ойнайды – үсті-басынан сорғалаған тамшының бәрі соған құйылған. Денесі дегдіп тыртыса бастады. Қар таза емес, ауада ауыр металдың құрамы көп деген сөз. Қызарып, бөрткен жоқ па екен деп, иық, кеуде тұсын бір шолып шықты да, босағадағы анда-санда бір тырс етіп кіндігінен су тамып тұрған қолжуғышқа бет-аузын шайды.

Суық сорып дүр сілкінген жас тәнде жараған бүркіттей қомағайлық бар. Дастархан жақтан жінішкелеп жеткен ас иісі танауын қытықтап, тәбетін оятқандай, тісі шикылдап, түкірігін жұтынды. Шала-пұла сүртініп, сарғыш түкті, ұзын орамалды иығына жамыла

салды да стол басына қонжиды. Плитаның шетіне жартылай құйрық басып, танау астынан әндеткен қотыр, көк шәуімге қол созбас бұрын түйе бауырсақтың бірін екіге бөліп, ортасына май жағып, апыл-ғұпыл қарбытып жіберген.

Төңкерілген шынының қалтарысындағы тілдей қағазға сонан соң барып көзі түсті. Ұрты бұлтылдап отырып оқыған: «... бір шелек көмір әкеле салшы қорадан. Қараңғыда баруға қорықтым». Күйсендеген жағы қимылдан қалт тыйылды. Сынар танаулай бір осқырынып: «қаяңғыда баюға қоқтым!» деді шолжың баланың даусымен аузын қисалаңдата. Қитығып аяқ астынан тырыса қалды. Бір күні ауыру, бір күн сау сүйретіліп жүрсе де осы уақытқа дейін отбасының күйбеңіне қол ұшын тигіздірмей аялап келген момақан келіншегі бүгін тосын мінез шығарғандай ма өзі қалай? Еркектік намысына тигендей қорланды. «Осы да бір үлбіреп тіпті!.. – деді ішінен тістеніп. – Қораға түсіріп берген көмірді әкелуге ерініп бұлғақтауын қарашы! Қорқам дейді. Сиырдай қатынды тал түсте қасқыр жей ме екен? Бүгін көмір әкел десе, ертең от жағып, күл шығара салшы деуден тартынбас. Тапқан екен басынатын кісіні!..»

Болымсызға бордай тозып, өз-өзінен бұрқ-сарқ ақтарыла жөнелген ашуына таң қалды. Неге талағы тарс айырылды? Не бүлінді? Өзі де білмейді. Әйтеуір кінәлауға ілік іздеп шабынып отыр. Осы күнге дейін кір жуытпай үлпідетіп келген көңіліндегі аяулы Зухра қайда? Қылт етіп қыржия қалуға сылтау ма осы? Үй болған соң, шыны-аяқ сылдырламай тұрмайды, әлбетте. Талай рет шекісіп, түс шайысқан кездері болды. Бірақ соның бірде-бірінде қазбалап тереңнен кілттипан іздеген емес, сатыр-сұтыр құйып өткен өткінші жаңбырдай арты шуақ; қорлану, жәбірлену сезімі болмайтын. Енді, міне жазық жерде жорғасынан жаңылып, жоқты бар, оңайды қиын ғып басын ауыртып отыр.

«Қадырынның кете бастағаны осы. Ерім деп ардақ тұтса, отын-суға жұмсар ма, қолыңа қоқыс шелек ұстатар ма!» Осыған көңілі сенбесе де осылай деп ойлағысы келді. Мін тағып кінәлауға біртүрлі ниеті ауған. Жүрегіне ыстық, аяулы Зухра жоқ, солғын тартып, суып, алыстап кеткендей. Жо-жоқ, Зухра – сол бұрынғы Зухра. Құбылған бұның өзі. Бүгін бұл өзіне де түсініксіз бөлек адам.

Жарқ етіп Соня көкірегіне кіргеннен бері осы уақытқа дейін асыл да аяулы санаған бар дүниенің нарқы өзгеріп шыға келгендей. Күн шыққанда ай көрінбейтіні тәрізді, сұлулықтың тәңірісі боп елестеген осынау нұрлы бейне айналасының түгелдей мысын басып, ажарын солғындатып жібергендей...

Бахтияр қиялы қырық тарапқа құйқылжып отырып, не ішіп, не койғанын білген жоқ. Аллаһу ақбарын айта бетін сипап, құлықсыз

д  
а  
с  
с  
ұ  
е  
ү  
ғ  
д  
л  
л  
.

орнынан көтерілді. Жалаң қабат киінді де, босағадағы бүйірі қабыршақ күйелеш шелекті алып, сыртқа беттеді. Қырбақ қар бетінде Зухраның отын қораға барып, қайтқан ізі сайрап жатыр. Барарда аяғын сүйретіп ілби басқан: адымы жиі, біркелкі. Ал қайтқан ізі қиыр-шиыршақ табаны әр жерден бір тиіп, тапырақтап жүрген. «Бір нәрседен қорыққан болды-ау бейшара. Жетіп барғанда, қораның ішінен ит қымысқ шыға келді ме екен? Бірақ қар үстінде ондай бөтен із жоқ. Қорықпас келін қойдың басынан қорқады деп, алакөлеңкеде қора ішінде әлдене елестегендей болған да.

Есігі шалқалай ашылған қораның аузында жарты кездей қабыршақ арқанның ұшы салбырайды. Қылына қырау қонған жұп-жуан, әппақ Жалғыз маңдай тісі аксиып, әлдебір құбыжық аузын арандай ашып тұрған тәрізді. Жалмауыздың жалғыз «тісін» қағып қалып еді, ақ қырау бұрқ етіп бетіне, мойнына шашырады, жаурынының жігін қуала жалғыз тамшы жорғалай жөнелді. Мұп-мұздай. Денесі тітіркеніп кетті. Әткеншек теуіп арлы-берлі теңселген жіпті құйрықтан шап беріп ұстады да екі бүктеп, маңдайшаның үстіндегі сырғауылға қыстыра салды.

Күздің сонау жаңбыр төпеп, аяғы қарға ұласқан алай-түлей күнінде малмаңдай боп бір машина көмірді қақпа алдынан шелектеп тасып үйгеннен бері қораға бас сұғып тұрғаны осы. Көмір үсті көксауыр мұз Төбенің тесігінен киік мүйізденіп сүмбілер самсап тұр. «О, әлі бірақ бар екен ғой» деп бір қарағанда көңілі тоғайып қалып еді, күмпиіп көңіл алдаған құр сырты екен — астын кеуектей үңгір бітіруге айналыпты. Үңгір аузындағы шолақ сап үшкіл күректі алып, сілтеп қалып еді, тасқа тигендей от жарқ ете түсті. Әбден су сіңіп сіресіп қалған тоң. Еркек бұның қарымына көнер емес, Зухра бейшара қалай алып жүр? «Әй, өзіме де Құдай сүйер қылық жоқ-ау. Дүңкиіп жата бермей, ең болмаса демалыс күндері, отын-суына қолқабыс тигізіп қойсам қайтер еді. Галстук таққан феодалмын!» деді өзін қыжыртып. Кеуектенген тоңды құлатып, ұсатып тастау керек. Күректен қайран болмайтын болған соң, сүймен бе, шойбалға ма — мелжемді бірдеңе іздеп сыртқа шыққан.

Қораны айнала бергені сол, желке тұсынан:

— Ай-яй, ой-бай! — деп шыңғырған ащы дауыс құлағына ұрды. Жалт бұрылып, жан-жағына алақтап еді, жақын маңайда бейсауыт ешкім көрінбейді. Шалыс естідім бе деп аңтарылып қалған, іле әлгі дауыс қайта шықты: — Ойбай, өлтірді! — Қырылдап, талықси естілді. Айша апаның даусы! «Арам ойлы біреу кіріп, өлтіргелі жатыр ма?» Жанұшыртып жүгіре жөнелген.

Қара дермантин есікті жұлки ашқан күйі сілейіп тұрып қалды. Өз көзіне өзі сенер емес. Тоқтарбек кереуеттің үстіне көлденең



шып, шешесін қылғындырып жатыр! Айша апанын жінішке, ұзын, күшүлан бұрымын мойнына орап жіберіп, ұшынан қапсыра ұстап жан. Кемпір бейшара басы кекжііп, көзі бағжаң-бағжаң етеді.

– Әкемнің алтын балдағы мен алқа-жүзіктерін қайда? Кулонның іші отыз үш грамм болатын!

– Айттым ғой саған, тыққан жерімнен таба алмай қойдым...

– Неге тығасың? Өлгелі отырып алтын саған не керек. Қайда алтынның, айт!

– А-а-ай, айтам, айтам...

– Кәне, айт!

– Шын айтамын... А-а, ойбай, өлдім...

– Алтынды таппай өлмейсің, қақпас!..

Әуелгіде аңтарылып, босағаның көзіне жансыз суреттей шапталып қалған бұл дереу ес жиды да теріс қарап құнжындаған жауызды желкеден бүре шап беріп, ысылдай ақырды:

– Кәне, жібер!

Анау қолға түскен қылмыскердей екі қолын шошайтып, жоғары көтерді. Саусағының ұшы дір-дір етеді. Төбе шашы үрпііп, мойнының ішіне кіре құнжиып, лезде мүсәпір күйге түсті. Басын жасқана-жасқана бұрып, мұны танысымен, «ой, сен ит екенсің ғой» дегендей жалт қайырылып, атылатын мысықша ытырынып тұра қалды.

– Сені кім шақырды? Жоғал! – Ысылдаған ызбарлы үнмен жарысып тас түйілген жұдырық қоса ұмтылды, бұл жалт бұрылам дегенше иегін сүйкеп өтті. Шынашақтай болғанмен жұдырығы шымыр пәлескен, төте тигенде тісін үгітіп жіберері кәдік. Бахтиярдың қол жұмсамақ ойы жоқ еді; бейғам тұрған. Мына опасыз соккыдан қаны басына шапшыды. Анау айналып кеп қайта ұмтылғанда, ұрған олай емес, былай болады деген қызылмен, өкпе тұстан ірей сокқан. Ежірендеп шабынған неме екі бүктеліп, еденге қарақұсымен шарқ ете түсті. Бет-аузы қисая ыңырсып, қимылсыз қалды.

Бахтияр етқызуымен істерін істесе де, өкіне бастаған. Түріне қарап, бата тимесе де қата тиді ме деп қауіптенген. Жоқ, ананың жаны сірі неме екен, арқасын қабырғаға сүйеп, екі қолымен қарманып, тұрып келеді. Екі көзінің қарашығы тастай қатып бұған қадалып қалған. Өшпенділіктің лыпылдап жанған қып-қызыл қос түйір шоғы.

«Не істер екенсің, қане» деп, бір жеңін бос тастап жайбарақат Бахтияр тұр ортада. Әлі есін толық жимаған адамдай Токтарбек шайқалақтап, қабырғаны қармана терезеге қарай жылжи берген. Онысы қулық екен, келесі сәтте жалғыз-ақ қарғып, үстелдің үстінде жарты бөлке нанмен қатар жатқан қайкы жүз қара пышақты шап

берді. Аямасқа бекінген қайырымсыз, қатыгез түр. Жұп-жұқа ернінің жігі жіптей тартыла қалған. Сұйық жирен шашы жалбырап, екі көзі канталаған күйі бір басып-екі басып мысық табандап төніп келеді. Бахтияр сасайын деді. Істің аяқ астынан бұлай насырға шабарын бағамдамаған. Енді аялдаса қауіп. Артқа қарай ырғып түсіп, төсек үстіндегі көрпеше ме, жастық па – қолына ілінген бірдеңені жасқамақ боп жіберіп қалды да, оң аяғын ауада қиялай сермеп кіндіктен бір тепті. Жастықпен бірге жерден жарты метр көтеріліп барып омақаса гүрс ете қалды. Үстіне міне кетіп, қолын артына қайырды. Саусақтары көгістене қысып, пышақты сонда да жіберер емес, күшпен бұрап жұлып алды да, төсектің астына қарай лақтырып жіберді.

Бір дем ентігін басып, өз-өзіне келем дегенше астындағы «өлі» денеге жан бітіп, ышқына бұлқынған. Кішкентай ақ тана тырс етіп еденге ыршып түсіп дөңгелей жөнелді. Бұл қайдан дегенше болған жоқ, көк жолақ көйлектің сол жақ жеңі сылқ төмен сырғып шынтаққа дейін жалаңаштап тастады. Көзінің соған түскені мұң екен, атыздай боп кетті. Жүн ұйысқан сылыңқы тарамыс білектің ішкі жағы күре тамырды бойлап шүрк-шүрк көкала тесік. Иненің ізі! Сонда барып оның мына хайуандық қылығының сырын түсінгендей болды. Жаңа «шегірткенің айғырындай неме не істей қояр дейсін» деп арқасын кеңге салып, әрі «жай коқан-локқы шығар, салып алуға дәті бармас» деп, онша сескене қоймаған. Дер кезінде қимылдап қалғаны қандай ақылды болды десенші. «Ұрының арты – қуыс», білегінің жалаңаштанып қалғанына сезіктеніп жанұшырды ма, тақымындағы шілбік дене ышқына бұлқынды:

– Жібер, скотина! – деді қырылдап. – Несчастный Мамбет! Қоя бер, кәне. Қожайынға қол көтеруге қандай хақың бар!

– Анаңа қол көтеруге қандай қақың бар?

– Шеше – менікі, не істесем де өзім білем.

Ауа жетпей тұншығып қалды Бахтияр. Бұрқ етіп қаны басына шапшыды. Ызадан қалшылдап аузына сөз түсер емес:

– Азғын! – деді бір дем үнсіздіктен кейін тұтығып. – Қалтандағы пұлың ба, құлақкесті құлың ба, не істесем де еркім дейтін? Ақ сүтін беріп әлпештеген анасын қорлаған сен сілімтіктен не үміт, не қайыр! – Қайнаған ашумен қолдарын айқастыра қайырып мытып-мытып жіберіп еді, астындағы малғұн тарттырған текедей бақырып қоя берді:

– Ай-яй-яй, қойдым, қойдым. Харе, помирились. Ай-а-а-а... Тварь!

Бағанадан бері «Ой-ой!» деп есіңгіреп төсек үстінде үймелеп жатқан кемпір, қалай тұрып кеткені белгісіз, сол арада шар ете түсіп, мұның қолына жармассын:

– Ойбай-ай, өлтіресің бе, жібер, жібер деймін! Бір жері сынып кетті ме, жан дауысы шықты ғой!

Бахтияр шарасыз кейіппен басын шайқады. Аянышты мысқыл бұлк етіп езуін түртті. Ей, сорлы Ана жүрегі! Мұншалық мейірімді һәм шексіз кешірімді болармысың. Жаңа ғана көрген қорлығы мен зәбірін тарс ұмытып, «іштен шыққан шұбар жыланын» шырылдай қорғап үстіне түсіп тұр.

Бахтияр қолтығынан біреу көтергендей созалаңдап, «құтты қонысынан» амалсыз тұрды. «Күш алып» басынан аттай беріп еді, қолын бауырына жиып үлгірген опасыз неме аяғынан шап беріп тартып қалғаны. Омақаса құлады. Төбесімен жар сүзіп, оңбай түсті. Ес жиям дегенше болмай атылып кеп арқасына қона кетті. Алқымына шенгелді салып жіберіп қылғындырып жатыр. Жандәрмен үстіндегі жауызды көтере-мөтере орнынан тәлтіректей тұрды да, ары да-бері де сілікті. Сасық күзендей жабысып айрылар емес. Тынысы тарылып буынып барады. Сәт аялдаса құлап түсері хақ. Ышқына бұлқынып бар күшімен аш бүйірдің тұсы осы-ау деп шынтағымен періп кеп жіберген. Алқымындағы темір құрсау босай берді де арқасына асылған зілдей дене сылқ етіп сырғып жерге түсті. Көз алды қарауытып кетті. Жығылып қалмаса не қылсын. Теңселіп барып алақанымен қабырғаға сүйенді. Жүрегі айнып, құлағының түбі зірк-зірк етеді. Қас-қағым сәт есеңгіреп кеткендей.

Көзін ашса, Бек екеуінің ортасында әппақ шашы жайылып Айша апа тұр. Басын шайқап, ұры тісі орсифан аузы қисалаңдап кемсең-кемсең. Не дегенін естіп тұрған бұл жоқ. Әне еденнен Бек тұрып келеді тәлтіректеп. Дәл қазір бұған тап беріп ұмтыларлық шамасы жоқ, бүйірін баса екі бүктеліп еңсе тіктей алар емес.

– Апа, – деді Бахтияр өз-өзіне келген келесі мезетте. – Мына итті милицияға тапсырып, көзін құрту керек.

Кемпір шоқ басқандай шар ете қалды:

– Ойбай, не деп тұрсың, қарағым? Құрысын, қайтесің ол пәлені?

– Сіз шақырмасаңыз, мен шақырамын!

– Жо-жоқ, атай көрме!

– Бұл – адам емес, түзелуден кеткен. Бір күні болмаса, бір күні оқыс кылуы мүмкін. Өлтіруден тайынбайды.

– Е, шырағым, мына шаш неге ағарды дейсің? Көріп жүрген құқайым бір бұл емес. Осы отырғанда өлікпін, баяғыда өліп біткем. Өз қолыңды өзін қалай кесерсің. Мен-ақ қор болайын, мен-ақ зарланайын. Жаман болса да, аман болсыншы осы қу жалғыз. Қалқайып жүре берсін. Бұны қаматып тастап, артынан қан жылап отырғанда не бар-

хада табармын! – Айша апа алақанымен бетін басып, өксіп-өксіп жіберді. – Жаратқан-ау, бұл қорлықты көрсеткенше, неге ала салмайсың мен сорлынды!..

Бахтияр не дерін білмей дағдарып қалған. Қорлаушысын жамандыққа кимай өбектеген неткен көзсіз махаббат. Мына жауыз пышақ салып жатса да, «байқашы, құлыным, өз қолыңды кесіп алма!» дейтін шығар байқұс Ана. Тылының мықтылығын арқаланған Бек қайтадан желкесін күдірейтейін деді. Талтаң-талтаң басып таяп келеді. «Жығылған күреске тоймастың» керімен тағы да тап бере ме деп оңтайланып еді, жоқ, ондай пиғыл танытпады. Қол созымдай келіп, екі мықынын таяна тұра қалды тәлтейіп. Шырт еткізіп жерге бір түкірді. Онысы «міне, бетіңе қақырдым» дегені. Қанталаған қып-қызыл көзімен іші-сыртын бұрғылап алды да:

– Жоғал! – деді тісінің арасынан ызғар ысылдап. – Бүгіннен бастап үйді босат. Сейчас же собирай монатки и катись ко всем чертям! Әйтпесе, милицияны сен емес, мен шақырам!

Бахтияр қалшылдап кетті. «Мә, мынаны шығарасың!» деп саусак арасынан бас бармағын қылтитып тұмсығына иіскетейін деп бір оқталды да кемпірден именді. Көмейіне кептелген ашуды жуасытып:

– Не бетіңмен шақырасың? – деді кекете күліп.

– Тапа-тал түсте үйіме кіріп, таяққа жықты. Қаныпезер, бұзақы деймін.

– Не үшін соқты десе, не дейсің?

– Ол жағынан кам жеме. Мамаша мені сатпайды. Жаңа не дегенін естідің ғой. Қарыстан сүйем жақын дейсіңдер ме? Вот, сол. Сен кім, мен кім оған. Ешқашан мойындата алмайсың. Өзі бұзақы, ұры, бірденені қымқырғалы келгенде үстінен түстім деймін. Пәле қусам, сылтау көп. Так, что, табаныңды жалтырат!

– Ұрғанымды қалай дәлелдейсің?

– Денемдегі жарақаттарды көрсетем. Көкала қойдай, көк торғайдай болдым.

Бахтияр сақылдап тұрып күлді, әдейі жынына тию үшін ішін тартып сықылықтады:

– Бәлкім, ана білегіңді де көрсетерсің, шүрк-шүрк тесік ине сұққылаған??

Анау төбесіне тоқпақпен салып жібергендей сілейді де қалды. Көзі бағжаң-бағжаң. Ауа жетпегендей аузын ашып қылғынып тұр. Құты қашқан мүсәпір хал. Қазір жалп ете түсіп, аяғын құшып жалбарынатындай. Ісіп-кепкен желбуаз бүйен, міне, жалғыз-ақ сәтте пыс етіп жарылды. Енді не тұрыс, Бахтияр адымдай басып, есіктен шығып жүре берді.

## ЫМЫРТ

Етқызуымен аңғармапты, иегінің асты бармақ басындай боп ісіп кеткен. Жағын қозғаса, кәдімгідей ауырады. Иттің жұдырығының қаттысын көрдің бе. Қарды жентектеп алып, қайта-қайта басты. Жұмыстағылар көрсе, не ойлайды, ұят болатын болды-ау. Бармай-ақ койсам ба екен? Бәрібір бүгін тәжірибе сабағы жоқ, жәй, міне келдім деп, көзге көрініп қайтқанға ғана болмаса... Жоқ, бару керек. Кешегі... әлгі... Соня телефон соғып қалуы мүмкін.

Соня есіне түскенде жүрегі атқақтап кетті. «Жел жағынан құйрығын шаншып шауып өткен байталға арқыраған сәуіріктей тізгін жұлқып не болды саған? Желікпе, сабыр-сабыр!» деп шаужайынан тартқан ақылға көнер емес, бір ұшынған, алақұйын, ұрт сезім дөңгелетіп үйіріп барады.

Барын киіп, шытырлап түс ауа университетке жеткен бірдененен құр қалатындай салып ұрып. Дәріс уақты. Тым-тырыс. Фойеде темекісінің түтінін құлаш-құлаш шұбатып Биназар жүр екен, көре сала арсалаңдап бас салды:

– Бәкесі-ау, өлдік қой, түге. Осы уақытқа дейін қайда жүрсің?

– Не, қойғаның суып қалды ма?

– Тү-у, түк түсінбей қалатының-ай! – Биназардың түрі түр емес, жүз жыл жауын тимей, аптап қуырып, шыт-шыт қақыраған Такламаканның өлі топырағы. Екі көзі адырайып, селк-селк етеді. – Бірдеңе бар шығар, жүр, ашшы тез есігінді...

Бахтияр аяп кетті досын. Өзі де басынан талай кешкен хал, түсінеді. Қалжың қайырып қажаған жоқ. Аяғын сырт-сырт басып артында ирелендеген Биназар мұнын шағып келеді:

– Ең болмаса, бір саптыаяқ сыра ішейін деп едім, саған – өтірік, маған – шын, бір мұсылман баласы табылмады ғой. Шетінен қарау құм санаған! Тамыр-тамырым буып, қалтырап барам. Бұрын дәл бүйтпеуші едім, иттің ішіне сары май жақпайды деп, әлгі түндегі кымбат арақ па қыларын қылып жатқан. Әлгі қара тұлып суда жүзген қайрандай, құйрығынан ұстатар емес. Папка құшақтап жортып жүр. Бағана Аманбаевтың қанжығасына бөктеріліп барады екен, анандайдан ым қағып, өнешімді созып ем, байқамаған адамсып, қабағын шытып өте шықты. Әй, ол иттің басқан ізі есеп қой. Бәлем тұра тұр, Қосымхан екенің рас болса, талай келерсің әлі алдыма мөлііп!..

Лабораторияға кіріп, есікті іштен іліп алды, сейфтің түкпірінде жарты құты спирт тұрған, тәжірибеге бергеннен жырымдап жинаған

«алтын қоры» ғой. Соны жарқ еткізіп суырып алғанда, Биназар жемдорбаны көрген аттай оқыранып қоя берді:

– Сен туғанда неге қуанды дейсің, Бәкесі-ау! Білем ғой құтханаңның құр болмайтынын!

– Күнәға бататын – мен, қызығын көретін – сен. Ал, ас болсын. Даңғырламай ішіп қой. Біреу естісе, әңгіме қылады. – Бахтиярдың есі-дерті кафедра жақта, сөйлесуге құлқы жоқ, Тықыршып тұр. – Мә, тартып жібер де тым-тырыс шығып кетейік.

Екі елідей спиртті суық сумен үстемелеп қырлы стаканды ұсынды. Аяқ-қолы селкілдеп тұрса да Биназар кінәмшіл, сырбаз. Аузына апара берді де:

– Мынаның түк иісі жоқ қой! Санап тамызбай, кішкене құйшы! – деп стаканды қиыла тосты. Бұрандалы құты кекжиген басын әзер иген. Биназар өнешін көкке созып, сыздықтата ұзақ жұтты да, босаған стаканды төңкеріп, столдың үстіне қойды. Жалма-жан жеңін иіскеп, бір дем үнсіз тұрып қалды. Сонан соң:

– Уһ, шыбыным-ай! – деді аһ ұрып. – Жанымды жаңа шақырдым ғой!

– Әйтеуір сенің жаныңның алысқа ұзап кетпейтіні жақсы. Арақтың иісі жететін жерде жүреді ылғи!..

– Бұл шіркіннің қасиеті бөлек қой! – деді Биназар төрт қатталған әппақ орамалмен жіпсіген маңдайын майпоздай сүртіп. – Жаңа қандай едім, міне, қазір қандаймын? Кеселімді пышақпен сылып алғандай болдым. Кешке дейін аузыма ештеңе тимегенде, о дүниеге аттанып кетуім мүмкін. Жүрегі ұстап қаншама азамат мезгілсіз опат болды. Сондай кезде тісінің арасын пышақпен ашып, екі-үш қасық арақ құйып жіберу керек екен ғой... Түнде сілтенкіреп жіберіппін. Не істеп, не қойғанымды білмеймін. Бірденені бүлдірген жоқпын ба?

– Жоқ.

– Ендеше ана қара тұлып неғып кекжиіп қалған? Сөйлеспей, сыртын береді кісіге.

– Есегі судан өтті. Енді сені неғылсын.

– Өйтіп кекірейіп жүрсе, бетінен жарылқасын. Әркімге өз ниеті жолдас. Әйтеуір менен кінә болмаса болды...

Бабына келіп балпылдауға көшкен Биназарды есікке дейін шығарып салып, кафедраға көтерілген.

Терезенің жақтауына кітап бетіндей айнаны сүйеп қойып, Рабиға кірпігін бояп отыр екен. Саусақ ұшында кішкентай қара шөткіні шымшып ұстаған күйі жалт бұрылып, танымаған кісіше сүзіле қарады. Екі көзі екі адамның көзіндей: бірі – үлкен, бірі кішкене боп қылиланып тұр:

– Оһо, бүгін портретің өзгеріп қапты ғой! – деп сынқ етті де, қайтадан арқасын беріп, «ремонттын» ары қарай жалғастырды. Шынтай киініп сықиып келгенін, болмаса иегіндегі шодырайған ісікті меңзегені ме, арасына алабаған қоя алмай Бахтияр дал. – Өзің біреуге құда түсе келгеннен саусың ба? – деді Рабиға сынғырлап.

– Әттең, алысқа бармай-ақ өзінді алдыма өңгере салар едім, басың бос емес қой! – деді бұл да қиялаған түлкіге тазысын бүйірден қосып.

– Күйеу деген немеңе, тәйірі! – Рабиға мұрнын тыржитып, қолын сілтеді. – Екі ортадағы қамал емес қой, итере салуға болады.

Рабиға ассистент болып істейді, әрі іс қағаздарын жүргізіп, осы бөлменің кілтін ұстайтын қожасы. Орта бойлы, талдырмаш, сәл аяғы қысқалау, әйтпесе ақсары, татар өндес әдемі келіншек. Қобыраған толқынды сарғыш шашын жалғыз бұрым ғып өріп, желкесіне дөңгелете түйіп қояды. Әппақ жұмыр мойын, аршын төс. Бір қағары бар. Өзі сүйкеніп қыт-қыттаған мекиенді баяғыда-ақ желкесінен басып күлге бір аунатып алса, бап еді, бірақ Аманбаевтың қорығына түсетіндей басы екеу емес.

Ел арасында ұрлық жата ма, «екеуі сондай екен» деген сыбысты құлағы талай шалған. Қосымхан да ұшырасқан жерде: «Оу, ақ жеңешем-ау!» деп бүйірінен түртіп оқыранып жатқаны. «Кет, құрыған неме, жеңешесі несі, байым сенен бес жас кіші болса?» десе, анау: «Білеміз ғой, білеміз ғой!» деп көзін ойнақшытатын.

Қашан көрсең де Рабиғаның мінезі осы. Түзу сөзінді қисайтып, қалжыңға бұрып соқтығып отырғаны. Жалғыз мұнымен ғана емес, қатарлас жігіт-желеңнің бәрімен қалжындасады. Шалдан басқаның қаншасының сауабын алғанын кім білсін, аузымен орақ орғанда аяқтыға жол бермейді. Әйтсе де, бар өнері аузында ғана болса керек. Аңада бір аспирант жігіт: «Әй, сүйкеніп болмадың ғой, көрейінші кәне, әуселенді!» деп оңашада бассалған екен, еңіреп қоя беріпті.

Міне, қазір де сол жалықпайтын ескі әуеніне басып, қылжақтың қызыл түлкісін қиядан жіберіп тұр:

– Ел қайтып жатқанда жұмысқа келіп, түсіннен шошып ояңдың ба, неғып жүрсің? Әлде мені ресторанға шақыра келдің бе?

– Ресторан мойнымда.

– О, міне, джентельмен! Апармасандар да өстіп сөзбен болса да, семіртіп қойсаңдаршы. Құдай саған бүгін бірдеңе берейін деген екен! – Айнаға мықынын соза үңіліп, тоқыма қоңыр юбканы шерткен толық бөксесін аяғына кезек салмақ салған боп бұлт-бұлт еткізіп қояды – тартыншақтаған сайын бұны ақымақ қылған белгісі. Косметикасын қолына ұстап бері бұрылды. «Толық жөндеуден» өткен бетін

көрсетіп, «міне, мен қандаймын» деген қуанышты түрмен күлімсірей қарады да, мықынын ойната алдынан жанай өтіп, төр жақтағы орнына беттеді.

Бахтияр бұралқы қалжыңның бәйгесіне ары қарай ат қосқысы келмеді. Зерігіп іші пысып отырған қылжақбас келіншек бір сөзін екеу ғып балалатып әкете беретін түрі бар. Зауқы соқпады. Өрекіпген көңілі басқада.

– Рабиға! – деді дауысын салмақтандырып.

– О не, бұзаучигім? Не деп мөңірейсің?

– Маған бүгін ешкім телефон соқпады ма?

– Соқты-ы!

– Кім? Соня ма?! – Жүрегі алқына соқты. Қуанғаны сондай, жақсы хабар айтқан келіншекті жүгіріп барып құшақтай алғысы келді. Рабиға бірақ үріккен аттай оскырынып тұр. Бақырая қадалған көзі кәсенің аузындай болмаса да түбіндей:

– О, жаның шыққыр көк соққан! Бәсе, барын киіп, екі кештің арасында неғып сылқиып жүр десем, Сонясы бар екен ғой бұның! Оның кім-ей?

– Москвада оқитын нағашы қарындасым ғой.

– Сендім сандырағына. «Қарындасынды» қатты сағынғансың-ау, шамасы, есің кетіп қалды. Болды, қызармай-ақ қой. Қайта сенің бетіңнің әлі қызылы бар екен, оған да тәуба. Әй, еркектер-ай, итсіндер ғой, опасыз, қанша аяласа да тауға қарап ұлисыңдар.

– Шын айтам – қарындасым. Телефон соқпады ма? – деді Бахтияр сыр бермегенсігімен жүзі одан арман алаулап.

– Қарындасың соқпады!

– Шын ба? – Бахтиярдың дауысы қатты шығып кетті. Әдемі үміттен айрылғысы келмей жаны шыр-пыр. – Жынданбай дұрысыңды айтшы!

– Мен не, жасырып тұр дейсің бе. Ержан деген біреуден басқа ешкім сені сұраған жоқ.

«Ә, оны қойшы!» дегендей Бахтияр үнсіз қолын сілкіп, жасып қалды.

– Түу, түсің бұзылып кетті ғой, бейшара. Жылап жіберер ме екенсің! – Рабиға ішегін тартып сылқ-сылқ күліп алды да кілт тыйылып, даусына зіл қосты: – Өй, жалмауыз, шешек, үндемей жүріп жер астынан су жүгіртетіннің өзімін де. Біз қалжыңдап соқтықсақ, бетмоншағың үзіліп үлбіреп қалушы ең, сонда неғып көрсетпедің еркектігіңді!

– Ойбо-ой, сен де қоймайды екенсің! – деді бұл да безерген күйі картасын ашпай. – Қарадан қарап пәлеге қалдым ғой. Қыз болса, тегі, жамандық ойлау керек пе? Тіпті, сондай болған күннің өзінде, «байдың малын байқұс қызғанып», сенің нең кетті? Қайта, «жарайсың, Бәке, шайқа!» демейсің бе!



– Мен бұзылған, азғын еркекті жек көремін! – Рабиға сабырлы қоңыр мақамға ауысты. – Қылтың-сылтыңмен емексітіп осындағы талай еркектің тамырын басып көрдім. Шетінен оңбаған, бәрінің болты бос. Ішіндегі жібі түзуі сен бе деп жүрсем!..

– Еш қаталасқан жоқсың, сол пікірің дұрыс. Бұзылмаған жалғыз еркек кіндікті алдымда тұр деп есепте... Жарайды, біреу телефондаса, шақыра сал, осы манда болам, – деп бастырмалата сөйлеп, тұра берсе, туындай берер әңгімеден қашып, сыртқа беттеді. Дәлізге шықты.

Алысқа ұзаған жоқ. Бас-аяғы оншақты-ақ қадам шолақ дәлізді арлы-берлі адымдап теңселіп жүрді де қойды. Жана Рабиғаның шақырар-шақырмасына сенбей, телефон шырылдай қалса естиін деп ауыр, қызыл емен есікті тістестіріп қатты тартпай, жақтауында сызат калдырып шала жапқан әдейі. Құлағы сол жақта.

Бие сауым мерзім өтті. Тым-тырс. Бажылдаған дауысы жарты шақырымға жететін қара телефонның жағы мүлдем қарысқан.

Қоңырбарқын ымырт көз байлап, қабырғаға ілінген плакаттардағы жазуларды күйелеш қолымен өшіре бастады. Қызыл есіктің арғы жағынан салдыр етіп сейфтің ашылған дыбысы естілді. Демек, Рабиға қайтуға жиналды деген сөз.

«Япырай, Соня шынымен хабарласпағаны ма?! Қалайша жүрегі алдады? Мүмкін емес!..» Ұнжырғасы түсіп, күйсандықтың тіліндей табан астында дыңылдап, төмен қарай бастаған бетон баспалдақты құлықсыз аттады...

## ДАРИЯНЫҢ АРҒЫ БЕТІ, БЕРГІ БЕТІ

### САЯЖАЙ

**Б**ахтиярдың соңғы кезде Аманбаев туралы пікірі мүлдем өзгерді. Ғылымды омырауға тағатын орден-медаль сияқты жылтырақ атаққа айналдырған немесе биік креслодан бөкселері сырғып түсе қалғандай күн туса, бір жайлы орынға топ ете қалуға керек боп қалар деп ойлайтын көп тоғышар чиновник-партоқраттардың бірі деп есептейтін. Сөйтсе, асылын ішіне бүккен сырбаздың өзі екен. Біраз уақыт бұрын кабинетіне шақырып алып, қолына төрт бет сықаған формула ұстатқан. «Мына полимерлердің молекулалық теңдеулері бойынша тәжірибе жасап көрші. Әрбір реакцияның сипаттамасын егжей-тегжейлі жазып отыр» деді.

Тапжылмай жиырма күн отырды. Әбден сілесі қатып шаршады да, бірақ жан дүниесі тебіреніп, алған ләззатын айтсаңшы. Уақыттың қалай өте шыққанын білген жоқ. Кейде колбалардағы бұрқ-сарқ мың құбылған ғажайыптарға ынтығып, ентелеп отырып түстік ішуді де ұмытып кететін. Ғылымның майын ішіп жүрген адам ғана түсінер нағыз сиқырдың өзі.

Асанжан Дүйсенович Аманбаевтың білік-парасатына әбден тәнті болған осы жолы. Теңдеудің әр жолы терең сырлы бір-бір кітаптай, үңілген сайын сиқырдай арбап, тұңғиығына тарта берді. Талайлар бас қатырған шытырманға бой ұрыпты. Қисынды өмірдегі қарапайым мысалдан іздеген. Әдетте есік не жәшік қисайып қиюы қашпас үшін қарама-қарсы бұрыштарын түйістіріп, қиғаш рейка қағады

смес пе. Демек, шаршыдан гөрі үшбұрыш мықты, орнықты деген сөз. Ендеше табиғаттағы заттардың қатты, жұмсақ болуының себебі не? Атомның тығыздығына байланысты дейін десең, неге кейбір ауыр зат жұмсақ, жеңіл зат қатты? Сөйтсе, бар гәп атомдық түзілім мен электронды газдың қозғалысында екен. Егер атомдық құрылым торшалары шаршы болса, ол зат майысқақ, созылмалы келеді, ал үшбұрышты байланыстағылар қатты, морт болмақ.

Аманбаев полимерлерді күкіртпен, титанмен катализаторлар арқылы реакцияға түсіреді. Қандай температуралық нүктеде қандай сапалық өзгеріске ұшырайтынын есептеп шығарған.

Аманбаев сөйтіп жалғыз-ақ сәтте асқақтап, өсіп шыға келді. Шіркін-ай, неткен талантты, бақытты жан деп қызыққан. Елеусіз шағын денесі тұғырға қойған ескерткіштей зорайып, ғажайыптың тұманына оранған сиқырлы елеске айналып бара жатты.

Тапсырмасын орындап болысымен қалбалақтап Аманбаевқа жүрген. Кабинетінде жалғыз екен. Бар қуаныш, ризашылығы жүзінде жарқырап, арсаландай барып амандасты. Самарқау созған қолын қос қолдай ұстап:

– Аға, құтты болсын, тамаша еңбек тындырыпсыз! – деген. – Бұл дегеніңіз үлкен жаңалық!

Аманбаев кішкентай шегір көздері үшкілденіп, бетіне барлай қарады. «Рас айтып тұрсың ба?» дейтіндей. Әжімсіз жылтыраған жалпақ беті жансыз. Одан гөрі ыржалақтап бұл көбірек қуанып тұрғандай.

– Шын айтам, аға, айды аспанға бір шығарыпсыз! – деді Бахтияр шыдай алмай. Сонда барып Аманбаев креслосына шалқайды.

– Ғылыми ортаға ұялмай ұсынуға бола ма? – деді оң жақ қасын кербездене серпіп.

– Ол не дегеніңіз!

– Талайдан бергі тірнектеген еңбек қой. Бір кәдеге жараса болғаны. Бұл тақырыппен айналысып жүрген тағы кімдер бар Қазақстанда? Ондайдан хабарың жоқ па?

Бахтияр ойланып барып басын шайқады:

– Жоқ, ондай ешкімді білмеймін.

Аманбаев көзінің астымен сүзе бір қарап алды да, бұл әкеліп столдың үстіне қойған қалың қоңыр дәптерге қол созды. Желке тұсындағы сейфтен жуан папка алды. Өзінің қолжазбасы екен. Қоңыр дәптер мен екеуін қатар қойып парактай бастады. Салыстырып алма-кезек үңіледі.

– Дұрыс, – деді басын изеп. – Өзің дайын тұрған кандидат екенсің ғой. Кейін монографиям жарық көргенде атыңды міндетті түрде енгіземін. Тәжірибе жасауға көмектесті деймін. Рахмет. Бара бер.

Бар айтқаны осы. Жүрек жарылардай қуаныш үстінде отырғанда бір қалыптан асқан жоқ. Салқын, сабырлы. Ішін ашпайтын қандай сырбаз десенші. Оның орнында бұлар болса, жер-көкке сияр ма еді. Бері дегенде, жарты ай бастарын сыраға көміп қояры анық.

Биназарға да біраз тәжірибе жасаттырып алған екен, ол да аузын ашып, көзін жұмды. «Мына тапалың керемет қой-ей! – дейді басын шайқап. – Осы уақытқа дейін осынша өнерін ішіне сақтап қалай жүрген? Әлде бұл да Менделеев пе периодтық таблицаны түсінде көрген?»

Мына сығыр жұмысын істетіп-істетіп алып, үндемей құтылмақ па деп екеуі де іштей қоңқылдап жүрген. Не адам сияқты ажарланып рахметін де айтқан жоқ. Қапырық бөлмеде у жұтып қаншама күн отырды. Ең болмаса, бір-екі күн дем алындар десе екен-ау!

Өстіп жүргенде, обалы нешік, бір күні Аманбаев, Биназар екеуін саяжайына шақырды. «Орбита» микроауданының шетінде екен. Қаламен шектесіп жатыр. Горбачевтің араққа қарсы науқаны кезінде оталған жүзімдіктің орыны. Алабота басып, жабайыланып кеткен кең атыз. Ығай мен сығайларға саяжай салуға бөліп беріпті.

Көше-көше боп созылып жатқан кәдімгідей қалашық. Құрылыстың қарқыны қатты. Әр тұстан кранның гүрілі, «Майна», «Вира» деген дауыстар жарыса естіледі. Бой түзеген үйлердің сәні бірінен-бірі өтеді. Кіл ақ, қызыл кірпіштен өрілген. Аманбаевтың саяжайы – биік подвалын қосқанда, екі қабатты зәулім үй. Шырымтал ұнтағын қосып сылаған жұмсақ көкшіл түсті қабырғалар көз арбап жарқ-жүрқ етеді. Сыртқы баспалдақтың шабағына дейін жұмырланып ойылып жасалған. Подвалдың жартысы монша, екінші бөлігі гараж екен. Есік алдында панама киген алты жігіт цемент илеп, подвалдың еденін құйып жатыр.

Үлкен холлға кіргенде, алдарынан жұмыр денелі, тапалтақ, қараторы әйел шықты қайқаңдап. Үстінде тобық қакқан ұсақ гүлді, қызыл халат. Шашына бигуди салып, көк капрон орамалмен милықтата түйіп алыпты. Қабақ астына тығылған қиықша көздері өткір, кісіге тесірейіп тік қарайды. Дөңгелек жүз, бұлтиған екі бетінің арасына батқан тәм-піш танауының ұшы да дөп-дөңгелек, дөңгелек иық... бүкіл болмысы дөңгелектен құралған. Иегінің оң жағындағы түймедей дөңгеленген менінің үстінде екі тал қыл едірейіп тұр. Бұлардың жарыса берген сәлеміне, дыбысы естілмесе де, ерінін жыбырлатып ишара жасады.

– Міне, бәйбіше, бір емес екі бірдей қайынды алып келдім, қарсы ал! – деді Аманбаев даусын көтеріп. Содан соң бұларға қарады. – Танысып қойындар, мына кісі Күләнда Қисықовна деген жеңгелерің болады. Педагогика ғылымдарының кандидаты. – Екінші қолымен бұларды нұсқап, қайтадан әйелге бұрылды. – Менің ғылыми жұмысыма

көмектесіп жатқан жігіттер осы, көп қолғабыс тигізді. Атақтары жоқ демесең, екеуі де даяр тұрған ғалым!

– Үһе! – деді әйел мейірлене етті еріндерін дөңгелетіп. – Білем ғой, білем. Ағаларын аузынан тастамайды жүдә. Хош келдіңдер, жоғарлатындар!

Бұрандалы баспалдақпен өрлеп, екінші қабатқа шықты. Даңғарадай үш бөлме. Түгі толқыған қызыл күрен кілемді мамырлай кешіп кең залға енген. Күрпілдек креслоға күмп етіп отыра-отыра кеткенде белуардан көміліп қалды. Бір қаптал төбеге дейін тірелген кітап.

– Жазғы мекеніміз осы, – деді Аманбаев «Мальбораның» ашылмаған қорабын екеуінің алдына тастап. Ұзын, сопақ үстелдің үстіндегі ұлудың қабығынан жасалған күлсалғышты жақындатып қойды. – Генетический көшпендіміз ғой, жаз шықса болды, қаладағы үйге сыймаймын. Өкпем қысылып тұншығамын. Екі жыл болды осында тұрамын суық түскенше.

Бахтияр айқара ашылған терезедан сыртқа қарады. Төменде бұлаңғытып түтінге қақалған көксау Алматы күрк-күрк жөтеліп жатыр.

Үй иесі оны-мұны шаруамен сыртқа шығып кеткен бір әредікте екеуі орнынан тұрып, сөредегі кітаптарға қараған. Ең жоғарғы қатарда Лениннің, Маркс пен Энгельс, Брежнев т.б. көсемдердің көптомдықтары. Алтынмен апталған әдемі мұқабалар көздің жауын алады. Одан төмен әдеби классика. Бір қатар тұтас химиялық кітаптар. Қолға түспейтін құнды еңбектер. Бірінен-бірі өтеді. Әсіресе, Нобель сыйлығын алған Циглер мен Наттаның тұрақты полимеризация катализаторлары туралы кітабы көздеріне оттай басылды. Екеуі қолын жарыса созып еді, Биназардың саусағы бірінші ілікті. Сөреден суырып алып, парактай бастаған. Иығын қағып, Бахтиярға таңырқай көз тастады: кітапты ешкім аспаған. Кей беттері бір-біріне шапталған қалпы. Ғылымнан дәмесі бар кез келген химиктің қытырлатып кеміреп қара наны емес пе бұл! Әрі Аманбаевтың тақырыбы. Сонда қалай?

– Асекең біздің шынында да Менделеев шығар, элементтердің периодтық системасын түсінде көрген емес пе, – деді Биназар сыбырға көшіп. – Бұл кісі де сөйткен болуы керек, әйтпесе мына кітапты оқымай анандай еңбек жазу мүмкін бе? Бәрібір шаң басып тұрғанша осыны ышқырыма қыстырып кетсем қайтеді! – деп көйлегінің етегін көтере беріп еді, Бахтияр басын шайқады:

– Сабыр деген жазушы туралы анекдотты білесің бе?

– Жок.

– Ол кісі үйіне келген қонақтарын шығарып салғанда, бәрімен құшақтасып қоштасатын көрінеді. Жібермей, қатты қысып, ал жақсы

деп қакқыштаған боп, өне бойын бір сипап шығады дейді. Онысы кітап ұрлап бара жатқан жоқ па деген қулығы екен. Соған ұқсап, кетерде құшақтап жүрмесін. Орнына қой!

Сәлден соң Аманбаев қайта оралды.

Күләнда Қисықовна бұлармен ере кіріп қарсы бөлмеде ыдыс-аяқты сылдырлатып жүрген. Төменнен әйел дауысы айқай салды:

– Күләнда Қисықовна апай, сізді телефонға шақырып жатыр.

Қисықовна жүгіре басып төменге түсіп кетті. Үшеуі езулеріне қыстырған «Мальбораны» жарыса тартып жартысына жетем дегенше, баспалдақты солқылдата басып Қисықовнаның қоңырайған бұдыр-бұдыр төбесі қайта көрінді.

– Кім? – деді Аманбаев иегін көтеріп.

– Әлгі Қосымханжан ғой! – Қисықовна әр сөзін үзіп айтып еңтігіп тұр. – И-и-й, өзі бір мың болғыр айналайын. Ол болмаса, мына дачаны бізге салу қайда? Ана балалар жұмысты қалай істеп жатыр деп сұрайды. Кешегілері берекесіз біреу болды емес пе. Сегізі жабылып айналдырған екі машина топырақты күні бойы тасыды. Оның өзін де шала жайыпты. Бақтың іші ала-құла. Мына балалар дұрыс сияқты. Гаражды бүгін бітіріп кететін түрі бар... – Тағы да сөйлей түсетін еді, Аманбаев:

– Болды, болды, бәйбіше! – деп қолын көтеріп тоқтатып тастады. – Одан да дастарханыңды тездет!

– Міне, ағаларың – феодал! – деді Қисықовна қабағы салбырап. – Әйелге теңдік бермейді, сөйлеткізбей аузымыздан қағады.

– Ғалым-педагог болса да жалғыз шалын тәрбиелей алмай жүр! – деп Аманбаев бұларға қарап көзін қысты.

– Осындайда қайындарыма бір мұңымды шағып алайыншы, – деді Қисықовна қайтадан жадырап. – Ағаларыңның осы отырғаны – отырған. Үйдің жұмысына саусағының ұшын да тигізбейді. Бәрі менің мойнымда. Осы жерді алдырған да, үйді салдырған да менмін!

– Онысы рас. – Аманбаев жымыып басын изеді.

Шашын желкесіне түйген, қожыр бет, арықша қыз келіп дастархан жасады. Екі сөзінің бірі – «Күләнда Қисықовна апай, сөйтеіін бе, бүйтейін бе?»

Ыстық асқа үйме табақ майы кілкіген қуырдақ әкеп қойды. Қара қыз дастархан жасап болған соң төменге түсіп кетті.

## БІЗ – ҚОЯНБЫЗ

Стол басында төртеуі ғана қалған. Күміс табакшада төрт күрен рюмка, төрт тырна сирақ фужер қаздыып тұр. Қасында бес жұлдызды «Қазақстан», көкмойнақ кәдімгі «Экстра», тұқымы бөлек және бір шөлмек. Төрт бұрышты, жалпақ, қақпағы бұрандалы. Ішіндегі күрен сұйық ортадан төмен. Ою-өрнегіне-ақ тамсанып қарай бергің келеді. Бүйіріндегі алабажақ латыншадан шотланд вискиі деген сөзді ежіктеді.

– Кәне, балалар, достың асын жаудай жапыр деген, суытпай қуырдақтан алыңдар! – деді Аманбаев қолындағы күміс қасығын оңтайлап. Қуырдақтан қарбыта бір асап алды да, шөлмектер жаққа қол созды. Бірақ қалықтаған алақаны үш шөлмектің қайсысына қонарын білмей қаңтарылып тұрып қалды. – Мен бұл құрғырдың өздеріндей кезімде жоспарын біраз орындап тастаған адаммын. Қазір аразбын. Кәне, қайсысына көңілдерің шабады?

Екеуі қипыжықтап бір-біріне қараған. Биназар үндей қоймаған соң, Бахтияр:

– Бізге бәрібір. Соны тіпті ашпай-ақ қойсаңыз да болады, аға! – деген сыпайылық танытып.

– О не дегенің? Осы күнгінің қойы да, қозысы да осы емес пе. Тышқан мұрнын қанатпағанымыз ұят. Маған салсаңдар, әрі бас ауыртпайды, әрі жолы үлкен осы дұрыс шығар! – Аманбаев коньяктің қыл мойыннан қылғындыра ұстай беріп еді, Қисықовна дүрдік ернін дөңгелете күлімдеп күйеуіне қарады:

– Тәйір-ай, балалар арақ пен коньякті ішпей жүр деймісің? Одан да мына шетелдің дәмін татсын. Вискиден құй. Ауыздарыңның қандай салымы бар еді. Өткенде бір үлкен кісілер келгенде ашқамыз. Сол ағаларыңның сарқыты сендерге бұйырғанын айтсаңшы!..

Күрең рюмкелер күлімдей ауыз бен шөлмек арасына екі-үш рет барып-қайтты жөпелдете. Кермек, резинка тати ма қалай? Тандайы тұшына алмады. Әдемі шөлмектің ішіндегісін ішкеннен гөрі сыртына қарап отырған жақсы екен. Әттен, үйреніскен ескі дос – «Экстрам-ай» деп отыр Бахтияр. Бірақ қонақ қозыдан қоңыр, қойдан момын, виски берсе де іше береді.

Шотландың әйткенмен білдірмей дымынды құртатын пәле екен. Су татиды деп ерін шүйіріп отырғанда, лезде қылжақтатып тастады. Әсіресе Биназар көзі жыпылықтап, болты босаған роботтай былқ-сылқ етіп қалды.

– Сен, Биназар, тамақ ал, ыстық-ыстық, – дейді Аманбаев жүрісі жиілеп кеткен рюмканы алдында ұзағырақ ұстап.

– Ақбөкен өлді!.. Ақбөкен өлді!.. – деді Биназар өз-өзінен күбірлеп. Бахтияр мен Аманбаев мынау не деп отыр дегендей бір-біріне қарады.

– Қайдағы Ақбөкен? – деді Аманбаев жымып.

– Табын-табын боп қырылып жатыр. – Биназар көзі тұманданып әлдебір алыс нүктеге қадалды. – Біздің ауылдың ақбөкені.

– Ауылың қай жер еді?

– Абыралы!.. Ондай жерді естіп пе едіңіз, аға?

– А-а-а, е-е-е, – Аманбаев іркіліп барып, – білем ғой, білем! – деді.

– Өткенде әпкем ауырып жатыр деген соң, ауылға барып қайтқанмын. Соның алдында ғана ана пәлені жарса керек, жер дүмппіп, үйлердің қабырғасы шытынапты. Елдің көбінің бастары ауырып, мұрындарынан қан кетіпті. Жонда жүрген қалың бөкен қырылып қалыпты. Жел сол жақтан соққанда сасыған иісі келіп ауылдың үсті мұңкіп кетеді екен.

– Е-е-е, бір індет тараған ғой, шамасы, – деді Аманбаев аңқаусып.

– Қандай індет екенін ішіңіз біледі ғой! – Биназар басын көтеріп, қанталаған көзімен Аманбаевқа тесірейе қарады. – Андағыдан құйып қойыңыз. Ашылған бөтелкені аяп отырсыз ба?

Аманбаевтың сұйық шашының түбіне дейін лап қызарды. Сасқалақтап шөлмекті оқыс еңкейтіп қалғанда, виски лақ етіп, рюмкадан асып төгілді.

– Қап, інішек-ай, арақты аяп отырғаным жоқ, сені аяймын.

– Мені аямай-ақ қойыңыз! – Биназар ұсынған рюмканы жерге қоймастан аузына бір-ақ төңкерді. – Мені совет үкіметі де аяған жоқ, тағдыр да аяған жоқ!

– Қой, олай деме!

– Жоқ, ақиқаты сол. Жалғыз алкаш нағашы ағамнан басқа ешкімім жоқ. Бәрі өлді. Кім өлтірді? Әне, сахараның еркін жортқан жәндігіне дейін қырылып жатыр... Е, аға, бәрін білесіз ғой, үндемейсіз. Осындай ішіп алғанда болмаса, мен де айтпаймын. Сонда өстіп жүре беруіміз керек пе? Мен талай сұмдықты өз көзіммен көрдім. Малды ауылда өстім ғой. Үш аяқты, екі басты, кейде жарты денесі жоқ неше түрлі құбыжық қозы-лақ, бұзау туатын. Зәреміз ұшқаннан өлтіріп сол жерде көміп тастайтынбыз. Жақында менің қой бағатын нағашы жеңгем жайлауда босанып, тісі ақсқан жалғыз көзді жалмауыз тауыпты. Қанша жерден қағанағын жарып шықса да, жеңешем құбыжықты көріп қатты шошығаннан жынданып кетіпті. Қазір облыстық жындыханада жатыр. Ойласам, кейде ақылым жетпейді. Біз осы елдің кіміміз?

Онсыз да әңгіме теріс езулеп бара жатқанға жақтырмай қабағы қыржия бастаған Аманбаев ожырая қарады.



– Кім болушы едік? Совет Одағының тең праволы азаматтарымыз.

– Жоқ, біз – қоянбыз, бақа, тышқанбыз!

– Неге?

– Адам болсақ, азамат болсақ, бізге бүйтіп тәжірибе жасар ма еді?

– Ей, шырағым, нені көйітіп отырсың? Сені оқытып, адам қылған совет үкіметі емес пе? Көк өгіздің үстінде тепеңдеп жүргенінен міне, лайнерге мінгізді. Өңің түгіл түсіңе кірмейтін пейіш заман ғой. Әйтпесе, тері шалбарың шіріп, қой мен түйенің соңында жүрер едің.

– Бұдан да сол тері шалбар киіп бұтым сасып жүргенім мың есе артық еді. Денім сау, бауырым бүтін. Басқа ел тәжірибені әуелі бақашаян, қоянға жасайды. Совет үкіметінің қояны қазақ болғаны ма? Осы ма істеген жақсылығы? Не үшін оған қарыздар боп рахмет айтуым керек?

– Түсін, бауырым, – деді Аманбаев қызарактап. – Бұл стратегиялық зор мәні бар нәрсе. Отанымыздың әскери күш-қуатын арттыру үшін қажет. Сол үшін сынақ жасалынып жатыр.

– Біреудің күш-қуаты артса екен деп мен неге өлуім керек? Мен өлгеннен кейін, менің туыс-туғаным, халқым тұқымы тұздай құрып кеткеннен кейін ондай қарудың не керегі бар һәм жарып отырған жерін көрмейсіз бе? Шалғыны жапырылған, өзен-суы сыңғырлаған жап-жасыл жәннат. Даналардың тал бесігі, дүлдүл мен бұлбұлдың отаны. Жарса басқа жер жоқ па? Қызыл құм мен Қара құм, Бетпақтың даласында неге сынамайды? Тіпті болмаған күнде, елді, қаптаған халықты басқа жаққа неге көшірмеген? Түсін дейсіз, аға, қалай түсінем осыны? Мұның аты не? Қазақтың кіндігіне қорс еткізіп қанжар салу, бойындағы бар құнарын сылып алып тастап, қаңқиған құр сүлдерін қалдыру. Әйтпесе кешегі Абай мен Дулатты, Шәһкәрім мен Әуезовті туған асыл топырақтың құнары қайда. Атом жарып жатқаннан бері қырық жыл болды. Содан бері келген ұрпақтан бас көтерер кім шықты? Басы таз, ақылы аз, өңшең қырт, алқаш. Бар тапқан өнері – қой бағайық деп ұран көтеру. Әне, Шұбартау жас қойшыларының бригадаларын құрып жатыр. Шыққан ұшпағы сол.

– Өзің қып-қызыл диссидентсің ғой! – Аманбаевтың жоғары серпілген сұйық қастарының ұшы шытынай сынды. – Бөтен жерде бүйтіп сөйлесең, басың кетпей ме, айналайын. Үй сыртында кісі бар, тек жүрген жақсы. Қанша жерден демократия заманы дегенмен ауажайылуға болмайды.

– Мен өтірік сөз айтып отырмын ба? – Биназар үнірейе төніп өжектей түсті.

– Өтірік болсын, шын болсын, оны айтқаннан не пайда?

– Ойланбау керек пе? Сіз айтпасаңыз, мен айтпасам, басқалар айтпаса, кім айтады мұны?

– Әркім өз ісін білу керек.

– Менің өміріме, келешегіме қатысты нәрсе менің ісім емес пе? Неге мен өз тағдырым туралы ойланбауым керек?

– Қолдан келмес нәрсені айтқанмен ештеңе өзгермейді.

– Жоқ, аға, дүние ойланғаннан өзгереді. Ағынды су ғана бұзып-жарып өзіне арна салады. Барлық құдыреттің жаратушысы – Сөз, Ой!.. «Сначала было Слово; Слово было у Бога. Слово стало Богом». «Әуелі Сөз жаратылды; Сөзді Құдай айтты; Сөз Құдайға айналды» дейді емес пе Библияның өзінде?

– Мен діни схоластикадан аулақ адаммын, – деді Аманбаев жетелеген жаққа ермей табандап. Биназар сілеусін көздері сығырайып Аманбаевқа бір сәт барлай қарады.

– Аға, бір нәрсе сұрасам айтасыз ба, – деді күрпілдек креслоны сықырлата шалқалап.

– Сұра.

– Осы Әуезов пен Сәтбаевты КГБ өлтірткен дейді ғой?

Аманбаев мырс етіп, басын шайқады:

– Не үшін?

– Көзқарасы үшін де. Партияның саясатына қарсы шыққандары үшін.

– Сөзіңе болайын. Партияның саясатына қарсы шығатындай санасыз біреу ме екен олар?

– Жоқ, қайта санасы басқалардан жоғары болғандықтан, қарсы шыққан ғой. Лениндік сыйлық алдық, бізді енді әлем таниды, жоғарыдағылар айтқанамызға құлақ асады, санасады деп батыл кетсе керек.

– Сонда не депті?

– Семейдегі ядролық сынақтарға қарсы шыққан. Жер, су, ауа уланып халықтың қаншалық қасырет шеккенін біліп отыр ғой. Дәл Абайдың отанында мұндай сұрапыл апат жасау халықты генетикалық жағынан тоздырып, құрту, бұл бүкіл бір ұлтқа жасалып отырған қастандық, саяси қылмыс деп Орталық комитетке хат жазыпты дейді. Сол үшін бірін операция үстінде, екіншісін улап өлтірген көрінеді. Осы сөз қаншалықты рас, аға?

– Қазақтың көп ұзынқұлақ өсегінің бірі. Шатпырақ. Жат пиғылды біреулер әдейі таратады мұндай мүнкіген сөзді.

– Әй, қайдам. Үндеместің істемейтін пәлесі жоқ қой. Күдікті. Әйтпесе алпыстан жаңа асып жайнап тұрған шағында екеуі бірдей өле ме?

– Жарайды, бауырым, өндімейтін әңгіменің шоғын көсеп қайтеміз. Ас келгенше сыртқа шығып, аяқ жазып келейік, – деді Аманбаев орнынан серпіле көтеріліп.

Биназар болты босаған былқ-сылқ денесін билей алар емес. Бахтияр қолтығынан демеп, бұрандалы баспалдақтан төмен қарай эзер түсірді. Сыртта жапырақты тыпырлатып, тыныс ашар самал лекіп тұр. Бақ іші тәртіппен бой түзеп, сая төккен миуа ағашы. Биназар емпеңдей басып анандайдағы қау боп өскен қарақат бұтасын айналып кеткен. Іле лоқсыған дыбыс естілді. Аманбаев жақ еттері шақпақтана бүлкілдеп теріс бұрылды. Бахтияр ыңғайсызданып:

– Аға, біз енді қайтайық, – деген.

– Жоқ, болмайды. – Аманбаев жүзін жылытып бері қарады. – Жеңгелерің арнайы қазан көтеріп отырғанда, о не дегендерің? Бір-жарты сағатта ас дайын боп қалар. Оған дейін Биназар мырза мына шайлада жата тұрсын. Шаршап қалды ғой.

Жүзімнің қалың жапырағы күрегейлеген шайла іші салқын сабат. Шенбіректеніп иілген арматуралардың аршыны қос құлаш жетпес кең. Төбесі биік. Екі жақ іргеден қарама-қарсы өскен қос түп жүзім айқаса жауыпты. Темір тордың әр тұсынан түйірі бармақ басындай мөп-мөлдір күрең собық салбырап тұр. Сәкіге кілем төсеп, үстіне іргелете көрпе жайылған. Түстік жұртының салтымен ескі-құсқы шүберекті шиыршықтап жасайтын төрт тәкри – шынтақ бойы кеспек жастық төрт бұрышта жатыр. Шіліңгір ыстықта бір тәкриді қолтығына бас та жантайып жатып көк шайыңды сораптай бер.

Биназар бұтаның тасасынан шайқалақтап бері шықты. Жасаураған көздері қып-қызыл. Өз-өзінен ыржалақтап:

– Ән айтайын ба? – деді

– Әнің құрысын. Доғар сөзді! – Бахтияр бүйірінен түйіп қалды.

– Не болды-ей, құсқанша ішіп? Арақ көрмеп пе едің?

– Енді ағамыз күнде сыйлай бермейді ғой.

– Былжырамай жүр бері!

Шлангадан ағып жатқан сумен беті-қолын жуғызды да, бәтіңкесін шешкізіп сәкіге жатқызған. Екі қолын екі жаққа жайып, шалқалаған күйі қимылсыз қалған. Сәлден кейін қор ете түсті.

## «ӘТІР ЗАВОДЫ»

Екінші қабаттағы терезеден Күләнда Қисықовнаның басы қылтып, асқа шақырды. Аманбаев пен Бахтияр қол шайып, жоғарыға көтерілді.

– Әлгі оратор қайным қайда? – деді жеңгей.

– Қайның жеңгемнің асы тез піспейді екен деп өкпелеп ұйықтап қалды.

– Қойшы, жау қуғандай асығып не болыпты. Тоқ басып, біраз әңгіме-дүкен құрсын дегенім ғой. Әйтпесе бағана әзір болған.

Буы бұрқыраған үйме табақ ет келді. Үстінде құйқасы ырсиған кара қойдың басы. Мандайына қрес шетіген. Тұмсығын Бахтиярға қаратып қойды.

– Әкең бар ма еді? – деді Аманбаев.

– Жоқ.

– Ендеше ұстай бер! – Аманбаев басты тәрелкеге салып пышақпен бірге Бахтиярдың алдына жылжытты, өзі ет турауға кірісті.

– Әдейі Бақанастан алдырдық, – деді Күләнда Қисықовна тұздықты дәмдеп жатып. – Соғымды да сол жақтан әкелеміз. – Қырдың отын жеген малдың етінің дәмі бөлек қой. Алматының маңайындағы малдың етін жеп көрші, су татиды. Шөбі жасық емес пе.

Аманбаев жамбастың шетінен жона тіліп, уыс толтыра асатып еді, расында да таңдай үйіреп дәмді екен. Өрісте жүріп семірген, еті тығыз, ермен мен жусан жегені білініп тұр, майы шыныдай, жүрегіне бірден шық ете түсті.

Бахтиярдың өзі өз болғалы, көйлегі бөз болғалы бас ұстап отырғаны осы шығар. Асекендей ағасының үйінде мұндай құрметке бөленгеніне кәдімгідей елжіреп толқып отыр. Бір жағынан емтихан тапсыратын баладай, қалай ұқсатарын білмей қысылды. Талай төре табақтан дәм татып жүрсе де, бұл рәсімге зер салмаған екен.

Тыпырлағанмен шегінер жер жоқ. Көз бедерінде қалған еміс-еміс ұлы нобаймен: «сіздің жақтың үрдісін білмеймін, біздің ауылда былай тұрайды» деп жорға жүріске салды да, бастың құйқасын желкеден тұмсыққа дейін қақ бөліп тілді. Езуінен бір кесіп алып, үй иесіне ұсынды. Таңдайын Күләнда жеңгейге берді:

– Таңдайыңыз тақылдап, биік-биік мінбелерден сөйлеңіз. Тезірек доктырлығыңызды қорғаңыз!

– Айтқаның келсін, айналайын.

– Осы жерде менен кіші ешкім көрінбейді. Сіздердің ақыл-өнегелеріңізді тындасам, жаман болмаспын! – деп оң құлақты кесіп өзіне қалдырды да, басты тарелкесімен қайтарып берді.

Асекең жұмыста тәртіптің үтір-нүктесін сақтап сіресіп қалған педант болғанмен, еркін отырыста одан ақ жарқын, әңгімешіл адам жоқ. Үйге келсе де, түзге барса да өзінің жазып жатқан, істеп жатқан ғылыми бірденелерін айтып миыңды ашытатын мылжың фанатиктің сортынан емес. Ғылымның айын аспанға бір шығардым деп мақтанса, Асекең-ақ мақтансын. Бірақ осында келгелі ол туралы ләм деп ауыз ашса кәне. Көңіл жадыратар жеңіл-желпі әңгімемен ғана отыр. Орайын тауып тұздықтап жіберуге де шебер. Бір әредікте:

– Мына жеңгең Божбан деген елдің қызы, – деді Асекең өзінен жымындап. – Қазекең көз тимесін деп ырымдап ерте кезде нешетүрлі атты қоя берген ғой осы күнгі Шатунбай, Тракторбек деген сияқты. Божбанның ішінде Көтен, Сасық деген аталар бар. Бірде Божбанның қыз бен жігіті таныса қалып, бір-бірінен жөн сұрасады. Жігіт: «Божбанның ішінде қайсысын?» дейді. Қыз қысылыңқырап: «Әтірмін, – дейді. – Өзіңіз қайсысыз?» Жігіт сонда: «Мен әтір шығаратын заводтанмын!» депті.

– Қойшы! – деді жеңгей қызарқтап. – Талай батыр мен бағлан туған қалын Божбаннан әңгіме қылар басқа ештеңе таппадың ба!

– Ойбай-ау, Божбанды жамандап отырған кім бар? Божбан жаман болса, сендей жақсы әйел қайдан шығады? – Асекең ойнақыланып, сұйқылтым тікенек қастарын бір секіртеп алды. – Біздің бәйбішенің өз атасы Қажығұмар деген кісі бақсы, әулие болған! – Сорпа сапырып отырған жеңгей «әне, менің атам сондай» дегендей, танауын бір тартып, иығын қомдап қойды. – Қажекең қу ағашты түнде қобыз ғып тартқанда қасқыр ұлиды екен. Қазандағы қайнап жатқан суды былқ етпей іше салатын болған. Тіліне шоқ салып, талмап отыра береді екен дейді. Сонау ақ пен қызыл сапырылысып жатқан кезде Шәуілдірдің түрмесіне қамалады. Жанындағылар зеріккенде: «Кәне, бір жапырақ қағазды үшбұрыштап маған лақтырыңдар. Бір қызық көрсетейін» дейді. Жігіттер айтқандай ғып бүктейді. Қажекең «үп» деп үшкіріп қалғанда, ақ тышқан боп кетеді. Жігіттер әне ұстаймыз, міне ұстаймыз деп әбден діңкелегенде, қайта «үп» деп қалады, тышқан қағазға айналады.

Бір күн жатады, екі күн жатады... Жігіттер шу шығарады, өстіп жата береміз бе? Ауылда мал-жанымыз бар дегендей, пішен шабатын уақыт... деп. Түрме бастығы, ақтың офицері келіп... – Асекең үй ішінде бөтен біреу отырған жоқ па дегендей айналасына бір қарап алып дауысын бәсеңдетті. – Әсілі, қызылдың офицері... сол Қажығұмарға: «Сені көз байлағыш дейді ғой, мықты болсаң, сиқырынды маған көрсетші, өзіңді де, жолдастарыңды да қоя берейін» дейді.

Қажекең еденге күпсітіп төсеген қамыстың жуандау біреуінің сабағын сындырып алып, сыбызғы тарта бастайды. Офицер де,

босағадағы күзетші де әуелі есінеп, біраздан кейін тұрған жерлерінде қор ете түседі.

Жігіттер аяқтарының ұшымен басып сыртқа шығады да, ауыл кайдасың деп тайып тұрады.

Келе жатып бір жайдақ суға ұшырасады, тереңдігі қызыл асықтан ғана келетін. Арғы жағында қарсы бірнеше әйел келе жатады. Сонда Қажекен: «Иә, жігіттер, әбден жалықтындар ғой, көңілдерінді көтерейін», дейді де, әйелдерге қарап: «Әй, келіншектер, андағы су терең ғой, етектерің су боп қалады» дейді даусын көтере. Әйелдер терең суды кешіп келе жатқандай көйлектерін кеуделеріне дейін түріп, жоғары көтереді. Жігіттер келіншектердің тәніне қарап әбден мәз болысады...

Дүмпіген мол омырауы селкілдеп, қыстыға күлген жеңгей қолының сыртымен көз жасын сүртті:

– Сен біреудің атасын қаузай бермей, өз аталарыңды айтсаңшы!

– Менің аталарымда ондай бақсы-әулие жоқ.

– Бақсы болмаса да, батыр-барымташы бар емес пе. Жайшылықта түркменнің жиеніміз дегенде сондайсың.

– Е-е! – деді Асекең жымиып даусын соза. – Сен де қайдағыны айта береді екенсің.

– Не қайдағы? Рас емес пе? Гөзәл-бүбі әжеміздің қалай келін боп түскенін айтып берсеңші.

## КӨРДЕН ТҰРҒАН ГӨЗӘЛ-БҮБІ

Асекең жүзіндегі жылы күлкісін өшірмей, басын бір шайқап төмен қарады. Сөйлеуге асыққан жоқ. Сырлы тостағандағы мөлдір сорпаны сыздықтата жұтып, орталап барып столдың үстіне қойды.

– Бәйбіше-ай, сен де тыныш отырмайсың! – деді алдына жайған ақ бөртпе сүлгінің шетімен аузын сырбаздана сүртіп. – Бір келген қонаққа бар сырымызды айтып қоятын болдық қой! – Орнынан копаң етіп бір көтеріліп алып, қреслоға шалқалады. – Баяғының байлары сайыскер, қарулы жігіттерден сайлап ұры ұстаған ғой. Біздің Байжұма деген атамыз тоқымы кеппеген барымташы болыпты. Бірде жалғыз өзі түркменнен жылқы алуға барады. Бай: «Өз жылқымның жорғасына да, жүйрігіне де тақымым толмай жүр. Түркменнің бір арғымағын әкеп берсең, елдегі тандаған сұлуыңа құда түсем, қалың малын өзім төлеймін» дейді.

Түркменнің іргесі шалғай. Шөл дала, сусыған құм. Қашса жеткізбейтін, қуса құтқармайтын жүйрік, белі мықты, жарау атпен

жолға шығады. Жалпақ құмда таңдай жібітер су табу қиын. Бір құдық пен бір құдықтың арасы күндік жер. Онда да жер бедерін білмейтін адамға жаппа құдықтың үстінен түсу қиын. Қоржынға салып қойдың құйрығын алып шығады. Дамылдаған жерде аттың ер-тоқымын алып, аунатып алады да, алақандай құйрықты асатып жібереді. Сонда жылқы жарықтықтың шөлі басылып, көзі шырадай жанатын көрінеді.

Күндіз сай-сала, сексеуіл түбін саялап, кешкі салқынмен үш күн жортады. Қазақпен шектес ауылдардың секемшіл, сақ отыратыны белгілі. Ішке сұғынып, бейғам жатқан бір ауылдың шетіне келеді. Бай ауыл болса керек. Әр жерде шоғырланып жайылған үйір-үйір жылқыны алыстан қарауылдап кешке дейін қалың жыңғылдың ішінде жатады. Бағып жүрген ешкім көрінбейді.

Екіндіге қарай құрық сүйреткен сеңсең бөрікті біреу биік шағылдың басынан ойпаттағы жылқының қарасын бір шолып, қайтадан ары қарай түсіп кетеді.

Барымташы көз байлана баспалап табынға жақындайды. Үркітпей қайрымақтаған болып, жанаса бере бір айқасқа, қазмойын ақалтекеге шалма тастайды. Арқанның ұшын тақымға басып жантая тартқанда, қылмойыннан бұғау түскен шу асау аспанға тік шапшып барып шалқалай құлайды. Сол жерде нокталап жіберіп, жетекке алып жорта жөнеледі.

Алғашқыда тартыншақтап біраз әуреге салғанмен, азат басына тар нокта түскен соң жануар қайда барсын. Жұқа шаптан орай екі-үш рет камшымен осып-осып жібергеннен кейін өзі-ақ үкідей ұшып отырады.

Түн ортасы ауа шөл далада сирек болатын кара жауын басталады, қарсыдан сабалап соққан жел жүрісті өндірттер емес. Алты айрығынан су сорғалап, етігінің қонышына құйылады. Түні бойғы ұлы сүркіл шабыстан аттар да болдырған. Мойнын ішіне алып ықтап, тізгінді қалай тартсаң да бір қырындай береді. Айнала тас қараңғы. Жұлдыз жоқ. Бағдар айқындау қиын. Сөйтіп дел-сал боп келе жатқанда, бір қапталдан қалың бейіт көрінеді. Жаңбыр саябырлағанша бас сауғалай тұрмақ болып, солай қарай бұрылады.

Бір биік күмбездің ығына аттарды байлайды. Өзі ер-тоқымды алып ішке кіреді. Денесіне жабысқан мұздай су киім сүйек қариды. Тісі-тісіне тимей сақылдайды. Тыр-жалаңаш шешініп, киімдерін сығып, ортадағы төмбектің үстіне жаяды. Табан астындағы топырақ жып-жылы. Күндізгі аптаптың табы әлі қайтпаған ба, әлде қалшылдап тоңған денеге солай көрінді ме? Сусыған құмдақ бос топырақты қолымен оңды-солды көсіп үңгиді де, иегіне дейін көміліп жатты. Мамыққа оранғандай рахат. Жып-жылы құрғақ топырақ бойындағы суықты шым-шымдап сорып жатыр. Сүйек-сүйегі балқып балбырап барады.

Көзі ілініп кеткен екен, қанша жатқаны белгісіз, әлдебір ыңырсыған үрейлі дыбыстан селк етіп шошып ояңған. Ұшып тұрып апалақтап киімін киді. Беліндегі салақтаған қайқы қылыштың сабы қолына тигенде ғана жүрек тоқтатып, ес жиғандай болды. Қабырғаға арқасын тіреп, қылышты оңтайлап ұстаған күйі сілейіп тұр. Әлдене қараңдап жақындағандай болса, қырқай сілтеп қақ айырмақ.

Әлгі дыбыс талықсып тағы да естілді. Іште емес, есік жақтан, сырттан шығады. Жаңбыр толастаған, сытыр-сытыр баяу себезгілейді. Талай-талай жортуылда далаға қонбай, қайта аруақты ес көріп зиратқа түнейтін.

Жын-пері туралы неше түрлі құйқылжыған әңгімені жолдастарынан естігені бар. Бірақ өз басы осы уақытқа дейін ондайды көрген емес һәм оған сенген де емес. Сонда бұл не болғаны? Жүрегі дүрсілдеп аузына тығылды.

Баспалап сыртқа шықты. Ықта қосақтаулы тұрған аттар құлақтарын қайшылап, үркектей бір-біріне тығыла түсіпті. Мұны көріп оқыранып жіберді. Айнала тас қараңғы. Қылышын кезей ұстап, бір басып-екі басып дыбыс шыққан жаққа қарай жылжыды.

Жер гуілдеп күңіреніп жатқандай. Ыңыранып, өксіген жіңішке дауыс үздігіп-үздігіп естілді. Әйелдің әлсіз үні. Перінің қызы өстіп айдалада бірде жылап, бірде сықылықтап күліп адамды арбайды деуші еді. Сол болды ма екен? Неше түрлі күдік кес-кестесе де, бойын бір батылдық билеп, алға қарай жылжи берді. Қолында қайқы қылышы тұрғанда ешбір жау ала алмайтын тәрізді. Жүрелеп, еңкейсең ғана жер бедері бұлаңғытып көзге шалынады. Бей-берекет үйілген көп төмектің біріне сүрініп, бірін айналып өтіп, қараңғыны қармалап дыбыс шыққан жаққа қарай жақындап келеді. Бір өксіп, бір ыңырсыған қорқынышты үн айқындала түсті.

Жел жоқ, жаңбыр тыйылған, қап-қара мылқау түн «тыңда мына сұмдықты» деп әдейі ішін тартып тына қалғандай. Кенет екі-үш қадамдай жердегі төмектің іргесінен әлдене қараң ете қалғандай болды. Қорыққанға қос көрінген шығар деп көзін сүртіп қайта үңілген. Жок, ауада расында да кісі бойындай көленке шайқалады. Басын онды-солды бұлғап, денесін селкілдетіп қояды.

Перінің қызы деп ойлады. «Билеп, арбап тұр. Өксіп жылаған осы. Енді сықылықтап күледі» деген. Маңдайынан суық тер бұрк ете қалды.

«Бисмилла, бисмилла» деді бар білетін дұғасын ішінен қайталап. Жын-шайтан Алланың атын айтса, жоғалып кетеді дейтін. Мынаған дұға дарымайтын сияқты. Сол кимылын қайталап ауада ербең-ербең етеді. Қорыққанмен жан қалмасын біліп, көңіліне бір бекемдік ұялаған. Батыл басып, жақындап келді де, қара күшке ғана се-



нетін батырға тән дүлей көзсіздікпен қылышын құлаштай сілтеген. Елес қаңқ етіп жым-жылас ғайып болды. Ащы дауысты қағып алған кара түн айналаны жаңғырта, белден-белге асып қаңқылдап қашып барады. Бұл сылқ еткізіп қылышының ұшын жерге сүйеді. Иығынан тау түскендей. Бітті, құрттым көзін деді. Жалт бұрылып алаңсыз басып жүре берген.

Екі-үш қадам аттамастан әлгі дауыс қайта шықты. Артынан келіп кара албасты бассалғандай зәре-иманы ұшты. Қайырылып карауға дәрмені жоқ. Бұл не сұмдық? Кара жер өкіріп, күңіреніп жатқандай. Қаша жөнелмек еді, аяқ-қолы ерікке көнер емес. Қырық құлап, қырық тұрып, өлдім-талдым дегенде аттардың қасына жеткен. Шоқтығынан тартып жайдақ атқа ұмтылғанмен бөксе арта алмады. Ес-түс жоқ. Не істерін білмейді. Тісі сақылдап, қылыштың сабын уысында тас қысқан күйі күмбезге сүйеніп меңірейіп тұра берді.

Бірте-бірте қараңғы түннің пердесі сетінеп, бозамық тартты. Бұдырсыз жалпақ даланың шығыс шеті сығырая ақ шелденіп, тіршіліктің жаңа бір базарлы күні бас жарып келеді. Төңірек бұлаңытып көріне бастады. Көз тұмшалаған түнек кара шапанын сүйретіп шегініп бара жатқандай. Әр тұстан балпық шықылықтап, торғай шырылдап, тіршілік қайтадан оянды. Жер сауыры бусанып, ауада бозғылт, жеңіл тұман дірілдейді. Қанатын жалғыз-ақ қағып, жер-жиһанды жайлап алған ұлы жарық түнмен бірге мұның көкірегіндегі қорқынышты қуып шыққан.

Танмен бірге оянған мың-сан дыбыстың арасынан әлсіреп, әлгі дауыс бәрібір естіліп тұр. Үзік-үзік күңіреніп жетеді. Әрі аш, әрі түнгі жаңбыр сүйегіне дейін өтіп жаураған қос жануар бір-біріне тығылып, безгек буғандай қалш-қалш етеді. Ауыздығын күтір-күтір шайнап, тыпыршып, белі доғадай иілген қарагерге ер-тоқым салды. Бірақ тақым артқан жоқ. Артта қуғыншы бар-ау деген қауіпті де ұмытып кеткендей, бей-жай асығар емес.

Көңілін әуестік биледі. «Бұл не дыбыс болды екен?» Қылышын қайтадан қолына алып, түндегі іздің сорабына түсті. Дыбыстың әлсіз жаңғырығын қуалап емпендеп келеді. Кенет шеткі төмпешікке жеткенде антарылып тұрып қалды. Қабірдің етегінде қас бөлініп, ішек-қарыны қотарылып ит пе, қасқыр ма, бірдене жатыр. Жок, шибөрі! Құйрығы ұзын, жүні сабалақ, тарғыл-көк. Жарты денесі көрдің іргесін үнгіп кептеліп қалған. Кіндіктен төмен екінші бөлігі анандай жерге қыркылып түсіпті.

Ең шеткі төмпек. Топырағы басылмаған жас қабір. Басына шаншылған жыңғыл сайғақтың да бүрі солып үлгірмепті. Аяқ жақта топырақтың етегін ала ағаш сапты, қайыс бұлдірге таққан үш қырлы

сүйменді жерге тік қадап, екі жағына кетпен мен күректі мосыландырып сүйеп қойыпты. Келесі қабірді қазғанда құрал-сайманды осы жерден аласың деген сөз.

Қиналған дыбыс еміс-еміс құлаққа жетеді. Кейде ыңырсып күрсінгендей, кейде ышқынып өксігендей. Жердің асты гуілдеп жатыр. Көрдің қуысына кептелген шибөрінің жарты денесін жүнінен тартып суырып алды. Езуі ақсиып, қаба тістеген аузында саудыраған бір уыс көк қамыс ілесе шықты. Қан-жынынан жиіркене анандай жерге сүйреп апарып тастады.

Қабір іргесіндегі ошақ аузындай үңгірден енді әлгі дыбыс тіпті анық естілді. Жын-шайтан емес, адамның азапты дауысы. Ойланатын не бар? Күректі ала салып іске кіріскен. Сусінді болғанмен құм аралас сусыған борпық топыраққа күш салып көп қиналған жоқ, әрі-беріде-ақ аршыды. Көртақтайдың орнына қарағаштың жуан, сидам бұтағын жымдастырып қалапты. Үстіне көктей шауып кептірген қамысты күпсітіп төсеген.

Қамысты құшақ толтыра көсе жинап, ернеуге лақтырды. Енді ағашқа қол салған. Орта тұстағы кеспектің ұшын көтере берді де, қалт тұрып қалды, келесі сәтте кенердегі жалданған топыраққа сүріне-қабына қалай ата жөнелгенін білген жоқ. Анандайға барып бір-ақ ес жиды.

Көз айнасында бедерленген қорқынышты сурет өшер емес: лахатсыз тік қазылған көрдің бір бұрышында үстіндегі кебіні далдұл болып, шашы жалбырап біреу отыр. Қараңғы түнде дию ұшырасса да тайсалмай қарсы ұмтылатын жаужүректің өзі еді. Бірақ мына суретті көргенде иманы хасам болды. Аяқ-қолы дірілдеп, өз-өзіне келе алмай біраз тұрды. «Бұл қай сасқаны? Мылтық кезеген қарақшы не белі бүгіліп тісі ақсиып тұрған қабылан емес, көр түбінде әлсіз ыңыранған шалажансар адамнан қорыққанына жол болсын!»

Жүрек токтатып тәуекелмен қайта барды. Төмен қарамауға тырысып, сырықтарды оңды-солды лақтырып жіберді де, қабірдің табанына қарғып түсті. Қалампырдың қою, хош иісі танауға ұрды. Бір сәт тізесі қалтырап, анандайдағы бұрышта екі аяғын екі жаққа көсіліп, басы еңкейе ыңырсыған әйелге қадалған күйі не істерін білмей селтиіп тұрып қалды. Талдап өрген қырық бұрым қара шаштарының ұшы тарқатылып, алдына төгілген, жүзін жартылай ғана көрсетеді. Он төрт-он бестердегі қыз бала, саусақтарының ұшы сыдырылған, қан шыпшып тұр – жан таласып жер тырналаса керек.

Көкірегі қорқыныштан ада. Жұлын-жүйкесін бір топастық билеп, ештеңені түйсініп тұрған жоқ. Тек қимылдап жүргенін ғана біледі.

Қызды лып еткізіп көтеріп алды да, қабірдің ернеуіне қойды. Өзі секіріп сыртқа шықты. Қызды қайтадан көтерді. Кісі бойы көк мұз көтергендей іші-бауырын аяз қарыды. Күмбездің ығынындағы шуаққа әкеліп жатқызды. Күн иыққа көтерілген. Топырақ беті бусанып, аптап қуыра бастады. Айналада көлкіп сағым көшті. Қабағын алақанымен қалқалап, қалай үңілсе де жақын маңда қыбырлаған ештеңе көрінер емес. Не мал, не ауылдың қарасы жоқ. Су толқығандай сағым ғана қалқиды. Шапанын шешіп қыздың үстіне жапты. Ес жиса, жөн сұрармын деген. Шалқасынан салып, аяқ-қолын уқалады. Бірақ жуыр маңда ес жияр емес. Анда-санда көзін сұлық ашып, әлденені былдырлап сандырақтайды да, қайтадан талықсып кетеді.

Айдалада моланы күзетіп отыра беретін емес, атқа мініп айналаны шолып келмек боп бір окталды да, түндегі шибөрі есіне түсіп, бұл ұзап кеткенде қорқау немелер қызды жеп қояды деп, ол ойынан айныды. Ердің айылын тартты да, қызды шапанына орап, алдына өңгеріп алды.

Енді жетектегі ат ермей қиғылық салсын. Басын кекжите шайқап, төрт табандап тұрып алады. Бір-екі рет сауырдан тартып жіберіп еді, атқақтай жұлқынып, ер үстінен аударып тастай жаздады. Әбден әуреге түскен соң, «осымен құтаймай-ақ қояйын!» деп ноктасын сыпырып, сауырдан бір тартқан. Бостанға шыққан жануар анандайға барып, рас па, өтірік пе дегендей, ішін тарта оқыранып алды да, келген жағына қарай құйғыта жөнелді. Құйрық жалы желге желбіреп, күлдір-күлдір кісінеген күйі сағымға сініп барады.

Зираттан шыққан сиыр сокпақтың көмескі сорабын қуалап келеді. Бірде желіп, бірде бұлкек аяңмен біраз жерді артқа тастады. Біресе жайылған малдай, біресе қаз-қатар тізілген ауылдай емексітіп көлкіген сағым неше түрлі елесті көз алдына тосады. Бір уақытта әлдеқайдан талықсып бахшының сазы естілгендей болды. Ат басын солай қарай бұрған.

Жатаған құм шағылдан асып түскенде, бытырай жайылған ақ-қарасы аралас қалың қойды көрді. Тұсаулы аттың жанында сенсең бөрік қалқаяды. Бозторғаймен қосылып кең даланы қошығымен тербетіп отырған қойшы екен. Бұл жақындағанда етегін сілкіп, орнына тұрды. Екеуі сәлемдесіп, жөн сұрасты. Бұл қыздың жайын айтқан жоқ. Басын шапанның өңірімен бүркеп, кеудесіне қыса түсті. Қойшы да қойдан басқада шатағы жоқ, бейғам сабаз екен. Әуелгіде бұл не, қойымды ұрлап бара жатқан жоқ па деп күдіктене қараған. Шапанның етегінен сидиып шығып тұрған жалаңаяқты көрген соң, «е, қой емес екен!» деп суланған кәрі жанарын сұлық төмен түсіре салған.

– Осы маңда кісісі қайтыс боп, қаралы боп отырған біреу бар ма?  
– деген жолаушы.

– Құдауәнда, биыл бұл сахарда бұрын-сонды болмаған сұмдық болып тұр ғой! – Қойшы таңдайын тақылдатып, басын шайқағанда қауқиған сенсең бөрік оңды-солды ырғалып, шитік денесін аударып кетердей боп көрінді. – Екі күннің бірінде – жанбыр, күн күркіреп, найзағай жарқылдағанда иманың ұшады. Пәндәсінің ниеті бұзылып барады ғой, Жаратқанның бұл да бір жіберген зауалы шығар. Әйтпесе тамшы тамбайтын қу медиен құла түзге бүйтіп жаңбыр жауа ма? Мұрнағы күні Дұрды-Назар деген қадірлі кісінің бойжетіп оң жақта отырған қызы құдықтан су әкеле жатқанда жай түсіп мерт болды. Кеше апарып ана үстірттегі зиратқа жерлеген. Қожам айтып келді, Дұрды-Назар бейшара бір көзінен қан, бір көзінен жас ағып жылап отыр деп. Жыламағанда қайтсін енді. Он төртке толып толықсып отырған қыз. Қалың малын алып, атастырып қойған жері бар. Құдай қаласа, биыл күзде ұзатамын деп отырған. Орнына берер басқа қызы жоқ, мырзаның малын қайтарып беру оңай ма!..

Тындап тұра берсе, су көз сығыр балпылдап сөйлей беретін түрі бар. «Сөзің бар болсын!» деді жолаушы іштей мырс етіп.

– Дұрды-Назардың ауылы қай жерде?

Қойшы көзін жұмып, иегін көтерді:

– Жап-жақын. Мына көлбеп жатқан белесті асып түссең болды...

Бұл атын тебініп жүріп кетті. Шаша қапқан киыршық құммен тайпалта желіп келеді. Төбеде сая болар теңгедей бұлт жоқ. Ле-кiте соққан аңызак құлақ қариды. Қойшының осы жер дегені көш жер екен. «Мына тұрған белесі» жеткізіп берсе-ші. Не алыс-тамай, не жақындамай, анадайда бүйірін соғып бүлк-бүлк желген сағымды қуып, ет пісірімде ойпандап отырған ауылдың шетіне іліккен.

Арасына желі бойы орын тастап, шашырай тігілген оншақты үй. Ақ-қарасы аралас. Ағы – қанатты, кең. Қоныр туырлықтылары шошактөбе, шағын. Барлық үйді сыртынан кереге бойымен бірдей ғып шимен орап қойыпты. Қара үйлердің іргесі жәй жалаңаш шыпта шимен қоршалған. Ал ақ үйлердің бүйіріне қоңырқай, күлгін жүнмен тоқылған шилер тартылыпты.

Жолаушы аяңға көшті. Шеткі ақ отаудың алдына келіп тізгін тартты. Ауыл тым-тырыс. Аптаптан саялап іште отыр ма, қыбырлаған ешкім көрінбейді, Көленкеде жатқан қара төбет бір көзін ашып, маңқ етті де, ерініп ары қарай үнсіз қалды.

– Ау, кім бар-ау? – деген жолаушы даусын созып. Іштен ешкім дыбыс қата қоймайды қапелімде. – Бұл үйде тірі жан жоқ па, неге біреу

шықпайды? Жырақтан келе жатқан жолаушымын. – Даусын көтеріп өктемси сөйледі. Көл-көсір қуаныш әкеліп тұрса, бұл бәлсінбей, кім бәлсінсін? Іле шыпта есік серпіле ашылып, үңірейген қара шаршыны сеңсең бөріктің төбесі тесіп, әлдекім шығып келе жатты. Дөңгелек сақал жас мырза екен. Қоңқақ танау, кеңірдегі кетпеннің сабындай шодырайып тұр. Иығында бос жамылған жұқа желбегей. Қаралы үйдің жанына келіп айқайлап тұрған бұл қай көргенсіз дегендей, сеңсең бөріктің астынан қабағы шытынап, сүзе қарады. Ернін жыбырлатып сәлем рәсімін жасағандай болды да:

– Иә, не бұйымтай? – деді жақтырмай.

– Құдайы қонақпын.

– Кешіріңіз, мейман қабылдай алмаймыз. Басқа ауылға барыңыз. Кісімізден айрылып, аза тұтып отырмыз.

Жолаушы таралғыны кере талтайып шірене түсті.

– Түңілме, бауырым. Алланың құдыреті шексіз. Жыласаң – жұбанарсың, қайғырсаң – қуанарсың енді!

Қаңғыған көк атты не оттап тұр деді ме, жас мырза көзінен қара қанжар жарқ етіп, мына оспадарлыққа қапелімде не дерін білмей түйіліп тұрып қалған. Сол екі арада бұл шапанның өңірін ашып, қыздың бетін көрсетті.

– Мына кісіні танысың ба?

Сеңсең бөрік астындағы мөп-мөлдір қара сақал көмкерген сопақша, қарасұр бет әппақ боп бозарып бара жатты. Керілген аузынан үн шықпайды. Жалт бұрылып тұра қашуға шамасы келмей, екі қолын көтеріп, көзі бақырайып тыпыр-тыпыр шегіншектей берді. Сәлден кейін барып:

– Алла-а-а! Алла-а-а! – деп шыңғырып жіберген. Іле бұл не дауыс дегендей үрпиісіп әр есіктен жарыса атып-атып шыққан ер-әйел, бала-шаға жан-жақтан үңірейе төніп жолаушыны меніреу үнсіздікпен қоршап алды.

Шегіне-шегіне арқасымен ақ отаудың керегесіне тірелген жас мырза алға қарай шошайған қолы дір-дір етіп:

– Мынау!.. Мынау!.. – деді басқа сөзге тілі келмей. Таңырқаған ел тілден айрылған. Өз көздеріне өздері сенер емес.

Азалы үйде отырған молла да дүркірей көтерілген елмен бірге ілесіп сыртқа шыққан. Үдірейген жұрт моллекеңе қарасты. Әр көзде «бұл не сұмдық?» деген үрей бар. Моллекең де біреуге ақыл айтардай халде емес. Ақсақалын уыстай ұстаған қолы дірілдеп барады. Бір уақытта ес жиып, тілге келді:

– Уа, халайық, мына көз алдында тұрған елеске сенбеңдер! Бұл – бұл шайтан, ібіліс! Көздеріңді сиқырлап байлап тастаған соң адам

сияқты боп көрініп тұр. Кәлимаға тілдерінді келтіріңдер! – деген жерге тізерлей кетіп, жұрттың бәрі де үздік-создық тізе бүккен. – Ағзубилләһи... – деп «Әл курси» аятын бір қайырды да, бетін сипады. Бірақ шайтан жоғалатын емес. Қайта тісі ақсиып күледі.

– Сүфу, пәлекет, жоғал! Орай сокқан желмен кет! Борай көшкен құммен кет! Сүфу, сүфу, аулақ, аулақ, пәлекет! – Басы қалшылдап, қолын үсті-үстіне сермеген. Одан да қайыр болмаған соң:

– Мынаған дұға да, қырғыс та дарымайды ғой. Шамасы, бұл шайтанның жаңа түрі болуы керек. Кәпірден азған жынға құранның өзі тәсір етпейді! – деді жан-жағына абыржи қарап.

– Оу, ағайын! – деді жолаушы күлімдеп. – Қорықпаңдар. Мен ешқандай жын да, шайтан да емеспін, өздерің сияқты адаммын. Қайта қуаныңдар. Міне, қыздарынды әкеп тұрмын, қадірлі ата-ана! Өлген тіріліп, өшкен жанды деген осы емес пе!.. – деп мән-жайды айта бастаған.

Бурыл сақал, төртпак, етжеңді еркек өкіріп келіп шапанға оралған қызды құшақтай алды;

– Жарығым, тірі екенсің ғой! – деді көзінен жасы бұршақтап. Не қорқарын, не қуанарын білмей аңтарылған ел шұрқырап, шуылдады да кетті. Қызды қолдан-қолға көтеріп, анандайдағы ақ ордаға қарай ала жөнелді. Молланың қауқайған қазандай сәлдесі оңды-солды шайқалақтады:

– Астафиралла! Өлген адам тірілді деген не сұмдық! Бұл – шайтанның ісі!.. – деп сұңқылдап келе жатыр еді, бурыл сақал, қасындағы жігіттің беліне қыстырған қамшысын жұлып алып, молланы жон аркадан тартып жібереді:

– Сандалма, қақпас! Бәрі сенің кесірің. Жуындырған әйелдер денесі суымаған сияқты, тағы бір күн кідірте тұрсақ қайтеді дегенде, мәйітті зарықтырған обал, жерлеу керек деп қоймай қойып едің ғой! Тұра тұр, дүмше неме, ендігі ісім сенімен болсын. Қара есекке теріс мінгізіп, бетіңе күйе жағып, ел шетінен айдап шығам!..

Қаралы ауыл лезде дыр-ду, дүрмекке айналды. Әр тұстан от жалпылдап жанып, қазан көтерілді. Ертеңінде «үшіне» деп жиналған жұрт ұлан-асыр тоймен тарқасты.

Дұрды-Назар жата-жабысып Байжұманы бір апта мейман қылды. Иығына шапан жауып, астына ақбоз арғымақ мінгізіп аттандырды. Елге келген соң арғымақты іші қимаса да, жожасына сыйлаған амалсыз. Бай уәдесінде тұрды. Көңілі кетіп жүрген бір қызды құда түсіп, қалың малын төлеп алып берген.

Бір жыл өткен соң артынып-тартынып, өзі бас болып, бір топ нөкерімен Дұрды-Назар келеді ауылға. Бір нарға жасау, бір нарға отау

артқан. Сүмбіл көк, төкпе жорғаға мінгізіп қызын қоса ала келіпті. Ауыл шетіне ақ отауын тіккізіп, құлын сойғызып, игі-жақсыларды шақырады.

– Иргелес отырсақ та, барымта-сырымтамыз бітпеген егер ел едік. Қанша бағлан сойылға жығылып, найзаға ілінді. Мен бітім сұрап, бұдан былайғы жерде туыс болайық деп келдім, – дейді Дұрды-Назар сақалын саумалап. – Байжұма шырағым, көзімнің ағы мен қарасындай Гөзал-бүбімді өзіңнің босағана алып келіп отырмын. Құң ғып ұстайсың ба, екі әйеліңнің біріндей тең ғып ұстайтын ба – сұрауы жоқ. Қайтадан күннің жарығын көріп, тіршіліктің дәмін татса, әуелі ол Алланың құдіреті, екіншіден саған қарыздар. Өтеуі жоқ жақсылығына ризашылығымды қалай білділерімді білмей, ары ойлап, бері толғанып, осы шешімге келдім. Бетімнен қақпа, қарағым! – деп қолын жайып, өзінен бір тізе жоғары отырған имек мұрын молладан бата сұраған...

– Міне, сол Гөзал-бүбі апамыз етегі құтты болып жеті құрсақ көтеріпті, – деді Аманбаев әңгіменің шоғын ары қарай көсеп. Ішіндегі орталана ішілген, сорпасы суып қалған сырлы аяқты «болдым» дегендей ары жылжытып қойды. – Серкебай, Еркебай деген екі ұл, бес қыз табады. Еркебайдан ұрпақ жоқ. Пейілі тар, шығымсыздау адам болса керек. Ауылға келген диуананы «аса таяғын салдырлатып астымдағы атымды үркітті!» деп сабапты. Алба-жұлба киінген жалаңаяқ шал: «Отың басылмасын, күлің шашылмасын!» деп қарғапты. Содан алдындағы малы құтаймай, неше әйел алса да кубас боп өтіпті. Ал, Серкебай – менің төртінші бабам. Басы өскен, дүмді тұқым. Қазір Серкебайдан таралғандар жүз түтіннен асқан шығармыз. Міне, өмір деген қандай шым-шытырық нәрсе. Ойға келмес қырық темірдің қылауы қисынын тауып, қиюласып жатады.

– Ой, надандық-ай! – деді Қисықовна тостағандардағы сорпаның сарқытын кастрюльге қайта құйып жатып. – Сонда Гөзал-бүбі әжемізді тірідей көміп тастаған болды ғой?

– Иә, әйтпесе өлген адам тіріле ме? Жай түскен соң өлді деп ойлаған. Сызды жерге көмілген соң бойындағы заряд топыраққа тарап, тіріліп кеткен ғой. Бұрынғының адамдары ғылымды қайдан білсін. Осы күні жай түскен, ток ұрған адамдарды бірден топыраққа көміп жатады емес пе ауылдық жерде.

Ешкім ас қайырып, аллаһу-ақпар айтқан жоқ. Бахтияр мәдениетті үй иелерінен қымсынды, ішінен аузын жыбырлатқан болды. Өткенде нағашысы келгенде: «Алла сақтасын, мына Алматыда ақ-адал дастархан басында отырып, бетін сипамай тұрып жүре беретін қазақтарды көрдім!» деп жағасын ұстап еді. Соның кері. Қисықовна

дастархан жинай бастады. Тарелкалардағы қалдық, шала мүжілген сүйек-саяқты табақтағы еттің үстіне салды да:

– Әй, Наташа! – деді айқайлап. Ауыз жиғызбай лып етіп әлгі қызмет қып жүрген қыз – тәмпіш танау, қап-қара Наташа жетіп келді. – Мынаны кастрюлге сал да, үстіне сорпа құйып, ана балаларға апарып бер. Таңертеңнен бері өзегі талды ғой бейшаралардың. Өздері пысылдап, үн-түнсіз айтқанынды істей беретін оңды балалар екен. Келгеннен бері бір тыным тапқан жоқ! – Наташа табақты көтеріп кете беріп еді, – Андағы туралмаған жіліктің етін сылып алып қалшы, – деді орнынан қорбандай тұрып. – Кешке үйге барғанда Тарзанға апарып берейін. Балалар қайбір тамақ береді дейсің, ол бейшараға!..

Мамырлай басқан Аманбаевтың артынан еріп Бахтияр сыртқа шықты. Күн иыққа құлапты. Биназар сол қалпы, шайланың астында қор-қор етеді. Ұлтаны кайрылып қаңсып қалған ескі етіктей езуі ырсиып жатыр. Иығынан жұлқылап әзер оятты. Есеңгіреген күйі көйлегінің өңіріне қолын жүгіртіп тыр-тыр қасынып, біраз отырды. Көзін сығырайтып жан-жағын шолды.

– Мынау неғылған шалаш? – деді таңырқағандай. Бахтияр кекете мырс етті.

– Бұл Разливтегі Лениннің шалашы!

– Лениннің өзі қайда?

– Ленин – сенсің!

Не дегенмен түйсігі бар өзінің, бірден қуыстанып, басын ұстай алған. Паригі орнында екенін білген соң қолын сілтеп орнынан тұрды. Беті-қолын шайып, сүртініп адам қалпына келді. Бас жазбаймыз ба дегендей құрағыта үй жаққа қарағыштай берген. Бахтияр шынтағынан тартты. Үй иелеріне хош-рахмет айтып, қақпа сыртына шықты.

Қос жиегінде мәуе төгілген тар көшені құдилап келеді. Бүйірі сарғая бастаған алмұрттар күннің күміс сәулесімен шағылысып электр лампасындай самсап тұр. Көз ұшындағы көлденең күре жолды бойлап арлы-берлі өткен машиналардың төбесі қылт-қылт етеді.

## ФУРОР

Көп өтпей Аманбаев айды аспанға шығарды. Монографиясынан үзінді-тарауларды ғылыми басылымдарда үсті-үстіне тоғытты дейсің. Екі үлкен мақаласы тіпті, Москвада жарық көрді. СССР Ғылым академиясының «Ғылыми жаңалықтар» журналында жарияланған мақаласына әйгілі академик, Лениндік сыйлықтың лауреаты Э.Розенбаумның өзі кіріспе сөз жазыпты. Зор баға берген. Екінші мақала



«Химия мәселелері» журналында шықты. Бұл шынында да қазақ химия ғылымы үшін үлкен жаңалық, зор мәртебе еді.

Алматыдағы ғылыми ортаның ендігі әңгімесі осы болды. «Фурор!», «Сенсация!» десті. «Асекеңнің аты шаппай бәйгеден келіп тұр. Монографиясы кітап боп шықсыншы, СССР Мемлекеттік сыйлығын қалпақпен қағып алады. Қазақстанның сыйлығы – пішту!!!» десті. Өздерінен басқа ешкімді мойындамайтын менмен керауыздардың өзі жаңа періні көргенде, кекжиген бастары иіліп, қипыжықтап қалатын болды.

Бұлар мынандай мақтау-марапатты естіген Аманбаев біржолата талтандап, оқтау жұтқандай сіресіп қалар деп ойлаған. Жоқ. Асекең сол қалпы, қайта бұрынғысынан биязы боп кеткен сияқты. «Ұлық болсаң, кішік болдың» өзі. Осыншалық мәнді іс тындырып тастағанын өзі де байқамай қалған-ау, сірә. Аяқ астынан бұлай қошамет көріп даңққа бөленгеніне сасқалақтап есі шығып кеткен сынайлы, біртүрлі именіп, жаутаң қағатыны қызық.

Кафедрадағы еркек-әйел шетінен сәуегей. Құлақтарына періште сыбырлап кеткендей, жер-дүниенің жаңалығын сапырып отырғаны. Біраз уақыт: «Асекең докторлығын Москвада қорғағалы жатыр, Алматыны қайтсін! Оппоненті Розенбаумның өзі болады екен!» деп дүңкілдескен. Енді шамалыдан соң: «Жоқ, Москваға бармайтын болыпты. Үлкен кісінің өзі телефон шалып: «өзіміздің республикамыздың мәртебе, престижі үшін осында қорғаңыз» деп өтініпті-мыс. Қаншасы рас, қаншасы дақпырт – бір Құдайға аян. Ал, Асекеңнің өзіне қарасаң – сол «ішің білсін әләуләй», тымпиған қалпы. Қашанғыдай сабырлы, қашанғыдай жинақы. Асып-тасқанын байқамайсың. Тек темекіні көп тартатын болыпты үсті-үстіне бұрқыратып.

## ТЫҒЫРЫҚ

### ШИКІЗАТ

**С**ығанның үздік қызметкерлерінің бірі – Эдик. Идея тапқыш, айрықша белсенді. Жұмысын қатардағы таратушыдан бастап еді, қазір «Яманың» бастығы. Небір өткелектен өткен жырынды. «Яманың» жұмысын жандандырып, табысын еселеп өсіріп отыр. Әсіресе, Сығанның технологиясы бойынша препарат өндіретін жасырын синдикат құрылғаннан бері таптырмайтын бағалы маманға айналды. Препаратқа қажетті «материалды» дайындауды Сыған соған жүктеген. Эдик бұл істе де жоғары класс танытты.

Шикізат дайындаудың нағыз шебері. Сапалы товар алудың бабын одан артық білетін ешкім жоқ. Қалтасы сарқылған, ұрлық та қыла алмайтын, енді мал болмайды-ау деген клиенттерін, бір қуыста пайдасыз босқа өліп қалмауы үшін алдын-ала бір-екі ай ине салып, героинге отырғызып, күшті дозамен «бордақылайтын». Аз уақытта еттен арылып, мейіздей қатып қу сүйек қалады саңғырлап. Шикізат дайын деген сөз. Клиенттерді жан-жақты зерттеп, тексеріп, қаншалықты пайда түсіре алатынын анықтап, кез келген мүмкіндікті қалт жібермейтін. Соңғы тамшысына дейін қақтап сауып алып, содан кейін өзін шикізатқа айналдыратын.

Ақырғы кезде Ришатқа көзі түсіп жүр. Өзі бір мал табар өлермен бала. Жарым-жарты доза үшін жанын беруге даяр. Аанада әкесінің бір қап қолжазбасын арқалап әкеліп берген. Заказчикке қыруар ақшаға сатып, бір кенелді емес пе. Одан бері де өз үйіне өзі жорық жасап, алтын-күміс алқа-сырға, хрусталь құмыралардың талайын әкелді. Басқалар елді тонаса, бұл өз әке-шешесін тонайды. Енді құнды заттан

гауһар жүзік қалды деп өзі айтып жүр. Әкесі Ленинградта докторлық қорғағанда шешесіне алып беріпті. Көзі бұршақтай гауһар. Біреулерге беріп тыққызып қойды ма, үйден таба алмай жүрмін дейді. Шіркін, соны қолға түсірсе ғой, кем дегенде үш жарым-төрт мың сом болар. Одан кейін мұның керегі жоқ. Басқа жақтан ұрлап-тонап бірдеңе әкелу қолынан келмейді. Не істейді? Бір-екі ай «бордақылап» товарға айдау керек.

Өзінің жаны сірі екен. Қайфті онымен бірге бастағандардың талайы баяғыда-ақ тырапай асты. Бірі – қараңғы подвал не бұтаның түбінде ит пен атжалманға жем болды, енді жаны жаннатта болғыр кейбірінің сүйегі порошок болып кетті. Өнебір қасындағы Лиза деген әдемі қыз еді. Тұнжыраған қоңыр көз, қыр мұрын, мүсін қандай десенші. Нағыз киножұлдыздың өзі болатын-ақ перизат. Біраз уақыт бауырына басты ғой. Қыз екен. Ана сорлы сүйем-күйем деп құр жалап-жұқтағанға мәз болыпты. Қатты әуейленді. Көңілі кетіп, бетін бері қаратып адам қылайын деп, біраз әуреленіп еді, көнбеді. Содан соң өз обалың өзіне деп қолды бір-ақ сілтеген. Ал мына жаманның сондағы қызғаншақтығын көрсең! Өліп қала жаздайтын. Бірақ махаббаты оңғақ. Сүйек-сүйегі сырқырап жаны қысылған кезде жарты доза үшін өзі сүйреп төсегіне әкеп беретін. Сол Лиза да енді жоқ. Шикізатқа айналып кетті. Жақында «Вечерняя Алма-Атадан» суретін көрген. Ата-анасы із-түзсіз жоғалып кетті деп іздеу салып, хабарландыру беріпті.

Эдиктің пәтері төртінші қабатта болатын. Екі бөлмелі. Микро-ауданның елеусіз, сұрқай үйі. Қарсы беттегі үйлерге қарайтын терезенің пердесін қымтап жапты. Сыртқы есіктің құлпын, шынжырын тағы бір рет тексеріп шықты. Босағадағы шкафтың ішінен сырты маймай жылтыраған рюкзакты алып келіп, залдағы кілемнің үстіне аузын ашып төңкере салған. Қобыраған қызыл-ала ақша үйіліп қалды. Көбі үш, бес, он сомдық. «Шұңқырлардан» түскен кешегі бір күндік табыс. Эдиктің кілегейленген сілеусін көзі қылиланып, жүрегі дүпілдеп кетті. Белін буған, ала пижамның етегі жерге сүйретіліп, жемтікке ентелеген тазқарадай үйіндінің қасына тізерлеп отыра кетті.

Ақшаны іріктеп санай бастады. Әуелі елу, жиырма бес, ондықтарды жүз-жүзден санап, жінішке дөңгелек резинкамен белін бұды. Текшелеп қойып жатыр, қойып жатыр. Елу, жиырма бес, ондықтардың өзі бір қол чемодан болды. Аузын кілттеп, диванның астына сала беріп еді, телефон шырылдай жөнелгені. Эдик тіксініп, алар-алмасын білмей тұрып қалған. Үсті-үстіне безілдеп тоқтамаған соң, амалсыз тұтқаны көтерді.

- Але, Эдик? – деді әлдекім жүрексіне тіл қатып.
- Иә, тыңдап тұрмын! – деді Эдик жақтырмай сызданып.
- Бұл – мен ғой.

– «Менің» кім?

– «Барбоспын».

– А-а-а! – деді Эдик даусы жібіп. Мент қой, өзінің компаны. –  
Қайдан?

– Автоматтан звондап тұрмын. Ұйқыңнан оятып жіберген жоқ-  
пын ба?

– Жоқ, тұрдым. Кеш жатып едім, а-а-а! – Эдик тұтқаға өтірік  
есінеді. – Иә, жайшылық па?

– Бүгін – тоғызы ғой.

– А-а-а , – деді Эдик даусын созып. – Осы уақыт деген де зуылдап  
тез өтеді екен! Бірер күн күте тұрмайсындар ма?

– Қырғауыл сұрап жатыр. Қашан келейін?

– Жарайды онда, бір сағаттан кейін соғарсың.

Дәл айтылған уақытта қоңырау қағылды. Эдик үй ішін күдікті  
бірдеңе жоқ па дегендей көзімен тағы бір шолып, есікті ашқан.  
Сыбырлай сәлемдесіп, жылмандаған аға лейтенант табалдырықтан  
аттады. Эдик «төрлет» деген жоқ, ол да босағадан озбады. Қоқырайған  
фуражкасын қолына ұстап, сұйқылтым қоңыр шашын төбесінен төмен  
қарай алақанымен қайта-қайта сипап бүгежектеп тұр. Қабақ астына  
тығылған кішкентай қара көздері сынаптай сырғып жылт-жылт етеді.  
Эдик газетке орап дайындап қойған қомақты буманы қолына ұстатты.  
Лейтенант жерге қойған сүмкасын ашып, апыл-ғұпыл сүңгітті. Бірақ  
кете қояр емес.

– Жұмыс қиындап кетті! – деді қипақтап. – Күн сайын қауіпті боп  
барады.

Эдик қасын қайшылады:

– Аз ақша алып отырған жоқсындар.

– Шығыны көбейіп кетті. Ананың-мынаның аузын тығындау-  
ың керек. Он бірінші үйдің тұрғындары күнде бөлімге шағымданады,  
подвалда норкамандар қаптап кетті, қайда қарайсындар деп!

Эдик бәрібір міз баққан жоқ:

– Ол – сендердің проблемаларың. Ақшаны не үшін алып  
отырсындар?

Қармағын қалай лақтырса да ештеңе ілінбеген соң, сұрамшақ-  
тықтың неше түрлі өнерін меңгерген жырынды лейтенант жалт беріп,  
баска сүрлеуге түсті:

– Айтпақшы, «Қырғауыл» келесі аптада қызын ұзатқалы жатыр!  
– деді ең маңызды нәрсені айтуды ұмытып бара жатқандай дауы-  
сы екпіндеп. Эдик мырс етіп басын шайқады. «Әй, дауасыз!» деген  
ішінен. Төргі бөлмеге кіріп, тағы бір кішіректеу буманы әкеліп берді:

– Мә, мынау – менің тойына тартуым.

Лейтенант күлмін қағып, қайта-қайта басын изеп шығып кетті. Эдик сарт жабылған есікке жиіркенішпен қарады. «Бұлардыкі рахат! – деді ішінен кіжініп. – Келеді де дайын ақшаны сыпырып алып кетеді. Біз ғой қанша еңбектенеміз! Жаның иненің ұшында қылпылдап, мың өліп, мың тіріліп жүргенің!»

Біраздан соң Эдик қырынып-таранып мұнтаздай боп, сыртқа шықты. Басында милықтата киген солдат панамасы. Көзінде қара көзілдірік. Үлкен, жарты бетін жауып тұр. Әлгі айтқан он бірінші үйдің подвалына түсті. Бетон баспалдақпен төмендеген сайын нәжіс пен шірінді иіс қоюланып, көз ашытады. Көзілдірігін шекесіне көтерді.

Босағаны басына киіп аттай берді де, тұрып қалды. Қара түнек, жарықтан кіргендікі ме, түк көрінбейді. Үңірейген қараңғылық қорқыныш шақырып, неше түрлі үнмен күңіреніп тұр: біресе қинала ыңырысып күрсінеді, біресе күркілдеп жөтеледі, енді бірде сықылықтап күледі.

Сәлден кейін төңірек бұланытып айқындала бастады. Әуелі әр жердегі шомбал бетон тіреулер, төбедегі сырты стекловатамен оралған, жалаңаш үлкенді-кішілі құбырлар көрінді. Тұтас үйдің астын қадау-қадау бетон тіреулер ғана бөліп тұр. Бас-аяғы бұлдырап көрінбейді. Көз жетер бөлекте қаптаған адам. Ер-әйелі аралас. Бұрыш-бұрыштағы ескі матрац, картон, көрпе-киіздердің үстінде сұлап-сұлап жатыр. Бірі аяқ-қолы қалшылдап зар илейді, бірі ес-түссіз. Әбден кайф боп басы былғалақтап, көзін аударып-төңкеріп ыржалақтап отырғандар да бар. Енді біреулер тыр жалаңаш айқасып арсы-гүрсі махаббат ойынына кірісіп кеткен... Расында да қорқынышты. Арыз айтса айтқандай. Әлгі мент хайуандар қай жерлерімен ойлайды екен осы? Арамтамақтар. Бүйтіп көзге сүйелдей ғып шоғырландырып қоймай, екі-үштен жан-жаққа қумай ма!

Бір шетте бүкшиіп отырған Ришатты көзі шалды. Қасына келді. Білегі қызыл-ала қан. Тамырына шприц шанши алмай әр жерін бір піскілеп тастапты. Қарына ораған домалақ жіңішке резинаны мықтап тартуға әлі келмей отыр. Лиза екеуін алғаш көргенде қандай жігіт еді. Бұйра бас, аққұба, қыр мұрын. Енді міне, тірі аруақ.

– Мынауың не? – деді шприцті иегімен изеп. Ришат алмасы домаланған алакөзін сүлесок төңкерді:

– Демидрол... Басқа ештеңе жоқ. Өлдім, ағашка, құтқар!

– Қашанғы құтқарам! Онсыз да қарызға белшеден баттың.

– Қайтарамын. Бірдене істе. Бір «чек» берші, құлын болайын.

Эдик қалтасынан ЛСД-ның қорабын алып, бір «чегін» берді. Ришат орнынан тізерлей тұрып, қолына жабысып сүйіп-сүйіп алды:

– Рахмет, ағашка. Век живу, век помню. Өмір баки ұмытпаймын!

- Ұмытпағаның керек емес, әлгі жүзікті қашан әкелесің?
- Әкелем, әкелем! Ол кемпірді өлтірсем де таптырам. Өткен жолы болмай қалды, түсінесіз ғой!
- Байқа, соза берме. Енді қарызға дәметпе. Әкелсең күнде осындай беремін... – Эдик көп тұра алған жоқ. Мұрнын басып шығып кетті.

## ГАУҢАР ЖҮЗІК

Дозаны тамырға салған соң Ришаттың көзі оттай жайнады. Дүние қызыл-жасыл құлпырып жүре берді. Сүйегінің сырқырап-сынғаны басылып, қалыпты күйге түсті. Бойы қунақ. Көңілі лепіріп, әуеде қалықтап жүргендей. Осыдан жарты сағат бұрын қандай еді? Мүскін халі есіне түскенде жаны түршікті. «Жаңа Эдик күн сайын «чек» беремін деді емес пе. Ендеше, оның тапсырмасын орындау керек!»

Ришат үйіне кезекті жорық жасауға бел буды. Қасына ұзын-сары Мурикті ертті. Шешесінің алтын-күміс, алқа-сырға, білезіктерінен бастап, әкесінің киімі, қымбат сервиз, ыдыс-аяққа дейін ұрлап түгін қойған жоқ. Соңғы барғанда шешесін ұрып-талдырып тастап, румын мебелінің екі орындығын көшеге алып шығып сатып жіберген. Ендігі есі-дерті – гауһар жүзік. Соны шешесі қайда жібергенін білмейді.

Кішкентай кезінде, әлі есінде, үйге қонақ келсе болды, мамасы әйелдерге қобдишасын ашып мақтанатын. Қызыл барқытпен астарланған қобдиша қақпағын ашқанда өртеніп бара жатқандай лап ете қалады. Жүзік көзіндегі бұршақтай домаланған қырлы тас қозғаған сайын жарқ-жүрк құбылып, көгілдір ұшқын атады. Сол от лып-лып ойнап ентелеген апайлардың жанарына көшеді.

– «Мынау қанша тұрады екен? Бір «Волганың» құны бар шығар?» – дейді бірі.

– «Білмеймін, – дейді мамасы ақ-сары жүзі албырап. – Мүсілім докторлық қорғағанда Ленинградтан әкеп берген. Көрмегедегі аукционнан алыпты. Жас кезінде үлде мен бұлдеге орай алған жоқпын. Жаман-жақсы болсын, міне, доктор болдық. Енді сен де бір қуанып жарқырап жүрші!» деп шалым сыйлады!»

– «Әй, кісінің құны болса да осыны маған сатшы!» – дейді қызығып кеткен екінші бір апай көзі алаулап.

– «Қой, Құдай сақтасын, неге сатады екем! – дейді мамасы шошынып. – Күйеумнің арнайы алып бергені емес пе, өзім тағамын. Кейін мына Ришат жаным үйленгенде келінімнің қолына саламын!»

Мамасы қасында тұрған мұның бұйраланған шашын алақанымен сапырып, желкесінен иіскейді. Ыстық демі тұла бойын шымыр еткізетін.

Сол жүзік қайда екен? Не қобдишадан, не қолына таққанын көптен бері көрген емес. Қу кемпір шынын айтпайды. Қорқытса да сыр бермейді. Сатып жібергенмін дейді. Сене қойғаны ол өтірігіне, өлсе де сатар ма екен сүйген жарының сыйлағанын. Айтпа деймін, скеуінің махаббаты керемет, дәл бір Фархат пен Шырын дерсің! Әрине, сатпайды, қайда тықты екен! Шіркін, қолға түссе ғой. Эдик бір ай бойы «чектін» күштісін берем деген жоқ па, Лизаға берген сияқты. Айтпақшы, Лиза қайда жоғалып кетті үшті-күйлі? Жалғыз ол емес, басқа серіктері де бір-бірлеп зым-зия жоғалып жатыр. Туыстары алып кетіп, емдетіп жатыр ма? Өткенде «Лиза қайда?» деп сұрап еді, Эдик күлміндеп аспанға қарап, екі қолын жайып, қанатын қақты. Періште боп аспанда ұшып жүр дегені ме, әлде басқа жаққа ұшып кетті деді ме — ештеңе ұққан жоқ...

Ришат пен Мурик алқынып, бастары айналып төртінші қабатқа төрт демалып өзер шықты.

### ШОК ТЕРАПИЯСЫ

Мүкәрама осы екі-үш ай ішінде әбден титықтап бітті. Жұт жеті ағайынды дегендей күйеуінің науқасына ұл мен қыздың қасыреті жамалды. Әсіресе Ришаттың қорлығы жанға батып барады. Бұрын әкесі үйдегі кезде айбынушы еді, енді мұның жалғыз қалғанын білгеннен бері мүлдем басынып алды. Апта сайын қисалаңдап келеді де тұрады. Қасында өзі сияқты үсті-басы сасып, азып-тозғандары бар. Үй ішінде ілікке жарар ештеңе қалмады. Тонап-талағаннан қалғанын қиратып-сындырып бітірді. Онымен де қоймай, тыққаның бар, тап дейді. Ұрды-соқты, басына пәле болды ана бір гауһар жүзік. Ылғи соны сұрайды. Сатып жібергем, әкеңе қымбат дәрілер алуға ақша керек болды десе, сенбейді. «Өтірік соқпа, совет одағында оқу мен медициналық қызмет тегін, социализмнің ең ұлы жетістігін өйтіп жоққа шығарып, саяси көрсөқырлық танытпа!» дейді сұмырай неме тақылдап.

Жүзікті расында, дачаға апарып, банкіге салып көміп тастаған. Бір барғанда әкеп беріп құтылмаса болмас. Бәлкім, содан кейін тынышталар. Қорлығы еттен өтіп, сүйекке жеткен соң ұятты жиып қойып, милицияға да бірнеше рет арыз берген. «Моя милиция меня бережет», «Милиция — қорғаным» деген бос қыртымбай сөз екен. Қорғамай қалсын. Бүгін алып кеткенмен, ертеңінде қоя береді. Өз үйін тонаған ұры, анасын ұрған нашақор азғынды жазаламағанда, бұлар қандай қылмысқа қарсы күреседі?

Мылжындап өзіне мораль оқитынын қайтерсің!

– «Екеуіңіз де педагог екенсіздер, елді оқытып, үйреткенше, әуелі өз балаларыңызды тәрбиелеп алмайсыздар ма! Бізге несіне ренжисіз? Баланы табасыздар да, өсіруін, тәрбиесін, бүкіл проблемасын қоғамның мойнына артып қойғыларыңыз келеді!»

– «Қой, айналайын, біз тәрбиелемегенде, не істеппіз? – дейді Мүкәрама шыр-пыры шығып. – Бұған жаман бол, бұзықтық жаса деппіз бе?»

– «Ендеше басқалардың баласы неге бұзық емес?»

– «Қайдан білейін, көшедегі балаларға еріп бұзылды ғой. Қалай жанталассaq та, түзу жолға сала алмадық!»

– «Сонда бізге не істе дейсіз? Соттап жіберейік пе?»

– «Не істесеңдер де мейлілерін. Ол біткен адам, енді түзелмейді. Тек үйіме жоламайтындай қылындаршы!»

– «Өйтуге хақымыз жоқ, апасы! – дейді учаске инспекторы милықтата киген қоқайма фуражкасын арлы-берлі шайқап. – Өз үйіне келме деп қалай айтамыз? Пропискасы сонда, ордерде бар. Тоғыз шаршы метр соныкі. Келмесін десеңіз, үйді бөліп, үлесін беріп жеке шығарып жіберіңіз!»

Ришат ертеңінде қайтадан келіп тұрады қисаландап.

– «Такой номер не пройдет, старуха! Мұныңнан түк шықпайды, кемпір. Мені милициямен қорқыта алмайсың. Менты – мои кенты!» – дейді алайған көзін аударып-төңкеріп.

Мүкәрама қайта-қайта арызданып, түк шығара алмай шаршаған соң, мынаның сандырағының шынымен де жаны бар ма деп қалды. Олай болса, сенген милициясы дос-тамырға жарыған екен!

Мүкәраманың сыртқа шықпағанына бүгін екі күн. Төсек тартып жатыр. Күн де қабағы салбырап түнеріп тұр. Тыныс тарылтқан тымырсық. Не жаумайды, не ашылмайды. Соның әсері ме, қан қысымы жоғарылап жатып қалды. Сәл қимылдаса, төбесіне тебен ине қаққандай жұлынын қуалай солқылдатып, жанын қоярға жер таппайды. Ас үй мен төсектің арасына барып-келуінің өзі ақирет. Аузына су тамызар ешкім жоқ, жалғыздықтың зарын әбден тартып-ақ жатыр. Әлгі жоғарғы қабаттағы алқаш Валентина да келуді қойды. Алғашқыда жалғыз жатып үйренбегендіктен елегізіп, соны жалынып-жалпайып үйіне қондыратын. Күніне бір шөлмек «Талас» не «Вермут» алып береді. Нарқы сол. Лас. Шашы додырап, үсті сасып тұрады. Қызып алған соң тәртіп, тазалықты білмейді, отырған жеріне түкіре салады. Дызақтап барып алдына күл-салғыш қойса да ұмытып кетіп, темекінің тұқылын табанымен езгілей салады.

Иіс-қоныс десе танауын басып, кірпідей жиырылатын, ұстаған затын сылап-сипап шаң жуытпайтын тумысынан кірпияз жан үшін



бұл бір жаза еді. Оған да көнген. Бірақ шыдамын шыттай қақыратқан Тузик болды. Жүні салбыраған қара кәнден. Мүкәрама Валентина барда дастархан жасап тамақ ішпейді. Дәліздің бір бұрышына бөлек стол қойған. Валентина шарабын да, тамағын да сол жерде ішеді. Кәнденін тізесіне отырғызып алады. Алдындағы нан, колбасаны өзі бір тістеп, итіне екі тістеткізіп былықтырып отырғаны. Түнде қасына алып жатады. Ерке кәнден бір күні диванның үстін көлдетіп қойыпты. Бұл ызаға булығып сол жерде шәркеймен басқа бір салған. Кәнден азан-қазан қаңқылдап үйді басына көтерді. Валентина бұлқан-талқан тоңқылдап шыға жөнелді. «Тузигімді ұрдың, одан да мені ұрмадың ба!» деді. Содан қайтып келмей қойды.

«Өкпелесен өкпен түссін, адырам қал!» деп бұл да жалынған жок. Иә, неден қорқады? Жалғыз жатса біреу тонап кетеді, өлтіріп кетеді деп алаңдай ма? Тонай берсін, өлтіре берсін. Қорғайтын, аялайтын несі қалды? Бәрі бітті. Не үшін тал қармап жанталаспақ? Кім үшін өмір сүрмек? Тіршілікте мән-мағына қалған жок. Үңірейген көңілін үмітсіздік биледі.

Ол өзін бар болғаны профессор Ахметовтың Құдай қосқан қосағы, әйелімін деп қана білетін. Өмірдегі жеткен ең биік арманы, тапқан бақыты сол. Одан артық атақ-абырой, бақ-мерей іздеген емес. Өзін күйеуінің бір бөлшегіндей сезінетін. Соның мұрат-мүддесімен өмір сүрді. Ол қуанса, қуанып, ол күрсінсе бірге күрсінді. Одан бөліп-жарып жеке-дара иеленген пенделік бақыты жок. Күйеуі соққыға жығылған сәттен бастап, тіршілігін қызыл-жасыл нұрға бөлеп жарқырап тұрған шырағы жалп етіп өшкендей болды. Көз алдын түнек басып, қараңғыны қармалап қалғандай. Көңілі бәрінен жерінген. Ештеңеге селт етпес меніреу. Күрт түсіп, аз күнде қартайып шыға келді. Үй ішіне де бұрынғыдай қарау жок. Тызақтап жуып-сүртіп жанталаспайды, күл болмаса бұл болсын деген бір бей-жай хал.

Ришат ақырғы уақытта есікті бірнеше рет сындырып кірген. Құлпы дұрыс жабылмайды, шынжыры салынбайды. Алқам-салқам, тартып қалса, ашылып кетеді. Соны жөндетуге де құлқы болған жок. «Тоналмаған не қалды, қалғанын көшіріп әкетсін, мейлі!» дейді қолын бір сілтеп.

Таңдайы өт татып, қаталап жатыр. Шіркін, бір шыны мұздай суды тартып жіберсем ғой дейді. Қарға адым аттауды арман қылып қойған соң қайтерсін. Қол созымдағы ас бөлмеге жете алмай зар. Тұрмақ болып сәл қозғалып еді, қос самайы мен желкесі тұтаса лықылдап шыңғырып жібере жаздады. Көз алдында үлкенді-кішілі сансыз шеңбер шұбартып, есенгіреп бара жатқандай. Аяқ-қолы созылып, сұлық қалды.

Бір уақытта үй ішінде әлдекім жүргендей болды. Өңі екені, түсі екені белгісіз. Бұлыңғыр бірдене.

– Су... Су берші! – деді Мүкәрама ыңырысып. Ешкім жауап қатқан жоқ. Әлсіз ыңырысғанын естімеді ме – білмейді. Көзін бір ашқанда, шашы жалбырап, үстіне төніп тұрған Ришатты көрді. Көзі аударылып-төңкеріліп, опырайған аузы қисалаң-қисалаң етеді.

– Су... Су! – деді Мүкәрама құтқарушы табылғандай көңіл түкпірінен әлсіз қуаныш оянып.

– Продам. Дорого. Очень дорого! Сатам. Қымбатқа. Өте қымбат! – Төбесінен төне қараған сопақша саз бет сыңар езулеп арсыздана жымиды. Қасқа тістерінің орыны үңірейіп, екі ұртынан екі сойдақ тіс ақсия жарқ етті. Келесі сәтте жиіркенішті сурет шегініп кеткен. Обалы нешік, көп күттірмей үлкен көк бокалды шүпілдете төгіп-шашып су әкелді. Науқас қазір қылқылдата жұтар сәтті аңсап, кезерген ерні дірілдеп тағатсыздана түсті. Бірақ анау асығар емес, өзі шетінен сораптап ішіп:

– Паһ, паһ, мұздайын-ай! – деп тамсанып қояды. Ара-арасында емексітіп бұған жақындата береді де тартып әкетеді. Әне ішем, міне ішеммен Мүкәраманың одан сайын аңқасы кепкенін көріп Ришаттың айызы қанып тұр.

– Тегін ештеңе жоқ, мамаша! Жаңа айттым ғой, сатамын деп. Сөзім – сөз, – деді бір қолымен мықынын таянып. – Кәне, әлгі гауһар жүзік қайда екенін айт! Сонда саған осы суды беремін. Керек десең, бүкіл кранның суын аузыңа құямын! Тек жүзіктің қайда екенін айт!

Мүкәрама соңғы күшін жиып, қатайып алды. Бір сәт шөлін де ұмытқандай. Кек-ыза тастүйін боп кеңірдегіне кептелді. Шап беріп қылғындыруға дәрмен жоқ, өне бойы қалшылдап, тісі сақылдады. Беті қисаландап жыбыр-жыбыр етті. «Сен итке бұйырғанша, жерде шірісін!» деп жатыр ішінен.

– Ол жоқ! – деді қатқыл үнмен шекесі көгістеніп.

– Қайда?

– Сатып жібердім дедім емес пе.

– Ендеше мә саған су! – Ришат құлаштап тұрып қолындағы бокалды қабырғаға бір-ақ ұрған. Бокал күл-парша шашырады. – Сен кемпір, өйтіп қырсықпа. Өтірік айтасың. Қайда тықтың, айт қане?

– Айтарымды айттым, басымды қатырма!

– Опять двадцать пять, старая! Тағы ескі әніне бастың ба, қақпас!

– Саған жүзік қымбат па, өмір қымбат па?

– Екеуі де қымбат емес. Маған енді ештеңе де керек жоқ.

– Қымбат болмаса, қазір көресің! – Ришат көзі ағарып жынданып кетті. Шешесін шашынан шап беріп ұстады да, жастыққа басын түйіп-түйіп жіберді. – Қане, жаның барында айт! Әйтпесе өлтіремін!

Мүкәрама «Өлтір!» – деді ішінен, дыбыстап айтуға дәрмені жеткен жоқ. Миы лықылдап аузына ақтарылардай. Жүрегінен запыран көтерілген, бірақ бері шықпай бойын буып, жан шыдатпас арпалыс басталды. Кенет басының ішіндегі әлдебір талшық үзіліп кеткендей, өнебойы дір етті де, оң жақ құлақшесі жып-жылы боп ұйып, жансызданып бара жатты. Сылқ түсіп, қарсылықсыз бұлғақтаған басты екі көзі қанталап есіріп алған Ришат жастыққа үсті-үстіне түйгіштеп сілкілей берді, сілкілей берді...

– Өлтіремін, айт деймін, қане, айт!

Екі қары салығып, алқынып барып тоқтады. Зіл тартқан басты сылқ еткізіп жастыққа тастай салды да бойын тіктеді. Көкірегі бұрқсарқ долырып тұр. Ұрынарға қара таппай айналасына шабына қарады. Босағаның түбінде бағанадан бері не істерін білмей қипақтап тұрған Мурикке қанталаған көзін лап еткізіп қырылдай ақырды:

– Неғып тұрсың сілейіп? Ізде!

– Қайдан іздеймін?

– Қират, төңкер, талқанда мынаның бәрін!

Екеуі екі жақтан ырғап ұзын сервантты шарқ еткізіп жерге бірақ төңкерді. Күлпаршасы шығып шашылған хрусталь, фарфор аяқ-табақтардың сынығын түрткілеп ұзақ қарады. Іздегендері жоқ. Шкаф, тумбочкалардың ішін ақтарып қорыс-қопасын шығарған. Сөредегі кітаптардың бәрін шаңын бұрқыратып еденге лақтырды. Қабырғаларды қасықпен ұрып тоқылдатып, дыбысы көмескі шыққан жерлердің обоиын сыдырды.

Үй іші тас-талқан, қирамаған, шашылмаған нәрсе жоқ. Бәрі бір іздегендерін таба алмай екеуі пұшайман. Бет-ауыздары шаң-шаң түтігіп, еңтігіп тұр. Енді не істедік дегендей бір-біріне қарады. Бір ай бойы кайф боламыз деген арман көздерінен бұл-бұл ұшты. Сол өкініш есіне түсуі мұң, Ришаттың қаны басына шапты. Ызадан дірілдеп-қалшылдап шешесінің қайтадан шашынан шап берді. Жұлқылап жатыр. Қинап, шыбын жанын шырқыратып шынын айтқызбақ қалайда. Бірақ келесі сәтте шала-жансар былық-сылық дененің жарытып жауап қатпасын сезіп аңтарылып тұрып қалды.

– Қарай гөр, мынаны, оп-оңай өле салмақшы! – деді ызаға бұлығып. Шынымен ештеңе айтпай өліп кете ме деген өкініштен өзегі өртеніп тұр. – Жоқ, оның бола қоймас, қақпас! Біз саған өлімнің қалай болатынын көрсетеміз. Солай ма, Мурик! Ну-ка, обмозгуй чо-нибудь!

Мурик көп ойланған жоқ. Шынымен тапқыр екен, осындай істің ысылған шебері екен. Бірден жерде домалап жатқан электр самоварға жармасты. Шүмегін, қақпағын тауып алды да, су толтырып, тока тықты.

Қалпақ астынан қабағын ойнатып жымыңдап қояды. Қара жүрек екі жендет қорғансыз жанды шын аямасқа бекіген.

Самовардың ызыңы бірте-бірте күшейіп, лезде бұрқ етіп қайнады. Мурик орындықты науқас жатқан кереуетке тақады да, үстіне самоварды әкеліп қойды. Шүмегін ентелетіп, аузына деңгейлестірді.

– Не істемекшісің? – деді Ришат ештеңе түсінбей.

– Сенің бұйрығыңды орындағалы жатырмын. Жаңа бір айла тап дедің емес пе. Шоковая терапия жасаймыз. Қазір мамашанның қалай тірілгенін көресін! – Мурик кемпірдің басының астындағы жастықты жұлып алып, жерге лақтырып жіберді. – Басын шүмектің астына қарай тақап, қозғалтпай ұста. Аузын аш! – деді.

Ришат бұйрықты екі еткен жоқ. Шешесінің қарысқан жағын күшпен жазды. Езуі көпіршіген еріндердің жігі айрылып, аузы үңірейе ашылған. Көмейінде от жанғандай жарқ ете қалған. Екі жақ азу тісі асты-үсті түгел алтын. Жүрегі дүпілдеп қуанып кетті. «Сабыр, сабыр, кейін! – деді ішінен. – Мурик, бұл еңбегің үшін «чегімнен» бөлісермін!»

Мурик ашылған аузыға дәлдеп тұрып шүмектен су тамызды. Жансыз сұлық жатқан дене дір ете түсті. Көзі бағжаң етіп ашылып, аппақ болып шарасынан шыға төңкеріліп бара жатты. Мурик тағы да бірнеше тамшы тамызды. Ышқынып оқыс бұлқынған басқа Ришат ие бола алған жоқ, Мурик те қайтып оған ұста демеді.

Мүкәрама денесі жиырылып-керіліп, жанталаса қырылдаған. Сәлден кейін тыншып, аяқ-қолы жайлап созыла берді.

## КӨК ШЫБЫН

Бахтияр бір апта Балхаш қаласында болып қайтты. Мыс заводы жанындағы университеттің лабораториясында зерттеулер жүргізген. Поезбен кеше түнделетіп түскен. Ұйқысын қандырып, түске қарай университетке келді. Оны-мұны шаруасын бітірген соң, түс ауа профессор Ахметовтың жағдайын білмек болып ауруханаға барған.

Бас-аяғы дүрбідей көз суырған ұзын-шұбақ дәліздің іші қоңыр салқын. Сырттағы қуырған аптаптан күйіп-пісіп кіргенде жаның сая тапқандай. Жаңа ғана жуылған шаршы көз линолиум еденнен хлор араласқан дымқыл ауа көтеріледі. Екі-үш айдан бері мұндағылардың

денімен жүз таныс. Қарсы ұшырасқан ақ қалпақтылармен сәлемдесіп, бас шұлғып келеді. Дәліздің ортасында оңға бұрылып, тұйықтағы оңаша палатаға кірген. Бұрыштағы столда журнал толтырып отырған пісте мұрын ұзын сары қыз:

– Саламатсыз ба... Ой, ағай, жоғалып кеттіңіз ғой, – деп наздана қарсы алды. Бұрандалы кереуеттің аркалығы көтерулі. Профессор жастыққа сүйеніп тіктеліп отыр. Көздері жұмық. Тамырлары тарам-тарам бүлкілдеген кең маңдайы көгіс тартып, суық жылтырайды. Тізесінің үстіне ақ мысық көлденең созылып жатып алған. Жүндері үрпиіп, әбден арықтапты. Мұның дыбысын естісімен көкшіл көзін лап еткізіп ашып алды да, жалынышты үнмен бір мияулап, кірпігін қайта жапты.

– Аға, ассалаумағалейкум! – деді Бахтияр даусын көтеріп. – Бұл – мен ғой. Бахтиярмын... Хайруллин. – Профессор көзін ашпады. Бірақ жүзі жұмсарып, сәл қан жүгіріп өткендей болды.

– Тіфә, тіфә, бұрынғыға қарағанда аздап тәуір боп келеді, – деді медсестра көз тимесін дегендей столдың бетін жұдырық сыртымен тақылдатып. – Кейде мысықтың жауырынын алақанымен ақырын сипайды.

Ханым әбден жүдеген екен. Сүйектері арса-арса. «Бейшара бар қуатын иесіне беріп жатыр ғой, қайтсін. Нәрлі тамақ әкеліп күту керек екен өзін!» деді Бахтияр ішінен. Мүкәрама апай төрт-бес күннен бері келмепті. Сірә, науқастанып қалған болар.

– Қайта келмегені жақсы болды! – деді қыз. – Әйтпесе шалының аяғын құшақтап жылап, әбден мазаны алатын.

Сол жерде отырып профессордың үйіне телефон соққан. Ешкім жауап қатпады. Қайда жүр екен? Әлде тұра алмастай қатты ауырып жатыр ма. Көңіліне шындап алаң кірді.

Палатада байыздап отыра алған жоқ. Медсестрамен қоштасты да сыртқа шықты. Ағылып жатқан автобустың біріне мініп, зыр етіп профессордың үйіне жетіп келген.

Көлеңке үйездеп үңірейген сыз подъезге кірген бойда жағымсыз, күлімсі иіс мұрнын қапты. Мысық, атжалман өлген бе, подвалдан сыздықтап жетіп тұрғандай. Жүрегі бір жұмбақ үреймен өз-өзінен дүрсілдеп өреки соқты. Демі бітіп, қарадай әлі құрыды. Амалсыз бір басып, екі басып, бетон тепкішекпен өрлеп келеді. Жоғары көтерілген сайын жидіген жиіркенішті иіс қабындай түсті. Төртінші қабатқа шыққанда қалың шыбынға тап болды. Быртыған семіз көк шыбын ызындап ұшып баспалдақтың қарсысындағы жыртыған терезеге сырт-сырт соғылады. Тепкішектің үстінде өліп жатқаны қаншама. Арлы-берлі өткендер таптап кетіпті.

Таныс есіктің алдына келді. Бірақ танымай тұр. Тұтқа жұлынған. Қара дермантин қаптама ернеуі жұлым-жұлымы шығып жыртылған. Құдды бір алқаштың үйінің есігі дерсін.

Табалдырықтың аузында шыбын деген шашылып жатыр. Бірі өлген, бірі шалқасынан түсіп, аяғы ербең-ербең етеді. Есіктің беті, қабырғада жыбыр-жыбыр өріп, кейбірі тіпті төбеге дейін өрлеп барып өз салмағын көтере алмай жерге бырт-бырт құлап түседі. Таусылмайтын құжынаған бір пәле. Тұтқаның тесігінен ұшып кіріп, ұшып шығып толассыз сапырылысуда.

Бахтияр бұл не сұмдық деп аң-таң. Көкірек түбінде лап етіп жанған жаман ойдың жалынын өшіре алмай әлек. Суық үреймен абыржып қызыл түймені үсті-үстіне басқан. Іште қоңыраудың ащы даусы жердүниені басына көтеріп бажылдап жатыр. Ешкім үн қатар емес.

Бахтияр тұтқаның тесігіне саусағын тығып тартып қалған. Есік сықыр етіп, оп-оңай шалқасынан ашылды. Быжынаған шыбынның дыбысымен ілесіп жидіген шірінді иіс мұңк ете түсті. Бахтияр жалмажан аузы-мұрнын жеңімен басты. Лоқсып барып тоқтады. Қорқыныш шақырып үнірейген үйдің табалдырығынан ары аттар-аттамасын білмей тұрып қалды абдырап...

## АЙ ЖЫЛАҒАН АППАҚ ТҮН

ЕЛЕС

**Р**естораннан Соня көңілі бұзылып, жабырқап шықты. Өмірінің жалт етіп жалындаған, қимас бір елесі артта қалып бара жатқандай жүрегін мұң торлады. Біресе өзек суыра нәзік сыңсып, іле дабылдай ұйтқып құйқылжи жөнелетін жаңағы «Черкес» биінің әуені құлағынан кетер емес. Астаң-кестең тербетіп, толқытып келеді. Қимылы әсем, сымдай тартылған ер тұлғалы сұлу жігіт бидің ырғағына ілесе әр қырынан бір жалт етіп, көкірек түбінде алақан жайып, арбап тұрып алды. Бұл не сиқыр? Не құдырет шыркөбелек дөңгелетіп бара жатқан? Жүрегіне алаң кіріп бұлай бұлықсымағаны қай заман. Өз-өзінен өрекіп тұр.

Әлгінде, бейтаныс жігітті алғаш көргенде, аяулы бейнесі сары тап боп сағынышқа айналған Әзиз-Сұлтанға ұқсатып еді. Алапат қуаныш лап қойып, құшақтап алуға ұмытыла бере өзін-өзі әзер тежеген. Керме иық, сұнғақ денесі, қабақ астынан мойыл көздері жарқ етіп қарасы аумайды... Шынымен сол алдамшы елеске елегізіп қалғаны ма...

Қыз еріксіз күрсінді. Көкірегінен жалын атқандай болды. Гиви жалт қарады. Қыздың аяқ астынан томсарып үнсіз қалғанына ен таға алмай абдырап келе жатқан.

– Не болды? – деді қолтығында сұлық жатқан сұп-суық сүйрік саусақтарды алақанымен аялай сипап.

– Ештеңе.

– Коньяк басына шығып кетті ме?

– Жоқ, жай әншейін. – Әдетте мұндай ішкенде масайып қалатын. Бүгін ешқандай әсер еткен жоқ. Санасы айқын. Сонысына өкініп тұр. Көңілің кірбіңсіз, асып-тасып келе жатсаң ғой, шіркін.

Гиви қыздың салғырт, салқын тартқан жүзіне сенімсіздікпен қарады.

– Аллеямен біраз жаяу жүрейік. Сергисің.

– Керегі жоқ, мотор ұсташы. Қайтайық.

Гиви көк тұқылданған шақпақ иегін шалқайтып:

– Қарашы, қандай ғажап! – деді қызды еліктірмек оймен. – Мынандай тау, көк аспан, самсаған жұлдыз тұрғанда қайда асығасың!

– Білмеймін, мені ештеңе қызықтырмайды.

Гиви қызға еңсеріле бұрылды да, екі иығынан қапсыра ұстап, сілкіп-сілкіп жіберді:

– Не болды саған аяқ астынан? Әлгі биші жігітке ғашық боп қалғаннан саусың ба өзі?

Қыз жауап қатқан жоқ, басын бір жағына қисайтып, иық қакты.

– Байқа, мен қызғаншақ адаммын. У меня кавказская кровь, горячая! – Зілі жоқ. Шарасы мөлдіреген аялы қара көздері жұмсақ нұр төгіп күлімдеп тұр.

– Ол менің сүйген жігітіме ұқсайды екен!

– А, всего лишь? Бар-жоғы сол ма? – деді Гиви арқасын кеңге салып. – Ұқсау өзі емес қой. Ал шыны керек, жігіт тамаша, айтары жоқ. Өз басым қатты қызықтым! – Риясыз, ағынан жарылып тұр. Мұнысы, бәлкім жолымды кесер енді кім бар деген менмендігі болар, әлде өзінен артықты мойындаған шын джентельмен-бекзаттығы ма екен?

Тау арасы салқын. Дөңкиген жотаның иығында аса салған арқандай салбырап жатқан ұлы жолдың бойы саябыр. Анда-санда қаңғалақтап бір көрінген машина тоқтамай өте шығады.

Тұра берсе бой тоназитын болған соң, амалсыз жаяу жүруге көшті. Жолды жиектеп құдилап келеді. Жігіт қыздың құсеттеніп бөрткен жалаңаш иығын алақанмен сипап өзіне тартты. Екеуі бір тән, бір жан болып, бір-біріне жабыса түсті.

Біраздан кейін соңдарынан бір машина салдыр-гүлдір қуып жетіп тоқтаған. Алқам-салқам, жұмысшылар таситын автобус екен. Еденде, артқы орындықтардың үстінде теңкиіп-теңкиіп қаптар жатыр. Пияз сасиды. Күй талғайтын емес. Отырып алды. Автобус іші алакөлеңке. Проектордың конусы тас қараңғы жолдың сорабын үңгіп, зымырап келеді.

Гиви қызды белінен орай құшақтап өзіне тартты. Қыз қарсыласқан жоқ, қайта жаураған денесі жылу іздеп, жігіттің баурына тығыла



түсті. Гивидің сұғанақ қолдарына еркіндік тиді. Киноға не театрға барса да, паркте онаша отырса да істейтіні осы. Сабырсыз. Сипалап, өліп-өшіп есті алады. Үйреншікті әдетімен міне блузканың етегінен қолын жүгіртіп жіберіп қарынын, мықынын сипады. Екінші қолы тізенің арасында, шымшымдап өрлеп барады...

Қыз бірақ селт еткен жоқ. Жігіттің иығына басын сүйеген күйі көзін жұмып, самарқау отыр. Өз ойының әлдиінде. «Неге көрдім оны!» деді іштей өкініп. Көңілінің тып-тыныш тұнығын оқыс дауыл шайқағандай астаң-кестең. Өзін-өзі алдап, жауырды жаба тоқып күн кешіп келе жатқанына қанша жыл. Осыным не деп көкірек тереңіне үңілуден қашқақтайтын. Жанын мүжи бергеннен не пайда? Өкініп өкси-өкси көз жасына тұншыққан жоқ па. Енді өмірден мән іздемейді. Таң атып, күн батқанға мәз. Басқа ештеңенің керегі жоқ. Бүгіні той-думан, жалт-жұлт жылтырақпен өтсе болды...

Енді міне, қапияда кез болған мына жігіт еске алмайын деген ескісін көз алдына тосып, көкірегін дауылдай ұйтқытқанын көрмейсің бе. Сары тап сағынышы оянып, өксікке булықты. «Әзизіме, Әзиз-Сұлтаныма ұқсайды екенсің!» деді көзі жасқа толып...

## ӨЛГЕН ЖҮРЕК

Жарты жылдан бергі ермегі Гиви болатын. Жексенбі күні паркте серуендеп жүріп танысқан. Күн ашық. Түнімен қылаулаған қар айналаны әппақ қып қымтаған. Ағаш бұталары ақ кірпіленіп иіліп тұр. Қар үйіп, шана теуіп, алысып-жұлысып асыр салған балалар. Кейбір тентектер дарактың түбінде тығылып тұрып, жолдан біреу өте бергенде дінді теуіп, не бұтақты сілкіп қалып тұра қашады. Қар төбеден ақ боран боп сау ете түседі. Оған бола ренжіп жатқан ешкім жоқ. Шыңғырып, күліп мәз-мәйрам. Үлкен-кішінің бәрі бала болып кеткендей.

Қыз айналасындағы қуанышы шалқыған думанды тірлікке сүйсіне қарап бейғам келе жатқан. Кенет бұрқ етіп төгілген ақ түтектің астында қалды да қойды. Шыңғырып, ақ тұманның пердесін как жарып атып шыққан. Шашын сілкіп, үстін қакқыштап әлек. Қайдан шыға келгені белгісіз, сол жерде: «Падаждите, девушка, я памагу!» деп бір жігіт үстіндегі қарды қоса қакқыштай жөнелді. Құс мұрын, сұңғақ бойлы, сұлу жігіт. Дудыраған бұйра шаш. Үстінде жеңіл қара пальто. Мойнына ораған ұзын ақ шарқаттың бір ұшы кіндігіне түсе салбырап, екінші ұшын иығынан асыра бос тастай салған. Мінсіз тізілген тістерін түбіне дейін ашып ақсия күлімдейді. Қыз жатырқаған жоқ. «Рахмет» деп ілтпатына ризалық білдірген.

– Хор қызы сіздей-ақ әдемі болар! – деді жігіт қабақ астына тығылған қара көздерінде ұшқын ойнап.

– Хор қызын көріп пе едіңіз? – деді қыз наздана жанарын төңкеріп.

– Көрмесем де елестетем.

– Онда хор қызының қызығатындай ештеңесі болмағаны!

– Жо-жоқ, ол не дегеніңіз!..

Жай қалжыңмен басталған әңгімелері ары қарай жалғасын тауып жарасып кеткен.

Гиви Кикошвили Гори қаласында туыпты. Сталин туған шаһарда. Иосиф Жугашвилимен жерлес қана емес, туыспын деп мақтанады. Өңкей «швилер» бір әулеттен тарайды екен. Қазақтың рулары сияқты грузиннің «адзе», «швили», «рели» дегендері де тайпалық байланысты білдірсе керек.

Гиви Кишиневтағы тамақ өнеркәсібі институтын бітіріпті. Жолдамамен келіп қазір Алматыдағы коньяк заводында істеп жүрген көрінеді. Технолог екен. Ақ жарқын, әзілкеш, езу жиғызбайды. Кафеге кіріп, қыдырып, кештің қалай батқанын білмей қалды.

Содан бастап жұптары жазылған емес. Күнде думан, күнде той. Бір күн ресторанға, бір күн театрға барады. Нағыз сері, джентельмен. Ақшаның бетіне қарамайды. Шаша салады., лактыра салады. Келген сайын қолында гүл, мейрам сайын – сыйлық. Әйелді гүлмен ұрса ғана құлайды деген рас қой. Ағыл-тегіл ілтифатымен тырп еткізбей тұсап тастаған. Гиви қап-қара жүн ұйысқан білегін мұның мойнына асып алады. Дәл бір құндыз жаға сияқты. Құшақта – гүл, жүздерінде – күлкі. Көрген жұрт қызыға қарайды екеуіне.

Кейде қызғанып, қызыл көзденетіндер де бар. Өздерінше намыстанған патриотсымақтар. Ондайлар ішіп алғанда дүр, батыр. «Ей, қазақ құрып қалды ма, андағы маймылыңның быт-шытын шығарайын ба осы!» дейді анандайдан ысылдап. Бұл ондайға ықпайды. Көзі жыртыған, қотан аяқ, балбал тастай мүскінге мысқылдай қарап мырс етеді. «Сонда сендейлермен жүруім керек пе?» дегенді көзінің қиығымен жеткізіп, тәкаппар басып жүре береді.

Біраздан кейін Гиви үйленейікке көшті.

– «Еліме алып кетем, Тбилисидің көшелерін кернейлетіп той жасаймыз. Кавказдың бүкіл гүлі сенің құшағыңда болады!» – дейді. Бұл басын шайқаған.

– «Не, мен жаман жігітпін бе?»

– «Жоқ, сен тамаша жансың!»

– «Ендеше неге бас тартасың?»

– «Өйткені мен жаман адаммын!»

Жауырды жаба тоқып, бармағын бүгіп қалуға дәті бармады. Аңқылдаған ер көңіл жігітті аяған. Сол жерде қысыла-қысыла, бетімен жер басып, құсалы, қасыретті тағдырын шет-жағалап айтуға мәжбүр болған. Бірақ лапылдап, ентелеген жігіттің бәрібір беті қайтар емес. Жүзі қуқылданып, сәл үнсіз қалды да, көзі лап етіп, қайтадан лаулаған құшағын жайды.

– «Бұған сен кінәлі емессің. Осы қалпыңмен де сен маған қымбатсың! Бәрібір үйленемін!»

– «Жоқ, Гиви, менің ішім өлген, жүрегім енді тірілмейді. Осы жарасқан, сыйлас қалпымызбен жүре берейік. Одан артықты тілеме»

Содан бері де бірталай уақыт өтті. Көңілдерінде кірбің жоқ. Алаңсыз, тамаша бір дәурен еді. Қол ұстасып қыдырғанға, билеп-күлгенге мез. Өмір осылай бұдырсыз сырғып өте беретіндей, қызық-думан таркамастай ойсыз-мұңсыз болатын. Енді міне, содан көңілі бір-ақ сәтте жеріп шыға келді. Бәрі мәнсіз, бәрі күйкі екен.

## ҚОҢЫР МҰҢ

Пияз сасыған күркілдек автобустың жүрісі маңдымады. Жол ортаға жетпей қақалып-шашалып өшіп қалды. Шофер жігіт тыпырлап жерге бір түседі, бір мінеді. Өзі боқтампаз неме екен. Бұларды қазақша ұқпайды дей ме, капотқа басын сүңгітіп жіберіп бұрқылдап, қу темірдің ал кеп әке-шешесін, жеті атасынан бермен қарай сыпырды-ай дейсің! Бірақ оған қынып жатқан мотор жоқ. Стартерді басса, бір мыңқ етеді де, мелшиіп тұра береді. Абырой болғанда жол еніс. Ленин проспектісінің бойымен жайлап сырғып жүрді де отырды. «Үш ноянның» тұсына келгенде бұлар хайыр-хош айтып түсіп қалған.

Жігіттің пәтеріне келді. Қыз сүлесок, салғырт, қозғалып жүрген жай бір көлеңке тәрізді. Гиви келе сала лып еткізіп кофе қайнатып жіберген. Коньяк қосып ішті. Бірақ бәрібір сергіп, селт еткен жоқ. Магнитофоннан әлдебір шетелдік бард гитараның ішегін сипай қағып баяу, қоңыр үнмен үздіге қырылдайды. Жатын бөлмедегі қауғабас торшерден жұмсақ көгілжім сәуле себезгілеп тұр. Үй ішін әлдебір қоңырқай мұң жайлаған. Коньяк басына шауып, көзі оттай жанған Гиви мұның селкостығына қарамастан аймалап, жалап-жұқтап өліп барады. Ваннаға түсіп, әдеттегідей махаббат ойнына кіріскен. Ықылассыз болса да міндет өтегендей жігіттің ырқына көніп жатыр. Үстіне қабаттап қос матрац төселген серппесі мықты темір кереует сағаттар бойы тынымсыз солқылдады... Екі кісінің құлыперен қимылы қойсын ба,

тегеурінге шыдамай тірек темірі босап кисаландап қалған соң кереуеттің басын қабырғаға тіреп қойған. Темір арқалық иездеп тамды тақ-тұқ ұрғанда, жапсарлас бөлмедегі қазақ шал күңіреніп айқай салды. Әдетте тақылдамасын деп кереуеттің басына орамал орап қоятын, бүгін ұмытып кетіпті.

— Қап, әкеннің аузы... Өлтірді-ау мыналар! Әкесінің көрін қазып жатқандай өңкілдеп, ұйқы бермеді ғой, түгі! Ей, айғыр! Козел проклятый, тише, среди ночи забой долбишь? Сейчас же прекрати стучать! А то милицию вызову! — деп әлдебір салмақты, қатты затпен қабырғаны салып-салып жіберді. Гиви сонда барып тынышталған. Солығын басып аунап түсті. Сәлден кейін қайтадан аш белін орай қысып, өзіне тартты.

— Мен сені сүйемін! — деді ыстық демі алқымын қарып.

— Мен сүйеге лайықты емеспін.

— Олай демеші!

— Шын. Кейде өзімнен өзім жиіркенемін.

Жігіт күрсінді.

— Білмеймін. Бағанағы биші жігітті көрдің де бұзылды.

— Айттым ғой, ол сүйген жігітіме ұқсайды екен деп.

— Одан енді не пайда? Жиырма жыл дегенді өзің білесің ғой!..

— Бәрібір жүрегіме әлім келер емес.

— Шіркін, соның орнында бір сәт болсам ғой!

Қыз үнсіз, жүзін мұң кіреукелеп теріс аунады. Гиви бәрібір тыныш жатқызған жоқ. Ыстық құшағына көміп, аймалауға кірісті. Қыз бойындағы беймәлім қарсылықты еркектік тегеурінмен жеңбек. Бар қызуымен лапылдап, өртеп жатыр. Бірақ қыз селт етер емес. Сұлық. Оның жан алып-жан беріп жатқанында шатағы жоқ. Қимылсыз. Гиви былқ-сылық жансыз денені умаждап жатқандай тауы шағылып жасып қалды. Тәндері түйіскенмен жылусыз, тоң-торыс күйі екеуі мызғып кеткен.

Таңертең Гиви көзін ашса, қыз тұрып кетіпті. Киініп-таранып алыпты. Мұның тұрғанын күтіп тықыршып жүрген сияқты. Толқынды кара шашы иығына төгіліп, терезеге бір қырын қарап тұр. Ұшы тәкаппарлана сәл көтерілген қыр мұрын, сүйер иек. Мұң торлап тұнғыық тартқан ұялы кара көздері мөлт-мөлт етеді. Солқылдаған сиқырлы дене.

Гивидің көкірегі ұлып қоя берді. «Шынымен айрылғаным ба, осындай перизаттан!» Сүйретілген ұзын көк пижамын жүре киіп, жанына жетіп барды. Әдеттегідей құшақтай алуға батылы жетпеді.

— Мені шынымен тастап кетпексің бе, осылай бақытсыз, сорлы күйде? Сәл ықыласыңа бөлену үшін не істеуім керек, айтшы? Аяғыңды құшайын ба? Міне, оған да әзірмін! — Тізесі еденге тарс етіп отыра кеткен.

– Гиви! – Қыз құшқалы, қысқалы ұмтылған құшақтан шошынғандай ыршып түсті. – Гиви, түрегел! Бұлай төмендемеші. Ер адамның бейшара болғанын жек көремін!

Гиви амалсыз созалаңдап орнынан түрегелді.

– Сен үшін бәріне де көнер едім, қайтейін!

Қыз тіл қатқан жоқ. Жігіттің тас бұйра қара шашына саусағын жүгіртіп, бір-екі мәрте шалқайта тарақтады да есікке беттеді. Табалдырықтан аттай бере кері бұрылып, саусақ ұшын елбіретті.

– Қашан да өзіңе құшағым ашық! – деді Гиви мұная күлімсіреп. Біз өкше туфлидің дыбысы бетон баспалдақта жаңғырып, бәсең-бәсең ұзап, біржолата өшіп жоғалғанша екі қолын кеудесіне айқастырып, босағаға сүйенген күйі селтиіп тұра берді.

## ӨЗІНДІ ҚАЛАЙ АЛДАРСЫҢ

Соня өзінің Сабира атын ауызға алуға жасқанады. Әлдебір жат, осы күнгісінен мүлде бөтен біреу сияқты көрінеді. Тағдырдың шырғалаң жолында адасып, өксікпен алыста қалған бейкүнә аяулы жанның есімін былғағысы келмейтіндей. Сондықтан жігіт-желеңмен танысқанда өзін Соня дей салатын.

Бұралаң тағдыры сол бір түннен басталды ғой. Қарғыс танбасы басылған қаралы түн! Көзін ашса, үр жаланаш, шалдың қойнында жатыр. Кеудесінің жүні әппақ, сирақтары шидиген Шықаң – Шынарбай Ашотович! Езуіндегі алтын тісі жылтырап, ыржия қарайды. Түкке түсінбей аң-таң. Екеуінің айра-жайра бұл жатысы не? Әлде түсі ме? Солай шығар, әйтпесе бастық басымен әкесіндей Шықаң тыр жаланаш шешініп не көрініпті. Қара басқанда, түске не түрлі пәле кіре береді екен-ау!

Кенет коньякқа бөрткен арсыз шалдың түндегі қылмын қағып карағаны, Зу-зудың жәдігөйлене сыбырлаған сөздері есіне түсіп, сұркия сурет санасына қалқып шыға келгенде, шыңғырығы көмейіне кептеліп, еденге шарқ етіп құлап түскен. Ұясынан шыға алайған көзі әйнектей қатып сілейді де қалды. Сана, сезімнен ада, тұңғыыққа батқандай бір меңіреу хал. Шалдың аузы қисалаңдап, үстіне төнгенін, қолын ербендетіп арлы-берлі жүргенін... бәрін көріп жатыр, бірақ неге бүйтіп жүр – түсінбейді.

Ақ кірлікті беліне орап, елбең-селбең жүрген шал жанына тағы келді. Қолы селкілдеп қырлы стакандағы су төгіліп-шашылып тұр. Бір ұрттап, ұрты компая еңкейіп бетіне бүркіп кеп жіберген.

Сонда ғана селк етіп есін жиып алған. Бағанадан бергі көкірегінде булыққан ащы шыңғырық аһ ұрған деммен бірге сыртқа атылды.

Ағыл-тегіл ал кеп боздасын. Аяқ-қолын бауырына алып, еденнің үстінде арлы-берлі аунап жатыр. Анда-санда басын жерге ұрып-ұрып жібереді. Қорлықтан іші өртеніп қыстыға шыңғырады. Шал есі шығып шырқобелек айналып жүр. Не деп жұбатарын білмейді:

– Айналайын, Сәбиражан, сабыр етші! – дейді жақындауға батпай анандайдан даусы дірілдеп. – Су ішесің бе, дәрі берейін бе?

– Жоғал, қақпас! – деп бұл жерде жатқан шәркейді шалға жіберіп қалды. – Сенің қолыңнан су ішкенше, у ішейін!

– Мә, мә, ұршы! – дейді шәркейден бұғып қаша жөнелген шал анандайдан ыржиып. Бірақ өзі жақындамайды. – Өлтірсең де мейлің!..

Бір уақытта Зу-зу – Ұлбану кірді артынып-тартынып. Қолындағы бүйірі шартиған қос сумканы сылқ еткізіп жерге тастай салды.

– Ойбай, не болды? Бұл не шу, бұл не айқай? – деді түк білмегенсіп. Алақ-жұлақ үрпиген шалға қарап қасын қақты.

– Айналайын, Ұлбанужан, өзің бірдеңе қылшы! – деді Шықан жыларман болып. – Бір сағаттан асты жұбата алмай қойдым!

Ұлбану тебітіп келіп мықынын таянды:

– Ей, қыз, не болды сұңқылдап сонша? Токтат, үйді басыңа көтермей! Ойып әкеткен жоқ, орнында қалды, о несі-ей өкіріп! Көршілерден ұят емес пе, милиция шақырып жүрсе, қайтеміз?

– Шақырса, шақырсын, қайта жақсы болады! – деді бұл өксігіне ықылық атып. – Сені соттатамын!

– Пішту! – деді Ұлбану қолын шығарып. – Мә, саған соттата-сың! Көреміз кімнің масқара болғанын. Беті ашылмаған біреудей әлдеқандай болады ғой, орыстан қалған бірденесін бұлдап о несі-ей!

– Ойбай, не деп тұрсын, доғар! – деді шал екі көзі төбесіне шығып. – Басу айтудың орнына ушықтырғаның не?

Ұлбану сылқ етіп Сәбираның жанына отыра кетті.

– Кешір, жаным! Қайбір ұрсайын деп ұрысты дейсің, шамыр-қандырайын дегенім ғой! – деді қосыла, сиқырлана сыңсып. – Әйел бейшараның пешенесіне қорлықтан басқа не жазылған дейсің. Мен де он жеті жасымда сорлап қалғам. Пішеншілер бригадасына аспаз боп барып құрыдым ғой. Бір кетік тіс кәрі тракторист балдыз деп қалжыңдай беретін. Бір күні түнде күркеде жатқан жерімде кіріп келіп... айқайлауға елден ұялғам... Тіфу, көпір, есіме алудан жиіркенем, бір жылға жетпей омақасты ғой... Қыста мас боп үсіп өлген. Көрінде өкіргір, қақпас, кісінің көз жасы жіберсін бе!..

– Ойбай, құрсын! Қайдағыны айтпашы! – деп, елбіреп тұрған шал шар ете түсті.

– Не болды сізге, Шықа, әйелдердің сөзіне қыстырылып? – Ұлбану жақтырмағансып қасын қайшылады. – Ахирет жамылған аруак сияқты мына тұрысыңыз не, ұят емес пе? Бетім-ай, киінсеңізші!

Шықаң әр жерде шашылған киімдерін апыл-ғұпыл жиып-теріп басқа бөлмеге шығып кетті.

Онаша қалған соң Ұлбану одан ары жәдігөйлене сыбырлады:

– Айналайын, сіңілім, міне, мен де өлген жоқпын ғой. Жылап-жылап қойғам. Бәрі ұмытылады. Дым болмағандай тымпиып жүре бер.

– Өзімді қайтем? – Қыз одан сайын ықылық атып өксіді. – Өзімді қайтіп алдаймын?

– Өй, тәйір-ай, соны да сөз деп. Әйелдің өзі дегені өзі ғана білетін құпиясы емес пе. Ішіне бәрі сияды. Қай әйел періште боп жүр ғой дейсін. Қайта қалт-құлт етіп әзер жүргенінде, осындай біреудің етегінен ұстағаныңа шүкіршілік етпейсің бе. Шал не қиратады. Алдап анда-санда көңілін тауып қойсаң болды. Есесіне жағдайынды жасап аласың... – Қара қатын ауыз жаппай құлағының түбінде сұңқылдап отыр. Қыз оның бірін де тыңдап жатқан жоқ, көкірегі қарс айрылып егіліп өкси берді.

Біраздан кейін есік сықырлаған, жөткірініп саңылауынан Шықаң сығалады. Құндыз малақайын қабағына түсіре милықтатып киіп алыпты. Саусағымен белгі беріп Ұлбануды шақырды.

– Иә, қалай? – деді жасаураған бозғылт көздері ағып түсер тамшыдай мөлт-мөлт етіп.

– Уанатын емес. Не істерімді білмеймін!

– Япырай, енді қайттік? – деді шал одан сайын абыржып. – Ұлбанужан, өзің бір амалын істе.

– Қызығын көретін – сіз, әлегі – маған! – Ұлбану қабағын кіржитіп киналған рай танытты.

– Ойбай-ау, ол не дегенін? Еңбегінді бағаламаған жерім бар ма? – Қабақ танығыш шал елбең қағып жалма-жан қойнына қолын жүгіртті. Әмиянынан қос қызыл құлақты суырып алды да, шиыршықтап гүлді, көк халаттың өңірінен жартылай жалаңаштанып тікірейіп тұрған қос анардың құйылысына қыстырды.

– Қойыңызшы, тегі! – деп Ұлбану сыңқ ете қалды. – Қымс етсе ақша беріп әбден жаман үйреттіңіз ғой мені!

– Тәйір-ай, со да сөз боп па... Ал, жақсы, мен кетейін, – деді Шықаң тыпыршып. – Кешеден бері үйдегілер іздеп жатқан шығар. – Шығып бара жатып тағы да тәптіштеді. – Өзіңе сендім. Далаға шығып кетіп бірдеңеге ұрынып жүрмесін.

Жылай-жылай Сәбираның әбден көз жасы таусылғандай. Та-лықсып ара-арасында қалғып кетеді де, қайтадан өксіп оянады. Бүкіл

ой-сезімі көз жасымен бірге ағып кеткендей көкірегі бос. Мең-зен меңірейіп әлдебір нүктеге қадалады. Бірақ түк көріп отырған жоқ.

Бір уақытта сүлбесін сүйретіп ваннаға барды. Жуынып-таранды. Сырт киімін киіп, кетпек боп сыртқа беттеген. Бойына бір бұла күш біткендей, жалынып-жалпайып ту сыртынан жабыса кеткен Ұлбануды бір-ақ сілкіп ұшырып түсірген. Ұлбану қайта беттеген жоқ.

– Жақсылықты білмесең, өз обалың өзіңе. Сен мені көрген жоқсың, мен сені көрген жоқпын. Пәлеңнен аулақ! – деп шаңқылдап қала берді.

Тыста бет шымшыған тымырсық, дымқыл аяз. Бағана басындағы темір қалпақ шамдар ауаны көзден тасалай қазан аузындай ғана үнгіп, шаңытып тұр. Айнала ала көбен. Ымырт салбырап, қала үстіне төніп келеді. Қос қапталдағы зәулім үйлер терезелері жамырай жанып, алып омартаға айналды...

Сәбира ештеңені көріп те, сезіп те келе жатқан жоқ. Көкірегін буған дүлей өксік ештеңеге қаратар емес. Асфальті ойылған тар көшемен ұзақ ілбіп ұлы жолға шықты. Жыпырлап арлы-берлі жосыған оттар. Ағынға қарсы жүрді. Айналасы лезде у-шу болды да кетті. Ауаны үнгіген әппақ конустар бетін осып-осып түседі. Клаксоны бажылдап, тормоздары шиқылдап машиналар зу-зу айналасынан өтіп жатыр. Астына түсіп өлсем деген. Бірақ ешқайсысы баса қоятын емес. Бірі жалт беріп айналып кетеді, екіншісі ентелеп келіп, төрт дөңгелегі төрт жақтан ұлып дәл алдына тоқтай қалады. Боктаған, кіжінген дауыстар.

Інір қараңғысында ұлы көшені ұлардай шулатып қанша жүргенін білмейді. Бір уақытта аспанды басына көтере бақырып-бажылдап кеп тоқтаған машинадан енгезердей бір еркек шықты да желкесінен шап берді:

– Шешенді... өлгенше ішіп не көрінді? Пәленді біреуге артпай жайына өлмейсің бе! – деп жолдың шетінен асыра бір-ақ лақтырған. Арықтағы үйілген күртік қарға төбесімен тік шаншылып түсті. Миы зеніп, көз алды қарауытып кетті. Сілейіп бір сәт қимылсыз қалған.

Сәлден кейін орнынан әлденеше ұмтылып, созалаңдай тұрды. Мойнына құйылған қар еріп, мұздай тамшылар денесінен төмен қарай жоси жөнелді. Тәні түршіккенмен дел-сал меңірейген ішкі дүниесі селт етіп серпілген жоқ. Пальтосының екі етегі екі жаққа жайылып, теңселе басқан күйі тротуармен ілбіп келеді.

Осы қалпында өзінен жиіркенішті ештеңе жоқ бұл дүниеде. Арам тәнінен қалай құтыларын білмейді. Жаңа машинаның астына түсейін деп еді, одан да ештеңе шықпады, бізді былғай ма деп жолдан



лақтырып тастаған жоқ па. Әлде мына салынып жатқан үйлердің бірінің жоғарғы қабатына шығып секіріп кетсе ме?

Көкірегі алай-түлей. Бір қорланғаны аздай тағы да жаны тапталды. Жас өмірінің бір гүлі ашылмай ашы өксікке тұншығып көктей солғаны ма? Бүйтіп зарлататындай бұл Құдайға не жазып еді? Көкірегі көрдей суып, күллі дүниеден жерініп келеді. Бар еркі аяғында. Басы салбырап, теңселе басып қайда бара жатқаны белгісіз. Аяз бұған қараңғы түнде қар басқан ізінен күшік қыңсылап қыр соңынан қалар емес.

Түн жарымы ма, таң атқанда ма, әйтеуір микроаудандағы пәтерінің босағасына сүйеніп тұрғанын ғана біледі.

Қоңырау үсті-үстіне безілдеп, шошып оянған Тәнзила есік ашқанда көзден аққан жасы бетіне тарам-тарам әппақ мұз боп қатқан Сәбираны көріп, төбесінен тоқпақпен ұрғандай сілейіп қатты да қалды.

Тәнзила түс ауғанша Сәбирамен арпалысты. Не ұйықтата алмай, не уата алмай әлек. Мелшиіп отырып-отырып жылайды. Жылайды да күледі. Күлкінің аяғы ықылық атып қыстыққан өксікке айналады. Шалық тиіп есі ауыса бастағандай.

Тәнзила шошынып, көрші подъезде тұратын бір медсестраны ертіп әкеліп, укол соқтырған. Содан кейінгісін білмейді. Тырп етпей ертенінде түске дейін ұйықтаған.

## БӨТЕН АДАМ

Көзін ашса, басында Ұлбану отыр баяғы сұңқылдап. Түк болмағандай қылмың-қылмың етеді. Жүні күн көзіне мың құбылып қар үстінде бұлаңдаған қызыл түлкі сияқты. Үстелдің үсті жайнап тұр. Небір тәбет ашар тағамның иісі танау қытықтайды.

— Өй, жәнім! — дейді сыңғырлап. — Мұндай ажолтай болармысың! Сен — менің талисманымсың ғой! Паспортыңды әкетейін деп келдім. Біздің үйге пропискаға тұратын болдың. Шіркін, Шықан ер ғой! Әлгі қаланың бастығы «Крокодилдың» өзін желкеден басып отырып, көндіріпті. Бірер айдан соң біз жаңа үйге көшеміз. Сіңілім екеуің сонда ескі пәтерді басып қаласындар. Ой, қандай бақытты едің, күнім! Он-он бес жыл кезекте тұрып пәтерге қол жетпей жүргендер қаншама?! Бәрі ана шалдың арқасы ғой. Сол кісі аман болсыншы... Мына жаман тәтеңнің тілін алсаң адам боласың деп айттым емес пе. Томпаңдап басынды шұлғи берсең, бәрі де болады әлі...

Сәбира мына сұңқылдаған әйелдің сөзінің бірін де ұғып отырған жоқ. Жәй естиді. Судың сылдыры, қуырылған бидайдың бытыры

сияқты сыбдыр-сытыр дыбыс. Құлағын дүңгір-дүңгір қаққылағаны болмаса, әсерден ада. Ұйқыдан басқа адам болып ояңғандай.

Іші өлік, меңіреу. Ештеңені естімейді, ештеңеге селт етпейді. Көкірегінің есік-терезесін тас жауып бітеп алған! Ендігі тіршілігі тек аяқ-қолына ауысқандай. Содан киініп, ілініп-салынып жүргенін, Ұлбанудың жеңінен ұстап жетелеуімен есіктен шығып бара жатқанын біледі. Есік алдында тұрған Шықаңның қара «Волгасына» мінгендері есінде.

Тағы да кешегі пәтер. Жайнаған дастархан. Шықаң елбелектеп, аузы жалп-жалп етіп тынымсыз сөйлейді. «Мына үй енді сенікі. Құтты болсын! Кәне, сол үшін!..» Бес жұлдызды қазмойын «Қазақстанның» күрең рюмкаларға тағым егуі жиілеп кетті. Бұл да тартынған жоқ. Іше берді, іше берді...

Өсти-өсти шалға еті үйренді. Шықаң апта құрғатпай Ұлбанудың пәтеріне алып келеді. Бойындағы жиіркенішті жеңу үшін Шықаңмен жарысып коньяқты ішіп алады. Ештеңені көрмейін, сезбейін дейді. Сілейген өлік сияқты. Жүрегін, жан сарайын кір шалмастай тас бекітіп алып, арам тәнін итке лақтырғандай арсыз шалдың илеуіне беретін.

Кино үйінде дөкейлерге ғана көрсететін шетелдің жасырын парнофильмдерін көріп әбден «сауаты» ашылған бұзық, азғын қақпастың жалап-жұқтап жасаған небір сорақы қылықтары, ыңырысып-қынсылағаны айнадан көріп жатқан жай бір ерсі елес тәрізді. Өзіне еш қатысы жоқ бөтен біреудің әрекетін көріп, куә болғанына жаны түршіккендей, жиіркеніп жиырыла түсетін.

Жаны қорланған сайын Әзиз-Сұлтанدى ойлайды. Онымен ұшырасып, алғашқы асыл махаббаттың ұлы дерті жүрегіне байланбаса, тағдырдың бұл қорлық-мазағы дәл мұндай ауыр соққы болып, жанын жараламас па еді? Ұлбанудың пайда-қызықты, өмірдің болмай қоймас заңдылығын көзге көрсетіп, қолға ұстатып айтатын түрлі мысал, тағылымына ден қойып, «Құдай салды, біз көндікпен», ұзаса бірер күн жылап-сықтап, содан соң тоғышар тірліктің қызық-шыжығын алданыш қып әкәку-сәкәкумен жүре бермесіне кім кепіл?

Күн санап Әзиз-Сұлтанға сағынышы артты. Жатса да, тұрса да бір шықпайды есінен. Бұл ынтығып ұмтылған сайын алшақтап асқақтай түседі. Әлдебір қол жетпес биіктен бәрін көріп, бәрін біліп «еһ, сен де осындай ма едің!» деп, мұның опасыз, күйкілігіне мұңайып, кінәлай қарап тұрғандай.

«Мен кіммін? – дейді Сәбира өзінен-өзі жер болып. – Шалмен шатасқан қара бетпін! Өйткенше өлуім керек еді, өле алмадым. Намыс жоқ менде!»

Әзиз-Сұлтандай асылдың жанында өзін қор санады. Ол – аспандағы жарқыраған жұлдыз, бұл – кім көрінгеннің табанының астын-

да илектеліп жатқан қоқыс. Оны ойлауға, сүйем деуге қандай хақысы бар? Көктегі Айға қол созған не теңі?

Орындалмас үмітке алданбайын, ұмытайын деп қанша жерден өзін қинаса да, бәрібір ұлы сағыныш жүрегінің түкпірінде сарғайып жатып алды. Шіркін-ай, бұрынғы кіршіксіз қалпы болса, жиырма түгілі жүз жылға сотталып кетсе де, Әзиз-Сұлтанның жолына өз басын құрбандық қылып байлар еді ғой. «Ол мені сүйеді» деген жалғыз ауыз үмітке жан дүниесі жарқырап, жалындап өтпес пе!

Ұзақ уақыт не істерін білмей есеңгіреп жүрді. Бір күні шыдай алмай Әзиз-Сұлтан оқыған институтқа барған. Курстастарынан сұрап, ата-анасының адресін біліп алды. Еш қисынсыз далбаса көңілмен барып қайтпақ. Ең болмаса ата-анасы, бауырларын көрсе, өзін көргендей боп, бәлкім, сәл де болса мауқы басылар.

Бір сенбіде Тәнзиланы ертіп жолға шықты. Тәнзила жанын түсінді. Басы шырғалаңға түсіп мең-зең боп жүргенін көріп, қылар қайраны жоқ, қатты аяйтын. Жалғыз жібермеймін деп өзі жармаса кетті. Үйге барып қайтамын деген соң, Шықаң елпілдеп, томпиған былғары шиланның түбін қағып, бір уыс қызыл құлақты қолына ұстата салған. «Сәлем-сауқыт апар. Қызымыз өз қолы өз аузына жетіп адам болған екен деп әке-шешен бір қуанып қалсын!» деді.

## ҚОТЫР ТАМ

Поезбен «Қос шоқы» станциясына келіп түсті. Жып-жылмағай құба дала. «Қос шоқысы» қайда екені белгісіз, төбешік те көрінбейді. Айнала шақырайған күнмен шағылысып көз шағады. Жағы сембей сарнаған аңызак демінен жалын шашып, аспан астын қуырып тұр. Поез келіп тоқтағанда басқа станцияларда оны-мұнысын сатуға ала жүгіріп, лап қоюшы еді. Бұл жерде ондай қарбалас байқалмайды. Жым-жырт. Поездың дөңгелегін балғамен тық-тық ұрып тексеріп жүрген теміржолшылардан басқа ешкім жоқ.

Вагоннан түскен жолаушылар айналасына аңтарыла қарап, айранқымыз, сыра-сусынын әкеле жатқан ешкім болмаған соң, бірі шөлмегін ұстап, анандайдағы су құбырына, енді бірі дүкенге қарай жүгірді.

Станция басы елу шақты үй екен. Екі қабатты, есік-терезесі сырлы, қабырғалары көк зеңгір вокзалдан басқасы қора-қопсысы іркестіркес мінгескен жатаған тамдар. Ешқандай үйдің маңынан қылтиған бір тал ағаш көрмейсің. Көше тәртібі жоқ. Қиқы-жикы, жолдың ортасы шоқалақ-шоқалақ төгілген күл-қокыр. Кейбіреулер «міне, байлы-

ғымыз осы» дегендей, кораларының төбесіне отау үйдей шошайтып шөп үйіп қойыпты.

Состав жерді солқылдата ұзап, перрон басы қайтадан тым-тырыс болған соң екеуі құбырдан барып су ішті, беті-қолдарын шайынды.

Алматыдағы студенттердің түсіндірулері бойынша, баратын үйлері станциядан бес-алты шақырым жерде. Әзиз-Сұлтанның әкесінің атын айтып, ұшырасқандардан жөн сұрап еді, бәрі таниды екен. Бірақ оба шыққан үйді сұрап тұрғандай үдірейіп тіксіне қарайды. Станцияның маңайындағы бір жерде тұрады, бірақ нақты қайда екенін білмейміз десті.

Алдарынан қоңыр есектің үстінде аяғы саландап, ілбіп келе жатқан бір қария қарсы жолықты. Сәлемдесіп, жөндерін айтқан, сол кісі білетін болып шықты.

– Кімі боласыңдар, туысысыңдар ма? – Қария мыжырайған ши қалпағын желкесіне қарай ысырып, жасаураған көзін жеңінің ұшымен сүртті.

– Иә, ата, туысы боламыз, – деді Тәнзила.

– Дұрыс, дұрыс, шырақтарым. Туыс деген жақсы ғой. Ағайын осындайда керек. Әлгі баласынан хабар бар ма?

– Жок, о жағын білмедік.

– Болайын деп тұрған бекзатым-ақ еді, ұшынды ғой... Әкешесіне қиын-ақ болды. – Қария бетінің әжімі қалыңдап, мұнайып, басын ұзақ шайқады. – Анда-санда сақал-мұртын басып, шашын алып беріп тұрушы едім. Мынау пішені түскірдің ырың-жырыңы көбейіп, көптен бері қол тимей кетті. – Содан соң есегін кері бұрды да: – Былай қарай тура жүре беріңдер! – деді ауыл сыртындағы арба жолдың ирелендеген сорабын нұсқап. – Осы жалғыз-ақ жол, ешқайда бұрылмайды. Бес-алты шақырым жүрген соң, оң жақтағы дөңесте совхоздың ескі базы көрінеді. Сол маңда одан басқа қарайған жок. Ал жолдарың болсын, қарақтарым! – Қария есегін қайтадан кері бұрып, тебініп жүріп кетті.

Жол табаны борпылдақ, май топырақ. Бассаң бұрқ етіп, аяғың қызыласығына дейін батып кетеді. Топырақ ішіне құйылып, жүруге ыңғайсыз болған соң, туфлилерін шешіп, қолдарына ұстап алды. Алғашқыда ыстық топырақ аяқты қарып шыдатпаған, бірте-бірте көндігіп, жүрістері жөнге түсті.

Айнала көлкіген сағым. Күн жеп түсі оңған кең жазық теңіз боп шалқып жатыр. Жыбыр-жыбыр. Кейде мың-сан киік өріп бара жатқандай. Алдарынан бұлталаңдап қашқан құба жолдың ұшы-қиыры жеткізер емес. Аяққа оралған кішкентай көлеңкелері шешесінің

етегіне жабысқан ерке баладай бұлғақтап, біресе оң, біресе сол жақтарына шығады. Шыжыған ыстық шыдатар емес. Қара терге түсіп аңқалары кепті. Қолдарындағы бір-бір шөлмек жылып кеткен лимонадты қайта-қайта ұрттағанмен, таңдай тұшынтып шөл қандырмайды, жылымшы дәм жүрек айнытады.

Құдай оңдап, жол бір сайлауытқа құлағанда жылап аққан жайылма су ұшырасты. Айнала сиырдың жапасы, қой-ешкінің құмалағы. Жақын манның таңдайын жібіткен жалғыз бұлақ осы болса керек. Жайылманың беті қабыршықтанған көк балдыр, орта тұсы ғана жыбырлап, жолақтанып ағып жатыр. Әредік балдырдың көк етін жыртып бақа секіреді. Ағыстың үстінде қайнап, құжынап қалың шіркей қара шатыр көтеріп тұр. Су сап-салқын екен. Ағынның ортасындағы жотасы дөңкиген қожыр тасқа қатар отырып, беті-қолдарын шайынып жан шақырған.

Біраз жүрген соң қамшылар жақтағы қырдың үстінен қарайып үй көрінді. Солай қарай бұрылып, таяп қалғанда туфлилерін киіп алды. Совхоздың қирап қалған ескі қыстауы. Шатыры ағарандаған жатаған тамның сығырайған қос терезесі бұл кім деп күн салып алысқа қарап тұрған қарияның көзі сияқты. Сылағы ойдым-ойдым түскен қотыр там. Анандайда аңғал-саңғал ұзын бел мал қора қалқаяды. Әр тұста сеялка, комбайнның шашылған қаңқасы.

Бір кезде бульдозермен күреп шығарған үйінді көңнің жанында әлдене істеп қыбырлап үш адам жүр. Үйдің көлеңкесінен бір кесік құлақ сары төбет атып тұрып әуілдей үргенде ғана бұл кім дегендей бұларға қарады. «Таймас, жат!» деді балаң дауыс күжілдей зекіп. Иттің дыбысына үйден біреуі шыға ма деп қарайлап еді, ешкім көрінбеген соң, үйіндінің жанындағыларға қарай беттеді.

Екеуі он бір-он үштердегі ер бала екен, үшіншісі – қария адам. Таяқтың сабына қос қолдап салмақ сала еңкейіп, ағаш кеспектің үстінде бір қырын отыр. Шілінгір ыстықта шымқанып сырма күпәйке киіп алған. Аяғында қалың табан пима, басында ескі малақай. Үйіндінің іргесін отау орнындай дөңгелете ойып, көнді илеп қойыпты. Екі бала темір легенге салып, тезек құйып жүр. Алаботасы жұлынып тегістелген әжептәуір аумақ қаз-қатар дөңгеленген тезек. Одан арғы тақтада шала кепкен тезектер аударылып, екі-екіден бір-біріне түйістірулі тұр.

– Әй, Ескендір, кішкене жақындау төңкерсеңші, арасы алшақ болып кетті. Әй, балам-ай! – деді қария кейісті үнмен. Белуарына дейін жалаңаш, қайыстай қатқан қара бала «бөтен біреу келе жатқанда күңкілдемей тұра тұршы!» дегендей, тершіген тақыр басы тұқырайып, әкесіне бір, бұларға бір қабақ астынан ұрлана қарады.

Бұлар жақындап келіп сәлемдескен. Екі бала сәңкілдей амандасты да, қи шашыраған саталақ денелерінен қымсынып бір қырындай берді. Тынығуға сылтау табылғанға қуанғандай, іле қолдарындағы легендерін төңкеріп теріс қарап отыра кетті.

– А-а, амансындар ма, шырақтарым! – деді қария антарыла қарап. Бағанадан бері ауыл-үй арасындағы таныстардың бірі шығар деп отырса керек. Шырамыта алмай жүздеріне алма-кезек ұзақ үнілді. – Қа-а-рақтарым, тани алмадым ғой? – Тілі күрмеліп, сөзінің арасын үзіп-үзіп сөйледі екен. Самаймен тұтаса кеңірдекке кептеліп қақала өскен көк бурыл қауға сақалдың арасынан екі беттің ұшы мен қоңқайған қыр мұрыны ғана ағараңдап көрінеді. Оң көзі жасаурап шатынай қарайды. Бет-аузы бір жағына сәл қисықтау. Инсульттан тұрғаны байқалып тұр. Малақайын желкесіне қарай ысырып еді, төбе шашы жолақ-жолақ алабажақтанып, біртүрлі күлкілі көрінді. Қырыққан қой сияқты, оңды-солды қайшымен қырқыпты. Өсіп кеткен соң шыдай алмай балалардың біріне қырыққызса керек. Сонда әлгіндегі есек мінген қарияның сөзін еріксіз есіне алған. «Е, шашын алып беретін де ешкімі жоқ екен ғой бұл кісінің!» деп ішінен бір күрсініп қойды.

– Әкей, біз Алматыдан келдік, – деді Тәнзила дауысын нықтап. – Әзиз-Сұлтанмен бірге оқып едік.

Қарияның қос қолдап ұстаған таяғы әр жерді бір түйгіштеп селкілеп кетті. Екі-үш ұмтылып созалаңдай тұрған. Денесі арса-арса сүйекті адам екен.

– Ой, жарықтарым-ай, Әзизімнің достары екенсіңдер ғой? – Сыбырлай, дауысы дірілдеп екеуін кезек-кезек маңдайынан иіскеді. Сәбира өксіп, құшақтай ала жаздап өзін әзер тежеген. Буланған көзін алып қашып, теріс қарады.

Екі бала еңкейіп жер сызғылап бұлармен ісі жоқ, өздері күбірлесіп отыр. Қабырғаларын санап алғандай арық. Арқалары жылтырап күнге әбден күйген, быртиған, мазасыз қара шыбын ызындап келіп қонғанда, қайқаң ете қалады. Қолмен жасқауға еріне ме, жыбырлап, жорғалаған кара пәле ұшып кеткенше бүкіл денесі қисалаңдап әлекке түседі.

Ескендірдің шашы қоңырқай, бұйра. Бет-әлпеті Әзиз-Сұлтанға ұқсайды екен. Әсіресе, қабақ астынан аялы кара көздері тұнжырап қарағаны аумайды. Сәбира жүрегі елжіреп мейірлене қарады. Бауырына басып бетінен сүйіп-сүйіп алғысы келді.

Қария дауысы құмығып сәл тұрды да:

– Жүріңдер, қарақтарым, үйге барайық, – деді. Аттай бере іркіліп, балаларына қарай бұрылды. – Сендер отыра бермей, мына жұмысты

бітіріп тастандар. Құрғап кетсе, дұрыстап құйылмайды, анда-санда су шашып илеп-илеп алыңдар.

Содан соң ілбіп басып алға түсті. Сол аяғын сүйрете қисаландап аттайды. Жүз қадамдай жерге әлденеше аялдап әзер жетті. Киіз қаптаған қисық ауыз ағаш есіктің құлып салар шығырына жұмыр таяқша өткізіп қойыпты.

Есік ыңырысып есіней ашылғанда, ауру адамның деміндей іштен күлімсі, жағымсыз иіс мұңк ете қалды. Кең дәлізден екіге жарылған кәдімгі қос ауызды қоржын там. Қоңыр салқын. Дәліздің жалаңаш жер едені сыз тартып тұр. Тыстағы қуырған аптаптан күйіп-жанып кіргенде, жандары сая тапқандай болды. Қарияның бастауымен, табалдырықтың көзіне туфлилерін шешіп, оң жақтағы бөлмеге кірді. Алакөбең көлеңке бұрыш-бұрышты перделеп көз тұтады. Газет шапталған кішкентай қос терезенің шаршысынан сыздықтаған өлімші сәуле ішке оза алмай қорғалақтап тұр. Құжынаған қара шыбын күн жеп сарғайған газетті сатыр-сұтыр соғады. Сәлден соң алакөлеңкеге көзі үйреніп, айналадағы заттар айқындала бастады. Еденге текемет жайылып, үстіне сырмақ төселіпті. Төр жақтағы қырнауы жылтыр қаңылтырмен шенелген абажадай сандықтың үстіне қатталып көрпе-жастық жиналыпты. Бір қаптал қаз-қатар шегеге ілінген киім-кешек. Әгі көшіп, ойдым-ойдым сылағы түскен, қотырдың орнындай қожалақ қабырғаны сүзе шолған жанары сырғып барып босаға жаққа тоқтаған. Көрпе-жастығы жиналмаған бұрышта, екі аяғын екі жаққа созып тым-тырыс отырған әйелді көріп Сәбира селк ете түсті.

Қимылсыз қатып қалған тас мүсін сияқты. Қабырғамен астасқан әппақ шашы иығын жауып додырап кеткен. Сопакша ақсары бетінің еті қашып, қан-сөлсіз қағаздай үлбіреп тұр. Сұп-суық, жалтыраған үлкен көкшіл көздері әлдебір бір алыс нүктеге қадалып, бедірейіп қалған.

Тәнзила да енді байқаса керек, үркектеп тұр. Сәбира екеуі жарыса сәлемдескен. Әйел жауап қатқан жоқ. Қария:

– Әй, Нұржамал, мына балалар Әзиз-Сұлтанның сабақтастары екен, амандас! – деп еді, әйел тағы да үндемеді.

– Е, сөге-жамандамандар, шырақтарым, – деді қария ақталғандай қысыла. – Апаларың баласы жалаға ұшырағаннан бері осындай боп қалды. Күйік деген қойсын ба. Күндіз-түні уайымдай беріп, ой ішіне түсіп кетті.

Нұржамал апа айтқан сөзді қаншалық естіп, ұғып отырғаны белгісіз, мелшиген қалпы. Бір сәт өңі жылып, өз-өзінен жымиғандай болды да, іле бадырайған жансыз көздерінен үн-түнсіз жас парлай жөнелді.

Меймандар төрге озбай қапталдағы іргені бойлай төселген құрақ көрпенің үстіне тізе бүкті. Қария ауызғы бөлмеге шығып кеткен. Ыдыс-аяқтың сылдыры естілді. Біраздан соң:

— Бері келіндерші, айналайын, — деді есіктің көзінен сығалап.

Екеуі лып етіп орындарынан тұрды. Ұзын столдың үстінде екі кәсе, шеті кетілген ағаш шөміш тұр. — Ана жерде көже бар, — деді қария босаға жақтағы бұрышқа иегін көтеріп. — Өздерің құйып ішіндер. Менің отырып-тұруым қиын.

Жалпақ, қалайың кастрюльді құлағына дейін су киізбен орап қойыпты. Қатық қатқан бидай көже мұздай. Ашқылтым дәмі тіл үйіріп, тәбет шақырады. Толтыра құйып бір-бір кәседен ішіп алған.

— Түү, апамның көжесін ішкендей болдым ғой, тәтті екен! — деді Тәнзила өзінің ашық-жарқын мінезімен даңғырлай сөйлеп.

— Ішіндер, қарақтарым. Ас болсын.

— Рахмет, болдык. Өздеріңіз істейсіздер ме, сондай дәмді екен!

— Ана екі жаманның істеп жүргені ғой. Мен көрсетіп берем, солар істейді. Сиырды да айғайласып жүріп екеуі сауады. Шешелері отырып қалғаннан бері қазан-ошақ екеуінің мойнында. Тек табаға нан жабуды үйрене алмай жүр. Бес-он күнде бір, жиен келіп пісіріп беріп кетеді. Баяғыда интернатта бірге өскен, тумаса да туғандай боп кеткен Рәзия деген қарындасым бар еді. Жиен деп отырғаным соның қызы. Емшектегі баласымен елу шақырым жерден поезбен келеді бейшара. Келген сайын жылап-еңірейді. Қасымызға көшіріп алайық дейді. Онда барғанда мал-жанмен қалай сиямыз? Келмей-ақ қой азаптанып, нанды станциядан-ақ барып аламыз десем көнбейді. Қыз бала деген айналайынның жүрегі жылы, жақын-жуыққа қайырымды ғой.

— Айдалада жалғыз үй отырған расында да қиын ғой. Неге совхоз орталығына көшіп алмайсыздар?

— Бармайық деп отырған біз жоқ. Үй болмай тұр.

— Басшылар осындайда көмектеспегенде қашан көмектеседі? Жағдайларыңызды көріп отыр емес пе? Совхозға бір үйлік еңбектеріңіз сіңген шығар?

— Совхоздың да, колхоздың да қырық жыл қойын бақтым балашағаммен азып-тозып. Малмен бірге өріп, бірге жусап, өзіміз де мал болудың аз-ақ алдында қалдық қой. Қор болған өмір-ай десеңші. Арқадан қағып, кеудемізге сылдырмақ тағып «передовиксін» дегенге мәз болып жүре беріппіз ғой. Сөйтсек, бұларға қой ғана керек, адам керек емес екен. Екі жыл бұрын осы ауру жабысып, жатып қалып едім, малын айдап алды да, бізді қираған қыстауға не болсаң, о бол деп тастады да кетті. Бұрын, «ардагерлерге үй салайық деп жатырмыз, солардың босаған үйінен береміз» деп, әне-мінемен сөзбұйдаға салып келген.



Енді Әзиз-Сұлтан жалалы болғаннан бері есігінен сығалатпайтын болды. «Совет үкіметіне қол көтерген қылмыскердің әке-шешесіне біз мына жақтан өбектеп үй беріп жатсақ, жоғарыдағылар не дейді? Басымыз екеу емес!» деп қабақтарын түкситеді...

Меймандар әңгімені одан ары қаузап, онсызда қорланып, қажыған жанның жарасын тырнағысы келген жоқ. Үй ішіндегі жүдеуліктің көлеңкесі бұрынғыдан да қоюлана түскендей бір сәт томсырайып үнсіз қалған. Сол арада сырттағы қолжуғышты салдырлатып жуынып-шайынып екі бала да үйге кірді. Шаршап, қарындары ашып, көздері үңірейіп тұр. Бір-бір кесе көже ішіп, іргеге жантая беріп еді, қария жақтырмай қарады:

– Қонақ келгенде кісі жата ма екен. Тұрындар, шай қайнатындар!

– Жо-жоқ, жата берсін, шаршап келді ғой! – деп екі бойжеткен лып етіп екі баладан бұрын ұшып тұрған. – Біз қайнатамыз ғой, әкей. Ненің қайда екенін көрсетсеңіздер болды.

Екі бойжеткен сол-ақ екен білек сыбанып, іске кірісіп кеткен. Бүйірлі жез самаурынды сыртқа шығарып, оттығын қакты. Күлмен ысқылап сыртын тазалап еді, жалтырап шыға келді.

Қатық, көжені талғажу етіп отырса керек. Үйде қант, қуырылған бидай, наннан басқа ештеңе жоқ екен. Дорбаға салған төрт таба нанның өзі де сырты қатып, іші көгере бастапты.

Бірі есік алдындағы қазандыққа от тамызып, екіншісі қамыр илеп, шелпек пісіруге кіріскен. Тамақтың иісі шығып, үй ішіне береке кіргендей болды. Шелпекке тойған екі бала да дастархан жиналғанша отырған жерлерінде қылжиып қор ете түсті.

Шайдан кейін де екі бойжеткен тыпырлап тыныштық тапқан жоқ. Ыдыс-аяқтан бастап, орамал, пердеге дейін суға қайнатып, сабындап жуды. Көрпе-жастықты сыртқа шығарып күнге жайды. Едендегі текемет, сырмақтың қырық жылғы шаңын қаққанда, жер мен көктің арасы көк тұман болды. Тап-тұйнақтай жиналып, иіс-қоңыстан арылып, қоңырайған там іші үй сияқты болып қалды.

Қария есік алдында, көлеңкедегі кеспектің үстінде отыр. Екі қыздың бастарына орамал тағып, шаруаны шырқөбелек айналдырған әбжіл қимылына сүйсіне қарайды: «Шіркін, қыз бала деген осы ғой, қолының ұшы тиген жер береке!» дейді мейірленіп. Әсіресе көзінің қиығын Сәбирадан айырмайды. «Ажары келіскен, жә деген азаматқа жар болатын-ақ бала екен. Жүрісі қандай кербез!» Сынына толып, сүйсіне түседі.

Көзі боталап тұңғиық мұнмен жаудырай қарағанынан, құрбысын алға салып, сөзге көп араласпай, Әзиз-Сұлтанның аты атал-

ғанда томсырайып, қабағына көлеңке ұялай кілт түйіліп қалатынынан әлдебір сыр аңдағандай болған. Жүрегі жылып, елжіреп кетеді. «Айналайын-ай, сыңарыңнан көз жазып жауандап қалған екенсің ғой. Ең болмаса, қамкөңіл ата-анасын бір көріп кетейін деп келдің бе? Жүрегіннен айналайын, құлыным. Әзизім екеуің бір-біріңе жарасып-ақ тұр екенсіңдер, амал не! Жиырма жыл деген бір адамның жарты ғұмыры емес пе. Күте алмайсың ғой, жарығым. Өкси-өкси тағдырыңа көнесің де!..»

Шын қасыретін енді сезгендей, аһ ұрған көк жалын көкірегін өрлей соғып, теңселтіп өтті. Біреу көрмесін дегендей, басын таяққа сүйеп, үнсіз өксіп-өксіп алды.

Мұрындары шұрылдап, отырған жерлерінде қисая-қисая кеткен екі бала құс ұйқы екен. Он минуттей көз шырымын алды да, орындарынан ұшып түрегелді. Қонақтардың алдында осалдық танытқандай қысылып, қызарған көздерін уқалап сыртқа шықты. Қария әлдене деп күбірлеген. Екі бала ілби басып қора жаққа беттеді. Қалқада қозылағы аралас оншақты ұсақ жандық жусап жатқан. Соларды ысқырып-дабыстап шилеуітке қарай өргізіп жіберді. Сәлден кейін мүйізі тікірейген тегене құйрық қызыл марқаны екеуі екі артқы сирағынан сүйреп дедектетіп алып келген.

– Ал, балалар, бата беріңдер, – деді қария. Бойжеткендер азар дабезер болды.

– Әкей, мұныңыз не, керегі жоқ. Соймай-ақ қойыңыздар.

– Жоқ, болмайды, бір мал сыбағаларыңды жеп кетесіңдер! – Қария қолын жайып, дұға қайырып, бетін сипаған.

– Күн ыстық, тоңазытқыштарыңыз жоқ, босқа обал болады ғой! – деді Тәнзила басын шайқап. Қария кеңк-кеңк күлді.

– Қазақ пен қасқыр етті шірітуші ме еді! Қозының еті не тәйірі, шындаса жігіт адам бір отырғанда-ақ жеп қоймай ма. Балалар да қызылсырап жүр еді. Сәті түсіп жақсы болды...

Бет сипасымен екі бала дереу іске кірісті. Біреуі марқаны шөпте-сіннің үстіне алып соғып, екіншісі лып еткізіп аяғын жіппен буды. Ережеп қылпыған қайқы бас қара пышақты қайраққа жанып-жанып жіберді. Жүзін тырнағымен тексерді де:

– Бисмилләһи – рахман рахим, сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ! – деп, көзі мөлдіреп жарық дүниеге соңғы рет қараған қошақанның тамағына тақай берді. Сәбира шыдай алмай теріс айналған. Іле алқымына тосып ұстаған жез легеннің түбі сырылдап қоя берді. Қорқырап, ышқынған дыбыс бәсең-бәсең тартып өше бастағанда:

– Аяғын босат! – деді Ережеп бұйырып. – Сілкініп қаны әбден шықсын. Әйтпесе еті қарайып кетеді.

Екі баланың қимылы бірінен-бірі өткен әбжіл. Жемтігін шеңгелдеп басқан қорқау қырандай құнжың-құнжың. Көздері жайнап, шабыттанып, құлшынып кетті. Басын кесіп, бауыздау қанын жуған соң, екі қылтасынан керіп таяқ өткізді де, жіппен көтеріп, үйеңкінің көлденең бұтағына асып қойды. Бірі пышак, бірі бәкісін жалаңдатып, марқаның терісін сыпыруға кіріскен. Бір-біріне ақыл қосып күбір-күбір:

– Байка, көкеті кетіп қалмасын, пұшағын шетіп шығарып ал да, жұдырығыңмен іре... е, солай! – дейді Ережеп.

– Әуелі төстің басын дөңгелетіп шығарып алсаңшы. Қабырғаның киюына пышак салсаң, шеміршек өзі-ақ сөгіледі емес пе! – дейді Ескендір.

Екеуі бәрін біліп лыпып тұр. Өтті еппен сылып, бездерді алды. Жамбастағы көк тамырды суырды. Мүшенің еттерін бір-біріне жібермей тап-тұйнақтай қылып лезде бұтарлап тастады. Мұрнының ұшында тер мөлтілдеген Ережеп төстің астындағы шеміршекті сылып алды да:

– Апайлардың аттары жүйрік болсын! – деп бір түкіріп тамның қабырғасына құлаштай лақтырған. Сарт етіп шапталып қалды...

Құдды бір үлкен кісі дерсің. Сөздері де, істері де кексе. Тек түрлері ғана бала.

Екі бойжеткен де олардан қалысқан жоқ. Ішек-қарынды тазалап, етті тұздап, қазанға ас салды.

– Қалған етті қайтеміз, әкей? – деді Тәнзила. – Шыбын қонып, құрттап кетеді ғой. Түгін салып қақтасақ қайтеді?

– Қақтаған ет те бірер күннен арыға шыдамайды. Қазан босаған соң, іш майына қуырып алындар. Майға бөктіріп қойса, ештеңе етпейді. Күнделікті шетінен алып, жылытып жей беруге болады.

– Бұрын тоңазытқыш жоқ уақытта тамақты қалай сақтаған екен? – деді Тәнзила басын шайқап.

– Бұрынғының адамы бөлек қой. Баяғыда әйелдер шілдеде қой түгілі жылқы сойса да шырғасын шығармай баптап, алажаздай көжеге катық қылатын.

– Сүрілеп алатын шығар?

– Жок. Көшпендінің қарапайым даналығын айтсаңшы. Сүйегінен сылынып алынған сұрпы етті жұп-жұқа ғып жапырақтап жона турайды да, шыбын қонбас үшін шыптаның арасына салып күнге кептіреді. Жоңқадай шиыршықталып әбден кепкен кезде келіге түйіп үгітеді. Сонда бір жылқының еті кішігірім бір қаптан аспайды. Қайнап тұрған суға тұз-бұрышын араластырып бір уысын салып жіберсең, бір үйлі жанға талғажу. Ұзаққа жол шегіп жорыққа аттанғанда да солай істеген.

Сырбаздың еті бір бұрқ еткенде-ақ былбырап піскен. Күні бойы тыртаңдап тыным көрмеген балалар ыстық сорпа буынына түсті ме, маужырап біраздан соң төсектерін салып ұйықтап қалды. Екі қыз ошақ басынан шыққан жоқ. Қарияның айтуымен қалған еттің бәрін майға қуырып, үлкен кастрюльге салды. Қамыр илеп, оншақты күнге жететіндей ғып карма қарыды. «Табаға жапқан нан көпке шыдамай көгеріп кетеді. Ашымаған қамырдан жұқа ғып қазанға қарыса бұзылмай тұра береді» деп Тәнзила бәрін өзі билеп-төстеген.

Айналаны салбырап қап-қараңғы түн басты. Сарай ашып қоңыр салқын леки еседі. Дала тым-тырыс, күндізгі аптаптан қалжыраған кәрі тәні бір сәт сая тауып қалғып кеткендей. Шарбак ішіндегі қой-ешкінің күйіс қайырған, пысқырғанынан басқа тырс еткен дыбыс жоқ. Қан мен сүйек-саяққа тыңкия тойған сары төбет те алға созған екі аяғының үстіне басын салып қаперсіз ұйқыға кіріскен.

Маздаған от ошақ басын қаумалаған үшеудің жүзінен түннің көлеңкесін сипай сүртіп лыпыл қағады. Әр көңілде бір қиял. «Шіркін-ай, осындай берекелі тірлік күнде болса ғой!» деп күрсінеді таяққа сүйеніп, орындықта шоқиған қайғылы қария.

Сәбира Тәнзила мен қарияның әр нәрсенің басын бір шалған үздік-создық әңгімесіне араласпай үнсіз отыр. Әзиз-Сұлтаннның табаны тиген мынау топырақтан, көз нұры сіңген айналадағы әр заттан аяулысының өзін іздеп алабұртқан жүрегі аласұрады. Иегін көтеріп, каракөк аспанның терістік шалғайында шаншылған темірқазыққа қарады. Алтын кірпіктері нұр шашып айрықша жарқырайды. Менен көз жазбасаң, адаспайсың деп тұрғандай. «Әзиз-Сұлтан да қазір аспанға қарап, осы жұлдызды көріп отыр ма екен! Әлде түрменің тар терезесінен темірқазық көрінбей ме?»

Тәнзила сөз арасында:

– Әзиз-Сұлтаннан хабар бар ма? – деп сұраған.

– Бір рет хат келді, – деді қария. – Шеләбі деген жерге барыпты. Онысы баяғының «итжеккені» шығар. «Денім сау, уайымдай бермендер» депті. Одан басқа не десін.

– Адресі бар ма?

– Кәнберті жоқ сыртында. Хатты парторг әкеліп берген. Жазатын хаттарыңды кәне қазір жазыңдар, өзім салып жіберем, нұсқау солай дейді. Бір хатты бес рет көшірткізді, бұлай жазба, бүйтіп жаз деп.

– КГБ-ның сілімтіктерінің істемейтіні жоқ-ау! – Тәнзила ошақтағы бықсыған қиды шымшуырмен көмейлете итеріп, көсеп-көсеп жіберді. Түтіннің арасынан жылт еткен жалынның тілі қазанның күйелеш түбін жалап-жалап алды.

– Қарадай жау іздеп үрейленген бұл неғылған үкімет, қайран қалам! – Қарияның суланған мұңлы жанарында от сәулесі лыпыл қакты. – Байдың, батырдың, бағланның басын жұтып болып, енді біз қалдық па? Ауру кемпір-шалмен алысса жетіскен екен.

– Теңізде крокодил деген мақұлық өлер алдында шабынып, өзінің құйрығын өзі шайнап жейді екен. Бұларға да сондай зауал көріне бастаған шығар.

– Мәңгілік ештеңе жоқ, шырағым. Қашанғы өстіп тұрар дейсің, заман өзгерер, түзелер. Тек адамның ниеті дұрыс болсын де. Бүгінгі ағайыннан жанашырлық, тілеулестік қалып барады, бәрінен қорқыныштысы сол.

– Иә, адам азып барады, – деді Тәнзила түтіндеген шаладан көз алмай. – Анам марқұм «бала кезімізде ұры-қары дегенді білмеуші едік, есікті бір жаққа кеткенде ит кірмесін деп сыртынан ағаш тіреп, не жіппен байлай салатынбыз» дейтін!

– Онысы рас. Ол кездің адамы Құдайдан қорқатын, ұят, иманы бар болатын, обал-сауапты ойлайтын.

– Оқып жетілгенде содан неге айрылып қалдық?

– Қыбыламыз өзгеріп кетті ғой, қарағым. Бұрын жұрт ақ-қарасы тек Аллаға ғана аян, бәлки менің осы істеп тұрған ісім қата шығар, осы айтып тұрған сөзім күпірлік шығар деп именетін. Ендігілер менікі дұрыс дейді, шалыс бастым деп күмәнданбайды. Өйткені көзі ашық, сауаты жетік.

– Бәрінікі дұрыс болса, әділетсіздік қайдан шығады?

– Себебі, әділет, шындық деген әртүрлі.

– Қалайша?

– Әркім көргенін, естігенін, білгенін шындық деп есептейді.

– Әлбетте солай!

– Баяғыда бір сәйгүлік бәйгеден озып келеді. Жол жиегінде жарылып тұрған жұрттың бірі: «Қара ат озды!» деп айқайлайды. Екінші жақтағылар: «Ақ ат озды!» деп даурығады. Айқай-шу өрши келе екі жақ әжектесіп: «Ей, көздерін жоқ соқырсындар ма?» деп бір-біріне қамшы ала жүгіреді. Сонда төбе басындағы төреші араға түсіп: «Уа, халайық, сабыр етіңіздер. Бәйгеден келген ақ ат та емес, қара ат та емес. Бәйгеден келген қара-ала ат!» дейді. Сөйтсе, сәйгүліктің бір бүйірі ақ, бір бүйірі қара екен. Демек шындық деген де қара-ала ат сияқты. Шындық көп. Қанша пәндә болса, сонша шындық бар. Ақиқат қана жалғыз. Ол тек Аллаһта. Сондықтан дұрыс дегеніміз бұрыс па, бұрыс дегеніміз дұрыс па – ол тек Жаратушыға ғана аян.

Тәнзила осындай сөз мына жаман шалдың қай жерінен шығып жатыр дегендей таңырқай қарады. Сүйсіне жымып қойды.

– Сөйтіп өмір дегеніміз – белгісіздік деңіз! – Қарияны сөйлете түскісі келіп, әңгіменің шоғын тағы да көседі.

– Әлбетте, таңғы асы тәңірден бұйырар-бұйырмасын кім кесіп айта алады? Біздің тек үміттенуге ғана хақымыз бар. Бәріміз – жел-қайық үстіндегі жолаушымыз. Қайығың қалтылдақ, алдың – белгісіздік. Ұшы-қиыры жоқ ұлы сапарда ұйтқыған дауылға ұрынып құрдымға кетесің бе, жоқ болмаса, жел оңынан тұрып, желкенінді кеулей ме – бәрі сәтіне байланысты. Сенікі тек тырбынып алға ұмтылу. Көз ұшында жылт-жылт жанған бір жарыққа жетсем дейсің. Жақындаған сайын жырақтай түскендей, жеткізіп бермейді. Өмір деген, әне сол...

## ДҰҒА

Қайғы үстіне қайғы жамалып титықтаған шаңырақтың жабырқау жүдеу тірілігін көріп Сәбира қамығып отыр. Бекер келген екенмін деп өкінді. Жүрегін жаралап жасығаннан басқа не барқадар тапты? Құр аяп, есіркегеннен келіп-кетер не бар? Әттең, өзіне салса, осынау бақытсыз үйдің босағасына басын күң ғып байлар еді-ау. Осындай қиын сәтте сүйеніш боп, қасыреттерін сәл де болса жеңілдетуге жараса арман не. Жиырма жыл болса да күтер еді. Бірақ сонда да Әзиз-Сұлтанның алдында ақтала алмасы анық. Жүзіндегі қара таңба өлсе кетер ме енді!

Балалардың көйлек-көншегі, орамал-сүлгілерді жуып, қазан-аяқты тазалап, бар шаруаны жайғастырып барып, түннің бір уағында бел жазған. Екеуі қарсы бөлмеге бөлек жайғасты. Үйдегі жалғыз пілте шамның керосині бітіп, шишасы күйе болып кетті. Мақтаны ширатып, төңкерілген кесенің түбіндегі майға батырып шырақ жаққан. Өлеусіреген жарық сәл лүп еткен лептен шалқып, көлеңкелері қабырғада серең-серең етеді. Көрпе-жастық әкеліп, сипалап жүріп төсек салған. Үй іші қауыс. Газет шапталған бітеу терезеден дым кірмейді. Сыртқы есікті жапқаннан кейін тіпті монша болды да кетті. Тыныстары тарылып, қара терге түсті. Бұл да түк емес екен. Азаптың көкесі шам сөнген соң басталды. Әлдене бет-аузын жыбырлатып ала жөнелген. Құмырсқа ма, өрмекші ме? Әуелгіде не пәле деп түсінбеген. Қойны-қоншын аралап, тістеп-шағып тиген жері дуылдап әкетіп барады. Қайдағы құмырсқа! Құрт-құмырсқадан айналып кетпейсің бе! Сөйтсе, қандала, бит-бүрге деген жауыздың өзі екен. Көптен қан көрмей қактыққан аш, дүлей. Мың-миллион шығар. Жабыла талағанда жаннан безесің.

Қасынып, жынды адамдай өзін-өзі сабалап ал кеп арпалысқа түссін. Не істерінді білмей шарасыздан жылағың келеді. Алақай, бұрын гатып көрмеген қонақтардың тәтті қанын ішеміз деп, қандала мен бүрге біткен осында ауып келген бе, қарсы бөлмеден ондай азапты арпалыс байқалмайды. Қорылдаған, ыңырсыған, тыр-тыр қасынған дыбыс қана шығады. Тек қария ғана әлі ұйықтай қоймаған. Арасында тамағын қырнай жөткірініп қойып, дұға оқып, сыбырлап Жаратқанға ұзақ жалбарынды: «Уа, пәрвар дигар Жаппар ием, бергеніңе мың да бір шүкір. Сабырсыздықтан, инсафсыздықтан, қысас пейілден сақта. Пенделікпен кейістік танытқан жерім болса, кешіре гөр Раббым! Он сегіз мың ғаламның ғаділ падишағы жалғыз өзіңсің. Жазан – әділ, рахымың – шексіз. Құдыретіңе күпірлік қылып күнәһар болған мунафиқ мүскіндерің қаншама, солардың кебін киюден сақта. Нәсібінді ақ-адалынан бұйырта гөр. Нығметіңе мың да бір шүкір. Бергеніңе ризамын, Раббым!..»

Қараңғы түн күбір-күбір сыбырлап, талықсып барып тынышталған. Сәбира бір сәт арпалысқан азабын ұмытып, таң-тамаша сілейіп қалды: «Құдай-ау, осы өмірге де кісі ризамын дей ме екен? Бұл өмір емес, тозақ қой, нағыз тамұқ. Соның өзіне тәуба қылады. Құдай жақсылықты да, жамандықты да ниетіңе береді, сондықтан бар кінәні өзіңнен ізде дейді. Неткен көнбістік!» Пенденің осындай да кең мінезі, кешірімді пейілі болатынын алғаш рет көріп, Сәбира шынымен таңырқаған.

Өкпе қысқан қапырық ауада қара терге түсіп, әрі қандала, бүргемен алысамын деп әбден қалжырап барып қалай кірпігі ілініп кеткенін білген жоқ. Қанша ұйықтағаны белгісіз. Кенет, әлдебір күңіренген ащы дауыстан шошып оянды. Сырттан, жырақтан естіледі. Қасқыр ұлып жатыр ма деп құлақ тіккен. Жоқ, жылаған дауыс. Бірде бәсең ықылық атып, бірде ышқынып өкси зарлайды. Түн ортасында кім бұл сынсыған? Аруақ па, әлде жын-шайтан ба ескі жұртты төңіректен? Қараңғы түн қорқынышты жұмбаққа толып одан сайын үңірейе түсті.

Тісін қайрап, ыңырсып ұйықтап жатқан Тәнзиланы сасқанынан жұлқып-жұлқып қалған. Апалақтап басын жастықтан көтеріп алды:

– Не болды?

– Біреу жылап жатыр!

– Ой, сен қыз да... Жынданған шығарсың. Жыласа қайтемін!.. – Қайтадан жастыққа сылқ ете түскен.

– Тыңдашы! – деді Сәбира жеңінен тартқылап. Тәнзиланың ұйқысы ашылып кетті. Құлақ тігіп сәл жатты да, басын көтерді.

– Тоба, бұл неғылған сұмдық? Шынында да біреу жылап жатыр ғой! Әйел боп жылаған шайтан ғой, шайтан! Апам ескі қорада жын-шайтан болады, бисмиллә деп жүр дейтін. Бисмиллә, бисмиллә! Жын-пері жайлаған жерде мына бейшаралар қалай өмір сүреді!..

Екеуі тізелерін құшақтап, көрпенің үстінде қатар отыр. Үрейленіп бір-біріне тығыла түсті. Зарлы үннің жағы семер емес. Ішін тартып аңырап, боздап үсті-үстіне өксиді. Қараңғы түн сай-сүйегі сырқырап күңіреніп тұр.

Кенет жан тырнаған өксікпен ілесіп:

– Нұржамал айналайын, қоя ғой енді, ақылға кел! – деді әлдекім.  
– Жылама демеймін, жыла. Сен жыламай, кім жылайды. Бірақ бағанадан бері жыладың ғой, сабыр ет! – Сонда барып екеуі қарияның дауысын таныған. Уһ, деп естерін жиды. Қорқынышты елестер шегініп, көңілдері жайлана бастады. «Е, жынды кемпір сыртқа шығып кеткен екен ғой!» деп орындарынан тұрды. Қараңғыны сипалап жүріп сыртқа шыққан.

Аспанды бұлт торлап алыпты. Жылт жоқ, тас қараңғы. Көзге бедерленіп ештеңе көрінбейді. Айнала тұтасқан қара перде. Бірдеңеге шалынып қалмайық деп қорғалақтай басып, дыбыс шыққан жаққа қарай жүріп келеді. Жал боп жиылған қиды сүзе жаздап барып айналғанда, түннің қойнынан суырылып ағараңдаған сұлба көрінді.

Аппақ шашы жалбырап, аппақ ішкөйлегі жерге төгілген әйел тізерлеген күйі, көкке қарап аңырап отыр. Ықылық атып еңіреп, үсті-үстіне өксиді. Бұларды көріп қария:

– Оянып кеттіндер ме, қарақтарым? – деді кінәлі үнмен. – Апаларыңның анда-санда осындай бір соқпасы бар. Ішіндегі құсасын өстіп шығармағанда қайтеді байқұс. Көкірегі қайнап жатыр ғой айналайынның. – Бір сәт басы салбырап үнсіз қалды. Шарасыз күймен құмығып тұр. Содан соң әйелді шашынан сипап, баурына басты. – Жылама, тоқта! Жылағаннан бірдеңе өнсе, көз жасың ендігі көл болған жоқ па. Міне, балаларды оятып, мазасын алдық. Сабыр етші. Әзізім кебін киіп кеткен жоқ қой, үміт үзбейік. Жаныңды қажап таусыла бермеші. Алланың рахымы шексіз. Жарылқаймын десе, қиын ба, Әзизжан ертең-ақ босап шықпасына кім кепіл!

– Құдайдың көзі соқыр, құлағы керек! – деді әйел ықылығына шашала дауысын үзіп-үзіп.

– Астафиралла! Өйтіп күпірлік қылма. Әділдік тек Аллада, жақсылықты да, жамандықты да пенденің пиғылына береді. Сүттен ақ, судан тазамыз деп қалай айтамыз? Бұл да бізге жіберген аз күндік сынағы шығар. Алладан кешу сұрап, мәдат тілейік. Сол қайыр. Болды енді, ішің босап, шерің тарқаса, тұр орныңнан.



Әйел әлгіндегідей дауыс салып жыламаса да өксігін тоқтата алар емес. Тісі сақылдап, ышқына ыңылдап солқ-солқ етеді. Екі қыз қолтығынан көтеріп, орнынан тұрғызды. Денесі былқ-сылқ, зілдей. Ақыретке оранғандай ағараңдаған жансыз денені қара түннің қойнынан суырып, үйге қарай сүйреп келеді.

Ертеңінде түстен кейін жолға жиналған, кешкі поезға үлгірулері керек. Бір күн де болса отбасына базар орнағандай серпіліп қалып еді.

Қария көңілі қоңылтақсып қоңырайып тұр.

– Неге асықтыңдар, қарақтарым, бірер күн жатпадыңдар ма аунап-кунап?

– Жұмыс бар ғой, әкей, – деді Тәнзила. – Сенбі, жексенбіні пайдаланып келгеніміз ғой.

– Е, онда рахмет, жолдарың болсын!

Шықаң берген мол ақшаны Сәбира осылай шығарда Тәнзилаға ұстатқан. Соны кешеден бері қарияға қалай берудің қыбын таба алмай жүрген. Тәнзила қағазға оралған буманы ұсынды.

– Мынау Әзиз-Сұлтанмен бірге оқыған балалардың жиып берген азын-аулақ тиыны еді, сіздерге көмек болсын деп...

Қария ұмсынған жоқ. Алдындағы қаңтарылған қолға қарады да қойды.

– Жоқ, айналайын, бұларың не, алмаймын!

– Қолымызды қақпаңыз, балалар ренжиді.

– Жоқ! – деді қария басын шайқап кесімді үнмен. – Жерге қарап отырған жоқпыз, қарағым. Бауырын тартып, аузымызды аққа тигізіп отырған малымыз бар, нан-шайға пенсиямыз жетеді. Ықыластарыңа Алла риза болсын. Қалада көкөзек боп жүрген, жарықтарым, аз ақшаларыңды ауыздарыңнан жырып бұларың не? Біздің өз несібіміз өзімізге жетеді. Қайта бір қой сойып ала кетіңдер, андағы балалар бір қауяндап қалсын.

– Жоқ, әке, керегі жоқ, күн ыстықта босқа шіріп кетеді! – деп екі қыз сол жерде азар да безер болған. Тәнзила ары қарай ақшаны тықпалаған жоқ. Кетер кезде есебін тауып, столдың үстіне тастап кеткен.

Станция басына апарып салмақ болып екі бала арбаға ат жекті. Ридуанға екі жерден көлденең тақтай қойды. Екі бала алға, екі мейман артқы тақтайға жайғасып, хайыр-хош айтып жүріп кетті. Қария күлімсіреп бас изегенмен көзінде мұң. Таяғына қос қолдай сүйеніп, қоңырайып қала берді.

Құлағы едірейіп, тілі салақтаған сары төбет қыңсылап, өз-өзінен арсалаңдап сондарынан ерді. Бүйірі дәртеге әзер батып шартпаған күрең бие әуелгіде қайда бара жатырмыз дегендей теріс езулеп,

күнделікті шөп тасып жүрген жолына қарай елендеп қиястай берген. Делбені жұлқа тартып, сауырдан салып-салып жіберген соң жүрісі түзелді. Елгезек, желісті жануар екен. Тақтақ жолға табанын топ-топ тастап елпек қақты.

Доғаның бір қалыпты сықыры құлақ сауады. Запорожецтің дөңгелегін салған арбаның жүрісі жайлы, жұп-жұмсақ, жеңіл сырғып келеді. Делбе ұстап отырған Ескендір Ережептің ақыл-кеңес беретін инструкторы сияқты, інісі бишікпен жасқап, биенің желісін сәл үдетіп еді:

– Тоқ малды ыстықта қатты айдауға болмайды, қызыл май болып кетеді! – деді. Кешегі өздері жағасында дамылдаған жайылма судан өткенде, күрең бие Ережепке әл бермей ауыздықты сүзе тартып, тізесін бүге ағынға бас қойған.

– Терлеп келе жатқанда су ішкізбе, құлын тастайды! – деп тағы да ойбай салды. Ережептің қолынан бишікті жұлып алып, биені сауырдан тартып-тартып жіберді. Бәрін біліп сайрап тұрған кішкентай шәңкілдек шал. Тәнзила еріксіз езу тартты.

– Ескендір, сен қаншаға келдің?

Бала оны қайтесің дегендей, қабақ астынан күдіктене қарады.

– Он екідемін.

– Сабақ қалай?

– Онша емес.

– Неге?

– Әзиз ағам анандай болды. Көкем мен апам науқас. Әбден миымыз ашып кетті.

– Биыл кластан көшпей қалды! – деді Ережеп көзі қутындай әңгімеге қыстырылып.

– Жапшы-ей аузыңды, өзің жетісіп тұрғандай! – Ескендір жасып төмен қарады.

– Бұларың жарамайды, жақсы оқу керек! – деді Тәнзила нықтап. – Мұғалімдерің не дейді?

– Бүйте берсеңдер екеуіңді де қаладағы интернатқа жібереміз, сонда жатып оқисындар дейді. Өлсем де бармаймын, көкем мен апам кім қарайды екен?

– Болашағыңды да ойлауың керек қой. Жақсы оқысаң, бәлкім дәрігер, ғалым боларсың.

– Керегі жоқ, мал-жанға қарасам болды.

– Сонда өстіп жүре бересің бе? – деді Тәнзила үлкен кісі сияқты маңғазданған баланы сөйлете түскенді қызық көріп.

– Неге жүре берем, келіншек алам! – деді Ескендір дүңк еткізіп.

– Қашан? Қазір ме? – Тәнзила күліп жібере жаздады.

– Жоға, он сегізге келген соң. Әке-шешемнің шайын қайнатып, кірін жуатын біреу керек қой.

– Оқымаған деп қыздар қарамай қойса қайтесің?

– Қарайды, бәріне бірдей қаратаяқ қайдан табылсын!

Тиіп-қашты әңгімемен әне-міне дегенше станцияға жеткен. Биені камыт бауын босатып, бетон бағанаға байлады.

Ауылға кірген сәттен ит біткен абалап тап-тап беріп зәрезепп болып қалған сары төбет арбаның астына кіріп жатып алды. Қай жақтан келіп бас салар екен дегендей, көзі шарадай дөңгеленіп алақ-жұлақ етеді.

Вокзал іші бос, сап-салқын. Арқалығы қайқайған ұзын бел сары орындықтың шетінде ши қалпақты жалғыз еркектің мойны қылқияды. Кафель төселген жылтыр еден аяқ басқан сайын тақ-тақ жаңғырып, қаңыраған кең зал күмбірлеп кетті. Касса жабық. Доғаланған терезенің көзіне «Билет жоқ» деп жазып қойыпты. Енді қайттік дегендей екеуі антарылып қалған. Әңгімеге ілік іздеп құрағытып қараған ши қалпақты:

– Қай жаққа барасыңдар, балалар? – деді.

– Алматыға.

– А-а, онда қазір... – Көзін сығырайтып білегіндегі сағатына қарады. – Жиырма үш минуттан кейін Әндижан поезі келеді. Оларда орын ылғи да болады. Қайта билет алсаң, бұрқылдап жақтырмайды...

Билет болмаса да, бейтаныстың сөзіне көңіл бірлеп, сыртқа шықты.

Қоштасар сәт таяған сайын Сәбирадан тағат кетті. Аяныш пен қимастық көңілін қатар билеп, екі балаға жаутаң-жаутаң қарағыштай береді.

Қолдары жарылған, күс-күс. Иықтары қушиып тұр. Ескендірдің жейдесінің қолтығы сәгіліп кетіпті. «Қап, бағана неге көрмедім, тігіп беретін едім ғой!» деп өкінді. Ауыр бейнет айғыздаған күн қақты жүдеу жүздерінде балалық белгі жоқ, шаршаңқы, салғырт. Бастарынан сипап аймалағысы келді, қуантсам дейді. Жымиып, жанарларында жылт еткен жылы ұшқын ояну үшін не амал жасаса екен? Сәлде болса көңілдерін ауласам деген далбасамен елбірек қақты.

Үшеуін көлеңкеде тұра тұрындар деп арба жаққа жіберді де, жүгіріп селпоға кірді. Тор дорбаны аузы-мұрнынан шығарып кәмпит, печенье, пряник, консервіге толтырды. Буратино мен дюшесін араластырып лимонад алды. Айлық азық, жылдық үнем болмаса да, бір қаужданға қалсын дейді.

Лимонадты көргенде екі баланың көзі жайнап кетті. Шөл қысса керек, әрі қыр баласының аузына анда-санда бір тиетін жеңсік сусын.

Ішіп алыңдар деп екеуіне екі шөлмек ұсынды. Қалай ашамыз деп бас қатырған жоқ, жанағаштың қырына қақпақтың шетін тіреп төбесінен алақанмен ұрып қалып еді, тоңқ етіп ұшып кетті. Ауыздарына шөлмекті қазықтай қағып қылғытар деген. Өйтпеді. Сабырлы. Ауыз толтырмай жайлап қана сыздықтата ұрттап тұр. Орталап барып шөлмекті арбаның үстіне қойды. Шөлі қанбай, ыңдыны құрып тұрса да құныққан жоқ. Әр нәрсенің қалпынан аспай, жөнін парықтайтын көшелі, дегдар тәрбиенің ишарасын танытты.

Сәбира екеуінен көз алар емес. Сәт сайын ыстық тартып барады. Енді қайтып көрісер күн бар ма екен? Қашан? Жүрегіннің бір бөлшегі осылармен бірге қалып бара жатқандай. Міне, жүздерін көріп, лебіздерін естіді, енді бұлар да актық демі біткенше көкірек түбінде Әзиз-Сұлтанмен бірге жасайды емес пе! Әсіресе Ескендірге қараған сайын жүрегі езіле түседі. Тік маңдай, ұштары түйіскен имек қас. Шарасы кең қоңырқай көздерін жарқ еткізіп қабақ астынан тұнжырай қарағаны дәл Әзиз-Сұлтанның өзі. Шыдай алмай бассалған. Тас құшақтап бетінен сүйіп-сүйіп алды. Әзиз-Сұлтанның иісі. Мұрнын жарып барады. Көкірегі лықсып, көзінен ыстық жас бұршақтап төгілді.

Ескендір ештеңені түсінбей тосылып қалған. Қыздарға жымсыып қабақ астынан қарауға жарап, есейіп қалған бала алпамсадай бойжеткеннің тапа-тал түсте елдің көзінше бассалып сүйе бастағанын ерсі көріп, ұят санады. Тас жабысқан құшақтан бұлқынып жүріп эзер босаған. Сәбира қайта ұмтылмады. Булыға өксіді. Шексіз мейіріммен елжірей қарап, егіліп тұр. Толассыз сорғалаған ыстық жас иегінен кілт-кілт тамады.

Түтіннің қара қалпағын аспанға бұрқ-бұрқ атқылаған паровоз құйрығы қозыкөш жерге созылған ұзын составты ыңырана сүйреп өкіріп-бақырып анандайда ентелеп келеді...

Аяныш билеп, жүрегін тырналаған ауыр ойдан Сәбира көпке дейін арыла алмай жүрді. Жар басындағы қоңырайған жалғыз там, қасырет пен азапты тірлік еңсесін жаншып есенгіреген төрт бейбақ көз алдынан кетпеді. Жүрегі езілгенмен қолдан келер басқа қайраны болмай, қарлығаштың қанатымен су сепкені сияқты сеп болсын деген далбасамен екі рет почта арқылы ақша салып жіберген. Бірақ жатып-жатып қайтып келді. Почтадағылар айдала деп апарып беруге ерінді ме, әлде намыс көріп алмай қойды ма, белгісіз. Бірақ уақыт жазбайтын жара жоқ. Көңіл түкпіріндегі қамырықты елестер бірте-бірте көмескіленіп, сан-сапалақ тірліктің сапырылысқан толқыны жаңқадай қақпақылдап үйіріп ала жөнелген.

## ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛ ЕСІКТЕР

Шықаң сөзінде тұрды, Ұлбану да иттік жасаған жоқ. Қыс түсе жаңа үйге көшкен соң, ескі екі бөлме шынымен Сәбираға қалды. Жалғыз өзіне емес, әлбетте, Ұлбанудың үлкен қызы екеуіне. Шықаңның машинасымен зыр етіп, сол күні-ақ көшіп алды. Бұл пендешілікті қойсаңшы. Енді өлі көңілі ешуақытта селт етпестей көрінуші еді, тапталған ар, қорланған намысының сәл де болса қарымтасы қайтқандай сол сәт әжептәуір масайраған...

Шықаң мұнымен ғана тоқтаған жоқ, қуанту үстіне қуантумен болды. Қызыл-жасыл есіктердің бірінен кейін бірін ашып, көз арбаған сиқырлы жарқ-жүрк әлемнің төріне қарай жетелей берді.

Шықаңның қолы ұзын. Барлық жерде танысы, сыйласы, сырласы бар. Елдің айлап-жылдап табанынан таусылатын жұмысын телефонның құлағын бір бұрап-ақ бітіре салады. Қалалық пәтер бөліміндегі ақысын берсе, боқысын шығаратын бауырлары Шықаң айтқан соң жаны қалсын ба, тасты-аяқтай қағыстырып жарты жылдың ішінде екі бөлмені бір-бір бөлмелік жеке пәтерге ауыстырып берген.

Қалай орайын келтіргенін кім білсін, Сәбираға дәл Шықаңдардың жанындағы үйден бұйырыпты. Тұмсық түйістіріп көлденең тұр. Төртінші қабат демесең, мықтылардың үйі. Шықаң енді қаланың бір шетінен екінші шетіне сабылып жүрмейді, кез келген уақытта лып етіп кіре салады.

Үйді жасандырып тастады. Кірсе шыққысыз. Ауыл қызының түсіне кірмейтін сән-салтанат. Әйел затының көз құртын жер дүние құрғырға қызығып қолқ ете түспегенімен елітіп қалғаны рас, «барға не жетсін, кеше қандай едім, қайыршының күнін кешіп жүрген құрбыларым қанша?» деп өзін алдарқатқан болады.

Ал осының бәрі қалай келіп жатқанын ойлағанда, ортасына от қойып, өзі қоса өргеніп кеткісі келеді. Бірақ дәрмен қайда. Сондай арпалысқан сәттерінде «суға кеткен тал қармайдының» кебімен, «мұндай күйге ұшыраған жалғыз мен емес, бұдан да зоры бар» деп өмірде өзі көріп жүрген азып-тозғандықтың небір сорақы мысалдарын есіне алып, соны дәтке қуат қылатын.

Бірте-бірте не болса ол болсын деген бойкүйездік биледі, Бір өзі екіге бөлініп, аралары мәңгі жақындамас екі кеңістікте шыр айналып жүрген тәрізді. Енді бұл осынау қатыгез, қарбалас тірлікте тәнімен ғана өмір сүріп жүргендей. Қимылдап көз алдаған құр сұлба. Жұмыс істейді, тамақ ішеді. Күлген болады – шын күле алмайды; қуанған болады – шын қуана алмайды.

Ал жаны азат. Кіршіксіз асыл махаббатын әлдилеген жүрегі жаздың сол бір мақпал түнін жамылып жасыл бақта Әзиз-Сұлтанмен қол ұстасып аймаласып жүргендей; қыстың сол бір шуақты күнінде Әзиз-Сұлтанмен бірге Алатаудың бөктерінде шаңғы теуіп, сақ-сақ күліп жарысып келе жатқандай... Сағыныса табысқан екі ғашық жасыл бақтың саясынан шыққысы келмейді; әппақ қар жамылған Алатаудың беткейінен төмен түскісі келмейді, өйткені төмендегі сайқалдардың табаны ласталған кір-қожалақ асфальтті аяғымен басқанға жиіркенеді.

Шықанның кезекті махаббаты, жас тоқалы туралы қауесет көпке тарап кетті. Жарты Алматы құлақтанды. Қызыққан да, қызғанған да көп. «Япырай, бәйбішесі өліп, жақында ғана төсек жаңғыртып еді, қызуы басылмаған қызға бергісіз әйелі тұрғанда мұнысы қай желіккені? Ендігі қолына қондырғаны он сегізге жаңа толған бұраң белдің өзі екен! Беті қызыл ұрғашы көрсе, қиядан қырғидай қағып түсетін не сиқыры бар бұл шалдың?» десті тамсанып. Әйтеуір әңгіме көп.

Естігеніне қиялын қосып тұздықтап жіберетіндер де бар. Бір әуейі тіпті, Шықанды аңдып моншаға да барыпты дейді. Шықаң томпиған қарнының төменгі жағына қалайы легенді төңкеріп, алай бұрылса да, былай бұрылса да ана пәруайсыз тесірейіп қалмайтын көрінеді. Әбден зығырданы қайнаған Шықаң: «Құлдыкі құлаштай деп, немене! – деп легенді ағаш сөренің үстіне даңғыр еткізіп тастай салыпты. – Мәселе тықникада, бала, тықникада!»

Тағдыр көпсінді ме, Шықанның бұл сайраны ұзаққа созылған жоқ. Қайта құрудың тосын ұйтқыған құйыны мамыржай тірлігін астаңкестең етті. Бүкіл елде сапырылысқан өзгеріс. Ескі басшылардың дені аттан түсіп жатыр. Жеделдету локомотивіне кедергі болатын ескі түсініктегі кәрі-құртаң кумүйіздерді жолдан ысыру керек дейді.

Шықанның министрі де кетіп, орнына Петропавл жақтан бір шикіөкпе келген. Орыс мінезді, бірбеткей. Қазақша майдалайын десең, оскырынып маңына жуытпайды. Келген бетте айналасын сыпыра тазалады. Шықанды да біраз ырғап көрген. Тамырын тереңге жіберген кәрі емен оңайшылықпен жығылсын ба, жоғарыдағы ағайын-туған өре тұрып дүм көрсеткен соң, амалсыз тоқтаған.

Сөйтіп жүргенде, әлдекім үстінен домалақ арыз жазып, Колбин жолдастың атына айдап жіберіпті. «Осылай да осылай, бұл тұрмыста азғындаған адам. Лауазымын пайдаланып, қоластында курьер боп істейтін немересінен де кіші қызбен көңілдес болып жүр. Оған пәтер де алып берді. Осындай бұзылған адам қалай басшы болып, айналасына үлгі танытпақ...» деп көсіліпті.

Парт жиналысқа салып, бір сілкілеп алғаннан кейін, әңгіме ары қарай ушығып кете ме деп қорқып, жауқабақ министрге амалсыз өзі арыз берген. Бірақ айналайын бауырлары жерде қалдырған жоқ.

Ер екен, ел екен. Бір кезде өзі қолтығынан демеп іліктіріп жіберген балалары ғой. Істеген жақсылығың да, жамандығың да алдыңнан шығады деген осы, еселеп қайтарды.

Жаландаған жас бөрілер қойсын ба, қаланың қақ ортасында министрліктің төрт қабатты даңғарадай жатақханасы бар еді, «мә, саған біз көкемізді қорлағанды көрсетейік!» деп қыржиған министрсымақ немені қолын бұрап тұрып, соны тартып алды да, бюджеттің есебінен түбегейлі қайта жасақтап, көрген көз қызығатындай мейманхана ашып берген.

Шықаңның енді мұртын балта шаппайды. Жаны тыныш, жағасы бос. Қонжиып креслода құр отырғаны болмаса, шаруаны шырк айналдырар көмекшілері жеткілікті. Бір Ұлбанудың өзі неге татиды. Екі тізгін, бір шылбырды соларға ұстатып қойған.

## ҮЙРЕНШІКТІ ЖОЛ

Аз уақыттың ішінде «Кванттың» аты дүрілдеп шыға келді. Шал не бүлдіріп жатыр деп қорқа ма, анда-санда айналайын бауырлары келіп: «Көке, гаремге айналдырып жіберген жоқсың ба, әйтеуір?» деп бір қарап кетеді.

Бұрынғыдай жалбақтайтын қожайын жоқ, нокта-жүгеннен басы біржола босап еркіндік алған ақшұнақ шал мүлдем қутындап кетті. Дәріні уыстап жеп, күйекке түскен сақалы сасық кәрі текедей бақылдап маза беруді қойды.

«Кең көсіліп еркін бір жатайыншы» деп бір күні екі кештің арасында кішкентай қызыл қол чемоданын алып, Сәбираның үйіне келген қыдыып. «Үйдегілерге Маңғыстауға командировкаға барамын деп кеттім!» дейді.

Содан бір күн жатты. Екінші күні таблеткасын теріс қарап қылғытып алып тағы әуейленді. Үшінші күні іңірде:

– Қоқысты шығарып келе қояйын, – деді шошандап. – Әрі сыртқа шығып кішкене бой жазып келмесем.

– Қойыңызшы, Шықа, еркек басыңызбен шелек көтеріп жүргеніңіз ұят қой. Біреу көрсе не дейді!

– Не десе о десін, сенің қоқысыңды тасып, босағанда жүрсем арманым не, шіркін, кішкентай тәттім-ау, кәмпитім-ау!.. – деді көзі суланып қутың-қутың етіп.

Сәбираның қарсыласқанына қарамай, қолынан тартып алғандай болып, шелекті көтеріп шығып кеткен. Үстінде әдетте үйде киетін ақ лампасты қара-көк спорт костюмі. Езуіндегі темекінің ұшы жылт-жылт қызарып, жінішке түгін ширатыла будақтайды.

Ешқандай алаң жоқ, өзіңмен-өзің, бейғам қандай рахат хал десеңші. Үйреншікті жол. Жас әйел алғаннан бері күнде кешке қоқыс шығаратын әдеті. Ешкім сөйте қой деген жоқ, елпілдеген өзі. Өзі жас, өзі сұлу әрі Еуропаға бір табан жақын сонау Қазаннан келген ерке тоташқа қырдың кертартпа феодалы болып көрінбеу үшін министр басымен алғашқы күніақ қара шелекке жармасқан. Содан бері басыбайлы міндетіне айналып кетті.

Шелек ұстап сыртқа беттесе болды, қоқыс төгер жерге аяғы өзі бастап алып барады. Қалай барып, қалай келгенін білмей қалады.

Міне, аузымұрнынан шыққан темір контейнерге шелегін салдыр еткізіп төңкере салған. Бір қара мысық қара доға болып анандай жерге бірақ қарғыды. Шықан шылымын екінші езуіне ырғытып кері бұрылды.

Үйреншікті ізіне түсті. Көңілі масайрап, түсініксіз әлдеқандай әуенді мұрын астынан ыңылдайды. Андасанда «Қазақстанның» жұпар түтінін ауаға құшырлана үрлеп қояды. Сол бейғам қалыппен подъезге енген. Кенет алдынан қоңыр емен есік шалқалай ашылғанда шалқасынан түсе жаздады. Сонда барып құдай төбесінен қос қолдап ұрғанын бірақ білген.

Есіктің аузына кептелген сары келіншек таңтамаша боп бетіне қарады. Өнім бе, түсім бе дегендей өз көзіне өзі сенбей сілейіп тұр. Сәлден кейін бәрін түсінгендей, көкшіл көздері көкпенбек у бүркіп шарасынан шыға шатынап бара жатты.

Сары келіншек сары арыстанға айналды. Жалы күдірейіп күркірей ұмтылайын деп тұрған ашулы арыстан.

Шықанда естүс жоқ. Кәрі жүрегі кеудесін қақ айырып жіберердей оқыс бұлқыныпбұлқынып қалған. Сол жақ омырауының асты удай ашып қоя берді. Сонда да дыбыс шығармай шыдап тұр. Сары арыстан алға аттады. Атылып келіп бассалардай.

— Аа, чемодан ұстап кетіп едің, боқшелек көтеріп келдің бе? Сенің командировқаң осы екен ғой!.. Әй, балалар, бері шығындар! — деді есікке қарай басын бұрып. — Міне, әкелерің келіп тұр, көріңдер. Ардан безген кәрі қақпас, бүйткенше өлсеңші!.. — Қолындағы шелекті жұлып алып, түбіндегі жуындыны сорғалата басына кигізе салған.

Шықанның басындағы шелекті алуға шамасы келген жоқ. Тынысы бітіп, көз алды қарауытып жүре берген. Былқсылқ теңселіп, тізесі бүгіле бергенде баспалдақтың жақтауын жандермен құшақтай алған, салмағы басып аунады да кетті.



Әйелдің ашы шыңғырығы құлағын жарып, құдилаған шелектің сонынан қуа түпсіз шыңырауға құлап бара жатты...

Дәрігерлер екі дай болды. Бірі: «Шықанның мойны үзілген, омыртқасы екі жерден сынған, өліміне сол себепші» деп қорытынды шығарды. Екінші сарапшылар: «Кең көлемде инфаркт болған, баспалдақтан құламай тұрып жаны шығып кеткен» деген пікірге табан тіреді. Қалай дегенмен, сол бойда қылмысты іс қозғалған.

«Шықамау, шалымау, шынымен сенен айрылып қалғаным ба!» деп қос мықынын таянып, көз жасын көлдей ғып боздаған сары келіншекті прокуратура біраз сүйреген. Араға Шықанның әлгі камқор бауырлары араласты. Өлген шал енді тірілмейді, артынын абыройын ойлайық десе керек, дабыра қылмай жылы жауып қоя салды.

### ЖҰМБАҚ ДУА

Ең қызығы, тірісінде өмірінің гүлін таптаған қорлаушыдай көретін Сәбира ақшұнақ шалдан құтылғанына қуанған жоқ. Қайта көңілін біртүрлі аяушылық биледі. Қиянатзорлығын кешіргендей, қиын кезде істеген жәрдемқамқорлығын, жаны қалмай жалбырақтап жақсы көретінін қимастықпен еске алды. Бейшара, осының бәрін шын сүйіп, ынтызар болғандықтан істеген екен ғой. Ғашық адам не істемейді! Атақабыройына қараған жоқ. Бәрін мұның жолына құрбан етті. Ет пен терінің арасындағы жай желік, құр нәпсі болса, ақылестен айрылып дәл осындай қылықтарға барар ма еді? Бұл оны әкемдей үлкен кісі, кәрі деп кінәлады. Оғаш санап жаны түршікті. Әрине, ерсі, ессіздік. Бірақ кәріде жүрек жоқ па? Адам табиғаты ойлап отырсаң, шешуі жоқ шексіз жұмбақ қой. Махаббат дегеннің өзі де ессіздік емес пе, кәріжасқа қарамайтын.

Қалай дегенмен бойы үйреніп бауыр басып кеткендей сыңайы бар екен. Іргесі үнірейіп қалғандай, біразға дейін көңілі қоңылтақсып жүрді. Осындайда ауылда әйелдер айтып отыратын бір әңгіме есіне түскен. Ертеертеертеде, ешкі жүні бөртеде, бойжетіп отырған бір қызды тоғай арасында шөмшек теріп жүргенде аю ұрлап әкетіпті-мыс. Бүкіл ауыл табанынан таусылып неше күн іздеп таба алмаған соң, ақыры түңіліп қояды. Аю жеп қойды деп ойлайды. Ал аю болса қызға тиіспейді. Үнгіріне көтеріп алып келеді. Шошып бақырған қызды қалай уатарын білмей, басынан сипайды, қолынан жалайды, болмаған соң қарағайға өрмелеп шығып, басынан иіп сындырады да ұзын боп жарылған жаңқасын тартып қоя беріп, тартып қоя беріп дыңылдаған

дыбысқа мәз болады. Елігіп тілінен сілекейі шұбырады. Соны көріп жылап отырған қыз күліп жібереді. Қашайын десе, өлтіріп тастай ма деп қорқады. Сөйтіп үнгірде тұра береді. Аю қыздың белін жалап бүкірейтіп әйел қылып алады. Қарағайдың жаңғағын қағып, қарақат-бүлдірген теріп жеп күнелтеді. Кейде аю араның ұясын бұзып бал әкеліп береді. Жылдардан жылдар өткенде бір күні аңшылар үстінен түседі. Аюды атып алады. Шашы жалбырап, белі бүкірейіп төрт аяқтап жүрген әйелдің баяғыдағы жоғалған қыз екенін танып ауылға алып келеді. Сонда қыз: пәледен аманесен құтылдымау деп қуанудың орнына:

– «Үнгір де болса үйімай,

Аю да болса байымай!», – деп дауыс салып жылапты дейді.

Әйткенмен Шықаңның орнын суытқан жоқ. Көп пұшайман аузының суы құрып, шалдан айбынып жүреді екен. «Вакансия» босаған бойдақ министрліктегі жігітжелең шыбындай қаптасын. Бірі – ресторанға, бірі киноға шақырады. Қия бастырмай қиылып тұрып алады.

Шықан кеткен соң шайқалтып мінетін кара «Волга» да, ондысолды шашатын ақша да көзден бұлбұл ұшқан. Бір құс мұрын, алтын тіс жігіт өлермен екен, бір ай қыр соңынан қалмады. Қайда барса, алдынан домаланған қызыл «Жигулиінің» есігін айқара ашып тұрып алады.

Бір күні амалсыз көзі қызығып, қызыл «Жигулиге» мінген. Сөйтсе, нағыз әуейінің өзі боп шықты. Бірден өлердей «ғашық» болып қалыпты. Бес күн өтпей, «әйеліммен ажырасамын» деп әлек салсын. «Қойыңыз, ағасы, қатынбалаңыздың көз жасына қалар жайым жоқ!» деп әзер құтылған.

Енді жаным тынышталды ма дей бергенде, тағы бір сынап көз, сүксұр кара босағасында бұратылып жатып алсын. Аяп кетіп икеміне көніп еді, бірақ ақша десе дірілдепқалшылдап қалған сорлы екен. Ондай масылдың сылдыраған сүйемкүйемін қайтсін...

Қойшы әйтеуір, жарты жылда екі жігіттің басына су құйған. Одан кейінгі көңіл қосқаны – Гиви. Ең ұзақ тұрақтаған сол. Мұсылман емес демесең, кісілігіне тағар міні жоқ. Нағыз сырбаз, джентельмен. Бетжүзі келіскен, ер тұлғалы. Айыбы тек жүндес. Кеуде жүні сақалымен тұтасып кеткен, көйлегінің өңірінен уыстай боп дудырап шығып тұрады. Кейде құшақтап иығына білегін артқанда, мойнына құндыз жаға салып келе жатқандай боласың.

Бір күні көшеде Ұлбану қарсы ұшырасып қалып: «Мынауың суға шомыла ма, әлде химчистқаға бара ма?» деп қылмындай күлген.

Ұлбану демекші, ол сұрқия талай рет телефон соғып: «Жарылқаушың Шықаннан айрылдың, күн көруің керек кой, біздің «Квантқа» кел, табыс жақсы, бай клиент тауып берем» деген жәдігөйленіп. Гиви тұрғанда ондай клиентті қайтпек!..

Енді міне, сырғақсып одан да сырт айналды. Ресторанда әлгі бейтаныс жігітті көрген сәттеақ көңілі нілдей бұзылды. ӘзизСұлтан жарқ етіп көз алдына тұра қалғандай, көкірек түбінен ұлы сағыныш лап қойды. ӘзизСұлтанды өстиөсти ұмытармын дегені бос әурешілік екен. Алақұйын, алапат сезім тербеп, теңселтіп жіберді. Ес жиғызар емес. Жырақта қалған тәтті елестер келкел деп құшағын жаяды.

Бейтаныс жігіт ӘзизСұлтан боп көкірегіне кіріп алды. Сол аяулы ғазиз бейне. Қабақ астынан томаға көзін төңкеріп, біресе мұная күлімсірей еліктіріп, арбап барады.

Екіүш күндей делсал боп жүрді. Өзін қоярға жер таппайды. Бейтаныс жігітпен хабарласарын да, хабарласпасын да білмейді. Тәуекелге жүрегі дауалар емес. «Құрысын, басым тағы бір пәлеге шырматылып жүрер» деп, телефон жазылған тілдей қағазды екі бөліп, лақтырып жіберген. Бірақ телефонның әрбір цифрі миына қашалып жазылып қалыпты. Өшер емес, сол цифрларда әлдебір жұмбақ дуа бар сияқты, ӘзизСұлтан күндізтүні есінен шықпай тұрып алған.

Бүгін міне, тағы да кең бөлмеде байыз таппай шиыршық атып жүр. Тымпиған қызыл телефонға қолы әлденеше барып қайтты. Арпалысқан сезіммен алысып әлек. Ақыры «қойшы» осы менікі не азап, кісімен сөйлескенде не тұр, кейінгісін көре жатармын» деп телефонның тұтқасын көтерген. Шығырды асығыс бұрай бастады. Жүрегі лүплүп соғып аузына тығылды...

## ТАБАЛДЫРЫҚ

### «АМАНБАЕВ КАТОЛИЗАТОРЫ»

**П**рофессор Ахметовтың күн санап беті бері қарап келеді. Емшісі – Ханым. Дәрігерлер дене мүшесінің қызметін жақсартып қуат беретін әртүрлі укол соғып, организмдегі өзгерістерді күнделікті бақылағандары болмаса, жаңадан емдом колданып жатқан жоқ. Өздерінің дәрменсіздігін мойындап, билікті ақ мысыққа беріп қойған. Екі ай бойы медицинаның бар мүмкіндігін пайдаланып түк істей алмағанда, о дүниенің табалдырығында жатқан шала өлікті тілінің ұшымен жалапақ тірілтіп алса, ақ мысыққа қалай тәнті болмассын.

Ханым қарыны арқасына жабысып, бұраудай боп жарап алды. Жүдеп, сылынса да, бойынан ғаламат бір қуат ұшқын шашып тұрғандай. Қағылез, ширақ. Тәбеті керемет. «Сеансы» біткен бойда денесін біресе садақтай иіп, біресе жебелей жазылып, сүйегін күтіркүтір еткізе гимнастика жасап алады да, мияулап тамақ сұрайды. Алдына келген асты жаудай түсіреді.

Дәрігерлер асханадан күн сайын арнайы шикі ет, сүт алғызып, тоңазытқышқа салғызып қояды. Күн әбден шақырайып оттай жанған сәтте терезенің ернеуіне шығып қыздырынады. Жалпақ қаңылтырдың үстіне ұзынынан түсіп сағаттар бойы тырп етпей жатады. Қалай пісіп қалмайтынына қайран қаласың...

Бір уақытта маңғаз басып, ашық тұрған терезеден кіріп келе жатады. Екі көзі көкшіл жалынға оранып маздап тұрғаны. Жүні қылшықта-на қопсып тікірейіп алған. Қол тигізсең сытырлап от шашады. Бүкіл

денесі толассыз ток шығарып бүлкіл қаққан кішкентай электрстанциясы дерсіз.

Ханым кереуетке қарғып шығып, науқасты шыр айналып арлы-берлі жүреді де, бір кезде шоқайып отыра кетеді. Қыбырсыз қаздифан қалпы, көзін жұмып, бырбыр етіп ұйықтап отырғандай.

Бір уақытта түрегеліп науқасты жалауға кіріседі. Кейде башпайларын, не саусақтарының ұшын, кейде құлағының түбін, желкесін, төбесін жалайды. Әрқайсысын жекежеке, арасында бесон минут дамылдап алып бірнеше сағат жалайды. Кей күндері кеудесіне не кіндігінің үстіне бауырын төсеп шөгіп жатқаны, іштегі кеселді өз бойына сіңіріп сорып жатқандай, жабысқан денесі дамылсыз солқылдап бүлкіл қағады.

Мұндай «сеанстардан» кейін ханым тәлтіректеп орнынан әзер тұрады. Бар қуатын сорып алғандай жүні үрпип, арсаарсасы шығып қалжырап қалатын.

Ханым «емдегеннен» бергі уақыт ішінде профессор басын көтеріп отыра алатын халге жетті. Қолын, аяғының ұшын қозғалтады. Айтқаныңды естіп, ұғады, бірақ тіл жоқ. Жауабы – иек изеп, бас шайқау. «Ақ мысық аман болса, тілі де шығар әлі» дейді докторлар әзілдеп.

Күн өткен сайын келімдікетімді адамдардың аяғы сирей түскен. Ет жақын туыс әу бастан жоқ, досжарандардың өз тірлігі бар, мұршасы келгендері андасанда бас сұғып кетеді.

Күн құрғатпай келетін Бахтияр мен Биназар ғана. Екеуі келісіп алған, кезектесіп келіп тұрады. Жаймашуақ күндері Бахтияр профессорды арбаға отырғызып есік алдындағы баққа алып шығады. Профессор жанары тұнжырап айналаға соншалық сағынышпен сүйсіне қарайды. «Беу, дүние, неткен ғажап, неткен ыстық едің!» дейтіндей.

Аурухана бағбаны нағыз фанатик эстет болса керек. Аула ішіндегі көрініс көз жауын алады. Әр бұта, әр дарактан шебер, қамқор қолдың таңбасын көресің. Жол жиегіндегі жалданып өскен бүрген машинкадан шыққандай түптүзу болып қырқылған. Керіп қойған көк лента сияқты көз сүйсінтеді. Акациялар мен балапан үйеңкілер ыңғайына қарай шырпылып, бірі – шар, бірі – куб, бірі конус тәрізді боп неше түрлі геометриялық фигураларды елестетеді.

Кең ауланы тілшелеген көп таспа жолдың біріне түсіп, баяу сырғып бақ ішіне енеді. Қазқатар сап түзеген қарағаш, қайыңның саясында бір-бір орындық. Шеткері жақтағы біріне келіп жайғасады.

Профессор шақырайып тұрса да күнді жақсы көреді. Басын орамалмен көлегейлеп шуаққа отырғызып қояды. Өзі орындыққа жайғасып, кітап, газет оқуға кіріседі. Профессор естісін деп дауыстап

оқиды. Профессор құлақ тігіп қимылсыз қалады. Бахтияр дауысын бәсеңдетсе, қаттырақ оқы, тындап отырмын дегендей көзімен ишара жасайды. Бірақ тындағаны ұзаққа бармайды. Таза ауада маужырап, есінеп отырып қалғып кетеді.

Кейде мазасызданып, әлденені сұрағандай, бұған қайтақайта иегін көтеріп жаутанжаутан қарай береді. Бахтияр сезе қояды. Мүкәрама апайды іздеп отыр. Ол қайда, неге келмейді дейді. Бұл ештеңе түсінбеген сынай танытады. Не сұрайын деп едіңіз, ұқпадым дегендей міз бақпайды. Арлыберлі ишаралап түк өндіре алмаған соң дәрменсіз кейіппен қалжырап сұлық отырып қалады.

Жүзі суық, меңіреу. Жүрегі бірдеңені сезе ме, әлде өзінің шарасыздығына қорланғаны ма, көзінен жасы үнсіз моншақтап ыршып-ыршып кетеді.

Бұл кезде екінші бір профессор Аманбаевтың бағы аспандап тұрған еді. Алматыдағы ғылыми жұртшылықтың аузында тек соның есімі. Ғылымға жаңа Эйнштейн, жаңа Менделеев келген секілді, «Аманбаев католизаторы» деп аузын ашып, көзін жұмады. Апам да аңтаң, өзім де аңтаң демекші, бәрі де аңтаң. Бірі – ашқан жаңалығының маңыздығына таң қалса, бірі – осындай үлкен жаңалықты бұрын мүлдем елеусіз болып келген адамның аяқ астынан ашқанына қайран.

Қазақ арасы қашан да марғау ғой. Сүйретіліп ылғи көштің соңында жүреді. Үлкен еңбектің мәнмаңызын түсінем дегенше басқалар бағасын беріп те қойды. Қазақ ССР Ғылым академиясы не істейміз деп толғатып, ырғалыпжырғалып жүргенде, Москвадағы химия ғылыми зерттеу институты СССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынып үлгірді. Іле-шала Браун, Эйхман, Зосимович бастаған жеті академиктің «Известияда» Аманбаев еңбегінің ғылыми маңызын дәйектеген бір бетке таяу мақаласы шықты.

Бірақ казекене ол жақпай қалды. «Қап, мына еврейлердің залымын карашы, Лениндік сыйлықты қимай, Мемлекеттік сыйлықпен құтылмақшы ғой. Лениндік сыйлықты бермеу үшін әдейі істеп отыр. Қайран Димекең болса, беделін салып, бірден Лениндік сыйлық алып берер еді!» деп күпілдесті.

«Известия» бастап берген жарыстан қазақ баспасөзі де қалысқан жоқ. Қай газетті ашып қалсаң да, алақайға басып айқайлаған тақырып: «Химия ғылымының жаңа көкжиегі», «Қазақ ғылымының даңқын әлемдік орбитаға көтерген ғұлама», «Аманбаев феномені»...

Қауқарсыз «Қайраттың» абайсызда пенальтиден соққан жалғыз голын жарты жыл жыр қылатын журналист ағайындар Аманбаевты мақтауға теңеу таппай қиналды. Ал бүкіл Алматыны осынша дүрбелеңге

салып дүрліктірген Аманбаев түк болмағандай, сол баяғы тымниған қалпы. Бәрімен сыпайы, сырбаз. Үстіндегі сұр костюміне дейін өзгермеген. Қайта жанарында үрейге ұқсас бір жасқаншақ жылтыл бар. Жарамсақтар шашбауын көтеріп кеукеу жалбақтаған сайын «япырай, осынша құрметке бөленетіндей сонша не істеп тастадым» деп өзіне-өзі онша сеніңкіремейтін сияқты. Қысқасы, жүрістүрысы, айналамен амансәлемі: «оу, халайықау, не болған сендерге, мен сол баяғы Аманбаевпын ғой» деп тұрғандай.

Енді Бахтияр да одан қарадай айбынатын болды. Анадә лабораторияда талдаулар жасап жұмысына қолғабыс тигізгеннен бері, араларында бір жақындық орнағандай, мойынны былқылдап, оның алдында еркінситін. Ол әдетінен жаңылды. Біртүрлі мысы басатындай. Сондықтан кездеспеуге тырысып қашқалақтап жүретін.

Бірақ Аманбаевтың мұны көрмесе көңілі көншімейді. Аптасына бірекі рет методист келіншек арқылы шақыртын алады. Биназар екеуінің лабораторияда тығылып алып андасанда жүз грамдататын ұрлықтары бар еді, енді қашан шақырып қалады деп қорқып, одан да қалды.

Аманбаев жұмысқа қатысты қарбалас ештеңе болмаса да, жай осылай кездесіп шүйіркелескенді жақсы көреді. Халахуал сұрайды. «Газетжурналда үзінділері шығып жатқан монографиямды басаяғын реттеп жақында баспаға ұсынбақшымын. Әуелі Биназар екеуіңе бір оқытып аламын ғой. Сынескертпелеріңді жасырмай айтарсыңдар» дейді.

Әңгіменің ақыры әдеттегідей профессор Ахметовке ауысады. «Мүсілім Есқараевич, тәуір боп келеді дейсің бе? Дүррес, дүррес, тезірек жазылып кетсін, тілектеспіз! – Елпектеп басын үстіүстіне изейді. – Жұмысбасты боп қол тимей кетті көптен бері. Бір кіріпшықпасам болмас. – Содан соң көргенбілгеніңді ежіктеп ұзақ сұрайды. – Сөйтіп, көзі көріп, құлағы еститін болды де. Айтқан сөзді ұғады ғой?

– Ұғады. Газет оқып берсем, тындап отырады. Тек сөйлей алмайды.

– Дәрігерлер не дейді?

– Біртебірте тілі шығуы мүмкін дейді.

– Апырай, ә, онда жақсы болар еді! – дейді Аманбаев қуанғаннан өңі қуқыл тартып.

– Айтпақшы, бәйбішесінің қазасын естіді ме?

– Жоқ.

– Ендеше естірту керек.

– Ойбайау, о не дегеніңіз? Болмайды ғой! – дейді Бахтияр азарда-безер болып. – Қалт-құлт етіп басын енді көтере бастағанда ондайды естісе, қайтадан ұшып түспей ме.

– Ештеңе етпейді. Бәрібір естиді ғой. Қайта осындай есін шалашарпы жинаған әрі-сәрі күйінде естігені дұрыс, уытын онша сезбей қалады. Ал әбден тәуір болғанда естісе, қатты сокқы боп тиіп, біржолата омакастыруы мүмкін.

Былай қараса жаны бар, жөн сөз секілді, бірақ бәрібір жүрегіне сінбеді. Адамның дәті бармас опасыздық сияқты болып көрініп, қарсы уәж айтуға батпай:

– Жарайды, ретіне қарай көрерміз, – дей салған.

## ЖАЛҒЫЗ ЖАПЫРАК

Айнала сарғыш тартып, сабырмен тыныстаған күздің шуақты күні еді. Құбылмалы Алматының кірпігінде нұр ойнап, айрықша мейірмен жайдарлана қалған кезі. Тұңғыықтанған көкшіл аспан тұп-тұнық, мөлдір, сұрткен әйнектей сынғырлап тұр. Шіркеу күмбезінен шашырай ұшқан қалың кептер бірте-бірте биіктеп қара ноқаттай аспанға сіңіп барады. Қайда қарасаң да жадырап, жайраң қаққан тіршілік. Тек көз жасындай тамшылап сытыр-сытыр жапырақ жауған бақтан ғана күздің күрсінісін естисің.

Бахтияр профессорды бақ ішіне шығарып ұзақ серуендетті. Қатар-қатар сап түзеген қайың, үйеңкі, қарағайлардың арасын қуалап кететін қырық бұрма асфальт жолды әлденеше айналып шықты.

Профессор күнде таза ауаға шығысымен маужырап тез ұйықтап қалатын. Бүгін сергек. Тізесінің үстінде дөңгеленіп быр-быр ұйқы сокқан ақ мысықтың арқасын сипап қойып қимылсыз отыр. Иегі кекжиіп мөлдір аспанға, күннің нұрын қанатымен аударып-төңкеріп жоғары-төмен қалықтаған кептерлерге ұзақ-ұзақ телміреді. Айналадағы тіршілік көрінісінен бүгін бір айрықша мән аңғарғандай, жүзі мұңлы, жабырқау.

Қанаты үй орнындай жерге жайылған үлкен бәйтеректің түбіне келіп тоқтаған. Арбаны жол жиегіндегі күншуаққа қойып, Бахтияр орындыққа келіп отырды. Үп еткен леп жоқ, тымық. Кенет жоғарыдан үшкіл сарғыш жапырақ сырт етіп үзіліп түсті. Тігінен ауаны бұрғылай құдилап келді де профессордың төбесіне сүйем қарыс жетпей шыркөбелек айналып тұрып алды. Жіпке асылған зырылдауық сияқты. Құрт-қоңыздың жабысқақ жіпшеленген сілекейіне ілініп тұр ма, көзге ештеңе көрінбейді. Біреу түсіріп-тартып тұрғандай, сәл-сәл бір жоғарылап, бір төмендеп тоқтаусыз зырыл қағады. Көзіне ерсі көрінді ме, профессор қабағын түйіп, қозғалақтап өз-өзі-



нен мазасызданып кетті. Бахтияр мұны неге жорырын білмей аң-таң. Профессордың төбесінен биоток шығып тұр ма екен?

Бахтияр арбаны басқа жерге қояйыншы деп ойлаған. Сөйткенше болған жоқ, жапырақ сол шыр айналған күйі қайтадан жоғары қалықтап барды да бұтаққа ілініп, қимылсыз тұрып қалды. Көп жапырақтың бірі сияқты. Бірақ түбінен үзілген өлі жапырақ. Бұл ненің ишарасы? «Қойшы-ей, қайдағы жоқ бірденеге мән беріп!» деп, қисынсыз жанасқан жабысқақ ойдан басын қанша алып қашса да әлдебір секем көңіліне инедей қадалып тұрып алды.

Көп өтпей ауаға суық дем үрлеп, жел қанат қақты. Күзге қарай Алматы күнінің кірпияз келіншектей тез құбылатын әдеті. Ағаш басы шуылдап, жапырақ жауып кетті. Құс көлеңкесінен қалтырайтын әлсіз науқасқа суық тиіп қалар деп, Бахтияр аялдамастан профессорды ішке алып кірген.

Көтеріп төсегіне жатқызды. Шығырды бұрап, кереуеттің бас жағын көтеріп қойды. Профессор көзін жұмған күйі шалқалап жатыр. Қалғып кеткендей, қыбырсыз. Ұйқысы қанған ақ мысық профессордың сол жақ иығына шоқиып отырып алып, кішкентай қызғыш тілімен самайын, құлағының түбін жалауға кіріскен. Кенет жел ұйтқыды, ышқынып әйнекті соқты. Бір шелек суды құлаштап шашып қалғандай осып өтті. Бөлме іші лезде қараңғы тартып жүре берді. Үйіріле ұшқан қалың шаң мен жапырақ қара бұлттай сапырылысып, аспанды тұтты. Терезелер сарт-сұрт ашылып-жабылып, сынған әйнектің сыңғыры естіліп жатты.

Бұлардың палатасын да жел кеулеп, ұзын ақ перде төбені сипап тыпырлап қалды. Қақ жарыла ашылып қара түнек шаңға қақалған терезені Бахтияр жүгіріп барып әзер жауып үлгірген. Аспан асты астаң-кестең. Осыдан санаулы минуттер бұрынғы тыныштық мамырлаған жаймашуақ көріністен нышан да жоқ. Бұл не? Өмірдің өткінші, құбылмалылығының белгісі ме?

Осындай тұтқиылдың куәсі бола тұрып пенде шіркіннің болашақ туралы кесіп-пішуі, бүйтем-сүйтем деуі қандай күпіршілік. Ертең түгілі, бір минуттен кейін қалай боларың неғайбыл. Өмір деген белгісіздік, үнілсең – көз, ойласаң – қиял жетпес тұңғыық. Адамның тек үміттенуге ғана хақысы бар, басқа қолынан келері жоқ. Бұлыңғыр болашақ алдында дәрменсіз.

Әлгінде профессордың төбесіне төне шыр айналып тұрып алған өлі жапырақ Бахтиярдың көз алдынан кетпей қойды. Мықты болсаң, басқа емес, көзің көріп, қолыңмен ұстағандай жерде тұрған соның сырын ұғып алшы! Мұнда не құпия болды? Табиғатта бекер еш-

теңе болмайды. Біз байыбына жетіп түсінбеген соң, бос, мәнсіз нәрсе болып көрінбек.

Бахтияр бұрыштағы қызыл орындықта шалқалаған күйі Сэленджердің он жетінші бетін үш рет қайталап оқыды. Көзімен әріптерді құр түгендегені болмаса ештеңе ұғып жарытар емес. Көңілі байыз таппай әлденеге алабұртады.

## ШЫҢҒЫРЫҚ

Осылай әрі-сәрі елегізіп отырғанда, есік сықырсыз ашылып, Аманбаев кіріп келгені. «Мына кісі дауыл алып келді ғой!» деді Бахтияр ішінен тіксініп. Аманбаевтың келуі мен аяқ асты ұйтқыған дауылдың арасында бір тылсым байланыс бардай сезінді. Қолында карны томпиған қоңыр саквояж. Сұйық шашының әр талы әр жаққа тікелейіп, үйпе-түйпе. Бахтияр орнынан ұшып тұрды.

– Ассалаумағалейкум, аға! – деп қос қолын ұсынды.

– А-а, Бахтияр, осында ма едің? Саламатпысың... Мына күн не боп кетті өзі? Жаңа ғана жадырап тұр еді, аяқ астынан бұзылды ғой! – Саквояжын жерге қойып, шашын жылмита тарады. – Мүсекең ұйықтап жатыр ма? Мен даңғырлап бөлмені басыма көтеріп тіпті... – Дауысын бәсеңдетіп сыбырға көшті. – Жағдайы қалай?

– Жақсы.

– Е, жақсы болғаны жақсы екен. Тезірек оңалып кетсін деп тілейік. – Саквояжды ашып, ішінен қомақты қызыл пакет алып үстелдің үстіне қойды. – Мүсекең мен өздеріңе әкелген дәм. – Орындыққа тізе бүгіп, тершіген маңдайын, мойынын орамалмен сүрткіштеді.

Ақ мысық жалағанын қойып, профессордың иығында шоқайып отыр. Жүні күдірейіп, домалана қалыпты.

– Мына кәпірдің көзі қандай жаман! – деді Аманбаев астындағы орындығы сықырлап. – Кісінің өнменінен өтеді ғой. Мен білген мысықтың көзі жасыл болушы еді, мынаныкі көкпеңбек екен. Анти-санитария ғой! Дәрігерлер қайда қарайды?

Бахтияр шар ете түсті:

– Ағай-ау, естімеген екенсің ғой, Мүсекеңнің беті бері қарағаны осы мысықтың арқасы.

– Слушай, жиырма бірінші ғасырдың табалдырығында тұрып осындай шамандық шатпыраққа қалай сенесіңдер?

– Шын айтамын, ағай, өз көзімізбен куә болдық. Дәрігерлер қолымыздан келмейді деп үміт үзіп қойғанда, осы мысық өлі денеге жан салғандай болды.

– Сонда не істеді?

– Жалады.

– Тышқан жейтін, коқысты тіміскілейтін аузымен жалады ма? Өйтіп жиіркендірмеші, бауырым! – Зиялы, кірпияз Аманбаевтың жаны түршігіп, бүкіл денесі тітіркенгенде, астындағы орындық қоса сықырлады.

Бұлардың даусы қатты шығып кетті ме, кимылсыз сұлық жатқан профессор көзін ашып алды.

– Мүсекең оянды ғой деймін? – деп Аманбаев орнынан тұрып, ұмсынып, керуетке қарай жақындады. – Мүсеке, ассалаумағалейкум! – деді майдай еріген майда дауыспен. – Мен – Асанмын ғой, таныдыңыз ба? Аманбаевпын.

Профессор жанары көк мұзданып тесірейе қарады. Кірпік қақпай бедірейіп қалды.

– Мені танымады-ау деймін? – Аманбаев кипыжықтап Бахтиярға бұрылды.

– Мына ауа райы күрт құбылғанға ауырлап жатыр ғой.

– Құлағы ести ме?

– Жақсы естиді. Кітапты да оқиды. Тек тілі жоқ.

– Мүсеке! – деді Аманбаев даусын көтеріп. – Мен – Асанмын ғой, таныдыңыз ба?

Профессор «болсаң қайтейін?» дегендей қабағын кіржитіп, иегін сәл изеді. Аманбаев қуанып кетті.

– Е, өстіп ишара білдірсеңізші, – деп алға ентелей түсті. – Асыл ағам-ай, келмедің деп өкпелеп жатырсыз-ау, тегі? Ренішіңіз орынды. Соңғы уақыттарда келе алмадым. Қарбалас тіршілік киіп кетіп мойын бұрғызды ма. Москва, Ленинград деп шапқылаумен болдым. Бірақ жағдайыңызды мына балалардан үнемі сұрап отырдым. Тілегіміз өзіңіздің үстіңізде ғой!..

Аманбаевтың елжірей ақтарылғанына Бахтиярдың көңілі бек толқыды. Сөйлесе тұрсын деп, темекі шегіп келуге сыртқа шығып кетті.

– Жан аға! – деді Аманбаев сөзінің дәмін алғандай таңдайын талмап. – Шүкір, бетіңіз бері қарап келеді екен. Тфә, тфә, соған да тәуба дейікші. Бұйыртса, әлі-ақ аяғыңызға конып, тәуір болып кетесіз. Талай тойдың төрінде отырасыз. Сіз мұндай күйге ұшырағанда, өз басым қатты күйзелдім, аға. Арпалысқан ит тірлікте кімнің қадірін кім білгендей. Ылғи да кеш түсініп өкініп жатамыз ғой. Білместік жасаған жерім болса, кешіргейсіз... – Сылдыр сөздің күміс қоңырауын құлағына сынғыр-сынғыр қағып, профессордың жүзін барлай бір шолып өткен. Селт етер емес. Қайта қасының арасындағы қос сызық

тереңдей түсті. Аманбаев бәрібір екпінінен танған жоқ. – Аға, мен – сіздің көп шәкірттеріңіздің бірімін. Алдыңыздан дәріс алмасам да, бәрібір шәкіртіңізбін деп есептеймін. Өйткені Қазақстанда сіздің алдыңызға түсер кім бар химиктен. Сіздің еңбектеріңізді қуып жүріп оқыдық, тәлім алдық. Мен көп жыл партия, орган қызметінде болып, чиновниктің столына шегеленіп қалдым. Бірақ білек сыбанып кірісуге мұрса болмаса да, ғылымды бір сәт естен шығарған емеспін. Жастай көкірекке байланған арман ғой. Еркінді алған дерт сияқты екен. Сәл қол босап, ғылыми жұмысқа ауысқаннан бері бас алмай біраз жұмыс істедім. Талай жыл ойда пісіп-жетілген нәрсе ғой. Жакында үлкен монография жазып бітірдім... – Көз қиығымен тағы да профессордың бетін сипап өтті. Бұл жолы жанарына жылт жүгіріп жылу енгендей. Кең маңдайының әжімі жазылып, жайбарақат сабыр ұялапты. «Бәрекелді, жөн екен!» деп жатқандай. Аманбаев жымың қақты. Профессордың мұп-мұздай қолын ұстап сипап қойды.

– Е, өстіп жадыраңызшы, көкетай. Талантты тек талант түсінеді ғой. Біреудің жетістігіне қуанатын жомарт жүрегіңізді білемін. Монографияның біраз бөлігі жеке-жеке мақала болып Орталық журналдарда басылды. Қазір көрсетемін. Көрімдігіңізді дайындай беріңіз! – деді қуақыланып.

Профессор «берем» дегендей басын изеді, ернінің жігін жазып, сәл жымыған болды. Аманбаев құлдырандап барып столдың жанында тұрған саквояжын ашты. Жылтыр мұқабалы, қалың-қалың үш журнал алды. Москва, Ленинградтан шыққан. Профессордың жанына келіп, әрқайсысын парақтап көрсете бастады.

– Міне, академик Әйхманның алғысөзімен шыққан!.. Мына мақалада монографияның негізгі концепциясы айтылады.

Профессор тілеуестік сезіммен елендеп ұмсына түсті. «Кәне, бері әкелші көрейін» деген сыңаймен ымдап қолын созған. Аманбаев журналдың бірін алып, жақсы көрінер аралықта көз алдына тосты.

Әуелі өзі қастерлейтін әйгілі журналдың мұқабасын көріп, ризашылықпен басын изеді. Аманбаев содан соң өз мақаласы шыққан тұсты ашып, әр бетті жайлап парақтауға кіріскен.

Мақалаға үңілген бетте-ақ профессордың бірден қолы селкілдеп, түсі қашып кетті. Қарамен терілген ұзын-шұбақ жол-жол формула, тенеулерді көргенде, ішінен ыстық жалын лап етіп ышқынып жіберді. Көкірегіндегі булығып, бұлқынған бір сөз шығарға жол таппай буындырып жатқандай. Көзі шапыраштанып, үңірейе керілген аузы үнсіз айқайға кептеліп аласұрды. Қырылдап, езуінен көбік ақты. Селкілдеген саусағымен мақаланы нұсқап, содан соң өзінің кеудесін нұқыды.

– Түсінбедім, көкесі, не деп тұрсыз? – деді Аманбаев сұйық кастарын кербездене керіп. Профессор жаңағы қимылын тағы да қайталады.

– Тамаша екен, ойымнан шықты дейсіз бе? – Аманбаев түк білмегенсіп аярлана жымиды. Профессор басын шайқады.

– Көкесі-ау, не айтқыңыз келеді? Соқыр мен мылқаудың сөйлескеніндей болдық қой? – Аманбаев иығын көтеріп, екі алақанын екі жаққа жайды.

Қалай түсіндірерін білмей шарасы таусылған профессор бұл жолы жазу жазған сияқты саусағымен ауаны шимайлап, содан соң өз кеудесін нұқыды.

– Жазған – сіз бе?

Профессор басын шұлғыды.

– Қойыңыз, көкесі! – деді Аманбаев сыздап. – Өйтіп біреудің қанжығасына жармаспаңыз. Мұны жазған – мына кісі! – Аманбаев мақаланың басындағы фамилияны көрсетті. – Сіздің фамилияңыз Аманбаев емес шығар? Әлде өз аты-жөніңізді ұмытып қалдыңыз ба? Сіздің жағдайыңызда ол да ғажап емес. Миыңыз зақымдалған адамсыз ғой. Есіңіз ауысып кетуі әбден ықтимал. Иә, қиын-ақ, обал, обал, тағдырдың ісіне қылар шара не!..

Профессор «оттама, есім дұп-дұрыс!» дегендей көзі алайып, езуінен су аға, әлденені кекештене, қыстыға ыңылдап қалш-қалш етті. Әлгіндегідей қолымен мақаланы нұсқап, қайта-қайта кеудесін нұқығаннан танбады. Менікі, мұны жазған менмін деп отыр.

– Қойыңыз, ақсақал, мұныңыз ұят болады. Жазсаңыз осы уақытқа дейін қайда қалдыңыз? – деді Аманбаев күйініп қалшылдаған науқасты одан ары шаптан түрткендей. Журналдарды кезек-кезек ашып, көз алдына тосты. – Міне, мынау да, мынау да менің мақалаларым. Бәрі менікі!..

«Жок, менікі!» дегендей анау да ерегесіп әлек. Қорлық пен ызадан жарылғалы тұр. Қылқиған мойнындағы тарам-тарам тамырлар шодырая ісініп лыпыл қақты. Көкірек тереңінен қотарыла шапшыған ащы шыңғырыққа тұншығып қылғына ышқынған. Бағанадан бері жүні күдірейіп, бір уыс боп жиырылып профессордың иығында отырған ақ мысық жаман дауыспен баж етіп еденге қарғып түсті. «Менікі, менікі» дегендей нұсқаған қолы кеудесіне жетпей ауада ербендеп, профессор жастыққа қарай шалқалап құлап бара жатты.

Аманбаевтың жылтыраған қылтанақсыз қатын бетін жәдігөй қуаныш жайлады. «Уһ, дегеніме жеттім-ау!» деп ішінен маз-мәйрам. Есік жаққа сақтана құлақ тігіп, аяқ дыбысы естілмеген соң, қинала ыңырсыған науқастың үстіне төне түсіп, күйзеліспен бас шайқады:

– Мүсеке, мұнының қызық болды-ау, түге! Мен сізге қуанышымды бөлісейін, батаңызды алайын деп келсем, ішіңіздің мұндай тар екенін кім білген. Міне, қызғаныштан қан қысымыңыз көтеріліп, ауырып қалдыңыз. Ондай пендешіліктің керегі не? Сабыр етіңіз...

Науқас «кет, жоғал!» дегендей селкілдеген қолын әлсіз сермеді. Көкірегін өртеген қорлықтан қырылдай ышқынып өксіп-өксіп жіберді. Көзінің қиығынан жас домалады.

Ақ мысық арқасы доғаша иіліп, жүнінің әр талы әр жаққа тікелей арлы-берлі ойқастап жылан көргендей ысылдады. Құйрығымен жер сабап, ленолиум еденге зәрін сар-сар шаптырды. Профессор ыңырысып киналған сайын, бөлмені шыр айнала мияулап безек қақты.

Айызы қанып тұрған тек Аманбаев. Оғы нысанаға дөп тигеніне риза. Бұлай орайы оп-оңай келе кетер деп ойламаған. Науқастың жан азабын, ышқынған арпалысын көріп, өзінің сәуелі болашағына сәт санап жақындай түскендей, еліріп, шабыттанып алды.

– Мүсеке-ау, – деді мүләйімси дауысын құбылтып. – Жаңалықтың үлкенін ұмытып барады екенмін ғой. Мені сыйлыққа ұсынып жатыр. СССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынған кім дейсің бе? Қазақстанның Ғылым академиясы пішту болмай қалды. Москваның өзі ұсынып отыр. Ондағылар жақсы-жаманның парқын біледі ғой. Әзірге беталысы дұрыс сияқты. Құда қаласа, жаман ініңіз лауреат болайын деп тұр. Оған дейін өзіңіз де тәуір боп қаларсыз. Сізсіз тойдың сәні бола ма. Төрде өзіңіз отырарсыз ғой. Амал не, Мүкәрама жеңешем тірі болғанда жарасып қатар отырар еді қасыңызда. Асыл жеңешем-ай, қор болып арманда кетті ғой. Қай жауыз дәті барып өлтірді екен. Сізге ауыр тиеді деп көңіл де айта алған жоқпыз. Асыл жеңешем иманды болсын! – Соңғы сөзді естімей қалмасын деп, құлағына аузын тақап үш рет қайталады.

Бірақ профессор ештеңені естіп, парықтар халде емес еді. Оң жақ беті құлақ шекесімен қоса құлбіреп талаурап шыға келді. Адырая жансызданған көздері жартылай жабылып, шала бауыздағандай қорқырап жатыр. Аракідік аяқ-қолы серендей жанталаса тыпырлайды...

## АДАМҒА НЕ КЕРЕК?

Бахтияр аурухананың кірер аузындағы бетон қалқайманың астында темекі шегіп тұр. Ішке кіруге асығар емес. Арасын үзбей «Медеудің» екіншісін тұтатты. Дауыл үдей түскен. Аузы-мұрнынан жарыса боздаған көк түтін шалқып көк жыландай мойнына оратылады.

Айнала қара түтек. Үйіріле ұшқан шаң-қоқыс, газет, жапырақ. Шатырдың бір қанатындағы қаңылтыр шифер ескі етіктің ұлтанындай қайрылып, жел ышқынған сайын дөдегеге соғылып, қаңғыр-қаңғыр етеді. Көкте түйдек-түйдек жүйткіген қара бұлт жердегі ұйтқыған қара дауылмен астасып, қала үсті шапшып өкірген сұрапыл қара мұхитқа айналды. Зәулім үйенкілер шайқалақтап сүйектері сықыр-сықыр етеді. Буыны қалтыраған балапан тал-қайындар иіліп, басымен жер сабалады. Жол жиегіндегі бұталар жапырыла құлап жатып қалған. Аспан асты қара шашы жайылып өкіріп, өксіп жатыр...

Дауыл долдана келесі бір ышқынғанда, бағана профессор екеуі саясында демалған алып бәйтерек сатыр-сұтыр етіп жерге опырылып түсті. Дыбысынан найзағай шатырлағандай болды. Бахтияр жұлынын ток ұрғандай шошына селк етті. Көз алдына бағанағы сурет қайта тірілді – сопақша сары жапырақ діріл қағып тұрып алды. Жүрегін карадай үрей билеп есікке қарай ұмтылған...

Өне бойы селкілдеп жанталасқан профессор енді тыншу тапқандай, қол-аяғы созылып сұлық қалды. Бет-аузы бір жағына қисайып, қырылы әлсіреп барады.

Аманбаев жүзіндегі жайнаған қуанышты жиып ала қойды. Журналдарын апыл-ғұпыл саквояжына салды да, қабағына қайғының қара бұлтын үйіріп дәлізге жүгіріп шықты:

– Доктор, медсестра! – деді абыржыған дауыспен айғайлап. – Қайдасындар? Көмектесіңіздер!

Дәліз бойындағы ерсілі-қарсылы есіктерден ақ қалпақты еркек-әйелдер көрінді.

– Не?.. Не боп қалды?

– Ойбай, жылдам келіңіздер! Профессор қиналып жатыр!

Палата іші абыр-сабыр болды да кетті. Оң аяғын сылтып басқан жас дәрігер жігіт профессордың көзін ашып қарады. Тамырын ұстап көрді де көзілдірігінің томпақ шынысы жарқ етіп, басын шайқады.

– Инсульт. Тез реанимацияға апарыңдар! – Содан соң Аманбаевқа қарай еңсерілді. – Туысыңыз ба?

– Жок, бірге жұмыс істейміз. ҚазГУ-дің профессорымын! Танысып қояйық, інішек. – Қолын ұсынды. – Асанжан Дүйсенич Аманбаев!

– Еркін. Қалай болды?

– Көңілін сұрай келгенмін. Тәп-тәуір боп отырған жадырап, езу тартып. Аяқ астынан өстіді де қалды. Білмеймін не болғанын!

– Абайсыз көңілі толқитындай бірдене деген жоқпыз ба?

– О не дегенің, бала емеспіз ғой.

Дәрігер иегін көтеріп, терезеге қарады.

– Иә-ә, – деді кілттипанның сырын түсінген түрмен дауысын соза. – Күн де аяқ астынан бұзылды ғой. Наукас түгілі сау адамның өзіне киын.

Бахтияр есікті жұлқи ашып ішке кірген. Алқынып палатаға келсе, жым-жылас. Жарма есік айқара ашық. Ештеңеге түсінбей антарылып сәл тұрды. Ординатор бөлмесінен шығып келе жатқан бір әйелден сұрап еді, «приступ, жоғарыға алып кетті!» дегені тас төбеден ұрғандай. «Қалай? Не болды?» Жөн сұрайын десе ешкім жоқ. Жүрегі атқактай ала жөнелді. «Қап, кеңсірігімді құрт жеп бара жатқандай неге далаға шығып кете қойып едім!» деді ішінен қасында отырса құтқарып алатындай өкініп.

Бұрма-бұрма дәлізді қуалай емпендеп келеді. Оңға бұрылды, солға бұрылды. Жықпыл-жықпыл қуыстың қайсысына барарынды білмейсің. Тағы бір қалтарыстан бұрылғанда таныс медсестра мен бір қыз ақ жапқан арбаны дәліздің тұйығындағы лифтіге кіргізіп жатыр екен, бұл жетем дегенше, есік жабылып үлгірді, профессордың кекжиген иегін ғана көріп қалды.

Дауыл толастар емес, ішін тартып ышқына соғады. Күңгірт тартқан ұзын дәлізде арлы-берлі теңселіп ақ мысық мияулап жылап жүр. Не деп жылайды екен? Оның тілін, оның зарын түсінген кім бар? Сол күні аурухананың жым-жырт қараңғы дәліздері ақ мысықтың жылаған жетім үнінен түні бойы күңіреніп тұрды.

Профессор таңға жетпей үзілді. Қабақ ашпай түнерген күзгі аспан көз жасын төгіп-төгіп жіберді. Жер сабалап ұйтқыған суық жаңбыр сорғалап тұрып алды. Қираған шатыр, құлаған ағаш...

Мұңая оянған бейнетқор ұлы шаһарға аурухананың жылаған терезесінен Бахтияр жабырқай қарады...

Екі күннен соң марқұмның жамбасы жерге тиді. Жалғыз ұлынан топырақ бұйырмады. Бахтияр сұрастырып көрген, ізім-қайым, өлітірісін ешкім білмейді. Ұстаздарының соңғы сапарына Бахтияр мен Биназар майлық-сулық боп қызмет етті. Екі күн бойы тыным көрген жоқ.

Көңілі бос, оның үстіне аздап ұрттап алған Биназар байқұс көзін сығымдап қорсылдаумен болды. Зират басындағы қаралы митингті Аманбаев өзі ашты. Көп сөйледі. Күңіреніп сөйледі... «Сұм ажал неткен қатыгез еді. Бүкіл бір ғылым саласының мәртебесін асқақтатқан ардағымызды, аға тұтқан асылымызды міне, арамыздан алып кетті. Осындай қаралы, қасыретті сәтте қалай қабырғаң сөгілмейді, қалай жүрегің егілмейді!..» деп таусылғанда талай жанарға жас үйірілді.

Шетте тұрған Биназар теріс қарап, қасындағы зираттың қоршау теміріне асылып өксіп-өксіп жіберді.



Төмпек боп үйілген қабірге Бахтияр ұзақ қарады. Күпсіген кара бұйра топырақ «астыма түстің бе, бәлем, енді саған шығу жоқ» деп зіл боп шөгіп жатыр.

Пенде шіркіннің өткінші тіршіліктегі алыс-жұлыс арпалысы неткен мәнсіз десеңші. Бірінен-бірі артық болам, асып түсем деп жанталасады. Байлық іздеп, мансап қуады. Сондағы шығар ұшпағы қайсы? Азғантай өмірін неге азапқа айналдырады екен? Ертең-ақ бір қырдың етегінде осындай бір төмпек боп қаларын білмей ме? Мына көк аспан, мына шалқар кеңістік, мына бір жұтым саф ауа болса жетпей ме? Одан артық адамға не керек?

## ЖЫЛАҒАН МЫСЫҚ

Ақ мысық бір апта бойы аурухана ішінде иесін іздеумен болды. Қырық тармақ дәліздің қуыс-жықпылын түгел тінтікілеп шығады да, үйреншікті бөлмеге қайтып келеді. Иесінің аяқ астынан қайда кеткенін білмей аң-таң. Не өзі, не киім-кешегі көрінбейді. Мұрынға жіңішкелеп жеткен әлсіз иісінен басқа ештеңе жоқ. Оның өзі де күн сайын өшкін тартып барады.

Иесі алажаздай жатқан сұр матрацының үстіне бір тыриған кара кемпір жатып алыпты. Қолында шошандаған таяғы бар. Енді бұған тіпті бөлмеге бас сұғу мұң болып қалды. Есіктен сығалай берсе болды, кара кемпір таяғын сермеп шар ете түседі:

— Кет, жоғал! Түрі қандай жаман өзінің!

Арашаға түсетін баяғы көз таныс медсестра.

— Қорықпаңыз, апа. Бұл біздің Ханым ғой. — Қасына жүрелей кетіп, басынан, арқасынан сипайды.

— Әй, шырағым, әкетші андағы пәленді, үсті-басын сасытпай, — дейді кемпір тыжырынып. — Мысық дегенді суканым сүймейді. Далада қаңғып жүрген неме ме, қалай кіріп кеткен?

— Олай деменіз, апа. Бұл — қасиетті мысық. Иесін, дәрігерлер емдеп жаза алмай қойғанда, өзі емдеп жазған.

— Құрысын, көзіме көрсетпеші кәпірді!

Медсестра Ханымды жерден көтеріп алады. Дәліздің бұрышына апарып, тегешіне су құяды. Асханадан ботқа әкеп береді. Бірақ оны жеп жарытпайды, дәмін алады да қояды. Қарыны арқасына жабысып, қылдырықтай болып жүдеп, қауқиған басы ғана қалды. Ертелі-кеш дәліздің ішінде арлы-берлі теңселіп мияулап жүреді де қояды. Жылап, жоқтап жүргендей үні аянышты. Ешкім оны зекіп қумайды. «Ей,

бейшара-ай, қайтсін. Иесін іздеп жүр ғой!» дейді мүсіркеп. Көрген жерде басынан сипап, «мыш, мыш, келе ғой!» деп еркелетіп жатады. Осындағы дәрігерлердің бәрі оны әлдебір құпия қасиеті бар киелі мақұлық санайды. Медицинаның қауқары жетпеген науқасты емдеп бетін бері қаратқанын өз көздерімен көрді емес пе. Мияулаған аянышты үні жүрек тырнап ығыр қылса да ұрсып-зекуге сескенетін.

Күн өткен сайын иесінің иісі бірте-бірте өшкінделе берді. Бөлме ішін тырыған, тікенек қабақ кара кемпірдің жағымсыз жат иісі жаулап алды. Тәні тиген заттардан, демі сіңген ауадан иесінің иісі біржолата өшіп жоғалды. Сол иіспен бірге «ием осы маңайда жүрген шығар, келіп қалады-ау» деген үміті де үзілген. Дәліздің көлеңке ұялаған бұрышында басын алға созған екі аяғының үстіне салып жатқан ақ мысық енді иесін үйге кеткен шығар деп ойлады. Орнынан серпіле тұрып, сыртқа беттеді.

Іңір қараңғысында үйге жеткен. Бәрі таныс, бәрі көңілге ыстық көрініс. Әбден сағынған екен. Жүрегі лүпілдеп кетті. Айналасына еркелей, елжірей қарап, таныс-білістің бәріне сәлем жолдағандай, мен келдім, міне, деп қатты-қатты мияулады.

Содан соң қазіргі болар қуанышты сәтті көз алдына елестетіп, баспалдақпен асығыс өрмелей жөнелді. Таныс есік. Ештеңе өзгермеген, тек кілт салатын тесікті жапсыра, екі жерден мөр басылған қағаз шаптап қойыпты. Үйреншікті әдетімен серпіле қарғып, дермантин есіктің жоғарғы жақтауына жабысып тұра қалды да, алдыңғы оң жақ табанымен қызыл түймені батыра басты. Іштегі шіңкілдек қоңырау шырылдап қоя берді.

Төрт табанымен топ етіп жерге секіріп түсті. Құлағы тікірейіп босағаның түбінде шоқайып отырды. Әне-міне іштен сырп-сырп сүйрете басқан шәркейдің дыбысы естілердей. Шал мен кемпірдің бірі шаршаңқы дауыспен «бұл кім?» деп тіл қатардай. Бұл мияулап дыбыс береді сол баяғыша. Бірақ бұл елендеп ұзақ күтті. Қара есіктің жымдасқан қиюы жуыр маңда қозғалар емес. Тым-тырыс.

Ақ мысық есікке тағы да қарғып шығып, қызыл түймені үсті-үстіне ұзақ басты. Қоңыраудың ащы шарылы құлақ жарардай жаңғырып, жым-жырт подъезді басына көтерді. Қара есік бәрібір мелшиіп міз бақпады. Бар құпиясын ішіне бүгіп, ештеңе айтпаймын дегендей ернін жымқырып тұр. Ақ мысық қоңырауды баса-баса әбден шаршады. Бұл қалай деп аң-таң. Күдерін үзбей, әне-міне ашылып қалардай есікке жалтақ-жалтақ қарағыштайды. Табалдырықтағы аяқ сүртетін ескі кілемшеге құйрығын басып анда-санда бір аянышты үнмен мияулап қойып түн ортасы ауғанша қалғып-шұлғып шоқиып отырды. Бір

уақытта талықсып барып сылқ құлаған. Көк сүңгі мұздың ұшындай сүп-суық тұмсығын бауырына тығып дөңгеленіп бүрісе түсті.

Қарашаның сүйек қарыған қара желі аңғал-саңғал есік-терезелерден гуілдей ұйтқып, подъез іші азынап тұр. Ақ мысық диван үстінде керліп ұйықтайтын сол бір бақытты күндерін түсінде көріп жатты.

Ертеңінде түске дейін қозғалған жоқ.

– О, Ханум! Сен қайдан жүрсің, бейшара! – Күрк-күрк жөтелген қарлығыңқы дауыстан көзін ашып алған. Қарсы есіктегі қауға сақал, қасқа бас көрші шал екен. Өзі ішкіштеу. Қолы дірілдеп, езуінде темекісі бүрк-бүрк түтіндеп, айқара ашылған ала-көленке есіктің аузында ескі суреттей ілулі тұр. – Ұшты-күйді жоғалып кетіп еді, келген екен ғой! – деді күбірлеп. – Әбден жүдепті байқұс... Келе ғой, Ханум, бері кел! – Табалдырықтың көзіне жүрелей кетіп қолын бұлғады. – Ақылдым менің, кис-кис, мұнда келші. Енді сен де жалғыз, мен де жалғыз, жүр менің үйіме, бірге тұрамыз. Кис-кис, келе ғой.

Ханым көзін жұмып, тұмсығын қайтадан бауырына тықты. Қауға сақал тәлтіректтей басып ішке кіріп кетті де, біраздан соң майшабақты құйрығынан салақтата ұстап қайта шықты.

– Міне, Ханум, мә жей ғой, кис-кис, ой, қандай дәмді дейсің, кәне жеп көрші. Әйтпесе өзім жеп қоямын. Мә, мә, тез бол!.. – Ақ мысық тырп еткен жоқ. Көзінің қырымен бір қарады да, дөңгеленіп жата берді. Қауға сақал саусағының ұшында шымшым ұстаған шабағы арлы-берлі теңселіп, есіктің жақтауына сүйенді. – Еһ, Ханум, түсінемін, бәрін де түсінемін. Раз у нас такая судьба, что поделаешь? Сен иеңнен, мен Нюрамнан айрылдым. Өмірде әділеттілік болса, екеуміз осындай күйге түсер ме едік? Дұрыс, мен қандай жақсы болғаныммен иеңдей бола алмаймын. Қайғыңды түсінемін. Менің Нюрамның да орнын кім толтырады? – Шал күбірлеп, күніреніп жүріп майшабақтың жалпақ қалбырына су құйып, үстіне нан турап, ақ мысықтың алдына әкеліп қойды. – Іше ғой! – Басынан, арқасынан сипады. – Екеуміз де жетімбіз. Жетімді жетім ғана түсінеді... – Шал мұңын шағып, күбірлеп ұзақ отырды қасында. – Еһ, Нюра, Нюра! Чего только ты не натерпелась от меня? И пузырем голову тебе пробивал, и с кирзовым сапогом в руке в лютый мороз босиком гонял тебя вокруг общежития. За что все это спрашиваешь? – Не көрсетпедім мен саған? Бөтелкемен бір періп басыңды да жардым, керзі етікті шешіп ап сар аязда жалаңаяк, жалаңбас жатақхананы айналдыра талай рет қуып едім. Сонда не үшін дейсің ғой! Бала таппайсың, кубас өтетін болдым деймін. Сен маған: «на хрена тебе ребенок? Алкаштан бала таппаймын. Орыста алкаш онсыз да жетеді!» дейтіңсің. Төбелесіп-төбелесіп алып, бір сағатқа жетпей

құшақтасып бірге жататынбыз. Жылап-еңіреп бір-бірімізден кешірім сұрайтынбыз. Енді бір-бірімізді ренжітпеуге серт ететінбіз. Қайда, ертеңінде тағы сол. Көрген ел күлетін. Итше ырылдасқан бұлардыкі не өмір, неге ажырасып кетпейді дейтін. Біз ажыраса алмадық, өйткені бір-бірімізді өлердей сүйдік қой. Рязаньдағы шешен екі рет келіп алып кеткенде де, қайтадан қашып келдің. «Сен ішіп бірдеңеге ұрынып қала ма деп қорықтым. Сенсіз тұра алмайды екенмін, Толян. Екеуімізді тек ажал ғана ажырата алатын шығар!» дедін. Аузыңа Құдай салған екен, ақыры ажал ажыратты ғой. Бәлкім, ертерек ажырасып, менің таяғымнан құтылғанда, әлі күнге дейін тірі жүрер ме едің? Бала, бала дедім, ол баланың қандай болатынын кім біліпті? Міне, мына көршінің ұлы да, қызы да болды, бала деген сол ма? Зарлатқаннан басқа не көрсетті? Тіпті, ана кемпірді қорлап өлтірген ұлы деп айтып жүр ғой. Әкесі өлгенде де, шешесі өлгенде де бірі келген жоқ. Міне, қолынан дәм татқан мысығы іздеп келді. Жағы талмай мияулап иелерін жоқтап жатыр, жылап жатыр. Жаман адамнан жақсы ит пен мысық артық. Иесіне өлгенше адал болады. «Иттей берілген» деген сөзді бекер айтқан ба?.. – Шал сыбырлап, мұрнын тартып сыңсып жүріп бір уақытта Ханымды жерден көтеріп алды. Аймалап кеудесіне басты. Құшақтаған күйі есікке қарай кіре беріп еді, ақ мысық бұлқынып жерге бір-ақ секіріп түсті. Өз үйінің табалдырығына барып қайтадан жатып алды.

Ақ мысық сол жатқаннан мол жатты. Басын көтермейді. Бір шөкім боп дөңгеленіп, жаны жоқ өліп қалғандай, сағаттар бойы, кейде тіпті бірекі күн тырп етпейді. Андасанда алдына шал әкеліп қойған сүтті құлықсыз сылпсылп жалап, тысқа шығады. Есік алдында шокиып отырып алып таныс балконға, ас бөлменің терезесіне қарайды. Булықтың астыңғы жақтауымен деңгейлестіріп тұтылған ақ перде. Көз алмай ұзақ тесіледі. Бірақ ақ перде қозғалмайды селт етіп. Ал арғы жағынан бір қыбырлаған көлеңке көрінбейді. Бүгін қараса да, ертең қараса да ақ перде сол қалпы.

Ханым иелерінің жоқ екеніне әбден көзі жетті. Енді қайдан іздерін білмейді. Басы зеңіп, теңселіп, тәлтіректел қалды. Ертелікеш сыртқа шықса, кең алаңқайдың бір шетінде тізілген темір гараждарды шыр айнала мияулап зарлап жүреді де қояды.

Арлыберлі өткен танымайтындар: «Мынаған не болған! Бір жері ауыра ма әлде баласы өліп қалған ба екен бейшараның?» деп мүсіркей қарайды. Кейбір тырысқақ, жүйкесі жұқалар: «Онбағанның дауысы қандай жаман еді. Өз қара басымен кетсін! Бырс!» деп тас лақтырып куалайтын.

Даладан алдарқанар ештеңе таппаған соң ақ мысық ілбіп келіп орнына жатады. Кейде тұмсығын бауырына тығып дөңгеленіп қи-

мылсыз қатып қалады. Біресе төрт аяғын астына басып, басы салбырап қалғып отырады. Жартылай жабылған көздерінің қиығында жылтырап тұрған жалғыз тамшыны көресің. Аракідік қарадан-қарап жылағандай, қаңыраған подъезді басына көтеріп мияулапмияулап алады. Іші күйіп өртеніп бара жатқандай аласұрып кейде төрт аяғын төрт жаққа созып, бауырын мұздай бетонға басатын.

Осылай күндер өте берді. Апта жылжып, ай ауысты. Ақ мысық бауыры қылдырықтай тартылып жарап алды. Бойында ерекше бір қуат пайда болғандай. Жүрісі серпінді, сергек. Айлар бойы шеккен азап, қасыреті жүрегіне қанды кек боп түйілді, жанарында аянбасқа бекінген әлдебір қатыгез сұс бар. Өзөзінен тепсініп сойдыған өткір тұяғымен бетонның бетін тарпыптарпып жібергенде, бордай бұрқыратып сойып түседі.

Бір күні қауға сақал шал ақ мысықтың алдындағы қалбырға ас құйып, әдеттегідей арқасынан сипамақ болған. Тоқ ұрғандай алақанының асты сытырлап от шаша жөнелгенде шошып кетті. Қолын тартып ала қойды. Көздерінде бір өжет ұшқын лыпыл қағып, тұлабойы әнеміне лап ете түскелі тұр. Буы бұрқырап сүтке бөктірілген ботқаға қарар емес. Құйрығымен жер сабалап, ширығып арлыбері жүрді де қойды.

Ертеңінде ақ мысық жоғалып кетті. Қауға сақал қайтып келер деп күткен, бірақ ол оралмады.

## ҚАРА БАЛТА

### СҮЙІНШІ

**Б**үгін Аманбаев аса қуанышты еді. Көңілі масайрап жер-көкке сияр емес. Осыдан екі сағат бұрын Москвадан Пал Палыч телефон шалған. Ол да жыланның сирағын көрген жырынды пәле. Осал тұсты біледі. Ит арқасы қияндағы Москвада жүріп казактың сыбағалы сиқырлы сөзін қайдан үйреніп алған десеңші. Амандрәстиден соң:

– Суюнчисуюнчи, Асанбайчик! – деді салған жерден. – Первый тур прошел. Только что Иван Иванович позвонил мне!

– Сүйінші есть, Пал Палыч! За радостную весть машина за мной! – Аманбаев қуанғанынан көкке ұшып, жерге конды. Телефондағы лепірген қоңыр баритон алпыс екі тамырын иітіп, елжіретіп барады.

– Самое главное позади, Асанбайчик! Дальше дело в формальности. Исаак Абрамович все держит под своим контролем. Так что, готовься к тою...

Аманбаев есеңгіреп отырып қалды. Ішпейжемей мас. Жылағысы келді қуанғаннан. Кейде бап шаппайды, бақ шабады емес пе. Қанша жерден монографиясы жоғары бағаланып, небір дуалы ауыз корифейлер батасын беріп, мақтағанмен бәрібір көңілі күпті еді. Пенде жүрген жерде қызғаныш деген қызылкөз пәле бар, ойламаған кедергілер болуы мүмкін, қалай деп бола ма? «Бұл атыжөні белгісіз қайдан шыққан керемет, әзірге өнмендемей қоя тұрсын; әуелі өз республикасының сыйлығын алса да тақиясына тар емес!» деп бір марқасқаның маңдайын тыржитуы да әбден ықтимал ғой. Міне, енді ғана көңілі орнығып, сенімі беки түсті.

Пал Палычтей адаммен жолықтырған тағдырға мың да бір рахмет. Осы бір іске талап қып, Москваны жағаттай бастағанда, білетін кісілер: «Пал Палычтың аузын алсаң, жарты сыйлықты қанжығама байладың дей бер» деген. Сәтін салғанда, осынау орта бойлы, арықша, мосқал кісімен тез жұғысып кетті. Құс мұрын, қасқабас. Қашан көрсең қолынан тозған қара портфелін тастамай тыпың қағып, аяғын жылдам басып бара жатқаны.

Пал Палыч – жұмбақ жан. Ғылыми атағы жоқ, лауазымы да жоғары емес. Баржоғы Академия канцлериясында қатардағы қызметкер. Сонда да беделі ғаламат. Мықтылардың бәрімен әмпәй. Кез келген үлгідегі іс қағазын, кез келген тақырыпта, халтура дәрежесінде, ғылыми еңбек жазуға шебер. Аса қабілетті адам. Естуінше, студенттердің авторефераты, бастықтардың баяндамасы, құттықтау сөздерінен бастап диссертацияға дейін жаза беретін бесаспап. Яғни біреудің атынан сөз, ғылыми еңбек жазатын спичерайтер. Интеллектуалды негр. Әлбетте, тегін емес, әр еңбектің мөлшерлі хақы бар. Кейін тонның ішкі бауындай жақындасып, сыр бөліскен бір сәттерде: «біреу үшін арамтер болғанша, өзіңіз неге қорғап алмайсыз?» деген. Пал Палыч мырс етіп басын шайқады: «Абитуриент болсын, академик болсын, бәрінің түпкі мақсаты – пұл табу. Қажет ақшаны онсыз да тауып жатсам, босқа әуреленіп не азабым!»

Көмейін білген соң аянсын ба. Түстіктің жінішке есеп, жорға жүрісімен көңілін дөп басқан. Төгетін жерде төгіп, шашатын жерде шашып тастады. Қашан да көлкөсір. Әр жұмыстың кесімді ақысынан басқа, алтын сағат, гауһар жүзік сияқты подаркалары өз алдына, келген сайын арқалап әкелетін қара уылдырық, сүрленген қазы, апорт, бальзамда есеп жоқ.

Обалы нешік, Пал Палыч те жақсылығын еселеп қайтаруда. Москва журналдарына монографиясынан үзінділер жариялатып, академиктердің атынан мақала ұйымдастырып жүрген – бәрі соның еңбегі. Енді міне, бірінші турдан өттің деп отыр. Исаак Абрамовичтің өзі қолға алса, істің жаман болмағаны!..

Көз алдынан небір сәуелелі елестер көшті. Кремльдің қызыл залы. Төрткүл дүниенің қадалған көзі сияқты жанжақтан жарқжұрқ еткен телекамералар... Сыйлықты Горбачевтің өзі тапсырар ма екен, әлде Тихонов тапсыра ма?.. Қандай костюм кигені жөн? Атасына нәлет, дүкеннің костюмі өмірі дәл келіп көрген емес. Дене бітімі стандартқа келмейді, бұты қысқа, мықыны жуан. Жақсы модельер тауып, заказбен екі костюм тіккізу керек. Осының бәрі әйелдің жүретін жұмысы ғой. Бірақ әйелі түскір әйел сияқты болып тұр ма, можанто-

пай бірдене. Үйде де, түзде де билептөстеп, «мен, мен» деп кеуде ұрып гүжілдеген қара аю.

Айтпақшы, ертең мұны Кремльдің залына қалай ертіп апарарды? Аяғы маймақ, қарны салбыраған, беті ескі кастрюльдің қақпағындай. Не елмен орысша сөйлесіп қарық қылмайды, қалдырып кетсең, тағы пәле. Өмір бойы құлағыңнан ызың кетпес. Зайыры, осы шаруа бір жақты болған соң, һаял мәселесін ойлаған да дұрысау.

Өзі құралпы талай көк тұқыл қырма сақалдар жас иісті бауырына басып, қарға аунаған түлкідей қутыңдап жүрген жоқ па. Бірақ мына сығыр мұның ішіне бүккен небір қоясын біледі ғой, байбалам салып бықсытып жүрсе... Жас иісі құрысын, жатқан жыланның құйрығын басып не соры.

Беу, көңілі түскір арындап қай қияға теріс езулеп барады, түге! Одан да ертең жақсыжайсаңның арасына түскенде өзін қалай ұстайды, не айтуы керек – соны ойлап алмай ма. Бас хатшы, не үкімет басшысы Сыйлықты тапсырғанда, шет республикадан көп жылдан бері марапатталып отырған жалғыз лауреат болғандықтан бұған сөз беретін шығар. Сонда не дейді? Озық ойлы үлкен ғалым, лауреатқа лайықты сөз айтуы керек қой. Кімге жаздырып алса екен? Қисынын келтіріп, майын тамызатын біреу болса?.. Ойбайау, Пал Палычтың өзі бар емес пе? Қағазға қарап оқып отырған не серъезно, жаттап алған дұрыс. Үйдегі трюмоға қарап, әр сөзін накыштап, әр қимылын саралап, жатпайтұрмай жаттайды.

Ойхой, шіркін, кең залдағы самсаған көздің алдында небір сыңғырлаған сиқырлы сөздің дүриясын автоматтың оғындай сатырлатып тұрса! Дүркірей соғылған алақан...

Көз алдындағы елестің буы көтеріп, Аманбаев орнынан тұрып кетті. Екі қолын арқасына айқастырып, кең кабинеттің есік пен төрін маңғаз басып арлыберлі қарыштап жүр.

## АҚ ЖЕБЕ

Терезенің алдына келіп, лаплап жалындаған жанарын сыртқа қадады. Қызылжасыл нұр шалқыған әлемжәлем көңілімен тыстағы көрініс қабысар емес. Аспан аласарып кетіпті, сұрғылт тартып салбырап, көкжиекті көзден қымтап, Алатаудың шыңшоқыларын жұтып қойыпты. Айнала күнгірт, еңсе басып түнеріп тұр.

Терезе сүзген үйеңкінің соңғы жапырақтары дірдек қағады; сарғайып қурағандары үзіліп, жерге түспей қанғалақтап ұша жөнеледі.



Сырғып ескен желмен ілесіп, аракідік қар түйіршігі шыны шерткілеп өтеді. Іле сансыз қиыршық саулай төгіліп, аспан мен жердің арасына ақ шілтер керілді. Етегін жел кеулеп онды-солды тербеледі. Айналадағы қаңқайған үйлер, арлы-берлі ағылған машиналар... бәрі жұтылды. Көз алды бітеу, мылқау кеңістік. Ызғар үрлеп үңірейе төнеді.

Қапалақтаған қар арасынан ақ шашты, ақ сақалды, ақ кебінге оранған аруақ құшақ жая теңселе басып жақындап келе жатқандай, Аманбаев денесі түршігіп өз-өзінен селк ете түсті. Жүрегі қалтырап, үрейге ұқсас бір түсініксіз сезім билеп алды.

Реалист Аманбаев: «Мына Алматының ауа райы кісі өлтіретін шығар, аяқ астынан күрт құбылды, тағы да қан қысымым көтеріліп кеткен болар?» деп ойлады. Ауа жетпей тынысы тарыла бастаған соң жарма терезенің жартысын ашқан, қар ұшқыны аралас суық ауа лап қойды. Сарғыш, жұқа перде жел кеулеп, етегін жерден көтере желп-желп етті. Аманбаев оған қараған жоқ. Сәл отыра тұрмақ болып төрдегі биік арқа, айналмалы креслосына қарай аяндаған.

Дала алай-түлей ақ түтек болды да кетті. Сақ-сақ күлген қарлы құйын дөңгеленіп шайтан биін билеп жүр. Ұйытқыған боран үйіріп әкеліп бір құшақ қарды ашық тұрған терезеге ұрған. Бұрқ еткен ақ шандакпен бірге ақ кебіні сүйретіліп аруақ та кірді ішке. Төрге озған жоқ. Жер бауырлай аласұрып алға ұмтылған ақ құйрық бораннан кірген бойда бөлініп қалып қойды. Біресе ішке, біресе сыртқа шалқып етегімен жер сабалаған сарғыш пердені калқаланып, бұрышқа қарай шегінді. Перденің тасасына тығылмаса да, Аманбаев оны бәрібір көрмес еді.

Жақында ғана әктелген ақшанқан қабырғамен астасып, жым-жылас. Ақ шашы, ақ сақалы, ақ кебіні әппақ нұр боп ұйып шым-шым діріл қағады. Аруақ пердеге бетін басып үнсіз өксіді. «Шайтан шатастырған сорлы-ай! – деді иегі кемсендеп. – Тәубаға келер деп қанша күттім, қанша қорғаштадым! Бірақ сен түзелуден кеткен пақыр екенсің. Енді, әне, жалаңдап тұрған Әзірейілдің қылышын қалай қағамын?»

Есік тықырлағандай болды. Креслосына күмп етіп жайғаса берген Аманбаев қарадай елеңдеп жалт қарады. Біреу кіре ме деген. Бірақ емен есік козғала қоймады. «Е, еден жуушы кемпір шығар дәлізді тазалап жүрген» деп көңілін бірлегендей болды.

Қарадай жүрегі суылдап құты қашып отыр. «Оу, маған не болды көлеңкемен қорқып? Қан қысымым көтеріліп мазам болмай тұрған шығар» деп өзін қанша бекіндірсе де, белгісіз бір үрей еркіне қояр емес.

Кенет тым-тырыс тыныштықты дар айырып, қаңсыған емен есік ыңырси ашылды. Бірақ серпіле шалқайған жоқ, қиюы болар-болмас сызаттанды. Біреу сығалап тұрғандай.

– Кір... Кіріңіз! – деді Аманбаев апалақтап. Ешкім кіре қоймады. Іле есік тағы да сықырлап, сүйем қарыстай ашылды.

Аманбаев: «бұл не?» деп аң-таң болып, орнынан түрегелген. Табалдырықтан созылып әппақ бірдеңе кіріп келеді. Мысық! Ахметовтың ақ мысығы, әнеукүні палатада көрген. Зәресі ұшып «бырс!» деп айғайлаған – дыбысы шықпады. Үстелдің үстіндегі оншақты ұштаулы қарындаш салынған қыш құтыны алып лақтырмақшы болып еді – қолы еркіне көнер емес. Өне бойын үрей буып қалшиып қатты да қалды.

Ақ мысық мұны көрген бойда құлағын жымырып, иегін алға созып, айбат шеге қарады. Шапыраштанған екі көзі көкпеңкөк от шашып қадалып қалған. Қайтпас өшпенділікпен безеріп тұр. Аңдып жүріп қапысын тапқан тағдырдың зауалындай сезіп, мүлдем естен айырылып иманы ұшқан Аманбаевқа желке жүні күдірейіп, езуі ырсия жайылған ақ мысық сәт сайын зорайып, қанына қатқан қаһарлы жолбарысқа айналып бара жатқандай болды.

Келесі сәтте ақ мысық төрт аяғын түйістіре, арқасы доғаша иіле, жан шошырлық жаман дауыспен баж етіп бұған қарай бір-ақ атылды. Созыла зымыраған ақ жебе кірпік қаққанша екпіндей соғып Аманбаевты ұшырып түсірді де, ұмар-жұмар мойнына орала кетті. Құрсаудай қысып, өткір тіс пен сойдиған тұяқтар жарыса тас жабысып кеңірдекке қадалған...

\*\*\*

Іңір қараңғысында жедел іздестіру бөлімінің аға лейтенанты екі көзі төбесіне шығып қалшылдаған кемпірден жауап алды. Еденнің беті көлкіген су. Анандай жерде бүйірі қабысқан темір шелек төңкеріліп жатыр. Кемпірдің үстіндегі сауыс-сауыс көк халаттың алды өңірінен етегіне дейін қап-қара су. Аһылап-уһілеп шоқына береді:

– Господи, спаси!.. Жүрегім нашар еді, қалай тоқтап қалмады десенші!

– Сабыр етіңіз, бабуля, – деді аға лейтенант. – Дәрі ішесіз бе?

– Жоқ, жана дәрігерлер укол салды ғой.

– Ендеше не болғанын айтып беріңізші? – Қабағы түксиген аққұба жігіт қағазын алдына жайып, қаламын ыңғайлады. Кемпір беті мыж-тыж болып, көзін жұмып, басын шайқады:

– Сұмдық-ай, мұндайды кім көрген!.. Профессор жоқ болса, бөлмені ертерек жуып тастайын деп ойлағам. Есік ашық. Қараңғы. Шамды жағып қалып едім, төр жақта шалқасынан түсіп профессор

жатыр. Приступ ұстап, талып жатыр ма деп жақындап келсем, үсті-басы қызыл-ала, бүлкілдеп көлкіген қан. Бақырып қаша жөнелдім. Есік алдындағы шелекке шалынып етпетімнен түстім. Тұруға шамам келмей енбектеп жүре беріппін. Вахтада отырғандар жүгіріп келіп тұрғызып алды. Бары сол, басқа не деймін?

– Бейсауыт, бөтен біреулер көзіңізге түскен жоқ па?

– Ондай ешкімді байқамадым. Мен тек алдымдағы жұмысымды ғана білетін адаммын. Бұл кім, не істеп жатыр деп біреуге қарайтын әдетім жоқ.

– Жарайды, бара беріңіз! – Аға лейтенант сүйретіле басып төңкеріліп жатқан шелекке қарай аяңдаған кемпірге нәумез қарап сәл отырды да, орнынан тұрды. Қағаз-қаламын портфеліне салып, профессордың кабинетіне кірді.

– Иә, не жаңалық бар? – деді бөлмедегі әр затты мұқият тексеріп жүрген екі жігітке қарай иегін қағып.

Сұйық шаш, жұқалтым сары жігіт еңсе тіктеді.

– Ешқандай із, белгі жоқ, жолдас аға лейтенант. Қылмыскер өте әккі біреу болса керек. Табан ізін сүртіп шығып кеткен-ау деймін. Тек еденде, терезенің ернеуінде нүктеленіп түскен қанның дағы бар. Ненің ізі екені белгісіз.

– Қанның иісін сезіп, терезеден ит пе, мысық па бірдеңе кірген ғой! – деп топшылады аға лейтенант. Содан соң қырылдатып-сырылдатып рациясын аузына такады: – Сұңқар, Сұңқар! Мен екіншімін. Деру ит пен іздеушілер тобын жіберіңдер. Жетпіс үш те он алтыншы шаршыдамын...

Жамандық жерде жатсын ба, телевидениеден айтып, газетке жазбай-ақ, біреуден-біреу естіп, жалпақ жұрт лезде құлақтанды.

Жан түршіктірер аянышты өлім әрі қандай адамның қазасы десенші. Жарты Алматы күңіреніп кетті. «Қап, марқасқам-ай, қазақтың маңдайына сыймадың-ау! – деді күйзеліп. – Баяғыда Есенберлин Лениндік сыйлыққа ұсынылғанда қап-қап арыз жаудырып, кейбір көзіне қан толғандар тіпті, ЦэКа-ның табалдырығында көлденен сұлап жатып алып еді бергізбейміз сыйлықты деп. Енді міне, Асекеңдей асылды бауыздап өлтірді. Қызғаныш қой, қызғаныш! Жолына бөгет бола алмаған соң істеген қысастықтары!»

Ал сырына жете қанық бірен-саран ағайын: «Осыны да қара жер көтеріп келді-ау! Барсын. Көрінде өкірсін!» десті.

## ЖЕЗТЫРНАҚ

Сыған Аманбаевтың өлімін естігенде көзі шыныланып, бөлме ортасында сілейіп тұрып қалды. Жаңа ғана «Қырғауыл» телефонмен хабарлаған. Мембрананы жарып жіберердей алқынып, шошына сыбырлап үні кілт өшкен. Қыңсылап, ұлыған қызыл тұтқаны құлағына басқан күйі мең-зең біраз тұрып, тұғырға тастай салды.

«Тапа-тал түсте бауыздап кеткен дей ме? Сауап! – Қасындағы серіппелі қоңыр былғары диванға сылқ етіп отыра кетті. – Оның қолындағы жалаңдаған қара балта болып келіп еді, талай жыл оңды-солды сілтеді. Әлбетте, сілтеген қол емес, шапқан балта кінәлі болады әманда. Қылмыскер, жауыз кім? Сыған! Сығанның қарақшылары! Соңында сүркілдеген мент. Жаның хасам боп ұстараның жүзінде жүргенің қылпылдап. Оқ қай күні кеудеңе қадалары белгісіз. Қуғын ізінді өкшелеп, шыныраудың аузында әне-міне құлағалы тұрғаныңда шап беріп Аманбаев желкеңнен суырып алады. «Міне, көрдің ғой, бала, мен болмасам, қайтер едің!» дейді. Қарыздарсың, кіріптарсың. Тағы да отқа айдайды. Ештеңеден шімірікпеуші еді, тек анау профессорға істегендері көңіліне дық болып тұрып алды. Бір шаңырақты ортасына түсіру деген... әлбетте, өз қолымен істеген жоқ, бірақ заказды орындаған мұнын адамдары ғой.

Сығанның түн баласы ұйқыдан айрылғаны қашан. Қараңғы бұрыштардан қорбандап әлдене тұрып келе жатқандай, қарадай үрейленіп, таң атқанша шамды жағып қояды. Бөлме іші қақалған көк түгін, қармансаң уысыңа ілінердей нығыз, тұтқыр. Бір отырады, бір тұрады, есік пен төрдің арасында арлы-берлі теңселіп жүргені. Бұрыштағы телевизордың жағы сенбейді. Қарамаса да дыбысы шығып тұрғанын ес көреді.

Қорыққанынан оққағарын да қасынан жібермейді. Әне, жапсарлас бөлмеде дөңбекшіп жатыр. Шүйдесі бұжыр-бұжыр күж қара. Байлаулы бұқадай там сүзіп аласұрады. Қайтсін, жас неме. Өзі дүниенің қызығынан баз кешіп, кешіл болғаннан бері оны да қасынан шығармай қаңтарып қойды. Бұрын бұл үй күнде думан, күнде той, қызойнақтан арылмайтын. Небір нүрдің қызы белі үзіліп тыр жалаңаш билейтін; ваннада көпіршіген шампанға шомылып келіп, ақ төсекте бұлықсушы еді. Әукесі салбырап сол күндерді ансайды ғой бейшара. Қабағы кіржиіп, «сізге не болды?» дегендей бұған жалтақ-жалтақ қарағыштайды.

Бүгін де Сыған түн ортасы ауа талықсып барып дивандағы салулы төсекке киімшең жантайды. Шам жағулы, телевизор қосулы. Сілік-

песі шығып сансыраған тән тыныштық тілеп балбырап барады. Иегін көтере, аузын ашып қор ете түскен. Сол-ақ екен, көз алды шексіз тұңғыққа батты да, бір түкпірден суырылып жезтырнақ шыға келді. Кірпігі ілінсе көретін пәлесі, міне, тағы пайда болды. Өне бойы жүн-жүн, жыланбас құбыжық қандауырдай сойдыған тұяқтарын тарбита созып төніп келеді. Жанұшыртып шыңғырам дегенше жыпырлаған сояу тырнақтар қыл мойнынан шеңгелдей қысты. Талықсытып, міне, өлдім дегенде сәл босатып тыныс алдырады.

– Аһ, найсап, ұйықтағың келеді екен ғой, рахаттанғың келеді екен ғой! – деді құбыжық айыр тілі жылтындап, демінен жалын бүрке. – Осы уақытқа дейін рахатқа батқаның жетеді. Енді азаптың қандай болатынын көр!

– Менің онсыз да бүкіл өмірімнің өзі азап емес пе! – деді Сыған шағына дауысы дірілдеп.

– Жоқ, сен біреуді азаптағаныңды өз өміріңнің азабы санама. Әлің жеткенді зорладың, зарлаттың, өлтірдің, кейіннен ізімді қалай жасырам деп қорқып-үріккеніңді азап көресің бе?

– Онсыз да көзімді тырнап ашқаннан бері көріп келе жатқан зәбір-жапам аз ба еді? – деп бұл жыламсырап қоя берді. – Әкем алкаш болды. Аш-жалаңаш жүрдім. Алба-жұлба киімімді көріп балалар мазақтайтын... – Адамдарды алдаған сияқты мұның шағып, жүрегіне аяныш ұялатпақ еді, мына құбыжық пәлекет ой-пиғылыңды айнаға карағандай көріп қояды екен.

– Өйтіп жәдігөйленбе! – деп шеңгелін қайта қысты. Талып, көгеріп, жаны шығып бара жатқанда қоя берген. Аузынан көбігі ағып, қырылдап біраз жатып ес жиды. – Аш қарының тойынды, жалаң иіңіңе жылтырақ ілдің – соны неге шүкіршілік етпедің?

– Ел сияқты жақсы өмір сүргім келді. Сол үшін кінәлімін бе?

– Жақсы өмір – жақсы тамақ, жақсы киім ғана ма? Жақсы пиғыл, жақсы әрекетке неге ұмтылмадың?

– Өмір менің дегенімді болдырды ма? Қара тасқынның үстінде қаңғалақтанған жаңқа не істей алады? Кісі өлтірдің деп жала жауып соттады. Он бес жылым түрмеде өтті. Не оқуым жоқ, не мамандығым жоқ, ұрып-соғу, ұрлап-тонаудан басқа не білемін?

– Неге көше сыпырмадың? Неге сиыр бақпадың? Ұрлық-зорлық қылудан ол жиіркенішті ме?

– Айтуға оңай. Мен де пенде емеспін бе. Екіншіден, мен бар болғаны мықтылардың қолындағы балта ғанамын.

– Сенің кінәң – сол балта болғаныңда. Адам болып жаратылып, қалай сілтесе, солай шаба беретін неге балта болдың?

– Дүниедегі жалғыз жауыз менмін бе? Неге мені қинай бересің? Айналасына қырғын салған жендеттер қаншама, өз елін жаудай тонап қан қақсатқан қорқау, азғын патшалар қаншама? Соларды неге көрмейсің?

– Бәрі де өзіне лайықты жазасын алады. Бүгін, міне, бір азғын сыбайласың ит өлімімен өлді!

– Адасқаным рас. Бірақ кеш болса да күнәмді түсіндім. Мешітке барам, мүсәпірлерге садақа берем.

– Өтірік. Сен Құдайды да алдағың келеді. Шын ықыласыңмен тәубаға келген жоқсың!

– Ендеше жанымды ал. Бүйткен өмірдің маған керегі жоқ. Жалықтым!

– А-а, жақсы, рахатты өмірді көріп-көріп алып, енді жалықтым дейсің бе? Жоқ, жаман өмірдің де қандай болатынын көр! – Құбыжық тұяқтары сойдыған жүн-жүн қолын созып қайтадан қыл мойыннан шап берді. Дүлей өшпенділікпен сығымдай қысты сілкілеп. Көзі домалана шарасынан шығып, аузынан көбік бұрқырап қорқыраған сайын жаны кіріп шабыттана түсті.

Бұл жолы Сыған қанша қиналғанмен ышқынып қарсыласқан жоқ. Қалжыраған ой-сана ештеңеге селт етер емес.

«Осы азап тезірек бітсе екен, тезірек өлтіріп тынса екен» деп жатыр ішінен. Бірақ құбыжық ол тілегіне жеткізген жоқ. Жаны қарқараға келіп, жиырылып-созылған шалажансар денесін сылқ еткізіп серпіп тастады.

Көзін ашса өне бойы сұп-суық қара сүмек. Жаңағының бәрі түсі екен. Бірақ қуанбады. Дел-сал. Өмір – босағаның түбінде шығарып салуға дайындап қойған қоқыс сияқты. Керексіз, мәнсіз. Жерінген, жалыққан көңілмен айналасына сүлесөк көз тастайды. Сұлық түсіп сілейген күйі менірейіп жатты да қойды...

Таң атты. Шам сәулесі өлеусіреп, терезенің шаршысына шапталған сырттағы әппақ жарық айқындалып, сәт сайын өткірленіп келеді. Перденің қиюынан қар жамылған Алатаудың шоқтығы сығалады. Бір уақытта қапталдағы бөлменің есігінен аузын арандай ашып дәу қара шықты есінеп-құсынап. Тыр-тыр қасынып қожайынына көзінің астымен алая бір қарап алды да, шамды сөндірді, экраны жыпылықтап қырылдаған телевизорды өшірді. Ваннаға кіріп, суды сарылдатып ұзақ жуынды. Шұбатылған ұзын, сары түкті орамалдың бір ұшымен үрпиген шашын ысқылап, бір ұшын иығына іліп, қайтадан қожайынның қасына келді.

– Шай ішесіз бе, әлде кофе қайнатайын ба?

Сыған басын шайқады.

– Маған ештеңе керек емес.

Дөй қара екі иығын екі құлағына жеткізе көтеріп, теріс айналды. «Қожайынның мінезі қызық. Күн сайын бір өнер шығарып, құпиясы көбейіп барады!» Ішінен күбірлеп жүріп шай қойды. Саба құрсағы толғанша бір шәугім шайды сораптап ұзақ ішті. Әлі де мұрны шуылдап қанша отыары белгісіз еді, залдағы қоңыр диванның серіппесі сықырлап, кожайынның әмірлі дауысы естілді:

– Күйсеп отыра бересің бе, болсаңшы! Машинанды әкел, Кеңсайға барамыз!

Ақ «Волга» сылаң қағып подъездің алдына тоқтағанда, Сыған басынан аяғына дейін қараға малынып есіктен шығып келе жатты.

## ОҚ

Айтты-айтпады, жұрт Аманбаевтың қазасын ұлттық трагедия ретінде аза тұтты. Үкімет басшылары мен көрнекті ғалымдардан жерлеу комиссиясы құрылып, денесі театрға қойылды. Қоштасуға келген халықтан жер қайысты, венюкта есеп жоқ.

Сөйтіп, ертең Ахметовтың қырқы деген күні қаралы шеру Аманбаевтың табытын алып, Кеңсайға өрледі. Айнала тұсарлықтан қар. Ызғырық ескен жотаның жоны қарақұрым адамға толды.

Қабір биік, тегіс жерден қазылыпты. Ахметовтың зиратынан арқан бойы жоғарыда. Машина тайғанақтап етекте қалған. Табытты кезектесіп көтерген топпен бірге Бахтияр мен Биназар төбеге елден бұрын жеткен.

Шұбаған жұрттың алды-арты жиналғанша ұстаздарының басына барып келмек болып, екеуі қаптал тұстағы еңіске қарай аяндады. Түйетайлы беткейдің кей тұсы тепкішектенген күрт жарлауыт. Өткенде табытты әкеле жатқанда жаңбырдан кейін миы шығып езілген сары балшықтан тайғанақтап талай рет мәйітті құлатып ала жаздап әбден әуреге түскен. «Япырай, марқұмға дұрыс жер де бұйырмады ма?» деп назаланған.

Тегіс жер, дұрыс жер, әне Аманбаевқа бұйырды. Өлсе де бір ұпайы артық жатыр.

Екеуі бірінің ізін бірі қуалап, кібіртіктей басып құддилап келеді. Етек ықтасын екен. Ұла қардың ақ кебіні қыбырсыз. Кеңірдектен қылғынған бидайық пен қызыл мия баяу бас шұлғиды. Тылсым бір күшпен жүрек түбіне үрей ұялатып еңсе басқан өлі тыныштық. Құлғы қалқиған қалың бейіт «ойлан, шырақ, кім болсаң да түбі бір келер жерің осы!» деп тұрғандай.

Қарсақ па, түлкі ме, адымы қысқа әлдебір анның қар бетіне ноқаттанып түскен ізі тура Ахметовтың зиратына қарай тартыпты. Жол бұзып келе жатқан Биназар қабір басына жете бере:

– Астағфиралла! – деп, сүйегі саудыраған бейшара шалт шегініп, шалқасынан түсе жаздады. Онша-мұншаны елең қыла қоймайтын Динозаврдың оқыс шыққан үнінен Бахтияр да селк етіп, о не деп бажайлай қараған.

Өз көзіне өзі сенер емес. Қабірдің үстінде тұмсығын бауырына тығып дөңгеленіп ақ мысық жатыр! Ханым! Денесін жартылай қар көмген. Жүні тарамдалып желге ұлп-ұлп етеді. Бахтияр қолын созып қозғап көріп еді, денесі қоқиып қатып қалыпты.

Бахтиярдың көңілі толқып кетті. Неткен құдырет! Неткен ұлы достық! Есіне «итті де иесімен қина» деген сөз түсті.

– Адамның жан-жануардан үйренетін нәрсесі көп-ау! – деді Биназар тандайын тақылдатып. – Адалдық, шын жақсы көрушілік деген осы емес пе! Адамдар бір-бірі үшін осындай құрбандыққа бара алар ма еді?..

Екеуі жота басына оралғанда, елдің етек-жеңі жиылып, дөңгеленіп тұр екен. Құндыз құлақшын астынан желке шашы жидіп желп-желп еткен бір жүдеу өнді, қушық иық сары кісі қаралы митинг ашық деп жариялап, қолындағы екі-үш парақты күшенген шіңкілдек дауыспен ішектей созып ұзақ оқыды. Марқұмның өмірбаянын, партия мен үкіметімізге сіңірген еңбегін тізіп шықты. Марғасқа мықтылар кезек-кезек сөз алды. Бәрі күңіреніп, бәрі таусылып, буынға түсіп қамығып сөйлеп жатыр.

Қыр үсті жалтаң, ызғырық. Ұзын-сонар сөз біткенше жұрттың көбі дірдек қақты. Табан астындағы қар жарыса сықырлап, қалың топ қарағайдай теңселіп тұр.

Өңі бозарып, қалшылдағанның бірі – Бахтияр. Бірақ оған онша мән берген жоқ. Көңілін бір әузе әуестік билеп, есі-дерті жұртқа қосылмай шетте оқшау тұрған қара киімді адамда. Киім киісі, оқшырайып тұрысы – бәрі тосын. Ішіне сыр бүккен құпия жан сияқты. Басынан аяғына дейін қап-қара: қабағына түсіре киген кең етек қара шляпа, үстінде тілерсек қаққан ұзын былғары қара плащ. Самайымен тұтаса қаулап өскен қаба сақал, қара мұрт. Үлкен қара көзілдірік жарты бетін жаулап алған, тек ершік астынан мұрнының ұшы ғана ағарандап көрінеді. Екі қолы қалтада, қыбырсыз тіп-тік шаншылып тұр.

Тұтасқан топтың ортасы ойылып, қарбалас басталды. Үш жерден ұзын ақ орамал салынған мәйітті алты жігіт екі жақтан көтеріп әкеліп қабірге саумалай түсірді. Төменде тұрған үсті-бастары шаң-топырақ, беттері шарықтабақтай қызарып, көздері кілкіген екі кісі мұрдені құшақтай көтеріп, лахатқа кіргізді. Жағалай жылжыған күрек-



терге жұрт жапа-тармағай жарыса уыстап, шөкімдеп топырақ салған. Тек қара киімді кісі ғана орнынан қозғалған жоқ.

Лахаттың аузын әлгі екі кісі ақ кірпішпен өріп болған соң, жастар жағы, қолға бермей жерге тастаған күректі кезек-кезек алып, қабірге топырақ үюге кіріскен. Жұрттың жігі сөгіліп, топ-топ боп шоғырланып, бұрқырап ұшқан шаңнан қашқақтай жан-жаққа шегініп кетті.

Ешкімге қосылмай орнында жалғыз шоқиып тұрған қара киімді бейтаныс қана.

Лезде қабір үстіне қара топырақ жоталанып, қара нардай шөкті. Төбесін жалдап, етегін жиыстырып бола бергенде, Шымкент жақтан келген орақ мұрын, жүзі шырайлы, шоқша сақал қария кілем үстіне тізерлей кетіп, әдемі мақаммен дауысын соза құран оқыды. Жұрт үздік-создық тізе бүккен. Лауазымды қызметкерлер мен орыстар анадайға барып, теріс қарап тұрды.

Бахтияр көз қиығын тастап еді, қара киімді адам бұл жолы да орнынан тапжылған жоқ, тізе де бүкпеді, аят оқылған соң елмен бірге қол да жаймады.

Ел орнынан тұрып, ирелеңдеген жылан жон жолмен шашырай жоғары қарай өрлегенде ғана қара киімді кісі орнынан қозғалды. Бірақ топқа қосылған жоқ. Керісінше төменге қарай жүрді. Кекжиген маңғаз қалпынан айрылып, еңкедеп, жылдам басып барады. «Бұл неғылғалы жүр?» деп Бахтияр ішінен таңырқаған.

Шегіншектеп жұрттың соңын ала жалтақ-жалтақ қарағыштап келеді. Бұрылып бір қарағанда, әлгі бейтаныс жан Ахметовтың зиратының басында қаздып тұр екен. «Е, білетін біреу болды ғой, құран оқын деп барған шығар» деп ойлаған. Анандайда аузынан бұрк-бұрк будақтаған көк түгін мойнына оратылып, ырғатыла аяндап бара жатқан Биназарды қуып жетіп алмақ болып асыға адымдаған.

Кенет аяз бұған шыңылтыр ауаны шатынатып тапаншаның ащы үні шаңқ етті. Шошына жалт қарағанда, қара киімді кісі екі қолын екі жаққа жайып, қара крестей қар жамылған қабірдің үстіне қопарыла құлап бара жатты.

Талай жүректі селк еткізген мылтық дауысы Алатаудың шың-құздарын қаңқ-қаңқ жаңғыртып, құпиясы шексіз кең әлемді шарлап кетті...

Әмин!

*Үшінші романның соңы.*

1998-2003ж.ж.  
Алматы

# **ЖЕЛҚАЙЫҚ**

роман

**Бірінші тарау.  
МҰҢЛЫ МЕЙРАМ**

<b>ҚЫСҚЫ ЖОЛДЫҢ ҮЗІГІ .....</b>	<b>6</b>
<b>ҚАР ҮСТІНДЕГІ КРЕСТ .....</b>	<b>12</b>
<b>ҚЫРДА АДАСҚАН ПАРИЖ ҚЫЗЫ .....</b>	<b>14</b>
<b>ЖЕТІМ ВАЛЬС .....</b>	<b>17</b>
<b>ТЕСІК ТЕРЕЗЕ.....</b>	<b>21</b>
<b>АЛАТАУДЫҢ БИІГІ .....</b>	<b>26</b>
<b>ҮРКЕК ЕЛІК .....</b>	<b>31</b>
<b>ҚҰЙЫН .....</b>	<b>47</b>

**Екінші тарау.  
ҚАРА БАЛА**

<b>ШІРІГЕН ВИНТИК.....</b>	<b>50</b>
<b>АҚМОЙНАҚ ПЕН БАЛА.....</b>	<b>53</b>
<b>САНДЫҚ .....</b>	<b>54</b>
<b>ШЫБЫН МҰРТ .....</b>	<b>58</b>
<b>ХАТ .....</b>	<b>72</b>
<b>АЛТЫН КӨПІР.....</b>	<b>80</b>
<b>ЖАНДЫ МЕНШІК.....</b>	<b>85</b>

Үшінші тарау.  
ШАЙТАН ОТЫ

СИНДИКАТ .....	93
ПЕЙІШ ЖЕЛІ .....	103
ҚОЦУБАНЫҢ ПАТШАЛЫҒЫ .....	108
КЕК .....	115
ҚҰСТАР ҚАНДАЙ БАҚЫТТЫ .....	118
КҮДІК .....	122
ҚОС КӨЛЕҢКЕ .....	127
ТЕКЕ .....	131
ӨКСІК .....	138
СЕН ҚУАНШЫ .....	140
ЫЗҒАР .....	142
ӨТІМДІ ТОВАР .....	145
БАҚЫТ ІЗДЕП ЖҮРГЕМ ЖОҚ .....	146
ӨМІРДЕГІ ҚАЗАҚТАР .....	148

Төртінші тарау.  
МҰЗДА ЖЕЛІНДЕП, ТАСТА ТУҒАН

СҰРАП АЛҒАН АУРУ .....	150
«ОЧКАРИК» .....	153

Бесінші тарау.  
АҒАШАЯҚ

УЫЗ ДӘМІ .....	159
ЖАЙЛАУ .....	163
ӘТЕШ .....	181
АРҒЫН МЕН АРМЯН .....	185
СЕГІЗ ПЕРІШТЕ .....	189
ҚАРА БҰҚА – ҚЫЗЫЛ БҰҚА .....	191
ҮШ ТОТЫ .....	197
ТІРЛІГЕН ӨЛІК .....	200
АЙҚАС .....	202
МҰХАМЕДШЕ .....	213
ЖАРАЛЫ ТУ .....	224
ЗЫМЫРАН ДЕГЕН БІР ҚҰС БАР... ..	226
ҚҰМАЛАҚШЫ .....	229
ТӘУБА .....	234
БІР ЖҮРЕК .....	236
СОЛ БІР СУРЕТ .....	238
ҚУАНА БІЛЕТІН АДАМ .....	245

Алтыншы тарау.  
ЖЫЛЫМ

ӘДЕМІ КЕЛІНШЕК .....	248
ЖАРТЫ АДАМ, ТОЛЫҚ ДОН ЖУАН.....	250
БҰЙДАЛЫ ТАЙЛАҚ .....	254
ЕРТЕГІ.....	257
ЕКІ ЛИМОН.....	259
ТАЙГА.....	262
«ЖЕМЕЙТІН АДАМ – ЖЕРДІҢ АСТЫНДА».....	270

Жетінші тарау.  
КӨККЕ ӨРЛЕГЕН АҚ ШЫРАҚ

АЯН.....	275
КІШКЕНТАЙ АДАМНЫҢ ҮЛКЕН БАҚЫТЫ .....	278
САЯ .....	282
ЖОҚ... ЖОҚ... БӘРІ ЖОҚ.....	290

Сегізінші тарау.  
ХАНЫМ

АУАДАҒЫ АҚ ДОҒА.....	293
ХРИСТОС ЖЕРГЕ ТҮСТІ .....	295
ТҮНГІ КӨЛЕҢКЕ .....	302
ИИС .....	304
ТЫЛСЫМ.....	308

Тоғызыншы тарау.  
ЖЕНДЕТТІҢ МАХАББАТЫ

АДАМҒА НЕ КЕРЕК.....	311
РЕФЛЕКС.....	313
КІШКЕНЕ АДАМ.....	315
ҚУРАҒАН ЖАПЫРАҚ.....	317
ӨТКЕН КҮН, ӨШКЕН ҮМІТ.....	319
АҚШАҢҚАН МОСКВА.....	323
ҚҰСА .....	328
КҮН ДЕ БАСҚА, АЙ ДА БАСҚА.....	330

МҰЖЫҚ ҚАЛА .....	332
АЛБАСТЫ АУЛАҒАН .....	335
ҚЫЛБҰРАУ .....	340
ҚОҢЫР .....	343
АТПЕН ШАУЫП ЖАЯУҒА ЖЕТЕ АЛМАҒАН .....	345
ЕКІ СТАЛИН .....	346
ЖАРТЫКЕШ .....	350
«ШҰБАР ЖЫЛАН» .....	356
МӨЛДІР ТАМШЫ .....	358

**Оныншы тарау.  
ЖЕЗҚАРМАҚ**

ТҰЛЫП .....	363
ЖАЙМАШУАҚ .....	366
ТӘТТІ ШЕЛПЕК .....	374

**Он бірінші тарау.  
БҰРАЛАҢ**

БӘЙТЕРЕК .....	377
ҚАЙЫҢНЫҢ БЕЗІ .....	382
АҚ ОРАМАЛ .....	383
МОША .....	386
ШЫМЫЛДЫҚ .....	388
САНИТАР .....	392
ЕСКІ ТАМ .....	395
ФИЛОСОФИЯ .....	399

**Он екінші тарау.  
ҒҰННЫҢ СОҢҒЫ ТҰЯҒЫ ҒӘМ ЧЕРКЕС БИ**

ҚАСҚАЛДАҚТЫҢ ҚАНЫ .....	402
ЖЫН МІНІП, ШАЙТАН ҚАМШЫЛАП .....	407
АҚ ҚҰС .....	411
ДИОГЕННИҢ «БӨШКЕСІ» .....	416
ҚЫЗЫЛ ЖАЛЫН .....	430

**Он үшінші тарау.  
КҮН ШЫҚҚАНДА АЙ КӨРІНБЕС**

ТОҚЫЛДАУЫҚТЫҢ ТӘУБАСЫ .....	438
ҚЫЗЫЛ ИТ.....	440
ҚҰДАЛАР .....	451
ҚУ ЖАЛҒЫЗ.....	458
БЫМЫРТ .....	465

**Он төртінші тарау.  
ДАРИЯНЫҢ АРҒЫ БЕТІ, БЕРГІ БЕТІ**

САЯЖАЙ.....	470
БІЗ – ҚОЯНБЫЗ .....	475
«ӘТІР ЗАВОДЫ».....	480
КӨРДЕН ТҰРҒАН ГӨЗӘЛ-БҮБІ.....	482
ФУРОР .....	492

**Он бесінші тарау.  
ТЫҒЫРЫҚ**

ШИКІЗАТ .....	494
ГАУҒАР ЖҮЗІК .....	498
ШОК ТЕРАПИЯСЫ .....	499
КӨК ШЫБЫН.....	504

**Он алтыншы тарау.  
АЙ ЖЫЛАҒАН АППАҚ ТҮН**

ЕЛЕС.....	507
ӨЛГЕН ЖҮРЕК.....	509
ҚОҢЫР МҰҢ .....	511
ӨЗІНДІ ҚАЛАЙ АЛДАРСЫҢ.....	513
БӨТЕН АДАМ.....	517
ҚОТЫР ТАМ.....	519
ДҰҒА .....	530
ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛ ЕСІКТЕР .....	537
ҮЙРЕНІШКІТІ ЖОЛ .....	539
ЖҰМБАҚ ДУА .....	541

**Он жетінші тарау.  
ТАБАЛДЫРЫҚ**

<b>«АМАНБАЕВ КАТОЛИЗАТОРЫ» .....</b>	<b>544</b>
<b>ЖАЛҒЫЗ ЖАПЫРАҚ .....</b>	<b>548</b>
<b>ШЫҢҒЫРЫҚ .....</b>	<b>550</b>
<b>АДАМҒА НЕ КЕРЕК? .....</b>	<b>554</b>
<b>ЖЫЛАҒАН МЫСЫҚ.....</b>	<b>557</b>

**Он сегізінші тарау.  
ҚАРА БАЛТА**

<b>СҮЙІНШІ .....</b>	<b>562</b>
<b>АҚ ЖЕБЕ .....</b>	<b>564</b>
<b>ЖЕЗТЫРНАҚ .....</b>	<b>568</b>
<b>ОҚ.....</b>	<b>571</b>

# Желқайық



---

ТҰРЫСБЕК  
СӘУКЕТАЕВ

---



ISBN 978-601-7828-97-4



9 786017 828974

Редакторы *Қызжібек Әбдіғаниқызы*  
Көркемдеуші редакторы *Кенжеғазы Айтжұманұлы*  
Суретші *Александр Садвакасов*  
Беттеген *Қуаныш Әділғазин*

Басуға 29.04.2019 ж. қол қойылды.  
Қалыбы 60x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Басылымы офсеттік.  
Қаріп түрі «DS Times». Шартты баспа табағы – 36,25.  
Таралымы 5000+150 дана. Тапсырыс № 224

«Ан Арыс» ЖШС,  
Алматы қаласы, С. Мұқанов көшесі, 223 «В».

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz



# Желқайық



ТҰРЫСБЕК  
СӘУКЕТАЕВ

